Қазақстан Республикасының жоғары білім және ғылым министрлігі
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына
165 жыл толуына арналған

# «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ-2023»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

# МАТЕРИАЛДАРЫ

# МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

# «ШАКАРИМОВСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023»,

посвященной 165-летию со дня рождения
Шакарима Кудайбердиева

29 қыркүйек 2023 жыл
Семей

**Қазақстан Республикасының жоғары білім және ғылым министрлігі**
**«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ**

**Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан**
**НАО «Университет имени Шакарима города Семей»**

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған

# «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ – 2023»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

## МАТЕРИАЛДАРЫ

## МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

# «ШАКАРИМСКИЕ ЧТЕНИЯ –2023»,

посвященной 165-летию со дня рождения Шакарима Кудайбердиева

**29 қыркүйек 2023 жыл**
**Семей**

**УДК 821.512.122.0**
**ББК 83.3 (5Каз)**
**Ш34**

**Жалпы редакциясын басқарған – Орынбеков Д.Р.**
**Басқарма төрағасы – Ректор**

**Редакция алқасы:**
**Қадыров А.Қ.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, филология факультетінің деканы;
**Смағұлова А.Т.** – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның жетекшісі;
**Сәмекбаева Э.М.** – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының, доценті;
**Семейская З.Т.** – ғылыми қызмет басқару басқармасының аға ғылыми қызметкері.

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған **«ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ – 2023»**. – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Семей 2023 жылы, 29 қыркүйек): Материалдары / Бас редакторы: Д.Р. Орынбеков. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, 2023. – 549 б.

---

**«ШАКАРИМСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2023»**, посвященные 165-летию со дня рождения Шакарима Кудайбердиева. – Международная научно-практическая конференция (Семей, 29 сентября 2023 года): Материалы / Главный ребактор Д.Р. Орынбеков. – Семей: Университет имени Шакарима города Семей, 2023. – 549 с.

*Жинаққа Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған «Шәкәрім оқулары – 2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.*

*Жинақ жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамына, докоранттарға, магистранттар мен студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.*

**ISBN 978-601-313-172-6**

© Университет имени Шакарима города Семей, 2023

**Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы-ректор Д.Р. Орынбековтің**

**ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ**

**Қадірлі конференция қонақтары!**
**Құрметті зиялы қауым!**



Хакім Абай, данышпан Шәкәрім, кемеңгер Мұхтарды дүниеге әкелген киелі мекен Семейжеріне қош келдіңіздер!

Бүгін біз, ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған «Шәкәрім оқулары – 2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына жиналып отырмыз. Бұл мереке барша алаш жұртының айтулы мерейтойы деп бағалауымыз қажет.

«SHAKARIM FORUM: жоғары білімдегі жаңа көкжиектер» деген атпен екі күн бойы ауқымды іс-шаралар өтті. Бұл – тек әдебиеттанушы, тарихшыларды ғана емес, әртүрлі сала мамандарының басын қосқан, өзекті мәселелерін талқылаған, болашағын бағдарлаған бас қосу. Күні кеше құрылған Абай облысының өркендеуіне, қуатты өңірге айналуына ықпалын тигізер бастамалар деп есептейміз.

Шәкәрім әлемі – әлі толыққанды зерттеліп, қалың оқырман жаппай түсініп болмаған еркеше бір әлем. Өйткені Шәкәрім – бірәдебиеттің төңірегіне бірнеше ғылымның басын тоғыстырған күрделі тұлға. Ақынның «Үш анығы» әдебиет пен философияның тоғысқан жері болса, шежіре еңбегі әдебиет пен тарихтың, ал «Мұсылмандық кітабы» әдебиет пен теологияның түйіскен жері. Сол себепті әдебиетшілер мен тарихшыларды, философтар мен өнер зерттеушілерін, педагогтар мен өзге де маман иелерін осы істе бір кісідей жұмылуға шақырамын.

Құрметті қауым, конференцияның пленарлық мәжілісінде баяндама жасап, өз ойларын ортаға салатын ғалымдармен таныстырып өтейін:

– Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Еспенбетов Арап Сләмұлы.

– М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы.

– Түрік ағайындарға қазақ әдебиетін танытуда көп еңбек атқарып жүрген әдебиеттанушы ғалым, PhD, Афион Қожатепе университетінің профессоры Хусейн Қаһраман Мұтлұ.

– Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Үсен Айгүл Әбдімүтәліпқызы.

– филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы.

Қазіргі қоғамда Шәкәрімді насихаттауда не істемек керек? Шәкәрімтануды әлі де түгесілмей жатқандары не? Осы іспеттес сан алуан сұрақтардың жауабына бағыт-бағдар беру, пікір алмасу мақсатымен бас қосып отырмыз.

Қадірлі қауым, «Арлы ақыл, ақ жүрек, адал еңбекті» серік еткен ақылы дария, парасаты кең, елман, азапты жеңе білген, азаттықты аңсаған Шәкәрім бабамыздың шығармашылығын бүгінгі күннің биігінен қарап талдап, бағалау – әрбір зерттеушіге, өнер иесіне де тән ортақ міндет.

Кеңесіміз келелі, мәжілісіміз маңызды болсын!

ҒТАХР: 17.71.07

# «БҰЛ ҚАЗАҚТАН МАҚСҰТЫ БИІК АЛЫС...»

**Еспенбетов А.С.,** ф.ғ.д., профессор
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров көкірегінен лықси төгілген асыл сөз. Болмыс-бітімі де, көркемдік сипаты да қазақ поэзиясында төтенше құбылыс санатында қабылданған «Таныстыру» поэмасы 1917 жылдың күзі мен 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде жүргенде жазылған. Өлеңмен жазылған мінездемені еске түсіретін жаңа тұрпаттағы шығармасында Қазақстандағы қоғамдық-саяси ахуал түбірімен өзгерген шақта елді бастайтын серкелермен бірге кемеңгер ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының есімі асқан ілтипатпен ауызға алынған. Үзілмеген сыйластық, қаяусыз достық, керек десеңіз шексіз сүйіспеншілік жаңа арна, тың серпінмен суреттеу принциптерінің алтын діңгегіне айналып жүре береді:

Бұл қазақтан максұты биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме, адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс...

Демеңіз тымақ киген жәй бір қазақ,
Киген киім, жүрісі, түріне қарап.
Надандар оны өлшейтін өлшеуің жоқ,
Аулақ жүр, біле алмайсың жай шамалап!

Шәкәрім барша қазақтың, күллі адамзаттың ынтымағын көксеген, ақылшы, ойшыл бейнесінде көрінеді. Сұлтанмахмұттың бағалауында – Шәкәрімнің салиқалы сөзі, ақсақалдық қасиеті, қысылғанда қиыннан жол тауып шығатын кемел ақылы, байыпты байсалдылығы – көптен бөлектеп, елден ерекшелейтін озық біткен асыл қасиеттер.

Шәкәрім мұрасы – аса кенеулі, заңғар маңызды, салиқалы да сындарлы, мазмұнды мұра. Ендеше оны зерттеу бір күннің, бір жылдың емес, заманалар еншісінде.

Ұлы ақыннан қалған ұланғайыр мұраны зерделеу оның көзі тірісінде басталды. Шәкәрімге арналған жүрекжарды пікір сөз қазақтың дана перзенті, қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның аузынан шықты. «Қалқаман – Мамыр» поэмасы жарық көргенде арнайы көңіл бөліп жүректегі сөзін айтты. «Бұл кітап 1912 жылы басылған. 1914 жылдан бері ығланы (хабарлауы – А.Е.) «Қазақта» басылып, оқушыға білінді. Мұны жазған «Қазақ пен ханлар» шежіресін жазған Шәкәрім. Шәкәрім Абайдың ағасы Құдайберді баласы. Абай барда таласып ақындық қылып, жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре берген. 1900жылы Шыңғыс елін жазған Иван Филиппович Гусев Шәкәріммен сөйлескен. Маған сонда айтты: «Жұрттың бәрінің ауызға алғаны Абай. Шәкәрімнің білімі де қазақта жоқ екен», – деді. Гусев Шәкәрімнің тамырын тауып ұстаса керек» [1], – деп жазды сол кезде Ә.Бөкейхан. Кітап сыны үлгісінде жазылған шағын мақала қазақ даласының екі дана перзентінің бір-бірін қапысыз танып, қалтықсыз сыйласқандығының белгісі дерлік.

Шәкәрім есімі хақында бірер сөз. Қазақ тұрмысында азан шақырылып қойылған есім мен ауыл-аймақ, ел-жұрт арасында берілген, қалыптасқан есімнің егізқатар жүруі «қағазсыз заңдастырылған» ғадеттер қатарында. Ешқандай оғаштығы жоқ, әдепкі жағдай іспетті. Бұған дәлел – XIX ғасырда ғұмыр кешкен ұлыларымыз Абай (азан шақырып қойылған есімі Ибраһим) Құнанбаев, Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин, Шоқан (Мұхамед-Ханафия) Уәлиханов есімдерінің халық аузында, кейініректе жазба деректерде сіңісіп кетуі. Осы үрдіс Шәкәрім антропониміне де қатысты. Ғұлама Шәкәрім төл есімінің мән-мағынасын түсінген, жете білген. Көзі тірісінде баспа көрген кітаптарында, газет-журналдарда жарияланған дүниелерінде бадырайтып «Шаһкәрім» деп көрсеткен. Орыс харпімен жазғанда «Шахкарим» деуден танбаған. Мәселен, араб әрпімен басылған 1911 жылғы

«Түрік, қырғыз һәм ханлар шежіресі» (Орынбор), 1912 жылы Семейде «Жәрдем» баспаханасынан шыққан «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр» кітаптарында «Шәкәрім Құдайбердіұғлы» деп барынша анық жазса, «Айқап» журналындағы «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» мақаласының соңында мекен-жайын кириллицамен: «Ст.Аркат, Семипал. обл., Ченгизской волости, киргизу Шахкариму Худайбердину» («Айқап», 1912, № 4, 96-б.), – деп тайға таңба басқандай айқын қағазға түсірген. Ұстазым, марқұм Қ.Мұхаметханұлы тек қана «Шаһкәрім» үлгісін қолданса, қазақтың көрнекті жазушысы Р.Сейсенбаев та «Шаһкәрім» вариантына тегіннен тегін «жабысып» қалмаған. Тек кейінгі ұрпақ араб әліпбиін жете меңгермегендіктен түрліше жазып жүр.

Барша деректер бір арнаға құяды. Ақынның азан шақырып қойған есімі – Шаһкәрім. «Шаһ» сөзі парсы тілінде «патша», «сұлтан» лауазымдарын білдіреді. «Карим» (Алла тағаланың 99 көркем есімдерінің бірі «әл-Карим» – А.Е.) – араб тілінен аударғанда **жомарт, ақ көңіл, шарапатты, сыпайы, қымбатты** ұғымдарын береді. «Шаһкәрім» толық күйінде «кең пейілділіктің, жомарттықтың, сыпайылықтың патшасы, иесі» мағынасын жеткізеді. Ендеше бұл аса қастерлі есім. Шәкәрім антропонимі қолданыста жүре беруге хұқылы. Ресми қолданыста «Шәкәрім (азан шақырып қойған аты Шаһкәрім) Құдайбердіұлы» деп жазсақ қателеспейміз.

Аз сөз Ш.Құдайбердіұлы ұрпақтары хақында. Бұл ретте Абай, Шәкәрім ұрпақтары жаппай кеңестендіру, байларды тәркілеу, ашаршылық, отызыншы жылдардағы қызыл қырғын, екінші дүниежүзілік соғыс зардаптарынан жойылып кетудің аз-ақ алдында қалғанын ескерту жөн. Шәкәрім ұлдары Зият пен Супиян Қытайға қашып кеткен, Ғафур тар қапастың қатыгез қысымына төзе алмай өзіне қол жұмсаған, Қабыш ашаршылықта қайтыс болған, Ахат та түрме тауқыметін тартқан.

Әке жолын жалғастырып, ақындық жолды ұстанған Ахат пен Зият. Ақын, өнерпаз Ахат әкесінің шығармаларын жинақтап, олардың жазылу тарихын баяндайтын түсініктемелер, әкесі жайлы көрген-білгенін естелік етіп жазып Ғылым академиясына, мұрағаттарға, Абай қорық-мұражайына тапсыруы – ғалымдарға, әдебиет өнернамасын жазушыларға зор пайдасы тиетін құнды еңбек. Оның үстіне Ахат ақсақал ұзақ жылдар ұстаздық ете жүріп, өлеңді серік еткен, бірнеше жинақтарға өлеңдері енген. Жинақтап, ретке келтіріп басып шығару қажет-ақ. Зият Шәкәрімұлы да алғыр, өнерлі, ұлтын сүйген азамат екен. Ақын, драматург, режиссер, өнердің түрлі саласынан хабардар Зият ғұмыры да келте кесіліп, небәрі 38 жаста өктемдік құрбаны болған. Артында қалған елеулі мұраны жинастырып, халық назарына ұсыну келешектің кезек күттірмейтін ісі.

М. Әуезов зерттеушілігі мен ұстаздығының тоғысатын жері – абайтану. Абайтану сөз болғанда, Абайдың ақындық мектебі тілге тиек етілгенде ең алдымен бас шәкірт Шәкәрім есімі ауызға түседі.

Шәкәрім мен Әуезов бір Шыңғыстың тумасы, ағайын-туыс қана емес, рухани жағынан аға-іні. Терең тарихты ақтарып «Еңлік-Кебек» оқиғасының желісімен бірі поэма, екіншісі – драмалық шығарма жазған. Творчестволық сайысқа түсіп ой жарыстырып, сұлу сөздің інжу-маржан үлгісін жасауға жетіскен. Шәкәрім (1858-1931) мен Мұхтар Омарханұлы (1897-1961) жас алшақтықтарына қарамай ғажайып сыйластық қарым-қатынаста болған.

Ахат Шәкәрімұлы «Менің әкем халық ұлы Шәкәрім» естелігінде жазады: «Мұхтар әкеймен жиі келіп әңгімелесетін. Қыста да Мұхтар мен арқылы әкейге хат жазып, керекті сұрақтарына жазба түрде жауап алып тұратын. Кейінде Мұхтар марқұм айтатын, сол кезде шығыс әдебиеттеріне Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым Шәкәрім!» [2].

Біз не деп жүрміз. Абайдың нәр алған үш бастау бұлақтары жөнінде «шығыс әдебиетінен келген ең аз сезілетін белгілер» деп Әуезов айтқан әдемі қисынның байыбына бара алмай келеміз. М. Әуезов санасымен ұғынып, көкірегімен түшынғанымен Абайдың шығыспен байланысын ашық айта алмады. Айтуға заманы тұсау салды, қордалы ойы көмбеде қалды. Көмбені ақтару бүгінгі буынға парыз.

Ахат Шәкәрімұлының естелігінде әкесі Шәкәрім аузымен жеткізілетін мәнді сәт бар: «Абай бізді жақсы көретін, келгенде қасына жатамыз деп таласатынбыз. Абай: «Бұл кіші ғой!», – деп мені қойнына алып жататын, басқа балалар да Абайдың айналасына жайғасатын. Бізге әңгіме айтып беріп, оқыған оқуымды, жаттаған қиссаларымды айтқызатын еді» [3]. Міне, керек десеңіз, ауыз әдебиетіне, фольклорға құштарлық. Қазақтың қойнында, әженің етегінде бір сиқыр бар-ау, тегі?! Атаның жұпар иіс аңқыған қойнына жатпаған, еркелеп әженің етегіне оралмаған қазақтың қанына ұлттық рух дари қояр ма екен. Абай – Шәкәрім – Мұхтар арасында үзілмеген арқау, ғажайып дәстүр жалғастығы бар дейтініміз сондықтан.

Шәкәрімнің білімді, тәрбиелі, озық ойлы болып қалыптасуында Абай ықпалы мол. Шәкәрімнің шешесі (Төлебике, ел Дәметкен атап кеткен) өлең жазады екен. Шешесі Шәкәрімге өлең

жазба жассың, әлі ертерек дегенде Абай өлең жазсын, кедергі жасама депті. Онымен де шектелмей өлеңді қалай жазу керекіті жайында ақыл-кеңес беріп, үйретіп оқитын кітаптарды «Мың бір түн» қиссаларды ұсынған. Жас Шәкәрімнің ақындық жолына бағыт-бағдар сілтеп, қадағалаған.

Шәкәрімнің сөзі:

«Абай менің бетімді түзеп, адам болып шығуыма өтелмес еңбек сіңірді. Бір жылы біздің жонды аралап шығуға орыс инженері келмек болды. Абай сол землемелерге мені қосты, әрі орыс тілін үйрен, әрі өнерін үйрен деп. Мен ол адаммен үш айдай бірге жүріп, жер өлшестім. Осы үш айдай күнім – үш жылдай болды. Землемелер менің шала білетін орыс тілінде дұрыс сөйлеуіме үлкен көмектесті. Және мен оның үйретуімен тік үш бұрыштың есебін үйрендім. Алыс екі төбенің арасын, не таудың басын төмен тұрып қалай өлшеуді үйрендім. Демек, геометрия заңдарын үйрендім. Тастардан металдар шығатындығын білу әдістерін, белгілерін байқадым. Ол адам кетерінде маған көп өлшеу құралдарын берді, дүрбісін беріп кетті, бұ да Абайдың арқасы. Долгополов, Михаэлис сияқты Абайдың достары келгенде Абай мені шақыртып алатын. Мен олардың асыл, қымбат сөздерін, бағалы кеңестерін, ақылдарын зердеме алып, сан естідім.

«Мен, – дейді Шәкәрім, – Жайлауда Абай ауылына бардым, Үйге Абай тұрғылас ақсақалдар толып отыр екен. Мен сәлем беріп кіргенде Абай: «Кімді айтса, сол келеді дегендей, Шәкәрім, келгенің жақсы болды. Мен мына ақсақалдарға айтып отыр едім. Мен етек басты болып, білім қуа алмай қалдым. Сол көксеген арманымды Шәкәрім арқылы орындаймын деп, саған білім қуғызатын боламын! Адам қырық жасына дейін білім жинап, қырық жасында камил толады, ақыл-ойы, жігер-қайраты жетіледі. Енді үш жылда сен қырыққа толасың. Шығыс тіліне жетік болдың. Енді үш жылға дейін орыс тілін үйрене бер. Бар қаражатың менің мойнымда, сен осыған дайындал. Кәне, осыған келісесің бе?» – деді. Мен: «Барлық қаражат сізден болса, білім алуға неге бармаймын. Бірақ, қай жерге барамын?», – дедім. Абай: «Афин-грек білім Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі: Меккеде, бірақ, менше, Меккеден гөрі Мединадан көбірек табылуы керек. Және Мысырдағы Александр атындағы кітапханаға барасың. Осы төрт жерге барып, тарихи орындарды аралап, керек кітаптарыңа, жол қаражатыңа жетерлік пұлды өзім берем. Осыған келіссең, қолыңды әкел – деп», қолын ұсынды. Мен: «Қаражат сізден екен, мен білім алады екем, барам» – деп, қолымды бердім. Абай қолымды алып,кісілерге қарап, «Көрдіңдер ғой, Шәкәрім уағдасын берді!», – деді. Отырған ақсақалдар: «Көрдік», – десті.

Осыдан соң, мен орыс тілін жете білуге бар ынтамды салып, еңбек етуге айналдым. Басқа жылдарымнан гөрі, осы жылдарым пайдалы жылдарым болды. Өзім білетін шығыс тілдерін де тереңдей зерттеп, кемшілігін толықтырдым.

1901 жылы Абай жақсы көрген ағам – Шәке қайтыс болды. Одан бұрын, 1892 жылы Оспан қайтыс болған. Шәке өлгенде Абай бірнеше күн болып, Шәкенің зиратын қалатып, қырқын бергізіп қайтты. Қазақтың өлген адамын үш жыл жоқтайтын дәстүрі бар. Адамы өлген ауыл үш жылға дейін қаралы болады.Осы өлімнің үстіне мен өте жақсы көретін Мағаш 1904 жылы қайтыс болып, Абайдың да, менің де сорым қайнап қалды [4].

Екі інісі мен сүйікті ағасы Абайдың қаралы үш жылын күту Шәкәрімге ауыр тиеді. Әсіресе, сүйікті, қамқор ағасы Абайдың берген сертін орындауды кешіктірмеуге бел буады.

Сүйтіп, 1905 жылдан 1906 жылға қарсы күзде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кеңесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себебін тигізід. Сол сапарда, неше ұлттың ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Әниярдың атына жіберіп отырдым. Стамболда тарих қорларын сақтайтын орындарда болып, арыбара жатқанда 13 күн тарих ақтардым. Ертедегі Шығыс ақын-жазушы, ойшылдарының шығармаларын түгелдей алдым. Гомерден бастап грек халқының ойшыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарын, әр елдің луғаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым. Демек, менің бұл сапарым көкірек көзімді ашып, аңсаған арманыма қолым жеткен сапарым болды! Бұ да Абайдың маған ақыл-кеңесінің жемісі. Стамболдан Меккеге бардым, оның тарихи орындарында болып, көп қажеттерімді таптым. Мединаға бардым. Одан Араб халқының ескі замандағы Мұхаммед пайғамбардан 200 жылдай бұрын болған Абу Суфиян сияқты ғалымдардың шығармаларымен танысып, кітаптарын алдым. Бірақ, Мысырдағы (Египеттегі) Александр атындағы кітапханаға бара алмадым. Меккеде сол кітапханада көп жыл істеген ғалымға кездесіп, менде жоқ ғалымдардың шығармаларын жазып алдым. Қайта қайтқанда бізден ауру шығып, бір айдай Стамболда жатып қалдық. Мен доктормен келісіп, Стамболдың тарихи орындарын тағы ақтардым. Үнді, парсы ғалымдарымен пікір алыстым. Ең аяғы түрік музыкантынан нота жазуды үйрендім. Парсы тілін жетік білетінімнің арқасында парсы, үнді доктарларымен сөйлесіп, емдеу тәсілдерінің көбін үйрендім» – дейтін.

Бұл – қажылық сапар Шәкәрімнің білім нәрінен сусындау, ғылым сырларын қажымай, талмай зерделеуге арналған табысты кезең еді. Шәкәрімнің ой-пікірінің толысып, ақындық кемелденуіне, ойшылдық өрлеуіне кең жол ашты. Ұлы Абайдың бас шәкірті санатынан мәртебелі орынға иеленді.

1934 жылы абайтану ғылымының негізін қалаушы М.О.Әуезов Абайдың толық мағынадағы шәкірті – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – өз балалары. Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім [5] деп бөлектеп атаған-ды. Қайта оралған есімдердің халқымен қауышуы тарихи санамызды бүтіндей өзгертті. Шәкірттер қатарында А.Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Молдабаев, Т. Жомартбаев, С. Дөнентаев, Х. Ғаббасовтардың аталуыкөркемдік дүниетанымызды байытты.

Президентіміз Қ.К.Тоқаев «Қазақ халқы – Абайдың халқы. Абай арманы – халық арманы» деді. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында [6]. Ендігі жерде Абай мен алаш ақиықтарының арасын алшақтатужараспас. Қайта алаштық идеяны түп негізі – Абай шығармашылығында деу әділдікке саяды. Алаш қайраткерлерін туғызған ұлы Абай. Абай төңірегіне Алаш қайраткерлерінің үйірілуі тегін емес. Тізбелеп көрейік: Ә. Бөкейхан 1905 жылы Абайдың қайтыс болуына байланысты мақала-некролог жариялады; А. Байұрсынұлы 1913 жылы «Қазақтың бас ақыны»; М. Дулатов 1914 жылы «Қазақ» газетінде («Абай» мақаласын жариялады); 1909 жылы Кәкітай мен Тұрағұл ақын жинаған дайындаса, кітаптың шығуына жол сілтеп, ақыл-кеңес беруші Ә. Бөкейхан; 1914, 1915 жылдары Абайды еске алу кештері ұйымдастырылды; 1918 жылы дүниеге «Абай» журналы келді.

Бұл ретте журналды шығарушылардың бірі, Алаш қайраткері Ж. Аймауытовтың шегелеп айтатын айтқан пікірі есімізде: «Журналдың атын Абай қойған соң әдеби жолын ғана тұтыну керек еді дер біреу. Оған айтатынымыз: Абай жалғыз ғана ақын (литератор) болды деуге де болмайды. Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнер, кәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай, қазақтың тұрмысын, өнерін, мінезін айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң журналды Абайға арнағандық Абайды қай жөнінен болсын ұстаз қылып бетке ұстап жастар шәкірт болып соңынан жүруге талаптанғанын көрсетеді [7].

Бүгінгі конференция мінберін пайдаланып бірнеше ұсыныстарды ортаға салғым келеді:

1. Қазақтың маңдайына біткен ұлы тұлғаларды тек мерейтойлық сәттерде еске аламыз. Науқаншылдық басым. Жүйе жоқ. Бұлақын, ойшыл, ғалым, сазгер Шәкәрімді зерттеуге де қатысты. Бағдарламалық бағыттағы кең ауқымды концепция жоқ. Әр өңір өзінше ғұлама мерейтойын атау өтуде.
2. Күні бүгінге академиялық жинақ түзілген жоқ. Шәкәрім мұрасы өткен ғасырдың сексенінші жылдары кітап болып шықты, содан бері жарты ғасырдай мерзім өте шықты. Биыл М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (ішінде Шәкәрім университетінің ғалымдары да бар) бес томдық жинақты даярлау үстінде. Түрлі себептермен бес томдық әлі қолымызға тиген жоқ. Төзбестік жағдай. Ал көптомдық жарық көруі үшін басты шарт – тыңғылықты текстологиялық ізденістер қажет. Әр жерден жиыстырып көп томдық құрастырғанымызбен ол академиялық жинақ міндетін атқара алмайды. Институт дайындаған бес томдық жедел баспа көрсе екен. Сонымен қатар қолжазбаларды мұқият жинақтап баспаға ұсыну ғылым нәрінен өскелең ұрпақты сусындату парызымыз.
3. Шәкәрімнің бай жеке кітапханасы болған, бұл да ұлы Абайдың өнегесі. Ахат Шәкәрімұлы «Сол кезде мен әкейдің кітапханасындай мол кітапхана көрмедім» деп тамсана жазады. Кітапхананы жылда бір рет тазартып отыруды әдетке айналдырған және Ахатқа тізімін жазып отыруға тапсырма берген. Семей, Стамбол, Мекке, Мединеден көп кітаптар алғызған. Хожа Хафиз, Физули, Навои, Фирдауси, Сағди, Яссауи, Софы Аллаяр, орыс қаламгерлері Ломоносов, Жуковский, Березин, Левшин, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Карамзин, Толстой, Табари, «Тарих ғұмуми», «Тарих Ғұсмани», Нажим Ғасымбектің «Түрік тарихы», Әбілғазы Баһадүрдің шежіресі, Радлов, Аристов шежірелері, Құран, Інжіл, Таурат, «Мың бір түннің» көптомдығы, Платон, Сократ, Шопенгауэр, Кант т.б. Шәкәрім кітапханасында болған. Сол кітапхананы іздеп тауып, ақын музейінің төріне қою міндетіміз.
4. Шәкәрім есіміне байланысты жер, су атауларын сақтап арнайы белгілер қою, атауларға қатысты тарихи деректерді хатқа түсіру, көнекөз қариялардың естелігін жазып алу ғылым үшін үлкен олжаға айналуы керек. Түрлі жағдайларға байланысты жер-су аттарының жиі өзгеріп,ұмытыла бастауытарихқа қиянат, әрі Абай облысын туристік аймаққа айналдыру ісіне кедергі келтіруі мүмкін. Ал қажылық сапарында тоқтап, білім, ғылым қазынасын ақтарған жерлер ерекше зерттеу обьектісіне айналуы ғанибет.

**Әдебиеттер**

1. Қыр баласы. «Қалқаман – Мамыр» (сын). – «Қазақ». – 1915, 22 сәуір.
2. «Жұлдыз», 1992. – № 11. – 20 б.
3. Екеу. Абайдан соңғы ақындар. – «Абай», 1918. – № 5. – 5-б.
4. Сонда, 16-б.
5. Әуезов М. Елу томдық толық жинақ. 10-т. – Алматы: Ғылым, 2003. – 19-б.
6. «Егемен Қазақстан», 2020, 9 қаңтар.
7. Аймауытов Ж. Бес томдық. 5-т. – Алматы: Ғылым. – 1999. – 119-б.

ҒТАХР: 17.71.01

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ БАРЫСЫ ЖӨНІНДЕ

**Матыжанов К.І.,** ф.ғ.д, бас директор, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Ардақты Абай елінің жұртшылығы!

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, Нұрлан Тельманұлы!

Баршаңызды иісі қазақтың кемеңгер қаламгері, қасиетті Шыңғыстаудың тау мүсінді тұлғасы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының атынан құттықтаймын!

Әрине, Абай, Шәкәрім, Мұхтар арасындағы рухани тұтастықты дәл қазір тәптіштеп жатуды артық деп санаймын. Сондықтан ұлы тұлғаның мерейтойы аясында Институт қабырғасында Шәкәрім атындағы университетпен бірлесіп атқарылып жатқан ақын шығармаларының академиялық толық жинағын әзірлеудіңбарысы жөнінде баяндауға рұқсат етіңіздер.

Біздің институт ғалымдары2020 жылдан бастап, қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдері шығармаларының академиялық толық жинағын даярлап, электронды кітапханасын қалыптастыруды қолға алды. Бұған дейін Абай (2020), Жамбыл (2021), Ахмет (2022) шығармаларының академиялық толық жинақтары жарық көрді және олардың электронды басылымдары Институт сайтына жүктелді. Аталған үрдіс бойыншаАбайдың дәстүрін жалғастырушы ірі ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының (өлеңдері, дастандары, аудармалары, шежіресі және мақалалары)бес томдық академиялық толық жинағын құрастыру қолға алынды.

Жинақты дайындаушылар алдынамынадай талаптар қойылды:

Ең алдымен, қаламгердің қолынан шыққан қолжазба мұрасынан бастап, әртүрлі басылымдары, мұрағаттарда сақталған деректерін түгел жинақтау;

Екіншіден, осы нұсқалардың барлығынтүгел мәтіндік салыстырулардан өткізіп, терең текстологиялық зерттеулер жүргізу;

Үшіншіден, қаламгер заманында қолданылған тарихи лексика, оның өзіне тән сөз саптасы мен қаламгерлік мәнері (стилі) барынша сақтап, оған орынсыз өзгерістер енгізбеу;Егерде әлдеқандай бір өзгерістер, түзетулер жасалса оларға ғылыми түсінік беру;

Төртіншіден, әр шығарманың жазылу уақыты, оның түрлі нұсқаларындағы айырмашылықтар, баспалардан кеткен қателіктер сарапталған, шығарма жазылған уақыттағы тарихи жағдайлар мен жер-су атауларының, есімдер мен кейіпкерлер сырын ашатын ғылыми түсініктермен жарақтау;

Бесіншіден, академиялық жинаққа қолжазбалардың, қаламгердің көзі тірісінде жарық көрген түпнұсқаға баланатын басылымдардың көшірмелері (факсимилесі) мен көне фото суреттер және мұрағаттық құжаттар қоса тіркеу;

Мұның барлығы айналып келгенде, жинақтың тарихи маңызын, ғылыми құндылығын арттыратын академиялық басылымға тән талаптар. Былайша айтқанда, академиялық жинақ классикалық мәтіннің канондық нұсқасын анықтап, отандық және әлемдік мәдениетке деген ықпалын еселеп арттырады. Ғылыми негізді жүйеге түскен мәтін қалың оқырманнан бастап, мектеп оқулықтарының авторларына дейін құныға бас қоятын рухани игілікке айналады. Біздің ойымызша Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл басылымыҚазақстанда кенже қалып келе жатқан мәтінтану ғылымын жандандыруға да ықпал етеді.

Жинақты дайындау барысындағы басты қиыншылықтың бірі Шәкәрім арапша, парсыша, көне түрікше (шағатайша), орысша сауаты кәміл болған ғұламаның өз қолымен жазған бір

қолжазбасының жетпеуі өзегімізді өртейтін өкініш. Оның себептерін сіздер жақсы білесіздер. Біздің бүгінде бағдар тұтатын негізгі асыл нұсқамыз қаламгердің баспа бетін көрген шығармалары, баласы Ахаттың тәптіштеп жазып кеткен қолжазбалары мен ақын шығармаларын көкірегіне тоқыған адамдардың хатқа түсіріп, әртүрлі қолжазба қорларына тапсырған жазбалары. Ал сол хатқа түскен еңбектердегі жазудың әркелкілігі, баспахана ісіндегі бірізділіктің болмауы, олардың барлығының төте (араб) жазуда болуы да бүгінгі мамандарға қосымша салмақ. Міне, осындай күрделі мұраны жинақтап, терең текстологиялық сараптаулардан өткізіп, шығармалардың бірегей нұсқасын әзірлеу біз қолға алып отырған академиялық жинақтың басты мұраты болып табылады.

Шәкәрімнің өлеңдері алғаш рет жеке жинақ ретінде «Қазақ айнасы» атауымен 1912 жылғы Семейде «Жәрдем» баспасында басылғаны белгілі. Онда отыздан аса өлеңдері енген.

Мұнан соң «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Ләйлі-Мәжнүн» және басқада шығармалары «Айқап», «Абай», «Шолпан», «Таң» журналдарында, «Қазақ», «Қазақ тілі», «Еңбекшіқазақ» газеттерінде әр жылдары жарияланған.

1918 жылы «Шын бақыттың айнасы» эссе-шығармасы, 1924 жылы Семейде «Дубровский әңгімесі» басылып шықты.

1931 жылы 2 қазанда НКВД-ның жендеттері Шәкәрімді атып өлтірген соң, ақынның рухани мұрасы да жабық әрі тыйым салынған шығарма ретінде қатаң бақылауға алынды. 1958 жылы Шәкәрімнің аты мен шығармашылығы ресми түрде ақталғанымен ол туралы зерттеуге, шығармалар жинағын құрастыру мүмкін болмады.

Тек 1988 жылы 14 сәуір күні Қазақстан Республикасы Орталық комитеті Шәкәрім Құдайбердіұлын толықтай ақтау туралы шешім қабылдаған соң, алғаш М. Мағауинның құрастыруымен «Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар» (Алматы: Жалын, 1988) жинағы жарық көрді.

Сол жылы Жазушы баспасынан «Шәкәрім Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер» (Алматы: Жазушы , 1988) жинағы басылып шықты.

Сондай-ақ 1989 жылыТ. Бекхожин құрастырған «Шәкәрім. Аманат: Әндер» (Алматы: Өнер, 1989) кітабы жарық көрсе, 1990 жылы Х.Сүйіншәлиевтіңқұрастыруымен «Құдайбердіұлы Ш. /Өлеңдері мен поэмалары» (Алматы: Рауан, 1990) жинағы, 2006 және 2008 жылдары Шаһкәрім атындағы СМУ шығарған (5) «Шәкәрім шығармаларының үш томдық жинағы» (Алматы-Жидебай: Халықаралық Абай клубы) жинақтары жарияланды. Соңғы рет Шәкәрім Құдайбердіұлының түрлі кітаптарға енген, әр жылдарда жазылған өлеңдері және дастандары топтастырылып, 2018 жылы А. Еспенбетов, А. Смағұлова, М. Өндірқан, Б. Түбекбаевалардың құрастыруымен «Фолиант» баспасынан жарық көрді.

Біз дайындап жатқан академиялық жинаққаосы аталған басылым нұсқалары, сондай-ақ Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған (1588, 1623, 1774, 9320, рм 114, рм 421 т.б. бумалар) қолжазбалармен жолма-жол текстологиялық тұрғыдан салыстыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл тиянақтылықты, мұқияттылықты, ұзақ уақытты қажет ететін машақатты шаруа. Шәкәрім өлеңдері бұған дейінгі басылымдарда да қолжазба нұсқалары негізінде жарық көргені мәлім. Дейтұрғанмен бүкіл шығарманың өн бойы мінсіз деп айтуға болмайды. Себебі, кейбір өлеңдерінде орны ауысқан шумақтар, синоним ретінде берілген балама сөздер (кедейдің – нашардың, қиянатын – арамдығын, дәру – дәрі), қате оқылған тіркестер және сол кезеңнің сөйлеу тілі бүгінгі күнге мейілінше жақын етіп берген тұстары көп. Мәселен, ынсап – нысап, қалжақбас – қылжақбас, жандық – жәндік т.б. жиі кездеседі.

Сондай-ақ, қалып қалған шумақтар, дұрыс оқылмаған сөздер де кездеседі. Соның қарапайым мысалы ретінде «*Естіден* қалған сөз теріп» өлеңін алайық. Шындығында бұл жинақтарда «*Ескіден* қалған сөз теріп» деп берілген. Қолжазба бойынша «Естіден» екені анықталды. Осы өлеңнің «Кете берме тым кері» деген 40 жолынан соң:

«Әлемдегі барша жан,
Дәл ұқсамас пішіннен.
Жүрегіде сондайдан,
Үміт үзу жөн емес»

деген төрт жол өлең түсіп қалған.

Бұл мәтін 2018 жылғы жинақпен салыстыру барысында анықталды. Бұл айтылған мәтіндер тек сөзіміздің дәлелі ретінде берілген бірер мысал ғана. Жалпы осындай түзетулер, текстологиялық анықтаулар көп өлеңдерінде кездеседі. Сондықтан біз дәлел ретінде бетке ұстайтынымыз Шәкәрімнің балалары жазып қалдырған қолжазбасы. Жинақ сол негізде дайындалады. Тіпті, қолжазбада бұған

дейін жарық көрмеген бірер өлеңі де табылды. Мұны әлі де барлық басылымдарымен толық салыстырып барып ғылыми тұрғыдан негіздейміз. Аталған жұмыстардың нәтижесінде ақынның 190-ға жуық өлеңі жинаққа еніп, олардың қолжазбаларының факсимилесі толық беріледі. Сонымен қатар Шәкәрім шығармаларындағы кейбір өлеңдерінің бұған дейінгі басылымдарда кеткен ағат тұстары анықталады. Қолжазба бойынша әрбір сөз, сөйлемге, қалып қойған шумақтарға, орындары ауысып кеткен мәтіндерге толық ғылыми түсініктер беріледі.

Ғұламаныңбірнеше тілді меңгеруі оның тамаша аудармалар жасауына мүмкіндік берді. Хафиздің лирикалық шығармаларын, Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын тәржімалады. Орыстың классикалық әдебиетін терең зерттеп оқыды. Нәтижесінде А.С. Пушкиннің «Дубровский» повесі мен «Боранын» өлеңмен аударды. Л.Н. Толстойдың бір топ әңгімелерімен қазақ оқырманына таныстырды. Л.Н. Толстойға арнайы хат жазып, көкейіне қордаланған ойларын жинақтап, ақыл-кеңес сұрайды. Академиялық жинақты құрастыру барысында осы аудармалардың түпнұсқасын тауып, сол тілдердегі мәтіндер зерттеу нысанына алынады. Әсіресе, ақынның парсы шайырлары мен түркі ақындарынан жасаған аудармалары жіті қаралып, қолжазба және литография негізінде қайта жасалады. Мысалы, Шәкәрім қажы әзербайжан ақыны Мұхаммед Физулидің «Ләйлә-Мәжнүн» поэмасын 1907 жылы көркем тәржімалағаны белгілі. Бұл шығарма 1922, 1923 жылдары Ташкентте шығып тұрған «Шолпан» журналында алғаш рет басылған. Сондай-ақ, Сәкен Сейфуллин бұл поэманы 1935 жылы қайта жариялаған. Академиялық басылымда осы литографиялар қайта қаралып, кейінгі басылымдарда кеткен қателіктер мен кемшіліктер түзелетін болады.

Институтымыздың және Орталық ғылыми кітапхананың қорында «Ләйлә-Мәжнүн» дастанының бірнеше қолжазбалары сақталған. (1. ОҒК, Ш. 1605, латын әрпінде; 7-30 беттер. Аяқталмаған. Жинаушысы белгісіз; 2. ОҒК, Ш. 923, араб әрпінде, 27 бет. Көшірушісі – ҒажамДайырбекұлы; 3. ӘӨИ, Ш.482, кириллэрпінде 8 бет. Аяқталмаған; 4. ӘӨИ, Ш. 879/4, кириллэрпінде. 2-18 бет. Жинаған Шайхы Кәрібаев; 5. ОҒК, Ш.2001, араб әрпінде, 360 бет. Қорға 1948 жылы Е.Есенжолов тапсырған). Сонымен қатар «Қалқаман-мамыр», «Еңлік-кебек», «Нартайлық пен Айсұлу», «Мұтылғанның өмірі» қатарлы дастандардың қолжазбалары Орталық ғылыми кітапхананың қорындағы 1588-бумадағы 1-16 дейінгі дәптерде сақтаулы.

Ақынның «Еңлік-Кебек» дастанына да текстологиялық зерттеу жасалады. Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы 1588-бумада дастанның үш нұсқасы және 9321-бумада «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген тақырыппен 1912 жылы Семейдегі «Ярдам» баспасында жарық көрген бір нұсқасы сақталған.

Жоғарыда аталған 1588-бумада сақталған дастанның үш нұсқасы жол сандарымен, басталуымен бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Мысалы, 1936 жылы Күмісбек деген кісінің араб әрпінде жазып тапсырған көлемі 25 беттен тұратын нұсқасы «Өткен адам болады көзден таса» деп басталса, 1941 жылы Бекенов деген фамилиямен тапсырылған латын әрпінде жазылған 12 беттік нұсқасы «Біреуі бес намаздың ұлы бесін» деп басталады. Ал тапсырушысы белгісіз латын әрпінде жазылған 13 беттік нұсқасы «Қалмақ шауып қазақты алған жеңіп» деген жолдармен келеді. 1912 жылы «Ярдам» баспасында жарық көрген нұсқасы «Өткен адам болады көзден таса» деп басталады. Сонымен қатар КП 4499-бумада Ахат Шәкәрімұлы жазып алған қолжазбалар арасында 15 беттік кирилл әрпіндегі жазылған нұсқасы бар. Кейінгі жарық көрген басылымдарға 1912 жылы «Ярдам» баспасында жарық көрген нұсқасы негіз болған деуге болады.

Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» атты шығармасына да мәтінтанулық зерттеулер жасалып жатыр. КП 4499-бумадағы Ахат Шәкәрімұлының жазып алған «Қалқама-Мамыр әңгімесі» деп аталатын нұсқасы «Бұл әңгіме 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сыр дария бойында жүргенде...» деп басталатын кіріспе сөзден кейін «*Өтіс ойға күңгірт, көзге таныұ»* деп басталады. Кіріспен сөздің соңында *«жазушы һәм шығарушы Шәкәрім Хұдайбердіұлы. Г. Семипалатинск, типография т-ва «Ярдам», 1912. (Мұтылған)»* деп жазылған. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақталған 1588-бумадағы 1937 жылы Құсайын Рахимов жазып тапсырған нұсқада поэма кіріспе сөзден кейін «*Өткен іс ойға күңгірт, көзге таныұ*» деп берілген. 1941 жылы Өмірзақов тапсырған латын әрпіндегі нұсқасында кіріспе сөз жоқ, бірден «*Өткен іс ойға күңгірт, көзге таныұ*» деп басталады. Әміржан Ниязбековтің айтуымен жазылған жылы белгісіз нұсқа «*Жарым жоқ мақабатыжардемім жоқ*» деген сөзбен басталған. Есімі Мырзақан деп берілген кісінің 1928 жылы ел аузынан жазып алған нұсқасы «*Бұрынғы ел аузындағы әңгіме*» деген кіріспе сөзден кейін «*Бұрынғы Николайдың заманында*» деген жол берілген. Жинаған, тапсырған адамы белгісіз 1914 жылы жазылған нұсқа болса, «*Кеш білдім төбемнен ұрғандығын*» дейтін жолмен басталған. Қорға 1946 жылы түскен, араб әрпімен жазылған нұсқа «*Өткен іс ойға күңгірт, көзге таныұ*» деп басталған. Жазып алған адамы мен жылы белгісіз араб әрпімен жазылған тағы бір нұсқа да «*Өткен іс*

*ойға күңгірт, көзге таның*» деп басталады. 1914 жылы Есенжолов Ерғалидың араб әрпімен қағазға түсірген нұсқасы «*Өткен іс ойға күңгірт, көзге таның*» деген жолмен басталған. 1946 жылы Ұйықбаев жазып тапсырған нұсқасы «*Сүйенсін, жолдас болсын деп жаратты Алла*» деген жолмен басталады. Алайда осы нұсқаның қолжазбасының 1-беті жоқ. Нұсқаларды салыстырып қарасақ, көбінің басталуы бірдей, яғни «*Өткен іс ойға күңгірт, көзге таның*» деп басталғанын аңғарамыз. Дегенмен осы аталған нұсқалардың ішіндегі толығы, сонымен бірге кейінгі жинақтарға негіз етіп алынғаны КП 4499-бумадағы Ахат Шәкәрімұлының жазып алған «*Қалқама-Мамыр әңгімесі*».

Ақынның «Нартайлық пен Айсұлу» дастаны да зертеу нысанына алынды. КП 4499-бумадағы кирилл әрпіндегі нұсқаны Ахат Шәкәрімұлы жазып алған. Қолжазбада «1929 ноябрь айында жазылған» деген дерек бар. Аталған нұсқа «Ескілер көп жазады әңгімені» деп басталып, «дей көрме бір ескіден қалған сыры» деп аяқталатын кіріспе өлеңнен кейін «Өткен іс ойға түсер әлде қайдан» деп басталады. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорындағы 1588-бкмада сақталған нұсқада «71 жаста, 1929 ноябрь айында жазылған» деген дерек бар. Бұл нұсқада автордың жасы қоса көрсетілген. Кейінгі басылымдарға осы нұсқаны негіз етіп алған.

Шәкәрімнің тағы бір туындысы – «Мұтылғанның өмірі».Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорындағы 1588-бумадағы араб әрпімен жазылған нұсқаның қай жылы жазылғаны туралы дерек берілмеген. Аталған түпнұсқадағы кейбір беттеріндегі жазудың өшкіндеп қалуына байланысты кейбір жолдар мен жекелеген сөздер кейінгі басылымдарға кірмей қалған немесе қате берілген. Мысалы, осы түпнұсқадағы «*Жеті жаста жетім боп*» деген жолы 2018 жылғы басылымда «*Сегіз жаста жетім боп*» деп жазылған. Түпнұсқадағы «*Ұқсатпай орыс, қазаққа*» деген жолдан кейінгі екі жол мүлдем оқылмайды. Сондай-ақ 2018 жылғы басылымдағы:

«Жиырмадан өткенде,
ойланар жасым жеткенде,
Алғызып кітап шеттен де,
Өзімнен өзім оқыдым»

деген бір шумақ өлең 1588-бумадағы нұсқада:

«Жиырмадан жасым өткенде,
Аз ғана ғылым оқыдым.
Алғызып кітап шеттен де
Көңілге біраз тоқыдым» деп берілген.

Осы екі салыстыруға қарай отырып, өлеңнің құрылысы мен мазмұны жағынан соңғы түпнұсқада берілген шумақтың асылнұсқаға жақын екенін аңғару қиын емес.

2018 жылғы жарияланымдағы «*Өлеңмен сөзді шеберлеп*» деген жол 1588-бумадағы нұсқада «*Өлең мен сөзді шеберлеп*» деп екі сөздің арасы ажыратылған. Мұндай «кемшіліктердің» салдарынан шығармадағы айтпақшы болған ой да өзгереді. Өлеңнің соңына дейін салыстыра қарағанда, осы сияқты сөздердің қате оқылуы, жолдардың тіпті шумақтардың түсіп қалуы деген сияқты жайттар көптеп ұшырасады. Текстологиялық жұмыстардың нәтижесінде осы олқылықтардың орны толықтырылып, өлең мазмұны түзеліп, шығарма қалпына келтіріледі.

Сонымен қатар Шәкірім Құдайбердіұлы тек өлең жазумен, шежіремен ғана айналысып қоймай, өзі өмір сүрген қоғамдағы түйткілді мәселелерді ортаға салып, сол кездегі мерзімді басылымдарда («Қазақ», «Қазақ тілі», «Сарыарқа» газеттері, «Айқап» журналы) жариялап отырды. Әр жылдары жарияланған мақалалары да зерттеу нысанына алынып, бұрынғы басылымдармен салыстырылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақтың арғы түбін зерделеп, жеке еңбек жазғаны белгілі. Ақын шежіре жазуды 19 жасынан бастап қолға алып, оны 1911 жылы Орынбор қаласында «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген атпен кітап етіп бастырған. Шәкәрімді мұндай жауапты та қиын іске немере ағасы Абай баулыған еді. Абайдың тектануға қатысты «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты шығарма жазғаны белгілі. Осы дәстүрді жалғастырған Шәкірім шежіресі өз уақытында үлкен бағаға ие болды.

Шәкәрім шежіресінің қолжазбасы сақталмаған. Сондықтан жинаққа Орынбор (1911) нұсқасы басшылыққа алынып отыр. Сондай-ақ әр жылдары жарық көрген басылымдар өзара текстологиялық тұрғыдан зерделену үстінде.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында Шәкәрім шежіресінің литографиялық нұсқасының көшірмесі сақталған (Орынбор, 1911). Бұл жәдігермен бір бумада әдебиеттанушы-ғалым М.Жармұхамедұлының жазу машинкасымен терілген аудармасы бар.

Ол әлі жарық көрмеген. Бұл нұсқа академиялық жинақты даярлауда қолданылып, ғылыми айналымға енгізілмек.

Орталық мұрағатта Шәкәрімнің шежіреге қатысты Сәбит Мұқановқа жазған хаты сақталған. Ол хаттың көшірмесі алынып, бүгінде мамандарымыз тарапынан зерттелуде.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап жатқан Шәкәрім шығармаларының академиялық толық жинағы бұған дейінгі басылым нұсқаларымен және Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған (1588, 1623, 1774, 9320, рм 114, рм 421 т.б. бумалар) қолжазбалармен жолма-жол текстологиялық тұрғыдан салыстыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл өте ыждағаттылықты қажет ететін машақатты шаруа. Нәтижесінде Шәкәрім шығармаларындағы кейбір өлеңдерінің бұған дейінгі басылымдарда кеткен ағат тұстары анықталады. Қолжазба бойынша әрбір сөз, сөйлемге, қалып қойған шумақтарға, орындары ауысып кеткен мәтіндерге толық ғылыми түсініктер берілетін болады.

Бұл орайда Шәкәрім атындағы университет мамандарының өте тыңғылықты шаруа атқарып жатқанын да атап айтқан жөн. Мәселен, олар ақын шығармаларының әртүрлі басылымдары мен қолжазбалардағы әркелкілікті арнайы кестеге салып салыстырулар жасауы сапалы текстологиялық зерттеулер жасауға және дұрыс шешім қабылдауға оңтайлы тәсіл деп санаймыз.

Қорыта айтқанда, академиялық жинақ біздің институт пен Шәкәрім университетінің мамандары күш біріктіріп дайындаған ғұлама шығармаларының мазмұнды да, көрікті басылымы болады деп сендіремін.

ҒТАХР: 17.07.25

## BOZKIRIN HÜZNÜ VE UMUDU: ŞAKERİM KUDAYBERDİULI

**Mutlu, Hüseyin Kahraman** (Dr. Öğr. Ü.)
Afyon Kocatepe Üniversitesi, Fen-Edebiyat Fakültesi,
Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü, Afyonkarahisar

Bişkek’te Kırgızistan Devlet Müzesinde üç parçaya ayrılmış taştan bir çocuk beşiği vardır. Bir manada Türkistan halklarının tarihini temsil eden o beşik;tarihte Türk yurtlarının önce Moğollar (hatta 17. ve 18. yüzyıllardaki Moğol kökenli kabileler), sonra 19. asırda Çarlık Rusya ve en son 20. asırda da Sovyet Rusya tarafından tahrip edildiğini temsil eder.

Türk Dünyasındaki Orta Asya bozkırları, aslında edebiyat ve sanatın hüzünle yoğrulduğu topraklardır. İster resim olsun, ister heykel; ister müzik olsun ister şiir, tüm bu sanatlar için değişmez ortak duygu, hüzündür. Fakat bu hüzün duygusu yanında bu coğrafyada yaşayan insanların yüreğindeki ümit kuşu, her zaman şevkle kanat çırpmaya devam edecektir.

Kazak edebiyatının büyük şairi, yazarı ve düşünürü Şakerim Kudayberdiulı’nın cenazesi, 30 yıl kör bir kuyuda kaldıktan sonra yeni yerine, yani birinci üstadı ve hocası Abay Kunanbayulı’nın yanına defnedilirken, Şakerim’i tanıyan yöre insanlarının gözlerinde yaş, yüzlerinde de sevinç ve umut taneleri bulunmaktaydı.

Şimdi bizler bazen olaylara bugünün penceresinden bakarak Türk Dünyasında herşeyin 2000’li yıllarda olduğu gibi olduğunu düşünebiliriz, fakat meselenin aslı böyle değildir. Yani Türk Dünyasında, 1991’den önce herşey bu kadar serbest ve rahat olmamıştır. Özellikle 1991 yılı öncesine kadar Kazak halkının başından geçmeyen bir zulüm kalmamıştır.

Ey Kazak Sen Ne görmedin? diye seslenirler bazen bugünkü şairler…

Meseleye sanırım biraz da buradan bakmak yerinde olacaktır.

Şakerim olsun, Abay olsun, Alaş aydınları olsun aslında hepsinde ortak olan duygu ve düşünceler o derin tarihin içinden bir kartopu gibi süzülerek gelen derin ve acı tecrübelerdir.

Şakerim, sadece Kazak halkı için değil, tüm Türk Dünyası için iyice tanınması ve öğrenilmesi gereken bir büyük şahsiyettir. Kazak medeniyetinin en önemli şair, yazar, düşünür, bestekar ve aynı zamanda çevirmenlerinden birisidir. Bu sahaların hepsiyle ilgili eserler vermiştir.

Şakerim, 11 Temmuz 1858tarihinde Semey ili, Şıñgıs ilçesi, Keñbulak köyünde doğmuştur. Üç ana cüzden oluşan Kazak halkının Orta Cüz’ünün “Tobıktı” boyundandır.

Dedesi o dönemin Kazak beylerinden olan Kunanbay Öskenbayulı’dır. Babası Kunanbay’ın en büyük oğlu Kudayberdi’dir.Şakerim Kudayberdiulı ismini tam olarak Türkiye Türkçesine aktaracak olursak; Kudayberdi, bizim Anadolu’daki «Hüdaverdi»; Şakerim ise «Şahkerim» isminden gelmektedir. Kudayberdi,

Kunanbay'ın en büyük oğludur. Şakerim'im amcası olan Abay ise Kunanbay'ın üçüncü oğludur. Şakerim, babası Kudayberdi'yi henüz yedi yaşındayken kaybetmiştir. Kudayberdi'nin vefatından sonra Şakerim ve diğer dört kardeşinin eğitimiyle amcası Abay ve dedesi Kunabay ilgilenir.[1]

Abay ömründe, yeğeni Şakerim'e çok ümitler bağlamış ve Kazak kültür ve medeniyetinin geleceği açısından Şakerim'den çok şeyler beklemiştir. Aslında Şakerim'den sadece Abay değil, tüm Kazak halkı ve bozkırı çok şeyler beklemiş ve ne zaman bir sorunla karşılaşsa her zaman ilk olarak başvurduğu kişi Şakerim olmuştur. Bu nedenle de Şakerim, bu bildiride bozkırın umudu olarak nitelendirilmiştir.

Kazak halkının büyük şair ve düşünürü Abay Kunanbayulı, hayatı boyunca kendisinin ulaşmak isteyip de bazı engellerden dolayı ulaşamadığı ilmin zirvesinde yeğeni Şahkerim'i görmek istemiştir. Şakerim'in yetişmesi için elinde bulunan her türlü imkanı seferber etmiş, o dönemde Dünya'nın çeşitli ülkelerinden farklı konularda, kitaplar dahi getirtmiştir. Bununla birlikte Şakerim'e bu kitaplarla yetinmemesini, ileride Avrupa ve İstanbul'daki kütüphanelere giderek oralarda araştırma yapması nasihat etmiştir.[2]

Yaşadığı dönemde Abay'ın en yakın takipçisi, öğrencisi ve temsilcisi olmuştur. Abay'ın etrafında elbette Şakerim'den başka öğrenciler de olmuş fakat onların içerisinde Abay'ın fikirlerine, dünya görüşüne ve hayat tarzına en yakın öğrencisi Şakerim Kudayberdiulı olmuştur.

Şakerim çocukluğundan itibaren eğitim, kültür ve sanatla yoğrulmuş bir ortam içerisinde büyümüştür. Abay'ın felsefi düşüncelerini (bir anlamda Abay'ın Kara Sözlerini) en iyi anlayanlardan birisidir. Bu sebeple Abay'ın düşünce dünyasının tüm argümanlarını Şakerim'in eserlerinde görmek mümkündür.

Küçük yaşlardan itibaren yetenekleri ve zekası etrafındaki insanların dikkatini hatta «hayretini» çekmiştir. Terzilikten çeşitli el sanatlarına, eczacılık, ayakkabı, düğme[3] gibi küçük eşyaların yapımı, hatta müzik enstrumanlarından mandolin yapması onun bu yetenekleri arasındadır. Bir seferinde pençesi kırılan bir av kartalı için çelikten bir pençe dahi yapmıştır. Tüm bu yönlerden bakıldığında halk tarafında El-Farabi'ye benzetilmiştir.

20 yaşında Semey ili Şığıs ilçesinin idaresiyle görevlendirilmiştir. İdarecilik, Şakerim'e ailesinden süregelen bir meslek durumundadır. Yöneticilik yaptığı dönemde onun en büyük özelliği karşılaşmış olduğu sorunları çözmedeki pratik zekası ve başarısıdır. Dedesi Kunanbay da kendi döneminde Semey'de idarecilik yapmıştır. Fakat bazen 100 yerden akıllı, 1000 yerden adaletli de olunsa çözülemeyen sorunların bulunduğunu kendisi de belirtmektedir.

1905 yılında Hac görevini yerine getirmek için Hicaz'a gider. Bu yolda hem gidiş hem de dönüş sırasında İstanbul ve İskenderiye'deki kütüphanelere uğrar ve buralarda araştırmalar yapar ve kaynaklar toplar. Fakat bu yolculuk boyunca topladığı kitaplar, bugün ortada yoktur. Kurşunna dizilerek öldürüldüğünde, kitapları da kendisiyle birlikte yok edilmiştir.

Yaşadığı süre boyunca ne Çarlık ne de Sovyet rejimine karşı hiçbir aktif eylemde bulunmadığı hâlde, o Sovyet rejiminin en çok çekindiği aydın veya ziyalıların başında gelmektedir. Şakerim aslında ömrü boyunca siyasete daima uzak durmuştur. Hem Çarlık, hem de Sovyet Rusya dönemindeki politikalara, özellikle 1900'lü yılların başından itibaren Kazak bozkırında uygulanan Rus göçüne, şiddetle karşı çıkmıştır.

1917 yılında Alaşorda aydınları tarafından Semey bölgesindeki Alaşorda partisine davet edilir ve 1918'de Alaşorda partisine üye olur. Fakat Şakerim, Ekim Devriminin Kazak bozkırına neler getirip neler götüreceğini de çok iyi bilmektedir. Kazak halkı bu devrimin niçin yapıldığını başta anlayamamış, anladıktan sonra ise artık zaman geçmiştir. Ekim Devrimini yapanlar, asıl amaçları ve niyetlerini rejim iyice yerleştikten sonra belli etmişlerdir.

Şakerim, Bolşevik rejiminin Orta Asya ve Türkistan bölgesinde yerli ve millî kültür adına ne varsa yok etmek istediğini önceden fark etmiştir. Bunu en iyi anlayanlardan ve yaklaşan büyük tehlikeyi hissedip sezenlerden birisi Şakerim Kudayberdiulı olmuştur.

Bolşevikler Kazak halkına karşı yaptıkları zulümleri perdelemek için zaman zaman onun nüfuzundan faydalanmak ve ondan Bolişevik sistemi aklayıcı bazı açıklamalar yapmasını istemişlerdir. Şakerim ise onların gerçek amaçlarını çok iyi bildiği için onların yanında hiçbir zaman durmamıştır. Bu dik duruşu ona

---

[1] Tarihî süreç üçerisinde Kazak halkı arasında çocuk terbiyesi konusu çok önem arzetmektedir. Çocuğun yetiştirilmesi, "erkeletmek" fiiliyle karşılanır. Erkeletmek ise anlam olarak, "yürümesi ve temel ihtiyaçlarını gören bir çocuğun, o küçük yaşında çocuğun gönlünü kırmadan, kalbini kırmadan, ona bağırıp çağırmadan, nazlı nazlı büyütülmesi" anlamına gelmektedir. Bir manada insana layık bir şekilde büyütülmesi anlamına gelmektedir.

[2] Şakerim, amcası Abay'ın bu öğüt ve nasihatlarını 1905 yılında Hacca giderken İstanbul ve İskenderiye kütüphanelerine uğrayarak gerçekleştirmiştir.

[3] Cansız bedeninin 30 yıl boyunca kaldığı kör kuyuda, kendisinin yaptığı kol düğmeleriyle tanınacaktır.

Komünist rejimin düşmanca davranmasını da beraberinde getirse de Şakerim, doğru bildiği yolundan asla dönmemiş, kendisini kullandırtmamıştır.

Ekim Devriminden sonra ortaya çıkan karmaşayı görünce, toplumsal hayattan kopmuş ve sakin bir hayatı yeğlemiştir. 1919 yılından itibaren bozkırda oğullarıyla birlikte Keñkonıs denilen bir yerde yalnız bir yaşamı tercih etmiştir. Çekilmiş olduğu münzevi hayatta, kültür, sanat ve edebiyatla uğraşmış ve bu arada kendi av kartalıyla avcılık yapmıştır.[4]

1924 yılında Kazak Dili gazetesinin daveti üzerine burada yazıları çıkmaya başlar. Fakat artan baskılar sonucu inziva sırasında kaldığı Keñkonıs'taki yeri elinden alınır ve buralara Rus göçmenler yerleştirilir. O tarihten sonra Keñkonıs'a gitmez ve Bakanas adlı başka bir bozkırda münzevi hayatına devam eder.

Şakerim o yıllarda halkın gözünün önünden çekilse de zihninden yüreğinden çekilememiştir. Halk arasında itibarı çok yüksek birisidir. Sovyet Hükûmetiyle Alaş Orda Partisi arasında kalan Kazak halkı ise, ne yapacağını bilemez bir duruma gelmiştir. Şakerim bozkırda münzevi bir hayatı tercih etmesine rağmen Kazak halkı kendi arasında bir sorun çıktığında yine o sorunu çözmesi için Şakerim'in yanına gelip çözümü yine ondan beklemiştir.

Aslında bu durum Şakerim'in idarecilik yaptığı dönemden kalan bir alışkanlıktır aynı zamanda. Kendisine ziyarete gelenler arasında sadece yöre halkı değil, Almanya ve Rusya'dan da ziyaretçileri bulunmaktadır. Bu sebeplerden dolayı Sovyet rejimi onu bu münzevi hayatı içerisinde dahi rahat bırakmamıştır.

1925 yazında oğullarıyla birlikte Karabulak denilen başka bir yerde bir ev inşa eder ve burada son inzivasına başlar. "Adil ve Mariya"adlı aşk romanını burada yazar, fakat romanın yayımlanmasına bölge idarecileri tarafından izin verilmez. Bu roman yazılmasından ancak 63 yıl sonra keşfedilir. Şakerim bozkırdaki inzivaları sırasında bazı eserlerini de kaleme alma fırsatı da bulacaktır.

1930 yılında Kazak bozkırında çok büyük bir açlık felaketi yaşanır. Milyonlarca Kazak insanı o yıllarda açlıktan dolayı ölmüştür. Halk bu soruna çözüm bulması için o yörenin valisi olan Eltay Elnazarov'dan yardım ister. Halkın sözcülüğüne Şakerim görevlendirilir. Şakerim, Elnazarov'la konuştuktan sonra oraya gelen halka:

«Bunlara laf söylemenin bir faydası olmadığını, idarecilerin sözden anlamadığını ve halkın derdiyle de ilgilenmediğini» oradaki tüm halka söyler. Şakerim'in bu sözleri, diğer yandan Komünist partisinin ileri gelenlerine bildirilir yani şikayet edilir. O andan itibaren Şakerim'in idamı için belirli bir suç formatı da hazırlanmaya başlanır. Sovyet Hükümeti onu potansiyel suçlular arasına dahil eder ve en sonunda;

Halkı başına topluyor,

Halkı isyana teşvik ediyor,

Halkı Sovyet rejimine karşı silahlandırıyor diye, Şakerim hakkında akla hayale gelmez suçlar uydurmaya başlanır. Tüm bu uydurma sebepler sonunda Şakerim hakkında ölüm kararı çıkar.

Bu arada akla gelen bir soru, Şakerim'e karşı bütün bunlar yapılırken Alaş Orda partisinin o bölgedeki idarecilerinin ne yaptıklarıdır. Konuyla ilgili olarak bu durum, Şakerim'in Belgibay adında zengin bir Kazak iş adamıyla arasının açık olmasına bağlanmaktadır. Belgibay, o dönemde Alaş-Orda partisinin bir anlamda sponsorudur.

1930 yılında ortaya çıkan açlık felaketinde halkın isyanından çekinen Sovyet rejimi Şakerim'i kullanmak istemiş, Şakerim'in de kendisini kullandırtmaması üzerine öncelikle onun tüm aile fertleri takibe alınmıştır. Yani zulüm sadece Şakerim'i değil, tüm aileyi kuşatmaya başlamıştır.

İlk önce oğullarından Gafur uydurma bir suçla tutuklanır ve hapse atılır. Hapse atıldıktan sonra mahkeme süreci devam ederken Gafur'un hapiste intihar ettiği bildirilir. Diğer oğlu Beyazıt ise yine aynı şekilde tutuklanır ve hapse atılır ve o da yine ağabeyi Gafur gibi hapiste vefar eder.Üçüncü oğlu Kalış da yine aynı şekilde hapse atılır ve orada bir müddet kaldıktan sonra hapisten çıkar ve kısa bir süre içinde Kalış da bir hastalıktan dolayı vefat eder. Diğer oğlu Ahad ise Sibirya'ya çalışma kamplarına sürgün edilir.

1931 yılı yazında Abzal Karasartov adında kişi Semey bölgesine Komünist partisi komiseri olarak atanır. Parti komiseri Karasartov, aynı yılın güzünde, adamlarıyla birlikte Şakerim'in yaşadığı Bakanas bozkırına gelir. 03 Ekim 1931 tarihinde Bakanas taraflarında uzaktan ateş edilerek Şakerim katledilir. Öldürülmesinin ardından cansız bedeni bozkırda, bir kuyunun içine atılır ve üzeri kapatılır.

1961 yılına kadar Şakerim'in bedeni bu kör kuyuda kalacaktır. Oğlu Ahat, aradan 30 yıl geçtikten sonra 1961 yılı Temmuzu'nun son günlerinde o kuyuyu bulur ve babasının kemiklerini kuyudan çıkarır. O

---

[4]Ölümü de zaten bir gün avdan dönerken kurşuna dizilme şeklinde gerçekleşecektir.

gün oraya yalnız gider. Yalnız gitmesinin amacı, Şakerim'in naaşı ortaya çıkarılırken başkası onun kadar hassas davranamayabilir, babasının kemiklerine zarar verebilir düşüncesidir. Ahad, kuyudaki cesedin babası Şakerim'e ait olduğunu, geçmişte Şakerim'in kendisinin yaptığı kol düğmelerinden tanıyacaktır.

Şakerim'in naaşı 08 Ağustos 1961 tarihinde bugünkü yerine, yani üstadı Abay'ın kabrinin yanındaki mezara yöre halk tarafından nakledilmiştir. O gün 6 adet koç kurban edilmiş ve civar köylerden gelen 100 kişi buradaki cenaze merasimine katılmıştır. O günü tarif eden bir yazar: "*O gün gözlerde yaş, yüzlerde sevinç vardı*" demektedir.

Şakerim'in katledildiği gün, kütüphanesi ve el yazmaları da yakılmıştır. Onu öldürmek üzere gelenlerden birisi ona ait bir fotoğrafı gizlice saklamış ve onun günümüze kalan tek fotoğrafı böylelikle kurtarılmıştır. Sonradan bu fotoğraf Muhtar Avezov'a teslim edilir.

Şakerim, 1958 yılında aklandıktan sonra bazı eserleri, Kazak Edebiyatı dergisinin yazı işleri müdürü, aynı zamanda Kazak edebiyatı yazarlarından olan AbdildaTajibayev tarafından basılır. Fakat, Şakerim düşmanları bundan çok rahatsız olmuşlar ve Tajibayev'i derginin yazı işleri müdürlüğünden aldırmışlardır.

1970'lilerin sonuna doğru Leningrad'da eğitim almakta olan Kazak edebiyatı yazarlarından Muhtar Magavin, Şakerim'in eserlerini Rusça'ya tercüme ettirmiş ve Rusça olarak yayımlanan Kazak Edebiyatı antolojisi kitabında yayımlatmıştır. Yani Şakerim, 1958'de aklanmasına rağmen eserleri ancak 1988 yılında basılabilmiştir. Bu durum onun aslında 1988'de aklandığını göstermektedir.

Şiir yazmaya amcası Abay'ın teşvikleriyle küçük yaşlarda başlamış ve akranları arasında şairliğiyle öne çıkmıştır. Dünyayı derinlemesine düşünmeye, derin düşünceye yine çocukluğunda başlamıştır. Babasını kaybettiği günlerde istemeden öldürdüğü bir böcek için yazdığı şiir dikkate şayandır:

Öltirdiñ de ne taptıñ sen onan payda,
Ömir sürip jürüwşi-em jazda sayda.
Ölümniñ qandaylığın köziñ kördi,
Keşegi tiri jürgen äkeñ qayda?
Meniñ de jetim kaldı balalarım,
Olar da jılaydı izdep anaların..
Öziñ jetim, jetimdi ayasañ şı!
Joq eken basıñda mıy-sanalarıñ?

Bu şekilde kültür, sanat ve edebiyatla içiçe bir çocukluk ve delikanlılık dönemi yaşayan Şakerim, Hac yolculuğundan döndükten hemen sonra, o yolculuk sırasında topladığı kaynaklardan da yararlanarak,

- Üş Anık (Üç Mutlak Gerçek),
- Türik, Kırgız-Kazak jäne Handar Şäjeresi,
- Musılmandık Şartı adındaki eserlerini yazmıştır.

Üş Anık (Üç Mutlak Gerçek) adlı eseriyle ilgili olarak, Şakerim'i tam olarak anlayabilmek ve tanımak için onun Üç Anık adlı eserine mutlaka bakmak gerekir. Onun düşüncesinde insan mutlak gerçeği, çıplak gözle göremez, akıl gözüyle görebilir. İlk defa akıl gözü kavramı üzerinde durur.Ölümden sonra da bir çeşit hayat vardır. Fakat her iki hayatta da en önemli konu, vicdan'dır. Vicdan ise, adilet (dürüstlük), ınsap (kanatkarlık) ve meyirim (merhamet)'ten oluşur, demektedir. Üş Anık dediği şey de aslında bu üç kavramdır. Kazak edebiyatı ve düşünce sitemine Vicdan felsefesini böylece getirmiş olur. Hayatın anlamını Allah'ı tanıma, Dünya'yı tanımave kendini tanımadır.

Türik, Kırgız-Kazak ve Hanlar Şäjerresi adlı eserinde Kazak halkının nasıl ortaya çıktığını şöyle belirtmektedir: Bizim Kazak, Nuh Peygamberin Yafes adındaki oğlundan gelmektedir. Çince Tukyu, bizim dilde ise Türk olarak adlandırılan halktan. Daha sonra bu Gun veya Hun olarak da adlandırılmıştır. Eserde bundan başka Kazakların cüzleri, boy adları, Cengizhan'ın şeceresi gibi Türk topluluklarının kökenleri hakkında bilgiler verilir.

Musılmandık Şartı adlı eserinde ise, İslam dinini Kazakça olarak anlatmaya uğraştım der. Eserde, besmele, salavat, iman ve ibadet gibi konuları işler.Muhtar Avezov Kazak kültürü ve medeniyetini romanlarıyla nasıl anlattıysa, Şakerim de şiirleriyle aynı işlevi yerine getirmiştir. Şakerim'in diğer eserleri ise şunlardır:

– Kazak Aynası (1912): O güne kadar yazdığı şiirleri içinde toplamıştır.

– Kalkaman ile Mamır (1912): Manzum bir aşk hikayesidir. 1722 yılında İrtiş nehri kıyılarından Sırderya boylarına göç eden Tobıktı oymağına mensup Kalkaman ile Mamır'ın aşk hikayesi anlatılır. Bu aşk hikayesi anlatılırken eski Kazak yaşayışı ve âdetleri de dile getirilir.

– Leyla ile Mecnun (1922): Fuzûlî'nin eserine yazılan bir naziredir.

– Yeñlik ile Kebek (1912): Yeñlik adındaki bir genç kız ile Kebek adındaki bir genç delikanlı arasında geçen bir aşk hikayesidir.

Nartaylak ile Aysuluv: Dramatik bir aşk hikâyesidir. İki gencin mutsuz biten bir aşk hikâyesini anlatır. 1988 yılında basılabilmiştir.

Ayrıca Puşkin'den yaptığı "Dubrovskiy" ve "Boran" adlı çevirileri mevcuttur.

Diğer yandan Şakerim, Rusların büyük yazarı Tolstoy'u, Abay'dan sonra ikinci üstadı olarak görür. Şakerim'in Tolstoy ile mektupları bulunmaktadır. Bu mektuplarla ilgili olarak Şakerim şöyle demektedir: "Tolstoy'a 3 soru sordum, o benim bu sorularıma ayrıntılı bir şekilde cevaplar verdi. Tolstoy'un o cevapları, benim kalbimde ibretlik dersler olarak kaldı.

O sorulardan birisi "Hayatta insan onuruna en ağır gelen şey nedir?" sorusudur. Buna cevap olarak Tolstoy; "İnsan onuruna en ağır gelen şey, bildiği halde, başına gelecek belalardan çekinerek hakikatı söyleyememe demektedir.

Ayrıca Alman filozoflarından Arthur Schopenhauer'ın pessimist felsefesini de ağır bir şekilde eleştiririr: Schopenhauer'ın "Dünya bir cehennemden farksızdır ve onun içindekiler bir taraftan insanlar, diğer taraftan iblisler, azap ve işkence gören ruhlardır" fikrine karşı; "Dünya Cehennem değil, Cennettir. Cennet'i Cehennem yapan kişi de insanoğlunun ta kendisidir, onun güce düşkünlüğü ve bencilliğidir. Eğer insanlar birbirlerine kötülük yapmadan kardeş gibi olsa ve bilimde, sanatta ilerleseler; ve tabiatı tahrip etmeden güzelliklerinden yararlansalar, o zaman dünya Cennet olur, demektedir.Tüm bu yazdıkların da anlaşılan odur ki Şakerim ne yazarsa yazsın ne söylerse söylesin bunların tamamının Abay ve onun düşünceleriyle ilişkisi bulunmaktadır.

**Kaynakça**

1. Biray Nergis Eynel Sema; «Türkiye'de Kazak Türkçesi Üzerine Yayımlanmış Dil ve Edebiyat Konulu Makale ve Bildiriler», Halıqaralıq Ğılımiy-Ädistemelik, Pedagogiqalıq Jurnal (Scientific, Methodical, Pedagogical International Journal. – S. 12-25. – No: 7 (7) 2015.
2. Biray Nergis; «Türk Dünyası Çağdaş Edebiyatları El Kitabı, XX. Yüzyıl Kazak Edebiyatı, Şakerim Kudayberdiulı», Editörler: Orhan Söylemez, Samet Azap, Kesit Yayınları. – s. 113-117. – İstanbul, 2018.
3. Ibragim Damira; «Klâsik Kazak Şâiri Şakarim (Şahkerim) Kudayberdiulı'nın Hayatı ve Aşk Konulu Şiirleri», Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, Volume 5/3. – Summer, 2010.
4. Ibragim Damira; «Kazak Şair Şahkerim (Şakarim) Kudayberdiulı'nın Şiirlerinde Sevgili», Divan Edebiyatı Araştırmaları Dergisi 11. – s. 177-194. – İstanbul, 2013.
5. Koç Kenan, Işina Almagül, Korganbekov, Bolat; Kazak Edebiyatı – I, Kazak Folklorı ve Sovyet Dönemi Öncesi Kazak Edebiyatı", IQ Kültür ve Sanat Yayıncılık, İstanbul. – 2007.
6. Sahipova, Feride, B.; Kazak Aydın Şekerim Kudayberdiulı (1858-1938); Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, Cilt 2, Sayı 15, s. 149-161, Ankara, 2005.
7. Sidikov, Yerlan; Kazak Edebiyatının Abidevî Şairi Şakarim, Bengü Yayınları, Ankara, 2014.
8. «Қасиретті даламның қасирет шеккен данасы: Шәкәрім», Қайым Мұхамедханов, автор сценария докум. фильма и участник фильма «Шәкәрім» (казахский вариант), (1989 год).https://www.youtube.com/watch?v=pcUQYm8j6eM], (07 Желтоқсан 2015).
9. «Алаш алыптары – Шәкәрім (KZ)»: History of Kazakhstan [https://www.youtube.com/watch?v=0P-Yn24VaUs] (17 Тамыз 2013).
10. «Тарих. Тағдыр. Тұлға» Ұлы ойшыл, ақын, жазушы, философ Шәкәрім Құдайбердиев, Хабар SHOW – Шоу, телехикаялар және бағдарламалар, [https://www.youtube.com/watch?v=mPCXE29cYgs] (19 Мамыр 2018)

ҒТАХР: 17.07.21

## ӘЛЕММЕН ҮНДЕС ӘДЕБИЕТ

**Үсен А.Ә.**, ф.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетін сабақтастықта қарап, қазақ қаламгерлерінің әлемдік әдебиеттегі орнын айқындау бағытында зерттеу жүргізіп келетініңізді білеміз. Біздің газеттің бетінде бұл тақырыпта мақалаларыңыз да жарияланды. Бұл салыстырмалы әдебиет, яғни компаративизмге қалай келдіңіз?

Қазақ және шетел әдебиеті менің бала кезден құмарлығым болды. Әкем бесікте жатқанда-ақ Абай өлеңдерімен жұбататын, ал анамның маған алғашқы сыйлығы – Ганс Христиан Андерсеннің

ертегілері болды. Кітап оқысам оның әсерінен шыға алмай, қиялданып кететін қасиетім бар. Сондықтан оқыған әрбір шығарма жай кітап емес, ой-қиялыма қанат бітіруші, зерттеудің бір материалы болып шығады. Шығармаларды оқып отырғанда сабақтас идеялар, қолданылған көркемдегіш құралдар, қозғайтын тақырыптардың ұқсастығы мен сабақтастығы қайран қалдырады. Мысалы, Абай мен Шекспир шығармаларындағы тақырып пен идея, сөз қолданыстарының жақындығы бұл алыптардың шығармашылық принципі мен ойлау жүйесінің масштабының деңгейлестігінің куәсі. Екеуінің арасында үш ғасыр, ұқсамайтын өмір салты мен дүниетаным жатса да, шығармашылық психология мен принциптер олардың шығармашылығын бір арнада тоғыстырады. Сондықтан әлемнің озық үлгілерін оқу барысында қазақ қаламгерлерінің де адамзаттық проблемаларға үн қосып, өз ойы мен көзқарастарын білдірудегі белсенділігін, шеберлігін көрдім. Шығармашылық байланыс тікелей де, тікелей емес те болады. Бізде көбінесе, хаттар мен әдеби аудармалар арқылы көрінетін тікелей қарым-қатынасты зерттеу жақсы жолға қойылғанмен, сабақтастық пен ықпалдастыққа негізделген тікелей емес байланыстар зерттелу әлі басы ашық тұр.

Әлем әдебетін оқыту мәселесі жиі көтеріліп келеді. Президент те бұл мәселе туралы айтып өткен. Әдебиеттердің өзара әрекеттесуі ұлт әдебиеттерін байытып, халықтарды рухани жақындастыртыны белгілі. Ал жеке қаламгерлердің шығармашылығынан бастап тұтас ағымдар мен әдебиеттерді өзара салыстыра зерттеу бәздің әдебиетке не береді?

Ұлы Абай батыс, шығыс әдебиетін зерделей отырып, бізде жазба әдебетін қалыптастырды. Поэзияны тақырып, идея, көркемдік келісім мен құрылымдық жүйесін байытып, жаңа деңгейге көтерді. XX ғасырдың басында қаламгерлер әлем әдебиетіне жаппай ден қойып, аударып, еліктеп, сабақтасу арқылы әдебиетіміздің деңгейін әлемдік деңгейге жеткізді. Сондықтн әлем әдебиетін білу, оқу ең біріншіден бізге пайдалы. Өзге ұлттың болмысын, дүниетанымын білу, олармен рухани байланыс орнату сауда-саттық жасағаннан көрі әлдеқайда жақындастрады. Өзара рухани байланысқа, шығармашылық диалогқа түскен ұлттар бір-бірін байыта, дүниетанымын кеңейтіп, әлемдік мәселелерді көтеруде, шешуде күшейе түседі. Гете мәдениеттегі еуроцентристік көзқарасты қолдамағандықтан әрбір ұлттың әдебиеті адамзат руханиятының игілігі болуы тиіс деген көзқараста болып, өзі шығыс шайырларына ерекше құрмет білдіргені белгілі. Қазақ елінің жер көлемі үлкен, байлығы көп, тарихы терең дегенмен, оның мінезі мен құлқын, ұлттық дүниетанымы мен көзқарасын, нақты айтқанда оның рухын паш ететін руханиятын тани алмады десем артық айтқандық болады. Әдеби шығармаларды қазір қыруар қаржы бөліп, шет тілдерге аударып жатқанмен, оның игілігі көрініп тұрған жоқ. Оны бізге шет тілдерге өзіміз аударып беруден көрі қызығушылық тудырған дұрыс, біздің міндетіміз әдебиетімізді дұрыс насихаттай білу керек. Конференция, форумдар ұйымдастырғанда шетелдік ғалымдар мен ұйымдастырушыларды көбірек тарту керек. Компаративизм бағытында белсенді жұмыс жүргізілуіқажет. Орыс әдебиетінде бұл бағытта зерттеулер қай кезеңде болмасын өте белсенді, тоқтамай жүрді. Қазақ әдебиетінде XX ғасыр басында белсенді жүргізілген әдеби байланыс жүйесі кеңестік қапасқа түскен соң даму деңгейі төмен түсіп кетті. Өз шекарамыздан шыға алмай қалдық, кеңес идеологиясы шығармады деп ойлаймын. Әлемдік деңгейдегі классиктермен сабақтастық, ықпалдастық, диалог арнасында тоғысып қана өзгені танып, өзімізді танытамыз.

Биыл қазақ классикалық әдебиетінің зор тұлғалары Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, О. Бөкейдің мерейтойлары аталып өтіп жатыр. Осы көркемсөз шеберлерінің әлемдік әдебиетте орны қандай?

Адамзаттың барлығы эволюцияны бірдей өткереді, тек уақыт пен кеңістік, тарихи оқиғалар, соған байланысты есімдер әртүрлі болады. Биылғы мерейлі тұлғалар ұлт әдебиетінің көрнекті өкілдері ғана емес, әлеммен үндескен қаламгерлер.

Шәкәрімнің әлеммен үндесуі оның дін мен сенім, ғылым мен білім, гуманистік идеяларынан көрінеді. Дін мен сенім мәселесі адамзат үшін ең басты өмірлік болып қала беретінін жүздеген ғасыр өтсе де өзектілігін жоймаған, дауы басылмаған, басы ашылмаған мәселелер осы күні де дәлелдеп отыр. Осындай қоғам мен әлеумет тарапынан туындаған сұрақтардың шешімін іздеп, салмақты байлам қажет болғанда ойға оралары данышпан Шәкәрімнің терең де, ойлы өлеңдері, философиялық еңбектері, Л. Толстойдың ойлы трактаттары мен үнді елінің біртуар ұлы Тагордың жаухар жырлары. Адамзаттың рухани биігінен, ақыл-ойдың тереңінен табылған бұл үш тұлғаны не байланыстырады? Толстой, Шәкәрім, Тагор үшеуі де XIX ғасырда өмір сүрген. Адамзат баласының даму эволюциясын безбендегенде бұл үш тұлғаның өмір сүру кеңістігі мен уақыты ғана емес, рухани-мәдени, саяси-тарихи, қоғамдық-әлеуметтік ортасы да біртұтас. Жалпы адамзат жеткен биіктен қарап, оның эволюциялық даму деңгейін танытатын осы үш алыптың ой- ақылы, идеясы мен көзқарасы, дүниетанымы, шығармашылық психологиясы, көркем ойлау жүйесі мен сана-сезімі ортақ даму

құндылықтардың көрсеткіші екендігі даусыз. Үш ойшыл да дін мен сенім тақырыбына қырықтан соң, шығармашылық сапасының толыққан кезінде саналы түрде келді.

XIX ғасыр философиясы мен дүниетанымы, ойлау жүйесі адамзат өркениетінде үлкен бетбұрыс жасады. Адамзаттың эволюциялық дамуын капиталистік формация, өндіріс-ақша-тауар қатынасына негізделген прагматистік ойлау жүйесі, ғылым мен техниканың дамуы, қоғамдық-әлеуметтік, бсқару жүйесіндегі ерекшеліктер айқындады. Қоғамдық қатынастар күрделеніп, өмірдің барлық саласында заң, ереже, талап пен тәртіп қоғамның әрбір мүшесінің дүниетанымын, өмірлік құндылығы мен тұрмыс қалпын өзгертті. Әсіресе, діни сенім мәселесі алға шықты, оған сыни көзқарас күшейіп, ондағы догмаларды терістеп, жоққа шығарушылар көбейді. Сонымен қатар дін атын жамылып, қасиетті кітаптарды оқымай-ақ өзінің, немесе белгілі бір топтың мүддесі үшін, немесе саяси мақсатқа пайдаланатын зұлым діншілдер көбейді. Дін тазасын айыру проблемасы күшейді. Осындай күрделі кезеңде сан алуан сұрақтар мен проблемалардың шешімін тауып, қоғамды дұрыс бағыттау осы үш алыптың философиялық шығармаларының өзегі болды десек артық айтқандық емес. Әлемдегі, орыс қоғамындағы дін мен сенім мәселесін шығармашылық өзегі еткен ойшыл, философ Толстойдың діни көзқарастары сол кезеңдегі шіркеудің, діни көсемдердің ұстанымына қайшы болып, оны орыс шіркеуі діннен аластатуға дейін барғандығы белгілі. Толстойшылдық деп аталатын діни-этикалық ілім пайда болып, оның әлемнің кей елдерінде кең жайылды. Ойшылдың діни көзқарастары оның «Мінажат» және «Менің сенімім неде?» атты көлемді еңбектерінде көрініс тапқан. Толстой тек христиан діні ғана емес, әлемдегі барлық діндердің концептуалдық негізін терең зерделей отырып, қоғамдағы дін мен сенімнің қайшылығын көрсеткен. Діннің шын мәнінде адам сенімін қолдаушы, оның моральдық-этикалық болмысын, рухани-интеллектуалдық әлеуетін ашушы, құқы мен бостандығын сақтаушы болуын қолдаған. Христиан сенімінің түпкі қағидттарын түсіндіре отырып, оның шіркеу ережелері мен заң нормаларына қайшылығын көрсете отырып, мемлекет заңын сақтау керек пе, әлде жаратушының жолын ұстану керек пе деген сұрақтар ашық қойылады. Қандай бір дін болмасын адамды, сенушілерді қорқынышта ұстап, өмір сүрудің бар саласын қиындата түскенін «Менің сенімім – неде?» атты философиялық трактатында сынға алды.

Шәкәрімнің дін мен сенім тақырыбындағы өлеңдерінде барлық діндерді біртұтас жүйе ретінде қарап, оның адамның бойындағы ізгі қасиеттер мен ақыл-ой қабілетінің мүмкіндігін ашушы ретінде сипаттайды. Білімсіз молдалар айтқандай білім мен ғылым және шынайы дін қарама-қайшы емес, бірлікте. Сондықтан Жартушының құдіретін, әлемнің даму заңдылығын, олардың өзара әрекеттесуін, оның салдарын, қозғалыс жүйесін тек білім мен ғылым арқылы, нұрлы ақылмен ғана тануға болатынын жеткізді. Бүкіл ғаламдық қозғалыстың өзегі әрбір жеке адамның – ары дей отырып, адамзатқа ар ілімін ұсынды. **«Үш анық»** атты философиялық тарктатында **«Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты»** деп мұсылман дінінің негізінде жатқан концепцияның ізгілігін нақты көрсетеді. Әлемдегі рухани көшбасшы тұлғалардың барлығының ойының тоғысқан тұсы – Адам мынау шексіз ғаламда жай ғана тозаң ғана емес, ол оның негізі, тіні, кірпіші. Оның ары, намысы, көзқарасы әлемдік жүйенің болмысын айқындайды. Осыны әрбір адам ұғып, әсірединшілдер мен пәншілдердің соңында адаспай, шынайы ізгіліктің жолына түсуге ақырды. Толстой мен Шәкәрімнің ілімдерінің негізінде шынайы христиандық, шынайы мұсылмандық жатыр.

Дін тазалығы үш алыптың діни, сенім тақырыбындағы шығармаларының лейтмотиві. Шәкәрім: «Қиянатың бар болса, иманың жоқ, Маған десе, мың жылдай қыл ғиабадат!» деп қатал шешім айтады. Әрбір діннің негізінде ізгілік, қиянатқа қарсылық жатуы тиіс. Кімге табынып, қай дінді ұстансаң да жақсылыққа құштарлық болмаса бәрі бекер деп қорытындылайды. Адам мен Жаратушы арасындағы қатынас, абсолютті күштің құдіретін сезіну, оған ессіз табынудан емес, шын сүюдің ләззаты мен кереметінен сезілетіндігі бұлақтай мөлдіреп, еркін төгілген сөз маржандарымен жеткізеді. Тагор Жартушыны оның жаратқан әрбір дүниесінен таниды. Мінсіз Жаратушының махаббаты бар әлемге, тіршілік иесіне теңдей бөлініп, бәрі шуаққа бөленген, нұрға тұнған. Шәкәрім-Толстой-Тагор дін мен сенім негізінде қиянатсыз ізгілік болу керек, дін қорқынышқа емес, сенім мен мейірімге сүйенеді, Жаратушы адамнан бөлек емес, оның ар-намысы, жүрегімен санасында, Жаратушыны тану таза ақыл мен ізгі жүрек, оның заңдылықтарын адамзат тек білім мен ғылым арқылы ғана таниды. Мемлекет заңдарының негізінде гуманизм, ізгілік болуы тиіс.

С. Торайғыров шығармашылығы тақырып пен идея тұрғысынан алуан түрлі.«Алаш маршын» жазған біртуар ақынның әлем әдебиетіне қосқан үні қандайдеп ойлайсыз? Сол дәуірдегі мәселелердің жаңғырығы ақын шығармаларында қалай көрініс тапты?

С. Торайғыров өте аз жасағанмен, мол мұра қалдырған аса еңбекқор талантты қаламгер. Оның шығармашылығы бір-бірін қайталамайтын, тақырыптық-идеялық бағыты алуан түрлі өте құнарлы құрылым. Ақынның бес көлемді шығармасы бір-біріне ұқсамайды, «Қамар сұлу» романында әйелдің теңсіздігі, «Кедей» поэмасына кедейдің ауыр тағдыры, «Адасқан өмір» поэмасына өзек болған өмірден мән табу мәселесі, өзін-өзі іздеу мотиві, ал «Кім жазықты» романына әкелер мен балалар мәселесі, тәрбие мен өнеге мәселесі арқау болады. Бұл проблемалардың қайсысы болмасын, әлемде кең тараған желі. Америка және еуропа, орыс әдебиетінде бір отбасының бірнеше ұрпағының өмірі мен проблемаларын бейнелеу арқылы қоғамның мәселесін табу, көрсету аса кең жайылған үрдіс.

С. Торайғыровтың «Кім жазықты» романы автордың шығармашылығының биік белесі, себебі ақын қазақ қоғамының өзекті мәселелерін Тасболат-Әжібай-Қабыш сияқты үш ұрпақ өкілі арқылы қоғамның өзгерісін, даму ерекшелігін бейнелейді. Олардың өзара ықпалдастығы, қайшылығы дәуірдің саяси-әлеуметтік мәселелерін айқын көрету арқылы кеңістік пен уақыт шындығын шынайы жеткізген. Әлем әдебиетінде әкелер мен балалар деген атпен белгілі ұрпақтар айырмашылығы, қайшылығымен қақтығысы туралы И. Тургеневтің «Әкелер мен балалар», Э. Золяның «Ругон Маккарлар», Ф. Достоевскийдің «Қорланғандар мен зарланғандар» романы, Т. Драйзердің «Тірек» атты романдары қоғамдық-әлеуметтік өмірдіңжеке отбасындағы көріністерін, саяси-әлеуметтік өзгерістердің жеке отбасы мүшелерінің тағдырындағы көрінісін бейнелейді. Он бес жыл болыс болған Тасболат болыстыққа таласып, малын шығындап, пара беріп, мансап үшін алысып жүргенде бала тәрбиесімен айналысуға мүмкіндегі болмай, жалғыз ұлы Әжібайдың ерке, шолжаң, өзімшіл, қызыққыш, тезайнығыш, тұрақсыз, шыдамсыз болып өсуіне әкелді. Мінез ол адамның тағдыры десек, әкесінен көрі романда көбірек қамтылған Әжібай өмірі жас адамның қоршаған ортасы, алған тәрбиесінің оның мақсаты мен арманын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтінін көрсеткендей. Әке тағдырын қайталағысы келмейтін кейіпкер қанша ұмтылса да өзге жолға түсе алмай, әке соқпағынан шыға алмайды. Әжібайдың ұлы да әкелер сүрлеуіне түседі. И. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романында жас Базаров пен қартайған Кирсановтың образдары арқылы жаңа және ескі ұрпақ арасындағы көзқарастар, дүниетаным қайшылығы терең психологиялық негізде суреттеледі. XIX ғасырда капиталистік құрылым мен ғылым, өндірістің дамуы адамның мінез-құлқы, көзқарасы, тұрмыс қалпына зор өзгеріс әкелді. Сондықтан ескі және жаңа ұрпақ арасындағы қайшылық та терең болды. Тасболат ескі феодалдық құрылымның өкілі болса, Әжібай қазақ даласына келіп жатқан үлкен өзгеріс кезеңіндегі трагедиялық образ, ал Қабыш жаңа кезеңде өз орынын іздеген ұрпақ өкілі. Үшеуінің трагедиясы қазақ қоғамын қаптаған ескі көзқарастар, тұрмыс қалпы, надандық пен ескішілдік шекарасын бұзып шыға алмаған дүниетаным.

Бұл сөз болып отырған әрбір тарау үлкен бір зерттеудің арқауы боларлық дүние екендігі даусыз. Қазақ қаламгерлерінің әлемдік даму үдерісіне қатысты өз көзқарастарын, тұжырымын ұлттық мәселе шеңберінде білдіріп отырғаны оның өз міндетіне адал екендігін көрсетеді. М. Әуезов ерекше сүйсінген М. Жұмабаевтың «европашылдығы» ұлттық әдебиетті қалай байытты?

М. Жұмабаевтың көркем әдебиетке қойған талабы «Табалдырық» деген атты еңбегінде айтылды. Ақын көркем шығарма сол кезде қолдан жасалған саяси «ойындардан» биік болып, адамзаттың шынайы эстетикалық қажетін қанағаттандыру керек деген байламын айтты. Ақын өз шығармашылық жолында әдебиетке тек эстетика мен сұлулық, тереңдік пен шынайылық сипатынан айнымады. Мағжан еуропашылдығы шығармаларындағы көзқарастар мен көркемдік жүйесінен, көркемдік әдістерінен көрінеді. Ақынның жаңашылдығы европа жазушыларымен бой теңестірген шеберліктің шыңы.XIX ғасырда европадағы тарихи-саяси, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер көркем санаға да бетбұрыстар әкелді. Оның алғышарттары мен себеп-салдары Ницше, Шопенгауэрдің философиялық еңбектерінде көрініс тапты. Жаңа уақыт пен кеңістіктің шындығын жеткізу үшін әдебиетте жаңа ағымдар мен әдістер пайда болды. Оның бірегейі – психологизм еді. М. Жұмабаев өзінің шығармашылық биігі болып танылатын «Батыр Баян» поэмасы мен «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесін психологизм үрдісімен жазып, қоғамдық мәселелерді кейіпкерлер тағдырында тереңнен қозғайды. Поэмасында Батыр Баянның батырлығы мен пенделігі тайталасқа түсіп, оның інісі Ноянды өлтірудегі әрекетінің себебін ел түсінбей, тек батырдың өзінің жүрек түбінде кеткен ақиқаты оның трагедиясын айқындайды. Сол сияқты «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанның да күнәсінің шешілмей, өзімен бірге кетуі кейіпкердің трагедиясы. Екі кейіпкерге тән осы бір жұмбақтық, жабықтық адамдарды бір-бірінен, қоғамнан, өз жолы мен мақсатынан адастырушы. Баян да, Шолпан да терең психологиялық образдар болғанмен, Баянның әрекеті аффект нәтижесі, ал Шолпандікі саналы болғанмен, әрекетінің шешімі өзінің ерік-жігеріне бағынбады. Психологизм сыртқы проблемаларды адамның ішкі сезім-түйсігінен, мінез-құлқынан іздеуге бағыттайды. Екі кейіпкердің

трагедиясы олардың ішкі әлемінде. Сондықтан адам, Мағжанша айтқанда, «шешуі жоқ жұмбақ. Оның шешуі – жалғыз өлім».

Біртуар қаламгер Мағжан Жұмабаев шығармаларын әлемдік асыл сөздің ғажап үлгілерімен сабақтастыра-салғастыра қарастыру ақын творчествосын әлемдік кеңістікте тану үшін, оның көтерген мәселелерін, соны қырларын айқындау үшін және шығармашылық тұлғасын әлемдік деңгей тұрғысынан бағалау үшін маңызды. Бұл шығармада таңқаларлығы–жиырмасыншы ғасыр әдебиетінің негізгі үрдісі психологизмнің ғажап шеберлікпен, озық дәстүрмен көрінуі. Еуропа жазушылары қоғамдық, әдеби дамудың ғасырлары мен формаларын меңгеру нәтижесінде қол жеткізсе, ақын әдебиетте проза жанрының жаңа қалыптасудың алғашқы кезеңінде игерді. Шығарма әйел тақырыбын ұлттық таным мен болмыс тұрғысынан сипаттай отырып, әлемдік асыл сөздің зергерлері О. Бальзак, Г. Флобер, П. Толстойдан көрі тереңге тартады.

Шолпанның жұмбақ жаны әлемдік әдебиетте әйел бейнесінің ең озық үлгілері Г. Боваридың «Бовари ханым» романындағы Эмма мен Л. Толстойдың «Анна Каренина» романындағы Аннаның бейнесімен қатар тұрған бірегей, жарқын образ. Әлем әдебиетіндегі әйелдің осы үш бейнесі үш ұлттық әдебиеттің ғана емес адамзаттық деңгейге көтерілді. Олардың тағдыры әлемдегі әйелдердің проблемасын қоғамдық-әлеуметтік, психологиялық-гендерлік контексте аша білді. Әйелдердің отбасы мен қоғамдағы проблемаларын адамзаттық деңгейге шығарды. Шолпан, Анна, Эмма бейнесі әлі күнге дейін талас тудырып келе жатқан күрделі бейнелер қатарында. Олардың табиғи, шынайы болмысы оларды жақтаушылар қанша болса, қаралаушылар да жетерлік. Олардың әлсіздігі мен күші, тазалығы мен қателігі, шынайылығы мен шарасыздығы қатар көрінетін шебер жасалған, сенімді сомдалған бейнелері қарама-қайшылығымен, күрделілігімен ерекше.

О. Бөкей модернистік әдебиеттің көрнекті өкілі. Бұл ағым өкілдерінің шығармашылығында аңыз, миф, әпсаналардың орны ерекше. Модернист жазушылардың шығармаларындағы мифтің қызметі туралы не айтасыз?

– Адамзат дамудың биік деңгейіне ұмтылған сайын, алға аттаған қадамдарын санаған сайын рухани кеңістігінде артқа, яғни түпсанаға қайта оралу ХХ ғасыр көркемөнеріне тән үрдіс. Оның себебі, ежелгі бастауларда адамзаттың өзіндік болмысы, өзіндік жады, тіпті коды сақталған. Уақыт озуымен, түрлі қоғамдық-өндірістік қатынастар мен ғылыми- техникалық үдерістердің жетіле түсуі оны осы болмысы, жады мен кодынан, тіпті өзінен алыстатып, ол жеке басының ғана емес, бүкіл әлемдік дағдарысқа, рухани, экологиялық, эстетикалық, этикалық дағдарысқа ұшыратуын өнер иелері, қаламгерлер түйсініп, түсініп, оны адамзатқа ескерту ниетінен туындап отыр. Көркемөнерде жетпісінші жылдары көркемдік әдістің жаңа түрі ретінде енген мифтік жүйе әдеби шығармадағы негізгі ойды беруші, идеясын ашудың кілті болды.

О. Бөкей шығармаларының лейтмотиві – әлем мен адам тазалығының біртұтастығы. Адамзат тазалығы әлемнің тазалығының кепілі, оның адалдығы, табиғат пен өзінің ар-намысына адалдығы. Жазушының «Бура», «Ардақ», «Кербұғы» әңгімелері мен «Айғай», «Өліара» повестерінде ұлт тамырының жоғалуы, оның руханни құлдырауы, табиғат пен адам арасындағы байланыстың үзілуі, өзіндік табиғи болмысынан алыстап бара жатқан ұрпақ мәселесі көтеріледі. Көп шығармаларында аңыздық-әпсаналық, қиял-ғажайып және шынайы болмысты астастыра, араластыра отырып, әлемнің адам мен табиғаттың біртұтастығын көрсетеді. Адам-қоғам-табиғат бірлікте алынып, олардың өзара байланысының, бір-біріне ықпал ету деңгейінің бірлігі мен эволюциялық даму заңдылығының біртұтас жүйе құратындығын дәлелдейді.

Он бесінші ғасырдағы Асан Қайғы туралы мифтің өзегінде де мінсіз мекен, биік идеал, ізгі мұрат жатқан жоқ па? Оралхан Кербұғысының тілегі Асанныңда, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұнның армандаған қоғамы емес пе? Еркіндік, әділдік, ізгілік пен мейірім емес пе бүкіл тіршіліктің негізі. Оралханның шығармалары осы аңыздардың заңды жалғасы іспетті. Тек оларда мифтік бастаулар жаңа заманауи сипатқа бейімделіп, шығарманың идеялық негізі ретінде қызмет атқарады. Сондықтан шығарма құрылымы аңыздардың негізгі идеялық мазмұнын сақтай отырып, жаңа шығарманың ерекшелігіне сай өзгеріске түседі. Аңызды пайдаланудағы автордың негізгі критерийі көркем туындының идеялық қазығы ретінде ала отырып, шығарманың композициялық, сюжеттік желісіне бейімдеп жаңаша құру, ескі мифке жаңа түрмен мазмұн беру жазушының соңғы шығармасының бірі «Атау кере» романына да тән.

Шығармашылығында аңыздық желіні белсенді пайдаланушы әлемдік биіктегі жазушылар Дж. Джойс, Г. Маркес, Ш. Айтматов, О. Бөкей шығармалары ХХ ғасыр адамының шетсіз-шексіз жалғыздық әлемін терең сезіндіреді, өз тұңғиығына батқан жалғыз адамдардың күресі көрінеді. Мұндай көңіл-күй көбінесе үлкен тарихи оқиғалардың, төңкерістер мен диктатураның, қоғамдық-саяси серпілістер мен өндірістік қатынастардан туындайды. Аталған авторлардың өмір сүрген

кезеңдері адамзат, мемлекет, ұлт тағдырындағы шешуші сәттермен тұспа-тұс келіп отырады. Джойс Дублин қаласы арқылы, Маркес Макондо қаласы арқылы, Ш. Айтматов қазақ даласы арқылы, О. Бөкей Алтай таулары арқылы дербес белгілі бір ұлт тағдырында біртұтас адамзат тағдырын бейнелейді.

Қазақ әдебиеті әлемдік әдебиеттің құрамдас бөлігі. Оны әлемге таныту ұлттың рухын таныту. Ендігі ұрпақ қазіргі кезеңдегі мол мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, рухани байлығымызды таныту бағытында жұмыс жүргізілу керек. Осы сұқбат барысында аталған алыптардың тойлары өтті. Сол тойларға бөлінген қаржыны тамашаға, ән-күй, дастарханға емес, олардың шығармаларын насихаттауға, деректі, көркем дүниелер түсіруге жұмсалғаны пайдалы болар еді.

ҒТАХР: 17.71.07

# ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

**Ердембеков Б.А.,** ф.ғ.д., профессор
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Биыл Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл. 1858 жылы 24 шілдеде туған. Әкесі Құдайберді ерте дүниеден өтіп, сегіз жасында әкесіз қалған Шәкәрім әуелде атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болады. Шежіресінде Құнанбайға арнайы тоқталған ақын бұл жайында былай дейді: **«Мен пақыр өз әкем өлген соң ұлы атамыз қажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе, соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім. Әйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым»**. Әрине, Шәкәрімнің «әдепсіз, ғылымсыз өстім» деуін данышпанның ой биігінен қарағанымыз абзал. Ақынның өз-өзіне аса биік талап қоя, өзін ащы сынның құрсауына сала сөйлеуі бүкіл шығармашылығында көрініп отырады. «Бойдағы мінді санасам, тау тасынан аз емес, жүрегімді байқасам, инедейін таза емес»,- деген ұстазы Абайдың міншілдік кредосын ғұмырына бойтұмар еткендей...

Шәкәрімнің өз атасы – Құнанбай, арғы атасы – Өскенбай би болса, түп нағашысы – қазаққа белгілі Ағанас би. Шешесі – аса адал, оқыған Алдабергеннің қызы Төлебике (ел ішінде қолының жомарттығына қарай, дәметіп келген жарлы-жақпайды бос қайтармаған соң Дәметкен атаған) ақынның ұлы Ахат ақсақалдың жазуынша бірнеше тіл білген сауатты, он саусағынан өнер тамған шебер, өлеңге де ебі бар ақын адам болған деседі. «Құдайберді балаларының ішінде жасынан басқа балаларынан гөрі қылығы өзгеше, зейінді, сезімі сергек, зерегі Шәкәрім болды» (Ахат естелігінен). Құнанбай бір сөзінде: **«Адал бол, Шәкәрім. Сенің екі нағашың да адал болған. «Ер тағайына тартады» деген мәтел шын. Мен олардың адамгершілігіне, адалдығына ырза болып, құда болғам. Сенің адал болар жөнің бар»**, – дейтін (Ахат естелігінен). Анығында Шәкәрім бес жасынан Өтебай деген молдадан хат танып, өз шешесінен араб, парсы тілін меңгеріп, Әмір ағасынан домбыраны үйренеді. Абаймен араласатын орыс достарынан орысшаға қанады...

Құдайбердінің өлімі Абайға қатты батқан. **«Қазақ үйден әйел-еркектердің шу етіп жылаған дауыстары шықты. Әкем өлді. Біз тысқа шықтық. Абай мені құшақтап, көп жылады...»**, – дейді Шәкәрім. Өкпе ауруы Құнанбай ұрпақтарына қасірет боп жабысты. Құдайберді ғана емес, Абай балалары Әбдірахман мен Мағауия да осы дерттен көз жұмды. Шәкәрім де жас кезінде осы аурумен ауырып, Абай Курбатов деген дәрігерге қаратып, айыққан екен. Әкеден ерте қалған Шәкәрімді Абай қойнына алып жатып жастайынан тәрбиелеп, кемелдікке жетуіне үлкен қарекет етті. **«Мені Абай тәрбиеледі. Абай болмағанда мұндай болуым неғайбыл еді»**,- дейтіні сондықтан ақынның.

Демек, Абай – Шәкәрімнің ағасы, – десек – ол екі ақын арасын ашатын анықтамалыққа аздық етеді. Ш.Құдайбердіұлы Абайдың арқасында қазақтың сахарасына білім мен ғылымның шырағын жағып кеткен асылдардың біріне айналды. Ғұмырбаянын сүзген адам Шәкәрім ақынның ғылымның бар саласына қызығушылық танытып, зердесіне қондырғандығын байқайды. Ахат естелігіне бақсақ Шәкәрім жаратылыстану ғылымына терең бойлап, зерделеген. Тас пен топырақтың қасиетін зерттеп, күндегі қолданысына жаратқандығын айта келіп: «Ал, айуан, өсімдіктерді зерттеу, байқауында қызықты болжамдары бар. Оларды келешекке қалдырдым», – деген Ахат ақсақалдың айтары өкінішке орай бізге жетпеді...

Ақын, ойшыл, тарихшы, теолог, философ, әнші-композитор сияқты қасиеттерді Алла бір басына тоғыстырған толағай тұлға Абай салған сара жолдан таймай, туған халқының болашағы жолында барлық күш-жігер, ақыл-парасатын сарқыды. Атаның қаны, ананың сүтімен келген Шәкәрім бойындағы шыншылдық пен сыншылдық қасиетті Абай қамшылай отырып ширатты. Ұстазының рухани азығын мейілінше бойына сіңірген Шәкәрім Құдайбердіұлы – Абай аңсаған ТОЛЫҚ АДАМ деңгейіне жеткен жан. Сол себепті де Шәкәрім маңындағы елге ғана емес, тұтас ұлтқа қарата сөз айта

алды. Қараңғылықтың қапасында жатқан халқын Абайша сынады, сөзбен қамшы басты оларға. Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен ел қорғайтын заман емес, ендігі жау сыртта емес, іште еді. Іште болғанда өз ішіміздегі надандық, жалқаулық, алауыздық, жағымпаздық, өсек пен өтірік, мақтан мен ысырапшылдық сияқты мың сан кесірмен Абай жалғыз алысса, **«ғаскерім – өлеңім мен сөздерім»** деген Шәкәрім де осылардың артынан шам алып түсті. **«Айналам – дау, жанжал, өтірік, ұрлық, қанау, талау, надандық, жуандық, зорлық, мақтан, мансапқұмарлық, партия, озбырлық, қорқаулық, жалқаулық, ұрыс-төбелес, міне менің өмірім. Мен осылармен жағаласып, арпалысып өмірімді өткіздім»**, – деген еді қажы (Ахат естелігінен).

Арпалысудағы, елді сынаудағы мақсат не? Қарақан басын ойласа байлықты да, билікті де көрді. Өзі аса пейіл бермесе де ел ішіндегі қиян-кескі партия тартысын тию мақсатында Абайдың қолқалауымен екі-үш рет амалсыздан болыс болды. Өз сөзінде: **«...Абай маған «әкімшілік қолында болған адам елді жемей, қиянат қылмай, партия, дау-жанжалға кіріспей отыра алмайды. Кіріскен адам ардан айрылады. Білім қуудан қалады»,- деп құлағыма құя беретін. Сондықтан болыстыққа құмар болмадым», – дейтіні бар** (Ахат естелігінен) **«Жас өмірдің арасы... бос өткенін қарашы»**, – деп кейіннен опынады осы жылдарына. Ақ пен қызыл таққа таласып, арасында Алаш азаматтары қазақты ел етемін деп жанталасқан кезеңде Алаштың төбе биі болып билік айтатыны бар. Бірақ ел әлі алауыздық пен надандықтың шырмауында жатқанын сезіп, бұл қызметтен де бойын аулақ салды. 1929 жылдары Алматының тарих институты ғалым ретінде аттай қалап шақырғанда да, Саят қорасын сая көріп қағаз бетіне түсер болашақ қазынасымен оңаша қалды. **«Арымды сатып бақ алып, мансап тапқанымша, көптің адалын жақтайын, көпке жағайын, көргенімді, білгенімді бар адам баласы үшін жазайын, наданның көзін ашайын»,-** деген ақынның азаматтық ұстанымы бүгінгі өзін зиялыға санайтындарға сабақ.

Өз-өзіне көңілі толмау – данышпандықтың белгісі. Қазақты сынаса Абай, одан қалды Шәкәрім сынасын. Бүгінгі ұрпақ содан сабақ алуы тиіс. Сынды өзінен бастайды Шәкәрім:

Айна қойдым алдыма,
Көрейін деп өзімді.
Екі құлақ тарс бітіп
Шел басыпты көзімді, –

деп басталатын өлеңінде өзіне қамшы басады, жанын жеп опынады. Болыстық қылған жылдарын:

Қарасам мақтау айнадан –
Әлемнен озған мен бір жан:
Ел құтқарған топаннан
Тобықтының Нұхымын, –

деп бейнелейтіні бар. Ащы сарказм. Отызында бір айдай тілі байланып, сөйлей алмай қалған ақын жеті жасынан жазған-сызғандарын өртеп жіберген екен. Қай шығармасының асығыс жазылып, қайсысының осал тартып жатқанын тайға таңба басқандай етіп айтып отырыпты. Ешқандай арнайы оқу оқымаған, тек Абайдың алдын көріп, одан соң Абай нұсқауымен түрлі оқығандармен пікірлесе жүріп білім жинап, бастысы өз талабы мен ерік-жігерінің арқасында Шәкәрім сол замандағы ең білімді адамдардың қатарына шыққан екен. «Сол кезде шығыс әдебиеттеріне Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым – Шәкәрім», – дейді М.Әуезов бір сөзінде.

Өмір бойы ізденумен, білімін шыңдаумен өткен Шәкәрімнің бір қайғысы – оның қарекетінің дұрыс-бұрыстығын айтып тең сөйлесер замандасының, асыл сөзіне баға берер көзі ашық адамының болмауы. **«Ұқтырарлық пенде жоқ, жалған басқан жерімді»**, – деп ақын заманынан озық туған ойшыл Абай кеткен соң жалғызсырап, шын сорлап қалады. Жанынан сырлас таппаған ол алыстағы Толстойға хат жазып, ақыл-кеңесін алып отырады. **«Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың»**, – деп жазушыны шын ұстаз тұтады.

Кешегі Шәкәрім сыны – бүгінгіге сабақ. Өйткені ақынның әр сөзі өміршең:

Тағы да талай сөз жаздым,
Елім тәлім алсын деп.
Қазақтың мінін көп қаздым,
«Адам емес, аңсың» деп, –

деген Шәкәрімнің сөздерінен бүгінгі ұрпақ қаншалықты тәлім алудамыз? Жай адам тұрмақ қазақтың зиялысымын дегендер ақынның шығармаларын атап бере алар ма екен? Алған тәлім сол, үлкен-кішіміз жарыса ақынның туған күнінде суфлерға қарап, өлеңін ойсыз көзбен ежіктей тақпақтап, тик-токқа шығудан әрі аспай жүрміз...

**«Бұл елде басты жұмыс – ел қыдырмақ, бай ауылға түстеніп пайда қылмақ»**, елдің сиқы бүгін де аса түзеліп кетті деп айта алмаспыз. Осы күнге дейін халықаралық деңгейде өткізіліп жатқан түрлі форумдар мен симпозиумдар, конференция мен басқосулар қазақты ендігісі технократ жасау керек еді. Әлде өзіміздің иіс алмастығымыздан болар, басқасын айтпағанда ішер ас пен киер киімді көршіден тасуды тоқтата алмадық. **«Қазақ та қажытты, күнім жоқ жиынсыз»**, – деген Шәкәрім атамыздың заманындағы күлтөбенің басындағы күнде жиын бүгінде асқынып кетпесе, бәсеңсіген жоқ. Ел басқаратын әкім-қаралардың дені ала таңнан қара кешке дейін жиналыста. «Жапондардың құпиясы, олар жұмыс туралы есеп бермейді, жұмыс жасайды» (Питер Друкер). Ал, бізде бәрі керісінше. Бүкіл Қазақстан бір-біріне есеп беріп жатқандай көрінеді, маған.

Салынған қала жоқ,
Оқытқан бала жоқ.
Қолында өнер жоқ
Ғылымда дана жоқ, –

деген Шәкәрімнің сөзіне бір ғасыр болыпты. Не өзгерді? Орысқа бодан боп кіргенде бізде бір де бір қаламыз қалмаған, Тараздың қаңқасынан басқа. Қазіргі қалалардың дені – орыстың салған бекіністері. Сол себепті де қалаларымызға неше жыл болғанын біле алмай дағдарып жүргеніміз. Мың жыл, мың жарым жыл дегеннің бәрі болжам, нақты құжат жоқ. Ақмоланы әшекейлеп, бар күш-қуатымызды салып, Астана еттік, үш рет атын ауыстырдық. Болды, сонымен тәмам. Ал, өңірлер ше? Өкіністісі сол, кеңес заманында салынған моно қалалар тәуелсіздік алғалы отыз жылда ойраны шықты. Ауылдар туралы айтуға ауыз бармайды. Басы бар аяғы жоқ шикі реформалардың кесірінен көп ауылмен бірге менің ауылым да еш апатсыз, соғыссыз тарих бетінен жойылды...Оқытқан бала ше? Әрине, Шәкәрім заманынан бері қазақтың көзі ашылды. Қай жерде, қай елде білім алам десе де қазақ баласына жағдай жасалуда. Бірақ үздіктер оқу іздеп шет ел асқанымен, қайта оралып жатқаны қанша? Ғалымдардың деңгейі негізінен шетелдік скопус журналына шыққан мақаламен өлшенер болған соң, қазақ ғылымында жаңалық ашу кібіртіктеп тұр, қаржы да мардымсыз. Бөлінген қаржыны жарата алмаудамыз, өйткені отыз жылдық ғылыми тоқырауда ақын іздеп отырған дана ғалымдар да шетке, не басқа салаға ауысып кеткен.

Бүгінгі қоғамның бір дерті атаққұмарлық болса, **«...менің ойымша, атақ алу үшін қылған іс, айтылған сөзде нағыз тазалық болмайды. Не тіршілікте, не артқыларға ат қалдыру дегенді тіпті миыма қондыра алмаймын. Себебі сіз мақтау, жоқтау керек қылмасаңыз да, қылған іс, айтылған сөзіңіз жаратылыс ағымының талқысына салынбақшы. Ол сіздің ісіңіздің бағасын, салмағын ашпай қоймайды. Сондықтан не іс қылсаңыз да, атақ үшін қылмай, көпке пайда қылу, я көпті зияннан құтқару үшін істеу жөн»**, – деген қажы сөзі бүгінгі түрлі сыйлықтар мен марапаттарға арын сатып сайқымазаққа айналғандарға, кеудеге тағар темір үшін жоғары жаққа телміретіндерге тоқтау бола алар ма екен? Әй, қайдам? Олар өздерін осының ішінде емеспіз деп ойлайды. Олардың ары құрсауланып, көздерін шел басқалы қашан. Өйткені «**ақыл жоқ бұл қазақта ойға ұнарлық, өзін-өзі тексеріп, бой сынарлық**». Орден мен медальға талас сонау бодандық бұғаудың бір тетігі-тін. **«Енді бір көксерлік ісіміз – тастаған сүйекке таласқан Мойнақша орыстың знагіне таласып, ата-бабаларымыздың елдік, жұрттық сақтап келген бірлік-берекесін жыртып алғанымыз»**, – дейді ақын. Салпыншаққа құмарланғанымыз сонша, алаш көсемдерінің атына жасалған түрлі жылтырақ-медальдар сатылып, жұрт таласа алып, даңғойлықтың шегіне жеттік.

Көретін көзі жоқ,
Ұғатын сөзі жоқ.
Қазақтың бұл күнде
Аты бар, өзі жоқ.
Түзелер кезі жоқ
Түзетер тезі жоқ
Жер жүзі халықтың
Қазақтан езі жоқ.

Төбеңнен қос қолдап ұрардай ауыр сөздер. XXI ғасырға жеттік дегенімізбен ақын сөзінің астарына үңілсек, осы күйден қаншалықты алыстап кеттік. Біз сол Абайдың, Шәкәрімнің заманынан

бері қарай нені жоғалттық, неден айырылдық? Тіл жұтап, дін құбыжықтанып, діл ұлттық реңінен айырылып, салт-дәстүріміздің дауысы алпауыт елдердің айғайының астында тұншығып жатқандай боп сезіледі. Тіл дегеннен шығады, Шәкәрім заманында туған тіл тақырыбы бүгінгідей өзекті болмағанымен сол кездің өзінде «Қазақ балаларының оқу орыс тілінде қойылған мектептерге қашуы неліктен»? – деген мақала жазып, қазақша оқулық тапшы деген желеумен жоғары сатыда (класта) орысша оқуға мәжбүр қазақ балаларының хәлін баян етеді. **«Түбінде екі сатылы мектептің екеуінің де ана тілінде болатынына сөз жоқ»**,- деген ақын болжамы бүгінде қандай күйде? Балабақша мен мектептердің барлығы тек қазақ тілінде ғана болуы қажет. Енді күлбілтелей берсек, өзі қан-сөлсіз қалған қазақтың тілінен біржола айырыламыз. Латын қарпіне көшудің де созылып кетуі осы – айыр тілдің салдары...

Сол кездегі қазақ қоғамының дертін көрген Шәкәрім де Абайдай аласұрды, алысты, қажыды. **«Мұндай елде туғанша, бұл сағымды қуғанша, еркін тілді буғанша, жеткізсе нетті қазамды»**, – деп бұл тірліктен түңілген кезі де болды. Соңында елден жыраққа кетті. Бірақ, елді ел қылам деуден танбады. **«Надандықтан қираған сүйегін»** сүйретіп саят қорасынан сая тапты.

Мен жетелеп өлемін,
Өрге қарай қазақты.
Өлсем де ойын бөлемін,
Сөзбен салып азапты.... Бұл – ақын миссиясы. Әуелден, **«кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық»**, – деп Абай салған жолменен жастарды білім мен ғылымға шақырған Шәкәрім ақтық демі үзілгенше сол қайратынан қайтпады.

Адам үшін еңбегім,
Елу бес жыл тергенім.
Қалағанын қарап ал,
Мұрам сол, жастар, бергенім, –

деп қалдырған ақынның әр сөзінен қазақ сабақ алып, әсіресе жүрегі кірлемеген жастар жағы рухани азық еткенде ғана елдің болашағы жарқын болмақ.

Партия қуған өңкей қырт
Жазылмайтын ол қылқұрт.
Мен тартам ел қайғысын,
Әкімі – залым, биі – әңгүрт
Бай, жуан, әкім, сопылар,
Жемтік көрсе шоқылар.
Бірі алдап, бірі арбап
Талайтын елді осылар.
Ел зарлатқан қулардың
Алдынан зауал тосылар, –

деп күйінген ақынның сөзінен бүгінгі қоғамның да сиқын көреміз. XXI ғасырдағы асқынған дертіміздің бірі – жемқорлық, парақорлық болса, осы жолдардың кейіпкерлері соны жасап жатқан. Демек, ғасыр бұрынғы дерт дендеп кетпесе, сылынбапты. «**Бар жұмыс – алдау мен ұрлық, пара».** Екі күннің бірінде парамен ұсталып жатқан шенділер, жыл өтпей орын ауыстырып жүрген бастықтар. Осыдан барып **«жақсылардың біріне біреуі қас»** қоғамда уәде мен сөзде пәтуа қалмай, билік атаулының ішін тұрақсыздық, келер күнге деген сенімсіздік кеулеп бара жатқандай...

Қорқамын деп адамнан Құдай жасап,
Ойында жоқ жаратқан бір құдайы, –

дегендей құдайдан емес, адамнан қорқатын заманда өмір сүріп жатырмыз. Бір күндік тақ, мансап үшін бастығының алдында жағына жалпылдаған ептілердің қарасы Шәкәрімнің заманынан әсте азаймаған сыңайлы. Тұңғыш Президентке отыз жыл бойы ода айтқан жағымпаздар жүріп келе жатып тәпішкелерін ауыстыра қойды да, кемел адам кемеңгерім деген әуенге салып, жырлай жөнелді. Бірақ, тумысынан текті Президент жағымпаздар жарапазанын жақтыра қоймады...Бодандықтың бізге жұқтырған ең кеселді індеті ол – осы жағымпаздық. Қазақ жағымпаздардың көзін жоймай, ел болудан қалады...

Зұлымдық қылып елді жеп,
Ойладың әбден байырды.
Атану үшін мырза деп

Кәріпке бердің қайырды.

Отыз жыл бойы елдің байлығын сорып, қайыршыға ұстатқандай қып тиын-тебен үлестіретін жақшаның ішіндегі «атымтай жомарттар» арамызда жүр. Шәкәрім заманындағы **«Құдайға пара беріп, Тәңіріні малмен алдағандар»** бүгінде мешіт салып жарысуда. Ал қажы айтатын **«шала дін мен қате пәннің соңына ергендер»** қоғамның шырайын бұзуда. **«Шыннан өзге Құдай жоқ, Анық Құдай – шын Құдай»**, – деген ойшыл сөзінің астарын ұқпай жүрміз. **«Рахым, ұят, ар, ынсап – төртеуі болса, дін болар»**. Міне – діннің қарапайым анықтамасы. Шәкәрім ежіктеген таза дін мен шатақ дінді ажыратудың орнына сақал мен хиджаптың дауын өршелене үрлеген қазақ қоғамы қорқынышты болып бара жатқандай.

Бүгінгінің тағы бір кеселі – шектен шыққан ысырапшылдық. Мал шашып, борышқа (кредитке) кіріп, тірнектеп жиғаныңды елді сорған банктерге беріп, соларды семірту. Ақынның **«Қайтер едік жігіттер, тым қымбатты кимесек, мақтан үшін борышты үсті-үстіне үймесек»,-** деп басталатын «Шаруа мен Ысырап» атты ұзақ өлеңі байдың малын шашып, кедейдің артын ашып жатқан тыраш пен ысырапшылдың бейнесін беруде.

Демек, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақтың жеткен жетістігі мен қатар кері кеткен кежірлігі де бар екендігін естен шығармауымыз керек. Біз де Шәкәрім бабамыз сияқты неге өзімізге бір уақыт сынмен қарамасқа.

Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін,
Дұспан мақтар елірте бермек үшін,
Есептемей есірік елің мақтар,
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін, –

дегендей бізде қазір көзге мақтау мен сырттан өсектеп ғайбаттау үйреншікті әдетке айналды. Жапанға жалғыз кеткен ақынның ақтық сөзіне құлақ түрейікші: «**...Сондағы менің ойым, мақсатым не? Білесіңдер ме? Қалған өмірімді жазумен, ізденумен өткізбек болғам. Сол ойымды, тапқанымды жазып, кейінгіге қалдырмақ болдым. Өз заманым үшін жазғаным жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым. Адамның арты бүгінгілер емес, кейін де келешек те бар. Өмір жаңара бермек, өмір жаңасы – адам тазара бермек... Тарихтың алтындай тазасы, алмастай асылы жаңа дәуірдің іргетасы болмақ. Сол іргетастың бір керегіне жарарлық тас сынығын таппақпын, соны жазбақпын».**

Міне, Шәкәрім бабамыздың арманы қазақты ел ету болса, біздің – мына, бүгінгі ұрпақтың кері кетуге еш құқы жоқ. Ақын сөздерін көкейге түйе жүрейік, ағайын. Өйткені, Шәкәрім мұрасы – кешегі мен бүгінгінің ғана емес, ертеңгінің де рухани азығы!

ҒТАХР: 17.71.07

## ШӘКӘРІМДЕГІ СУБСТАНЦИЯЛЫҚ ҰҒЫМ АҚЫЛ ТУРАЛЫ

**Шаңбай Т.Қ.,** әдебиеттанушы-философ
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазақ фәлсапасында Шәкәрім мұрасының орны ерекше. Болашақта оны тереңдетіп зерттеу қажет. Мәселен, арысы түрк (түркі), берісі қазақ фәлсапасындағы іргелі ұғымдардың бірегейі – ақыл ұғымы. Ақыл – адамзатты басқа тіршілік иесінен даралап тұратын қасиеті. Түрк ойшылы Жүсіп Баласағұн «Ақыл – Алланың сыйы» деген. Шәкәрім «Өмір сырын көздесең» деп басталатын фәлсапалық өлеңінде «Пайғамбар қыл ақылды» дейді. Адамзат баласына Жаратушыдан келген осы ғажап сыйды Пайғамбардай құрметтеуін талап етіп отыр. Бұл – үлкен талап. Неге? Ойшыл ақын осы өлеңіде «Адасып әлім шатылған» дейді. Құдайсыз өмір сүреміз деген аласапыран заманда ғалым да адасып отыр екен.

Не істеу керек? Түрк-қазақ даналары ақыл Алланың сыйы, сол ақылыңды – Пайғамбар қыл дейді. Пәлен айтты деп көзсіз ерме дейді. Алланың берген сыйы ақылыңа сынат деп отыр. Шәкәрім осы терең ойды, поэзияның тілімен, метафоралық жолмен жеткізіп отыр. Бұл – бүгін де аса өзекті мәселе. Ақылына сүйенген жұрт бәйгенің алдында келеді. Ал, фәлсапалық тұрғыдан келсек, академик Ғарифолла Есімнің «Ақыл болмаса адамның барлығы туралы сөз жоқ» дегені осы ойды негіздей түседі. Барлық фәлсапасы, ол – онтология. Яғни, адамның барлығының басты көрінісі – ақыл болып

тұр. Ендеше, Шәкәрім мұрасында мол көрініс тапқан, осы – ақыл ұғымына кеңінен тоқталайық.

Ақыл – Шәкәрімнің фәлсапалық трактаты «Үш анық» пен көркем шығармаларындада ең көп қолданыс тапқан метаұғым. Шәкәрім мәнін ашқан, кең өріс берген жүйелі, әрі түрлі контексте қолданған ақыл ұғымының біразын атап өтейік: *жанды ақыл, ақылды жан, таза ақыл, арлы ақыл, ақыл көзі, толық ақыл, терең ақыл, аз ақыл, анық ақыл, арақ ақыл, мас ақыл, ақыл құсы, сау ақыл, ақыл – нұр, хайуандар ақылы, саяз ақыл, ақылды зат, азат ақыл, мол ақыл, шын ақыл, ақыл-айна, өз ақыл, еркін ақыл, жайлы ақыл* т.б.

Шәкәрім ақыл туралы «Пайғамбар қыл ақылды», «ақылдың шолғыншысы – ойқұмарлық», «ақылыңа сынат», т.б. тіркестерді жиі қолданады, ақылдың статусын көтереді. Демек, Шәкәрім ақыл ұғымының мәнін ашуға аса күш салған. Ойқұмарлықтың өзі ақыл емес екен, ол оның шолғыншысы екен. Фәлсапалық тұрғыдан, анық қылып айтсақ: ақыл – субстанция, ал, ойқұмарлық – аксиденция. Шәкәрім анықтаған ақылдың әрбірі жеке зерттеуді, танып білуді талап етеді.

Алдымен, ақыл ұғымының мәніне, зерттелу тарихына қысқаша тоқталайық. Дін мен фәлсапада, ғылымда ақыл көп қарастырылған, өрістете зерттеліп жүрген ұғым. Адамзат ойының түйіні, ғылымның танымы, діннің сенімі – ақыл адамның негізгі сипаты, маңызды қасиеті деген тұжырым жасайды. Адамның ақыл арқылы әлемді тануға ұмтылысын философияда рационализм деп атайды, ал метафизикалық рационализм деп сол ақылға сенімді айтады. Фәлсапада таным мен сенім үндесіп өзгеше өріс табады. Жаратушы, жан және жаратылыс туралы таным онтологиялық деңгейге көтеріледі. Шәкәрімдегі ақыл тұтас алғанда осы биікке көтерілген таным, концепт категория. Ақыл ұғымына Шәкәрімге дейін әр ғасыр биігінен данышпандар назар аударған. Сократ, Аристотель, Платон, Әл-Кинди, Әл-Фараби, Әл-Ғазали, И. Кант, Гегель, Абай т.б. ақылдың негізгі сипатын даналықпен тануға ұмтылған. Философия тарихында ақылды тануда ғылыми бағыттар қалыптасты. Ақыл абсалютті шындық, ол – барлық, өмір оның айнасы деген панологизм; Ақыл тек адамның сипаты, қасиеті деген натурфилософтар, Платон, Анаксагор, Аристотель грек тілінде қолданған «Нус» ұғымы да ақыл туралы, бүкіл ғалам «жанды» дейтін діни-философиялық сенім мен танымның да ақылмен байланысы бар. Ақыл туралы соны сөзді ойшыл Ғарифолла Есім өзінің «Адам-зат» деген іргелі еңбегінде айтқан.

Шәкәрім мұрасындағы ақыл ұғымын екі топқа бөліп қарастырамыз. Бірінші, «Үш анық» атты фәлсафалық трактатта, Шәкәрім «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...» деген. Шәкәрім ақыл деп қоя салмаған, ақыл көзі деген. Ақылға жандылық мән беріп тұр. «Үш анық» трактаты адамның ақиқатты ақыл көзімен көретінінінен басталады. Бұл кездейсоқтық емес, Шәкәрім танымының бастауы, тұтас Ар ілімі концепциясының негізі, осы – ақыл көзі. Кейіннен, осы еңбекте, өзінің жаралыс, жаратылыс, жаратушы, жан, ұждан сияқты адамзат баласын толғандырып келе жатқан мәселелерге ақыл көзімен (жүрек көзімен, ақыл мен жан) жету туралы сырын ашады. Бәлкім, Шәкәрімнің ақыл көзі Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылды тануға ұмтылған сыр-айнасы болғандықтан да ақиқатты танитын жол деп сенімді айтып отыр. Қалай болғанда, ақылға ерекше мән берілген. «Біліп жаратушы – Тәңірі» дейтіні сондықтан болар. Шәкәрімнің осы ойы фәлсапалық лирикасында терең жалғасын тауып жатады: «Ақылдан ойға сыр тарап, Үміттің шамы жанған күн. Жар есіркеп бер қарап, Нұрына жүрек қанған күн». Шәкәрімнің ақыл көзі–антропологиялық фәлсапаға, теологияға, нақты қазақ фәлсапасына әкелген ұлттық танымдағы концепт категориясы. Шәкәрімнің «Үш анық» фәлсапалық трактатында ақыл ұғымына ерекше орын берілгені, осы ұғымды жүйелі әрі түрлі контексте қолданғанынан байқаймыз. Мәселен, Шәкәрім барлық тіршілік иесінің өсіп-өнуге қам қылатынын айтып, бұл – барлық таласыекенін, яки жаратылыстың берік жолы екенін айтып келіп, былай дейді: «Сондықтан барша адам шамасына қарай, қай бірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады». Сөйтіп, толық адамның болмысын айқындайды. Толық адам болудың негізгі факторы «барша адам үшін жақсылық бақ іздеу екен». Толық адам ақылдың қарауында болуы да бір белгі екен.

Осы еңбегінде Шәкәрім сау ақылұғымын да қолданады. Және ерекше мән беріп қолданған. Жанның мәңгілігі, өлімнен соң бір түрлі тіршілік барлығы немесе, өлген соң тірілетін жан жоқ деген екі жолды кең талдауға барарда, сау ақыл ұғымын қолданған: «Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десең адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ біліп жаратушы ие бар, өлген соң да бір түрлі өмір бар деген жолдың шын, өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, оған әуреленбей жалғыз ғана осы дүние қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз? Оны тексерушінің әр түрлі діндер жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабары болу керек. Және қатты керек бір шарты – өзінің тұтқан діні, оқыған-ұғынғаны,

қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноқтасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек». Бұдан белгілі болғаны сау ақыл ноқтасыз және науқассыз болуы керек екен. Сау ақылдың үнемі қозғалыста, ізденісте болатынын да аталған екі жол туралы ой толғағанда атап өтеді: «Бұл екі жолдың түбі қайдан шыққанын тексерсе, адамдардың біз һәм әлемдегі барша нәрселердің қайдан бар болғанын, мұны кім жаратқан деген ойынан шыққан. Неге десең, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсені көрсе мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды? Сондықтан жаратушыны іздеп әркім әртүрлі ой жүргізген». Шәкәрім ақылдың субстанциялық түпнегізбен бірлігін, соған ұмтылысын ашып көрсетеді. Шәкәрім осы еңбегінде екі жол туралы білімділер сөзімен таласқа түсіп, қорыта келіп өзінің тұңғыш ойыекенін айтады. Басқа біреудің ойымен үндес шығуы мүмкін екенін де, реминисенциялық табиғатының болуын да теріске шығармайды. Қорытындысында, «Барлықтың түп себебі жаратушының білім, құдырет шеберлігінде өлшеу жоқ»деп айтып келіп, Жаратушының барлығы туралы өз ойын толық ашу, дәлелдеу барысында ақылға қатысты «есті ақыл, естінің ақылы» ұғымдарын қолданады: «Біз естінің ақылын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танимыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі, бізді осындай болмақ жолды салған түп жаратушының білім, құдырет шеберлігінде. Өлшеу жоқ деп бізге секунд сайын айғайлап тұр: «Бізге дүние түпкі сырын, Көрсетіп те айтты ғой. Елемеді оны біздің, тіпті өзімшіл мисыз ой» деп көркем фәлсапа, бір шумақпен ойын тұжырымдайды. Шәкәрімнің осы еңбекте жан мен ақылды субстанция ретінде бірлікте қарастыратын сәті де бар: «Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына еш дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді. Мен бұл араға шейін жанның бірінен бірі артылатын қасиеттерін анықтап бөліп айтпай бәрін де бір жан деп келдім. Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкт-сезімді жан, сознание-аңғарлық жан, мысль-ойлайтын жан, ум-ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады». Шәкәрім ақыл туралы ойын Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылменұштастырып түйіндейді: «Аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ олардың да бірінен бірі есті, бірінен бірі шебер, оны теріп жазбасақ та әркімге белгілі. Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес». Шәкәрімнің ой түйіні осы жерде байқалған. Ол толық терең ақылдың тек адамнан шығатыны, солай бола тұра адамның өзі табиғаттан (Жаратушыдан, жаралыстан) шебер емес. Ар іліміне негізделген, имандылыққа, ұжданға шақырар ең дұрыс жол мұсылман жолы екенін де осы еңбегінде атап айтқан: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар». Шәкәрім осылай деп ойын түйіндеген.

Шәкәрім көркем шығармаларында ақыл туралы еркін таным-метафорамен айтқан. Шәкәрімнің фәлсапалық лирикасында, жалпы көркем фәлсапасында да ақыл ұғымы жүйелі әрі түрлі контексте мол қолданыс тапқан. Солардың ішінде ерекше орын берілгендері – таза ақыл мен жанды ақыл. Таза ақыл мен жанды ақылұғымдарын қалай қолданған, соларды мысалға келтіріп барып, ой қорытайық.

Алдымен таза ақыл ұғымын келтірейік (1): «Мен адамнан таза ақыл таба алмадым», «Бар ғылымның түп атасы, Таза ақылмен ойлану», «Таза ақыл ақты барлайды, Дәлелсіз сөзді алмайды, Танитын жанға кез болса, Хақиқат жерде қалмайды», «Адамның сыртқы дене жаралысы, Нәпсісі аюанмен анық теңдес. Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда, Әлің келсе, жол тап та осыны емдес», «Көз адасты, ой тапты көрдіңіз бе? ... Тетігі –таза ақылмен – өлшеп сынау!», «Ар жеңіп шығады, арамның қарасын, Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл қосылса, Әлемнің таласын», «Таза ақылмен таппаған дін, Шын дін емес жындылық», «Айнымайтын ақ жүрек пен, Таза ақылды адамның, Таппасы жоқ бұл өмірде, Осыны ұқ балам», «Ақ жүрек пен пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек, Бірінен де сол мақұл, Артқыға жол бермек», «Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң, Таза ақылдыңалдында жоқ қой құны», «Рух деген дінсіз таза ақыл, Мінсіздің ісі шын мақұл. Аюандағы ақыл ол емес. Аз ғана сөзім – аз тақыл, Құранды оқы нанбасаң», «Бәрін де тапқан таза ақыл», «Ғаділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын, Солдар сөкпес іс қылар жолды көксе». Шәкәрім таза ақыл ұғымын бұдан да басқа оншақты өлеңінде келтірген.

Сонымен қатар, жанды ақыл ұғымын қалай қолданған, соны келтірейік (2): «Осы әлемде барша барлық, Жанды ақылдың табысы, Нәрсесі жоқ бос қаларлық, Мейлі шөп пен топырақ», «Осыны ақыл ұқпай ма? Дене жанын тықпай ма? Бастапқы есті жанды ақыл», «Ақылды жанның мүлкі – әлем, Тәртіппен өсіп таралды», «Құбылған әлем жарысы – Ақылды жанның табысы, Басында-

ақ онда ақыл мол, Мақсатты ретпен әр ісі, Тереңнен ойла оңғар да», «Жан жолдан қосылды деп пән де, дін де, Ақылды байлап қойған соған мүлде. Ең басқы зат – жаны бар, ақылды зат. Оны ойлаған адам жоқ осы күнде», «Адамның таза ақылы жанды қимай, Амалсыз қиянатқа о да көнбек», «Ақылмен жанды тексермей, Денешіл, пәншіл кеселдер. Дәлелсіз сөзбен ілгіштер».

Шәкәрім ақылды барлық қырынан тексеріп, оның сипатына терең барған. Соның басты түпнегізі осы таза ақыл мен жанды ақыл. Қасиетіне, болмысына қарай анықтаған осы екі екі ұғымды Шәкәрім жай ғана келтірмей жүйемен берген. Оның әрбірі жеке-жеке санаға салып өлшеуді талап етеді. Мынаны айтып отыр деп шолақ қайыруға келмейді. Контекстен бөлек алып қарастырсақ та түп негізі тереңде екенін байқаймыз. Біз оған екі сілтеме-мысал келтірейік. Бірі, Шәкәрімнің өзі келтірген сілтеме: «Құранды оқы нанбасаң». Екіншісі, Ғарифолла Есімнің «Жаралыс басы – қозғалыс» өлеңін талдау барысындағы айтқан ойына сілтеме: «Шәкәрім жанды ақыл дегенде ақылдың генезисі туралы айтып отыр. Ақыл қайдан шықты немесе қайдан пайда болды дегенде, ол оны жаннан шығарған, содан барып «жанды ақыл» деген түсінік қалыптастырған».

Осыдан белгілі болды, бар ғылымның түп атасы таза ақыл ойлау, соған сынату екен. Әлемдегі барша барлық та, еш нәрсе бос қалмақ емес, бәрі мейлі шөп пен топырақ жанды ақылдың табысы екен. Шәкәрім неге Құранды оқы дейді, бәрі жанды ақылдың табысы дейді, ақылдың генезисі қай жерде? Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылдың өзі ме,жоқ әлде содан нәр ала ма? Шәкәрім, осылай ой жарысына өріс ашады, таным көкжиегін көркем фәлсапада кеңейтеді. Ақылмен бойға сыр таратады.

Осы жанды ақыл мен таза ақылға жақын тұрған тағы бір түсінік, ақыл-нұр, нұрлы ақыл ұғым категориясы. Шәкәрім ол туралы: «Ақылдеген өлшеусіз бір жарық нұр, Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр, Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен, Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр», «Зарадушке айтсам кезі кеп, Үйреттің ақыл нұр ғой деп, Ұға алмай отқа шоқынып, Бұзылды елің боғын жеп».

Ие, Жаратушыны танымау көп адасушылықтың басы екенін, өлшеусіз жарық нұр барлықтың иесі екені, және соны фәлсапада, сөз өнерінің фәлсапалық лирика жанрында Шәкәрім көркемдік таныммен шебер береді. Шәкәрім ақылдың сипатын ашу барысында лирикалық шығармаларында бұдан басқа да жүздеген жерде жүйелі түрде қолданған. Лирикалық жанр табиғатының негізгі көркемдік факторының бірі, екі ұғымды қарама қарсы немесе қатар қойып, олардың табиғатын ашу: «Терең ой мен ақылға айтамын дат», «Ашу женсе, адамда ақыл қалмас», «Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек, Нәпсі ұнаса болғаны, бәрі бітпек», «Мен ақыл мен ойды жұмсаушы едім, Талай қиын істі табуға», «Шолғыншы ойым ақылға, Ақылым тоқтап мақұлға», «Оны ақылың сезеді, Неге нәпсіңсенеді», «Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп, Адасқан асығың мұңлы әнге салынып тұр», «Ескерусіз бар өмір кетсе желге, Ақыл, айла, қайратың ақса селге» т.б.

Фәлсапада, ғылымда адам ақылын тәрбиелеу, қабылетті дамыту теріске шығарылмаған. Шәкәрім де терістемейді: «Ақыл деген денеге егулі дән, Суғарылса кіреді оған да жан, Ақылдың өсіп-өніп зораймағы, Көрген, білген нәрседен ғибрат алған». Адам ақылының табиғи дамуы туралы ойды Шәкәрім көркем шығармада фәлсапалық-метафоралық стильде айтып отыр. Шәкәрім адресатты қашан да ақылға бағыттап отырады: «Пайғамбар қыл ақылды, Сол табады мақұлды». Мұсылман әлеміндегі пайғамбардың статусын білетін данышпан, ақылды сол дәрежеге көтеріп отыр. Ұлттық көркем фәлсапада бұндай метафоралық теңеудің орны ерекше екенін ақын біліп отыр. Сол ақылға барлығын сынат, тексертіп отыр дегенді мол айтады: «Ақылмен өлшеп санасам», «Бұл сөзді ақылға сал, кірге тартып», «Ақылға әрбіреуін сынатарсың», «Кім айтса да сынамай қойма, жаным, Ақылыңа сынатып ойла, жаным», «Ақылға салып бар сырын», «Ақылға салып шындаса, Ашылды, міні, анық сыр», «Ақылға сынат, сабыр қыл, Жығылмайтын дәлел тап», «Ақылдың көзін байлама, Білгіш деп басшы сайлама, Оқуым, дінім, наным деп, Әдетке қарай айдама, Ақылға сынат әр істі», «Сал ақылға, дұрысы не, Дәлелін тап жақсырақ», «Ақ жүрек, ақыл көзбен сынға алыңыз», «Ойла, тексер, ақылмен», «Көңіл көзін аш – тағы ақылға сал», «Ақылыңа сынат деп, – дәлел айтқан, Құраннан табылады талай аят, Тәпсір деп қасиетін талқан қылып, Бұзғанмен Құран болмас адасқан хат».

Құран Кәрімде ақылға сынат деген талай аят бар, оның орнын Шәкәрім фәлсапралық лирикада ерекше анықтап берген, асқақтатқан. Мен «ақылмын» деп келетін, рені ұқсас ұғыммен астас келетін сәттерді де терең аша білген: «Надандықпен қарнымыз тоқ демелік, Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік, «Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп, Арамды адал, асылды боқ демелік». Айланың ақыл болып көрінуі, жақсы мен жаманды айрмауды соқырға таяқ ұстатқандай қылып көрсеткен.

Шәкәрім ақыл деген денеге егулі дән дейді, оған жан суғарылса ғана кіретінін, өсіп-өнетінін айтқан. Суғарылмаған ақыл өнбей қалатынын да атап көрсетеді: «Саяз ақыл бас ұрған, Мақтауын көкке асырған, Жаба тоқып жасырған». Шәкәрім шығармаларында антропологиялық фәлсапаның көп мәселесі көркемдік тәсілмен көтерілгенін осы таным мен пайым байқатады. Саяз ақылға қарама-

қарсы Шәкәрім өзі ерекше ден қоятын сау ақыл бар. Сау ақылға жақын азат ақыл, еркін ақыл, арлы ақыл деген т.б. ұғым түсініктер бар. Бұл ақыл(дар)дың негізгі ерекшелігі соншалықты «матаулы» еместігінде. Жан мен ақыл тәнге матаулы болғанымен, бұлардың бейнесінде бір түрлі еркіндік бар. Шәкәрім былай дейді: «Отыз жылдай жиғаным, Сау ақыл менің иманым», «Тамам дерттен сау ақыл менің сыншым», «Бұл күнде дұрыс иман жоқ, Шатақ дін нәпсі тиған жоқ, Ақылы саудың ойына, Алдамшы діндер сыйған жоқ». Шәкәрімнің сау ақылға ерекше статус беріп отырғаны айқын.

Шәкәрім ақылды субстанциялық болмысында танып, оның басқа да еркін, азат сияқты акциденцияларымен бірлікте қарастырады: «Еркін ақыл тіпті адаспас, Кезсе кірсіз жарқырап», «Азат ақыл ойланбай мида жатса, Шіріп, тозып тартқызар ол бір зорлық». Ақылдың өзінің жұмсалар орны бар екені, болмаса оның өзі де жайдан жай жоғалмайтыны анық болды. Шәкәрім адам болмысындағы ақылдың орнын ерекше бағалаған. Ақылды құсым деген, ақылды айнам деген, тіпті адам өмірін түзеуге, олардың тату тұруына апарар жолды да арлы ақыл деген: «Ақыл құсы адаспай аспандаса, Әлемде нәрсе болмас оған таса, Жеті көк жерден оңай басқыш болып, Ғарышқа қол жетеді қармаласа», «Келдім қайдан? Қайтсе пайдам? Өлгеннен соң не пайдам? «Мен» деген жан, ақыл-айнам».

Бүгінде адамзат баласы ақылының нәтижесінде ғарышқа да ұшты. Ал, оның пайдасы мен зияны әлі өлшенген жоқ. Шәкәрім тура мағынасында айтып тұр ма, жоқ әлде ақылдың тұтас қуат күшін айтып тұр ма? Мен деген жан, ал айнам дегенде соның көрінісін өмірдегі айтып тұр ма, әлде субстанциялық бірлігін айтып тұр ма? Шәкәрімнің әрбір сауалы жауап та, әрбір жауабы сауал. Шәкәрімнің көркем прозасы «Әділ-Марияда» мынадай фәлсапалық толғаныс бар: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек». Шәкәрімнің Ар ілімінің метакатегориясы осы – Ақыл. Шәкәрім мұрасы берері мол, мәнді құндылық.

ҒТАХР: 17.71.07

## ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Тоқсамбаева А.О.,** ф.ғ.к., профессор
**Смағұлова А.Т.,** ф.ғ.к.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.*

Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын М. Әуезовтің қолына қалам алып әдеби өлкетану мәселелеріне назар аудартуы тегіннен тегін емес-ті. Жиырмадан асқан жас жігіттің: «Шаң басып жатқан ескілікті жинап, басын құрап, көпшіліктің мүлкі қылып беру жалғыз ғана әдебиетті сүюшіліктен тумайды. Жақын жердегі алдыңғы керегі әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптанып, нығайып өзіне біткен көркі мен күшін, жинау үшін керек», – деуі көп жайды аңғартса керек [1]. Тарих қойнауында, сана қатпарында жатқан жақұттарымызды ел игілігіне айналдыру мақсұтын көздегені де белгілі. Әйтсе де әдеби өлкетану – қазақ әдебиеттану ғылымында кенже қалып, кешірек қатарға ұмтылуға ниет түзеген сала.

Ұлттық әдебиетімізді танып, бағалай білу – осы өзің туған өлкені, осы өңірдегі ақын мен жазушыны танудан басталады. Адам баласы, ең алдымен өз шаңырағын сүйеді, содан барып туған ауылын, туған өлкесін, адамдарын құрметтейді. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер халықтың рухани көзін ашып, тарихымыз бен төл әдебиетіміздің өткенінен жаңаша қарауға мүмкіндік әкелді. Тәуелсіздігімізді алғаннан бері әдеби тұлғаларымыз да кеңінен таныла бастады, туған өлке әдебиетінің ірі өкілдері, олардың әдеби мұралары жаңаша бағалануда [2].

Қазақ әдебиеттануында кешірек қолға алынып, бүгінде көші түзелген әдеби өлкетану мәселесінде қарастырар дүниелер баршылық. 1925 жылы Семейде М. Әуезов пен Ш. Тоқжігітовтердің бастамасымен «Таң» журналы жарық көрді. Журналдың алғашқы санында-ақ «Аймақтану» деген бөлім ашып, әдеби жәдігерлерді жариялай бастаған. Өкінішке орай, қазақ халқының игілігі үшін жарыққа шыққан журналдың небәрі 4 саны ғана оқырманына жетті.

Жиырмадан асқан жас жігіттің өлкетану мәселесіне назар аудартуы таң қалдырмай қоймайды. Себебі аймақты зерттеу ісі түзу жолға қойылып қолға алынғанда ғана, туған еліміздің мәдениетін, өнерін, тарихын, дінін толық тануға мүмкіндік туады.

Өлкетану – күрделі ғылым саласы. Аймақты зерттеу ісі тек әдеби мұраларды жүйелеуден ғана тұрмайды. Өлкені тану осы өңірді жаудан қорғаған батырлар, елін-жерін білектің күшімен сақтап қалған алып тұлғалар есімдерін ардақ тұтумен жалғаса береді. Шығыс жерінің даңқы әр қазақтың мақтанышы, қасиет-киесі. Ұлы Даланың әр қиыры, өңірі мен ауданы өзінше сыр шертеді. Сол тарихты зерделеуді кешенді түрде қолға алса, өлкетану ғылымилығы маңыздана түспек. Ұлылардың табанының ізі қалған жерлер тарихы қаншама сыр бүгіп жатыр. Шәкәрім дананың елден жырақталып өмір сүрген Саятқорасы әлі де елсіздегі күй кешуде. Қаражыра жазығында «Батырдың көз жасы» атанып кеткен төбе бар. Ел аузындағы аңызға сенсек, Жанан батыр есімімен байланыстырылады бұл жер. Міне, мұхитқа құяр Ертісі бар, Марқакөл мен Алакөлі, Тарбағатайы мен Шыңғыстауы бар қазақ елінің шығысы тұнып тұрған тарих.

Үш жүзге аты мәшһүр көкжал Барақ, Қабанбай Қожағұлұлы, Күшікбай Қанайұлы, Мамай Жұмағұлұлы, Дәулетбай батыр сынды қаһарман ұлдардың ерлігі тарихтың көне куәсі. Бұның сыртында әлі де аты аталмай, толық зерттелмей жүрген халық батырлары қаншама?! Олардың ақиқатын аршу тарихқа құрмет, болашаққа ізет болары сөзсіз.

Сонымен қатар XIX ғасырдың соңында жер аударылып келген интеллигенция өкілдерінің қаламыздың мәдени дамуына тигізген ықпалы қандай? Е. Михаэлис, А. Леонтьев, Н. Долгополов, С. Гросс, И. Лобановский сынды революциялық демократ өкілдерінің ұйымдастыруымен ашылған кітапхана, өлкетану музейінің тарихи дамуын бағамдау қажет. Абай музейінің ақын мұрасын насихаттаудағы орны ерекше. Ал сол музей қорындағы сан қатпарлы архив деректері мен шағатай, араб тілдерінде жазылған жәдігерлерімізге тісіміздің әлі де батпай жүргені жасырын емес.

Қаламыздағы Достоевский, Невзоровтар музейлерінің өлкенің мәдени өмірін дамытудағы орны қандай? Орыстың атақты жазушысы Ф. Достоевский мен Ш. Уәлихановтың Семейдегі іздері – Абаймен кездесуі мүмкін ба деген дүдәмал сұрақтың жауабын іздеуге негіз болары анық.

Абай – Ұлы тұлға. Ұлылық – заман мен уақыт төрелігіне бағынбайды. Уақыт озған сайын айқындала, айшықтала түседі. Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының: «Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай», – деген сөзі ғасырлар ағысына төтеп берген көрегенді ой. Абай – қазақтың Бас ақыны, Абай – мәңгілік. Бұл – ақиқат.

Ал Абайды тану тек ақын шығармашылығын зерттеумен, насихаттаумен шектелмейді. Абайды тану ұлтты тану, руханиятты тану, өлкені тану, сөз бастаған би-шешендер, қол бастаған батырлар, тәуелсіздікті аңсаған Алаш мұратын насихаттау сынды ауқымды ізденістер жүйесінен тұрады.

Қазақ сөз өнерінің асыл үлгісі Абайдан басталды. Ал Абайдан бұрынғы қазақтың өлең сөзінің жайы қандай болды? Осы арада Абайдың алды деген күрделі тақырып туындайды. Ақтайлақ би, Ақтамберді жырау, Әнет баба, Қисық Тезекұлы, Біке Дарабайұлы, Итеш Кішкейұлы сынды би-шешендердің өнегелі сөздері, ел қамын жалын жырға қосқан ақын, жыраулардың толғауы, ақындардың айтысы, олардың Абайға әсері қандай, өңірімізде әлі де зерттелмей жатқандары кімдер? Абайға дейінгі қазақ поэзиясы мен Абай арасындағы көпір іспетті бұл мұралардың қаузалмай жатқан тұсы неде деген сауалдың астарына үңілу сүбелі зерттеу бағытының бір бағдарын құрамақ.

Семей – Алаш уығы қадалған өлке. Өнер-білім бар жұрттардан қалыс қалмаудың қамын ойлаған алаш идеясы біздің өлкемізде туды. Алаш тарихы ғылыми айналымға енгізілді. Десек те, ақиқатын аршитын толғақты мәселер баршылық.

Қазақ әдебиетіндегі ең күрделі тақырып – әдеби мектеп мәселесі. Абайды ұстаз тұтпайтын ақын жоқ. Абайдың келелі әңгімесін тыңдап, ұстаздық өсиетін құлағына құйған ақын шәкірттері мен Абай дәстүрін жалғастырушылар мәселесін зерттеу бағдарымыздың маңызын айқындамақ. Өлкеміздегі әлі де тарихтың қатпарында қалып қойған, мұралары жинақталмаған тұлғалар жетерлік. Оларды ғылыми айналымға енгізу – әдеби өлкетанудағы ең өзекті тақырыптар қатарынан.

«Абайдың әдеби мектебі» деген тақырып қазақ әдебиеті төңірегінде ғана сөз болмау керек. «Іші алтын, сырты күміс» сөз жақсысын жаза білген Абай – қазақ қана емес, туысқан елдердің де алдыңғы қатардағы ақындарының ұстазы. Башқұрт халқының талантты ақыны Шәйхзада Бабич «Арқа қазақтарында өткізген күндерім» (1910-1911 жылдар) деген күнделік дәптерінде «Құнанбаев өлеңдерінде көңіл толқытарлық артықша күш бар, онан ерекше ләззат аласың, оны татардың Тоқайы, арабтың Имерлкәйсе дәрежесіндегі ақын деп білемін» деп Абай поэзиясына тәнті болғандығын айтыпты. Олай болса, Абай поэзиясының қырғыз, ұйғыр, башқұрт, қарақалпақ, өзге те түркі тектес

елдер ақындарына әсері қандай болды? Абай үлгісімен өлең шығарып, өз әдебиетін жаңа түрмен байытқан кімдер? Әдеби мектеп мәселесін сөз еткенде оның іздерін түбі бір түркі тектес әдебиеттен де іздеуіміз қажет.

Әдебиет тарих түгендеумен ғана жасалмайды. Өткен мен болашақтың арасындағы көпір – ол қазіргі әдебиет өкілдері. Семей өңірінің бүгінгі әдеби шежіресінің бастауында тұрған Тыныштықбек Әбдікәкім, Айжарық Абылқасым, Таласбек Әсемқұлов, Талғат Кеңесбаев, Мұратбек Оспанов, Айгүл Кемелбаева өзге де жас ақын-жазушылар шығармашылығы да әлі де заманауи талдауға сұранып тұрғаны сөзсіз.

Өлкетану дегеніміз – туған жердің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, әдебиеті мен өнері. Яғни, өлкені зерттеумен тек әдебиетшілер мен тарихшылар ғана айналыспау керек. Осындай жалаң қағидадан арылып философтар, өнертанушылар, саясаттанушылар өзге де мамандық иелері жұмылдырылса, бағыт-бағдарымыз айқындала түсері сөзсіз.

**Әдебиеттер**

1. Әуезов М. Шығармаларының 50 томдық академиялық басылымы. 2 т. – Алматы: Ғылым. – 1997.
2. https://semeylib.kz/?page_id=731

ҒТАХР: 17.71.07

## АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ: РУХАНИ ҮНДЕСТІК

**Сабырбаева Р.К.,** ф.ғ.к.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Даналық пен парасаттың қасиеті дарыған, хәкім Абай мен кемеңгер Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылық мұрасы халқымыздың мерейін аспандатар, қазақ руханиятының үздік өнегесін көрсетер ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып қала беретіні ақиқат.

Қос кемеңгердің арасында рухани сабақтастықтың болуы заңды құбылыс. Өйткені екі тұлға арасындағы әдеби, тарихи, мәдени әрі туыстық байланыстар осы құбылысқа басты себеп болғаны даусыз. Олардың өмір сүрген дәуірі, қоршаған ортасы мен айналасы арасында ұқсастықтар бар. Сонымен қатар өзіндік айырмашылықтары да жоқ емес.

«Дүниеге қазақ перзенттері болып келіп, адамзат перзенттері болып аттанған» Абай мен Шәкәрім арасындағы сабақтастық, ұлылар үндестігі өміршең тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпқа әртүрлі кезеңдерде көптеген зерттеушілер өзіндік тұжырымын ұсынып, қос кемеңгердің сабақтастық мәселесінде өз пікірлерін білдірген, айтып та, жазып та келеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, аталмыш тақырып өзектілігін жоймайтын құбылыстардың бірі. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...», деп Хәкім Абай айтқандай, аталмыш тақырыпқа әр кезеңде зерттеушілердің де айтар ойы, қосар үні болатыны белгілі. Сол себепті мақаламызға хәкім Абай мен кемеңгер Шәкәрімнің үндестік, сабақтастық мәселесін арқау еттік.

Қазақ руханияты үшін хәкім Абай ұлы құбылыс, дара дарын иесі. Оның хәкімдік, ақындық құдіреті – қазақ мәдениетінің, қоғамының санасына сілкініс жасаған ойшылдығында деп білеміз. Абайдың ойшылдық, ақындық қасиеті өз айналасына айрықша ықпалын тигізгені ақиқат. Бұл жағдай қоғамдық ой-санаға сілкініс жасап қана қоймай, сабақтастық, үндестік мәселесіне де игі, ізгі әсерін тигізіп, хәкім Абай мектебініңқалыптасуына себеп болды. Абайдыңақыншәкірттерініңтарих, әдебиет сахнасына шығып, хәкім салған сара соқпақтың даңғыл жолға айналуына үлес қосқан тұлғалар болды.

Абай мен Шәкәрім тәрізді ой алыптарының ардақты есімдерін бір-бірінен бөліп жару мүмкін емес. Немере інісі, рухани шәкірті Шәкәрімді ұстазымен сабақтастыру, оның есімін тілге тиек ету арқылы хәкімнің өзге шәкірттерін атаусыз қалдырудан аулақпыз. Бұл шағын мақаламызда Абай мен Шәкәрімнің рухани үндестігі тақырыбында сөз қозғауды мақсат еткендіктен, ұстаз бен шәкірттің ой, шығармашылық тұрғыдағы сабақтастығына ғана тоқталмақпыз.

Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық тақырыбын зерттеу барысында қандай жақтарын қарастыру қажет деген заңды сұрақ туындайды. Абай мен Шәкәрімнің сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық, ә) Абай («толық адам» ілімі) және Шәкәрімнің («Ар» ілімі) адамгершілік

мұраттарының үйлесімділігі, б) Абай мен Шәкәрім дүниетанымын танып білу мәселелерін зерделеу арқылы жоғарыдағы сауалдарымызға жауап таба аламыз.

Аталған үндестікті қос ой алыптарының рухани-эволюциялық тұрғыдан өсу, толысу, кемелдену тәрізді хронологиялық ретіменен зерделейік. Алдыңғы кезекте екі ақынның туындыларындағы идея, тақырып сияқты сабақтастығына шолу жасай отырып, мысал келтірейік. Одан кейін кемелденген тұлғалардың философиялық дүниетанымдарындағы үндестік желісін сөз етпекпіз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Шәкәрімнің есімін, баға жетпес мұрасын, ұстазы Абайдан бөліп, қарастыру мүмкін емес. Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, ойшыл ақын екені, туындыларының дүние жүзі поэзиясының озық үлгілерімен қатар тұратыны баршамызға аян. Санғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған, шашасына шаң жуытпаған, өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындарға бай қазақ әдебиетінде Абайдың құбылыс болуы заңдылық еді. Хәкім ақынды заман туғызды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан сырлы. Ол суреткер, сыршыл лириканы туғызушы сөз зергері. Хәкім ақынның ұстаздық тағылымын, ойшылдық нақылиясын бойына сіңіріп өскен Шәкәрім шығармашылығындағы адамгершілік идеяларыда ұстазының азаматтық ұстанымынан бастау алып, ары қарай өзгеше өрнек үлгісімен өріледі. Бұл тұжырымымызға мысал ретінде, Абаймен Шәкәрімнің адамның мақтан сүйгіш мінезін сатираның сынына алған төмендегі мына бір өлең жолдарынан аңғарамыз. Хәкім Абай өзінің «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?...» атты өлеңінде:

...Абұйыр, атақ сол жанда,
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса?... десе,

«Әсемпаз болма әрнеге...» деген туындысында:

...Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма..., – дейді.

Мақтаншақтық, өзінің қара басы үшін қулық-сұмдық сақтап, әртүрлі амал-айлаға баратын адамның лепірме, мақтаусөзіне илана беруден сақтандырады. Хәкім Абай мақтаншақтықтан, мақтаныш сезімі мен мақтаншақтық қасиетті ажырата білу керек екенін ескертеді. Мақтау, мақтанудың жағымды жағы мен қатар, жағымсыз жағыда бар екенін көрсетеді. Осы тұжырыммен сабақтас, үндестікті Шәкәрім шығармаларынан да аңғарамыз.

Ақынның «Мақтау мен сөгіс» атты шығармасында:

...Дос мақтайды сені жақсы көрмек үшін,
Дұспан мақтар елірте бермек үшін.
Есептемей есірі келін мақтар,
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.
Бұл үш мақтау береме саған пайда,
Мақтаулыны білерлік адам қайда?
Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік,
Жол таптағы, ақылды солай айла.
Кейде дос тажамандар жоқ нәрсе үшін,
Дұшпан сөгер сыртыңнан қайрап тісін.
Өнері жоқ өсекшілел жамандар
Өтірікпе, распа көрмейішін..., – дейді.

Бұл мысалдан хәкім Абаймен оның шәкірті Шәкәрім туындыларының идеялық-тақырыптық жағынан үндестікті аңғарамыз. Бұл тұжырымымызға қос кемеңгердің туындыларынан көптеп мысал келтіруге болады. Шағын мақаламызда екі ойшылдың барлық туындыларынан мысал келтіруден аулақпыз. Өйткені шағын мақаламыздың көлемі оны көтермейді. Жоғарыда мысалға алынған туындыларды идеялық-тақырыптық сабақтастығының бір ғана көрінісі ретінде атап өттік. Ұстаз (Абай) бен шәкірт (Шәкәрім) өздерінің шығармашылығына қазаққоғамы, оның тұрмыс-тіршілігі, олардың арасындағы қоғамдық қарым-қатынастары, адал еңбек, адамгершілік, имандылық сияқты алуан түрлі өмірлік мәні бар өзекті, «мәңгілік» тақырыптар, мәселелерді арқау еткен. Өздері өмір сүрген қоғамның қат-қабат сырларын туындыларының нысанасына айналдырған.

Қос кемеңгер ана тілінің мәйегінен нәр алып, оның тұнығынан сусындай білген. Халық тілінің байлығын, болмысын, құдіретін Абай мен Шәкәрім өз туындыларында шеберлікпен, әрі «қиыннан қиыстыра» білген. Хәкім Абайдың ізбасары өз шығармаларына өзгеше өрнек тауып, қайталанбас қолтаңба қалдыруы Шәкәрім ұлылығын айғақтайтын дүние. Әдеби шығармалардың ежелден бергі нысаны адам болмысы, адамды тәрбиелеу, кемелдендіру болса, ақын бұл бағытта қазақ қоғамының жеке тұлғасын тәрбиелеудің өркениетті үлгісін өз туындыларында сомдай білген, жеке адамды түзету арқылы қоғамды түзету, адам баласының өмір сүру барысындағы үздіксіз іздену, өзін-өзі жетілдіру мәселесіне ден қойғанда ғана тіршілікте үйлесім болатынын ақындық шеберлікпен көркем бейнелеп, ойшылдық таныммен жеткізе білген.

Абай мен Шәкәрім туындыларында уақыт пен кеңістік, адам, оның қарама-қайшы болмысы, мінез-құлқы, қасиеттері, қоғамдық, әлеуметтік мәселелер көрініс табады. Ақындардың туындыларындағы көтерген мәселелері өз заманындағы қоғаммен тығыз байланысты болғандықтан, оның әсері көңіл-күй лирикаларына да арқау болды.

Абайдың «үш сүю», «толық адам» деген ұғымдарының Шәкәрім дүниетанымындағы «ақыл», «нұр», «жанмен тән», «жар» сияқты тұжырымдармен сабақтастығын тауып, ой, идея жалғастығын аңғарамыз. Абай айтқан философиялық танымдар Шәкәрімде өзіндік ерекшелік пен өрбіп, жалғасын тауып отырады. Мысалы, Абай танымындағы «үш сүю» деген тұжырымның мәні өте терең. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас...» атты теологиялық-философиялық тақырыпта жазылған өлеңінде:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөз айырмас...
Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәқиқ біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл, - дейді.

Абай танымындағы «үш сүю» танымын бұл туындысы арқылы осылай ретіменен жүйелеп береді. Алланы сүю, адамзаттың баласын бауырымдеп сүю және үшінші сүю хақ жолы депәділеттілікті сүю. Абай дүниетанымындағы маңызды тұжырым осы. Ойшыл-ақын өзінің «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» атты өлеңінде махаббатпен жаратқан Құдай Иеңді шын жүрекпен, бүкіл жан дүниемен, барлық ақыл-оймен шексіз сүюді, сонымен қатар, өзіңді сүйгендей, барлық адамзат баласын өз бауырыңдай сүйіп, әділдік жолын берік ұстануды өсиет етеді. Бұл ақын дүниетанымында орын алған үш сүю немесе иманигүл деп аталатын күрделі ұғымның бірі.

Осы үш сүюді М. Әуезов Абайдың «адамгершілік турасындағы үгіті», «мораль философиясы» деп бағалайды. Белгілі әдебиеттанушы-ғалым М. Мырзахметұлы академик-жазушының аталмыш тұжырымын «Абай және Шығыс» еңбегіне арқау ете отырып, Абай танымындағы иманигүлдің бірінші сүюі жаратылған пенде өзінің Жаратушысын махаббатпен сүюіне негізделетінін талдап береді.

Екінші сүю, немесе ақын шығармаларында бастан-аяқ үзіліссіз таратылатын ой желісі «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» атауында жатыр. Абайдың «Және сүй хақ жолы деп әділетті» дегені 38-ші қара сөздегі ғақлия, нақлия дәлелдерге сүйене отырып, ұсынатын *әділет* ұғымымен байланысты үшінші сүюді көреміз. Үш сүюді жүрегінің түбіне бойлатқан ойшыл-ақынның өмірінің соңына дейін ұстанып өткен басты қасиеті – әділет жолы болды. Ал 27-сөзден Абайдың бірінші сүюді яғни Алланың пендесіне деген махаббатын, солардың қамын ойлап жасаған хикметтерін танытуға арналған сезіледі және «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде Абай осы мәселеге ерекше назар аударады. Абай танымындағы «үш сүю» немесе «имани гүл» ұғымы ойшыл хәкім насихаттаған «толық адам» дәрежесіне бастайтын құндылықтыр құбылысы.

Ақын тақырыбына арқау болған *«үш сүю»* немесе *«иманигүл»* мәселесі Абай шығармаларында желілі түрде тартылатыны жай құбылыс болмаса керек. Бұл тұжырым Шәкәрімде «жарды» сүю философиялық концепциясы ұғымы мен жалғасын табады.

Хәкім Абайдың жетінші қарасөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй

бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуаттаппайды. Біреуі – білсем екен демекілік... Мұның бәрі – жанқұмары, білсемекен, көрсемекен, үйренсем екен» дейді. Шәкәрімде осы «жан» мен «тән» мәселесі сабақтала түседі. Шәкәрім: «Адамда екі түрлі мақсұты бар, оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбекіз дейтін – жан мақсұты», дейді. Қос кемеңгерде де адамдық қасиеттерді суреттеуде өзара дүние танымдық сабақтастық айқын аңғарылады.

Қазақ дүниетанымына Абай «толық адам» ілімін, Шәкәрім «ар» ілімі тұжырымын енгізді. Аталған екі ілім де форма жағынан әртүрлі аталғанмен мағыналық жағынан бір-бірімен тығыз сабақтас, өзара үндес ой байламдар. Абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы Абайдың «толық адам» ілімі мен Шәкәрімдегі «ар» ілімінің рухани қайнар көздері Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастанындағы сюжеттік желіге арқау болған «жәуанмәрттілік» және Иасауидің «хал» ілімімен тамырласып жатқан рухани құбылыс екенін айрықша атап өтіп, хәкім Абай мен оның шәкірті кемеңгер Шәкәрімнің ілімінің негіздерін түркі дүниесіндегі құндылықтарымен тарихи бірлікте қарастыру қажет екенін пайымдайды.

Қорыта келе, бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт алған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасын, олардың тағылымдық мәнін бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерделеу – заман тудырып отырған қажеттілік деп тұжырымдаймыз. Ұлт болашағы жастар десек, оның негізгі нәр алатын өзегі әдебиеті мен тілінде. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық руханияттың алатын орны ерекше, оны қалыптастырушы өкілдердің қатарында Абай мен Шәкәрім шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні мен мазмұны айрықша.

Хәкім Абайша пайымдағанда, «толық адам» дәрежесіне жетіп, Шәкәрімше айтқанда, «ар» ілімін ұстана отырып, Фараби бабамыз мақсат еткен «парасатты адам» қоғамын қалыптастыру. Аталған құндылықтар құбылысы бүгінгі тәуелсіз еліміздің кемелденуіне қызмет ететін рухани игіліктер деп білеміз.

**Әдебиеттер**

1. Әбдіғазиұлы Б Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – А., 2000.
2. Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер,дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С. Дәуітов, [А.Құдайбердиев]. – Алматы: Жазушы, 1988. – 559 б.

ҒТАХР: 16.21.55

## ШӘКӘРІМНІҢ А. ПУШКИННЕН АУДАРҒАН «БОРАН» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАСЫ

**Сағанаева Г.Б.,** ф.ғ.к, аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

**Талгатбекова Д.Д.,** 1-курс магистранты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет
(Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Қазіргі таңда адамзаттың рухани мәдениетін зерттейтін филология саласындағы өзгерістерге сәйкес сөз өнерінің ерекшеліктерін тілдік тұлға мәселесі тұрғысынан қарастыру көзделген. Бұл мәселеде әдебиеттануда қолданылатын лингвистикалық, лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық талдаулар ақын-жазушылардың өмірбаяны, шығармаларын оқытып, жай талдау беріп қана қоймай, сонымен бірге әдебиет пен лингвистиканы ұштастырады. Бұл тұста шығарма тілін лингвистикалық тұрғыда талдау әдеби туындының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге құбылыстардың көптеген мәселелерін шешуге өз әсерін тигізеді. Лингвопоэтикалық талдау алғаш поэзия материалдарына енгізіліп, кейіннен прозада, сосын салыстырмалы-салғастырмалы салада кеңінен таралды. Тек әдебиетте қолданылатын лингвопоэтикалық талдау кейінгі кездері басқа салаларда, мысалы, жарнамада да қолданыла бастады.

Әдеби процесте болған құбылыстарды бірінен-бірін ажыратып, жеке-жеке қарастыруға болмайды. Олар өзара тығыз байланысты. Мәселен, XX ғасырдың басында көркем проза үлгілерінің пайда болып, нығайып, орнығa түсуіне бірден-бір себеп болған әдеби құбылыстардың бірі – аударма

деуге болады. Абайдан кейінгі ұлттық әдебиеттегі көрнекті суреткер, ақын, прозашы, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық әлемі, оның ішінде «Боран» аудармасына тоқталып, лингвопоэтика тұрғысынан талдау зерттеуіміздің басты мақсаты болып отыр.

Шәкәрім әлем әдебиетінен көркем аударма жасау ісіне үлкен талғаммен келген. Шәкәрім қазақ аударма саласына Хафиз, Пушкин, Толстой, Гарриет Бичер-Стоу сияқты адамзат мәдениетіне мәңгілік құндылықтар әкелген суреткерлер шығармаларын аударумен келді [1]. Шығыс, Батыс, орыс әдебиетінің озық үлгілерімен таныс болған ақын қазақ өлеңіне жаңа мазмұн мен жаңа өрнек алып келіп, поэзияға үлкен талаптар қоя білді [2]. «Өкінішке орай, Шәкәрімнің осы бағыттағы, яғни көркем аударма өнеріндегі өзіндік қолтаңбасының табиғатын біртұтас әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде ашып көрсетуге бағытталған арнайы ғылыми зерттеу жұмыстарының әлі де болса жеткілікті дәрежеде еместігін мойындауымыз керек» [3] деген Б. Әбдіғазиұлының пікірі әлі де өзекті.

«Шәкәрімнің көркем аударма принциптері мен жүйесінің өзі үлкен рухани тәжірибе, тағылым, үлгі» [4]. Ол тәржімалаған қай шығарманы алсақ та, одан түпнұсқа тілінен гөрі қазақ жұртының ұғымына жақындықтың иісі аңқып тұрады. Көп жағдайда қазақ өмірінен алынған оқиғалар жайындағы төлтума туындылар секілденіп кетеді. Ақын Пушкиннің «Дубровский» мен «Метель» әңгімесін 1908-1912 жылдарда өлеңмен еркін аударғанда әрбір сөзінің мәніне терең үңіліп айрықша мән берген. Оның түпкі идеясына, ақындық ирініміне терең сезімталдықпен қарап жалпы адамзаттық мәселелерді қозғайтын ойларымен өз жандүниесі де үйлесім тапқан.

Шәкәрім шығармашылығы, оның ішінде аудармалары оның тілдік тұлға, ірі шығармашылық иесі екендігін дәлелдей түседі. Оның өлеңдері әдеби стильдің дамуына, ондағы тілдік нормалардың қалыптасуына ықпалын тигізсе, қазақ тілінің сөздік қоры ақын өлеңдерінде, шығармашылығында тұтынған тың, жаңа сөздер арқылы толықты, осылайша автор жекелеген сөздердің аксиологиялық өрісін кеңейтті. Әрине, оны толық сезіну үшін Шәкәрім өлеңдерінің мәтініне, оның ерекшеліктеріне, қайсыбір сөздердің мағыналық өрісіне тоқталу жөн. Мағыналық өріс кез-келген сөз емес, аксиологиялық мәні бар, бағалауыштық мәнді сөздер, шығармашылық иесі ретіндегі тілдік тұлға өте жиі қолданған әрі ерекше екпін түсіре айтатын тілдік бірліктер арқылы анықталады. Ондай бірліктерге лингвомәдени бірліктер жатады. Тілдік маңызы ерекше лингвомәдени бірліктер мәтінге негіз болады, мәтіннің тұтастығын түзуге, оны сақтауға, сонымен бірге автордың ішкі жан-дүниесін ашуға көмектеседі.

Зерттеу нысанымызға келетін болсақ, «Боран» бес-алты беттен асатын шағын әңгіме, оны Шәкәрім 248 жол өлеңге түсірген. Кейбір кісі аттарына жасаған сәл-пәл өзгерісі болмаса, мазмұны сақталған [5]. Қазақ ақыны өлең сөзбен жырлаған бұл шығарма «Әдебиет майданы» журналында 1936 жылы алғаш рет жарық көрді [6].

«Боран» повесінің табиғаты «Дубровскийден» өзгешелеу. Мұнда алдыңғыдай өткен ғасырдағы орыс имениелеріндегі өмірдің кең панорамасы, күрделі әлеуметтік қарым-қатынастар, характерлер қақтығысы, әділетсіздік пен қиянат көріністері, ақ пен қараның күресі сипатталмайды. «Боранға» арқау болған сюжет негізінде кездейсоқ бір оқиға, оған қатысқан бірнеше адамның қилы-қилы тағдыры» жатыр [3].

Шәкәрім А. Пушкин сюжетінің оқиға желісін сол қалпында сақтайды. Шәкәрім сол арқылы Пушкиннің мақсатын, шығарма сюжетін өзгеріссіз жеткізуді ойлаған. Дегенмен, «Дубровскийдегі» сияқты шығармашылық еркіндікке де жол береді. Түпнұсқада баяндалатын кейбір эпизодтық көріністер мен оқиғаның өрістеуіне тікелей ықпалы жоқ баяндауларды қазақ ақыны тастап кетіп отырған. Жер, адам аттары өзгертілген. Мәселен, Шәкәрім түпнұсқадағы Ненарадов поместьесін «Нинандырып қаласы», Жадрино селосын «Шадрин қышлағы» деп, ал Гаврила Гавриловичті «Саврило Сағролвич», Бурминді «Бермин» деп алған. Себебі әрине, беймәлім, дегенмен бұл арадағы қазақ ақынының авторлық позициясы негізінен өз оқырмандарына неғұрлым ұғынықтырақ, жақынырақ болудан туса керек.

Шығарманың оқиғасы Нинандырып қаласында өтеді. Бас кейіпкерлері Саврило Сағролвич деген байдың қызы Мария мен туған деревнясына демалысқа келіп жатқан жас офицер, Пушкинше айтқанда «бедный армейский прапорщик» [7]. Екі нұсқада да жігітке бұдан өзге мінездеме, сипаттама берілмейді. Ал А. Пушкиннің «…Марью Гавриловну, стройную, бледную и семнадцатилетнюю девицу. Она считалась богатой невестою, и многие прочили ее за себя или за сыновей. Марья Гавриловна была воспитана на французских романах, и, следственно, была влюблена», – деп [7] суреттейтін сұлу да ақылды бойжеткенге берген мінездемесін Шәкәрім бір ғана шумақ пен қайырады.

Қызы Мария бек сұлу, һәмәдепті,
Сол жылы он жетіге жасы кепті.
Оны көрген боз бала ынтық болып,

Дариға-ай, осы қызды алсақ депті [8].

Бір қарағанда қазақ оқырманына соншалықты түсінікті әрі жақын арудың бейнесі дәл кестеленгендей көрінген мен, Шәкәрім бұл эпизодта түпнұсқа да бар бір қатар детальдарды елеусіз қалдырған. Мәселен, Шәкәрімде «богатая невеста», «воспитана на французских романах» деген ұғымдар аты мен жоқ. Бұл тіркестің мағынасын дастанның алғашқы шумағындағы қыздың әкесі «Саврило Сағролвичдей тұғын бай» деген бір жоларқылы берген. Марияның бай екені осыдан-ақбелгілі болмақ.

А. Пушкин повесінде Владимир мен Марияның ғашықтығына қыз ата-анасының қарсы екендегі «…родители его любезной, заметя их взаимную склонность, запретили дочери о нем думать, а его принимали хуже, нежели отставного заседателя» [7] деген қысқағана сөйлем арқылы берілсе, Шәкәрім бұл эпизодты төрт-бес шумақ өлең мен өрнектейді:

Бұл сырды бәйбіше мен бай да білді,
Екеуін жолықтырмас айлақылды.
Владимир келгенде кекеп-мұқап,
Мысқылдап айта берді қайдағыны [8].

Бір қарағанда көпсөзділік орын алғанымен Шәкәрім үшін бұл шумақтар А. Пушкин повесінің астарында бұғып жатқан бірқатар сырларды ашуға аса қажет болғанға ұқсайды. Шәкәрімнің қазақ оқырманына Пушкин ойын неғұрлым тарата жеткізуіне тағы бір дәлел, А.Пушкиннің повесінде екі ғашықтың жолығысып тұруына қыз төркінінің қарсы болу себебі айтылмайды. Ал Шәкәрімде қыздың әке-шешесі жігіттің кедейлігін бетіне басады. Мұқият үңілсек, А. Пушкин бұл ойды таратып жатпай-ақ, «бедный армейский прапорщик» [7] деген тіркес арқылы сездіріп кеткен екен. Орысша нұсқаны дәлме-дәл қайталап, Пушкинше қысқалықпен шектелсе, Шәкәрімнің оқырмандары алдында түсініксіз жайлар қаулап шыға келер еді. Осы сауалдарды болдырмас үшін ол қыздың әке-шешесінің аузына жоғарыдағыдай сөздер салады, жігітті «кекеп-мұқатады».

Енді повестің Шәкәрім дастанына кірмей қалған кейбір тұстарын саралап көрелік. Бұл, ең алдымен, Марияның батыл қадам жасап, ата-анасының ризашылығынсыз некелесуге бел буған сәтіне қатысты. Түпнұсқада Мария қыз бұл қадамға бір тәулік бойы дайындалады. Әке-шешесіне, жақын құрбысына түсіндіріп хат жазады, хаттарды алаулаған екі жүрек суретімен өрнектелген сақинамен мөрлейді, айналасындағы заттармен қоштасады, түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмай, шым-шытырық түс көреді, ауру адамдай сенделіп ертеңгі күнін әзер өткізеді де сол күні түнде үйінен ұрланып қашып шығады. Ал Шәкәрім болса, бұл эпизодты мейлінше ықшамдаған. Оқиғаны бір ғана кештің ауқымына сыйғызған. Қыздың түс көру сахнасы жоқ.

Түн болған соң Мария дайындалды,
Бірге өскен малай қызын қасына алды.
Шкаф, айна, столға амандасып,
Шамаданға киімін түгел салды.
Хат жазды ата-анадан кешу сұрап,
Асықтық әкеткенін айтты жылап.
Конвертке екі жүрек сурет салды,

Сыртынан тұрғандайғып от шашырап [8]. Аталмыш эпизодтағы қыздың психологиялық портретін жасауға, жетілдіруге, образдың бояуын қалыңдата түсуге септігін тигізерліктей түс көру сияқты әсерлі тұстарды бейнелей кетудің де артық болмастығына тап айтқан жөн. Оның орнына Шәкәрім А.Пушкин повесіндегі кейбір болмашы детальдарды нақтылай түседі. Мәселен, түпнұсқадағы «…она в тайне прощалась со всеми особами, со всеми предметами, ее окружавшими»,- деген [7] тіркестегі «предмет» сөзін «шкаф», «айна», «стол» деп нақтылай түседі, қыз киімдерін Пушкинде жоқ «шамаданға» «салғызады». Сондай-ақ «Запечатав оба письма тульской печаткою на которой изображены были два пылающие сердца с приличной надписью», – деген [7] жолдарды да неғұрлым ұғынықтырақ болу үшін өз сөзімен өрнектейді. Сөз жоқ, қазаққа «тульская печатка» ұғымы беймәлім, сол себепті де Шәкәрім Марияға хат сыртына айналасына от шашып тұрған қос жүректің суретін «салдырады». Әрі нанымды, әрі сол сәттегі қыз жүрегіндегі алаулаған махаббат сезімімен тыныстас сурет.

А. Пушкин суреттейтін Владимирдің басындағы әуре-сарсаңның қарбалас тынысын Шәкәрім шумақтың ең соңғы тармағына сыйғызады.

…Көңілімнің көзіне елестейді

Берминнің кешу сұрап жылағаны, – деп [8] аяқталады Шәкәрімнің дастаны. Оқырман жүрегіне жақын сурет. Ғашықтарға тілеулес оқырманның көз алдына шынында да осы сәтте дәл осындай суреттің келетіні анық. «Көңілімнің көзіне елестейді» деу арқылы Шәкәрім орыс повесіне қазақы қасиет дарытқандай болады.

Аталмыш туындыны қазақ қауымына жеткізу мақсатындағы Шәкәрімнің шығармашылық қолтаңбасы мен даралығы айрықша жаңа қырынан көрінеді. Оларда «Пушкин жетектеп, Шәкәрім еріп отырған. Және беталды жүре бермей әңгіменің ізін басып «қисынын тауып» кестесін келтіріп, өзінше өрмек-сырмағын салып, дәмді дастан етіп алып шыққан» [9]. Тілдік тұлғалардың бел ортасынан Шәкәрім ойып тұрып өз орнын алады. Ақын ретінде шұрайлы тілі арқылы қалыптастырған (*ақылсыз мас, ойсыз құлақ, мисыз бас* сияқты) Шәкәрімге ғана тән қолданыстары, тілдік бірліктері, өз танымы нәтижесінде, индивид ретінде өзі түсінген әлемінің суреті – әлемнің тілдік бейнесі бар тұлға. Шәкәрім өзінің танымының кеңдігімен, қазақ этносының көптеген ұғымының мазмұндық межесін кеңейтті, әлемнің тілдік суретін байытты, ұғымдардың санын толықтырды, сапасын арттырды. Нәтижесінде қазақ түсінігіндегі әлем бейнесі Шәкәрім арқылы толыққанды бола түсті. Тілдік тұлға ретіндегі оның еңбегі, еңбегінің нәтижесі осы орайда мейлінше айқын көрінеді.

Профессор Б. Момынова З.К. Тарлановтың тіл мен этнос, тіл мен этностың арақатынасы, оларға тән ерекшеліктері жайлы сөздерін келтіре отырып, тілдік тұлға – Шәкәрімді халықтың қасиетті жадын сақтаушы, әрі қарай ілгерілетуші, келесі ұрпаққа жеткізуші, сөйтіп ұлттың өмірін жалғастырушы [10] деп бағалайды.

Қорытындылай келе, өз шығармалары арқылы Шәкәрім халық жадында сақталған мәдени тілдік бірліктердің өмірін ұзартты, оларға өзіндік сипат қосып, үстемеледі, олардың ұғымдық аясын кеңейтті, сөйтіп әлемнің тілдік суретін байыта, түрлендіре түсті, жаңарта алды, жаңғырта білді. Сондықтан тілдің санадан тыс өмір сүрмейтініне және тілдің ақиқаты түйсіну философиясымен тығыз байланысып жататынын дұрыстығына Шәкәрім шығармаларын талдау барысында көз жеткіздік. Көркем әдебиетімізге тыңнан қосқан үлесі зор, көркем аударманың негізін қалаған Шәкәрім аудармаларының лингвопоэтикасын талдай келе, ақын шығармаларының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге, құбылыстардың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік алдық.

**Әдебиеттер**


1. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей, 2008.
2. Шәкәрім поэтикасы Автореферат / С.Д. Ізтілеуова. – Алматы, 2007. – 50 б.
3. Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б. «Шәкәрім әлемі» сериясы.
4. Тәжібаев Ә., Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев // Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 5-24.
5. Күмісбаев Ө. Шәкәрім және Пушкин // Егемен Қазақстан. – 2006. – 14 қараша. – 5 б., Абай. – 2011. – № 1. – 34-40 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Боран // Әдебиет майданы, 1936. – № 2. – Б. 49-55.
7. Пушкин А. Метель //Пушкин А. Избранные сочинения. В двух томах.Т.2.-Москва:Художественная литература, 1980. – С. 401-410.
8. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
9. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
10. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі: (лексика-функционалды ракурс) / Б. Момынова; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Арыс, 2008.



ҒТАХР:16.31.02


## ИНТЕРНЕТ ДИСКУРС ЖӘНЕ ТІЛДІК ОРТА


**Жумагулова А.М.,** ф.ғ.к., аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басындағы жаңа ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы, әрі дендеп енуі адам өмірінің өзгеруіне, қарым-қатынас жасауына ықпал ететін маңызды факторларға айналды. Соған орай, бүгінгі адамзат баласы «ақпараттық қоғамда өмір сүруде» деген тұжырым еш күмән тудырмайды.

Қолданыстағы жаһандық желі тек ақпаратты (мәліметті) жеткізу құралы ғана емес, сондай-ақ адамның бағыт-бағдарын айқындап отыратын маңызды құралдардың бірі қызметін де атқаруда. Мәселен бүгінде адам желі арқылы пайдалы ақпараттарды ала алады, тіптен өмірлік серігін, саяхатқа шығатын жолсерігін табады, ұтымды сатып алу, сату әрекеттері болады, жұмыс жасап пайда табады, келісімшарттар жасайды, әйгілі немесе танымал болады, қызығушылық мүдделері ортақ жандармен сұхбаттаса алады т.б.

Адамның осылайша желілер әлеміне еніп ықпалдасуы, тікелей қатыстылығы түрлі білім саласындағы зерттеушілердің, оның арасында тіл білімі ғалымдарының да айырықша назарын аудартуда.

Адамдардың тілдік қатынас кезін зерттеуде лингвистикада жаңа серпін бар екені байқалады. Өткен уақыттарда лингвистика гуманитарлық контекст аясында қарастырылса, ал қазірде тіл мен сөйлеу философия, әлеуметтану, психологияның да бір бөлшегі бола алады.

Мұндағы интернет тілі, интернеттегі өзара байланыс, интернеттегі мәдени орта мәдениетінің көрінісі бүгінде анықталып отырған «қолданыстағы мәтін» яғни, дискурс дефиницаларын тағы бір қырынан анықтауға мүмкіндік береді. Өйткені, дискурсты зерттеушілердің басым көпшілігі абстрактілі тіл жүйесін емес, қарым-қатынас кезіндегі сөйлеуге баса назар аударады. Сөйлеу әрекеті кезіндегі барлық мүмкіндіктер мен тілдік құралдардың қолданысы ескеріледі.

Әдетте интернеттегі өзара қарым-қатынастың екі түрі аталып жүр. Олар: контактілі, дистантілі. Бұлар өзара айырмашылықтары арқылы ерекшеленетіні белгілі.

Қарым-қатынастағы сөйлеу әрекеті көп жағдайда екі адамның диалогтық қатынасы арқылы жүзеге асатыны айқын. Диалогқа түскен екі тұлғаның арасындағы жағдаяттық, тілдік, әлеуметтік, этномәдени, психологиялық ортақтастықтардың болуы нәтижесінде өзара қарым-қатынас жүзеге асады. Диалогта қарым-қатынасқа түсушілердің сезімі мен көңіл-күйлері, сол сәтте тоқталмай кетуге болмайтын үзілістер, интонациялық бедерлер, бет жүзіндегі өзгерістер мен ым-ишара қалтарыстары түгел қамтылады. Демек, тұлғаралық қатынас жүзеге асырылады.

Тұлғаралық қатынас әрбір халық пен ұлттың этностық қарым-қатынас ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Мұндай қатынас интернет дискурсындағы диалогта да көрініс береді.

Диалогқа түскен екі тұлғаның арасындағы қарым-қатынаста ұлттық тіл, яғни, таңба, сол тілді қолданушы, әрі оны түсініп қабылдаушы болуы маңызды екендігін белгілі лингвист ғалым Б. Қалиұлы өзінің ғылыми ойларында атап айтады [1].

Дегенмен кез-келген кездегі, мейлі ол желі арқылы байланыста да болсын дискурс жағдайындағы әр ұлттың өзіндік сөйлеу ерекшеліктері байқалады. Бұл тұста да қазақ сөз мәдениетінің, сөз әдебінің қалыптасуының заңдылықтарын естен шығармаған абзал. Қандай ортада болмасын сөйлесу жағдайындағы қалыптасқан ережелер ескерілмесе сауатсыздыққа, сөз сараңдығына алып келетіні белгілі.

Дискурстық қарым-қатынастың сәтті жүзеге асырылуына көп ретте ұлт өкілдерінің өзіндік менталитеттері, ұлт тілінің ықпалы болатыны байқалады.

Сондықтан дискурс қызметі кезінде ең бір ескерілетін жайт – ұлттық тіл, ұлттық менталитет, ұлттық мінез көріністері. Қарым-қатынастың қандай түрінде болмасын дискурс негізінен тілдік ортада, адамдардың өзара тілдік қатынасынан көрініс табады.

Коммуникация барысындағы әрбір жеке адам өзіндік тұлға екені айқын. Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Тұлға – философиялық тұрғыда адамды «адам» ретінде тануға, яғни, оның рухани-адамгершілік, ділдік, мәдени қырларына баса назар аударуымен пайымдалады [2].

Тұлғаның үнемі қалыптасуында интернет – жаңа байланыс арнасы ғана емес, сондай-ақ ол қарым-қатынастың барлық қырын қамтитын жаңа әлеуметтік мәдени орта деп түсіндіріледі. Мұндағы тілдік орта дегеніміз – қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы.

Сондай-ақ оның құрамына қарым-қатынас құралы, сезім ойларын жеткізу құралы болып саналатын тіл де енеді. Тілдің ауызша және жазбаша формалары арасындағы айырмашылықтар әрқайсысының өзіндік жеке материалды негізінің болуы арқылы, тұрмыстық қолданыстағы ерекшеленген формалары арқылы көрініс табады. Ауызша тілдің материалды негізін ауада таралатын дыбыстық толқындар, жазбаша тілдің материалдық негізін кез келген тәсілмен жазылған контрастық фондағы әріптер құрайды (бояу, жарық, т.б.).

Ауызша тіл – бұл қарым-қатынасқа тікелей байланысты жүзеге асырылатын дыбыстық тіл, ал жазбаша тіл – бұл қосымша таңбалық жүйелерден тыс жазылатын, сондай-ақ уақыт пен кеңістікте көрініс табатын тіл.Бұл ретте таңба түсінігінің қолданысы турасында берілген анықтамалардың бірінде оның терең тамырлы, екі жақты құбылыс екендігі,яғни, белгіленуші мен белгілеушінің қатынасынан пайда болған деп анықтама беріледі [3].

Желілік байланыс арнасы коммуникант жасаған мәтіндерді жазбаша жазып алуға мүмкіндік береді. Ал онлайндық қатынас желідегі тұтынушылардың сұхбатын жүзеге асырады, яғни, жазбаша тіркеу емес, әңгімелесу түрінде жүреді (мысалы, «чатта әңгімелесу», «чаттан есту»), т.б. және олар ауызша формадағы сұхбаттасу қалпына сәйкестендіруге тырысады.

Дегенмен интернетпен қатынас жасау кезіндегі, яғни, желі байланысына қатысушылардың қарым-қатынас кезіндегі барлық сауаттылық ережелерін сақтамаудың айқын көріністеріне тоқталмай кетуге болмайды. Бұл бүгінгі лингвоэкологиядағы қарастыруға тиіс негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Солардың бірі ретінде – компьютерлік сленгтердің барынша көп болуын атауға болады.

Шынайы өмірде компьютерлік сленг пен қарапайым қатынас арасындағы айырмашылықты табу қиын болып отыр. Себебі, желідегі байланысу адам өміріне әбден сіңіп кеткен. Сондықтан жастар интернетпен сөйлескенде ондай сленгтік тілсіз сөйлесу нормасын тіпті көз адына елесте де де алмайды.

Интернет дискурсының тағы бір ерекшелігі – бұл смайликтерді (латын тілінен алғанда smaile – күлкілі езу) пайдалану (смайликтерді ең алғаш 1982 жылы Скот Фарман деген адам ойлап тапқан). Смайликтер – графикалық бірліктер. Бұл бірліктер коммуниканттардың эмоциясын (көңіл-күйін) білдіру мақсатында қолданылады. Смайлик – дәстүрлі жазбадағы пунктуациялық әріптер мен цифрлардан құралған графика. Смайликтерді қолдану коммуниканттардың ауызша сөйленісін білдіретін көрсеткіш бола алады. Әрі бүгінде дискурстық қарым-қатынаста қосалқы қарым-қатынас қызметін атқарып отыр.

Интернет дискурсында да дискурстық белгілерге тән қарым-қатынасқа түсушілердің құбылысқа деген көзқарасы, эмоциясы беріліп отырады. Мәселен, тек бас әріптердің ғана қолданылуы айғайлау, жар салу **(**ҚУАНЫШТЫ ЖАҢАЛЫҚ!) дегенді де білдіреді.

Желі қатынасындағы сөйленістік үзіктелуі (фрагментациясы) қарым-қатынастың сан алуан түрлерінде бақыланады. Соның ішінде, өз өмірі жайлы сөз қолғалған мәтіндерде, өзге бір мәселені талқылаған мәтінде, белгілі бір жағдаятты сипаттаған мәтінде жиі көрініс табады. Бұндай мәтіндерде ауызша сөйленіс үзіктемелерін емес, таза жазбаша қолданыс түрі кеңінен байқалады. Ал таза жазбаша шығармашылықта түрлі оралымдар, түрлі синтаксистік құрылымдар молынан қолданылады.

Сонымен, интернет – коммуникациядағы жазбаша сөз, ауызша сөйлеудің (интонация, тон) паралингвистикалық құралдардың (сурет, фотосурет, шрифт, түс, графикалық символдар (смайликтер) және т.б.) жазбаша сипатына қарай бейімделуін көрсетеді. Алайда интернет арқылы қарым-қатынастың кемшін тұстарының бүгінгі лингвоэкологиядағы шешілуі тиіс мәселелердің бір болуы орынды.

Интернет дискурста тілдік таңбаларды, стильдік құралдарды, риторикалық тәсілдерді дұрыс, орынды қолдану арқылы ой, сезімін дәл, өткір етіп жеткізу тілдік тұлғаның сөз қолдану дағдысына, дәстүрлі біліміне, оқып-үйренген біліктілігіне, өмірден алған тағылымы мен тәжірибесіне байланысты. Бұлар жеке тұлғаның тілдік санасын қалыптастыратын факторлар болып саналады. Сондықтан желі арқылы дискурстық қарым-қатынасты жүйелі ұйымдастыруда тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп, оның тазалығын, дәлдігін, әуезділігін, анықтылығын сақтауға мән берген жөн. Нақтырақ айтсақ, дискурс дефиницаларын тиімді, сауатты пайдалана отырып, тіл экологиясын сақтау шарасын назарға алу тиіс.

Сондықтан «таза тілді» қолдану мәселелерін экологиялық тұрғыдан қарастырудың да мәні айырықша. Тілді тұтынушының, яғни, тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін түсіндіру де лингвоэкологияның міндетіне жатады. Әрі сөз экологиясы тілдік ортаны бейпіл сөздерден, шет тілдік сөздерді уәжсіз қолданудан, жаргон сөздерден, құнтсыздықтан кететін қателерден таза ұстау үшін күреседі.

Қай-қайсымыз болсақ та белгілі бір тілдік ортада өмір сүреміз. Сол ортаны жұтатпай, көркейту, көріктендіру, мәдениелендіру сол тілдік ортадағы адамдардың рухани өсіп-жетілуіне, дамуына игі ықпалын тигізеді. Жан-жануарлардың, өсімдіктердің өсіп, өніп көбеюі қоршаған табиғи ортаның салауаттылығына байланысты болса, адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның саламаттылығына тікелей тәуелді.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын АР 19680032 «Әлеуметтік желідегі лексиканың құрылымдық-семантикалық және лингвомәдени аспектілері»ғылымси жоба негізінде әзірленді.*

**Әдебиеттер**

1. Қалиұлы Б. Дискурс және оның тілдік белгілері // eb.arsu.kz
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – ISBN 5-89800-123-9, VIII том
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 304 б.
4 Қазақ интернет тілінің мәдениетіhttps://kk.wikipedia.org

FTAXP: 17.01.45

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ПОЭМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Ақманова Ғ.Р.,** п.ғ.к.
Alikhan Bokeikhan Universitety
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Шәкәрімнің поэмалары – Абай шәкірттерінің ішіндегі тау басында өскен жалғыз бәйтеректей орны бөлек, ерекше туындылар. Оның қаламынан туған «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмаларының өзіне дейінгі дастандардан өзгешелігі – мәселені фольклорлық не таза романтикалық түрде шешпей, жазба әдебиетке тән күрделі проблемаларды қоюы мен қатар, оларды тарихи-әлеуметтік, әдеби-эстетикалық талаптарға сәйкес. «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік – Кебек» қазақ әдебиеті тарихында бұрын болып көрмеген құбылыс, жаңа әдеби дәуірді туғызған шығармалар [1]. Бұл поэмалар дәстүрлі махаббат тақырыбына арналғанымен, тақырып пен сюжетті меңгеруі жөнінде өзіндік дүниетанымын, қазақ қоғамына тән реалистік бағытын байқатты.

Ақынның қазақы оқиғаларды жырлайтын поэмаларының үшеуі де бір тақырыптас. Үшеуі де жастардың махаббат бостандығына, ел дәстүрінің ұл мен қызды ерте атастырып, қалың мал беріп, махаббаттың өрісін шектеп, байлап-матап қоятын ғұрпына, шариғатпен шектеп тастайтын басқа да салтқа наразылық тұрғыда жазылған.

Осы поэмалардың қай-қайсысында да ақын, тарихшы, өсиетші Шәкәрім бірдей көрінеді. Автордың тарихшылығы поэмалардың кіріспе бөлімдеріндегі қазақ тарихына байланысты жайларды ата-текті таратушылықты жіктегенінен ғана емес, шығармалардың тұтас мазмұнындағы оқиғалардың баяндалуынан да анық танылып отырады. Шәкәрімнің туындыларының бәрі негізінен тарихты қайта жаңғыртты, өткен қоғамның сыр-сипатын әр қырынан танытатын, бұрынғы ата-бабаларымыздың тағдыр-тіршілігін көрсететін дүниелер.

Бұл поэмалар – өткен істі баяндап беретін жалаң әңгіме емес, тарихтың танымы мол, тәрбиелік жолы ашық, ел санасын оятатын, өткен заман мен бүгінгі күнді байланыстыратын көркем туындылар.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» дастаны 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан «Мұтылған» деген лақап есіммен жарық көрген. Шәкәрім кітапты «Қазақ тіліндегі тарихи хикая» деп атап, кіріспе сөз жазған. «Қалқаман – Мамыр дастанындағы тартыстар жүйесі ғашық жастардың өз махаббаттары үшін күрескен тұсынан басталады. Шәкәрім халық басындағы тарагедиялық жағдайды көрсете отырып, жастардың махаббат еркіндігі үшін күресін әлсіз болса да қарсылығын көрсеткен. Екі жастың бел буып күреске шығуынан басталатын терең драматизм соңында трагедияға ұласады. Поэмадағы тарихи оқиғалар көркем сабақтасып, кейіпкерлер психологиясының ерекшелігімен өрілген драматизмнің трагедиялықпен ұласқанын байқауға болады. Себебі қандай да болмасын драматизм адамдардың ішкі жан дүниесіндегі күйзелістен, психологиялық терең тебіреністен, қақтығыстан шығады. «Қалқаман – Мамыр» поэмасындағы басты тартыс екі жастың қосылуына қарсы болған ел азаматтары мен ғашықтардың арасынан басталады.

«Қалқаман-Мамыр» поэмасы мектеп оқулығының 8-сыныбында берілген. Оқулықта поэманы талдау немесе тақырыптық аясы жайында сөз болмайды, басынан аяқ поэманың мәтіні толық беріледі. Өйткені, 8-сыныпта әдеби-теориялық жағынан шығарманы талдау жұмыстары

жүргізілмейді [3,9]. Шәкәрім шығармаларын талдау 10-сыныптан басталады [4, 12]. Поэма мәтінінен кейінгі сұрақ-жауап тапсырмалары – шығарманың мазмұнын меңгертуді нысанаға алып берілген тапсырмалар.

Енді осы «Қалқаман – Мамыр» поэмасын оқушыларға игерту үшін мұғалім осы поэма туралы зерттеу еңбек жазған ғалымдар еңбегін, драмадағы образдар жүйесін саралай отырып, алдымен, шығарманың идеясын ашып алса дұрыс болмақ. Белгілі ғалым Ш. Сәтбаеваның, Б. Әбдіғазиұлының талдауларынан, олардың пікірлерінен үзінділер келтіре отырып, оқушылардың өзіндік көзқарастарын қалыптастыру керек.

Шәкәрім Сәтбаеваның «Қалқаман – Мамыр» поэмасындағы тарихилық мәселесі туралы айта келе: «Қазақ даласының шындығын тарихи тұрғыдан жақсы таныған Шәкәрім екі ғашықтың өмірлік тарагедиясын бүкіл елдің трагедиясымен шебер жалғастырды», ғалым Б. Әбдіғазиұлы: «Ғашықтар трагедиясы Шәкәрімге өзгелерден өзгеше әсер етті. Ақын осынау махаббат мұңлықтарының басындағы қайғылы хал мен ел, қоғам басындағы трагедияны асқан шеберлікпен, ақындық көрегендікпен ұштастыра отырып, ол туралы тамаша туынды жасай білді. Ел ішіндегі бір ғана махаббат тарихын баяндау арқылы ақын қазақ қоғамының сол кездегі этнологиялық сыр-сипатын ашып берді. Поэманың ең басты құндылығы оның әлеуметтік астарының тереңдігінде жатыр дейтініміз сондықтан» [1], – деген т.б. пікірлерін оқушыларға тыңдата келе, олардың да жеке көзқарастарын қалыптастыруға болады.

Дастанның көркемдік ерекшелігін ашатын сырлы сөздер «мөлдіреп нұрлы жүзі», «салқын тер», «қызарды, бір ағарды» т.б. тіркестері поэма кейіпкерлерінің ішкі психологиялық жай-күйін беретінін, «шариғат қосады», «өзі оңдасын ақырын қақ тағала», «аллаға бабаң сонда сыйыныпты» тіркестерінің қазіргі дін тану сабақтарымен байланысын көрсетіп, пәнаралық байланысты да жүзеге асыру – шебер мұғалімнің еншісіндегі жұмыс. Себебі, екі жастың бірін-бірі сүюі шынайы таза махаббат болса, генетикалық тұрғыдан қазақ дәстүрі мен ғасырлар бойы қалыптасқан ата заңына қарсы болса, осындай екі оттың ортасынан шығудың амалы ретінде шариғат заңы дегенді ақын көркемдік шешім үшін кіргізген деуге де болады. Сонда бұл поэманы мұғалім салт-дәстүрмен де, жаратылыс танумен де, дін танумен де, психологиямен де байланыстыруға әбден болады.

Ол эпикалық поэзия жанрында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. О бастан-ақ өз тақырыбын айкындап алды. Идеялык нысанасын белгіледі, көркемдік тәсілдері мен поэтикалық стилін ұштап өсті. Ақынның лирикалық поэзияда меңгерген көркемдік шеберлігі мен жеткен жетістіктері оның поэмаларының табиғатынан да айқын көрінеді. Атап айтканда, Шәкәрімнің лирикасына тән шыншыл суреткерлік, терең психологизм, әлеуметтік астардың салмақтылығы, философиялық ой-тұжырым кеңдігі оның «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсулу» дастандарында барынша жарқырап көрінеді.

Шәкәрімнің дастандарында адамгершілік пен әділдік, адалдық пен мейірімділік, еріктілік пен теңдік атаулыға тұсау болатын кұбылыстар әшкереленіп, кайратына ақылы сай, жан сарайы зәулім биік, санасы жарық сәулелі жандар мадақталады. Бұл заман биігінен, болашақ мұраттар асқарынан оң толғаған сөз зергерінің шынайы ақындық тұлғасын, азаматтық келбетін танытады. Абайға тән имандылық идеясы, гуманистік сарын Шәкәрімде де мол екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Шәкәрімнің дастандары Абай үлгісінде жаңа эпикалық шығармалар тудыру үрдісіндегі берекелі арналардын бірі болды. Аталған поэмалары арқылы Шәкәрім өзінің лирик қана емес, кең ауқымды эпик ақын екенін дәлелдеді. Дастан жанрында Шәкәрімнің реализмі, суреткерлік шеберлігі жаңа деңгейде жарқ етті. «Қазақ поэзиясында сюжетті поеманың ең қалыптасқан күшті үлгілері халықтың өз қиялында, өз жырында тәтті сезімге бөленген аңыз-әңгімелер негізінде жасалғандығын, мұның өзі қазақ поэзиясының даму жолында заңды құбылыс болғандығын» ескерсек, қазақ поэзиясындағы сюжетті дастандардың дамуына, жалпы поэма жанрының өркендеуіне, оның реалистік нақыштармен, тың өрнек, жаңа бояулармен баюына қыруар еңбек сіңірген ақындардың бірі Шәкәрім болғаны ақиқат. Осынау поэмаларына тән дәстүрлік арналардың саралығы, айқындылығы мен өміршеңдігі оның ақындық құдіретімен суарыла келе Шәкәрімнің өзін парасатты поэзияның өрелі биігіне көтерді.

8-сынып оқулығындағы «Қалқаман-Мамыр» поэмасын оқушыларға оқыта отырып, төмендегідей мөлшерде сабақ жоспарын жасауға болады:

**Тақырыбы:** Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» поэмасы.

**Сабақтың білімділік мақсаты:** Көркем шығарманың мазмұнын меңгерту, шығарманы оқып – үйретудің әдіс-тәсілдерін дұрыс қолданып, талдай білуге баулу;

**Сабақтың дамытушылық мақсаты:** Теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, яғни теориялық білімдерін одан әрі тереңдету, ойлау қабілеттерін, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық ізденістерге баулу;

**Сабақтың тәрбиелік мақсаты:** Оқушыларды ұлылар шығармалары арқылы адамгершілікке, саналы білім алуға, имандылыққа, жамандықтан аулақ, ақылды, әділ, қанағатшыл болуға тәрбиелеу;

**Сабақтың әдіс – тәсілдері:** тірек – сызбалар, деңгейлеп оқыту әдісі, сұрақ – жауап, баяндау, түсіндіру.

**Сабақтың түрі:** дәстүрлі емес.

**Көрнекіліктер:** Шәкәрім Құдайбердіұлының портреті, «Қалқаман – Мамыр» кітабы, плакат, тірек – сызбалар, үлестірмелер, салт дәстүрлер суреті.

**Сабақ барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:** сәлемдесу, сыныпты түгендеу. Сабақтың мақсатымен таныстыру. Сабақта топтық жарыс, ойын түрлері ұйымдастырылады. Қазылар алқасы құрылып, әр топтың орындаған тапсырмалары мен жауаптары бағалап отырады.

**Үй тапсырмасын тексеру:** әр топқа кеспе қағаздар таратылып, мынадай тапсырмалар беріледі:

1-топқа. Шәкәрім кім? Ол туралы не білесіңдер? Қандай өлеңдер, дастандар жазған? Поэма кімнің ақыл – кеңесімен жазылған? Абайдың Шәкәрім шығармашылығына тигізген әсері.

2-топқа. «Қалқаман – Мамыр» поэмасында суреттелген кезеңдегі қазақ халқының тарихи жағдай қандай еді? Ақынның бұл кезеңді алуында қандай сенсациялық мәні бар?

3-топқа. Қалқаман мен Мамырдың жақындықтары қандай? Мәмбетей жағы Әнет бабаның шешімімен неге келіспеді? Екі жастың үйленуіне неге қарсы шықты?

1-топқа. Әнет баба Қалқаманды неге оққа байлады? Әнет бабаның Қалқаманды елге қайтарам деген тілегі неге орындалмады?

Жоғарыдағы тапсырмалар орындалған соң, музыкалық демалысқа кезек беріледі. Шәкәрімнің «Қалқаман – Мамыр» әні хормен орындалады.

Мұғалімнің ақындық өнерде Абайдың талантты шәкірттерінің бірі болғанын, бұл поэманы Абайдың ақыл – кеңесімен жазғанын, Абай секілді бірнеше әндер шығарғанын айта кетеді. Шәкәрімнің «Бұл эн бұрынғы әннен өзгерек», Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әндері орындалады.

**Жаңа сабақ:**

Жаңа сабақта дастанның жазылу тарихы, баспадан алғаш жарық көруі, тақырыбы мен идеясы, өлең құрылысы мен поэтикалық тілі төмендегідей плакат тірек – сызбалары көмегімен түсіндіріледі.

1 – плакат

| |
|---|
| Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)<br>XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихындағы Абайдан кейінгі ақыны – Шәкәрім. (Қ.Мұхамедханов)<br>«Қалқаман – Мамыр» поэмасы 1882 жылы жазылған, 1912 жылы семейдегі «Жәрдем» баспасында жарық көрген.<br>Оқиғаның болған жері – Сыр өңірі, 1722 ж. Қазақтың «Ақтабан шұбырынды» қарсаңындағы қилы кезеңі суреттеледі.<br>Жанры – эпикалық – ғашықтық дастан. Тақырыбы – екі жастың махаббат драмасына құрылуы.<br>*«Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен,*<br>*Мамырды жас күнінен біледі екен.*<br>*Асықтығын айта алмай іштей жанып,*<br>*«Құрбымыз» деп құр ойнап күледі екен»* [2].<br>Идеясы – қоғамынң әділетсіздігіне, ел билеушілердің озбырлығына қарсылық.<br>*Бабам айтты: «Өлтірер жұмыс емес,*<br>*Таспен атып өлтірмек бұл іс емес.*<br>*Біреудің некелісіп бұзбаған соң*<br>*Қанына ортақ болу дұрыс емес»*<br>Өлең құрылысы – 11 буынды, қара өлең үлгісімен жазылған.<br>Поэтикалық тілі – суреттеу, баяндау, мінездеу, портрет, теңеу, эпитет, метафора. |

Мынадай тірек – сызба белгілері арқылы жырдың образдар жүйесіне талдау жасалады.

| | |
|---|---|
| Қалқаман | Сүйгеніне қосылуды армандаған жас, сөзге берік, ел билеушілердің өктемдігіне қарсы, намысқой, кісілігі күшті азамат |
| Мамыр | Өз теңін іздеуі, сөзге берік, ескі заманның құрбаны. |
| Әнет баба | Данагөй қария, ел ұйытқысы, екі жасты қорғаушы, надандықтың құрбаны, тағдырының Абаймен ұқсастығы. |
| Көкенай | Батыр, мінезі қатты кісі, өр көкірек, ескі салтты қорғаушы, асау қанды, салқын сабырлы адам. |

Поеманың композициялық, сюжеттік құрылысы мен поэтикалық тіліне талдау жүргізу үшін төмендегідей № 2 плакат пайдаланылады:

| Кейіпкерлер | Заман шындығы | Дала заңдары |
|---|---|---|
| Мәмбетей<br>Көкенай<br>Әнет баба<br>Қалқаман<br>Мамыр | Теңсіздік, жастардың бас бостнадығы және қалың мал. | I. аристократтық қалыптасқан сана – сезім<br>II.би – қазақ ауылының билік тұтқасы<br>III.ел билігіндегі ұлттық салт – дәстүрдің айқын тұрмысы |

Оқушыларға тапсырма:

1. Көкенай, Мәмбетей неліктен Қалқаман Мамырдың қосылуына қарсы болды?
2. Көкенай неліктен асығыс шешімге барды?
3. Әнет баба неліктен қатал үкімге барды?
4. Сабақтың ең өщекті кезеңі кім кінәлі, оқиға немен аяқталды?
5. Ақын Қалқаманға қандай түйін жасатты?

Көрнекілікпен жұмыс:

Тақтада:

1. Салт – дәстүрлер көрінісі.
2. Көркемдегіш құралдар.

| Салт – дәстүр | Көркемдегіш құралдар |
|---|---|
| Жақыннан қыз алмау<br>Уәдеге беріктік<br>Қалың мал беру<br>Қызды алып қашу<br>Құда түсу<br>Бастаңғы жасау<br>Бата беру | Монолог, эпитет, теңеу, ұлттық өрнек, ұлттық рең, баяндау, суреттеу |

Бекіту кезеңі:

Мұғалім: Поеманың идеялық мазмұнына қалай түсіндің?

Оқушылар жауабы тыңдалады.

Оқушы сөзі: – Поеманың идеялық мақсатында ұғынғанымыз: байлық пен қалың малдың қазақ сахарасындағы алған орны қандай екенін таныдық. Мамырдың жазықсыз тағдырын өлімге байлауда, олардың адал махаббатына қатыгездік жасады. Оны жасаған өзіміздің ата – бабалар.

Оқушыларға ізденіс тапсырмалар, яғни поеманың ішінен мыналарды табу:

1. Поемада кездесетін жер – су атаулары, табиғи сюжеті.
2. Поемадағы қазақ ауылының шынайы келбеті.

Шығармашылық жұмыс немесе суретпен жұмыс.

Қалқаман – Мамыр суреті. Екі жас осылай қосылып ғұмыр кешсе, онда поеманың оқиғасын таныр едің?

| р/с | Оқиға желісі | Оқиға өрісі | Поэтикалық тілі |
|---|---|---|---|
| 1. | Оқиға болар алдындағы жағдай | 18 ғ. Бас кезінде қазақтың Сыр бойында жүрген кезі | суреттеу, баяндау, мінездеу |
| 2. | Байланыс. Оқиғаның басы | Қалқаманның Мамырға асықтығы | диалог, мінездеу, лепті, сөйлемдер, эпитет, теңеу, метафора, баяндау |
| 3. | Байланыс. Оқиғаның өрбуі | Қалқаман мен Мамырдың байланысы | диалог, потрет, мінездеу, баянаду |
| 4. | Оқиғаның шиеленісуі | Көкенай жағының талабы | Баяндау, диалог, портрет, мінездеу, теңеу, эпитет, метафора |
| 5. | Оқиғаның шарықтауы | Екі жасты өлтіруге шешім қабылдауы | Мінездеу, абяндау, суреттеу, монолог-диалог, портрет, теңеу, эпитет |
| 6. | Оқиғаның шешуі | Қалқаманның елден кетуі. Жоңғар шапқыншылығы | баяндау |

Жаңа сабақ бойынша оқушылар сұрақтарына жауап берілді. Сабақтың бекіту кезеңінде «Өрмекші» ойыны ұйымдастырылады.

Қорыта келгенде, мектеп оқушыларына Шәкәрім поэмаларын оқытудың қыры мен сырын ашып көрсетуге қадам жасалды. Поэмаларын оқытуда, меңгертуде сабақ үлгілері ұсынылды.

**Әдебиеттер**


1. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: Кенже-пресс, 2000 – 216 б.
2. Шәкірім. Шығармалары. – Алматы, 1988. – 380 б.
3. Мақпырұлы С., Қыраубайқызы А., Құрманбай К. Қазақ әдебиеті (8-сынып оқулығы). – Алматы: «Мектеп», 2008.
4. Қирабаев С., Асыл Ұ., Құрманбай Г., Дүйсенбаев С., Әрінова Б. Қазақ әдебиеті (10-сынып оқулығы). – Алматы: «Мектеп», 2006.
5. Ісләмжанұлы К., Тілешова С., Әрінова Б., Баттал Р. Әдебиет (6-сынып оқулығы). – Алматы: «Атамұра», 2006.



ҒТАХР: 17.71.07


## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫН


**Әубәкір Қ.Ә.,** PhD докторы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Адамзат танымындағы мәңгілік тақырыптардың бірі – Жаратушы ұғымы. Тәңірі, Алла, Құдай сынды сөздермен өзара алмасып жүретін жаратушы сипатына қатысты философиялық ой-тұжырымдар түрлі діндер мен ағымдардың, философиялық мектептердің пайда болуына әсер етті. Адамзат баласында «кім жаратты, қалай жаратты, неге жаратты?» деген сұраққа жауап іздемеген ойшыл кем де кем шығар. Бұл мәңгілік тақырыптың басы әдебиетте ежелгі аңыз-әпсаналардан, хикая-дастандардан бастау алса да өміршеңдігін жойған жоқ. Әр алуан формада, образда, символда әдебиетке енген Құдай бейнесі мен құдайтанымға қатысты тұжырымдар қазақ әдебиетінде де ерекше мәнге ие. Қазақ танымындағы «құдайтану» эволюциясының хронологиясы аса кең көлемді қамтиды. Әсіресе, ислам дініне байланысты туындаған көркем шығармалар ел танымындағы Құдай мен адам қарым-қатынасының негізгі өлшемдерін анықтап, дидактикалық функция атқарды. Осындай, мәңгілік тақырыпты шығармашылығына арқау еткен тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай

Ар сақта, оны біл, – деп жырлаған Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы адам мен құдай арасындағы қарым-қатынас, ар мен ұят катагериялары сынды жалпы философиялық ой-тұжырымдары «Ар ілімі» деген атауға ие болды.

Ақынның 130-дан астам шығармаларының дені дидактикалық сарындағы адамды адамгершілікке, ізгілікке жетелейтін және өмірдің мәні «жан» мен «тән» категорияларының ерекшеліктерін бағамдауға, «жарды танып, нәпсіге ерік бермеу» сынды метафизикалық категориялардың ерекшеліктерін қарапайым тілмен халыққа түсіндіруге арналған. Егер ақынның 130 өлеңіне тақырыптық талдау жасасақ, олардың дені «Иманым», «Бір Аллаға сыйынған адам өлмес», «Дүние мен өмір», «Ғайсадай жан беретін таңның желі», «Молдалар өзгелерді кәпір дейді...», «Мал да аяулы, жан да аяулы болса егер», «Бас көзімен қарасаң, нәпсі – жалған», «Жан денеден жалықты», «Жарымды жаным сүйді», «Шыннан өзге құдай жоқ», «Хақиқаттың шын нұры» сынды философиялық тақырыптарды өзек еткен туындылар екенін анық аңғаруға болады. Мұның себебі, ақынның дүниетанымы ислам діні негізінде ар іліміне негізделген немесе Түркістан жерінен тараған Қожа Ахмет Яссауидың «Хәл ілімі» ұғымы мен шығыс шайырларының сопылық сарындағы таным-тұжырымдарымен тікелей байланысты. Шәкәрім Құдайбердіұлы қажылық сапарға барған кезде ұстазы хәкім Абайдың өсиетімен Стамбул кітапханасында біраз уақыт дерек жинап, еуропа кітапханаларында да ілім көзін іздеген. Аударған шығармаларының да дені құдайтануға арналған. Рационалды ғылым түсіндіре алмайтын құбылыстардың сыры рухани таным арқылы ғана түсіндірілетінін ақынның көптеген өлеңдерінде көруге болады. Шәкәрім қажы «жан» мен «тән» ұғымдарын былай суреттейді:

Жан – қожа, тән дегенің – жанның құлы,
Нәпсі неге білмеген бұрын мұны?
Ойлашы: жантаптыма, тәнтаптыма,
Жоғарғыкереметтінешеқилы?
Тән – терезе, қарайтын жан – иесі,
Жаннан шығар ақыл мен ойдың шыны.
«Жолдан шыққан жан жолда жоғалар» – деп,
Сандырақтап айтқанмен, жоқ дәлелі.

Адамның рухани анатомиясын Шәкәрім өлеңдеріндегі жан, тән, нәпсі, жар категориялары негізінде талдасақ, Құдай – жар бейнесінде, жан – адамның негізі, тән – жанның сауыты немесе жанға қызмет етуші құлы ретінде суреттеледі. Шәкәрім философиясы бойынша адам болмысы: «ЖАН» – ең негізгі Құдай жаратқан нұр; сол Құдайлық нұр Жанды сақтаушы ыдыс – «ТӘН»; тән қалауын айқындап, жанның Құдайға алыс-жақындығына өлшем болатын – НӘПСІ; адамның инсандық болмысы ақыл, көңіл сынды категориялармен берілген. Адам – жан иелік ететін тәні бар, ақыл иесі, құдайдың жаратылысы ретінде суреттеледі.

«Жан – қожа, тән дегенің – жанның құлы» деген Шәкәрім қажы тура жолдан тайған адамның иесі жан емес тән болып, жан тәннің құлына айналып кетеді, жаратушы бекіткен ғаламның жүйесі бұзылады дейді. Нұртуған жыраудың:

Жаралған жүрек таза, әуел бастан
Сақтанып таза ұста бала жастан[5] –

деп жырлағанындай, Шәкәрім қажы да өз шығармаларында жүрек тазалығына, көңіл тазалығына, жан тазалығына аса қатты көңіл аударған және адам жанының мақсұтты жолдан таймауына кепіл болатын негізгі бағдаршы ретінде ұсынған. Егер адам жан тазалығына мұқият болса, оның ақылы толып, жанға қуат беріп, ізгілікке жетелейді деп сенген. Шәкәрім шығармалары сопылық таныммен байланысты деп айтуға болады, алайда, оның жалған діндер мен пәншілдікке қатысты айтқан ойларын да ескере отырып, Шәкәрімнің құдайы діни таныммен ғана емес, еркін ой мен ақыл танымының негізінде жасалған ой қорытындысы, ойлы тұжырым деуге болады.

«Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат» деген өлеңінде ақын:

«Хақиқаттан басқаға бас ұрмаймын,
Дәлелсізге нанам деп болмаймын мат.
Бастағы көз, құлаққа сенімім жоқ,
Терең ой мен ақылғаайтамын дат.
Пайғамбар, әулиеайттыдесе-дағы,
Ақылқабылалмаса, олмаған жат.
Шатақдінге, әдетке не білгішке
Нақталатпайойымдықыламазат – дей келе,

---

[5]Нұртуған жырау

«Ақылыңа сынат, – деп, – дәлел айтқан»
Құраннан табылады талай аят» –

деп түйіндейді. Бұл айтылған ойдың бәрінен Шәкәрім қажының Құдай туралы танымы жалған, догмалық сенімнен ада, таза құдайға жеткізетін ақиқатқа негізделген, логика мен ақылға сыйымды ой-таным деп түсінуіміз керек. Қажының жырларында Құдай – ар мен әділетті, құдірет пен мейірімді, ақыл мен қайратты үлгі еткен арлы Құдай, әділетті Құдай, ақылды Құдай болып шығады. Құдайдың шексіз сырын жырлаған қажының жырлары адам мен Құдайдың арасына параллель талдау жасайды. Себебі, құдай бейнесін ашуда адам танымындағы жар, ақыл, мейірім сынды адамзат ақылында қолданылатын ұғымдар арқылы түсінік беріледі. Сау, таза ақылмен сенген жанға көңілдің дәлелін ақыл түсіндіріп, құдайға әкеледі, енді сол құдайға илану мен құлшылықтың не екенін ақын былайша түсіндіреді:

«Алланың пендесіне рақымы мол,
Сен де өзіңдей адамға мейірімді бол.
Ол жаратты, Сен-дағы жаратып бақ,
Бардан барды шығарсаң болады сол..
Мұны білсең, боласың сүйікті құл,
Құлы болсаң қожаңның сүйгенін қыл.
Шын мұсылман болайын деп ойласаң,жырлайды.
Құдайға құл болудың мәнісін біл –

дейді. Сонда Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің шығармашылығында адам деген жаратылыстың тегі, өзегі – «жан» деп айқындап, жанның міндеті жаратушыға қызмет ету дейді. Ең бастысы, ғасырлар бойы адамзат баласының басты сұрағы болып келген «Құдайға құл болудың мәнісі не?», яғни, адамның басты міндеті, өмірдің мәні деген философиялық сұрақтарға жауап береді. Бұл сұрақтың жауабын*:*

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл, – дей келе,
Өліп едім, жар бірігіп,
Бір бейісті таңдады,
Ләйлі-Мәжнүн қарсы шығып,
Ерулікті қамдады – деп жеткізеді.

Ақын ойын қорытындыласақ, «Өмірдің мәні ар сақтап, халқыңа адал қызмет етіп, ақыл қуаты өнер мен білім үйреніп, толысқан ақылмен махаббаттың жолында құдайдың сырын ұғу, разылығын алу» дегенге саяды. Құдайдың разылығы өзге жұртпен алысу емес, өз нәпсіңе ие болып, махаббат жаршылары Ләйлі-Мәжнүндей Құдайға жету деп түсінген Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірінің соңғы кезін елден жырақ өткізді. Әр өлеңінде өзінің өмірден түйген ой-пайымын жария қылды. Кейінгі жастарға өсиет ретінде жырлады. Ғұмырын ағартушылыққа арнады. Адамның рухани категориялары жан, тән, нәпсі, ақыл сынды ұғымдардың әрқайсысына анықтама беріп, олардың атқаратын қызметін өлеңмен суреттеді. Халыққа тәлім болсын деп өлеңіндегі аса терең ойлы тұжырымдарды мысалмен түсіндіруге тырысты. Құдайды жар бейнесінде суреттеп, жарық пен көбелек сынды шығыс шайырларының тәмсілімен де ой өрнектеді. Бір сөзбен айтқанда, өзі таныған Құдайын халқына да танытқысы келді. Шексіз Құдайдың сырын жырмен халық санасына насихат қылды. Себебі, өзі сырдың салмағын сезіне білген шайырлардың бірі еді. Шәкәрім Құдайбердіұлының әр өлеңі шын мәнінде көлемді талдауды қажет ететін, бір өлеңі бір кітап боларлық аса терең шығармалар. Хақ дидарын аңсап, жар сипатындағы құдайға деген махаббатын жырмен әспеттеп, өлеңмен өсиет еткен Шәкәрім Құдайбердіұлы – ұстазы хәкім Абайдың ізін жалғастырған, Физули, Шамси, Руми, Жүніс Еміре сынды шығыс шайырларының тәмсілін насихат қылған шайыр, хазірет, ақын және шын мәніндегі адамзат баласына ортақ ұлы тұлға деуге болады.

*Мақала AP13067966 «Алаш идеясының индексі және жаһандық мәдениеттегі интерпретациясы (Ахмет Байтұрсынұлы аудармалары негізінде)» тақырыбында жүргізілген ғылыми жоба аясында жазылды. (ҚР БҒМ БК (2022-2024 ж.)*

**Әдебиеттер**

1. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 320 бет.
2. Бабалар сөзі. Т-46. – Астана, Фолиант баспасы. – 2009ж.

ҒТАХР: 17.71.07

# ҚАЛИХАН АЛТЫНБАЕВ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ӨҢІРІНІҢ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ

**Төлебаева Қ.Т.,** ф.ғ.к., доцент м.а.
Alikhan Bokeikhan Universitety

**Ердембеков Б.А.,** ф.ғ.д., профессор
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.*

Қалихан Алтынбаев – біріншіден, суырып салма ақын, айтыс өнерінің хас шебері ретінде танылған ақын. Екіншіден, әдеби мұраны және тарихи шежірелерді жинаушы, Семей өңірінің әдеби ортасы туралы және абайтануға қатысты зерттеу мақалалар жазған қаламгер. Үшіншіден, ақынның ғибратты шығармашылық мұрасының өзі-ақ қазақ әдебиеті тарихының көркемдік қорын толықтыра түсер сөз байлығымен ерекшеленеді.

Сөз өнерінің қастерлеп, көркемдік ойдың гүлденуіне атсалысқан, өз кезегінде халық ақыны атанған Қалихан Алтынбаевтың әдеби мұрасы молдығымен ерекшеленеді. Ақынның өмір белестері мен шығармашылық жолын танып, білу – оның өлең, айтыс, дастандарының табиғатын айқындауға бағдар, маңдай түзер темірқазық болары анық.

Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр, табиғатынан сезімтал ақын әдеби жанрлардың қай түріне қалам тербемесін өзінің қолтаңбасына тән ой еркіндігімен, ел тарихы сырына жүйріктігімен дараланады. Әртүрлі мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген өлең, дастан, зерттеу мақалалары мен очерктері сөзіміздің айғағы.

Қалихан Алтынбаев Семей өңірінің ақындары мұраларын жинаушы ретінде де танымал. Ақын шалғайда тұрса да, әдебиет пен мәдениеттің орталығы – Алматымен байланысын еш үзбеген. Қазақстан Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының штаттан тыс тілшісі ретінде тиянақты зерттеулер жүргізген. Аякөздің әйгілі он жеті ақынның есімін ғылыми түрде анықтаған. Ел арасындағы ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырып әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына өткізіп отырғаны халық поэзиясының жанашыры екендігін танытпақ. Сондай-ақ, «Біржан мен Сара», «Тәуке мен Рухия» айтыстарында келтірілген он жеті ақын туралы жинаған мәліметтер әдеби өңірді тану саласына қосылған үлкен үлес.

Мәселен, «Содырлықтың сазайы» атты ел аузындағы Сабырбай ақын мен оның қызы Қуандық туралы сөзді жазып алып, газет бетіне жариялаған. Онда: «Сабырбай ақынның қызы Қуандық сегіз қырлы бір сырлы екен. Өзі ақын, әнші сұлу қызға қызығушылар көп болыпты. Бірақ олар Қуандықты жасынан атастырып қойған Көкпекті округінің аға сұлтаны Қисықтың баласы Жұмақанның дүмінен қорқып, бата алмапты. Сөйтіп жүргенде Сабырбайдың аулына Абай келіп, неше күндей қонақтап жатады. Бұл жағдайды М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясында тартымды суреттелген. Абай мен Қуандық бірін-бірі қатты ұнатса керек. Дақпырт сөз бірте-бірте Жұмақанның құлағына шалынады. Ол терісіне симай ашуланып, қалыңдығының аулына ұрын барады да, жоқ нәрсені сылтауратып Қуандықты сабап тастайды. Оң жақтағы қызды сабау дәстүрге жатпайтын қылық. Сабырбай дереу сол төңіректің ақсақалдарын жиып жіберіп кесік айтқызады. Сол кесік бойынша Жұмақанның астындағы аты айыпқа алынады. Бұрын беріп қойған қалың малы сол күні салауат кетеді. Аға сұлтан Қисық қанша терін төккенмен ел билігінен аса алмапты. Ислам діні дүрілдеп тұрған кертартпа заманда әйел теңдігін қорғап шыққан Сабырбай ақынның бұл ісі адамгершіліктің күшті белгісін аңғартса керек. Сабырбай дүние салғанда соған орай Қуандық:

«Сандықтас», «Берікқара» ата-мекен,
Сендей Сыбаннан ұл туар ма екен.
Арыстанның аузынан айырып ең.
Топырағың торқа болсын қайран әкем, –

деп жоқтапты» [1], – дейді.

«Ұлылар шыққан орта» атты мақаласында автор Жарма ауданының «Бірінші май» ауылынан бастап Аягөз қаласына дейін тірелетін кең аймақты қалың қазақ баяғыда ақындықтың ордасы, шешендіктің қордасы деп таныған, Ыбырай Алтынсаринның, Мұхтар Әуезовтің қаламына іліккен, аттары аңызға айналған 17 ақын осы ортадан шыққандығы сөз болады.

Он жеті ақынның бастауы болған Ақтайлақ бидің өмірінен, кейінгі артта қалған ұрпақтары жөнінен мәлімет береді. Сол ақындардың әдеби мұраларын халық арасынан көнекөз қариялардан сұрап, жинау керектігін ескертеді.

«Сара сиынған жетеу» атты мақаласын автор Сара Тастанбекқызының туғанына 110 жыл толуына байланысты жазған. Сара пір тұтқан жеті ақынның өмірбаянынан, мекен еткен жерлерінен мағлұмат береді. Сара:

«Хажының осы сөзі болды себеп,
Қолтықтан көтере гөр аруақ демеп.
Дулат, Сабыр, Кешімбай, Сұртай, Жылтыр,
Жанұзақ – қолда дедім-ақын Түбек», –

деген шумағының төңірегінде сөз қозғайды. Әдебиеттерде, зерттеулерде Дулат пен Түбектің есімі бар болса да, қалған ақындардың есімінен оқырман қауым бейхабар екендігін ескертеді.

Автор Сабырбай, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр, Жанұзақ ақындардың өмірінен мәлімет берді. Ол: «Сабырбай Ақтайлақұлы. Қазақ-совет энциклопедиясындағы мәліметке сүйенсек, 1775 жылы дүниеге келіп, 1865 жылы дүние салған. Сыбанның Байғара тобынан шыққан әйгілі он жеті ақынының біреуі. Зираты Жарма ауданының «Бірінші май» совхозына қарасты «Үш қаражал» деген жерде. Сабырбай ақын «Абай жолы» эпопеясының екі тұсында көрініс береді.

Кешімбай Күшікұлы 1829-1851 жылдар аралығында өмір сүріпті. Шежіре бойынша руы Матай. Оның ішінде Елқонды тармағынан. Қыстауы мен зираты Жарма ауданы «Расцвет» колхозының «Аюлы» деген участогінде. Кеншімбай әйгілі Орынбай Кертағы баласымен 1848 жылдың жазында ескі Сергиопольде айтысқан. Тура 19 жасында екен. Сол жолғы айтыстан қатты аурып қайтады да, үйіне келген соң екі көзі көрмей қалады. Содан үш жылдай зағиптікпен жүріп дүние салған. Артында ұрпақ қалмаған. Басқадай өлеңдерін білетіндерді таба алмадық. Сара сиынатын тағы бір ақын – Сұртай туралы мәліметіміз аса жұтаң. Тіпті әкесінің атын да анықтай алмадық. Тек білетініміз ол Қыржы руынан, оның ішінде Бықы-қанай тармағынан шыққандығы. Зираты Ақсуат ауданының «Сұлутал» совхозына қарасты «Ақши» деген жерде.

Жылтыр Бақайұлы. Ескіше «Бура» руының «қаратаз» тармағынан шыққан ақын. Туған-өлген жылдары белгісіз. Алайда оның туған жиені, жармалық халық ақыны Нұрғали Түнқатаровтың өзі туралы шығарған бір өлеңіне зер салайық. Онда ақын ата тегін былайша таныстырады:

«Арғы атам аты шыққан Бұлғақ еді
Аралап елдің ішін ылғап еді
Нағашым Жылтыр ақын шыққан «Таздан»
Болмайды жақсы, жаман көп пен аздан
Затынан екі асылдың қалдым туып
Ұстандым ақындықтың жолын қуып
Дүниеден Жылтыр көшіп кеткеннен соң
10 жаста әуреледі өлең буып.
Жетеудің біреуі Жанұзақ Шығанұлы».

Туған-өлген жылдарын анықтай алмадық. Әкесі Шыған дөңгелек ауқатты болған. Байжігіт руының «Дәулетбай» тармағынан таралады. Жанұзақ бала күннен әңгімеге аса үйір екен. Өз ауылының немесе көрші ауылдың бір үйіне сөз білетін қонақ қонып жатыр деп естісе, бәрін тастап сол үйге жөнеледі екен. Сондықтан бүкіл төңірекке «Қонақ біреу болса, Жанұзақпен екеу» деген мәтел жайылыпты. Жанұзақ Шығыс Қазақстан облысының [1], – деп жазған. Бұл деректер зерттеуші ғалымдарға үлкен пайдасын тигізері сөзсіз.

«Аңызға айналаған он жеті» [2] атты мақаласында да Сыбан елінің байғара тобынан жыққан 17 ақын туралы сөз болады. Онда Қ. Алтынбаев: «Бідіхан мен Айсара, Көкеннің» айтысы. Осы арада айтыскерлердің кім екенін оқырман қауымға таныстыра кетейік. Сыбанның бір баласы – Жангөбек. Одан Ташкентке бек болатын Нарымбай туады. Оның бәйбішесінен Ожар, одан Әлімбет, одан Тайынша, одан әлгі қызбен айтысатын Бідіхан туады. Демек, Байғара тобына жатпайды. Байғараның әкесі Қу дауысты Құттыбаймен бірге туысатын Ожардың кіндігінен тарайды. Бұл да ақпа жүйрік, екі қызбен айтысында жақын туысы «Байғараның 17-сін» мақтан ете сөйлейді.

Айсара мен Көкен – Найманның Мұрын руының Құттымбет тармағынан шыққан апалы-сіңлі ақын қыздар. Бұлардың қонысы қазіргі Ақсуат пен Аягөз аудандарына тең бөліне қарайтын Өкпеті тауы. Айтыс сонда өткен. Апалы-сіңілі екі қыздың одан кейінгі өмірі белгісіз. Біз үшін ең құндысы осы айтыста Бідіханның аузынан Байғарадан шыққан 17 ақынның аттарының аталатыны. Сол сөз сайысында апалы-сіңілі ақын қыздар қарсылыстарыБідіханға:

«Елінде жүйрік те бар, желтақым бар,
Тобында соның тұрған немақұл бар.
Кесілген көмекейің ақын болсаң
Айтып бер, Байғарадан неше ақын бар?»

– деген сауал тастайды. Бідіхан бұған:

« Құдай-ау, айналайын құдіретіңнен,
Берейін барын тауып өз шетімнен.
Елімде Ақтайлақпен онжеті ақын,
Көтерген көңілдерін құрметпенен», –

деп жауап қайырады. Қыздар бұған қанағаттанбайды. 17-нің аттарын түгендеп атауды сұрайды. Сонда Бідіхан:

«Жақыным, жамағатым ақын Түбек
Жырлары жұрт аузында жатыр түнеп.
Сабырбай, Көшкінбай (дұрысы Кеншімбай)
мен Сұртай, Жылтыр,
Жанұзақ жыр шыңына ұшқан түлеп.
Түбек пен білемісің Сабырбайды
Өлеңге бәйге атындай дабылдайды.
Өзбек, Өмірбек пен Шәріп, Жандос,
Кәдірбек қара өлеңге аңғармайды.
Қасыма еріп келген Тұғыл ақын
Әжібек, Дәрібекпен оған жақын.
Бідіхан менің атым өзің білдің
Сәмидің төрт баласы бірдей ақын.
Елінде жүйрік те бар, желтақым бар
Түбінде сонау тұрған не мақұл бар?
Шыңына самғағанда жан жетпейтін
Айтқандай Аласетте (дұрысы Әлсейітте)
Шәке ақын бар, -деп түгендеп шыққан екен», – дейді.

Қ. Алтынбаев өзінің ертеден жинап-теріп жүрген 17 ақын туралы мағлұматын нақтылап, 17 ақынның аты-жөндерін жіктеп көрсетеді: «1. Ақтайлақ Байғараұлы. 2. Сабырбай Ақтайлақұлы. 3. Түбек Байқошқарұлы. 4. Орынбай Сәметұлы. 5. Нұрлыбай Сәметұлы. 6. Ташқан Сәметұлы. 7. Уәйіс Сәметұлы. 8. Әділбай Сәметұлы. 9. Тілеуімбет Түсіпұлы. 10. Әйімбет Түсіпұлы. 11. ШәкеӘлсейітұлы. 12. Рай Байсалұлы. 13. Кәдірбек Артықұлы. 14. Өмірбек Өтепұлы. 15. Дайырбек Байсалұлы. 16. Байтұяқ. Өтепұлы. 17. Көкен Байсанұлы» [3].

Аягөз, Жарма аудандарында әдеби-зерттеу экспедициясын ұйымдастырса, осы 17 ақын мұраларын да, басқа да көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін табуға болатынын ескертеді. Байғарадан шыққан ақындар шоғырының мұраларын тауып зерттесек, әдебиеттануға қосқан үлесіміз мол болатынын айтады.

Қ. Алтынбаев Семей өңірінің ақын-жазушыларының ел арасынан шығармаларын жинап, талдап мерзімді баспасөз беттеріне жариялап отырған. Бұл орайда әдебиет сүйер қауым мен әдебиет зерттеушілерімен үнемі байланыста болған. Мысал ретінде: «Құрметті Қалеке! Сау-саламат боларсыз. 1988 жылы «Жазушы» баспасының жоспарына екі халық ақынының жинағын ұсындық. Туғанына 100 жыл толады екен: Сапарғали Әлімбетов, Айманкүл Тәжібаева... Сіз Сапекеңді (Сапарғали Әлімбетов) жақсы білесіз, тұздас-дәмдес болған шәкіртісіз. Ол кісі жайында, әсіресе ипровизаторлық ерекшеліктерін айтып, естелік жазып берсеңіз жақсы болар еді. Сапекеңнің ұрпақтарынан кім бар? Толық өмірбаянын, творчестволық қызметін, басқа ақындармен байланысын, жырлайтын репертуарын, т.б., айтпақ ойларыңызды қағазға түсіріп бізге жіберуіңізді өтінемін. Сәлеммен Көбей Сейдеханов» [4], – К. Сейдехановтың деген хатын келтірсек те болады.

«Жеңіс жырын жырлаған» [1] мақаласында Сапарғали Әлімбетовтың патриоттық сарындағы қысқа өлеңдерінің, «Мейір батыр», «Молдабай палуан», «Ер Білісай» атты дастандарының кейінгі жастарды елді, Отанды, жерді қорғауға үгіттейтін баға жетпес туындылар екендігіне тоқталған. Автор аталған мақаласында халық ақыны Сапарғали Әлімбетовтің қолына қару алмаса да қаламымен халықты жеңіске жігерлендіретін, елмандық рухтағы өлеңдер шығарды. 1941 жылғы 30 шілдеде Семейде Ертіс бойындағы үш облыстың ақын жазушылары бас қосқан мәслихат өткізіледі. Мәслихатқа қатысқан Төлеу Көбдіков, Нұрлыбек Баймұратов, Есенсары Құнанбаев, Иса Биназаров, Нұрғали Тұңғатаров тәрізді халық ақындарының қатарында Сапарғали Әлімбетов болғанын баяндайды.

«Ақын Жамбыл бастаған үлкен полк
Түп түгел қаруланып алдық толып,
Қан іздеген жауызға қан жаудырып,
Сөзбен өртеп сазайын бермек болып», –

деп жар салған Сапарғали ақын қазақ жауынгерлерін ұлы жеңіске шақырар отты жырлар тудырғанын баяндайды. Сонымен қатар, осы мақалада автор С. Әлімбетовтің «Мейір батыр», «Молдабай палуан» атты дастандарының тақырыптық аясына тоқталып әдеби талдау жасауға күш салған. Жеңіс жырын жырлаған.

«Туған жерден шабыт алған» атты мақаласы да халық ақыны Сапарғали Әлімбетовке арналған. Бұл мақаласында Сапарғалидың бүкіл өмірі мен шығармашылығынан мәлімет береді. Кейінгі зерттеуші ғалымдарға аталмыш мақала Сапарғалидың мұрасын зертеуде таптырмас деректерімен құнды болды.

«Ертіс өңірінің ерені» атты мақаласы халық ақыны Тәңірберген Әміреновтың туғанына 80 жыл толуына арналған. Дүниеге Абай мен Мұхтарды әкелген Ертіс өңірі талантқа бай. Ертіс өңірін айтқанда әуелгі кезекте ауызға түсетіні кәдімгі қарт Шыңғыстаудың атырабы. Автор мақаласында талантты ақын Т. Әміреновтың шығармашылық мұрасына жан-жақты тоқталып, талдау жасайды.

«Ертіс жағалауының мақтанышы», «Ертістің сере сүлейі» мақалалары есімі республикаға кеңінен танымал, Ертіс жағалауының көрнекті суырып салма сүлейі Нұрлыбек Баймұратовтың 100 жыл толуына арналған. Мақалада Қ. Алтынбаев: «Нұрекең де балуан тұлғалы болатын. Келбеті мен дауысы, домбырасы, төгілмелі жыры мен орындау мәнері сай келген ондай ақынды өз басым әлі кездестірген емеспін»,-деп Нұрлыбек ақынның шыққан тегінен мағлұматтар беріп, артында қалған мұраларына тоқталады. «Қанды жорық» және «Ер Төлеген» дастандарына талдау жасайды. Жалпы Н. Баймұратов осы дастандарының арқасында 1948 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне қатысып, әдебиет сүйер қауымға танымал болған.

«Шыңғыстың қойнауындай қатпар-қатпар» мақаласында автор Шәкір Әбеновтің шығармашылығына кең көлемде тоқталады. «Ш. Әбенов – дастаншыл, сатирик әрі айтыскер ақын, терең шежіреші, композитор» [5], деп баға береді. Мақаласын ақын өзінің бір шумақ өлеңімен аяқтайды:

Дәу ақын, жайсаң ақын, қайсар ақын.
Әр қылығы сүйсінтіп, ой салатын.
Тоқсанды тымақ құрлы көрмей жеңдің.
Жөнің жоқ жүзде дағы тайсалатын.

Жергілікті әдебиетті өкілдерін көркем шығармаларын халыққа таныстыру, насихаттау бағытында да Қ. Алтынбаев үлкен ізденіс жүргізген. Мәселен, «Жарманың «Исасы» атты мақаласында Нұрғали Тұңғатаровтың поэтикалық шеберлігіне, ақындық шабытына кеңінен тоқтала келіп, автор оның ақындық қолтаңбасын Иса Байзақовпен қатар қояды. Бұл мақалада жазба поэзияға қарағанда, суырып салмалықққа бейім Н. Тұңғатаровтың суырып салып айта беретін, қара сөзден гөрі жүйріктігі сөз етіледі.

Соғыс кезінен жеткен әдеби жәдігерлік мұра «Бөкенші мен арқардың айтысын» ел аузынан жазып алып, газет бетіне жариялайды.

«Тарлан ба, Тайбурыл ма, Құлагер ме?
Төрт аяқ дөңгелеріп түскен жерге.
Тарғын ба, Қобыланды ма Үстіндегі?
Ұқсайды сырт тұлғасы сондай ерге.
Батыр ма жауды өксеп қан іздеген?
Ғашық пе махаббатты жар іздеген?

Көзге атқан Құралайды елдің ұлы,
Бұл мерген Бөкенші еді аң іздеген» [6].

«Боздағым» (Қазақтың жоқтау жырлары) атты кітапта Қаз дауысты Қазыбек туралы жоқтауды шығарған Қазыбек бидің өз қызы Қамқа екенін Қалихан Алтынбаев ел аузынан жазып алып, деректер арқылы дәлелдейді. Бұл туралы «Боздағым» жинағында: «Қаз дауысты Қазыбек (1661-1758) туралы жоқтауды» шығарған өзінің қызы Қамқа екен. Маңқиып отыра беретін сабырлы болғандықтан, жұрт оны Маңқап деп атап кеткен. Семей облысы, Көкпекті селосында тұратын қария Алтынбаев Қалиханның хабарлауымен, біз Қазыбек бидің қызының азан шақырып қойған есімі Қамқа екенін, Маңқан деген лақап еты екенін біліп отырмыз. Қалихан ағайдың хабарлауынша, Қамқа шешей мен ол кісінің күйеуі Шөрек батырдың бейіттері Семейге таяу Қызыл судың бойында көрінеді» [7, 21 б.], – деп жазған.

Қ. Алтынбаев 1969 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына өзінің ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелерін өткізеді. Олар: «Шыңғыс хан туралы», «Саркөз бен Жәнібек», «Қошқарұлы Жәнібек», «Құдиярдың қу баласы мен Сылдыр көмей жестаңдай би», «Кегенбай би», «Мәметек би», «Еңсебай мен Бәкен», «Жәнібек пен Тіленші». Бұл аталған аңыздар бүгінге дейін баспа бетін көрген жоқ. Сол себепті кей аңыздардың сюжеттеріне қысқаша тоқтала кеткен орынды сияқты. Мәселен, «Кегенбай би» [2] туралы аңызға тоқталайық. «Найманның мұрын деген руынан шыққан Кегенбай би аса шешен болыпты. Бірде оны Арғынның Қаракесек еліне жесір дауына жіберіпті. Кегенбайдың бойы аласа кісі екен. Көрген жерде Арғынның биі:

«Аттан тайдың озғаны-ай,
Шернеуіштен би қойып
Қайран елдің азғаны-ай»,

деп кемітіпті. Сонда Кегенбай би былай деген:

«Е, би, несіне таңырқайсыз,
Адамның зоры боғым болады
Жылқының зоры соғым болады.
Мен бармақтай алтын емеспін бе,
Сен батпақтай шойын емессің бе?»

«Батпақтай шойынсың» деп отырғаны Арғын биінің руы қалмақ қызынан таралса керек. Кегенбай сөйтіп, сөзден ұтып шығады. Кегенбай бейіті қазір Көкпекті ауданының «Шегелек» совхозының жерінде», – деп жазады автор.

«Жәнібек пен Тіленші» [8] аңызы жайлы Қ. Алтынбаев былай деп жазған: «Керейдің Қошқарұлы Жәнібек жалғыз баласына Қаз дауысты Қазыбектің немересі Тіленші бидің қызын айттыра келіп:

«Көліңізді шүйгелі келдік,
Тұйғынымның жібек бауын түйгелі келдік,
Қуыңызды ілгелі келдік...»

(тағы бірнеше сөздер болса керек) деп, жаушылық сөз бастайды. Сонда Тіленші би біраз ойланып, мына жауапты қайтарған:

«Мен қаптаған қалың тоғаймын,
Табылуға оңаймын
Сен – жапанға біткен шынарсың
Қартайып бір күн құларсың.
Арлы-берлі шабармын
Орныңды қайдан табармын?»

Жалғыздығы бетіне басылған Жәнібек құда түсе алмай, аттанып кетіпті».

Жалпы, Қалихан Алтынбаевтың Абай елі мен Абай төңірегіндегі халық ақындары шығармашылықтарына қатысты жинаған, жазған еңбектерінің ұлттық әдеби қорды молайтып, ұлт әдебиетінің көркемдік, танымдық сипаттарын білуде өзіндік орны бар. Оларда әдебиеттанушы ақын халқының көркемсөз қазынасын, Абай тағылымынан нәр алған Семей өңірі ақындарының әдеби мұраларын ерекше сүйіп, қазақ халқының сөз шеберлері туындыларының әдеби айналымға қосылуы жолында айрықша еңбек еткеніне куә боламыз.

Қ. Алтынбаевтың халық ақындары жайлы жазған мақалаларында әдеби шығарманың тарихи шындықпен байланыстылығы, шығарма сюжеттерінің деректік негіздері, туындылардағы ұлттық сөз өрнегінің айшықты белгілері, халық ақындары поэзиясының тіл көркемдігі сынды әдеби-эстетикалық мәселелерге қатысты өнер адамының өзіндік ой-тұжырымдары екшеленген. Сол себепті де Қ. Алтынбаевтың Семей өңірі ақындары мұралары жайлы жазған еңбектерін мүмкіндігінше толық тоқталуға тырыстық.

**Әдебиеттер**

1. Алтынбаев Қ. Шығармалар жинағы. (Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған – Төлебаева Қ. Т.). Алматы. – 2009. – 512 б.
2. Алтынбаев Қ. Аңызға айналған он жеті // Абай. – 1998. – № 4.
3. ҚРҰҒА. Әдебиет және өнер институты. «Жоқтау» 1961 жыл. 280 бума. 2-дәптер.
4. Семей қаласы қазіргі заман тарихы құжаттамасы. Фонд 803. Архив 1. Өлеңдер және айтыстар.
5. Алтынбаев Қ. Шыңғыстың қойнауындай қатпар-қатпар. Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылында тұратын Қалбай Қалиханұлының жеке мұрағат қоры. – 2 бума.
6. Алтынбаев Қ. Жарманың Иссасы». Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылында тұратын Қалбай Қалиханұлының жеке мұрағат қоры. – 2 бума.
7. Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. Құрастырған: Т. Арынов. – Алматы: Жазушы. – 1990. – 301 б.
8. ҚРҰҒА. ОҒҚК – 280 бума, № 1-2 дәптер.

МРНТИ: 17.09.91

## ШАКАРИМ – ВЕЛИКИЙ КАЗАХСКИЙ МЫСЛИТЕЛЬ

**Тултабаев З.Ч.,** ст. преподаватель
Университет Жумабека Ташенова
(Республика Казахстан, г. Шымкент)

Шакарим Кудайбердиев – казахский поэт, писатель, переводчик, композитор, историк и философ. Шакарим родился 11 июля 1858 года в Кенбулаке Чингизской волости Семипалатинского уезда (Абаевский район), в роду тобыкты. Он был современником и талантливым учеником Абая, близость Шакарима к творческому наследию Абая была связана также с его родством. Отец Шакарима Кудайберды приходился старшим братом Абаю Кунанбаеву. Он пережил две революции, гражданскую войну и становление советского Казахстана. Поэт и философ подвергался гонениям, был вероломно убит, после смерти забыт, а его труды уничтожены. Он духовный преемник и ученик великого Абая. Как и великий Абай, Шакарим избрал путь истины, духовности и путь образования и науки.

Большое влияние на формирование мировоззрения своего двоюродного брата Шакарима оказал двадцатилетний Абай, он стал духовным наставником и учителем. Абай Кунанбайулы укрепил поэтические способности Шакарима, помог обрести широкие познания в литературе и философии, истории и географии, естествознанию и музыке.

«Как стать счастливым человеком?» задает себе вопрос Шакарим. Размышляя, приводя различные примеры, он находит формулу счастья. Она не в обретении богатства, власти, славы, которые скоротечны, преходящи и обманчивы. Счастье в том, чтобы иметь безупречно чистое сердце и испытать самое возвышенное из чувств, это – любовь. Неустанно творить добро – в этих духовных ценностях заключается настоящее счастье. Другими словами, Шакарим дает нам понять, что счастье не то, что есть у человека, а то, что есть в человеке, в нашем стремлении совершать как можно больше добрых дел.

Философия Шакарима – убеждает, что для счастливой жизни народа и государства необходимо духовное развитие. Наше будущее должно быть нацелено на духовность.

Кудайберды, отцу Шакарима, старшему брату великого казахского поэта Абая, было тридцать шесть лет, когда он покинул этот мир. В жизни семилетнего мальчика ранняя смерть отца оставит неизгладимый след. Именно тогда он напишет свое первое стихотворение. С тех пор он станет воспитываться у своего дяди – Абая.

Абай же, горячо, по-своему любивший старшего брата, всю теплоту своих чувств старался вложить и передать маленькому Шакариму. Воспитание Абая благотворно отразилось на формировании его мировоззрения. Юность Шакарима проходила в творческом окружении, где почитались ораторское, прикладное искусство, наука, музыка. Шакарим владел кузнечным ремеслом, создавал сложные орнаменты. Скроенная и сшитая им самим одежда имела индивидуальный стиль. Будущий поэт чинил сломанные швейные машинки и остановившиеся часы. Создавал из дерева музыкальные инструменты. Был искусным охотником, держал ястреба, скаковых коней.

Благодаря ораторскому искусству, а также своему знатному происхождению Шакарим в двадцать лет назначается волостным управителем. После сорока лет, с 1898 года всерьез занялся творчеством. По определенной системе стал изучать западную и восточную литературу, познакомился с наследием таких поэтов и мыслителей Востока, как Хафиз, Физули, Навои, а также с произведениями Байрона, А. Пушкина, Л. Толстого.

Шакарим оставил богатое литературное наследие. В Оренбурге вышли в свет труды Шакарима «Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий» и «Традиции мусульманства», сборник стихов «Зеркало казахов». Кроме названных произведений, Шакарим является автор поэм «Енлик-Кебек», «Калкаман-Мамыр», «Айслу – Нартайлак», «Смерть Кодара», «Жизнь забытого», «Лейли и Меджнун», романа «Адильи Мария», сборника рассказов «Садроз», философских произведений «Три истины», «Сад подснежников» и других. Шакарим перевел на казахский язык призведения Хафиза, некоторые произведения Л. Толстого, А. Пушкина.

Самостоятельно овладел арабским, персидским, турецким, русским языками. В круг его интересов входили литература, история, философия, риторика, музыка, религия, естественные науки. Благодаря одаренности он стал одним из самых высокообразованных казахов. Круг его интересов был необычайно широк: история, философия, риторика, теология, география, естественные науки. В 1903 году он был принят в ряды членов Западно–Сибирского отделения Императорского Русского географического общества.

В 1906 году он совершил хадж в Мекку.

В году становления Советской власти Шакариму было около шестидесяти лет. Когда с приходом большевиков к власти речь пошла о разрушении традиционного уклада жизни казахов, он недоумевал: ради чего, во имя чего и для чего разрушать, а что взамен? А предлагаемые вещи не имели ничего общего с многовековыми национальными ценностями казахского народа. И потому Шакарим социалистическую идеологию не принял. Он также не воспринимал государство, построенное силовыми методами. И в этих условиях поэт должен был писать стихи и воспевать новый строй. Он предпочел уйти из такого общества. С 1922 года Шакарим жил в горах Чингистау в совершенном одиночестве. Он размышляет о смысле жизни, записывая свои мысли, подводя итог сделанному. И наверняка догадывается, что его жизнь на безлюдной зимовке настораживает представителей Советской власти. Они действительно подозревают великого старца в сговоре с врагами страны, учиняют обыск в зимовке в его отсутствие.

В один из пасмурных осенних дней 1931 года поэт без суда и следствия был расстрелян, его окровавленное тело сбросили в колодезный сруб в Баканасе. Этот колодец тридцать лет носил траур по человеку великой души, опередившего свое время. Только в июле 1961 года останки поэта были захоронены. Прокуратура Советского Союза решением от 29 ноября 1958 года реабилитировала Шакарима Кудайбердиева за отсутствием состава преступления, хотя запрет на творчество поэта остался. И только весной 1988 года многогранное наследие Шакарима стало достоянием народа.

Опираясь на его высказывания и его творчество, можно с уверенностью сказать, что Шакарим Кудайбердиев был настоящим мыслителем. Своим примером он вдохновлял людей. Очевидцы говорят, что после общения с Ш. Кудайбердиевым в их сердцах, душе и разуме открывались до этого неизвестные мысли и чувства.

Шакарим не воспринимал насилие, а также государство, построенное на силе. Шакарим был предан своему делу и слову.

Особый интерес представляет собрание сочинений Шакарима Кудайбердыулы под общим названием «Жолтабалы қақылмен».

Абай в своих «Назиданиях» писал: «Мудрецом или мыслителем можно назвать только того, кто своим умением, размышлениями и опытностью дошел до сознания высших духовных сил и обязательно соединяет в себе любовь и правду». Именно таким мудрецом предстает перед нами Шакарим.

И сейчас, когда мы знакомимся с его творчеством и жизнью, нас посещают мысли о том, что все-таки его высказывания по истечению веков остаются все также актуальными. Время идёт вперёд, но такие понятия, как честь, достоинство, любовь, добро, взаимоуважение будут всегда служить той опорой, на которой строится здоровое общество.

Он считал, что сущность человека, его природа и назначение заключаются в знании, прежде всего в знании истины. Но истина не дана человеку в чувствах. Человек может увидеть её только глазами разума, так как основополагающей истиной является истина о причинах возникновения и сущности мироздания.

Наследие Шакарима весьма разнообразно и при том довольно трудоёмко по своей трактовке. Он был предельно толерантным, буквально ко всем идеям, начиная от фантастических идей религии и заканчивая строго научными положениями философского материализма.

У человека есть две потребности: телесная и душевная. Тот, у кого преобладает первая потребность, ради наживы, корысти и славы готов пойти на любые злодеяния. Второй не ищет ничего, кроме бескорыстного труда и благих поступков.

Люди бывают одержимы несбыточными идеями, бесплодными местами, проводят время в пустословии, что равно сильно навязчивой хвори, от которой необходимо избавляться. Если сказать о трех истинах Шакарима, то они заключаются в следующем:

– Первую истину составляет истина веры, призывающая бытие создателя и идею бессмертия души. Но поскольку эта истина бралась на веру и не получила сколько-нибудь убедительного научного обоснования, то основная масса людей осталась к ней равнодушна;

– Вторая истина – это истина науки, основанная на достоверных данных чувственных восприятий и рационально-логического мышления. Но доводы науки оказались неоднозначными подвергались опровержению по мере дальнейшего развития жизни и знания. Поэтому они не смогли стать основанием для формирования добрых начал человеческой души;

– Третья истина – это истина души, субстанциональную основу которой составляет совесть. Именно совесть, как изначальная потребность души, и есть та истина, которая может очистить человека от нравственной скверны и поставить его на путь праведной жизни.

Шакарим мотивировал народ на достижение своей цели, об этом свидетельствуют его слова: «Всякий обязан стремиться к достижению идеала, пусть даже и не дойдёт до цели, но находиться на верном пути, это – залог успеха». Нравственные нормы и правила поведения не должны быть чем-то внешним, они должны стать глубоко личностными качествами растущего человека и только в этом случае выполнят своё назначение. Значит, главная цель нравственного воспитания и самовоспитания, согласно Шакариму – это необходимость формирования в человеке внутренней потребности к активному утверждению в себе высокой морали, духовности, религиозности.

Шакарим внес огромный вклад в казахскую письменную литературу, пополнил ее своими переводами произведений устного творчества поэтов-импровизаторов, сочинил мелодии к своим стихам. Им созданы высокохудожественные переводы А. С. Пушкина, Л. Толстого.

Кудайбердиев был известным переводчиком. Непревзойденными были его переводы на казахский язык поэзии Хафиза. Поэтические переводы прозы Александра Пушкина («Дубровский», «Метель») у казахского читателя имели особый успех. Он перевел книгу Г. Бичер-Стоу «Хижина дяди Тома» и рассказы Льва Толстого. Особое место в наследии Кудайбердиева заняли его философские труды – трактаты «Мусульманство» и «Родословная». В произведении «Сад подснежников» он изложил мысли о важности воспитания молодежи: считал, что если с детства не прививать навыки нравственного поведения, ставя в пример правильные моральные поступки, то позже никакие внушения разума не помогут изжить дурные навыки.

Одно из главных достижений Шакарима Кудайбердиева как философа-мыслителя – его труд «Три истины», созданию которого было посвящено 30 лет жизни. Он рассуждает о смысле жизни, о предназначении человека и его душе. Бессмертие души философ видел в следовании трем истинам, это: скромности, справедливости, доброте, которые он объединил в понятие «совесть». В этой работе он призывал мыслящих людей искать пути избавления человечества от пороков через нравственное воспитание. Мыслитель был убежден, что для построения нового общества необходимо нравственное очищение людей. Шакарим Кудайбердиев оставил богатое литературное наследие. Долгие десятилетия оно было недоступно читателям. Но сейчас имя писателя и его произведения возвращены народу.

**Литература**

1. Алимкулова Г. Шакарим Кудайбергенов (1858-1934 гг.) // С Арыстан баба путь начни... – Алматы: SA Print Service, 2007. – С. 87-88.

2. Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас, Шакарим и Каюм. Сплетение судеб – Астана: Фолиант, 2009.

3. Шакарим. «Душа» – Алматы: Издательство «Арыс», 2000.

4. Калиев С.К. Шакарим Кудайбердиев: Мировозренческие и педагогические взгляды. – Алматы: Вестник АПН РК, 2008. – № 2 – С. 64-70. livelib.ru: https://www.livelib.ru/author/961525/latest-shakarim-kudajberdiev

ҒТАХР: 17.01.07

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ЖАСТАРҒА» ӨЛЕҢІН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Темірғалиева Д.О.,** мұғалім
«№ 16 Төлеубай Аманов атындағы ЖОББМ»
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

*Аталмыш баяндамада Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңін оқыту кезінде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер туралы жазылған. Өлеңді оқыту барысындағы алғашқы сабақ ретінде талданып, оқу мақсаттары алынып, соған сәйкес қолдануға болатын әдіс-тәсілдердің легі берілген.Берілген әдістердің ерекшелігі, сабақта қолданудағы ұтымдылығы да назардан тыс қалмады. Тәсілдердің тиімділігін қарастырып, «Жастарға» өлеңінің құндылығын барынша көрсетілген.*

«Әдебиеттің түпкі мақсаты – адам жанын тәрбиелеу», – дейді қазақ жазушысы Ғабиден Мұстафин [1]. Шынымен де, білім беру жүйесінде қазақ әдебиетін оқыту кезінде оқушылардың бойында адамгершілік әрі эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге негізделіп жатады. Сондай-ақ, кез келген берілген шығарманы танып білуде, оның мазмұнын түсініп, идеясын тануда және жазушының айтар ойын сезінуге әдебиеттің берері мол. Оқу бағдарламасының негізінде берілген тақырыптарды ұғыну үшін білім алушыларға оқытушының сабақты меңгерту әдіс-тәсілдері маңызды рөл атқаратыны анық.

2018 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген 8-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңі берілген. Шәкәрім ақын Абайдың жанында өскендіктен оның ішкі күйі мен хәлін жақсы түсінген болатын. Қара халықтың сол кездегі жағдайына налып, үміттің барлығын жастардан күтетінін де жасырмаған еді. Жастарды арам, айла, зорлықсыз мал табуға шақырып, Абайдан ілім алуға ниет білдіргенін де көруге болады. Аталмыш жыр жолдары арқылы Абайды қазақ баласының ішіндегі ең биігі ретінде бағалайды да, бас ақынның жолымен жүруді ұсынады. Жастардың басым көпшілігіне ғылым мен білім арқылы ғана өсіп, өркендей алатынын түсіндіргісі келген ақын надан болып, ел соңында қалмауға үндейді.

«Жастарға» өлеңі білім алушыларға үш сағат көлемінде оқытылады. Алғашқы сабақта өлеңнің тақырыбы мен идеясы нақтыланып, ақынның айтар ойы туралы сөз қозғалса, екінші-үшінші сабақтарда өлеңнің тілі мен ерекшеліктері жайында талдауға болады. Кез келген сабақта ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану үшін оқу мақсаттарының да дұрыс болуы маңызды рөл атқарады. «Жастарға» өлеңінің алғашқы сабағында «8.1.2.1 – әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу» және «8.3.2.1 – шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру» деген екі түрлі оқу мақсаттарын алуға болады [2].

Сабақты бастамас бұрын, білім алушыларды мақал-мәтелдерді мағынасына қарай құрастыру арқылы 3 топқа бөліп алған жөн. Мақал-мәтелдер міндетті түрде жастарға қатысы бар болып, кесілген қағаз қиындыларын құрастыра отырып, топқа бөліне алады. Өлеңді оқытуды бастаудағы алғашқы әдістердің бірі ретінде қолдануға негіз бар. Ары қарай білім алушылардың «Ой тастау» әдісі арқылы өтетін тақырыптың қандай болатынын болжауға, өз ойларын айтуға, жастар туралы пікір білдірулеріне болады.

Көп жағдайда оқушыларға естігеннен қарағанда көрген артық болып жатады. Сол себепті бейне материалдарды білім алушыларға ұсынған дұрыс. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңін оқытқан кезде «Stop-кадр» сынды тиімді әдіс-тәсілді толықтай пайдалануға болады. Ютуб желісінде ақынның аталмыш өлеңі туралы ақпараттарды қамтитын мәліметтер бар. Сол бейнелерді оқушыларды көрсету арқылы, кез келген жерінен тоқтатып, көрілген бейнедегі түйінді тарқату арқылы тақырыпты меңгеруге болатыны да анық. Яки біздің ең бірінші қойылған оқу мақсатымызға сәйкес шығарманың идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан талдауға негіз бола алады. Себебі, 8-сыныптың білім алушылары өз ойларын анық жеткізе алатын, тыңдалған жазбалардан қорытынды шығарып, алып-қосар міндетті түрде жасай алады.

Менің сабақта өте жақсы қолданатын әрі жақсы нәтиже шығаратын әдіс-тәсілдерімнің бірі – «Серпілген сауал» деп аталады. Білім алушыларға тақырыптың идеясын ашатындай карточкаларға сұрақтар дайындай отырып, толықтай жауап алу үшін балама сұрақтарды да қоюға болады. Оқушылар бірінің айтқандарын екіншісі толықтыра отырып, үлкен жұмыс жасайтынына сенімдімін. Бірлесіп жасалған топтық жұмыстың нәтижесінде білім алушылардың көптеген мағлұматтар алатыны анық.

«Тізбектеп оқыту» әдісі арқылы поэзияны оқыту кезінде ұтымды қолдануға болады. Мән-мағынасы бар, берілген тақырыпты меңгеру кезінде нәтиже көрсете алатындай плакаттарды шығару үшін тізбектеп оқытудың маңызы зор. Бұл әдісті қолдану барысында екінші оқу мақсатына қол жеткізуге болады. Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, оның жаңашылдығына баға береді. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңіндегі айтқысы келген ойды талдау арқылы қазіргі кезде де өзінің өзектілігін жоғалтпағанына үлкен акцент қоя білу керек деп есептеймін. Себебі, бүгінгі жаһанданған заманда надандықтан қашып ілімге ұмтылудың, білім қуудың уақыты екенін білім алушылар толықтай айтып бере алады. Өйткені, олар қазіргі уақытта білімнен асқан құндылықтың жоқ екенін, Абай салған дара жолмен жүрсе, адаспайтындарын алдыға тарта алады.

Жалпы, жоғарыда көрсетілген қос мақсатты орындау барысында 4-5 тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Дегенмен, көп жағдайда білім алушылар поэзияда берілген сөздердің мән-мағынасын толықтай біле алмай, түсінбей жататын кездердің де болатыны жалған емес. Сол уақытта «Түсініксіз сөздермен жұмыс» әдісін қолданған дұрыс деп есептеймін [3]. Себебі, оқушылар өздері толық түсінбеген сөздерді жазу арқылы, оның мағынасын ашуға тырысатын болады. Әрине, сөздіктерге жүгініп, түсіндірме жұмыстарын жүргізу орынды. Білім алушылар берілген өлеңдегі сөздерді тек қана жаттап алмай, оның мағынасына үңілу арқылы да жұмыс жасау өте маңызды.

Маған ұнайтын, оқушылар үшін тиімді әрі білім алушылардың тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендіктері туралы ақпарат алу үшін үнемі қолданылатын әдіс- «100 сөзбен әңгімелеп жазу» [3]. Айтпағым, бұл әдісті кез келген тақырыпты өткеннен кейін пайдалануға болады. Оқушылар Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңінің мағынасын жазу кезінде Абайдан үлгі алу керектігін, арамдықтың жолының дұрыс емес екенін, білімдінің қадірін білу қажеттігін де басты назарға алатынын жасырмау керек-ті. Біреулердің айламен үзіп-жұлып жеп жүргенін, енді бірінің жалғанмен өмір сүретіндерін, екіншісінің желігіп, үшіншісінің құтырып жүргендерін де алға тартады. Бұның барлығы тек қана оқушылардың жауаптары болып саналады. Демек, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы берілген оқу мақсатына қол жеткізіп, сабақтың нәтижелі шығатынына сенімдімін.

«Жастарға» өлеңінің 2-3 сабақтарын оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер көркемдегіш құралдармен байланысты болып, ары қарай тілдік талдауларға да уақыт беріледі. Ең алғашқы сабақтың басты міндеті – берілген ойды, ақпаратты толықтай түсініп алу деп есептеймін. Сондықтан да мақсатқа жету жолындағы тиімді тәсілдер үнемі көмекке келері анық. Шәкәрім Құдайбердіұлының мектеп бағдарламасында өтілетін қос шығармасының толық меңгерілуіне барша ұстаздар қауымы бейжай қарамаса болғаны. Себебі, тәрбиенің бастауы, тағылымның дұрыс болуы – Абай, Мұхтар, Шәкәрім салып кеткен сара жолдарда екенін ұмытпау қажет-ті.

**Әдебиеттер**

1. Мұсабаев А. Бабадан қалған асыл сөз / Алматы: Жалын, 2017. – 123 б.
2. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. Нұр-сұлтан, 2022 жыл
3. Әлімова А. Интербелсенді әдістемені қолдану мәселелері / А.Әлімова. – Алматы: Рауан, 2020. – 361б.

ҒТАХР: 17.09.91

# ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МЕН ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

**Шарифоллина А.,** филология ғылымдарының магистрі
«Алаш арыстары – М. Әуезов» музейінің бөлім меңгерушісі
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Алаш – арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан көне сөз екені белгілі. Қарттардан естуімізше, «алты алашқа»: қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, башқұрт, қарақалпақ халықтары кіреді. Қазақта елге қамқор болған қадірменді адамдарын «алаштың азаматы» деуші еді, ешкімді де жат көрмейтін халқымыз танымаған адамын да «алаштың азаматының бөтендігі жоқ» деп құрметтеп қарсы алып келген. Қай кезде де осы сөз ел аузында жақсы ниетте айтылған.

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де, Алаш өлмес көркейер,
Істей берсін,қолдарынан келгенін,-

деп Мағжан Жұмабайұлы жырлаған Алаш арыстары бүгінгі Қазақ тәуелсіздігін көрмегенімен, оның таңы түбі ататынына сенді. Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді.

Алаш ұғымының қазақта, жалпы, түркідегі мағынасы бауырластар, қандастар, туыстар дегенге келеді. Алаш дегеніміз, қазақ деген ұғымды береді деген таным қазақ халқының санасында берік қалыптасқан. «Алты алаштың баласымыз» немесе «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» дейтіні сондықтан. Алаш арыстары жиырмасыншы ғасыр басында жазған еңбектерін «Алаштың талапты азаматына», «Алаш ұлына», т.б. деп қазаққа қаратып айтқан.

Алаш – Семей қаласының Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан бөлігінің аты. Патша үкіметі құлап, Семейде Алашорда туы көтерілгенде өзеннің сол жағалауындағы бұрынғы Слабодка атауын Алаш атауы алмастырған. Сол шақтағы Алашорда үкіметінің кеңсесі де осында болған. Содан қаланың сол жағалауы 1927 жылға дейін, яғни он жыл бойы Алаш аталып келген. Ал Алашорда мен оның көсемдері біржола қуғындалғаннан кейін ол Жаңасемей атанып кеткен. Сол Алашорданы құрған, көшбасшы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ол туралы «Семипалатинский листок» газетінің 1906 жылғы 5 маусымдағы санында: «Ол Орман институтының студенті болып жүрген кезінде барлық студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, әсіресе солшылдарға ілесетін. Марксизм туралы қызу пікірталастарда экономикалық материализм қағидаларын дес бермей қорғайтын» делінген. Әлихан Бөкейханұлы Ресей жандармериясының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынды». Ол институтты бітіргеннен кейін Омбыға барып, Орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасады. 1896-1903 жж. Щербина экспедициясы жұмысына қатысты. 1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде қазақ халқының жоғын жоқтап сөз сөйледі. Сөзінде ол қазақ халқының тіл, сайлау, дін, т.б. бостандықтары мәселесін көтерді. Сөйтіп, «Халық бостандығы» партиясының мүшелігіне, ал 1906 жылы оның ОК-і құрамына енді. 1906 жылы маусымда Семейде өткен қазақ сайлаушыларының съезінде Әлихан Бөкейхан «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасын қуаттап сөз сөйледі. І-ші Мемлекеттік думаға Семей облысы қазақтары атынан депутат болып сайланды. 1906 жылы Омбыда шығатын кадеттік «Голосстепи», «Омиш» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1917 жылы 20 наурызында Уақытша

үкіметтің Торғай облыстық комиссары және Түркістан комитетінің мүшесі қызметіне тағайындалды. Ұлттық мемлекет құру Әлиханның түпкі мақсаты болды. Оның жетекшілігімен 1917 жылы шілдеде I-шіжалпықазақ съезі өткізілді, сондай-ақ «Алаш» партиясы құрылды. Ә. Бөкейхан мен А. Байтұрсынұлы бастаған бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы мен ұйымдастыруы бойынша 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ съезі болып өтті. Съезд қазақ облыстарын бүліншіліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылдады.

Енді Шәкәрім Құдайбердіұлының Алашорда үкіметіне қатысы туралы айтсақ, оның Алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлымен арадағы үлкен достық қарым-қатынасына байланыстыра отырып айтқан дұрыс. Әлихан мен Шәкәрімнің достығы, олардың бір-бірін сырттай болса да танып-білуі сонау 1900 жылдары, дәлірек айтқанда, болашақ Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхановтың қазақ жер пайдалануын зерттеуші Ф.Щербина экспедициясы құрамында ғылыми жұмыстармен айналысып жүрген кезінде басталса керек. Мысалы, ол «Қалқаман-Мамыр» мақаласында («Қазақ», 1915, № 121): «1900 жылы Шыңғыс елін жазған Иван Филиппович Гусев Шәкәріммен сөйлескен. Маған сонда айтты: «Жұрттың бәрінің ауызға алғаны Абай. Шәкәрімнің білімі де қазақта жоқ екен деді»,- деп еске алады.

Ойшыл, композитор, қазақтың классик ақыны, Абайдың ерекше туған інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы – Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға. Білгір тарихшы, шежіреші Шәкәрім өзінің шежіре түрінде жазылған таза тарихи еңбегі «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» екені айтпаса да түсінікті. Ол туралы алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1913 жылы «Қазақ» газетінің №12 санында ғұлама ақын еңбегіне жазған пікірінде: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресінің тұңғышы, қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі, Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шәкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес», - дейді.

Қазақтың данышпан ақыны Абай қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде Ә.Бөкейханның, алғашқыда 1905 жылы «Семипалатинскийлисток» газетінде, одан соң, 1907 жылы Императорлық орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің ғылыми еңбектері кітапшасында Абай Құнанбайұлының тұңғыш ғұмырбаяндық қазанамасын жазып жариялауы, 1909 жылы Санкт-Петербургтен алғаш Абай өлеңдерін Кітап етіп бастырып шығаруға қамқорлық көрсетіп, қолғабыс тигізуі тәрізді тағы басқа осындай белгілі жайлар, оның Абай балаларымен, жалпы аға сұлтан Құнанбай әулетімен арадағы достық қарым-қатынасын тіпті күшейте түскенін білеміз.

Алаш көшбасшысы Ә.Бөкейхан осы «Кәкітай» атты мақаласында 1907 жылы II Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлауға Семей облысы қазақтары атынан бес адамның бірі ретінде ғұлама, ойшыл Шәкәрімді ұсынғанын, бірақ ол өз жолын Темірғалиға беріп, басқаларға үлгі болғанын айтады. Сөйтіп, Семей облысы, Сейтен болыстығының болысы, бастауыш білімі бар, діни сауатты Темірғали Нұрекенов II Думаға депутат болып сайланады. Және де ол аталмыш мақаласында: «...1908 жылы Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде, Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл әдейі қалаға келіп, тағы біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда, олар тағы келіп амандасқан. Бұған өзге қазақ жарамады-ау...» – дейді. Жалпы, Шәкәрім Құдайбердіұлы патшалық Ресейдегі бірінші орыс революциясынан басталатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысына білек сыбана белсене араласып кетпесе де, оның Әлиханның қызметімен тығыз байланысты қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүргені байқалады.

Әлихан Нұрмұхамедұлының II Мемлекеттік Думаға депутаттыққа Шәкәрім Құдайбердіұлы кандидатурасын ұсынуына байланысты мынадай екі мәселеге баса назар аудару қажет секілді. Біріншіден, зерттеуші ғалымдар М.Асылбеков пен Э.Сейітовтер өз еңбегінде 1906 жылы I Мемлекеттік Думаға сайлау қарсаңында Ә.Бөкейханның басшылығымен Семейде қазақ зиялылары арасында құрылған кадет партиясы бастауыш ұйымының жиналысы болып өткені, оған 160-тан астам адам қатысқаны, жиналыс барысында «Кадет» жөне «Халық бостандығы» партияларының алдағы сайлауға байланысты уақытша өзара біріккені, қысқасы I Мемлекеттік Думаға Әлиханның өзі Семей облысынан осы қазақ кадет партиясы атынан ұсынылып, сайланғаны туралы деректерді келтіреді. Ал белгілі алаштанушы ғалым М.Қойгелді болса, «Ұлттық саяси элита» кітабында 1906 жылы Әлихан Бөкейханның басқаруымен Семейде өткен қазақ кадет партиясының жиынында Шәкәрім Құдайбердіұлы да қатысып, сөз сөйлегенін айтады.

1980 жылдардың соңына қарай кеңестік қоғамда бел алған демократиялық жаңаруларға байланысты бұрындары тыйым салынып келген Шәкәрім шығармашылығына елдің қайта қызығушылығы артты. Әдеби және ғылыми қауымның сұрауына орай, 1987 жылдың желтоқсанында

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының шешімімен құрылған Шәкәрім Құдайбердиевтің әдеби мұрасын зерттеу жөніндегі мемлекеттік комиссия алты айдай жұмыс істеп, үлкен шаруа тындырды. Соның нәтижесінде, 1988 жылы тұңғыш рет республикалық «Жазушы» және «Жалын» баспаларынан Шәкәрім шығармалары екі бірдей кітап болып жарық көрді. Алайда аталмыш жоғары билік органы ғұлама ақынның әдеби мұрасын ел игілігіне жарату жайындағы мемлекеттік комиссиясының ұсыныстарымен келіскенімен, оның Алашорда үкіметіне қатысын «уақытша жаңылысулар мен қателесулер» немесе «ақын дүниетанымындағы шектеуліктің көрінісі» деп бағалады. Әлі де бұрынғы пікірінен қайта қоймаған Компартияның Шәкәрімді ақтаудағы берген саяси бағасы, міне, осындай болды. Тек, 1990 жылдары Кеңес Одағы ыдырап, тарайтын тұста құрылып, жұмыс істеген мемлекеттік комиссия ғана Шәкәрім Құдайбердіұлын Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлымен бірге толықтай ақтап алды.

Шәкәрімнің алғаш «Айқап» журналы «Қазақ» газеті ашылып, шыға бастағанда тек оларға құттықтау өлең арнап, шығармаларын жариялап қана қоймай, Алаш көсемдері Әлихан, Ахмет, Міржақыптар құрған «Азамат» серіктігін Кәкітай және Тұрағұл Құнанбаевтар, Қаражан Үкібаев, Мағат және Хасен Ақаевтармен бірге қызу қолдап, мүшелік жарна төлеп тұруы, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті арасындағы айтыс-тартысқа ақсақалдық тоқтау айтатыны тәрізді осындай үлкенді-кішілі қоғамдық-ағартушылық істерінен анық көруге болады. Алаш көсемі Ә.Нұрмұхамедұлынан бастап ақиық ақындарымыз М.Дулатұлы, С.Торайғырұлы, белгілі журналист-тарихшы С.Ғаббасұлы және тағы басқалар өз мақалаларында Шәкәрім туралы көптеген жылы пікірлер білдірді. Мысалы, Әлихан «Қазақ» газетінде Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Қалқаман-Мамыр» еңбектері туралы білдірген құнды пікірлерінен басқа «Мұсылман съезі» мақаласында «Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады» деп жазса, М.Дулатұлы «Айқап туралы» мақаласында «Егер «Қазаққа» жұрттың ықыласы «Айқаптан» гөрі артығырақ болса, біз мұны Шәкәрім қарт айтқандай, жаңа шыққан нәрсеге жұрт таңсықтығынан жабылып «Айқапқа» соның үшін салқын қарады деп ойлаймыз» дейді. Сол сияқты осы «Қазақта» Жүсіпбек Аймауытұлы «Желкек» деген бүркеншек есіммен жариялаған «Шәкәрім ақсақалға» мақаласында «Шәкәрім ақсақал «шежіресіне» жеңіл-желпі жұмысша қарамай, терең ойлап, көп оқып, сан салыстырып барып жазғаны көрініп тұр. Бұл турада ақсақалды қазақтың «Карамзині» десек, артық мақтаған болмаспыз» десе, Бейімбет Майлин «Айқап» ойларында бар ма?» мақаласында Шәкәрім ақсақал қазақтың оқыған азаматтарынан «Қазаққа» да, «Айқапқа» да жазып тұруларын өтініп, береке-бірлікте болуды тілегенін, алайда ол тілек жалғыз Шәкәрімнің ғана тілегі емес, бүкіл қазақтың тілегі екенін айтады. 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан бастап 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейінгі ұлт санасы ояныпи, әлеуметтік қоғамдық белсенділік күшейген осы кезеңде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария», «Қазақ айнасы», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Білімдіден бес түрлі сөздің шешімін сұраймын», «Би һәм билік туралы» тәрізді бірқатар әйгілі тарихи танымдық және публицистикалық еңбектерінің жарық көруі, шын мәнісінде, оның қазақ қоғамында орын алған оқиғаларға бейжай қарап қалмағанын аңғартады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі қоғамдық-ағартушылық бағыттағы өмір кезеңдерін белгілі абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханұлы кезінде бұл мәселенің астарына, әсіресе, ғұлама ақынның Алашордаға қатысты қызметіне байланысты кейбір жайларға біршама үңіліп, оған Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» дастанында айтылған оқиғалармен түсінік беруге ұмтылған еді. Әрине, Алаш зиялылары әлі де толық ақтала қоймаған кеңес өкіметі кезінде ағынан жарылып бәрін айта қою мүмкін болмады. Сол себепті, Шәкәрімнің Алашорда үкіметіне қатысы туралы кейбір жайлар көлеңкеде қалып келді. Іс жүзінде ғұлама ақын әу бастан-ақ Алаш қайраткерлерінің «жеке өз алдына егеменді ел болсақ, тәуелсіз мемлекет құрсақ» деген түпкі мақсатына қосылмай, бас тартып, ат-тонын ала қашқан жоқ.

Әлиханның 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Оқшау сөз» атты мақаласындағы «Алаш» не сөз?» деген сұрауына алғаш үн қосып, жауап қатқандардың бірі осы Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Мұның өзі ғұлама ақынның тұңғыш саяси қазақ партиясының «Алаш» деп аталуына белгілі бір дәрежеде қатысы болды дегенді андатады. Сол сияқты Ә.Бөкейханның 1914 жылы жарық көрген «Би һәм билік» («Қазақ», 1914, № 48-50) аталатын мақалаларына жауап ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Би һәм билік туралы» («Қазақ», 1914, № 65) мақаласын жазды, онда қазақ елінің әкімшілік және сот құрылысындағы бұрынғы әдет-ғұрып, салт-сана, билер билігі әңгіме болады. Тегінде, Шәкәрімнің билікке байланысты мұндай маңызды мәселелерді көтеруі, кейінде оны Алашорда үкіметі кезіндегі қазақ соты қызметіне тартуға басты себеп болған сыңайлы. Сондай-ақ, Шәкәрім халыққа «теңдік, бостандық» әкелген 1917 жылғы ақпан төңкерісі кезінде де «қазақ оқығандарының

жетегіне» еріп, «Бостандық туы жарқырап», «Бостандық таңы атты» өлеңдерін арнап, қоғамдағы болып жатқан ұлы дүбір оқиғалардан шет қалмағанын көреміз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының Алашордаға қатысуына байланысты тағы бір дерек, оның 1917 жылы желтоқсанның 5-13 аралығында Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезіне шақырылуы болды («Қазақ», 1917, № 250).

Шын мәнісінде, ұлт зиялылары бұл съезде Алаш орда үкіметін құруға қол жетті. Оған Семей облысынан Халел Ғаббасұлы, Әлімхан Ермекұлы, Тұрағұл Абайұлы, Жұмекен Оразалы, Ахмет Шығырұлы, Қабыш Бердалы, Ахметолла Барлыбайұлы қатысты. Міне, осы съезге қатысуға, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың қол қоюымен арнайы жеделхаттар жолданып, облыс-облыстан шақырылған баршаға белгілі беделді жиырма сегіз адамның ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының да есімі аталады. Ал енді ғұлама ақын оған қатысты ма, жоқ па, ол жағы белгісіздеу. Кейбір деректер «Шәкәрім бұл съезге қатыспағанын» меңзейді. Қалай десек те, аталмыш бір ғана фактінің өзінен-ақ, оның әрдайым Алаш тілегінде болғанын көреміз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының аз уақыт болса да Алашорда үкіметінің төбе бии қызметін атқарды. Ол «Мұтылғанның өмірі» атты дастанында өзінің «сырттай сот болып сайлануының, ақ пен қызыл соғысының халыққа тигізген зардабы мен Алашорда басшыларынан әділдік таппай соттықты тастап кетуінің» сырын жан-жақты ашып береді. Өкінішке қарай, осыны кешегі кеңес өкіметі кезінде «Шәкәрімнің Алашордаға қатысы жоқ, болмаған» деп айту үшін еріксіз тілге тиек еттік. Алайда оның Семейдегі Белгібай деген байдың қызын алып қашқан жас мұғалім жігіт Ғабдолла Қоскеевтің тағдырына араша түсіп, әділ шешім шығаруы Алашордаға белгілі бір дәрежеде қатысы болғанын айғақтайтын факт екені даусыз.

1917 жылдың аласапыран уақытында Семейде құрылған қазақ комитеттері және жаңағы уездік, облыстық Земстволар басқармалары мен депутаттары Алашорда үкіметінің жергілікті жердегі сенімді көмекшісі әрі тірегі бола білді. Ал өзімен замандас Көкпай Жанатайұлы, ИманбазарҚазанғапов сынды арқалы ақындармен бірге Семей елі өміріндегі осындай оқиғалардың бел ортасында ғұлама ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының да жүруі сөзсіз еді. Мәселен, оған Шәкәрім ақсақалдың Алаш милициясының бастығы Қазы Нұрмұхамедұлы әскери жаттығу жүргізіп жатқан кезде қапыда большевиктер атқан оқтан қаза болуына байланысты бүкіл елді жылатып сөйлеген сөзі дәлел болады. Әсіресе, мына бір дерекке ерекше тоқтала кеткен жөн бе деймін. 1918 жылдың сәуір айында өткен Семей облыстық Земствосының бірінші төтенше жиналысында ең басты мәселенің бірі болып әкімшілік басқару мен сот жүйесін құру ісі қаралады, сөйтіп облыстық қазақ сотының төрағасы болып Мұқыш Боштаев, төраға орынбасары Иманбек Тарабаев және мүшелері Шәкәрім Құдайбердіұлы, Смахан Бөкейханов, ал кандидаттыққа А.Аңдамасов пен Теміржанов сайланады.

Ахат Шәкәрімұлы осы оқиғаны әкесі туралы естелігінде: «1918 жылы, мен орыс оқытушысынан орысша оқиын деп Семейге бардым. Кеңес өкіметі қазаққа соттықты берген соң, мұндағы Алаш азаматтары облыстық соттың бастығы етіп сырттай әкейді сайлаған. Біз қаланың Жоламан жақтағы шетінде, Үдері дегеннің үйінде жаттық. Семейдегі Белгібай деген байдың қызы бір мұғаліммен қашып кетті дегенді естіттік... Ертеңінде Жаңасемей базарының жоғары жағында, Қаражан байдың мектепке жалдаған үйі болатын. Сот сонда болатын болды. Алаш бастығы Әлихан Бөкейханов Омбыға кетіп, орнына уақытша Мұхаметжан Тынышбаев тұрған. Сот болатын залға жұрт лық толды. Мен есік босағасында тұрдым. Сыймағандар есіктен сығалап тұрды. Алдыңғы қатарда қыз, Белгібайдың туғандары отырды. Басы орамалмен таңулы, беті, маңдайы көкала болған мұғалім тұрды. Оның артында мылтық ұстаған солдат тұр. Соттар келгенде, отырған ж Мұқыш Белгібай атынан жазылған арызды оқыды... Соттар оңаша бөлмесіне кіріп кетті. Аздан соң, соттар шықты. Жұрт түрегелді. Мұқыш соттың билігін оқыды. Бас жағында: «Біздің сот – ар соты, ардан, адамгершіліктен аспай, әділін айтамыз...» – деген сияқты сөздерді оқып келіп: «Қыздың басына бостандық берілсін! Өзі сүйген адамына барсын!» – деп тоқтады. Залдағылар ду қол шапалақтап жіберді... Ыспан қажы орнынан атып тұрып, әкейге қарап, қатқыл дауыспен: «Ей, Шәкәрім! Алашорданы астыңмен басып отырғаныңды көрермін! Алаш азаматтары, қауым не бізбен болар, не сенімен болар! Босаға бұзып, жесірімді тартып алып отырған бұзақыны ақтап жіберген арам билікті қайдан көрдің?! Бұл билігіңді алмаймын! Жеріне жеткенше қуармын!» – деді... Кешке әкей қатты күйзеліп келді. Аңқау, ақ көңіл Үдері қажы: «Қарағым, ауырып келдің бе? Өңің қашып кетіпті?!» – дегенде, әкей: «Мен боска әуре болып жүр екем! Басшылардың елді ел қылатын түрі жоқ! Баяғы күндестік! Баяғы мансапқұмарлық! Өзімшілдік! Баяғы рушылдық партиядан арылар түрі жоқ! Елді қорғау, адалды жақтау жоқ! Сорлы елге сор жауыны сорғалағаннан басқа түк жоқ! Бұлардан үміт-қайыр жоқтығына көзім жетті. Ел оқығандары ғой, елді адал жолға бастайды бұлар деп сеніппін! Қаталасыппын!» – деді... Осы түнде әкей: «Партия қуған өңкей қырт», «Тыныштық жоқ, тыным

жоқ», – деп басталатын өлеңдерін қолма-қол ашу үстінде жазды. Ертеңінде Быков деген доктырды шақыртып алып, іш аурумын деп қағаз алды да, атын жеккізіп, ЖаңасемейдегіАбдрахман байдың үйіндегі Алаштың кеңсесіне келіп кірді. Мен, Дүйсембі екеуіміз қақпа алдында, арбада отырдық. Әлден уақытта әкей шығып: «Ертең елге қайтатын болдық. Бүгін керек-жарақ аламыз», – деді. Сүйтіп, әкей ауылға қайтып кетті», – деп суреттейді.

Шәкәрім «Алашорда соты қызметінен өз еркімен бас тартты» десек те, ол осы сот жұмысынан мүлде қол үзіп кетпеді. Шәкәрім қажының осы бір аласапыран жылдардағы өмір кезеңдері туралы көрнекті әдебиетші ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин: «1917-1925 жылдар аралығында Шәкәрім аз уақыт дүниеауи өмірге қайта оралғандай болады, ел ішіндегі игі өзгерістерді құттықтайды, газет-журналдар бетінде замана ағымына үн қосқан өлеңдер бастырады. Алайда қарт ақын көп ұзамай қайтадан ел тіршілігінен аулақтайды» дейді.

«Мен кетемін,
келеді тағы өмірге мендей,
Олар мінді көреді,
қисық жерін жөндей.
Бара-бара айқындалып ақтық істің анығы,
Адасқанмен, хақиқатқа қоймақ емес сенбей.
Ақ жүрек пен таза ақыл,
Қылсаң Адал еңбек,
Бәрінен де сол мақұл –
Артқыға жол бермек.
Арсыздардың түкке тұрмай арам ойы жойылып,

Аяғында хақиқатты бұл үшеуі жеңбек», – деп, «Ақ жүрек пен таза ақыл, Адал еңбекті» жақтаған Шәкәрім де, «Алаш» идеясын алға тартып, Қазақ жерінің, халқының жоғын жоқтап, жеке мемлекет болуын армандап, елін, жерін көркейтуді көксеген Әлихан да өз ұстанымдарында өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-баба жерін, Отанды сүю, қорғау және қамқор болу деп насихаттады. Әсіресе Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлері соңғы демі біткенше туған қазақ халқының ата-баба жеріне деген, ұлттық мемлекет құрып, өзін-өзі басқаруға деген қасиетті құқын табанды түрде қорғап, сол үшін күресіп өтті.

**Әдебиеттер**

1. Мағауин М.Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. − Алматы: Жалын, 1988. – 8 б.
2. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2008. – 184 б.
3. Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей: Тенгри баспасы, 2008 – 864 б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995 – 368 б.
5. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: Жалын, 1996. – 224 б.
6. Аққұлы С., Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. І том. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. – 800 б.

ҒТАХР: 17.07.65

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Шеттыкбаева С.С.,** оқытушы
М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі КМҚК
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Шәкәрім – ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің класигі. Ол Абай дәуірінен бастау алатын ХХ ғасырдың басында кең арнаға түсіп дамыған демократиялық идеяларды, халықтың азаттығын ту ғып ұстап, ғылым мен техника жетістіктерін игеріп еркін дамуын аңсаған қоғамдық қозғалыстың аса көрнекті өкілдерінің бірі. Шәкәрімнің гуманистік, адамгершілік идеялары – адал еңбекті, әділеттілікті, мейірімділікті жақтауы, зорлық – зомбылықты, қиянатшылықты әшкерелеуі прогресшіл, жаңашыл қоғамдық күштердің озат ой – санасының жарқын көрінісі болғаны және халықтың түпкі, түбегейлі арман – мүдделерін терең түсінуден туғаны анық. Шәкәрімнің

дүниетанымы, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық эстетикалық көзқарастары XIX ғасырдың екінші жартысында негізінен қалыптасты. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет пен мәдениет қайраткерлері ішінде Шәкәрім кеңінен танылған.

Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат қасиеттер лирикасына тән нақыл насихатшылдық, пәлсапашылдық поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік үлгі өрнектерін қызықтауы, орыс әдебиеттерінің сюжеттеріне бой ұруы да, шежірешілдігі – бәрі де өз заманының тілек – талаптарына сәйкес қалыптасқан. Шәкәрімнің ақындық әлемі бай, көп қырлы, тақырыбы жанрлық түрлері жағынан да сан алуан. Ақынның «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр» сияқты дастандарынан халық өмірін терең білетін, сан ғасырлық халық поэзиясының, сөз өнерінің бай дәстүрлерін, бейнелеу тәсілдерін еркін игергенін айқын аңғарсақ, пәлсапалық лирикасынан өте күрделі философиялық ойларды әсерлі жеткізудегі ақындық шеберлігін, жаңашылдығын сезініп, тәнті боламыз. Шәкәрімнің ақындық жаңашылдығы тыңнан қосқан өлең өлшем – өрнектерінен, өлеңдеріне шақырған әндерінен, үздік композиторлық дарынынан да анық танылады. Бұл жағынан алғанда шәкәрім қазақ әдебиетінде ғана емес, дүниежүзі әдебиетінде кездесетін өте сирек құбылыс дей аламыз.

«Жастарға» атты 1879 жылы жазылған өлеңінде Шәкәрім жастардың өмірлік мақсаты туралы айта отырып, өзінің өнерпаздық бағытын да айқындайды. «Қазақта қай жақсы бар сөз саларлық?» деген сауал қойып, кім болса да үлгі аларлық «білімді, данышпан» , шынайы ғалым Абай дейді. Өлеңнің негізгі идеясы – жастарды Абай жолымен жүруге шақыру, Абайдың арман – мақсаттарын – білім, ғылым үйренуді, адал еңбек етуді, адамгершілікті, әділдікті ту етіп көтеру, надандыққа, жалқаулыққа, алауыздыққа қарсы күресу.

Шәкәрім өзіне Абайдың шыншыл сөздері қатты әсер еткенін тебірене айтады. Абайдың салған ізімен жүру бірден – бір дұрыс деген шешімге келеді.

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл – күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда, Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән пәлсапашылдығының сыры неде десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар, ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі ақын, жыршы жырауларымен қатар арғы – бергі түрік ақындарының, шайырларының араб, парсы, орыс және батыс ақындарының шығармаларын өте жақсыбілген.

Ш. Құдайбердіұлы тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түркітанусалалларындағы түрік тіліндегі, орыс және араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар бойы үздіксіз оқып, жан – жақты дамыған, энциклопедиялық білімді, дана адам болған.

Біздің түсінігімізше жаһандану жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігі әлемдік мәселелер, өмірдің жаңа бейнесі, ондағы мәдениеттер әртүрлілігі жайындағы білімдер, ғаламдық ортамен тиімді әрекеттесе алу біліктері, ақпараттық сауаттылық, қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарудағы, және өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіну сияқты сапаны өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігіндегі педагогикалық әрекетте жүзеге асыруда көрінетін мұғалімнің кәсіби даярлығының көрсеткіші.

Сондықтан, жоғары оқу орындарында жаһандық өзгерістер жағдайында жұмыс істеп, өмір сүре алатын болашақ маманның дайындығын жүзеге асыру педагогика ғылымының теориялық және практикалық салалары қарастыратын маңызды мәселе қатарына жатады деп санаймыз. Бұл – басқа да ғылым салалары бойынша мамандар дайындауда зерттеу нысанасына алынуға тиісті пәнаралық күрделі мәселе. Біз оның өз зерттеуіміз аясындағы аспектілерін ғана қарастырып отырмыз.

**Әдебиеттер**

1. Кручинина Г.А. Формирование системной готовности технологий обучения в индивидуально-творческой подготовке // Личность: развитие и реализация в творчестве. – Курск, 1996. – 340 с.

2. Kissock C. Cushner K., Brennan S. Intercultural Student teaching: Bridge to Global Competence. – Rowman & Littlefield Education: Lanham, 2007. – 246 p.

3. Оразбаева К.О. Педагог мамандардың жаһандық құзырттілігін қалыптастырудың теориялық тұстары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2014. – № 1(41). – Б. 82-85.

4. Черешкин Д.С., Смолян Г.Л. Сетевая информационная революция // информационные ресурсы России. – 1998. – № 1. – С. 8-13.

5. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан //http://www.myuniver.kz/component/zoo/item/kontseptsiya-12-letnegoobrazovaniya-v-kazahstane.html.

6. Зайцева О.Б. Формирование информационной компетентности будущих учителей средствами инновационных технологий: автореф. … канд. пед. наук. – Брянск, 2002. – 19 с.

7. Семенов А.Л. Роль информационных технологий в общем среднем образовании. – М.: Изд-во МИПКРО, 2000. – 12 с.

8. //https://www.fsvps.ru/fsvps-docs/ru/usefulinf/files/es853-2004.pdf

ҒТАХР: 17.09.09.

## ДӘСТҮР ТАҒЫЛЫМЫ

**Қадыров А.Қ.,** ф.ғ.к., доцент,
**Секей Ж.,** ф.ғ.к.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей)

Белгілі ақын Шәкір Әбенов әкесі Әбен қажының тәрбиесінде болып, оның ықпалымен ерте ауыл молдасынан мұсылманша хат таныған. Семейдегі приходская школада оқыған. Мұсылманша және орысша сауатын ашып алған соң, жасынан зерек, зейінді, сергек Шәкір өнер-білімге құштар болып өсті. Даналықтың дәні себілген Шыңғыстау топырағындағы ұлылардың ұлылығын тыңдап өсті. Сусынданғаны: дала философиясындағы көне көз қарттардың, дуалы ауызды шешендердің әңгімелері, ұлы Абай, Шәкәрімдер оқыған кіпаптар, олардың айтқан ойлары, жазған шығармалары, жарыса таласып айтылып жатқан пікірлер, кез келген арнайы оқу орнынан артық мектеп. Бұл терең білім ордасы.

Ш. Әбенов Абайды, Абайдың ақындық мектебінің талантты, талапты, дарынды шәкірттерінің шығармаларын тыңдап, жаттап өсті, ерекше қабілетінің арқасында өлең өнерін еркін меңгерді, Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырған атақты ақын болды. Абай, Шәкәрімдер білген түрік, орыс, араб тілдерін меңгерді. Домбыра, гармон, скрипка аспаптарын еркін меңгерген шебер музыкант, өлеңге ән шығарып ән айту қабілеті де жоғары әнші. Естігенінін жадында сақтау, жаттап алу, табан астында суырып салуға қабілеті. Ескінің әңгімелерін көп білетін, жыр, қиса-дастандарды жатқа айтатын ес қабілетінің ерекшелігі тағы бар.

Шәкір ақын жастайынан құлағына сіңісті болған Абайдың даналық білгірлігі, адамдық парасаты, әділдік-адамгершілігі туралы сан алуан әңгімелерді ой-түпкіріне сақтап көп жинақтаған. ″Осы әңгімелер негізінде қомақты бір дастан жазсам деген ойда болдым. Адамгершілік қасиеті, ғылым-білімі, ой-парасаты өзіңнен артық адамның бейнесін жасаймын деу әурешілік екенін мен бертінірек түсіндім. Шынын айтсам, мен Абай туралы дастан жаздым да, бірақ нағыз Абай бейнесі шықпады. Сондықтан жазғандарыма пештің төрінен орын бердім. Абай туралы естіген-білгендерімді бұдан әрі ішке бүгудің реті жоқ деп түйдім", – деп ақын жетпісінші жылдар ішінде Абай туралы «Абайдың ұрыны тиюы», «Халық мүддесін бәйгеге тікпейік» деген тағы басқа әңгімелерін аудандық, облыстық газеттерге жариялады.

Шәкір Әбенов проза жанрында да өзіндік қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Оған жетпісінші жылдардағы «Совхоз туы» газетіне шыққан «Маскүнем шебер», «Әуесқой жігіт», «Кезбе шал» атты әңгімелері куә. Осы әңгімелерінде адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттер суреттеледі, негізгі түйіні – Абай аңсаған ақ жол.

Халық Шыңғыстау топырағында данышпан Абай, ғұлама Шәкәрімнен кейінгі уақытта ұлылық ұясының ұлағатын ұстаған Шәкір деп бағалады. Ол шоқысы алыстан мен мұңдалап төңірегіне түгел көрініп, түптеп танылa бастады. Шәкір адамзаттың ақыл-ойы мен қиялы дамудың шырқау шегіне жетіп, мейірім мен қатыгездік қақтығысып, дүние қыл үстінде қалтыраған ғасырда адамдықтың ақ туын қолдан түсірмеген, атадан қалған сара сүрлеуден адаспаған саусақпен санарлық саңлықтардың бірі болып айналасына даналық қасиетімен танылды.

Жинадым ескі сөздің қазынасын,
Шыңғыстың қойнауындай қатпар-қатпар.
Құпиясы айналған көмескіге
Тарихтан қалған мен бір ескі дәптер, –

деген ақынның кеудесі толы келешек қазып алып, байлыққа, бақытқа кенелер қазына екеніне көзіміз жетті.

Ақынның өмірдегі болып жатқан жаман мінез, теріс әрекеттерді сынаудағы мақсаты адам бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып таза еңбегімен күн көруге ұмтылдыру. Шәкірдің бірқатар өлең-жырларында халық өміріндегі, ел тұрмысындағы ескінің сілімтір әдетін, еңбекке енжарлық, кертартпа көзқарасты, надандық пен шала сауаттылықты ащы тілінің уытымен түйреп, жеріне жеткізе әжуалайды. Шәкір өзінің туындыларында әжуамен ғана шектелмей, жалынды жыршы, ұрпаққа ақылшы, белсенді насихатшы болды. «Жастық шақ», «Мектеп оқушыларына» атты өлеңдерінде оқуға, білім алуға, өнерді үйренуге жастарды үгіттейді, ол сенің өміріңнің қорғаны, ақынның айтып отырған өнер, білімі мамандық алып, келешекте өмірден орнын табу.

Жас шағында таппасаң білім, өнер
Қартайғанда төбеңнен түнек төнер , –

деп жастарды өнер, білімге ұмтылдыруға, заман ағымын ұғындыруға шақырған салихалы үнді тереңірек аңғарамыз. Алпысыншы жылдардан бастап өмірінің аяғына дейінгі өлеңдеріне үңілер болсақ өмір туралы, өмірдің әртүрлі құбылыстарын, келеңсіз қылықтарын сынап, өзіндік ой түйіп адам келешегіне байланысты оқу, білім, өнер, адамдық, адамгершілік туралы мәселелерді жырлаған. «Білгіш» /80/ атты өлеңінде өмірдегі кейбір адамдардың жағымсыз әрекеттерін дәл басып көрсетеді.

Ол ұқыпты істеген жұмысына,
Ыңғайлы, епті, елгезек қу жымсыма, – десе, кейбіреуін

Сол секілді білгіш бар, пікірі лай,
Іске шорқақ, қоғамға жүрген симай.
Өзі білгіш өзгені сынап күлгіш,
Таза еңбектен тартынып мойынсынбай,-

деп олардың әртүрлі жаман қылықтарын сынап қана қоймай, одан арылу жолы адалдық пен шамаңа қарай ерінбей еңбек ету, ал білгіш болу үшін адамның ары, терең білімі керек деп түсіндіреді.

Ұнамсыз кейіпкерлердің нақты портретін көрсететін тағы бір өлеңі «Кездесу»

Есепші боп істеген бірнеше жыл,
Пенсияға шыққан соң, болған діншіл
Сірә діндар деуге оны аузым бармас,
өйткені дүниеқор өте өзімшіл,-

дей келіп, жасы келе молдалықты кәсіп етіп, мал табудың көзіне айналдырған келеңсіз көрініс те Шәкірдің өткір қаламының назарынан тыс қалмаған.

Ақынның өмірдегі болып жатқан жаман мінез, теріс әрекеттерді сынаудағы мақсаты адам бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып таза еңбегімен күн көруге ұмтылдыру. Шәкірдің бірқатар осындай өлең-жырларында халық өміріндегі, ел тұрмысындағы ескінің сілімтір әдетін, еңбекке енжарлық, кертартпа көзқарасты, надандық пен шала сауаттылықты ащы тілінің уытымен түйреп, жеріне жеткізе әжуалайды.

Шәкір өзінің ақындық қасиетін, жалпы ақындық өнерге көзқарасын білдіретін осы тақырыпқа бір неше өлеңін арнаған. Олар «Жақсы ақын көп болғанмен, жақсы өлең аз», «Халық үшін өзін байлайды оққа», «Өлең ойды ұйқыдан оятады», «Қиялдан көреді ақын кейде қысым», «Серігім – өлең», «Сырым», «Қазақта аз емесқой атақты ақын», «Арқада ағынды өзен Есілдеймін», «Өнеге не?», «Әсерлі өлең арбайды тыңдаушыны», «Өлсең де өнер сөнбес, өмір сөнер» «Ақын», «Ақындар туралы», «Өлең жазу оңай ма», тағы басқа да өлеңдері. «Сырым» өлеңінде:

Аузыма кеп домалап өзі түсер,
Өлеңнің бас жағымнан миуасы өсті.
Тұтқасы емеспін мен ойдың терең.
Өтірік пен өсекке болдым керең .

Шыныда да Шәкірдің бойында табиғаттың берген сыйы, дарыны бар ақын, аса ойшыл болмағанымен "Халық үшін ақын өзін байлайды оққа" демекші дарындылығын елдің мұңы мен халықтың мүддесін мұқтажымен ұштастыра білген. өтірік, өсек, арамдықпен арыстандай алысып өткен. өзі өмір сүрген ортаға шындық көзбен ғана қарап сынады, таразылады. өтірік көлгірсуді білмейтін, ағын ақ, қарасын қара деп, жамандыққа бүркіттей шүйіліп, жақсылыққа қанатымен су сепкен. Шәкір ақын өлеңдерін қатты қадағалап, қатаң талап қойып

Айшықты, әдемі өлең жеткілікті.
Өлең аз іші – өнеге, сырты мүсін, -немесе

Түсінген түбегейлі сөздің нарқын,
Алдын созып, шұбыртпас сөздің артын.
Іші өңсіз, сырты жылтыр мың сөзден де.
Демей ме ойды оятар бір сөз жарқын, –

деп қарауынан, өз өнерін бойындағы дарын азаматтық парыз ретінде балап, өміріне мақсат-мұрат етіп алған рухани серігі поэзияның қадір-қасиетін түсірмеуге тырысқан. Ол өлеңде көп, бос сөздікке салынбай, әр сөздің орнын, қалауын тауып, жымдастырып шығаруға талап қояды.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, – деп Абай айтқан ақындық талапқа Шәкір де терең эстетикалық талғаммен қарайды.

Шәкір ақындық өнерді жырлаумен қатар, осы өнердегі ұстанған, бағыт алған адастырмас жарық жұлдызы Абайға арнап бірнеше өлең жазды. Қазақ поэзиясында Ұлы Абайға арналып сан-сапалы өлеңдер шықты. Олар «Абайдың ақындығы», «Абай сөзі құлпырмақ күнде гүлдеп», «Сөзін ұғу оңайма ғұламаның?», «Қазақ халқы – Абайдың мұрагері».Тақырыбы басқа өлеңдерде де Абай туралы, ақындығы туралы жанамалап көп айтылады. «Абайдың ақындығы» атты өлеңі ақынның 125 жылдық мерей тойына шығарғаны. Осы өлең ақындар мүшәйрасында бас жүлдеге ие болды. Шәкір – Абай поэзиясының әлеуметтік тамырын терең біліп, бағалай білгендігін осы өлеңінде анық танытады.

Сөзінің іші музей, сырты мүсін
Халыққа арнап қазынаға сықады ішін, –

деп ақындық шеберлігін ғана сөз етпей, поэзиясында озық ойдың әсем өріліп шыққандығына баса көңіл бөлді. Шығармаларының тақырыбы – идеялық мәні, халықтығы үлкен ақындық қуатын дәл басып көрсете білген. Қоғамдық мінді көрсетудегі шыншылдығына тоқталып, әлеуметтік теңсіздікке қаламын қолына алып қарсы шыққан, ақындық көзқарасында жаңа таным қалыптасқан қазақтың аса ойшыл, дана ақыны ретінде тани алды. Шәкір – Абайдың көп сөздерін бірден түсіне алмайтынын ойланып, қайталап оқып, терең бойлап, ғылыми түсінікпен қарау керек деп өзіндік пікір де қосады.

Ғылымның дүрбісімен үңілмесе,
Сөзінің көрінбейді терең түбі.

Абайдың эстетикалық таным талғамына терең бойлай білген Шәкірдің осы өлеңмен өрілген бағасы ұлы ақынға ғалымдар берген бағадан артық болмаса кем емес.

Абай мұрасын жастайынан жаттап, есейе келе оның игі әсерін терең танып, бойына құйып, Абай сөзі құралым, қорғанбаймын деп өзінің ақындық мұратына үлгі тұтып өткендігі айтылып басқаларды да осы бағытты ұстауға шақырды.

Түгін түлеп, өзгеріп мал ырыңдап
Ойда орман, қырда тастан күй-жыр аңдап.
Майда желмен тұрғандай әзілдесіп,
Көктемгі гүл біткен бұраландап, – деген мына жолдардан

Абай әсері, классикалық суреттеу әдісі, сөз саптау кестесіндегі еркіндік, құйылып түскен қорғасындай тұтастық бөтен сөзбен былғанбай жарасымды жымдасып тапқан жыр өрімін көресіздер.

Шәкір Абай мен Абай айналасындағы Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Нарманбет, Әсет, Әубәкір, Ақылбай өлеңдерін жатқа ғана біліп қоймай, біразымен жүздесіп, пікір тыңдасқан. Оларға өзінің жыр жолдарын да арнаған. Шәкір – Абай мектебінің адал ұлы. Олай дейтінім, сол игілікті ұлағатты принципті мықты ұстаған ақиқатшыл, шыншыл тұлға, өлеңнің шапағатын жамылған, жалаңаш жалтақ, абыройсыз ақын емес. Арамзалық пен арсыздыққа арыстандай қарсы шапқан ақын шынында да Абайдан ақындық ойды, тіл өнерін, ақыл парасаттың үлгі өнегесін ала білді.

Шәкір Әбеновтың осы қамтылған ақындық өнерге, өмір философиясына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне арналған өлеңдерінен түр, форма жағынан халықтық поэзияның үлгісін байқасақ, мағына, мазмұн, маңызы сөз шебері Абайға еліктеп, үйренгенін көреміз.

**Әдебиеттер**

1. Шәкір Әбенов. Шыңғыстау. – Астана: Фолиант, 2011.
2. Мұхаметханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1993.
3. Шәкір Әбенов шығармалары. – Нұр-сұлтан: «Фолиант» баспасы, 2020. – 357 б.
4. Шығыстың соңғы шынары. – Нұр-сұлтан, 2021. – 254 б.

ҒТАХР: 17.71.07

# ЕҢСЕЛІ МЕКТЕПТІҢ ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТІ

**Қадыров А.Қ.**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

**Иманжапаров М.Т.**
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің доценті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Ақын Шәкір Әбенов поэма жанрына қалам тартуында іргелі де еңселі мектептен тәлім алған алғыр, талантты шәкірт. Еңселі мектеп ол – ұлы Абай және Абайдың төл шәкірттері.

Академик З. Қабдолов ұлы жазушының осы өнерге келуіне себепкер мәселелерге тоқталғанда: "шын мәніндегі шынайы таланттың әдебиет пен өнерге келу тарихында жалпыға ортақ табиғи заңдылықпен қатар, өзгеге ұқсамайтын оқыс, оқшау құпиялар да болады. Бұл ретте, бала Мұхтардың алғашқы сауатын әдеттегі әліппемен емес, Әуез атасы ұсынған Мүрсейіт қолжазбасындағы Абай өлеңдері арқылы ашуы – арнайы назар аударарлық, нұсқалы нәрсе! өзі Шыңғыс баурайындағы Абай ауылында туып, жусаны мен жыңғылы көдесі мен көкпегіне дейін желге тербеліп ән салып тұрған ақын далада өскен Мұхтарға Абай кеткенмен оның «іңірде шайтан көшкендей» шартарапқа шалқып – төгіліп жатқан думанды дәстүрі игі әсерін тигізбей қояр ма?", – деген тұжырымды Шәкір ақынның шығармашылық жолына да қатесіз қолдануға болады. Шәкір де бесігінен Абай әнінің әлдиіне қанып өскен. Абайдан соң бүкіл қазақ әдебиеті соны сапаға көшті десе, "Ескендір" мен «Масғұт» поэмалары да осы жанрдың көш басы десе болғандай. Абай поэма жанрын өзінің төл шәкірттері арқылы, оларға тапсырма беріп, қадағалап, сынап бағалауы арқылы одан әрі дамытты. Шәкәрім «Жолсыз жаза», «Қалқаман – Мамыр», «Нартайлақ пен Айсұлу», Ақылбай «Дағыстан», «Зұлыс», Мағауия «Медғат – Қасым», Көкбай «Сабалақ», Әсет «Салиха – Сәмен» поэмаларын жазды. Қазақ әдебиетінде Абайдың осы дәстүрі кең ауқым алып, өрісін кеңейтті. ұлы ақын өмір сүрген дәуірден бастап бергі кезең жайлы сөз еткенде, Абай салып кеткен айқын ізіне ілеспеген ақын-жазушы кемде-кем. Поэма жанрын өз творчествосының негізгі діңгегі еткен Шәкір Әбенов осы ұлы көшті жалғастырушы. Белгілі ғалым Мұхтар Мағауин Абайдың «Ескендір» поэмасының идеясы туралы «Аңызға құрылғанымен, тарихи материал негізінде, тарихи кейіпкерлер турасында жазылған «Ескендір» де замана талабына орай туған шығарма, ұлы ақынның отаршылдық экспансия күшейген XIX ғасыр турасындағы ой-толғамдарының нақты көрінісі болып табылады", – деген. Шынында да Абайдың осы поэмасында Ескендірдің басқыншылық әрекетін көрсетумен қатар өзі өмір сүрген замандағы халықтардың еркіндігінің, азаттығының жоқтығымен үйлестірілген астарлы ойы мен отаршылдыққа деген ұлы ақын сезімінің айқындылығын көреміз. Осы тұрғыда Шәкірдің «Кейпін батыр» поэмасына тереңдей үңілер болсақ, өз заманының көкейкесті мәселесіне жауап берерлік, Абай сарынын салған жерден аңғаруға болады.

Шәкір де адамзат тарихында жаулаушы соғыстар жүргізіп, атақты қолбасшы атанған Ақсақ Темірге қалам тартты. Орта ғасырдағы Ақсақ Темірдің шығыс елдеріне салған лаңының тарихта өшпестей ізі бар. Ақсақ Темір кейбір халықтың өшіп кетуіне, кейбіреулерінің өлімсіреп қалуына себепкер болған әмір. Соның ішінде түркі халықтарына да салған қасіреті жеткілікті. Ақынның Ақсақ Темірдің қасіретіне қалам тартуы - Сталин билігі кезіндегі қазақ халқының қасіретінен алшақтығы жоқтығын салыстырған, отаршыл Ресейге деген бүркеленген ойы көрінеді. Осы жерде тапқаны Кейпін, оның өзін Стамбулдан әкелуі. «Ескендір» поэмасындағы Абай ойы идеясының Шәкір поэмасында жалғасын тауып қана қоймай, терең деген десе болғандай. Ақынның ойынша, елдік жолы отарлаушы Ресей айтқанына көну, айдағанына жүру, елдікті аңсаған, ерлігін сақтаған, теңсіздікке төзбеген, күреске көтерілген Кейпіндердің келбеті арқылы оқырманды шуақты ойларға шақырады. Шәкір Әбеновтың қай шығармасынан болмасын заман шындығын көрсететін осындай келелі ой, терең идеялар молынан кездеседі.

Шәкір Әбенов қазақтың көне дәуір шындығын елестететін бағалы мұрасы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын өзінше жаңарта, жаңғырта жырлаған ақындардың бірі. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының көне нұсқасына, оның тарихилығына терең үңілген көрнекті ғалым Әлкей Марғұлан «Көп жаңалық қосып, сондай бір нұсқасын бергі кезде шығарушы Абай үлгісінен тәрбие алған Шәкір Әбенов», – дейді.

Көп нұсқалы ескі жырды Шәкірдің отызыншы жылдардан бастап жаңғыртуының себебі, ерте кездегі адам еркіндігі, бас бостандығының жоқтығы мына заманда жаңаша сипат алуы, асыл қазыналары әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, тілі-дінінің үлкен қатерге бұрылып бара жатқанын байқағандықтан жасалған шара. Шәкірдің еркіндікті, азаттықты аңсауы, ұлтшылдық, халықшылдығы жоғарыдағы өлеңдерінде дәлелденген. Алғашқы ақындық бағытынан қанша қиындық көрсе де қаламы қолынан түскенше айнымаған. Оған жаугершілік заман тарихын жазып, елін, жерін қорғауға, батырлыққа тәрбиелеген туындылары мен аңыз-ертегілер негізінде жазылып, адамгершілікке баулыған шығармалары куә. Шәкірдің ұстанған бағытының ақтығын бүгін уақыт дәлелдеді.

Шәкір Әбеновтың жиырма нұсқасы бар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына қайта оралуы ағаттық емес, қайта Абай мен Абай айналасындағы ақындар ұстанған шығыстық дәстүрдің жалғасы. М. Әуезов осы шығыстық дәстүрге тоқтала келіп, «Абай сол дәстүрді жақсы біліп қана қоймаған, қолданғанда, Назира жолымен алдыңғы ақынның поэмасы бойынша, қайтадан жаңа поэма жазатын бұрынғы ақындар да кейінгі заманның көзқарасын, творчестволық жаңа поэзиясын танытады», – деп игі дәстүрдің жаңа өріс алуына назар аударған. Низами, Жәми, Ноуайлар жырлаған ортақ тақырыптарды айтпай-ақ Абайдың «Ескендірді», Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүнді» тудыруы немесе Абайдың «Еңлік-Кебекті» Шәкәрімге де, Мағауияға да жаздыруы ақындық өнерге қойылатын баға, үлкен талап. Шәкір де осы өнерге өзінің күшін, талантын, шабытын білгеннен кейін, жыр идеясының өзінің алға ұстаған бағытына сәйкестігінен барып, осы жарысқа түскен.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры Шәкірге жасынан құлағына сіңісті, таныс есейе келе жырды жаттап, домбыраға қосып айтқан. «Қазақ әдебиетінің тарихында», «Шәкір Әбенов «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» өзі айтатын нұсқасын домбыраның мөлдір үнімен оннан артық әуенге қосып орындайды. Онда Арқаның әсем сазды музыка ырғағы айтылатын оқиғаға, сөйлейтін сөзге орай үндесіп жатады", – дейді.

Шәкірдің осы жырға құштарлығының артуына айналасындағы Абай бастатқан алдыңғы толқын ақындардың көп назар аударып, бірінен кейін бірі жырлап, тыңнан толғау салып, сынасып, жарысып жатқанының үлкен әсері болса керек. Осыған орай Ысқақ Дүйсенбаевтың сынындай мәліметтерін келтіруге болады. «Бір әңгімеде Мұхтар Әуезов бұл жырды шамасы 1924-1925 жылдары Керей Уәйіс ақынның айтуы бойынша жазып алғанын, оның түбі атақты Жанақ ақынға апарып соққанымен, кейінірек Бекбай, Сыбанбай, Бейсенбайлар кезек-кезек орындап келгенін және олардың түп нұсқаға өз тарапынан көптеген өзгерістер енгізгенін ескерткен еді. Сонымен қатар осы нұсқаны Бейсенбайдан Абайдың балалары Ақылбай мен Мағауия да өңдегенін М.О. Әуезов арнайы көрсеткен болатын», – деп олардың өлеңдерінен үзінді келтіреді.

Шәкір Әбеновтың Абай ықпалымен шығыстық дәстүр әр деңгейде аңғарылатын шығармасының бірі – «Кейпін батыр» поэмасы.

Жауыздыққа, зұлымдыққа қарсылықты Кейпін батыр арқылы көрсетіп, оны басқаларға үлгі ету.

Ақынның өзі өмір сүрген уақытының әділетсіздігі мен сұрқиялылығын Темірдің басқыншылық, қанішерлігімен теңестіріп көрсеткен астарлы ойын аңғаруға болады. Қазақ халқының сталиндік генациттік саясаттан шеккен зардабына ақынның астарлы оймен жеткізген қарсылығы деп түсіну керек. Ақсақ Темірдің халыққа жасаған қан-қүйлы әрекетінен Сталиннің қазақ халқына жасаған зұлымдығы асып тұспесе кем емес.

Ұлы Абай Ескендірдің басқыншылық әрекетін масқаралау арқылы, өз заманының отаршылдығын әшкереледі десек, филология ғылымдарының докторы Бейбіт Мамраевтың «XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының қай-қайсысы да Абайдың ақындық мектебі арқылы өтті. ұлы Абайдың романтика-реалистік көзқарасы XX ғасыр басында романтизм, сентиментализм, символизм, реализм секілді көптеген әдеби ағымдар тууына ықпал етті» – дейді. Осы жерде Абайдың биік арман-мұратының Шәкір шығармасындағы жалғасын тану қиынға соқпаса керек.

Жердің, малдың таланып, халықтың қырылып жатқанын көзімен көрген ақынның тапқаны, ел үшін егеске түсіргені, түріктің батыры – Кейпін.

Шәкір Әбеновтың Шығыстың аңыз – ертегілеріне құрылған оқиғалы, көлемді поэмасы – «Ортақ арал». Қазақ әдебиетіндегі поэма жанрын байытуда ұлы Абай және оның шәкірттері ізденген жолменен Шәкірде шығармасының мазмұнын Мысыр елінің болмысынан алады:

Кең көлемді даласы ұлы Мысыр,
Шөліңмен жерің апат, шөлдеген қыр,
Алыстан ойды тартқан шерлі аймақ
Бейнеңді жыр бетіне дәлдеп түсір, – деп оқиғаның болған жерін нақтылап көрсетеді.

Поэмада шынайы махаббат, достықпен адамгершілік сияқты асыл қасиеттер дәріптеледі.

Абай өзінен кейінгі қазақ поэзиясына әлеуметтік сипаты, идеялық бағытымен ғана емес, көркемдік қырларымен де ерекше әсерін тигізгені белгілі. Қ. Жұмалиев атап көрсеткендей, «Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абай үлгісінде өсіп, өркендеді. XX ғасыр бас кезінен бүгінге дейін өлең құрылысы, тілі жөнінде Абайдың әсерінсіз әдебиет тарихының қатарына қосылған қазақ ақынын табу қиын». Осы арада Абай ұстаз да сөз ұғатын ынталы, талантты жастардың бәрі – шәкірт – деп М.О. Әуезов айтқандай, Абайдың ынталы шәкірттерінің бірі Шәкір екендігі де көрінеді.

Түгін түлеп, өзгеріп мал ырандап,
Ойда орман, қырда тастан күй-жыр аңдап,
Майда желмен тұрғандай әзілдесіп,
Күлімсіреп құлпырар гүл бұраңдап.
Тар кеңіп, таңдыр жібіп, тапшы ұлғайып,
Төл менен дәулет өніп ел де байып.
Аягөздің бойына келіп қонды,
Қалың ел қарлығаштай қанат жайып,
Ойдағы ел араласып қырдағы елмен
Ерулікке шақырып бұрын келген .

Абайдың табиғат туралы жазылған өлеңдерімен салыстырып байқасақ, көркемдік теңеулер мен тәсілдердің сәйкестігі айқын сезіледі. Ақынның сөз саптау кестесіндегі еркіндік, құйылып тұрған тұтастық, бөтен сөз бен былғанбай жарасымын тапқан осы жолдардан қазіргі классикалық поэзияның суреттеу әдісі бірден-ақ көзге түседі.

Автор кейіпкерлердің мінез-қылығын, бейнелерін, іс-әрекетін ашуда диалогты кеңінен пайдаланып, кейіпкерлердің психологиясы, ішкі сырын, көңіл-күйін көрсетуде монологты орынды қолданған. Автор адамдарды бір-бірімен көп сөйлестіріп, поэманың көркемдік ерекшелігін арттырған. Қазақ ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясын жақсы білуі, шығыс халықтар әдебиетімен, Абай, Шәкәрім шығармаларымен толықтай таныстығы осы поэманың айтпақ идеясының тұжырымды, терең мазмұнды, мейлінше көркем болуына мол мүмкіндік берген.

Абай мен Шәкір арасындағы творчестволық байланыс жөнінде жіктеп алар бір жай бар. Біраз әдебиетшілер Әбенов өнернамасын Абайдың ақындық мектебі аясында қараса, кейбірі ақын шәкірттері қатарына қосады. Белгілі жазушы Медеу Сәрсекеев «Шәкеңнің өзінің творчестволық жолына шырақ етіп ұстаған қатты қадағалап үйренген мектебі – Абай мектебі», – десе, Семей өңірінің белгілі ақыны, журналист Кашаф Туғанбаев «Кешегі өткен Абай мектебі шәкірттерінің ішінде көп жасағаны да, көп көргені де Шәкір Әбенов», – деген жолдар нақтылықты қажет етеді. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметовтың «Абайдың ақын шәкірттері деген нақытылы ұғымға кейбір әдебиет зерттеушілері меже, шек қоймай осы өнерлі жастар тобындағыларды бұл әдеби ортадан тыс, соңғы дәуір ақындары мен басқа өнер өкілдерін тоғытып жіберген тұстары да болған», – деген пікірді ескере келе, Шәкірді Абай үлгісіндегі ақын ретінде тану ғылыми ақиқатқа сай келер еді.

**Әдебиеттер**


1. Қабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1988.
2. Мағауин М. ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991.
3. Туғанбаев К. Шыңғыстың шынары // Семей таңы. – 1990. – 21 маусым.
4. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: ғылым, 1983.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Екінші кітап. – Алматы, 1964.
6. Әуезов М. Шығармалары. 11 том. – Алматы: Жазушы, 1969.
7. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
8. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991.

ҒТАХР: 17.71.07

# «ҚОРҚЫТ ҚОБЫЗЫ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

**Қадыров А.Қ., Сағындыққызы Г.**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Шәкір Әбенов көлемді поэмалардың небір үлгілерін жазып тарих қойнауына терең үңіліп, Қорқыт туралы да қалам тартқан табиғи дарынды ақын. Қазақтың ақындық, күйшілік өнерінің ең бастауын Қорқыттан тауып, сонау Асан Қайғыдан бастап күні бүгінге дейін арнайы жыр арнап, өлеңінде атын атамайтын ақын кемде кем. Соның бірі ақын, әнші, күйші Шәкір. Тоқсанға келіп қаламы қолынан тұспеген ақынның сексен жасында шығарған соңғы көлемді шығармасы «Қорқыт қобызы». Ақынның осы туындысында Қорқыттың қобыз тарту өнерінің өмірлік киелі қасиеті шебер бейнеленеді.

Қобызын арқалап, елден безіп Алтай табиғатын саялап, тау мен тасты аңыратып, қобызын тартып, небір аңдардың көзін жұмдырып, мүлгітіп, достықпен өмір сүргізеді.

Халық мені сөгеді, тергейді де
Мен еркімді ешкімге бермеймін де.
Адамға мен қиянат жасамаймын,

Ешкімнің қиянатын көрмеймін де, – деп байлық пен мансаптан бойын аулақтатып еркіндікте, өмірде өлмейтін өнерді дәріптеді.

Бір жылы қарт Алтайдың қысы қатты болып, аяғы созылып, қысыла бастаған аңдар Қорқытқа келіпті. Қорқыт қобызын тартып, жаз шақырып, қобыздың үніне ілестіріп жылы жел соқтырып, ағыл-тегіл қардыерітіп, сай-саланы гүрілдетіп суға толтырады. Күйінің құдіретімен Енисейдің үстіне кілем жайғызып, өзі соған отырып кеткен екен.

Ақын осы шығармасында өнердің өлмейтін өміршеңдігін, оның ішінде бүгінде қобыздың басқа аспаптармен қосылып қоңыр күйі күмбірлеп жүргендігі жыр етіледі.

Ш. Әбенов Қорқытты күйші, әншінің ең алғашқысы деп, тарихи тұлға ретінде таниды. Ол дарынды, қасиетті, киелі адам, ұрпақтың осы ұлы өнерін жалғастыр деп, Ықыласқа аян беріпті дейді.

Шәкір Әбеновтың "Қорқыт қобызының" негізгі идеясы – азаттық өмірді аңсап, достыққа өнерді серік етуді дәріптеу.

Түркі тектес халықтар, оның ішінде қазақ халқы да Қорқытты ғасырлар бойы пір тұтып, көптеген аңыздар туғызып келген. Ақын осы аңыздар негізінде оларды қайталамай, өзінің оқиға құруға шеберлігінің нәтижесінде осы туындыны дүниеге әкелді. Поэмада Қорқыт қобызының оң үнімен табиғатты өзіне бағындырады.

Қобызға еріп елікті ескек желі.
Табиғаттың лаулады жылы лебі.
Бірақ күнде қар кетіп ағыл-тегіл,
Сай-саланың гүрілдеп ақты селі .

Ал, жан-жануар, аңдарды қобыз үнімен айналасына үйіріп, мүлгітіп, тыңдатып, бейбіт тыныштықта өмір сүргізеді.

Қобыз үні балқытар болса кімді,
Үніне ілестірер асқақ шыңды.
Аңдар мүлгіп, тыңдайды көзін жұмып
өмірі естімеген әсем үнді .

Поэма соңына қарай Енисейдің суына кілем жайдырып, оның төрт бұрышын сағымға іліп, үстінде қобызын тартып Қорқыттың отырғанын суреттейді.

Академик Мұхтар Әуезов өзінің «Қорқыт» атты зерттеуінде Қорқыттың халық аузындағы аңыздарын топтай келе, "Су үстіне кілем жайып, ағын сумен бірге өмір ағынындай жылжып ағып отырып, өзі жасаған бірінші қобызбен, жер үстіндегі тұңғыш күй аспабымен "күй" атты сәнді сыр шертеді... Су үстінде Қорқыт ағып келе жатып, өлімге қарсы мәңгі өмірді мадақтайтын күйді тартқанда, хайуанат, ұшқан құс, жүгірген аң – қысқасы барлық тірлік иесі жан-жануар өзен жағасына анталап кеп тындасады.

Құптап тыңдайды. Жағадағы тау-тас та сол тірлік күйін жаңғыра күңіреніп тыңдайды" /1/, – деген ғалым еңбегіндегі осы жолдар ақын шығармасына арқау болды ма, деген сұрақ та туындайды.

Белгілі ғалым Әлкей Марғұлан Қорқыттан кейінгі қобыз тартқан көп атақты күйшілердің қобызды көбіне табиғат саясына кетіп қалып тартатындарын дәлелдеген. «Қойлыбай қобызын әрқашан Жыланшық өзенінің жағасында отырып тартатын болғандықтан, ол өзеннің бір саласы «Қойылбай өзені» деп аталған. Жұмағұл ақын шабыт кернегенде дала кезіп кетіп, қобызымен Ырғыз өзенінің жағасын күңірентетін болған. Бұл дәстүр кейінгі, ең соңғы ірі күйші Ықыласқа ауысады. Ықылас та қобызды ауылдан кетіп, күй толқынын Шу өзенінің жағасына барып шығарған"/2/

Бұл жолдармен Шәкір поэмасындағы Қорқыттың табиғатпен, жан-жануарлармен байланысын салыстырып көрсек, үндестігі ашықтан ашық көрініп тұрады. Ол ертеде өмір сүрген Қорқыттың да табиғатты саялап қобыз тартқанына дау туғызбаса керек.

Поэма Қорқыт туралы аңызы негізінде жазылғанымен сюжеті ақынның өз фантазиясымен ерекшеленіп көтерілетін өнер, татулық мәселелері арқылы бүгінгі күннің талап тұрғысынан ағартушылық, гуманистік идеяларымен өрбіткен. Қандай да болмасын аңыздың шындық болмыстан өрбитінін ескерсек, Шәкір Әбенов аңызындағы Қорқыттың тарихилығы ғалымдар тарапынан дәлелденген. Аса белгілі ғалым Әлкей Марғұлан "Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын, болашақты болжап сөйлейтін сәуегей кісі болған" /2/, – дейді. Әуелбек Қоңыратбаевтың айтуынша "Қорқыт ежелгі түрік тайпаларының 9-10 ғасырда Сыр бойында ғұмыр кешкен ойшылы, ұзаны /жырауы/, қобызшысы және "Кітаби Қорқыт" жырларын тудырған үлкен эпос айтушы" /3/.

Қорқыт мұраларын зерттеген Ә. Марғұлан мен Ә. Қоңыратбаев түркі әлемінде өлмейтін мұра қалдырған Қорқыт екенін және оның тікелей мұрагері қазақ халқы екендігін дәлелдеді. Олар Қорқыттануға Мұхтар Әуезов салған даңғыл жолмен жүріп отырып, оның ғылыми тұжырымдарын басшылыққа алды, одан әрі дамытты. Мәселен, М. Әуезов: "Қорқыт осындай өнер туғызып артына, адам нәсіліне соншалық асыл мұра тастап кеткендігінен өлмеді. өлімге қарсы амал тапқан жан болды. өйткені бұл аңыздың өмірлік, философиялық шын терең мағынасы – өзі өлсе де артынан өлмейтін мұра қалдырған адам, өлмеген адам деп саналуға тиіс" /1,131/, – деген осы пікірлердің қай-қайсысы болмасын Қорқыттың тарихи бетін айқындайтыны анық. Аңыздағы Қорқыт бейнесінің тарихтағы Қорқытпен сәйкестігін анық көруге болады. Табиғатпен тіршілік атаулымен ынтымақта өмір сүріп, олардың басына түскен ауыр қиындықтан құтқарып, қол ұшын бергенімен ғалымдар дәлелдеген бейненің елесін анық байқаймыз. Автордың Қорқыт тақырыбындағы тарихи шындыққа жанасымдылығына үңілер болсақ "Түріктер YI ғасырда Алтай тауының күн бетін мекендеген көшпелі тайпалар еді" /4,111/, – деген тарихи деректерге назар аудара келе, "Қорқыт YIII ғасырда өмір сүрген атақты ақын, асқан күйші" /4,615/, – деп өмір сүрген, көрсеткен деректерден ақын да алыстамаған. Қорқыттың түркі халықтарына ортақтығын да осы деректер айқындайды.

Дүниеге тұңғыш келген жаңалық тың
Қобыз тартса, кетеді серпіліп мұң.
Бұрын-соңды болған жоқ – дейді аңыз
Дүниеде бұл секілді мазмұнды үн.

Бұл жерде ақынның айтпағы, қобызды, қобыздың үнін өмірге бірінші келтірген адам Қорқыт демесе де оның пайда болған уақытын Қорқыттың өмір сүрген уақытымен тұстастығы ескерілген. Аңыздарда Қорқыт қобызды өз қолымен жасап, кейінгі Ұрпаққа мирас етіп қалдырады десе, ол нақты тарихи дерек емес, екінші жағы тарихта Қорқыттан бұрын қобыз тартқандар кездеспейді, ақын осының бәріне өзіндік ой өлшеммен қарайды. Әлкей Марғұлан "Қобыздың ең ескі түрі – ұлы таудың теріскей баурайында бір ғажап мүсін таста сақталған. Екінші бір түрі – Қарқаралы аймағында, Дегелең тауының бір алабында YI-YIII ғасырларда мүсін тасқа қиып түсірілген. Қобызды қандай ағаштан жасауды қазақ пен Алтай елінің аңыздары өте жарқын суреттейді, оны үйеңкі ағаш деп атайды" /2, 217/, – деген тұжырымды да ескерсе керек.

Осы туындыдағы кейіпкер Қорқыт. Ол ақын, күйші, тіршіліктің ынтымағын, жақсылығын уағыздайтын, уағыздап қана қоймай, ісімен көрінген дана батагөй қарт бейнесінде көрінген. Киелі, қасиетті өнер адамы ретінде танытады, оны аңыздардағы, кейбір шығармалардағыдай бақсы" деп танудан аулақ.

Кейбіреулер ұшқары, ойы тапшы,
Қорқытты жын шақырған дейді бақсы, –

деп қайта бақсы дегендер ақынның сынына ұшырайды, оны ұрпаққа өнер сыйлаған тарихи адам ретінде қабылдайды. Адамға қиянат жасамаймын, ешкімнің қиянатын көрмеймін,″ – деп, елден кетіп, табиғатты саялауы, көбіне тарихта болған ғұлама адамдардың өмірінен кездесетін құбылыс. Ол Қорқытта да бар.

Қорқыттың ой пікірі өзгеге жат,
Ол тәңірге бағынбас айтпайды дат .

Анықтап үңіле қараған адамға ақындық, күйшілік өнерге жақын адамдар бойында болатын көпшілік қауым түсіне бермейтін ерекше қасиет Шәкірдің осы туындысындағы басты кейіпкерінің негізгі қасиеті. Қорқытқа әсем де сұлу табиғаттан нәр алдырып, құйқылжытып қобыздан күй тудырып, еркіндікте алаңсыз өмір сүргізеді.

Қорқыттың ойында жоқ қатер қауіп,
Жыртқыш аңдар достығы ымын тауып.
Арқар, бұғы Қорқыттан қорықпайды.
Сапты аяқ пен ішеді сүтін сауып, –

деп аңдармен ынтымақта өмір сүргізіп, мөлдір судай таза, еш алаңсыз өнер жолындағы өмірін бере отырып, адамдық қасиеттің пәктілігін де Қорқыт бойына жинақтаған.

Автор кейбір жыр, аңыздардағыдай Қорқытты ажалмен алыстырып, өлімнен қаштырмай:
Ажал мені Алтайдан іздеп тапсын,
Мейлі аямасын отқа жақсын.
Мені адам көр қазып көмбесінде
Сүйегім жер бетінде қурап жатсын.
Мен өкініш қылмаймын дәнеңені,
Жалғыз ақ жұбатады қобыз мені,
Көрге бірге кірмейді байлық мансап.
өлімнен аса алмайды өмір шегі , –

деп бір өлімнің бары хақ, өлімнен қашып құтылмайсың, тіршілік тоқтайды, бақи дүниеде тіршілік жоқ, байлық, мансапты өзіңмен бірге ала кетпейсің, өмірді мәнді, таза өткізуге, өмірде өлмейтін –, сені өлтірмейтін өнер″, – дегізіп, философиялық ойлар айтқызып, Қорқыттың данышпандық қасиетін сомдаған. Шәкір Әбенов тарихтағы Қорқыт бейнесін шығармасында данышпан, ақылды, әділет пен адамгершіліктің тұтқасы, киелі де қасиетті өнер адамының кейпінде көрсеткен. Қорқыттың бойындағы қасиеттерін бүгінгі өмір талабына етене жақындатқан. Тарих пен аңыздың шебер тоғысуын көреміз. Ақынның алдыңғы көлемді шығармаларында көтерілген еркіндікті аңсауы, әділетсіздіктің бастауы байлық пен мансаптан осы «Қорқыт қобызы» туындысында да жалғасын тапқан.

Шәкір Әбеновтың «Қорқыт қобызы» – өзіндік мазмұны, оқиға байланысы, дамуы, шарықтау шегі, шешуі бар шағын шығарма. Шығарма негізінен баяндау, суреттеу арқылы өрбіп, философиялық ойлы тұжырымдармен шебер байланысқан.

Қорқыт бейнесінің жасалу жолдарының тұрғысынан қарасақ, шап-шағын шығармасында даналықтың, киелі өнер адамының бейнесін ойдағыдай етіп шығаруы, Шәкір Әбеновтың шын мәніндегі суреткер екенін көрсетеді.

Түйіндеп айтсақ Шәкір Әбенов поэмаларында алуан түрлі суреттеу элементтері аралас қолданыла отырып, тарих іздері мен бедерлері аңыздық жүйемен астаса бірігіп көркемдік сипаты шындық мазмұнда ашылады. Сондықтан да ақын шығармасын Қазақ әдебиеті процессінің дамуының белгілі кезеңдегі бір белесі ретінде қарадық.

**Әдебиеттер**

1. Шәкір Әбенов шығармалары. – Нұр-сұлтан: «Фолиант» баспасы, 2020. – 357 б.
2. Шығыстың соңғы шынары. – Нұр-сұлтан, 2021. – 254 б.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959.
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 178.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991.
6. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.

ҒТАХР: 17.09.09

# ӘЙЕЛДЕР ӘДЕБИЕТІ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ КЕҢІСТІГІНДЕ

**Аманғазықызы М.,**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты,
(Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

**Қадыров А.Қ.,**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бүгінде әйелдер әдебиеті мәселесінің күн тәртібінде қойылысы жұртшылықтың қызығушылығын туғызып отыр деп айтуға болады. Кейбір зерттеушілер бұл мәселеге байыпты көзбен қарайды, ал өзге бір зерттеушілер «әйелдер әдебиеті» ұғымының нақты әрі шынайы негіздері жоқ деп санайды. Алайда, мұндай полемиканың болуының өзі осы ұғымның оның бос таңдақ тақыр жерде пайда болмағанын көрсетеді.

Алайда өнер мен ғылымның әртүрлі салаларында әсіресе әйелдерге қарағанда ер адамдардың көпшілігі үлкен жетістіктерге жеткені даусыз. Осыған байланысты көптеген ғалымдар шығармашылықтағы ер адамның дарыны мен талантына баса назар аударады да, көбінесе әйелдердің мұндай қабілетін айта қоймайды. XX ғасырдың бас кезінде ғалым Ф. Маутнер тілді сынауға арналған өзінің еңбегінде тілді шығармашылықта еркін қолдану ер адамдардың ерекше құзыреті, ал әйелдер тек ер адамдар жасаған тілді ғана меңгере алады деген пікір айтады [1]. Ф. Маутнердің әйелдердің таланты мен қабілетін мұндай категориялық бағалауы олардың асқан сезімталдығымен, жанының нәзіктігімен түсіндіреді. Сонымен қатар зерттеуші О. Вайнингер де әйел заты табиғатынан өз бойындағы еркекке тән көптеген қасиеттерден ада, сондықтан да олар кемеңгер бола алмайды деп санайды [2].

Сонымен бірге, жекелеген қайсыбір философтар әйел адамдардың да таланттан құр жаяу емес екендігін алға тартады. Мәселен, Н.А. Бердяев, Ф. Ницше, А. Шопенгауэрдің пікірінше, кемеңгерлік өзін еркек адамға ғана тән құбылыс ретінде, ал талант әйел жынысына тән сипат болып көрініс табады [3]. Орыс әдебиеттанушысы Н.А. Коноплеваның тұжырымы жоғарыдағы ғалымдардың пайымдауларымен белгілі бір дәрежеде қабысып жатады: «шығармашылықпен шұғылданатын дарынды ер адам тұла бойындағы еркектік қасиетті сақтай отырып, жеке тұлғалық әйелдік сипатының басым болуына иелік етеді. Сол тәрізді шығармашылыққа қабілеті бар әйел де еркекшора келіп, оның ер адамға тән қасиеттері басым болып келеді» [4].

Зерттеушілер еңбектерінде әйелдер шығармашылығын жоғары бағалау өте сирек ұшырасады. Ғалым М. Волошин «XX ғасырдың басындағы Франциядағы әйелдер поэзиясы туралы сөз ете отырып, автор әдебиетке қайсар мінезді әйел ақындардың бүкіл бір шоғыры келгені туралы жазады. Әйелдер поэзиясына берілген сипаттамалардың ішінде автор мазмұнның әртүрлілігін, қуатты темпераментті, нақты шынайылықты, ой тереңдігін, жалған ұяттың жоқтығын атап көрсетеді. «Әйелдер поэзиясы» мақаласының соңында автор келесідей қорытындыға келеді: «кейбір жағдайларда әйелдер лирикасы ер адамдардың лирикасына қарағанда қызықтырақ. ...Әйелдер жанының нәзіктігі оның поэзиясына да әсер етеді» [5].

Осылайша, XX ғасырдың басындағы әйелдердің әдеби шығармашылығы туралы мәселе шынымен де дискуссиялық сипат алды. Сол себепті көзқарастардың динамикасын анықтау мақсатында қазіргі сыншылардың әйелдер әдебиетін бағалауына тоқталып өтуді жөн санадық.

Әдеби сын әрдайым барлық уақытта да көркемдік және эстетикалық мағыналарды мәдениет саласына трансляциялау тетігі болып саналды. Қазіргі әдебиет сыншыларының әйелдер шығармашылығын бағалауда бірауыздан оң пікірде болмаулары алаңдатады. Көпшілігінде емес, кейбір сыни еңбектерде әйел авторлардың шығармаларын екінші деңгейдегі ғашықтық роман, лавбургер, (розовый) алқызыл роман, (розовый) алқызыл кітаптар, қарапайым тұрмыстық әйелдер беллетристикасы деген атаулар жиі қолданылады [6].

Әдебиеттанушы Л. Костюков әйелдер прозасы жайында «өзбек тілін білмейтін жастардың жас өзбек прозасы немесе әйел логикасына ешбір қатысы жоқ халықаралық логик-әйелдер ұйымы сияқты баспалар мен журналдарға мықты тойтарыс беріп, шабуыл жасаудың тактикалық тәсілі ретінде өмірге келді» деп мәлімдейді [7]. Ал ғалым О. Славникова қазіргі әдебиетте әйелдер прозасының бар

екенін мойындағанымен, оған құлықсыздық танытып, жақтырмаған сыңаймен қарайды: «Кейде ұжымдық наразылықтың жанрлық белгілерін еншілеген әйелдер прозасы болады» [4].

Тағы бір мақаласында дәл осы автор орыс әдебиетінде көптеген әйел есімдерінің пайда болғанын атап өтеді: «Людмила Петрушевская мен Людмила Улицкаядан кейін, олардың ізін басып Ирина Поляна, Марина Вишневецкая, Светлана Василенко, Нина Горланова, Марина Палей қатарлы жас қыздар әдебиет табалдырығын имене аттады» [4].

Жоғарыда айтылған ғалымдардың пікірін назарға ала отырып, әдеби сында әйелдердің әдеби шығармашылығы мәселесіне деген көзқарас соңғы жүз жыл ішінде аздап өзгерді деген қорытынды жасауға болады. Зерттеушілердің айтылғанына сәйкес, В.Г. Иваницкийдің «орыс әдебиеті әйелдермен бақытты, ал әйелдер әдеби шығармашылықтан өз бақыттарын таппады» деген пікірімен келісуге болмайды [8].

Әйелдер әдебиетін бағалауға қатысты полемика көбінесе әйелдер зерттеулерінің өзекті екендігін көрсетіп берді. Ресейдегі әйелдер әдеби шығармашылығы педагог Е.А. Николаеваның, фольклортанушы В.Г. Иваницкийдің, филологтар Л.В. Балакинаның, А.А. Кукестің, Л.П. Моисееваның, М.В. Михайлованың, Е.И. Трофимова, И.А. Савкинаның, шетелдік әдебиеттанушылар Эконен, Р. Марш, ал қазақ әдебиетінде А.Ә. Кенжебаеваның қазақ және қытай әйелдері прозасын салыстырмалы зерттеу еңбегі мен профессор Г. Пірәлінің бірлі-екілі мақалаларында ғана көрініс тапты.

Осы мақаламызда біз ғалым И. Савкинаның еңбектеріндегі әйелдер әдебиетіне қатысты айтылған ойларына қысқаша тоқталып өтпекпіз. Ғалым ұғымында «әйелдер әдебиеті «биологиялық» әйелдер жазған жеке мәтіндердің жиынтығы емес, ол мәдени құбылыс, «гендерлік мотивацияланған әйелдердің ұжымдық санасының көрінісі» [4]. Бұған дәлел ретінде келесідей оқиғалар мен деректерді алып қарастыруға болады. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап Ұлыбританиядағы Бат университетінде әйелдер шығармашылығына арналған, ішінара орыс әйелдер әдебиеті бойынша да жыл сайын дәстүрлі түрде конференциялар өткізіле бастаған.

Осы конференцияда оқылған баяндамалардың ішінен ғалым Н. Ильинаның «Баттың орыс дәстүрі» атты мақаласында қазіргі орыс мәдениетін зерттеуші, славистика профессоры Розалинд Марштың аты аталады [9]. Еуропалық мәдениет пен инновациялық жобаларды зерттеудің әлемге әйгілі орталығында орыс әйелдер шығармашылығы алғаш рет сөз етіледі.

Ресейде әйелдер поэзиясы мен көркем шығармашылығы туралы шығармашылық пікірталасқа арналған алғашқы кездесу «Журналистика-2005» ресейлік конференциясы аясында өтті. «Әдеби-көркемдік сын айналасындағы әйелдер шығармашылығы» тақырыбында ұйымдастырылған дөңгелек үстелге отандық және шетелдік авторлар жиналды [9].

*Әйелдер әдебиеті* мен *әйелдер прозасы* ұғымдарының кодификациясы жасалған «Гендерлік терминдер сөздігін» әйелдер әдеби шығармашылығын қолдаудың басты дәлелі деп ұғынуға болады. Бұл көлемді сөздікке енген мақалалар авторлары әдебиеттанушылар Е.И. Трофимова мен М.В. Рабжаева еді [10]. Қазіргі әдебиеттанулық сөздіктерде осы ұғымдардың жоқтығы түсінбестік туғызатындығы сөзсіз.

Уақыт озған сайын әдеби сында әйелдер әдебиеті, прозасы, поэзиясы деген ұғымдар бәріне белгілі және түсіндіруді қажет етпейтін сипатта қолданылады. Бір таңқалдыратыны, «Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясында» осы ұғымдарға арналған жеке мақалалар жоқ. Аталған энциклопедияда жанрлық анықтамалардың алуан түрлілігінде гендерге арналған жеке сөздік мақаласы бар да, әйелдер романы турасында аты ғана ат үсті айтылып өтеді [10].

Біздің мақаламыздың мақсаты көрсетілген ұғымдардың мазмұнын анықтау немесе өз тарапымыздан терминдер енгізу емес. Біз тек әйелдер шығармашылығы арқылы әйел авторлардың жазған туындыларын әйелше көзбен түсіне аламыз деген тұжырыммен шектелеміз.

Осыған байланысты көптеген зерттеушілер әдебиеттегі шығармашылық иелерінің жынысқа қатысты бөлінуіне қарсы екенін атап өткен жөн. Әдебиетте әйел терминін қолдануға қарсы дәлел келтіретін зертеушілердің бірі Е.И. Трофимова: «әдеби шығармашылықта жыныстық белгілерге қатысты жақсы және жаман әдебиеттер деген ұғым тумауы тиіс. Әдебиет жынысқа қарай бөлінбейді және ерлер әдебиеті, әйелдер әдебиеті деген болмайды» деп жазады. Автор бұдан әрі ойын былайша сабақтай түседі: «әйелдер, ерлер сөздері дегеніміз тек қана биологиялық айырмашылықтарды ғана атап қоймайды, сонымен қатар социумды қалыптастыратын бағалау категориялары болып саналады, олар адам баласының түпсанасына, қоғамдық және жеке тұлғада тілдік құралдар арқылы орнығады. Бұл жағдайда әйел «екінші», «ең нашар», «бір нәрсенің туындысы» коннотациясына айналады» [11].

Әрине, әдебиет жалпыадамзаттық құндылықтарды ілгері дамытады, алайда Л.В. Балакина атап өткендей, «автор шығарманы жасай отырып, жыныстың – ұлттық, діни, әлеуметтік, рухани, тәндік

тәжірибесінен туындайды. Өнер – бұл жеке шығармашылық әрекет, оның формасы мен мазмұны автор тұлғасымен, оның ерекшеліктерімен анықталады. Ал көркем тұлғаның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – ол жыныс тәжірибесі» [12]. Ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтарды әлеуметтік-мәдени саланың әсерімен түсіндіріп беретін радикалды феминизмнің ұстанымдарына сүйене отырып, ерлер мен әйелдер шығармашылығындағы осы айырмашылықтардың көрінісі туралы айту заңды деп санаймыз.

Әдеби дәстүр бойынша, ерлердің жазу стиліне агрессивтілік, логикалық дәлдік, объективтілік, бірбеткейлік, турашылдық, қайраттылық тән болып келеді. Ал әйелдердің жазу стилі алғырлығымен, зеректілігімен, дәйексіздік/сәйкессіздік, субъективтілік, сезімталдық, эмоционалдылығымен көзге түседі. Біздің ойымызша, бұл жазу стилінің ерекшеліктері емес, маскулинизация (еркектік) және феминистік (әйелдік) стереотиптердің сипаттамалары. Сондықтан ерлер мен әйелдер шығармашылығында олардың әрқайсысының қолтанбасы менмұндалап тұрады.

Әйелдер шығармашылығы – феминистің зерттеу пәні (әйелдер зерттеулері). Әйел табиғатын ғылыми тұрғыдан зерттеу объектісі ретінде таңдау нәтижесінде феминист ұғымы өмірге келді. Соңғы жылдардағы лингвистикалық зерттеулердің бірінің авторы А.А. Кукес: «Феминистика екі деректі негіз етіп алады: 1. Әйел заты ғылыми объект ретінде ер адаммен тең, соған сәйкесінше әйел жынысы ер жыныстымен теңестендіріледі (теңдік феминистикасы); 2. Әйел адам табиғаты жағынан ер адам сияқты емес, ол мүлдем өзгеше, негізі басқа, ал әйел жынысы ер ер жыныстыдан концептуалды түрде ерекшеленеді (айырмашылық феминистикасы)» [13].

Біздің ойымызша, бұл ғылыми ұстаным әдеби сыншы Л.А. Аннинскийдің тұжырымымен қызықты түрде байланысады. Әдеби шығармашылықпен айналысатын әйелдер санының қарқынды көбеюі туралы сауалға сыншы: «Әйелдер әдебиеті қазіргі таңда сыншылардың алдында жұмбақ күйінде қалып отыр. Егер бұл әдебиет шынымен де әйел жынысына тән сипаттарға толы болса, онда бұл туралы айту қызықсыз болар еді. Ал бұл әдебиет барлық көркемдік өлшемдері жағынан болсын ер адамдардың жазғандарынен еш кем түспесе, онда оны әйелдің жазғаны деп шеттетудің ешқандай мәні жоқ» [14] – деп жауап береді.

Алғашқы тұжырымдарда ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылық, сәйкесінше ерлер мен әйелдер шығармашылығындағы ерекшеліктер астын сызып көрсетіледі. Ал екінші тұжырым бойынша әйелдер әдебиетін бағалауда өте қайшылықты пікірлер орын алғанын көруге болады. Бір мезетте әйелдер әдебиетінің бар екенін мойындаса, дәл сол сәтте қарсы шығады. Өлшемдерге сәйкес жазылған әдебиеттерді жынысқа бөлудің мәні болмаса, онда неге ер адамдардың қаламынан туған туындылар ең үздік үлгі ретінде таңдалып алынады деген сауалдың туындауы заңды.

Қорыта айтқанда, әйелдер әдебиеті қазіргі әдеби үдерісте маңызды орын алатыны анық. Әйел затының жазған шығармалары табиғаты жағынан өзгеше болып келеді. Әйел дискурсы – бұл ер жынысты автордың жазғанынан мүлдем өзгеше дизайнда, өзге парадигмада қабылданады. Әйелдер әдебиетін дәстүрлі әдебиеттанулық түсіндірмелерден тыс мәдениеттің конструкциялары саналатын әрі тарих қойнауында ұдайы эволюцияға ұшырап отыратын «әйелдік» және «еркектік» ұғымдары тұрғысынан ұғындыру әйел қаламынан туған көркем мәтіндерді жаңаша оқуға септеседі деп ойлаймыз.

**Әдебиеттер**


1. Mauthner Fritz. Beitrage zu einer Kritik der Sprach / Fritz Mauthner // Band 1 (Zur Sprach und Psychologie), Auflage, Stuttgart und Berline. – 1921.
2. Вейнингер О. Пол и характер. – М., 2001. – 253 с.
3. Трофимова Е.И. «Институтки» Лидии Чарской vs «маленькие женщины» Луизы Мэй Олкотт: опыт гендерного анализа // ОНС, 2017. – № 3, – С. 166-173.
4. Славникова О. Rendez-vous в конце миллениума // Новый мир. – № 2, 2002. – URL: https://fb2.top/novyy-mir-2-2002-259884/read/part-11
5. Волошин М. Женская поэзия. – URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_005437024_1000220305/
6. Николаева Е.А. XVIII век: текст, написанный женщиной (к вопросу о включении женской литературы в образовательные программы школы и вуза) // Интеграция образования. 2005, – С. 241-246. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/xviii-vek-tekst-napisannyy-zhenschinoy-k-voprosu-o-vklyuchenii-zhenskoy-literatury-v-obrazovatelnye-programmy-shkoly-i-vuza
7. Костюков Л. Я вам пишу – чего же боле… // Дружба народов, 2000. – № 8. – С. 208.
8. Иваницкий В.Г. От женской литературы – к «женскому роману»? (Парабола самоопределения современной женской литературы) // ОНС, 2000. – № 4. – С. 151 – 163.

9. Ильина Н. Русская традиция Бата // Журналист. – 2005. – № 6. – С. 79.
10. Литературная энциклопедия терминов и понятий / Под ред. А.Н. Николюкина. Институт научн. информации по общественным наукам РАН. – М.: НПК «Интелвак», 2001. – 1600 с.
11. Женская проза и бабская проза – две разные вещи. – URL: http://prokopcick.narod.ru/convent/bastion2.html.
12. Балакина Л.В. Проявление гендерного фактора в художественном тексте: Дис. канд. филол. наук. – Орел, 2005.
13. Кукес А.А. Гендерная саморефлексия в женской автобиографической прозе XX века (Переходный возраст как тема и образ; Лу Андреас-Саломе, Маргерит Дюрас, Криста Вольф, Ольга Войнов: Дис. ... канд. филол. наук. – М., 2003.
14. Аннинский, Л.А. Бум. Бумм! Буммм! // Смена. – 2006. – № 12. –С. 98-101.

ҒТАХР: 17.09.09

## СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ «ӘЙЕЛ ПРОЗАСЫ» ФЕНОМЕНІ

**Секей Ж.**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

«Әйел прозасы» ұғымы ертеден бар, алайда ресми түрде ғылыми айналымға кейіннен енді. XX ғасырдың 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында әйел прозасы жинақталып жекелеген жинақ түрінде жарық көре бастады. Бұл сол кезеңдегі маңызды әдеби жетістік еді.

Егер біз терминді нақты анықтау үшін мәдениеттанулық дереккөздерге жүгінетін болсақ, әйелдер прозасы дегеніміз дәстүрлі түрде «әйелдің қоғамдық кеңістікті игеру үдерісінде туындайтын, әйел әлемін, оның әлеуметтік тәжірибесін әйел көзімен сипаттайтын әдеби мәтіндердің жазылуымен көрініс тапқан әлеуметтік-мәдени құбылыс». Қалай болғанда да, әйел прозасы феномені қазіргі таңда өзінің өзектілігін дәлелдеп қана қоймай, әлемдік және отандық әдебиетті жаңа есімдермен толықтырып, соны лирикалық кейіпкер бейнелермен байытып, бірегей оқырман аудиториясын жинағанын осы құбылысты қарастырған кезде ескермеуге болмайды [1].

Әйел прозасына қатысты көптеген түйіні шешілмеген күрмеулі мәселелер бар. Осы мәселелер турасында зерттеушілер әлі күнге дейін бір шешімге келе алмай отыр. Көркем шығармаларды жасаудың әлемдік тәжірибесінде бұл терминнің бұрыннан бар екендігі белгілі. Европалық және американдық әдебиетте бұл ұғым қоғамдағы әлеуметтік-саяси қайта қайта құрулардың болуымен түсіндіріліп, кейіннен ғана жалпы жұртшылық танып мойындала бастады.

XIX ғасырдағы Батыс Европада болған әйелдер қозғалысы әйелдер әдебиеті деп аталатын құбылыспен қатар жүрді. Қаламгерлер Дж. Санд, Дж. Эллиот, Ш. Бронте, Дж. Остин өз романдарында әйелдің әлемдісезінуі, оның өмірі мен дүниетанымы әйел көзімен сипатталып, беймәлім жаңа әлемнің есігін ашты. Әдебиетке енген жаңа есімдер әйел тағдырын өз бетінше таңдау құқығын қорғады. Олар қоғамға жаңа тақырыптар мен мінез-құлық үлгілерін ұсынды. Жеке дара әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде әйел прозасы эмансипациялық маргиналды үдерістердің негізінде өмірге келді [2].

Әйел прозасына тән ерекшеліктер бастапқыда бірқатар шетелдік әйел қаламгерлер шығармашылығында, олардың танымал бестселлерлерінде айқын көрініс тапты. Кейінірек орыс әйел прозасының ерекшеліктері туралы В. Токарева, Е. Чижова, М. Трауб, И. Грекова, Е. Вильмонт, Л. Улицкая, Т. Толстая, Д. Рубиналардың зерттеулері жазыла бастады. Отандық әдебиетімізде әйел прозасына қатысты А. Кенжебаеваның зерттеулері мен Г. Пірәлінің зерттеу еңбектерінен өзге зерттеу еңбектер жоққа тән.

Классикалық әйел прозасының ерекше сипаттары туралы сөз еткенде, оның келесідей ерекшеліктерін атап өтуге болады: әлемді қабылдаудың нәзік психологизмі (ер адамның көзқарасымен салыстырғанда), әсіресе адами қарым-қатынас жасаудағы қарам-қайшылықтың болуы, қиын жағдайларда осалдық танытуы мен ерекше табандылығы, шыдамдылығы, бір сөзбен айтқанда «қырық жанды меншіктеуі».

Зерттеушілер сонымен қатар көптеген өмірлік қиын жағдайлардан шығудың жолдарын іздеудің интуитивтілігін анықтауға тырысады. Ер қаламгерлер шығармаларының лирикалық кейіпкерлері тығырықтан шығар жолды логикалық тұрғыдан іздейді. Ал әйелдер өзге адамдардан ақыл сұрауға,

кеңес алуға бейім келеді. Осы ақылдасу, қабырғасымен кеңес негізінде шешім қабылдайды. Бұл әйел прозасы кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінен де анық байқалады. Әйел прозасы көбінесе қым-қуыт тірліктегі түрлі жағдайлардың парадокстық шешімдеріне, өзі күтпеген шешімге ғана емес, оқырманға абсурд болып көрінетін ықтимал нәтижелерге жиі жүгінеді. Алайда, мұқият оқырман жағдайды шешу кезіндегі таңдауда әйелдік ерекше логиканы бірден тани алады.

Қалам мен күнделікті күйбең тірлікті қатар алып жүретін әйел прозасында халтура яғни жалғандық деген атымен жоқ. Сол себепті де олардың шығармашылығын қызықпай оқу мүмкін де емес. Өйткені олардың шығармаларын оқи отырып, сүйіспеншілікке толы нәзік жүректерінен ақ қағаз беттеріне ақтарылған шынайы мөлдір сезім тамшыларына кезігесің. Әйел прозасында бос сөздер мүлдемге дерлік кездеспейді.

Әйелдің өзін-өзі тануын дамыту – әйел прозасының басты міндеттерінің бірі. Тұтастану мен кейіпкерлердің ерекшеліктері көбінесе нақты бейнені қалыптастыруға және шығарма кейіпкерлеріне еліктеуге деген ұмтылысқа бағытталған.

XXI ғасыр басындағы әлемдік әдебиетте ер адам бұрынғыдай әйелдің қорғаушысы, отбасының асыраушысы не болмаса бала тәрбиелеушісі сипатында көзге түспейді. Оның үстіне, ер адамның нақты әлеуметтік рөлі де бұлыңғыр. Сол себепті XXI ғасыр әйелдер әдебиетінің қалыптасуы мен қарқынды даму дәуірі деген тұжырым жасауға болады. Бүгінде көптеген зерттеушілер әдеби шығармалардың гендерлік бөлінуіне қарсылық танытуда. Алайда әйел прозасы бейнелерді беру тәсілдерімен, әйелге тән эмоциялардың нәзіктігін жеткізе алу шеберлігімен ерекшеленеді деген көзқарасты ұстанамыз.

Әйел прозасы әйел санасының эмоционалдығын өзек еткен, нәзік ой-сезім иірімдеріне толы лириканы кестелеген әдеби шығармашылық мұраның ерекше элементі. Осы жанрлық тақырыпта жазылған туындылар әртүрлі аудиторияда сұранысқа ие болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, әйел прозасы адамзаттың мәдениет көшімен бірге өмірге келген, бір бұлақтан бастау алып, біте қайнасып кеткен тарихи-әдеби үдерістің ажырамас бөлшегі деп айта аламыз.

Қазіргі әдебиет контекстінде «әйел прозасын» бөліп көрсету бірнеше факторларға тікелей қатысты болып келеді: 1) автор – әйел; 2) бас кейіпкер – әйел; 3) туындыдағы көтерілген мәселелер әйел тағдырымен байланысты. Әйел психологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, әйел көзімен қоршаған ортаға қарау маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда арнайы әйел эстетикасы, әйел тілі, әйелдің жазу қабілеті деген мәселелер зерттелу үстінде. Бірақ, негізінен, зерттеушілер «әйел прозасында» жалпы әдебиетке тән сипаттар, өнердегі жаңа қатынастар мен оларды таңбалаудың жаңа әдістерін іздеуге бағытталған үдерістер ұдайы жүреді деген қорытындыға келеді. Сыншы және жазушы О. Славникова әйелдер әрдайым сөз өнеріндегі жаңа мазмұнның енуіне ізашар болды деп санайды [3].

Әйел прозасының негізгі тақырыбы отбасы мәселелерін, балалық шақ пен ересек өмірдің қарама-қайшылығын, «жоғалған жұмақ», өмірдің мәнін іздеу, жеке тұлға мен қоғамның байланысын, «кішкентай адам «мәселелерін қамтиды. Людмила Улицкая өзінің сұхбаттарының бірінде айтқандай: «ерлер әлемі мен әйелдер әлемі екі түрлі әлем. Кей тұстарда қиылысқанмен, көп тоғыса бермейді. Әйел әлемінде махаббатқа, отбасына, балаларға қатысты мәселелер үлкен маңызға ие» [4].

Дегенмен, барлық әйел қаламгерлер өз туындыларында махаббат, отбасы және армандары мен мақсаттары туралы көп сөз қозғай бермейді. Олардың кейбіреулері неғұрлым маңызды деген тақырыптарды көтереді, сонымен қатар өздерінің қиын тағдыры туралы жазуды да ұмытпайды. Өздерінің жеке өмірлік тәжірибелерін қолдана отырып, тәңір берген табиғи таланттарын көрсетуге мейлінше талаптанады.

Қорыта айтқанда, әйел прозасы адамзаттың мәдениет көшімен бірге өмірге келген, бір бұлақтан бастау алып, біте қайнасып кеткен тарихи-әдеби үдерістің ажырамас бөлшегі деп айта аламыз.

**Әдебиеттер**

1. Зумбулидзе И.Г. «Женская проза» в контексте современной литературы // Современная филология: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Уфа, апрель 2011 г.). – Уфа: Лето, 2011. – С. 21-23. – URL: https://moluch.ru/conf/phil/archive/23/409/
2. Генис А. Беседы о новой словесности // Звезда. – 1997. – № 4. – С. 13. – URL: https://magazines.gorky.media/zvezda/1997/4
3. Славникова О. Та, что пишет, или Таблетка от головы // Октябрь 2000. – № 3. – С.169-174. – URL: https://magazines.gorky.media/october/2000/3/ta-chto-pishet-ili-tabletka-ot-golovy.html
4. Улицкая Л. Принимаю всё, что дается: интервью // Вопросы литературы. – 2000. – № 1. – С. 215-237.

ҒТАХР: 41.01.09

# ШӘКӘРІМНІҢ АСТРОНОМИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

**Маусымбаев С.С.,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор
***Желдыбаева Б.С.,*** педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
**Кенбаев Д.Х.,** аға оқытушы
**Такирова Т.А.,** оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Болашақ жаратылыстану мұғалімінің әдістемелік даярлығы мазмұнының басты құраушыларының бірі философиялық-әдіснамалық білім және оны физика мен астрономияны оқыту процесінде пайдалануды іске асыру. Бұл мәселені біз оқытушылық қызметіміздің әр кезеңінде [1] қарастырып жүрдік және оны мысалмен түсіндіру үшін Шәкәрімнің астрономиялық көзқарастары мен оларды жоғары және орта мектептің физика курсында пайдалану жолдарын көрсетейік.

Астрономия планеталар, жұлдыздар, галактикалар және т.б. аспан объектілерін зерттейтін ғылым. Алғашқы астрономиялық түсініктер біздің заманннан бұрын пайда болған. Астрономиялық зерттеулердің әдістері әр түрлі және тәжірибелік, теориялық болып екіге бөлінеді. Ғалам туралы ғылым ежелгі Шығыстан және Батыста белсенді түрде зерттелген.

Шәкәрім жас кезінде философия немесе жаратылыстану ғылымдары бойынша арнайы білім алған жоқ. Бірақ ол Абайдың жетекшілігімен білімге, өлеңге және ғылымға қатты көңіл аударып, ізденіс жолына түседі. Кейін жасы ұлғайғанда, өздік жұмыстың нәтижесінде Шәкәрім ғылымның әр түрлі саласын меңгереді. «Негізгі білімі болмаса да, өз бетімен ізденіп, өткен жазушы ғалымдардың жазғандарын оқып, ойларымен танысып, білгендерден сұрап, өз ойынан құрап, түрлі әңгімелер жазып, барлық өмірімді жазумен өткіздім. Елу жасқа тақаған соң, оңашада жатып, басқа келген ойлардың барлығын қағазға түсіріп кеттім» – деп еске алады. Өзі айтқандай Шәкәрім орыс, арап, парсы және шағатай тілдерін меңгерді. Әкесінің жинаған мол кітаптарынның арасында жаратылыстану пәндері бойынша кітаптар бар екенін Ахат былай деп жазды: ... бір күні әкей кітаптарын тазартып, маған тізімді алдыртты. Әкей айтып отырды, мен іс кітаптардың авторларын, шығармаларын жазып отырдым. Үш күнде тізімді жазып зорға бітірдік. Сол тізімнің ішінде: «Біліми пәндерден: алгебра, геометрия, физика, химия, астрономия, география, анатомия, психология кітаптары» бар екені көрсетілген.

Егер «Үш анықты» мұқият оқысақ, онда астрономия тарихындағы ұлы тұлғалардың еңбектеріне сілтеме жасалған: француз ғалымы Р. Декарт, ағылшын физигі И. Ньютон, грек ғалымдары Демокрит, Абдерский, К. Птолемей, поляк астрономы Н. Коперник, итальяндық физик Г. Галилей және т.б.

Шәкәрім «Үш анық» еңбегінде «ұждан» деген ұғымынан бастап, тіршілік туралы ой толғайды. Осыдан кейін әлем қайдан пайда болды деп, оған жауап іздейді. «Енді біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмірде жоқ деген жолдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ойдан шыққаны төменгі сөзден мәлім болды.» Төменгі сөзді атомистикалық көзқарас тұрғысынан қарастырғанбыз [1]. Осындай сұрақты Шәкәрім «Үш анықта» бірнеше рет қайталайды: «... мұсылман молдаларының ортасынан: барлық әлем басынан бар ма еді? Соңынан жаралды ма деген дау кіруіне осы атом себеп болды», «жоғары айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр», «әр нәрсені өсіп-өндіретін сол дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді» және т.т.

Әрине, Шәкәрім бұл сұрақтарға толық жауап бере алмады, себебі әлем туралы заманауи теориялар мен тәжірибелер кейіннен пайда болды. Әлемнің пайда болуы және дамуын түсіндіретін әр түрлі физикалық теориялар бар, солардың ішіндегі ең қомақтысы – Үлкен жарылыс теориясы. Бұл теория бойынша әлем аса ірі жарылыстың нәтижесінде пайда болды, осыдан бізді қоршаған Ғалам өмір сүріп келеді. Үлкен жарылыс 13,8 млрд жыл бұрын болған және материя, кеңістік пен уақыт сол сәтте жасалған. Әлем 13,8 млрд жыл бұрын тығыздығы және температурасы шексіз нүкте ретінде өмір сүреді, осы күйді астрономияда сингулярлық деп атайды. Кенеттен сингулярлық кеңейіп, қазіргі Әлемді тудырды. Әлемнің пайда болуы Үлкен жарылыстан кейін $10^{-43}$ секундтан $10^{-11}$ секундқа дейін созылды. Теория бойынша, Әлем суыту физикасын өткенде $10^{-8}$ секундтен кейін протондар және нейтрондар пайда болып, ақыры атомдар түзіледі. Шәкәрімнің «осы барлық Әлем неден бар болды» деген сұрағына жауапты физика бойынша бердік.

Шәкәрімнің атомистикалық көзқарасы тағы да оның астрономиялық көзқарасымен ұштасады: «Ол әр нәрседен бірін-бір тартатын қуат барлығы. Оны орысша притяжение деп, арапша тажазиб дейді. Мұны алғашқы тапқан Англияның Исаак Ньютон деген ойшылы. 17 жүз жылы (XVII ғасырда құрастырушы) алманың үзіліп жерге түскенін тапқан». Шәкәрім бұл арада аспан денелері арасындағы тартылыс күшінің шамасын анықтайтын Ньютонның бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашқанын айтып отыр. Сонымен, астрономия өзінің дамуына керекті берік тірек алды. Бұл дерек жоғары және орта мектептің астрономия курсында негізгі орын алады.

Шәкәрім «Үш анықта» физикада және астрономияда үлкен рөл атқаратын «нұр-жарық» ұғымына тоқталады. Жарық адам көзі қабылдайтын электромагниттік сәулелену, оның вакумдегі жылдамдығы 299792458 м/с және ол электромагниттік толқын немесе фотондар ағыны ретінде қарастырылады. Нұр – араб сөзі, жарық сәуле, яғни күн сәулесі мағынасын білдіреді. Нұр терминін Шәкәрім өз шығармаларында жиі қолданған: «Нұрынан жарық жүрегім, Ғайыптан хабар білемін», «Мен жомартпын жар нұрына» және т.б өлең жолдарында кездеседі. Шәкәрім «Нұр-жарыққа» мынадай сипаттама берді: «Нұр күннен не оттан шықса да, жан-жағының бәріне күлтеленіп шығады. Нұр бір секундта үш жүз мың шақырым жүреді. Күннің нұры жерге 8 минут, 17 секундта келіп жетеді. Күннен де алыс кейбір планета, жұлдыздың нұры жерге үш жүз жылда жететіні бар. Тіпті, алыстарының нұры жерге мың жылда азар жететіні бар.

Бұл нұрдың жайын жазғандағы мақсұтым мынау: нұр да өздігінен бар болмай, бір нәрседен шығатыны, о да қозғалып жүретіні ойда болсын. Және барлық әлемнің ұшы-қиыры жоқ зор екені белгілі. Осы үлкен білінген әлемге қарағанда, білінбегендердің есебін өлшеуге келмейтіндігі оқушының ойында болсын дедім.

Жоғарғы айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп біліп жаратқан ие жоқ деген болжам әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе 17-18-19 ғасырларда Европа ішіне көбірек жайылды. Олардың дәлелдерінің күштірек дегендерін айталық» [2].

Сонымен қатар, Шәкәрім планетарлық астрономиядан маңызды мәліметтерді келтіреді: планеталарды, Күн жүйесін, айды және оларды қалыптастыратын процестер туралы. «Планеттің (планетаның-құрастырушы) Пик деген төрт жолдасы Юпитерді айналғанда, көлеңке жағынан шыққаннан өлшеп тапқан. Ол Юпитер Күнді айналғанда он екі жылға жақын мезгілде бір айналып шығады».

Жоғарыда айтылғандай, барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр деп айтқан Европа ғалымдарының дәлелдерін Шәкәрім былай жинақтайды: «Бірінші дәлел. Қайта айналыс жолы. Барлық нәрсенің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене (сила вещества) – атом. Әр нәрсені өсіп – өндіретін сол, дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді. Жер, Күн, Ай болсын әр планета басында газ, түтін, жалын сияқты болып, көп заманнан соң салқындап қатты дене болып, осы бір қалыбында қалмайды. Бірталайдан соң, біріне-бірі соқтығу сияқты бір себептермен қайта газ болып, онан сұйық, онан тағы қатты дене болып, сол үш түрге түседі де, жүреді. Қайта қатты дене болған кезде бұрынғысынан Жер де, басқалар да не үлкен, не кіші дегендей, басқа түрде болуы мүмкін. Және ол қайта жаратылыста жер де, адам, хайуан, өсімдіктер де болады. Бірақ өлген соң бізден сезім кетіп, ол өзгерістен еш нәрсе сезбейміз. Ол қайта жаратылыста біздің білім, шаруа, байлық, дене сияқтыларымыз мұнан, тіпті, басқа түрде болады. Және барлық әлем біржола газ болмай, бір жағы газ болып жатқанда, бір жақтағылары қатайып, қайта жаралып жатса керек. Мұның бәрін өзгертіп, өзінен не шығып, не болып жатқанын сезбейді дейді» [2].

Әлемнің пайда болуына атомның қандай қандай қатысы бар екенін жоғарыда көрсеттік. Үлкен жарылыс теориясы бойынша Әлем кеңейіп, салқындай бастады және протондар мен нейтрондар соқтығысып, ядролар құрылады, содан қараңғы, кейін жеңіл атомдар түзіледі. Жарық (фотондар) тек 380000 жыл өткеннен кейін пайда болды. Үлкен жарылыстан кейін 400 миллион жыл өткен соң, жұлдыздар мен галактикалар, соның ішінде күн, планеталар және адам баласы пайда болды. Әлемнің кеңеюі тоқталған жоқ, ол үдетілді, осыған байланысты қараңғы материя құрылды. Соңғы жылдары Әлемнің дамуында гравитация теорияларын толықтыру үшін көптеген еңбектер жарияланды. Сонымен, заманауи Үлкен жарылыс теориясы Шәкәрімнің «Бірінші – дәлелін қайта айналысты растап отыр».

Шәкәрім астрономиялық көзқарастарын «Үш анық» философиялық трактатында ғана емес, әдеби шығармаларында да насихаттаған. Ол әрқашан да қазақ жастарын жаратылыстану ғылымдарының негіздерін білуді, оларды түсінуді, талдау жасауға бейімді болуына тәрбиелеуді мұрат тұтады. «Тау басындағы ой» өлеңінде [3]:

Аспандағы ой, жұлдыз – бәрі айланды,
Жұлдыз – ақ Темірқазық тап жылжымайды-ау!

Күн батып, ай, жұлдыздың айналуы –
Шынында, дөңгелеген жер жүрісі-ау.

Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық,
Сегіз минут, шерікте жерге барып.
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.
Бұл дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,
Әлемнен кім жүре алар пайдаланып?
Дүние атаулы теп-тегіс мөлдір болса,
Көлеңке орнығады қайда барып?
Барша әлем тапжылмай тұрып қалса,
Бола ма уақыт деген өлшеу салып?
Мақсат, тәртіп керексіз тозаңы жоқ,
Тексермей неге отырмыз мұны ойланып?

«Үш анықтағы» Шәкәрімді мазалаған ой «Мұтылғанның өмірі» дастанында [3] мына түрде көрсетілген:

Әлемді кім жаратқан,
Осынша түрлеп, таратқан?
Көрінген сансыз планет,
Бірінен-бірін бөлінген бе?

Шәкәрім «Үш анық» атты еңбегінде өзін тек ірі ойшыл ғана емес, көрнекті жаратылыстану ғылымдарының тарихшысы ретінде көрсетті. Ол бұл еңбекте Шығыс және Батыс философтарының, ғалымдарының еңбектерін атап қана қойған жоқ, оларға талдау жасады және өзіндік пікірлерін білдірді. Қозғалыс жөнінде айтылды, оның табиғаттың негізгі заңы екені дәлелденді. Табиғаттағы ешқандай құбылыс өз алдына кездейсоқ болып жатқан жоқ. Барлығының түбінде белгілі бір себеп бар. Сол себептің өзіне де себеп керек. Бұл түпкі мақсаты себептің барлығы Шәкәрім үшін – бірінші анық. Біз негізінен үш анықтың біріншісін қарастырдық.

Шәкәрімнің астрономиялық көзқарастарын жоғары және орта мектепте астрономия сабақтарында пайдалануға болады. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстардың құрамына және тақырыптық кештерге енгізуге болады, себебі қазіргі таңда әлем эволюциясы, Үлкен жарылыс туралы үйренушілерге арналғын телесериалдар, бейнефильмдер жеткілікті. Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегі және басқа шығармалары оқушы жастарды Қазақстандық патриотизм рухына тәрбиелеуге үлкен үлес қосады. Сонымен қатар, Шәкәрімнің астрономиялық көзқарастары мәселесінде философиялық тұжырымдар әрқашан да жаратылыстану ғылыми білімінің дамуына ілеспелі екендігі көрсетілді.

**Әдебиеттер**

1. Маусымбаев С.С. Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау: теория және практика (монография). – Алматы: «Халықаралық жазылым Агенттігі», 2007.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. – Алматы: «Қазақстан» және «Ғалқия» ғылыми-әдеби орталығы, 1991.
3. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1998.

ҒТАХР: 16.01.05

# ШӘКӘРІМ МЕТАФОРАЛАРЫНА ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ШОЛУ

**Момынова Б.Қ.,** ф.ғ.д., профессор
А. Байтұрсынұлы ат.ТБИ, Грамматика бөлімінің меңгерушісі
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Әріден қозғағанда қазақ тілі білімінде метафораға А. Байтұрсынұлы да көңіл бөлген. Тілдік құбылыс ретінде метафораға М. Балақаев, Б. Хасанов, Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиұлы берген анықтамалар бар. Профессор Б. Хасанұлы «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» еңбегінде тілдік метафораларды арнайы қарастырған. Ол тура мағынадан ауыспалы мағынаның туындауы метафора қызметінің негізінде пайда болғанын айтады. «Метафоралы сөз саптауда таныс емес зат пен құбылыс міндетті түрде жақсы таныс нәрсемен салыстырылады. Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады», - дейді [1].

Біздің көңіл бөлетін негізгі мәселе – Шәкәрім мета ораларына тоқталу, бұл мәселе қаншалықты қарастырылып келгеніне аздап назар аудару. 2008 жылы жарық көрген ауқымды еңбек – Семейдегі Шәкәрімтану зерттеу Орталығы дайындаған 864 беттен тұратын «Шәкәрім энциклопедиясы» (2). Осы энциклопедиядағы жеке-жеке мағыналық-семантикалық талдауға түскен өлеңдерде қолданыстардың метафоралық сипаты, ерекшелігі нақты қарастырылмаған. Мысалы, «Мен»-нен басталатын әрбір өлеңге жасалған талдаулар олардың жанрлық табиғатын, образды бейнеленуін, қысқа ғана сөз мағынасын ашуға көңіл бөлген стандартты, ықшам талдаулар. Әр мақалада мақала ішілік бөлімдер өлеңнің құрылысы, философиясы, құрылымы (ырғақтық-интонациялық жүйесі, буын саны, шумақты-шумақсыздығы, ұйқас түрі т.б.), тілі (кірме сөздер, жекелеген негізгі, тірек сөздердің сөз табына қатысы, терминдік, концептілік сипаты туралы қысқаша айту) орын берілген. Осы тілге арналған ықшам талдаулардың көбі Қ.Бибековтің үлесіне тиесілі. Ал осы энциклопедия құрылымындағы мақалаларда метафоралар арнайы талданбаған. ұл еңбектің міндетіне оларды арнайы талдау, теріп-екшелеу кірмеген деп ойлаймыз. Дегенмен де кейбір метафораларға қысқа талдаулар жасалған және ол осы еңбектің жанрлық табиғатына сай.

Сондықтан метафора, оның ішінде Шәкәрімнің метафораларының жалпы сипатына шолу беріліп, кейбір ерекшеліктері көрсетілген мақала бар. Ол осы еңбектің 549-бетіндегі «Метафора» тақырыбындағы қысқа әдеби шолу. Шолу – Т.Шаңбай қаламына тиесілі.

Метафораның көркемдік тәсіл екені айтылған аталған мақалада автор метафораларды *сөз-метафора, бейне метафора, өрісті-метафора* деп жүйелеу керектігін айта келе: «Кей жағдайда Шәкәрімнің қайсыбір шығармасы тұтас кең жайылған өрісті метафора, тіпті метафоралық бейне-образға айналады» (сонда, 549-б.) деген ойын білдіреді. Сондай-ақ Т.Шаңбай ақынның бірнеше өлеңіндегі метафоралық қолданыстардың мән мәтіндік мағынасын ашуға тырысқан. Айталық, «Ажалсыз әскер» өлеңі – өрісті метафораның типтік түрі, жұлынды жүйесі негізгі екі бейне – поэзия мен әскер» дейді (сонда, 550-б.). Тек Шәкәрімге ғана тән даралығымен ерекшеленетін метафораларға *су тасқыны – өмір (дүние қу – бір ағын су),* т.б. мысалдарды келтіреді. Әрине, бұл Шәкәрімдей тұлғаның шығармаларындағы көркемдеуіш тәсіл метафораға арналған тым болмашы ғана талдаулар.

Ақиқатында Шәкәрім метафорасы алдыңғы, кейінгі шығармашылық тұлғалармен салыстырылып талданса, бүгінгімен сабақтастығы бар-жоғы анықталса, мағынасы ашылып, типтік түрлері тілдік жақтан анықталып берілсе, Шәкәрім тілін талдаудағы ілгерілеу болып шығар еді. Бұл лингвистер тарапынан орындалуға тиісті ауқымды жұмыс болмақ.

Қазіргі тіл білімінде метафораны зерттеудің шекарасы кеңіген, метафора туралы бұрын қалыптасқан түсініктер өзгеруде. Өзгерістер әсерінен метафора әлемді танудың, қоршаған ортаны түсінудің құралы ретінде зерттеле бастады. Бұл – тіл біліміндегі қазіргі кезеңде қалыптасқан жағдай.

Ал әдеби тіл тарихы тұрғысынан қазақ әдеби тілінің ерте кезеңіндегі метафора құрайтын белсенді сөздер мен сөз тіркестері, метафоралық қолданыстардың қызметі, мағыналық өзгерістердің метафора құраудағы орны туралы жүргізілген зерттеулер бар, сондықтан бұл мәселе біршама түгенделген тіл проблемасына жатады. Тіл білімінде осы мәселеге арналған бірнеше зерттеу еңбектері бар.

Тарихи жағынан болсын, қазіргі заман тұрғысынан болсын, метафоралардың жиілігі, қолданыстық ерекшелігі көбіне метафораларға тірек болып тұрған, әр кезеңдегі реалийлер (әр кезеңдегі нақты жағдайлар, жағдаяттар) тудырған сөздерге байланысты туындап отырғаны байқалады. Осындай тұжырым жекелеген шығармашылық иелерінің мәтіндеріндегі метафоралардың нақты сандық есебін шығарғаннан кейін, сапалық талдаудан соң жасалды.

Шәкәрім метафораларына жасалған талдау мақалада метафора жасауға қатысатын белсенді сөздер статистикалық тәсілмен анықталады. Өйткені метафоралардың құрылымы талданғанда белсенді сөздердің өздерін ғана емес, санын да анықтау жұмысы қоса жүргізілгені абзал. Соның ішінде діни сөздердің метафора жасауға қатысқаны да көрсетіледі. Осылайша метафоралардың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктері туралы кейбір мәліметтер анықталады.

Ал әдеби тіл тарихында жыраулық кезеңдегі метафоралардың түрлері мен типтері біраз зерттелген. Зерттеушілер өз пікірлері мен көзқарастарын, ой-пікірлерінің нақты екенін дәлелдеу үшін мысалдарды мәнмәтінмен берген, өйткені метафоралардың мәні көбінесе мәнмәтін арқылы ашылатыны белгілі.

Профессор Б. Хасанов метафораны екіге бөлген: «Бірі индивидуалдық метафора, екіншісі – дәстүрлі метафора. Көркем әдебиетте метафораның екі түрі қоланылады: дәстүрлі метафора – халықаралық сипат алған, әдетте коллективтің көпшілігіне жақсы таныс түрі» [1].

Шәкәрім қолданған *Екі көзі төрт болып* қалар сайда; *Ерінбей еңбек еттім* еңбек жанды т.б. сынды метафоралар дәстүлі метафораларға жатады. 2) Индивидуалды метафора – белгілі бір шығармашылық иесінің сөз саптауында кездесетін, түрлі заттар мен құбылыстарға, өмірдегі жағдаяттарға берілетін жеке адамның көзқарасы негізінде жасалатын метафора». Шәкәрім шығармаларындағы: *жаду көзің* басымды айналдырды; *Тепкілеме – өлікпін,* Шайтаннан басқа жауым жоқ; *Әскерім – өлеңім мен сөздерім* т.б. метафоралар болып табылады.

Проф. Б. Хасанов метафораларды қолданылу сипатына қарай 2-ге бөледі: 1) тілдік метафора – дәстүрлі метафораға жақын, авторы белгісіз, мақал-мәтелдер секілді. 2) поэтикалық метафора – сөйлеу негізінде туындайтын контекстік метафора» [1].

Кезінде А.Ысқақов метафора туралы: «Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі - бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал ғылыми, кеңсе, ресми іс-қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді» деген көзқарасы бүгінде түбірімен өзгерген. Қазір метафора араласпайтын стиль түрі жоқ деуге болады.

Белгілі ғалым Т. Қоңыров теңеу метафораның жасалуына негіз болады деп түйген. Сол сияқты Қ.Жұмалиев те теңеу мен метафора бір-бірімен байланысып жатқан құбылыс екенін, ал оларды бір-бірінен айырудың жолын көрсеткен-ді: «...теңеулердің жұрнағын қысқартсақ, метафора болып, метафораға теңеу жұрнақтарын жалғаса, теңеуге айналады. ...Теңеуде бір нәрсе екінші нәрсеге теңелсе, метафорада баланады. Теңеу: бұл – пәлендей, сол тәрізді секілді десе, метафора: бұл – соның өзі деп кесіп айтады. Мағына жағынан, әрине, екеуі бір емес. ... теңеуде теңеу жұрнақтарының теңейтін сөзге жалғануы міндетті түрде болса, метафорада сөзге метафоралық мән беретін сөздер, не жалғаудың үнемі бола беретіні міндетті емес. ...теңеуде теңелетін нәрсе мен теңейтін нәрсенің екеуі де ұдайы қарама-қарсы тұрса, метафорада ұқсастығы бар нәрсенің бір жағы қалып қоюы мүмкін. Бірақ контекст бойынша ол нәрсені оқушы қиялы арқылы түсіне алады».

Қай тақырыпта жазылса да, Шәкәрім шығармалары – әртүрлі жанрда жазылған көркем шығармалар. Сондықтан Шәкәрім метафоралары лингвистика бойынша бірінші кезекте *көркем метафоралар*ға жатады.

*Көркем метафоралар* – поэтикадағы басты эстетикалық ұғымдардың бірі. Ал **көркем метафораның** негізгі белгілеріне олардың окказионалдығы, шығармашылық сипатының болуы сияқты белгілер жататынын қайталап айту артық болмас. Көркем мәтіндегі эстетикалық түсініктердің біріне жататын метафора түрі. Метафораның бұл түрі *тропеикалық, поэтикалық, индивидуальды, окказионалды, индивидуальды авторлық, шығармашылық, сөйлеу тілінің метафоралары* деп дараланады, жеке топшаларға бөлінеді.

Шәкәрімнің стильдік даралығы окказионалды қолданыстардан айқын көрінеді. Ондай дарастильдік сипатымен ерекшеленетін метафоралар Шәкәрімде жеткілікті. Тек «Иманым»

жинағындағы ***окказионалды метафоралардың*** өзі бұл пікірдің шындық негізінде айтылғанын көрсетеді және олар өзгелерге ұқсамайды. Тіпті діни сауаты бар Шал ақында да Шәкәрім метафораларына ұқсас метафоралар кездеспейді, Бұхарда да некен-саяқ.

**Діни тақырыптағы** Шәкәрім өлеңдеріндегі метафоралар саны жағынан ең көп метафоралар, олардың кейбірін атап өтуге болады. Мысалдар Шәкәрімнің «Иманым» жинағынан алынды (5, Иманым. – Алматы: «Арыс» баспасы,2000.-.321 б.)»: ***Аптыққан жүрек*** басылса (Иманым,29-б.), ***Мисыз құлақ*** тыңдаса (29-б.); Мен ***өлікке тетемін*** (29-б.); Сездірген атам – ***күн шебер*** (31-б.); Өсірген ***анам – қара жер*** (31-б.); ***Таза ақылды*** айтар ***таза арақ*** деп (33-б.); ***Алдамшы үміт*** уатқан (31-б.); ***Еркіндік жолын*** табамын деп (32-б.); ***Ноқтасыз еркін ел*** таппай (32-б.); ***Ноқталатпай ойымды*** қылам азат (38-б.); ***Ақылға билетпеген пенде – айуан*** (38-б.); ***Шатақ дінге,*** әдетке не білгішке (38-б.); ***Қарулы қасқыр*** құдайың болып (32-б.), ***Азаттық жолмен*** жүргізбес (32-б.); Айласын тап та, ***таза арақ*** іш (33-б.); ***Таза ақылды*** айтар ***таза арақ*** деп (33-б.); Мастық деп айтса – ***терең ой*** (33-б.); Ашық ***аспан – әулие*** Жүрегің болса ***тайғақ саз*** (35-б.); Сабырдың түбі – ***сары алтын*** (34-б.); Ашық ***аспан – әулие*** (35-б.); ***Құбылма мінез, тайғақ ой*** (35-б.); ***Анық ерге*** жолдас бол (36-б.); ***Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат; Жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат*** (38-б.); ***Шатақ дінге,*** әдетке не білгішке (38-б.); ***Жаман тәпсір*** жайылып жер жүзіне (38-б.); Адасып ***нұрлы аятқа*** жағыпты тат (39-б.); Атадан қалған ***ақ сауыт*** (40-б.); ***Арамға әбден былғанды*** (40-б.); ***Сәлде аяққа шұлғанды***(40-б.); Өнер қылды ***«жақсылар»,*** Қасқырша елін жұлғанды (40-б.); ***Түпсіз жауға*** санайды (40-б.); ***Түзу жолға*** бұрғанды (40-б.); Оның жаны – баяғы ***ескі жаны*** (41-б.); Бұзғанмен Құран болмас ***адасқан хат*** (38-б.); Мастық деп айтса – ***терең ой*** (33-б.).; ***Жын да – жын, құмар да – жын, мастық та – жын*** (43-б.); ***Өзің де – жын,*** қоя ма, бойды жеңбей? (43-б.); Қайран ***ой қартаяды-ау*** өзім өлмей?(44-б.); ***Қармақтай белі*** бүгілді (45-б.); Күн ұялып қашты да (45-б.); ***Жар жіберген көлеңке*** (46-б.); ***Басылған нандай илесе*** (48-б.); ***Ылыққан иттей күйлесе*** (48-б.); ***Сырғанай берсе шанаша*** (49-б.); Аурусыз жандар – ***мисыздар*** (42-б.); т.б.

Сол сықылды ***көңілдің көзі*** ашылса (43-б.); Ойдан ***маржан, меруерт төгілгенде*** (43-б.); Қаза берсе, таусылмас ***қазған кендей*** (43-б.); ***Ылыққан иттей күйлесе*** (48-б.) т.б. бұлар - ***тілдік метафоралар.*** Мысалдардағы метафоралар дайын, етене таныс қолданыстардан жасалған, осы қасиеті арқылы бұлар тілдік метафораларға жатады. Өйткені тілдік метафоралар лексикалық қордағы дайын компоненттерден, көпшіліктің аузында, тілінің ұшында жүретін бірліктерден тұрады: ***Алдамшы үміт*** уатқан (31-б.); ***Еркіндік жолын*** табамын деп (32-б.); ***Ноқтасыз еркін ел*** таппай (32-б.); ***Азаттық жолмен*** жүргізбес (32-б.); Мастық деп айтса – ***терең ой*** (33-б.); Сабырдың түбі – ***сары алтын*** (34-б.); Атадан қалған ***ақ сауыт*** (40-б.); ***Арамға әбден былғанды*** (40-б.);

Тілдік метафоралардың негізгі белгісі еріктен тыс қолданыла қалатындығы мен стихиялы болып келетіндігінде. Олар сөйлеу кезінде даяр күйімен қолданылатын компоненттер болып табылады.

Ал индивидуалды метафоралардың тегі окказионалдықпен ұштасып жатады. Кез келген ***окказионал қолданыстар*** – автордың дүниетанымы мен дүниені қабылдауынан және шығармашылық үдеріс барысында сөз тудыру қажеттілігінен туындайтын жеке авторлық яки жеке тілдік тұлғаның сөздері мен сөз тіркестері. Окказионал сөздер нормаланбаған сөздер, тек кейбірі болмаса, мұндай сөздердің әдеби тіл нормасына айналуы сирек. Сол сияқты окказионал метафоралардың да тілдік метафораларға айналуы қиын. Бірақ нақ осындай метафоралар шығармашылық тұлғалардың стильдік ерекшелігін, даралығын білдіреді. Окказионал қолданыстардың енді бір ерекшелігі – мағыналық сәйкестігі жоқ сөздердің тіркесуінен жасалатындығы.

**«Окказионализмдер** – әдеби тілде өзіндік мәні бар, нормаланбаған сөздер. Бірақ стилистикалық бояуы бар болғандықтан, стилистикалық нормаға сай қолданылады», - дейді зерттеуші А.Бейсенбай, оларды *фонетикалық окказионализмдер, семантикалық окказионализмдер, сөзжасаушыокказионализмдер* деп топтастырады [3; 10].

Окказионализмдердің өзге белгілері туралы: «Окказионализмдер белгілі бір жағдайға байланысты жеке автордың қолданысында пайда болатын, тілдік нормаға, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын сөздер болып табылады. Осы окказионал сөздердің поэзияда жиі ұшырасатын түрі – *семантикалық окказионализмдер.* Семантикалық окказионализмдер - тілдегі узуалды сөздердің белгілі бір контексте жаңа мағынаға ие болуы [4; 21], - дейді зерттеуші Л. Еспекова

Окказионализмдерде тосындық сипат болады, ол тосындық ***тіліміздегі мағынасы жағынан бір-бірімен қабыспайтын сөздердің тіркесуі, сөйтіп барып, мәнмәтінде жаңа мағынаға ие болуынан көрінеді.*** **Осы ерекшеліктер тек жекелеген сөздерге ғана емес, метафораларға да тән.**

Белгілі бір сөздердің мағыналық жағынан жағымды немесе жағымсыз түрде өзгеруінен, тіпті кейде мазақ, ащы сарказм ретінде айтылуынан жасалған ***уәжді метафоралар*** Шәкәрімде кездеседі, мысал ретінде төмендегі метафораны келтіруге болады: Өнер қылды «жақсылар», ***Қасқырша елін жұлғанды*** (40-б.), т.б.

Уәжді метафоралардың негізгі элементі - семантикалық элемент, ол элемент метафоралық мағынаны алғашқы яки негізгі мағынамен жалғастыру қызметін атқарады. Уәжді метафоралардың дені сөздіктерде қамтылады, онда мағынааралық ұқсастықтар негізге алынады, салыстыру арқылы анықталады. Айталық, ***елді жұлу*** – *жұлқылау, тарту, талау қасқырдың жемтігін жеуі* – «жақсылардың», яғни ел басқарушылардың, басшылардың елді талап, жеп басқарып отырғанына ұқсату арқылы берілген.

Әрі дәстүрлі жіктеліске сай, әрі интеллектуалды метафораларға жататын, әрі тек Шәкәрімдікі екені сезіліп тұратын метафора түріне – Шәкәрім тіліндегі *метафора-жұмбақтарды* жатқызуға болады.

**Метафора-жұмбақтардың** белгісі бойынша суреттеліп отырған нысанға басқа нысанның, заттың атауы беріледі: ***Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат***(38-б.); Аурусыз жандар – ***мисыздар*** (42-б.); Ашық ***аспан – әулие*** (35-б.); Бейісің маған – ***мұз бен қар*** (59-б.); Дүние – алдамшы, өмір – қу деп елерме (81-б.); ***Жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат*** (38-б.); ***Жын да – жын, құмар да – жын, мастық та – жын*** (43-б.); Өсірген ***анам – қара жер*** (31-б.); Сездірген атам – ***күн шебер*** (31-б.); Сол себепті ***сөзім – у*** (87-б.) ***Рух** деген сөзді **жан** дейді* (116-б-б.); *Ғылымсыз**адам – айуан*** (92-б); ***Дүние – құБір ағын – су*** (94-б.); ***Күн – атам**, анық **жер – анам*** (108-б.); ***Рух** – деген дінсіз **таза ақыл*** (116-б.); Ойласам, ***олар – жанды өлік***(120-б.); Айласын тап та, ***таза арақ*** іш (33-б.), т.б.

Осы метафоралардың жасалуына ұйтқы болып тұрған сөздердің мәнмәтіндік жөні ерекше, олардың Шәкәрім танымындағы, ақын философиясындағы мәні бөлек. Айталық, **таза арақ** – арақ емес, таза қымыз, көбіне *таза дін* мағынасын білдіреді. Шәкәрімге дейін таза дінді, таза ақылды арақпен теңестіріп, бейнелі образ жасаған шығармашылық тұлға жоқ. Ал жерге, атаға байланысты метафораларының жасалуына Абайдың үлгі болғаны сезіледі. *Жанды өлік* деп ойсыздарды айтқанда, Шәкәрімнің өзіндік сарыны да байқалады.

**-дай, -дей** тұлғалы қосымшалармен жасалған метафоралар: ***Басылған нандай илесе*** (48-б.); ***Бұтасыз біткен шоқыдай*** (67-б.); Кәусары болса ***арақтай*** (59-б.); Қаза берсе, таусылмас ***қазған кендей*** (43-б.); Қанша **жыртық** жамадым (68-б.); ***Қармақтай белі*** бүгілді (45-б.); ***Хор қызы*** болса ***қарақтай*** (59-б.); ***Ылыққан иттей күйлесе*** (48-б.); Даулассаң **желдей** еседі (104-б.); *Аузыңнан мейлі **сары алтынБұлақтай** ағып тасысын* (119-б.); ***Нәрестедей** жас едім* (122-б.); *Жас **қозыдай** болып тұр* (129-б.); *Залымды **ұндай** илесем* (141-б.) т.б. Ең бастысы, мысалға келтірілген осы метафоралардың мағынасы түсінікті, көпшіліктің ұғынуына кедергі болатындай түсініксіз сөздер жоқ.

Компоненттерінің құрамына қарағанда, Шәкәрім метафоралары көп компонентті болып келеді. Бірақ, бір ерекшеліктері бар, мысалы алдыңғы дәуірлерден келе жатқан *тасты илеу,* қазіргі *нан илеудің* аралығында *ұндай илеу* деген қолданыс болғанын Шәкәрімнен байқалады. Ал Шәкәрімнің алдындағы өзге шығармашылық тұлғалардан нақ осы қолданысты кездестіру қиын.

1-жақ жіктік жалғау арқылы жасалған метафоралар: Бейне ***алдамшы сопымын*** (64-б.); ***Жуаннан туған ірімін*** (68-б.), ***Көп наданның бірімін*** (68-б.); Мен ***өлікке тетемін*** (29-б.); ***Таза етекті сопымыз*** (159-б.) т.б. Бұл топқа жататын метафоралардың ерекшелігі - ойды бейнелі жеткізу барысында метафоралардың тұтас сөйлем түрінде берілуінде.

Метафоралардың бір түріне синкретті метафоралар жатқызылады және олардың ерекшеліктері болады. Енді кейбірін мысалға келтіріп көрелік. Шәкәрім тіліндегі ***синкретті***метафоралар:

Бұзғанмен Құран болмас ***адасқан хат*** (38-б.); Жұқпайды екен айтқан сөз ***Ғылымы жоқ наданға*** (78-б.); ***Көрсеқызар, мисыз бас, Мақтанқұмар мен бір бас*** (65-б.); Үміт үзген ***қорқақ Ой*** Дірілдейді қалшылдап ( 72-б.); Қалған ***қымызды*** әкел сен, Бер, аяқшы, кесемен (96-б.); ***Жауға қатын, жақынға жалмауыздар*** (113-б.); ***Оқыған ойсыз адамдар Жансыз өмір суреді***(120-б.) т.б. Өлеңнің екі жолынан тұратын синкретті метафоралар синтакистік тәсілмен жасалып тұр.

***-Сыз, -сіз*** қосымшалары арқылы жасалған метафоралар Шәкәрімде саны жағынан көп болып келеді. ***Мисыз құлақ*** тыңдаса (29-б.); ***Қиянатсыз надандар*** Әулиеден кем емес! (107-б.); ***Мінсіздің ісі*** шын мақұл (116-б.); Меңіреу, ***мисыз бір өлік*** (12-б.); ***Тікенсіз гүл, жылансыз** кен* болмайды (127-б.);т.б.

***-Ша, -ше*** қосымшасымен жасалған метафораларды бірнеше өлеңдерінен жинастырып, табиғатқа, өзге заттарға ұқсастығына қарай топтастыруға болады: ***Қасқырша*** елін жұлғанды (40-б.); Сырғанай берсе ***шанаша*** (49-б.); ***Ұлықтарша*** қорқытпай законменен (100-б.); ***Молдаларша*** теңемей кәпірменен (100-б.); ***Жауша*** қара досқа да (111-б.); ***Қасқырша*** жемтік жеуден тартынбайды (143-б.); ***Итше*** талап, өз елін жырып жемес (144-б.); Жағада жүксіз тұрған ***жанша*** күлмей (151-б.); Адамды ***аңша***аулатқан (157-б.); ***Шамша*** жағар тегінде (159-б.), т.б.

***Аң атаулары, табиғат құбылыстары*** арқылы жасалған Шәкәрім метафоралары: Жүрегің болса *тайғақ саз* (35-б.); *Қарулы қасқыр* құдайың болып (32-б.), Дүние ағып, сусыл қағып *Фәни көлге* құйылар (95-б.); *Жетекшіл айуан* сол болар (117-б.); *Аңдайын* айдалаға кеттім кезіп (144-б.) т.б.

***Діни сөздер*** арқылы жасалған метафоралар: *Жар жіберген көлеңке* (46-б.); *Шатақ дінге,* әдетке не білгішке (38-б.); *Әрі анам бұл жер, әрі молам* Денемді жұтпай тынбаған (108-б.); *Нәпсі дарға асылды* (111-б.); Қорықпан*дозақ отынан* Санасызға жаза жоқ (111-б.); *Хақиқаттың қымызын* Ішіп, бүгін мас едім (122-б.); *Бақсымын* жырлап сарнаған (156-б.); Адасып *нұрлы аятқа* жағыпты тат (39-б.) т.б.

Қорыта айтқанда, ақын тілі – оның әлемді танып-білуінің өлшемі. Ал метафоралар - қоршаған орта мен әлем бейнесін шығармашылық тұлғаның өз көзқарасымен қабылдап, өзіндік стилі мен жеткізу құралы.

Көркем мәтіннің әрқайсысы күрделі, әр мәтіннің өзіндік кодталған жүйесі бар. Көркем мәтінді зерттейтін тілшінің алдындағы міндет осы кодты шешумен байланысты. Сондықтан лингвистикалық талдаумен айналысатын зерттеуші үшін кодтың сырын ұғыну, кілтін ашу – тұтас алғанда мәтінді, жекелей алғанда мәтін түзуші бірліктердің мағыналық құбылуларын, тікелей мәтін ішіндегі қызметін, функциясын ұғыну және оны түсіндіру мен дұрыс қабылдаудың жолын көрсету. Ал метафора сондай талдауды қажетсінетін тілдік бірліктердің ішіндегі күрделісі.

**Әдебиеттер**

1. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы. – 1966.
2. Шәкәрім энциклопедиясы. – Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу Орталығы. – Семей, 2008. – 864 б.
3. Бейсенбай А.Б. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2008. – 24 б.
4. Еспекова Л.Ә. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер: Филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы. – 30 б.
5. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: «Арыс» баспасы,2000. – 321 б.

ҒТАХР:16.01.11

## ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ СӨЗҚОЛДАНЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Кеңесбаева Ш.С.,** ф.ғ.к., аға оқытушы,
**Сағындыққызы Г.,** магистр, аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Негізінен қазақ поэзия жанрында дерексіз ұғымды заттандыру, жандандыру тәсілдері жиі ұшырасады. Поэзия саласындағы мұндай тәсілдердің алатын өзіндік орны, ерекшелігі бар. Ғалым Қ.М.Жүсіпов «Дерексізді заттандыру, жансыздандырудың қайнар көзі де тілдің жалпы даму тарихымен сабақтас. Себебі ұғымды заттандыру, жандандыру халықтың ежелден қалыптасқан сөйлеу тілінде, мақал-мәтелдерде, ауыз әдебиеті үлгілеріндеде жиі кездеседі» [1] дейді. Демек, ғалым сөзіне сүйенсек, дерексіз ұғымды заттандырып қолдану тәсілі ерте заманнан-ақ ата-бабаларымыздың сөз қолданысында жиі пайдаланғандығын аңғарамыз.

«Шәкәрімнің дәуір шындығын өрнектеген, заман кеселдерін сынаған лирикалық өлеңдері ақын талантының мөлдір бастауынан қайнап шығатын ішкі мазмұнға эстетикалық күш берер көркем құралдармен, тапқыр теңеулермен, сәтті салыстырулармен көмкеріледі. Оған дәлел ақынның «Ер

қоспақ пен сөз сөйлемек» [2] атты өлеңінде мол-ақ. Мұнда ақын табиғаттағы жанды мен жансызды салыстыру арқылы әлеуметтік шындықтың бетін ашады. Біріне-бірі қарама-қарсы немесе өзара қатыссыз екі түрлі ұғымды параллель түрінде қатарластыра алып отырып, соларды салыстыру арқылы ол өзіндік тағлымға бай ойлар түйеді» [1].

Мәселен, ақын атқа салатын кәдімгі ертоқым мен адам мінезінің арасындағы ұқсастықты іздейді.

Кей ер бар жанға жайлы, үсті жалпақ,
Жатып алар жалпайып, атқа салсақ.
Кейбір сөз аласалау, көзге сынық,
Көрінер, байқамасаң, мөлдір, тұнық.
Желдік салып, сақтанбай, міне көрме,
Асты арам, үсті жатық, ол бір қылық.
Ілгерінді-кейінді қоқаң қағып,
Ат арқасын ыспалап тыным таппас.
Қоқаң қаққан қолайсыз бір адам бар,
Байлау, матау болмайды сөздерінде [2].

Өлеңнің басынан аяғына дейін зергердің қолымен әсемдеп жасалған ертоқымның сыртқы сұлулығы мен ішкі мазмұны, яғни аттың арқасына жайлылығы арасындағы алшақтық, кеудесіне нан пісіп, аяғын алшаңдай басқан, санасында бір түйір дән жоқ саңылаусыз жандардың жүріс-тұрысындағы өрескелдіктермен салыстырылып термеленеді. Шынында сырт көзге салмақты көрініп, маңғазсып жүрген мақтаншақ пенденің қоқаңдаған боскеуде қылықтары күнде болмаса да күнара көрініп қалатыны жоқ емес.

Қандай мәселені қозғаса да осылайша бейнелеп айту, оқырманның қабылдауына неғұрлым жақындата суреттеу қасиеті Шәкәрімнің шығармашылық қолтаңбасына тән сапалық қырлардың бірі. Тіпті ащы сынның өзін ақын соншалықты образдылықпен жеткізуге ұмтылады.

«Ашу мен ынсап» өлеңінде осы ерекшелік әсіресе айқын аңғарылады.

Жалт қарасам бетіне –
Баяғы құрғыр *Ерiншек.*
Көзім түсті етіне,
Бір уыздай келіншек... [2]

Шәкәрім ел қараңғылығының ең түпкі тамырларын еріншектіктен, жалқаулықтан, адамдардың әрекетсіздігінен табады.

Сонымен Шәкәрім поэзиясында өлеңнің тілдік мәнерін күшейтіп, экспрессивті-эмоционалдық сипатын аша түсу мақсатында кейіптеу, метонимия сияқты троп түрлерін де молынан пайдаланған, ойын көркем тілмен жеткізуде шағын деталь, тілдік дәйектілік көрсеткен.

Қ. Жұмалиев өз еңбегінде кейіптеудің әдеби тілдегі экспрессивті-эмоционалдық сипатын ашып көрсеткен [3].

Шәкәрім шығармашылығында мағынасында жағымсыз реңк бар сөздерді, әсіресе етістіктерді экспрессивті етіп жиі қолдануы кездеседі. Мысалы қалжыңшыл, қалжыңбастыларды суреттеген өлеңдерінде «ыржақта, қылжақта, жыртақта, бұлғата, былқылда, жылпылда, арсылда, жырқылда, тырқылда» сөздерін бір жерде шоғырлап келтіріп, олардың жағымсыз экспрессиясынан өткір бейнелер жасаған.

«Сәнқойлар» деген өлеңінде де аталған қоғам топтарының өкілдерін «шедірейіп, шекиіп, кекиіп, секиіп, қылтақтап» деп суреттейді.

Шәкәрім өз өлең жолдарында қыс, күз, көктем мезгілдеріне мінез бен әрекет беріп, жансызға жан бере суреттеп философиялық ой иірімінің жоғары шарықтау сатысына шыққан. Ай, күн, жапырақ – жансыз нәрселер, бірақ кейіптеу арқылы жанды нәрседей іс-әрекет, қимыл-қозғалыста болып тұр. Мысалы,

Тойға келген таң желі сыбырласып,
Сызылтып ән салып шырқады боз торғай [4]
Жүзіңді көргелі
Күн шықты қайтадан,
Бір көріп өлгелі
Ұмтылды бері таман.
Бұлт перде бүркеніп сығалап жүр,

Көз жасы – жаңбыр ғой, асық боп жылаған.
Гүл билеп жайқалып,
Бұраңдап жайнаған.
Жел мен бұлт дуана, бақсы болып,
Дүрілдеп, күрілдеп от – қанжар қайраған... [4].

Яғни, толып жатқан табиғат құбылыстарының адам сезімін, әрекетін, қимылын, қылығын өзіне таңып ұқсатуы арқылы тілді құлпырта кейіптеуді қолдануы ақын шығармасының тілдік қолданысындағы тағы бір қырын танытқандай.

Шәкәрім шығармаларын оқып отырып, ақынның сөз саптау ерекшелігіне, заттандыру ұғымының қолданыс тәсіліне тәнті боламыз, терең ойлы ақынның өзіндік қолтаңбасын сезінеміз.

«Поэзия дамуы үшін мәні зор (әрине, прозаға да әсері осал емес) бір маңызды мәселеге арнайы көңіл бөлгіміз келеді. Ол ақындардың өз айтпақ ойын неғұрлым әсерлі, пәрменді етіп жеткізуі үшін, дерексіз ұғымдарды заттандырып, жандандырып суреттеу тарихы. Атап айтқанда, қиял, ой, көңіл, шабыт тәрізді көзбен көріп, құлақпен естуге келмейтін, тек оймен қорытып түсінуге болатын дерексіз ұғымдарды белгілі бір затқа, не адамға айналдырудың да өзіндік сыр-сипаты, өрбу жолы болатындығы» [1].

Заттандыру тәсілі Шәкәрім өлеңдерінде тек сөз ажары, ұйқас келісімі ретінде ғана қолданылып қоймаған. Заттандыру ұғымы жөнінде ойлы мәселелер қозғап, терең пікірлер жазып жүрген ғалым Қ.М.Жүсіпов көбіне-көп сөздің сыртқы ажарына көңіл бөліп, ұйқасына баса назар аударған. «Дерексізді заттандыру үстінде шайырлар затты қалай әлеміштеп, әрлей түссе, жандандыру тұсында да тұлғалантудың не бір әсем түрлерін жасаған» [1].

Мысалы, ақынның «Дүние мен өмір» атты өлеңінде де заттандыру әдісін тек өлең ұйқасының сәндігі ретінде қолданбаған, оның ойы терең тұңғиықта жатыр. Айтарымызды дәлелдейік:

Мен де соққы жедім – деп – сұм дүниеден,
Көп жазып ем, оныма өкіндім мен.
Ойласам, көрген бейнет, тартқан қайғы,
Болыпты не біреуден, не өзімнен.
Кім үйретті дүниені жамандатып,
Оны сөгіп, өзіңді амандатып.
Мұны үйреткен – білімсіз шала молда,
Қу қазыққа байлаған табандатып [2].

Сонымен, бұл өлең жолдарында біріншіден, суреттеп жазу, яғни әдемілеп, әсерлі етіп жеткізу мағынасын түсінсек, екіншіден философиялық, үшіншіден тәрбие берушілік яки мағыналы ақыл ретінде қабылдауымызға болады.

Түйіндесек, заттандыру әрі жандандыру тәсілі сөздің сыртқы бітімінің ажарлы болуына қызмет етсе, философиялық ой мағынасы өмірді екшелеуге, көпшілікті тәрбиелеу үшін қолданылып тұрғандығына көз жеткізер едік. Осы орайда тағы бір назар аударарлық жағдай – осы айтылған өлең мағыналары бір-біріне тәуелді, жеке дара өміршеңдігі ұзаққа бара қоймайды, себебі көпшіліктің көңілін жалаң, нәрсіз сөз толқыта қояры екі талай екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Әдеби тұрғыдан келер болсақ, Шәкәрімнің өзіндік ерешелігі, әрі ақындық шеберлігі танылатындығы белгілі. Ақын жоғарыда айтылған үш мағынаны бір өлең шумақтарына енгізе отырып, заттандыру ұғымын шебер қолдана білген, әрі адамзатты өмірден түңілмеуге, барлық қарекет адам баласының өз қолында екендігін аз сөз аясында түсіндіре білген. Бұл да ақын шеберлігінің бір қыры екендігін дәлелдей түседі. Әсіресе, ақын дүние, қайғы, бейнет (сұм дүние, дүние алдамшы, дүниеден соққы жедім, қайғы тарттым, бейнет көрдім, тұрағы жоқ су өмір) сияқты дерексіз ұғымдарды заттандыру арқылы философиялық ой қорытып алады да:

Қаза келсе, өзіңнен, иә біреуден,
Немесе бір нәрсенің себебінен.
Дауың дұрыс бола ма, ойласаңшы,
Өмір – қу, дүние – алдамшы дегеніңмен [2],-

деп ой түйіндейді.

Сонымен, Шәкәрім өз шығармаларында заттандыру ұғымын тек сөз ажарлау тұрғысында ғана емес, өз ойын әсерлі жеткізу мақсатында қолданғандығы белгілі.

Шәкәрім өлеңдерінде жиі кездесетін тағы бір ерекшелік – тұспалдау және шарттылық. Бұл жөнінде ғалым Қ.М. Жүсіпов: «Шәкәрімнің кемел ақын екендігін дәлелдейтін туындысының бірі –

«Ашу мен ынсап» (1885-1890) өлеңі. Шығармада ақын сол замандағы дүйім жұртты жайлаған теріс іс-әрекеттерді бір адам басына беру арқылы тұспалдау әдісін жетік қолданған» [5] дейді. Әрине, шарттылық және тұспалдау тәсілдерін ақынның бір өлеңінде ғана емес, көптеген өлеңдерінен кездестіруге болады. «Өмір» атты өлеңінде ақын жаңа қырынан көрінеді. Ол тұспалдап әрі салыстыра отырып, дамыта суреттейді. Мысалы, өлеңінің бастапқы шумақтарында отынды тау қылып үйгендігі айтылса, келесі шумақтарда отынның лапылдап жанғандығы, айналасына тигізген залалы, күйдіргендігі, ізі, соңынан қалған көмірі сөз болады. Өлеңнің соңғы шумағы:

Өмірдің басы – бала, ортасы – адам,
Қартайып шал болған соң кетті шамаң.
Мақтап жүрген өмірің осы болса,
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам, –

деп аяқтайды. Мұнда ақын адам өмірін жанған отынмен салыстыра отырып, қас-қағым сәтте өмірдің өте шығатындығына, адамның соңына із тастап кетуге тырысуына тұспал жасайды. Өмірдің лапылдаған жалын екендігін шартты түрде ала отырып, қызудың да өзіндік уақыты, мезгілі барлығына яғни, әр уақыт өлшемінің орны барлығына назар аудартады. Бұдан шығатын қорытынды: ақын көбіне философиялық негізде жазылған өлеңдерінде тұспалдауды көбірек қолданған.

Шәкәрімнің бірсыпыра өлеңдері адамзат баласының жеке бас қасиеті ерекшелігіне арналып жазылған. Шумақтарында заттандыру ұғымын кеңінен қолданған «Ынсап пен нәпсі» өлеңінен үзінді келтірсек:

Нәпсі үйінде байлаулы Ынсап жатыр,
Мұның емін, тегінде, сол аса алған.
Сопысынып, ақсынып әуре болмай,
Ер болсаң, босатып ал сол зынданнан [2] –

Бұл өлең жолдарында, айтылар ой адам бойындағы қасиеттерге негізделіп айтылғанымен, тұспалдау да айқын сезіледі.

«Еріншек» өлеңінде еріншектік деген дерексіз ұғымды заттандырып әрі жандандырып қолдану арқылы адам бойында кездесетін жағымсыз қасиетті терең ашып көрсетеді.

Жүрейін десең, тұрғызар,
Төсекке мойын бұрғызар.
Аналар да жүр ғой деп,
Біреуді мысал қылғызар.
Мен емес пе сабырың,
Жаныңа тыныш тамырың,
Асықпа – деп алдайды,-
Қазулы ма – деп – қабырың [2] –

«Талап пен ақыл» деген өлеңінде талап, ақыл, ынсап, рақым, ар, ұят сияқты ұғымдарды деректендіріп, жандандырып береді:

Талап шапса ақылға мініп алып,
Жақсы, жаман бәріне бірдей салып.
Анық ақыл адымын аштырмайды,
Ешнәрсе одан құтылмас жетпей қалып.
Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық –
Талапқа алты түрлі ноқта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық [2] –

«Поэзия тілін, ондағы баламаларды арнайы қарастырғанда, салыстырулардың көбіне: күн, ай, жұлдыз, жел т.б. тәрізді тұрақты атауларға байланысты туатыны тегін емес. Бұл жағы әдебиеттің өзге жанрларына қарағанда (эпос, драма), лирикада шарттылық, әсірелеу т.б. басым болумен байланысты» [1].

Шәкәрім өлеңдеріне «жел» сөзінің баламасы көбіне қиындық белгісі, тұрақты өрнегі ретінде алынады.

Бір өлтіріп, тірілтіп,
Әр бұтаққа ілінтіп,
Жел, сағымдай құбылтып,

Қай жаққа алып барасың?

Осы жолдардың тармақтары – лирикалық қаһарманның айрықша жағдайдағы ерекше жан-күйзелісінің айнасы. Яғни, бұл өлеңде де «жел» сөзі шығармада романтизм әдісі белең алуына сай қалданылған. Лирикалақ қаһарманның сыртқы қоршаған ортада кездесетін келеңсіздік атаулыны сынауы – бәрі де осы түйіге әкеледі.

Ғайсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып, тірілт мені.
Ақылым – кәрілікке жабырқама,
Талпынып тағы да ақтар дүниені.

«Жел» сөзінің дағдылы тіркес ішінде келуі тұсында шығарма шырайы арта түсетініне бір дәлел.

Шәкәрім өлеңдерінде егіздеудің (параллелизмнің) жасалу жолдары адам сезімдерін, көзқарасын, ішкі-сыртқы тұлғалық қасиеттерін қатар қою арқылы табиғатты түгел егіздеуге (параллелизмге) қатыстырып, психологиялық параллелизмнің классикалық үлгісінде, әр алуан синтаксистік үлгілерінде қолданған. Олар жыр шумақтарына аз сөз арқылы көп мағына беріп, тілдің грамматикалық сипатын арттыруға қызмет еткен.

Параллелизм – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелей тәсілі. Екі түрлі ұғымды білдіретін тіл элементтері бір-біріне әсер етіп, тұтас поэтикалық бейне тудырады. Шәкәрім поэзиясындағы параллелизмдерге бірер мысал «Өлген көңіл – ындынсыз өмір» өлеңінде көрінеді. Осы өлеңде ауыл көрінісіндегі қолдағы малдың төлдеуі – молшылықты бейнелеумен бірге адамның көңіл-күйінің көңілсіз сәті де қатар беріледі. Мына бір өлең жолдарына үңілсек:

Қатып қалған желіннен
Қаймағы бар бал шықты –
Қайғылы біздің көңілден
Қайғырған сайын қан шықты [2].

Мұндағы «бал» сөзі тәттіліктің дайын символдық белгісі десек, қаймағы бар болуы сол тәттілікке қоса, нәрліліктің де жоғары екенін аша түссе, өлеңнің екінші шумағындағы әсем табиғат бейнесі Абай стилін, оның «Жаз» өлеңін еске түсіреді.

Сондай-ақ табиғат тынысын адамның ішкі сезім дүниесімен астастыра суреттеуде *егіздеу (параллелизм)* тәсілін қолданған. Мысалы:

Күн сықылды көпке білдір,
Шықты ма күн, батты ма?
Ай сықылды айтып ұқтыр,
Қанша ғұмыр өткенін.
Түн сықылды тым түнеріп,
Көзді тартып байлама.
Күндізі бол, байқасын жұрт
Келгені мен кеткенін.

Өлеңде егіз суреттемелер берілгендіктен, көркемдік әсері күшейіп тұр.

Табиғат не оның құбылыстарын көркем суреттеу Абайдан басталған жазба әдебиет сипаты Шәкәрімде:

Өлі жердің сүйегін,
Тірілтті жайнап жапырақ –

деп беріледі. «Жерді өлді» деп алу да, «оның сүйегі бар» деп көрсету – бәрі де Шәкәрімге дейін болмаған. Астарлы сөз сиқыры өлеңге көрік, сән беріп, жан бітіргендей әсер қалдырды.

Шәкәрім тілінде жұмсалған перифраздар сонылығы жағынан да, саны жағынан да бұрынғылардан өзгеше, жалпыхалықтық тілде қалыптасқандары да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар. Мысалы, Шәкәрім өмір, тіршілік дегенді *тұрақсыз дүние* (тұрақсыз шыр айналған дүние), *«дүниені сұм, алдамшы» деп жазады. Жалған дүние (*қайғы көрсем: «дүниенің жалғандығы, дедім – алдап, мінеки алғандығы», *сұм дүние* (мен де соққы жедім – деп – сұм дүниеден); *өмірді* «тұрағы жоқ, алдамшы, су өмір, ия, көлеңке, яки түс өмір, у өмір», дүние – алдамшы, өмір – қу деп суреттесе, бұларды ақын өзіне дейінгі әдеби дәстүрден алған.

Шәкәрімнің көркем тіл кестесіндегі ерекшеліктің бірі – *авторлық перифраздарды* қолдануы. Мысалы «саналылық» ұғымын Абай *жүректің көзі* десе, Шәкәрім *көңілдің көзі* деп астарлайды.

Сол сияқты балалық, *тазалықты – жүректің ақ нұры сөну, ақылды – өлшеусіз жарық нұр, өкініштi – жүрегін өрт шалу, қуанышты – көңіліне гүлдің нұры орнау, ойқұмарлықты – ақылдың шолғыншысы, туу мен өлуді – тағдырдың шын қазасы* деп суреттеп, атауын қазақ көркем тіліндегі перифраздардың классикалық үлгілері дейміз.

Шәкәрім өлең құрылысында үн гармониясына ерекше назар аударады.

Қорыта келе, қазақ әдебиеті мен поэзиясында Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығының алатын орны ерекше. Шәкәрім поэтикасы қазақ сөз өнерін, өлең өрнегін, көркем ойды және көркем бейнелеуді жаңа деңгейге көтергені ақиқат.

**Әдебиеттер**


1. Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 216 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 356 б.
4. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза. Өлеңдер мен поэмалар (Құраст. М.Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.
5. Жүсіпов Қ.М. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар: Павлодар университеті, 2000. – 412 б.


ҒТАХР: 16.21.49

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ


**Самекбаева Э.М.,** ф.ғ.к., доцент
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


«Сөз бен ой» – Шәкәрім үшін әдеби шығармашылықтың басты мәселесі. «Сезім мен жүрек қиялының поэзиясын» ой поэзиясымен тұтас жымдастыра қолданудың жаңа көркемдік құралдары мен жаңа тілдік мүмкіндіктерін ашып, Абайдан кейін Шәкәрім «қазақ сөзі мен ойының» қазыналарын ұлттандыру жолына түсіп, стильді жеке тұлғаның еркін, даралық-сипатты көрінісі және шындықтың терең шығармашылық ұлттық-типтік көрінісі ретінде алға тартты.

Поэзия тілінде соны сөз – образдарының орын алуы – Абай жандандырып, Шәкәрімде жалғастығын тапқан тәсілдерінің бірі болып саналады. Енді Шәкәрім шығармаларындағы окказионалдардың қолданысына талдау жасайық.

Окказионал сөздер (лат. occasionalis – кездейсоқ) – автордың белгілі бір жағдайға байланысты сөз тудыру қажеттілігі арқылы өмірге келген жеке авторлық сөздері мен тіркестері. Бүгінгі таңда окказионализм мәселесіне арналған көптеген көзқарастар бар. Л.С. Абросимова, В.Г. Адмони, Ш. Балли, Э. Бенвенист, А.А. Брагина, Р.А. Будагов, В.В. Виноградов, Ю.А. Жлуктенко, В.И. Заботкина, Е.А. Земская және т.б. сияқты шетелдік және отандық лингвистердің көптеген еңбектері окказионализм теориясына арналған.

Алғаш рет «окказионал» термині Н.И. Фельдманның «Окказионал сөздер және лексикография» атты мақаласында кездеседі, онда ол окказионалды сөздерді белгілі бір сөз жағдайында өнімділігі төмен немесе өнімсіз сөзжасам моделі негізінде құрылған сөз ретінде анықтайды [1].

Г. Мұратова окказионализмге былай анықтама береді: Окказионал сөз дегеніміз – бір контексте ғана қызмет ететін, стильдік мақсат үшін тіл нормасына сәйкессіз туған, жеке авторлық бірқолданар сөз [2].

Окказионал сөздер көркем мәтінге сонылық пен шеберлік, көркемдік пен мәнерлік дарытатын стильдік құрал болып қызмет етеді.

Шәкәрім шығармалары окказионализмдерге өте бай.

*Көркем шығармада ойды дәл, нақты, әрі қысқа беру* қажеттілігінен ақын окказионализмге жүгінеді. Мысалы:

Жаралы жаным шықсын деп,
Қара жер мені жұтсын деп,

Өлген соң елім деп,
Атымды қойдым – «Мұтылған»,-

деген үзіндіде автор өз ойын дәл әрі қысқа беруге ұмтылған. «Мұту», «мұтылған» сияқты ауызекі сөйлеудің жергілікті ерекшелігін қолданған.

Шәкәрімнің төмендегі өлең жолына назар аударайық:

Сүйсініп ақынға елі мән бергендей,
Өлеңмен өміріне сән бергендей.
Қадалып жүрегіне ақ қанжардай,
Оятсын *ойкүйезді*жан бергендей,-

өлең жолдарындағы индивидуалды қолданыстағы *«ойкүйезді»* сөзі тілдегі *«бойкүйезді»* сөзі негізінде авторлық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған окказионал сөз.

Сөздің соңылығына, өзгешелігіне ұмтылу, сөз қайталай бермеуге тырысу мақсатында да ақын окказионал сөзді қолданады.

Көп төбетке жетеді қайдан күшім,
Құтқара алмай адалды пысады ішім.
*Қабағыңды қаққанша қас болады,*
Жақыным деп болысып жүрген кісім.

Автор тіліміздегі *«кірпік қағу»* деп қайталай бермей, *қабағыңды қаққанша қас болады* тіркесін қолданған.

Сондай-ақ, «*сырты бүтін, іші түтін»* деген фразеологизмді *сырты сау, іші науқас елдің дені, сыртыңды сыланасың өң беріп, ішіңнің түзетпейсің қатасын* деп, ауызекі сөйлеу тіліндегі *«етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда»* мақалының мағынасын кеңейтіп, *қол тарлығы кезіндеқымыз іш, ән сал, мас бол* деген үлгіде жаңа мазмұнда жұмсайды.

Ақын туындыларынан образдар дүниесін теңеу, шендестіру арқылы беруде де жасалу үлгісі бұрынғы болғанымен, күтпеген тың қолданыстарды табамыз. Мысалы, Шәкәрімде өлең-әскер, ән – өлшеуіш, ашу – келіншек, ынсап – кәрі адам, өлең – күміс, қағазы – жолдасы, қаламы – сырласы, арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат тәрізді мысалдар ақынның образдар дүниесіне тың үлгілер енгізіп тұр.

Шәкәрім тілінде жұмсалған перифраздар сонылығы жағынан да, саны жағынан да бұрынғылардан өзгеше, жалпыхалықтық тілде қалыптасқандары да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар. Мысалы, Шәкәрім *өмір, тіршілік* дегенді *тұрақсыз дүние* (*тұрақсыз шыр айналған дүние, «дүниені сұм, алдамшы»* деп жазады, *жалған дүние (қайғы көрсем: «дүниенің жалғандығы, – дедім– алдап, мінеки алғандығы», сұм дүние («мен де соққы жедім – деп – сұм дүниеден»)*; өмірді *«тұрағы жоқ, алдамшы, сұм өмір, ия, көлеңке, яки түс өмір, у өмір», дүние – алдамшы, өмір – қу өмір* деп суреттесе, бұларды ақын өзіне дейінгі әдеби дәстүрден алған.

Суреткер туындыларында бір мағынаны немесе бір ұғымды айтылуы басқа-басқа болып келетін бірнеше сөзбен беру мүмкіндігінің молдығымен ерекшеленеді. Мысалы: *Түпсіз, терең* ғылым; *есер, есірік, ынжықтық; оғаш, кек сақтағыш, кекекшіл; оғат, оқыра, сызаты* жоқ сияқты плеоназм негізінде құралған синонимдік қатарлары арқылы айтайын деген ойын біртіндеп жоғарылатып, түйдектетіп жеткізеді.

Шәкәрім көбінесе халық тіліндегі фразеологизмнің мағынасына жалғастыра өз ой түйдегін тұжырымдап тізіп, мақал мен мәтел тәріздес қанатты сөз тізбегін де жасайды. Мысалы: *сабырдың түбі - сары алтын; жылы-жылы сөз айтса, жылан ішінен шығады; қатты сөзбен бет қайтса, надан дінінен шығады; есті адам тілін тия алады, бірақ ешкім ойын тия алмайды; зор дұшпаннан қандай сақтансаң, ұсақ жаудан сондай сақтан; бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды; бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл; алла сүйсең, адамды сүй дегендей; жығылған жан күреске тоймас деген; өтіріктен тілін тия алмаған адам, арамдықтан ындынын тия алмас; сақтықта қорлық жүрмес деген бар ғой, сақтанбасаң артқыға сөз боларсың,* –деген қолданыстар ақынның айтпақ идеясын дәл, әрі әсерлі етіп беру үдесінен шыққан.

Авторда затты немесе құбылысты, оқиғаны әсірелей суреттейтін қос тағанды фразеологизмдер де көптеп кездеседі. Мысалы: қасықтай қар, тобықтай тоң, сүйер кісім, сүйенер жақыным, ар кетіріп, ант ішіп, сансыз бақыт, алтын тақыт, көз тойып, көңіл толмақ, ойдан орып, қырдан қырды, есің барда елін тап, сырты мұз, іші жалын, бір ұрты май, бір ұрты қан, мінсіз бақ, сансыз дәулет.

Көркем тіл кестесіндегі ерекшеліктің бірі – авторлық перифраздарды қолдануы. Мысалы «саналылық» ұғымын Абай «жүректің көзі» десе, Шәкәрім «көңілдің көзі» деп астарлап айтады. Сол сияқты балалық, тазалықты – жүректің ақ нұры сөну, ақылды – өлшеусіз жарық нұр, өкінішті – жүрегін өрт шалу, қуанышты – көңіліне гүлдің нұры орнау, ойқұмарлықты – ақылдың шолғыншысы, туу, өлуді – тағдырдың шын қазасы деп суреттеуін біз қазақ көркем тіліндегі перфраздардың классикалық үлгісі дейміз.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының ұлттық поэзия тарихындағы алатын орны ерекше. Оны ақынның сөз қолданудағы көркемдік шеберлігіне қарап байқауға болады. Ақын поэтикалық образ жасауда тілдік құралдарды көркемдік стильдік мақсатқа сай жұмылдырып, эстетикалық бүтінге айналдыра білген.

**Әдебиеттер**

1. Фельдман Н. И. Окказиональные слова и лексикография // Вопросы языкознания. № 4, 1957. – С. 64-73.
2. Мұратова Г. Қазақ көркем әдебиетіндегі окказионал сөздер: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1991. – 145 б.
3. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары (өлендер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: Жазушы. – 1988, –509 б.
4. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1988. – 253 б.

ҒТАХР: 16.21.49

## М. МАҒАУИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ КОМПАРАТИВТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Самекбаева Э.М.,** ф.ғ.к., доцент
**Қасымова А.А.,** PhD докторы
**Мұқанова Қ.Қ.,** п.ғ.к., доцент м.а.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі тіл білімінде фразеологиялық материалды олардың өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аудара отырып сипаттау ерекше қызығушылық тудырады, өйткені олар фразеологиялық бірліктерде әр халықтың тілі, тұрмысы, мәдениеті мен тарихының өзіндік ерекшелігі айқын көрініс табады және тілдің фразеологиялық құрамын білу ұлт психологиясы мен менталитетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Заманауи зерттеулерде бейнелеу құралдарының ұлттық-мәдени ерекшеліктері мәселесі әмбебап және бірегейлікті (идиоэтникалық) таныту құралы болып табылады. Шынында да, адам санасының барлық танымдық әрекеті ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тануға әкеледі. Шындығында, халықтың белгілі бір ұлттық қауымдастығының қайталанбас әлеуметтік-тарихи тәжірибесі жазылған ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері осы тілде сөйлеушілер үшін қандай да бір қайталанбас әлемнің ерекше бейнесін ғана жасамайды, белгілі бір халықтың іс-әрекетінің, тұрмыс-тіршілігінің және ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерінен туындайтын заттардың, құбылыстардың ұлттық маңыздылығына байланысты белгілі бір халықтың өмір салтының және ұлттық мәдениетінің ерекшелігінен туындайтын әлемнің тілдік бейнесін жасайды.

Бүгінгі таңда тілдегі фразеологиялық құбылыстарға көптеген зерттеу жұмыстары арналды. Десек те, бұл саланың жалпы теориялық мәселелері әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Фразеологизм саласының теориялық аспектілерін шешу барысында әлі де біршама қиындықтарға тап боламыз. Себебі, аталмыш саланың құрылымдық жақтары толық зерттелінбей келеді. Фразеологизмнің осындай құрылымдық қатарына фразеологиялық компаративтерді жатқызуға болады. Бұл саланы фразеологиялық бірліктердің өзіне тән құрылымдық ерекшеліктері бар аса маңызды тобы ретінде білеміз.

Көптеген ғалымдар тілдің бейнелілік қасиетін арттыратын көркемдік және тілдік құралдармен қоса, фразеологиялық компаративтерге де аса назар аударуда.

«Салыстыру – сыртқы әлем мен рухани құндылықтарды танудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Таным-бұл айырмашылық пен ұқсастық ажырамас бірлікте болатын процесс» [1].

Компаратив ұғымына нақтырақ тоқталсақ, салыстыру (латынша – comparatio) деген ұғымды білдіреді. Яғни, компаратив дегеніміз – кез келген зат пен құбылысты басқа затпен немесе құбылыспен салыстырып, аз-көп дәрежедегі сапаны айқындай келе, тілдің ұлтқа тән ерекшеліктерін грамматикалық категориялар арқылы асыратын төрт мүшелі құрылымдар.

Адамның танымдық іс-әрекетінде салыстырмалы қызмет ерекше рөл атқарады, оның барысында сөйлеуші жақын және алыс құбылыстар арасында байланыс орнатады. Салыстыру процесі белгілі бір логикалық операция ретінде жүзеге асырылады, оның нәтижелері әртүрлі синтаксистік конструкцияларда көрінеді.

Компаративті құрылым – ақиқат шындықты танып-білудің басты құралы. Бізді қоршаған ортадағы кез келген зат пен құбылыс басқа зат пен құбылыстан ерекшеленеді немесе олармен ұқсастық табады. Салыстыруларсыз ең қарапайым затты да, ең күрделі табиғатты да, қоғамдық құбылыстарды да тануға болмайды. Зат пен құбылыстардың сапасын өзі сияқты басқа зат пен құбылыстармен немесе оларды өзді-өзімен салыстыру арқылы сипаттағанда ғана тани аламыз.

Нақтырақ айтар болсақ, компаратив (салыстыру) – төрт элементтен тұратын құрылым. Ол элементтерге төмендегілерді жатқызамыз:

1. Салыстыратын зат, яғни негізгі нысан (А);
2. Салыстырылатын зат немесе салыстырылатын бейне (В);
3. Салыстыруға негіз болған белгі немесе салыстырудың нәтижесі (С);
4. Салыстырудың көрсеткіші, яғни, салыстырудың формалық жағы (М).

Түсінікті ету мақсатында, біз жоғарыдағы элементтерді бұған дейінгі зерттеушілердің ізімен мынадай шартты таңбалармен белгіледік: А – салыстыратын зат,

В – салыстырылатын бейне, С – салыстырудың нәтижесі, М – салыстырудың көрсеткіші.

Көркем әдебиеттен бірер мысалдар арқылы ойымызды дәлелдейік: *Арбасының шарбақ-шарбақ қайың доңғалағы мен берік қиюластырып жасалған арыс ағаштары жосаға жаңа ғана боялғандай қып-қызыл* (Аласап.,78); *Онсыз да дегбірі түгесіліп келе жатқан Томаға-Көз адырнадан атылған оқтай ытқып, қас қаққанша арқан бойы кетіп қалды (Аласап. 237).*

Келтірілген мысалдардағы А элементі – *доңғалақ, ағаш,* Томаға-Көздегендер болса, В элементі – *бояу, оқ* деген сөздер. С элементіне *қып-қызыл,ытқу* деген сөздер жатады. М элементі – -<u>дай</u> *жұрнағы*. Нақтылай түссек, салыстырып тұрған зат – *доңғалақ, ағаш,* Томаға-Көз *деген* сөздер де, ал салыстырылып тұрған бейне – *бояу, оқ* сөздері. Салыстыруға негіз болып тұрған белгі – алғашқы мысалда сол заттардың сыртқы көрінісі, екінші мысалда іс-әрекеттің тәсілін**,** яғни, біріншіде – *қып-қызыл* деген, екіншіде – *ытқу* сөздері беріп тұр. Ал салыстырудың көрсеткішіне келсек, ол – бірінші және екінші мысалдарда – <u>дай</u> қосымшасы.

Фразеологиялық компаративтердің осы уақытқа дейін шешімін таппаған мәселелерін қарастыру тіл білімінің ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Олай болса, болашақта зерттеушілер бұл бағыттағы көптеген мәселелерді шешері сөзсіз.

Экспрессивтіліктің мазмұны туралы ең жалпы түсініктер философиялық және лингвистикалық сөздіктер мен энциклопедиялар, психология бойынша дереккөздерге сілтеме жасау барысында қалыптасады:

– эстетикада бұл ұғым өнердегі жоғары мәнерлілікке жету үшін, көркемдік құралдарды қолданылу дегенді білдіреді [2];

– психологияда «эмоциялардың сыртқы көрінісі» [3];

«сөйлеушінің сөйлеу мазмұнына немесе адресатқа қатынасын субъективті құралдар арқылы коммуникативті әрекет ету қабілетін қамтамасыз ететін тілдік бірліктің мағыналық және стильдік белгілерінің жиынтығы [4].

Бүгінгі таңда зерттеушілерді толғандыратын негізгі мәселелердің бірі − бағалауыштық, экспрессивтік және эмоционалдылық микрокомпоненттерінің денотация және коннотацияаспектілерінде орын алуы. Мысалы орыс тіл білімінде В.И. Говердовский, К.А. Долинин сынды ғалымдар өз еңбектерінде аталмыш мағына бөлшектерін толықтай коннотацияның микрокомпоненттері ретінде таныса [5; 6], профессор М. Оразов көрсеткендей, Э. Азнаурова, В. Звегинцев, И. Арнольд сияқты ғалымдар «сөздің эмоционалдық, экспрессивтік қызметін стилистикалық мағына құрамында қарап, оны коннотаттық (негізгі мағынаға қосымша) мағынаның қатарына жатқызады» [7]. Ал ғалым А.В. Филипповконнотация ұғымына тек эмоционалдық және стилистикалық мазмұндағы семантикалық мағына жатады деп тұжырымдайды да, бағалауыштың экспрессивтік, эмоционалдық семаларын да ол денотацияның белгілі бір бөлшегі ретінде қарастырады [8].

Қазіргі қазақ тілінің авторлары: «Қазіргі қазақ тілінде, басқа тілдегі сияқты, сөйлеушінің бір затқа не құбылысқа эмоционалдық көзқарасын білдіретін бір топ сөздер бар. Бұл категориядағы сөздерді тіл ғылымында эмоционалдық лексика немесе эмоционалдық мәні бар сөздер дейді», – деп атап көрсетеді [9].

Эмоционалдық сөздер мен экспрессивтік сөздердің арасына тепе-теңдік белгісін қоюға болмайды. Тілдегі эмоционалдық қызметтер адам сезімін білдірсе, экспрессивтік амалдар эмоцияны, ерікті ойды білдіруде де мәнерлілікті, бейнелілікті күшейту үшін де қызмет етеді», – дейді зерттеуші Ф. Мұсабекова [10].

Фразеологиялық компаративтердің эмоциональды-экспрессивтік қасиеті жеке сөздерден басқаша болып келеді. Бір сөзбен айтқанда, жеке сөзде эмоциональды-экспрессивтік бояу сол сөздің лексикалық мағынасына үстелетін болса, Фразеологиялық компаративтердегіэмоциональды-экспрессивті бояу компаративтердегі төрт мүшенің біреуіне тәуелді болады. Мыс: Аңшы ышқына ыржиып, итше ырылдап еді (Шақан., 48).

Бұл мысалдағы салыстыратын зат ретінде алынған «аңшы» сөзі бейне болып жұмсалған «ит» сөзімен салыстырылып, ит бейнесіне ұқсап, аталған үй жануарының кейпіне енеді. Осыдан келіп салыстыратын зат – салыстырылатын бейне – итке ортақ белгі (қасиет) пайда болады. Басқаша айтқанда, салыстыратын зат эмоциялы-экспресиивті әсердің көмегімен өзінің функциялық қызметін өзгертеді.

Эмоционалдық лексика бағалауыштық лексикамен тығыз байланысты. Эмоционалдық сөздердің мағыналары көбіне бағалауыштық мән мен қабаттаса жүреді. Сөз мағынасының аспектісіндегі бағалау экспрессивтілік пен эмоционалдылық категорияларының тығыз байланыста болуы жиі кездесетіні рас. Экспрессивтіліктің негізі бейнелеу сияқты, сөйлеушінің, біздің жағдайда, жазушының айтылған ойға қатынасы болып табылады. Осы себепті экспрессивтілік объектілер мен құбылыстарды, соның ішінде бейнені бағалауды қамтиды, өйткені ол форманың маңызды элементі болып табылады және оймен тығыз байланысты. Пішін өзгерген кезде немесе оның кем дегенде жеке компоненттері өзгерген кезде, мазмұн өзгеріссіз қала алмайды [11].

Бағалау-тілдік қарым-қатынаста өмір сүретін, қолдану аясы кең ерекше лингвистикалық категория. Фразеологизмдерге қатысты баға, бағалауыштық сипат ғасырлар бойы қалыптасқан төл, табиғи ұғымдармен байланысты. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стилі жағынан да өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Фразеологиялық тұлғалардың эмоционалдылығы дегеніміз – бұл олардың түрлі сезімдерді, эмоцияларды білдіру мүмкіндігі. Прагматикалық функцияларды білдіретін тілдік амалдарға экспрессивтілік пен бағалауыштықпен сипатталатын фразеологиялық тұлғаларды, фразеологиялық компаративтерді жатқызуға болады.

Т. Қоңыров функциональдық эмоцияны мағынасы жағынан жағымсыз мәнді, жағымды мәнді және бейтарап мәнді эмоция деп үшке жіктейді [12].

Адамдар дүниедегі зат-құбылысқа баға бергенде, өзінің өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенеді, соны арқау етеді, ол бағалау қызметінің қоғамдық сипатқа ие екенін көрсетеді. Сөздің эмоционалды-экспрессивті мағынасы, М. Оразовтың тұжырымдамасы бойынша, белгілі кезеңде қалыптасқан, тұрақталған, сондықтан сөздің лексикалық мағынасымен жарыса жүреді деп түсінуге болады [7].

Көркем әдебиеттегі фразеологиялық компаративтер – көркем бейне жасайтын бейнелеу құралдарының бірі болып табылады. Тілдегі фразеологиялық компаративтер – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстарды салыстыру арқылы кез келген қимылдың, белгінің сапалық мағынасын беретін тілдік құрылым.

Осы тұрғыдан жазушы шығармаларындағы фразеологиялық компаративтердің қолдану амалы мен тәсілін қарастырғанымызда, оның жалпыхалықтық тілдің фразеологиясын өз қалпында қолданғандығы және оны жаңғыртып қолданғандығы байқалады.

Алдымен жазушының фразеологиялық компаративтерді өз қалпында қолданғандығын әңгімелейік. М.Мағауин өз шығармаларында фразеологиялық компаративтерді өз қалпында, яғни олар халық тілінде қалай қолданылса, солай қолданады. Мыс.: «Ұлдың туысы артық, қыздың ырысы артық», – деседі (Аласап.,561). «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген мақал бар көшпенділер арасында (Аласап., 78). «Иті қандай болса, иесі сондай», – деді (Шақан.,133).

Бұл тәсіл жазушы тіліне мәнерлілік, көркемдік сипат үстейді. Енді жазушының фразеологиялық компаративтерді жаңғыртып қолданғанына келелік. Мағауин шығармаларында мақал, мәтелдер көп кездеседі. Олардың жазушының пайдалануы екі түрлі: Біріншісінде – халықта қалай айтылса, сол қалпында өзгертпей қолданады да, екіншісінде – ел аузындағы түрінен өзгертіп, сөз, сөйлемдерін, өзінше құрып, кейде жаңаша мазмұн береді. Кейде сол мазмұнның өзін қалдырып, сөз, сөйлемдерін басқаша етіп құрады. Мәселен, жазушының «Арыстан туса да, айға шаппай мертігіпті» тәрізді

мақалы «арыстан асқынса айға шабар, ақымақ асқынса, анасын сабар», «арыстан айға шауып мерт болыпты» деген халық мақалының үлгісінен алынғаны сөзсіз.

М. Мағауин шығармаларында жұмбаққа негізделген фразеологиялық компаративтер де ұшырасады. Мысалы, Кішкентай ғана бойы бар, қабат – қабат тоны бар» (пияз) деген жұмбақ негізінде ол: «Өзі тапал, өзі жуантық бояр жаңа жұлынған пияз сияқты болады да қалды (Аласап.,277), – деген компаратив жасаған. Бұл жерде *бояр бейнесі жаңа жұлынған пиязбен* салыстырылып тұр.

Сондай-ақ, оның шығармаларында жанды нәрселерге тән белгілерді жансыз нәрселерге телу, кейіптеу арқылы жасалынған фразеологиялық компаративтер де кездеседі. Мыс.: Бір – біріне жалғастырыла тігілген *ақ орда.Он төртінен толған ай жарығында мүлгіп, ұйықтап тұрғандай* (Көк.,176). Мінгесе біткен *екі жұлдыз. Екеуі де жымың – жымың етіп, қол бұлғап шақырғандай* (Бір ата.,126).

Бұл мысалдардан салыстырылатын заттар ретінде алынған – *«ақ орда», «екі жұлдыз»* сөздері *«мүлгіп, ұйықтап тұру», «жымың – жымың етіп, қол бұлғап шақыру»* түрінде келген салыстырылатын бейнелермен кейіптеу тәсілімен суреттелгенін байқауға болады. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: М.Мағауин әртүрлі әдіс – тәсілдермен жаңа компаративтер жасау арқылы қазақ әдеби тілін байыту мәселесінде әжептәуір еңбек еткендігін көруге болады.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.*

**Әдебиеттер**

1. Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. – Москва: «Наука», 1975. – 720 с.
2. Эстетика: Словарь. Под общей редакцией А.А. Беляева и др. – Москва: Политиздат, 1989. – 447с.
3. Изард К. Психология эмоций. – Издательский дом «Питер», 19 июн. 2021 г. – 464 с.
4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966.
5. Говердовский В.И. О коннотативно образующих свойствах морфем // Филологические науки, 1985. – № 4.
6. Долинин К.А. Стилистика французского языка. – Москва, 1987.
7. Оразов М. Казақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991.
8. Филиппов А.В. К проблеме лексической коннотации // Вопросы языкознания. – М.: Наука, 1978. – № 1. – С. 57-63.
9. Кеңесбаев І., Мұсабаев Р. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: ОПБ, 1962.
10. Мұсабекова Ф. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1982.
11. Головин Б.Н. Проблема значенияязыкового знака / Ф.М. Березин, Б.Н. Головин // Общееязыкознание: Учебное пособие для вузов. – Москва: Высшая школа, 1979. – С. 122- 141.
12.Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978.

ҒТАХР: 16.21.07

## ИНТЕРТНЕТ ЛЕКСИКА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУЫ

**Қасымова А.А.,** PhD докторы
**Оспанова М.Б.,** 2 курс магистранты
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Интернеттің даму тарихы XX ғасырдың 50-жылдарынан бастау алады. Батыс елдерінің ғалымдары, атап айтқанда АҚШ, Франция және Ұлыбританияның ғылыми-зерттеу зертханалары интернет жайлы ғылыми негіздемелерді жариялаған алғашқы елдер болып табылады. Кеңес Одағы тұсында жасанды интеллект құру бойынша әзірлемелер жүргізіліп, бірақ зерттеулер жасалғанымен, барлық Кеңес Одағы құрамындағы елдерде интернет кейінірек пайда болды. Осы саладағы алғашқы қазақ тілді зерттеулердің бірі ретінде А.Серікбаеваның «Әлеуметтік желідегі ағылшын тілінен енген жаңа сөздер» мақаласын [1], Г.Сәрсекенің «Компьютерге негізделген коммуникацияның линвистикалық мінездемесі» [2] мақалаларын айтуымызға болады. Алайда, қазақ лингвистері

арасында интернет-лексиканы зерттеуге талпыныс жасалып жатқанына қарамастан, әлі де интернет-лексиканы қалыптастыру жөніндегі шешімін таппаған мәселелерді кеңінен сипаттауды қажет ететініне көзіміз жетуде. Сонымен қатар, қазіргі кездегі зерттеулер қазақ тілінің интернет-лексикасына сөздер мен сөз тіркестерінің ену жолдары туралы тиісті түсінік бермейді.

Интернет жайлы алғашқы түсінік 1969 жылы АҚШ-тағы американдық ғалым Джозеф Карл Робнетт Ликлайдер Солтүстік Американың DARPA әскери департаментінің тапсырысы бойынша ARPANET желісін (Advanced Research Projects Agency Network) ойлап тапқан кезде пайда болады. Осы жылдың соңында бұл желіге тек төрт компьютер қосылған еді. 1971 жылы ғалым Рэй Томлинсонның ойлап табуымен интернет арқылы электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу мүмкіндігі пайда болады. Аталған талпыныстардан кейін тек 1991 жылы ғана дүниежүзілік интернет желісі пайда болады. Дүниежүзілік интернет желісінің әзірлеуші Винтон Серф болып табылады. Осы жылдар аралығында интернет желісінің ауқымы кеңейіп, 1992 жылға қарай әлемнің көптеген елдері интернетке қосылады [3]. Бірте-бірте және қазіргі таңда интернет біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды.

1980 жылдарға дейін компьютерлік желілер Интернет желісінде жұмыс істеуге тікелей қатысы бар адамдарға ғана қол жетімді болса, XXI ғасырдың басында компьютер қарапайым азаматтардың өмірінде маңызды орынға ие болды. Қазіргі таңда интернетсіз өмірді елестету тіпті мүмкін емес. Әрине, бәрі де жаңашылдыққа бірден бейімделе алмады. Интернет желісін пайдалану алғашында аға буынға ауыр тиіді. Қазіргі уақытта бесіктегі баладан бастап, еңкейген кәріге дейін интернет желісін өз қажетіне пайдалану мүмкіндігіне ие.

Ал электрондық поштаның (e-mail) пайда болуымен адамдарда жылдам байланыс мүмкіндігі пайда болды. Бұл желідегі байланыстың бастауы болды. Әрине, сол кезде адамдар интернетсіз тыныш жүрді, бірақ содан кейін белгілі бір сөздер болды-қысқартулар және толық деп аталатын басқа «алмастырғыштар», ал e-mail енгізілуімен жеке және іскери хаттарды жазудың жаңа ережелері пайда болды. Бұл ауызша және жазбаша қарым-қатынас үшін «жаңа» ресми тілдің қалыптасуына негіз болды. Уақыт өте келе, әлеуметтік желілердің пайда болуымен ерекше лексиканы қолдану одан да айқын болды. Адамзат өміріне өзгеріс енгізген интернет қазақ тілінің лексикасы мен лексикологиясына, тіл ғылымына өзгерістер әкелді. Интернет лексикасын қолдану өзінше бір феноменге айналды. Сонымен, бұл лексика неге соншалықты тартымды?

Бүгінгі таңда Интернет-сленгтер қазақ тілінің кез келген саласында орын алады. Мәселен, маркетологтар жастарды тарту үшін арнайы интернет сөздерін қолданады, радио мен телеарналардың дикторлары интернет желісіндегі жаргонды қолданады, ал танымал тұлғаларымыз «атақты» цитаталарда желідегі танымал өрнектерді де қолданады. Мысалы, әртістер өздерінің Instagram-аккаунттарында, сондай-ақ басқа әлеуметтік желілерде әртүрлі интернет-тіркестерді қолданады. Ал жас ұрпақ естіген сөз тіркесін қолдана отырып, кейде оның мағынасын түсінбей, өз акаунттарына көшіреді.

Бұндай сөздер мен сөз тіркестерін бұрмалап қолдану жас ұрпақ өздерін тәуелсіз етеді деп санайды. Жастар жаргон әңгімені ең қысқа, сезімтал жанды етеді және оларға өз сезімдері мен эмоцияларын дәлірек және жай ғана білдіруге мүмкіндік береді деп санайды. Осылайша, қарым-қатынастың жаңа тәсілі пайда болады. Еркін жастық жаргон – үлкендердің, әкесінің анасымен, мұғалімдерінің көңілсіз қоғамынан аулақ болуға деген ұмтылыс, мұны олар «тақырыпта емес» деп түсіндіреді. Сөйлеуде жаргонның кез-келген түрін қолданбайтын заманауи оқушыны елестету мүмкін емес. Оның негізгі артықшылықтары – айқындық, сонымен қатар нақтылық [4, 2].

Алайда, тілшілер мен педагогтар, мәдениет өкілдері сленгтің айрықша белгілері жалпыға бірдей танылған стильдің тұрақсыздығы, ауызша және жалпы мәдениетті төмендетеді деп санайды. Сондықтан, көптеген адамдар жасөспірімдердің желілік қарым-қатынасына түзетулер енгізу керек деген пікірді ұстанады. Жас ұрпақты өз ойларын айтуға және өз идеяларын дұрыс құруға үйрету керек деп ойлайды. Сонымен, «тренд емес» деп айтатын аға буын не істеуі керек? Жастардың жаңа түсініксіз, тілін үйрену керек немесе жастарды түсінуге тырысуға бетбұрыс жасау ең қажет құралдардың бір деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша, интернет-сленгтарын қалыптастыруда «жалқаулық – алға жылжудың қозғалтқышы» деген тұжырым орынды болып келеді. Себебі адам қандай да бір оймен бөлісу үшін пернетақтада ұзақ сөздерді тергісі келмейді. Сондықтан, сөздің толық мағынасын беретін қысқартулар жасауға тырысады. Сөйлеуде Интернет жаргонын қолдануға қарсы және қарсы кейбір дәлелдер келтіретін болсақ:

Біріншіден, интернеттегі өзара әрекеттесу қазіргі баланың әңгімесіне теріс әсер етеді. Балалар жаргонға бейімделу, сонымен қатар оны әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас процесінде ғана емес,

жалпы сөйлеу кезінде де қолданады. Оқушыға құрдастарымен де, егде жастағы адамдармен де қарым-қатынаста шектеулер қою қиын. Әдеттегідей және жағдайға қарамастан, олар өз сөздерінде жаргон сөздерді қолданады.

Екіншіден, жас ұрпақтың сөйлеген сөздерінде түсініксіз шетелдік сөздерді, сөз тіркестерін, мәтіндерді, сонымен қатар орыс тіліне аудармасыз қолданылатындардың едәуір санының қолданылуына байланысты сөйлеу бітеліп қалады. Сондай-ақ, мектеп оқушылары өз сезімдерін, эмоцияларын, мысалы, эмодзилерді, өз күйлерін дәлірек білдіру үшін әңгімеде белгілі бір тұжырымдарды қолдана отырып, жеке басын анықтауға тырысады.

Әлбетте, мектеп оқушылары интернеттегі жаргонды жаңашыл, заман талабына сай стильдік реңі жоғары болғандықтан қолданатынын түсінеміз. Бірақ кез-келген қоғамда әдептілік нормалары бар екенін есте ұстаған жөн. Сондай-ақ, желіде интернет желісінің жаңадан бастаушыларына да, «ескі» пайдаланушыларына да ыңғайлы болу үшін өзін-өзі ұстау қажет. Жасыратыны жоқ, адамның ақыл-ой қабілеттерін сөйлеу мәнерімен анықтауға болады. Адам неғұрлым сауатты болса, соғұрлым оның сөйлеуі күрделі, терең болады және ол өзінің сөйлеу тілін дұрыс құрып қана қоймай, сонымен бірге қоғамда қабылданған тілдік нормаларды бұзбай, тілдің өзіне жаңа нәрсе енгізе алады. Шынында да, интернет-сленгті қолданбай, сіз өз идеяларыңызды ақылға қонымды және түсінікті түрде айта аласыз. Сондықтан жастар арасында тіл мәдениетінің деңгейін арттыруға және олардың сөйлеу мәнерін қалыптастыруға көңіл бөлу қажет деп санаймыз. Егер біз әңгімелесушіге жақсы әсер қалдырғымыз келсе, онда біздің сөйлеуіміз өркениетті қоғамның барлық талаптарына жауап беруі керек. Бірақ, соған қарамастан, бұл мәселені біржақты қарастыруға болмайды.Жастар жаргонында тек жағымсыз құбылысты көруге болмайды, сөйлеу, керісінше, жарқын болған жағдайлар бар. Мысалы, студенттік жылдары жастарда ғылым саласында белгілі бір биіктерге жеткен оқытушылармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі туындайды және оларда өз тәлімгерлері сияқты болуға деген ұмтылыс пайда болады. Содан кейін, өз әңгімелерінде жастар «ескірген» деп санайтын дәстүрлі жалпы сөздерді қолдана отырып, олар өздері мәдени қоғамның бір бөлігіне айналады.

Интернет – бұл ақпараттық- коммуникативтік, ауызша және жазбаша сөйлеу тілі қатар жүретін, түрлі жанрды қамтитын лингвистикалық орта болып табылады. Бұл ортада тілдік қағиданың алуан түрлі тәсілі тіл қолданушыларының өз қалауы бойынша түрленіп отырады. Қазіргі уақытта интернет лингвистикасына негізделген зерттеулердің ерекше бағыты да қалыптаса бастады.

Әлеуметтік желі кеңістігіндегі қарым-қатынасқа арналған отандық және шетелдік лингвистердің зерттеулерінде бұл құбылысты қалай атауға болатындығы туралы бірізді пікір жоқ. Яғни қазіргі қазақ тілінің интернет-лексикасын зерттеуді виртуалды тұлғааралық қарым-қатынас мәртебесін анықтаудан бастау қажет деп есептейміз.

Қорытындылай келе, бұл жаргон туралы емес, бұл жастар кімге тең келеді, болашақта кім болғысы келеді деп айтқым келеді. Әрине, біз күнделікті жаргон сөздерді қолданатынымызды ұмытпауымыз керек, өйткені бір кездері «сәлем» сөзі жаргон болған. Енді біз мұндай сәлемдесуді ренжітетін немесе мәдениетсіз деп санамаймыз.

Жоғарыда келтірілген мәліметке сүйене отырып, бір жағдайда адам идеалдарға, ал екіншісінде – қарым-қатынастың қарапайымдылығына ұмтылады деген қорытынды жасауға болады. Біз олардың ерекше болуға деген ұмтылысын айыптауға құқығымыз жоқ. Әрине, егер балалар жаман мысалды ұстанатын болса, оны «құлақтың жанынан» өткізіп жіберу керек деп айтпаймыз. Сонымен, адамзат дамып келеді, жаңа сөздер пайда болады, соның ішінде әлеуметтік желілердегі адамдардың қарым-қатынас процесінде және оны тоқтату мүмкін емес. Аға қоғам болу сол арқылы жастардың үлкен массасы ұмтылатын идеал болып қала береді.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын AP19680032 «Әлеуметтік желідегі лексиканың құрылымдық-семантикалық және лингвомәдени аспектілері» ғылыми жоба негізінде әзірленді.*

**Әдебиеттер**

1. Серікбаева А. Әлеуметтік желідегі ағылшын тілінен енген жаңа сөздер / Қазақстан ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. Филология сериясы. – № 4(81) 2019. – 293-296 бб.
2. Сәрсеке Г.Ә. «Компьютерге негізделген коммуникацияның линвистикалық мінездемесі». www.ulagat.com
3. Голованова, Д.С. Влияние интернет-сленга на речевую культуру современной молодежи / Д.С. Голованова, И.Н. Якименкова. — Текст: непосредственный // Юный ученый. – 2019. – № 3 (23). – С. 1-3. URL: https://moluch.ru/young/archive/23/1409/ (дата обращения: 30.03.2023).
4. Гуринова Д. Почему лень-двигатель прогресса? [электронный текст] URL: https: //folkmap.ru/articles/chto-dvigatel-progressavyrazhenie.html (дата обращения 30.03.2023)

ҒТАХР: 16.21.07.21

# АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСЫРУ

**Курмашова А.А.,** ағылшын тілі пәні мұғалімі
«Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Мектепте ағылшын тілі пәнін оқытудың басты мақсаты міндеті-тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру. Ағылшын тілі пәні мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетелдіруге қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Ең басты шарттары: ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сағат саны жатады. Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын-оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

Ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, басқа да қосымша материалдарды газет, журналдардан, тіпті интернет көзінен де қолдануы тиіс. Оқушылар материалды толық және тез меңгеру үшін, мұғалім көп көрнекі құралдарды пайдаланып, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі керек.

Оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығын ояту үшін, мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн, бірақ бұл әдіс-тәсілдер төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

1. Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет.
2. Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктеріменбайланысты болуы керек.
3. Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.
4. Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек;
5. Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек;
6. Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет.

Оқытушының сабақ барысында қай әдісті таңдауы салыстырмалы сипаттауда аса маңызды. Себебі әдістердің түрлері сан алуан және де бұл әдістердің өзгешеліктерін білмей отырып оны таңдау мен қолдану қиынға соғады

**«Total-physical respone»** (физикалық сезіну әдісі) деп аталады. Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі. Оқушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді. Оқушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады. Мәселен «отыр» деген сөзді түсініп олар отырады.

Ағылшын тілінен оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамытуда **«Коммуникативтік әдістің»** басты мақсаты – әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс түрі ағылшын тілін үйретуде ең жеңіл және қолайлы әдістің түрі болып табылады. Себебі коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданылады. Осы әдіс ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

**«Audio-Lingual method»** (аудиолингвистикалық әдіс) әдісі.

Аудиолингвистикалық әдісте оқушы АТҚ немесе оқытушының айтқан сөздерін тыңдап, кейін бірнеше рет қайталайды. Оқушы осы іс-әрекетте сөздердің, сөйлемдердің немесе тіркестің дұрыс айтылу жолдарымен және оны аз уақыт көлемінде жаттап алу, оны қарым-қатынас әдісінде қолдану шарттары бейімделе бастайды.

Ағылшын тілін меңгеруде сөздік қордың бай болуы да аса маңызды болып келеді. Ағылшын тілі сабағында сөздік қорды дамыту жолдары мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады. Олар: сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, аударма, түсінік, кітап-мәтінімен жұмыс әдіс-тәсілдері. Оқушылардың сөздік қоры баю үшін оқытушы сабақ барысында кестелер, видеокассеталар, түрлі суреттер, көрнекі

құралдарды қолдануы керек. Енді ағылшын тілін сөздік қорын дамытатын әдіс-тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық.

**Көрнекілік әдісі** – ағылшын тілін үйретуде ең жиі және ең нәтижелі әдіс-тәсілі болып саналады. Себебі бұл әдіс барлық сабақ түрінде қолданылады. Көрнекілік әдісте әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл оқушылардың сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы болып табылады.

**Түсіндіру әдісі** – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

**Сұрақ – жауап әдісі** – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірілеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады.

**Практикалық әдіс** – оқушылар сабақ үйрену барысында түрлі ойын элементтері бойынша тіл үйрену іс–әрекеті болып табылады. Оқушының сөздік қорын молайтуда ойындардың ролі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

**Интерактивтік әдіс** – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүдделерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр оқушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте оқушы сабақ барысында оқушыларға кеңесші, серіктес рөлін атқарады.

**Әдебиеттер**

1. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н Материалы Интернета на уроке английского языка // Иностранные языки в школе. – 2001. – № 1. – стр. 96.
2. Алхазишвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. Аудиовизуальные материалы по иностранным языкам – важное средство интеллектуального развития учащихся // Методика преподавания иностранных языков в вузе. – 1993.
3. Бегалиев Т. Педагогика. – Тараз: ТарМУ. – 1999
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003.
5.Полат, Е.С. «Ағылшын тілін оқытудағы жаңаша әдістер», 2001.
6. Howatt A.P.R. Programmed learnin

ҒТАХР: 16.21.25

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Көпжасарова Ә.Е., Кусайнова А.Б.,** ағылшын тілі пәні мұғалімдері
«Б. Момышұлы атындағы № 36 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Ағылшын тілі сабағын оқушының ойын осы сабаққа аударатындай тиімді әдісті қолдана отырып бастау керек. Ол әдістің бірі – диалог. Бұл әдіс бір жағынан оқушының тілін шетел тілінде сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесу болып табылады. Диалог арқылы әр сабақта оқушымен сөйлескенде сұрақтар қоя отырып, бүкіл сыныпты жұмылдырып алып, балалардың зейінін өзіне аудару арқылы түрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады.

Күнделікті сабақ барысында тіл дамыту үшін төмендегідей тәсілдерді пайдалануға болады:
– сөздік арқылы тіл дамыту;
– мәтінге байланысты тіл дамыту;
– көрнекі- құралдар арқылы тіл дамыту;
– үйірмеге және басқа жұмыстарға қатысу арқылы тіл дамыту.

Ағылшын тілінің негізгі мақсаты оқушыларға тіл үйрету болғандықтан, негізгі жұмыс сөз үйрету болып табылады. Ағылшын тілі сабағының негізгі арқауы – тіл дамыту жұмыстары болуы тиіс. Оқушылардың фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдар туралы мағлұматтар мен

анықтамаларды, түсініктемелерді ағылшын тілінде дұрыс пайдалануды игеруі, өз ойын нақты, жүйелі түрде еркін жеткізе білу қабілеті тіл дамыту жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылып, талапқа сай жүргізілуіне байланысты.

Тілдік дағыдыны дамыту жұмыстарының тәсілдері төмендегідей:

1. Грамматикалық тапсырмаларды түрлендіріп беру;
2. Мазмұнды суреттермен жұмыс ұйымдастыру;
3. Оқушыларды топқа бөліп, өзара сөйлестіру;
4. Белгілі бір тақырыпта берілген әңгімені жалғастыру;
5. Шағын көріністер даярлату;
6. Мәтінмен жұмыс жүргізу.

Осының ішінен ең басты орын алатыны – мәтінмен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында қойылатын басты талаптардың бірі – берілген материалды түсініп оқу. Себебі оқушы оқып тұрған әрбір сөздің, әрбір сөз тіркесінің беретін мағынасын, грамматикалық тұлғасын түсінбейінше сөйлемдегі айтылар ойды қабылдай алмайды. Сондықтан алғашқы сабақтардан бастап ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза отырып, әрбір оқылған сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді, мәтінді түсініп оқуға баулу қажет. Егер мұғалім мәтін бойынша тек: оқу, аудару, сұраққа жауап беру, мазмұнын әңгімелету сияқты түрлерін пайдаланса, бұл бір сарынды болып келіп, оқушыларды жалықтырады және пәнге деген қызығуын төмендетеді.

Ал шығармашылықпен жұмысты мынадай тәсілдерді пайдалана отырып өткізуге болады:

– Мәтінді өзгертіп баяндату. Мысалы: «Менің ойымша», «Мен өз тәжірбиеме сүйеніп айтып отырмын», сияқты сөз тіркестерін қолдану.

– Мәтіннен іріктеліп алынған сөздерге морфологиялық талдаулар жасата отырып, түбірлес сөздерді анықтату. Бұл жұмыс түрлері өтілген грамматикалық ережелерді есте сақтау, іс жүзінде пайдалана білуге жаттықтырады.

– Тілді жақсы білетін оқушылар үшін белгілі бір сөйлемнің құрамындағы сөздерді синонимдермен алмастыруды тапсыруға болады.

– Мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің ретін алмастыра отырып, ауыстырылған сөйлемдерді орын, орнына қою арқылы әңгіме құрастыру. Берілген сөйлемдерді оқиға желісіне сүйене отырып, әңгіме құрастыру. Жұмыстың бұл түрі мәтін құрамындағы әрбір сөздің мән – мағынасын нақты түсінуге, яғни сөздікпен жұмыс істеуге ықпал етеді.

– Берілген мәтінге сүйене отырып диалог құрастыру.

Мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстың басқа түрлері де өте көп.

1. Оқылған әңгіменің мазмұнын қысқаша, тұжырымды түрде әңгімелету.
2. Мәтін ішінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табу.
3. Белгілі бір жоспар бойынша мазмұнын айту.
4. Мәтін бойынша сурет салғызу.

Мысалы: 8-сыныпта «Great Britain» тақырыбын өткенде оқушылар мәтінді төмендегі сатылай кешенді талдау арқылы әңгімелей алады.

Great Britain

1. Country Great Britain
2. Population 57 million
3. Capital. London
4. The area of UK 244.100 square kilometres
5. Parts England. Scotland. Wales. Northern. Ireland.
6. Islands 5500 islands
7. Climate Mild climate
8. Rivers the Thames/the Seven
9. Weather often rains in England

Pupil1: What do you like to read?
Pupils 2: I like to read the detective stories.
Pupil 1: What is your favorite author?
Pupil 2: My favorite author is Agatha Christie. But what about you?
Pupil 1: …

a) Listen the stories and find the difference.
b) Listen the text and remember for life how to be the safe in the road.
c) Read and compare these school uniforms with your school uniform.
a) Complete the text.

b) Interview your classmate about his/her hobby (favourite subjects).

c) Write a plan of a holiday. Advertise the programme. Whose programme and advertisement are the best?

Ex. Make up exclamatory sentences according to the model.

Model: competent advice – What competent advice! good question – What a good question!

1.original advice great idea

2.beautiful nature difficult character

3.fashionable furniture big refrigerator

4.modern equipment ancient fortress

5.unexpected money great fortune

6.wonderful music sentimental tune

Бұл әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, Мерсердің зерттеуіне сәйкес диалогтік оқытудың зерттеушілік әңгіме түрінің оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда өте тиімді тәсіл екендігіне көз жеткізуге болады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрін сипаттаған болатын. Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлері:

→әңгіме-дебат,

→кумулятивті әңгіме,

→зерттеушілік әңгіме.

Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсінумен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдыққа ие болады.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;

2)әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;

3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;

4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгіме де дәлелдеме «көрінеді»;

5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу)

**Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. – № 1.

2. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына Елбасының жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – 2007. – 28 – ақпан

3. Үш тілдегі дидактикалық ойындар жинағы. Әдістемелік құрал. – Астана. – 2013. – 3-5 б.

4. Кадыргалиева С.И. Есбергенова Г. Мектепке дейінгі балаларды ағылшын тіліне оқыту. Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. – 2011. – 10-14 б.

ҒТАХР: 16.21.29

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Утенова С.Е.,** ағылшын тілі пәні мұғалімі
«Семеновка орта мектебі»
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық. Қазіргі таңда мектептерде жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі 1-ші сыныптарда оқытылуда. Негізінен ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазір ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Шет тілін оқытуда мотивацияның басты рөлін түсіну үшін, білім беру мекемелерінде мұғалімдерге оның негізгі әдіс-тәсілдерін, құрылымын жақсы білуі қажет. Мотивация мәселелерін қарастыруда және қалыптастыру жолын іздестіруде оны түсінуге мүмкіндік бола бермейді, себебі, мотивацияның қалыптасуы бұл мұғалімнен оқушыға берілмейтіндігі әр сабақтың үрдісінде көрінеді. Уәждердің қалыптасуы – бұл, біріншіден, сабаққа деген ішкі ынта сезімінің көрінуі және барлығын түсіне отырып, мотивациялық құндылықтар ортасын өз бетінше әрі қарай дамытуы.

Шет тілін оқытудың тиімділігін тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Осы стратегиялардың үйлесімімен ең жоғарғы тиімділікке қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты фактор мыналар: мұғалімнің білім алушыға немесе оқушыға деген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әлеуметтік-психологиялық бірлестік жағдайындағы қарым-қатынасы. Тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отыруы тиіс және жазудан гөрі оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Қойылған мақсаттарға жету үшін оқушыларының сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын – көңіл-күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Әр кез ойын шешім қабылдауды ұсынады, себебі, жеңіске жету мақсаты болады. Осы сұрақтарды шешуде ойлау шығармашылықтары қалыптасады. Пән бойынша алған білімі емес, тіл бойынша дайындығы төмен оқушылар ойында алдыңғы, бірінші болуы мүмкін, себебі, олардың тапқырлығы, жинақтығы ойын барысында көрінеді.

«Жаз және көрсет» – деген тәсіл оқушылардың шет тіліндегі сөздің қорларын қарым-қатынас жасау үрдісінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл де – әмбебап тәсіл болып табылады, мұны лексика мен грамматиканы бекітуге қолданылады. [1] Қарым-қатынаста қабілеттерін дамыту үшін өлеңдер қолданылады. Әндердің оқушылар үшін қызықтылығы мынада: олардың не жайында айтылатында, қандай әуен түрінде орындалатындығы. Әндер оқушыларға бірдеңе жайлы хабар береді, қызықтырады, яғни қарым-қатынаста бірінші орынды алуға итермелейді. Бұл жағдайды оқушылар шығармашылық жұмыс арқылы, яғни отбасы мүшелері суретін салып және жазып, басында түсіндірілген құрлымды қолданып айтып шығады. Бұл жерден оқушылардың толық жұмысқа қамтылуы байқалады. Осыдан келе сурет салу барысында ән қосымша орындалса, оұушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабаққа деген ынталары, қызығушылықтары молайады. Осы оқулықтан көретініміз, әр тақырыпқа ән бірге берілген және сол әннің бейне баянығда бірге берілген.

Оқушылар әндерді үйрену барысында, жаңа ақпараттар алады, шығармашылық қызығушылықтарын қалыптасуына септігін тигізеді. Мысалы, оқушылар, өлеңді үйрену барысында, дене мүшелері мен сезім мүшелерінің, ағылшын тіліндегі атауымен танысады. Эстетикалық мотивация жайлы айтпай кетуге болмайды. Әсіресе, эстетикалық мотивация-ойлауды дамытады, көңіл-күй,ойлау, жағымды сезімдерді қалыптастырады. Бұлардың барлығы оқушылар шет тіліндегі өлеңді сүйіп қызығушылықпен орындаған жағдайда ғана жүзеге асады. Тілді үйрету үрдісінде әндер-дәстүрден тыс мерекелік элемент ретінде білім алушылардың эмоционалды ортасына (кеңістігіне) өз әсерін тигізеді. Өзге оқыту барысында тіл шығармашылығын әуен түрінде қолданғанда, материал тез жатталып, шаршағандарын басады.

Оқу материалдарының мазмұнын іріктеу барысында тез жатталатын, эмоционалды, бояуы қанық материалдарды алғаны дұрыс. Сабақ материалдарына нақты кейіпкерлерді енгізген жөн. Жұмыс барысында оқушылармен, оқулықтағы мәтіндерді ғана қолданбай, мұғалім бейнесабақтарды қолдануға мүмкіндігі бар. [2] Өзге тілдегі қарым-қатынасқа байланысты коммуникативтік тапсырмалар білім алушыларда үлкен қызығушылық тудырады. Егерде сөйлеу барысында сөздерді көп қолдансаң, балалар жақсы жаттайды.

Ағылшын тілі сабағындағы диалогтар жаңа сөздерді игеруге көмегін тигізуде, нәтиже көрсеткеніндей коммуникативтік әдістер – оқушылардың сабақ барысындағы сүйікті ең көп қолданылатын әдістерінің бірі.

Оқушылар сабақта ұжымдық тақылауға кейбір себептерге байланысты қатыспайды. Оқушылар шет тілінде байланыс жасау ұзақтығына шыдай алмайды, әсіресе, үлгерімі төмен оқушыларға қатысты. Осыған орай балалардың физикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, көп күш түсірмейтін тапсырмалар беруі қажет. Бастауышта ағылшын тілі оқыту кезеңінде әр сабаққа билер және әр түрлі қозғалыс түрлері қолданылады (сергіту сәттері). Бұларды қолдану барысында әрбір оқушыға тілдік материалды сақтау мақсаты қойылады. Өлеңдердің шумақтарын, тармақтарын қолдану күнделікті тәжірибеде негізгі грамматикалық үлгілерін сақтауға септігін

тигізеді. Сонымен бірге оқыту үрдісінде пәнге деген қызығушылығын арттырып, тартымды ойындарға ұласады [3].

Таңдамалы сабақ (дәстүрлі емес сабақ) әр түрлі болады, яғни, оқытудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері қолданылады және мұнда балалардың оқыту деңгейін ғана көтеріп қоймайды, сонымен бірге басқа да қабілеттерін ашуға септігін тигізеді. Атап айтсақ, өлеңдерді декларациялау қабілеті, сөйлеу дағдыларын дамыту, жағдайды көрсету, шет тілінде өлең айту, сөйлеу барысында өзіндік көзқарасын беру, болып жатқан жағдайлар туралы ақпарат беру, сөйлеу мәдениетін сақтау,ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен жан-жақты танысады. Тек оқушылардың сабақ шығармашылығындағы, яғни, сабақ барысында, негізгі түрлері – шет тілінде айтылым, оқылым, жазылым болып қана қоймай мұғаліммен жеке бір-бірімен жанды, белсенді қарым-қатынас болуы керек. Балалардың шет тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін оқу үрдісінде сабаққа деген белсенділігін жақсы ұйымдастыру керек. Аталып өткен әдіс-тәсілдер, бастауыш сыны оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға септігін тигізеді. Әсіресе, танымдық қызығушылығын дамыту осы жас ерекшелігінде тиімді болмақ.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі ретінде оқушылардың жазылым дағдысын қолдануда қиналатындығы тәжірибеде мәлім. Мәселен 8-сынып оқушыларының оқу мақсаттарына жету кезіндегі яғни формативті және жиынтық бағалау нәтижелері, сыншы дос ретінде бір-біріміздің сабақтарымызға қатысу арқылы берілген кері байланыс пен сабақ барысында жүргізген зерттеудің нәтижесінде көрінді. Оқушылар сөйлемдерді дұрыс құрастырып, оларды бір-бірімен байланыстыра алу дағдысы өмірде пайдалану үшін де, академиялық жетістіктерге жету үшін ең қажетті дағды болмақ. Сол себепті де әдістемелік құралдың басты мақсаты – оқушылардың сөйлемдерді бір-бірімен логикалық түрде байланыстырып, абзац, мәтін жазып, жазылым дағдысын жақсарту жолындағы тиімді болған тәсілдермен бөлісу. Құралда оқушылардың жазылымдағы негізгі проблемалары мен грамматикалық инструкцияның жазылымды жақсартуға әсерін анықтау және соның аясында қолданылған түрлі әдістерді көрсету міндеттелмек.

**Әдебиеттер**

1. «Assessing writing» by Sara Cushing Weigle, The Cambridge Language Assessment Series, 2002.
2. «Let's write» by John Foster, published in. – 2014. – New York.
3. «Preparing to teach writing» research, theory, and practice by James D. Williams, 4th edition. – 2014, published in New York.
4. «The student's guide to writing» spelling, punctuation and grammar, John Peck & Martin Coyle, 3rd edition, 2012, published by Palgrave Macmillan.

ҒТАХР: 14.25.07

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ТІЛДІК

**Беркутова А.Т.,** ағылшын тілі пәні мұғалімі
«Тұрағұл Қоңыр атындағы орта-мектеп бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі таңда білім беру саласында тұлғаның дамуына коммуникативтік құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен тіл сабақтарын оқыту үрдісінде қалыптасады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы.

Коммуникативтік құзыреттілік өз ана тілін және басқа тілді білудегі қабілеттілігін қарастырады. Ол құрамына қарай 5 негізгі бөлікке бөлінеді:

1) Грамматикалық құзыреттілік;
2) Социолингвистикалық құзыреттілік;
3) Дискурсивті құзыреттілік;
4) Стратегиялық құзыреттілік;
5) Социомәдениеттік құзыреттілік.

Енді осы құзыреттіліктердің анықтамасына тоқталайық.

**Грамматикалық құзыреттілік** – тіл ережелерін білу, грамматикалық ережелерді оқыту. Оқушыларға грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты білім беруді негізге ала отырып оқулықта берілген грамматикалық ережелерді жаттату, талдату.

**Социолингвистикалық құзыреттілік** – мәтіндердің шығу және танып білу үрдістерін меңгеру. Бұл тыңдалым арқылы басқа адамның (мұғалімнің немесе оқушының) тілін ұғу болып табылады. Бұл үшін оқушылардың бірін-бірі тыңдауына жағдай жасау қажет. Бұл жағдайда тілдік орта қалыптасады, яғни оқушыларды мәтін арқылы сөйлеуге үйрету.

**Дискурсивті құзыреттілік** – айтылымдардың құрылым ережелерін меңгеру. Бұл қазіргі таңдағы ең қажетті құзыреттілік. Себебі оқушыларды дұрыс сөйлем құрып, өз ойларын дұрыс жеткізуге үйрету қажет. Ал мұның өзі мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту ұстанымдарында ерекше айтылады. Онда сөйлеу тілін үйретуді фонетикадан емес, синтаксистен, яғни оқушыларға алдымен сөйлеуді үйрету қажеттілігі айтылған.

**Стратегиялық құзыреттілік** – әңгімелесуші адаммен байланыс жасау. Бұл – диалог құру және оны жалғастыру барысында жүзеге асатын үрдіс. Бұның өзі бастапқы мәселенің практикалық бөлігі болып табылады. Оқушылар диалогтік тілдерін жұптық жұмыс кезінде жаттықтырады. Диалогтік тілдің оқушылар үшін күнделікті өмірде бір-бірімен қарым - қатынас жасау кезінде маңызы зор екендігін әрбір оқушының санасына жеткізуге тырысу керек.

**Социомәдениеттік құзыреттілік** – тілді тасымалдаушы, қолданушы халық мәдениетін білу және қолдану. Қазақ тілі оқулықтарына халық педагогикасы бойынша тақырыптар енгізілген. Олар: қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер және мейрамдар, отбасы тәрбиесінің дәстүрлері және қазақ халқының қонақжайлылығы. Осы тақырыптар бойынша оқушыларды қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен таныстыра отырып оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру және қазақ халқының мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

• Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
• Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
• Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
• Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың

– Қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға

– Сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге

–жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады. Өйткені, осыған байланысты әдіскер – ғалым Ф.Ш. Оразбаева қатысымдық әдістің өзіндік белгілерін көрсете отырып, оған мынадай анықтама береді:

–«Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым – қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым- қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі».

Осылайша мұғалімнің оқудағы құзіреттілікке бағыт – бағдар беруі оқушылардың ой-қорытынды жасауына, өз ойын айта білуіне, оны күнделікті өмірде пайдалана білуіне көмегін тигізеді. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру – заман талабы.

«Диалогтік оқыту оқушының тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, оқушының ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Осы кезде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды.

Сыныпта талқылауға қатысу оқушының бәсекеге қабілетін арттырады,өз дәлелін қорғап, мәселеге сыни тұрғыдан карауға дағдыланады».

Мерсер сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін көрсетеді:

1. Пікірталастық әңгіме;
2. Топтық әңгіме;
3. Зерттеушілік әңгіме.

Әңгімелесу – мұғалімге оқушылардың оқуға деген ынтасын ояту алатын пәрменді тетік. Жұптық жұмысқа түсу осы диалогтерден тұрады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ – жауап, рөлдік, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

Оқушылардың диалогтік ортасын құруда кесте мазмұнының да алатын орны ерекше. Кестедегі түйін сөздердің көмегімен оқушы сұрақ қою арқылы диалогтік ортаға енеді. Осы жұмыстар нәтижесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

Сабақта диалог жүргізуге арналған тірек схеманы пайдалану барысында оқушылар білімдерін тереңдетіп, жалпы ой-өрістерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар коммуникативтік іскерліктері мен дағдылары жетіледі. Әр сабақта тақырыпқа байланысты диалог түрлерін өзгертіп отыруға болады. Мұндай сабақ түрі оқушыларды ауызша сөйлеуге үйретудің қызықты, әрі тиімді түрі.

Оқушылар бұған ықыласпен қатысады, ал бұл олардың қазақ тіліне деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді. Егер, төменгі, орта буын оқушыларымен тақырып бойынша диалог түрлерін меңгертсе, жоғарғы сыныптарда оқушылар арасында ешқандай қиындық туғызбайды.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру – күнделікті сабақта жүргізілетін үрдіс. Проблеманы шеше білу құзыреттілігі әр оқу материалы бойынша берілетін тапсырмаларды оқушы өз бетімен орындауына негізделеді.

Коммуникативтік құзыреттілік өтілген материалды ауызша, жазбаша тілде пайдалана білуін қалыптастыру болып табылады.

Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін құзыреттілік тапсырмаларды қолдану өте тиімді».

«Оқушылардың өздік жұмысы – арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындалатын жұмыс. Оқушы тапсырмада қойылған мәселеге, ақыл-ой мен күш-жігерін саналы түрде жұмсай отырып шешеді, әр өз жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Оқыту процесінде жүргізілетін өздік жұмыстың мазмұны мына талаптарға сай болуы шарт: тапсырма мазмұны сынып оқушыларының жас және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалуы керек;

- оқушының бұған дейін алған біліміне сәйкес құрылуы тиіс; тапсырма түсінікті, мазмұны қызықты болуы қажет; орындау тәртібі мен тапсырма мазмұны бірте-бірте күрделене түседі.

**Әдебиеттер**

1. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н «Материалы Интернета на уроке английского языка». Иностранные языки в школе. – 2001. – № 1. – С. 96.
2. Алхазишвили А.А., «Основы овладения устной иностранной речью». Аудиовизуальные материалы по иностранным языкам – важное средство интеллектуального развития учащихся. «Методика преподавания иностранных языков в вузе», 1993.
3. Бегалиев Т. Педагогика – Тараз: ТарМУ, 1999
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003.
5. Полат, Е.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңаша әдістер, 2001.
6. Howatt A.P.R. Programmed learnin

ҒТАХР: 16.21.31

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

**Мухатова Г.А., Аманғалиева А.Е.,** ағылшын тілі пәні мұғалімдері
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен шығармашылығын арттыруда жаңа әдістердің тиімділігі зор. Соның ішінде «Сын тұрғысынан ойлау технлогиясының» әдістері. Сын-тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі белгілері бар, аталмыш технологияның мақсаты – оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де (толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі жағдайаттардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту болып табылады.

СТО технолгиясының негізі: ағылшын тілі сабақтарының үшбағыттық құрылымында: ой шақыру; ойлау; кері байланыс

***Ой шақыру*** тапсырмалары: өтілетін (оқытылатын) материал бойынша оқушылардың білімдерін жаңарту, не болмаса естеріне түсіру; өтілетін материалға деген оқушылардың қызығушылығын ояту; өтілетін тақырыпты оқушылардың өздері анықтауға мүмкіндік беру жататын болса, келесі ойды жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмаларына: өтілетін тақырыпты белсенді меңгеруіне жағдай жасау; өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыра білуге жағадай жасау жатады. Ал кері байланыстың тапсырмаларына: өтілген тақырып бойынша өз ойын қорытуға көмек беру; келесі тақырыпты өз бетімен анықтауға көмек беруді жатқызамыз [2].

Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың түрі мен құралдары мынадай:

– Тақырып бойынша жинақ;
– Мәтіндер талдауы;
– Түрлі көзқарастағы тапсырмалар құрастыру;
– Ұжымдық пікірталас;
– Топпен және жұппен жұмыстардың әртүрі;
– Дебаттар;
– Пікірталастар;
– Оқушылардың жазба жұмыстарын жариялау;

Сын тұрғысынан ойлаудағы жазба жұмыстары (оқушылардың жазған «Эссе», «5 жолды өлең» жинап отыру. Сын тұрғысынан ойлау технологиясындағы мұғалімнің рөлі:

Оқушыларды анықталған бағытқа бағыттау;
– Түрлі пікірлермен бетпе-бет келеді;Өз бетімен дұрыс шешім шығаруға жағдай жасайды;
– Оқушыларға өзбеттерімен шешім шығаруға мүмкіндік береді;
– Қалыптасқан танымдық ішкі жағдаяттарды дайындайды;

СТО технологиясының негізгі тәсілдері

Сұрақтарды дұрыс құру дағдысын дамытуға арналған тәсілдерді төмендегі «***Жуан» және «жіңішке»*** сұрақтар кестесімен түсіндіріп кетсек:

• Неліктен, үш түсінік бер…..?
• Неліктен, түсіндір ……?
• Неліктен, сіз солай ойлайсыз…..?
• Неліктен, сіз солай ойлайсыз……?
• Қандай айырмашылығы бар…..?
• Не боларын, болжап көр….?
• Әйтпесе, не …….? Кім …..

Не…
Қашан…?
Мүмкін…?
Болар…?
Алар ме еді….?
Қалай аталады….?
Болды ма….?
Сіз келісер ме, едіңіз….?
Дұрыс па….?

Келесі қарастырылатын бір жайт бұл – **Блум түймедағы:**

**Қарапайым сұрақтар** – Бұл сұрақтарға жауап берген кезде нақты фактілерді атау керек, мәтіннен белгілі бір мәліметті еске түсіріп, оны айтып беру керек.

**Дәлелдеуші сұрақтар –** «Егер мен дұрыс түсінсем, онда …?»

«Мен қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше сіздің айтып тұрғаныңыз …?»

**Интерпретациялық (түсіндірме) сұрақтар** – Әдетте неге? деген сөзден басталады.

•Кейбір жағдайларда олар ақталуға мәжбүр етушілік сияқты негативті қабылдануы мүмкін.

•Басқа жағдайларда олар дәлелдемелік байланыстарды анықтауға бағытталған.

**Бағалау сұрақтары** – Неге … жақсы, ал … жаман?»

•«… … айырмашылығы неде?»

•Бұл сұрақтар осы немесе басқа да оқиғалар, құбылыстар мен айғақтар

•бағалау критерийлерін анықтауға бағытталған .

**Шығармашылық сұрақтар** (жорамал) – «Қалай ойлайсыздар, … кейін (егер) … қалай болады?

•Шығармашылық сұрақтарда «егер» деген қыстырма сөз қолданылады. Ол алдын-ала болжайтын, жорамалдайтын шарттылық элемент .

**1.Ақылдың алты қалпағы (6 Thinking hats)**

Акылдың алты қалпағы – Эдвард де Боно әзірлеген әдістеме, ол әртүрлі шешімдердің ішінен ойды бір мәселе төңірегінде шоғырландыруға мүмкіндік беретін қатарласып ойлау үдерісі болып табылады.

White Hat: with this thinking hat, you focus on the available data. Look at the information that you have, analyze past trends, and see what you can learn from it. Look for gaps in your knowledge, and try to either fill them or take account of them.

Red Hat: «wearing» the Red Hat, you look at problems using your intuition, gut reaction, and emotion. Also, think how others could react emotionally. Try to understand the responses of people who do not fully know your reasoning.

Black Hat: using Black Hat thinking, look at a decision's potentially negative outcomes. Look at it cautiously and defensively. Try to see why it might not work. This is important because it highlights the weak points in a plan. It allows you to eliminate them, alter them, or prepare contingency plans to counter them.

Black Hat thinking helps to make your plans «tougher» and more resilient. It can also help you to spot fatal flaws and risks before you embark on a course of action. It's one of the real benefits of this model, as many successful people get so used to thinking positively that they often cannot see problems in advance.This leaves them under-prepared for difficulties.

Yellow Hat: this hat helps you to think positively. It is the optimistic viewpoint that helps you to see all the benefits of the decision and the value in it. Yellow Hat thinking helps you to keep going when everything looks gloomy and difficult.

Green Hat: the Green Hat represents creativity. This is where you develop creative solutions to a problem. It is a freewheeling way of thinking, in which there is little criticism of ideas. (You can explore a range of creativity tools to help you.)

Blue Hat: this hat represents process control. It's the hat worn by people chairing meetings, for example. When facing difficulties because ideas are running dry, they may direct activity into Green Hat thinking. When contingency plans are needed, they will ask for Black Hat thinking.

**Әдебиеттер**


1. Бөрібекова Ф.Б, Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014 – 360 б.
2. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования. – М.: Академия, 2001. – 272 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей / Бакиров К.А, Намысова Г.А, Аушева И.У., 2014. – 41б.
4. Meyers C. Teaching students to think critically: guide for faculty in all disciplines. San Francisco: José-Bass. – 47 б.
5. Beon J. Engaging ideas: the professors guide of integrating writing, critical thinking, and active learning in the classroom. San Francisco: José-Bass. – 71 б.
6. P. Freire. Pedagogy of the Oppressed. New York: Academic Press. – 12 б.
7. Dewey J. education and democracy. York: Macmillan. – 25 б.
8. Johnson R.H. Some observations about teaching critical thinking. CT News, Critical thinking project California State University, Sacramento, 4.1. – 46 б.

ҒТАХР: 14.25.05

# ТІЛ САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ СЫНИ ТҰРҒЫДА ОЙЛАУҒА ТӨСЕЛДІРУ

**Мукашева С.М., Кизатаева А.Т.,** Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері
«№ 12 мектеп-гимназиясы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.)

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойынының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік,адамгершілік, рухани, азаматттық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді,түсіндіреді,ал оқушы тыңдайды,қабылдайды,ойлайды т.б, таным әрекетерін жасайды.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмбл. Жобаның негізгі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады

«Сыни ойлау»деген не?

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден,адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп,оның байыбына жетуге тырысқанда. Ойланудың қандай да болмасын қиындық,ыңғайсыздық,күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған: «Ойлау тығырыққа тіреліп,таңдау жасау керек кезде басталады».

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп,өз құндылықтарымен түсініктерінің,түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып,проблеманың байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып,көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай,оны жан – жақты қарастырады,оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай, өз шешіміне балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды. Ылғи да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып,оған жауап іздейді, жауап тапса,қайтадан сұрақ қойып,енді соның жауабын іздестіреді,оған да қанағаттанбай, әрі қарай «қаза береді», «қаза береді». Сұрақтар, сұрақтар, сұрақтар. Жауапіздеу, жауапіздеу, жауапіздеу. Үздіксіз іздену мен зерттеу...

Ойлаудың осындай толассыз түрі сыни ойлау деп аталады.Мұнда ойлау тізбекті түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай, біресе алға, біресе артқа ойысады. Проблеманың шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды:оны дәлелдеп беру керек,оның тиімділігі мен ықтимал қолайсыздықтарын айқындау қажет,оған балама келтіру керек.

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзінділікпен ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлауды дәріптеушілердің бірі Ричард Поль мына аумалы – төкпелі, күнделікті өзгеріп отырған заманда адам «өз инстинктеріне бостан босқа сенбеуі керек» деп есептейді. Мұның себебі мынада: адам өз түсініктерін, ұстанымдарын, құндылықтар мен нанымдарын бірден қалыптастырмай, олар туралы терең ойланып, оның бәрін күмәнмен қабылдап, «тұла бойынан» өткізу қажет. Ричард Польдің пайымдауы бойынша, адамдар «өздерінің басына түскенді дәл сол қалпында қабылдамауы керек. Олар ақиқат деп ұсынылған нәрсенің бәрінде ақиқат деп түсінбеуі қажет. Олар өздерінің өмірлік тәжірибесін жалған деп ойламауы керек». Демек, олар өмірдің барлық жәйттерімен көріністерін ой елегінен өткізіп, олардың өміршеңдігі, құндылығымен қажеттілігі туралы өзіндік пікір қалыптастыруы керек. Сол себепті сыни ойлауды «сыпайы күмәндану» деп атайды.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне

және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып,оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Адам баласының бес саусағы бірдей болмайтыны сияқты оқшыларда бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын, кішкене болса да өзіндік ерекшелігі бар адамдар. Олардың ішінде ең үздігі де, ең төменіде, тентегі де, біліп тұрса да аузын ашпайтыны да қанша сүйресең алға баспайтыны да болады. Бірақ ұстаз барлығын да жақсы көріп, білім нәрімен сусындатуы тиіс. Оқушыларға зерттеу жүргізгенде жоғары сынып оқушыларында нақты білім бар екендігі, бірақ олар өз ойларын жеткізуге қиналатыны анықталғанекен. Сондықтан оқушылардыңойындамыту жұмыстарына көп көңіл бөліну керектігі көрінді. Осы жағдайда тиімді технологиялардың бірі- «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз педагогтің бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі. Нәтижесінде неғұрлым дамыған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Бұл технологияның мақсаты сынауға емес шыңдалған ойлауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл. Жоба негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектене білуіне жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырған кезде нәтижесі жоғары болған [2].Сын тұрғысынан ойлау-оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін төмендегі қағидалар сақталуы тиіс:

Бұл технология бойынша сабақ үш сатыдан тұрады:

1. Қызығушылықты ояту.
2. Мағынаны тану.
3. Ой толғаныс.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді.

Үйрену процесінде бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі,не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды ояту ми қыртысында тітіркендіргіш арқылы жүзеге асады. Осы кезеңде қызмет ететін «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» тағы да басқа әдістерді пайдалануға болады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты: үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйренуші енжарлықтан гөрі белсенділікті талап етенін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

**Әдебиеттер**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2015. – № 5. – 14-22 б.
2. Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі, 2014. – № 9. – 17-19 б
3. Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2015. – №3. – 11-14 б.

ҒТАХР: 16.21.33

# PYTHON ПРОГРАММАЛАУ ТІЛІ

**Жаксыгулова Д.Д., Омаргазина Н.Б.,** информатика пәні мұғалімдері
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Python – кез келген қазіргі заманғы компьютерлік операциялық жүйеде қолдануға болатын жалпы мақсаттағы бағдарламалау тілі. Ол мәтінді, сандарды, суреттерді, ғылыми деректерді және компьютерде үнемдеуге болатын кез келген нәрсені ғана өңдеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Ол күнделікті Google іздеу жүйесінің жұмысында, YouTube бейне, NASA және Нью-Йорк қор биржасында жұмыс істейді. Бұл Python бизнестің, үкіметтің және коммерциялық емес ұйымдардың жетістіктерінде маңызды роль атқаратын орындардың бірқатары ғана; басқа да көптеген бар.

Python бағдарламалау тілі еркін түрде қол жетімді және шешім туралы шешіміңізді жазу сияқты компьютерлік мәселені оңай шешеді. Кодты бір рет жазуға болады және бағдарламаны өзгертуге тура келмей, дерлік кез келген компьютерде іске қосуға болады.

Python – түсіндірілген тіл. Бұл бағдарлама іске қосылмай тұрып, орындалу уақытында компьютерге оқуға болатын кодты түрлендірмейді. Бұрын тілдің бұл түрі сценарийлік тіл деп аталды, оны қолдану маңызды емес тапсырмалар үшін болды. Алайда Python сияқты программалау тілдері осы номенклатурадағы өзгерісті мәжбүрледі. Үлкен қосымшалар тек қана Python-да ғана жазылады. Python бағдарламасын қолдануға болатын кейбір тәсілдер мыналарды қамтиды:

- Веб-қосымшалар үшін CGI программалау
- RSS оқу құралын жасау
- MySQL-ге оқу және жазу
- PostgreSQL-дан оқу және жазу
- HTML күнтізбелерін жасау
- Файлдармен жұмыс істеу

Бағдарламалау тілі (programme – нұсқау, хабарлау) – хабарларды есептеуіш машиналардың көмегімен сұрыптайтын жасанды тілдер тобы. Бағдарламалық тілдерде символдарды бірізділікпен өңдеуге қажет мәтіндер алдын ала жазылып қояды, мәтіндерді бұйрықты тапсырма деп қарауға болады. Семантикалық шарттары бойынша мәтіндер мынадай деңгейлерде сұрыпталады: дербес мағынасы жоқ әліпби таңбалары; шағын тіл бірліктерінің екі жақты атаулары; мағынасы бұйрық түрінде емес атаулардың қосындысын білдіретін сөйлемшелер; белгілі әрекетті білдіретін (бұйрық мағынасында) синтаксистік құрылымдардан тұратын операторлар тағы басқа. Бағдарламалық тілдердің өзіне тән сипаты – символдық, сөздік, сөйлемдік, мәтіндік деңгейлердің ара жігі белгісіздігінде мәтіндерді жазып, ЭЕМ-де енгізуде ондағы жетімсіздік басқа символдармен толықтырылады. Бағдарламалау тілі, программалау тілі – мәліметті (деректі, ақпаратты) және олардың алгоритмін (бағдарламасын) ЭЕМ-де өңдеуге арналған формальды (жасанды) тіл.

Бағдармалау тілінің негізін алгоритмдік тіл құрайды. Алғашқы Бағдармалау тілі ішкі машиналық тіл болып есептеледі. Қазіргі Бағдармалау тілі машиналық-бағдарланған, процедуралық-бағдарланған және проблемалық-бағдарланған тілдер болып ажыратылады. Машиналық-бағдарланған Бағдармалау тілі өзінің мәлімет-рінің түрі мен алгоритмінің құрылуы бойынша белгілі бір ЭЕМ-нің (не ЭЕМ класының) құрылымын бейнелейді. Мұның үстіне оның бағдарламалау процесін жеңілдету және автоматтандыру сияқты ерекшеліктері бар. Ол машиналық тілге жақын тіл. Машиналық-бағдарланған бағдармалау тіліне автокод, алмо, эпсилон, т.б. тілдер жатады.

## 1. PYTHON БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛІ

Python-бір мезгілде қарапайым және қуатты объектілі-бағытталған бағдарламалау тілі болып табылады. Ол, жоғары деңгейдегі деректер құрылымын қамтамасыз ететін, талғампаздық синтаксисі бар және динамикалық теруді пайдаланады, ол түрлі қосымшалар арқылы бірнеше платформаларында жұмыс істеу үшін арналған тамаша тіл. Python – бүкіл әлем бойынша түрлі мақсаттар – деректер базасын және сөз өңдеу үшін кең таралған әмбебап тіл,ойындарға интерпретатор қосу,және де GUI-ді бағдарламалау және жылдам прототип құру (RAD)үшін арналған тіл. Сонымен қатар Python-INTERNETжәне WEB қосымшаларын бағдарламалау үшін пайдаланылады. Python бай стандартты кітапханадан, және модульдердің бай жиынтығынан тұрады.Python мен қосымшалар ең танымал және үлкен фирмалар пайдаланып жазылған, мысалға

алып қарайтын болсақ: IBM, Yahoo, Google.com, Hewlett Packard, Infoseek, НАСА, Red Hat, CBS MarketWatch, Microsoft.

Бұл тілде:

Mailman – тарату тізімдерінің менеджері (Тарату тізімін басқару), жоба адресаттар тізімдерінің (GNU)ресми менеджері болған.

Медуза – HTTP, FTP, NNTP, XML-RPC секілді сенімді өнімділігі жоғары TCP / IP серверлер үшін арналған архитектура.

Zope – кең танымалдылыққа ие болған бағдарлама-Web қосымшалар сервері (Web бағдарлама сервері).

Python қарапайым, бірақ ол құрылымдау және басқаға қарағанда үлкен бағдарламалар бойынша қолдау үшін әлдеқайда нақты программалау тілі болып табылады. Екінші жағынан, қателерді өңдеу үшін жақсы және өте жоғары стандарт тілдік табылатын, икемді массивтер және сөздіктер ретінде кіріктірілген жоғары деңгейдегі деректер түрлері бар бағдарлама.Көптеген нәрселер Python-да жасалады. Басқа қосымшаларда пайдалануға болады, модульдер ішінде бағдарламаны бөлуге мүмкіндік береді. Python-ды сіз өз бағдарламаларыныз үшін негіз ретінде, немесе тілді зерттеу мысалдар ретінде пайдалануға болады. Стандартты модульдер түрлі графикалық кітапхана файлдар, жүйе қоңыраулар, желілерге қосылу, тіпті интерфейстердің жұмыс істеу үшін құралдар ұсынады. Python -уақытты айтарлықтай аз жұмсау үшін берілген тіл.

**Әдебиеттер**

1. Берри Пол. Изучаем программирование на Python. – Москва, 2018.
2. Васильев А.Н. Python на примерах. – СПб.: Наука и техника, 2016.
3. Мусин Д. Самоучитель Python Выпуск 0.2. – 2017.
4. Гэддис Т. Начинаем программировать на Python. Пер. с англ. – СПб.: Петербург, 2019.
5. Рамальо Л. Python. К вершинам мастерства. – Пер. с англ. – М.: ДМК Пресс, 2016.
6. Сысоева М.В. Программирование с нуля на языке Python. – Москва, 2018.

ҒТАХР: 16.21.35

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Санкайбаева А.Б., Берикболова З.С.,** бастауыш сыныптың педагог-зерттеуші мұғалімдері
«Мақаншы орта мектеп-бақшасы»
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Оқушның өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білуі, яғни оқу материалын таңдауы, жаңаны қабылдау мен меңгеруі, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуі, оңтайлы әдістерді таңдап алуы, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылуы-жаңартылған білім берудің алғышарттары болып табылады.

Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандыру-басты мақсат. Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық қабілеттің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдылары қалыптастырады.

Қазіргі таңда оқу үрдісінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдері мен технологиялар сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады.

Тілдік құзыреттілікті дамыту жұмыстарды ұйымдастыруда, яғни шығармашылық тапсырмаларды іріктеуде қойылатын әдістемелік талаптар:

– Шығармашылық тапсырмалар мазмұны танымдық сипатта, яғни оқушының ой – өрісін, қиялын, т.б. дамытатындай, соған байланысты іс – әрекеттің түрлі амалдарын қолдана алатындай білік қалыптастыру көзделуі қажет.

– Шығармашылық тапсырмаларды құрастыруда оқушының дара ерекшелігін, әдебиетке құштарлығын есепке алу қажет.

– Шығармашылық жұмыстарды орындау нәтижесі оқушының пәнінен алатын білімін тереңдетуге, пәнге қызығушылығын арттыруға бағытталуы тиіс.

Шығармашылық тапсырмалар негізінде оқушылардың сөздік қорын байыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру, мектептердің алдында тұрған үлкен міндет. Негізгі мақсат – оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Сондықтан мұғалімдер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда инновациялық технологиялар стратегиясын шебер, жүйелі қолдануы қажет. Осы бағытта мұғалімдерге оқушылардың шығармашылығын, құзыреттілігін, белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдердің бірі интербелсенді оқыту.

Интербелсенді оқыту әдістері тұлға аралық қарым – қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интербелсенді әдістің мақсаты – тек ақпартты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өздігінен табу дағдысын меңгертуімен байланысты.

Интербелсенді әдістің тиімділігі:

– тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады;
– мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынас орнайды;
– оқушыларда алған білімге сын көзбен қарау, білімді сапалы түрде алу;
– оқушылар ойын ашық айтуға, пікір алмасуға үйренеді;
– мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады;
– оқушылардың шығармашылық белсенділігі артады.

Бүгінгі күні жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруда мұғалімдерге интербелсенді әдісті тиімді пайдалану қажеттігі туындайды. Демек, мұғалімдер педагогикалық іс-әрекеттерін білім берудің философиялық негіздеріне, білім жүйесінің стратегиялық бағыттарына, мақсаты мен мазмұнына сәйкес ұйымдастырулары қажет.

Құзырет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі.

**Құзыреттілік тапсырмалардың құрылысы:**

1. Мәселені, мақсатты қою.
2. Мәселе ішіндегі әрекетті анықтау (теріп жаз, дұрысын қой, т.с.с)
3. Бірнеше нақты ақпараттарды көрсету (тыңда, оқы, т.с.с)
4. Соңғы нәтижені көрсету (нұсқау, ереже, ЭССЕ т.с.с)

Құзыреттілік тапсырмаларды орындау нәтижесін бағалау түрлі деңгейлердің қызмет әдісі арқылы жүзеге асырылады. Бағалау нәтижесінде оқушының құзыреттілігін қалыптастыру **деңгейін** анықтау болып табылады.

**Грамматикалық құзыреттілік** – тіл ережелерін білу, грамматикалық ережелерді оқыту. Оқушыларға грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты білім беруді негізге ала отырып оқулықта берілген грамматикалық ережелерді жаттату, талдату.

**Социолингвистикалық құзыреттілік** – мәтіндердің шығу және танып білу үрдістерін меңгеру. Бұл тыңдалым арқылы басқа адамның (мұғалімнің немесе оқушының) тілін ұғу болып табылады. Бұл үшін оқушылардың бірін-бірі тыңдауына жағдай жасау қажет. Бұл жағдайда тілдік орта қалыптасады, яғни оқушыларды мәтін арқылы сөйлеуге үйрету.

**Дискурсивті құзыреттілік** – айтылымдардың құрылым ережелерін меңгеру. Бұл қазіргі таңдағы ең қажетті құзыреттілік. Себебі оқушыларды дұрыс сөйлем құрып, өз ойларын дұрыс жеткізуге үйрету қажет. Ал мұның өзі мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту ұстанымдарында ерекше айтылады. Онда сөйлеу тілін үйретуді фонетикадан емес, синтаксистен, яғни оқушыларға алдымен сөйлеуді үйрету қажеттілігі айтылған.

**Стратегиялық құзыреттілік** – әңгімелесуші адаммен байланыс жасау. Бұл – диалог құру және оны жалғастыру барысында жүзеге асатын үрдіс. Бұның өзі бастапқы мәселенің практикалық бөлігі болып табылады. Оқушылар диалогтік тілдерін жұптық жұмыс кезінде жаттықтырады. Диалогтік тілдің оқушылар үшін күнделікті өмірде бір-бірімен қарым – қатынас жасау кезінде маңызы зор екендігін әрбір оқушының санасына жеткізуге тырысу керек.

**Социомәдениеттік құзыреттілік** – тілді тасымалдаушы, қолданушы халық мәдениетін білу және қолдану. Қазақ тілі оқулықтарына халық педагогикасы бойынша тақырыптар енгізілген. Олар: қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер және мейрамдар,

отбасы тәрбиесінің дәстүрлері және қазақ халқының қонақжайлылығы. Осы тақырыптар бойынша оқушыларды қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен таныстыра отырып оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру және қазақ халқының мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

**Әдебиеттер**


1. «Ұлттық білім беру жүйесін жаңарту және адам ресурстарының жаңа саласын қалыптастырудағы оның рөлі» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.
2. Қинаят Шаяхметұлының «Қазіргі қазақ тілі» кітабы.
3. Құдайбергенева К.С. «Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық – әдіснамалық негіздері» автореферат.
4. Исаев С. «Қазіргі қазақ тілі».
5. Аханов К. «Тіл біліміне кіріспе».



ҒТАХР: 14.15.01


## ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


**Ахмадиева М. А., Шатанова А.С.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Жанай орта мектеп – бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)


Білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оны жүзеге асыру – білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді. Оқушылардың өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасап, өз пікірі мен ойын айтуға бағытталған тапсырмалар ұсынып, топта бірлесе отырып жұмыс істеу арқылы ортақ пікірлерін ортаға салуға мүмкіндік туғызу қажет. Аталған жұмыстар барысында оқушылардың мәтінді оқып, таныс емес сөздерге мән беріп, аударып, бір-біріне кеңес беріп, одан нәтиже шығарады. Ең бастысы сабақ үдерісінде оқушыларға ой тастап, тақырыпты талдауға, дәлелдеуге, жауаптарын салыстыруға мүмкіндік туғызу қажет. Оқушыларға суреттерді таратып, суреттегі бейнені жұптық әңгіме жүргізу оқушылардың қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Жұптық әңгіме кезінде оқушылар түрлі идеяларды ортаға слады.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру.

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізер еді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

Мектеп жасындағы оқушылардың негізгі ерекшелігі-білімді қызығушылықпен алуы. Ол үшін оқу үрдісін бала талпынатындай және қызығатындай ұйымдастыру керек. Алдына қойған мақсатқа жету үшін мұғалім кез келген педагогикалық тәсілді таңдауға ерікті. Білім беруде тиімді нәтижеге жету үшін оқыту әдістері мен құралдарын іріктеу, оқу үрдісін құру – мұғалім құзырындағы іс.

Құзіретті мұғалім – бұл қай кезде де, ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа тәсілдерін оқыту үдерісіне ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Мұғалімдер оқушы дамуына көп мән беруді және осыған сәйкес оқу үрдісін құруды ойластырады. Жаңартылған бағдарлама бойынша сабақтар қазақ тілі мен әдебиет пәндерін оқытудағы бірқатар накты «проблемаларды» шешуге бағытталған. Соған қарамастан, белсенді оқудың 204 көптеген әдістерін (мысалы, белсенді оқу, пікірталастар, рөлдік ойындар) бірнеше пәнді оқытуда қолдануға болады. Мұғалімдерге өз білімін нақты бір тақырыптың аясында қалай қолданатынын талқылауға мүмкіндік берілуі керек.

Оқушыларда сенімділік артқан сайын, олар жұмыс істеуінде жылдамдықтың, нақтылықтың көріне бастағандығыны сөзсіз. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелеуге болады.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс- әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл – күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Мұғалімдер жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымын, мақсат-міндеттерімен таныса отырып, оқушылармен үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тәжірибе жасауға, АКТ-ны қолдануға, коммуникативті қарым-қатынасқа түсуге, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуге, функционалды сауаттылыққа, шығармашылықты қолдана білуге және оны тиімді жүзеге асыру үшін тиімді оқыту әдіс-тәсілдермен (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) біліктілікті арттыру курсы барысында мұғалімдер толық меңгереді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды ықшамсабақтарды құрастыру барысында мұғалімдердің өздері көз жеткізді. Сабақты жоспарлағанда оқушыларда сыни ойлауын дамытатын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмалардың сабақта болуын мұғалім есінен шығармауы керек. Сабақтың барысында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, соның ішінде ұтқырлық, сыңаржақтылықтың болмауы, пайым, тәртіп, өзіндік сана-сезім секілді ерекшеліктерге мән бере отырып сабақ барысында әрдайым оқушылардың белсенді болуға, дәлелдерді талдай алуға, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегияларды қолдана алуына мүмкіндіктер мен жағдай жасау қамтамасыз етілді.

Сыни тұрғыдан ойлау екі мағынада қарастырылады: оқушылардың және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау-бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау, көбінесе, қарсы пікір айтуға баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Мұғалімнің сабақты ерекше, жаңа бағдарламаға сай өткізуі оқушылардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқараспен ойлауға мүмкіндік береді. Бұл әрине қазіргі қоғам мен мектептің басты талабы. Осы талаптарды әрі қарай дамыту әр мұғалімнің парызы.

Due to the fact that, as the philosopher himself points out, few people believe this, he cites the category of conscience, which has passed into a different, non-ethical hypostasis, as proof of his position about an immortal, eternally developing soul. Its philosophical significance can be interpreted in different senses. Thus, O.A.Segizbayev characterizes the category of conscience in the Shakariam teaching as "a general philosophical category that makes it possible to resolve many complex issues of life, science and philosophy and is able to lead a person to the path of spiritual existence" [1]. Philosophers K.K.Begalinova and U.K. Alzhanova define the category of conscience in the teachings of the Kazakh thinker as "the most important philosophical category, which is the substance, the basis of the universe… it is primary, it exists before man, it is equivalent to the Cosmos and, being born, man... absorbs it into himself"5. It should be noted that both opinions express the general idea that in Shakarim's teaching the concept of conscience outgrows the ethical meaning, acquires the meaning of the central philosophical category. Despite the metaphysical nature of the category of conscience revealed by K.K. Begalinova and U.K. According to Alzhanova, the three authors have a common opinion that this concept in the teachings of Sh. Kudaiberdiev acquires the meaning of the core of everything human in man.

In the social and philosophical views of the thinker, one can trace his understanding of the interdependence and interconnectedness of the processes of humanization of man and society. Thus, he believed that a necessary condition for the eradication of human vices is the humanization of society itself, which at the same time does not prevent him from realizing that the spiritual health of an individual, in turn, depends on the spiritual and moral appearance of society as a whole. Arguing that if an honest and reasonable person does not harm other individuals, Shakarim simultaneously implies that having such a quality at the mass level, people and society as a whole gain well-being.

In our opinion, the social orientation of ShakarimKudaiberdiyev's views, despite the undoubted influence of the philosophical concepts of Buddhism and Brahmanism, allows him to avoid the introverted and individualistic tendencies inherent in them in the philosophical definition of ways and means of becoming a person and society spiritual.

According to Shakarim's philosophical views, the substantial basis of all social is not just the joint activity of people aimed at collective efforts to create something, namely spiritually-oriented activity. Outside of this vital condition for society, according to Shakarim, the very possibility of coordinating and directing people's efforts and their activity to joint activities disappears, since this requires consent, cooperation and mutual understanding between individuals who make up society. Consequently, according to the Kazakh philosopher, spirituality is the basis of the social way of life of people, since outside of it the opportunities for their fruitful joint activity and living disappear. Outside of spirituality, there is an increase in centrifugal tendencies in society, which increase social conflict between people due to the disappearance of a counterweight to the egoistic aspirations of individuals created by spirituality and culture.

The human-significant meanings that constitute the essential characteristic of spirituality in the thinker's understanding, namely the idea of the Creator, the immortality of the soul and conscience as its original need and desire, according to Shakarim's philosophy, bring imperatives into the inner world of man that give each individual human-significant meanings that humanize him. Outside of these meanings, the individual, according to the thinker, loses universal spiritual and moral properties, the significance of which is explained by the fact that they must be formed in the individual in order to provide conditions for both the social lifestyle of the individual and for acquiring spiritual essence, which is the meaning of human existence. In this regard, it is legitimate to repeat the words of Shakarim, showing his awareness of the

importance of spirituality in the life of society and public relations and relations between people: «The basis for a good human life should be honest work, conscientious mind, sincere heart… Without them, you cannot find peace and harmony in life» 7. The consideration of ShakarimKudaiberdiyev's philosophical views allows us to assert that spirituality is defined by him as a condition for the realization of a person's sociality and at the same time as a means of his humanization.

In this regard, in the context of Shakarim's worldview, it becomes clear that human activity outside spirituality loses its meaning, since due to its loss, the activity of people becomes meaningless due to the fact that its main purpose is not only to create material conditions and prerequisites for the existence and activity of people, social being in general, but in reproduction of human-meaningful meanings both in the activity itself and in its products and results. Outside of this condition, in the social relations and relations accompanying human activity, as well as in its products, the person himself is absent in the entirety of his rational and moral properties. The very spirit of man ceases to be present in public relations, people's activities and in its results, which, in the end, dehumanizes and makes sense of them, since their main task and final result is the production of man himself as a being combining certain meanings that give him a spiritual, humanized appearance that is not transmitted genetically, and is formed only through social life. Therefore, the substantial task of society, hidden behind the social structure, social ties and institutions, is the formation of a human being as a rational, moral, spiritual being. The solution of this problem contributes to the preservation of the properties of society, ensuring its integrity and stability.

Based on the study of various concepts and directions of thought, the philosopher creates his own teaching, which is based on the idea of spiritual rebirth of a person through the rooting in him of such a moral sense as conscience. Conscience, according to Sh.Kudaiberdieva appears in a person through the development of faith in the idea of the Creator and the immortality of the soul. Following his spiritual teacher and mentor Abai Kunanbayev, ShakarimKudaiberdiyev considers the religious teachings of Islam, enlightenment and the desire for creative work as a means of moral regeneration of a person.

The category of spirituality in Shakarim Kudaiberdiev's philosophy acquires the character of universality and universality due to its universal significance. Spirituality is defined by him as a universal measure of humanity and culture in an individual. Its absence in the inner dimension of the individual is defined by the Kazakh thinker as an indicator and criterion of anti-humanism and lack of culture of a person, which, in principle, deprives him of a universal human-meaningful nature, contained in the universal meanings of spirituality, contributing to the humanization of the individual, his elevation above his natural-instinctive basis, which qualitatively distinguishes a person from material-natural being, his processes and phenomena.

In general, despite the theological and mystical nature of ShakarimKudaiberdiev's philosophy, his concept of spirituality has not abstract humanism, but real features that are close to social reality and anthropological problems, in particular, problems of existence and life-meaning orientations of a person. Contrary to the theological humanism of the Kazakh philosopher and scientist, emanating from his ideological beliefs, the philosophical reflection of the thinker on the subject of spirituality is consonant with modern philosophical paradigms that seek to designate the humanistic contour of human existence, the axiological dimension of his microcosm.

## List of literature

1. Segizbayev O.A. Kazakh philosophy of the XV – early XX centuries. – Almaty: Gylym, 1996.
2. Rysbekova Sh. Abai's reflection on the spiritual world of man // Eurasian Community. – 1999. – No. 3. – p. 87.
3. Kudaiberdiev Sh. Three truths. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1991. – p. 78.
4. Alzhanova U.K., Begalinova K.K. Philosophy in the system of holistic knowledge. – Almaty: DGP VTSS East Kazakhstan Region, 2000. – p. 97.
5. Alzhanova U.K., Begalinova K.K. Decree. rab. – P. 96.
6. Dostoevsky F.M. Two camps of theorists // Full collection of works: In 30 vols. – Vol.26. – L.: Nauka, 1976. – p. 134.
7. Kudaiberdiev Sh. Notes of the Forgotten // A.Kunanbayev. The book of words. Sh.Kudaiberdiev. Notes of the Forgotten. – Almaty: El, 1993. – p. 93.

МРНТИ: 17.09.91

# НАСЛЕДИЕ ШАКАРИМА

**Шауханов А.А.,** к.п.н., доцент
Университет Дулати
(Республика Казахстан, г.Тараз)

*«Своим потомкам стих я передам».*
*Шакарим*

В этом году исполняется 165 лет Шакариму хаджи Кудайбердыулы, мыслителю и поэту, чье творчество было под запретом десятки лет после его трагической гибели.

Произведения и научные труды не обобщены и не изучены полностью, но по опубликованным изданиям в начале XX века мы видим, что он был ученым-историком и писал в различных жанрах литературы. Предлагаем мини-статьи, где творчество Шакарима представлено по жанрам.

Поэт Абдильда Тажибаев писал: «Я рассматриваю Шакарима как большую творческую личность, внесшую свежую струю в традиции казахской поэмы».

Шакарим написал более 200 стихотворений, несколько поэм, басен, афоризмов и загадок. Свои произведения подписывал литературным псевдонимом «Забытый» («Ұмытылған»), также «Шакерим Кудайбердин», «Шакерим», «Ш.К.», «Шахкарим Кудайбердыулы». Его книги издавались в Оренбурге, Семипалатинске, Омске, Казани, Ташкенте.

Свое первое стихотворение сочинил в семь лет. Позже поэт писал: «Мои детские стихи были адресованы сверстникам, и они прекрасно понимали их смысл. В то же время я понимал, чтобы писать серьезные стихи, мне необходимо мыслить глубже».

Поэт написал и опубликовал социально-обличительные, исторические поэмы «Калкаман и Мамыр» (1912), «Енлик-Кебек» (1912), «Лейли и Меджнун» (1922, Ташкент), «Смерть Кодара», «Царь Крез», «Мелодии Коркыта», «Айсулу-Нартайлак» (в рукописи), «Дубровский» (по Пушкину) и другие.

Шакарим любил молодежь, особенно образованную, и основной целью своей литературной деятельности считал нравственное воспитание молодых людей:

Без ученья нету счастья, в знаньях счастлив человек
Будьте к знаниям причастны в этот просвещенный век.
Вы трудитесь, не ленитесь, время знающих пришло,
Доброму всему учитесь, чтобы уничтожить зло.

Жизнь растет из детства, средний возраст – суть.
Если к старости нам не на что взглянуть,
Значит, жизнь твоя полна пустых похвал,
В три куплета твоя жизнь, не обессудь.

В 1912 году в Семипалатинске был издан поэтический сборник Шакарима «Зеркало казахов», в который вошли 30 стихотворений гражданской лирики.

Большинство стихотворений в разные годы публиковались в газетах и журналах. В них затронуты темы образования, нравственного воспитания молодежи («Давайте, молодежь, найдем свою дорогу», «О молодости», «Поверь науке» и др.), тяжелой жизни трудового народа, социальных противоречий («Бай и честь», «Пропаганда», «Толстосумы, сильные мира сего» и др.), на другие темы («Что необходимо казаху», «Аттила», «Дума», «Начало Слова» и т.д.).

Шакарим создал «Назидания» в стихотворной форме:
Лень достойна укоризны, не достойна добрых слов,
Не стыдись учиться жизни у поживших стариков.

Если ты познал науку, постарайся передать
Знанья сыну, внуку, другу, чтобы мир могли познать.

Твои знанья бесполезны безнадежному глупцу,
что не вытащить из бездны, по его видать лицу.

Знания преображают или губят этот мир.

Важно, кто их применяет – исцелитель иль вампир.

Подлинный глупец не в силах твою мудрость оценить,
Знать, природа обделила, не за что его винить.

И в рубли ты черный камень не старайся превратить,
И коварного стихами к доброте не приобщить.

**2. Шакарим – писатель «Шакарим – классик казахской литературы»**

Заки Ахметов, литературовед

Шакарим – продолжатель реалистических традиций Абая. В его художественном наследии видное место занимают прозаические произведения. Среди них значительным является роман «Адиль и Мария», который он сам назвал «трагическим романом». Написан в 1925 году. Автор описывает широкую панораму степной жизни казахов, их социальное, общественно-политическое положение в 1910-х годах. Тема романа – феодальные пережитки и скорбная судьба казахских девушек.

Главные герои – Адиль, простой крестьянин, и Мария, девушка из бедной семьи. В детстве они были сосватаны родителями, которые умерли, не дождавшись семейного счастья своих детей. Адиль и Мария поженились, но из-за козней местного бая они трагически погибли.

Шакарим издал сборник рассказов «Сад роз» (философские размышления и думы), также «Самосуд или случайность?» (1912, Семипалатинск), «Записки Забытого», написал такие произведения, как «Шынбақтынайнасы», «Мәндісөздер» и другие.

**3. Шакарим – философ, историк-исследователь «Следуя ему (Абаю), избрал путь истины и справедливости, занялся науками»**

Шакарим

Шакарим – продолжатель философских традиций Абая, владел как восточной, так и западной философской культурой, был одним из немногих толкователей Корана применительно к условиям казахской жизни. Писал трактаты по философии, истории, религии.

Изучал произведения Л.Н. Толстого, переписывался с ним, придерживался многих его философских взглядов, верен был основному кредо своего учителя – «Нельзя на зло отвечать злом, ибо это ожесточает людей». Твердо верил в справедливость.

И в своих философских трудах немало размышлений посвятил этой проблеме.

В 1913-1918 годах работал над философской книгой «Три истины», завершение которой растянулось на долгих тридцать лет (начинал в конце XIX века). Философские размышления Шакарима, анализ полемических высказываний ученых Европы о душе и природе человека, первопричине всего сущего, гармонии в природе и другим проблемам, является вершиной философской мысли в степи XIX века и свидетельствуют о том, что Шакарим был знаком с научными трудами многих европейских мыслителей разных эпох. Он проявил глубокую интеллектуальность в анализе различных научных теорий и выработал свои взгляды на нравственные принципы человека. Он считал первейшей потребностью души человека – совесть и вывел свою формулу совести – «…То, что мы называем совестью – это скромность, справедливость, доброта». Эти три категории считал основными жизненными принципами. Он рассматривает такие вопросы, как дух, душа, горение и гниение, совесть, происхождение света и другие.

Данный философский труд не был издан при жизни Шакарима вследствие продолжительности работы над ним, о нем слышали, но единицы могли почитать по переписанному кем-то от руки тексту. Философские изыскания поэта были восстановлены по сохранившимся рукописям и впервые опубликованы на русском языке в 1991 году.

Шакарим писал: «Клад единственный на свете – это знание наук». Знаний он набирался в знаменитых библиотеках Стамбула, Александрии, Парижа, в Мекке и Медине, куда ездил по совету Абая. Великий поэт говорил ему: «В Мекке – средоточие арабских знаний, в Стамбуле – греческих».

Шакарим – автор исследований по истории казахского народа. Труд «Летопись тюрков, киргиз, казахов и тюре (ханов)» опубликован в 1911 году в Оренбурге и содержит фактические материалы о жизни казахского общества XVIII–XIX веков.

Этнофилософскую книгу «Казахи» не успел завершить. Философский трактат «Мусульманство» опубликован в Оренбурге в 1911 году, также изданы книги «Родословная», «Записки Забытого».

Шакарим писал: «Мне мыслить суждено до самой смерти».

## 4. Шакарим – журналист, публицист

*«Белый лист – мой спутник верный,*
*А перо – помощник мне».*
*Шакарим*

Шакарим является одним из первых журналистов казахской степи. Десятки его публицистических статей поднимают проблемы молодежи, жизни народа, социально-экономических отношений, нравственных идеалов, тем самым он проявлял гражданскую активность.

В феврале 1913 года в Оренбурге начала издаваться первая общественно-политическая газета «Казах», руководили изданием газеты Ахмет Байтурсынов, Алихан Букейханов, Мыржакып Дулатов. Шакарим подписался на газету и вместе с деньгами вложил в конверт стихотворение «Поздравление газете «Казах». За пять лет существования газеты (в 1918 году закрылась из-за политических переворотов) поэт опубликовал в ней более двадцати статей.

Печатался и в других изданиях, как журнал «Айкап», газета «Сарыарка», «Тәржіман», «Дала уәлаяты» и другие. Известно, что он призывал народ читать газеты и журналы, выступал в защиту газеты «Казах» и написал стихотворение, где есть строчки: «Газетсіз ел жаны жоқ, өлгенге есеп!».

Известны такие статьи, как «Қазақша ай аттары жоқ» (1918), «Оқып жүрген қазақ баласы дәрігерлерден сұраймын» (1915), «Сөз таласы» (1915), «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» (1912) и др.

Публицистическое наследие пока полностью не восстановлено, не изучено.

## 5. Шакарим – композитор

Шакарим сочинил много мелодий к своим стихам. Он рано научился играть на домбре. Абай специально для него пригласил в аул известного домбриста Биткенбая из рода Керей. Юноша перенял от него образцы шертпе-кюев и айтысов.

Впервые стал сочинять музыку в 14-15 лет. Первую песню «Жастық» («Юность») написал в юношеском возрасте (1879).

Известны такие песни, как «Кунимай», «Эта песня более другая», «О молодежи», «Шын сырым», «Анадан алғаш туғанымда», «Ай-күнім», «Ең қызық жастығын» и другие, которые широко распространились в народе. Отдельные песни записал на ноты известный исследователь музыки А.В.Затаевич. Они исполнялись по радио и телевидению.

Музыкальные произведения Шакарима широко использованы казахскими композиторами-классиками А. Жубановым и Л. Хамиди в первой части симфонической сюиты «Абай».

## 6. Шакарим – переводчик

*«Не пишу я в точности Пушкина слова».*
*Шакарим*

Шакарим последовал примеру Абая, – стремясь познакомить свой народ с лучшими произведениями западной и восточной литератур, – он занялся переводческой деятельностью. Всего известны восемнадцать различных переводов.

Сделал высокохудожественные переводы в стихах прозаических произведений А.С.Пушкина «Дубровский» и «Метель», прозаических произведений Л.Н.Толстого «Три вопроса», «Царь Асар-Хадон» и др., «Хижины дяди Тома» Г. Бичер-Стоу, поэм Физули, газелей Хафиза и Навои, стихотворений М.Ю.Лермонтова, Н.А.Некрасова, Дж. Байрона и других.

## 7. Шакарим – охотник

Шакарим был знаменитым в округе охотником, снайпером. В голодные годы, чтобы помочь сородичам, охотился в горах. В течение десяти лет содержал беркута Балмұздақ (сохранилась редкая фотография поэта с беркутом в руках, сделанная историком, этнографом, филологом, русским ученым Ф.А.Фиельструпом в 1927 году). На охоту выезжал с беркутом и любимой собакой Желқұйын.

В свое время Абай, зная об увлечении племянника охотой, подарил ему охотничье ружье «Винчестер» (в 1930-х годах был конфискован сотрудниками ОГПУ, перед смертью возвращен).

Шакарим очень дорожил подарком Абая, из него он мог стрелять без промаха навскидку в парящего коршуна. Поэт часто повторял: «Мне очень дорог этот «Винчестер»! Ведь это подарок моего брата Абая! Как будто его самого вижу!»

**Литература**
1. Сыдыков Е. Б. Жизнь замечательных людей. Шакарим. – М., 2012.
2. Сыдыков Е. Шакарим. Жизнь казахского поэта. – Алматы, 2013.
3.Абай Кунанбаев. Книга слов. Абай. Записки Забытого. Шакарим. / Пер с каз. К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева. – Алма-Ата: Жазушы, 1992. – 128 с.
4. Шакарим. «Три истины». – Алма-Ата, 1990.

ҒТАХР: 14.07.05

## ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНА НАСИХАТЫ

**Құрманбаева Э., Бекова А.,** студент
«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының дами түсуі, оның динамикасының жаңа өзгерістерге бетбұрыс жасауы, еліміздің тұтас дамуындағы жаңа белестің көрініс табуын көрсетеді. Жаңа белестің негізі білімнің, жаңа технологиялардың, адамзат санасының жаңаша ойлау мүмкіндіктерінің тізгіні болатын инновациялық ойлау мен инновациялық әрекеттің қолданысқа түсуі бүгінгі күннің басты мәселесі екені белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті», – деп көрсеткен еді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өзінің сөзінде: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз... Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болуымен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз», – деп инновациялық әрекетке даяр болудың маңызын атап көрсеткені белгілі [1]. Бұл тұста қазіргі инновациялық үдерістің, инновациялық әрекеттің болмысын ақпараттық технологиялар мен алмастыру бар екенін көрсетеді. Өйткені жаңа технологиямен жұмыс жасаған адам инноватор болмайтыны белгілі, басты мәселе мамандардың инновациялық ойлау дағдысын меңгеруінде, инновациялық әрекет ету дағдыларының қалыптасуында екендігі анық. Осы орайда біз болашақ жас маман ретінде ізденіс жұмыстарын жүргізіп білім берудегі инновациялық ізденістерге аса назар аударып, қазіргі білім жүйесінің негіздерін Шәкәрім атамыздың салып кеткен сара жолымен байланыстырып айтып өткіміз келеді.

Еліміз егемендігін алып, алаш арыстары қайта оралған заманда, ұлттық өркендеуге жол ашылып қоғам жақсаруы, дүниетанымның жаңа методология тұрғысынан обьективті ғылыми зерттелуге мүмкіндік ашылған жағдайда ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасы халық қазынасына айналып отыр. Халық қазынасы оның рухында, рухани сезім негізінде қоршаған ортаны танып білуінде. Осы тұрғыдан алғанда Шәкәрім еңбегі идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі-көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. Шәкәрімнің тәлім-тәрбиеге толы, бай әдеби мұрасында, өзі өмір сүрген кезеңінің қоғамдық қайшылықтары, ақыл-ой ізденістері, толғамды тұжырымдары, зерделі идеялы өшпес із қалдырды. Шәкәрім өмірінің алғашқы он бес жиырма жылы саналы өсуі кезеңі болса, оның рухани өмірге араласуы қоғам дамуының ішкі құбылыстарына қарай туындаған шиеленісте, күрес-тартыста, әлеуметтік қайшылықтарда шыңдалып жетіледі. Осы кезеңдегі қарама-қайшылықтар зерделі ақынның әдеби өмірге құлшына араласып Шоқан, Абай, Ыбырай салған дана жолдарын ары қарай жалғастыруының қозғаушы күші болады.

Ала сапыран заманда «адам» деген атты жоғары ұстап, өмір ағынына қарсы тұру идеясы, қазіргі біздің қоғамымызға нағыз керек тәрбие құралы болып табылады.

Ақылды сол – ынсаппен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жан үшін адамшылық ар сатпайды.

Жастарға айтқан осындай өсиеті – адамгершілік тәрбиесінің барлық бағыттарын көңілге ұялатып, көкірекке қондыратын идеяларға толы. Адалдық пен арамдықтың, жігерлік пен ынжықтықтың, жақсылық пен жамандықтың ара жігін ашып беріп, Шәкәрім атамыз жүрегі егіле,

қазақ баласына, оның болашағына жаны ашып, жігерленсін, оң-солын білсін, өмірде өз орнын тауып биіктеп өсе берсін деп осындай терең ойлы тәрбие идеяларын қалдырады. Тек соны ұғар сана болып, түсінер ойлы бала дегіміз келеді. Тіршілік үшін күрестің шытырман жолында қиындықты жеңу, ғылымды саналы меңгеру негізінде қалыптасады. Ғылыми білімдіі меңгеру негізінде, адамның ми қызметі жаттығады, ойлаудың әдіс-тәсілдері арқылы меңгеру процесі жүріп, таным дағдылары бекиді.

Шәкәрім өлеңдері ойлау операцияларына тікелей ықпал етеді, оның идеялы мазмұны азаматтық сапаларды дамытады, интелектуалды даму бағытына ықпал етеді. Педагогиканың барлық принциптерін ақынның еңбектерінен таба отырып, оның халық ұстазы екендігіне куә боламыз. Халық педагогикасының «жақсыны жақсы десең сақтанады, жаманды жақсы десең мақтанады» қағидасы, Шәкәрімнің «кім айтса да сынамай қойма жаным, ақылыңа сынатып ойла жаным, пәленшеге айтқан сөз дұрыс қой деп, жүректің таразысын жайма жаным» шумақтары идеялық сарыны мен, рухани бағытымен синтезделіп үндесіп тұр. Олай болса, түйсініп тану теориясының, адам бойына түйіткtену арқылы сіңіру ұстанымының және этнопедагогиканыңғибраттану теориялық тұжырымын көрсетеміз [2].

Ұлы кемеңгер, халық ұстазы Ш. Құдайбердіұлы нағыз педагог-психолог. Ұлттық педагогиканың және біз жас педагогтардың алдында тұрған міндеттердің бірі қазақ халқының ойшыл кемеңгер бір туар ғұламаларының, қайталанбас еңбектеріне терең көз жүгіртіп, психо-педагогика тұрғысынан зерттеп, тәрбие құралы ретінде қолдану. Сондықтан, ақынның психо-педагогикалық идеясымен жастарды таныстырып, терең ойлы мазмұнымен сусындатса ұлтымыздың, мемлекетіміздің болашағына нұр құйылатыны сөзсіз анық. Шәкәрімнің педагогикалық идеяларын қазіргі кезде инновациялық білім беруде қолданса болашақ ұрпақ сапалы білім, саналы тәрбие және мемлекетіміздің өркендеп, өсуіне өз үлестерін қосатындарына сенімдіміз. Ол үшін педагогикалық инновацияны тек оқушыға білім берумен ғана шектелмей, оқушының бойында жақсы әдетпен, ұнамды мінез-құлық қалыптастыру бағытында да қолдануымыз қажет. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Педагогикалық инновация – педагогикалық іс-әрекетке жаңалық енгізу, тиімділігін арттыру мақсатында оқыту мен тәрбиелеу технологиясына және мазмұнына өзгерістер енгізу. Тұлғаның инновациялық потенциалын келесі негізгі параметрлермен байланыстырады:

- жаңа идеяларды ойлап табу және оны жүзеге асыру, ең бастысы – оларды практикалық түрде жобалау иен пішіндеу шығармашылық қабілеті;
- мәдени-эстетикалық дамуы және білімі;
- өз іс-әрекетін жетілдіруге дайындығы және сол дайындықты қамтамасыз ететін ішкі әдістер мен құралдардың болуы.
- дамыған инновациялық сана (дәстүрлімен салыстырғанда инновациялық қызметтің құндылығы, инновациялық қажеттіліктер, инновациялық тәртіп мотивациясы).

Бастауыш, негізгі, орта мектепте білім беру жүйесіндегі жаңашыл ізденістердің нәтижесі кең ауқымда орын алған оқу бағдарламаларын жаңғырту барысында инновациялық үдерістің мәртебесі ерекше деңгейге көтерілді деп айта аламыз. Өйткені жаңартылған оқу бағдарламаларындағы білім мазмұны кеңестік дәуірдің бұлжымайтын заң сияқты қабылданатын жаттанды ақпараттардан емес, оқушының өз бетімен білім ала білуіне дағдыландыратын оқу мақсаттарынан құралады. Ал осындай динамикалық болмысы қуатты жаңартылған білім мазмұнын оқушыға меңгертетін субъект – мұғалім болса, онда болашақ мұғалімдерді дайындауда олардың инновациялық әрекетке толыққанды дағдыланып, оқушыларға білім берудің бір түрін емес, бірнеше жаңа жүйелерін меңгеріп және заманның даму қарқыны мен өзгерістеріне уақытылы бейімделе алатын маман тұлғасын қалыптастыруды қаматамасыз ету қажет.

XXI ғасырда білімнің, жалпы қоғамның дамуын қамтамасыз ететін басымдықтағы құндылықтардың жеделдете ауысып жатқаны айқын байқалуда. Жалпы адамзат өркениетінің алға қарай қарқынмен басқан әр қадамы өмірге бейімделгіш жаңа шарттар мен оларға тән амал-тәсілдердің де туындауына негіз болып отыр. Әлемнің барлық елдерінде дерлік ұлттық білім берудің барлық жүйесіне қозғау салатын реформалау немесе жетілдіру үдерісі жүргізілуде. Қазақстан Республикасының бастауыш білім беру жүйесі Тәуелсіздік алғаннан бері үздіксіз жетілдіріліп, қарқынмен дамытылып келеді.

Осы тармақшаның мақсаты – жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау мәселесінің зерттелу жайына шолу жасау және талдау. Қазіргі замандағы ғылыми зерттеулерге талдау жасау алдында қазақстандық ағартушылардың инновациялық әрекеттің бағытында қалдырған ой-пікірлеріне тоқталып өтеміз. Ыбырай Алтынсарин

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деп, жаңалықты қабылдауға жақсы дайындықтан өткен мұғалімнің білім беру ісіндегі рөлін жоғары бағалағаны белгілі [4]. Ұлы Абайдың «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» деген нақыл сөзінде мұғалімнің барлық уақытта ізденісте, барлық уақытта жаңашылдыққа дайын, өз ісінде инноватор болуы керек екенін көреміз. Мұғалімге пәндік білімі жоғары, өзіндік кәсіби қасиеттері ерекше дамыған, педагогикалық іс-әрекет теориясын терең меңгерген, өз ұлтының мәдени мұрасы мен салт-дәстүрін білітін, өзге мәдениетке құрметпен қарайтын тұлға ретінде талап қойған.

Инновациялық оқыту технологиялары туралы ой-пікірлердің бастауын Я.А.Коменскийдің еңбектерінен де табамыз. Я.А.Коменскийдің айтуынша, дидактика үшін аса қажет нәрселер ретінде: біріншіден, жан-жақты ойластырылған мақсаттарды атаймыз; екіншіден, сол мақсаттарға жетуге сәйкес орайластырылған құрал-жабдықтарды айтамыз; үшіншіден, мақсаттың орындалуын қамтамасыз ететін нақты құралдарымызды қолданудың берік ережелерін табуды айтамыз [5].

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының кезінде жақсы дайындалған жас мұғалімдер туралы айтқан сөзінің дәл осы күнгі инновациялық үдеріске қатысты айтқандай екенін көруге болады: «Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері, пікірлері жаңа. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүнияда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар» [6]. А.Байтұрсынұлының осы сөздері мұғалімдікке арнайы дайындалып, мектепке жаңа келген жас маманның өмірмен тығыз байланысы орнап, ол тұрақты сақталуы үшін әрдайым әр жайдан хабардар, ізденімпаз, жаңа мағлұматы мол тұлға деңгейін жетілуі тиіс екенін танытады. Жоғарыдағы ойшыл-ағартушыларымыздың ой-пікірлерімен толық келісеміз. Өйткені, болашақ педагогтерді даярлау білім беру жүйесіндегі ең маңызды үдеріс болып табылады. Сонымен бірге қазіргі ақпарат пен сандық технологияның кең дамыған кезеңінде педагогтерді даярлау үдерісі күнделікті дамытып, жетілдіріп отыруды қажет етеді [7].

Жоғары оқу орындарында және ТжКБ ұйымдарында болашақ бастауыш сынып педагогтерін дайындау үдерісінде жүзеге асырылып жатқан көптеген құнды жаңа бағыттар, сонымен бірге осы жүйедегі зияткерлік, инновациялық, дидактикалық, IT сауаттылық әлеуетті құндылықтар болып саналатын білім мазмұны болашақ бастауыш сынып педагогтерін жоғары оқу орнында инновациялық әрекетке арнайы даярлаудың мүмкін екенін және оны сапалы ұйымдастырудың сенімді өлшемдері ретінде болады. Ертеңгі күні өмірлік тәжірибелік алаңы – мектепке барған кезде болашақ бастауыш сынып педагогтерінің білім алу сапасы да танылатыны анық. Бұл мәселе бастауыш мектеп үшін ғана емес, негізгі мектеп пен орта мектеп үшін де өзекті екенін атап кету керек. Осымен де байланысты, көптеген түсініспеушіліктердің туындап жатқаны белгілі. Жаңартылған білім мазмұнында берілген оқу бағдарламалары – инновациялық туынды, инновациялық жүйеге негізделген бағыт-бағдармен білім беруге бағытталған технология. Ал жоғары педагогикалық білімі бар мамандар инновациялық әрекетке арнайы даярланбағандықтан, мектептегі жаңартылған оқу бағдарламасын жүзеге асыруға дәстүрлі әдістемелік жүйемен кірісетіні белгілі.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау болашақ педагогтердің шынайы өмірдегі оқыту-тәрбиелеу тәжірибесінде жаңашылдықты жасауға, игеруге, меңгеруге және пайдалануға кірісуі дегенді танытады [8]. Сондықтан ЖОО-да және ТжКБ ұйымдарында болашақ педагогтерді инновациялық әрекетке даярлаудың қажеттілігі артып отыр. Бұл өз кезегінде, өздері қызмет ететін білім беру мекемелерінде жергілікті ерекшеліктерді ескеретін стратегияларды қолдануға, жүйелі өзгерістерге бейімделетін инновациялық орта құра білу дағдылары қалыптасқан маман дайындау дегенді танытады. Осы бағыттағы мәселелерді тиімділікпен шешу мақсатында қазақстандық педагогикалық сала ғалымдары мен мамандары көпқырлы зерттеулер жүргізіп келеді. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау тәжірибесі мен осыған байланысты жүргізілген зерттеулерді талдау барысында осы мақсатқа жетуге бағыт ұстанған жобалар мен инновациялық алаңдардың, еңбектердің молдығы анықталды. Олардың әрқайсысының түрлі көлемде қамтитын мақсаттары мен міндеттері, түрлі теориялық тіректері, өзара бір-біріне тәуелсіз жүйелері қалыптасқанына талдау негізінде көз жеткізуге болады.




Қазіргі таңда ТжКБ ұйымдарында және ЖОО-да инновациялық және интерактивтік әдістемелерді сабақ барысында пайдалану, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Сондықтан қазіргі заманғы оқыту технологиялар әрбір студенттің білім беру үрдісіне шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер берумен қатар, студенттердің жеке қасиеттерін сипаттауды қалыптастырады. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі болып табылады. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикадағы оқыту технологияларын меңгерту. Соңғы кездері білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды кеңінен қолдана отырып, студенттерге өзіндік және топпен бірлесе жұмыс жасауды үйретеді. Педагог мамандарын дайындайтын оқу орындарында инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Болашақ жас мамандарымыз білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін инновациялық-педагогикалық технологияны меңгерсе, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог, зерттеуші, жаңаша мұғалім болып шығады.

Қорытындылай келе, Шәкәрім Құдайбердіұлы жастарды халықына еңбек қыл, Адамдық борышың, арыңды сақта, ақ жолдан тайма, талаптан білім мен өнер үйрен соны біл деген! Мемлекетіміз өркендеп өсуі үшін адал қызметтер атқару біздің басты міндет, парызымыз. Осы ұлы сөздерден бізде шабыт алып алға қадам бастадық. Шәкәрім атамыздың салып кеткен сара жолын жаңғырып, білім беру саласындағы инновациялық мәселелерге жаңа дем беріп жас ұрпақтың санасына сіңіріп тәрбие беретін біз жас мамандар. Осы жолда жүру өзіміз үшінде үлкен мәртебе!

**Әдебиеттер**

1. «Егемен Қазақстан» газеті. – 2021, маусым //https://egemen.kz/article/278654-toqaev-iyu-nynh-ghylym-dgane-tekhnologiyadgonindegi-sammitine-qatysty 18.01.2020.
2. Шәкәрімтану мәселелер (4) «Талас-Пресс» баспаханасы. Новосибирск қаласы [216].
3. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, № 319 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ 23.02.2020
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы. Шығармалары. – Алматы, 1955. – 273 б.
5. Коменский Я.А. Великая дидактика. – М.: Педагогика, 1989. – 326 с.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: АбзалАй, 2013. – 605 б.
7. Стамбекова Ж.К. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлығының мәні // Заманауи мектепке дейінгі білім беру: трансформация, даму векторлары.
8. Стамбекова Ж.К., Жұмабаева А.Е., Умирбекова А.Н. Бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби даярлығын қалыптастыруда инновациялық әрекеттің тиімділігі // ҚазҰҚПУ Хабаршысы. – 2020. – № 4(84). – 171-177 б

ҒТАХР: 17.01.17

# ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «АР-ҰЯТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

**Шакенова А.Р.,** филология ғылымдарының магистрі
№ 16 орта мектебі
(Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шәкәрім өз шығармаларында адамдық, адамгершілік мәселесіне көптеп тоқтаған. 1912 жылы «Айқап» журналына Шәкәрім Құдайбердіұлы «Менің бес сұрағыма жауап берулеріңізді өтінемін. Жазылуды ұмытпаңыз, мекен-жайыңды көрсет, егер бұған Құдай ерік берсе, материалдарды жеке кітапқа шығарамын. Ол адамдарға пайда әкеледі деп ойлаймын. Егер сіз менімен келіссеңіз, онда жауап үшін жеті тиыныңызды аямаңыз. Қандай жауап берсеңіз де, дәлеліңіз не екендігін көрсетіңіз» – деп өтініш айтады.

1. Ар-ұждан дегеніміз не?
2. Адам өмірінің мәні неде?
3. Ең жақсы адам кім?
4. Адамның адамгершілігі уақыт ағымына қарай өзгере ме?
5. Адамның адами қасиеті жаңара ма, әлде туа біте ме?

Бірақ 1931 жылы қазан айында Шәкәрім Саят-Қора жерінде «тәртіп сақтаушылар» қолынан қаза тапты да, өкінішке орай кітап жазылмай қалды Оның шығармаларында «ар білімі» деген термин көптеп қолданылған. Ол «ар» сөзін «совесть» деп тәржімалаған. Ар дегеніміз не? Ол тек адамға ғана қатысты түсінік. Михаил Лермонтов: «Адам ісіне құдаймен бірге төреші бір нәрсе бар, ол – ар» деп айтқан. Абай аудармасында ол өлең былайша келтірілген:

Менің сырым, жігіттер, емес оңай,
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысыоның – арым мен бір-аққұдай.

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді. Шәкәрімнің ұстазы, әрі туысы ұлы Абайдың адамгершілік, арлылық деген ұғымдарын өзі де өміріне үлгі етіп алған.

Философ Ғарифолла Есімнің айтуынша: «арлы адам, алдымен, құдайына қараған, құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар – әр адамның өз ісінің төрешісі». Ғ. Есім: «Құдай құратын «сотқа» дейін адам өзінің арының алдында жауап бермек», – дейді. «Менандрдың: Әр адамның құдайы – өзінің ары» деген сөзі тағы бар.

Бізде «ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан қандай анықтама беріледі? «Шәкәрім» энциклопедиясында А. Тоқсамбаева: «Ар – адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қисиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», – дейді.

Ар – адамдық сананың негізі деп: «ар түзер адамның адамдық санасын» деген өлең жолдарымен Шәкәрім де айтқан. Шәкәрімше айтқанда ар өзіне жақын, әлі ара жігі ашылып зерттелмеген ұят, ұждан ұғымдарымен бірлікте.

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді. Оның шығармаларында өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сәйкес келетін және сол идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтер тапқанда ғана сол туындыны жазуға бой ұрады. Оның шығармаларында өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сәйкес келетін және сол идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтер тапқанда ғана сол туындыны жазуға бой ұрады

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып, «көппен көрген ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда?

деген қазаққа Шәкәрім ең бірінші орынға арды қояды.

Оның шығармаларында «ар-ождан» деген термин көптеп қолданылған. «Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда? Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?» Көптеген адамдар бұл сөздің мәнін ұғына бермейді. Негізінде бұл түсінік тек адамға ғана қатысты. Бізде «ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан: «Ар-ождан – сіздің әрекеттеріңіз, күмәніңіз, көңіл күйіңіз туралы ой». Ал психолог ғалымдар адамның жаман іс-әрекеттеріне тосқауыл болатын ар-ождан дейді.

Францияның атақты жазушысы Виктор Гюго: «Жақсы болу оңай; ең қиыны – әділ болу. Ең мінсіз әділдік ол – ар-ождан» деп тұжырымдайды.

Философ Ғарифолла Есімнің айтуынша: «Арлы адам, алдымен, құдайына қараған, құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар – әр адамның өз ісінің төрешісі», – дейді. Шәкәрім адам болмысының мәні мен мағынасы мәселелерін тереңнен зерттеді. Адам ар-ождан туралы ілімді қалыптастырмас бұрын өмірдің мәнін түсіну және ондағы адамның рөлі жайлы әуелі жан-жақты ой тұжырымдауға жол ашу керек. Мәселен, Шәкәрімді өмір бойы толғандырған, ақиқатты іздеуге серпін берген мынандай үш сұрақ: Бұл өмірге қайдан келдім? Осы өмірден кейін қайда барамын? Осы өмірде дұрыс өткізу үшін не істеуім керек? Бұл сұрақтар оның шығармашылығының негізгі жүйесі болып, қара сөздері мен өлеңдерінде жиі көрініс тауып отырды. Мысалы, 1919 жылы 61 жасында жазған «Көңіл» атты өлеңінде: «Келіп қайдан, барам қайда? Не қылғаным болар пайда? Қалам ба мола боп сайда?» – деп осы ой өмір бойы көңілімде тынымдап тынбаған дейді ойшыл.

Ал одан бұрын «Үш анық» атты философиялық трактатында: «Қырықтан аса бергенде Ақылым қылды шерменде: «Дінім қалай, жаным не, Жоғалам ба өлгенде? Әлемді кім жаратқан, Осынша түрлеп, таратқан?», «Ақирет деген немене, Шыққан жан келе ме, Кіре ме осы денеге, Дәлелі қайсы сенгенде?». Жоғарыдағы бұл сұрақтар кез келген адамды толғандырмай қоймайтын, адам болмысының мәнін айқындайтын сауалдар. Әрине, бұл сұрақтарды өзіне-өзі қоймайтын, өз көңілі құп алатын жауабын тапқанда ғана көңілі орнығатын, тіптен әр кезеңінде жаңартып өзіне қойып отырмайтын адам кем де кем шығар. Шәкәрімнің шығармаларын оқып, көкейіне тоқыған әрбір шәкірт, осы сауалдарға көңілі толар, ойына қонар жауап табары сөзсіз.

Бүгінгі жаһандану аясында сыни ойлау мен жаңаша ойлардың туындауы құнды. Шәкәрімнің ашық идеяларына арқау болып, оның жалпы және сыни – ойларында адам болмысын былай ашықтайды: «Адамның ең асылы – Қиянатсыз ақ пейіл. Ең зиянкес жасығы – тайғақ мінез екі тіл. Сөз, мінез құбылса, Ар, иманы жоқ деп біл. Мейірім, ынсап, ақ-пейіл, адал еңбек, Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол». Шәкәрім бұл өлеңінде ең зиянды адам – мінезі тайғақ, екі сөйлейтін адам. Екі сөйлеп, екі жүзді әрекет жасайтындарды да ары жоқтар қатарына қосады. Ал мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің бойынан табылса, сол шын адам. Оның пікірінше, адамның кәміл болуы адал еңбек, арлы ақыл-ой, шынайы жүрек болуы тиіс. Мейірімділік, қайырымдылық, ұстамдылық, саналылық, адалдық, төзімділік, әділеттілік – міне, осы қасиеттер адамға ажырамастай тән болуы керек. Бұл тұрғыда данышпан Абаймен үндестігі сезіледі. Абай ұлы емес, адам ұлы болуды мақсат етсе, Шәкәрім де адам ұлы болуды өмірлік ұстанымы еткен. Арманым байлық, мансап, мақтан емес – Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы», – дейді. Шәкәрім тұлғаның адамгершілік кемелденуін ғылым және біліммен байланыстырады.

Ойшылдың пікірінше, шынайы игілікке ғылым арқылы жетуге болады. «Ғылымсыз адам – айуан, Не қылсаң да ғылым біл… Күні-түні дей гөрме, ғылымізде, Қалсын десең артыңда адам атың». Ұлы ойшыл «Білімділерге бес сауал» атты мақаласының бесінші сыни сұрағы былай қойылған: «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара ма? Қай түрлі жауап берсеңіз де дәлеліңіз не?» – деп анықтай түседі. Әрине, бүгінгі күні көріп отырғанымыздай адамдардың адамгершілігі, парасаттылығы, имандылығынан гөрі пендешілік деген затымыз басымырақ болып бара жатқандай. Оған дәлел көп. Бұл – бүкіл ұлтқа, мемлекетке үлкен қауіп.

Шәкәрім өзінің «Адамдық борышы» атты өлеңінде өзі қойған сұраққа былай жауап қайырады: «… Өміріңді сарп қыл өлгенше, Жоба тап, Жол көрсет, Келешек қамы үшін… Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң, Шын бақыт, Осыны ұқ…», – деп терең мазмұнда жауап беріп отыр. Біз заман өткен сайын әрбір адам «Барын, нәрін тірлікте беріп, ғибрат алар артында із қалдырып» отырса, шынайы бақыт осы екенін терең ұғындырса керек.

Қазақтың ұлы ғұламасы Шәкәрімнің дүниетанымының туына себепкер болған немере ағасы Абай атамыздың айтқан сөздерімен түйіндегіміз келеді: «Өлді деуге болама ойландаршы. Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп мұның шешімін тапқан ойшыл Абайдың сөзі дәлел болмақ.

«Жастайынан бастап адамдардың бойында жоғары парасаттылық, өзін-өзі қадірлеу сезімін тәрбиелеу керек, бұл оның өзіндегі айуандық инстинкті жоюға, қауіпті құмарлықты құртуға көмектеседі. Сонда ғана адамның және адамзаттың түзелетініне үміттенуге болады.» – Ш. Құдайбердіұлы.

Ар адам бойындағы айрықша орын алатын құндылық. Оны жетілдіріп өсіре түсу де, құртып, жоғалтып алу да адамның тағдырына, өзіне қатысты болады. Адамның өміріндегі жақсылық та, жамандық та адамның бойындағы ардан бастау алады, ардан аттап кету, адамның өз болмысын жоғалтуға апаратын әрекет. Сондықтан адамзат өз болмысынан айырылмау үшін, арына кір келтірмей оны таза ұстау қажет. Ар сенің басқа адамдардың алдындағы адамдық болмысыңды айқындайтын, өзіндік дараша бейнең болып табылмақ. Ары жоғалған адам бет әлпетсіз, бейнесіз, мүсінсіз қалған бейне ретінде ғана қалмақ және адамдықтан, тыныш өмір сүру мүмкіндігінен де айырылмақ. Сондықтан, адамзат өз өмірінде арына көлеңке түсірмеуі қажет. Арлы адамның әр ісі ізгілікке бастайды.

Адам дегенде халық арасында кімдерді айтамыз, бойында ұят, ізгілік, адамгершілік, парасаттылық, қайрат, жігер, жауапкершілік, кісілік, намыс, талап, ерлік секілді асыл қасиеттері бар адамдарды жатқызамыз. Арлы адам өз бойына жақсылыққа бастар қасиеттерді қалыптастыруға тырысып, жер бетіндегі адамзат баласына көмек қылуға әзір тұрады, әр ісі мейірім мен шапағатқа бастайды, зұлымдық атаулы ауыздықталып, қиянатсыздық, адамсүйгіштік әрекеттер көбейеді, сол арқылы бақытқа қол жеткізеді. Философия тарихындағы ойшылдардың дүниетанымына философиялық анализ жасау арқылы, ар адам бойындағы ең басты адамшылыққа бастайтын, жақсылыққа жетелейтін қасиеті ретінде таниды.

Қазақ та «малым – жанымның садағасы, жаным– арымның садағасы» деп ар-ұятты, береке-бірлікті жоғары қойған халық. Өткен тарихымызға жүгінсек бабаларымыздың өмірінде ар-ұят категориялардың негізі болып табылған, оны жоғалтса кісіліктен айырып, адами құндылықтары арзандап, рухымыз тапталады деген идеяға сәйкес өмір сүрген. Сондықтан, әр істі ар мен ұятқа жеңдіріп отырған. Сол арқылы өз өмірлерінде жамандыққа жол бермей, жақсылыққа жанашыр бола білген. Ар-ұятыңды таза ұстағың келсе, тәкаппарлықтан, өзімшілдіктен алыс жүру қажет. Арлы адам үшін ең басты құндылық көңілінің, жүрегінің, жанның тазалығы. Арлы адам жалған дүниенің қызығына салынбай, жүрекпен көңілдің тазалығын сақтауды өмірінің мұратына айналдырмақ.

Қазіргі кезде Қазіргі таңда шыны керек, қоғамда ар, ұят, иман деген құндылықтар азайып бара жатыр.Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту – өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру Ол рухани, адами тұрғыдан болсын немесе жүріс-тұрыс, киім-киіс тұрғысынан болсын.Ар ұждан адамның жан дүниесінен астап алып, оның Отан, отбасы, бауыр, қоршаған орта мен табиғатқа деген кіршіксіз сезімінен байқалады.

Қазақта «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген мәтел бар. Бұл арқылы адам жан дүниесі армен өлшенгенін байқауға болады. Адам өз бойындағы ең асыл құндылық иман, ар-ождан қазынасы екенін танып білгеннен кейін, оны қорғау, ұлғайту қамымен ғылым, білім іздеп еңбектенсе ол шын мәніндегі намысты тапқаны күмәнсіз.

**Әдебиеттер**

1. М. Әуезов. Таңдамалы. – Алматы, 1997. – 56-58 б.
2. Н. Ғабдуллин. Абай тағлымы. – Алматы.: Жазушы, 1986. – 133 б.
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазақ айнасы. – Алматы, 2008. – 286 б.
4. Ғарифолла Есім. Хакім Абай. – Алматы.: Ата мұра, 1994. – 200 б. Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тіл. ауд.
5. Ж. Баласағұн. – Алматы.: Жазушы, 1986. – 616 б.
6. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы: [2 т.]. 1-ші т. / А. Құнанбаев. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1961. – 677 б.
7. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы / Ғ. Есім. – Алматы.: Қазақ университеті, 2006. – 214 б.

ҒТАХР: 03.09.03

# ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ МҰРАСЫ

**Шакарова А.С.,** тарих пәні мұғалімі
«Шәкәрім атындағы көпбейінді № 5 гимназия» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ мәдениеті тарихында орны зор, еңсесі биік ерекше тұлға. Шәкәрім заманының озық ойлы демократы, ірі ағартушысы, терең ойшылы, қоғам қайраткері, әрі ақын, әрі тарихшы. Қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген қаламгер.

Шәкәрім де осы заман адамдары сияқты кітап сөзінің артықшылығын терең түсінген адам. 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» еңбектерінің Орынборда автордың өз қаржысына жеке кітап болып шығуы – соның дәлелі. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресінде» қазақ тарихын ғұндар мен көне түркілерден бастап, Шыңғыс ханның үрім-бұтақтарын қосып, XV ғасырдағы қазақ хандығына дейін жеткізген. Өкінішке орай, біздің тарихта осы кезеңдерді зерттеу мәселесі әлі күнге дейін ақсап келе жатыр. Заманында Алаш ардақтылары Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов Шәкәрім қажының шежіресіне өте жоғары баға берді [1].

Филология, философия, тарих, мәдениеттану, өнертану, дінтану, музыка, т.б. салаларда Шәкәрім мұрасын зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектері азды емес. Шәкәрім мұрасын зерттеушілер бір контекст аясында бауырдай болып бірігуге мүмкіндік алды. Семей қаласының XX ғасырдың басында Алаш қаласы атанып, Алашорда үкіметі ту тігіп халық тағдырына қатысты үлкен бастау алған шаһар екенін бәріміз білеміз. Тарихи таным деген ұғым бар, біз алаш алыптарына жүйелі түрде құрмет көрсетіп, жалпы қазақстандықтар алдында насихаттап отырғанымыз дұрыс болар.

Дәстүрге айналған «Алаш оқулары» мен «Шәкәрім оқулары» өтіп тұрады. Яғни, ғылыми-теориялық конференция, дөңгелек үстел, магистранттар мен студенттер зерттеуі, т.б. нақты атайтын болсақ, Алаштану ғылыми-зерттеу орталығынан бүгінге дейін бірнеше еңбек жарық көрген. Алаштың ұранға айналған дәуірлі кезеңі тарихи санада сақталғанын білеміз. Ал ұран дегеніміз рухқа негізделеді. «Данышпан ақын Шәкәрім бабаларың «Құбылған әлем жарысы. Ақылды жанның табысы» деп бекер айтпаса керек. Олай болса, бізге, яғни жастарға жүктелетін міндет те үлкен. Бүгінде еліміздің даму сатысы маңызы үлкен межелі тұста тұр. Сондықтан, отандық рухани ғылым саласының әлем мен адамзат алдындағы ең басты міндеті халқымыздың мәдениетін зерттеу ғана емес, ізгілікпен насихаттауы деп айтқан Тұрдықұл Шаңбай [2].

Ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының Алашорда үкіметіне қатысы туралы кейбір жайларды, ең алдымен оның Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановпен арадағы үлкен достық қарым-қатынасына байланыстыра отырып айтқан дұрыс. Өкінішке қарай, кешегі кеңес өкіметі кезінде бұл тақырыпта сөз қозғау мүмкін болмады. Алаш зиялылары артына қалдырған бай әдебирухани құндылықтарды ұлт игілігіне айналдыру тұрмақ, олардың есімдерін атаудың өзі қорқынышты болды. Алайда, дана Абайдың немере інісі, ақындық мектебінің ірі өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлын мүмкіндігінше әдеби шығармашылық тұрғыда ақтап алуға тырысты. Оған ғұлам жазушы Мұхтар Әуезовтың алғаш 1950 жылдары Шәкәрім мұрасына Шәкәрім Құдайбердіұлы араша түскен жанкешті әрекеті жеткілікті дәлел болады. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлының XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бірінші ширегіндегі гуманистік, қоғамдық-ағартушылық бағыттағы қызметі туралы мүлде айтылмады. Дегенмен, 1980 жылдардың соңына қарай кеңестік қоғамда бел алған демократиялық жаңаруларға байланысты бұрындары тыйым салынып келген Шәкәрім шығармашылығына елдің қайта қызығушылығы артты. Әдеби және ғылыми қауымның сұрауына орай, 1987 жылдың желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының шешімімен құрылған Шәкәрім Құдайбердиевтің әдеби мұрасын зерттеу жөніндегі мемлекеттік комиссия 6 айдай жұмыс істеп, ұлкен шаруа тындырды. Соның нәтижесінде, 1988 жылы тұңғыш рет республикалық «Жазушы» және «Жалын» баспаларынан Шәкәрім шығармалары екі бірдей кітап болып жарық көрді. Алайда аталмыш жоғары билік органы ғұлама ақынның әдеби мұрасы ел игілігіне жарату жайындағы мемлекеттік комиссиясының ұсыныстарымен келіскенімен, оның Алаш орда үкіметіне қатысын «уақытша жаңылысулар мен қателесулер» немесе «ақын дүниетанымындағы шектеуліктің көрінісі» деп бағалады. Әлі де бұрынғы пікірінен қайта қоймаған Компартияның Шәкәрімді ақтаудағы берген саяси бағыт. Тек 1990 жылдары Кеңес Одағы ыдырап, тарайтын тұста құрылып, жұмыс істеген

мемлекеттік комиссия ғана Шәкәрім Құдайбердіұлын Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтармен бірге толықтай ақтап алды [3].

Ал енді жоғарыда айтылған Әлихан мен Шәкәрімнің достығына келсек, олардың бір-бірін сырттай болса да танып-білуі сонау 1900 жылдары, дәлірек айтқанда, болашақ Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхановтың қазақ жер пайдалануын зерттеуші Ф. Щербина экспедициясы құрамында ғылыми жұмыстармен айналысып жүрген кезінде басталса керек. Мысалы, ол «Қалқаман – Мамыр» мақаласында («Казақ», 1915, № 121): «1900 жылы Шыңғыс елін жазған Иван Филиппович Гусев Шәкәріммен сөйлескен. Маған сонда айтты: «Жұрттың бәрінің ауызға алғаны Абай. Шәкәрімнің білімі де қазақта жоқ екен деді», – деп еске алады.

Алаш көсемі Ә. Бөкейханов осы «Көкітай» атты мақаласында 1907 жылы ол аталмыш мақаласында: «…1908 жылы Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде, Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл әдейі қалаға келіп, тағы біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда, олар тағы келіп амандасқан. Бұған өзге қазақ жарамады-ау…» – дейді. Жалпы, Шәкәрім Құдайбердіұлы патшалық Ресейдегі бірінші орыс революциясынан басталатын Алаш ұлт-азаттык козғалысына білек сыбана белсене араласып кетпесе де, оның Әлхан Бөкейханов қызметімен тығыз байланысты қоғамдық-саяси окиғалардың бел ортасында жүргені байкалады.

Белгілі алаштанушы ғалым М.Қойгелдиев болса, «Ұлттық саяси элита» кітабында 1906 жылы Әлихан Бөкейхановтың басқаруымен Семейде өткен казақ кадет партиясының жиынында Шәкәрім Құдайбердіұлы да қатысып, сөз сөйлегенін айтады [4].

Ұлт деп аталатын ақиқаттың негізгі екі тұғырының бірі тіл болса, екінші тілдің негізгі тасушысы – мәдениет. Мәдениет саласының ішіндегі адам мен қоғам үшін ең ықпалды әрі маңыздысы да дін екендігі мәлім. ХХ ғасырдың басындағы қазақ ақындарының шығармашылық мұрасы әдебиет пен ұлттық руханияттың дамуындағы өзіндік «алтын ғасыр» болып табылады. Бүгінгі таңда қара жамылған тарихтың «ақ дақтары» ашылып келе жатыр. «Кері қайтарылған» есімдерді зор мақтанышпен қабылдайтын хәлге келдік. Кері қайтарылғандардың арасында ұлттық-рухани бағыттағы ағартушылыққа зор үлес қоса білген Шәкәрім Құдайбердіұлы есімін кездестіруге болады. Бұған 2008 жылы Шәкәрімнің 150 жылдық мерейтойы Қазақстан мен одан тыс жерлерде ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтілуі дәлел бола алады. Шәкәрім өз жұмысымен дәстүр мен жаңашылдық мәселесін шеше білді. Қазақ әдебиеті, барлығымызға мәлім болғандай, өзінің қалыптасуы мен дамуында фольклорға, ақындар шығармашылығына, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың көркемдік тәжірибесіне сүйенді. Бұл секілді науқандар Шәкәрімнің ізденісіне, поэзиясына шабыт бере білді.

Шәкәрімнің дүниетанымы әралуан және күрделі болды. Ішкі жан дүниесінде гуманизм мен ағартушылық, діндарлық пен жоғары идеалға деген махаббат, аскетизм мен діни мораль, адамгершілік пен философиялық дүниетанымдар тоғысқан. Еңбектерінде адам құмарлығының құндылықтары туралы ой-толғамы терең және скептицизмге толы. Қазақ жұртшылығына белгілі түркі ислам мәдениетін қалыптастырған Ахмет Ясауи, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы секілді ұлы бабаларымыз бүкіл қазақ әлеміне өзінің шығармалары арқылы кеңінен танымал болғаны мәлім.

Шәкәрімнің ақын «әділеттіліктен әрдайым жеңісті күтеді, өйткені лайықты еңбектің жемісі өлмейді және тек махаббатпен үйлескен еңбек қана біздің күндеріміздің гүлденуі мен бақытын жасайды», – деп нық сенді. Шәкәрім Құдайбердіұлымен бірге қазақ халқының көркемдік дамуындағы тұтас кезеңі де жүріп жатты. Ол өз заманының ең сүйсінген ақындардың бірі болған. Сондықтан болар Шәкәрімнің поэзиясы халықтың жан дүниесінде сақталып, қоғамымызды демократиялық қайта құруға қызмет етеді.

Шәкәрімнің философиялық қалыптасуы қажылық кезеңнен басталады. Қазақтардың ұстанған мұсылманшылығына қанағаттанбағандықтан сенім, дін, көркем мінез-құлық мәселелеріне терең сүңги бастайды. Ұстазы Абайдан кейінгі тұлға ретінде Л. Толстойды таныған, онымен біраз хат алмасқан, философиялық ой-толғауларымен танысқан. Шәкәрім қажы қазақ қоғамының тек сыртқы келбетіне емес, сонымен қатар ішкі жан дүниесіне мән бергенін жазған шығармаларынан байқауға болады [5].

Адамды аң орнына атасың», – деп айтқан. Қажекеңнің бұл сөздері қазақтардың арасында рия, тәкаппарлық, айлакерлік, көзбояушылық секілді теріс қасиеттерге «соғыс» жариялап, тақуалықты, турашылдықты насихаттаған. Шәкәрім еңбектерінің арасында «Үш анық» атты кітабында үш түрлі анықтан сөз қозғайды. Оның біріншісі, Жаратушы туралы ойын жеткізеді. Ислам дінінің негізі мен мәні болған тақырып. Екіншісі, жан немесе рух мәңгілігі. Ұлы ақын жан терминімен сананы, ой мен ойлауды, ақылды байланыстырады. Үшіншісі, осы жанның екі өмірдегі азығы – ар-ұждан. Бұл туралы

ол «Адамдығы нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ұждан, орысша совесть бар», – деп келтіреді.

Осылайша Шәкәрім қазақи дүниетанымның негізін салмаса да, ұлттық болмыс пен ұлттық код мәселесінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғұлама. Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елінің қалай да болса өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынды. Егер біздің ғылым-білімге, таңсық дүниені зерттеп тануға деген ұмтылысымыз артып, жұмыла жұмыс жасайтын болсақ, Абай мен Ыбырай бастаған, Шәкәрім секілді тұлғалардың асқақ армандары мен кіршіксіз ниеттерінің орындалғаны болмақ [6].

**Әдебиеттер**


1. № 31 (19342) 14 наурыз. 20223ж. Жадыра Төлегенқызы //«Семей таңы»//
2. https://egemen.kz/article/11530-alashtanu-maselesi-qalay-qay-denhgeyde-dguzege-asuda
3. https://bilim-all.kz/article/4322-SHakarim-zhane-Alashorda
4. Скакун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения:Методическое пособие. – М.:Высш.шк, 2010.
5. http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/shakarimnin-ar-ojdan-filosofiyasy-11589//
6. https://esimder.pushkinlibrary.kz/kz/d-alashkz/1596-.html


FTAXP: 16.21.23

## МЕКТЕПТЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ АТА-АНАМЕН ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Тумарбек Е.Ж.,** педагог-психолог
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Мектеп психологының ата – анамен атқаратын қызметінің басты мақсаты ата –аналарға бала тәрбиесі жөнінде, әрі отбасында жақсы микроклимааттың болуына ықпал ету, көмек көрсету, кеңес беру. Педагогикалық-психологиялық сүйемел жасап, білімдерін көтеру. Отбасы-барлығының басы, баланың жеке басының жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде адаммгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгісі қалыптасады. Ал әке мен шеше, ата мен әже, апа мен ағалар баланың ең алғашқы тәрбиешілері.

Отбасы қоғамның алғашқы ұясы болғандықтан, оны нығайту, оның тәрбиелік мәнін арттыру, сол қоғамның басты назарында болуы керек. Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ананың жауапкершілігі күшті. Олар үйде көрген өнегесін мектептен алған білім, тәрбиесімен толықтырады,жанұяда болып жатқан сан алуан ірілі ұсақты оқиғалар, ата-ананың баламен сөйлесуі, үй шаруасының істелуі, әке мен шешенің еңбекке көзқарасы, демалысты қалай ұйымдастыруы, өздерінің туыстары мен жолдастарына ықыласы, қонақ қабылдауы, бәріде балаларға әсер етеді. Олардың мінез-құлқын, тәрбиесін қалыптастырады.

Ата-аналар әртүрлі, олардың ұрпақ тәрбиесіне, мектепке көзқарасы да сан алуан. Қандай мектеп болсын, әлеуметтік тұрғыдан бұл мәселені «Отбасы-оқушы-мектеп» үшбұрыштық жүйесімен жүргізген абзал.

Психолог – маман ұрпақ тәрбиесі тағылымды болсын десе, жұммысты ең алдымен , ата-анамен, яғни, отбасынан бастағаны, жүргізгені, талап еткені жөн. Бұл қазіргі замандағы ең басты қажеттілік десек болады. Ол үшін, ең, алдымен, ата-ананың өзін-өзі тануына тренингтер, өзіне баласының көзқарасын білдіретін тестілер жүргізіледі. Әрине, кез-келген ата-ананың өзі туралы, өз баласы туралы жоғары пікірде болуы заңдылық.

Мектеп қабырғасында психологтың ата-аналармен жұмыс түрлері: сауалнама, жеке кеңес беру, пікірталастар, жадынама ұсыну және психологиялық тренинг сағаттарынан көріністермен шектелмек емес. Ата-аналардың көкейінде жүрген сан-сауалдарына дұрыс жауап іздеп, бағыт сілтеуші – ол мектеп психологы екендігі даусыз. Өйткені ол маман ретінде ата-ананың құпия сырын, отбасындағы қиыншылығын бөлісуші және сол құпияны ешкімге жарияламай, сақтаушы «сырсандық» іспеттес.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда мектеп психологы негізгі рөл атқарады. Отбасымен жүргізілетін жұмыстарды қазіргі уақыт талабына сай етіп ұйымдастыру психологтың маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан ата-ана, ұстаздар болып, жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруді назарда ұстағанымыз жөн.

Педагогикалық ұжымның міндеттері:

- ата-аналардың белсенді педагогикалық көзқарасын қалыптастыру;
- ата-аналарды педагогикалық білім-білікпен қаруландыру;
- ата-аналарды бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру.




**Отбасы мен мектептің өзара әрекетін қалай ұйымдастырамыз?**

– Отбасын зерттеу

Мақсат: отбасының тәрбиелік мүмкіндігін, күш қуатын анықтау

– Топтастыру

Мақсат: отбасының тәрбиедегі бағыт-бағдарын тану

Жасалған әрекеттерден алынған нәтижелерді талдау.




Ұстаздар мен ата-аналар қарым- қатынасының функциялары

- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық;
- хабарламалық;

**Отбасын зерттеуде педагог-психолог төмендегідей мәліметтерге басты көңіл бөлуі керек:**

– Отбасы мүшелері және отбасының әлеуметтік материалдық жағдайлары мен мектеп ісіне деген қызығушылықтары туралы толық мәлімет;

– Отбасындағы балалардың тәрбиелілік деңгейі;

Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері.

**Отбасын зерттеуде педагог-психолог мына ережелерді сақтағаны дұрыс:**

– ата-аналар мен балалар өздерін зерттеу нысаны ретінде сезінбеуі тиіс;

– зерттеу мақсатты, жоспарланған, жүйелі болуы қажет;

– зерттеу әдістері мен тәрбие әдістері өзара байланысты болуы керек;

– психологиялық-педагогикалық әдістер түрленген және кешенді түрде қолданылуы керек.

Оқушы отбасын зерттеу педагог-психологқа отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен оның күш-қуатының деңгейін анықтауға, соның негізінде бірлескен әрекеттің оңтайлы әдісін, формасын таңдауға, нәтижесінде тәрбие мәселесін табысты шешуге мол мүмкіндік туғызады. Ол үшін психолог дәстүрлі педагогикалық-психологиялық диагностика әдістерінің кешенін пайдаланады.

**Әдебиеттер**

1. Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 528 Бұйрығы.
2. Т.Р. Нұрмұхамбетова «Тәжірибелік психология» III – бөлім.
3. Сұлтанова Ғ.Т. «Мектеп психологының жұмыс кітабы» әдістемелік көмекші құрал
4. С. Нұржанова Жалпы және балалар психологиясы
5. Мектептегі Психология в школе журналдары 12 Қосымша Мысал түрде берілген кеңес тақырыптары Лекция «Мектепке жас мұғалімдердің бейімделуі». «Мектепке бірінші сынып оқушыларының оқуға бейімделу спецификасы».
6. Н.Ш. Сейітова «Психологиялық тренингтер». – Алматы, 2008.
7.Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие беру тұжырымдамасы.
8. Хасенова А.С. Мектеп психологының тәрбие беру іс-әрекеттерінің психологиялық-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2004.

ҒТАХР: 16.21.23

## ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ертисбаева Г.Т., Бикенова А.Б.,** тарих пәні мұғалімдері
«Б. Момышұлы атындағы № 36 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интерактивті ағылшын тілінен аударғанда inter – аралық, action – әрекет.

Баланың жеке өздігінен ізденуіне мүмкіндік беру;

Топтасып оқып үйренуге жағдай жасау;

Өздерін – өздеріне бағалату;

Іс – әрекет барысында білім алу;

Барлық технологиялардың мақсаты – пәнді оқытуда оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Тарих сабағында қолданылатын ойындардың түрлеріне тоқталайық.Тарих сабақтарында қолданылатын ойын түрлері өте көп. «Көш» ойыны: бұл ойын тақырыпты ашуда көп көмегін тигізеді. Тақтаға жүк артқан 5 түйенің көш суреті ілінеді. Көш 5 түрлі түспен плакатқа салынады. Әр түйенің қомында тапсырмалар бар. Бірінші түйенің қомында мынадай тапсырмалар:

1. Өнер дегеніміз не?
2. Өнердің қандай түрлері бар.
3. Қазақтың киіз үйінің құрылысын атаңдар.

Бұл сұрақтарға оқушылар өз мүмкіндігінше төмендегідей жауап береді.

Өнер дегеніміз-халықтың талабынан туындаған белгілі бір еңбектің жемісі. Өнер түрлері: қолөнер, саз өнері, сөз өнері, бейнелеу өнері, сәулет өнері. Киіз үйдің құрылысы: шаңырақ, кереге, уық, сықырлауық.

**«АС» ойыны** – бұл ойынның шарты бойынша тек қана екі әріп, яғни А және С әріптері белгілі. Қалған әріптер нүктелермен берілген. Әрбір жасырылған сөздің тұсында анықтамасы бар. Бұл ойындардың нәтижесінде сабақта нашар оқитын оқушының өзі белсене араласып, ынталығын

көрсетті, яғни оқушылардың қызығушылығын туғызды, оқушының есінде ұзақ сақталды, ойлау қабілетін дамытты.

**«Тарихи шынжыр»** ойыны кез келген сыныпта тарих пәнінде қолдануға қолайлы. Оның мазмұны бойынша белгілі бір тарихи деректі, яғни белгілі бір мәлімет беретін сөйлемді үш немесе төрт оқушы кезектесіп, біреуі әуелі басын, екіншісі орта тұсын, үшіншісі аяқ жағын айтып, тұтас бір ойынды тізбекті құрайды. Нәтижесінде: нақты бір тарихи дерек құрылады. Тиімділігі – оқушыларды тапқырлықпен дәл, нақты, логикалық ойлауға үйретеді.

**«Пошта»** ойыны-тақырыпты немесе тарауды, мемлекеттерді қайталаған кезде пайдаланған тиімді. Оқушыларға сұрақтар беріледі немесе белгілі оқиғаға байланысты суреттерді қағазға жапсырып оқушыларға үлестіреді. Оқушылар берілген кеспе қағазды ілулі картадағы мемлекеттің үстіне инемен қадайды.

Ойын сабақтарын өткізу пән ажарын ашып,мұғалімді де, оқушыны да еңбекке баулиды.

Сыныптағы оқушылардың барлығы және шағын топ құрамында қатысқандықтан команда жауапкершілігіне үйретеді, сонымен қатар материалды жан-жақты ойлау тұрғысынан қарастыруға және түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ материал көлемінде қалып қоймай, кеңірек ізденіс жасауға және қол жеткізуге болатын ресурстарды пайдалану дағдысын дамытады.

*1 қадам:* Үйге берілетін тапсырма болса қайталау ретінде, егер жаңа сабақ болса алдын-ала тапсырмаларды ізденіс ретінде қажетті материалдарды жинақтау керек.

*2 қадам.* Сыныпты алты адамнан тұратын топтарға бөліп, мәтінмен таныстырамын.

***Баяндап беруші:*** (оның міндеті өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып, осы оқиғаның мазмұнын дайындау);

***Зерттеуші:*** (оның міндеті мәтінге байланысты басты кейіпкердің мінезін немесе басты оқиғаны жан-жақты меңгеру және сипаттау);

***Сұрақтар құрастырушы:*** (негізгі оқиғаларды қамтитын сұрақтар дайындайды. Бастысы, оқушылар сұрақ қоюдың өлшемдерін, төменгі және жоғары деңгейлердің бөлінуі туралы ескерсе болды);

***Сілтемелер табушы:*** (оның міндеті әңгіменің тақырыбын руханилығын ашатын немесе құптайтын кез-келген сілтемелерді, белгілі және аздап белгілі афоризмдер және мәтелдер табу);

***Бейнелеуші-суретші:*** (оның міндеті оқиғаны ауызша суреттеу);

***Дәнекер:*** (оның міндеті негізгі идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі өмірмен байланыстыру);

**«Бейнелі жады» оқыта үйрету ойыны:**

Шарты: әр топтың тапқырлығын, ойларының бірегейлігін, білімін бағалау. Әр топ өздеріне берілген тақырып бойынша мылқау сахналық қойылым дайындайды. Өзге топтар қандай тақырыпта қойылым қойылғанын табады.

1-топ: Үйсіндердің саяси құрылымы:

2-топ: Үйсіндердің археологиялық ескерткіштері.

3-топ:Үйсіндердің шаруашылығы мен өнері.

**«Шынжырлы чемпион»** ойыны.

Бір тарауды оқып бітіргеннен кейін, бірінші партадағы бірінші оқушы орнынан тұрып екінші оқушыға сұрақ қояды. Ол жауап берсе келесі партадағы үшінші оқушыға сұрақ қояды. Үшінші оқушы жауап бере алмаса орнына отырады. Екінші оқушының сұрағына енді төртінші оқушы жауап береді және солай жалғаса береді. Тек сұраққа жауап бергендер ғана айналымға қатысып, бірнеше айналымнан кейін чемпион анықталады.

Оқушылардың білімін бақылау үшін тест жүйесін қолданудың үлкен маңызы бар. Тест оқушылардың білімін анық көрсетеді. Тест жүргізу арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттері және есте сақтау қабілеттері арттады. Тест тәсілдері оқушыларды ойландыратындай, қызықтыратындай болуы керек. Тарихи терминдермен де жүйелі түрде жұмыс жүргізу керек. Оқушыларды тестпен жұмыс істей білуге үйрету-мұғалімнің басты міндеті. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білулері керек.

**«Жұлдызды сағат» ойыны.**

Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеті ашылады, деректермен, хронологиялық жылдарды анықтауда есте сақтау қабілеті артады. Білімі мен дүниетанымы кеңейеді.

Бұл ойынға мынадай шарттар қоюға болады:

1. Даталар сыры.
2. Тұлғалар.
3. Оқиғаны анықта.

4.… деген екен.

5. Мәре.

Аталған жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі.

Олимпиадаға дайындық барысында оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады.

Тест құрағанда өте мұқият болу керек. Тест мазмұны оқушының білімін тексеруге ғана емес, оның ой өрісін дамытады және қабілетін анықтайды. Тест сұрақтарын мазмұнға, мақсатқа сай, жапаукершілікпен қарап, саналы құру қажет.

Тарих пәнін оқытудағы басты міндет – Отан тарихын оқушы санасына сіңіріп, ел тарихын жете меңгертіп, отанына деген патриоттық сезімін ұялатып, азаматтық көз қарас қалыптастыру.

Сұрақтарға нақты жүйелі түрде жазбашажауап бере білуге және қорытынды жасай білуі қажет. Қазақстанның тас дәуірінен бастап, қазіргі кезеңге дейінгі тарихын жүйелі түрде меңгеру. Алдымен тестке дайындалу үшінөтілетін материалдың мазмұнына қарай бірнеше түрге бөліп алу қажет.

Сол арқылы жүйелі түрде дайындалуға болады.

**Әдебиеттер**


1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2050» Стратегиясы. – Астана, 2012.
2. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық жоспар». – Астана, 2012.
3. ҚР Үкіметінің 23.08.2012 жылғы № 1080 бекітілген Орта білім берудің бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Қазақстан тарихы. Оқу бағдарламасы. 5-9-сыныптар. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы. – Астана, 2010.
5. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2012. – 139 б.
6. Мусатаев С. Социализация образования в Казахстане // Саясат. – 2004. – № 12.


МРНТИ:17.09.91

## ШАКАРИМОВЕДЕНИЕ И ВОПРОСЫ ИСТОРИИ, ФИЛОСОФИИ, КУЛЬТУРЫ

**Гуляев С.А.,** студент
Колледж Радиотехники и связи
(Республика Казахстан, г. Семей)

Уважаемые коллеги и участники конференции, сегодня я хочу рассказвать вам о выдающейся личности – Шакариме Кудайбердиеве, который посвятил свою жизнь просвещению казахского народа в религиозном плане а также в историческом философском и культурном вопросах.

Шакарим Кудайбердиев, известный казахский поэт, историк, переводчик, путешественник и мыслитель, родился 11 июля 1858 года в Казахстане. Его биография является важной частью культурного и исторического наследия нашей страны. С детства Шакарим обладал стремлением к знаниям. Его отец передал его на учение аульному мулле, где мальчик быстро освоил персидскую и арабскую грамоту. После смерти отца его воспитанием занялся дед Кунанбай, отец великого казахского поэта Абая Кунанбаева. Абай стал настоящим наставником для Шакарима и вдохновителем его будущих творческих устремлений. В 14 лет Шакарим начал писать стихи, в которых затрагивал темы добра, зла, жизни и смерти, духовности. Вместе с тем он развивал свой талант в различных областях искусства, включая музыку, живопись, резьбу по камню, создание музыкальных инструментов и даже охоту с беркутом. Однако истинное влияние на Шакарима оказалось философским наставничеством Абая. Под его воздействием Шакарим начал глубокие размышления о духовных ценностях и смысле жизни.

В своем трактате «Три истины», написанном в течение тридцати лет, Шакарим представил триединый подход к пониманию мира: материализм, теология и совесть. Он утверждал, что суть бытия пребывает в душе каждого человека, его совести, что является первостепенной потребностью человеческой души. Шакарим также занимался изучением истории своего народа и его предков. Он собирал устные предания, легенды, эпосы и хроники казахского народа. Он составил родословную казахских ханов и племен.

Он также написал несколько работ по истории Ислама, Турции и Ирана. Его интерес к истории был связан с его стремлением сохранить национальную самобытность казахского народа в условиях колонизации. Шакарим был не только выдающимся ученым и поэтом, но и активным общественным деятелем. Он занимал должность волостного управителя, что позволило ему наблюдать тяжбы казахского народа и гнет со стороны царского правительства. Он также был одним из лидеров национально-освободительного движения 1916 года, которое было жестоко подавлено царским правительством. Он был арестован советскими властями в 1930 году и расстрелян в 1934 году. Его смерть стала трагедией для всего казахского народа.

Шакарим Кудайбердиев сыграл значительную роль в развитии исторической науки в Казахстане. Его работы стали важным источником для историков и исследователей, интересующихся историей этой страны.Он занимал должность волостного управителя, что позволило ему наблюдать тяжбы казахского народа и гнет со стороны царского правительства. Этот период жизни Шакарима описан им в поэме "Жизнь Забытого", которая является ценным историческим источником. В этой поэме он рассказывает о своих переживаниях и чувствах, о своих страданиях и борьбе, о своих надеждах и мечтах. Он также выражает свою любовь к своему народу и своей родине, а также свою веру в будущее.

В начале XX века, Шакарим начал путешествовать, чтобы ближе познакомиться с разными народами и культурами. Его путешествия включали посещение Мекки, Мысыра, Стамбула, работу в библиотеках и даже пересылку приобретенных им книг в его родной Семей. Он также посетил Иран, Афганистан, Индию, Китай, Египет, Сирию и другие страны. В своих путевых заметках он описывал свои наблюдения и впечатления от увиденного. Он также сравнивал разные культуры и религии, изучал местную историю и литературу, общался с местными жителями и учеными. Он был одним из первых казахских путешественников, которые дали подробное описание мировой цивилизации.В последний период своей жизни, Шакарим стал свидетелем многих исторических событий, таких как революция 1905-1907 годов, Первая мировая война, национально-освободительное движение 1916 года в Казахстане и гражданская война. Все эти события сильно повлияли на его мировоззрение и исследования. Он писал об этих событиях в своих статьях, письмах, дневниках и мемуарах. Он также участвовал в этих событиях как активный общественный деятель. Он был одним из лидеров Алаш-Орды, первого казахского государства, которое стремилось к независимости от России. Он был арестован советскими властями в 1930 году и расстрелян в 1934 году.

Шакарим также занимался философским анализом исторических процессов. Он критиковал феодальный строй, колониальную политику, социальное неравенство и религиозный фанатизм. Он призывал к национальному единству, прогрессу, свободе и справедливости. Он также выдвигал свою концепцию развития казахского народа, основанную на просвещении, культуре и демократии. Его философские идеи оказались пророческими для будущего Казахстана. Он предсказывал, что казахский народ будет жить в независимом государстве, которое будет развиваться по пути прогресса и цивилизации. Он также предвидел возникновение новых технологий и наук, которые будут служить благу человечества. Его прозорливость и мудрость были признаны многими учеными и философами.

Философские аспекты творчества Шакарима Кудайбердиева имеют важное место в его научной и литературной деятельности. В его работах он затрагивал философские темы и исследовал глубокие философские концепции. Шакарим разработал уникальную философскую концепцию, представленную в его трактате "Три истины". Он утверждал, что истина пребывает в душе каждого человека и проявляется через совесть. Эта идея имела глубокое влияние на философскую мысль Казахстана. Он также развивал свою философию на основе трех основных принципов: любви, разума и свободы. Он считал, что любовь является высшей ценностью, которая объединяет людей и природу. Он признавал, что разум является необходимым инструментом для познания мира и себя. Он отстаивал, что свобода является неотъемлемым правом каждого человека, которое должно быть защищено от насилия и угнетения.

Его философские труды оказали влияние на развитие духовной культуры Казахстана и способствовали формированию современной философской мысли в этой стране. Его идеи продолжают оставаться актуальными и вдохновляют ученых и философов в Казахстане и за его пределами. Он также был одним из первых казахских философов, который обратился к мировой философской традиции. Он изучал произведения восточных и западных мыслителей, таких как Аристотель, Платон, Авиценна, Руми, Шейх-уль-Ислам, Декарт, Спиноза, Кант, Гегель, Шопенгауэр и другие. Он сравнивал их с казахской философской мыслью и пытался найти общие точки соприкосновения. Он также критически анализировал некоторые из них за их противоречия или ошибки. Он также переводил произведения этих мыслителей на казахский язык, делая их доступными для своих соотечественников. Он также писал комментарии к ним, объясняя их смысл и значение. Он таким образом способствовал распространению мировой философской культуры в Казахстане.

В заключении доклада хочется подчеркнуть важность и влияние Шакарима Кудайбердиева на историю, философию и культуру Казахстана. Его многогранное творчество и глубокие исследования оставили неизгладимый след в национальной и мировой культурной наследии. Работы и идеи Шакарима продолжают вдохновлять новые поколения ученых и исследователей, делая его настоящим символом казахской интеллектуальной и духовной культуры. Шакарим Кудайбердиев был не только выдающимся поэтом, историком и философом, но и активным общественным деятелем, который боролся за права и свободы своего народа. Он был одним из лидеров национально-освободительного движения 1916 года, которое было жестоко подавлено царским правительством. Он также был одним из основателей Алаш-Орды, первого казахского государства, которое стремилось к независимости от России. Он был арестован советскими властями в 1930 году и расстрелян в 1934 году. Его смерть стала трагедией для всего казахского народа.

Шакарим Кудайбердиев заслуживает уважения и признания за свой вклад в развитие казахской нации. Его имя носит один из университетов Казахстана, а его памятник установлен в Семее, его родном городе. Его творчество изучается в школах и вузах, а его философские концепции привлекают интерес ученых и философов. Его жизнь и творчество являются примером для подражания для молодого поколения казахстанцев, которые стремятся к прогрессу, свободе и справедливости.

Шакаримоведение является одним из направлений научных исследований, посвященных жизни, творчеству и философии Шакарима Кудайбердиева. Это направление возникло в конце XX века и развивается до сих пор. Шакаримоведы занимаются изучением различных аспектов творчества Шакарима, таких как его поэзия, его переводы, его философия, его исторические работы, его путешествия, его общественная деятельность и другие. Они также анализируют его влияние на казахскую культуру и мировую цивилизацию. Шакаримоведение является актуальным и перспективным направлением научных исследований, которое способствует пониманию истории, философии и культуры Казахстана.

Так же хотелось бы отдельно поблагодарить организатор оров конференции за предоставленную возможность выступить со своим докладом. Это был для меня большой опыт и честь. Я надеюсь, что мой доклад был интересным и полезным для вас. Спасибо за ваше внимание и интерес к теме моего доклада.

**Литература**

1. Шакарим Кудайбердиев: жизнь и творчество / под ред. М. Койгелдини. – Алматы: Раритет, 2008.
2. Шакарим Кудайбердиев: философия и поэзия / под ред. Б. Сейтханова. – Астана: Білім, 2010.
3. Шакарим Кудайбердиев: история и переводы / под ред. А. Султангалиева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011.
4. Шакаримоведение: сборник научных статей / под ред. Т. Мусабекова. – Астана: Назарбаев Университет, 2013. Алимкулова Г. Шакарим Кудайбергенов (1858-1934 гг.) // С Арыстан баба путь начни… – Алматы: SA Print Service, 2007.
5. Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас, Шакарим и Каюм. Сплетение судеб – Астана: Фолиант, 2009.
6. Жумабеков С. Шакарим Кудайбердиев: биография и творчество. – Алматы: Онер, 1998.
7. Мусабеков Т. Шакарим Кудайбердиев: философский анализ творчества. – Астана: Фолиант, 2012.
8. Сейтханов Б. Шакарим Кудайбердиев: поэзия и музыка. – Астана: Білім, 2011.

ҒТАХР: 16.31.07

## ТҮРКІ ТАРИХЫНЫҢ БІЛГІРІ

**Омаров М.Қ., Қонқаева Р.Қ.,** аға оқытушылар
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

«Абай шәкірттерінің ішінде ең көп жасаған да, ең көп жазған да Шәкәрім», – деп абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметханов айтқандай, көп жасағандық пен көп жазғандықтың керемет нәтижесі – Шәкәрім әлем ойының ең шыңына көтерілген кемеңгер. Әрине, әлемдік шыңға жету жолына түскен талапкердің алдында ғылымды меңгеру мен рухани өрлеудің саты-сатылары тұрары сөзсіз. Сондықтан Шәкәрім – түркі әлемінің деген тақырыбымызды осы сатыларға шағын шолудан бастамақпыз.

20 мен 30 жастың арасында болыс болған, жалпы ел жұмысына қызу араласқан жас Шәкәрімді көру қиынға соқпайды. Тегінде бұл оның «ырғызбайшыл» болған шағы. Әрхам Ысқақов өзінің «Абайдың өмір жолы» атты естелік-жазбасында: «Құдайберді баласы Шәкәрім 19 жаста атқа мініп, Абай мен Ысқаққа еріп, ел басқару ісіне көзі қанған екен» дей келе, 1888 жылғы аты-шулы болыс сайлауы қарсаңында Ербол мен Жиренше бастатқан елубасылардың Абай ұйғарғандай Оспанды емес, өз іштерінен Күнту деген кісіні шығарып, соны сайламақшы екенін алғаш байқап қалған Шәкәрім еді деп көрсетеді.

Ал, 30 бен 40 жастың арасы, яғни 1888-1898 жылдар Шәкәрімнің болыс болмаса да, жұмыс ауқымы кеңейіп, мұқым Тобықтының биі, тілін безеген шешені атанып, аттан түспеген кезі. Бұл кезгі деңгейін «Мұтылғанның өмірі» атты өмірбаяндық жырында былайша сипаттаған-ды:

Ұлық пен елге жағындым,
Әртүрлі атақ тағындым.
....Әлемнен озған мен бір жан:
Ел құтқарған топаннан,
Тобықтының мұқымын.
....Қырыққа жасым жеткенше,
Осының жақтым көмірін.

Енді ғұламаның рухани жылдам даму, шапшаң өсу кезеңіне өтейік.
Жаңағы аталған жырында:

Жас қырыққа кірген соң,
Бір ой түсті жаңадан,
Қылығын сынап білген соң,
Дедім қазақ неткен жан? –

деп өзі баяндағандай, ғылым жолына біржола беттеген ақынның алған алғашқы белі – азаматтық лирикасы арқылы қазақтың мінезін түзеу, жөнге салу болған. Бұл туралы:

Жаздым «Қазақ айнасын»,
Мінез түзеу айласын, –

дейді ағартушылық бағытқа түскен ақын.

Сонымен, Шәкәрімнің түрік дүниесінің білгірі деңгейіне шыққаны қашан? Бұл мәселені оның қазақтың классик ақынына айналған кезеңмен қарайластыра қарастырған жөн сияқты. Яғни 1890-1911 жылдар аралығына сілтегіміз келеді. Өйткені, түрік әдебиетін терең меңгергені осы кездер деуге керек. Дәлел ретінде Физулидің «Ләйлі-Мәжнүнін» қазақша өлеңмен еркін аударғанын айтсақ та жеткілікті. Шығыстың жеті шайырының бірі атанған бұл ақынды «Сынау һәм сынауды сынау» атты мақаласында Шәкәрімнің өзі: «Баяғы түріктің атақты ақыны (поэт) Физули», – деп көрсетеді. Осыдан бізге «Ләйлі-Мәжнүннің» түрік тілінде жазылғаны мәлім болып отыр. Сондай-ақ, ақынның түркішіл рухтың жаршысы болған Ресей мұсылмандарының газеті – «Тәржіман» -ның тұрақты оқырманы болғанын да қатты ескерсек дұрыстық.

Өйткені, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген тарихи еңбегінің бір тұсында: «Абайдан соңғы ұстазым – «Тәржіман» газетінің иесі Исмағұл Гаспринский десем бек дұрыс» [1] деп ғұламаның өзі атап өтеді.

Музыка зерттеушілері Шәкәрімнің «Қорқыттың сарыны» әнінде ескілікті түркілік әуен ерекше есіледі деседі. Іздеген кісі осындай ескіден жеткен түркілік сарынды ойшыл ақынның поэзиясы мен қарасөздерінен де таба алатын шығар. Мәселен, тіл маманы, профессор Қинаят Шаяхметұлы «Шәкәрім Физулидің ақындық дарын құдіретін не себептен өте жоғары бағалаған» деген мәселеге қатысты мынадай өзіндік ой айтады: «Шәкәрім Физулидің тілдік ұстанымын қатты ұнатқан. Түркі тілі ғылым мен поэзия тілі бола алмайтындығы туралы астамшылық көзқарас үстемдік құрған дәуірде парсытілділік, арабтілділік өмір салты басымдық алған заманда түркі тілін ақындық шығармашылық тілі ретінде тұңғыш қолданушылардың бірі – Физули» [2].

Осы пікіріне дәлел ретінде ғалым Физулидің ана тіліне арнаған өлеңін Шәкәрімнің қатты ұнатып, оны «Ажалсыз әскер» деген атпен қазақшалағанын алға тартады. Әрине, қазақ данасының түркішіл рухын көрсетіп, түркі мәдениеті мен этнографиясын терең меңгерген жайын бүкіл шығармашылығы бойынша сүзіп алып, жүйеге салу өз алдына ғылымдық жұмыс.

Біз енді осы мәселені жоғарыда аталған Шәкәрімнің «Шежіре» кітабы аясында саралап өтелік. Кітаптың атауында «түрік» сөзінің тұруы тегіннен емес, еңбектің басым бөлігінде тұтас түркілер тарихы баяндалған. Кіріспеден кейінгі «Шежіре басы» деп аталатын тақырыпта түрік тарихшысы Нәжіп Қасымбектің, Әбілғазы баһадүр ханның, Бабырдың, Хайдар Дулатидің т.б. шығыс тарихшыларының еңбектеріне шолу жасалса, екінші «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тараудың өзі де «түрік» сөзінің төркінін талдаудан басталғанын аңдаймыз.

Әрі қарайғы «Хан шежіресі», «Шыңғысхан шежіресі» деген екі тақырып та барша түркі нәсіліне ортақ. Сондай-ақ, шежіре кітаптың иесі «Сарт», «Өзбек» атаулары жайын сөз ете келіп, «Ноғай», «Башқұрт» шежіресін, «Қалмақ һәм төлеуіт», «Түрікмен», «Якут», «Ұранқай», «Енесейдегі түрік», «Күншығыстағы түріктер» тарихын баяндайды. Осыған «Стамболдағы ғұсманлы түрік һәм сұлтандары», «Парсыдағы һәм Закавказдағы түрік нәсілі» туралы деректерін қосыңыз.

Бір сөзбен айтқанда, тарихи еңбектің Шәкәрім түркі мәдениетінің білгірі деуге бірінші негіз екеніне ешкімнің дауы болмаса керек.

Көшпелілердің тілін, тұмыс-тіршілігін жете білмеген зерттеушіге қазақтың арғы тарихы қашанда қою, күңгірт тартып тұрады. Сол сияқты көне түркі тайпаларының тарихына бойлау да көшпелілердің салт-санасына қанық емес ғалымға қиынға соғары анық. Тарихтың мәселелеріне қанық Абайдың көшпелі қазақтың тарихы бұра тарту мен бұрмаланудан аман болуы үшін өз ішінен бір тарихшының шығуы шарт деп білгені осыдан, сірә. Сол үшін бұл іске талантты інісі Шәкәрімді тартқаны жайында Қ.Мұхаметханов «Шаһкәрім» атты еңбегінде былай дейді: «Ол Абайдың мәслихаты бойынша, тарихшы ғалымдардың, оқымысты жазушылардың сол кезде қолы жеткен кітаптарын зерлеп оқып, терең зерттеп, ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, мол мағлұмат жинап, тұңғыш қазақ шежіресін жазуға кіріскен» [3].

«Шәкәрім шежіресі, – дейді Қ. Мұхаметханов – қазақ халқының тарихын дұрыс баяндау және қазақтың түп атасын анықтап беру мәселесінде ешқашан тарихи мән-маңызын жоймайтын құнды мұра». Осы салиқалы пікірді қостай отырып, ол тұтас түркі тарихына да әділетті дегіміз келеді.

Осы тұста қазақ тарихшысы аталмыш еңбегінде нені ашты, яғни орыс ғылымының екі ғасыр шегіндегі жетістіктері мен өзіне дейінгі түрік тарихшылары зерттеулеріне нені жаңадан қосты деген сұраққа аялдап, бірер мысалдар алайық. Шәкәрім қажының тарихи еңбегін әйгілі «Ергенеқон» аңызын талдау, яғни түркі жұрттарының арғы тегіміз Бурыл қасқырдан я Көк бөріден еді деген қария сөзін тексеруден бастап, қиын ізденістерінің нәтижесінде аңызды ақиқатқа айналдырғанын, екінші түрде айтқанда ғылыми жүйеге салғанын аңдаймыз. Өйткені, Түркі қағанатының бастауы осы аңызда жатқаны мамандарға аян.

Бұл мәселенің шешуі – ежелгі ғұн тайпаларының миграциясын танып, білуге тіреледі. Осы себепті Шәкәрім біздің заманымыздан 147 жыл бұрын Мөде патша дүние салған соң ежелгі ғұндардың орасан зор күшті мемлекеті қалай ыдырағанына баса назар аударған. Қытай патшасының қалың әскерінен қашқан ғұн тайпаларының үлкен бөлігі бас сауғалап, Жетісуға және Алтайға босқанын, қазақ руларының талайы солардан өрбігенін дәйектейді. Ал Қытайға бағынып, олардың қол астында қалған ғұн ұрпақтары сиәнби, жужән, т.б. тағдыры ше? «Ғайса пайғамбардан бұрынғы 54 жылы, – дейді Шәкәрім қажы олар жайында, – Сиәнби атанған татарлар қытайға болысып, ... бір хандық болып, хандығы Ғайса пайғамбардан соңғы 207 жылға шейін келді».

Қытаймен шекаралас ғұндардың ең ірісі – сиәнби хандығынан жужән деген бір нәсіл күшейіп, бүтін Татарстан жеріне, қазіргі Моңғолия аумағына жайылған екен. «Олар, – дейді қажы, – бір заманда күнбатыс ғұндар тұрған башқұрт жерін де алды. Аттила деген 430 жылы Европаны быт-шыт қылған да осы жужәндердің ісі екені анық».

Қазақ тарихшысы ғұндар миграциясы қатпарларына жаңаша, яғни көшпелінің көзімен үңіле отырып, Ергенекон аңызы астарында ғұндардың Қытайдан жеңілісі жатқанын тиянақтайды. Сөйтіп, 545 жылы Жартасты алқап – Ергене қонды бұзып-жарып шыққан ғұндардың сарқыты Түрік патшалығын құрғанын дәйектеп, 6-7 ғасырларда ежелгі Ғұн атауының өшіп, оның орнына «Түрік» деген жаңа бір көшпенділер толқынының тарих сахнасына бұлқынып шығуының қиын сырын ашып береді. Бұл дербестік тойы туралы сөзіміз төменіректе жалғасатын болады.

Қазір не себептен түркілер тарихын жүйеге салу қиындап, бірі біріне қиғаш әрі шала-шарпы, үстірт жазылған тарихи мағлұматтар үстем болып келді деген мәселеге бұрайық. Себептің бірі түбі түркілік көне сөздер мен географиялық атаулардың жете тексерілмеуіне тіреледі. Осылардың төркінін талдауы да Шәкәрімнің Дала тарихын зерттеушілерге берген үлгісі десек дұрыстық. Мәселен, «Ғұндар ханының қатынын «иенші» деуші еді. Біздің қазақтың өзінен үлкен кісінің қатынын «жеңеше» дегені сол сөз болады» дегенін немесе «Нәсілі бір болмаса да екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке яки қымызға қосып бөліп ішеді де, қаны қосылған қарындас болдық деседі. Оны «анда» дейді. Біздің қазақтың құда-анда дегендегі «андасы» осы сөз» дегенін ешбір шетел ғалымының еңбегінен кездестіру мүмкін емес. Өйткені, жоғарыдағы пікірімізді тағы бір қайталап айтайық, көшпелілер тарихы бұрмаланбауы үшін көшпелілердің тілін, дінін жетік білу шарт. Жаңағы екі мысалға ой кездіріңіз, бір қарағанда ғана қарапайым іліктестік, ал шын мәнінде ежелгі ғұндар мен бүгінгі қазақ нәсілін табыстыруда том-том кітаптарға бергісіз емес пе!

Түркі тарихы бойынша Шәкәрімнің жаңалығы деген мәселе бойынша айтарымыз әзірге осы.

Башқұрт халқының әйгілі ғалымы Зәки Уәлидидің «История тюрков» атты кітабы Шәкәрімнің кітабымен бір жылда жарық көріп, автордың атын аспанға бір-ақ шығарғаны белгілі. Егерде сол сияқты Шәкәрімнің еңбегі орыс тілінде жарық көрген жағдайда, Ресей түркологтарының оны да жаңа сөз, зор жаңалық деп қабылдары сөзсіз еді. Амал не, әлі күнге өзге тілдерге аударылған емес. Келешекте ғұламаның «Шежіре» еңбегі бауырлас түркітілді халықтардан шыққан ғалымдардың, мәселен, жаңағы Зәкидің, т.б. түркологтардың ізденістерімен салыстырыла отырып зерделенсе дейміз.

Ахат ақсақал өзінің «Менің әкем, халықтың ұлы – Шәкерім» деген белгілі естелігінде әкесінің түркі дүниесінің білгірі екеніне тірек етерлік мол мағлұматты келтіреді. Үстіде «Шежірені» сөз еткенде, ғұндардың сарқыты «түркілер» аталып, тәуелсіз Ұлыс құрған ғасырға тоқталған едік. Естеліктен осыған қатысты екі мысалға көз тастасақ орынды сияқты.

Бір күні әкей айтты: «Бүгін ескіше 1-наурыз, қазақша жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні дейді. Ал, жаңа жылдың бұрынғы аты Наурыз – бұл фарсы тілі. «Жаңа күн» деген сөз. Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, құрбан, ораза айттарын – Ұлыс күні дегізіп жіберген».

Оның түгел түркіге ортақ кезден екенін Абай былай жазады: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы (ескі қазақтың-А.О.) болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады, ол уақытта жаңа дінге кірген соң...».

Шәкәрім де Ахатқа айтқан әңгімесінде «Ұлыстың ұлы күні» деген байырғы мейрам екеніне қазақ тұрмысынан көп дәлелдер алады. Мысалы «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» деген тіпті ескі мақал», – дейді.

Ахат естелігінен екінші мысалға келейік. Бір күні әкейден: «Қазақ бұрын неге табынған, қандай дінде болған?» – деп сұрадым. Әкей: «Қазақ бұрын пұт яки суретке шоқынған жоқ. Қазақ атамыз – Ноғайлыдан бөлінген соң ғана мұсылман болған. Бұрын түрік, ойғыр болып жүргендегі діні – ескі түріктің мәжуси діндері болған. Ал отты қадірлеудің жолы екі түрлі. Бірінші, фарсыдан шыққан Зардушт пайғамбармын деп отпен құлшылық еткізген. Сол жұққан. Екінші, ескі түріктер Құдай жаратқан заттардың ең қасиеттісі бес нәрсе деп, соларды қасиеттеген. Олар: от, топырақ, су, тас, яки темір, сонсоң өсімдік».

Бұл жерде Шәкәрім бізге көршілес елдер «мәжуси діні» деп атап кеткен Тәңірлік дінінің қазіргі ғылыми терминде көпқұдайлық немесе шаманизм делінетін ағымға ешқандай қатысы жоғын аңдатып отыр. Ол, кейбір ғалымдар шатастырып жүргендей, ескі түріктердің болмыстың негізі бес нәрсеге «Құдайдың өзі» деп табынбағанын, оларды «Құдай жаратқан заттардың ең қасиеттісі» деп дұрыс тани білгенін әрі сол үшін қасиеттегенін еске салады. Қысқасы, пәлені отпен аластату, ауруға су бүрку, оны жеті түрлі шөпті қосып емдеу және өсімдіктің патшасы – ағашқа ақтық байлау, сондай-ақ темір пышақ немесе қылышты аурудың қасына қою, ілу көпқұдайшылықтың сарқыншағы емес. Олардың Құдай жаратқан барша заттың түп негізі, яки ең қасиеттісі екенін ғылым да растап отыр.

Алпыстан асқан шағында айтқан «Мен ұлтшыл емеспін» деген Шәкәрімнің сөзін «Мен түркішіл емеспін» деп ұғынуға да болар. Себебі, абыз ақын осы кездерден күллі адамзатқа ортақ сана өрісіне жетіп, алар биігінің тағы бір сатысына шыққаны шындық.

**Әдебиеттер**


1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 46 бет.
2. Шаяхметұлы Қ. Шәкәрімнің аудармашылығы // Шәкәрімтану мәселелері. – 4 том. – Новосибирск, 2007. – 62 бет.
3. Мұхаметханов Қ. Шаһкәрім. Шәкәрімтану мәселелері. – 1 том. – Новосибирск, 2006.

FTAXP: 17.01.45

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕҢГЕРТУ

**Тлебалдина Н.Қ.,** п.ғ.к., аға оқытушы
Alikhan Bokeikhan University
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіліміздің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында ұлттық құндылықтарымызды оқушыларымыздың санасына сіңіруде Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының алатын орны ерекше болып саналады.

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің білім саласындағы басты мақсаты-білімнің жаңа ұлттық үлгісін енгізу және оны қалыптастыруға толық негіз қалау. Тарихтың даму белестерінде әрбір халық, саяси-әлеуметтік, мәдени және идеологиялық жағдайына сай рухани-дәстүрлік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны ұрпақтар игілігіне қалдырып отырады.

Жаңа ғасырымызда жас ұрпақты тәрбиелеуде Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі, шығармашылық жолы, қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны, шығармаларының әдеби маңызы туралы, яғни ақынды танытудың негізі, шығармашылық мұрасын зерттеу мәселелерін қарастыруға ерекше мән берілуде. Еліміздегі өзекті мәселелердің бірі – бүгінгі ұрпақ тәрбиесі болып саналады. Олай болатын болса, ұттық құндылықтарымызды заман талабымен ұштастыру қажет етіледі.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары халқымен қайта қауышқан Шәкәрім Құдайбердіұлы ақталып, еңбектері баспа беттеріне шыға бастауы, шығармаларының жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына енгізілуі ұрпақтарымызға адамгершілік, адалдық, ақылдылық, парасаттылық пен төзімділік сияқты адами құндылықтарды бойларына сіңіру өзектілігі арта түсіп, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда ерекше орын алатыны сөзсіз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының қозғаған заманның өзекті мәселелері, бүгінгі күні құндылығы жоғары туындыларын өсіп келе жатқан ұрпақтарымызға таныстырып, насихаттау, одан ғибрат алу – жан-жақты дамыған, елін сүйетін, қадір-қасиетін түсінетін тұлға қалыптастырып, оқытып-тәрбие беруде маңыздылығы зор еңбектерінің орны ерекше болып отыр.

Қазіргі уақытта қазақ тілі мен әдебиетін оқыту аса өзекті, күрделі, көпқырлы мәселелердің бірі болып табылады, өйткені оны заман ағымында жүргізу талабы қойылған.

Жас ұрпақ өзінің ұлттық мәдениетін жандандыру тұсында, Шәкәрім Құдайбердіұлының құны жоғары шығармаларын оқып, оқып қана қоймай, терең сырлы құпиясын ашып, оның адалдық, азаматтық, жайында жазған шығармаларына тереңнен бойлау, өзіндік талдау жасау, іздену, оқушылардың танымдық қабілетін арттыру мақсатында мектеп ұстаздарына зор міндет жүктейді. Жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға жетелейтін, адалдық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтылыққа, төзімділік пен сабырлылыққа үндейтін Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын жаңаша меңгерту өте жауапкершілікті талап етеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығының қыр-сырын жалпы білім беретін орта мектепте насихаттап, жан-жақты шығармашылық тұрғыдан оқыту, таныту, оның әдебиетіміз бен өмірімізге, мәдениетіміз бен ғылымымызға, дүниетанымыз бен ойлау жүйемізге қосқан жаңалығы, сіңірген еңбегі, алатын орны мен рөлін айқындауға көптеген қаламгерлер мен ғалымдар, өнер зерттеушілері мен дінтанушылар, ел арасынан естелік әңгіме айтушылар мен журналистер қауымы ат салысып, қыруар қызмет атқарғандарын бүгінгі ұрпаққа зерделі жеткізу де басты мәселе.

Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде Шәкәрім шығармаларына тән өзіндік ерекшеліктері бар екендігін түсіндірудің орны ерекше.

Өз заманы мен халқының жағдайы туралы қам жеген, көреген, ойшыл-философ, публицист, ақын, мысалшы, лирикалық шығармалары бүкіл адамзатқа ой тастаған Шәкәрім шығармаларынан тәлім аларлық, нені үйреніп, неден жиреніп, қандай асыл қасиеттерді, ұлттық құндылықтарымызды адам бойына меңгеру керек екенін айту әр мұғалімнің бірінші парызы болуы керек.

Мектеп бағдарламасында Шәкәрім мұрасын өткен кезде оның келесідей қырларына аса назар аударғанымыз жөн: Шәкәрім Шығыстың, Батыстың, адамзат әдебиетінің ірі өкілдерінің халқына таратушы, дарынды аудармашы, жиырмадан астам ән шығарған композитор, Араб, Батыс Европаны аралаған жиһангер, қажы, ағартушы-гуманист, демократ. Өскен ұясы, шыққан тегі, білім-тәрбие алған ортасы, Абай тәрбиесі, даналық қамқоры, тағлымы. «Оятқан ерте мені шығыс жыры» өлеңі. Ақынға шығыс әдебиетінің ерекше әсер етуі. Әлемге қанат қағу 1905-1906 жылдары Меккеге баруы, Араб, Батыс Европаның шаһарларын аралауы, Абайдың «білім ізде» деген бағыты, жолы. Бұл сапарлардың талантқа берген мол қазынасы. Мекке мен Мәдиненің тарихын зерттеуі, Стамбул мен Парижде болуы, Шығыс, Батыс ғалымдарымен танысуы, әлемді, дүниені тануы, орыс әдебиетіне бой ұруы. Жан-жақты талантымен жеті жасынан өлең жаза бастауы, ән салуы, музыка аспаптарында ойнауы, қолөнер шеберлігімен айналысуы. Кей сәттерде елден жырақтан, өз ортасынан түңілуі. 1909-1910 жылдары және өмірінің соңғы кездері 30-жылдары оқиғасы. Өмірбаяндық Мұтылғанның жырларын меңгерту, талдау. Төңкерістен кейін ел ісіне араласуы, өмірде болып жатқан жаналықтар т.б. Өлеңдер жинағын шығаруы, қазақша шығарылған журналдармен шығармашылық байланысы.

Мектеп бағдарламасында Шәкәрім шығармашылығы бастауыш сыныптан бастап әр сыныптарда қазақ әдебиеті пәндерінен Шәкәрім шығармашылығының сан алуан қырлары танылады. Жоғары сыныпта Абай Құнанбайұлы шығармашылығымен жалғаса оқылатын туындылар легі берілген. Поэзия, проза, жанрларымен қатар, мысалдарын мектеп бағдарламасына енгізіп, түрлі сабақ үлгілерімен, әдіс-тәсілдерін қолданып оқыту тиімді болып табылмақ.

Мектеп бағдарламасының 8-сыныбында Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңі мен «Еңлік-Кебек» дастаны берілген.

«Жастарға» өлеңінде ақын жастарды адам мінезіндегі кемшіліктерден аулақ болуға шақырады.

Шәкәрім өз кемшілігін Абай шығармашылығы арқылы танып, одан құтылар жолды, бетке ұстар бағдарды да Абай өнегесінен табады, одан артық білімді, ойшыл, асқан ақын, парасатты әділ жанды ол айналасынан таба алмайды. Сондықтан білімді де, өнерді де Абайдан ғана үйренуге болатынын мойындап, қатарлас жастарға жар салады. Абайдан сабақ алуды ұсынады. Өлеңде:

Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық.
Арам, айла зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір таусылмас, мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық ...
... Мынау Абай бір ғалым жол шығарлық,
Білімді сол кісіден іздене лік.....
Әдейі іздеп біз келдік сізге делік,
Өмір зая болмастың өнер үйрет,
Ақылынды аяма бізге делік ...[1].

Ақын бар үмітін жастарға арту арқылы кейінгі ұрпақтың білімді, өнерлі боп өсуіне үлкендер жол көрсетіп, бағыт беру керегін айтады. Жастарға Абай секілді үлгілі тұлғалар керек екенін сөз етеді. Жастарды білім қууға, өнер үйреуге, бос жүрмей, еңбек етуге шақырып, жастарды жаман мінезден аулық болуға, адами сезімді қастерлеуге, сүйіспеншілік пен ішкі рухани тазалықты сүюге үйретеді. Ендеше, осы Абай дәстүрін жалғастырушы, ақын шәкірті Шәкәрім шығармалары ұлы ақын шығармаларымен қатар оқытылғаны тиімді.

Өлеңді талдау барысында оқушыларға Абай мен Шәкәрімнің тек қана замандас, туысқан ақындар емес, жанымен де қанымен, жырымен де үнімен, шығармашылық жолында да тұтас бір әлем екенін танытуға баса назар аудару керек.

Шәкәрім өлеңдері жас жеткіншектердің еңбекті сүюіне, ақылды да саналы, ойлы, білімді, иманды адам болып өсуіне ықпал етеді.

Ғылымы жоқ наданға.
Жұқпайды екен айтқан сөз,
Кеудесінде болса көз,
Жұғар сондай адамға.
Ондайадамқазақтан,
Көптуса осы заманға.
Болареді-ау азаптан,
Қазақшығыпсамалға....[1], –

деп жырлаған, өзініңарманы мен ойын осындай тұжырым мен берген, бойына Абай ғибратын берік түйген ақынның шығармаларымен мектеп оқушыларына таныстыру, жүйелеп оқыту үлкен жауапкершілік пен ізденісті талап етеді.

Шәкәрімнің өмір жолын, шығармашылығын зерттеуші ғалым Қ.Мұхаметхановтың айтуынша: «Шәкәрім 7 жасында–ақ ақындығымен белгілі болған. Алғашқы өлеңені әкесінің өліміне байланысты жазылған. Өлеңге әуестілігі ақынның өз сөздерінде байқалады» [2].

Мысалы:

Он жасына келген соң,
Домбыра, гармон білген соң ...
Шеберлікке де бет қойдық,
Сурет салып, түр ойдым ...– [1] дейді.

Сонымен қатар, 5-сыныпта мысал өлеңдерін оқыту енгізілген. Ш.Құдайбердіұлының мысал жанрына қосқан үлесі өте көп болмаса да, аталмыш жанрдағы туындылары тәрбиелік мәні жоғары шығармалар. Ақынның қай мысалын алмасақ та барлығы еңбексүйгіштілікке, адалдыққа, баурымалдыққа, тазалыққа, ақылды болуға, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге, әрнәрседен ғибрат алуға шақыратын құндылықтарды дәріптейді.

Шәкәрім ақынның мысалдарын мектеп бағдарламасында талапқа сай оқытуды жандандырса, оқушыларға берер тәлім-тәрбиесі, үлгі-өнегесі мол, тілге жеңіл тиетін сөз өрнектері өте маңызды болмақ.

Қорытындылай келе, жаңартылған оқу бағдарламасында Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын оқытуда оқушылардың бойында төмендегідей құндылықтарды қалыптастыруды басты мақсат етуге болады. Олар : шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, бір-бірімен қарым-қатынас жасау қабілеті, өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, жауапкершілік, достық қарым-қатынас, айналадағыларға қамқорлық көрсете білу.

Шәкәрім шығармаларын оқушылар меңгеруде көркем сөздің құдіретін түсініп, Шәкәрім шығармаларындағы ұлттық құндылықтарымызды бойларына сіңіреді.

**Әдебиеттер**

1. Шәкәрім. Шығармалары [Мәтін] / Шәкәрім. - Астана : Фолиант, 2013. – 238 б.
2. Мұхамедханов. Қ. Абай мұрагерлері [Мәтін] / Қ. Мұхамедханов. – Алматы: Атамұра, 1995. – 56 б.

МРНТИ: 06.81.23

## ЦИФРОВИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАК ФОРМА ИННОВАЦИИ В ПОЛИТИКЕ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Дерябина Е.П.,** учитель начальных классов
КГУ «СОШ №12»
(Республика Казахстан, г.Семей)

Когда я знакомлюсь с биографией и творчеством Шакарима, я думаю о том, что большинство его высказываний по истечению веков остаются все также актуальными. «Смысл жизни человека в познании мира, и только ему это дано», – Ш. Кудайбергенов.

Основанная сфера познания в современном мире – образование. В настоящее время в Республике Казахстан происходят существенные изменения в национальной политике образования, которая опирается как на традиционные методы воспитания и обучения, так и на инновации.

В сфере образования инновационные поиски в частности касаются цифровизации образования.

Сегодня цифровизация казахстанского образования включает онлайн-очередь в детсад, в школу, колледжи и высшие учебные заведения. В целях сокращения времени бумажного документооборота, экономии средств, роста коэффициента эффективности примененных ресурсов, степени удовлетворения населения, исключения коррупционных рисков были автоматизированы и другие государственные услуги в сфере образования. Это предоставление индивидуального бесплатного обучения на дому учащимся, которые по состоянию здоровья в течение длительного времени не могут посещать организации образования, прием документов и выдача направлений на

предоставление отдыха детям из малообеспеченных семей в загородных и пришкольных лагерях, зачисление учащихся в школу и другие услуги.

Важным показателем цифровизации образования является оснащенность организаций образования интернетом. В большинстве дошкольных организаций и школ на сегодняшний день имеется доступ во Всемирную сеть. Доступ к интернету является стратегически важным вопросом в цифровом развитии страны. Особенно востребовано это стало в 2020 году, когда пандемия коронавируса заставила мир перейти в онлайн-режим.

Сейчас как никогда актуально понятие «Цифровая образовательная среда». ЦОС – это открытая совокупность информационных систем, предназначенных для обеспечения различных задач образовательного процесса.

Организационные принципы построения цифровой образовательной среды:

1. Единство – согласованное использование в единой образовательной и технологической логике различных цифровых технологий, решающих в разных частях ЦОС разные специализированные задачи.

2. Открытость – свобода расширения ЦОС новыми технологиями, в том числе подключая внешние системы и включая взаимный обмен данными на основе опубликованных протоколов.

3. Доступность – неограниченная функциональность как коммерческих, так и некоммерческих элементов ЦОС в соответствии с лицензионными условиями каждого из них для конкретного пользователя, как правило, посредством Интернет, независимо от способа подключения.

4. Конкурентность – свобода полной или частичной замены ЦОС конкурирующими технологиями.

5. Ответственность – право, обязанность и возможность каждого субъекта по собственному разумению решать задачи информатизации в зоне своей ответственности, в том числе участвовать в согласовании задач по обмену данными со смежными информационными системами.

6. Достаточность – соответствие состава информационной системы целям, полномочиям и возможностям субъекта, для которого она создавалась, без избыточных функций и структур данных, требующих неоправданных издержек на сопровождение.

7. Полезность – формирование новых возможностей и/или снижение трудозатрат пользователя за счет введения ЦОС.

Хотелось бы провести обзор казахстанских цифровых образовательных платформ для школьников и преподавателей школ.

Bilimmedia Group – огромная база с образовательным контентом, в которой представлено более 40 тысяч материалов. Все ресурсы открыты бесплатно. Online Mektep – это популярная альтернатива штатного режима обучения. Дистанционное обучение на платформе Online Mektep – это возможность ученику самостоятельно планировать время и учиться тогда, когда он наиболее работоспособен. Я считаю, что это очень важно. Платформа Online Mektep позволяет взаимодействовать учителю и ученику на расстоянии. Online Mektep включает в себя возможность просмотра видеоурока с помощью средств самой платформы. «Нет пользы от наличия знаний, если не умеешь их применять», – Ш. Кудайбергенов. Поэтому после просмотренного обучающего видеоролика можно закрепить знания на практике и получить соответствующий полученным знаниям балл, и все это в рамках функционала платформы.

Также существует цифровая образовательная платформа Bilimland, которая дает возможность для самостоятельного усвоения знаний учащимися. На данной платформе есть Виртуальная лаборатория. Bilimland.kz – полезный информационный сайт, где можно найти актуальную информацию по всем предметам, также имеются видеоролики для просмотра как на уроках, так и при выполнении домашних заданий по различным темам.

Среди школьников и работников образования популярны следующие цифровые образовательные ресурсы: виртуальный тренажёр для подготовки к ЕНТ; образовательной портал для школьников и студентов; NIS Play; академия STEM; программа начальной школы iMektep; платформа для изучения STEM.

Библиотека электронных учебников «Oqulyqtar.kz» укомплектована цифровыми учебниками. Цифровые учебники – это электронная форма издания, соответствующая по структуре, содержанию и художественному оформлению печатной форме учебника и содержащая мультимедийные элементы и интерактивные задания, ссылки, расширяющие и дополняющие содержание учебника.

С 2024 года цифровые учебники станут неотъемлемой частью обучения благодаря своим преимуществам. Например, в процессе учёбы ученик может задействовать разные каналы восприятия информации. Если ученик лучше воспринимает информацию на слух, он может её прослушать, а

если визуально, то просмотреть видеофрагменты (по материалам семинара корпорации издательства «Атамура»).

Учебники «Oqulyqtar.kz» доступны в любое время и с любого устройства. Различные уровни сложности интерактивных заданий позволяют ученику выполнять их и видеть объективность выставления баллов. Учащиеся могут заниматься с учебником на опережение, есть возможность повторить пройденный материал.

«Человек должен постигать истину через ум. Истина живет в душе каждого и существует независимо от вас», – Ш. Кудайбергенов.

Учащиеся, которые регулярно пользуются электронными образовательными ресурсами, стабильно дают положительный отзыв о возможностях и приоритетах интерактивных заданий, мгновенной обратной связи. Различные уровни сложности интерактивных заданий позволяют ученику выполнять их и видеть объективность выставления баллов. У обучающихся есть возможность повторить пройденный материал, вернувшись на предыдущие страницы учебников; так же ученики могут заниматься с учебником на опережение. Высокую эффективность самостоятельного изучения материала учебника с помощью видеоматериалов, структурированного цифрового контента и мобильных устройств отмечают и педагоги школ.

Преимущества цифровизации образования очевидны. Это расширение возможностей построения образовательной траектории, доступ к самым современным образовательным ресурсам для учащихся; облегчение коммуникации со всеми участниками образовательного процесса для родителей; повышение удобства мониторинга за образовательным процессом, формирование новых возможностей организации образовательного процессадля учителей.

**Литература**

1. Цитаты Шакарима Кудайбергенова о воспитании и образовании https://esquire.kz/shakarim-kudayberdiev/ Составил и перевел с казахского А. Калмурат.
2. Цифровые образовательные ресурсы Казахстана clck.ru/35hZd4
3. Обзор материалов семинара корпорации издательства «Атамура» https://www.instagram.com/p/CsSrUKmtTrU/

ҒТАХР: 14.25.09

## ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БАҒЫТЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Сейтказина А.А.,** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
**Амирханова Г.К.,** тәлімгер
«Тоғас батыр атындағы орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде креативтілікті дамыту арқылы педагогтың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруда педагогикалық-кәсіби **компетенциялар маңызды:**

Әлеуметтік-психологиялық компетенция-кез келген кәсіби шешімдерді қабылдау;

Педагогикалық-коммуникативті компетенция- педагогика- лық тіл табысу шеберлігі;

Жалпы педагогикалық компетенция-тұлғаның жеке қабілеттерін зерттеу, педагогикалық-психологиялық қызмет көрсете білу білімділігі;

Рефлексивті компетенция-үрдісті бақылау және өзінің педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесін көру қабілеттілігі;

Креативті компетенция-педагогтың өз әрекетін шығармашылық-зерттеушілік деңгейге шығару қабілеттілігі.

Инновациялық қызметтің креативті компонентін түсіну негізінде педагогтің инновациялық қызметінің шығармашылық сипатын анықтайтын және шығармашылық және инновациялық процестің белгілі бір кезеңдерінде көрініс табатын креативтілік феноменін қарастыру жатады.

Педагогикада креативтілік проблемасындағы күрт өзгеріс 60-70 жылдары басталды. Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог-жаңашылдар пайда болды. Олардың білім берудегі инновациялық жүйесі басылып, радио және теледидар бойынша жаңа әдістері насихаттала бастады. Креативтілік бұл тұлғаның айрықша идеяларды шығару, ойлаудың дәстүрлі схемаларынан кете алу,

проблемалық жағдаяттарды шеше алу қабілеті. Креативтілік зияткерлік қабілеттердің ішінде ерекше тип ретінде бөлініп шықты.

Педагог әрекетінің даму кезеңдері:

Өз білімін жетілдіру:

– әдістемелік әдебиеттерді оқу;

– шығармашылық топтар мен әдістемелік бірлестік орталықтарында тәжірибемен бөлісу;

Курсқа дайындық:

– инновациялық әрекет, заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту-тәрбиелеу әдістерін меңгеру;

– жүйелі дайындық;

– проблемалық семинарлар мен вебинарларға қатысу.

Тәжірибе тарату:

– Педагогикалық сайыстар, шебер сыныптар мен проектілерге қатысу;

– Тәжірибемен бөлісу.

**Креативтілік** – адамның дарындылығы пен шығармашылық факторы. Аталған фактор адамның ойлауы мен тілдесуі арқылы және адамның жеке тұлға ретінде көрсетеді. Креативті ойлайтын адамдардың мотивациясы жоғары және олар биік жетістіктерге жетеді.

Педагог – рухани бай тұлға. Оның рухани байлығы балаға деген махаббатынан, жоғары адамгершілік және ұят сезімінен көрінеді. Ол өзінің оқушылары және әріптестерінің пікірімен санасады. Тұлғаның рухани байлығы өмірдің мәнін және өмір сүру мақсатын, өзінің кәсіби шеберлігін айқындауына ұмтылуында болып табылады. Педагог адамдардың қарым – қатынасына, әлем сұлулығына ерекше мән береді. Онда эмпатия мен рефлексия жоғары дамыған. Ол жаңа өсіп келе жатқан баланың рухани әлемінің байлығын түсінуге тырысады, сондықтан да өзінің планетарлық, тіпті космостық ойлау үрдісін дамытады.

Педагог – шығармашыл тұлға. Ол бірсарындылықты ұнатпайды, сондықтан үздіксіз ізденіс үстінде, жаңашыл. Ойлап шығару, жүзеге асыру – оның қалыпты кәсіби үлгісі.

Педагог – адамгершілігі мол, мейірімді тұлға. Бүкіл тіршілік атаулыға, әсіресе балаға үлкен сүйіспеншілікпен қарайды. Өзімен көз қарасы сәйкес келмейтін адамдарға төзімділік танытады. Әр ұлт өкілдеріне және халықтың салт – дәстүрлеріне сыйластықпен қарайды.

Педагог – бәсекелестікті тұлға. Жоғары кәсіби шеберлікті меңгеру үшін нарық жағдайында өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін біліп, мықты жақтарына сүйене отырып, әлсіз жақтарын жетілдіріп отыру керек. Озық педогогикалық тәжірибелерді оқып, танып өз ой елегінен өткізе отырып, шығармашылықпен қолдана білу керек. Кәсіби мәні бар басылымдарды қадағалап, үздіксіз білім жетілдіру курстарынан өтіп отырған жөн. Бәсекелестікті тұлға болу үшін тек өз елімізде емес, білім кеңістігінде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болады, жоғары еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады.

Педагог-мәдениет адамы. Ол белгілі бір мәдени кеңістік пен әлеуметтік – мәдени ситуацияларды ескере отырып, ең жаңа ғылым, өнер жетістіктерін бойына сіңіреді. Өз халқының әдет – ғұрпы мен салт – дәстүрін бағалайды, біледі. Көркем және кәсіби әдебиеттерге қызығушылық танытады, өнердің алуан түріне мән береді, ең бастысы өзінің шәкірттеріне қызықтыра біледі.

Педагог-тәрбиеші. Педагог қандай бір бағытты қаламасын, қандай міндеттерді шешпесін, негізгі қызметі – тәрбиешілік. Тәрбие үрдісі тәрбиеленушілердің алуан түрлі іс – әрекеттерін (ойын, оқу, еңбек, жеке, ұжымдық) педагогикалық басқару негізінде жүзеге асады

Қазіргі кезеңде тәрбиеші – педагогтың тәрбие жұмысын ұйымдастырушы ретінде нақты тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған білім, білік қабілеттеріне талдау жасау керек.

Негізгі құндылықтардың ең бастысы – бала, оның рухани – адамгершілік әлемі. Тәрбиеші үшін ең маңыздысы, оның іскерлігі болып есептеледі, сонымен қатар, психологиялық мәдениеттің де рөлі ерекше. Бала психологиясының дамуындағы қайшылықтар мен қиындықтарды түсіну үшін қажет.

П.П. Блонский мұғалімдерді «практикалық психолог» болуға шақырады. Тәрбиеленушілердің жан – дүниесін түсініп, сезініп, олардың жеке – психологиялық қасиеттерін бағалаған жағдайда ғана табысқа жете алады.

Педагог оқушының сеніміне, сүйіспеншілігіне әділетті болғанда ғана бөлене алады. Сондықтан ұжымдағы мұғалім мен оқушының арасындағы адамгершілік – психологиялық ахуал шешуші рөл атқарады. Балаларды қызықтыру, білім алудың қажет екенін сезіндірудің маңыздылығына нақты іс – шараға қатысуын қамтамасыз ету арқылы көз жеткізеді, бұл табысқа жетудің алғашқы қадамы болып саналады. Жұмыстың келесі кезеңі – тәрбие ісін жүзеге асыру

барысында балаларды ұйымдастырып, топтық ұжымдық, ұжымдық ынтымақтасуы мен шығармашылық іс әрекетін жүзеге асыру.

Сынып жетекшісі жобалай, болжай білу керек. Бір күн, бір апта, бір ай, бір жылды жобалап, болжай білген жөн.

Сонымен бірге, тәрбиешінің тәрбиеленушімен белсенді қарым-қатынас құра білу тыңдай да, тыңдата да білу керек. Дер кезінде батыл шешім қабылдай алуы да маңызды. Жоғары рухани деңгейі, зиялылық, жұмсақ жымиыс, жайлы дауыс, жеңіл әзіл ең кішкентай балалардан бастап, ересектерге де ұнайды.

Жеңіл әзіл арқылы шиеленісті жағдайдың бетін қайтаруға болады.

**Әдебиеттер**

1. Педагогика кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары. Жалпы ереже. ҚР БҒМ № 18 бұйрығы. Астана. – 18.01.2017.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ереже / Ресми басылым. – Астана, 2012 (ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж. № 1080 қаулысы бойынша).
3.Гнатко Н.М. Проблема креативности и явление подражания. – РАН, Ин-т психологии. – М.: ИПАН, 1994. – 43 с.
4. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта // Психология мышления / под ред. А.М. Матюшкина. – М., 1965.
5. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 176 с.
6. Просецкий В.А. Психология подражания: Автореф. дисс.докт. психол. наук. – М, 1974.
7. Богаева И.Д. Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік, 2009.

FTAXP: 17.01.45

## МАҒЖАН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ КОНЦЕПТІСІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

**Толеуконыр Ж.К.,** PhD 1-курс докторанты
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Мағжан өлеңдеріндегі дүниеге эстетикалық көзқарасы ең алдымен қазақ концептісі арқылы арқылы көрініс тапқан. Себебі Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, өткенін жан-тәнімен сүйген ұлтшыл ақын. Өткен өмірдің жақсы жақтарын өлеңмен өрнектеуге келгенде ақынның қаламы жүйрік. Өлеңдерінің ұлттық идеяларымен суарылып отыруы – ақынның бүкіл поэзиясына тән өзіндік ерекшелігі. Қазақ деп соққан ақын жүрегінің сырлы суреттері өлеңдерінен алдымен көрінетіні де сондықтан. Аталған зерттеуде ақынның өлеңдерін «прожектор» әдісі, жан-жақтан жарық түсіру арқылы зерделей келе, Мағжан поэзиясындағы қазақ концептісі дала, ана тілі, туған жер, ұлт, ұлттық код концептілерімен астасып, жымдасып жатқаны анық байқауға болады. Сол себептен қазақ концептісін макроконцепті деп, дала, туған жер, ұлттық код концептілерін микроконцепті ретінде алуды жөн көрдік. Ақын қазақ концептісі арқылы оның кең даласын, даладай дархан көңілін, кейде аңқаулығы мен қайсар рухын бейнелесе, туған жер концептісі арқылы тамылжыған табиғат көрінісін, туған тілін, туған жерді ерекше қастерлейтін қазақ дүниетанымын суреттейді. Ал ең негізгісі ұлттық код концептісі арқылы қазақтың салт-дәстүрі, наным-танымы, ұлттық рухы әсем өрілген.

Макро және микроконцептілер турасында кейінгі зерттеулерді қарастыра кетсек, зерттеуші М. Пименова макроконцептінің бұл сипатын: «Макро тұжырымдар деп оның құрамына кіретін барлық концептілерді тек және түр жағына байланыстыратын психологиялық құрылым», – деп көрсеткен [5]. Макро тұжырымдар зерттеушілер былайша саралайды:

1) олардың құрылымына кіретін белгілердің жиынтығымен және санымен;

2) жекелеген философиялық белгілерге немесе олардың топтарына назар аударумен;

3) белгілі бір макро тұжырымдар саласына жататын тұжырымдамалар құрылымдарында философиялық белгілер кешенін көрсетумен ерекшеленеді.

Ал қазақ ғалымдарынан А. Ақтанова мен Ш. Ақтанованың: «Әдебиеттегі макро және микро тұжырымдар жазушының сол шығармада алған тақырыбы мен идеясына байланысты көркем шындықты оқырманының санасында сурет етіп берудің бір тәсілі деген қорытынды жасауға болады.

Себебі, тұжырымдарды жазушы ойдан шығармайды, оларды сол халықтың ғасырлар бойы қордаланған көркем санасынан сарқып алып, өзі ұстанған авторлық ұстаным аясында көрсетеді», – деген ойын негізге аламыз [6].

Мағжан шығармаларындағы **қазақ концептісі – сақ пен ғұнның ұрпағы, жаны оттан, жалыннан тұрған өр рухты «Күн ұлы»**. Ақын «Пайғамбар» өлеңінде:

Ерте күнде отты Күннен Гун[1] туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам.
Жүзімдіде,қысық қара көзімді
Туа сала жалын менен мен жуғам.
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем –
Күннен туған,Гуннен туған пайғамбар [6], –

деп берілуі тарихи жадымызды жаңғырту, ұлтты ояту, көне тамырды ұлықтау сияқты ақынның ойы «Күн ұлы», «пайғамбар» деген метафоралық мағына арқылы эстетикалық рең беріп тұр.

Әр суреткердің шығармасы оның өзі өмір сүріп жатқан заманының көрінісін, күйінішін, кемкетігін, суретін көз алдымызға әкелері хақ. Ақынның айтайын деген ойы, өлеңдеріндегі негізгі идея да сол қоғамдық құрылыс, өскен ортасындағы, көрген кезеңіндегі замана сазымен үндесіп жатады. Кейде сол ой сан жылдар өтсе де өзекті, қоғамға керекті болуы да бек мүмкін. Міне, осы тұрғыдан алғанда Мағжан өлеңдеріндегі қазақ концептісі автордың қоғамға көзқарасын, дүниетанымын бүкпесіз жайып салады. Кейде қуанады, шаттанады, мақтанады, кейде ащы сөзбен бір осып алады, қайғырады, қапаланады. Десек те, келер күнге ақынның үміті көп. «Қазағым» өлеңінде:

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,
Жер, малкетіп, бос қалды біздің қойын.
Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.
Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз.
«Заман түлкі болғанда, тазы болмай»,
Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!

Мағжан өлеңдерінде **қазақ концептісі мен мұндалап тұрғанымен, қазақ сөзін іздемеумен емес, ұғыммен, құрылымына енетін белгілердің жиынтығымен, тарихпен астарлы өрілген**. Ақын «Орал» өлеңінде:

Таласқан аспан мен ен көкпеңбек тас,
Қарасаң төбесіне, айналар бас.
Жасаған мейірімі кең қадір Тәңірі,
Шығарған сол тауын аналтын, алмас.
Қарашы төңірекке мойның бұрып, Алтай,
Орал бойында тұрған түрік
Атыда, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлде қайда іріп-шіріп...
Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне.
Аузы түкті шетелдер ие болып,

Көрсетіп тұрқысымды ерлеріне, -дей келе «Тәңір», түрік, атамекен деген сөздерді бекерге тілге тиек етпей отыр. Қазақ ежелден Көк Тәңіріне сыйынған, көк түріктің ұрпағы, ата-баба рухын ерекше қастерлеген. Бұдан «көр» деген сөздің «қасиетті» деп берілуі байқау қиын емес. «Түрік» сөзі арқылы түркі жұртының «іріп-шіріп» деп келуі туған өлкесіне «аузы-түктілер» ие болғаннан кейінгі жағдайын көреген ақын көз алдымызға әкеліп отыр. Мұндағы мойнын бұра алмай тұрған, көкпенбек аспанмен таласқан Алтай Мағжанның эстетикалық ой бедерін байқатса керек.

М.Жұмабаевтың «Сорлы қазақ» өлеңінде:
Сорлы қазақ жан алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,

Алғабаспай,біткен ісі керкетіп,
Нәртата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп.

Ақынның «сорлы қазақ» деп алып тұрған эпитеттік қолданысы арқылы-ақ қазаққа жаны ашып, ет жүрегі езіле жырлай отарлау саясаты «Қара күнді» әкелгендігін, өз қолы өзіне жетпеген қазақтың нәр тата алмай қалған әлсіз хәлін әсерлі суреттеп кеткен. Мағжан Абай дәстүрін жалғастырушы десек, өлеңдеріндегі ерекшелігі сол – қазаққа қайғыру отыра, мәселенің шешу жолдарын ұсынады. Келесі өлең шумақтарында «қозғал, қазақ» деп білімге жүгір, қылышын ала келген надандықтан шығу жолы малыңды аямау білімге, өнерге жұмса деген тәмсіл айтады. Дәл осы ойды «Күз» өлеңінде де түйінді ой ғып тастайды. Ал «Осы күнгі күй» өлеңі аталған ойдың жалғасы іспетті.

... Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,
Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз?
Өзіңдей адамзаттар неғып жатыр,
Бос жүрсің баспанасыз, үйген тамсыз,
Сандалдың: алдың-боран, артың–тұман,
Түк көрмей сәуле берер шырақ-шамсыз.
Білімсіз ит надандық жеңгені ме?
Буының қалтырайды болып әлсіз.

Мағжанның тәуелдік тұлғасында «қазағым» деп емірене сөйлеуі, оны арыстанға, қайратты ерге балауы – ұлтын сүйген ұлдың сөзі. Десе де, қарусыз, қамсыз, білімсіз ит надандыққа жеңіле берсе, баспанасыз (мұнда автор қазақ жерін айтып тұр деп түсінеміз), не үйген тамсыз сәуле көрмей қала беретіндегін ескертеді. «Бір күн», «Қарағым», «Жатыр», «Шын сорлы», «Ляззат қайда?» өлеңдерінде де осы ойлармен тұстас келеді.

Ақын **қазақ ұғымын айтқанда «қазағым», «қалың қара ағашым», «қалың ел», «Алашым», «қайраты мол, айбынды ер Алашым», «ер түрік», «арыстан ел», «Арқаның ардагері қалың Алаш», «кең қолтық, отты қайратты, жүйрік қиялды», «Сар даланың еркесі – қазақ елім», «Қазақ – қырдың құланы», «шерлі ел», «қуарған қазақ», «сорлы жұрт», «алтын Күн», «Алтайда ойнақ салып жүрген аңдай», «Алаш – айбынды ел», «Күннен туған Гуннен туған пайғамбар»** деген тіркестерді қолдана отырып, «Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл, Ақымақтар байқамаған шамасын» деп сабырлыққа шақырады, елдің жарқын болашағына сенеді. Ол қазағын, қалың елін Сарыарқасыз, Арқадағы бал бұлағынсыз, күміс көбікті айдын көлсіз елестете алмайды. Бұдан қазақ концептісінің туған жер ұғымымен кіндігі байланғанын да байқаймыз. Содан болар «Түркістан» өлеңінде:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
ТамашаТүркістандайжердетуған,
Түріктің Тәңіріберген несібі ғой, –

дей келе ер түріктің бесігі, Тәңірдің сыйы Түркістан екенін нақтылап, қазақтың өскен ортасын, ата қонысын тілге тиек етеді. Түркістанды ертеде Тұран деген, осы Тұранда туып-өскен ер түріктің тағдыры құбылмалы болса да, тарихы «отты желдей». Ал жері мен суы теңіздей терең, ауыр ой беретіндігін айта келе, тіпті шетсіз-шексіз шөлі мен кемерінен асыған дариясы, шөлді де басатын селінің өзі ақын үшін қымбат. Мағжан қазақ, ер түрік кім? деген сауалға:

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!, – деп жауап бергендей. Демек қазақ концептісі – ақынның танымында кең қолтық, отты қайратты, жүйрік қиялды тұлға. Оған әріден айтқанда «данышпан, тұңғиық ой, болат жігерлі» Шыңғыс ханды, оның ұрпақтарын, «жарқ етіп шыққан нажағайдай» Ақсақ Темірді, «білгіштігімен жүйрік болған» Ұлықбекті, «асыл қан қасиетті түрік қанынан» тараған Ибн Синаны, «түріктің музыкасын түрлендірген» Әл-Фараби, «қазақтың қасқа жолды» Қасым ханы, «әділ хан» Назарды, «Алаштың арыстаны» Абылай, «кешегі ердің көкжалы» Кенені Тұранның барша ержүрек ерлерін қазақ ұғымының күретамырларындай көреді.

Қазақ дегенде қазақтың ержүрек ерлерімен қоса, заманмен бірге запыран құсқан қазақ әйелінің де тағдырын ақын қалт жібермейді. «Қарындастарға» атты топтама өлеңдерінде Мағжан

Жұмабаев бұрынғының салты бойынша әкесі малға сатар «су татыған жасықтай» қыздары мен бұлқынып, бұғау үзен қарындасты, оқудағы қарындасты, теңдік үшін жолға шыққан қарындасты, қызметтегі қарындасты көркем суреттей отырып, қазақ қыздарын да өжеттікке, оқу-білімге жақын болуға шақырады. Осы топтамадағы салмақты қарындасын **«қорғасын құйған асықтай», «жігерді жүн ғып жасытпай»**, бұлқынған қарындасың **«қорғасын құйған сақадай», «тастүлектей талпынған», «ақ бата»,** өлеңі **«уыстап шашқан шашудай»,** оқудағы қарындасын **«бауырсақ мұрын, бүйрек бет, қаймақ қабақ қара қыз»** деп беруі, қызды алуға ұмтылған борсық байды «торсық бетті» деп келтіруі қазақ танымына тән эстетикалық әлем. Мағжан үйдегі үнсіз қарындасын қорғасын құйған қарапайым асыққа теңесе, бұғауды үзуге талпынған қарындасың сақаға балайды. Бұл да қазақ танымына ғана тән дүние. Ежелден асық ойнаған қазақ халқы сақа деп - салмақты, ірі болуға тиіс және тігілген асықтарды атуға жарамдысын айтқан. Ал көнеден қыранды қолға үйретіп, аңға шыққан қазақ қыранның жас ерекшелігіне қарай балапан, қантүлек, тірнек, тастүлек, құмтүлек, қана, жана, баршын, барқын, шөгел, мұзбалақ деп атаса керек. «Тастүлектей талпынған» дегені осыдан шыққан. Сонымен қоса, Мағжанның ақ бата, шашу шашу, жүн іиру, бауырсақ мұрын, қаймақ қабақ деген тіркестері қазақтың күнделікті көріп жүрген тұрмыс-тіршілігін қыз бейнесіне қоюы дүниені қазақи болмыста көретін эстетикалық танымы деп білеміз.

М. Жұмабаев өлеңдерінде лирикалық қаһарман елім деп еміренеді, ұлтым деп қайғырады, сонда да алдыға ұмытылады. «Жауынгердің жыры» өлеңінде Қаракөк атқа мінген қазақ батыры қолына көк болат найза алып жауға шапқанына ақын марқайып «Ұлт дегенде көпіріп, жарайсың, қаным қайнадың. Ұлтымнан мен садаға, бекіндім басты байладым», – дегенінен-ақ ежелден жаудан таймаған, өлімменен ойнаған қас батырдың бейнесін сомдайды. Осындағы «Қорқыныш емес нажағай, нажағай – өзім жайнадым» деген жолдары – асқақ рух пен романтизмнің көркем көрінісі.

Мағжан романтизмі кейде асқақ, кейде мұңды, кейді отты, кейде сыршыл. Ел тағдырына келгенде, қазағы дегенде көбіне «Күн» сөзін көп қолданатыны байқалады. «Батқан Күн, атқан таңның жыры», «Қараңғы, дауылды түн» өлеңіндерінде «Алтын күн», «шырақ» сөздерін еліне арнап айтқан сынды. «Батқан Күн, атқан таңның жыры» өлеңінде «Алтын күн батып барады» деген сөйлем бірнеше рет қайталанады. Бұл қайталаулардың өзіндік мәні бар. Алтын күннің батқаны, көкжиекті күйдіргені, сорлы жары сұр бұлттар қан жылап тұрып күнді көмуін құралай көзді қарағына мұңын шаға айтады. Мағжанның өлеңдерінің эстетикалық бояуы қанық. Оны «Елім деп өл, ер болсаң» деп қар бетіне қанмен жазу, «қар үстінде қан жібекті» көріп, көзіне қан толуы сияқты көркемдік әлемінен көре аламыз. Елі үшін жаным садаға дейтін ақын рухтана келе сол соңында «Алтын күн шығып келеді, алтындап көктің жиегін»,- деп қазақтың нұрлы таңына сенім білдіреді. «Күн» ақын өлеңдеріндегі символдық бейне. Ол бірде өзің күнге баласа, бірде елін күнге теңейді, енді бірде алдағы атар нұрлы болашаққа сенім білдіргенді күнді аңсайды. «Адастым» өлеңінде «Артымда қазақ қалың ел» деп басталып, қара жолға түскенінде дала өлікке айналып, жердің жүзін түн басып, жел ұлып, шегір көзді, сары шашты жындар жан-жағынан аңталаса да, таң атқанда қайта күн шығады деп жұбанады. «Көбелек» өлеңінде керсінше көбелектей отқа ұшамыз деп күйіп қалмайық деген оймен елін сақтандырады. Ал «Бостандық» өлеңінде ібіліс әмірін жүргізіп, өтірік пен дұшпандық салтанат құра бастағанда бостандық келіп қуанып еді. Есін жиып, күйленіп алғаннан кейін бостандықтың қадіріне жетпеген пенделер «қыбырлаған қоңыздарға, жыбырлаған доңыздарға» иланғаннан соң, бостандық періштесін қайта көкке ұшып кетті дейді. Автор қазағына бостандықтың, тәуелсіздіктің қадірін білуге шақырады. Бұл бүгінгі таңда да өзекті тақырып деп санаймыз.

***«Ертегі» дастанында қазақ концептісі «алты Алаш» тіркеспен айқындалып, автор дастанның өн бойында бірнеше рет қайталайды***. Бірде «сорлы Алаш» деп сол кездегі Арқаға қол салған орыс елінің озбырлығы әсерінен Алаш деп у ішкен, қазағым деп қан жұтқан хан Кенеден, Наурызбайдан, Науаннан, Сыздық төреден айрылған халықтың жай-күйін көрсетеді. «Ерте заман, алаш аман – айбынды ел» деп түйінделген дастанда қазаққа рух бере отырып, ерте заманнан «айбынды ел» екендігін ұмытпасқа керек деп ескертеді.

Мағжан Жұмабаевтың рухты жырларынан қазақ деп соққан жүрегін, ақынның өз ойын, лирикалық қаһарманды көре аламыз. «Толғау» дастанында «Тек ел деген сөзі үшін» ұранға ергені, «Еңіреген ел көрдім, елмен бірге еңіредім», «Мен еліме басшы емен, мен еліме қосшымын», «Жыласа, бірге жылаймын» дегені – елі деп еміренген ақынның ішкі толғанысы. Халықтың үнін айтқан, «түрікшіл, Алашшыл» деп жала жабылған ақынның бүгінгі ұрпаққа айтар түйінді сөзі:

«Жау» деген, – жаудың жаласы,
Әділ болсаң, өмірімді
Ақтарып әділ қарашы.
Отыз жыл өмір бойында,
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы.
Тағы бірде:
Не көрсем де, алаш үшін көргенім,
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін, – деген екен.

Сондықтан да алаш үшін туған ұлтының арда азаматының ұрпаққа айтқан аманатын орындау, ақтарып әділ бағасын беру – біздің парызымыз болмақ.

Жоғарыда атап өткеніміздей «қазақ» концептісі макроконцепті болса, осы концептінің аясында «туған жер», «дала» концептілері микроконцептілер деп алуды жөн көрдік. Себебі, қазақты ұшы-қиыры жоқ кең дала, туған жерсіз елестету мүмкін емес. Қазақтың көңілі даладай дархан, көлдей тұнық, рухы асқар таудай асқақ деп білеміз. Ақын Алтай тауын сипаттағанда алаш елі мекен еткен киелі мекен деп біледі:

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегедей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде,
Ертеде алаш елі мекен еткен.

Мағжан поэзиясындағы бейнешілдік тәсілдің қалыптасуына, ең алдымен, XIX ғасырдың орта кезінде Ресейдің қазақ даласына отарлауды толық аяқтағаннан кейінгі озбырлық әрекеттерінің өршіп, ұлт наразылығын қоздыруы ықпал етті. Бұл қазақ зиялыларының елінің ертеңгі тағдырына алаңдаушылығын тудырды. Бірақ оны ашып айтуға империялық саясат мүмкіндік бермеді. Сондықтан ішкі қарсылығын образдап, астарлай ымдап, ишарамен, жұмбақтап жазуға мәжбүр болды [8].

Мағжан Жұмабаев өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым буғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен толғамдардың терең тұңғиығына сүңгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің, не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның құдіретті шеберлігін мойындайсың.Ақын тау туралы толғансын, не дархан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл немесе жазғы таңды, қысқы кешті, егінді, не жар, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінімі, ішкі жай күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді. Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге қанаттасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттерді көз алдыңа келтіреді. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауызы ғана сияқты көрінеді де, ақынның құдіретті шабытымен кестелеген түпкі мағына сурет болып санаңа еніп, сезіміңді қалай билеп алғанын білмей де қаласың. «Жазғы жолда» деген өлеңінде ақын былай дейді:

Дала. Дала. Сар дала!
Жапан түзде бір қара…
Шілде. Оттай ыстық күн.
Дала – өлік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр тұншығып.
Жол жыландай иірілед,
Шаң ерініп, үйірілед.
Ешбір леп жоқ, тып-тыныш.

Қарапайым көріністер мол сырға ие болып, жол, дала, көк аспан, бұлт – бәріне де жан бітіп, адамның өзімен тілдескендей әсер қалдырады. Өзіміз оны көзбен көріп, құлақпен естігендей боламыз. Адам мен табиғат арасы ақын өлеңінде ажырамас бірлікте тоғысқан, яғни айнала өмір, ақынның оны қабылдауы сырлы сөз күшімен әсерлі сурет болып шыққан. Әрине, мұндай көркем сөзді көркем ой тудырмақ [9].

Мағжан туған жерін де, қазақ елін де жанымен сүйе білді. Ақынға туған жерден ыстық жер жоқ.

Сағымы сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады.
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.
Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахарасы.
Сарыарқа деген жерім бар,
Неге екенін білмеймін,
Сол Арқамды сүйемін, –

деп жырлайды ақын. Ақын туған жерін сол жерде кіндік қаны тамып, өмірге келгендігі үшін, есі кіріп, ержеткендігі үшін сүйеді. Мағжан үшін де өзі туған Сасыққөлден артық жер бетінде жер жоқ. Ақын көзімен қарасаңыз, «алыстан мұнарланып шалқыған көлдің» жағасындағы ауылда өткен өмір – романтика. «Туған жерім – Сасыққөл» атты өлеңінде ақынның туып-өскен ауылына деген ыстық махаббаты бүлкілдеп тұр.

Айдын көл ата қоныс құт болған көл.
Сусын боп сұрағанға от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,
Бейне бір сенің басың сүт болған көл, –

деп жырлаған туған жерінің ертеңі ақын жүрегін мазалап, тыныштық бермейді [10].

Мағжанда туған жер концептісі осылайша әсем көріністерімен, эстетикалық көркемдікпен келеді. Туған жер концептісіндегі тағы бір ерекшелік – ұлттық бояуларға толы болуында. «Еділде» өлеңінде бүктетіліп жатқан белді сүтке тойған марқаға, су жеп қойған жұмыр тасты түйір-түйір малтаға, кешкі толқынды қабыржыған қаймаққа, тулаған толқынды ойнақтаған тайлаққа, шұбырған толқынды ағытылған қойға, Еділдің ақ ала бетін ойнап тұрған оқаға теңейді. Осындағы сүтке тойған марқа, малта, қаймақ, тайлақ, қой, оқа сияқты сөздері қолдануы туған жердің табиғатын туған халқының тұрмыс-тіршілігіндегі құбылыстармен байланыстыруы дүниеге эстетикалық көзқарасының түп тамырымен астасып жатқанын көрсетсе керек.

Туған жеріне деген шексіз ықыласын «Түркістан» өлеңінде:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңір берген несібі ғой, –

дей келе Тұранның шексіз-шетсіз шөлін, теңіздей кемері жоқ көлдерін, дария аталған өзендерін, аспанға асқан тауларын, таудың салқын жасындай ойнақтаған бұлағын, тіпті сап-сары құмын, Арал теңізін, ертедегі Оқыс, Яхсарт, Жейхун, Сейхунын, сол ескі сулар жағасындағы қасиетті бабалар бейітін, ешкімге тең келмес деп баға берген Тянь-Шань тауын, қасиетті Қазығұрт тауын барлығын да ерекше мақтанышпен тізіп өткен.

Қорыта айтқанда, Мағжан Жұмабаев өлеңдерінде концептілерді лингвистика мен әдебиеттану салаларымен астастыра қарағанда өрісі кең, тұғыры биік екендігін көре аламыз.

**Әдебиеттер**


1. Сүлейменов Ж. «Мағжан: Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар…» // Дала мен қала. – 2008. – № 42.
2. Аймауытов Ж. Шығ. жинағы. 2 т. – Алматы, 1995. – 345 б. – Б.45.
3. Әуезов М. Шығ. Жинағы. 3 т. – Алматы, 1996. – 325 б. – Б.74.
4. Есіркепова К.Қ., Қанапина С.Ғ. Мақал – мәтел тіліндегі концептілік құрылымдар. – Қостанай, 2011. – 16 б.
5. Пименова М.В. Концепты внутреннего мира человека (русско-английские соответствия): Дис. ...д-ра филол. наук: 10.02.01. – СПб., 2001. – 497 с.
6. Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы ISSN 2707-9910, ISSN 2788-7979 (online) Филология сериясы. – № 2. – 2023.
7. Жұмабаев Мағжан шығармалары (әдебибасылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы, 7 том. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2004. – 462 бет.
9. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 бет.
10. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы, 2012. – 408 бет.

МРНТИ: 15.81.53

# ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССА РАЗВИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВОСПРИЯТИЯ У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА

**Рахметова А.Р.,** преподаватель
КГКП «Педагогический колледж им. М.О. Ауэзова»
(Республика Казахстан, г. Семей)

Студенты ВУЗа находятся в таком возрастном периоде, когда осуществляется переход к взрослой жизни, что влечет за собой повышение ответственности, самостоятельности, необходимость в активном участии в жизни общества, в самоопределении, в конструктивном решении различных проблем личностного развития.

Исследуя структуру творческого развития личности студентов ВУЗа, мы выделили следующие наиболее значимые компоненты:

- направленность личности на осуществление самостоятельной продуктивной творческой деятельности;
- самоорганизованность;
- творческую активность;
- готовность к коллективной работе;
- адекватность самооценки.

Нами было определено, что процесс творческого развития студентов ВУЗа протекает более эффективно, если происходит активное подключение педагогического потенциала дополнительного художественного образования. Опора в образовании на искусство позволяет развивать у студентов творческую самостоятельность, способность к концентрации творческих усилий, независимость и аргументированность эстетических суждений, ответственность, готовность к созданию коллективного творческого продукта.

Разработанная в исследовании система психологических ситуаций предполагает сочетание общеобразовательного направления с направлением художественной подготовки. Таким образом, формы занятий, на которых используются данные психологические ситуации, могут быть различны: исследование, обсуждение интерпретаций художественных (изобразительных) произведений, импровизации и др. На таких занятиях используются задания, направленные на то, чтобы обеспечить переход от формально-логических действий к творческим. Такие задания развивают у студентов подвижность и гибкость мышления, стимулируют процессы мыслительной и эмоциональной активности; учат более гибко подходить к проблемам, не механически заучивать материал, а мыслить самостоятельно, не боясь оспаривать чужое мнение, но делать это аргументировано, находя собственные подходы, самостоятельно осваивать знания.

Кроме того, система психологических ситуаций, разработанная в исследовании, предполагает диалогическое взаимодействие преподавателя и студентов в процессе творчества, включая такие направления педагогической работы, как наблюдение над личностными изменениями студентов в процессе восприятия учебной информации и художественного произведения, обсуждение со студентами прочувствованных ими эмоций, развитие культуры личности студентов, их эстетического опыта на основе раскрытия сущности изобразительного искусства, его истории, особенностей создания художественного образа и др.

Ведущей задачей педагога становится в этом случае раскрытие для студентов значимости обретения собственной позиции в результате размышлений, обогащения знаний об искусстве, в процессе самостоятельной творческой деятельности, формулировки собственных суждений о предназначении искусства, его преображающем воздействии, через определение своих эмоций в отношении к тому или иному произведению, четкому пониманию истинного и фальшивого, вечного и преходящего, высокого и шаблонного.

Данные психологические ситуации направлены на достижение нескольких целей:

- организация обстановки для преодоления инерции и пассивности;
- активизация стремления не к формальному накоплению знаний, умений и навыков, но к использованию их как средства для открытия действий, ведущих к получению высоких творческих результатов;
- психологическая установка на достижение задуманной цели в совместном поиске одного из возможного решения художественной задачи.

Многие ситуации направлены на активизацию мыслительной деятельности студентов, их творческого воображения. Этот процесс проходит эффективно в педагогических ситуациях порождения ассоциаций, когда представления легче переходят в понятия. Мы согласны с позициями Б.П.Юсова в том, что именно художественный образ как форма познания позволяет объединить эстетические и научные знания, а из системы образов последовательно складывается целостная картина мира во всем многообразии и взаимосвязях [5].

Рассмотрим более обстоятельно несколько примеров психологических ситуаций, разработанных в исследовании творческого развития студентов ВУЗа.

Ситуации педагогической поддержки творческого проявления студентов. Данные ситуации особенно значимы на начальном этапе педагогической работы. В этот момент студенты очень часто эмоционально зажаты, закрыты для общения. Многие переживают проблемы с социальной адаптацией в новой для них группе. В этом случае акцент делается на коллективное создание творческого продукта.

Исследование показывает, что в данном случае растет ответственность участников коллектива, и это качество в дальнейшем становится личностно осознанным, включается в структуру развития личности. Безусловно, педагогическая поддержка должна быть дифференцирована, учитывать не только возрастные психологические особенности, но и особенности характера каждого из студентов.

Например, студенты, для которых характерны эпатаж, развязность, стремление к внешнему самоутверждению не должны получать поддержки своего демонстративного поведения. В этом случае внимание необходимо обращать на переключение мотива, на самоутверждение к мотиву на продуктивную творческую деятельность и более цельное самораскрытие в ней. Самоутверждение рассматривается исследователями как стремление человека к самоосуществлению, когда личность получает признание со стороны. Такое самоутверждение личности называется «внешним», поскольку оно обращено на внешнее социальное окружение. Самоутверждение понимается и как стремление человека стать замеченным.

Для студентов, которые стремятся в процессе творческого развития подчеркнуть собственную уникальность, данные ситуации акцентируют внимание на значимость труда в достижении высоких творческих результатов. В этом случае студенты должны развивать в себе готовность систематической работе, в которой много рутинного, однообразного, но необходимого для достижения коллективного результата высокого уровня.

В ходе бесед педагог транслирует студентам установку на то, что если человек осознано и глубоко верит в свое индивидуально неповторимое предназначение и видит в нем высший смысл своей жизни, он способен прожить ее ярко и неповторимо, цельно и полно раскрыться, проявить все свои таланты. Но это возможно в том случае, если личность осознает себя частью человеческого сообщества и способен к взаимодействию с другими людьми.

Ситуации творческого развития на основе систематического овладения профессионально и личностно значимыми знаниями, навыками, умениями в области искусства. Высокий уровень творческого развития достигается, если человек обладает знаниями, умениями и навыками, позволяющими ему наиболее полно реализовать свои способности в творческой деятельности. Поэтому для студентов раскрывается специфика процесса подготовки к тому или иному событию (выступлению на конкурсе, на выставке, контрольной работе, защите курсовой и др.).

Переакцентирование внимания студентов на процесс подготовки к достижению результатов – сложная работа, требующая значительных психолого-педагогических знаний и опыта. Вследствие возрастных особенностей, студенты стремятся к тому, чтобы достичь результата быстро и наименее затратно. В то же время именно мотивация на долгую кропотливую работу позволяет в дальнейшем проявлять высокую профессиональную устойчивость и достигать значительных результатов в избранной деятельности.

Позиция педагога должна быть гибкой: следует чередовать задания на повторение и задания на импровизацию, делать отступления в монологической объяснительной речи (лекция), устраивать игровые ситуации и др.

Эффективным является и подключение к процессу творческого развития опыта тех людей, которые достигли высоких творческих результатов. Это могут быть беседы с приглашенными на занятия художники, музейные экскурсии, проектные задания, посвященные судьбам выдающихся людей и др. Ситуации организации взаимной групповой оценки исполнения. Эти ситуации очень важны для развития эстетической вкуса студентов, их способности к эстетической оценке. Многие конструктивные работы выполняются на уроках в процессе коллективного творчества. Проводится выставка работ студентов в группе. На общем обсуждении проводится сравнительный анализ

сделанных сообщений, и дается групповая оценка, обсуждаются типичные ошибки, совершаемые студентами в эстетической оценке произведения.

В целом после апробации выявленных психологических ситуаций нами было выявлено, что у студентов значительно повысился уровень творческого развития, система их ценностных ориентаций стала более устойчивой и осознанной, проявились и закрепились положительные эмоциональные отношения учащихся к различным видам творческой деятельности в области изобразительного искусства, расширился их личный опыт в самопознании и познании других людей, появился мотив на самораскрытие в творческой коллективной деятельности, сформировалась способность к эстетической оценке произведений изобразительного искусства.

Студенты стали осознавать реальную сложность проблемы творческого развития и более ответственно относиться к своему жизненному пути: понимать, что его следует выстраивать, ставя перед собой высокие творческие цели, и идти к ним в процессе кропотливой, активной, системной работы.

Позиция педагога в современном учебно-воспитательном процессе принципиально изменяется: он должен быть не только усердным исполнителем государственной программы, но и специалистом-творцом, личностью, обладающей творческой свободой, обновленным педагогическим мышлением. Это требует постоянного духовного самоусовершенствования личности будущего педагога в процессе обучения в педагогическом ВУЗе, формирования его интеллектуального и культурного потенциала.

При разработке целей и задач экспериментального развития художественного восприятия у студентов мы опирались на теоретические позиции, представленные в работах Б.Г. Ананьева, Л.С. Выготского, А.Н. Леонтьева, С.Л. Рубинштейна о взаимодействии субъекта и объекта в процессе восприятия; на концепцию функционирования искусства, представляющую собой «раскрытие смысла в значениях (смыслообразование)» (Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, А.Н. Леонтьев, Д.А. Леонтьев и др.) [1, 4]; концепцию взаимодействия человека и произведения искусства как взаимопереход психического в художественное (Л.Я. Дорфман, В.П. Зинченко, Е.Б. Моргунов, П.А. Флоренский) [2, 3].

Иными словами, определяя подходы к собственному экспериментальному изучению проблемы развития художественного восприятия у студентов педагогического ВУЗа в условиях взаимодействия искусств, мы учитывали интегративный механизм внутреннего, индивидуально-личностного движения участников экспериментального обучения, которое обеспечивался органичным взаимодействием, переплетением процессов художественного восприятия, креативного мышления, общения.

Анализ психолого-педагогических и философских исследований, проведенный нами, позволил заключить, что высокая степень развития художественного восприятия в специально созданной особой обучающей среде может актуализировать развитие личности будущего педагога в целом, гармонизируя сенсорную и рациональную сферы, опосредованно влияя и на развитие его профессионально-личностных качеств.

Экспериментальное формирующее исследование было подчинено решению следующих конкретных задач:

- разработать и апробировать экспериментальную психолого-педагогическую программу развития художественного восприятия у студентов педагогического ВУЗа в условиях взаимодействия искусств;
- разработать систему диагностических средств про развитию художественного восприятия у студентов педагогического ВУЗа;
- последить влияние развитых форм художественного восприятия на общеличностное и профессиональное совершенствование студентов.

Решая поставленные задачи, мы использовали следующие методы: формирующего и контрольного экспериментов; наблюдения и самонаблюдения; анкетирования; беседы и некоторые другие.

Процесс развития художественного восприятия в ходе формирующего эксперимента проходил в три этапа, условно обозначенных нами информационный, синтезирующий и моделирующий.

**Информационный этап.** Его основной целью являлось формирование у студентов системы знаний о специфике и сущности художественного восприятия, о значении его развития для личности будущего педагога; о разнообразии принципов взаимодействия искусств; о совершенствовании эмоциональной культуры личности субъекта.

**Синтезирующий этап.** Основной целью этого этапа являлось научение, то есть приобретение студентами специальных умений, знаний, направленных на личностную и профессиональную актуализацию полученных на первом и, частично, на втором этапах эксперимента. Данная цель достигалась с помощью специальных семинарских занятий и практикумов в рамках специального курса «Психология художественного восприятия» и также реализовывалась в педагогической практике. Практические и семинарские занятия организовывались с учетом вышеобозначенных принципов во взаимодействии искусств. Студентам было предложено с использованием графических линий, красок в процессе их взаимодействия раскрыть сущность художественного восприятия произведений искусства.

На этом этапе студенты не только получали готовые знания от преподавателя, но и сами добывали требуемую для дальнейшей работы информацию. В процессе обучения студенты были поставлены в ситуацию направляемого извне, организуемого поиска, обнаружении нового знания и использования его. Учебная ситуация включала в себя совокупность следующих действий студентов: решение поставленных задач; оценка результатов; экспериментирование.

**Моделирующий этап.** На моделирующем этапе происходило воплощение в педагогическую практику полученных на первых этапах знаний и умений; самостоятельное моделирование и практическая реализация целей и задач по развитию художественной культуры детей младшего школьного возраста в условиях взаимодействия искусств.

**Литература**


1. Выготский Л.С. Психология искусства / Предисл. А.Н. Леонтьева; Коммент. Л.С. Выготского, В.В. Иванова; Общ. ред. В.В. Иванова. 3-е изд. – М.: Искусство, 1985
2. Дорфман Л.Я. Эмоции в искусстве: теоретические подходы и эмпирические исследования. – М.: Смысл, 1997.
3. Зинченко В.П. Проблемы психологии развития (читая Мандельштайма) (Статья вторая) // Вопросы психологии. – № 6. – 1991.
4. Леонтьев А.А., Леонтьев Д.А. В истине жизни (Из научного архива А.Н. Леонтьева) // Художественное творчество и психология / Отв. ред. А.Я. Зись, М.Г. Ярошевский. – М.: Наука, 1991.
5. Юсов Б.П. Предисловие // Взаимодействие и интеграция искусств в полихудожественном развитии школьников: Рекомендации к разработке комплексных программ по искусству для школ и внешкольных занятий. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1990.



ҒТАХР:14.25.04


## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ҮЛГІЛЕРІ


**Заманбекова Ж.А.,** қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«С. Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)


Шәкәрім – өз бетімен көп оқып, рухани қазыналарға тереңірек үңіліп, білім-ғылымның қадір-қасиетін түсінуге ден қойған өз заманының озық ойшылы. Шәкәрімнің рухани есеюіне, сауатты, сергек болуына қатты ықпал еткен тұлға-ұлы Абай десек,соған сай қабілетті, тума талант иесі өз дәуірінің өзі куә болған қым-қуыт көріністері мен заман сипатын, қараңғылық пен зұлымдық билеген ел тұрмысын өлеңдерінде тебірене сипаттады. Оқушыларға ұлы Абайдың дарынды шәкірті, ғұламафилософ, тамаша тарихшы талантты сазгер,ақын, лирик, шебер аудармашы, ірі қоғам қайраткері ретінде артына аса бай рухани мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен тарихтағы орны, еңбектерінің құндылығы туралы мәліметтер негізінде қоғамда ашық, жүйелі сөйлей білуге, қосымша деректерді пайдалана білу арқылы ірі тұлға еңбектерін қолданып, білімді, еңбекқұмар болуға тәрбиелеу жолдары ұсынылады.

Мектептегі кезеңде баланың өмір тәжірибесіне қажетті білімді меңгеріп, бірте-бірте баланың тұлғалық сапасына, өмірлік дағдысына айналатын керекті деректерді нақтылап үйрету-заман талабы. Бүгінгі өркениетті елдер қатарына қосылуға аяқ басқан кезімізде елжандылықтың үлгісін көрсету, білім мен тәрбие беру – ең басты көкейтесті мәселе болып табылады.

Сондықтан, балалардың айналасында болып жатқан өмір құбылыстарын, заман өзгерістерін електен өткізе отырып, «өшпес өмір, таусылмас мал берерлік» білімді қызметіне сай пайдаланып, екшеп ала білетін надандықтан жиреніп, ғылым, өнер, ақылмен санасарлық тұлға болып қалыптасуына бағыт-бағдар беру – пән мұғалімі ретінде менің парызым.

Дархан дала абызы Шәкәрім шығармаларын мектепте оқыту – ұзыннан ұзақ желі тартып жатқан тұтас тәрбиенің негізі.Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясының кәусар бұлағы, бастау алған қайнар көзі – ұлы Абайдың құдіретті жыры. Ол заңды да еді. Өйткені Шәкәрім Абайдың тағылымын алған талантты ақын інісі, ұлы ойшылдың маңайына топтасқан жастар шоғырының шоқтығы биік өкілі еді. Әрі Шәкәрім Құдайбердиев қоғамдық, әлеуметтік, рухани-мәдени, әдеби өмірге белсене араласып, гуманистік, адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеяларды уағыздады. Шәкәрім өз бетімен көп оқып, рухани қазыналарға тереңірек үңіліп, білім-ғылымның қадір-қасиетін терең түсінуге ден қойған саналы ақын болып қалыптасты.

Қазіргі қоғам жастарының рухани есеюіне,сауатты да сергек өсуіне қажет Шәкәрім мұрасының қырларын жеткізуді нысана еттім. Міне, осы тұрғыда 8 класта ақынның «Жастарға» атты өлеңін оқыту барысында инновациялық оқыту технологияларын тиімді қолдану арқылы оқушылардың ойында керек деректерді қалдыру, білім сапасын арттыру, сөздік қорын молайтумен байқау, зерттеу жұмыстарын жүргіземіз. «Қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауапты өзімнің нақты мақсатымды айқын көре алуымнан және сол арқылы баланың ақпараттық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыра білу шеберлігімнен іздеуім қажет. Осы мақсатты жүзеге асыру,саралауда сабақ Саймон Браунхиллдің «Галереяны шарлау» әдісімен Шәкәрім Құдайбердіұлының туған жеріне, оқып, ғылым игерген өмірінің соңғы кездерін өткізген жерлеріне саяхатқа шығудан басталды.

«Биопоэма» әдісі арқылы дана Абай мен дара Шәкәрім ақындардың әйгілі орыс классиктерінің өнегелі шығармаларын оқу арқылы жастарды өнер – білімге шақырып,ой салуды екі ақынның да мақсат тұтқанын,идеялар тоғысуын көру арқылы ұқсастық байқайды.

Қазақ қоғамының рухани дамуына сөз өнерімен қызмет ету,көпшілік сана-сезімінің өсуіне көмектесу, жастарды ғылым-білім,өнерге баулуды нысана етті. Шәкәрімнің халық бойындағы арылмай келе жатқан мін-кемшіліктерді батыл сынап, ел-жұртты адал кәсіпке, еңбек пен өнер-білімді игеруге шақыратын жырлары ұлы Абай идеяларымен астасып, үндесіп отырады. Ақын ел болып, қатарға қосылудың бірден-бір дұрыс жолы орыстың өнері мен білімін игеру, оның озық ойлы, алдыңғы қатарлы жазушыларының шығармаларынан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алу деп санайды.

«Рабиндраун» әдісі арқылы бірінші қатар Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңін, екінші қатар Абайдың «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» деген өлеңін талдау арқылы адам бойын нұрға бөлейтін ізгі қасиетін тереді.

Ғылым бір кенің ғой,
Ауырсаң емің ғой.
Бәріне жетеді
Таусылмас көлің ғой.

Еңбектің, оқудың, білімнің, өнердің адамға, ортаға тигізер пайдасы, әсері, ықпалы үнемі уағыздалып отырады. Жастарға насихат ретінде адам мінезіндегі ызақорлық пен ашушаңдық, жатып ішер жалқаулық пен еңбексіздікті, алдау-арбауды жойып, адамгершіліктің туын көтеруде тынымсыз күрес жалғастығы жарқырай көрінеді. Сабақ соңында «Еркін әңгіме» әдісі немесе «Эссе» әдісі арқылы 10-15 сөйлеммен критерийлерге сәйкес бақытқа жету жолдары жобасын қорғайды. Қай заман адамдары болмасын өмір құбылыстары ұқсас болғандықтан адам,қоғам туралы жинақталған нақыл сөздер, толғаулы тұжырымдар қашан да үлгі. Әркім арман-мұраты, ішкі жан дүниесін зерделеу арқылы ақын шығармаларының негізгі идеяларын бойларына сіңіру жолында еңбек жалғасын таппақ.

**Әдебиеттер**

1. Сәтбаева Ш.Қ. Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы, 1990.
2. Қазақ әдебиеті. 8 сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра.

МРНТИ: 37.132

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Джумажанова Г.К.** псх.ғ.к., доцент
**Кениг К.,** 2 курс магистранты, 7М01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Бастауыш сынып оқушыларын патриоттық тәрбиелеу мәселесін теориялық талдау "патриотизм" ұғымының мәні мен оның құрылымы туралы мәселені қарастыру қажеттілігін тудырады. Патриотизм-бұл екінші, туынды құбылыс, қоғамның материалдық өмірінде оның негізі – Отан бар. Патриотизм жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың қазіргі Отанға деген көзқарасын білдіреді.

Мұғалім бастауыш сынып оқушысының бойына ұлттық патриотизмді қалыптастыруы керек. Мұғалімді тәрбиелеу кезінде мұғалім тәрбиелік қасиеттерді, адамгершілікті, Отанға деген сүйіспеншілікті, қоршаған ортаға өзін-өзі көрсетуді білуі керек. Сабақ барысында ол патриоттық сөздерді айтады: "Мен ана тіліміздің негіздерін көтеремін "немесе" мен ұлттық намысымызды сақтаймын", егер біз өз болашағымызды белгісіз деп санайтын болсақ, онда бірде-бір патриот немесе ұрпақ қалмайды. Бастауыш сынып оқушыларының бойына патриоттық, ұлттық рухты тәрбиелеу үшін бірінші мұғалімнің бойында сондай қасиет болу керек. Бұл тұрғыда екінші сыныпта өткізілетін тәрбие жұмысы үлкен маңызға ие. Мен "мен – елдің ертеңі", "Отан-жетіден басталады" тақырыбындағы классикалық сағатты айттым, ол патриоттық тәрбиелік мәнге ие. Оқушылардың сынып сағаттары тек Отан, туған өлке, тіл, өлеңдер туралы мақал-мәтелдермен шектеліп қана қоймай, оқушыларға осы тақырып бойынша эссе жазуы керек. Эссе жазу кезінде бала тілді дамытып қана қоймай, сапаның эгосын жүйелі түрде дамытады. V-tretix, сабақтардағы дүниетаным қоғаммен, туған өлкенің тарихымен тығыз байланысты. Мысалы:" қоғам-болу " бөлімінде студент өзі қоғамның бір бөлігін жақсы көретінін түсінеді, мен мемлекет алдында жауап беремін, қоғам-қоғамға қалай қызмет ете алады деген сұраққа жауап іздегені үшін. "Туған Бір", "Отан" және туған өлкенің тарихы, қазіргі өмір салты, әлемдегі эго орны бар білім бөлімдері бойынша оқыған кезде студент тігілген Отанға, туған өлкенің намысын дәріптеуге көбірек қызығушылық танытады.

Патриотизмге деген көзқарасты анықтайтын теориялық ережелерге мыналар жатады:

– патриотизм – бұл халықтың рухани өмірінің әлеуметтік, тарихи шартты құбылысы, қоғамдық орта мен тәрбиенің ықпалының нәтижесі;
– патриотизмді "Отан" және "Отан"ұғымдарынан ажыратуға болмайды. Оның мәні отанға (халыққа, мәдениетке, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, тілге, тарихқа, туған өлкенің табиғатына) және Отанға (әлеуметтік, саяси, әлеуметтік-мәдени орта ретінде)деген көзқараспен анықталады;
– адамның Отан мен Отанға деген көзқарасы сезім, қызмет және ойлау саласында көрінеді. Патриотизмнің мәні мен ерекшеліктерін ғылыми түсіну психологтар мен патриоттық тәрбие беру жолдарын іздеуін анықтайды.

Педагогикалық ғылым патриоттық сезімнің негіздері бастауыш сынып оқушыларында қалыптасатынын дәлелдеді.Бұл сезімдер балалардың туған өлкені үлкен Отанның бөлшектері ретінде түсінуінде, туған өлкеге деген сүйіспеншілігінде, халықты құрметтеуінде, оның жауынгерлік және еңбек жетістіктері, мәдени жетістіктері үшін мақтанышында, адамдарға деген қамқорлығында, еңбектерінің нәтижелеріне, табиғатына ұқыпты қарауында, шығармашылық қызметте Отанға деген көзқарасын жүзеге асырғысы келуінде көрінеді.

6-7 жастағы балалардың патриоттық сезімдерінің ерекшелігі – олар ата-аналарына, отбасына, үйіне, балабақшасына, мектебіне, туған қаласына, туған өлкесінің табиғатына деген сүйіспеншілік негізінде туады. 6-7 жастағы балаларды қоршаған әлеммен таныстыра отырып, олардың туған қаласы, өлкесі, елі, оның тарихы, туған өлкенің табиғаты туралы идеяларын қалыптастыра отырып, жаңа мазмұнмен, балалардың Отанға деген сүйіспеншілік сезімімен біртіндеп өсіп келеді.

Бастауыш сынып оқушылары Отан туралы білімдерін сабақтар, экскурсиялар, бақылаулар, көркем шығармаларды оқу, ересектермен әңгімелесу барысында алады. Қоғамдық өмір құбылыстарымен танысу бойынша сабақтар, зерттеулерде атап өтілгендей, 67 жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеудің жетекші құралы болып табылады. Олар әсер жинау, идеяларды қалыптастыру, балалардың сезімдерін тәрбиелеу үшін ең оңтайлы жағдайлар жасайды.

6-7 жастағы балаларды қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстыру процесін оңтайландыру жолдарын анықтайды: қоршаған әлем туралы білім мазмұнын дұрыс таңдау, оларды ұсыну әдістемесінің ойластырылуы, педагогикалық қызмет түрлері арасындағы байланыстарға негізделген процесс.

Педагогикада балаларға қол жетімді, қызықты және тәрбиелік тұрғыдан құнды болатын әлем туралы білімнің мазмұнына көп көңіл бөлінеді. Бұл мәселені Р.И. Жуковская, А.П. Никонова, е. и. Радина. Олар қоршаған шындық құбылыстарының шеңберін сипаттады, олармен танысу 6-7 жастағы балаларда патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге ықпал етеді.

Зерттеушілер баланың жеке басына адамгершілік тәрбие беру тұрғысынан ең құнды фактілерді таңдаудың маңыздылығын атап өтті: жұмысқа деген көзқарасы, оның қоғамдық маңызы, адамдардың бақытты өмір сүру фактілері, халықтар достығы және т. б. осылайша, бастауыш сынып оқушыларын қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстыру сабақтарының негізгі мақсаты-патриотизмнің негізі болып табылатын сезімдер мен қатынастарды тәрбиелеу: туған өлке, ел; отанға деген қызығушылық; ол туралы көбірек білуге деген ұмтылыс; өз халқына, этносына және т.б. мақтаныш.

Менің ойымша, мұғалімдер айтқан теориялық ережелер 6-7 жастағы балаларда олардың интеллектуалдық, эмоционалдық және белсенділік салаларын белсендіру шартымен қоршаған ортаға эмоционалды оң, саналы көзқарас пайда болатындығы өте маңызды.

Патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттары жалпы білім беру ұйымдары: рухани-адамгершілік, тарихи-өлкетану, азаматтық-патриоттық, әлеуметтік-патриоттық, әскери-патриоттық, батырлық-патриоттық, спорттық-патриоттық ұйымдар болып табылады. Мұндай патриоттық тәрбиенің бастауыш сынып оқушыларын жеке, жеке топтық, ұжымдық формалары баланың жеке басын қалыптастыруда өзекті болып табылады.

**Әдебиеттер**

1. С. Қалиұлы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы (Оқу құралы). – Алматы: Білім, 2011. – 280-б.
2. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – М.: Педагогика, 2010. – 286 с.
3. Момышулы Б. Психология войны. – Алматы: Казахстан, 2011. – 176 с.
4. Жұмақанов Ә. Патриоттық және интернационалдық тәрбие беру жолдары // Қазақстан мектебі. – 2021. – № 3. – 20б.

FTAXP: 17.01.45

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Акимжанова Г.Б.,** қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне де, балаларға сапалы білім беру дәрежесіне де айырықша көңіл бөлініп отырғаны белгілі. Баланың дарындылығы мен білімге құштарлығын арттыру – ұстаз бойындағы құдіретті күш. Едеше берілетін білім сапасы да мұғалімнің шеберлігіне байланысты болмақ. Ал қазіргі жаңаша оқыту технологиясы мұғалімді жақсы нәтижеге жеткізетіндігі анық. Жаңа технологиялар жаңа әдіс – тәсілдерден тұрады. Нәтижесінде оқушының интеллектуалды дамуының жоғарлауы, белсенді өзара қарым-қатынасының жауапкершілігі көрінеді, өйткені оқушы да, оқытушы да белсенді шығармашылықпен қызмет жасайды [1]. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі-баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Немістің педагогы Алольф Дистверг XIX ғасырдың өзінде-ақ «Жаман мұғалім білімді өзі айтып хабарлайды, жариялайды, жақсы мұғалім шәкірттерді оны табуға үйретеді» деп есептеген. [1]. Олай болса, ұстаз алдындағы басты міндет – әлем мәдениетін танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімі жоғары, құқықтық-құжаттық мәдениетті, білімді, жан – жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі таңдағы педагогикалық жаңалықтарды өзіміз оқытып жүрген пән ерекешелігіне қарай қолдана білу-оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Сондықтан адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек сынды биік қасиеттерді ұлықтаған ойшыл Шәкәрім шығармаларын оқытуда заманауи оқыту

технологиясының элементтерін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде қолдану, білім алушылардың ақын шығармасына деген қызығушылығын арттыра түседі.

Әдебиетте әр ақынның өзіндік орны бар десек, Шәкәрім – қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі тұлғалардың бірі болып есептеледі. [6] Шығыс, батыс классиктерінің шығармашылығын жете танып, мұсылмандық ілім-білімді де еркін меңгерген ақын, түркі халықтарның тарихын терең білетін ғұлама ғалым, әдебиеттің көптеген жанрларында да туындылар қалдырған қаламгер. Шәкәрім шығармаларын оқытуда жаңа технология элементтерін тиімді қолданудың негізгі мақсаты – оқушыға берілетін білімнің ғылыми жүйелілігі және білімді белсенділікпен саналы меңгере отырып, білімнің тиянақтылығына ерекше мән беру [ 2].

Мектеп бағдарламасында Шәкәрім шығармалары оқушының жас ерекшелігіне сай, көркемдік қуаты жоғары, саралай отырып лайықталып енгізілгенімен бөлінген сағат саны өте аз. Атап айтқанда, тек 8-сыныпта Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі, «Бостандық таңы» өлеңі ғана берілген. Жалпы білім беретін орта мектепте Ш. Құдайбердіұлының шығармаларын қазіргі заман талаптарына сай оқытудың жаңа инновациялық технологияларына тоқталу жөн деп білеміз [ 4].

Жоғары сынып оқушыларын Шәкәрім шығармаларымен, поэмаларымен таныстарғанда эвристикалық жобалау технологиясын басшылыққа ала отырып сызба-модель жасату тиімді [3]. Өйткені сызба модель тақырып бойынша берілетін көлемді мәліметтерді жинақы түрде көрсете біледі. Моделмен әр оқушы жеке жұмыс жүргізеді. Ізденеді, зерттейді. Модель оқушыларды ғылыми еңбектермен жұмыс іздеуге баулиды. Модельдегі әр бағыт бойынша оқушыларға жекелей, топтық тапсырмалар беріп, оқушылардың білімін шығармашылық деңгейге көтеруге болады [3]. Технологияның бұл әдісі тек білім беру ғана емес, оқушыларды өзіндік ізденіске, шығармашылық жұмысқа баулитындығымен құнды. Мысалы, «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» поэмасын талдауда осындай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артып, тиянақты білім алуына жетелейді. Оқушы өзіндік ой-пікірін тұжырымдап, негізгі идеяны көркем мәтіннен таба білуге дағдыланатыны байқалады [ 5].

Ақын шығармаларын оқыту барысында «Болжау» стратегиясын пайдалану оқушылардың қиялын, ойын дамыта түседі, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттырады. Жоспар бойынша берілетін шығарманы өзінше аяқтауға тапсырма беріледі. Яғни ақын поэмаларын оқыту барысында осы әдісті қолдану оқушылардың қиялын шарықтата түспек.

«Бетпе-бет» әдісінде балалар бір-біріне өткен сабақ, жаңа тақырыптар бойынша сұрақтар қояды. Бұл әдіс «Адамдық борышың», «Жолама қулар маңайға», 8-сыныпта «Қалқаман-Мамыр» поэмасын талқылау барысында қолдану арқылы оқушыларды белсенділікке баулып,ақын шығармаларына толық меңгеруге әсерін тигізеді. Жаңа сабақты мұқият, зейін қоя тыңдап түсінген оқушы өткен тақырыпты есте сақтай білген оқушы ойын жинақтап, жүйеге келтіріп қызықты да күрделі «жуан-жіңішке» сұрақтар қоя алады [2].

Осындай әдіс-тәсілдерді қолдана барысында, оқушылар сабақта Шәкәрім еңбектерінің әрқайсысын өз бетінше талдауға үйренеді. Шәкәрім шығармаларындағы ізгілік, шапағат, мейірімділік, т.б. қасиеттерді бойына сіңіре отырып, қатігездік, заманның ескі ойларынан шыға алмайтын мінездерден, қайырымсыздық қасиеттерінен өздерін аулақ ұстау жөнінде тағлым алады. Әр түрлі әдістер қолдану негізінде оқушылардың сабаққа деген ынтасы оянып, қызығушылығы артады.

Шәкәрім шығармаларын дамыта оқыту технологиясымен игерту барысында жұмыста төмендегідей жаттығу-тапсырмаларды беруге болады.




«Видеожұмбақ» деп аталатын интербелсенді әдіс-тәсілді пайдалану ақын шығармасына деген қызығушылықты арттыра түседі. Тапсырманың ерекшелігі көрсетілетін видео үнсіз, дауысы естілмейді. Орындалатын тапсырма: бейнекөріністегі кейіпкерлерді сөйлету («Еңлік-Кебек» поэмасы) [2]. Оқушылар шығарманы жақсы түсінген болса өз қиялдарына, шығармашылықтарына ерік беріп поэмадағы кейіпкерлерді өздерінше сөйлете біледі. Тапсырма соңында шығарманың дұрыс нұсқасы көрсетіліп, қалыптастырушы бағалау әлеуметтік желі суреттері арқылы жүргізіледі. Ал жауапты бірінші айту реті роддон шеңберімен анықтау арқылы жүргізілсе, сабақ өз деңгейінде өтеді.

Wordwall

Және бұл әдісті қолданудағы мақсат, оқушылардың шығарма мазмұнын жүйелі меңгеріп, оны талдай алу қабілетін дамыту. Ал ұтымдылығы:- поэманың желісін жетік білуі, шығарманың өн бойынан басты кейіпкерлерді тани білуі, кейіпкерлердің бейнесін сомдауға ұмтылуы, жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажырата отырып, өзіндік көзқарасын дәлелдей білуге баулу [2].

Ақынның өмірі мен шығармашылығын толық танып білуге «Wordwall» әдісін пайдаланған дұрыс. «Wordwall» әдісінде адасқан әріптерді, сөздерді орнына қояды. Бұл әдіс көбінесе ақын шығармаларын жаттауға бергенде, оқушының ақын сөздерін дұрыс жаттағандарын, есте сақтау қабілеттерін тексеруге тиімді. Тапсырмада Шәкәрімнің өлең жолдарынан, поэмадан алынға үзінділер беріледі. Бұл тапсырма топпен де, жұппен де, жекелей де орындауға болады.

Мысалы, «Адамдық борышың» өлеңінен үзінді алып, тапсырманы орындатуға болады [7].

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай

Ар сақта, оны біл. – осы үзіндідегі сөздерді ауыстырып қою, сөздерді тастап кету (оқушы өзі толықтырады) немесе шумақты аяқтау сияқты тапсырмалар беріледі.

Сонымен жүйелі еңбек қашан да жемісін бермек. «Мектептің тірегі де, тілеуі де оқыта білгетін мұғалім» деп А. Байтұсынұлы айтқандай қазіргі білім саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жас ұрпаққа заман талабына сай жан-ақты білім беру мүмкін емес. Осы ретте Абай атамыздың «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген өлең жолдары ойымызға оралады. Ұлы ақын өлсе де ,ұрпағына ғибрат етіп қалдырған мұрасы бар. Ол мұраны сақтау, одан тәрбие алу – біздің міндетіміз.

Ақын айтқан ақыл-кеңес, қозғаған мәселелер, жазып кеткен сан алуан салиқалы туындылары бүгінгі күн талабымен оп-оңай үндесіп, бір арнаға тоғыса қалды. Ендеше, ел боламыз десек Ш.Құдайбердіұлы қалдырған рухани мұраны толық игеріп, ол шыққан ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек.

**Әдебиеттер**


1. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2006.
2. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы, 2008.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 271 б., 149 б., 81 б., 44 б.
4. Зайкенова Р., Тұрсынғалиева С.Ч. – Арман-ПВ: баспасы, 2018. – Қазақ әдебиеті. – 82-94 б.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Өлеңдері мен поэмалары. – Мектеп баспасы, 1990. – 88 б.
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалар жинағының үш томдық жинағы. – 1-том. – 215 б.


ҒТАХР: 17.01.45

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

**Далбина Ж.К.,** қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бүгінгі күнде мектеп пен білім беру жүйелерінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу.

Шәкәрім – өзінің жарты ғасырдан астам уақытқа созылған шығармашылық өмірінде әдебиеттің барлық жанрында жемісті еңбек еткен қайраткер. Адамгершілік асыл қасиеттерді өміріне арқау етіп, оны ақындық құдірет – дарыны және биік азаматтық ісімен халқына үйретуге ұмтылған ғұлама ойшылдың жан дүниесіндегі қуаныш – күйініш сезімдерінің сырын бірден дөп басып, ашып айту өте қиын. Өз заманының суретшісі, табиғат, қоғам, адам туралы көп толғаныс тебіреністер, философиялық тұжырымдар жасаған – Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық әлемі түрлі бейнелі образдарға, тілдік көркемдегіш сөздерге толы. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының қажетіне жарата алған.Шәкәрімнің шығармашылық жолы – XIX ғасыр мен XX ғасыр арасында қазақ әдебиетнің дамуына үлес қосқан ғалым этнограф Ш. Уалихановтың, балалар әдебиетінің атасы, педагог Ы. Алтынсариннің, хакім Абайдың көзқарастарын, шығармаларының идеялық тақырыптарын С. Сейфуллин, М. Әуезов, С.Торайғыров, тағы басқа қазақ зиялыларының еңбектерімен байланыстырған «рухани алтын діңгек»

[1]. Дала ойшылының өнегелі өсиетке толы әдеби мұрасын оқу – тәрбие үдерсінде тиімді пайдалану – әр мұғалімнің алдындағы жауапты міндеттердің бірі.

Бүгінгі таңда оқытудың мақсаты-білімді, өмір сүруге бейім, ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Демек, өзіміз сөз етіп отырған Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығының білім алушы дүниетанымын кеңейтуге алатын орны ерекше десе де болады. Дүниеге көзқарасы Абай ықпалымен қалыптасқан Шәкәрім «Қазақ айнасы» жинағы мен «Үш анық» атты философиялық трактатындағы адамгершілік хақындағы ойлары болашаққа ұмтылған жаңа буын өкілдерінің көзқарасын тың бір арнаға салуда. Сондықтан ұлылар үндестігін сабақтастыра оқыту әрбір білім алушының жан дүниесін ізлендіре түсері анық [5].

Шәкәрім – Абайдан кейінгі әдеби көшті бастаушы, иманды жырымен ұрпағын иландыра білген ақиық ақын. Кез келген ақын ұлылығының айғағы оның шығармашылығы болмақ, себебі ақын туындысы – оның жүрек үні, адал ақтық сыры, бүкіл ойының, танымының көрінісі. Сондықтан оны танып білу, зерттеу, қыр – сырын барлау – үлкен міндет. Шәкәрім – Абайдың қазақ өлеңінің дәстүрлі үлгілерін дамыту бағытындағы жаңашылдық жолын одан әрі жалғастырып, оған өзіндік сөз кестесін қосқан ақын екндігіне зерттеу, іздендіру тапсырмалары бойынша білім алушылармен жүргізілген жұмыс түрлері дәлел бола алады.

Абай мектебінен тағылым алып, ізгіліктің негізін салған Шәкәрім мұрасы-рухани байлықтың бастауы [4]. Бай қазынамызды қастерлеп, оны оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері арқылы білім алушылардың бойына сіңіруіміз керек. Жаңашыл ұстаз Қ. Бітібаеванынэфристикалық жобалау технологиясын пайдалану кезінде білім дайын күйінде берілмейді, білім алушыға іздену, бақылау, ой елегінен өткізу жолымен алуға бағытталады. Сөзіміз дәлелді болу үшін аталған модельдің үлгісін ұсынайық: жаңа тақырып бойынша алдын ала тапсырмалар жүйесі; тапсырма негізінде сұхбат, әңгіме, пікірлесу; мұғалім түсініктемесі; қосымша материалдар, ғылыми еңбектер; оқулықпен жұмыс; жинақтау, қорытындылау. Бұл әдістеменің әрқайсысы білім алушылардың ізденісін, шығармашылық қабілетін дамытуға, жазу мәдениетін жетілдіруге негіз болады [3].

Ғұлама шығарма тақырыбына негіз болған әлеуметтік – экономикалық, саяси – қоғамдық жағдайларды ерекше көрсете білген. Ол тамаша әдіс – тәсілдерді пайдаланып, сол арқылы өмір шындығын бейнелеген. Шәкәрім шығармаларының оқырмандарға адамгершілік, еңбексүйгіштік, ұлтжандылық рухындағы тәрбие берудегі маңызы зор. Ұлы ақынның өзі гуманистік мүддесін дәл осы ыңғайда анықтап айтқан:

Адам үшін еңбегім,
Өмірден барлық тергенім.
Қалағанын қарап ал,
Мұрам сол , жастар, бергенім!

Болашаққа үміт пен сенім артқан оптимист Шәкәрім жас ұрпақты, ең алдымен, бірлікке, ынтымақта болуға үндей отырып ұлттық құндылыққа бағыттайды.

Аласапыран заманда «адам» деген атты жоғары ұстап, өмір ағынына қарсы тұру идеясы, қазіргі біздің қоғамымызға нағыз керек тәрбие құралы болып табылады. «Тәрбие мен білім – егіз», – демекші білім мен тәрбиені ұштастыра отырып оқытудың негізі Шәкәрімнің өлеңдері мен поэмалары қайнар көзі болып табылады.

Ақылды сол – ынсаппен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сақтайды.

Ақын «Насихат» атты өлеңінде өмірдің тұтқасы ғылыми ілімде «балаңа ғылым үйрет жас күнінде», өнерлі, білімді ғана өзінің өмірінен орнын табады, ел билеп, халықтың басын біріктіреді, ғылым таусылмас кен, оны игерту үшін ерінбеу керектігін білдіреді.

Шәкәрім өлеңдерінің сурет, бейнелері бай, құлпырмалы, ұйқас, буын өлшемдері де сан алуан өзгеріп құбыла түседі. Өлеңдерде бұрын қалыптасқан көркемдік, бейнелі тіркестер де кездеседі, сонымен қатар сөз өнерінің тың қырларын құлпырта ашатын теңеулер, эпитеттер, метафоралар, шендестірулер, нақыл сөздер мол. «Көңілдің көз ашылса», «кеудесінде болса көз», «ойдан маржан, меруерт төгілгенде, отыра алар кім шыдар оны термей», «піскен адам», «аузымен құс тістеген жақсыңыздың», «өліп қалған сұм жүрек оятсам да тұрмас – ты», «өлі жүрек», «тозған ой», «жалқау тартқан ой», «қайғылы біздің көңілден, қайғырған сайын қан шықты», «жалынды оттай жайнаған қайран өмір, Шоқ сөнген соң қап – қара болды көмір», «сәндегіш әтеш», «қабағынан қар жауған

қараңғы бұлт», «ай ұшқан тозақ, таза ақылдың алдында жоқ қай құны», «қаламым , қарындашым, жан жолдасым», «Жарылыс басы – қозғалыс»,т.б көптеген осы сияқты бейнелі тіркестер қазақ көркем сөзінің кейбір тың қырларын ашады, адамның рухани әлемін, көңіл – күйін, мұң – арманын, жүрек тынысын ой иірімдерін білдіруде, табиғат көріністерін бейнелеуде Шәкәрім үлкен суреткерлік танытты.

Оқу – білім, еңбек, адамгершілік, ұлттық салт-дәстүр т.б. тақырыптарда жазылған өлеңдерінің тәрбиелік маңызы зор болып, балаларды құндылыққа бағыттайды. Ақын өз өлеңдерінде адам бойындағы негізгі қасиеттердің бірі – еңбек деп түсінген. Ерінбей еңбек ету, еңбекке жақын болу – адамға қалған үлкен «бақ» деп бағалаған. Ақынның еңбек тақырыбына жазған өлеңдері аз емес. Ақынның «Жолама, қулар , маңайға» деп аталатын өлеңінде:

Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қаны үшін,
Серт берген еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін.
Сертіме жету – арманым,
Көтерем тағдыр салғанын.
Өлгенімше ізденем
Толтырар кемін қалғанын –

деп ақын өмірінің бүкіл мәні еңбекте жатқанын, қандай ауыртпалық кездессе де сүрінбей, барлық өмірін тек адал еңбекке арнайтынын сөз етеді. Қорыта айқанда, ұлы кемеңгер, халық ұстазы Ш.Құдайбердіұлы – нағыз педагог – психолог. Себебі, әдебиет сабағындағы оның орны мен тәрбиелігі жағынан өте таптырмас, құнарлы дүние деуге болады. Ұлттық педагогиканың алдында тұрған міндеттердің бірі қазақ халқының ойшыл, кемеңгер, біртуар ғұламаларының қайталанбас еңбектеріне терең көз жүгіртіп, тәрбие құралы ретінде қолдану – өте оңтайлы әдістердің бірі. Шәкәрім бабамыздың шығармаларында көркем, бейнелі фразеологизмдер кеңінен қолданылған. Олар – тілдің көркемдігінің, мәнерлігінің, былайша айтқанда, тіл байлығының көрсеткіші.

Талап деген бір жүйрік бар тұлпар сында,
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.
Тауға ұра ма басымды, тасқа ұра ма
Ал енді оған кісі қайтіп мінді? ( «Талап пен ақыл»)

Жалпы қолданыста басын тауға да,тасқа да соқты (ұрды)деген тұрақты тіркестер бар. Бұл тіркестер І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» әлекке түсті, әуре – сарсаң болды деген мағынаны білдіреді. Шәкәрімнің мына өлең жолдарында:

Жер сықылды пайдалы бол,
Пайдалансын ел сенен.
Тасты жердей болма қатты,
Тілме жұрттың табанын –

деген күнделікті қолданысымыздағы *тастай қатты, тастай берік, тас түйін* деген тіркестер кездеседі. Мағынасы – өте мықты, аса берік, құрыштай. Ақынның лирикасын түйсініп, идеялық көркемдік ерекшелігін таныған білім алушылар тиянақты алған білімдерін жеке, жұптық, топтық жұмыстар негізінде белгілі бір мақсатқа жетелейді, бағыттайды әрі зерттеу еңбектерімен жұмыс жасауға, ғылыми сипаттағы мақала жазуға ұмтылыс пайда болады. Нәтижесінде білім алушының жазу мәдениеті қалыптасады.

Шәкәрім шығармашылығының негізгі ерекшелігі ұлтын, жерін сүйген, жалпы адамзатты сүйген адам тұлғасының дамуына әсер ету үшін өлең сөзді көркемдік қару ету міндетін көздеген. Сондықтан да ақын өлеңнің мәні мен мағынасына, бүкіл көркемдік сапасына аса үлкен талап қойған. Шәкәрім мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының қажетіне жарата алған. Шәкәрім адамның ізгі қасиеттерін дамыту жолдарын айқындап, бұл тұрғыда адамзаттық игі дәстүрлерге сүйенеді. Жинақтай келгенде, Шәкәрім өмірі мен шығармашылығы – сан-алуан суретке толы, өмір құбылыстарын көркем айшықтаған күрделі сала. Оның сырларына үңіліп, философиялық, психологиялық, тарихи себептерін ашу әлі талай зерттеулерге негіз болары анық.

Педагог –жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» дегендей, сабақты өткізуде әр пән мұғалімі сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болу керек: тілдік төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытуды; белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыруды; мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс орнатуды; оқу жетістігін бағалауды да ескеруі қажет. Нәтижесінде білім алушылар өзара ынтымақтастықта жұппен, топпен жұмыс істеуге, өз ойларын еркін жеткізуге, өзін-өзі және серіктестерін бағалауды жүзеге асыруға, бір-бірін тыңдауға, талдауға салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға дағдыланады.

Қорыта келе, «Сусыз егін не шықсын, суғар, шыдаазпқа, Дәмін алып, ел ұқсын, сонда ұмтылар тамаққа»-деп, Шәкәрім өзі айтқандай, шығармаларын осындай тірек сызбалары арқылы ұғындыру білім оқушыларды ақынға рухани жақындатып, көркем сөздің құдіретін түсінуге баулиды. Ұлттық құндылықтарымызды егере отырып, бағалай білуге жетелейді.

**Әдебиеттер**


1. Акманова Г.Р. Орта мектепте Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын оқыту әдістемесі (автореферат). ҚР. – Алматы, 2010.
2. Әбдіғазиев Б. Абай дәстүрі және Шәкәрім. «Асыл мұра». – Алматы, 1992.
3.Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: «Мектеп», 2003.
4. Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы, 1989.
5. Сатбаева Ш. Ш. Құдайбердиев. – Алматы, 1993.
6. Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003.
7. Байтұрсынов А. «Ақ жол» .– Алматы: Жалын, 1991.


МРНТИ: 37.022

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ

**Кенжегулова П.,** магистрант 2 курса, 7М01301 – Педагогика и методика начального обучения
Университет имени Шакарима
(Республика Казахстан, г. Семей)

Потребительское отношение к природной среде, упрощенное понимание глобальных экологических проблем, является следствием низкого уровня экологических знаний или их отсутствие. Поэтому формирование нового экологического мышления на принципах совместного развития природы и общества невозможно без широкого экологического образования и воспитания

Существуют различные подходы к определению экологической культуры. По мнению И.Н. Пономаревой, В.П. Соломина, Г.Д. Сидельниковой, экологическая культура – важнейшая часть общей культуры, проявляющаяся в духовной жизни и поступках, это особое качество личности осознавать непреходящую ценность жизни, природы и проявлять активность в их защите.

Философ Е.В. Никанорова подчеркивает, что экологическая культура означает новый тип культуры с переосмысленными ценностями, которые ориентированы на поиск механизма связи с природой, а Э.В. Гирусов определяет экологическую культуру как «совокупность материальных и духовных ценностей, а также способов человеческой деятельности». И.Д. Зверев также полагал, что экологическая культура есть динамическое единство экологических знаний, ответственного отношения к природе и реальной деятельности человека в окружающей среде. С.Н. Глазачев определяет экологическую культуру как цель новой образовательной парадигмы, формирующей новую экологическую парадигму мировоззрения как личности, так и общества и выделяет компоненты экологической культуры: мотивационно-целевой, содержательный, операционно-деятельностный, эстетический, волевой, валеологический.

Задача учителя в условиях экологического образования и воспитания – обеспечить условия для формирования мотивационной сферы ученика. Мотивация овладения экологической культурой, формируясь под воздействием педагогических условий, превращается в основной фактор становления экологической культуры школьника и выполняет основные функции:

– побудительную, определяющую силу, действенность, устойчивость побуждений подростка к изучению природы, ее защите и охране, к приобретению личностного опыта в решении экологических проблем, к экологической целесообразной деятельности; устойчивость различных психических процессов в ходе реализации природоохранной деятельности, необходимый ее эмоциональный фон и динамику;

– избирательную, обусловливающую изменение отношения подростков к изучению экологии, к экологической информации, активизирующую познавательный интерес к экологическим проблемам и стимулирующую направленность личности на природоохранную деятельность;

– смыслообразующую, придающую процессу овладения экологической культурой личностный смысл, личностную значимость приобретенного опыта экологосообразной деятельности;

– регуляторную, выражающуюся в регуляции проявлений личности по отношению к экологическим ценностям во всех сферах жизнедеятельности в соответствии с принципами экологической культуры. Она включает рефлексию собственной экологической деятельности и оценивание результатов действий окружающих людей по отношению к объектам природы, к ее ресурсам.

Формирование экологической культуры учащихся является длительным и целенаправленным процессом. Как актуальная социально-педагогическая задача, формирование сознательного, ответственного отношения учащихся к природе должно пронизывать все направления планирования, организации и контроля в работе школы и всего педагогического коллектива.

К педагогическим факторам формирования экологической культуры учащихся относят содержание обучения, методы, формы и приемы его организации. Среди педагогических условий выделяют внешние и внутренние.

Внешние условия выступают как обстоятельства, среда, в которой совершается подготовка подростков (отношения учителя и учащихся, отношения в коллективе); внутренние условия коренятся в психической деятельности каждого подростка.

Формируя экологическую культуру учащихся, педагог обеспечивает логику восхождения от эпизодического, возникшего под влиянием ситуации личностного состояния, до закрепившегося, ставшего устойчивой жизненной привычкой. При этом важно подчеркнуть, что личностный подход, в отличие от стихийной социализации, предполагает сознательное включение личности в процесс собственного «конструирования», т.е. наряду с состояниями, связанными с переживанием внешних событий, в сознании воспитанника должны актуализироваться рефлексия, оценка, выработка норм поведения в подобных случаях.

Формированию экологической культуры также способствуют учебные занятия, реализующие личностно-развивающую модель обучения.

Важным элементом поурочного плана выступают способы актуализации личностно-развивающей ситуации и педагогической поддержки учащихся с различным личностным потенциалом. Речь идет фактически о возможности целенаправленного участия педагога в развитии личностной сферы учащихся. Все условия влияния на эту сферу фактически можно разделить на инвариантные и вариативные.

Следовательно, экологическая культура характеризует направленность человеческой деятельности на сохранение природных условий, необходимых для жизни, формы и виды которой должны включать в себя экологическую составляющую как условие сохранения не только природной среды, но и самого общества.

**Литература**

1. Мухамедьярова Р.Р. О работе экологической школы / Р.Р. Мухамедьярова // Начальная школа. – 2009. – No 3. – С. 32-34.
2. Кириллова З.П. Экологическое образование и воспитание школьников в процессе образования / З.П. Кириллова. – М.: Просвещение. – 2013. – 111 с.

ҒТАХР: 17.01.07

# ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ДАСТАНЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

**Жумабекова Р.К.,** қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
№ 16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

*Бұл баяндамада Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастанын оқыту кезінде пайдалануға болатын тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылған. Алдымен дастанның қысқаша тарихына шолу жасалып, әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей көркем шығарманы оқытудың ерекшеліктеріне де тоқталады. Оқу бағдарламасында «Еңлік-Кебек» дастанына берілген сағат саны мен онда қарастырылатын мәселелермен де бөліседі. Оқыту кезіндегі әдіс-тәсілдердің әрқайсысына жекелей тоқталып, маңыздылығын түсіндіреді.*

«Әдебиет – ойдан, ой – тұрмыстағы соқтығыстардан тұрады», – дейді қазақ жазушысы Ғабиден Мұстафин [1]. Шынымен де, қазақ әдебиетінен ойып тұрып орын алатын шығармалардың көбі тұрмыста болған оқиғалармен сабақтасып жатады. Соның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлының екі жастың махаббатын жыр ететін «Еңлік-Кебек» шығармасы. Шәкәрімнің өзі алғысөзінде бұл оқиғаның сонау 1780 жылдары Шыңғыс тауында Тобықты мен Мамай арасында болғандығын жеткізеді. Жалпы ақынның «Еңлік-Кебек» поэмасы адами болмыстың қыр-сырынан бастау алып, кісінің бойындағы махаббат, достық, ақыл-парасат туралы ойлармен жалғасын табады. Дастан толықтай тарихи оқиғалармен байланыстырылған.

Қызықты да күрделі шығарма жалпы орта білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларының оқу бағдарламасына енгізілген. Жалпы білім алушылардың тақырыпты түсініп шығуы үшін 6 сағат көлемінде оқытылады. Алғашқы сабақтарда дастанның тақырыбы мен идеясы туралы айтылса, ары қарай шығарманың кейіпкерлеріне де жеке сағаттар арналады. Дастандағы автор бейнесі де назардан тыс қалмай, шығарманың тіліне де ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, қорытынды сабақ ретінде дастанның оқырманға әсері жайында ой қозғалып, пікір алмасады. Жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қамту үшін, оқушылар дұрыс түсінуі үшін сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс.

Алғашқы сабақтар әдеттегідей оқып-танысу, бейнероликтер арқылы, ойланып, жұптасып, бөлісудің нәтижесінде жүзеге асып жатса, кейіпкерлерді талдау кезінде, шығармаға композициялық талдау жұмыстарын жасаған кезде жаңа, қызықты әдістерді пайдаланған жөн. Мен үнемі сабақтарымда оқушыларды топқа бөліп отырғызамын. Себебі, топпен жұмыс жасау барысында білім алушылар бір-бірінен қалыс қалмай, сабаққа барлығы бірдей қатысып отырады. Бірлесіп жұмыс жасағаннның нәтижесінде, тақырыптың кішігірім мазмұнын болсын, барлық бала біліп шығады деп ойлаймын. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастанын оқыту кезінде «3 таяқша» әдісін қолданып көруге болады. Әдістің сипаттамасы бойынша, білім алушы тақырыптың негізінде бір сұрақ қойып, өзге оқушының тарапынан қойылған бір сұраққа жауап беріп, ары қарай өзінің ерекше идеясымен бөлісуі керек. Мысалы, дастандағы кейіпкер Кебектің Нысан абызға бал ашқызғаны туралы сұрақ қойып, өзі де соған қатысты сауалдарға жауап береді. Ары қарай поэманың негізінде түсінгенін пысықтап, жақын адамынан қыз алмауға байланысты өз ойымен бөлісіп, пікірін білдіреді. Бұл әдіс көбінесе сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді.

«Еңлік-Кебек» дастанын оқыту кезінде сұрақ-жауап әдісі арқылы тақырыптың мазмұнын кеңінен ашуға болады. Сол үшін сабақта «Бинго» әдісі дастанның негізгі оқиғаларын қамтитын мәліметтерді талқылауға ыңғайлы. Айталық, оқиғаның дамуы ретінде жүретін Еңлік пен Кебектің бір-біріне сөз беруі, екеуінің кездесуі жайында толығырақ тарату үшін қатысты сұрақтарды қоюға болады. Қандай да бір дорбаның ішінен суырылып шығатын кішкентай шарларға жапсырылған сұрақтардың қатарында Кебектің Еңлікті алып қашуы және ортақ балаларының дүниеге келуі туралы да болуы мүмкін. Яки бұл сұрақтарға жауап беру арқылы, жауап бере алмаған оқушылардың жауаптарын толықтыру арқылы шығарманың идеясы кеңінен ашылады.

8-сынып оқушылары ойларын еркін жеткізе алатын, коммуникативтік қабілеттері жақсы дамығандықтан сабақ барысында қызықты әдіс-тәсілдерді қолдана аламыз. Мысалы, өзіме ұнайтын, ыңғайлы, тиімді тәсілдердің бірі – «Детектив» деп аталады. Білім алушылардың топпен жұмыс жасауына таптырмас әдіс қандай да бір оқиғаның шешімін тауып, зерттеу жұмыс жасауына көмектеседі [2].

Мысалы, сыныпта бөлінген үш топқа «Еңлік-Кебек» дастанынан көрініс табатын үш түрлі әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді тапқызуға болады. «Детектив» әдісі арқылы әр топ өздеріне берілген тапсырманы берілген уақыт аралығында зерттеп, мұғалім алып келген қосымша ресурстардан қарастырып, ойларын ортақ плакатқа түсіріп, қорғайды. Соның нәтижесінде, шығармадағы қосымша ақпараттар да қарастырылады.

Сабақты қорытындылау кезінде көбінесе «Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісі көмекке келеді. Білім алушылар «Еңлік-Кебек» дастанынан өздеріне ұнаған яки жағымды эмоция қалдырған тұсымен бөліседі. Енді бірі жағымсыз дүниелерін айтып жатса, кей оқушылар даулы мәселелерді де назардан тыс қалдырмайды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергендіктерін білуге болады. Кез келген шығарманы оқыту кезінде негізгі ақпараттармен бірге қосымша дүниелердің де болатыны анық. Сол бір мәселелердің маңыздылығын көрсету кезінде, өздерінің ойларын дәлелдеу үшін «Гауһартастар иерархиясы» әдісі таптырмас құрал ретінде пайдалана аламыз. Жоғарыда айтқандай, сұрақ қою арқылы тақырыпты кеңінен ашып, білім алушылардан көптеген ақпараттарды аламыз. Серпілген сауалдар қоюмен қатар «Ыстық орындық» әдісін қолдану арқылы ашық сұрақтарға жауап алуға болады. «Еңлік-Кебек» дастанын оқытуда мағынасын талқылауға әрі талқыланған ақпараттардың ұзақ уақытқа ойда сақталуына себеп болатындай «Елшілер» әдісі де тиімді. Өмірде елшінің міндеті – жеткізу. Демек, топпен жұмыс жасау барысында өздері түсінген ақпаратты келесі бір топқа жеткізу арқылы жүзеге асатын әдістің білім алушыларға берері мол.

Әдебиеттің шығармаларында талданатын ең маңыздысы – кейіпкерлер жүйесі екені шындық. Сондықтан «Еңлік-Кебек» дастанындағы Тобықтының батыры ретінде суреттелетін, уәдеге берік әрі ержүрек батыр Кебек, Матайдан шыққан, бай Сыбанның ынжық баласына айттырылған Еңлік, балгер ретінде бейнеленген Нысан абыз, Тобықтының биі Кеңгірбай, Жүзбенбет табынан шыққан Көбейлерге талдау жасау арқылы да шығарманың мазмұнын толық ашуға болады [3]. Кейіпкерлердің жағымды не жағымсыз екенін анықтау, олардың іс-әрекеттері арқылы бейнелерін сипаттау жазуда «Креативті матрица» әдісінің тиімділігі байқалады. Яки сабақта нақтылап алған оқу мақсатына қол жеткізу үшін беретін пайдасы көп [2].

Дастандағы махаббат, достық, адалдық, арамдық, қулық, қарапайымдылық сынды құндылықтарды тізіп, кейіпкерлердің әрекеттерін саралап, нәтижесін де көрсетуге болады. Бұл «Креативті матрица» әдісі білім алушылар тапсырманы орындау кезінде поэмадағы кейіпкерлер мен олардың іс-әрекеттерін мысалға келтіре отырып, құндылықтарын да оңайынан анықтай алады. Осындай матрица жасау арқылы кейіпкерлерге нақты беріліп тұрған тура әрі жанама мінездемелерді тезірек тауып, өздері іріктеп алған ақпаратты көзқарас білдіруде тиімді қолдана алады. Аталмыш кестенің негізінде орындалған жұмыстың түрі білім алушыны жазылым жұмысына дайындау кезінде, оқушының қажеттілігін өтеуде тиімді болып келеді. Себебі, «Еңлік-Кебек» дастаны бойынша оқушының ойында тек өзі іріктеп, талдап, саралап алған ақпараты ұзақ уақытқа сақталып, оны жазылымның жұмысында міндетті түрде қолданатынын көрсете алады. Жазылымдағы жұмыстың жемісті болуы үшін білім алушының өзінің тарапынан іздене отырып, алған ақпараттарын орынды түрде дәлел ретінде пайдала алуы маңызды болып табылады.

Дастанның тақырыбы мен идеясынан бөлек, шығарманың тілін оқытқан кезде қаншама көркемдегіш құралдар мен айшықтаудың түрлерін табуда да көптеген әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Дастан туралы оқыса да, мазмұнын айтып талдау жұмыстарын жасаса да, білім алушыларды «Еңлік-Кебек» ескерткішіне апарып, таныстырған дұрыс деп есептеймін. Себебі, өз көздерімен көрген дүние ұзақ уақытқа дейін есте қалып, негіз сақталады. «Еңлік-Кебек» дастаны туралы түсінікті дұрыс қалыптастыру үшін сабаққа қойылған оқу мақсаты мен соған сай жабдықталған әдіс-тәсілдер, көрнекі құралдар маңызды рөл атқарады. Бір сабағы екіншісінен ерекшеленіп тұратын мұғалімнің қатарынан болайық.

**Әдебиеттер**


1. Амантай Д.Ғ. Мұстафин: Өндіріс эстетикасы. – Егемен Қазақстан, 2022, 19 шілде.
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2017. – 302 б.
3. Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.

МРНТИ: 16.31.51

# ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Абдрахманова Ж. Е.,** учитель русского языка и литературы
«КГУ СОШ № 21»
(Республика Казахстан, г. Семей)

Новые методы в обучении позволяют так организовать учебный процесс, что ученику урок и в радость, и приносит пользу, не превращаясь просто в забаву или игру. И, может быть, именно на таком уроке, как говорил Цицерон, «зажгутся глаза слушающего о глаза говорящего».

Комиксы развивают чуткость к пониманию иностранного юмора и культуры жителей тех или иных стран, формируют фантазию, улучшают зрительную память. Благодаря картинкам, вы понимаете большую часть прочитанного. Кроме того, острые повороты сюжета мотивируют вас читать продолжение, уделять чтению все большее количество времени. Вы обогащаете словарный запас разговорной лексикой. Вы запоминаете правописание многих слов за счет их частого повторения. Даже в учебниках английского языка используется принцип комикса.

6. Классика в виде комиксов

Практически все произведения классика английской литературы Уильяма Шекспира были адаптированы британской компанией «Self Made Hero» в форме манги. Как отметила директор компании Эмма Хэйли, маркетинговая политика фирмы направлена, помимо индустрии развлечений, на образовательный сектор. Для этих целей фирмой была разработана целая учебная программа,

помимо самих адаптированных произведений, массово наводнивших начальные школы Великобритании [6].

Практическая часть

1. Анкетирование учащихся

В анкетирование участвовали 63 человека из 6-8 классов КГУ «Новопокровской средней школы».

Были заданы следующие вопросы:

1. Любите ли вы читать?
2. Знаете ли вы что такое комикс?
3. Читали ли вы когда-нибудь комикс?
4. Если не читали, то хотели бы когда-нибудь почитать?
5. Считаете ли вы комикс разновидностью книги?
6. Что для вас интереснее обычная книга или комикс?

Было выявлено:

1. К сожалению, ребята не любят читать. (76,2%)
2. Ребята знают, что такое комикс (100%)
3. Очень мало ребят, которые читали комиксы (12,7%)
4. Большинство опрошенных, хотели бы прочитать комикс (92,1%)
5. Большинство ребят считают комикс разновидностью книги (82,5%)
6. Большинство опрошенных считают, что комикс интереснее книги (85,7%)

В ходе опросов можно сделать вывод, что учащиеся знакомы с комиксами, но не читают их.

2. Проведение эксперимента

Совместно с учащимися КГУ «Новопокровской средней школы были созданы следующие комиксы:

➢ Стрип комикс «Причастие» – это короткий красочный комикс на одном листе, который помогает запомнить правило;

➢ Стрип комикс «Действительное и страдательное причастие»;

➢ Стрип комикс по литературе «Притча о блудном сыне» – пересказ сюжета притчи в стилистике комикса.

3. Анкетирование сверстников после просмотра комиксов

В анкетирование участвовали 63 человека из 6-8 классов КГУ «Новопокровской средней школы».

Были заданы следующие вопросы:

1 . Понравилось ли вам изучать правило при помощи комикса?
2. Понравилось ли вам изучение нового литературного произведения при помощи комикса?
3. Помог ли вам комикс узнать и запомнить новую информацию?
4. Какие преимущества при работе с комиксом вы можете выделить?
5. Хотели бы вы и дальше использовать комиксы в учебе?

Было выявлено:

1. Большинству ребят понравилось изучать правила и литературные произведения при помощи комикса (95,2%)
2. Большинству ребят комиксы помогли узнать и запомнить новую информацию (95,2%)
3. Большинство ребят хотели бы в будущем использовать комиксы в учебе (93,7%)
4. Учащимися были выделены следующие преимущества комиксов:

Красочность, привлекательность, информативность, краткость

В ходе опросов можно сделать вывод, что после уроков с применением наших работ у учащихся повысился интерес к урокам и к комиксам, и большинство опрошенных хотят в будущем использовать комиксы на уроках.

Заключение

Комикс выполняет не только развлекательную функцию, но и познавательную. Таким образом: комикс – технология с новыми свойствами и новым воздействием на ребенка. Использование образовательных комиксов на уроках русского языка и литературы помогает повысить интерес учеников к учебе. Работа с несплошными текстами помогает формировать коммуникативную личность, развивает у учащихся такие умения, которые в дальнейшем используются в жизни. Поэтому можно утверждать, что работа с несплошными текстами на уроках русского языка реализует коммуникативно-деятельностный подход: текст является коммуникативной единицей, способной организовать дальнейшую деятельность индивида. Способности к ней

формируются у школьников лишь тогда, когда они не пассивно усваивают новое знание, а включены в самостоятельную учебно-познавательную деятельность.

### Литература

1. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – 3 изд., Москва, 1996. – 107 с.
2. Вишневская О.Б., Фатеев М.Ю. Художественный мир комиксов как отражение инновационной формы искусства XX-XXI вв. // Культурное наследие Сибири. – 2015. – № 18. – С. 94-101.
3. Гречушникова Т.В. Литературный комикс в культурном контексте // Вестник Тверского государственного университета. Серия Филология. – 2014. – № 4. – С. 288-291.
4. https://forbes.kz/life/view/kazahstanskie_komik
5. Махашвили Г.Д. Иллюстрированная книга и комикс // Вестник Московского государственного университета печати. – 2012. – № 6. – С. 205-209.
6. Шибкова Д.З. Образовательный комикс как средство медиаобразования для восприятия обучающимися нового знания / Д.З. Шибкова, О.Б. Пяткова. – Текст: непосредственный // Педагогическое образование в России. – 2021. – № 3. – С. 90-97. – DOI: 10.26170/2079-8717_2021_03_10.

ҒТАХР: 14.23.09

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Агибаева Р.А., Даутова А.С.,** бастауыш сынып мұғалімдері педагог-сарапшы
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

«Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасының бөлімдері Жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру кіші мектеп жасындағы оқушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына көмектеседі.

Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

– гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимент арқылы алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;

– мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

– БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі ғылыми ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

– жанды және жансыз табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған тигізетін әсерін анықтауға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

– өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну; – жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру. Бастауыш сыныптағы «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны «Мен зерттеушімін», «Тірі табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінен тұрады және негізгі мектепте «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін оқытудың негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Бөлімдер.
Мен зерттеушімін
Тірі табиғат
Заттар және олардың қасиеттері
Жер және ғарыш

Табиғат физикасы

Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (зерттеуге оқыту) – оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру.Сондықтан мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми проблема болып табылады.

Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Тақырыпты таңдағанда «мені не қызықтырады?» – деген сұраққа жауап беру керек.Тек мұғалім оқушыға жоба жаза алатынын және жақсы идеялардың барлығы да жазу кезінде болатынын түсіндіріп, оқушының жазуға деген қызығушылығын арттырса сонда бала зерттеу жұмысын жазуға талпынады.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру керек. Яғни оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ең алдымен оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге үйрету қажет.

Қазіргі білім мен тәрбиенің негізгі бағыты – жан – жақты дамыған тұлға қалыптастыру, тұлғаның «Мен» менталитетін қалыптастыру, өзін – өзі тану, өзін – өзі дамыту мәселесінің айналасында болып отыр. Расында да, тұлғаға дұрыс бағыт беру, даму, қалыптасу аймағына енгізу, өз белсенділіктерін туғызу, өзін – өзі тәрбиелеу іс – әрекеттерін ықпал ету – ұстаздар алдындағы жауапты міндет. Осы үрдістегі мұғалімнің ролін төмендегіше саралауға болады:

– диагностикалық жұмыстар арқылы психологпен бірлесе отырып, ғылымға икемді, дарынды балаларды анықтау;

– тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың ғылымға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға түрткі жасау;

– танымдық белсенділіктерін дамыту үрдісінен іздену. Оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру – оларды ғылыми - ізденіс аймағына енгізудің басты жолы.

Оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен – зерттеушімін», «Мен – жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен – зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады.Жалпы айтқанда, педагогикалық ұжым дербес ойлап, кез келген жағдайда шешім қабылдай алатын, дүниетанымы терең, жан – жақты дамыған шәкірттер тәрбиелеуді көздейді.

Мектебімізде дарынды баламен жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылуда. Балаларды ғылыми – ізденіске, ғылыми жоба қорғауға баулу арқылы білімдерін тереңдету ісі жүріп жатыр. Оны – әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы тұлғаны дамыту аймағына кіргізу мақсатындағы бір қадам деп есептеуге болады.

**Әдебиеттер**


1. ҚР Президентінің 2014 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.
2. Ж. Жонтаева «Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту»\\ Білімді ел\\ 16 тамыз, 2016, № 15.52.
3. Жаратылыстану. 1-сынып. Оқулық. / С.Н. Кузнецова, Ә.Қ. Жамиева, Д.Н. Сапақов, И.Н. Васева, М.Қ. Құсайынова, М.Қ.Тасболатова – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016.
4. Елбасы жолдауы, 2016.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015.

6. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердегі «Жаратылыстану» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы // екінші басылым, 2016.
7. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015.

ҒТАХР: 14.25.07

## «ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» САБАҒЫНДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Каримова Т.Т., Мукажан Д.Б.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Қайрат Рысқұлбеков атындағы № 33 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Өзіндік жұмыс – арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің көмегінсіз орындалатын жұмыс. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеруіміз керек:

– Өзіндік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын анықтау.
– Өзіндік жұмысты ұйымдастыру жоспарын жасау.
– Оқушының жұмыстарына бағыт беру.

Оқушының өзіндік жұмысы білік пен дағды қалыптастырудың тиімді жолы. Оқушылар өзіндік жұмысқа төселе келе, қазіргі өмір талабына сай өз қабілеттерін ашып, мүмкіншіліктерін кеңейте алады.

Негізінде баланың өзіндік жұмысы ең тиімді болып есептеледі. Ізденушілік бала табиғатына тән құбылыс. Жаңа мәлімет жинауға, білуге құштарлық жасайтын балалар баршылық. Өз бетімен жұмыс істеу барлық оқушының түрлі саладағы қызметіне қажет. Кез келген оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

**Өз бетіндік жұмыс – бұл шығармашылық жұмыстың да бастамасы**. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетінше жұмысынсыз дамыту мүмкін емес. Бастауыш мектепте өз бетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай-бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестету, шығармашылық жұмысқа талпынысы басым болады.Сол себепті де бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра білген мұғалімге оның берер маңызы зор. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тілін дамытудың декті бір саласы – оқу. Бастауыш сыныптарда оқу техникасын жетілдіруге көп көңіл бөлінеді. Ана тілі сабақтарында өз бетінше мәтінді мәнерлеп оқуға жаттығады. Кіші мектеп жасындағы өз бетінше оқуға үйретудің сапалы болуы оқушылардың ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамытады.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да, қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқарасты болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету. Дамыта оқытудың басты мақсаты –баланы оқыта отырып, жалпы дамыту.

Сабақтарда оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, қолдануға, өз бетімен ізденуге жағдай жасауымыз керек. Біздің айтқанымызды, түсіндіргенімізді қайтадан өзімізге ғана айтып қоймай, түрлі қосымша тапсырмаларды алып, интернеттен, ақпарат көздерінен материал жинайды, сабақта реферат етіп жазған сол жаңалықтарын оқып, қысқаша ауызша айтып қорғайды. Ол үшін оның өткен жылдары алған білімдері, дағды, шеберліктері негіз бола алады. Сондықтан өздік жұмыс істеуге, өз бетімен жұмыс істеуге ерте кезден үйреткен жөн. Американдық психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – бұл, өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті.

Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет.

Ол үшін мұғалім мынадай мақсатты алға қою керек:

1. Өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту.

2. Оқушыларды өз пікірі бар, дара тұлға етіп тәрбиелеу.

3. Біліміне сай келетін бағдарды, мамандықты өзі таңдап алатындай дәрежеге жеткізу.

Өзіндік жұмыстың ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;

Жұмысты орындаудың уақытын белгілеу;

Мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің өзара байланысы олардың жұмысты өз еркімен орындау.

Қазіргі кезде егемен елімізде білімді берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып мектеп практикасына енгізілуде. Әрбір мұғалімнің алдында оқушылардың үлгерімін жоғарлату мақсаты қойылады. Бірақ мұғалімнің сабақта таңдаған жұмыстың орташа ырғағы оқушылардың бірілеріне ыңғайлы, екіншілері үшін жылдам, қалғандарына тіпті баяу болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім сабақта жаңа технологияларды қолданып, оқыту сапасын арттыруы қажет. Әрбір оқыту әдісі оқушылардың өзіндік жұмысын қамтиды. Оқыту әдісінің міндеті – кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін арттыру, өздігінен жұмыс істеуге баулу. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың өздігінен істейтін әрекеті оның белсенділігін арттырады. Оқушылардың оқудағы белсенділігі дегеніміз-оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру ғана емес,оларды өмірде практикада пайдалана білу, үйрену. Мысалы, мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін,оқушының зейін қойып тыңдауы,ал оған білімін кеңейтіп, толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылауы, тәжірибе жасауы, жазып, сызу сияқты жұмыстар орындау қажет.

Өзіндік жұмыс – арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің көмегінсіз орындалатын жұмыс. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеруіміз керек:

– Өзіндік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын анықтау.

– Өзіндік жұмысты ұйымдастыру жоспарын жасау.

– Оқушының жұмыстарына бағыт беру.

Өз бетіндік жұмыс-бұл шығармашылық жұмыстың да бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетінше жұмысынсыз дамыту мүмкін емес. Бастауыш мектепте өз бетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай-бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестету, шығармашылық жұмысқа талпынысы басым болады.Сол себепті де бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра білген мұғалімге оның берер маңызы зор.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тілін дамытудың бір саласы – оқу. 3-ші сыныптарда оқу техникасын жетілдіруге көп көңіл бөлінеді. Әдебиеттік оқу сабақтарында өз бетінше мәтінді мәнерлеп оқуға жаттығады. Кіші мектеп жасындағы өз бетінше оқуға үйретудің сапалы болуы оқушылардың ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту.

Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстарының түрлеріне тоқтала кетсек: ертегілерге байланысты салынған суреттермен жұмыс, қима қағаздар түрінде жасалған шағын әңгімелерді өзбеттерінше оқып мазмұнын айту, тақырыптардың авторлары (ақын, жазушылар) және олардың өмірбаяны туралы қосымша деректер, сюжетті суреттермен жұмыс, оқыған әңгімелері бойынша сурет салу, мазмұндама немесе шығарма жазу, тақырыптаы өз бетінше аяқтау, бөлімдерге бөлу, ат қою, сұрақтарға жауап әзірлеу, газет, журнал материалдарымен жұмыс, сах Өздігінен орындайтын жұмысты ұйымдастыру − сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені, жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасымен оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Өз бетінше жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс. Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет. Мұғалім белгілі бір әдіс-тәсілді,жаттығу түрін қолданған кезде қандай қабілеттерінің дамитынын немесе оқу барысында қандай дағдыға үйрену керектігін,алдына мақсат қоюда неге сүйенуі қажеттігін және олардың психологиялық ерекшеліктеріне негіздеу

керек.Әр уақытта мұғалім жұмыс түрін таңдау кезінде осыларды басшылыққа алу керек.Мысалы, мәнерлеп оқу кезінде сөйлеу және есту қабілеттері дамиды. Психологтардың зерттеулеріне сәйкес орта буындағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне бастауыш сыныппен салыстырғанда осы сыныптарға бөлінген материалдарды кеңейте оқыту көзделеді.Бұл оқу бағдарламаларында және осы буын оқушыларына арналған оқулықтарда ескертілген.

Барлық оқыту пәндерінде оқушыларға өз бетімен жұмыс жасау түрлері беріледі. Өз бетімен жұмыстың маңыздысы-оқушының өз беттерімен орындай алуларына, сабаққа белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол.

Өз бетімен жұмыстарды сабақтарда қолдану барысында оқушы тынымсыз ізденеді.Баланың жан-жақты ойлауына үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады Бастауыш сыныптарда өзіндік жұмысты ұйымдастыруда оның бағдарлама мазмұнына сай болуы, түрлі мазмұнда және формада көрініс табуы, оқушыны шығармашылық бағытта жұмыс істеуге баулиды.

Өзіндік жұмыс – шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетіндік әрекетінсіз дамыту мүмкін емес. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында мәтінмен жұмыс жүргізуде жаңаша әдістерді пайдалану оңтайлы нәтиже береді.

**Әдебиеттер**

1. Балақаев М. Тіл мәдениет және қазақ тілін оқыту. – А., 1989.
2. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – А., 1971.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А., 1991.
4. Құрманғалиева С. Қазақ тілінің мәселелері. – А., 1965.
5. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – А., 1997.
6. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – А., 1980.
7. Жендырбаева С. Мәнерлеп оку. – А., 1992.

ҒТАХР: 14.25.05

## ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Турысбекова Ш.К.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 16 Төлеубай Аманов атындағы ЖОББМ» КММ

**Санакова Д.К.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 18 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бастауышта оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытудың маңызы зор.

Әдебиеттік оқу пәнінің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушылардың әдеби сауатын ашу негізінде рухани байыту, оқу дағдыларын және оқырмандық біліктілігін қалыптастыру, әдеби-эстетикалық талғамын жетілдіре отырып, ізгілікті-елжанды дара тұлға тәрбиелеу. Әдебиеттік оқу пәнінің міндеттері:

1) әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;

2) коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларын қалыптастыру;

3) ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

4) оқу сапасын (дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқу) жетілдіру;

5) оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдебі нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;

6) сыни ойлауын жетілдіру;

7) көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауға үйрету;

8) алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;

9) оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін (өлең, әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу,мақала жазу, шағын үзіндіге киносценарий жазу, өзіндік ой қорытындысын жазу, т.б.) орындауға дағдыландыру.

Әдебиеттік оқу пәнін меңгеру оқушының:

1) қазақ балалар әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерін талдай отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды бойына сіңіруіне;

2) көркем шығармадағы тілдік қолданыс ерекшеліктеріне бақылау және талдау жасай отырып, тілдік құралдарды саналы түрде дұрыс таңдауына және өмірлік тәжірибесінде қолдануына;

3) алған білімі мен дағдыларын өмірлік жағдаяттарда және басқа адамдармен қарым-қатынас барысында пайдалануына көмектеседі. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруда өзіндік жұмыстардың маңызы зор. Оқушылар өз беттрімен мәтінмен жұмыс жүргізіп, талдау, синтездеу, саралауды меңгереді. Мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет. Мұғалім белгілі бір әдіс-тәсілді,жаттығу түрін қолданған кезде қандай қабілеттерінің дамитынын немесе оқу барысында қандай дағдыға үйрену керектігін,алдына мақсат қоюда неге сүйенуі қажеттігін және олардың психологиялық ерекшеліктеріне негіздеу керек.Әр уақытта мұғалім жұмыс түрін таңдау кезінде осыларды басшылыққа алу керек. Мысалы, мәнерлеп оқу кезінде сөйлеу және есту қабілеттері дамиды. **Мәтінмен жұмыста мұғалім ескеретін жайлар:**

*Сұрақ қоюға ыңғайлы мәтіндерді таңдап алу.*

Жақсы жазылған мәтіндер өте көп, бірақ олардың бәрі бірдей сұрақ қоюға мүмкіндік жасай бермейді. Сондықтан оқушыларды ойландыратын, түсіндіруді мәжбүр ететін мәтіндер алған жақсы. Әсіресе, жақсы ертегілермен жұмыс жасаған ыңғайлы, өйткені онда айтылатын жағдайлар мен кейіпкерлер туралы көптеген ойлар тудыруға болады.

*Жылдам қорытынды жасауға мәжбүр етпеу.*Пікірталасты бірден өзіңіз бастамай, оқушылардың белгілі бір көзқарастарының қалыптасуына сенім артып, олардың ойларын, пікірлерін, сіз күтпеген ақылды ойларын таңдаған дұрыс. Олай болуы әбден мүмкін.

*Өзіңнің жеке ойыңды айтпау.*

Егер біз «дұрыс» немесе «дұрыс емес» сияқты пікірталастарға өз ойымызды қосатын болсақ, онда сұрақтың мәні жоғалады.

*Талқылауды мәтінге жақын ұстау.*

Егер сұрақ нақты болмаса, мәтінге қатыссыз, байланыссыз болса, онда оқушылар мәтіннің тақырыбынан тез ауытқып кетеді (мәтіннен басқаға көңіл бөлмеу).

Көркем шығарма жызушының сөзі арқылы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде оқушыда елес туады (адамдардың портреті, табиғат көрінісі, белгілі бір оқиғалар, т.б.). Бұл оқушының сезімін де әсер етеді. *Мысалы:* қояннан қорыққан қасқыр туралы оқығанда күледі. Ал М.Әуезовтың «Жетім», Б. Майлиннің «Күлпаш» әңгімелерін оқығанда, аяныш сезімде болады, кейбірі көздеріне жас алады. Осындай адамның ішкі көрінісі, сезімі айқындала түсуі үшін, оқушы санасында мұндай бейнелер анық жасалуы үшін шығарманы оқымас бұрын алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Яғни, мәтінді әр түрлі қабылдайды (күледі, қорқыныш сезімі туады, көзіне жас алады). Дайындық әңгіме оқылатын мәтіннің мазмұнына ұқсас, баланың өз өмірінде болған оқиғаларды еске түсіру сияқты тәсілдермен өткізіледі.

Дайындық әңгіменің ұзақтығы оқылатын материалдың ауыр-жеңілдігіне байланысты. Ұзақтығы 3-5 минут. Кіріспе сөз тақырыпты аша алатындай болуы тиіс.

Мысалы: «Абай жолы» романынан кіші балалардың түсінуіне сай келетіндей етіп, қысқартылып алынған Абайдың балалық шағын көрсететін үзінді оқулықта «Бүлдірген тере барғанда» тақырыбы арқылы беріледі. Осы мәтінді оқуға дайындау барысында мұғалім балаларға бүлдіргеннің қандай түрлерін білетіндерін айтқызып, оның қалай өсетіні, балалардың бүлдірген теріп көрген-көрмегендері жөнінде әңгіме өткізеді Сонда оқушыларда сол мәтін мазмұнымен тезірек танысып, не туралы берілгенін ұғынуға деген ынталары артады. Алдын ала әңгіме барысында қиын сөздермен және сөз тіркестерімен де түсінідіру, яғни сөздік жұмысын жүріп отыруы керек.

*Сонымен шығарманы оқуға дайындау жұмысы мынадай мақсатта жүргізіледі:*

1. Балаларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен ондағы кейіпкерлердің ісін саналы түсіне білуге дайындау;

2. Оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру;

3. Ондағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру.

Дайындық жұмысында мынадай әдіс-тәсілдер қолдануға болады:

*а) Оқушылардың өздеріне әңгіме айтқызу.* Кейбір шығармаларды оқуға дайындау барысында балаларға өздерінін басынан кешірген немесе естіп, көріп, оқып білген оқиғалары жөнінде әңгіме айтқызылады. Мұндай балалардың ойы мен сезімін қозғауға жәрдем етеді. Мысалы, Ғ.Мұстафиннің «Қырман үстіндегі ту» әңгімесін оқуға дайындалуда егін жинау, астық тасу жұмыстарында балалардың болған-болмағандары анықталып, әңгімеленеді. С. Мұқановтың «Сең үстінде» әңгімесін оқымас бұрын жазғытұрым өзендерде сең жүру оқиғасы туралы әңгімелеуге болады.

*ә) Мұғалімнің әңгімесі.* Кейбір жағдайдарда, егер оқылатын материалды түсінуге қажетті деректерді балалар білмейтін болса, мұғалімнің өзі кіріспе әңгіме айтып береді. Мысалы, «Сырым батыр», «Тарас Шевченко» мәтіндерін оқымас бұрын бұл мәтіндердегі оқиға қай кезде болғанын. Сырым батырдың немесе Тарас Шевченконың кімдер екенін айтып, түсінік беру керек.

*б) Ұжымдасқан түрде әңгіме айту.* Біреу білмегенді біреу біледі. Жеке оқушыдан гөрі сыныптағы барлық оқушының білетіні көп болады. Сондықтан кейбір ұжымдасқан түрде әңгіме айтуды ұйымдастыруға болады. Мұнда балалар өз беттерімен біреулері екіншілерінің айтқанын түзетеді, толықтырады.

*в) Саяхатта байқағандарын пайдалану.* Оқушылардың әңгімесі болсын, мұғалімнің әңгімесі болсын – қай-қайысысын да балалардың саяхатта көргендерімен байланыстыру өте тиімді нәтиже береді. Бұл айтылғаннан бір әңгімені немесе өлеңді оқыр алдында арнайы саяхат үйымдастыру керек деген ой тумасқа тиіс. Бірақ мұғалім жыл бойы өтетін материалдарды қай кездерде өтетінін жоспарлап алғаннан кейін, балаларға табиғат тану материалдарына байланысты шығарма жаздыру үшін материал жинату мақсатында алуан түрлі саяхаттар ұйымдастырады. *Мысалы,* кейбір мұғалімдер балаларды көктемнің бас кезінде өзенге (жақын жерде өзен; көл бар жерлерде) саяхат ұйымдастырып, сеңнің түсуін бақылатады. Осы саяхаттың материалы «Сең үстінде» (С. Мұқанов) әңгімесін оқығанда пайдаланылады. Немесе күзде оқушыларға айналадағы өзгерістерді байқату үшін егістікке, қырманға т.б.с.с. жерлерге саяхат ұйымдастырылады. Мұндай саяхаттың материалдарын оқулықтағы табиғат көріністерін суреттеген шығармаларды оқығанда пайдалануга болады.

*г) Суреттерді қарау.* Шығарманың мазмұнына сай суреттер берілсе, олар оқуға дайындық кезінде пайдаланылады. Мысалы, табиғатты бейнелейтін суреттершығарманы оқымас бұрын қолдануға болады. Мұнда есте болатын нәрсе – оқулықта берілген суреттерді алдын ала көрсетіп, оқылатын материалдардың мазмұнын айтып қоюға болмайды. Өйткені ол суреттер материал оқылып шыққан соң немесе оны оқу барысында материалдың мазмұны жөніндегі түсінікті тереңдете түсу үшін берілді.

*д) Сұрақтар қою.* Оқуға дайындық кезінде сұрақ қою тәсілінің қандай жағдайда тиімді болатыны алдын ала ойластырылады. Егер оқушыларға дауыстап оқылатын шығарманың алдында бірнеше сұрақ берілсе, ал олар осы сұрақтарға материалды бірінші оқығанда жауап дайындауға тиіс болса, мұндай жағдайда балалардың көңілі алаңдайды да, шығарманың ойдағыдай әсері болмайды. Сондықтан дауыстап оқылатын шығарманы оқуға дайындық кезінде аддын ала сұрақ берудің қажеті жоқ.

Барлық оқыту пәндерінде оқушыларға өз бетімен жұмыс жасау түрлері беріледі. Өз бетімен жұмыстың маңыздысы-оқушының өз беттерімен орындай алуларына, сабаққа белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол.

**Әдебиеттер**

1. Балақаев М. Тіл мәдениет және қазақ тілін оқыту. – А., 1989.
2. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – А., 1971.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А., 1991.
4. Құрманғалиева С. Қазақ тілінің мәселелері. – А., 1965.
5. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – А., 1997.

ҒТАХР: 14.25.09

# ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ РУХАНИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

**Демесинов М.Т., Рахымбекұлы Ж.,** дене шынықтыру пәні мұғалімдері
«Б. Момышұлы атындағы № 34 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Дене тәрбиесі мен спорттың маңызын, оның ішінде, ұлттық спорт және қозғалмалы қимыл ойындарын үйретуді арттыру – еліміздегі сауықтыру жұмыстарының әдістерін жетілдіруді ұсынады. Сондай мүмкіндіктердің бірі – баланы жастайынан қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындарын ойнауға жаттықтыратын тиімді әдістәсілдерді пайдалану мақсатына қарай, дене тәрбиесін жан-жақты дамыту көзделген. Яғни, рухани бай, адамзаттық ары таза, ой еңбегіне бай, еңбегі сай, сегіз қырлы, бір сырлы азамат тәрбиелеу талап етілуде [9]. Қазіргі жағдайда және уақытта жан-жақты үйлесімді дамыған ұрпақ тәрбиелеудің негізі – мектеп қабырғасында дене тәрбиесі сабақтарын жетілдіруден және оның маңызын халықтық тәрбиемен ұштастырудан қаланады. Дене шынықтыру жаттығуларының қажеттілігі және оны жұртшылыққа тарату Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттеріндегі дене шынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері сияқты, егеменді еліміздің елді мекендерінде де дене тәрбиесі мен спортты ендірудегі маңызды мәселе күйінде қалып отыр. Халықтық педагогиканың мол тағылымдарын, салт-дәстүрін, тәлім-тәрбие жұмыстарының түп қазығына айналдыру – ендігі жерде біздің негізгі мақсатымыз.

Ұлттық қимыл және спорт ойындары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз, ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық дайындықсыз ойнала беретіндігінде ғана емес, сонымен бірге, халықтың психологиялық ерекшеліктерімен де байланыстылығында. Ойын барысында бала өзінің назарын қимылды орындау әзірлігіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Ол ойын шартына бейімделіп, ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді.

Ұлттық ойындар мен спорт түрлері ұзақ уақыт, ғасырлар бойы қалыптасқан. Біздің көбіміз мұндай күндерге де жеттік. Жаңа ойлау жүйесіне негізделген бүгінгі өмір жағдайы ұлттық спорт түрлерінің, ойындардың және дене қимылы жаттығуларының дамуына жаңаша қарауды талап етеді. Өткеннің бай мұрасы негізінде, жергілікті жерлерде бұқаралық-спорттық көпшілік жұмыстарын жандандыру аса қажет және олай ету халық денсаулығын шыңдауға елеулі үлесін қосады. Ұлттық спорт түрлері мен ойындарын дамытудың қазіргі заманғы тәжірибесі елеулі өзгерістерді, кейбір маңызды мәселелерді шешуді талап етеді. Ұлттық спорт дәстүрлері қайтадан жанданып келеді. Қазақстанда қайта өрлеу үдерістері жүруде. Қазіргі заманғы ұлттық спорт түрлері мен спорттық ойындардың қоғамдағы өзіндік және негізгі қызметі дене қимылының дамуы мен денені жетілдіруімен ғана шектелмейді, олар адамның әлеуметтік белсенділігі мен еңбекке жарамдылығын қартаю жасына дейін сақтай отырып, оның психикалық және әлеуметтік белсенділігін дамытудың табиғи негізі болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйретіп отырса, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап отырса, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі.

Ұлттық ойындарды мектептегі дене тәрбиесі сабағында қолданудың заманға сай әдістерін ойлап табу әрине қиын. Қазіргі компьютер заманында оқушыларды қызықтырып асық, бес тас ойнаңдар деп айту өте қиын іс. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек.

Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі.

Ұлт ойындары өте күрделі дүние, ол адам баласының табиғи әрекеті. Сабақтың барысында сол табиғилығын сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану сабақтың әр кезеңінде оқушылардың көңіл-күйіне психологиялық жағынан барлау жасай отырып, білгірлікке әрекет жасауды талап етеді.

Бала ойын арқылы ойлап, ойын арқылы қиялдайды.

**Әдебиеттер**
1. 1-4, 1-11 сыныптарға арналған дене тәрбиесінің бағдарламалары. – Алматы, 1993. – С.4-17.
2. Ахметов К., Царев А. Спортивный Казахстан.– Алматы, 1979. – С. 5-38.
3. Dill D. The economy of muscular exer cise // Phisiol. Rev. – Vol.16. – 1936. – P. 263.
4. Досқараев Б.М. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері / Б.М. Досқараев, Е.К. Сейсенбеков, Е.Т. Алтынбек. – Алматы, 2019. – С. 400.
5. Қаражанов Б. Қазақ дене тәрбиесі институты. – Алматы, 1991. – С. 26-43.
6. Maslow A.H. Motivation and Personality / A.H.Maslow. – New York, 1954. – P.35-46.
7. Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in Japanase chidern // Journal of sports medizine. – 1987. – P. 40-45.
8. McClelland D.C. The Achievement Motivation / D.C. McClelland, J.W. Atkinson. – New York, 1953. – P. 11

ҒТАХР: 14.25.07

# ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Туканова С.Б.,** тарих пәні мұғалімі
«Шақаман жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.Интерактивті ағылшын тілінен аударғанда inter – аралық, action – әрекет. Баланың жеке өздігінен ізденуіне мүмкіндік беру;

Топтасып оқып үйренуге жағдай жасау;

Өздерін – өздеріне бағалату;

Іс – әрекет барысында білім алу;

Барлық технологиялардың мақсаты – пәнді оқытуда оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Тарих сабағында қолданылатын ойындардың түрлеріне тоқталайық.Тарих сабақтарында қолданылатын ойын түрлері өте көп. «Көш» ойыны: бұл ойын тақырыпты ашуда көп көмегін тигізеді. Тақтаға жүк артқан 5 түйенің көш суреті ілінеді. Көш 5 түрлі түспен плакатқа салынады. Әр түйенің қомында тапсырмалар бар. Бірінші түйенің қомында мынадай тапсырмалар:

1. Өнер дегеніміз не?
2. Өнердің қандай түрлері бар.
3. Қазақтың киіз үйінің құрылысын атаңдар.

Бұл сұрақтарға оқушылар өз мүмкіндігінше төмендегідей жауап береді.

Өнер дегеніміз-халықтың талабынан туындаған белгілі бір еңбектің жемісі. Өнер түрлері: қолөнер, саз өнері, сөз өнері, бейнелеу өнері, сәулет өнері. Киіз үйдің құрылысы: шаңырақ, кереге, уық, сықырлауық.

**«АС» ойыны**-бұл ойынның шарты бойынша тек қана екі әріп, яғни А және С әріптері белгілі. Қалған әріптер нүктелермен берілген. Әрбір жасырылған сөздің тұсында анықтамасы бар. Бұл ойындардың нәтижесінде сабақта нашар оқитын оқушының өзі белсене араласып, ынталығын көрсетті, яғни оқушылардың қызығушылығын туғызды, оқушының есінде ұзақ сақталды, ойлау қабілетін дамытты.

**«Тарихи шынжыр»** ойыны кез келген сыныпта тарих пәнінде қолдануға қолайлы. Оның мазмұны бойынша белгілі бір тарихи деректі, яғни белгілі бір мәлімет беретін сөйлемді үш немесе төрт оқушы кезектесіп, біреуі әуелі басын, екіншісі орта тұсын, үшіншісі аяқ жағын айтып, тұтас бір ойынды тізбекті құрайды. Нәтижесінде: нақты бір тарихи дерек құрылады. Тиімділігі – оқушыларды тапқырлықпен дәл, нақты, логикалық ойлауға үйретеді.

**«Пошта»** ойыны-тақырыпты немесе тарауды, мемлекеттерді қайталаған кезде пайдаланған тиімді. Оқушыларға сұрақтар беріледі немесе белгілі оқиғаға байланысты суреттерді қағазға жапсырып оқушыларға үлестіреді. Оқушылар берілген кеспе қағазды ілулі картадағы мемлекеттің үстіне инемен қадайды.

Ойын сабақтарын өткізу пән ажарын ашып, мұғалімді де, оқушыны да еңбекке баулиды.

Сыныптағы оқушылардың барлығы және шағын топ құрамында қатысқандықтан команда жауапкершілігіне үйретеді, сонымен қатар материалды жан-жақты ойлау тұрғысынан қарастыруға және түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ материал көлемінде қалып қоймай, кеңірек ізденіс жасауға және қол жеткізуге болатын ресурстарды пайдалану дағдысын дамытады.

*1 қадам:* Үйге берілетін тапсырма болса қайталау ретінде, егер жаңа сабақ болса алдын-ала тапсырмаларды ізденіс ретінде қажетті материалдарды жинақтау керек.

*2 қадам.* Сыныпты алты адамнан тұратын топтарға бөліп, мәтінмен таныстырамын.

***Баяндап беруші:*** (оның міндеті өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып, осы оқиғаның мазмұнын дайындау);

***Зерттеуші:*** (оның міндеті мәтінге байланысты басты кейіпкердің мінезін немесе басты оқиғаны жан-жақты меңгеру және сипаттау);

***Сұрақтар құрастырушы:*** (негізгі оқиғаларды қамтитын сұрақтар дайындайды. Бастысы, оқушылар сұрақ қоюдың өлшемдерін, төменгі және жоғары деңгейлердің бөлінуі туралы ескерсе болды);

***Сілтемелер табушы:*** (оның міндеті әңгіменің тақырыбын руханилығын ашатын немесе құптайтын кез-келген сілтемелерді, белгілі және аздап белгілі афоризмдер және мәтелдер табу);

***Бейнелеуші-суретші:*** (оның міндеті оқиғаны ауызша суреттеу);

***Дәнекер:*** (оның міндеті негізгі идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі өмірмен байланыстыру);

**«Бейнелі жады» оқыта үйрету ойыны:**

Шарты: әр топтың тапқырлығын, ойларының бірегейлігін, білімін бағалау. Әр топ өздеріне берілген тақырып бойынша мылқау сахналық қойылым дайындайды. Өзге топтар қандай тақырыпта қойылым қойылғанын табады.

1-топ: Үйсіндердің саяси құрылымы:

2-топ: Үйсіндердің археологиялық ескерткіштері.

3-топ: Үйсіндердің шаруашылығы мен өнері.

**«Шынжырлы чемпион»** ойыны.

Бір тарауды оқып бітіргеннен кейін, бірінші партадағы бірінші оқушы орнынан тұрып екінші оқушыға сұрақ қояды. Ол жауап берсе келесі партадағы үшінші оқушыға сұрақ қояды. Үшінші оқушы жауап бере алмаса орнына отырады. Екінші оқушының сұрағына енді төртінші оқушы жауап береді және солай жалғаса береді. Тек сұраққа жауап бергендер ғана айналымға қатысып, бірнеше айналымнан кейін чемпион анықталады.

Оқушылардың білімін бақылау үшін тест жүйесін қолданудың үлкен маңызы бар. Тест оқушылардың білімін анық көрсетеді. Тест жүргізу арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттері және есте сақтау қабілеттері арттады. Тест тәсілдері оқушыларды ойландыратындай, қызықтыратындай болуы керек. Тарихи терминдермен де жүйелі түрде жұмыс жүргізу керек. Оқушыларды тестпен жұмыс істей білуге үйрету-мұғалімнің басты міндеті. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білулері керек.

**«Жұлдызды сағат» ойыны.**

Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеті ашылады, деректермен, хронологиялық жылдарды анықтауда есте сақтау қабілеті артады. Білімі мен дүниетанымы кеңейеді.

Бұл ойынға мынадай шарттар қоюға болады:

1. Даталар сыры.
2. Тұлғалар.
3. Оқиғаны анықта.
4.… деген екен.
5. Мәре.

Аталған жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі.

Олимпиадаға дайындық барысында оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады.

Тест құрағанда өте мұқият болу керек. Тест мазмұны оқушының білімін тексеруге ғана емес, оның ой өрісін дамытады және қабілетін анықтайды. Тест сұрақтарын мазмұнға, мақсатқа сай, жапаукершілікпен қарап, саналы құру қажет.

Тарих пәнін оқытудағы басты міндет – Отан тарихын оқушы санасына сіңіріп, ел тарихын жете меңгертіп, отанына деген патриоттық сезімін ұялатып, азаматтық көз қарас қалыптастыру.

Сұрақтарға нақты жүйелі түрде жазбашажауап бере білуге және қорытынды жасай білуі қажет. Қазақстанның тас дәуірінен бастап, қазіргі кезеңге дейінгі тарихын жүйелі түрде меңгеру. Алдымен тестке дайындалу үшінөтілетін материалдың мазмұнына қарай бірнеше түрге бөліп алу қажет.

Сол арқылы жүйелі түрде дайындалуға болады.

**Әдебиеттер**

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. – Астана, 2012.
2. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық жоспар». – Астана, 2012.
3. ҚР Үкіметінің 23.08.2012 жылғы № 1080 бекітілген Орта білім берудің бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Қазақстан тарихы. Оқу бағдарламасы. 5-9-сыныптар. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы. – Астана, 2010.
5. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2012. – 139 б.
6. Мусатаев С. Социализация образования в Казахстане // Саясат. – 2004. – № 12.

ҒТАХР: 14.25.17

## ТАРИХ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ

**Нукенова Т.К.,** тарих пәні мұғалімі
«№ 44 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Тарих сабағында интерактивті оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін жолдары XXI ғасыр – ақпараттық сайыс инновациялық технологиялар және экономикалық өзгерістермен ерекшеленеді. Кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары халықаралық деңгейге сәйкес бәсекеге қабілетті білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттің ең маңызды стратегиясы. Қазіргі кезде оқыту процесінде білім алуға, әлеуметтік және интеллектуальдық дағдылар мен бағыттарды дамытуға мүмкіндік беретін жаңа ұтымды әдістемелер жасау қажеттігі туындап отыр.

Білім берудің сапасын арттыру мақсатында оқытудың заманауи технологияларын сабақта тиімді пайдалану арқылы білім сапасын жоғары деңгейге жеткізу мәселесі қарастырылады. Білім сапасын жақсартудың бірден-бір жолы оқыту процесінде оқытудың заманауи педагогикалық технологияларын пайдалану.

***Сыныптағы диалогттің оқытудың әрекеттерінің өзі осы мақсатымның орындалуына көп септігін тигізді деп ойлаймын. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, оқушылардың ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгіменің үш түрі бар:***

***– Әңгіме-дебат***
***– Топтық әңгіме***
***– Зерттеушілік әңгіме***

***Мен, мектептегі тәжірбиемде өз сабақтарымда диалогтік әңгімелесудің осы 3 түрін де қолдандым десем болады.***

Сабақ жоспарларын құруда да басты мақсатым оқушылар бір-бірімен пікірлесіп, ой бөлісу арқылы сөйлеу мәнері мен тыңдау дағдылары қалыптасып үлкен пайдасы бар екендігіне назар аудардым.

Дана қазақ халқы айтқандай «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, сабақ барысында оқушылар ең бірінші ынтымақтастық атмосфера құру да бір-біріне ізгі ниет білдіру арқылы диалогқа түсе білді. Сол арқылы өзара қарым-қатынастары жақсарып көңіл-күйлері көтеріліп отырды.

Ғалымдардың зерттеулерінде де айқын көрінеді. Аталған авторлардың зерттеулерінде достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған (Мұғалімге арналған нұсақаулық-36 бет).

Мұғалім сабаққа кіргеннен бастап диалогтік қарым-қатынасқа түседі. Сол арқылы оқушылармен байланыс орнатып сабақ барысын тиімді өтуіне бар мүмкіншілігін арнайды.

Менің ойымша ең бастысы оқушыға дұрыс сұрақ қоя білу керек. Оқушыға қиындық туған жағдайда, мұғалім жетелей алу керек екен, мектептегі тәжірибе кезінде соған көзім жетті. Оның дәлелі де Выготский оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағы» жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен.

ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда, оқушыларға жаңаны үйренуге тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек.

Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және де Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді (Мұғалімге арналған нұсақаулық-36 бет).

**Алдымызда тұрған міндеттеріміз мынадай:**

– оқушының өзіндік және жеке ойлауын қалыптастыру
– оқушының шығармашылық таланттарын жан – жақты ашып көрсету
– оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту
– тарих сабағында оқушының белсенділігін арттыру
– оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру.
– оқушылардың ғылыми білім, іскерлік дағдыларды меңгеруіне керекті оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру.
– ақыл-ойды, ұғымталдықты, қабілетті, дарындылықты дамыту.

Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейіне сай оқу мазмұны мен әдісін таңдау болып табылады.

Өзара оқыту (жұптық оқыту) – оқушылар тұрақты жұпта немесе құрамы өзгеретін жұпта жұмыс істейді де, қандай да бір мәселені бір-біріне түсіндіріп, өз тақырыптарын қорғап, жолдасының жұмысының нәтижесін бағалайды .

Сындарлы оқытуда оқушы өз бетінше білім алуды ұйымдастырады, сын тұрғысынан накты ,мақсатты шешім қабылдауға үйренеді, оқушылар кез-келген сұраққа өмірден мысал келтіре отырып салыстырып жауап береді.

Диалогтік оқыту әдісін қолдана отырып, өзіме мына ұсыныстарды тұжырымдадым:

– сұрақтар дайындауда жүйелі, нақты оқушы түсіне алатындай болу керек және ашық сұрақ арқылы жабық сұраққа бағыттай беру;
– оқушылар пікірімен әрқашанда санасып отыру;
– оқушылар сөйлеген уақытта аяғына дейін тыңдау;
– ойын толық жеткізуге мүмкіндік беру;
– әдістерді жүйелі түрде қоладану;
– сұрақ қоюда түрткі болу, сынақтан өткізу, басқаға бағыттай сияқты тәсілдерді қолдана білу;
– оқушыларға сұрақ қоя және олардан ала білу;
– пікірталас тудыратын сұрақтарды қоя білу;
– диологтық әдісті қолдана алу;
– диалогтік әдісті қолдана отырып басқа модульдермен байланыстыра білу.

### Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық
2. ҚР Үкіметінің 23.08.2012 жылғы № 1080 бекітілген Орта білім берудің бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Қазақстан тарихы. Оқу бағдарламасы. 5-9-сыныптар. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы. – Астана, 2010.

ҒТАХР: 14.25.19

## БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Узбекова Г.М.,** биология пәні мұғалімі
«Қ. Нұрғалиев атындағы № 43 мектеп-лицей»
(Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.)

Әр мұғалімнің өміріндегі басты мақсаты-бәсекеге қабілетті, мектепте алған білімдері мен біліктерін өмірде орынды пайдалану және заман талабына сай азаматтарды тәрбиелеу, білім беру. Мектептегі сабақтар топтамасын жоспарлауда Бағдарламаның жеті модулін сабақтарда ықпалдастыруды назарға алу керек. Сонымен бірге әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланарда оқушылардың жас ерекшелігін міндетті түрде ескеру керек. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруы мен өсуіне үлес қосатын сергіту сәттерін де пайдалануды ойластыру керек.

**Оқытудың басты бағыты** – ойлауды дамыту болып табылады. Яғни, оқушы өзінде бар білімді түрлі дереккөздері арқылы, мұғалімнен, оқулықтан, достарынан алған білімдерімен біріктіре отырып іске асырады. Осыған дейін біз дәстүрлі оқыту үрдісін іске асырып келгенбіз. Өткен ғасырдың басында-ақ американ педагог-психологі Джон Дьюи жоғарыдағы «дәстүрлі» білім беруді енжарлықпен білім алу үдерісі ретінде сипаттады және өзара әрекеттің немесе сыни қатысудың төмен деңгейін ғана қажет ететін жаттап алу әдісі деп сынаған. Ал осыған дейін біздер қолданып келген «дәстүрлі оқыту» қандай оқыту?

Мұндай білімнің аясы тар, көбіне жаттанды есте сақтауға алып келеді. Сондықтан көбіне санада механикалық есте сақтау арқылы алынған білім ойлаудың төменгі деңгейінде ғана жүзеге асырылады. Ары қарай терең ойлану үрдісі іске асырылмайды. Ал сындарлы («конструктивті») оқытуда керісінше, мұнда басты басымдылық оқушыға беріледі. Мұғалімнен гөрі оқушы көп ойланып, көп талқылап, достарымен көп сөйлесіп, әрекеттенуі керек. Ал мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясын, білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай етіп ұйымдастыру талап етіледі.

Мұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнды ойларын білдіре алатындай пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Дегенмен, әр мұғалім сабақ жоспарлағанда өз пәнінің ерекшеліктерін ескеруі қажет. Қазақ тілі сабағында оқушының сыни ойлау, өз ойын жаттанды емес, өз сөзімен еркін жеткізе алу, өз жауабына сенімді болу қабілеттерін ашуымыз керек. Кембридж тәсілімен оқыту Блум таксономиясына негізделіп жоспарланады. Таксономия құрылымның (сабақ жоспарының) жүйелілігін білдіреді. Блум таксономиясының негізін салушы американдық психолог, педагог, профессор Бенджамин Блум.

Ол сабақ құрылымын алты деңгейге бөліп қарастырады. **Олар: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.** Сабақтың жалпы мақсатынан басқа әр деңгейге мақсат пен күтілетін нәтиже, сондай-ақ, әр деңгейдің

Тапсырмасына критерийлер мен дескрипторлар қойылады. Бұл оқушының әр деңгейде белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп, білім деңгейін бақылап отыру үшін қажет. Мысалы, қазақ тілі сабағын жоспарлағанда білу деңгейінде тақырыпты оқушылардың өзі анықтау мақсатында түрткі болатындай тапсырмалар, сұрақтар немесе 5 минуттық бейнероликтер көрсетуге болады.

**Білу деңгейінде көбінесе формативті бағалауды қолданған жөн.** Себебі, формативті бағалау оқушыны білім алуға, өз бетінше жұмыстануға ынталандырады. Мысалы. «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам», «Қолмен белгі» т.б әдістер мен «бәрекелді, өте жақсы, жарайсың» деген сөздермен бағалауға болады. Одан әрі оқушы танып, білгенін, тақырыптың мазмұнын түсіну мақсатында Блум таксономиясының түсіну деңгейіндегі тапсырмаларды орындайды.

Түсіну деңгейінде оқушы тақырып бойынша өз бетінше немесе топтасып бір тұжырымға келеді. Яғни, тақырыптың не туралы екендігін түсінеді. Оқушылардың түсіну деңгейін анықтау үшін критерийлер мен дискрипторлар қоямыз. Тапсырмаға қойылатын критерии мен дискрипторларды құрастыруды бірінші оқушылардың өзіне де ұсынуға болады. Критерий мен дискрипторларды мұғалім өзі құрған жағдайдың өзінде де, оны оқушыларға таныстырып, оқушылардың да көзқарасын білуі керек.

Блум таксономиясының үшінші деңгейі қолдану**.** Ендігі кезекте, түсінген білімін күнделікті өмірмен ұштастырып, дәлелді мысалдар келтіріп, қолдану аясы туралы жазып не айтып беруі керек.

Оқушы ойлана білу, ойын жеткізудегі тосқауылдарға кездеседі. Олар: сөздік қорының аздығы, жазу сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығының сәйкес келмеуі. Яғни, бір бала ойын жазып жеткізсе, ал енді бірі ауызша жеткізеді. Қазақ тілі пәнінің ерекшелігіне байланысты өзге ұлт баласына қазақ тілінде ауызша сауатты жауап беруге, сөздік қорды дамытуға негізделгендіктен, критериидің жоғары ұпайы сөздік қор мен ауызша жауабына қойылады.

**Осы алғашқы білу, түсіну, қолдану деңгейлері** пәндік деңгей болып саналады. Одан әрі талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерінің тапсырмалары дарынды оқушыға негізделеді. **Сабақтың талдау деңгейінде** бүгінгі алған білімдерінің тиімді, тиімсіз жақтары туралы сараптайды, ойларын дәлелдейді. **Оқушы жинақтау деңгейінде** алған білімін эссе жазу, ассосация, Венн диаграммасы т.б әдіс-тәсілдер арқылы жинақтап, өз көзқарасын, өз тұжырымын жасайды.

**Блум таксономиясының соңғы деңгейі бағалау.** Бұл деңгейде әдеттегісінше, оқушыны мұғалім бағаламайды, керісінше, оқушы өз жұмысының нәтижесі туралы рефлексия жасайды. Ал сабақтың нәтижесін мұғалім бағалау парағына қойылған ұпай санына байланысты анықтай алады. Сабақ соңында рефлексия жасау арқылы оқушы өз білім деңгейін анықтаса, мұғалім келесі сабағын қалай жоспарлау керектігін біле алады. Осы мақсаттарға жету үшін, алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру қажет. Ол үшін түрлі сергіту сәттерін, тренингтер өткізуге, жаймен сазды әуен қосып қоюға болады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру кезінде қазақ тіліндегі әндерді, ұлттық ойын элементтерін қолдануға болады.

Қысқа мерзімді жоспарды «Блум» таксономиясы бойынша білу, түсіну, қолдану, жинақтау, бағалау кезеңдері деп сабағымды жоспарладым. «Блум» таксономиясы мен үшін өте тиімді тәсіл болды. Менің сабағым «Ішкі секреция бездерің ішіндегі қалқанша бездің құрлысымен қызметін» тиімді пайдалана отырып, оқушыларды топқа біріктіріп, топтық, жұптық, жеке деңгейлік тапсырмалар бердім. Оқушылар диалогты әңгімелесу кезінде бір-бірін тыңдады, пікір алмасты, ой бөлісті, бір-бірін тыңдады, талқылады, ой жинақтады,ынтымақтастықта білімді бірлесіп құру арқылы түсінікпен дағдыларды қалыптастырды.

Қалқанша бездің құрлысы менқызметі тақырыбындағы сабағымның **мақсаты**: Қалқанша бездің қызметі бұзылғанда пайда болатын ауытқулардың шығуын түсіндірдім. Сыни тұрғыдан ойланып, ойларын еркін айта білуге дағдыландырдым және ынтымақтастықта жұмыс істеу дағысын қалыптастырдым.

**Күтілетін нәтиже**: Қалқанша бездің қызматі бұзылғанда пайда болатын аурулардың белгілері, мекседема, іспебұғақ, кретинизм, безедов ауруларының алдын алуды біледі және ажырата алады.

**Сабақта қолданған әдіс-тәсілдер**: «Ой-қозғау», «Өрмекші торы», «Балық қаңқасы», «Бес саусақ», «Аяқталмаған сөйлем», «Ойлан, бірік, бөліс», «Сұрақ қою» әдістері.

**Деректер:** интерактивті тақта, стикерлер, постерге арналған қағаздар, маркерлер, бағалау парақтары.

**1. Білу кезеңі:** үй тапсырмасын сұрауда оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер бойынша «Өрмекші торы» әдісі арқылы сұрадым. Оқушылар шеңбер құрып тұрды және жіпті қағыт алып қойылған сұрақтарға нақты жауап беріп, өзі де сұрақ қойды. Бұл әдіс оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға тиімді екен. Тапсырмада оқушылар бір-бірімен сұрақ-жауап арқылы диолог жасады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диолог-сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын айтып көрсеткен. (Мұғалімге арналған нұсқаулық 36-бет).

Сабақтың қызығына түскен С деңгейіндегі тұйық оқушым да қатысып, Гормон қандай зат, қайдан бөлінеді, қандай қызмет атқарадыдеп сұрақ қойып, жауабының дұрыстығын айтып, кешегі тақырыпты жақсы түсінгенін білдірді. Кейбір оқушым сұраққа дұрыс жауап бере алмаған кезде, ол оқушыға сұрақты тарқатып, мысал арқылы қайта бағыттау сұрағын қойдым.Ал қай оқушым сабаққа белсене қатыстып немесе қай оқушы үй тапсырмасына дайын емес, толық түсінбеген өзім бақылап тұрдым. Алдағы тапсырмаларда осы оқушыларды сабаққа көбірек тартуға әрекет жасадым. Бұл тапсырманың нәнижесінде есте сақтау қабілеті дамыды.

Оқушыларды топқа бөлуде адам ағзасындағы (бауыр, өкпе, жүрек, ми) мүшелердің суреттер арқылы бөлдім. Әр топ өздерінің топтарынан топ басшы сайлады. Топ ережесін еске түсіріп, барлығы топ ережесіне және топ басшыға бағынатынын айтты. Топқа бөлу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын аштық.

**2. Түсіну кезеңі**: Оқушыларға жаңа сабақты «Ой қозғау»әдісімен сыни тұрғыдан ойлату мақсатында «Оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану» арқылы

интерактивті тақтадан сөз жұмбақ қою арқылы жаңа сабақ тақырыбын аштым. Оқушылар **«қалқанша»** жауапты шығарады, топпен талқылап, бір-бірінің ой-пікірлерімен санаса білді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушылардың қабылдауын жылдамдататын, түсінулерін жеңілдететін, мұғалімнің сабақ өтуіне көмектесетін бүгінгі күнде аса маңызды құрал болып тұр. «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулін осы тапсырмада қолдандым. Сөйтіп жаңа сабақтың тақырыбын «Қалқанша бездің құрылысы мен қызметі» екенін анықтап алдық. Сабақтың барысында топтарға:

Бірінші «Бауыр» тобынатироксин гормонының құрамында не болады?

Екінші «Жүрек»тобына Қалқанша безі ересек адамдарда салмағы шамамен қанша грам?

Ал үшінші «Өкпе» тобынанеше жастан әрі қарай қалқанша бездің салмағы мен мөлшері кішірейді?

Төртінші «Ми» тобына жаңа туылған балалардың қалқанша безінің салмағы қанша? деген сұрақтар қойдым, сонымен бірге ойларын дәлелдеу үшін плакат пен маркерлер бердім. Осы кезде байқағаным топ мүшелері жан-жақты ойланып, өз бетінше ізденіп, жақсы пікірлер айтып, бір-біріне үйретті. Әрине барлық оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланбаған.

Топ мүшелеріне Неге бұлай ойлайсыңдар? Не себепті? Мысал келтіре аласыңдар ма? Қалқанша безінің қызметі қандай? деген сияқты «түрткі болуға» арналған сұрақтар арқылы дұры сойлай алатындығын, көрсете алды. Сол арқылы ойларын топтап, түсінді, топтан көшбасшы оқушылар шығып қорғады. Бұл тапсырманың нәтижесінде оқушылар сыни тұрғыда ойлып, сұрақ-жауап арқылы талдау жасады, аурулардың түрлерін өмірмен байланыстырып мысал келтірді.

Постер қорғауда.

**3. Қолдану кезеңі:** Оқушыларға «Жас ерекшеліктеріне сәйкес» тапсырма берілді. Бұл «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы көп нүктенің орнына тиісті сөйлемді қою.

1. Ағзада зат алмасу деген бәсеңдейді, әсіресе бұзылады. 2. Терінің астына, тері құрғап, дене ісінеді. 3. төмендейді. 4. жүрек баяулайды. 5. қозғалысы бәсеңдеп,. нашарлайды, шашы түсіп сирейді.

Тапсырманың дұрыс орындалуын қадағаланған кезде қателіктер жол берді, кейбір топтардың жауаптары дұрыс болды. Олардың жауаптарын қабылдап, бағыт-бағдар бердім. Мұндай кедергіде оқушылар «Жақын арадағы даму аймағында» бірлесіп жұмыс істеді. ЖАДА оқушылардың оқуын және қарым-қатынасын қолдау үшін қажетті көмек. (Мұғалімге арналған нұсқаулық 25- бет).

Ортақ шешімге келіп, негізгі деп тапқан мәліметтерді, топтың ішінен дарынды, талантты балалар дәлелдеп, түсіндіріп берді. Әр тапсырманы дер кезінде бағалау парағы арқылы бағалап отырдық.

Оқулық жұмысын талдауда.

Сергіту сәтін өткізу үшін **«Оқытудағы ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану»** модулін қолдай отырып, интерактивті тақтадан бейнероликтегі «Көңілді күн» әніне билеп, жаттығып, алдық. Оқушыларға сергіту жаттығуы ұнады. Сергіп алып сабағымызды одан әрі жалғастырдық.

**4. Талдау кезеңі:** Одан әрі білімдерін дамыту үшін «Ойлан, бірік, бөліс» әдісін қолдандым. Ол үшін оқушыларға суреттердің қиындысын бердім және сол бойынша тапсырмалар бердім. Олар суреттерді құрастырып, төмендегі тапсырманы орындады. Яғни бес саусақ әдісі арқылы оқушыларға тироксин гормоны барлық зат алмасуға (нәруызбен май) қатысатыны жаңалық болғандығын, ағзаның өсуі мен дамуын түсінгендігін және де жүйке жүйесімен жүрек жұмысының қозуын артыратының оқушылар түсінбеді. Осыған байланысты топ болып жұмысты талдап, талқылады. Бірінші «Бауыр» тобы қалқанша без барлық омыртқалы жануарларда болатын ішкі секретция бездерінің ішіндегі ең ірісі екен айтты.

Екінші «Жүрек» тобы Қалқанша без алдыңғы жағында орналасатынының суреттер арқылы дәлелдеді. Қалқанша безінің қызметі бұзылғанда пайда болатын ауытқуларды түсіндіріп, тақылады. Үшінші «Өкпе» тобы ауруды емдеп жазу үшін қалқанша бездің кішігене бөлігін кесіп алып тастайтынын, жеке жасушаларын жою үшін рентген сәулесімен де емдейтінін айтты. Төртінші «Ми» тобы тироксин – гормонның түзілуімен бөлінуімен гифопиздің алдынғы бөлігінен бөлінетін гормондарды реттейтінің айтты. Әр топтан талатты және дарынды оқушылар венн диограммасы арқылы талдады.

Оқушылар әр түрлі жұмыстар мен тапсырмалар орындау арқылы жаңа тәсілдерге бейімделе бастағанын байқауға болады. Өйткені жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, сабаққа қатысты тапсырмалар бергенде олардың тапсырманы қызығушылықпен әрі сапалы, орындауға тырысқаны көрініп тұрды. Тапсырманың дұрыс орындалғанын қадағалап отырдым. Тапсырма орындау арқылы ойлау қабілеті, тіл байлығы дамыды, талантты және дарынды оқушылар анықталды.

**5. Жинақтау кезеңі**: Алған білімдерін жинақтау мақсатында «Кім жүйрік?» әдісін қолдандым. Бұл жерде бірінші «Бауыр» тобы микседеманының ауру белгілерін айытып өтті. Ауру белгілері: ағзада зат алмасу 30 – 40 пайызға дейін басендейді, әсіресе, нәруыз алмасу бұзылады.

**Нәтижесі:**

– қызығушылығы артты.

– бір-бірін тыңдады,

– ойлау, есте сақтау қабілеті дамыды,

– өзіндік пікірі қалыптасты.

**Әдебиеттер**

1. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі – Қарағанды, 2006. – 227-279 бет.
2. Бұзаубақова К.Ж. Білім берідегі инновациялық технологиялар – Тараз, 2014. – 243-261 бет
3. Клустер Д. Что такое критическое мышление? – Перемена. – 2001 жыл. – № 4,5 – 21-27,38 бет.

ҒТАХР: 14.25.07

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ САЛТЫН НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Оспанова Ж.Т.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 12 тірек мектебі ( ресурстық орталығы)» КММ
(Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы)

Салауатты өмір салты дегеніміз-денсаулықты нығайту мен сақтау, ағзаның дұрыс дамуын қамтамасыз ететін гигиеналық ережелерді орындау. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан- жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат еткен дара тұлғаларды тәрбиелеуді басты талап етіп қойған. Салауатты өмір салты дегеніміз-денсаулықты нығайту. Салауатты өмір сүру салтын мектепте бастауыш буыннан бастап оқушылар арасында насихаттау керек. Күнделікті дене қыздыру жаттығулары, таза ауада серуенде, сабақ арасында сергіту сәттері үнемі және жүйелі түрде өтілуі тиіс. Тәжірибемізде біз аталған іс-шаралардың жүйелі түрде өтілуін қадағалаймыз.

Қазіргі ғылым «салауатты өмір салтын»:

– ең жақсы үйлесімді тәртіп;

– иммунитетті және денені шынықтыру;

– дұрыс тамақтану;

– орнықты өмір сүру әдеті;

– зиянды әдеттің болмауы («ауру қалса да – әдет қалмайды»);

– жоғары дәрігерлік белсенділік – деп түсіндіреді.

Баланың денсаулығының басты негізі оның рухани және тәндік жағдайы болып табылады. Әлеуметтік көздерін құрайтындар әлеуметтік байланыстар мен жеке қарым-қатынастары және рухани саулығының ажырамас бөлігі болып табылады. Жан саулығы – бұл біздің ақыл-ойдың, тәніміздің, жанымыздың саулығы. Жан саулығы – ойлау жүйесімен, қоршаған ортаны танумен және оған бейімделуді қамтамасыз етеді, бұл арқылы біз қоршаған ортаға, затқа, білім саласына, ұстанымға қатысты өз орнымызды анықтаймыз деуге болады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарымқатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі. Оқушылардың мектеп қабырғасында салауатты өмір сүру салты туралыалған білімдерін өмірде қолдана білуі-алаңсыз еңбек етуге, дүниеге сау ұрпақ әкелуге, өз денсаулығына аса жауапкершілікпен қарауға зор септігін тигібек.

Салауатты өмір салтын ұстануда спорттың рөлі зор. Денсаулыққа тек дене шынықтыру арқылы қол жеткізілуге болады. Дене қозғалысы адам ағзасын дамытып, жұмыс істеу қабілетін арттырады, ауруды алыстатып, өмірді ұзартады. Денсаулық – адамға табиғаттың берген ең ұлы құндылығы. Адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту – медицинаның ғана емес, сонымен бірге барлық оқыту мен тәрбиелеу, білім беру жүйелерінің негізгі мақсаты мен міндеті. Себебі, шәкірт денсаулығының жағдайы оның оқу үлгеріміне, мінез-құлқына, қарым – қатынастарына тікелей әсер етеді.

Бастауышта және дене шынықтыру сабақтарында салауатты өмір сүру салтын нсихаттауда ойынның маңызы зор.

Ойын – бала әрекетінің бір түрі, адамзат мәдениетінің қазынасы. Ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалаған. Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын – түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады.

Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Ойын бала үшін нағыз өмір. Ойын ешқашанда өзінің қызықшылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Тәжірибемізде қолданып оңтайлы нәтиже беріп жүрген ойындарға тоқталсақ:

«Құнды қасиетті беру»

Музыка ойнайды. Балалар шеңбер құра отырады және шеңбер бойынша сақинаны береді. Мұғалімнің сөзі бойынша (немесе басқаша бойынша)

Қорапшаның айналып жүруі тоқтатылады. Сол сәтте кім қорапшаны ұстап тұрған болса, сол оның ішінен бір парақ қағазды шығарады және онда жазылғанды орындайды. Күні бұрын даярланып қойылуға тиісті мұндай парақтарда сабақ тақырыбы бойынша қандай да бір әрекет жазылып қойылады.

Сонымен қатар «Сақина салу» ойынын да осылай ұйымдастыруға болады.

Ойынның қорытындысы бойынша:

Шындықты айтудың мәні қандай екені туралы өз пікірін айтуға;

– Адалдық секілді мінездің қасиеті,ән айту немесе өлең (тақпақ) оқып беруге;

– Құндылықтың қатысы бар белгілі фильмді (әңгімені, ертегіні) немесе содан алынған бір көріністі әңгемелеуге болады.

«Мұғалім сөйлейді»

Мұғалім сыныптың алдында тұрады және балалардан әлдебір әрекетті орындауды, бірақ оны тек «Мұғалім сөйлейді...» деген сөзден кейін жасайды.

Мұғалім осы сөздерді айтқан кезде, оның артында балалардың қайталауы керек оңды әрекеттер жалғасуы керек. Егер мұғалім «Мұғалім сөйлейді» дегенді айтпай әлдебір әрекетті орындайтын болса, оны балалар қайталап жасамауы керек. Мұғалімнен кейін осы әрекетті қайталаған бала ойыннан шығады. Ойын қызықты. Ойын оқушылардың босаңсуына уақыт бермей тез қарқынмен жүргізілсе мүлдем қызықты болды.

Бұл ойын балалардың назарын ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар өзінің әрекеттерімен оқушыларға үлгі беретін мұғалімнің өзін тәртіпке салады, қозғалыс қабілеттерін арттырады.

«Кімде қандай қасиет бар»

Малдың түрі бейнеленген карточкаға балалар оның қасиетін көрсететін сөз жазылған басқа карточканы таңдап алады. Мысалы, ит және иесіне берілгендік, түлгі және айлакерлік, түйе және тәкаппарлық және т.б.

«Сүйіспеншілік»

Мұғалім бағыттаушы сөзді таңдап айтады. Ойынға қатысушылар сол аймақтағы сөзді айтып, допты келесі ойыншыға лақтырады. Айтылған сөзді қайталауға болмайды.

Бір оқушы айтылған сөзді тақтаға жазып отыру керек.

Ойын соңында қатысушылар құнды қасиеттерді білдіретін бірнеше сөздер жинақтап, олардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелеседі.

«Ойын-пантомима»

Бұл ойын баланың мінез-құлықты эмоция арқылы танып білуін көздейді.

Мысалы, топтарға бөліп, түрлі мимикамен түсіндірілетін түрлі тапсырмалар беріледі:

– ауырған, немесе шаршаған шешесін баласы қалай аялайды;
– оқушы қартты жолдан қалай өткізу керек;
– әжесінің алдында бала өз кінәсін өалай жуып-шаяды;
– ренжіскен екі дос бір-бірімен өалай татуласарын білмейді.

Әр топ музыканың сүйемелдеуімен өздері құрастырған сюжетті көрсетеді.

Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастарады.

Салауатты өмір салты – адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Ол адам мәдинетінің бір бөлігі. Ал денсаулық адам бақытының негізгі бөлігі. Қоғамның болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты. Денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп

қарау ағаттық, жалпы алғанда оны организмнің жан-жақты дамуымен бүкіл қызметтердің жүзеге дұрыс асырылуы деп ұққан жөн.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл:

– Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

– Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру;

Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне — өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ. Жастары әлсіз, денсаулығы нашар, білімсіз, зиянды әдеттерге әуес, жалқау, тәрбиесіз болса ол мемлекет қашанда әлсіз, қорғансыз. Жастар – біздің болашағымыз. Ал бізге болашағымыздың айбындылығы мен жарқындылығы қажет. Келешегінен үміт күткізіп отырған бүгінгі жастар - ертеңгі қоғам иелері!

**Әдебиеттер**


1. Соколов А.Д., Абишева З.С. Валеология – наука о здоровье. Учебно-методического пособие. – Алматы: Ғылым, 1999. – 140 с.
2. Сәтпаева Х.К. Валеология – оқі-әдістемелік құрал. – Алматы: Ғылым, 2003. – 148 б.
3. Терехин С.П., Хан А.В., Тағам гигиенасы бойынша таңдаулы лекциялар жинағы. – Қарағанды: 1998. – 280 б.



ҒТАХР: 14.25.09


## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ


**Рахимгалиева А.Б., Акимбаева Ж.У.,** тәрбиешілер
«Семей қаласының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Қарым-қатынас адам психикасының және оның мінез-құлкының мәдени, саналы түрде қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарады. Қарым-қатынас арқылы адам жоғары қабілеттері мен қасиеттерін аша алады. Дамыған адамдармен белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, ол өзі тұлға болып қалыптаса алады.

Әр адам өзін-өзі, өзінің қажеттілігін, өмірдегі және қоғамдағы рөлін толық түсіну нәтижесінде өз мүмкіндіктерін таниды. Адам өз бойындағы мүмкіндіктерін толық пайдаланғанда, ортаға сіңіп алдына қойған мақсатына жете алады. Мақсатқа апаратын ізгі жолдарды өздігінен іздестіру жақсы нәтижеге жеткізеді. Адам жағымды қасиеттерін ізгі ниеттерін дамыту барысында өзін – өзі тәрбиелейді. Өз бетімен танып білуге құштарлану, талпыну, іздену адам керкі мен мінезін шыныктырып, шыңдайды.

Оқушы қоғамның болашағы, сондықтан, ол өз жаратылысының, қабілеті мен мүмкіндіктерін тек мектеп қабырғасында басқалармен қарым- қатынас үстінде ғана дамыта алады. Демек, жеке оқушының басты белгілері болып табылатын оның мінез- құлқы, басқа оқушыларға, табиғатқа қатынасы, оның қажеті мен қанағаттандыру тәсілдері, оқушының болмысы, білім алуы, өзіндей оқушылармен қатынасқа түсу арқылы қалыптасады. Баланың айналасындағы адамдардың мінез-құлқының дұрыс, жағымды болуына айрықша маңыз береді; баланың ізгі- құлықты болуы үшін оның маңайындағы оқушылар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі-құлықты болуға тиісті.

Өзін-өзі білуі мен өзіне-өзінің қатынасының деңгейлерінің арасындағы бұл қарама-қайшылық оқушыларға кейінгі ересек жаста да жалғасады деуге негіз бар. Оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас арқылы бір – біріне ойын жеткізеді, пікір алысады. Өмір тәжірибесі, іс-әрекеті, ой-пайымдары дамиды.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыз осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Жетілген мінез-құлық – бұл үш нәрсенің: жүректің, ақылдың және қолдың бірлігі мен келісімі.

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді.

Қазақ халқының бала тәрбиесіне деген көзқарасының өзіндік ерекшеліктері бар. Келешек ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп, балаларды ата-баба дәстүрінде тәрбиелеуді мақсат тұтқан қазақ отбасылары баласын мәдениеттілкке, зерделілікке баулып, халықының мәдениеті мен әдет-ғұрпын тәрбиенің бұлжымас құралы ретінде ұстанған. Бұл ретте педагогика тарихында қазақ ауылындағы отбасы тәрбиесі, мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру, балалардың даму ерекшеліктері, адамгершілікке тәрбиелеу және т.б. мәселелер зерттелген. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесімен де бірқатар ғалымдар айналысқан, атап айтсақ, ресей ғалымдары Урунтаева Г.А., мәдениетін қалыптастырудың жолдарын ұсынса, қазақ педагог-ғалымдары Шериазданова Қ.Т., Ауталипова Ү.И., Елеусізова С.М., Оразбекова К.К. және т.б. қарым-қатынас мәселелерін сөз етеді. Десек те, қазақ отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты, оның өзіндік ерекшеліктерін қарастырған еңбектердің өте аздығы анықталды. Сонымен, балалардың қарым-қатынас мәдениетін бүгінгі өмір талабына сай, ұлттық сипатта қалыптастыруды жүзеге асырудың қажеттілігі мен оны отбасы тәрбиесі жағдайында ғылыми-әдістемелік бағыттарының жеткіліксіздігі аралығында қарама-қайшылықтар байқалады.

Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз-адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуды айтамыз. …

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең дәрежеде, дөрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Ата-аналармен әңгімелесу орны міндетті түрде болғаны дұрыс. Өйткені ол жерде сөйлеу мәдениеті мен ойлау мәдениеті қалыптасады. Бірақ баламен тілдік қарым-қатынас жасауда арнайы дауыс көтеру қажет емес. Ертегі өзі-ақ баланы қызықтырушы үлгі болып табылады. Ертегіні білген бала қиялдау, армандау сезімдеріне бөлене алады. Барлық отбасы мүшелері бірге дауыстап оқып, концерт ұйымдастыру, ертегі құрастыру, хормен әң айту сияқты тәсілдерді әдетке айналдырған ата-аналардың балаларына қарым-қатынас жасау ешқандай қиындық тудырмайды. Бұндай балаларға болашақта басқа балалармен араласу онайға түседі.

Сондай-ақ, баланы тек оқуға ғана емес, қасындағы адамның сөзін бөлмей тындауға да үйрету керек. Бұны да бала өз әке-шешесімен үйренеді. Баланы диалогқа үйрете отырып, біз оны тілдік қарым-қатынас жасауға үйретеміз, өйткені сөйлесіп отырған адамдар екінші адамның дүниеге көзқарасын, сенімділігін таниды.

Сөйлеу тілі баланың әр түрлі әрекеттер жасау барысында жақсы қалыптасады. Егер бала өмірі әр түрлі қызықты оқиғаларға толы болса, ол өзінен өзі дамиды. Мектепке дейігі жаста балалар театрға, концерттік залдарға, мұражайларға, көрмелерге бара бастайды. Ата-ана міндеті баланың

араласу, даму ортасын кеңейту. Бірге жүріп өткізген уақыттардан бала жақын адамдарымен араласу кезінде тек қуаныш алуы керек. Ол баланың мәдени өміріне үлкен әскер қалдырады. Бала тілі қалыптаса бастағанда, оның жанында өзін жақсы көретін, түсінетін, қамқор ата-анасы бол,аны жөн. Балабақшада арнайы ұйымдастырылған сабақтар, түзету жұмыстарын және әр түрлі күн тәріптерін орындауға байланысты іс-әрекеттер де балалар мен ересектердін қарым-қатытас құралы болып есептеледі. Сондықтан, мектепке дейінгі балалардың ересектермен, құрбылармен жасайтын қарым-қатысының маңызына өте үлкен мән беру қажет, өйткені ол балалардың жеке басының дамуында маңызды орын алады.

**Әдебиеттер**


1. Педагогика кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары. Жалпы ереже. ҚР БҒМ №18 бұйрығы. – Астана. – 18.01.2017.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ереже / Ресми басылым. – Астана, 2012. (ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж. №1080 қаулысы бойынша)
3.Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. – А., 1995. – С. 96.
4.Капенова А. Баланың қатынастың орны / Ізденіс, 1997. – №5. – С. 1176.


ҒТАХР: 14.25.05

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Сергалиева Ж.А., Абдрахманова Г.К.,** тәрбиешілер
«Семей қаласының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті – өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбиесі күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі.

Руханилық – ізгі, ақылдың шешімі, ізгі жүрек өмір ізгі сезім, жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі болса, Абайдың айтуынша «адамгершілік – махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және шешіледі», яғни рухани тәрбие – адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулылығына тәрбиелеу деген сөз. Адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Халықтың рухының асқақатауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдірі, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын, аңғаруға болады. Нағыз қазақи рухтың сипатын рухани жетілуімізден, адамгершілік принциптерін сонау балабақшадан бастап халқымыздың діліне енгізе берудің тәсілдерін, іздеуіміз керек. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі де жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан – ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»дегендей,

ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы – балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз.

Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Рухани – адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. «Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер», - деген Ыбырай Алтынсарин. Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды.

**Әдебиеттер**

1. Әбенбаева С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика, 2003.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001, 3 том. – 398 б.
3. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2006.

ҒТАХР: 27.01.45

## ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Шоңова Ә.Ж., Әбішова А.Б.,** тәрбиешілер
«Б. Байғожина атындағы бөбекжай»
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Бүгінгі таңда заманына сай, зерделі ой-өрісі жоғары жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру мемлекетіміздің алдына қойған аса маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. Баланың қарқынды коммуникативтік дамуы мектепке дейінгі кезеңде өтеді, қарым-қатынастағы алғашқы тәжірибе, көбінесе баланың өзіне деген, басқаларға және әлемге деген қатынасын білдіреді.

Педагогикалық қызметкерлердің алдында тұрған ең бірінші және маңызды тапсырмалардың бірі – бұл балаларда әлем туралы түсінігін, бізді қоршаған табиғат пен қоғам көріністері туралы белгілі көзқарас жүйелерін қалыптастыру.

Коммуникатитвтік құзыреттілік – диалогтағы қажетті ақпараттарды алуға деген дайындықты, диалогта өз қозқарасын бейнелеп және өркениетті түрде қорғауды, көпшілік алдына сөйлеуді және басқа адамдардың құндылықтарына құрметпен қарауын білдіреді және тапсырмаларды шешуде коммуникативтік ресурстарды қолдануға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілікті баланың қоршағандармен қарым-қатынасқа түсуге деген ниетін білдіретін икемдіктер жиынтығы деп қарастыруға болады; қарым-қатынасты ұйымдастыруға жататындар: серіктесін тыңдай білу, сезімдермен бірге бөлісу, эмпатия көрсету, конфликтті жағдаяттарды шеше білу; сөздерді қолдана білу; қоршағандармен қарым-қатынас кезінде ережелер мен нормаларды білуі керек. Мұндағы коммуникативтік құзыреттілік сөзіне тоқтанылып кететін болсақ: «Құзыреттілік» дегеніміз тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш жігердің болуы. Оның алғашқы көріністері ең әуелі мектепке дейінгі оқыту үдерісінде қалыптасады.

Құзыреттілік – ол баланың алған білімі мен дағдыларын күнделікті өмірде, практикалық мәселелерді шешуде қолдана алу қабілеттілігі. Ал, «коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competens»сөзі қол жеткізу, сәйкес келу деген мағына береді) – қажетті тілдерді білуді, қорщаған адамдармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады және адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың іс-әрекеттерінің жетекші түрі болып табылады, және ол мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыпасуында тиімді және қол жетімді амалдардың бірі болып табылады.

Ойын кезінде балалар үлкендермен және құрбыларымен әрекеттесте болуды және қарым-қатынас құруды үйренеді:

- диалогқа белсенді түрде қатысады;
- сұрақтар қояды;
- сөзді тыңдайды және түсінеді;
- жағдаятқа қарап қарым-қатынас жасайды;
- қарым-қатынасқа тез түседі;
- өзінің ойын анық және дәйекті түрде жеткізеді;
- сөйлеу этикасының түрлерін қолданады;
- өз мінез-құлқын нормалар мен ережелерге сай реттеп отырады.
- эмоционалдық даму деңгейін байқатады. Оны мына тәсілмен жүргізеді: әңгімелеу (баланың өзі білетін ертегі немесе әңгіме мазмүнын айтып беруін сұрау);
- өз бетінше әңгімелеуі;
- жетекші сұрақтарсыз әңгімелей алады;
- ересек адамның көмегін қажет етуі;
- мәтін мазмұнын толық жеткізуі;
- оқиғаны баяндауда бірізділікті сақтайды;
- кейбір бөліктерінің орнын ауыстырып алады;
- мәнерлеу құралдарын пайдалану іскерлігі;
- мәнерлеу құралдарын жиі дұрыс пайдалана алады;
- мәнерлеу құралдарын сирек қолданады,
- мәтінді ешқандай мәнерсіз жеткізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үнемі коммуникативтік-тілдік бағытқа негізделіп, оқу іс-әрекеттері қарым-қатынас және мақсатты тапсырмалармен ұйымдастырылуы керек. Осы бағытта түрлі мониторингтер жүргізуге болады. Балалардың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін жетілдіру жұмыстары мынадай бағыттарда жүргізілсе:

1. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында баламен қарым-қатынас жасағанда әсерлі сөйлеп, тыңдаушысын өзіне қаратып баурап алуы, яғни тіл мәдениетінің өте жоғары болуы шарт;
2. Бала тілін дамыту үшін ең тиімді әдісті пайдаланса;
3. Өтілетін мәтін, тапсырмалар, илюстративтік материалдар қазақ баласының халықтық ұғымына таныс және жеңіл болуы;
4. Тіл дамытуда көркем шығармалар, мақал-мәтелдер, санамақтар, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, ертегілер, өлең, тақпақтар, қызықты әңгімелер, шешендік сөздер іріктеліп алынса;
5. Сөздік жұмыстарын жүргізу, жаңа сөздерді үйрете отырып, оны іс жүзінде қолдану;
6. Жеңіл сөйлемдер құрату және ауызекі сөзде қолдана білу;
7. Билингвальды компоненттерді қолдану;
8. Тілдік жаттығулар жүргізу;
9. Тіл дамытуда ойын технологиясын қолдану;
10. Ата-аналармен қарым-қатынас барысында тіл мәдениетін сақтау.

Баланың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін дамыту үшін түрткі болатын екі күш қажет. Осы күштердің бірі болып ең алдымен ата-ана табылады, өз баласының ерекшелігін көріп, оны дұрыс бағалай және бағыттай біліп, біліммен, тәртіппен, еңбекпен ұштастырып отырса, бала тілінің дамуына қажетті жағдай жасаса, бұдан балаға, оның болашағына үлкен пайда болары сөзсіз.

**Әдебиеттер**

1. Акимова Т.А., Копжасарова Т.М., Кашкенова З.Т., Дарменова Г.У. Разминки для тренингов. – Астана: АОО НИШ ЦПМ, 2015.

2. Әбдезұлы Қ., Тұрсынғалиева С.Ч. «Мектепке дейінгі тәрбие» әдістемелік нұсқау. – «Арман ПВ», 2012.
3. Әлімов А.Х. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. – Астана: «НЗМ» ДББҰ, 2014.
4. Ермекова Т.Н., Қасымбек А.А., Абдижаппапрова Н.О., Бипажанова А.Б. Тәрбие құралы. – Арман ПВ, 2016.
5. Исабекова А.К. Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы. – Көкшетау, 2014.

ҒТАХР: 14.25.21

## ЖАҢАША ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Алтаева А.Т.,** мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір педагогтың басты міндеті. Білім негізі мектепке дейінгі ұйымда қаланатын болғандықтан, баланың жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі педагог қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде педагог терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында тәжірибе барысында «Кластер» әдісін тиімді пайдаланамын.

**Мақсаты**: идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланысты жинақтау, тұжырымдау. Балалар тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын картаға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер арқылы).

**«Миға шабуыл»** әдісі

**Мақсаты:** Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін ауызша ой салу.

Балаға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

**«Галереяны шарлау»** әдісі *Саймон Браунхилл бойынша*

**Мақсаты**: талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.

Сараптау, жинақтау, бағалау; Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. Балалар ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын достарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

**«Өрмекші»** әдісі *(постерде)*

*Мақсаты:* Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Өрмекші сұлбасына меңгерілген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді.

**«Үштік» әдіс** (Ойлан, жұптас, бөліс.

Мақсаты: Балалар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.

Балалардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады.

**«Дауыстап ойлау»** әдісі

Мақсаты: ой түю, ой бөлісу.

Балаларды дұрыс тындауға ынталандырады. Сөйлесім, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

**«Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі»** әдісі

Мақсаты: баланы алған білімін саралай білуге дағдыландыру.

Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

**«Қара жәшік»** ішіндегі жұмыс

Мақсаты: баланың өзін-өзі бағалауын дамыту.

Баланың оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді

**«Ашық микрофон»** әдісі

*Саймон Браунхилл бойынша*

Мақсаты: баланы жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру шығармашылығын шыңдау.

Оқу әрекетінде белсенді оқу әдістерін қолдану баланың өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, топтағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тәрбиешінің оқу әрекетін қызықты ұйымдастыруына, балаларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Шығармашыл тұлға тәрбиелеу отандық білім модернизациясы концепциясындағы басты мақсаттардың бірі. Оны іске асыру баланың қабілеті мен мүмкіндіктерін, танымдық қызығушылықтарының дамуын талап етеді. .

Баланы шығармашылык үрдіске енгізуде тиімді әдістерге:

Ойын әрекеті;

Жағымды эмоционалды жағдаятты тудыру;

Ұжымдық жұмыс;

Оқытудың проблемалық әдісі жатады.

Мектепке дейінді ұйымда оқу әрекетін көрнекі-құралдарсыз өткізу мүмкін емес. Осы орайда компьютердің көмегі зор. Қазіргі заман талабы балаларды ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігімен таныстыру керек. Ол үшін тәрбиеші компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі керек.

Ақпараттық технология дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алуға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асыруға, яғни инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда.

АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

– Тәрбиеші балаға сұрақ қойып, тез арада бала оған жауап береді;

– Тәрбиеші тапсырманың дұрыстығын тексереді;

– Баланың компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;

АКТ-ны оқу әрекетінде  пайдаланудың бала үшін тиімділігі:

– Баланың еркін ойлауына мүмкіндік береді;

– Ақыл-ойын дамытады;

– Шығармашылық белсенділігін арттырады;

– Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;

– Тіл байлығын жетілдіреді;

– Жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Оқу әрекетәнде жаңа технологияларды ұтымды қолданғанда білім берудің негізгі мақсаттары іске асады, коммуникация саласында балалардың фактілерді жнақтау, оларды салыстыру, ұйымдастыру, өз ойын еркін жеткізу, ауызша тілді жетік меңгеру, жаңалық ашу, таңдау жасау, шешім қабылдау сияқты құндылықтары қалыптасады.

Мектепке дейінгі мекемеде жаңа технологияларды қолдану балалардың таным және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу үрдісін сапалы ұйымдастыруға, оқу әрекетін жаңаша өткізу әдістемесін жоғарылатуға, тәрбиеші жұмысын жүйелеп, тиімді жоспарлауға зор септігін тигізеді.

**Әдебиеттер**

1. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Чудеса на песке» практикум по песочной терапии. – Из-во: Речь, 2005.

2. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Игры в сказкотерапии. – СПб, 2008.
3. Кисилева М.В. Арт-терапия в работе с детьми. – СПб, 2006.
4. Балапанов Е.Қ. Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2005.
5. Венгер Л.А. Қабылдау мен оқыту. – М.: Просвещение, 1969.
6. Жарықбаев. Психология. – Алматы. – 1970.
7. Ядэшко В.И., Сохин Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Мектеп, 1982.

ҒТАХР: 14.29.01

## ЖАҢА ФОРМАЦИЯ МАМАНЫ БОЛУ-БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ

**Курмашева А.А., Смагулова А.М.,** директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттырудың жаңаша әдіс -тәсілдерін табуға дағдыланған жаңа форматтағы мұғалім дайындап, олар жаңаша оқытуды практикада қолданудың нәтижесін анықтап, кері байланыс жасаудың нәтижелерін көріп отырмыз. «Жаңа маман болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып табылады. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындау үшін, терминнің анықтамасына тоқталсақ.

«Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі». Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды.

Кәсіби құзыреттілік мәселесін зерттеген ғалымдардың ой тұжырымдарын терең талдай отырып, нәтижеге бағытталған білім беру жағдайындағы мұғалімінің құзыреттілігін үш аспектімен сипаттауға болады.

*Мәндік аспект*, яғни ахуалды жете түсіну, оны ұғыну және оған деген қарым – қатынас, бұл жағдайда нәтижеге бағытталған білім беру маңызы, теориялық негізі жатады.

*Проблемалық – практикалық аспект*, бұл-мұғалімінің алдына қойған мақсат, міндеттері және оны орындау жолдарын сипаттайды.

*Коммуникативтік аспект*, бұл – педагогтің осы үрдіске, ахуал қатынасын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

*Құзыреттілік*-оқу нәтижесінде меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Осы тұрғыда шағын жинақталған мектептің мұғалімдері кіріктілірлген сыныптарда сабақ беру мәселесін де айқын шешудің жолдарын таба алады.

Нәтижеге бағытталған сапалы білім беруде мұғалімінің құзыреттілігі: *Арнайы құзыреттілік* - өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет. Мұғалім үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытуды іске асыруда түрлі инновациялық технологиялардың әдіс–тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс.

*Әлеуметтік құзыреттілік* – бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті, ұжыммен, топпен қызмет ету, кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білуі. Яғни, мұғалім оқушылармен қарым – қатынаста тактикасын баланың жасы, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отыруы керек. Оқушыларды топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына мән беруі керек.

*Пәндік құзыреттілік* – білім беру қызметінде белгілі бір пәндер шеңберіне қатынасты білім, білік және дағдысы мен іс – әрекетінің сапалар жиынтығы. Педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу іскерлігі. Жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізу мәселесін мұғалім ескеруі керек.

*Ақпараттық құзыреттілік*-айрықша назар аударуды қажет етеді. Себебі, ақпараттық қарым – қатынас технологиясын игеру әр маманнан талап етіледі. Ақпараттық ресурс – ақпарат көзін алу мультимедиялық, электрондық, жалпы ақпараттық технологияларды меңгеруі тиіс.

Шығармашыл педагог өзін жоғары деңгейде қалыптастырудың мынандай құзыреттіліктерін игеру арқылы оқыту процесін ұйымдастырудағы негізгі мақсаттары мынандай. Олар:

– Білім алу кеңістігін кеңейту және тілін дамыту арқылы шығармашылыққа баулу;

– Оқу процесінің нақты міндеттерін айқындап, ұжымдық қарым – қатынас мәдениетін дамыту;

– Оқушыға қолдау көрсетіп, жағымды психологиялық орта құру және оқушының зерттеу белсенділігін арттыру;

– Ақпараттық ортаны анықтау, бағыт беру және танымдық конференциялар арқылы ақыл – ойын дамыту. Аталған мақсаттарды жүзеге асыруда бүгінгі таңда білім беру үрдісіндегі негізгі міндеттеріміз оқушының бойындағы адами құндылықтарды, қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, рухани адамгершілігін қалыптастыру, жеке тұлғалық қасиеттерінің ашылуы жаңа оқыту технологияларының білім беру жүйесіне озық үлгілерін еркін енгізілуіне тікелей байланысты. Бүгінгі күні көкейтесті болып отырған білімнің құзыреттілік ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің орны ерекше. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің басты көрсеткіші – оқушының өздігінен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру. Ал мұғалімнің негізгі міндеті – оқушыны білімге өз бетінше ізденіске және шығармашылық іс – әрекеттерге баулу болып табылады. Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен әр оқушының жеке дара ерекшеліктеріне сай материалдарын игертуде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі нәтижесінде оқыту сапасы артады. Оқыту екі жақты процесс. Осы процесте оқушының да бойында ақыл – ойы, танымы, білігі мен дағдысы, демек пәндік және ақпараттық құзыреттіліктері қалыптасады.

Педагогтың іс – әрекетінің нәтижесін зерттеулер мен зерделеуге сүйене отырып, бүгінгі мұғалім мына төмендегі сипаттамаға лайық болуы тиіс. Яғни, мұғалім теорияны жақсы меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін үнемі арттырып отыруы, коммуникативті қарым-қатынасқа түсе алатын, қоғамдық ортада өзін ұстай алатын, өз мамандығын жақсы көретін, біліктілігі жоғары, кәсіби шеберлігін ұдайы ғылымға негіздей отырып дамытатын болуы шартты.

Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасын мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге бейім, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт.

Қытай ойшылы Конфуций (551-479) *«Кім ескіге қарап, жаңаны аша алатындай болса, ол оқытушы болуға лайық»* деген екен. Шығармашыл мұғалім шығармашыл емес мұғалімнен қандай қасиеттерімен ерекшеленеді? Ең әуелі мақсатына жетудің жолын біледі, өзінің қателіктерімен жұмыс жасай біледі, білім берумен тәрбиелеудің күнделікті тапсырмаларын ғылыми тұрғыда шешуге тырысады. Оны уақытша сәтсіздіктерден қорқытпайды. Ол үнемі ізденіс үстінде болады.

Педагогтық қызметтің ең қызықты тұсы да осы шығармашылығында. Шығармашылдық жұмыстармен жұмыс жасауды күшейту барысында мұғалімнің өзінің мамандығына деген қызығушылығы арта түседі, өзіндік ойға ие болады және орташа жылдамдық жинайды. Мұғалім – зерттеуші өзінің алдына оқушыларды шығармашылыққа дайындаумен тығыз байланысты қиын психо-педагогикалық және әдістемелік тапсырмалар қоя алады. Тұлғаның кәсіби өсуіндеге маңызды орын алатыны оның адамгершілік – психологиялық қасиеті. Бұл барлық адамға қаншалықты тән болса, соншалықты белгілі бір тәжірбие алаңындағы негізгі маман үшін де соншалықты қажет. Әлеуметтік қоғамда белгілі бір қағидалар бар екенін, мұғалімнің жеке тұлғасы үшін қойылатын талаптар бар екендігін білудің өте қажетті екенін түсінуі керек. Олар қоғамның тарихи дамуында, оның нарықтық әдеттерінде, салт – дәстүрінде, жалпы қабылданған бағаларында айқын көрініп тұрады. Мұғалімнің рухани өсуінің бастауы оның құнды бағдар жасай білуі болып табылады. Не нәрсеге ұмтылатындығы, қызығушылымен қажеттілігі қаншалықты екенін білу арқылы тұлғаның мақсатқа жетуінің көріністерін байқап көруге болады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңыздыларының бірі болып олардың барлығы үшін гуманистік психология болып табылады. Ол кімде болмасын өз бойынан қайталанбас тұлға екендігін және бойында құнды қасиеттер жатқандығын, қауіпсіз жағдайдың қажеттіліктер баспалдағына ие, сыйластықпен махаббатқа және т.б қарым – қатынастарға лайықтымын деген сенімдерін оята алады. Гуманистік психологияның басты қағидасының бірі ол баланы қандай болса да сол күйінде қабылдау, оған жағымды қарым – қатынас жасай білудегі шексіз, керемет махаббат. Бала өзін жақсы көретінін, оны қандай да бір келеңсіз іс – әрекеттері үшін жек көріп кетпей қабылдай алатынын білуі және

ұғынуы тиіс. Ол тек сол жағдайда ғана өз – өзіне сенімді болады және жақсы жаққа қарай дамуға талпынады. Гуманистік мұғалім басқалардың жан дүниесін түсіне, сезіне білуге және түсінгендігін жеткізе білуге, оқушылармен қарым – қатынас барысында тек қана шынайы болуға, олармен бірігіп жұмыс жасау барысында барынша ашық болуға, өзінің бар болмысын көрсете білуге қабілетті болуы тиіс. Гуманист – мұғалімнің бұл қасиеттері оқушының дамуы жолындағы көмек беруінде дұрыс педагогикалық қалыпта болуына көмек береді.

Педагогтың мәдени құрылымының қалыптасуы оның жеке тұлға ретінде де, жалпы педагогикалық кәсіби мәдениетті қалыптастыру ретінде де орны ерекше. Педагогикалық қарым – қатынас үдерісінде жақсы тіл табысып кету мен кез-келген мәселелерден шығып кетуге апаратын мәдени диалог құра білуді үйренудің маңызы зор. Мұғалімнің мәдениеті арқылы оның кәсіби сапасы мен жеке тұлғалық ерекшеліктері айқындалады. Ол өмір сүру барысының кез – келген тұсынан айқын көрініп тұрады.

**Әдебиеттер**


1. Мектеп директорының орынбасары. – № 6. – 2011.
2. Сегізбаева О.А. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1999.
3. Білімдегі жаңалықтар. – № 3-4. – 2009.
4. Қазақстан мектебі. – № 11. – 2008.
5. Айтмамбетова Б.Р, Бейсенбаева А.А. Жеке адамның дамуы, тәрбиесі. – Алматы: КазПИ, 1991.
6. Сластенин В.А. и др. Педагогика: уч. пособие. – Москва: Академия, 2004.
7. Кенжебеков Б.Т. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының автореферааты. Жоғарғы оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. – Қарағанды, 2005.
8. Макаренко А.С. Психология труда учителя. – М.: Просвещение, 1993.
9. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. – 2005. – 174-бет.


ҒТАХР: 14.25.09

## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Багдатова А.Б., Сулейменова А.Ж.,** математика пәні мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыруда жаңа әдістерді жүйелі түрде пайдаланудың маңызы зор. Тәжірибемде оқытудың белсенді әдістерін ұтымды пайдаланудамын.

Белсенді оқуда/оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек: жағымды психологиялық орта орнату; үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру; білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыштау; білім игеру үрдісін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану.

Белсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері:

1. Сыныпты жұмысқа дайындау.
2. Топқа бөлу.
3.Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.
4. Жұмыс ережелерін қабылдау.
5. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.
6. Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.
7. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.
8. Жазбаша жұмыстар.
9. Кері байланыс.

Әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар

туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум.

Белсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада нақты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды. Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын белсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жұппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер акуционы, Аяқталмаған сөйлем.

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа оқушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы алдандағы мақсаттың ауыр, жеңіліне, оқушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан оқушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

Белгі қойып оқу (INSERT-*Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің белсенді тәсілі. Оқушылар дәрісті тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін оқушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.

Мысалы, алгебра пәнінде «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу» тақырыбы бойынша оқушылар келесі түрдегі кестені жазуы мүмкін:

| v | + | - | мен |
|---|---|---|---|
| «Бұрынан білемін» | «Жаңа ақпарат» | «Менің ойлағаныма қайшы, кереғар» | «Қайда қолдана аламын» |
| Теңдеулер жүйесін шешудің қосу және алмастыру тәсілдері | Теңдеулер жүйесін шешудің графиктік тәсілі | Теңдеулер жүйесінің басқа тәсілдері болмайды деп ойлаушы едім. Мен білгеннен де басқа әдістер бар екен. | Есептерді тиімді тәсілмен шешуде |

Ойлан, жұптас, пікірлес» – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған белсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма/есеп жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен орындағанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауға болады. Бұл тәсілді математикадан коллоквиум жүргізгенде қолданған тиімді.

Шағын лекциялар. Шағын лекциялар теориялық материалды ұсынудың тиімді материалдарының бірі болып табылады. Оны бастар алдында алдыда тұрған тақырыппен

байланысты, ми штурмын немесе рөлдік ойынды өткізу қажет, ол қатысушылар үшін оның маңызын арттырады, оларды ақпараттандыру дәрежесі мен тақырыпқа қатынасын анықтайды.

Материал қатысушылар үшін ұғынықты тілде мазмұндалады. Әрбір терминге анықтама беру қажет. Теорияны «жалпыдан жекеге» қағидаты бойынша түсіндірген дұрыс. Келесі сұраққа көшер алдында айтылғандардың бәрін жинақтау және сіздің дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу керек.

Кері байланыс. Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

«Кластерлер» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды оқушылар оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады. *Мысалы*, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Анықталмаған интеграл» тақырыбында тақта ортасына «Анықталмаған интеграл» деп жазып қою керек, ал оқушылар айналасына білгендерін сөз, сөздер тіркесі түрінде жазады. Олар: алғашқы функция, интегралдаудың үш ережесі, айнымалы ауыстыру әдісі, бөліктеп интегралдау әдісі, алынбайтын интегралдар, рационал функцияны интегралдау, иррационал функцияны интегралдау, тригонометриялық функцияны интегралдау болуы мүмкін. Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда оқушылардың тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

Синквейн (ағл. cinquain) – бес жолдан тұратын тақпақ. Мұнда оқушыға оқу материалын қысқаша түйіндемелеу талап етіледі. Бірінші жолда – синквейннің негізгі мазмұнын құраушы бір негізгі сөз (ұғым); екінші жолда – берілген ұғымды сипаттайтын екі сын есім; үшінші жолда – ұғымның әркетін көрсететін үш етістік; төртінші жолда – автор өз қатысын көрсететін қысқа сөйлем; бесінші жолда – ұғымға қатысты өз сезімін, ассоциясын сипаттайтын бір сөз (көбінесе зат есім). *Мысалы*, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Функцияны зерттеу» тақырыбын өткеннен кейін синквейн құрауға болады. Ол келесі түрде болуы мүмкін

*Функция. Бірсарынды, жұп (тақ). Өседі (кемиді), анықталу облысын қамтиды, дифференциалданады. Функция анықталу обысының кез келген нүктесінде үзіліссіз. График.*

Пазл (ағл. puzzle) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны. Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Математика сабағанда есептер шешуде формулалармен жұмыс жасағанда, теоремаларды, анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады. Бұл әдісті оқытудың кез келген бөлігінде қолдануға болады, ол жеке не топтық жұмыс болуы да мүмкін.

**Әдебиеттер**

1. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 45 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б

ҒТАХР: 14.25.05

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Бағдатова Н.Ж.,** биология пәні мұғалімі
«Ш. Тоқжігітов атындағы орта мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Биологияны оқыту барысында оқушылардың танымдық қызметін белсендіу-білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп шәкірттің дүниетанымын кеңейтеді, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

Таным үдерісі, біріншіден, ұстаз бен оқушының бірлескен әрекеті арқылы іске асса, екіншіден, олардың әрқайсысы жеке тұлға ретінде түрліше әсерге бөленеді.

Биологияны танымдық тұрғыдан оқыту мынадай мәселелерді қамтиды:

1. Биология пәнінің білім мазмұнын бағдарламаға сәйкес тіршіліктің қағидаларын басшылыққа ала отырып,сабақтың білімдік мақсатымен қоса танымдық мақсатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл оқушыны сыртқы орта мен тірі ағзаның арасындағы байланыстылықты түсінуге, табиғат заңдылықтарын меңгеруге жетелейді.

2. Сабақ барысында жеке тұлғаның психологиялық жай-күйін ескере отырып, есте сақтау қабілетін, жадысын, кез – келген ақпаратты қабылдау дағдысын, дәлелді мысал келтіре алу қабілетін жетілдіру табиғатқа бақылау жүргізе білуімен байланысты. Берілген тақырып ішінен ең қажетті, ең пайдалы нәрсені сұрыптап, таңдай білу оқушының ойлау қабілетін ұштап, соған сай әрекет етуге жетелейді.

3. Сабақтағы материал сынып шеңберінен шығып, табиғи ортамен тығыз байланысты бола келіп, одан әсер алатын күнделікті қоғамдық өмірмен астасып, ұштасып жатса, теориялық білім практикамен жалғасып, баланың ой-өрісін, сана- сезімін кеңейтеді.

Оқушының танымдық белсенділік қабілетін жаттықтырады.

Танымдық белсенділік пен оқушының дербестігі бір-бірінен ажыратқысыз. Оқушының таным белсенділігі оның білімге деген қабілетін сипаттайды. Ал басқа қабілет-қасиеттері іс-әрекет барысында айқындалып дамиды. Тиісті жағдай, мүмкіндік болмаса белсенділік те өркен жая алмайды. Сондықтан да белсенділікті арттыратын әдістерді мейілінше дамыту тәжірибелік іс-әрекеттің өркендеуіне, ақыл-ойға қозғау салады. Мұның өзі білім сапасын көтерумен қатар оны өмірде пайдаланудың жолын кеңейтеді.

Танымдық белсенділік көрсеткіштеріне тұрақтылық, оқу саналылығы, шығармашылық қабілеттері, дәстүрден тыс оқу жағдайларындағы тәртібі, оқу міндеттерін шешудегі өз беттілігі жатады. Таным үрдісі – өте күрделі үрдіс. Білім қорының молаюы да осыған байланысты. Таным белсенділігін арттыруда биология пәнінің қосар үлесі ерекше. Ал, оқушылардың таным белсенділігі артуының негізгі шарты проблемалық оқыту.

Іздену – оқу – таным проблемасын шешуге бағытталған оқушылардың іс – әрекеті. Оны ұйымдастырудың тәсілдері жиынтығынан зерттеу әдісі туады, ал одан проблема шешіледі.

Жеке оқушының таным белсенділігін арттыра түсуге болады. Нәтижесінде:

1. Оқушылардың таным деңгейі кеңейе түседі.

2. Оларға қиын, түсініксіз болып көрінетін тақырыптың өзіне бейімділік белсенділігі артады.

Оқушылардың таным бесенділігін арттырудағы өз дәрежесінде жабдықталған кабинеттік жүйенің әсері мол. Кабинетте оқушылар да, мұғалімдер де өз жұмыс орнына қалыптасады. Мұғалім жұмыс жүргізуге қажетті құрал – жабдықтарды жинақтайды, оны оқушылар алдында дұрыс дәресінде көрсете білуге дағдыланады.

Биология сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану оңтайлы нәтиже береді. Тәжірибемізде қолданып жүрген әдістерге тоқталсақ:

«**Құпия зат»** әдісі

Оқушыларға затты көрсетіңіз. Олардан оның не екенін және сабақпен қалай байланысқанын анықтауды сұраңыз.

– Бұл не?

– Берілген затты пайдалана отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтап көріңдер (оқушылардың жауаптары тыңдалады).

– Ондай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі»

**«Галерияға саяхат»** әдісі

Алдымен оқулықтағы мәтінді оқу және бейнебаян көрсету арқылы постер құру және таныстыру. Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. Топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, постерлерін қарайды, сараптайды, талдайды және жапсырма қағазға пікірін жабыстырып кетеді. Галереяға саяхат аяқталған соң, топтар жұмыстарға шолу жасап, постерлеріне жазылған сыныптастарының пікірін сараптайды, талқылайды.

**«А, В, С»** әдісі

Тақырыпқа сай мәтін ұсынылды.

А тобы – сұрақ қояды.

В тобы – жауап береді.

С тобы – айтқан жауаптарды бақылайды, салыстыра отырып толықтырады.

1-тапсырма:

Мәтінді оқып, сүйектердің байланысу типтерімен танысады.

Дескриптор:

– байланысу типтерін ажыратады,

– сүйектің буынмен байланысу шетінің ерекшелігін анықтайды.

2-тапсырма:

Мәтінді оқып, «518» әдісі арқылы 8мин ішінде 5 оқушы 1 сөйлемнен айтып шығады.

**«Дана үкі» әдісі**

Бұл әдіс арқылы 4 критерийі бойынша сипаттайды:

1) мәлімет, ауызша баяндау

2) иллюстрация

3) болашақта маңызды болатын бір мәлімет

4) талқылауға болатын бір мәселе. Ауызша мәліметті нақты айтып беру керек.

**«Зейінге шолу»** әдісі

Тақтаға жаңа тақырыптың терминдері мен сөз тіркестері ілінеді: қозғалмалы, қозғалмайтын, жартылай қозғалатын, сүйек жігі, еңбек, үлкен еңбек және т.б.

**Әдебиеттер**

1. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2006. – 227-279 бет.
2. Бұзаубақова К.Ж. Білім берідегі инновациялық технологиялар. – Тараз, 2014. – 243-261 бет.
3. Клустер Д. Что такое критическое мышление? – Перемена. – 2001 жыл. – № 4,5 – 21-27,38 бет.

ҒТАХР: 14.29.02

## МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Башаева Г.М.,** бастауыш сынып мұғалімі педагог-зерттеуші
**Дайырбекова У.Т.,** бастауыш сынып мұғалімі педагог-сарапшы
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жаңартылған бағдарламаның негізі-мұғалімнің пәнді оқытудағы әдістерін өзгертудегі жаңа бастамасы. Бұл бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясының негіздерін қамтыған. Осы теория оқушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек. Сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету керек.

Бастауыш мектепте есептеу дағдысының қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Математика, физика, химия есептерін шығаруда элементарлы есеп шығару дағдысы қажет. Оқытуда байқағанымыз оқушылардың көпшілігінде есеп шығару дағдысы төмен. Оның себептері:

– оқушылардың ойлау қабілеттерінің төмендігі;

– үй тапсырмасын орындауда ата-ана тарапынан қадағалаудың бомауы;

– оқушының есте сақтау және зейінінің төмендігі;

– математика пәніне дайындықтың аздығы (жеткіліксіздігі);

– оқытуда есептеу дағдысын жүйелі түрде қалыптастырудың және оны бақылаудың болмауы.

І. Есептеу дағдысын қалыптастыру үшін ең алдымен көбейту, бөлу, қосу, азайту кестесін сұрау керек. Ол үшін кестелер, үлестірмелі қағаздар қолданылады. Екі және одан көп нұсқада болып, оқушылар жеке жауап бергені жөн. Қате жіберген оқушыларға бастауыш сыныптан кестелер беріп қайталату керек. Одан кейін өзіндік жұмыс, ауызша сұрау арқылы тексерген жөн.

ІІ. Есеп шығару дағдысын қалыптастыруда әр сыныпқа берілген тақырыптарға кестелер дайындау қажет. Кестелер көбейтіліп әр оқушыға беріледі. Бұл кезеңде жұмыстың мына түрі қолдану керек:

1. Мұғалім не оқушы үлестірмелі қағаз бойынша (екі нұсқада) фронтальды сұрайды;

2. Дайындалған кесте бойынша жазбаша сұрау;

3. Жазбаша жұмыстарды жазып, талдау және қатемен жұмыс жасау;

4. Тақтада немесе алдыңғы партада отырып шығару;

5. Ұқсас есептерді шығару және шығару алгоритмін құру;

6. Есептеудің тиімді тәсілін қарастыру.

Ол үшін төмендегілерді есте сақтауымыз керек:

– Әр сабақта сыныппен емес әр оқушымен жұмыс істеу маңызды. Ол үшін мұғалім әр оқушы өз ісімен айналысатындай және олардың жұмыстарын бақылап отыруға жұмыстың түрі мен материалды таңдау қажет. Мысалы, бірінші партада отырған әр оқушыға өздерінің кемістіктерін жоюға болатындай тапсырма жазылған карточкалар таратылады. Ал сабаққа дайындалғанда жоспарда кімді және қандай сұрақпен сұрау керектігі көрсетіледі; бұл жағдайда жеке дәптерде әр оқушының есептеу машықтығын меңгеру есебі жүргізіледі;

– Жаңа тақырыпты өту кезінде оқушылар қай тақырыптан көп қате жіберетін материалға көңіл бөлу қажет;

– Жаңа тақырыпты алда өткен таныс материалмен салыстырып оқытқан дұрыс;

– Жаңа материалды түсіндіру кезінде оқушылардың өздері сол немесе басқа әрекетті орындау алгоритмін құру керек, осыдан кейін оқулықпен салыстырып, өздеріне оңтайлы нұсқасын тандаса дұрыс болады.

Мұндай жұмыс оларды айқындыққа және нақтылыққа үйретеді. Әр қарай олар өздері әбігерленбей және асықпай кез-келген есепті шығара алады;

– Оқушыны кез-келген есепті шығаруға жете ұғындырып, көңіл бөлуге тәрбиелеу қажет, яғни оқушы шамаларды байланыстыратын заңдылықтарды анықтап, есептің мағынасын жете ойланып, қиын жағдайларды шешудің жолдарын тауып, содан кейін ғана есепті шығаруға кіріскені дұрыс.

Оқушыларды «қадалған көзқарас» тәсілін қолданып жұмыс істеуге үйрету керек (алғашқыда барлық тапсырманы, есеп шығарудың тәсілдерін, амалдарын, шығару жолдарын жалпы бағалайды, және әрі қарай оны шешуге кіріседі);

– Оқушыларды өзін-өзі бақылауға үйрету өте қажет, яғни есеп шығаруын, іс-әрекетін бақылауептілігіне, ал нәтижесінде өздерінің әрекеттерін келесі өз-өзін бағалау критерийлерін қолданып бақылауға үйрету:

а) нәтижені шындықпен байланыстыру;

ә) нәтижені есептің шартының көрсеткіштерімен байланыстыру;

б) кері есептеу;

в) әр түрлі тәсілмен шығару;

г) ақырғы жағдайларда нәтижені зерттеу;

– тек қана өз бетімен жұмыс орындағанда ғана оқылатын материал мықты меңгеріледі. Сондықтан оқушылар дайын есептер шығарумен қатар есеп құруға тартылады (әсіресе тиімді тәсілмен есептеуге арналған есептер).

Тұрақты білімді қалыптастыру үшін лайықты жаттығуларды (психологиялық тренинг) немесе төмендегідей есептерді тандаған дұрыс:

а) есептің шешімінен қатені табыңдар;

ә) дұрыс жауабын тандаңдар;

б) берілген тұжырымның дұрыстығын бағалаңдар және т.с.с.

Мұғалімен осы кезеңде өткізілген ағымды бақылау төмендегі белгілеулерден тұрады:

а) әр оқушының 1-минутта, 2-минутта, т.с.с дұрыс орындалған мысалдарының санынан (нәтижелер бағалардың жиынтық тізімдемесінде жазылады);

ә) мысалдардың белгілі санын қатесіз шығару үшін уақыт аралығынан;

б) әр оқушының жіберетін қателер санынан. Бақылауды өткізудің әр түрі тәсілдері қолданылады.

Соның ішінде ең ерекшесі – мұғалімнің өзінің жоспарымен өткізілетін өзіндік және бақылау жұмыстары.

Өзіндік жұмысты жиі өткізіп отырса, білімнің ерте кезеңінде кемістіктерді, меңгерудің мықтылығын анықтауға болады және әрі қарай әрекетті түзетуге және шапшаң есептеу дағдыларын

қалыптастыруға болады. Бұл кезеңдегі білімнің маңызды бөлігі болып қатемен түзету жұмысы болып табылады.

**Әдебиеттер**

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. – 218, 219 б.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 56, 57 б.
3. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2005. – 89, 90 б.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004. – 147, 148 б.
5. Болтянский В.Г. Комплексы учебного оборудования по математике. – М., 1971. – С. 105, 106.
6. Шабажанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика. – Алматы, 2005. – 80, 81 б.
7. Аяған Б. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003. – 60, 61 б.

ҒТАХР: 14.25.09

## САРАЛАП ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ

**Бекетова Г.У., Кыдырханова А.К.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты I деңгейден орындайды. I деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді.

Қалыптастырушы бағалау және кері байланыстың түрлері:

**1. Құрастыр, сосын жауап бер**

Шарты: Оқушыларға жауап бергенге дейін өз ойларын жинақтауға мүмкіндік беріңіз–

- ✓ жауап алдындағы 30 секундтық үнсіз ойлау;
- ✓ жұптағы 2-3 минуттық миға шабуыл;
- ✓ жауап бермес бұрын бірнеше ойларыңды жаз;
- ✓ өз көршіңмен болжамды жауапты талқыла.

**1. «Сұрақ қобдишасы»**

- ✓ Сіз жаңа тақырыпты оқыған кезде не туралы білгіңіз келді?
- ✓ Білімді бағалау үшін мұғалімнен немесе басқа оқушылардан сұраңыз;
- ✓ Сіз өз біліміңізді бұдан әрі жақсартқыңыз келген білім/түсінбеу саласын көрсетіңіз.

Сыныпта сұрақтарға арналған қорапша қоюға болады, оқушылар оған сабақ аяқталғаннан кейін өз сұрақтарын салады.

Немесе арнайы сабақ ұйымдастыруға болады, онда оқушылар бүкіл сынып болып жұмыс істейтін немесе келесі сабаққа негіз болатын сұрақтарды құрастырады.

3. **«Күту уақыты»** Күту уақыты оқушыларға ойлануға және жауап беруге мүмкіндік береді. Сыныптағы барлық балалар бір бағытта және бірдей ойлай бермейді – күту оқушыларға өз ойын жинақтауға және берілген сұраққа жауапты ойластыруға мүмкіндік береді. Күту уақытының 2 түрі:

– Мұғалім айтады, содан кейін оқушылар өз жауаптарын бергенге дейін үзіліс жасайды. – Оқушы жауап беруді аяқтайды және мұғалім оның жауабына қатысты әрекет еткенге дейін кідіріс жасайды. Бұл амал оқушыға ойын толықтыруға және жалғастыруға немесе басқа оқушыға жауап беруіне мүмкіндік береді.

**4. «Көршіңізге айтыңыз»**

«Көршіме айтамын» әдістемесі оқушылардың өз ойларын ауызша білдіруі үшін қолданылады.

– Сұрақ қойыңыз, ойлануға уақыт беріңіз, содан кейін оқушылардан өз ойларын көршісімен бөлісуін сұраңыз

– Оқушыға жаңа тақырыпты атаңыз және оларға аталған тақырып бойынша ненің мәлім екені туралы бәрін көршісіне айтуын сұраңыз.

**5. «Идея туралы пікір»**

Сіз сұраққа жауап алған болсаңыз, бұл ой туралы басқалардың пікірін сұрай отырып, ойлау логикасын дамытыңыз.

Мысалы: Сіздер _________идеясы туралы не ойлайсыздар?

6. **«Түйінді сәттер»** Ауызша тапсырмалармен қатар, жазбаша тапсырмаларды әзірлеген кезде бұларды орындау оқушылар оқып жатқан тапсырмалардың түйінді сәттерін түсінуге және дамытуға әкелетін болсын.

7. «**Топтық кері байланыс»** Сыныптастардың жұмысын бағалауға қатысты топтық кері байланыс мұғалімге оқудағы қажеттіліктерді қарапайым түрде анықтауға көмектесе алады. Егер топ кері байланыс ұсынатын болса, бұл мәселеге назар аудартып, жүйелендірілген, талқыланған тапсырмаларға қатысты ақпарат береді (сонда мұғалім қайталауға арналған жаттығуларды азырақ бере алады).

8. **«Сыныптастарды бағалау»** Оқушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бір біріне жұмысы үшін баға қояды. Бұл оқу туралы ойлануға және түсінуге көмектеседі, бұл оқушыларға үздік жұмысты көруге және орын алған түсінбеушілікті шешуге мүмкіндік береді. Аталған құрал жеке сабақтарда және жұмыс схемаларында қолданылуы мүмкін.

**9. «Оқушылардың бағалау сызбасы»**

Оқушылардан топпен немесе жекелеп баға қою сызбасын жасауды сұраңыз. Кейін олар осы сызбаға сәйкес өзінің немесе сыныптасының жұмысын бағалай алады.

Оқушыларға бағалау сызбасының мақсаты пайымдау, шолу, стандарттау, т.б. екенін түсіндіріңіз.

1. **«Сөйлеу арқылы ойлану»**

Сөйлеу оқушыларға өз пікірін білдіріп, сол арқылы білім алуға көмектеседі.

Төмендегідей жаттығулардың көмегімен сөйлеу арқылы ойлануды ынталандырыңыз:

- ✓ талқылауға арналған жаттығу;
- ✓ құрылымдалған топтық/жұптық жұмыс;
- ✓ мұғалім мен оқушының модельдеуі (шағын топтық тапсырмалар бүкіл сыныппен талқылауға қарағанда, сыныптағы әңгімелесудің санын арттырады).

**11.** «**Білетініңіздің барлығы»** Оқушылар тарауды оқуға кірісудің басында ____Не?____ туралы не білетінінің барлығын жазады. Сосын мұғалім қайталауды болдырмас үшін, алынған ақпаратты пайдалана отырып, оқуды тиісті жолмен жүргізеді.

**12**. «**Кері байланысы бар бутерброд»**

Кері байланыс әр түрлі тәсілдермен берілуі мүмкін.

Кері байланысы бар екі «бутерброд» дегеніміз бұл:

- ✓ Жағымды түсініктемелер, нені және қалай жақсарту қажет екенін түсіндіре отырып берілген құрылымды, сыни, жағымды түсініктеме;
- ✓ Жағдаяттық мәлімдеме – Маған ұнады ......, себебі .....
- ✓ Енді/келесі жолы ..... Интерактивті мәлімдеме, мысалы, орындалатын жұмысқа негізделген сұрақ.

**13. «Көрсет және әңгімеле»**

Әр оқушы өз жауабын жазуға/салуға мүмкіндігі болатындай және оны тез арада сізге (сыныптастарына) көрсететіндей етіп, шағын маркер тақтасын қолданыңыз.

**14. «Түсініксіз тармақ»**

Оқушылар өздеріне онша түсінікті емес бір немесе екі тармақты жазады. Бұл өткен сабақта оқылған материал, қалған бөлімнің, алдыңғы жаттығудың материалы және т.б. болуы мүмкін. Содан кейін мұғалім мен сынып осындай тармақтарды түсіндіру жолдарын іздестіреді.

**15. «Бір сөйлеммен түйіндеу»**

Оқушылар олардың тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер **кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден** тұруы мүмкін.

Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады, немесе көшіріп жазады.

**16. «Температураны өлшеу» әдісі»** Бұл әдіс оқушылар тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқанын анықтау үшін қолданылады. Ол үшін оқушы қызметін тоқтатып, мұғалім оқушылардан: **«Біз не істеп жатырмыз?»** деп сұрайды. Оқушы жауаптарынан мұғалім олар қаншалықты тапсырманың мәнісін немесе оны орындау ретін түсінгенін анықтай алады. (немесе дайын термометр қолдануға да болады)

**17. «Плюс-минус-қызықты » әдісі**

Оқушыларға сабақ соңында кестені толтыру ұсынылады:

**П(+), М(-), Қ (қызықты).**

**«П» - «плюс»** бағанына сабақта ұнаған нәрсе жазылады: ақпарат, жұмыс түрлері, т.с.с.

**«М» - «минус»** бағанына сабақтың ұнамаған немесе түсініксіз сәттері, оқушы пікірі бойынша оған ешқандай қажеттілігі жоқ ақпарат жазылады

**Қ (қызықты)** сабақтың қызықты тұстары, жаңа ақпарттар, жаңалықтар жазылады

**18. «Өзіме хат»** деп аталатын байланыс арқылы оқушы бүгінгі сабақ туралы толық ойын жазады. Сабақ соңында оқылады.

Аталған бағалау өлшемдері бағдарламаны игеру процесінде білім алушының аздаған жетістіктерін және алға ілгерілеушілігін ескеруге мүмкіндік береді, түзете дамыту жұмыстарының нәтижесін бағалауға және алдағы жеке дамыту жұмыстарының жоспары мен білім, білік, дағдыды икемді қалыптастыруға ықпал етеді.

**Әдебиеттер**

1. Бекболат Қ., Сердалы А. Математикалық сауаттылық. – Астана, 2017.
2. Барабанов О.О. Задачи на проценты как проблема нормы словоупотребления. \\ Математика в школе, № 5. – 2003.
3. Барабанов О.О. Конкурсный экзамен по математике. Формулы успеха. – Ковров, 1998.
4. Захарова А.Е. Несколько задач про «цены» \\ Математика в школе, № 8. – 2002.
5. Петров В.А. Элементы финансовой математики на уроках \\ Математика в школе, № 8. – 2002.
6. Сборник задач по математике для поступающих в вузы (с решениями). В двух книгах. Книга 1. Алгебра / Под ред. М.И.Сканави. – 9-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский дом «ОНИКС 21 век»: Мир и образование, 2001.

ҒТАХР: 14.25.05

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Беркутова А.М.,**педагог-психолог,
«№ 3 ЖОББМ» КММ
**Беркутов Р.М.,**тарих пәні мұғалімі
«№ 9 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде тарих пәнінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін таныту, оларға идеялық-саяси, рухани –адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыру тарих пәнінің басты міндеті болып табылады. Көбінде балалар бұрын алған білімін өмірде қолдана алмайды; талдау жасап, содан нәтиже шығаруды білмейді; берген мәліметті жинақтай алмайды; сабақ мақсаттарын анықтап, сол мақсатқа жету жолын таба алмайды. Сабақ барысында оқушылардың аз сөйлеп, өз ойын нақты жеткізе алмауы осының барлығы үлкен проблема болып табылады. Яғни оқушыларда функционалдық сауаттылық дағдылары қалыптаспаған. Осы мәселені шешу үшін білім берудің сапасын жақсарту мақсатында Сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы жұмыс жасағанда оқушылар өз алдына қойған сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отырады. Сын тұрғысынан ойлау мәселесіне байланысты оқушылар өз пікірін еркін сөйлеу арқылы айтуға, ойын жеткізуге, оны дәлелдей алуға, сонымен қатар қасындағы оқушы пікірін де тыңдауға, сол пікірлерді салыстыруға, қасындағы досына құрметпен қарауға, зер салып тыңдауға, топпен жұмыс істеуге жетелейді, оқушылардың қызығушылығын оятады, барлық ескі ақпаратты басшылыққа ала отырып, мол ақпараттар ағынынан өзіне қажеттісін таңдап алады, мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады, сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді. Технология бойынша әр сабақ үш кезеңнен тұрады.

1-кезең: «Қызығушылықты ояту». Бұл үйрену үрдісі. Оқушының бұрыңғы білетіні мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Сондықтан да сабақта қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Бұнда ойды қозғау, ояту арқылы әсер ету жүзеге асады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – оқушының белсенділігін, ынта-жігерін арттыру. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады. Жұбымен, тобымен талқылайды.

2-кезең: «Мағынаны тану». Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетінше жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқу стратегиялары бар. Соның бірі INSERT кестесі. Ол бойынша оқу тақырыбымен, мысалы 6 сыныпта «Сақтар тарихы» тақырыбымен танысу барысында,

Y-білемін;

-- білмеймін;

+- мен үшін жаңалық;

?- мені таң қалдырды; белгілерін қоя отырып, мәтінді оқу тапсырылады. Оқушылар білетіндерін анықтап, 5 сыныпта өткенді естеріне түсіреді, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді.

3-кезең: «Ой толғаныс». Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Бұл кезеңде оқушыларға «Тарихи диктант», «Венн диаграммасы», «Даталар сөйлейді» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы қолданылған сабақтың нәтижесі төмендегідей болады.

Мұғалімнің мақсаты:

Сабақтың нәтижелілігі:

1. Оқушыға жаңа сабақты өз бетінше меңгерту.

1. Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасау.

2. Топпен жұмыс жасауға үйрету.

2. Қарым – қатынас жасауды үйренуі.

3. Бір-бірін шынайы бағалауға тәрбиелеу

3. Басқаларды тыңдай білуі.

4. Сабақтың тәрбиелік әсерін жеткізу.

4. Белсенділігінің артуы

5. Өз көзқарасын қалыптастыру.

5. Өз ойын тұжырымдай білуі.

XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Тұлға құзіреттілігін дамыту –ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Жоғарыда айтып кеткендей мұғалім-бағыт беруші, ұйымдастырушы. Осы мақсатта мен өз сабағымда Блум таксономиясын да қолдануға тырысамын. Себебі Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін жетілдіріп, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.

| **Мақсаттар жүйесі** | **Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті** |
|---|---|
| Білу | Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері |
| Түсіну | Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді |
| Қолдану | Алған білімді қолданады |
| Талдау | Білімді жай қабылдамайды, талдамайды, саралайды, салыстырады |
| Жинақтау | Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады |
| Бағалау (сыни өзіндік пікір) | Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды |

| Біліктілігі | Оқушының іс-әрекеті |
|---|---|
| Білу | Тәуке хан қай ханның баласы, қай жылдары билік етті? Жеті жарғы дегеніміз не? |
| Түсіну | Сызбаға Тәуке хан жайлы білгеніңді жаз. Берілген мәтінді түсініп оқы. |
| Қолдану | Мәтін бойынша тапсырмаларды орындау (топпен жұмыс) Тәуке хан тұсындағы ішкі және сыртқы саяси жағдай қандай болды? |
| Талдау | Сөздікпен жұмыс: «хандық кеңес», «жеті жарғы» т.б. |
| Жинақтау | Тәуке ханның суреті бойынша әңгіме жүргізу. Постер қорғау. |
| Бағалау | Шағын эссе жазу |

Қайталау сабақтарында оқушылардың өткен тақырыпты толық меңгергенін білу үшін оқушыларды баяндаушы-сынаушы (критик)-талдаушы (аналитик)-сұрақ құрастырушы деп бөліп тапсырмалар беремін. Оқушылар өздері талдап, өздері бір-бірін бағалауға мүмкіндік алады.

Баяндаушы – әңгімені мазмұндайды;

Сынаушы – баяндаушының жіберілген қателерін айтады;

Талдаушы – баяндаушының жақсы жақтарын айтатып, қорғап шығуы керек;

Сұрақ құрастырушы-сұрақтар даярлайды.

Функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі ретінде қосымша білім мен мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызуға болады. Басты назар ғылыми-зерттеу жобаларына, шығармашылық жұмыстарға, дебат сайыстарына аударылады.

Тарих сабағында өзім қолданып жүрген оқыту технологиясын қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

– Оқушыларға еркін ойлауға мумкіндік береді;

– Сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;

– Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;

– Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;

– Тіл байлығын дамытады;

– Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;

– Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;

– Өз бетімен білім алатын, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

**Әдебиеттер**


1. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 31.01.2017.
2. Интернет ресурсы: Қазақстан тарихын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану-сапалы білім негізі. Кайсарова Гулдаурен Тураркызының мақаласы.
3. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ІІ деңгей. НЗМ ДББҰ, 2017. – 139 б.
4. Қазақ тарихы № 2 (141), 2016 – 44 б.
5. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. – 2015. – 180 б.
6. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – № 6. – 2009. – 25 б.


ҒТАХР: 14.25.05

## ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

**Жакупбекова Ж.М.,** бастауыш сынып мұғалімі
«Б. Момышұлы атындағы № 34 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Интербелсенді әдіс-үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер (inter – аралық, бірнеше, action – әрекет дегенді білдіреді).

Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз.

Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл

интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу өзіне деген сенімге тәрбиелейді.

Интербелсенді оқыту-әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

– терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

– өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

– ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;

– өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

– пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

– шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

– бірлескен жұмыс;

– танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

– бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),

– рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,

– ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)

– презентациялар,

– тренингтер,

– интервью,

– сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін – өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже. Сынып бөлмесі талапқа сай болуы қажет.

Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады.

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады.

Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты ……т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі.

Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Жалпы білім беру ұйымдары «*білім алуды үйрету*» ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол және зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру көзделеді.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

- зерттеушілік тәсілдеме (оқушылар «не білемін, нені білгім келеді, нені білдім» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);
- әрекеттік тәсілдеме (оқушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);
- дамыта оқыту (оқушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);
- уәждеу, қызықтыра оқыту (оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау жасау);
- оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);
- саралай оқыту (оқушыларды деңгейіне, мүмкіндігіне қарай оқыту, қалыптастырушы баға арқылы қолдау).

«Жаратылыстану» пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

талдау-жинақтау;

- проблемалық жағдаят жасау;
- оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыру;
- ойын және зерттеу әдістері;
- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттері (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау);
- оқушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;
- ізденуді және қосымша материалдар қолдануды керек ететін тапсырмаларды орындату;
- оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;
- оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді). Басты назар білімге емес, сол білімді қолдану біліктілігіне аударылады. Оқушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен табыс критерийлерін алдын ала белгілеу керек.

«Қосу – алу қызықты, Айналмалы бекеттер, Шеңберлік дөңгелеу» стратегиялары. «Қосу – алу – қызықты» стратегиясымен сабақты бекітуге болады. Әрі осы стратегияның негізінде оқушыларды бағалауға, рефлексия жүргізуге болады. Бұл стратегия негізінде бағаланған оқушы, шынайы бағаланады.

**«Айналмалы бекеттер»** стратегия бойынша оқушылардың білімдері бір-бірінің көмегімен толығады, яғни оқушылар бір-бірін дамытады. Бұл стратегияны жаңа сабақ өткенде қолдануға болады.

**«Шеңберлік дөңгелеу»** стратегиясымен сұрақтар қою арқылы сабақты бекітуге болады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту модулінен «кубизм», «миға шабуыл», «әңгімелеу» әдісінің диалогтік қатынас түрін қолданатынмын.

ЖИГСО әдісін қолданғанда әр топ мүшесі басқа топтың ішіне кірігіп, сол топтың ақпаратын тобына әкеледі. Осы кезде оқушыларда даму, ұйымшылдық қалыптасады.

Сыни тұрғысынан ойлау модулі бойынша «миға шабуыл» стратегиясын қолданған өте тиімді. Бұл әдіс бойынша оқушыларда топпен жұмыс істеу арқылы, көшбасшылық пайда болады.

«Қосу-алу – қызықты» стратегиясының негізінде де бағалауға болады. Оқушының дұрыс жауабына «қосу», аздаған қатесі бар жауапқа «алу», қосымша ақпараттық жауапқа «қызықты» смайлигін қойса, оқушының ынтасы артады – бұл бір, екіншіден оқушы шынайы бағаланады.

**Демонстрациялық эксперименттің әдістері:**

1.Тәжірибенің мақсатын қою қажет, яғни эксперимент не үшін өткізіледі, экспериментті бақылау нәтижесінде нені түсіну қажет;

– тәжірибе жүргізілетін құрылғыны суреттеу, тәжірибе шартын және реактивтерге сипаттама беру керек.

***Зертханалық тәжірибелер*** – мұғалімнің бақылауымен оқушылар өз бетінше орындайтын жұмыс түрі. Зертханалық тәжірибелер жаңа материалды толық ұғыну үшін және нақты, дәлелді білім алу үшін сабақтың кез-келген ыңғайлы бөлігінде жасалатын тәжірибе түрі.

Зертханалық тәжірибелер сабақтың барлық бөлігін алмайды, тек белгілі бір бөлігінде ғана жасалады, яғни тәжірибені қай уақытта жасау ыңғайлы екенін мұғалім өзі алдын-ала ойластырып шешеді.

Зертханалық тәжірибелер, теориялық ұғымдар, ережелер және кейбір түсініктерді нақтылау үшін заттардың физикалық және химялық қасиеттерімен танысу, физика-химиялық құбылыстарды бақылау және тағы сол сияқты жұмыстарды қамтиды.

Кейде жаңа материады тәжірибе арқылы түсіндіру үшін зертханалық тәжірибе танымдық мақсатта жүргізіледі.

Тәжірибенің бұл түрі оқушылардың ойлау іс – әрекеттерін дамытатын белсендіретін зерттеушілік сипатта болады.

Демонстрациялық экспериментпен салыстырғанда зертханалық тәжірибе кезінде оқушылар өз бетінше жұмыс жасайтын болғандықтан олардың бойында эксперименттік білік пен дағды біртіндеп қалыптаса бастайды. Бұл зертханалық тәжірибенің демонстрацциялық тәжірибеден негізгі айырмашылығы.

Тағы бір айырмашылығы – барлық зертханалық тәжірибелер зертханалық тәжірибелерді жүргізуге көп уақыт кетуі мүмкін. Жалпы эксперименттер жүйелі жүргізілетін мектептерде ғана зертханалық тәжірибелер берілген уақытта сапалы және нәтижелі жүруі мүмкін.

*Ұқсастығы:* жаңа материалды практикалық тұрғыда толықтырушы ретінде жүргізіледі, оқушыларда заттың қасиеті химиялық процестер туралы көрнекі көзқарастар қалыптасады. Сабақ барысында және күнделікті өмірде қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға белгілі бір көзқараспен қорытынды жасауға үйретеді.

***Практикалық жұмыс*** – тақырыпты немесе тарауды оқып болғаннан кейін сол жаңа материалға сәйкес химиялық тәжірибелерді арнайы сабақта оқушылар өз бетімен жасайтын жұмыстың түрі, оқу жоспарында практикалық жұмысқа арнайы сағат бөлінеді. Практикалық жұмыс басқа сабақ түрлеріне қарағанда алынған білімді қорытындылауға және ол білімді қолдана білуге үйретеді. Сонымен қатар, эксперименттік білік пен дағдының қалыптасуына және дамуына көмектеседі.

*Практикалық сабақтарға қойылатын талаптар және ондағы мұғалімнің ролі.*

– Жұмыс жүргізілуі үшін кейбір өзгерістер болған жағдайда, мұғалім сабақтың барысында хабарлап себебін түсіндіру керек;

– оқушылар үйде жұмысқа дайындалу барысында туындаған сұрақтарына мұғалім сабақтың барысында жауап беріп түсіндіру керек. Оқушылардың білімін тексеруге арналған сұрақтар міндетті түрде осы жасалынатын жұмыс мазмұны бойынша болу керек;

– жұмыстың кейбір қиындау бөліктерін немесе алғаш жасалайын деп тұрған бөліктерін мұғалім алдын – ала түсіндірріп, тіпті кейбір жағдайда жасап кетуіне болады.

– әрбір оқушының жұмысқа дайындығы толық тексерілгеннен кейін ғана жұмысқа рұқсат беріледі. Осыдан кейін оқушылар жұмысты бастайды, ал оқытушы әрбір жұмыс үстеліндегі оқушының қимылын бақылап, мұқият қадағалап тұрады. Қажет болған жағдайда ғана жеке көмек көрсетуіне болады.

**Әдебиеттер**


1. Аққозин М. Қазастан табиғаты. – Алматы: Қазақстан, 1990.
2. Құралұлы А. Ұлттық дүниетаным. – Алматы: Өнер, 2002.
3. Жүнісқызы К., Бірмағамбетов Ә., Аймағамбетова Қ., Нұғыманов И., Жүкешев Қ. Оқулық. Дүниетану 4-сынып. – Алматы: Атамұра, 2004.
4. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды экономикалық реттеу мәелелері [Мәтін] // ҚазҰУ-нің хабаршысы.Заң сериясы.Вестник КазНу.Серия юридическая. – 2007. – № 2. – 122-125 б.
5. Алмабаев Ә. О. Бастауыш мектепке арналған қазақша-орысша түсіндірме сөздік / Ә.О. Алмабаев; ғылыми ред. А. Абжаппарова. – Арман, 2003. – 306 б.

ҒТАХР: 14.25.09

## ХИМИЯ САБАҒЫНДА АЙМАҚТЫҚ МАТЕРИАЛДЫ ҚОЛДАНЫП САНДЫҚ ЕСЕП ШЫҒАРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Рахымбаева Б.Ы.,** С. Аманжолов ат.ШҚУ 2-курс магистранты
**Абилмажинова Г.А.,** сениор лектор кафедры химии
**Шаихова Б.К.,** п.ғ.к.
(Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.)

Еліміз егемендік алып, әрқилы ілгерілеу жұмыстарының жүргізілу кезеңінде, заман талабына сай өз ісінің майталманы, ұшқыр ойлы, жан-жақты білімді де, білікті мамандар кадрын дайындау – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады. Біз кіші Отанымыз арқылы бүкіл Қазақстанды сүйеміз» – деп жалпы ұлттық қоғамдық сананы қалыптастыруды кезең-кезеңмен жүйелі түрде жүзеге асырары сөзсіз.

Сондықтан, бүгінгі білім беру жүйесінде аймақтық материалды оқу мен оқытуды ғылыми және әдістемелік деңгейін жетілдіру маңызды мәселе болып табылады.

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ. Осыған орай әрбір мұғалімнің ең негізгі міндеті әрбір оқушының білім алуға деген қызығушылығын арттырып таным қызығушылығының артуына, шығармашылық шабытының тууына жағдай жасау.

Жалпы химияда аймақтық ерекшеліктерге сай білім беру мәселелері химияны оқытудың әдістемесі саласындағы көкейтесті мәселердің бірі және бұл мәселені шешу жолдары көптеген отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапсада, бұл мәселе бүгінгі таңда әлі де болса толығымен шешімін таба қойған жоқ. Химия курсында аймақтық ерекшеліктерге байланысты сандық есеп шығару арқылы білім берудің де өзіндік ерекшеліктер бар.Ол ерекшеліктер біздің аймағымыздың өндіріс нысандарына, мектептің оқыту бағдарламасына, аймақта кездесетін пайдалы қазба байлықтарға, экологияға. олардың географиялық таралуына және көптеген басқа да жағдаяттар мен факторларға байланысты

Сандық есептер шығару – химия ғылымының негізін меңгерудің маңызды бір бөлігі болып табылады. Теориялық түсініктеме алған оқушы есептер шығару мен жаттығулар орындау арқылы алған білімін пысықтап, толықтыра түссе, тәжрибелер жасау арқылы оны тереңдетіп, бекітеді. Сандық есептерді құрастыру барыснда аймақтық материалды пайдаланса, оқушының қызығушылығы артары сөзсіз.. Оқу процесіне аймақтық материалды пайдаланып сандық есептер кіргізу, оқытудың мынадай дидактикалық міндеттерін шешуге мүмкіндік береді:

– оқушыларды өз батімен белсенді жұмыс істеуге үйрету;
– оқушылардың білімдері мен дағдыларын берік етіп қалыптастыру;
– оқытуды өмірмен тығыз байланыстыру;
– химияны оқыту барысында кәсіптік бағдарлау мәселесін шешу.

Табиғаттың біртұтастығына оқушы аймақтық материал мазмұнында есеп шығару кезінде көзін жеткізеді, оның әр түрлі ғылым салаларынан алған білімін өзара ұштастыра, толығымен қолдануына мүмкіндік береді. Сандық есептерді шығаруда білім мен әрекеттің тұтастығы ойлаудың әр түрлі әдістерін (пайымдау, жіктеу, жүйелеу, дәлелдеу, қорытындылау) қалыптастырады.

Дамыта оқытуда аймақтық мазмұнда есеп шығару қызығушылықты, ізденімпаздық пен іскерлікті жетілдіреді, сонымен қатар оқытудың бұл әдісі оқушылардың білімін бекітудің және тексерудің тез әрі тиімді тәсілі болып табылады.

Табиғи ресурстарды өңдеу сөзсіз аймақтық мәселелерімен байланысты, сондықтан аймақтық компонент аймақтың накты экологиялық мәселелерін ескере отырып, нақтылана алады. Экскурсия теориялық бөлігін толықтыратын табиғатқа, өнеркәсіптік нысандарға, кәсіпорындарға, мекемелерге экскурсия жүргізу табиғат жағдайында, өндірісте, олардың бұзылуының салдарларына, адам өмірінің барлық аспектілеріне кері әсерін тигізетін табиғи заңдары мен құбылыстарының көрінісі туралы нақты түсінік береді.

Мектеп оқулықтарындағы мұндай материалдар жоқтың қасы деуге болады. Оны қарастыру әрқашан жүйелі бола бермейді. Заманауи оқыту процесі алған білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдана білуді дамытуға бағытталмаған. Көбінесе химиядағы тапсырмалардың мотивациялық әлеуеті төмен, өйткені олар практикамен ешқандай байланысы жоқ, сондықтан пәнге теріс көзқарасты қалыптастыруы мүмкін. Оқушыларды оқытудың ақпараттық-танымдық деңгейі – ағартушылық және белгілі бір білімді меңгеру деңгейі басым. Бұл да мектепте химияны оқыту сағаттарының жеткіліксіздігімен байланысты екені даусыз, бұл мұғалімдерді тығыз уақыт шеңберіне салып, тек негізгі (базалық) материалды түсіндіруге мүмкіндік береді.

Эксперимент үшін 9-сынып «Химия» оқулығы, авторлары М.Қ. Оспанова, Қ.С. Аухадиева, Т.Г. Белоусова тәжірибеге бағытталған тапсырмалар арқылы оқушылардың оқу жүктемесінің көлемін арттырмай, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін қолданыстағы кейбір есептеу тапсырмаларын аймақтық мазмұндағы есеп тапсырмаларымен ауыстырдық.

Аймақтық мәселелерге әсер ететін химиялық есептерді құрастыру кезінде келесі талаптарды ескеру қажет:

1. Есептердің шарттары мен оны шешу нәтижелері практикалық маңызды мәліметтерді қамтуы тиіс.

2. Мәліметтер бағдарламалық материалмен және нақты аймақтық мәселелермен байланысты болуы керек.

3. Күрделілік сыныптағы оқушылардың білім деңгейіне сәйкес келуі керек.

4. Есептерді шешу әртүрлі пәндер бойынша білімдер жиынтығына негізделуі керек.

5. Тапсырмалар материалды тексеруде, түсіндіруде, қолдануда және білімді жетілдіруде қолдануға арналған болуы керек.

Аймақтық аспектілері бар химиялық проблемаларды бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Табиғи объектілердің химиялық сипаттамаларына есептер.

2. Ластану көздері, қоршаған ортаны ластаушы заттардың түрлері туралы тапсырмалар.

3. Қоршаған ортаны қорғау шаралары және қоршаған ортаның ластануының зардаптарын жою жөніндегі міндеттер.

Аймақтық аспектілері бар химиялық есептерді шығарғанда, ең алдымен мәселенің аймақтық, экологиялық бөлігімен айналысып, мәселені шешу жолдарын табу қажет. Мысалы, Ион алмасу реакциялары (6-тақырып, 21-бет) тақырыбын зерттеу барысында оқулықта берілген тапсырманы аймақтық мазмұны бар есептеу тапсырмасына ауыстырылды.

1-тапсырма: Өскемен қаласынғы «Қазмырыш» зауыттың ағынды сулары еритін мыс тұздарының санитарлық нормаларға толық сәйкес келетін мөлшері – 30 мг/л. Натрий гидроксиді (каустикалық сода) стандартты сақтау және мыс тұздарын тұндыру үшін қолданылады. 39,5 кг мыс хлоридін қолдану үшін 7 кг күйдіргіш сода жұмсалса, санитарлық нормалар бұзыла ма? Ағынды судың көлемі тәулігіне 85 $м^3$ болса, коллекторға қанша кг мыс хлориді түседі?

Берілгені:
$m(CuCl_2) = 40,5$ г
$m(NaOH) = 7$ г
$V$(ст. вод) = 85 $м^3$

Табу керек:
$m(CuCl_2) = ?$

Шешуі:

x 7 г

$CuCl_2 + 2NaOH = 2NaCl + Cu(OH)_2$

135г 80г

$x = \frac{135*7}{80} = 11,8$ г

Есептен көрініп тұрғандай, тек 11,8 г CuCl2 жұмсалады, қалғаны (40,5 – 11,8 = 28,2 г) ағынды су ерітіндісінде болады.

3 мг $CuCl_2$ - 1л

х мг $CuCl_2$ – 85000л

х= 255000 мг= 255г

Жауабы: су қоймасына тәулігіне 255 г мыс хлориді ағынды сумен бірге түседі.

Әрекеттесуші заттардың біреуі артық болған жағдайда реакция теңдеулері бойынша есептер шығару (13-тақырып, 50-бет) тақырыбын зерттеу барысында оқулықта берілген тапсырманы аймақтық мазмұны бар сандық есепкеауыстырылды.

2-тапсырма: Күн сайын Өскемен қаласындағы ЖЭС (Жылу электр станциясы) 325 тонна көмір жағадылғанда, көлемі 468 $м^3$ оттегі жұмсалады. Жылу электр станциясының күнделікті

жұмысынан кейін жаңбыр суымен бірге топыраққа түсетін көмір қышқылының мүмкін болатын массасын есептеңіз. Көмірқышқыл газының атмосфераға таралуын қалай болдырмауға болады?

Берілгені:
m(C) = 325 т
$V(O_2)$ = 448 м$^3$

Табу керек:
$m(H_2CO_3)$ = ?

Шешуі:
n(C)= 325/12= 27 моль (артық)
$n(O_2)$ = 448/22.4= 20 моль (кем),
20 моль x моль
$C + O_2 = CO_2$
1моль 1 моль
x $(CO_2)$ = 20 моль
$CO_2 + H_2O = H_2CO_3$
n $(H_2CO_3)$ = 20 моль
$m(H_2CO_3)$ = 20 моль * 63г/моль = 126 кг
Жауабы: топыраққа 126 кг $H_2CO_3$ жаңбыр суымен бірге түседі.

Химиялық реакция жылдамдығына әсер ететін факторлар (15-тақырып, 58-бет) тақырыбын зерттеу барысында оқулықта берілген тапсырманы экологиялық мазмұны бар есептеу 3-сырмада.

3-тапсырма: Өсімдік шуақты күнде көмірқышқыл газын сіңіреді, фотосинтез процесі үшін оңтайлы температура 180 С. Ауа температурасы 480 С-қа дейін көтерілсе, ал температура коэффициенті 2-ге тең болса, оттегінің бөліну жылдамдығы қанша есе артатынын есептеңдер.Температураның бұл көтерілуі ауаның құрамын өзгерте ала ма?

Берілгені:
γ= 2
T1= $18^0$ C
$T_2$= $48^0$ C

Табу керек:
$V_{T2}/V_1$

Шешуі:
$V_{T2}/V_1 = \gamma^{T2-T1/10} = 2^{48-18/10} = 2^3 = 8$

Жауабы: Оттегінің бөліну жылдамдығы 8 есе артады.

Ауаның құрамы іс жүзінде өзгермейді, өйткені оттегінің түзілу процесімен қатар оның сіңірілу процесі жүреді.

Химиялық реакция теңдеуі бойынша қоспа құрамындағы заттың массасын анықтауға есептер шығару (24-тақырып, 93-бет) тақырыбын зерттеу барысында оқулықта берілген тапсырманы аймақтық мазмұны бар есептеу тапсырмасына ауыстырылды.

4-тапсырма: 3 кг көмірді 4,5% күкірт қоспасымен жағу кезінде атмосфераға қанша күкірт диоксиді түсетінін анықтаңыз. Алынған оксидті толық ұстап, қышқыл алу үшін пайдаланса, қанша күкірт қышқылын алуға болады? Реакция теңдеулерін жазып, есептеулерді орындаңыз.

Берілгені:
M(C) = 3 кг= 3000г
W(қоспа) = 4,5%

Табу керек:
$m(H_2SO_4)$ = ?

Шешуі:
$m(S) = \frac{3000*4,5\%}{100\%}$ = 135 г  $n(S) = \frac{m}{M} = \frac{135}{32}$ = 4,21 моль
4,21 моль  x моль
$S + O_2 \rightarrow SO_2$
1 моль  1 моль
$2\ SO_2 + O_2 \rightarrow 2\ SO_3$
$m(H_2SO_4)$= 4,21 моль * 98 г/моль = 412,58 г
Жауабы: $m(H_2SO_4)$=412,58 г

2(IIA) топ элементтері. Кальций (26-тақырып, 104-бет) тақырыбын зерттеу барысында оқулықта берілген тапсырманы экологиялық мазмұны бар есептеу тапсырмасына ауыстырылды.

5-тапсырма: Риддер қаласының 100 мл ағын суында 0,51 г кальций бар. Кальций-адам ағзасындағы метаболикалық процестерге қатысатын қажетті макроэлемент. Кальцийдің көп мөлшерін қабылдау жүйке және бұлшықет тіндерінің жұмысын, қанның ұюын, қаңқа жасушалары мырыштың қалыпты сіңуін бұзады. Егер судағы кальций ШРК 0,3 мг/л болса, Риддер қаласының ауыз суы МЕМСТ талаптарына сәйкес келе ме? Судағы кальций мөлшерін қалай азайтуға болады?

Берілгені:
V(ерітінді) = 100 мл= 0,1 л
m(Ca) = 0.51 г

Табу керек:
m (Ca) = ?

Шешуі:
0,51 г - 0,1 л
x г - 1л
x= 0,51*1/0,1 = 5,1 г

Жауабы: 1 л ағын суда 5,1 г кальций бар.

Рұқсат етілген ШРК кезінде 0,3 мг/л, кальций мөлшерінің 17 есе артады. Ағынды судағы кальций мөлшерін азайту үшін жұмсарту сүзгілері және аз мөлшерде қайнату жұмыстары жүргізіледі.

Аймақтық және химиялық материалды ашу әрқашан маңызды мотивациялық жұмыстың алдында болуы керек.

– оқушылар білім мазмұнын дайын күйінде емес, әртүрлі тапсырмаларды орындау барысында өз бетінше алған, туындайтын проблемалық жағдаяттарды шешуде өз бетінше және теориялық тұрғыдан негізделген білім ретінде меңгеруі керек;

– танымдық қызығушылықты дамыту барысында экологиялық-химиялық мазмұндағы әр түрлі танымдық тапсырмалар мен есептердің түрлерін, оқушылардың өмірлік тәжірибесін, күрделі экологиялық мәселелерді топтық шешуді, бақылау-эксперименттік зерттеулерді, топтық жобаларды қолдану қажет;

– аймақтық және химиялық материалды оқып-үйрену кезінде мидың сол және оң жарты шарларының жұмысын белсендіретін ауызша және көрнекі бірліктің принциптерін сақтау керек; негізгі химиялық және экологиялық-химиялық түсініктерді, заңдылықтарды бөліп көрсету және олардың айналасындағы фактілерді топтастыру; оқушыларды аймақтық проблемаларды зерттеу әдістерімен қаруландыру; алған білімдерін, дағдыларын және құндылықтарын аймақтық және химиялық мазмұнның жалпы жүйесіне қосу қажет;

– оқушылардың аймақтық проблемалар мен жобаларға деген жоғары қызығушылығы жеке тұлғаның интеллектуалдық және эмоционалды-құндылық сферасының дамуына, олардың танымдық белсенділігі мен дербестігін арттыруға бағытталуы керек.

Аймақтық компонент оқушыларды тақырыпты жан-жақты және терең зерделеуге бағыттауы керек, бұл әсіресе, өз болашақ мамандығын таңдау үшін маңызды болып табылады.

**Әдебиеттер**


1. http://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=1&id=305;
2. http://melimde.com/jergilikti-jerde-otkiziletin-olketanu-jmistarini-maizi.html;
3. Веденеева Г.И. Феномен родного края и его ресурс в духовно-нравственном воспитании учащихся. Педагогика. – № 8. – 2013. – С. 58-63.
4. Совершенствование регионального компонента в содержании школьных предметов. Методическое пособие. НАО им. И. Алтынсарина. – Астана, 2013.
5. Шыныбекұлы Ө., Бейсетаева Б.А., Сейлбекова К.К., Ширманова Ж.Т. «Өлкетану» жалпы білім беретін мектептің 5, 6, 7-сынып оқушыларына арналған оқулық – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2018. – 210 бет.
6. Шаихова Б.К Реализация принципа регинальности в условиях профессионально ориентированной среды обучения химии. Матер.межд. науч.прак.конф.посвящ.году Абая в Росии. – Кокшетау, 2006. – 306-311 бет.



ҒТАХР: 14.25.07


## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ


**Жумадилова Ш.А., Азилханова Р.Ж.,** бастауыш сынып мұғалімдері педагог-зерттеушілер
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Математикалық сауаттылықтың әдістемесі мазмұнын кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін сипаттайтын ережелер, сондай-ақ оқытуда дамытушылық және тұлғалық-іскерлік тұрғыдан қарау әрекеті құрайды.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана

қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес.

*Оқушыда функционалдық математикалық сауаттылық қалыптастыру үшін ең алдымен пәндік сауаттылық қалыптасуы керек. Пәндік сауаттылық өзіндік жұмыстар арқылы іске асады.*

Математиканы оқыту мен математика пәнінен сауаттылықты қалыптастырудың негізгі мақсаттарына тоқталайық:

1) Математика – барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады;

2) Математика, ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі;

3) «Математикалық сауаттылық» (ауызша және жазбаша) қабілетін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетінің болуы;

4) Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі;

5) Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылық дұрыс сөйлеу қабілетін математика сабақтарында оқушылардың келесі қабілеттері мен бейімділіктерін шыңдай түсуді меңзейді:

1) Тақырыптағы, текстегі басты ойды бөліп көрсете білу және оған жоспар құра білуге;

2) Материалды қисынды, мағыналық топтай, талдай білуге;

3) Математикалық терминологияларды түсіне, қолдана және негіздей білуде;

4) Ұғымдардың, түсініктердің өзге ұғымдар жүйесіндегі орнын және түсініктер иерархиясы тұрғысында білуде;

5) Аузыша және жазбаша математикалық сауатты сөйлеуді меңгеру, математикалық символдар мен белгілеулерді дұрыс қолдана білуге.

Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Осыған қоса, көп жылғы іс-тәжірибе көрсеткендей, математикалық білімнің меңгерілуі мен үйретілуі, оқытылуы дәрежесі жоғары болған сайын, оның бастауыш сыныптағы оқушылардың бойында адамгершілік қасиетті қалыптастырады.

*Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда келесі пәндік және функционалдық сауаттылық қалыптасуы тиіс*

1) ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану біліктігін;

2) қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын;

3) ауызша және жазбаша есептеулерді тиімді пайдалана отырып, практикалық есептеу техникасын;

4) математикаға тән ойлау стилін, оның абстрактылығын, дәлелденуін, қатаңдығын;

5) дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігін;

6) математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін;

7) жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау орындау білігін;

8) өзін-өзі бақылау жүзеге асыруды;

9) өз іс әрекетін бағалауды;

10) оқу қызметінің әртүрлі формаларында коммуникативтік қабілеттерін қолдана білуі қажет.

Күнделікті тұрмыста ауызша тез есептерді қажет ететін жағдайлар жиі кездеседі. Ауызша есептеудің дағдыларын қалыптастыру арқылы оқу материалдарын қайталауға, тереңдетуге уақыт үнемдейміз.

Ауызша есептеуді оқушы тиянақты меңгермесе жазбаша да есептей алмайды. Сондықтан оқушыны ауызша тез есептеуге баулып отыруымыз қажет. Ол үшін ауызша есептеудің негізін бастауыш сыныптарды қалап, оның қандай рөл атқаратынын оқушының көзін жеткізу керек. Ауызша есептеуді сабақтың кез келген кезеңдерінде қолдануға болады. Сабақтың мақсаты мен мазмұнына байланысты ауызша есептеуді қай сабақта көп, қай сабақта аз қолдануға болады? Егер сбақ жаңа

материалдарды түсіндіруден басталса, онда сабақтың басында қолданған жөн, өйткені, оңай жаттығулар арқылы жаңа материалдарды жеңіл түсінуге болады.

Оқушылардың қаншалықты материалды меңгергенін байқау үшін (қорытынды ретінде) сабақтың соңында қолданылады. Егер қайталу мен білімін тереңдету сабағы болса, онда ауызша есептеуді сабақтың өн бойындағы жазбаша есептеумен араластырып отырған жөн.

Сапалы есептеуді ұйымдастыру үшін, жыл басында әр сыныпқа керекті материалдарды, керекті формулаларды және мысал есептерді жинақтап оларға жеке-жеке таблица жасап оларды сабаққа жүйелі қолдану керек.

Оқушыларды ойша есептеуге төселдіруде математикалық диктанттар мен түрлі әдістер, математикалық ойындар, математикалық лотолардың орны ерекше.

**Әдебиеттер**


1. Бекболат Қ., Сердалы А. Математикалық сауаттылық. – Астана, 2017.
2. Барабанов О.О. Задачи на проценты как проблема нормы словоупотребления // Математика в школе, № 5. – 2003.
3. Барабанов О.О. Конкурсный экзамен по математике // Формулы успеха. – Ковров, 1998.
4. Захарова А.Е. Несколько задач про «цены» // Математика в школе. – № 8. – 2002.
5. Петров В.А. Элементы финансовой математики на уроках // Математика в школе. – № 8. – 2002.


ҒТАХР: 14.01.29

## САБАҚТА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Зикенова А., Тускенова С.К.,** бастауыш сынып мұғалімдері педагог-сарапшылар
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең.Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі тәсілдері сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп,мектеп өміріне енуде.

Оқу процесінде ойын технологиясын қолдану – әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 40 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс – әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т.б. үйренеді. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Мен сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін.Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқу-шының қызығушылығын арттыру. Сондай – ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс – тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады. Фонетика саласы бойынша «Кім шапшаң?» ойынын ойнатуға болады.

– Белгілі бір әрпінен басталатын жануарлардың атын жаз. Мысалы:

– Тек қана о, ө, ү дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: о – орман, отын, ө – өрмекші, өріс, ү – үкі, үлкен

«Адасқан әріптер»ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, қ, а – қар

2. ш, ғ,а,а – ағаш

Лексика бойынша «жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Еңбектің…. 2.Ас-…

Жалқаудың ...

Морфология саласы бойынша.«Ойлан тап»ойыны.

1.Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? (Асқазан)

2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? (Ақбөкен)

3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? (Жетісу, Талдықорған.

Ұлттық Дидактикалық Логикалық

«Ақсүйек»

«Көкпар»

«Қанталапай»

«Арқан тартым»

«Көксерек – мөксерек» «Мың бір мақал»

«Ғажайып алаң»

«Сергіту сәті»

«Сөз құрау»

«Жұмбақ есеп»

«Әріпті кубиктер»

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

– Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.

– Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.

– Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

– Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.

– Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.

– Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.

– Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.

– Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт – дәстүріне, әдет – ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер – өзара қарым – қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл – ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі – грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой – өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін.

Қорыта айтқанда, кез – келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Оқушы ой – өрісін ойын арқылы дамытады.

**Әдебиеттер**

1. Мирсеитова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. – 1998.
2. Глейзер Э. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту эксперименті. – 1941.
3. Джон Дьюи. Біз қалай ойлаймыз. – 1910.
4. Шон Д. Рефлексивті практик. – 1983.

5. Блум Б. Блум таксономиясы. – 1956.
6. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. – 1998.
7. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

ҒТАХР: 14.25.05

## БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Исатаева Д.М., Қасымханова С.Ж.,** биология пәні мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

«Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты. Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды.

Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет.

Оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді. Сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғышарттары бар. Олар:

– сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау;

– тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс – тәсілдерін түрлендіріп отыру;

– қосымша материалды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп алу;

– дидактикалы, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану;

– сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану.

Терминдерге анықтама беріліп болған соң тақтадан алынып тасталынады, оқушылар есте сақтау арқылы терминдерді қайта орнына қойады.

**Шындық/Жалған (True/False)** әдісі

Оқушылар берілген сөйлемдерден шындық пен жалған ақпаратты анықтайды. Шындық болса екі қолын жоғарыға көтереді, жалған болса екі қолы бел тұсында оң жаққа иіледі, білмейтін ақпарат болса басын шайқайды.

**«ДЖИГСО»** әдісі

Оқушыларға жаңа ақпаратты өздігінен меңгерту үшін қолдануға болады. Тақырып үш бөлікке бөлінеді, оқушылар тақырыптың маманы ретінде сарапшылар тобында зерделеп, талдап, бастапқы тобына қайтып, білгендерін өз тобының мүшелеріне үйретеді. Мұнда алдымен жеке, сосын жұппен, кейін шағын топта бөліктер бойынша түсіндіреді, түсінгенін бөліседі.

**«Есте сақтау картасы»** әдісі

Бұл әдістің ерекшелігі топтағы оқушылардың визуальды, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Әр топқа берілген сурет, сөздер, терминдер, символдары бар.

А4 форматын әр топтың оқушыларын жеке-жек шақыру арқылы 1-секунд көрсетеді. Оқушы не көргенін тобындағы А4 форматына түсіріп отырады. Барлық топ осылай қайталап шығады. Мұғалім дұрыс картаны оқушылардың қолына береді. І-топ-ІІ топтың, ІІ- топ-ІІІ топтың, ІІІ-топ-І топтың жұмыстарын тексеріп бағалайды.

**«Теріп жаз. Талда»** әдісі

Сүйектің қасиеттерін, құрамын теріп жазып және соған негіздей отырып анықтама беред. Тақырып бойынша айтылған мәліметтерге сүйене отырып фактілер мен дәледемелер келтіріп айтады.

**«SWOT-талдау»** әдісі.

1-тапсырма. Салыстыру.

2-тапсырма Модельдеу.

Оқушыларға жіп, А 4, қайшы,т.б. беріледі. Соларды құрастыру арқылы екбасты, үшбасты бұлшықет түрлерін ажыратып, қажу себептерін сипаттайды.

**«FILA»** әдісі

Мәтін беріледі. Сол мәтін негізінде кесте толтырылады. Кесте 3 бағаннан тұрады.

1. Мәтін ішінен түйінді түйінді сөздерді жазады.
2. Мәтіннің негізгі идеясын сипаттайтын сызба құрастырады.
3. Мәтін бойынша сұрақтар ұсынады.

**«Буриме»** әдісі

Берілген ұқсастықтарға өлең жолдарын құрастыру. Тақтаға өзараұйқасқан бірнеше сөзді тігінен жазу керек. Әр оқушы ұйқастарды қолданып, бір шумақ өлең жазу керек. Ең сәтті шыққан өлең шумақтары сыныпта оқылады.

**«Төрт сөйлем»** әдісі

Сабақ соңында оқушылардың жұмыс жасау деңгейлерін бағалау үшін мынадай тапсырмаларды орындайды. Пікір.

Мәтін бойынша туындаған өзіндік пікірін бір сөйлеммен келтіру керек. Дәлел. Келтірген өзіндік пікірін бір сөйлеммен дәлелдеп шығу керек.

Мысал. Келтірген өзіндік пікірді тағы да бір негіздеуі үшін бір сөйлеммен мысал келтіруі керек.

Қорытынды. Өзіндік пікірді соңғы рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру керек.

**«Карусель»** әдісі

Бұл әдісті оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұсынылады.

Мысалы: «Тыныс алу, қанайналым, эндокринді бездер, асқорыту т.с.с. жүйелері тақырыбында 8-сынып оқушыларын 4 топқа бөліп, А-3 плакатын таратып, әр плакаттың шетіне топ мүшелері тапсырма жазады. Топтар түрлі маркерлермен берілген сұрақтарға жауап беріп ауысады, егер жауаппенкеліссе белгі қояды, келіспесе толықтырады. Осылай әр топ тапсырмаларды орындап айналып шығу керек. Бұл әдістің нәтижесінде оқушылардың көру және есте сақтау, ойлау қабілеті шыңдалады

**«Дәліз»** әдісі

Бұл әдісті өткен тақырыптарды қайталау кезінде немесе бекіту сәтінде пайдалану өте тиімді. Оқушылар бір-біріне қарап тұрады, тарау немесе тақырып бойынша оқушылар сабаққа байланысты мәлімет айтып отырады. Бірінің айтқанын бірі қайталамауын ескертіп отыру керек.

**«Стикердегі диалог»** әдісі

Бұл – үй тапсырмасын тексеруге, қорытынды сынақ немесе қарапайым ереже сұрауға таптырмас әдіс. Өйткені бұл әдісті қолданған кезде оқушы оқылған сұрақтың жауабын білуі тиіс.

Сонымен қатар бұл әдіс оқушыны тез ойлануға, есте сақтау қабілетін дамытып, шапшаңдыққа үйретеді. Себебі, қағазда жазылған сұрақ басқа, жауап та басқа. Осы жерде оқушының шапшаңдығын, аңғарымпаздығын тануға болады. Сонымен қатар, бұл әдіс сыныптағы ынтымақтастық атмосферасын орнатуға да мүмкіндік береді.

Оқушылар өз сұрағының жауабын естуге тырысады және өзіндегі жауаптың сұрағын тыңдауы тиіс. Осы жерде сынып оқушыларының арасында сыйластық қалыптасып, бір- бірінің сөзін тыңдауға бейімделе бастайды.

**«Топтық кері байланыс»**

Сыныптастардың жұмысын бағалауға қатысты топтық кері байланыс мұғалімге оқудағы қажеттіліктерді қарапайым түрде анықтауға көмектесе алады. Егер топ кері байланыс ұсынатын болса, бұл мәселеге назар аудартып, жүйелендірілген, талқыланған тапсырмаларға қатысты ақпарат береді (сонда мұғалім қайталауға арналған жаттығуларды азырақ бере алады).

**«Төрт сөйлем»**

Бұл тәсіл арқылы оқушылар тақырып туралы пікірлерін білдіреді:

*Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен айтыңдар немесе жазыңдар.

*Дәлел.* Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.

*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер.

*Қорытынды.* Аңыз мазмұны бойынша қорытынды шығарыңдар.

**Әдебиеттер**
1. Выдрина М.К. Активизация познавательной деятельности учащихся на уроке.
2. Лозовая Н.А. Лабораторные работы и познавательные задачи по биологии. – Алмата: «Мектеп», 1986.
3. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. – 1971.
4. Молис С.С., Молис С.А. Активные формы и методы обучения биологии. – Москва: «Просвещение», 1988

ҒТАХР: 14.25.04

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Қазынова Г.Е., Манбекова А.К.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«№ 44 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бастауыш мектеп оқушысының бойында түрлі проблемаларды шешу дағдыларының қалыптасуы әмбебап икемділіктердің жиынтығымен және жеке тәжірибені меңгеру үдерісімен анықталады. Біз әмбебап икемділіктер ретінде оқушылардың жеке тәжірибесіне сәйкес әртүрлі әлеуметтік қатысым негізіндегі танымдық іс-әрекет жинтығын қарастырамыз. Яғни, оқушыда түрлі проблемаларды шешу дағдылары негізіндегі сапалық өзгерістердің қалыптасуы біртұтас оқу үдерісі мен белсенді іс-әрекет негізінде жүреді.

Мұғалімнің міндеті – оқушының құндылықтарына, даму сипаты мен жағдайларына, оның қызығушылығы мен қажеттіліктеріне сәйкес оқытудың мақсаты мен міндеттерін анықтау.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш мектептің оқу үдерісін ұйымдастыруда:

– білім алушыларда түрлі проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастыру;

– оқушының өзіндік таңдау тәжірибесін қаматамасыз ету;

– жобалық іс-әрекетті орындау;

– критериалды бағалау негізінде оқушының білімі мен жетістігін ескере отырып, рефлексия жасауына тұрақты көмек көрсету;

– білім берудің жеке траекториясын құруды қамтамасыз ету жағдайлары қарастырылады. Бұл жағдай, өз кезегінде, білім беру үдерісіне қатысушылардың (мұғалім, оқушы, ата-ана) жеке тәжірибесіне сәйкес ұтымды әрі субъективті көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушының субъективтілігі, оның өзінің өмірлік мақсатының мәнін анықтауға және өз бетімен білім алуға жетелейтін оқытудың жеке траекториясы негізінде жүреді.

Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда тәжірибемізде қолданып жүрген ойындарға тоқталсақ:

Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Пікір алмасу кезінде, әсіресе математикалық тұжырымдар кезінде пайымдау,ойлау заңдылықтарын немесе былайша айтқанда сол заңдылықтар мен формалары жөніндегі ғылым-логиканың көмегі мен бір пікірден екінші пікірді шығарамыз. Логикалық тұжырым теориясының ең алғаш грек философы Аристотель негізін қалаған.

Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше ақын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

**Талдау** – бұл оймен бүтінді жіктеу немесе бүтіннен оның қырларын, әрекет не қатынас бірліктерін бөліп алу, қарапайым формадағы талдау әрқандай затты практикалық қажеттілікке орай құрама бөлшектерге ажырату.

**Біріктіру** – бұл әрқилы бөлшектер, қасиеттермен әрекет қимылдарды тұтас бірлікке топтастыру.Біріктіру операциясы талдау әдістеріне қарама-қарсы. Бұл қызмет барысында жеке заттар мен құбылыстар күрделі,бүтін құбылысқа қатысы бар бөлшек,элементтер тобы ретінде қарастырылады.

Ой процесіндегі талдау мен біріктіру әрекеттері оқу жұмысында аса үлкен маңызға ие.Бала жекелеп талдау мен әріптерді тануға қол жеткізеді,ал кейін сол игерген әріптердің басын біріктіріп буын құрайды,буыннан сөз,сөзден-сөйлем,сөйлемдерді біріктіріп мәтін мазмұнын шығарады.

**Салыстыру** – әрқандай заттар мен құбылыстардың, не ойлардың бөліктері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды білуге бағышталған ой әрекеті.Күнделікті тұрмыстық салыстырулар.

**Логикалық** ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Пікір дегеніміз – ойлау формасы,мұнда бір нәрсе мақұлданады,не теріске шығарылады.Бір немесе бірнеше пікірден жаңа пікір шығаратын ойлау формасы – ой қорытындылары деп аталады.

Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш қуаты мен сенімін арттыру керек. Қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал. Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1. Қабылдау
2. Түсіну
3. Есте сақтау
4. Қорыту және жүйелеу.

Ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру тұжырымдамасына сйәкес бала бес кезеңнен өтеді:

– іс-әрекетпен алдын-ала танысу және оны жүзеге асыру шарттары;
– мәселені шешу үшін сыртқы материалдық әрекеттерді қолдану;
– әрекетті айту;
– ішкі сөйлеу әрекетінің қалыптасуы;
– сыртқы объективті әрекеттің ішкі жазықтыққа ауысуы. Оқу іс-әрекеті процесінде кіші оқушы үнемі өзінің көзқарасын айту, дәлелдеу, салыстыру, пайымдау, қорытынды жасау, нәтижелеу және т.с.с. жағдайларға тап болады. Осындай жағдайларды шешу процесінде оқушыға логикалық ойлаудың әр түрлі компоненттерін қолдану қажет.

**Әдебиеттер**

1. Тұрғынбаев Ә. Логика. – Алматы: «Білім», 2004.
2. Шаханов Е. Логикалық жаттығулар жинағы. – Астана, 1999.
3. Елшібаев Ж. Зерек. – Алматы: «Өнер», 1999.
4. Жұмақаева Б. Дене мүшелерінің атауларынан туындаған бірліктер. – Алматы, 2009.
5. Кейкін Ж. Атадан өсиет, анадан қасиет. – Алматы: «Өлке», 2010.
6. Шаймерденұлы Е. Ақыл ой антологиясы. – Алматы: «Ана тілі», 1997.

ҒТАХР: 14.25.05

## САБАҚТА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Калмакпаева Б.С., Абдрахманова А.А.,** математика пәні мұғалімдері
«№ 49 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек. Белсенді оқу тәсілі жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады, қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашып, нәтижесінде терең білім мен көзқарасты өзгертеді. Белсенді оқуда өз тәжірибесінің негізінде үйреніп, оқушыларға эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бірлескен оқу тәсілі құрылымдалған топтық жұмыстан тұрады. Бұл әдісте тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары жетіліп, ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдылары дамиды.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

«Белсенді әдіс» тәсілдері оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Белсенді оқыту **барлық** оқушыларға оқуға негізделген. Мен таңдаған **«Түсіндіру және сипаттау»,** «**Сұрақ қою және талқылау», «Зерделеу және зерттеу»** әдістері барлық оқушыларды ынталандыруға бағытталған.

Сабаққа барлық оқушылардың қатысып отырғандығына көз жеткізу үшін «Белсенді оқытудың» «**Сұрақ қою және талқылау**» тәсілін басшылыққа аламын. Себебі, берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жауаптары әр түрлі болады. Білімді өмірмен ұштастырып, дәлелдемелер келтіріп сұрақтарға жауап береді, талқыға салады.

Белсенді оқытудың **«Көрсету және модельдеу»** әдісі-белгі-символдық құралдармен әрекет ету процесінде жаңа ақпарат алудан тұратын белгі-символдық әрекет. **«Белсенді оқытудың»**

**«Рефлексия және бағамдау:** Оқушылардың қателерін анықтап, олардың өзін және оған алып келген түсінбеушілікті талқылай отырып, бұны оқытудың жағымды қыры ретінде қолдану; оқушылар өздері таңдаған әдістері мен ресурстарын неліктен таңдағанын түсіндіру үшін пікірталас жүргізу; оқушылардың топқа немесе бүкіл сыныпқа жасаған таныстырылымын бағамдау; олардың жазбаша жұмысына ауызша кері байланыс ұсыну.

Тәжірибе барысында ***«Кластер»*** әдісін тиімді пайдаланудамын.

Мақсаты: идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланысты жинақтау, тұжырымдау. Оқушылар тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын картаға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер арқылы).

***«Миға шабуыл»*** әдісі

Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу.

Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

***«Галереяны шарлау»*** әдісі *Саймон Браунхилл бойынша*

Мақсаты: талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.

Сараптау, жинақтау, бағалау; Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады.Сыныптастарын ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын сыныптастарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

***«Өрмекші» әдісі*** *(постерде)*

*Мақсаты:* Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Өрмекші сұлбасына меңгерілген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді.

***«Үштік»*** әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс.

Мақсаты: Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.

Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тындалым, жазылым дағдылары қалыптасады.

***«Дауыстап ойлау»*** әдісі

Мақсаты: Оқи отырып ой түю, ой бөлісу.

Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

***«Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі»*** әдісі

Мақсаты: Оқушыны алған білімін саралай білуге дағдыландыру.

Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

***«Қара жәшік»*** ішіндегі жұмыс

Мақсаты: Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту.

Оқушының оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді

***«Ашық микрофон»*** әдісі

*Саймон Браунхилл бойынша*

Мақсаты: оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру шығармашылығын шыңдау.

Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Қорыта келе, математика сабағында «Белсенді оқытудың» әдістерін сабақта пайдалану:

*Мұғалімдерге:*

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5.Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

*Оқушыларға:*

1.Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер**

1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. – К.: Радянська школа, 1983. – 244 с.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 б.
3. Давыдов В В. Теория развивающего обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.

ҒТАХР: 14.29.09

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Канапиянова А.Т.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 23 ЖОББМ»
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазақ тілі сабағында оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу.

Тыңдалым дағдысы бойынша негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым және жазылым әрекеттері болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш

дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалык жүйесіне негізделген; лингвистикалык, психологиялык, физиологиялык, әдістемелік ерекшеліктерге катысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей камтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі карым-катынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Оқыту әдістері – оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады.

Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Осыдан жазу дағдысын қалыптастырудың жолын осы инновациялық технологиялар шешпек.

Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істеп жазғанның 90% қалады. Қандай инновациялық әдіс-тәсілдер тиімдірек болады деген сұрақ туындайды?

«Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор оқылым арқылы келеді. Мәтінмен жұмыс барысында үлгерімі жақсы оқушылар, мәтінің мағынасын тез айқындап, жанындағы үлгірімі төмендеу серіктестеріне түсіндіріп үлгереді. Жазылымның физиологиялык ерекшелігі жазу кезінде дене мүшелерінің кимыл-козғалысын дұрыс игеруді үйрету.

***Тізбектелген ереже***

Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. Кезегінде айта алмаған оқушы шығып кетеді.Шығып кеткен оқушы тақырып туралы түсінбеген дегенді білдіреді.

***Жасырын сөз.***

Оқушылар тақырып бойынша сөз жасырады. Оны сипаттайды, сол сипаттама арқылы басқа оқушылар жасырынған сөзді табады. Сипаттауда айтатын сөздерге шектеу қою арқылы немесе қимыл арқылы көрсетуді ұсынуға болады. Мысалы жасырылған сөзді 3 сөз арқылы сипатта деген сияқты.

***Дөңгелек үстел***

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Топ оқушысының бірі жаңа тақырыпты қатыстыра отырып 1 сөйлем айтады. Екіншісі оның айтқан ойын әрі қарай жалғастырып, екінші сөйлемді айтады. Соңында мәтін шығады. Екінші топ мәтін не туралы екенін айтып береді және мәтінге тақырып қояды, сөйлем ішінен жаңа тақырыпқа байланысты сөздерді табады. Барлық айталған тапсырмаға бір ғана оқушы жауап бермейді. Топ мүшелерінің барлығы қатысады.

***Кір жаятын жіп***

Өтілген тақырып бойынша мәтін оқылады.

Мәтін ішінен керекті сөзді тауып кір жаятын жіпке ілу керек. Соңында кім қанша сөз ілгені тексеріледі.

Бұл әдістің мақсаты оқушының тыңдау дағдысын қалыптастыру және есте сақтау қабілетін қалыптастыру.

***Мен не естідім?***

Бір оқушы мәтінді оқиды. Оқушылар тыңдаған мәтін ішінен сөз табының қай түрі көп кездескенін табу керек және екі тақырыптың ұқсастығы мен айырмашылығын табу керек.

***Тыңдайтын үшбұрыштар***

Оқушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді:

СПИКЕР мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі).

ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.

**Әдебиеттер**
1. Сатыбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Фолиант баспасы, 2008.
2. Атабаева С. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. – Алматы: Білім баспасы, 2006.
3. Бегман Ысқақ Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2007.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.

ҒТАХР: 14.25.09

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ермекбаева К.К., Жақман А.Ғ.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқушылардың сөйлесім дағдысын қалыптастыруда топтық жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор. Топтық жұмыстардың артықшылығы:

Оқушылар өзара достық қатынаста болады, бір-бірінен сұрай отырып, білімдерін жетілдіреді, шығармашылық белсенділігі артады. Топтық жұмыста бос отыратын оқушы болмайды. Сабақ бойы оқушылардың барлығы дерлік іс – әрекет үстінде, жұмыс жасау, іздену үстінде болады. Мұғалім осы іс әрекетті ұйымдастырушы және басқарушы болады. Оқушылардан да соны талап етеді. Жаңа сабақ кезеңінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін түрлі сөзжұмбақтар, ойын түрлерін пайдаланамыз. Сабақ барысында оқушыларбір-біріне түсіндіреді, топта талдады, зерделеді, өздері ұйымдаса отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа тақырыпты ойлары мен пікірлерін постер қорғау арқылы дәлелдеп шығуға тырысты. Топтық жұмыс жасау кезеңінде 3 топқа түрлі тапсырма беру арқылы постер қорғады. Оқушылардың өздерінің талқылауына берілген сабақ оқушылардың өз идеяларын жеткізе алуына көмектесті. Аталған стратегиямен жұмыс жасау маңыздылығы ыңғайлы әрі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына негізделген болатын. Топтық жұмыс барысында «Ой қозғау», «Миға шабуыл» стратегиялары арқылы оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін тағы да ой елегінен өткізіп, білетін ақпаратты еске түсіріп, білмейтіндерін есте сақтап, жұмыс жасайды. «Екі жақты күнделік», «Аквариум», «Топтастыру», «Айналым» стратегияларын қолданудың маңызы зор. Оқытуда сыни тұрғыда ойлауды дамытудың стратегиялары өте тиімді. Оқытуда оқушыларды сыни тұрғыда ойлауды үйрете отырып, сыни тұрғыда бағалай білуге үйрету. Оқушыларға оқу үшін бағалау мен оқытуды бағалауды үйрету өте маңызды қадам болды. Оқушылар жаңаша бағалауға қызыға қарайды. Білімдерін бағалау оқушылардың таңғалысын тудырады. Себебі, бұрын тек мұғалім ғана бағалап келген, енді оқушылар бір – біріне баға қоюға болатындарын білгенде қызығушылықпен қарады. Оқушылар бір-бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы тығыз қарым қатынасты нығайтты. Сабақта «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «ББҮ» стратегияаларын қолдану оқушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейте түседі. Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар:Сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндап беру т.б. Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс тәсілдер қолдану барысында оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетті.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде

сөйлейтін азамат даярлау-басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет:

– мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетеді;

– оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсетіп, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелейді;

– оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді;

– оқушының өз-өзіне деген сенімділігі оянып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптасады.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет. Мұғалім әр сабағын жоспарлағанда:

***Бүгін нені үйретем? оны қалай үйретем? не арқылы үйретем? не үшін үйретем?*** деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастырып, оқушының назарын өзіңе аудару керек.

Оқушылардың тілдік дағдылардың қалыптасу қағидалары.

– Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қағидасы

– Ортақ тақырыптар аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру қағидасы,

– Оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын дамыта оқыту қағидасы,

– Оқушылардың қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділігін және өз беттерімен жұмыс істеу біліктерін дамыту қағидасы. Оқушыларды байланыстыра сөйлеуге төселдіруде сабақ барысында сыныптағы психологиялық ахуалға ерекше мән беремін, нәтижесінде оқушыларымның өздерін сабақ барысында еркін ұстауын байқадым. Сондықтан сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында: «Шаттық шеңбер» әдісін пайдаланамын. Бір-біріне жақсы тілек айту кезінде олар өздерін еркін және сенімді ұстауды үйренді. Ал сабақ барысында олар бір-біріне құрметпен қарайды. Бірін-бірі тыңдауды үйренеді.

Үй тапсырмасын тиянақтауда не білетінін анықтау үшін «Үш сөйлем» әдісін пайдаланамын. Осы әдіс арқылы ойын ашық, еркін түрде жеткізе алатындықтан өз тиімділігін көрсетті. Сабақ жоспарын құру кезінде сабақ мақсатына жету үшін «Не істеймін?», «Не істеу керек?» – деген сұрақтарға жауап іздеймін. Осы сұрақтардың төңірегінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Оқушыларды топқа бөлудің түрлі тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.

**Әдебиеттер**

1. Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары // Ізденіс. – 2004. – № 1. – 233-236 б.

2. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология – педагогикалық негіздері // Теоретические и прикладные аспекты подготовки специалистов в условиях университета. – Усть-Каменогорск, 1999.

3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической тхнологии. – М.: Педагогика, 1989.

4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя; от теории к практике. Монография. – Алматы: Ғылым, 2001.

5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМУ, 2003.

ҒТАХР: 14.25.07

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Жабелова А.А., Жакупова А.Б.,** ағылшын тілі пәні мұғалімдері педагог-сарапшылар
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Мектепте оқытуды технологияландыру қазіргі нарықтық экономика жағдайында өмір талабынан туындап отыр. Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі-мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Мектептердің оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып,сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, дарлап оқытуға мүмкіндік туады.

Білім мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Оқушыларға ағылшын тілін меңгертуде жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім сабақтың түріне қарай әр түрлі әдістерді тиімді қолдану керек.

Ағылшын тілі сабақтарында сөйлесім дағдысын қалыптас тыруда оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен шығармашылығын арттыруда жаңа әдістердің тиімділігі зор. Соның ішінде «Сын тұрғысынан ойлау технлогиясының» әдістері.

Сын-тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі белгілері бар, аталмыш технологияның мақсаты – оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де (толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі жағдайаттардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту болып табылады.

СТО технолгиясының негізі: ағылшын тілі сабақтарының үшбағыттық құрылымында: ой шақыру; ойлау; кері байланыс

***Ой шақыру*** тапсырмалары: өтілетін (оқытылатын) материал бойынша оқушылардың білімдерін жаңарту, не болмаса естеріне түсіру; өтілетін материалға деген оқушылардың қызығушылығын ояту; өтілетін тақырыпты оқушылардың өздері анықтауға мүмкіндік беру жататын болса, келесі ойды жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмаларына: өтілетін тақырыпты белсенді меңгеруіне жағдай жасау; өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыра білуге жағадай жасау жатады. Ал кері байланыстың тапсырмаларына: өтілген тақырып бойынша өз ойын қорытуға көмек беру; келесі тақырыпты өз бетімен анықтауға көмек беруді жатқызамыз[2].

Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың түрі мен құралдары мынадай:

– Тақырып бойынша жинақ;
– Мәтіндер талдауы;
– Түрлі көзқарастағы тапсырмалар құрастыру;
– Ұжымдық пікірталас;
– Топпен және жұппен жұмыстардың әртүрі;
– Дебаттар;
– Пікірталастар;
– Оқушылардың жазба жұмыстарын жариялау.

Оқытушының жұмысы тек сыни тұрғыдан ойлауға үйретумен шектеліп қалмай, оқушыларымызға ең қиын деген түсінікті есте сақтатып, әртүрлі мәліметтерді есте сақтауға дағдыландырамыз. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету – бұл оқытушының көпжақты жұмысының бір бөлігі ғана. Әрине, оқу барысында балалардың ойлау қабілеттері жетіле түседі, бірақ бөбектер де өз бетімен сыни ойлай алады. Білім алушылар мен оқытушылардың, жазушылар мен ғалымдардың әрқайсысы өздерінің танымдық қызметтерінде сыни ойлауға жаңалық алып келеді. Тек сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз, әрі өнімді бола бастайды.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумасынан білімге құмар болып келеді. Егер біз бір нәрсені байқай қалсақ, оның не екендігін білуге тырысамыз. Ал, егер бір қызық орынды көрсек оның ішіне кіргіміз келеді. «Тірі жандар әлемінде, – дейді химик, әрі философ Микаел Поланый, – құрт-құмырсқадан, тіпті амеба секілді қарапайым формаларынан бастап барлық тірі жандардың өзі қоршаған орталарына интеллектуалды бақылау жасауға тырысатындықтарын байқаймыз».

Сын тұрғысынан ойлау сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және төмендегі қабілеттерді дамытуды көздейді:

• айтқандарын негіздеуге және өмірлік тәжірибемізден «сабақ алуға» әзірлік,
• күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеяларын сыни бағалау;
• өзіңнің пікіріңді басқалардың сыни бағалауына және пікіріңіздің қате болуына ашық болу;
• идеяларды тексеріп, «шындыкты» іздеуге ұмтылу.

Балаларға негізделген, әділ сын тұрғысынан ойлауды қалай дамыту керектігін көрсету кажет. Оларға сұрақ қою, негіздеу, болжам жасау мен модельдеу дағдыларын жатгықтыру қажет. Сын тұрғысынан ойлауға окыту:

• қалай, қашан және қандай сұрақтарды қою қажет екендігі;

• қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керектігі туралы негізді шешім шығаруға үйрету дегенді білдіреді.

Бенджамин Блумның жіктеуінде сын тұрғысынан ойлау «бағалау» деген атпен ойлаудың алты дағдысының ең жоғарғысы болып табылады.

**Әдебиеттер**


1. Бөрібекова Ф.Б, Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014 – 360 б.
2. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования. – М.: Академия, 2001. – 272 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей / Бакиров К.А, Намысова Г.А, Аушева И.У., 2014. – 41б.
4. Meyers C. Teaching students to think critically: guide for faculty in all disciplines. – San Francisco: José-Bass – 47 б.
5. Beon J. Engaging ideas: the professors guide of integrating writing, critical thinking, and active learning in the classroom. – San Francisco: José-Bass – 71 б.



ҒТАХР: 14.01.01


## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ


**Конысбаева А.С., Әлжанова П.Б.,** бастауыш сынып мұғалімдері

«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ

(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріліп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған әдіс-тәсілдер жасалуда. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді.

Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге оқушының ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек. Сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету керек.

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері осыған жағдай жасайды.

**Белсенділіктің 3 деңгейі:**

• Қайта жаңғырту белсенділігі – оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі;

• Интерпретация белсенділігі – оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты түсінуге тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі;

• Шығармашылық белсенділік – оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі.

**Белсенді оқытуды ұйымдастырудың формалары (түрлері немесе әдіс-тәсілдері):**

– әр түрлі деңгейдегі дәрістер (мәселені шешуге бағытталған дәрістер, көзбен шолып байқауға бағытталған дәрістер, пресс-конференциялар, нақты жағдайларды талқылауға бағытталған дәрістер және т.б);

– топтық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары (оқушыларды ақпарат алмасуға бағыттайтын жаттығулар, атап айтсақ «мозаика», «миға шабуыл», семантикалық карта құрастыру);

– әр түрлі әдістер мен тәсілдер.

**Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде**

тиянақты білім; қиялдау мен шығармашылық; тез тіл табысу; белсенді өмірлік көзқарас; командалық рух; жеке; дербестік құндылық; өз пікірін білдіру, еркіндік; іс-әрекетке ерекше назар аудару; өзара сыйластық дағдылары дамды.

**Әдіс түрлері:** Ойын түрлері; Жеке және жұптық, топтық жұмыстар; Оқушылардың өз бетінше іс-әрекеттері; Нақты жағдайлар, олардың нәтижесін жасау; Сұрақтар қоюда ынталандыру (СТО-ға үйрету); Оқыту мәселелері.

Мұғалім оқушылардың оқыту мақсаттарын жеңіл игеруі үшін сабағын түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқушыға түсінікті, қол жетімді және қызықтыратындай етіп жоспарлауға тырысады. нұсқасын дайындауға болады.

Өткенді қайталау – өткен материал мен жаңа тақырыпты байланыстыратын, алдыңғы білім дағдыларының тиянақталатын бөлігі. Бұл бөлімде сан алуан тәсілдерді пайдалануға болады. Ауызша сұрақ-жауап «Ыстық орындық», «Сұрақты ұтып ал!» және «Доп лақтыру» т.б ойындары арқылы оқушылар бір-біріне дұрыс сұрақ қоя білуге және математикалық тілде дұрыс тұжырым жасауға үйренеді.

жатқан қағазды алып оқиды. Жазылған әрбір ойға келісітінін немесе келіспейтінін айтып,сыныпта талқылайды.

**Белсенділік.** Бүгінгі сабаққа(семинарға) қатысты берілген сөздегі әріптерден көбірек сөз құрастыруға тырысу керек ( Өте жақсы: 10 және одан да көп, Жақсы: 8 және одан да көп, Жаман емес: 6 және одан да көп).

Математика сабағында қолданылатын белсенді оқыту әдістері – оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түседі. Балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дұрыс орындайтын болады. Тәжірибе көрсеткендей, әдеттегі бірсарынды сынып сабағындағы оқушылар ойын кезінде өте белсенді болады.

Жалпы жұптық, топтық жұмыстар – оқушының белсенділігін, пәнге құштарлығын, сыни ойлау қабілетін және ізденімпаздығын арттырады.

**Венн диаграммасы**.

Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

**Ассоцациямен жұмыс.**

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға бағытталған оқыту – ол өз бетінше шығармашылық тұрғыдан олай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту. Бұл тіл үйренушінің шығармашылық қабілетін дамытып, алған білімін шынайы өмірде қолдана алуға мүмкіндік туғызады.

Оқыту үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау әрекетін енгізу оқушылардың өз бетінше білім алуына, әріптестерімен, оқытушымен бірге ой бөлісуге, алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде жаңа жағдаяттарда қолданып, әрекет етуге, өз ойын, пікірін айта алуға және басқалардың ойымен санасып бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

**«А Ә Б В»**

Сыныптағы оқушының әрқайсысына А, Ә, Б және В әріптерімен қоса төрт-төрттен үлдірленген карточкалардың жинағын дайындаңыз. Жауаптың төрт нұсқасы бар сұрақтар қойыңыз, оқушылар дұрыс жауапқа сәйкес келетін карточкаларын көрсетуі керек. Олардан қалғандарының карточка-жауаптарына қарамауын өтініңіз.

1-қадам. А сұхбаттайды Б тыңдайды, В сұхбаттайды Г тыңдайды;. 2-қадам керісінше. 3-қадам әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топта бөліседі.

**«А, В, С»**

А – сұрақ қояды.

В – жауап береді.

С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады.

Оқушылар топта үшеуден отырады. А – сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С – бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.

Оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

**«Айдаһар»**

Оқушыларды сергітіп алу үшін бәрін бір-бірінің белінен ұстатып тұрғызады. 1-оқушы «айдаһардың басы», соңындағы оқушы «құйрығы». Басы құйрықты ұстап алу керек.


**Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар 2012 жыл.
2. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. – Астана: ҰББСБО, 2013.


ҒТАХР: 14.01.03

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Кутешова Ж.С., Сарсембинова М.Т.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп. Мысалы: тірек сөздер беру арқылы әңгіме құрастыру, өлең құрастыру, мысалдарды, ертегілерді сахналау, шығарма жазу, ертегі мазмұны бойынша сурет салу, т.б.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзектілігі төменде көрсетілгендей:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.
2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылдық белсенділік артады.

Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады.

Мен істеймін – өзінің пәнге деген қызығушылық тетігін табуы.

Мен үшін керек – пәннің өз өміріне деген қажеттілігін сезінуі, талаптануы, оқуы, ізденуі.

Мен істей аламын – өз біліміне деген сенімділігі.

Сондықтан ұстаз ретінде менің алдыма қойған мәселенің өзектілігі: жеке тұлғаны табу, оған жетекшілік ету, әр оқушының шығармашылық қабілетін танып, біліп дамыту.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде оған кері әсер ететін кедергілердің де бар екенін әр уақытта есімізде ұстаймыз.

Ондай кедергілер:

1. Оқушының әлеуметтік жағдайының болмауы.
2. Психологиялық жағынан ойлау, қиялдың төмен болуы. Өз күшіне сенбеуі, жалқаулығы.
3. Денсаулығының нашарлығы.

Сондықтан мұғалім өз пәнін үйрету барысында әр оқушыны зерттеп, олардың өміріндегі осындай кемшіліктері болса, оны алдын-ала анықтау керек.

Оқушының шығармашылық қабілетін ашу,оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет. Мақсат-оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып шығармашылық жұмысқа баулу,ой-өрісінің дамуына мүмкіндік тудыру. Міндет-оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту,жан-жақты дамуына көңіл бөлу,ғылыми-

зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Алға қойған мақсат пен міндетті орындау үшін оқушы жастардың шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге,дамытуға ден қою қажет.

Шығармашылық дегеніміз-оқушының белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі. Бұл мәселені шешуде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар оқушының білім деңгейін-оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын үш кезең арқылы жүзеге асыруға болады.

**Бірінші кезең**-жаңаны,тың нәрсені дамыту, түпкі идеяны табуға ұмтылу. Бұл кезеңде әдеби-шығармашылық тапсырмалар беріліп, төмендегідей талаптар бойынша жұмыс жүргізіледі:

– шығарманы бөлімдерге бөліп,тақырыбын жазып келу; кейіпкер тобын ажыратып,олардың арасындағы шиеленісті түсіндіру;

– шығарма мазмұнына сай қанатты сөздерді ойлап жазу;

– әңгіменің белгілі бір бөлімінің көркемдік ерекшелігіне талдау жүргізу.

**Екінші кезең**-қиял,ұшқыр ой қалыптастыру.Бұл кезең – оқиға құрудың,образ жасаудың мүмкіндігі бар кезең. Мұнда оқушыға ертегі, әңгіме, мақалдарды жалғастырып жазу және аяқтау тапсырылады. Оқушы қиялға ерік беріп,оқиғаны дамыта отырып шығармашылық жұмыс істейді.Өз бетінше іздену-шығармашылық қабілетін ашудың көзі. Бұл бағытта төмендегідей жұмыстар арқылы оқушының таным көкжиегін арттыра түсеміз.

Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар сөзжұмбақ, ребус шешу, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыру/

Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері /Мәтінді өңдеу,берілген мәтіннен диалог құрастыру, мәтін бойынша шешендік сөз құрастыру/

Өз ойынан еркін тақырып құрастыруға берілген жұмыс түрлері /Өлең, ертегі, әңгіме, шығарма жазу.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін де амыту үшін басым міндетті оқушының өз қолына беріп отырған дұрыс.Бұл орайда сыныпты топқа бөліп,тақырыпқа сәйкес өлең құрастыру,қанатты сөз ойлап табу,шағын мөлтек сыр жазу тапсырылады / «Туған жерге қарыздармыз», «Менің Отаным-Қазақстан», «Қыздарға әсемдік жарасады»/.

**Үшінші кезең**-тапқырлық пен шеберлікке шыңдалу кезеңі. Бұл кезеңде оқушы белгілі бір шығармаға өзіндік кзқарас білдіріп,пікір / рецензия/ жазады,мәтінге әдеби-теориялық толық талдау жүргізеді,кіші ғылыми жұмыстарды қорғайды,әңгіме жазады. Осы үш кезеңнен өткен оқушы нағыз шығармашыл тұлға болып дараланады.

Сабақ үдерісінде баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды басты назарда ұстау керек. Бала өзінің бұған дейінгі білетін білігінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей жағдайға тірелуі керек. Сонда ғана ол білуге ықыластанады,әрекеттенеді. Сабақ үдерісінде мұғалім ұйымдастырушы,бағыттаушы адам рөлінде болуы тиіс. Әр оқушыға өз ойын,пікірін айтуға мүмкіндік беріледі,жауаптар тыңдалады.

Оқушы өз тұжырымын дәлелдеуге талпыныс жасайды. Әдіскер-ғалым Қ. Тасболатов «Проблемалық ситуация тудыру-оқушыларға сұрақ қойып,оны шешу ғана емес,мұндағы сұрақ әдетте қойылып жүрген сұрақтардан мүлдем өзгеше. Ол сұрақ оқушыға бейтаныс,өздігінен ізденіп,өзінше қорытынды жасай білетіндей сұрақ болуға тиіс» дейді. Бұл орайда оқушыға танымдық сұрақтар қоюдың маңызы зор.

Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу,ізденушілік әрекеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме,факультатив сабақтарын,таңдау курстарын,пәндік кештерді,КВН, конференция,дәстүрлі емес сабақ түрлері,дебат ұйымдастыру шығармашыл тұлғалардың ашылуына көп септігін тигізеді. Олар өздіктерінен ғылыми-бұқаралық әдебиеттер,әдістемелік журналдармен жұмысқа жаттығады,зерттеушілік іскерліктері мен машықтары шыңдалады.

Пәндік бағыт бойынша оқыту,үйрету әдістері арқылы оқушылар бойында мынадай дағды-әрекеттер қалыптасады:

– өз бетінше шығармашылық ізденіс жұмыстарын жүргізеді;

– зерттеу тәсілі арқылы көркем шығармаға идеялық-көркемдік баға беретін дәрежеге жетеді;

– түрлі сайыстарға қатысу белсенділігі артады;

– пәндік теориялық білігі молаяды, ойын әдеби тілде көркемдеп жеткізе алады;

– көркем шығармаға әдеби-теориялық кешенді талдауды меңгереді;

– сөйлем талдаудың кешенді жолдарын игереді;

– барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады;

– ақпараттармен өз бетінше жұмыс атқара алады.

Шығармашылық сабақтардың оқушылар үшін мынадай маңызды жақтары бар:

– оқушының танымдық іздемпаздығы қалыптасады;

– сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді;

– шығармашылық ой – өрісі артады;

– кітаппен жұмыс, көркем және ғылыми әдебиеттер, баспа материалдарымен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырады;

– ұжымдық ой – пікірлері жетіледі, топ мүшелерінің пікірлері мен ортақ тұжырым жасауға үйренеді;

– мұғаліммен оқушылардың қарым – қатынасы ынтымақтастықта болып, сенімділіктері артады;

– оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз мәдениетіне үйренеді;

– білімін жүйелі түрде толықтыруға үйренеді;

– өз әрекетіне сын тұрғысынан карауға үйренеді;

– тұжырым жасап қорытындылауға үйренеді;

– оқу міндеттерін тиімді шешу мүмкіндігін таниды;

– дүниетанымы кеңейіп, рухани дамиды;

– дарынды тұлға ретінде «мен» деген пікірі қалыптасады;

– бәсекелестік қабілеттері дамиды;

– мұғалімге тәуелділіктен арылып, шығармашылық жұмыстарға белсене араласуға үйренеді.

Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу, ізденушілік әрекеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме, факультатив сабақтарын, таңдау курстарын, пәндік кештерді, КВН, конференция, дәстүрлі емес сабақтар түрлері, дебат ұйымдастыру шығармашыл тұлғалардың ашылуына көп септігін тигізеді. Олар өздіктерінен ғылыми-бұқаралық әдебиеттер оқуға және әдістемелік журналдармен жұмыстар жасауға жаттығады, зерттеушілік іскерліктері мен машықтары шыңдалады.

**Әдебиеттер**

1. Махмудов М.И. Мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – А.: «Мектеп», 1981. – 247 б.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1967.
3. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – А.: «Қаз.унив.», 1991. – 128 б.
4. Абубәкірова С. Текстпен жұмыс істеудің әдістемесі. – А.: «Қаз.унив.», 1993. – 105 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. – А.: «Ғылым» баспасы 2004.
6. Ушинский К.Д. Педагогика. – М.: «Просвещение», 1980.
7. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. – М., 1997.
8. Дарындылықтың психологиялық диагностикасы. – Астана «Дарын», 2007.

ҒТАХР: 14.25.07

## САБАҚТА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Магауянова Г.Ж.,** биология-химия пәндерінің мұғалімі,
**Берикова Б.Б.,** биология пәнінің мұғалімі
«№ 36 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжушылық

болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты.

Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек. Белсенді оқу тәсілі жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады, қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашып, нәтижесінде терең білім мен көзқарасты өзгертеді. Белсенді оқуда өз тәжірибесінің негізінде үйреніп, оқушыларға эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бірлескен оқу тәсілі құрылымдалған топтық жұмыстан тұрады. Бұл әдісте тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары жетіліп, ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдылары дамиды.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

Оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде оқушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігін анықтауға көмектесеміз. Сонымен бірге оқушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, оқушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектесеміз.

Оқушылар өзара әңгімелесу арқылы тапсырмаларды талқылауы бір-біріне білім мен дағдыларды үйрете отырып, тақырыпты терең түсінуіне жол ашады. Оқушылардың өз үлгерімі туралы ойланып, әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік ала отырып, тапсырманы күрделендіріп, оқушылардың оқуға деген уәжін арттырып отырады. Оқыту процесінде білім алушының қойылған оқыту мақсаттарын түсінгендігін растау ретінде басқа да оқу міндеттері қойылып және тиімді сыныптық пікірталас қалыптасқаны маңызды. Мұғалімнің тұрақты түрде кері байланыс жасауы білім алушыларды алға қарай жылжуға, жақсы нәтижеге жетуге ынталандыратын болады.

«Белсенді әдіс» тәсілдері оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Белсенді оқыту **барлық** оқушыларға оқуға негізделген. Мен таңдаған **«Түсіндіру және сипаттау», «Сұрақ қою және талқылау», «Зерделеу және зерттеу»** әдістері барлық оқушыларды ынталандыруға бағытталған.

Джером Брунердің спиралдық оқу бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді жоспарымда оқушыларға қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмалар ұсынамын.

Сабаққа барлық оқушылардың қатысып отырғандығына көз жеткізу үшін «Белсенді оқытудың» «**Сұрақ қою және талқылау**» тәсілін басшылыққа аламын. Себебі, берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жауаптары әр түрлі болады. Білімді өмірмен ұштастырып, дәлелдемелер келтіріп сұрақтарға жауап береді, талқыға салады.

Белсенді оқытудың **«Көрсету және модельдеу»** әдісі-белгі-символдық құралдармен әрекет ету процесінде жаңа ақпарат алудан тұратын белгі-символдық әрекет.

**Биология сабағында «Белсенді оқытудың» Зерделеу және зерттеу әдісінің негізгі мақсаты-**оқушылардың проблемалық мәселе көтеруін немесе зерттеу бағытын жорамалдауды сұрау; белгілі бір жағдайларды жалпылауға болатынын зерттеуді сұрау; қарсы мысалдар іздеп, ерекше жағдайларды айқындау.

**«Белсенді оқытудың»**

**«Рефлексия және бағамдау:** Оқушылардың қателерін анықтап, олардың өзін және оған алып келген түсінбеушілікті талқылай отырып, бұны оқытудың жағымды қыры ретінде қолдану; оқушылар өздері таңдаған әдістері мен ресурстарын неліктен таңдағанын түсіндіру үшін пікірталас жүргізу; оқушылардың топқа немесе бүкіл сыныпқа жасаған таныстырылымын бағамдау; олардың жазбаша жұмысына ауызша кері байланыс ұсыну.

Тәжірибе барысында ***«Кластер»*** әдісін тиімді пайдаланудамын.

Мақсаты: идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланысты жинақтау, тұжырымдау. Оқушылар тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын картаға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер арқылы).

***«Миға шабуыл»*** әдісі

Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу.

Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

***«Галереяны шарлау»*** әдісі *Саймон Браунхилл бойынша*

Мақсаты: талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.

Сараптау, жинақтау, бағалау; Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. Сыныптастарын ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын сыныптастарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

***«Өрмекші» әдісі*** *(постерде)*

*Мақсаты:* Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Өрмекші сұлбасына меңгерілген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді.

***«Үштік»*** әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс.)

Мақсаты: Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.

Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тындалым, жазылым дағдылары қалыптасады.

***«Дауыстап ойлау»*** әдісі

Мақсаты: Оқи отырып ой түю, ой бөлісу.

Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

***«Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі»*** әдісі

Мақсаты: Оқушыны алған білімін саралай білуге дағдыландыру.

Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды.

Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

***«Қара жәшік»*** ішіндегі жұмыс

Мақсаты: Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту.

Оқушының оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді

***«Ашық микрофон»*** әдісі

*Саймон Браунхилл бойынша*

Мақсаты: оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру шығармашылығын шыңдау.

Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Қорыта келе, биология сабағында «Белсенді оқытудың» әдістерін сабақта пайдалану:

*Мұғалімдерге:*

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5.Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

*Оқушыларға:*

1.Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;

2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;

3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;

4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер**


1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. – К.: Радянська школа, 1983. – 244 с.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 б.
3. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.
4. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы студентны дамыту құралы ретінде. – А., 2002. – 198 б.
5. Загвязинский В.И. Теория обучения: Современная интерпретация: Учебное пособие для вузов. 3-е изд., испр. – М.: Академия, 2006. – 192 с.
6. Краевский В.В., Хуторской А.В. Основы обучения: Дидактика и методика. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 352.


ҒТАХР: 14.25.09

## БАСТАУЫШТА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ОРНАТУ НЕГІЗДЕРІ

**Молдамсеитова Г.О.,** бастауыш сынып мұғалімі педагог-зерттеуші,
**Жаманбаева Ш.М.,** бастауыш сынып мұғалімі педагог-сарапшы
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жаңартылған білім мазмұны жүйесімен бастауыш сыныптардағы педагогикалық үдерістердегі пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары өзіндік сипатқа ие болады.

Оқу пәндер арасындағы өзара байланыстың болуы – түрлі ғылым салаларын меңгеру және танымдықтың оқу-жаңа білімді алу, тәрбие, даму кешенді түріне ие болу арқылы тілдік қатынастың ерекшелігін ескеру-бұл: бастауыштағы орын алатын пәнаралық байланыстарда оқушылардыңәртүрлі ғылыми ұғымдар жүйесімен таным-түсініктерінің қалыптасуын зерделеу, ауызша және жазбаша нормаларын меңгеруі, сөйлеудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес қарым-қатынастың түрлі жағдайында мәнерлік тілдік құралдарды пайдалану білігі. Сауатты сөйлеу мен сөздік қорының артуына, алға қойылған мақсатты айқындауда, танымдық әрекеттегі оқыту технологиясының табиғатында жатқан дүниетаным логикасының қазақ ұлттық дүниетаным жүйесінде де танылған бейнесін салыстыра отырып, оқушылардға ана тілі арқылы білімді төл табиғатына жақын етіп беруді басшылыққа алады.

Дүниені ақиқаттық және шындық тұрғысынан танудағы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерін оқудағы бірізділіктің болуын басшылыққа алу – бұл: оқытудағы бірізділік – жаңа оқу материалын оқу бұрынғы оқытумен қамтамасыз етілетін көрсететін білім беру және оқытудың талабы. Білім талаптың орындалуы оқыту үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Жаңа материалды баяндауда мұғалімнің үнемі оқушылардың қабылдаған білімдеріне сүйенуді бұл олардың жұмысын жандандырады, бұрынғы оқылған материалдарды қалпына келтіріп, оқушы санасында берік бекуіне көмектеседі. Бұл талаптың тәжірибеде пайдаланылуы оқытудың қарапайымынан күрделіге, жақыннан алысқа, жеңілден ауырға, нақтылыдан абстрактіліге деген ережелерін орындауда байқалады. Бастауыштың оқу жоспарлары мен бағдарламалары оқытудағы бірізділігін қатаң сақтай отырып жасалады және оқудағы бірізділік пәнаралық байланыстады жүзеге асыруда ерекше мәнге ие болады.

Пәнаралық байланыс жан-жақты танымдық білім мен тәрбие беруде жеке пәндерді топтастыруда ортақ тақырыптардың болуынжүзеге асыру – бұл: оқушылардың ақыл-ойы және күш-қуаттық қабілеттерінің, дүниеге көзқарасын, моралін, жүріс-тұрысын, қоғамдық өмірге және еңбекке даярлығының меңгеруін қамтамасыз ететін ғылыми білімдердің, біліктердің, дағдылардың,

қатынастардың және шығармашылық іс-әрекеттің барыстары. Білім беру және тәрбиенің көзі болып мәдениеттің бүкіл көп түрлілігі қызметін шиыршықтық жүйемен оқу-тәрбие жұмысында теория мен тәжірибенің байланысын жүзеге асыру жолы, оқушыларды өміргедаярлаудың маңызды шарты.

Пәнаралықты ұйымдастырудың әдістемелік-жаңашылдық жүйесін қолдану, оқушыларға білімі-танымдық және тәрбие беру барыстарының барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасау – бұл: нақты міндеттерді шешуге бағындырылған, шындықты меңгерудің тәжірибелік немесе теориялық салыстырмалы біркелкі тәсілдері мен амалдарының жиынтығы. Педагогикалық жаңалықтарды жасау, қабылдау, бағалау, меңгеру, қолдану барысын басқару мен жеке пәндерді оқыту саласының тәсіл, айлаларын жақсы және білікті қолдану, соның негізінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін орынды шеше алу.

Пәнаралық байланыстағы білім беру мен оқыту және тәрбиелеу барыстарын ізгілендіру /гуманизациялау/ – бұл: оқытудың мазмұнына, формасы мен әдістеріне рухани-адамгершілік пен ізгілендіру идеяларын тарату; білім беру үдерісімен тұлғаның еркін және жан-жақты дамуын, оның қоғам өмірінде анық әрекетті қатысуын қамтамасыз ету. Оқытуда әрбір білім алушы оқушыға рухани бай, технократия мен адамгершіліксіздікке қарсы тұра алатын дамыту мақсатында жаратылыстану- математика, гуманитарлық және эстетикалық білім мен тәрбие беру пәндер циклдері арасында үйлесімді тепе-теңдікті орнату. Оқушы тұлғасының берік және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін өмірге құндылық қатынастарды қалыптастыру. Оқушы болмысының істері мен ойларына жоғары сипат беруге қабілетті борышын сезіну, әділдікті, шындықты, жауапкершілікті және т.б. тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыста әр оқушының тұлғалық жеке ерекшеліктерін дамыту мен оқыту және тәрбиелеудегі бірлескен ұжымдық әрекетті ұйымдастыру – бұл: педагогикалық үдерісте орын алған пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға қатынасушылардан өзара келісім мен ынтымақтастық, бірлескен іс-әрекетті үйлестіру, тұрақты өзара әсер жағдайында болу біліктерін талап ететін жеке, ұжымдық және топтық жұмыс болып табылады. Оқу-тәрбие үдерісінде әлеуметтену, өзара әрекет, оқушы тұлғасының жеке және ғылыми-танымдық мүдделерін біріктіреді.

Пәнаралық байланыс – мұғалімнің кәсіби қызметіндегі шығармашылдық және педагогикалық әрекетті ұйымдастыру мен белсенділігі – бұл: жеке пәндердің оқу материалдарын өзара кіріктіру жағдайындағы оқу-тәрбие үдерісіндегі, оқушылармен қарым-қатынастағы тиімді және қалыпты жағдайдағы емес педагогикалық шешімдерді мұғалімнің жасап шығаруы және жүзеге асыруы. Кәсіби шығармашылық педагогта терең және жан-жақты білімдер, оларды сын көзбен қарау, өңдеу және мағыналы ұғынудың бар екендігімен сипатталау; педагогикалық әрекеттерге теориялық және әдістемелік қағидаттарды бірінен-біріне ауыстыру білігі; өз бетімен білім алу және өзін-өзі жетілдіру, жаңа әдістемелерді, формаларын, тәсілдер мен құралдарды және олардың түп нұсқалы біріктірілуін, іс-әрекет жүйелерінің диалектілігі, өзгергіштігі, жаңа жағдайларда қолда бар тәжірибені қолдану тиімділігі; өз іс-әрекетін және оның нәтижелерін рефлективтік бағалауға қабілеті; білімдер мен алдын ала сезінуге негізделген түрлендіруге қабілеті; көп мәнділікті көре білуі.

Оқушылардың білімділік, дамушылық және тәрбиелік деңгейін анықтау, пәнаралық байланыстағы оқушылардың әрекеттерін іске асыру, диагностикалау – бұл: педагогикадағы пәнаралық байланыс құбылысын талдау – өзінің оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін, жағдайын мұғалімнің өзі зерттеуі, педагогикалық құбылыстардың құрамалары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жетілдіру жолдарын онан әрі анықтау. Педагогикалық талдаудың қызметтері: /диагностикалық, танымдық, түрлендіргіштік, өз бетімен білім алушылық/. Педагогикалық үдерістегі пәнаралық байланыс жағдайларын объективті және жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ететін оқытудың өлшенетін көрсеткіштерін есепке алу тәсілі; танымдық барыста орын алып отырған барлық өзгерістерді анықтау тәсілі. Диагностика бақылаудан (тексеру), бағалаудан, статистикалық деректердің жинақталуынан, олардың талдауынан, серпін мен беталысты айқындаудан және одан әрі дамудың болжамын құру.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында білімдер жиынтығын кешенді игертуде оқушының тұлғалық болмысын дамыту стратегиясын белгілеу үшін оның техникалық, әлеуметтік, экономикалық дамуы тенденциясын зерделеу әдісін де басшылыққа алу қажет екендігі заңдылық болып табылады. Сондай-ақ, пәнаралық байланыста кешенді білімдерді оқушыларға тасымалдауда орын алатын «педагогикалық құбылыс» жоспарлылық, мерзімділік, кезектік /ортақ бөлімдер мен тақырыптар, пәндік мазмұндардың жақындығы т.б./, үйлесімділік пен шиыршық жүйесімен іске асырылуы тиімді болып табылады.

Пәнаралық байланыстар барысында орын алатын осындай педагогикалық құбылыстардың

негізгі міндеті оқушылардың меңгерген түсінік-ұғымдары жайындағы білімін жүйелеу, жаңғырту немесе алғашқы білім бөлшектерін беру болып табылады.

**Әдебиеттер**

1. Ақшолақов Т.Қ. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. – Алматы, 1994.
2. Ахметов К.К. Әдебиеттану әліппесі. – Алматы, 2000.
3. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім Құдайбердиев, творчестволық өмірбаяны /методикалық нұсқау/ – Алматы, 1989.
4. Бітібаева Қ. Дүниетануды оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.
5.Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. – Алматы, 1997.

ҒТАХР: 14.25.07

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТРЫРУ

**Мухамедиярова Д.М., Карибаева С.Б.,** бастауыш сынып мұғалімдері зерттеуші-педагогтар
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазақ тілі сабағында оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу.

Тыңдалым дағдысы бойынша негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – есту арқылы түсіну. Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. Қазақ тілін оқыту барысында тілдің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып ертеңгі өмірден орын таба алатын, өзіне сенімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсуіміз қажет.

Әдіс деген сөз гректің «metodos» деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым *белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары* деген мағынаны білдіреді. Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік «әдіс» – мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет- деген анықтама береді.

**Оқыту әдістері -** оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Оқушыларға қазақ тілін меңгертуде жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім сабақтың түріне қарай әр түрлі әдістерді тиімді қолдану керек.

Тыңдай білу – тілдік қатынастарда аса қажетті біліктердің бірі. Бұл біліктіліктің адамның күнделікті өмірде атқаратын қызметі аса зор және адамның қатынас икемділігінің негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Арнайы зерттеулердің нәтижесінде адам орта есеппен уақытының 29,5%-ын – тыңдауға, 25,5%-ын – сөйлеуге, 10%-ын – жазуға жұмсайтындығы анықталған. Іскерлік қатынастар жағдаяттарында жұмыс күнінің 16%-ы оқуға, 9%-ы жазуға, ал 30%-

ы сөйлеуге кетеді екен. Тіпті ресми емес әңгімелесулердің барысында да адам әріптесінің айтқан сөзінің тек 60-70%-ын меңгеретін көрінеді.

Абай Құнанбаев «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: бірінші – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде иә көргенде ғибраттану керек, көңілденіп, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек», – дейді. Ес адамның әр алуан іс-әрекеттерімен байланысты болып, тіршілікте аса маңызды қызмет атқаратын болғандықтан, оның түрлері мен көріністері де әр қилы.

Тыңдалымның мақсаты оқушыны: Аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін детальдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға, ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өзге адамдардың көмегінсіз түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио бағдарламаларды еркін, түсініп қабылдауға таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, т.б. үйрету.

Тыңдалымға арналған белсенді жұмыс түрлері: Оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді.

Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әр түрлі болуға тиісті. Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек: кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, «ғапу етіңіз, сөзіңізді бөлемін» деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек.

Тыңдау екі түрлі болады:

1. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау.
2. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау.

Сөйлеуші адамның мінез – құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс.Мәдениет мәйегі. Адамның жан дүниесін тануға деген құлшыныс, ой-сезіміне деген құлықтылық, жүрек түкпіріндегі мұң-сырына ортақтасауға деген бейімділік, қарттықты құрметтейтін, жастықты үкілейтін, қайрымдылықты қастерлейтін игі дәстүр, балаға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, іниге ілтипатты кие тұту – рухани өміршеңдіктің, әдептіліктің, мәдениеттің басты көрінісі.

Жан баласын жатсынбайтын, өзгелерге түсініспен қарайтын, болмысынан турашыл, адал, жомарт, батыр, қайсар, өжет, өр қасиеті – қазақ мәдениетінің мәйегі. Тіл табыса білу – өнер. Ауызекі сөйлеу және тыңдау мәдениеті. Сөз мәдениеті ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениеті болып бөлінеді.

Оқушыларға тыңдау дағдысын қалыптастыруда жадының маңызы. Баланың кез келген іс-әрекеті оның жұмыс істеу әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты болады. Қолданылатын әдістің тиімділігі оның нәтижелілігінің кепілі болады.

**Әдебиеттер**


1. Сатыбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Фолиант баспасы, 2008.
2. Атабаева С. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. – Алматы: Білім баспасы, 2006.
3. Бегман Ысқақ Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2007.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.



FTAXP: 14.25.07


## МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ


**Мухатаева А.Т., Косетова А.К.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)


Бастауыш сыныпта математика пәнінен оқушыларға мәтіндік есептерді шығару қиынға соғады. Бастауыш сынып оқушыларының есеп шығаруға деген қызығушылығын арттыруда түрлі дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас,

пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум, Эссе және басқалар.

Дәстүрлі оқыту мен белсенді оқудың айырмашылықтары:

Дәстүрлі білім беру – білімді жинақтауға негізделеді. Оқыту, үйрету, білім беру.

Белсенді оқу – білімді өздігімен игеруге негізделеді. Оқу, үйрену, білім алу.

Қазіргі кезеңдегі кез-келген педагогикалық технология оқушылардың белсенді ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Белсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада нақты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды.

Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын белсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жұппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер акуционы, Аяқталмаған сөйлем.

Белсенді оқыту технологиясының аса көп мөлшері белгілі. Әр ұстаз өз бетінше оқу материалының мазмұнына орай, топтың дайындық деңгейіне орай әртүрлі оқыту әдістерін таңдап алады. Соның ішінде математика сабақтарында қолдануға болатын кейбір интербелсенді әдістерге тоқталғанды жөн көрдім.

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы. Ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа оқушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы алдандағы мақсаттың ауыр, жеңіліне, оқушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан оқушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

Белгі қойып оқу (INSERT – *Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng – тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің белсенді тәсілі. Оқушылар дәрісті тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін оқушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу, математиканы қызығырақ, түсініктірек оқыту мүмкін емес. Белсенді әдіс-тәсілдерді меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсер тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

**«Борт журналы» әдісі**

«Борт журналы» – тақырыпты оқып үйренуде өз ойларын жазуға үйретудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қамтитын жалпылама атауы. «Борт журналы» қарапайым түрде мәтінді оқу алдында және оқу материалымен танысқан соң қолданылады.

Оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады:

Берілген есеп бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?

Есепте не туралы айтылған?

Не белгілі?

Не белгісіз?

Есептің сұрағы қандай?

Есептің сұрағына бірден жауап бере аламыз ба?

Мәтіннің түйінді ойларын оқушылар өздерінің «Борт журналына» енгізеді. Оқу кезіндегі үзілісте оқушылар тақырыпты өз ойларымен, тәжірибелерімен байланыстырып, «Борт журналының» бағандарын толтырады. Мұғалім оқушылармен бірлесе отырып жұмыс орындайды

**«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі**

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты келесі сұрақтарға ауызша (жазбаша) жауап беруді тапсырады:

**Қайда?** Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

**Қалай?** Өткен тақырыптардан осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

**Қандай?** Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мысалы: *теңсіздік, мәндес, айнымалы*

**«IDEAL»** белсенді әдісі. (Проблемалық жағдаяттар берілген ақпаратпен жұмыс істеуге қолайлы тәсіл).

Оқушылар оқулықтан есептің мәтінін оқиды.

I – мәтін мазмұнындағы проблеманы анықтау

D – проблеманы сипаттау

E – проблеманы шешу жолдарын анықтау

A – проблеманы шешу үшін әрекет жасау (мәселені шешу жолын көрсету)

L – қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау.

Мәтінді есептерді шешу алгаритмінің блок схемасын құрастыру.

(Блок схемасын құрастыруда) жүйелік органайзер материалдың ақпараттық маңыздылығын арттырып, жүйелі түсінік алуға мүмкіндік береді.

**«Үштік» әдіс** (Ойлан, жұптас, бөліс.

Мақсаты: Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.

Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тындалым, жазылым дағдылары қалыптасады.

**«Дауыстап ойлау»** әдісі

Мақсаты: Оқи отырып ой түю, ой бөлісу.

Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды. Аталған әдіс бойынша оқушылар есептің мазмұнын ауызша талқылауға үйренеді.

## Әдебиеттер


1. Бекболат Қ., Сердалы А. Математикалық сауаттылық. – Астана, 2017.
2. Барабанов О.О. Задачи на проценты как проблема нормы словоупотребления \\ Математика в школе, № 5. – 2003.
3. Барабанов О.О. Конкурсный экзамен по математике. Формулы успеха. – Ковров, 1998.
4. Захарова А.Е. Несколько задач про «цены» \\ Математика в школе, № 8. – 2002.
5. Петров В.А. Элементы финансовой математики на уроках \\ Математика в школе, № 8. – 2002.
6. Сборник задач по математике для поступающих в вузы (с решениями). В двух книгах.
7.Книга 1. Алгебра / Под ред. М.И. Сканави. – 9-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский дом «ОНИКС 21 век»: Мир и образование, 2001.

ҒТАХР: 34.01.45

# САБАҚТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Намазбаева А.Ж., Қайырлыбекқызы Ә.,** биология пәні мұғалімдері
«№ 22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицей» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқушылардың танымдық белсенділігі мен тәуелсіздігінің сәтті дамуы оқу процесі әр баланың интеллектуалды белсенділігі ретінде оның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылған кезде мүмкін болады; оқушының қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, дайындық деңгейін, танымдық ерекшеліктерін біле отырып, оның білімін, дағдылары мен дағдыларын игерудегі, қабілеттерін дамытудағы рөлін толық пайдалануға болады.

Биология пәнінің білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

Оқушымен тікелей қатынаста отырған мұғалім қауымға үлкен жауапкершілік жүктейді. Әр маман иесінің өзінің саласы бойынша білімін тәжірибемен тиімді ұштастыра білуінің өзектілігі ешқашан мәнін жойған емес. Өйткені оқушыға берілетін білімінің ғылыми негізі жан-жақты айқындалып, өзіндік бағытын нақты ұстанатын болса, онда әр маман өзінің алдына қойған мақсат-міндеттерінің игі нәтижесін көретін болады. Оған жету білім мазмұнын жаңартып отырған жағдайда ғана ұтымды жүзе асатыны тәжірибеде дәлелденіп келеді.

Оқушының танымдық деңгейін көтеру, өмірге көзқарасын қалыптастыру, логикалық ойлауын жетілдіру күн тәртібінен түспеген мәселе ретінде болашақ мектептің де үлесіне тиеді. Ондағы оқу пәндерінің құрылымы мен мазмұнын өмір талабына сай жаңарту арқылы жеке тұлғаның бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру әрбір пән иесінен, яғни педагогтан тың тәжірибе мен шығармашылық ізденісті күтеді.

**«Құрылысшы ойыны»** өте тиімді тәсіл. Мәтін бөліктерін тез жинау. Оқу шапшандығын және өз ойын еркін жеткізу қабілетін дамытудағы үлесі зор екендігіне көз жеткіздім.

**«SVOT» әдісі** оқушының өзін және өзге топты бағалауына өте тиімді.

**«Көршіңмен сырлас**» – бұл әдіс оқушылардың өз ойын ауызша білдіруіне үйретеді. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріңіз. Өз ойын көршісімен бөлісіп, ақылдасуын сұраңыз.

**«Температура өлшеу әдісі»** бұл әдіс топтық жұмыс барысында мұғалім топ жұмысын бақылау үшін «біз не істеп жатырмыз?» деген сұрақ қою арқылы оқушылардың жұмысы нәтижелі болу үшін бағыт береді.

**«Сұраққа жылдам жауап»** тақырыпты терең түсіну және оқушылардың назарын сабаққа аударып,ой-өрісін дамыту мақсатында төмен дәрежелі сұрақтарға толық жауап алу мақсатында қолданамын.

**«Сюжеттік кесте»**

Оқушылардың мәтінді қаншалықты меңгергенін бақылау үшін сұрақтарға сәйкес төрт сөзден тұратын сөйлем құруды тапсырыңыз. «Сұрақты тауып ал» бірнеше сөйлем бір сұрақтың жауабы болады.

**«Мұғалімге хат жазу»** сабақ аяғында оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақ қояды немесе түсінбеген, түсініксіз сұрақтар бойынша ұсыныстарын жазады.

**«Эссе жазу»** 3 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс-тәсілдің бірі.

**«Сұхбат алу»** ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді.

**«Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі** топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады.

**«Логикалық тізбекті ажырату»** бұл әдісті сабақ қорытындысын шығару кезінде қолданған тиімді. Оқушыларға тақырыпқа сәйкес негізгі сөздер тізбегін жүйелілікке келтіру тапсырылады.

**«Шырша немесе фишбоун»** бұл стратегия оқушыларды көлемі үлкен тақырыпты бірнеше себебі мен дәлелдемесі келтірілген шағын тақырыпшаларға бөлуді үйретеді.

**«Стикердегі диалог»** әдісі. Бұл – үй тапсырмасын тексеруге, қорытынды сынақ немесе қарапайым ереже сұрауға таптырмас әдіс. Өйткені бұл әдісті қолданған кезде оқушы оқылған сұрақтың жауабын білуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдіс оқушыны тез ойлануға, есте сақтау қабілетін дамытып,шапшаңдыққа үйретеді. Себебі, қағазда жазылған сұрақ басқа, жауап та басқа. Осы жерде оқушының шапшаңдығын, аңғарымпаздығын тануға болады. Сонымен қатар, бұл әдіс сыныптағы ынтымақтастық атмосферасын орнатуға да мүмкіндік береді. Оқушылар өз сұрағының жауабын естуге тырысады және өзіндегі жауаптың сұрағын тыңдауы тиіс. Осы жерде сынып оқушыларының арасында сыйластық қалыптасып,бір- бірінің сөзін тыңдауға бейімделе бастайды.

Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. 7 модульді сабақтарға кірікті ре отырып, жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдалану өте тиімді.

Жаңашыл, іздемпаз ұстаздың міндеті – сынып оқушыларының бұрын білмеген басқа қырларынан танытуы мен ортақ белгісін табуға мүмкіндік туғызатын ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.

«Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» модуліндегі «Ойлар бұлты» әдісінің жаңа тақырыпты бекіту, үй тапсырмасын сұрау мақсатында тиімді екендігіне көз жеткіздім. Себебі, біріншіден, жадыны дамытады. Оқушы жаңа тақырып бойынша бір түйінді сөз жазады. Кез келген сөз емес, ерекше есте қалған сөзді жазады. Кейін талқылау кезінде ол сөзді неліктен жазғанын, ол сөздің жаңа тақырыппен қаншалықты байланыстылығын өзі түсіндіреді.

Екіншіден, бұл әдіс оқушының өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Егер оқушы бір сабақта тақырыпты меңгермеген болып, басқа сөз жазса, келесі сабақта ол сыныптастарынан қалмай, түйінді сөз жазарда ойланып жазады. Сол сөздің мағынасын өзі айтып түсіндіретін болған соң, оқушы ойланып жазады, жауапкершілігі артады.

Биология сабағында оқушылардың сыни ойлауын дамыту, айтылым, оқылым, жазылым бойынша ой-өрісін, сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің тәсілдерін қолдану көп нәтиже береді. Сын тұрғысынан ойлау деген тіркесінде тұрғысынан деген термин ойдың мәселені шешу үдерісінде шоғырлануын білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда сыни сөзі «мақұлдау» немесе «теріске шығаруды» білдірмейді. «Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталады. Ол маңызды мәселерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды.

**Әдебиеттер**


1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
2. Оқу бағдарламалары 7-9 сыныптар, 2018.
3. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар, 2006.
4. Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.
5. Қарсыбаева Р.Қ. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей, 2 басылым, 2014.


ҒТАХР: 17.81.97

## ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАР


**Нугуманова А.Т., Әсімғазы Ә.Б.,** география пәні мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Бүгінгі талап оқушыға білім берумен бірге оны білікті түрде қолдана алуына, оны дағдыға жеткізіп қана қоймай баланың ақыл-ойын, қабілетін дамытуға, әрекет нәтижесінде белгілі тұжырым жасай алуға үйретуге негізделеді. Әрине, оқытудың барлық әдістері баланы дамытуға бағытталған.

Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын оқушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс.

Оқушылар жеке, жұптық, топтық жұмыс жасағанда диалогқа түскені жөн. Себебі қабілеті әртүрлі оқушылар, бір-бірімен жұмыс жасағанда, әрқайсысы өз пікірлерін айтады, яғни

жауапкершілікті сезінеді. Топтық жұмыста оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі бағалау, немесе топаралық бағалау жүзеге асады. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың белсенділігі, шығармашылығы артады. Топтық жұмысты жүзеге асыру, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға,мүмкіндік беретініне сенімдімін. Себебі оқушыға сыни ойлауын жүзеге асыратындай тапсырма бергенде ғана, оқушы ойланады. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің , ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге, өмірде қолдана білуге бағытталған пәндік шешім. Балаларды диалог пен дәйектер, талқылауға тарту белсенді жүргізілетін жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зиятты жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түседі.

Қызықтыра білетін, тылсым ғажайып сырға толы тән. География пәнінің тағы бір ерекшелігі – оқушылар өздігінен ізденіп білім дағдысын толықтыруға, қосымша мәліметтер жинақтауға, сөзжұмбақтар құрастыру, рефераттар даярлау, интернет жүйесін қолдану, слайдтар жасау сияқты жұмыс түрінен өткізуге тиімділігі. Әрине мұндай заман талабына сай білім беріп, ынталандыру үшін сабақты қызықты әрі түрлендіре өткізу қажет. Қазіргі таңда педагогика саласында туындап жатқан жаңа технологиялардың маңызы зор. Мұндай сабақтар оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Осы мақсатымды жүзеге асыру үшін деңгейлік тапсырмаларды орындатамын «Сандар сөйлейді», «Кім жылдам», «Семантикалық карта», «Адасқан нысанды табу», «Мен – өзенмін», «Тұлғаны тану» сияқты тәсілдерін пысықтау, қорытындылау сабақтарында жиі қолданамыз.

Жалпы білім беру жүйесіне енгізілген жаңалыққа оқушыладың білімін тексеруде:

– топпен жұмыс істеуді ұйымдастыру

– оқушының өзін-өзі тексеруі

– оқушылардың бірін-бірі тексеруі

– оқытудың модельді жүйесі

– дарынды балалармен жұмыс істеудің жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану жатады.

География сабағына қажетті көрнекілік, жаңаны тану ретінде де, ой немесе әңгімені елестету үшін де, аңғарымдылығын дамыту үшін де, материалды еске сақтау үшін де қолданылады. Көрнекілік құралдар оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде қолданылады: жаңа білімді хабарлаған кезде, кейде мұғалім жаңа білімді хабарлауы орнына (мысалы, кинофильмді көрсету, тәжірибе жасау); білімді орнықтыру және іскерлік пен дағдыны қалыптастыру кезінде үйге берілген тапсырмаларды орындаған кезде сызбаларды сызу, кестелерді жасау, суреттемелерді орындау және т.б.; меңгеруді бақылаған кезде (мысалы, карта, кесте бойынша айтып беру, аспаптар құрлысын түсіндіру). Көрнекілік оқушылардың жас ерекшілігін ескере отырып пайдаланылады.

Ең тиімдісі – көрсетілген оқыту жүйелерінің барлығы үйлесімді болуы керек. Бірақ қазір қоғамға ерекше, денсаулығы мықты, қызықты, ойшыл, тәуелсіз тұлғалар қажет. Осылайша, жаңа технологиялар оқыту процесін радикалды өзгертуі мүмкін. Оның мақсаты – оқушыларды оқу барысында қуанышқа бөлеу, жүректерінде өздерін бағалай білетін сезім тудыру болып табылады.

Жаңа технология бойынша, әдістемелік жүйенің басты бөліктерінің бірі-жаңа технологияны пайдалану арқылы жеке тұлғаны дамыту. Осы талаптарды орындау үшін,біріншіден оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алуына әрекет ету.екіншіден оқытудың дербес және топтық түрлері арқылы оқытушыға сенім арту,мұғалім-ұйымдастырушы, бағыт беруші. Үшіншіден жаңа технологияның мақсаты-оқытуды ізгілендіру.

Қазіргі заманда педагогикалық ой тұжырымдардан оқушыларға еркін білім беру,оқушының жекеліктұлғалық күшін дамыту,оныңшығармашылық мүмкіндігін дамыту басты роль атқарып отыр. Олай болса қазіргі ұстаздар қамуының алдыңғы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қаблетті еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі оқу процесін ұйымдастыру тек қана білім берумен шектелмейді, оқушының жан-жақты дамуына,ақыл-ойы ойлау тәсілдеріне үйрету, дағдылндыру. Оқытудың жаңа техналогияларының барлығы оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағыттаоған.оқудың жаңа техналгиясы оқу мен мазмұнын тұжырымдауға арналған әдістер мен құралдардың жиынтығы. Оқушылардың білім білік дағдыларын жетілдіру үшін оқудың жаңа технологиясы бойынша, дифференциалды және дербес деңгейлік принцептерінің талаптарына сәйкес сабақты әртүрлі әдіс тәсілдерімен өткізу.

Қазіргі кезде оқушының алған білімі мен іс-әрекет түрлерін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы зор.

Оқушының өз бетінше жұмыс істеуін әртүрлі денгейде ұйымдастыруға болады.

**Оқытудағы интербелсенді әдістемелер**

Интербелсенді (интерактивті) оқу/ оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым – қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» – «әрекет жасау» дегенді білдіреді.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

«Интербелсенді» дегеніміз диалог құру арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші-үйренуші», «үйренуші-үйренуші», «үйренуші-өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас (әңгіме, сұхбат, бірлескен әрекеттер.)

Интербелсенді оқуoh/оқыту диалогтық қатынасқа негізделеді, ал диалог өз кезегінде өзара түсіністікке, бірлескен әрекеттерге, таным процесінде туындаған мәселелер мен проблемаларды бірлесе шешуге алып келеді. Интербелсенді оқуда/ үйренуде білім алушылар келесіей білім, білік, дағды, құзырлық, машықтарға үйренеді:

- терең ойлануға;
- ақпаратты өздігінен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап луға;
- ақпаратты жан-жақты талдауға;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыруға;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеуге;
- басқа да балама пікірлерді ескеруге;
- шешім қабылдауға және қиын мәселелерді шешуге;
- жауапкершілікке (өз біліміне, өміріне);
- бағалармен тиімді қарым-қатынас құруға.

Интербелсенді мынадай әдіс – тәсілдерді қолдануға болады.

Ой қозғау, Болжау, Венн диаграммасы, Оңай және қиын сұрақтар, Атаулар, Білемін, білгім келеді, білдім.

**Әдебиеттер**

1. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар, 2006.
2. Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.
3. Қарсыбаева Р.Қ. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей, 2 басылым, 2014.

FTAXP: 14.01.09

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ

**Нугуспанова Ш.Т., Аманкулова А.Ж.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазақ тілі сабағында оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалык жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге катысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей камтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі карым-катынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Қазақ тілі пәнінен оушыларының жазба жұмыстарын зерттей келе жиі кездесетін қателердің келесі түрлері анықталды:

1. Сөйлем құрылымындағы қателіктер.
2. Сөйлемдерді өзара байланыстыра білмеу.
3. Абзацтарды дұрыс байланыстыра алмауы.

Бұл мәселені шешу үшін алдымен пәндік топ мұғалімдері екі аптада бір рет кезекті кездесулер ұйымдастырып, оның алғашқы кездесуінде оқушыларға арналған элективті және сабақтан тыс қосымша сағаттарда, сабақтарда да грамматиканы қолдана алу дағдысын жақсартуға бағытталған

жоспар жасалды. Осы сағаттар оқушылардың грамматиканы дұрыс қолданудың маңыздылығын түсінуіне ықпал етті.

Жоспардың жүзеге асырылуын қадағалау үшін пәндік топ мұғалімдерімен бірге өзара сабақты бақылау жүргіздік және бақылаудан кейін бір-бірімізге сындарлы кері байланыс бердік.

Оқушылар ережелерді білгенімен, жазылым кезінде сол білімді жеткілікті қолдана алмады. Ол үшін оқушылар жұмыстарының алғашқы нұсқасы тексерілген соң, кері байланыс берілді. Содан кейін оқушылар сол кері байланысты ескеріп, жұмысты қайта қарастырып және терең талдау жүргізді.

Тілді үйренуде жазылым дағдысын дамыту үдерісі бойынша жұмыстың екінші нұсқасы жазылуы керек. Оқушылар өз жұмыстарын терең талдағаннан кейін қайта жазды, яғни екінші нұсқасын жазды. Алайда мұнда біз әдісті өзгертіп, оқушылар қайта жазарда жөнделген қателері және кері байланыс жазылған жұмыстың нұсқасына қарауға тыйым салынды. Оқушыларға бұл сынақ қиын болып көрінді. Нәтижесінде оқушылар өз қателерін қайта қайталамас үшін кері байланысқа назар аудара бастады.

Үйретуде оқушылар қандай жазу жұмысын жазса да, жазу үдерісінің бір екенін білдіру маңызды болып табылады. Жазудың бес сатысы:

1. Идеяларды жинау
2. Идеяларды таңдау және жұмыстың алғашқы нұсқасын жазу
3. Қайта жазу
4. Қарап шығу (тексеру)
5. Басып шығару

Ал жазуды үйретуде мынадай сатылар қолданылды.

• Сөйлемнің құрылымын үйрену
• Абзац жазу (абзацтағы тақырыптық, дамытушы және қорытындылау сөйлемдерін қамту)
• Абзацтарды байланыстырушы сөздермен байланыстыру
• Жұмысты қарап шығу
• Өңдеу
• Бірін-бірі тексеру
• Өзін-өзі тексеру
• Соңғы нұсқасын жазу

***Тәжірибеден мысал***

Сөйлемдерді абзацта бірізді етіп байланыстыруы үшін «Гамбургер» әдісі қолданылды. Яғни абзацтағы алғашқы сөйлем – тақырыптық сөйлем, кейінгі сөйлемдер сол сөйлемдегі идеяны баяндайтын және түсіндіретін сөйлемдер, онда ғылыми фактілер және т.б. ақпараттар болады. Ал соңғы сөйлем – сол идеяны қорытындылаушы сөйлем.

Абзацтың көлемі айтылған ойға және идеяға байланысты. Осы сөйлемедер бір-бірімен бірізді байланыстқанда ғана жақсы абзац шығады. Осы дағды әр сабақта қолданылып отырды.

Оқушылар абзац жазуды үйрене бастаған соң, толық мәтін жазуға көшті.

1. Оқушылар 3-топқа бөлінді.

2. Әр топ өздері жасаған тұжырымдамалық картадан бір экологиялық проблеманың салдарын табу үшін және ұсынылатын шешу жолдарын талдау үшін таңдайды.

3. Әр топ ақпараттық бюллетеньнің үлгісіне өз экологиягиялық проблемалары туралы ақпаратты жазады.

4. Топтар өз жұмыстарымен алмасып кері байланыс береді (жұмыстың сәтті шыққан екі тұсын және жақсарту керек бір тұсын көрсетеді).

5. Оқушылар өздерінің жұмыстарын қажет болған жағдайда қайта қарастырады.

6. Оқушылар өздерінің ақпараттық бюллетеньдерінің соңғы нұсқасын ноутбукта жасайды.

Онда оқушылар:

1. Өздері білетін бір қаланы не ауылды таңдап, ондағы көрікті жерлері туралы ақпарат түртіп жазуы керек;

2. Жазған ақпараттарын 3-4 абзацқа жазатындай етіп ұйымдастыруы керек;

3. Туристерге сол жерге келуі үшін 3-4 себеп жазып, оны жазылым жұмысының кіріспесіне енгізуі керек.

4. Жоғарыда жоспарланғандай жалпы 3 абзацтан тұратын мәтін жазуы керек. Сонымен қатар, оқушыларға мынадай жазу критерийлері ұсынылды:

1. Жазу жұмысына тақырып қою.
2. Сәйкес стиль және жүйе қолдану.

3. Тақырыптық лексика қолдану.
4. Сөздерді орфографиялық түрде дұрыс жазу.
5. Дұрыс грамматикалық құрылымды қолдану.
6. Ойдың бірізділігін білдіру үшін байланыстырушы сөздерді ретімен қолдану.
7. Шамамен 140-150 сөз жазу.

Оқушылар жұмыстарын өздерінің сыншы достарынан алған кері байланыстың нәтижесінде қарастырады. Оқушылар өз жұмыстарын қарастыру үшін жеткілікті уақыт беріледі. Ендігі кезекте оқушылар жұмыстың соңғы нұсқасын ешқандай мәліметке немесе алдыңғы қолданған парақтарына қарамай қайта жазады. Бұл әдіс оқушылардың алдында жасаған қателері туралы терең ойланып қайталамауға мүмкіндік береді.

***Өзін-өзі бағалау***

Оқушылар өз жұмыстарын қарап шығып жоспарлау бөлімі кезінде жазған қажетті ақпараттарды қолданғанын тексереді. Осында мұғалім алдында көрсетілген жетістік критерийлеріне қайта сүйенуге кеңес берсе болады.

***Бірін-бірі бағалау***

Бұл кезде оқушылар бір-біріне сыншы дос ретінде қарайды. Сыншы достар бір-бірін қолдайды, кері байланыс береді және қажет ұсыныстар айтады. Мұндағы мұғалімнің рөлі жұптарды тағайындағанда олардың деңгейін ескерген жөн немесе оқушылардың өз еріктерімен жұптарын таңдатуға болады.

**Жазу жұмысын бағалау**

Оқушылар оқу мақсаттарына жету жолдарын және жазу сатыларының негізгі ережелерін түсінгенде біз жазу жұмыстарының қалай бағаланатынын талдадық. Жазылымды үйрететін мұғалімдердің барлығы дерлік жұмысты дұрыс бағалаудан қиналатындығы белгілі болды. Едуард Уайт (1986) жазу жұмысын бағалауда ең басты ескеретін нәрсе негізінен мұғалімдер оқушылардың жазу жұмыстарын дұрыс бағалау туралы аз біледі, тіпті білмейтіндері де бар, себебі жеткілікті түрде үйренбегендігін айтады. Джеймс Уиллиамстің айтуы бойынша барлық жазуды бағалау алдын-ала белгіленген стандартқа негізделеді. Кей жағдайларда ол стандарт бөлім немесе аймақ деңгейіндегі нұсқауға сүйенеді, кейбір жағдайда мұғалімнің өзінің білім беру тәжірибесінде қалыптасқан жеке қабылдауына байланысты жүзеге асады [3].

**Әдебиеттер**

1. Сатыбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Фолиант баспасы, 2008.
2. Атабаева С. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. – Алматы: Білім баспасы, 2006.
3. Бегман Ы. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2007.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.

ҒТАХР: 14.01.09

## ДҮНИЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Нұрғалиева А.Т., Божканова Л.Б.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Аймақтық компонентті оқытудың міндеттері мен мақсаттарын айқындай отырып, оқушылардың дүниетану сабағында аймақтық компонентті пайдалану жолдары мен түрлерін ұғыну мен түсінуге бағытталған, сауаттылықпен экологиялық білімділіктің дамуына, елжандылық сезімдерін оятуға негізделген.

Адам өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін туған жерінің табиғатымен, өскен ортасымен байланыстырады. Әр бала өзін қоршаған ортаның құрылысын, оның ерешеліктерінің, заңдылықтарын бұзбай сақтау жолдарын, табиғатты қорғаудағы өзінің жауапкершілігін білуге міндетті.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты-міндеті жас ұрпаққа өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін мөлдірлігін, тұнық ауасын бұзбауға, үйлесімдңгін сақтауға, қамқорлықпен, жанашырлықпен, мейірімділікпен, сезімталдықпен қатынас жасауға тәрбиелеу.

Аймақтық компонент – дегеніміз мектеп курсындағы пәндердің бағдарламасының мазмұнына

өз аймағына байланысты материалдарды енгізу және оқыту. Оған өлкеміздің табиғаты, тарихи географиялық жағдайы, ұлы адамдардың өмір жолдары, халықтың тұрмыс-салтын таныстыру шаралары жатады.

*Аймақтық компоненттің мазмұны*:

– Өлке тарихы,

– физика –географиялық және табиғи жағдайы,

– тұрғындардың ұлттық құрамы,

– өңір тұрғындарының салт дістүрі.

*Аймақ*-үлкен облыс, ортақ бір белгілеріне қарай біріккен көрші елдер немесе территориялар мен аудандар тобы. *Компонент* – бір нәрсенің құрамды бөлігі. *Аймақтық* – жергілікті, нақты бір облысқа, аймаққа қатысты. Аймақтық компоненттерді сабақ барысында қолдану төмендегідей мүмкіндіктерді жүзеге асыруға септігін тигізеді.

– Оқушылардың өз тарихын танып, қасиетін сезініп, және өзі өсіп өнген аймаққа деген сүйіспеншілігін арттыру,өз елінің патриотын тәрбиелеу.

– Оқушылар бойында қоршаған ортаны қорғау және онымен жарасымды қатынас жасауда оның өмірлік көзқарасын қалыптастыру, яғни азаматтық, әдептілік тәрбиесін беру.

– Оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру. Сол арқылы мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында экологиялық білім, тәрбие құндылықтарын насихаттау.

– Оқушылардың бойында туып өскен жеріне, туған жердң табиғатына, тарихына деген құрметті арттыру.

– Оқушылардың қосымша мәліметтер алу арқылы танымды біліктіліктерін кеңейтуге мүмкіндік туғызу.

– Өз елінің табиғаты, тарихы, пайдалы қазбалары, мәдени орындары, белгілі адамдар туралы мәліметтер жинақтау.

Өмір талабына сай қазіргі жеткіншектеріміздің бізді қоршаған ортамен тығыз қарым қатынаста болуы, оны түсініп ұғынуына жол ашу ұстаздардың міндеті.

Оқушыны өз өлкесінің табиғат жағдайымен таныстыру оның туған жеріне деген дұрыс көзқарасының қалыптасуына, патриоттық тәрбие алуына мүмкіндік береді. Табиғат байлықтарын ысырапшылықпен пайдалану айналадағы ортаның жай-күйіне, тірі және өлі табиғат элементтері арасында қалыптасқан табиғи тепе-теңдік күйіне ықпалын тигізеді.

Аймақтық компонент жергілікті жердің қыр-сырын ашып көрсету арқылы оқушы дүниетанудан басқа пәндерді оқу білімімен логикалық түрде толықтырады.

Оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті, жұмыстың жүйелі- әрекеттік нәтижелерін сыныптан тыс уақытта жергілікті жердің төңірегіне саяхатқа шығу арқылы жандандыру мүмкіншілігі бар.

Оқу барысында оқушылардың бойында өз өлкесі. оның табиғаты, табиғат ресурстары, ауыл шаруашылығы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесін қалыптастыруға, оқушының өз өлкесі жайлы білім беру мүмкіндігін арттырады.

Оқушылардың өз бетінше жұмыстарына қосымша тапсырмаларды қосып отыру бағдарлама талабына еш кері әсері болмайды деп ойлаймын.

Аймақтық білім беру үшін жергілікті жердің компоненттерін қолдануда «Туған елім-Отаным», «Біздің Отанымыз – Қазақстан», «Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары», «Ауа райы», «Қазақстан – географиялық картада» тарауларын оқытқанда оқушыларға оқулықтағы тапсырмалармен қатар, өз өлкеміз туралы тақырыпқа сәйкестендіріп қызықты мағлұматтар беруге тырысу керек.

Бұндай мәліметтерді оқушылар қызыға қабылдайды, тағы да өз беттерімен немесе үлкендердің көмегімен тың мәліметтерді тауып сыныптастарымен бөлісіп тұрады.

Әр оқушыға өзінің өмір сүріп жатқан аймағының тарихын, әдебиетін, мәдениетін және географиясын білу артықтық етпейді.

Шығыс Қазақстанның табиғатымен, экологиясы, қазба байлықтарын танып, біледі. Өлкетану музейімен, кітапханалармен тығыз байланыста болады.

Оқушылардың таным қызығушылығы артып, зерттеушілік қабілеттері дами бастайды, өз беттерімен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Шартты белгілерді меңгертуде бейнелеу сабақтарында жергілікті жердің әсем табиғатын, туған жерінің, өз үйінің айналасында қандай табиғат обьектілері бар екенін шартты белгілермен өрнектеуге тапсырмалар берсек, тез естеріне сақтап алуға пайдасы мол, мынау шартты белгілер, жаттап алында деген оңай болғанымен, оқушылар жаттай қоймайды.

Топаграфиялық диктант жаздыруға болады. Сондықтан да қызықты тапсырмалар, әсіресе машықтық тапсырмалар берсе, олар қызығады, әрі өзіне таныс жерді шартты белгілерін біледі. Аймақтық білім беру арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелеп, көркем әдебиетке, поэзия мен проза жанрына қызығушылықтары артады.

Бастауыш мектеп оқушысының өсу ерекшелігіне мынадай талаптарды сақтау маңызды. Мысалы, іс-әрекетпен шұғылдануға тарту, сабақ барысында оқушы қызығушылығын тудыруда ребус шешу, дидактикалық ойындар ойнату, сұрақтар қою, жұмбақтар шешу өте маңызды. Тіпті, оқушының өздеріне ребус немесе жұмбақтар құратуға тапсырма беру.

**Әдебиеттер**

1. Аққозин М. Қазастан табиғаты. – Алматы: «Қазақстан», 1990.
2. Құралұлы А. Ұлттық дүниетаным. – Алматы: «Өнер», 2002.
3. Жүнісқызы К., Бірмағамбетов Ә., Аймағамбетова Қ., Нұғыманов И., Жүкешев Қ. Оқулық. Дүниетану 4-сынып. – Алматы: «Атамұра», 2004.
4. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды экономикалық реттеу мәелелері [Мәтін] // ҚазҰУ-нің хабаршысы. Заң сериясы. – 2007. – № 2. – 122-125.

ҒТАХР: 34.01.45

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Омарбекова Н.Е.,** биология пәні мұғалімі
«А. Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жалпы функционалдық құзыреттілік тұжырымдамасына халықаралық бағалау зерттеулері 4 және 8-сынып оқушыларының математикалық және жаратылыстану сауаттылығын бағалау (TIMSS), 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (PISA) негізделген, олар білім алушылардың мектепте алған білімдерін, және дағдыларын әр түрлі өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалану қабілеттерін бағалайды адам қызметінің салаларында, сондайақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда пайдаланудың маңызын көрсетеді [1]. Сол себепті биология сабақтарындағы құзыреттілікті арттыру- бұл ойлау азаматының ғылыммен және ғылыми идеялармен байланысты мәселелермен айналысу қабілеті. Ғылыми тұрғыдан сауатты адам ғылым мен технология туралы дәлелді пайымдауға қатысуға дайын, ғылыми зерттеулерді жобалау, деректер мен фактілерді түсіндіру дағдыларына ие, ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарын құзыретті түрде түсіндіре алады.

Функционалдық құзыреттілікті қалыптастыруда білім беруді жаңғырту стратегиясы мен функционалдық құзыреттілікті дамыту жөніндегі ұлттық жоспардың талаптары мен оның мектеп оқушыларының оқуының қалыптасуын зерттеу деректеріне маңызды. Биология сабақтарында оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және құзыреттілігінің сауаттылығын дамыту, егер оқыту әдістемесін өзгертсе, сабаққа әртүрлі шығармашылық оқу-ойын және дамыту тапсырмаларын енгізіп оқытуға құзыреттілік тәсілдерінде сабақтарды ұйымдастыру нысандарын кеңінен қолданса тиімді болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда топтық жұмыстардың маңызы зор.

Биология пәні сабақтарында топтық жұмыс арқылы қалай оқытуға болады? Топтық жұмыс арқылы тәжірибемде қолданып жүрген оқытудың бірнеше әдістерін қолдануға тоқталсам.

***«Әуе шары»*** әдісі арқылы басқалармен жұмыс істеу, ойлану, шешім қабылдау, мәселені шешу, ақпаратты басқару дағдылары қалыптасады. Бұл әдісті топтық жоспарлау құралы ретінде пайдалануға да болады. Оқушыларға әуе шараның суреті беріледі. Белгілі бір тақырып бойынша бірқатар құрылымдық сұрақтар беріледі. Берілген сұрақтарға жауап флипчартқа жазылған жұмыстарын салыстырады. Бұл топтық жұмыс оқытуды қалай ұйымдастыра алады? Оқушылар сұраққа жауап іздей отырып хикаяны игереді және бұған дейінгі өздері білетін мәліметтермен байланыстырады. Әр оқушының пікірі, көзқарасы тыңдалады. Оқушылардың ой-пайымдары негізінде жаңа идеялар болады.

***«Құпия» әдісі*** арқылы құпияны табу, шешім қабылдау немесе уақиғаның болжалды түсініктемелерін қарастыру үшін оқушылардың проблемаларды шешу және шешім қабылдау дағдыларын пайдалануларына ықпал етеді. Бұл тапсырмадан кейін жауап алу міндетті түрде жүргізілуі керек. Бір сұрақ бойынша бірнеше тұжырымдар беріледі. Топта әрбір тұжырым талқыланып, талқылау барысында топ болып қабылдаған тұжырым үшін айтылған пікірлер қарастырылуы керек. Командалық талқылауға берілген уақыт біткен соң, топ өз шешімдеріне нақты дәлелдер келтіріп негіздеп шығады.

**«Гауһарлар иерархиясы»** әдісі шағын топтарда орындалады. Ол ақпараттың артықшылығын айқындауға бағытталған. Оқушыларға белгілі бір сұраққа қатысты тоғыз идея беріледі немесе оқушылар өздері жазады. Олар өздері бірінші басымдық беретін идеясын жоғарыға қояды, содан кейін екінші солай барлық тоғыз идеяны қойып шығады. Топта ең маңызды деген идеяны анықтау үшін оқушылар арасында талқылау жүреді. Әрқайсысы идеяның маңыздылығына қатысты пікір білдіре отырып, бір-бірін тыңдау арқылы мол мәліметтер алады немесе оқулықта берілген пікірлерді оқып танысумен қатар, маңыздылық реттілігімен орналастыру арқылы оқушылардың топтық пікірін зерделеуге болады.

Оқыту үдерісінің қай кезеңінде топтық жұмысты ұйымдастырған маңызды, ол топтық жұмыс тапсырмасының мақсаты қандай, топпен жүргізілетін жұмыс неге қол жеткізді, олар нені білу керек еді, топтың бір-бірін оқытуы қалай жүргізілгенін мұғалім реттеп отыруға тиісті. Оқушылар қандай стратегиялар пайдаланды, қандай дағдыларын қолдана алды, оқушылардың топтық жұмыс жасауына не кедергі болғанын бақылай алуға тиіс. Сонымен қатар, мұғалім өз кезегінде оқушыларға қолдау көрсетіп, сабақ соңында топтағы жұмыс үдерісін және оның нәтижелері туралы ойлануға түрткі болу керек. Сауатты ұйымдастырылған топтық жұмыс қана оқушылардың бірлескен оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Топтық жұмыстың маңыздылығы да осында.

**Сабақты ұйымдастыруда:**

1. Оқылатын тақырыпты зерттей отырып, стратегияларды таңдап алу;
2. Оқушыларды бағалауда өлшемдерін құрастыру
3. Оқушылардың сөйлеуіне, ойлауына жағдай жасау;
4. Өз ойларын көркем сөзбен жеткізуге дағдыландыру;
5. Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін үнемі назарда ұстау;

***Жұмыстың жүргізілу бағыты***

1. Жоспарлау
2. Іс-әрекет
3. Бақылау
4. Ойластыру
5. Бағалау

**Алған білімдерін дамыту мен сөйлеуде, есте сақтай отырып, тапсырмалар орындау**

Құрылымы:

1. Оқушы үні – топтағы оқушылар өздерінің көзқарастары мен пікірлерімен бөлісіп, жұмыс барысын анықтайды.
2. Топтық зерттеушілік – оқушылар сыныпта шағын топтарға бөлініп, берілген тапсырмаларды өз топтарымен зерттеп, жинақтап, қорытындылайды.
3. Деректермен жұмыс-мәліметтерді жинақтау барысында ғаламтор, газет-журналдар мен мұрағат, мұражай деректерін қолданады.
4. Жоба құру, қорғау – әр топ берілген тақырыптар бойынша жоба құрып, топтар алдында қорғайды.
5. Рефлексия – оқушылары жұмыстарын қорытындылап, өз топтарымен жұмыс соңында есеп береді.

***Оқушы меңгереді:***

1. Интеллектуальдық қабілеті (ақпаратпен жұмыстанып, талдау, қорытынды, нәтиже жасайды)
2. Шығармашылық қабілеті (өз идеясын ұсынып, шыңнан көрінеді)
3. Коммуникативтік қабілеті (пікір таласқа қатысуы, өзгелерді тыңдай білуі, өз пікірін қорғау, өзгелермен ортақ шешімге келуі)

Сыныптағы оқушының ойлау қабілеті бірдей болмайды. Сондықтан тарих сабағында әр сыныптағы оқушының жас ерекшелігіне қарай және білім деңгейіне сай сабақтың түрлерін тауып, сол тақырыптарды игеруді мақсат ету керек.

Биология сабағында топқа бөлініп оқу сынып ішінде ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады, оқушылар бірлесіп топ ережесін құрады, соған бағынады, оқушылардың әр тақырыпты меңгеруі әр түрлі деңгейде болады. Сол себепті жұптық, топтық жұмыс бұл пәнге сай келеді. Сабақта тақырыптың мәнін ашып, тарихи фактілерді дәлелдеу үшін әр түрлі тәсілдерін пайдаланғанда жақсы нәтижеге қол жеткізуге, оқушының пәнге деген қызығушылығын артыруға болады. Осындай жұмысты бағалағанда тек нәтижеге емес, оқушының ынтасына да көңіл аударылады. Соңында жаңа материалды ғана емес, ненің ұнағандығын, қандай тәсілдердің қолайлығын да талқыға салып отыру керек.

**Әдебиеттер**

1. Галеева Н.Л. Сто приемов для учебного успеха ученика на уроках биологии: Методическое пособие для учителя. – М.: «5 за знания», 2006. – 144 с.
2. Дьюн Д. Психология және педагогика. – М.: Совершенство, 1997. – 208 б.
3. Рудик Г.А. Культура умственного труда, или 101 техника учения: Пособие для учащихся, студентов, педагогов и для всех тех, кто обучается на протяжении всей жизни. – Костанай: ИПК и ПРО, 2010.
4. Ахатов Б. Функционалдық сауаттылық. – Алматы, 2018.

ҒТАХР: 14.01.09

## САБАҚТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Оразгалиева С.С., Шиянова А.З.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Сабақта оқытудың жаңа әдістерін ұтымды пайдалану жоғары көрсеткіштерге әкеледі: достық қарым-қатынас, ынтымақтастық орнаған серіктестікте және топта бір ата-ананың балаларындай белсенді жұмыс жасауға шабыттандыру музыка сабағының жоғары деңгейде өтілуіне септігін тигізеді. Спиральді білім беру бағдарламасы оқушыларға көптеген дағдыларды қалыптастырып, жауапкершіліктерін сезінуге көмектеседі.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Егер «жеке тұлға» ұғымының мазмұнын талдап, түсінік беретін болсақ: «жеке тұлға – бұл адамның психикалық, рухани мәні, ол, әртүрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән.:

– адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы;
– өзіне және өзімен-өзінің, дүниеге және дүниемен қатынастарының жүйесі;
– іс жүзіне асырылып жүрген әлеуметтік рөлдер қызметінің жүйесі, мінез-құлық әрекеттерінің жиынтығы;
– айналадағы қоршаған әлемді және онда өзін-өзі жете түсінуі;
– қажеттілік жүйесі;
– шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы.

Бүгінгі заман талабы білімді, білікті, өмірге икемді тұлға қалыптастыру. Сондықтан, мектеп мұғалімінің басты мақсаты – оқушыға тиянақты білім беру және алған білімін қолдана алатын деңгейге жеткізу. Осы мақсатқа жету үшін әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарап, оқушыларды шығармашылыққа үйрету, оқушылардың сенімін бекемдеп, білімге деген ынтасын арттыру басым міндет.

Жаңартылған бағдарламаның негізі-мұғалімнің пәнді оқытудағы әдістерін өзгертудегі жаңа бастамасы. Бұл бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясының негіздерін қамтыған. Осы теория оқушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі

құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Бастауыш сынып оқушылардың фукционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

– оқу, жазу сауаттылығынан;
– жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
– математикалық сауаттылығынан;
– компьютерлік сауаттылықтан;
– денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
– құқықтық сауаттылығынан.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – бастауыш сынып пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, *тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету* – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Диалогтық интербелсенді оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру .Осы мақсатта төмендегідей әдіс – тәсілдерді қолдануға болады.

- Екі таяқша әдісі
- Төрт сөйлем әдісі
- Тұжырым кестесі
- Эйлер шеңбері

Мысал ретінде 3 сынып оқулығынан үш автордың ұқсас мәтіні алынады. Мақсаты мәтіндегі кейіпкерлерді табу, іс-әрекетін талдау, іс-әрекеттің нәтижесін шығару. Үш мәтіннің негізгі түйінді ойын табу.

Оқу процесінде қолданылған интербелсенді әдістерді қолдану кезіндегі оқушының іс-әрекеті критериалды бағаланып, рефлексия жүргізілсе онда біздің де алдымызда отырған оқушының да жұмысы, даму деңгейі бірден көрінеді және олардың функционалды сауатты болып дамитындығы сөзсіз. Яғни біз аталған мақсат, міндеттерімізді, Ел басымыздың алдымызға қойылған заман талабын орындауда өзіміздің бір үлесімізді қосамыз деген ойдамыз.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

– терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
– өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
– ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
– өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
– пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
– шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда студенттер келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

– бірлескен жұмыс;
– танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді оқыту барысында тіл үйренушілер белсенді болуы, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

– бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),

– рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,

– ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)

– презентациялар,

– тренингтер,

– интервью,

– сауалнама т.б.

**Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар 2012 жыл.

2. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

ҒТАХР: 14.25.09

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Оспанова Қ.Т., Рахымбаева А.Б.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Б. Момышұлы атындағы № 34 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бастауышта оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалык жүйесіне негізделген; лингвистикалык, психологиялык, физиологиялык, әдістемелік ерекшеліктерге катысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей камтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі карым-катынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

***Мәтінмен жұмыс*** – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс.
2. Сөздіктермен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Ережемен жұмыс
6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Осы тұрғыдан келгенде мәтінді меңгертуде сөздің жұмысының рөлі үлкен.

1. Төл дыбыстарымыз бар сөздерді оқытушы дауыстап өзі оқып, сонан қайталау керек.
2. Жаңа сөздерді тақтаға жазып есте сақтауын қадалап, оған байланысты сөздерді дыбыстап оқытуға, іштей қайталауға дағдыландыру керек.
3. Қиын сөздерді, сөз тіркестерін жекеше оқытып, дәптерге жазғызып, хормен оқыту керек.
4. Тақырыпты қаншалықты меңгергендігін байқатып, сөйлете білуге дағдыландыру мақсатында мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндауды үйрету керек.
5. Мәтінге байланысты сұрақ қойғызып, жауап алу керек. Мәтінді меңгертуде осындай амал тәсілдерді қолданған тиімді.

Мәтін оқылып болған соң, ондағы әр сөзді оқушылардан қалай түсінгеніне көңіл бөлу керек. Түсінбеген сөздерін мұғалім өзі қосымша түсіндіріп, әр сөздің мағынасына тоқталу керек.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет.

Біз оқытып жүрген оқулықта тақырыпқа сай мәтіндер көп.

Оқулықтары мәтіндердің күрделігі сол мәтінмен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек.

Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады.

3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.

Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор-оқылым арқылы келеді. Оқылым – жазылым жұмысына дайындық кезеңі. Оқылым арқылы жазылым жұмысына қажетті ақпараттарды ұсынып, оның мазмұнын түсініп, тақырыпқа қатысты маңыздылығын талқылау, саралау, оқушының есінде сол ақпарат қалатындай қажетті сөздер мен сөз тіркестерін сабақ барысында қолдануға бағыттаудың маңызы зор. Аталған жұмысты жүзеге асыру мақсатында жыл бойындағы сабақтар барысында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданған болатынмын. Атап айтатын болсақ, оқушыға нақты ақпаратты іріктеу мақсатында «Оқылым стратегияларын», сұрақ қою, сұрақ қоя білуге үйрету мақсатында «Үш қадамды сұрақ», «Бес саусақ», «ДЖИГСО», «Барлық факторларды ескеру», «Әткешек» әдістерімен қатар, кейіпкерлерге мінездеме беруде, іс-әрекетін бағалауға қатысты көзқарастарды анықтату үшін «Ар-ождан аллеясы» әдісін қолдануға болады.

Ұсынылған мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды анықтауда, мәселенің маңыздылығын көрсетуде, өз ойын дәлелдеуде Гауһартастар иерархиясы әдісін, автор бейнесін ашуға қатысты, ашық сұрақтарды талқылаған уақытта «Ыстық орындықты», көлемді шығармаларды (роман) оқытуда мазмұнын талқылауға және талқыланған ақпараттың ұзақ уақытта ойда сақталуына, қолданылуына себеп болатын «Шеңберге жиналу уақыты», тақырыпты, мәселені талқылауда, бір-бірін толықтыруда топтық жұмыста «Елшілер» әдісін, кейіпкерлерге мінездеме беруде, оларды жағымды, жағымсыз деп талдауда, сабақта айтылған ой-пікірлерді есте сақтап жазылым жұмысында тиімді қолдануда «Ақылдың алты қалпағын», «Креативті матрица» әдістерін қолданып, олардың оқу мақсатына қол жеткізудегі тиімділігін көруге болады.

«Креативті матрица» әдісін қолдану:

Аталған әдіс көлемді шығармаларды (роман) оқытып, оқушыны жазылым жұмысына дайындап бағыттауда өз тиімділігін көрсетті. Бұл әдіс арқылы оқушы: көркем шығармадағы образдың сомдалуы мен кейіпкерге мінездеме беруде (тура және жанама мінездеуді анықтауға), шығармаға қатысты ойындәлелдеп, пікір білдіруге, нақты дәлелді іріктеуге дағдыланады. «Креативті матрица» әдісі тапсырманы орындаушы оқушыға нақты бағыт беруге көмек етеді. Мысалы, сабақ барысында төмендегі кестені толтыру тапсырмасы берілген болатын:

| Кейіпкерлер | Кейіпкерлердің әрекеттері |
|---|---|
| Шығармадағы құндылықтар | |
| Достық | |
| Махаббат | |
| Адалдық | |
| Қарапайымдылық | |
| Еңбекқорлық | |
| Жанашырлық | |
| Арамдық | |
| Қулық | |
| Басқа қандай құндылықтарды байқадың? | |

Оқушы тапсырманы орындау барысында шығармадағы кейіпкерлер мен олардың әрекеттерін мысалға келтіріп, әрекеттерінен құндылықтарды оңай анықтай алады. Сол арқылы кейіпкерлерге беріліп тұрған тура және жанама мінездемелерді тез тауып, өздері іріктеген ақпаратты кейіпкерге қатысты көзқарасын білдіруде тиімді қолдана алды. Кесте бойынша орындалған жұмыс түрі, оқушыны жазылым жұмысына дайындауда, оқушы қажеттілігін өтеуде тиімді. Себебі, оқушының ойында өзі іріктеп, талдап, саралаған ақпараты ұзаққа сақталып, оны жазылым жұмысында міндетті түрде қолданатынын көрсетті. Өйткені, жазылым жұмысының жемісті болуы үшін оқушының өз тарапынан іздене отырып, алған ақпараттарын орынды дәлел ретінде қолдана білуі маңызды.

Мұғалім өз тарапынан оқушының жазылым тапсырмасын белгіленген талаптар негізінде жазып шығуы үшін ұсынылған тақырыпқа қатысты ақпаратты, деректі саралап қолдануға дағдыландыруы қажет. Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор-оқылым арқылы келеді.

Кестені толтыру барысында оқушының іздемпаздық қабілетінің қандай деңгейде екенін анықтауға болады. Оны құндылықтарға қатысты бағандарды толтыру барысында оқушының кестеде көрсетілген құндылықтарды кейіпкер бойынан көре алуы, байқауы, оны дәлелдеуі үшін сай келетін кейіпкер әрекеті бар үзіндіні таңдауы, мұғалімге оқушының іздемпаздық деңгейін анықтауға көмектеседі. Мұғалім өз тарапынан оқушының жазылым жұмысын барлық талаптарға сай жазуы үшін басқа үш дағды бойынша барынша ақпараттануы, оларды жетілдіруге бағытталған жұмыс түрлерін жүйелі орындату қажет. Кесте арқылы берілетін тапсырма жазылым жұмысына нақты бағыттайтындай құрылғаны шарт. Өйткені, осы құрылған тізбек оның жазылым жұмысына деген дайындық кезеңі болып табылады. Тәжірибеміздегі сабақта қолданылған «Креативті матрица» оқушының тек жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған біржақты әдіс емес, басқа да дағдыларды дамытуға бағыттап түрлендіру пән мұғалімінің кәсіби шеберлігі мен құзырында.

Бастауыш сынып оқушыларының оқылым және жазылым дағдысын қалыптастыруда тәжірибемде қолданып жүрген, оңтайлы әдістерге төменгі әдістерді жатқызар едім:

«Барлаушы» әдісі. Мақсаты: Мәтін мазмұнын түсіну. Мәтіннен қажетті ақпаратты табу.

«Диктор» әдісі

Мақсаты: мәтінді қатесіз, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру.

Дескриптор:

1.Мәтінді қатесіз оқиды.

2.Дауыс ырғағына салып

мәнерлеп оқиды.

3.Эмоционалды оқиды.

Қорыта келе, аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшілігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, мақсатқа сай орынды қолдануын жүзеге асырады.

**Әдебиеттер**

1. Сатыбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Фолиант баспасы, 2008.
2. Атабаева С. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. – Алматы: Білім баспасы, 2006.
3. Бегман Ысқақ Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2007.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.

ҒТАХР: 14.25.05

## БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙДЕ БЕЙНЕФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Саккулова Э.М., Есенбердина М. А.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Ж. Аймауытов атындағы ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

АКТ ны қолдану бастауыш сыныптарда аса өзекті болып саналады. Бастауыш сынып оқушыларында негізгі ойлау әрекеті-көрнекілік-образды. Сондықтан, оларды оқытуда көптеген сапалы иллюстрацияларды қолдануда АКТ-ның үлесі зор. Тақырып мазмұнын игеруде тек көру емес, сонымен бірге есту, іс-әрекет орындау, эмоция мен қиял да қосылады.

Компьютерлік технологиялар- біздің келешегіміз. Ол баланың интеллектуалдық дамуына, ойлау процестерін арттыруға, ақпараттармен жұмыс істеу мүмкіншіліктеріне зор ықпал етеді. Бірақ, тек компьютерге жүгінуге, оны білім алудың жалғыз арнасына айналдыруға болмайды. Айналадағы

қоршаған ортаны тануда кітап оқу, бақылау және ең маңыздысы жанды қарым-қатынас екенін ұмытпағанымыз жөн.

АКТ сабақтың негізгі элементі емес, қосымша- көмекші элементі түрінде болуы тиіс. Төменгі сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ-ны қолдану жұмысы нақты сабақтың қай бөлімінде, қалай қолданылатыны ойластырылған және уақыт мөлшері ескерілген болуы тиіс. АКТ-ны қолдану арқылы өткізілетін сабақтарда баланың денсаулығын сақтауға аса назар аудару қажет. Сабақ жоспарына сергіту сәтін, динамикалық үзіліс, көзге арналған жаттығулар, денсаулық сақтау технологияларын міндетті түрде енгізу керек.

Бастауыш сыныпта ақпартты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігі әсіресе жаңартылған білім беру бағдарламасының негізінде сауат ашу пәнінде аудио тыңдалым, математика, дүниетану мен жаңадан енген жаратылыстану пәндері үшін қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен тест жұмыстарын орындау барысында оқушылар уақытын үнемдеуге өте тиімді. Көркем еңбек пәні сабақтарында оқушылардың жұмыс жасауына өте тиімді әртүрлі бейнедегі суреттерді, графиктік сызбаларды бояй отырып та басып бере алады және уақытты үнемдеуге мүмкіншілік береді.

Оқушылардың сөйлесім дағдысын қалыптастыруда АКТ арқылы бейнефильмдерді көріп жүйелі жұмыс жүргізу өте тиімді.

Тәжірибемізде бейнефильмді көруде төмендегідей әдістерді пайдаландық:

***Ассоциация әдісі***

Оқушылар көрген бейнефильмдегі тірек сөзді негізге ала отырып, ол көрсетілімге байланысты сөздерді сызба арқылы көрсетеді.

**«1001 мақал» әдісі**

Сабақта көрген бейнематериалға байланысты мақал-мәтелдерді еске түсіреді.

**«Дыбыссыз көру»:**

– оқушылар бейнефильм кейіпкерлеріне назар аударады;
– үзінді не туралы, кейіпкелер не жайлы әңгімелесіп тұрғанын айтады;
– кейіпкерлердің эмоциясына мән береді;
– оқиғаға байланысты өздерінің әр түрлі пікірлерін айтады;

**«Рөлдік ойын» әдісі**

1. Фильмнен диалогы бар кадр дыбыссыз көрсетіледі, видео бойынша диалог құрады.
2. Барлық жұп өз нұсқасында сұхбат құрған соң, дауысын шығарып диалог екі немесе үш рет көрсетіледі.
3. Оқиға туралы хабардар болғаннан кейін оқушылар қажетті сөздерді қолдана отырып диалогты қайтадан құрады;

**«Видеосыз тыңдау»:**

оқушылар көз алдына елестетеді:
– оқиғаның орны;
– кейіпкерлердің бет-әлпеті;
– кейіпкерлердің көңіл-күйі мен іс-әрекеті
– оқушылар өз ойларын білдіреді:
– оқиға кейіпкерлерінң саны;
– оқиға кейіпкерлернің көңіл-күйі.

**«Дұрыс-бұрыс» әдісі**

Фильм туралы жазылған мәтіндер таратылып беріледі. Мәтінде оқиға туралы бірнеше дұрыс емес сөйлем жазылған.

Оқушылар сөйлемдерді оқып, дұрыс не бұрыс емесін анықтап айтып, өз ойларын дәлелдейді:

| **Сөйлем** | **Дұрыс+** | **Бұрыс -** |
|---|---|---|
| Оқиға қазақ халқының мақтаныштары туралы | | |
| Қымыз газдалған сусын | | |
| Құрт сүттен жасалатын тағам | | |
| Домбыра ұлттық музыкалық аспапқа жатпайды | | |
| Бауырсақ ұннан жасалынатын тағам | | |
| Асықты қазақтың барлық балалары ойнайды | | |
| Ұлттық брендті Бурабай табиғаты таңдады | | |

**«Егер де мен...», «Авторға хат»**

Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс белсенділігін арттыру үшін бейне фильмдерді көрсету арқылы шығарма, мазмұндама жаздыруды ұйымдастыруға болады.

Оқушы оқиға желісін мазмұндай келіп: «Егер де мен автор болсам…» – деп, оқиға желісін қалай елестететіні туралы немесе өзінің бейнефильмнен алған әсері туралы жазып, ойымен бөліседі.

**Нәтижесінде:**

– оқушының қызығушылығы артады;

– танымдық қызметі қалыптасады;

– жүйелі сөйлеуге дағдыланады;

– алған білімдерін күнделікті қолдануға үйренеді.

«Белсенді әдіс» тәсілдері оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Белсенді оқыту барлық оқушыларға оқуға негізделген. Мен таңдаған «Түсіндіру және сипаттау», «Сұрақ қою және талқылау», «Зерделеу және зерттеу» әдістері барлық оқушыларды ынталандыруға бағытталған.

Саралау тәсілдері әрбір оқушыға оқу мақсаттарға жетуге ықпал етеді. Біз таңдаған «Тапсырма», «Диалог және қолдау көрсету» әдістері кейбір оқушыларға көмек беруді қажет етеді.

21 ғасыр дағдылары дамыту мақсатында интербелсенді әдістерді қолданудамыз. «Ойлан, тап», «Фишбоун», «Джигсо» әдістері оқушыларды ынтымақта, бірлесе жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

Джером Брунердің спиралдық оқу бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді жоспарда оқушыларға қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмалар ұсыну керек.

Сабаққа барлық оқушылардың қатысып отырғандығына көз жеткізу үшін «Белсенді оқытудың» «**Сұрақ қою және талқылау**» тәсілін басшылыққа алудамыз. Себебі, берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жауаптары әр түрлі болады. Білімді өмірмен ұштастырып, дәлелдемелер келтіріп сұрақтарға жауап береді, талқыға салады.

Саралаудың «**Диалог және қолдау көрсету**» тәсілдерін қолданамыз. Себебі, бұл әдісті қолдану барысында кейбір оқушыларға көмек қажет болады.

Оқушыларды қолдау және ішкі уәжін ояту мақсатында қалыптастырушы бағалаудың «Сиқырлы сөздер», «Сөз ғажабы», «Сөз патшалығы» әдістерін ұтымды пайдаланудамыз.

Тапсырманы орындау барысында оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым қарым-қатынас дағдылары қалыптасады және нәтижеге қол жеткізеді:

Оқушыларды байланыстыра сөйлеуге төселдіруде сабақ барысында сыныптағы психологиялық ахуалға ерекше мән береміз, нәтижесінде оқушыларымның өздерін сабақ барысында еркін ұстауын байқадық. Сондықтан сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында: «Шаттық шеңбер» әдісін пайдаланамыз. Бір-біріне жақсы тілек айту кезінде олар өздерін еркін және сенімді ұстауды үйренді. Ал сабақ барысында олар бір-біріне құрметпен қарайды. Бірін-бірі тыңдауды үйренеді.

Үй тапсырмасын тиянақтауда не білетінін анықтау үшін «Үш сөйлем» әдісін пайдаланамыз. Осы әдіс арқылы ойын ашық, еркін түрде жеткізе алатындықтан өз тиімділігін көрсетті. Сабақ жоспарын құру кезінде сабақ мақсатына жету үшін «Не істеймін?», «Не істеу керек?» – деген сұрақтарға жауап іздейміз. Осы сұрақтардың төңірегінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз. Оқушыларды топқа бөлудің түрлі тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Топқа бөліп оқытудың бір артықшылығы үлгерімі орта, тұйық оқушылар топтың басқа мүшелерімен диалогқа түсе отырып, өздерінің білмейтіндіктерін үйрене отырып, көшбасшылық қасиеттері ашылады.

**Әдебиеттер**

1. Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары // Ізденіс. – 2004. – № 1. – 233-236 б.

2. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология – педагогикалық негіздері // Теоретические и прикладные аспекты подготовки специалистов в условиях университета. – Усть-Каменогорск, 1999.

3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической тхнологии. – М.; Педагогика, 1989.

4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя; от теории к практике. Монография. – Алматы: Ғылым, 2001.

5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз, ТарМУ, 2003.

ҒТАХР: 14.25.10

# АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

**Сейтханова Г.К., Мұхаметқалиева А.М.,** ағылшын тілі пәні мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

• Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
• Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
• Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
• Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың. қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға, сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге, жжеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.

Өз іс-тәжірибемізде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан оқушы екінші адаммен, досымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетініне көз жеткізіп жүрміз.

Диалогтік әдісті қолдана отырып білім алушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамыз. Әртүрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамыз. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуды білім алушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргіземіз. Диалогтік оқыту тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Осы кезде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды. Топта талқылауға қатысу оқушының бәсекеге қабілетін арттырады,өз дәлелін қорғап, мәселелеге сыни тұрғыдан қарауға дағдыланады.

Мерсер сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін көрсетеді:

1. Пікірталастық әңгіме;
2.Топтық әңгіме;
3. Зерттеушілік әңгіме.

Іс – тәжірибемде жоғарыдағы үш түрлі диалогтың екіншісі қолайлы деп шештім. Әңгімелесу – мұғалімге білім алушылардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады деп,олардың түрлерін атап көрсеткен. Олар жұптық, топтық, ұжымдық. Жұптық жұмысқа түсу осы диалогтерден тұрады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ–жауап,рөлдік,тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

1. Сұрақ – жауап әдісі – қазақ тілі сабағында білі алушылардың ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады. Әрбір жаңа сабақты бастамас бұрын жаңа тақырыпқа байланысты кіріспе сұрақ жауап дайындалады.

Тіл оқытуда және үйретуде диалогтың маңызы ерекше. Білім алушылар берілген сұрақтарды бірлесе оқып оған жауап беріп топ басшысының шешімімен топтан екі адам ортаға шығып жұптық жұмысқа өз шығармашылықтарын көрсете біледі.

Сөйлесімге деген қажеттілік оқытушы тарапынан да, білі алушы тарапынан да бірдей болу қажет. Сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың әсерін ескеру оқу процесін тікелей өмірмен жалғастырады. Сол себепті ситуациялық көрініс өмірде болып жатқан құбылыстарды бірден түсініп, ауызша тіл арқылы жеткізіп беруге жол ашады. Сабақта сөйлеудің барлық формалары (монолог, диалог т.б) сөйлеушілердің ыңғайына қарай атқарыла береді. Сабақта диалог жүргізуге арналған тірек схеманы пайдалану барысында білімдерін тереңдетіп, жалпы ой-өрістерін дамытып қана

қоймай, сонымен қатар коммуникативтік іскерліктері мен дағдылары жетіледі. Әр сабақта тақырыпқа байланысты диалог түрлерін өзгертіп отыруға болады. Мұндай сабақ түрі білім алушыларды ауызша сөйлеуге үйретудің қызықты, әрі тиімді түрі. Білі алушылар бұған ықыласпен қатысады, ал бұл олардың қазақ тіліне деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді.

**Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.** Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады. Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Білі алушылардың диалогтік ортасын құруда кесте мазмұнының да алатын орны ерекше. Кестедегі түйін сөздердің көмегімен сұрақ қою арқылы диалогтік ортаға енеді. Осы жұмыстар нәтижесінде олардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

**«Диалог-ертегі» ойыны.** Шарты: мұғалім не білім алушы шығарып, кез келген бір әңгіме – мәтінді бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бірден сөйлеммен ары қарай жалғастырады.

**«Сұрақ-жауапқа құрылған хат».** Бұл ойынды италиян жазушысы Д.Ж. Родари ойлап тапқан. Ойынның шарты: 6 студентке 6 түрлі сұрақ беріледі. Сол сұрақтарға білім алушылар жазбаша түрде жауап береді. Бірақ бұлар кез-келген сұрақтар емес. Белгілі бір қалыпқа түскен тұрақты сұрақтар. Бір қызығы әрқайсысы жолдастарына қандай сұрақ берілгенін білсе де, олардың қандай жауап жазғанын білмеуі тиіс. Әйтпесе ойын шарты бұзылады. Жаттығу аяқталғаннан кейін мұғалім әр білім алушының жауабы біріктіріп, тұтас мәтін құрайды да балаларға оқып береді. Сол кезде әрі қызғылықты, әрі күлкілі оқиға шығуы мүмкін. «Сұрақ-жауапқа құрылған хат» ойыны – өте тартымды ойын. Әсіресе сабақ үстінде жүргізсе сергіп қалады, сабаққа деген зейіні арта түседі.

**«Сөйлеу минуты»** ойынымен бастауға болады. Ойын мақсаты – балаларға үйде не істегенін ауызша диалог түрінде айтқызып, әңгімелеп беруге үйрету. Ойын сұрақ-жауап түрінде өтеді.

Білі алушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін құзыреттілік тапсырмаларды қолдану өте тиімді».

«Білім алушылардың өздік жұмысы – арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындалатын жұмыс. Тапсырмада қойылған мәселеге, ақыл-ой мен күш-жігерін саналы түрде жұмсай отырып шешеді, әр өз жұмысының нәтижесін көрсетеді.

**Оқыту процесінде жүргізілетін өздік жұмыстың мазмұны мына талаптарға сай болуы шарт:**

– тапсырма мазмұны сынып оқушыларының жас және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалуы керек;

– білім алушының бұған дейін алған біліміне сәйкес құрылуы тиіс; тапсырма түсінікті, мазмұны қызықты болуы қажет; орындау тәртібі мен тапсырма мазмұны бірте-бірте күрделене түседі.

**Сабақта өздік жұмыстарды төмендегідей мақсаттарға байланысты жүргізуге болады.**

Білім алушылардың өздігінен білімінен толтыра, жетілдіре отырып, жаңа білім алу;

Білім алушылардың бір-бірімен білім алмасуына дағдылану;

берілген білімді пысықтау;

Білім алушының білімін тексеру, бақылау;

шығармашылық қабілетін арттыру;

сөздік қорын байыту, тіл дамыту.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар білім алушылардың коммуникативті құзыреттіліктерін арттыруға зор септігін тигізеді, түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс – әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс — әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі.

**Әдебиеттер**

1. «Педагогика мәселелері» ғылыми-теориялық журнал. – 1-4. – 2007.
2. Жаңа жоба –жаңашылдық бастауы. – Алматы, 2012.
3. Ел-назар – Республикалық журнал. – № 05(08) мамыр. – 2012. – 21 бет.
4. Ашық сабақ. Факультативті сабақтар. – № 5. – 2009. – 3 бет.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана, 2012.
6. Іс-тәжірибеде оқытуды басқару мен көшбасшылық – тренердің жазбалары 1-басылым. – 13.12.201.
7. «Тілдік қатынас», оқулық. – Алматы, 39 бет.

ҒТАХР: 14.29.27

# ДҮНИЕТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Серикболова Б.С., Ихсанғалиева М.Қ.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Дүниетану пәнінің оқушылардың танымдық деңгейлерін жетілдірудегі, функционалдық сауаттылықтарын арттырудағы маңызы зор. Бұл пән арқылы оқушылар қоршаған ортамен, айналадағы құбылыстармен, өзінің жан-жағындағы заттармен бұрынғыдан да етене танысып, олар жайлы өзіндік ой тұжырымдай бастайды.

Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға жетелейді.Дүниетану сабақтарында экологиялық білім беру – адамзат қауымының, қоғамның, қазіргі табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімдігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру.

Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің мазмұны мен мақсаты тәрбиелеу мен оқытудың жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және оны жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады.

Дүниетанудан тәрбие берудің мақсаты-жеке тұлғаның экологиялық санасын, мінез-құлқын, мәдениетін барынша жоғары деңгейде қалыптастыру. Жеке тұлғада бұл қасиеттер жеке-дара қалыптаспайды, керісінше, білім мен тәрбие беру үрдісіне бір-біріне егіз сияқты қатарласа жүріп отырады.

Дүниетану пәні оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған. Дүниетануды оқытудың нәтижесінде олар қоршаған орта, оның түрлі заңдылықтары, табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер әлемімен танысып, адамның табиғаттың бір бөлшегі екендігін түсіне отырып, оның табиғатпен тығыз байланыстылығына көз жеткізеді. Пән мазмұны оқушылардың тек дүниетанымдық негізін кеңейтіп қана қоймай, олардың бойларында түрлі қасиеттердің қалыптасып дамуына ықпал етеді.

Оқулық материалы негізінде оқушының танымдық негізін жетілдіреді. Олардың өздерінің бұрыннан білетін ақпараттарын ойда қорытып, оған жаңаша көзқараспен карауларына мүмкіндік болады. Адамның дүниені тануы әдетте өзін-өзі танудан басталмақ.

терең меңгеруі оның функционалдық сауаттылығын арттыра түседі. Яғни дүниетану пәнінде айтылған іс-әрекеттерді күнделікті өмірде кәдеге жаратып, оны өмірдегі басты ұстанымдары ретінде дағдыға айналдыруы негізгі мақсат болып саналады.

Жалпы салауаттылық ұғымының аясы өте кең био-әлеуметтік категория болып табылады. Ол ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен дінімен тығыз байланысты болса, дене және жан тазалығын сақтауы да осы салауаттылықтың негізгі көрінісі болып саналады. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеудің, жас буынның санасында ізгілікті қасиеттерді қалыптастырудың маңызы зор.

Мектеп қабырғасындағы оқушының жүріс-тұрысынан бастап, бүкіл өмірлік ұстанымының қалыптасуына дейінгі кезеңде орынды ықпал ете білу қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өз өзектілігін арттыра түспек. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, түтінінің түзу ұшуына бірден-бір себепкер өскелең ұрпақ болғандықтан, балалар мен жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты сақтау және нығайту мәселелері ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Дүниетану пәні оқушыларды өзінің атынан көрінгендей, дүниені, қоршаған ортаны, өзін және өзінің айналасындағыларды танып білуге ұмтылдырады.

Пән мазмұнындағы тақырыптарды игерту нәтижесінде оқушының жеке бас қасиеттерін дамытады, оларды жаңа әлеммен таныстырып, құзыреттіліктерін арттырады.

Оқушылардың тек теориялық тұрғыдан білім алып қоймай, оны өмірде күнделікті қажетіне жарата білуге дағдыландырған жөн.

Функционалдық сауаттылықтарын арттырып, өмірге бейімдей түсеміз. Бастауыш сынып оқушыларына арналған дүниетану оқулығында қамтылған тақырыптар және сол тақырыптарға байланысты тапсырмалардың барлығы осы мақсатқа жұмылдырылған.

Дүниетану пәні ғылыми негіздегі жаратылыстану ғылымының алғашқы сатысы.

Оқу бағдарламасының мазмұны бастауыш мектеп мұғалімдерінен оқу-тәрбиелік мақсаттарын дұрыс анықтап, табиғатты, адамды, қоғамды, еңбек адамдарын оқушыларға тиімді де түсінікті түрде жеткізу үшін оқытудың тәсілдерін дұрыс таңдауды қажет етеді. Жалпы бастауыш мектеп мұғалімі оқушыларды қоршаған дүниемен таныстыра отырып, эстетикалық, адамгершілік, табиғатты қорғауға тәрбиелеуді мақсат деп санайды.

Ғылымда қоршаған дүние сырын танудың оқу үрдісінде үш әдісі бар:

– білім көзі;

– мұғалімнің оқытуы;

– оқушының білімді қабылдауы;

– оқытудың тәсілдерінің классификасы;

– әңгімелеу, түсіндіру, суреттеу, баяндау, көрнекі құралдарды қолдану, практикалық жұмыс, табиғатқа топсеруен, тәжірибе жасау, т.б.

Оқу процесінде қолданылатын әдістерді оқу үрдісінің құрамына, оқушылардың жас ерекшелігіне, сабақтың тақырыбына байланысты белгілейміз.

Енді сол әдіс-тәсілдерді атап көрсетеміз.

1 «Дүниетану» сабақтарындағы модельдеу әдісі.

Бастауыш мектепте модельдеу әдісі барлық сабақтарда қолданылуы қажет. Білім беруде оның маңыздылығы зор, себебі оқушылар кеңістікті көз алдына елестетуі, немесе құбылысты түсіну ерекшеліктерінің, іс тәжірибеде нақты көрсетілуін қажет етеді.

Оқушылардың басты білім алу көзі оқулық болып табылады. Оқушылардың толық терең жүтем білім алуы, оқулықпен дұрыс жұмыс істеуіне байланысты.

Заманауи педагогикалық технологиялардың басты ерекшеліктерінің бірі – білім беру барысында әр оқушының психологиялық ахуалына, даму деңгейіне, сыныптың ынтымақтастық жағдайына, сонымен қатар олардың әлеуметтік қарым-қатынасына аса мән беруі. Осы технологиялардың қажеттілігін зерттеу барысында біз міндетті түрде Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы жайлы ілімімен бетпе-бет келеміз. Оның пікірінше, оқушылар нақты мақсатты көздеген, көбірек білетін қайраткер жандармен әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады.

Оқушының аса епті және хабары мол адаммен интерактивті вербалды алмасуы нәтижесінде біртіндеп сыртқы, әлеуметтік-жанама диалог орнатуы, күнделікті міндеттерді шешуге қатысуы әлеуметтік тәжірибе ретінде бала бойына сіңіп, оның өз бетімен ойлануына қатысты ішкі жеке қоры ретінде қалыптасады. Бала болашағын ойлайтын әрбір ұстаздың мақсаты – осы: баланың күнделікті өзіне және айналасына қатысты міндеттерді, мәселелерді шешуге ат салыса алуын қалыптастыру.

**Әдебиеттер**


1. Аққозин М. Қазастан табиғаты. – Алматы: «Қазақстан», 1990.
2. Құралұлы А. Ұлттық дүниетаным. – Алматы: «Өнер», 2002.
3. Жүнісқызы К., Бірмағамбетов Ә., Аймағамбетова Қ., Нұғыманов И., Жүкешев Қ. Оқулық. Дүниетану 4-сынып. – Алматы: «Атамұра», 2004.
4. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды экономикалық реттеу мәелелері // ҚазҰУ-нің хабаршысы. Заң сериясы. – 2007. – № 2. – 122-125 б.
5. Алмабаев Ә.О. Бастауыш мектепке арналған қазақша-орысша түсіндірме сөздік / Ә.О. Алмабаев; ғылыми ред. А. Абжаппарова. – Арман, 2003. – 306 б.


ҒТАХР: 14.29.31

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Сләмжан А.Ж.,** бастауыш сынып мұғалімі
«Қаныш Сәтпаев атындағы № 2 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі кезде мектеп оқушыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібіне өткір қойылуда. Ал сөйлеу ауызша және жазбаша болатын белгілі. Сондықтан оқушының жазбаша сөйлеу икемділіктерін дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың маңызы ерекше. Сондықтан баланы жазбаша сөйлеуге үйрету мәтін құрастырудан басталады. Демек, сөйлеу тілін дамыту үшін баланың

мәтін туралы түсінігі мен оны құрастыра білу икемділіктері мен дағдыла Бастауыш мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар жаттығу жұмыстары берілген. Сол сияқты тіл дамыту жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтарнға жауап беру және шығарма, мазмұндама жаздыру арқылы жүзеге асырылады.

Оқу сауаттылығы кең спектр құзыреттілігін қарастырады-сөзді, грамматиканы, әлем туралы білімге дейінгі мәтін құрылымы болып табылады. Оқу – бұл тәрбиенің базалық компоненті, білім мен мәдениет дамуы. Ол тұлғаны дамытушы және қалыптастырушы іс-әрекеті болып табылады. Адам өмірде жетістікке жетудің құралы, мамандардың коммуникативтік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастырумен дәлелдейді. Балалардың ойлауын дамытуда оқудың рөлі ерекше, классикалық әдебиет тілін меңгеру, сөзді дамыту, өзінің жеке мәдениет үлгісін құру ерекше болып табылады. Оқу әлеуметтік тәжірибенің мәдени қорын ұсынады, оқушының жеке тәжірибесін қалыптастырудың тиімді әдісі болып табылады. Білім беру мазмұны дидактикалық бейімделген танымдық, дүниетанымдық, адамгершілік, саяси және басқа проблемаларды шешудің әлеуметтік тәжірибесі болып табылады. Оқу білім беру контекстіне ең әр түрлі әлеуметтік-мәдени деректерді қосу есебінен білім берудің мазмұнды дидактикалық ынтасын кеңейтеді. Білім беру процесін ұйымдастырудың мағынасы білім беру мазмұнын құрайтын танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, адамгершілік және басқа да мәселелерді білім алушылар өз бетінше шеше алу үшін жағдай жасау болып табылады. Білім беру нәтижелерін бағалау оқудың белгілі бір кезеңіне оқушылардың жетуі білім беру деңгейін талдауға негізделеді.

Оқу түрлі топтағы оқырмандардың жекелеген ерекшеліктерін, жас, әлеуметтік, гендерлік, зияткерлік аспектілерді қосқанда оқу қызметінің сапалы көрсеткішіне бағдарланған. Оқу сын тұрғысынан ойлауды дамытуды жобалайды, ойлаудың осындай типі адамға өзінің жеке, кәсіби және қоғамдық өмірде бағытын табуға көмектеседі; өз таңдауына жеке жауапкершілікпен қарауды жобалайды.

Сын тұрғысынан ойлау логикасында оқу ақпаратпен жеке жұмыс істеу мен мәдениет деңгейін көтеру, танымның белсенді және интерактивті әдісі ретінде қарастырады. Оқу процесінде адам өткенді танып қана қоймайды, әлемнің бүгіні мен болашағын зерделейді, ойлауға, талдауға, шығармашылықпен дамуға үйренеді, осындай сипатта оның тұлғасының адамгершілік және мәдени негізі қалыптасады. Оқу, **біріншіден,** адамның сөзін дамытады, оны дұрыс, нақты, түсінікті, бейнелі, әдемі етеді; **екіншіден**, адамды рухани-адамгершілікпен дамытады; **үшіншіден,** шығармашылықпен дамуға ықпал етеді, жаңа көркемдік шығармашылық туындыларын жасайды; **төртіншіден**, ақпаратты қолдану және оны зерттеу білігін қалыптастырады. Кітап оқудың күрделі процесінде негізгі үш сәтті ажыратуға болады:

1. Берілген сөзді қабылдау. Оқи алу – бұл барлығынан бұрын, әріптер бойынша сөздерді таба білу. Оқу сол сәттен басталады, адам әріптерге қарай отырып, әріптерге сәйкес, белгілі бір сөздердің сәйкестігін айта алады. Бұл процесте әріптерді белгі ретінде қабылдауда тек ғана көзбен ғана емес, есте сақтау, елестету және адамның тұжырымдарымен қабылданады. Біз сөздерді 6 оқыған кезде әріптерді жинақтап қана қоймай, тұтас сөздердің мағынасын пайымдаймыз.

2. Кітаптағы сөзге байланысты мазмұнын түсініп оқу. Біз оқыған әрбір сөз санамызда қандай да бір өзгерістерді тудырады, бұдан сөздерді түсіну анықталады. Біздің санамызда ашық бейне, екіншіден қандай да бір сезім немесе логикалық процесс пайда болады, үшіншіден сол немесе басқасы бірге, төртіншіден – ешқандай бейне және сезім, оған байланысты басқа сөз болуы мүмкін.

3. Кітап оқуды бағалау. Тек ғана кітапты оқу ғана емес, оның мазмұнына сыни тұрғыдан қарау бақыланады. Оқу сарыны қажеттілік болып табылады. Оқуды меңгерген балада, басында оқып үйренуге деген қажеттілік пайда болады яғни дыбыстық жүйені меңгеру және оқу процесінің өзі-әріптерден сөздің пайда болуы. Бұл онда қызығушылық туғызады. Алғашқы оқуды меңгеру (сауатты оқу), оқушы оқу сарынын алмастырады: сөздің астарында қандай ой жатқандығы оған түсіну қызығушылық туғызады. Оқуды дамыту шаралары бойынша сарын күрделенеді және оқушы қандай да бір нақты фактілерді, құбылыстарды; күрделі қажеттіліктер пайда болады, мысалы, оны бағалау үшін батырдың қылығын тану; ғылыми-көпшілік мәтінде басты ойды табу және т.б.

Оқу сауаттылығына метакогнитивтік құзыреттіліктер енеді: өзінің түсінбегенін түсіну, қажетті деңгейде өзінің түсінгенін қайта қалпына келтіру және қолдау.Түсінуге ықылас білдірген деңгей оқырманның алға қойған міндеттеріне байланысты (Г.А. Цукерман) [8].

Оқырмандар қызығушылығы – кітаптағы адамзат тәрбиесін ынтамен карап, кітаптан бұл тәжірибені қабілетімен өз бетінше зерделеу болып табылады. Сонымен қатар оқырмандармен ақыл – ой және эмоционалдық белсенділікті көрсету, кітапты оқу үшін құрал ретінде, мәтінде, бұл тәжірибені оқырмандарға сақтаушы және беруші кітаптың негізгі компененті ретінде қоршаған кітап

ортасына мақсатпен бағдарлану. Көркем әдебиет адамның рухани әлемін байытады, оны дамытудағы ерекше құрал болып табылады. Оқырмандар 8 қызығушылығы тұлғаның барлық оқу қызметін бейнелейді. Қызығушылық жағдайында еріксіз назар аудару, қабылдау, ойлау, елестету, есте сақтау процестеріне шоғырланады. Оқырмандар қызығушылығы көрсеткіштері: − оқырмандар қызметіне деген дұрыс қарым-қатынас («оқуды сүйемін»); − нақты кітаптарға деген қызығушылық («осы кітап керек»); − оқудың осы процесіне назар аудару («кітаптан бас алмаймын»); − кітаптан алған әсерімді басқалармен бөлісемін («бұл кітапты басқалардың оқығанын қалаймын»). Оқырмандар құзыреттілігіне қажет білім, білік және дағды балаға түрлі кітаптарға, библиографиялық сауаттылыққа, оқуға деген оң қарым-қатынас болып табылады. Оқырмандар құзыреттілігі – бұл тұлғаға білім берудің ерекше түрі, әдебиеттік оқу процесі кезінде баланың игерген негізгі құзыреттіліктерінің бірі, қоғамда оның жетістікпен бағдарлануы. Оқушыларды оқуға тарту, оқу құзыреттілігін қалыптастыру процесі, білікті оқырмандарды тәрбиелеу – бұл екі жақты процесс. Бір жағынан, мақсатпен бағытталған педагогикалық процесс, екінші жағынан – үнемі кітап оқу қажеттілігін қалыптастыратын, оқушыларды оқуға тартудың ішкі процесі. Нәтижесінде өздігінен ойлай алатын, өзінің танымдық қызметін ұйымдастыра алатын оқырмандар қызметінің қажетті деңгейін меңгерген оқырман оқушы қалыптасады.

Оқу мәдениеті – тұлғаның ақпараттар мәдениетінен құралатын мақсаттардың бірі және оның қоғамдық маңызды бағыттарына жету, оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін білім, білік, дағдылар жиынтығы.

**Әдебиеттер**

1. Адамбаева Р.А. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудың отандық тәжірибесі. – Алматы, 2000.
2. Цукерман Г.А. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «оқу сауаттылығы» ұғымының мәні.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы. – А.: «Ана тілі», 1992. – 448 б.
4. Мұхтарова Э.М. Орта мектепте шығарма жаздырудың әдісі. – Алматы, 2002.
5. «Мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру» баяндама // «Бастауыш мектеп» республикалық-әдістемелік журналы. – № 5. – 2002.

ҒТАХР: 14.29.35

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Советқанова М.С., Дуйсембаева Г.А.,** қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
«№ 27 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау. (топтау, бақылау, қалыптастыру).
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.
4. Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып, зерттеу.
5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.
6. Шығармашылық қабілеттердітәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтап, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.
7. Мұғалім өз ісінеізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді.

Проблемалық және шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойлау, танымдық, қатысымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Бұл жұмыстарда мәтіндерді редакциялау, мәтін бойынша өзгеше нұсқа құру, эссе, шағын шығарма жаздыру секілді жұмыстармен қатар жоба жасау, проблемалық жағдаяттарды шешу, сөзжұмбақтар және т.б. әрекеттер қамтылады.

Жазба жұмыстарының ішінде оқушылардың өзіндік ойын, тілін қалыптастырудағы жұмыс түрі шығарма болып табылады. Ол – оқушылардың шығармашылық еңбегі.

Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат – оның ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой өрісін кеңейтуге машықтандыру.

Көркем мәтінді меңгертуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі-мазмұндама. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер оқушының есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін сөздер мен сөйлемдерді бір – бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мазмұндама жаздыру- оқушылардың тілдік материалдарды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігі мен мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең бастысы – қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда мазмұндаманың мынадай түрлерін жүргізуге болады: дайын мәтін бойынша мазмұндама, сурет бойынша мазмұндама, аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.

Жазба жұмыстары оқушылардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі.

Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасы, эстетикалық және адамгершілік танымы, эмоциясы, пікірі, талдау, қорытындылау, салыстыра білу және одан қорытынды жасау қасиеттері байқалып тұруы қажет.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу;
3. Шығармашылық іс – іс-әрекетке жағдай туғызу.

Шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың төмендегідей түрлері бар:

– Тақырыпты мазмұнына сай жинақтау
– Арнайы бір тақырыпқа пікірталас тудыру
– Шығарма, шағын әңгіме құру
– Сөзжұмбақ құру, шешу

Қиялдау арқылы сурет салу.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып тілін байыту қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылу-мектеп оқушыларының дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Шығармашылық-анымдық іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Осы жерде шығармашылық ұғымына тоқтала кетейік.

Шығармашылық дегеніміз-өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің, түрткінің (мотивтік) болуы.

Көптеген зерттеулерді талдау нәтижесінде шығармашылық іс-әрекет нәтижелері оқушының жеке тұлғасына, біліктерінің жетілуіне, психологиялық тетіктер аркылы оң әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен түрінесәйкес көзқарастары қалыптасатыны анықталыпотыр.

Оқу үрдісінде танымдық тапсырмаларды орындау шығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау: өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау, зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу, болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет рефлекциясыкезеңдерімен жүзеге асады.

Оқу жұмысына шығармашылық мақсат қою, оны жоспарлау оқушыдан зеректік, ізденімпаздық, енбекқорлық, шабыт, мақсаткерлік, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген касиеттерді талап етеді.

Мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру біліктерін дамытуы кажет. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін жетілдіру бағыты танымдық біліктерінің қалыптасу белгілеріне, танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай оларды шартты түрде мынадай 3 топқа бөлуге болады.

Бірінші топ – танымдық іс-әрекетте табанды, міндеттері мен мақсатын біледі; ізденімпаз, пән бойынша дербес шығармашылық жұмыстарға белсене қатысуымен ерекшеленеді.

Екінші топ- ізденіске ұмтылады, бірақ шығармашылық тапсырмаларды орындауға барлық уақытта бірдей бейімділік көрсете бермейді.

Танымдық тапсырмаларды орындау әдіс-тәсілдерінтабуға құлшыныс білдіреді; тапсырмалардыорындауда мұғалім көмегін кажет етеді.

Үшінші топ – шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындауға құлықсыз; белсенділігі төмен; репродуктивті сипаттағы тапсырмаларды ұнатады; жұмысты орындауда үлгіні кажет етеді, оны орындауда көмекті қажетсінеді.

Сонымен, шығармашылық іс-әрекет талаптарын, сондай-ақ оларды мектепте ұйымдастыру жолдарын зерттеу-мәселені дамытып, жетілдіру тетігін анықтауға және мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

– оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

– танымдық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

– танымдық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды.

Оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор.

**Әдебиеттер**

1. Үшкемпірова С. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту. – Шымкент, 2006.
2. Байболат Т., Бакирова Ұ., Әділбекова С. Оқыту тиімділігі – жаңа педагогикалық технологияда. – Шымкент, 2007.
3. Құрман Н.Ж., Тұрлыбекова Ж. Қазақ тілінің коммуникативтік грамматикасы. – Астана, 2013.

ҒТАХР: 14.25.07

## ИНФОРМАТИКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Тлеужан Т.Т.,** информатика пәні мұғалімі
«Б. Момышұлы атындағы № 34 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі білім беру жүйесі заманның өзгеру үдерісіне сай дамып отыруы тиіс. Осыған орай жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру маңыздылығы алдыңғы орынға шықты.

Әлемдегі дамыған, қуатты елдердің білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі де осы өлшемге сәйкес жүргізіледі.

Компьютерлік сауаттылық – адам қызметінің барлық салаларында, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған ақпараттық технологияларды табысты қолданатын тұлғалық сапа.

Оқушылардың компьютерлік сауаттылықтарын дамыту – оқыту мен оқу үдерісінде, ғылымның әртүрлі салаларын игеруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі оқу әдістемелік кешеннің заманауи компоненттерінің бірі білім беру үдерісінің барлық қатысушылары: мұғалім, оқушы, ата-аналар қолданатын ғаламтордағы интернет ресурстар (bilimland.kz, ustaz.kz, smk.nis.edu.kz, sabak.kz) жүйелі ақпарат, тәжірибе алмасу алаңы болып саналады.

«Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.

Информатика сабақтары оқушылардың мәдениетін, ойлау интелектуалды дағдыларын сонымен қатар функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс. Мұғалім мен оқушының іс–әрекетінің байланысын әр түрлі кезеңдерде функционалды сауаттылығының қалыптасуын мақсаттылық, жоспарлау, шешім қабылдау, орындау, нәтежиге баға беру арқылы жүзеге асыруға болады.

1. Мақсат қою. Оқушы мәтінмен жұмыс істеу, тірек – конспектісін құру, бағдарланған сұрақтар құрау, сызбанұсқаны, суреттерді оқу, жаңа терминдермен жұмыс істеу, түсініктердің жүйелігін құру және алгоритімін анықтай білу.

2. Жоспарлау кезінде міндеттер қойып, проблемаларға талдау жасау. Ол үшін ақпарат көздерін таңдау қажет.

3. Шешім қабылдау үшін ақпараттарды пайдаланып, зерттеу жүргізу.

4. Орындалуы. Ол үшін білім беру обьектісімен жұмыс істей отыра орындау және оны өңдеу.

5. Нәтижелерді бағалау үшін жасалған жұмыстарға талдау жасау және егер қателіктер болса себептерін анықтау, өзіндік талдау, өзіндік бағалау жасау.

6. Білім обьектісімен жасалған жұмыс нәтижелерін қорғау және нәтижелерді бағалауға қатысу.

Осы кезеңдер арқылы оқушының іс–әрекеті анықталады. Оқушы білім алып қана қоймай, сонымен қатар білімді алу құралдарымен қарулану қажет. Бұндай сабақтар арқылы оқушының өзін – өзі бақылау картасының көмегімен қаншалықты интелектуалдық, ұйымдастырушылық және коммуникативтілік меңгерген деңгейін анықтауға болады. Сөйтіп, оқу үрдісі кезіндегі кемшіліктерді, алға басушылықтарды анықтай отыра қай жерде қателіктер жіберілді, нені қайталау керектігін түсінеді.

Жалпы оқудың біліктілік және дағдыларының өзіндік бақылау деңгейлерінің анықтайтын картасы.

Осындай өзіндік диагностика әр кезеңде жеткіліксіз оқу біліктілігімен және дағдылардың «қалыс қалған» және әр кезеңде функционалды сауаттылықты қалыптастыру кезінде байқалады.

Білім беру саласының мониторингі функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары арқылы іске асады:

Оқу және жазу сауаттылық

Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық

Компьютерлік сауаттылық

Математикалық сауаттылық

Денсаулық сауаттылық

Құқықтық сауаттылық

Компьютерлік сауаттылық

Оқушынның ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын дамыту.

Компьютерлік сауаттылық негізін қалайтын информатика пәнін оқытуды төменгі сыныптан бастап көшіру тиімділігі практика жүзінде дәлелденген. Себебі психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады екен. Сондықтан балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін мектептен логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың негізін, ақпараттық сауаттылық пен мәдениетке тәрбиелеу қажет.

Компьютерлік сауаттылық-бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Осыдан кейін туындайтын мәселелердің бірі-жастарға сапалы білім, саналы тәрбие орта мектепте білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету.

Функционалдық сауаттылықтің негізгі стратегиялары:

1. Білім беру мен білім алудағы тәсілдер

2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.

Информатиканы оқытудың негізгі маңызы – оқушылардың шығармашық, зертеушілік қасиеттерін қалыптастыру және белсенді, әрі толыққанды өмірге, информациялық қоғам ортасындағы жұмысқа дайындау болғандықтан, тәжірибемізде практикалық жұмыстарға көп көңіл бөлеміз.

Қазіргі заман талабына байланысты оқушының информатика пәнінен алған білімін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы зор. Сондықтан оқушыларға білім негізін

меңгертуде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда және шығармашылыққа іздену қалыптастыруда практикалық жұмыстың алатын орны ерекше.

Функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады:

Оқушыға тиянақты білім беріп, білім сапасын көтеру жолында информатика пәніне қызығушылығын ояту үшін, АКТ-ны қолдану тиімді:

– Уақыт ұтамыз /көрнекілік дайындау т.б.

– Ұстаздардың өз білімін жетілдіруі, өзара тәжірибе алмасу / Internet жүйесі /.

– Тәжірибе жинақтау /компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады/.

– Бақылау мен бағалаудың объективлігін қамтамасыз етеміз.

– Оқушылардың қосымша білім алуына мүмкінді.

Оқушынның ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын дамыту басты міндет болып табылады.

Компьютерлік сауаттылық-бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Осыдан кейін туындайтын мәселелердің бірі-жастарға сапалы білім, саналы тәрбие орта мектепте білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету.

Информатика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын үш негізгі міндеттерді шешу арқылы қалыптастыру мүмкіндігі бар:

1. Оқушының әлеуетіне сәйкес келетін білімдік деңгейге және жеке тұлғаның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін және білім беруді іске асыру мүмкіндігіне, оның ішінде өзіндік білім алу жолымен жету.

2. АКТ құралдары мен өз қабілеттерін іске асыруда әр оқушыда шығармашылық әлеуметтік мәнді қызмет тәжірибесін қалыптастыру.

3. Оқушыларда гуманистикалық қарым-қатынастардағы қатынас пен өзара әрекет тәжірибесін жинақтау.

Информатиканы оқытудың негізгі маңызы – оқушылардың шығармашық, зертеушілік қасиеттерін қалыптастыру және белсенді, әрі толыққанды өмірге, информациялық қоғам ортасындағы жұмысқа дайындау болғандықтан, өз тәжірибемде практикалық жұмыстарға көп көңіл бөлемін.

Қазіргі заман талабына байланысты оқушының информатика пәнінен алған білімін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы зор. Сондықтан оқушыларға білім негізін меңгертуде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда және шығармашылыққа іздену қалыптастыруда практикалық жұмыстың алатын орны ерекше.

«Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда «Sketch up» программасында объектілер мен оқиғалардың моделін оқытудың маңызы зор. Бағдарлама қарапайым үшөлшемді денелердің үлгісін жасауға арналған. Бұл бағдарламаны әрбір оқушы үйіндегі компьютерге жасаушы сайт тан жүктеп және орнатуға болады. Ол орыс тілінде түсінікті интерфейспен құрастырылған.

Жасаушы сайт Windows, Mac OS операциялық жүйелері үшін бұл бағдарламаның нұсқаларын жасап шықты, сонымен қатар, Google SketchUp әр түрлі түрдегі файлдарға импорт және экспорт жасатады. Осылайша салған сызбасын ары қарай тобының студенттері талдау үшін немесе оқытушы тексеру үшін Интернетке (мысалы, студенттің блогына) орналастыруына болады.

Бұл бағдарламаны «SketchUp бағдарламасы туралы жалпы түсінік», «SketchUp бағдарламасымен тәжірибелік жұмыс» тақырыбына пайдаланған жөн. Google SketchUp бағдарламасын информатика сабағында «Компьютерлік графика», «Үшөлшемді графика» тақырыбы көлемінде түсіндіре кету керек. Бұл сабақтарда оқушы арнайы жобаларын жасап, оны кейін өндірістік оқу сабақтарында пайдалана алады.

Мысалы, «құрылыс шебері» мамандығы кірпішпен қалап екі бөлмелі ғимарат салатын болса сол ғимараттың макетін (проект, жоба) Google SketchUp бағдарламасында жасап баспаға шығарып алады.

«Дәнекерлеу ісі» мамандығы орындықтардың макетін SketchUp бағдарламасы арқылы жасап алса өте ыңғайлы.

Мамандықтары бойынша жаңа тақырыпты түсіндіргенде оқулықтарындағы қажетті сызбалардың барлығы 3D үлгілерімен алмастырылып, көрсетілім ретінде пайдаланған дұрыс.

Көптеген адамдар 3D технологиялар туралы айтқанда, стерео көзілдірік, виртуалды шындық және 3D бейне мен фильмдерге байланысты барлығының бәрі деп түсінеді. Алайда үшөлшемді технологиялар әлемі мұнымен ғана шектелмейді. Алдымен үшөлшемді графиканың не екенің түсіну қажет. Бұл жазықтықта көрсетілген үш өлшемді сурет. Яғни, екіөлшемді суреттен айырмашылығы, жазықтықта үшөлшемді геометриялық проэкциясы болады.

Үшөлшемді графика – көлемді объектілерді үшөлшемдік кеңістікте модельдеу жолымен сурет немесе бейне жасау әдістеріне арналған компьютерлік графика бөлімі.

3D модельдеу – бұл объектінің үшөлшемді моделін жасау процесі. 3D модельдеу мақсаты – керекті объектінің көлемді визуалды көрінісін жасау. Сонымен қатар модель шынайы өмірдегі объектілерге (автокөліктер, ғимараттар, дауыл, астеройд) сәйкес келе алады, немесе толық абстрактілі (төртөлшемді фракталь проекциясы) болуы мүмкін.

Жазықтықта үшөлшемді суретті алу үшін келесі қадамдар талап етіледі:

1. Модельдеу – сахнаның және ондағы объетілердің үшөлшемді математикалық моделін жасау;
2. Текстуралау – модель жазықтығына процедуралық және растрлық құрылымын тағайындау (сондай-ақ материалдар қасиетерін реттеу - мөлдірлігі, шағылысуы, кедірлігі және тағы басқалары);
3. Жарықтандыру – жарық көздерін орнату және реттеу;
4. Анимация (кейбір жағдайларда) - объектілерге қозғалыс беру;
5. Динамикалық симуляция (кейбір жағдайларда) – бөлшектердің, тығыз/жұмсақ денелері және тағы басқаларының гравитация, жел, итеру және басқа модельдеу күштерімен қатынасының автоматты есептеуі;
6. Рендеринг (визуализация) – таңдалған физикалық моделімен сәйкес проекция тұрғызу;
7. Композитинг (ұйымдастыру) – суретті толық пысықтау;
8. Алынған.

**Әдебиеттер**


1. http://rector.kz/sabak-zhospary/id/9246
2. http://tezister.net/index.php?newsid=169867
3. Ушакова О., Тозик В. «Самоучитель SketchUp»



ҒТАХР: 14.25.09


## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


**Торгаева С.Д.,** ағылшын тілі пәні мұғалімі
«А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ» КММ

**Туленова Ж.Д.,** бастауыш сынып мұғалімі
«Б. Момышұлы атындағы № 34 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


PIRLS зерттеуінің басты мақсаты-оқушылардың әлемдік деңгейдегі мәтін мазмұнын жетік түсінуін және әлем мәтіндері мен оқу сауаттылығын қалыптастыруда ұлттық білім жүйесі жұмысының айырмашылықтарын анықтау болып табылады.

Қазақстанның халықаралық зерттеуге қатысуы білім сапасының қазіргі заман талабына сай болуда ұлттық білім жүйесін модернизациялауды білдіреді. Қазақстан Республикасының 2011-2020 ж. арналған Мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық оқушылардың мәтінді оқу және түсіну деңгейін анықтауда халықаралық зерттеуге қатысуы туралы белгіленген. Негізгі халықаралық зерттеу Қазақстанда 2016 жылдың 1-30 сәуір аралығында өткен болатын. Зерттеу нысанасы болып бастауыш түлектері саналды, өйткені төртінші сыныпқа келгенде оқушылар түрлі мәтіндермен жұмыс жүргізе білуі тиіс. Қазақстаннан 4 000-нан астам төртінші сынып оқушылары қатысты. Оның ішінен: Оңтүстік Қазақстаннан-38, Алматы облысынан-18, Ақтөбе мен Қарағанды облыстарынан 13-тен, Шығыс Қазақстаннан-12 (Семей қаласынан № 8, № 39 метептерінің 4-сынып оқушылары).

Білім негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Қазіргі оқыту жүйесі бастауыш сынып мұғалімінен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың оқу

сауаттылыған арттыруда оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдері мен түрлерін ұтымды пайдаланғаны дұрыс.

Тәжірибемде мәтінмен жұмыс істеудің **интегралды және и дифференциалды** алгоритмдерін қолданамын. Оқудың интегралды алгоритмі мәтіндегі негізгі ойды анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс ең қажетті ақпаратты ғана бөліп алуға септігін тигізеді. Дифференциалды алгоритм көмекші сөздер арқылы ең маңызды ақпаратты іріктеп алуға арналады. Мәтінді оқып, не туралы екендігін анықтап алған соң, оқушыларға парақтар таратылады.

1. Мәтіннің тақырыбы, авторы:________________________
2. Негізгі мазмұны (идеясы): __________________________
3. Фактілер (аттары, цифрлар, мәліметтер):_____________
4. Бағалау:

Жаңа ақпарат _______________________________________

Қызықты ақпарат ________________________

5. Пайдасы: _________________________

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары оқу үрдісінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс кезде, тәрбиелік іс-шаралар мен қосымша сабақтарда, отбасылық оқу мәдениетін қалыптастыруда ата-аналармен бірлесе жұмыс атқарған кезде ғана іске аспақ.

Аталған зерттеу сарапшыларының халықаралық глоссарийы бойынша «оқу сауаттылығы»- оқушының өмірге бейімделе алуы мен алға қойған мақсаттарына жетуде жазбаша тілдің түрлі формаларын түсінуі мен логикалық сараптан өткізуі дегенді білдіреді.

Оқу біліктілігін бағалауда ескеру керек:

**– ақпаратты табу,**

**– қорытынды шығару,**

**– ақпаратты қорытындылау мен интерпретация,**

**– мәтін құрылысы мен тілдік ерекшеліктерін, мазмұнын бағалау.**

Зерттеу мәтінмен жұмыс жүргізу барысында оқырмандық білікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәтінді түсінуде оқушылардың оқырмандық мүмкіндіктерін сипаттау:

-мәтінді жоғары деңгейде түсіну,

-мәтінді орташа деңгейде түсіну,

-мәтінді төменгі деңгейде түсіну,

Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет. Оқуға деген қызығушылықты «Отбасымен бірге оқу», «Кітапхана сабақтары», АКТ пайдалану арқылы «Оқуға әуестік» сайттары арқылы арттыруға болады. Оқу сауаттылығының негізі мәтінмен толыққанды жұмыс істеу үшін қалыптасқан оқу дағдысы болып табылады. Зерттеу оқушылардың оқу мүмкіндіктерін бағалауға көмектеседі.

Функциональдық сауаттылық – адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Бұл жаңа ғана өмірге бейімделіп келе жатқан жас бүлдіршіндердің қалыптасуы, өмірге, мектеп өміріне бейімделіп кетуі. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы, қабілеттілігі т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функционалдық сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетінің қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйрегне сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде.

**Оқу сапалары.**

**Дұрыс оқу**

1. Дұрыс оқуға үйрету негізі алғашқы оқу-жазуға үйрету кезден басталады. Дұрыс оқу үшін оқушылар мына талаптарды орындауы қажет:

1. Сөзді оқығанда әріптеп оқымай, буындап, буындарды жалғастырып оқу. Мысалы: *ша-на-лар, то-қу.* Мұнда балалар сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын түсінбей оқитын болса, дер кезінде түсіндіріп, түзетіп, сөзді буынға бөлгенде дұрыс бөліп оқуға жаттықтырып, дағдыландыру қажет.

2. Оқып тұрған сөздің не алдынан, не артынан, не ортасынан артық дыбыс қоспай, не түсірмей оқу, ұқсас дыбыспен ауыстырмай оқу.

3. Бір дыбысты не буынды ұзақ созып, не екі рет айтпау: *аа-на, баа-ла, а-на-на, ба-ба-ла.*

4. Бір сөз орнына екінші бір сөзді айтпау (мағынасына сәйкес келетін), сөйлем соңындағы сөзді, буынды жұтып қоймау.

5. Ұқсас дыбыстарды, тілі келмейтін дыбыстарды ауыстырмау.

Сонымен оқушы дұрыс оқымаса, мұғалім дұрыс оқып беріп, оқушыға қайталаттырады немесе жақсы оқитын оқушыға оқыттырады.

Баланың табиғат сыйға тартқан барлық интеллектуалдық қабілеттері ана тілін меңгерудің, онда да мектепке дейінгі кезде меңгерудің арқасында пайда болады және дамиды. Балаларды ана тіліне оқытуда кәсіби шеберлікті меңгеру үшін болашақ тәрбиешіге әдістеме теориясын, ұғыну және ғылымға белгілі әдістерді меңгеру, яғни осы әдістерді жүзеге асыратын оқытудың аса маңызды тәсілдерін орындауға жаттығу қажет.

Тілді дер кезінде және сапалы меңгеру балада дұрыс психиканың қалыптасуының және оның кейін жақсы дамуының алғашқы аса маңызды шарты болып табылады. Дер кезі дегеніміз – бала дүниеге келген алғашқы күннен бастау, сапалы дегеніміз – тілдік материал көлемінің жеткілікті болуы және баланың әрбір жас кезеңіне қарай тілді меңгеруге деген мүмкіндіктерін толық пайдалану.

**Түсініп оқу**

Түсініп оқу – оқыған сөз немесе сөйлемнің мағынасын, ондағы айтылған ойды дұрыс түсініп, оны екінші бөлімде айтылған оймен байланыстыруы, оқылған мәтін мазмұнын анық, терең ұғынуы.

Түсініп оқу дұрыс оқу сапасы арқылы іске асады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуға дағдыландырудың маңызды бір жолы – кіріспе әңгіме. Сонымен қатар оқудың алдында саяхатқа шығу, тәжірибе, бақылау жасау да түсініп оқуға дағдыландырады. Қорытынды әңгіме де оқушының түсініп оқуына септігін тигізеді.

Жаңа материалды түсініп қабылдау үшін сабақ үстінде жүргізілетін жұмыстар:

1. Кіріспе әдгіме.
2. Мұғалімнің мәтінді тұтас баяндауы не оқып беруі.
3. Сөздік жұмысы.
4. Бөлім-бөлім бойынша оқушыларға дауыстатып оқыту.
5. Сұрақ-жауап арқылы не түсінгендерін, қалай түсінгендерін байқау.
6. Іштен оқу.
7. Қажетті жағдайда оқудың басқа түрлерін іске асыру. Мысалы: рөлге бөліп оқу, теріп оқу, бөлімге бөліп оқу.
8. Түсінгендері бойынша бөлімге ат қою, мазмұндық сурет салу, мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту.
9. Осы әңгімеге ұқсас, идеялық ойын аша түсетін қосымша әңгімеге өлең, т.б. айту.
10. Мәтінді қалай қабылдағанын байқау, алған білімін білікке айналдыруға бағытталған қорытынды әңгімеге өткізу.

**Мәнерлеп оқу**

Мәнерлеп оқу – бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі оқығанын түсінеді. Оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады. Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқып отырғанын түсіну керек. Мәнерлі оқылмаса, дұрыс оқыды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінің дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі – мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы. Мәнерлеп оқу дегеніміз – дұрыс оқу, сонымен бірге дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, мазмұндық ой екпінін қоя білу, кейіпкер көңіл-күйін сезіне оқу. Екінші сөзбен айтқанда, қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу, дауысты құбылтып, тыңдаушысына әсерлі етіп жеткізу.

Мәтінмен жұмыс бір жағынан, сөздің грамматикалық және лексикалық жақтарын талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан баланың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізі болып саналады. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында мұғалімнен оқушылардың мәтін мазмұнын түсінетіндей жағдай туғызу талап етіледі. Ол үшін сөздік жұмысы, талдау, салыстыру, түрлі бағытта берілген шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты әдістер мен жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет.

**Әдебиеттер**


1. Адамбаева Р.А**.** Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудың отандық тәжірибесі.
2. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «оқу сауаттылығы» ұғымының мәні.
3. Цукерман Г.А. Оценка читательской грамотности. РАО институт содержания и методов обучения отдел оценки качества общего образования. – М., 2010. – 90 с.
4. Кузнецова М. Читательская грамотность школьников: взгляд сквозь призму PIRLS и PISA / М. Кузнецова // Науч.-метод.журн. – 2011. – № 3. – С. 52-57.
5. Оразбаева Ф**.** Қазіргі ғылыми парадигмадағы «Оқу сауаттылығы» ұғымының мәні.
6. Байтұрсынұлы А**.** Тіл ғылымы. – А.: Ана тілі, 1992. – 448 бет.
7. Балақаев М.Б**.** Қазақ әдеби тілі. – А, 1987.
8. Бектұрғанов Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. – А, 1994.



ҒТАХР: 14.25.09


## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ


**Тулекенова С.К., Рахимжанова А.Т.,** бастауыш сынып мұғалімдері зерттеуші-педагогтар
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Бастауышта танымдық жұмыстың бастамасы – өз бетіндік жұмыс. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттері олардың өз бетіндік жұмыстарынсыз дамыту мүмкін емес. Өз бетіндік жұмыс түрлеріне төмендегі негізгі 3 жұмыс түрлерін жатқыза аламыз.

1. Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар (құрастырмалы ойындар, ребус, сөзжұмбақ, анаграмма.)

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері ( мәтіннің мазмұнын өңдеу)

3. Өз ойынан еркін тақырып құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар (өлең құрастыру, әңгіме, шығарма жазу т.б.).

«Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының мақсаты – өз бетінше білім алып, көп пікірдің ішінен өзіне маңыздысын ала білетін, біреудің пікірін тыңдай білетін және одан өзіне керектісін алатын, еркін сөйлейтін, батыл, өз пікірін қорғап шығатын адам тәрбиелеу.

Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқталып өтейін. Олар: еркін жазу, Венн диаграммасы, топтастыру, ойлану, жұпта талқылау, тірек сөздер т.б. Осы жұмыстарды орындау барысында төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

– сабақ түбегейлі оқушыға бағытталып, ұжымда қарым-қатынас орнады;
– оқушылардың үлгерімі жоғарылады;
– өз беттерінше әртүрлі шешімдер қабылдайды, жауапкершіліктері артты;
– ойларын жүйелеуге, ашық айтуға үйренді;
– шығарма, төрт жол өлеңдер, эссе жазып, сипаттай алатын боды.

Жаңа технологиялардың арқасында оқушының белсендігі артып, жан-жақты талдауға, өз ойын ашық айтуға, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Осы педагогикалық технологияның ерекшелігіне сүйене отырып, оның тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдіруге болады. Атап айтқанда:

– дарынды оқушыны дамытады, оқушылар шығармашылығын арттырады;
– оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіріп, білім сапасын көтереді;
– пәнге деген бейімділігі, қызығушылығы артады.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-

технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5-7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернеттік коммуникацияның көптеген түрі қазіргі кезде еркін және үйреншікті түрде қолданысқа еніп кетті.

Олар:

электрондық пошта;

чат;

форум;

веб-конференция т.б.

Интерннеттен тікелей алынатын мәліметтер немесе интернет ресурстар – қазақ тілін түрлі бағытта, түрлі салаға үйрету үшін мол әрі құнды мәліметтер бере алады-дағы, соның негізінде заманға сай оқу материалдарын жүйелеуге бастау көзі ретінде сенімді тірек болады.

Интернет-технология негізінде қазақ тілін үйрету мен үйренуге арналған ақпараттық-визуалды орта қалыптастырып, оны қазақ тілін үйренушінің, қазақ тілін теориялық дәрежеде меңгеріп отырған оқушының тұрақты оқу серігіне айналдыру мүмкіндігі қазіргі кезде өте мүмкін. Мұндай виртуалды орта оқушыға қазақ тілін оқып-меңгеруге мұғалімнің жетекшілігімен және өз бетімен үйренуіне ерекше жағдай жасайтын орта болып табылады. Ондай виртуалды орта оқушылардың жеке танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін «қазақы кәсіби виртуалды ортасын» жасайтын ерекше «әлемге» айналады.

Интернет-технология орасан зор жүйеге, үлкен ортаға айналып, болашақтың ажырамас та табиғи реуішті компонентіне айналып келеді. Сондықтан да осындай ғаламат күшке, керемет мүмкіндікке айналып отырған заманымыздың ең күшті байланыс және ақпарат беру құралына айналған Интернет-технологияны қазақ тілін дамытудағы, қазақ тілін жан-жақты оқытудың ерекше де сенімді ортасына айналдыруға бар қолдан келген қайранды дер кезінде салу керек.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз.

Олар:

блог; уики; покаст; твиттер; ютюб; қыстырма (закладки) т.б.

Деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалану – сапалы білім берудің негізі. Қазіргі қоғамымызда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білуі қажет. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру мұғалімнің басты талабы.

Жаңа талаптарға сай көптеген оқыту технологиялары бар. Солардың бірі -профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Бұл технология оқушының ой-өрісінің дамуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Әрбір тарау бойынша деңгейлік тапсырмалар – дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен еске сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасын қамтамасыз етеді.

Деңгейлеп оқыту технологиясында жұмыс міндеті үш деңгейлік және қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады:

1-деңгей: міндетті, оқушылық;

2-деңгей: эвристикалық, материалды саналы түрде меңгеру;

3-деңгей: шығармашылық, өз бетімен ауқымды оқу материалын меңгеру.

1-деңгейдегі тапсырмалар:

1) Жаттап алуға лайықталған болуы керек;

2) Өткен сабақта меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беру тиіс;

3) Тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек. Мұндай тапсырмаларды құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызығушылық жақтарына көңіл аударған жөн.

2-деңгейлі тапсырмалар:

1) Танымдық – ізденім түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімділігін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс; Эврика! Мұндай жұмыс – анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізгісін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді;

2) Әр түрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар;

3) Өз бетімен жұмыс жасауға, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

3-деңгей шығармашылық деңгей тапсырмалар:

1) Оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктердің қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген (өз ойын дәлелдеу, оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару).

2) Берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, ғылыми жобалар қорғау. Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының ерекшелігі мен тиімділігі. Барлық оқушылар жұмысын бір мезгілде бастап әрқайсысы білім игерудегі өз қабілетіне қарай өз биігіне жетеді. Әр оқушының әр пәннен 100% үлгеріміне қол жеткізудің кепілі болады және әр оқу пәнінің барлық тақырыбы бойынша ең болмағанда міндетті 1-деңгейді игеруін толық жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде, мемлекеттік стандарттың талаптарының орындалуына кепілдік беріп, Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының талаптарына сай келеді және дәстүрлі оқытудағы оқушылардың артық жүктеме тарту проблемасын шешеді.

Әр деңгейдің барлық тапсырмаларын дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергеніне сәйкес бағаланады. Бұл жағдайда оқушы мұғалімнің көмегінсіз өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өз бетімен дами алатын тұлғаға айнала бастайтын болады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты:

1. Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту.

2. Деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыс жасау, қолдау көрсету;

3. Дарынды оқушының тереңірек білім алуына жағдай жасау;

4. Оқушының ынтасын қабілетін арттыру.

Деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді жақтары:

1. Өтілген материалды толық меңгереді, өйткені сабақ сайын қайталанып, пысықталынып отырады.

2. Тақырыпқа байланысты оқулықта берілген тапсырмалар толығымен орындалады.

3. Оқушы өзінөзі тексереді, өзінің жіберген қателерін біліп отырады.

4. Талдау жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. Талдаудың барлық түрінде сабақ сайын қайталап отырады.

5. Білім сапасы әр сабақ сайын тексеріліп отырады,алған білімдерінің нәтижесі айқын көрініп тұрады.

6. Ойлау қабілетін арттыратын тапсырмалар орындайды.

7. Әр оқушының әр пәннен 100% үлгеріміне қол жеткізудің кепілі болады және әр оқу пәнінің барлық тақырыбы бойынша ең болмағанда міндетті 1-деңгейді игеруін толық жүзеге асырады.

8. Әр деңгейдің барлық тапсырмаларын дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергеніне сәйкес балдық жүйемен ерекше бағаланады.

9. Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі, бос отырған оқушы болмайды

10. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының ерекшелігі:

1. Таланттылар, дарынды оқушылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

2. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың әр түрлі білім дәрежесіне сай ұсынылады. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

3. Деңгейлік тапсырмаларды орындағанда мұғалім – бақылаушы, кеңесші.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Оқушылардың психологиялық ерекшелігін, ақыл-ойының дамуы және өзін-өзі жетілдіру.
2. Дарынды балалар болса оқушының – зерттеу жұмыстарын дамыту.
3. Мұғалімнің жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызады.

Деңгейлік тапсырмаларды қолдану арқылы өткізген сабақтардың іс-тәжірибесінен мынадай түйін жасауға болады:

Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болу үшін: жеке тұлға ерекшеліктеріне, психологиялық даму ерекшеліктеріне, пән бойынша білімді игеру деңгейіне назар аудару қажет. Сабақ өткізу формаларын және түсіндіру әдістерінің жаңа тәсілдерін күнделікті сабақта мына жағдайларға көңіл бөлген дұрыс:

– сабақтың мазмұнына;
– сабақты өткізудегі тәсілдері мен әдістерін таңдауға;
– сабақтың нәтижелілігіне.

**Әдебиеттер**

1. Махмудов М.И. Мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – А.: Мектеп, 1981. – 247 б.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1967.
3. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – А.: Қаз.унив., 1991. – 128 б.
4. Абубәкірова С. Текстпен жұмыс істеудің әдістемесі. – А.: Қаз.унив., 1993. – 105 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. – А.: Ғылым» баспасы, 2004.
6. Ушинский К.Д. Педагогика. – М.: Просвещение, 1980.
7. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. – М.:, 1997.

ҒТАХР: 14.29.37

## АУЛА КЛУБЫНА ҚАТЫСАТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Тусупбаева А.Б.,** педагог-ұйымдастырушы
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі таңда баланың қызығушылығына септігін тигізіп, икеміне қарай жаңа қырынан танылуына, өмірлік жолын анықтауда аула клубтарының маңызы зор. Аула клубы дегеніміз – жастар мен жасөспірім, сондай-ақ, балаларға арналған мектептен тыс уақытта мәдени тәрбие мен қосымша әртүрлі саладағы үйірмелерге баулайтын тәрбие беретін ұйым түрі. Бұл ұйым түрі балалардың болашақта жан-жақты, білімді, мәдениетті, ең бастысы көрегенді әрі тәриелі боп қалыптасуына өз оңды ықпалын тигізеді. Клубта балалар тек қана жан-жақты үйреніп қана қоймай рухани да дем алып қалады және қоғамдық шараларға өз үлестерін қосады.

Аула клубының мақсаты – оқушылардың мектептен тыс өмірін тиімді пайдаланып, өздері оқып жүрген пәндерін тереңдетіп оқыту жалпы баланы жан-жақты дамытып, бейімін жетілдіру болып табылады.

Оқушылардың өз бетімен бос жүрісі көбейеді. Берілген жүктеме бомағандықтан, олардың түрлі әрекеттермен іс-қимыл көрсеткіштерінің сапасы болмайды. Осыдан жасалатын қорытынды және педагогқа қойылатын басты талап жан-жақты талап.

Жұмысты тиімді ұйымдастыруға ең бірінші типтік оқу бағдарламасына сай жасалатын өздік күнтізбелік жоспардан басталуы шарт. Жоспардағы әрбір өтілетін тақырыпқа жете мән беріліп, оның өз мүмкіндіктеріне сәйкестігі, теориялық сағаттарының мөлшері, қосымша компоненттерге байланысты педагог қосатын іс-әрекеттері мен жаттығулары, оқу шеберханасының материалдық-техникалық базасы, оқу көрнекіліктерінің және құралдарының жеткіліктігі т.с.с. жағдайлар кеңінен зерделеніп барып жоспарға енуі тиіс.

Сонымен қатар қанша бала тақырыпты немесе іс-әрекетті игере алады, топтағы баланың құрамы белгілі болғандықтан, неше балаға мүмкіндікке қарай қосымша практикалық сағат, уақыт бөлу жағдайлары ескерілуі тиіс. Осылайша мұғалім шығармашылық тұрғыда өзіне қажетті әдістемелік құралдардың тізімін жасай отырып, преспективалық-тақырыптық жоспар құрады. Сапалы жасалған жоспар келешек атқарылатын жұмыстарға жеңілдік әкеледі, нәтижеге қол жеткізе алады.

Нақты жоспар бойынша жасалған жұмыстар қандайда болмасын еңбек түрін, жұмыс тәсілін үйретіп, оқушыларға терең меңгертіп қана қоймай, осы іске деген үлкен құрметпен қарауға да көмегін тигізеді.

Жалпы баланың ақыл-ойын дамытып, адамгершілікке, іскерлікке баулу, жеке адамның дамып жетілуіне қолөнердің әсері мол. Қолөнер арқылы баланы болашақ кәсіперлікке де даярлауымыз керек. Жастайынан іспен айналысқанды ұнататын балаларды өнерге баулу, олармен жүйелі жұмыс жүргізіп отыруымыз негізгі міндетіміз.

Қолөнерге деген қасиет – оқушының бойындағы дамыған сана белсенділігі, туа біткен қабілеті. Осы қабілет мектептегі үйірмелер арқылы сан алуан ғылыми салалардан білім алу және

тәжірибелі ұстаздардың көмегі арқылы ашылады. Үйірме жұмысының нәтижесінде үйірмеге қатысатын оқушылар басқа оқушыларға қарағанда анғұрлым толық мағлұматтарға қанығып, шеберлігі шыңдалып, ой-өрісі кеңи түседі. Үйірмеде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына да өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Осылайша балалар әр түрлі шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық бағалы қасиеттерді қалыптастырады.

Қазіргі өмір талабы-оқу тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Білім жүйесінің жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік жұмыстарының мазмұнының өзгертуі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуды, шыңдауды талап етеді. Дамудың жаңа сатысына бағыт алған мектептің ең негізгі өзегі мұғалімнің жеке басының ізденімпаздығы мен білімділігіне көп жағдай тәуелді.

Дүниетану, білімге талпыну – әрбір адмның түбегейлі ісінің бірі. Егер әрбір адам білімге талпынбаса, еңбектенбесе ілгері басу, прогрес те болмас еді. Сондықтан, ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық педагогикалық әдеп-ғұрыптарын, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат әрекеттерге сын көзбен қарайтын, ақпаратты жинап, саралай, тұжырымдай алатын оқушыларды дайындауымыз қажет. Олар жаңа ойларға, идеаларға толы, күтпеген жерден пайда болған мәселелерге мағына беріп, қажет ақпараттарды айта білулері керек. Оқушылар кез-келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап,оның ұтымды жақтарын тиімді қолдануға тиісті. Мектеп қабырғасында үйірмеде жинақтаған іс-тәжірибесі келешек өмірінде көп пайдасын тигізе алатындығын оқушы жете түсінгенде ғана өз қабілетін ашып көрсете алады. Қазір кез-келген баланың қолынан ұялы телефон, ноутбук, сандық фотоапарат жаңа техниканы игеріп қана қоймай, оны жөндеуге, қалпына келтіруге де тырысады. Бұл баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамытуды, шығармашылық ізденіс дағдыларын сыни тұрғыдан қалыптастыруды қажет етеді. Қабілетті бала барлық күрделі істерді өзі шеше алатын, өзін-өзі дамыта алатын дәрежеге жете алады. Ол бос уақытты тиімді пайдалана білетін болады, пайдасыз, жағымсыз әрекеттерден тартынады, өзіне қажет ақпараттарды, құрал-жабдықтарды жинақтай бастайды, соның нәтижесінде аз да болса табыс таба алатындығына сенеді.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін,қыз ығушылықтарын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамыту¬да әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

1. Берілген тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнайы тақырыпқа ой қозғау.
3. Ойлау қабілеттерін дамытатын ойындар мен ой ұшқырлығын шыңдайтын тапсырмалар (сөзжұмбақ,анаграмма,ребустар)
4. Тіл байлықтарын, сөйлеу мәдениетін дамыту,сөздік қорларын байытуда өлең жолдарын құрастыру.
5. Берілген тапсырманы түрлендіру, өзінше дамыту.
6. Пікірталас тудыру.
7. Ертегіні өз қиялы бойынша аяқтау.

Ал сабақтан тыс уақытта кездесулер өткізу, мұражайға бару, пікірталастар жүргізу, шығарма жазу,реферат жазу, оқыған шығармаларының авторлары жайында мәлімет жинау арқылы дамытуға болады. Осындай үздіксіз жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушы бойындағы қабілет пен шабытты шыңдауға болады. Шығармашылық – тіршіліктің толассыз қайнар көзі. Адамның сөйлей бастаған күнінен бастап, қазіргі күнге дейінгі жеткен жетістіктері мен дамуының нәтижесі. Шығармашылығы дамыған адамның даму деңгейі, ізденімпаздылығы,өз ойын жүйелі жеткізіп, тұжырымды ой айтуға, дәлелді шешім қабылдай білуге дағдыланады.

Шығармашыл тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық,сезімталдық қасиеттермен қатар,ерекше ой қызметі шығармашылыққа деген құштарлығы болуы керек. Бүгінде шығармашылық қабілеттердің дамуы басты нысана болып отыр. Өйткені өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдар ғана қолынан келмек

Шығармашылық тапсырмаларды шешуші шарттар:

1. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан бастау.
2. Баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер жағдайында болуы.
3. Шығармашылық жұмыстар баланың ойлау мүмкіндігін ең жоғары деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей биіктей беретіндей болуы қажет.
4. Баланың шығармашылық жұмыспен айналысуына қызығушылығы, еркі болуы керек.
5. Өз күшімен, өз ойымен қиындықты жеңе отырып, жаңалық ашуға талпынуы керек.

Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отыру қажет.Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы балалардың ортасынан қабілеті жоғары бала іздеп,онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тану оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің негізгі міндеті. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіру керек. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу.
2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайда болу.

**Әдебиеттер**

1. Дарындылықтың психологиялық диагностикасы. – Астана: Дарын, 2007.
2. Елікбаев Н. Ұлттық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушының дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
4. Үшкемпірова С. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту. – Шымкент, 2006.

ҒТАХР: 14.01.01

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

**Тусупова Н.А., Кызырбек К.Т.,** ағылшын тілі пәні мұғалімдері педагог-сарапшылар
«Ә. Бөкейханов атындағы № 39 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, өз сабағымда интербелсенді оқытуды пайдалана отырып, ойын әдіс-тәсілін қолданамын.Ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді деп ойлаймын.Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады.Оқу үрдісінде тиімді ойындардың бірі төмендегідей:

**1. Рөлдік ойындар.**
**2. Іскерлік ойындар.**
**А) Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындары;блиц ойындары.**
**Ә) Өндірістік ойындар.**

Рөлдік ойындар – интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі.Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды.
2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау.Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады.Блиц оқу ойындары туралы айта кетсек, олар шағын ойындар, оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады.мынадай түрлері болады: фотосуреттерді баяндау (отбасы мүшелерін, достарын, өз үйінді, бөлмеңді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б. Өндірісті ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, «Қоршаған орта немесе қоқысты қайта жіберуге болады» деген тақырыптарда.

Мектептегі шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ойындарды екі түрге бөлуге болады.Олар:дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографикалық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді. Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, затты тығып қойып, ағылшын тілінде «Менің көзілдірігім қайда?» немесе «Мынау не?» деп сұрақ қою. Сөз орын да есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго» ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру.Фонетикалық ойындар сөзді дұрыс айтуға арналған. Ал орфографикалық ойындардың мақсаты сөзді қатесіз жазу.

Әдеттегідей ойынға оқушылар 2-3 топқа бөлінеді. Бұл ойындарға дайындықтың қажеті жоқ, тек қана оқушыларды ойынның шарттарымен таныстырамын. Бұл ойындарды шығармашылық ойындардың қатарына қосуға болады. Сонымен қатар әртүрі викториналар, жағдаяттар, берейін ринг,

рөл ойындарын, мысалы, «Жұлдызды сәт», «Таңғажайып алаңында», «XXI ғасыр көшбасшысы»ойындарын өткіземін. Ойындардың бәрі дамыту ойындарына жатады.

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады.Оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар.

Олар мыналар.

1. Әңгімелесу, әңгіме құрату – өзін қоршаған орта туралы:үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.

2. Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату(киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).

3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын біліп алу қажет.Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдың – тақырыптық негізінде сөз ірітіледі. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет.Мысалы, «оқушы, оқы, кітап»деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн.Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады.

Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді». Орта мектепте шетел тілін оқытудың басты мақсаты коммуникативтік мақсат болуға тиіс, яғни орта мектепті бітіруші бағдарламада белгіленген көлемде оқыған шетел тілін қатынас құралы ретінде меңгеруге тиіс. Демек сөз әрекетінің негізгі түрлерін: монолог және диалог түрінде сөйлеу ауызша айтылған сөзі тыңдап, түсіну, жазбаша мәтіндерді оқып, ондағы ақпаратты қабылдай білу іскерліктерін меңгеруге тиіс.

Шетел тілін оқытуда қолданылатын әдістердің ішінде ойын элементтері маңызды роль атқарады. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда, жаңа сөздерді меңгеруде, тілге деген қызығушылығын арттыруда, білім деңгейін тексеруде ойын элементтерін пайдаланған жөн. Мұғалім ойындардың сабақ кезінде қолдануға ыңғайлы, өткізілуі жағынан қарапайым түрлерін таңдап алғаны жөн. Таңдап алынған ойындар оқушылардың жас ерекшелігіне, сөз байлығына, білім деңгейіне сай болуы керек. Сабақ барысында ойын элементтерін пайдалану үшін мұғалім алдын-ала жоспар құрып алуы керек.

Жоспар әдістемелік тұрғыдан қарағанда мынандай шарттарға жауап беруі тиіс:

– ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес болуы;
– ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
– ойынның ойналу түрінің нақтылануы (топпен ойын немесе жекелей ойын);
– ойынға қажетті материалдардың дайындалуы;
– қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тақпақтардың таңдалынып алынуы;
– пысықталатын грамматикалық, лексикалық, фонетикалық материалдардың анықталуы;
– ойынның өту барысының жоспары жасалуы.

Сабақта қолданылатын ойындар алуан түрлі. Олар оқу ойындары және коммуникативтік ойындар болып екіге бөлінеді. Бұл ойындардың шетел тілі сабақтарында әрқайсысының пайдалану орны, мақсаты, атқаратын қызметі жағынан айырмашылықтары бар. Шетел тілін оқытудың бастапқы сатысында оқу ойындарын немесе коммуникативтік ойындарды қолдану оқушылардың білім, білік дағдыларына байланысты шешіледі. Тілді жаңадан үйреніп жүрген оқушылар еркін қарым-қатынас жасап, сөйлесе алмайды, сондықтан мұғалім тек коммуникативтік ойындарды қолдана алады. Ойынды бастар алдында түсініктеме ана тілінде жүргізіледі. Ойын жарыс түрінде өткізілсе барлық оқушылар басынан аяғына дейін ықыласпен қатысады. Ойын элементтері оқушыларды жалықтырмайды, керісінше қызықтырады. Ойын соңынан оқушылардың пікірі, көзқарасы талданады, баға беріледі. Ойын арқылы оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Бастапқы және кейінгі этаптарда шетел тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ үрдісінде қандай ойын қолдануға болатынын сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек.

Ойындар бес негізгі түрге бөлінеді:

1) стол үсті ойындары
2) дидактикалық ойындар
3) қозғалыс ойындары

4) іскерлік ойындар

5) интеллектуалдық ойындар

**I. Стол үсті ойындары**

Оқушылардың зейінділігін дамытатын, ой-өрісін кеңейтетін құрал. Сыныпта стол үсті ойындарын топтық және дара жұмыста қолдануымызға болады. Бұған ребус, кроссвордтар жатады, оларды тақтада, ватман қағазында, қима қағаздарда немесе компьютерде орындауға болады. Бұл ойындарды қорытынды, білімді тиянақтайтын сабақтарда қолданған тиімді.

**II. Дидактикалық ойындар**

Оқушылардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Мысалы: «Алфавит ойыны». Бірінші оқушы: «Apple...» деп, «A» әрпінен басталатын сөзді айтады, келесі оқушы бірінші оқушының сөзін қайталап, «B» әрпінен басталатын сөз айтады (ex: box) т.с.с.

**III. Қозғалыс ойындары**

Бұл ойындар оқушылардың іс-әрекеттерін бір түрінен басқа түріне тез ауысуға көмектеседі және ешқандай арнайы дайындықты талап етпейді. Бұларды жабық бөлмеде немесе ашық аланда да өткізе аламыз.

**IV. Іскерлік ойындар**

Оқушылардың оқу мазмұнын терең меңгеруге және пысықтауға ықпал етеді. Олар саяхат сабақтарда белсене қатысуымен, ауызша мәлімдеуімен, күйзелуімен білімдерін жандырады. Іскерлік ойындар оқушылардың қиялын дамытады, салыстыруға және дәлелдеуге үйретеді.

**V.Интеллектуалдық ойындар**

Бұл ойындар оқушылардың зор белсендігін оятады. Бұл категорияға «ұғымталдыққа, жүйріктікке, зеректікке» бейімделген тапсырмалар – шарадалар, жұмбақтар, бас қатырғыштар жатады.

Кез келген ойынды қолданғанда келесі мәселелерді естен шығармау керек:

– әр-түрлі ойындарды ойнаған cneltyn шығармашылдыққа дайын;

– ойын, оның түрі, мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;

– жарқын көрнекілік ойынды талапқа сай өткізуге ықпал етеді;

– ойынның қызықты материалы тақырыппен тығыз байланыста болуы.

**«Telephoning»ойыны.** Бұл ойын сан есімдерді жаттап, жаттығуға арналған. Бір оқушы телефонмен сыныптағы оқушының телефон номерін теріп, сандарды ауызша айтады. Қоңырау шалған оқушы қоңырауға жауап беріп, қысқаша реплика құрып, диалог жасау керек. Нәтиже

1. Әр оқушының шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады
3. Оқушының жеке қабілеті анықталады
4. Оқушы топ жаруға ұмтылады.
5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды
6. Әр оқушы өз деңгейімен бағаланады

Оқушыларға берілген анаграмманы шешуге ұсынамын:

**Woru yeha o hello ho ware you I am fine see you goodbye**

**«Kim`s Game»** ойыны. Оқушының сумкасындағы заттарды оқыту үшін бәрін партаның үстіне жинап қойып, оларды қайталату керек. Содан соң бір-бірден тығып, өздеріне таптыру керек. Мысалы: Close your eyes! Open your eyes! What"s missing? Қорыта келе: Ойын арқылы оқушының:

- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры баийды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйретеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген оқушы сенімі артады;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Атақты американдық жазушы Е. Градин «You cannot effectively learn a foreign language until you make a million mistakes in that language. So hurry up and made your million mistakes» деп айтқандай, кез-келген адам ағылшын тілін сөйлеу әрекетінде миллиондаған қателерді жіберу арқылы үйреніп, шыңдалады.

**Әдебиеттер**
1. Мектептегі шет тілі // Республикалық әдістемелік журнал. – № 6. – 2011.
2. Қазақстан мектебі // Ғылыми-педагогикалық журнал. – № 1. – 2004.
3. Қазақстан мектебі // Ғылыми-педагогикалық журнал. –. № 7-8. – 2001.
4. Бастауыш мектебі // Ғылыми-педагогикалық журнал. – № 5. – 2005.
5. Мектептегі шет тілі // Республикалық әдістемелік журнал. – № 1. – 2009.

ҒТАХР: 17.81.99

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ

**Хамитова Г. А., Буланова Г.М.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«Б. Момышұлы атындағы № 34 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып, оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі. Сондықтан мен әдебиеттік оқу пәнін оқытуда жаңа технология әдістерінің бірі сын тұрғыдан ойлаупедагогикалық технологиясының элементтерін таңдап алдым. «Сын тұрғыдан ойлау» бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба.

Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс – әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. *Шығармашылық* дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы,ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздін міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда СТО жобасының көптеген элементтерін қолданамын:

• Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау,арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/

• Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе,шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/

• әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/

• Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/

• Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы /

• Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/

• Өлең шумақтарын құрастыру / 5 жолды өлең стратегиясы/

1. Есте сақтау оқу үдерісіне қажетті маңызды ойлау әрекеті болғанымен, сыни ойлауға жатпайды.

2. Берілген тапсырманы қарастыра отырып, оның құпиясы мен қисынын, заңдылығын түсіну сыни емес, логикалық ойлауға жатады. Сыни ойлау алынған идеяларды тексеру, пайымдау, бағалау мен қолдану кезінде пайда болады.

3. Инсайт (кенет шешімін табу), тапқырлық таныту, көптеген нұсқаларын іздеп табу шығармашылық ойлауға жатады.

**Сын тұрғысынан ойлау алгоритмі:**

***Танымдық қызметтің мақсаты не?*** Мақсат бір нұсқаны таңдау, нұсқа болмағанда шешім табу, ақпаратты өңдеу, дәлелдердің сенімділігін бағалау, т.б. болуы мүмкін.

***Не белгілі?*** Бұл – сыни ойлаудың бастапқы нүктесі. Бұл кезеңде жетіспейтін ақпараттық табу жүзеге асырылады.

***Не жасау керек?*** Бұл кезеңде бұрынғы қалыптасқан ойлау икемділіктерін пайдалана отырып, мақсатқа жету жолы айқындалады. Бұл кезең – сыни ойлаудың қозғаушы күші.

***Қойылған мақсатқа қол жетті ме?*** Берілген тапсырмаларды орындау нақтылығы табысқа жетудің шешуші факторы болып табылады.

Қысқаша: 1. Мақсат не? 2. Не белгілі? 3. Не жасау керек? 4. Мақсатқа қол жетті ме?

Сыни ойлауды дамытудың ұлттық кеңесі сыни ойлаудың басқаша анықтамасын ұсынады: «Сыни ойлау – бақылау, байқау, рефлексия, пайымдау немесе әңгімелесу арқылы алынған ақпаратты ой елегінен өткізу, қолдану, талдау, жалпылау немесе бағалау бойынша белсенді іс-әрекетке бағытталған зияттылық тұрғысынан ұйымдастырылған үдеріс. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді дамытудың мақсаты – оқушыларға кез келген мазмұны сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Сыни тұрғыдан ойлау жобасында топпен жұмыс жасау қарастырылатын болғандықтан, онда коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастырудың шешімін де табуға болады. Топта жұмыс істеу барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас орнатуға үйренеді. Оқушылар өткен сабақтарда топта жұмыс істегендіктен топта жұмыс істеу ережелерін біледі. Топтарға алдын ала әзірленген бағалау парақтарын таратып беріледі. Бағалау парағында әрбір тапсырма бағаланатындығы көрсетілген. Оқушылар өз топ басшыларын сайлайды, сол топ басшысы бүкіл топ мүшелерін осы бағалау парақтарында бағалауға тиіс болады. Сабақтың мазмұнын ашу мақсатында оқулықтан тыс үш топқа сыни ойлауға дағдылантыратын арнайы сұрақтар беріледі. Оқушылардың іс-әрекеті тақырып бойынша ой қозғайды, ұжыммен жұмыс жасайды, өздерінің жұмыстарын тиімді жолмен қарсылас топтарға таныстырады. Оқушылар мәтіннің мазмұнымен өздері танысады. Және топ ішінде сұрақтарға сын тұрғысынан ойлау арқылы әр түрлі нұсқада жауаптар ұсынып талқылау жүргізеді.

Сабақ барысында оқушылар өз пікірлерін, ойларын қорытып, плакатқа сурет, жазба түрінде түсірді. Жұмыс істеу барысында оқушылар белсенді болды, әрқайсысы ойларын айтып жатқандары көрінді. Сонымен қатар теориялық алған білімдерін практика жүзінде еркін көрсетіп отырды. Постер жасап болған соң, топтардың басшылары жұмыстарын қорғады. Сабақтарда балаларға ерік беріп, өздеріне басшы таңдауға мүмкіндік беріп отырдым. Бағалаудың критерийіне сай оқушылар сол жұмыстарын ауызша қағазға қарамай қорғау болды. Топ басшылары үлгерімі жақсы оқушылар болғандықтан, постер қорғауда аса қатты қиындық болған жоқ.

Осы уақытқа дейін өткізген сабақтарда СТО жобасының элементтерін пайдаландым, солардан үлгілер:

**Блум таксономиясы**

**Ыбырай Алтынсарин «Дүниеде жамандық неден?»**

Алынған ақпаратты еске түсіру, тану.

*Әңгіме не туралы? Не болды? Қашан, қалай болды?*

Түсіну

Алынған ақпаратқа жаңа түр беру, оқиғалар, идеялар, деректер, құндылықтар арасындағы байланысты анықтау және ойды түсіндіру.

*Әңгіменің ең қызықты жері қайсы? Неге қызық?*

Қолдану

Ақпаратты оқиғалы мәтінде немесе мәтіннен тыс проблеманы шешу құралы ретінде қолдану.

*Сен атайдың орнында болсаң не дер едің?*

Талдау

Мәтіндегі «жалпы» оқиғадан «жалқының» бөлінуі, жеке оқиғалардың пайда болуын қарастыру.

*Кейіпкерге тән қасиеттерді ата. Сенің ойыңша ол қандай адам?*

Топтау

Алынған ақпаратқа толық логикалық қорытынды жасау.

*Оқиғаның себебі мен салдарының байланысын анықта.*

Бағалау

Ақпаратты жүйелеу немесе балама шешім ұсыну.

**«Екі түрлі түсініктеме күнделігі»**

**Қ. Жұмағалиев «Туған өлкем» өлеңі**

«Керіліп жатқан кермиық далам»

«Жап-жасыл ну да баршылық», т.б.

Ақынның Отанына, еліне деген ыстық ықыласын танытатын сөздерін ұғып, үйрендім.

**Т. Өтетілеуұлы «Балмұздақ»**

Жексенбі күні... Алмас: – Ағай! Ағай! Тоқтаңыз! – деп әлі ұзай қоймаған әлгі кісіні қуа жөнелді...

– Не болды? – деді бұларды таңдана күтіп алған бейтаныс ағай.

– Ағай, сіз ақшаңызды түсіріп алдыңыз, міне, – деп Алмас қолындағы көк қағазды ұсынды.

Бұл әңгімеде Алмас өте қарапайым, қайырымды екені көрінеді. Меніңше, ол өз басын ғана емес, өзгені де ойлайтын адамгершілік иесі. Марал мен Жанарда өзгеге көмек бергенді жақсы көретін, ешкімнің ала жібін аттамайтын балалар.

«Ұрлық түбі – қорлық».

«Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей».

Балалар «рақмет» десіп алып жатыр. Кезек Мирасқа келді. Ол:

– Мен жемеймін, – деп теріс айналды.

– Неге? Қой, ал! – деп бәйек болды ағай.

– Жоқ, жоқ...– Мирасқашқандайболып, кетіпқалды.

Шынында, осы әңгімені оқып отырғанда Мирастың ісіне қатты таң қалдым. Меніңше, Мирас істеген ісіне қатты ұялып, сол үшін балмұздақты алмай қойды.

Бетінен оты шығу.

**Сатылай кешенді талдау:**

**Т.Айбергенов «Аппақ қыс» өлеңі**

**І-топ. Сауал-тапсырманы орындау арқылы көркем тіліне талдау жасау:**

1) Өлеңде қандай мезгілдер суреттелген?

2) Қыстың әсемдігін көрсететін сөз тіркестері.

3) Аяқ іздерінің белгісін сипаттайтын сөздер.

4) Аяқ астындағы әлем туралы сөздер.

5) Өлеңде кездесетін жер атаулары.

6) Жан-жануарлар атаулары бар ма?

**2-топ. Өлеңге поэтикалық сатылай кешенді талдау жасау:**

– Авторы:

– Тақырыбы:

– Жанр түрі:

– Идеясы:

– Шумақ:

– Тармақ:

– Бунақ:

– Буын саны:

– Ұйқас түрі:

– Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні:

***Келесі сабақтың тақырыбы: М. Әуезов «Көксерек»***

**1-топ: «5 жолды өлең» стратегиясы**

1. Көксерек
2. Ашқарақ, азулы
3. Ұрлайды, ызаланады, ұлиды
4. Көксерек-құла түздің тағысы
5. Көкжал

**2-топ: «*Топтастыру» стратегиясы.*** Асыранды бөлтірік, оның мінезі.

**3-топ: «Семантикалық карта» стратегиясы**

**Әңгімеден үзінді**

– Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды! Ұры. Асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе!

Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналды. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу.

Үлкен қара ала төбет. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды.

Көксерек

**4 – топ: «Венн» диаграммасы**

Сонымен қатар әр бөлімді аяқтағаннан соң рефераттар және эссе жазу, өлең құрастыру, альбом және газет шығаруға тапсырмалар беріп отырамын. Мысалы: *«Кәусар бұлақ»* атты бөлімді аяқтағаннан кейін оқушыларға өзінің туған жері туралы эссе жазу, өлең құрастыру беріледі.

## Әдебиеттер

1. Мерсеитова С.С. Сыртқы әлем: күнделіктіні академиялықта қолдану. – Алматы.
2. Мерсеитова С.С. Азаматтықты дамыту:патриотизм,мораль және білім беру миссиясы. – Алматы.

3. Мерсеитова С.С. Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма. – Алматы.
4. Бастауыш сыныпта оқыту (барлық пәндер бойынша). – № 3. – 2011.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Екінші (негізгі деңгей), үшінші басылым.
6. Оразалина А. Сабақта СТО технологиясын қолдану.
7. Блум Б. Блум таксономиясы, 1956.

ҒТАХР: 14.15.01

## АНАЛИЗ ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**Мубаракова С.Е.,** педагогика ғылымдарының магистрі
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жасалған бағдарламаларда қарастырылған бөлім тақырыптары негізгі үш топқа бөлініп, ол Блум таксономиясында көрсетілген жүйе бойынша жіктелген. Түсініп, жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру деп аталатын бөлімдердің әрқайсысында өзінің мақсаттар жүйесі бар. Бүгінгі күні орта білім беру жүйесі толықтай жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жасалған бағдарламаларға көшіп, сол бағдарламалармен жасалған оқулықтармен білім алушылар оқып жатыр.

Жалпы білім беретін орта мектептерде оқытудың өзіндік ерекшеліктері сабақтың сан алуан түрлерінің барлығымен сипатталады. Сабақтың әртүрлілігі алдымен мұғалімнің қолданған әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Сонымен бірге мұғалімнің сабақ мақсатын дұрыс таңдауы да өте маңызды.

Бүгінгі мұғалім дәстүрлі оқытуды сақтай отырып, соны әдістемелер арқылы білім беруді мақсат тұтады. Бұл ретте интербелсенді оқу және интербелсенді оқыту әдістері алға шығады.

Интербелсенді әдістер дегеніміз – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер.

Интербелсенді оқыту – өзара әрекеттесу, үйрену мен үйрету арқылы білімді меңгертуге және нақты нәтиже алуға бағытталған оқыту әдістемесі. Интербелсенді оқыту мұғалім мен оқушының оңтайлы, тиімді қарым-қатынасына негізделіп, үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуіне құрылады.

Ал интербелсенді оқып үйренуде оқушылар төмендегідей білім, білік, машықтарға үйреніп, дағдыланады:

– дүниетанымдық тұрғыдан терең ойлану, жеке қабілеттерді дамыту;
– өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
– ақпаратты өздігімен түсініп, ішінен қажеттісін таңдап алу;
– ақпаратты жан-жақты талдау;
– өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
– оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік көзқарас ұстану;
– пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
– басқа да балама пікірлерді ескеру;
– шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
– ұжымдық ортақ жұмысқа жұмыла білу;
– басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу.

Бұл әдісте оқытудың нәтижелілігі ізденіс, шығармашылық түріндегі оқушы

әрекеттерін жүзеге асырады. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар белсенділік танытуға, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, өзге пікірді сыйлауға, онымен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше сол жауапқа әртүрлі жолдар арқылы келу, үйренушінің жеке тәжірибесіне негізделген іздену.

Интербелсенді оқыту басты назарды «үдіріске», «процеске», яғни үйренудің өзіне, оқушылардың «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы өздігімен білім игеруінде, оны ізденуде, құрастыруында. Мұндай сабақтарға шәкірттер «таза парақ» күйінде келмей, алдын ала дайындалып келеді, олар сабақ басында тақырып бойынша өз түсініктері мен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап, балама көзқарастарды ескереді. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт өмірде әр адамға қажетті білік-дағдыларды қалыптастырады. Ал сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі [1]. Осылайша интербелсенді әдіс арқылы анализ және интерпретация бөліміндегі оқу мақсаттарын толық орындауға мүмкіндік бар.

Мектеп бағдарламасындағы Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын өтуде көрсетілген әдістер ұсынылады.

Мәселелерді шешу құзіреттілігі мен өзіндік менеджмент бойынша оның аспектілеріне сәйкес романды тұтас талдауға болады. Ол үшін мұғалім алдын ала берілетін тапсырмалар мен сұрақтарды әр сала бойынша нақты дайындайды. Бұл құзыреттіліктердің «Мәселені сәйкестендіру (айқындау)» атты бірінші аспектісінде оқушы жауабында: қалаған жағдаятын негіздеп айтады; болған жағдаятты талдайды және оның өзі қалаған жағдаятпен сәйкессіздігін көрсетеді; әр түрлі жағдайдағы мәселелердің түпкі себептерін анықтайды. Ол үшін мына сұрақтар беріледі:

1. Міржақып Дулатовтың 1910 жылы Қазанда басылып шыққан «Бақытсыз Жамал» романында қандай саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайлар туралы жазылған?

2. «Бақытсыз Жамал» қазақ даласындағы жер дауы, жесір дауы, мал дауы туралы роман» деген пікірге қалай қарайсың? Сол кездегі тарихқа көз жібертіп, өз пайымдауыңды айт.

3. Қазіргі заман тұрғысынан қарағанда романның ақиқаттық сипатын қалай дәйектер едің?

Әрекетті жоспарлау және мақсат қою аспектісінде мәселеге сәйкес мақсат қояды; өз мақсатын жүзеге асыруға қажетті міндеттерді анықтайды; бағалау критерийлері негізінде өз әрекеті нәтижесінің сипатын өздігінен анықтайды. Бұл жерде қойылатын сұрақтар:

1. Романдағы тарихи жағдайларды оқып-білу үшін сол кезде жазылған ұқсас шығармаларды салыстырып көр.

2. «Бақытсыз Жамал» романына дейін қазақ даласында жер дауы, жесір дауы, мал дауы туралы мәселе көтерілген бе?

3. Ол ауыз және жазба әдебиетте қалай көрініс тапқан?

Стратегияларды қолдану арқылы оқушы әрекет үстінде шешім қабылдаудың технологияларын нақты қолданады және өз әрекетін жоспарлайды. Бұл технология оқыту емес, оқушының ұтымды зерттеу әдістерін таба білуіне қажет әдістер.

Анализ және интерпретация бөлімінде мынадай мақсаттар қарастырылады:

8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау;

8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін

8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;

8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу.

Зерттеу жүргізу барысында әр сабаққа осы мақсттардан алынған сабақ мақсаттары пайдаланылды.

Берілген мына екі сұраққа жауапты оқушы осы аспект бойынша іздену жұмысын жалғастыру үшін қолданылды.

1. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасында романға тән белгілер бар ма? Болса, ол шығарманың қандай маңызын көрсетеді?

2. Жазушының стилі туралы өз пікіріңіз қандай? Ойыңызды мысалмен дәйектеп айтып берсеңіз.

Ресурстарды жоспарлау аспектісі бойынша оқушы қойылған міндеттерді шешуге қажетті ресурстарды, яғни қажет материалдарды жоспарлайды. Ол үшін «Бақытсыз Жамал» романына берілген бағаларды сараптап, өз тарапыңнан баға беріп көр» деген тапсырма ұсынылады. Тапсырманы орындауда оқушыларға дәйексөздер ұсынуға болады. Мысалы:

Сергей Лазарев атындағы шығыс тілдері институтының профессоры А. Крымский тұңғыш қазақ романының жарық көруін қуана құптап, оны «Қайғылы әйел тағдыры» деп айтқан.

1914 жылы роман орыс тіліне аударылған кезде мәскеулік профессор В. Гордлевский: «... роман жүгі оған ауыр тиген, әңгіме өзегіне ол шындықты негіз еткен, халық тұрмысының жанды суреті бар», - деп жазған.

Басқа да пікірлерді, ғылыми пайымдарды пайдалануға болады. Немесе білім алушы өзі іздеп басқа пікірді табады және солардың негізінде өз сыни бағасын береді.

Қорыта келе, анализ және интерпретация бөлімінің барлық мақсаттары қолданыла отырып, жазушының шығармашылық өмірі мен оның «Бақытсыз Жамал» романының композициялық жүйесі, кейіпкерлерінің ерекшеліктері, шығарманың көркемдігі және тағы да басқа мақсаттар орындалды. Бастысы интербелсенді тәсілдер арқылы білім алушылар романдағы ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтарды танып үйренді. Белгілі бір құзыреттер дамытылып, функционалдық сауаттылықтары қалыптасты.

**Әдебиеттер**

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана, 2014. – 188 б.

ҒТАХР: 14.25.09

# ОҚУШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІЛІККЕ БАУЛУ АРҚЫЛЫ ІЗДЕНІС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Хасаинова Л.М., Болысова М.Е.**
«Серебрянск қаласының № 4 орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, ШҚО)

Ізденіс әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады.

1999 жылдан бастап, оқушылардың зерттеушілік, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың құзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба – латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Зерттеушілік оқыту-баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол белгісізді іздеу, жаңа білімді іздеу процесі. Бұл-адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау мен зерттеу басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан түрліше. А.И. Савенков **«жобалау мен зерттеу бағыттылығы, мен мағынасы және іс-әрекетінің мазмұны бойынша әртүрлі»,** атап көрсетті. Дегенмен жобалар әдісі мен зерттеу әдістерінің негізіне мыналар жатады:

– оқушының танымдық білігі мен дағдысын дамыту
– ақпараттық кеңістікте бағдарлай алу білігі;
– өз білімін өздігінен құрастыра алуы;
– ғалымның әр саласының білімдерін кіріктіре алу білігі;
– сын тұрғысынан ойлай алуы.

Мен таңдап алынған әдістер оқушылардың өзіндік әрекетіне бағдарланған (дербес, топтық, жұптық), оны арнайы бөлінген уақыт аралығында (сабақтың бірнеше минуттарынан бастап бірнеше апталар мен тіпті айлар аралығында) орындайды. Жобалау технологиясы және зерттеушілік әрекет технологиясы төмендегілерді қамтиды:

– кіріктірілген білім мен оны шешудің зерттеушілік ізденісін талап ететін проблеманың болуы;
– алынатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;
– оқушының өзіндік әрекетін;
– жобаның мазмұндық бөлігін оның кезеңдік нәтижелерін көрсете отырып құрылымдау;
– зерттеу әдістерін қолдану, яғни проблеманы және одан туындайтын зерттеу әдістерін анықтау; зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат жинау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу; алынған өнімнің тұсауын кесу, талқылаулар мен қорытындылар.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен-зерттеушімін», «Мен – жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын

жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен-зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады.

Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет.

Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Оқушыларды ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді, оны математика, логика сабақтарындағы оқушылардың белсенділіген байқауға болады.

Зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық,байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Алайда, бастауыш сатыда зерттеудің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Төменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болады, болжамды калай құрылымдау керек, байқауды, эксперементті қалай жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді. Баланың айналаны өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Балаларды оқуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді.Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады [1].

Ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының:

– Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді,

– Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп,зерттеулер жүргізуге бейімделеді;

– Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады;

– Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді;

– Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың жоғары шығармашылық деңгейін қамтамасыз етеді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.

**Әдебиеттер**

1. Әлімқұлова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру // Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. – Бастауыш мектеп: ҚР МАжБКМ – Алматы, 2014 – № 7-8 – Б. 6- ISSN 0207-5474

2. Айтқалиева Г. Мектепке дейінгі ересек бүлдіршіндердің зерттеушілік, жобалаушылық дағдыларын дамыту // Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. Білім кілті – ҚР БжАМ. – Алматы, 2014. – № 4(70). – Б. 7-9.

3. Галиева Б.Х. Ғылыми-зерттеу жұмысын жобалау // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. – 2013. – 16-18 б.

4. №7-8- Б.6- ISSN 0207-5474

МРНТИ:14.29.41

# ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Акбергенов Е.С.,** учитель русского языка и литературы
КГУ «Средняя школа имени Ш.Токжигитова»
(Республика Казахстан, г. Семей)

Работа с текстом предоставляет нам большие возможности анализа языкового материала на уроках различных организационных форм обучения. Особенно такая работа важна на уроках развития речи, но комплексный анализ текста может присутствовать на учебных занятиях разных типов: усвоения новых знаний, комплексного применения знаний и умений, актуализации знаний и умений, систематизации и обобщения знаний и умений, контроля знаний и умений и др. При работе с текстом используются частично-поисковый и исследовательский методы обучения.

В своей работе использую следующие технологии:

• Метод проектов;
• Информационные технологии;
• Технология формирования правильной читательской деятельности;
• Технологии проблемного обучения;
• Технология развития критического мышления;
• Здоровьесберегающие технологии.

В своей практике при работе с текстом использую следующие приемы работы:

- Работа с заголовком. По заголовку можно попросить учащихся определить: – тематику текста; – перечень поднимаемых в нём проблем; – ключевые слова и выражения и так далее.
- Использование ассоциаций, связанных с именем автора. – к какому жанру можно предположительно отнести этот текст? – Кто, по – вашему, будет главным героем (его профессия, национальность и так далее). – Где и в какое время может происходить действие?
- Сформулировать предположения о тематики текста на основе имеющихся иллюстраций.
- Ознакомиться с новой лексикой и определить тематику, проблематику текста на основе языковой догадки. Задача учащихся – определить основную идею текста.
- Просмотреть текст, первый абзац и определить основную идею текста.
- Прочесть вопросы, утверждения по тексту и определить его тематику и проблематику.
- Попытаться ответить на предложенные вопросы до чтения текста.

**Текстовый этап.**

**Цели:** проконтролировать сформированности различных языковых навыков и речевых умений и продолжить формирование соответствующих навыков и умений.

**Упражнения и задания**

- Найти, выбрать, прочесть, соединить, вставить:
- ответы на предложенные вопросы;
- подверженные правильность, ложности утверждений;
- подходящий заголовок к каждому из абзацев;
- подходящее по смыслу предложений, пропущенное в тексте;
- предложения со следующими словами, грамматическими явлениями, идиоматическими выражениями и так далее;
- глаголы, прилагательные, эпитеты, другие тропы, используемые авторам при описании кого-либо или чего-либо;
- описание внешности, места события, отношения кого-либо к чему-либо и так далее.
- Догадаться: о значении слова или слов по контексту;
- какой из предложенных переводов, какая дефиниция слова наиболее точно отражает его значение в данном контексте;
- как будут развиваться события во второй главе, следующей части текста.

**Послетекстовый этап.**

**Цель** – Использовать ситуацию текста в качестве языковой, речевой, содержательной опоры для развития умений в устной и письменной речи.

**Упражнения и задания**

- Опровергнуть утверждения или согласиться с ними.
- Доказать, что.
- Охарактеризовать.
- Сказать, какое из следующих высказываний наиболее точно передаёт основную мысль текста. Обосновать свой ответ.
- Сказать, с каким из данных выражений был бы не согласен автор.
- Составить план текста, выделив его основные мысли.
- Рассказать текст от лица главного героя.
- Кратко изложить содержание текста, составить аннотацию к тексту, дать рецензию на текст и так далее.
- Придумать, что могло бы случиться, если бы. Придумать новый конец текста.
- Придумать новое название.
- Подобрать, отобрать пословицы, которые подходят по смыслу к данной ситуации и наиболее точно передают идею текста.
- Взяв за основу ситуацию текста, написать собственный текст, в другом жанре и так далее.

Очень важно чтобы учащиеся умели воспринимать текст. Восприятие текста. Особенность этого этапа заключается в подготовке учащихся к восприятию текста. Для активизации внимания учащихся, актуализации необходимых знаний и умений используются такие приемы работы с текстом:

– уточнение темы и основной мысли текста, с которым предстоит познакомиться на уроке (анализ темы урока, которая поможет выйти на тему учебного текста; анализ названия параграфа учебника, работа с эпиграфом, знакомство с иллюстративным материалом - схемами, таблицами и т.п.);

– прогнозирование содержания текста по названию параграфа, темы, рисунку, схеме (задания типа: как вы думаете, о чем текст; какую новую информацию должен содержать текст; попытайтесь догадаться, из каких частей состоит текст; обоснуйте свою точку зрения);

– словарная работа, предусматривающая уточнение значения ключевых слов текста, уже известных по предыдущей работе, или новых терминов, которым дается объяснение в тексте;

– просмотровое чтение (знакомство с текстом с целью определения его темы, основной мысли, структуры, наличия определенной информации, графических особенностей текста, с тем, каким образом выделена ключевая информация – курсив, жирно, имеются ли схемы, таблицы, рисунки и т.п.)

Понимание основного содержания текста. На этом этапе проводится ознакомительное чтение текста: чтение вслух (учителем или сильным учеником) или чтение про себя. Для активизации внимания чтение сопровождается следующими видами заданий:

– постановка целевого вопроса, предваряющего чтение текста (читая текст, определите, какая информация является для вас новой, а какие сведению уже известны);

– определение стилевой принадлежности, типов речи;

– уточнение темы (определите, правильно ли вы предположили тему теста, его основную мысль; какие ошибки допущены); – разделение текста на смысловые части и составление плана; – составление схем, таблиц на основе текста;

– подбор заголовка;

– ответы на вопросы по содержанию текста.

Информационно-смысловая переработка текста на основе изучающего чтения. Особенность этапа заключается в том, чтобы понять, запомнить текст и передать его содержание. Целесообразно организовать работу по частям текста, которые выделены учениками на предыдущем этапе. Каждая структурная часть текста подвергается анализу (выделение главной и второстепенной информации, идеи, отработка выразительного чтения фрагмента текста, пересказ (краткий, выборочный, подробный), составление конспекта, тезисного плана,);

Создание своего текста. Умение создавать свой текст в устной или письменной форме (сочинения различных жанров, конспект, спор, статью, памятку). На этом этапе можно организовать групповую работу с текстом, используя систему ситуативных заданий.

Самоанализ на всех этапах работы с текстом. Это самостоятельное осмысление того, что делаю, как и зачем.

**Литература**

1. Асмолов А.Г. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе. – М.: Просвещение, 2008.
2. Пентин А.Ю. Что нам делать с PISA? // Методист. – 2008. – № 4.
3. Светловская Н.Н. О литературном произведении и проблемах, связанных с его осмыслением при обучении младших школьников чтению // Начальная школа. – 2005. – № 4.
4. Баранова И.В. Работа с текстом в начальной школе как одно из направлений формирования информационной компетентности школьника.

ҒТАХР: 14.09.23

## САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТОПТЫҚ ІЗДЕНІС ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Ахметкаримова Б.Ж., Еркинтаева Б.Е.,** биология және химия пәні мұғалімдері
«Б. Момышұлы атындағы № 36 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқушылар оқу үдерісінің барлық аспектілеріне қатыса отырып, өз болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, мақсат қояды, нәтижелерін қадағалайды, эксперимент жасайды және бала топтық жұмыста өзінің пікірі немесе ұсынысы қате болса, түзетуге мүмкіндік алады. Осы әрекеттер топтық жұмыста жүзеге асады.

Оқушыларды топқа бөлудің екі жолы бар. Бірінші, құрылымдалмай бөлінген топтардағы топтық жұмыс. Білім беруші білім алушылардың қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін ескермей, кездейсоқ таңдау әдісімен топқа бөледі.

Екіншісі, құрылымдалып бөлінген топтардағы топтық жұмыс – топтық жұмысты ұйымдастыру нысаны. Білім беруші білім алушыларды шағын топтарға бөлуді бүкіл топтың, сондай-ақ жекелеген білім алушылардың ерекшеліктерін (мысалы, оқу үлгерімі, аталған пәнді оқуға деген қабілеті, көшбасшылық қасиеттері, қарым-қатынас жасау қабілетінің деңгейі) ескере отырып, алдын ала жоспарлайды.

Оқушыларды топқа бөлгеннен кейін топтың жекелеген мүшелері бір-бірін құрметтей отырып жұмыстанатын дәрежеге жеткізу керек, яғни жұмыстың алғышарттарының бірі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы күтілетін нәтижеге жетуге негізделген.

Мұғалім топтарға арналған ережелерді әзірлей отырып немесе топ мүшелерінің жеке ережелерін келісуі арқылы топтық жұмысқа бейімдейді. Қандай топтық жұмыс болмасын сол топты құрайтын нақты адамдарға арналған ереже құрылғаны маңызды. Ережелерде адалдық мәдениетін күшейту, ұжымдық жауапкершілік белгілеу, тыңдау машықтары тәжірибесін дамыту, топ міндеттері мерзімін сақтау, шығармашылық пен стандартты емес, идеяларды бағалау, қайырымдылық ескерілу керек.

Топтық ережені күн тәртібінде бақылауда ұстау арқылы топтық жұмыстың өнімді болуына қол жеткіземіз. «Топ мүшелеріне адамдармен жұмыс істеу үшін оларды жақсы көру міндетті емес екенін ескертіңіз. Кәсіби өмірде сияқты топтық жұмыста адамдар топ құрамында жұмыс істейді, жеке дау-дамайларды барлық топтың алға жылжуына кедергі жасамайтындай етіп шешу керек. Сонымен қатар, топтық жұмысты ұйымдастырушы мұғалім «Топ ережелерін қабылдаған әрбір адамды бұл топтан тыс жеке блок құрудан сақтап, алға қарай апарады. Адамдар бастапқыдан-ақ айтылған пікірлермен келіспеген жағдайда да әрбір дауыс естілуге құқылы. Топтың әрбір қатысушысы өз көзқарасын, пікірін білдіруін ынталандыру керек, олар естілмей қалмасын. Топ жұмысына топ мүшелерінің әрқайсысы тең дәрежеде қатысуға тиіс. Бұл олардың әрқайсысы бір нәрсені істеу керек дегенді білдірмейді. Бәрінен де, міндеттер топ мүшелеріне қалай бөлінетіні туралы ақылдасып шешкен дұрыс болады. Топ мүшелері сондай-ақ бір-бірімен тәжірибе алмаса және басқалардың идеяларына сүйене отырып, өз үлесін қосуға дайын болуға тиіс» деген нұсқауларды негізге алуы тиіс.

Химия және биология пәні сабақтарында топтық жұмыс арқылы қалай оқытуға болады? Топтық жұмыс арқылы тәжірибемде қолданып жүрген оқытудың бірнеше әдістерін қолдануға тоқталсам.

***«Әуе шары»*** әдісі арқылы басқалармен жұмыс істеу, ойлану, шешім қабылдау, мәселені шешу, ақпаратты басқару дағдылары қалыптасады. Бұл әдісті топтық жоспарлау құралы ретінде пайдалануға да болады. Оқушыларға әуе шараның суреті беріледі. Белгілі бір тақырып бойынша бірқатар құрылымдық сұрақтар беріледі. Берілген сұрақтарға жауап флипчартқа жазылған жұмыстарын салыстырады. Бұл топтық жұмыс оқытуды қалай ұйымдастыра алады? Оқушылар сұраққа жауап іздей отырып хикаяны игереді және бұған дейінгі өздері білетін мәліметтермен байланыстырады. Әр оқушының пікірі, көзқарасы тыңдалады. Оқушылардың ой-пайымдары негізінде жаңа идеялар болады.

***«Құпия» әдісі*** арқылы құпияны табу, шешім қабылдау немесе уақиғаның болжалды түсініктемелерін қарастыру үшін оқушылардың проблемаларды шешу және шешім қабылдау дағдыларын пайдалануларына ықпал етеді. Бұл тапсырмадан кейін жауап алу міндетті түрде жүргізілуі керек. Бір сұрақ бойынша бірнеше тұжырымдар беріледі. Топта әрбір тұжырым талқыланып, талқылау барысында топ болып қабылдаған тұжырым үшін айтылған пікірлер қарастырылуы керек. Командалық талқылауға берілген уақыт біткен соң, топ өз шешімдеріне нақты дәлелдер келтіріп негіздеп шығады.

**«Гаухарлар иерархиясы»** әдісі шағын топтарда орындалады. Ол ақпараттың артықшылығын айқындауға бағытталған. Оқушыларға белгілі бір сұраққа қатысты тоғыз идея беріледі немесе оқушылар өздері жазады. Олар өздері бірінші басымдық беретін идеясын жоғарығы қояды, содан кейін екінші солай барлық тоғыз идеяны қойып шығады. Топта ең маңызды деген идеяны анықтау үшін оқушылар арасында талқылау жүреді. Әрқайсысы идеяның маңыздылығына қатысты пікір білдіре отырып, бір-бірін тыңдау арқылы мол мәліметтер алады немесе оқулықта берілген пікірлерді оқып танысумен қатар, маңыздылық реттілігімен орналастыру арқылы оқушылардың топтық пікірін зерделеуге болады.

Оқыту үдерісінің қай кезеңінде топтық жұмысты ұйымдастырған маңызды, ол топтық жұмыс тапсырмасының мақсаты қандай, топпен жүргізілетін жұмыс неге қол жеткізді, олар нені білу керек еді, топтың бір-бірін оқытуы қалай жүргізілгенін мұғалім реттеп отыруға тиісті. Оқушылар қандай стратегиялар пайдаланды, қандай дағдыларын қолдана алды, оқушылардың топтық жұмыс жасауына не кедергі болғанын бақылай алуға тиіс. Сонымен қатар, мұғалім өз кезегінде оқушыларға қолдау көрсетіп, сабақ соңында топтағы жұмыс үдерісін және оның нәтижелері туралы ойлануға түрткі болу керек. Сауатты ұйымдастырылған топтық жұмыс қана оқушылардың бірлескен оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Топтық жұмыстың маңыздылығы да осында.

**Сабақты ұйымдастыруда:**

1. Оқылатын тақырыпты зерттей отырып, стратегияларды таңдап алу;
2. Оқушыларды бағалауда өлшемдерін құрастыру
3. Оқушылардың сөйлеуіне, ойлауына жағдай жасау;
4. Өз ойларын көркем сөзбен жеткізуге дағдыландыру;
5. Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін үнемі назарда ұстау.

***Жұмыстың жүргізілу бағыты***

6. Жоспарлау
7. Іс-әрекет
8. Бақылау
9. Ойластыру

Бағалау

**Алған білімдерін дамыту мен сөйлеуде, есте сақтай отырып, тапсырмалар орындау**

Құрылымы:

1. Оқушы үні – топтағы оқушылар өздерінің көзқарастары мен пікірлерімен бөлісіп, жұмыс барысын анықтайды.

2. Топтық зерттеушілік – оқушылар сыныпта шағын топтарға бөлініп, берілген тапсырмаларды өз топтарымен зерттеп, жинақтап, қорытындылайды.

3. Деректермен жұмыс-мәліметтерді жинақтау барысында ғаламтор, газет-журналдар мен мұрағат, мұражай деректерін қолданады.

4. Жоба құру, қорғау – әр топ берілген тақырыптар бойынша жоба құрып, топтар алдында қорғайды.

5. Рефлексия – оқушылары жұмыстарын қорытындылап, өз топтарымен жұмыс соңында есеп береді.

***Оқушы меңгереді:***

1. Интеллектуальдық қабілеті (ақпаратпен жұмыстанып, талдау, қорытынды, нәтиже жасайды)
2. Шығармашылық қабілеті (өз идеясын ұсынып, шыңнан көрінеді)
3. Коммуникативтік қабілеті (пікір таласқа қатысуы, өзгелерді тыңдай білуі, өз пікірін қорғау, өзгелермен ортақ шешімге келуі).

Сыныптағы оқушының ойлау қабілеті бірдей болмайды. Сондықтан тарих сабағында әр сыныптағы оқушының жас ерекшелігіне қарай және білім деңгейіне сай сабақтың түрлерін тауып, сол тақырыптарды игеруді мақсат ету керек.

Сабақта топқа бөлініп оқу сынып ішінде ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады, оқушылар бірлесіп топ ережесін құрады, соған бағынады, оқушылардың әр тақырыпты меңгеруі әр түрлі деңгейде болады. Сол себепті жұптық, топтық жұмыс бұл пәнге сай келеді. Сабақта тақырыптың мәнін ашып, тарихи фактілерді дәлелдеу үшін әр түрлі тәсілдерін пайдаланғанда жақсы нәтижеге қол жеткізуге, оқушының пәнге деген қызығушылығын артыруға болады. Осындай жұмысты бағалағанда тек нәтижеге емес, оқушының ынтасына да көңіл аударылады. Соңында жаңа материалды ғана емес, ненің ұнағандығын, қандай тәсілдердің қолайлығын да талқыға салып отыру керек.

Деңгейді саралау оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға әкеледі. Сонымен әр деңгейлік оқыту жүйесінің тарих пәнінің сапасын арттырудың бірқатар тиімді жақтары бар.

Біріншіден, топтағы барлық оқушыларды жұмыспен қамтамасыз етеді, әрбір оқушының белсенді түрде қатысуын қадағалайды, белсенділігін оятуға түрткі болады.

Екіншіден, әр оқушы өзіне тән қарқынмен өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізеді, қойылған мақсатқа жету үшін қажетті төзімділікті қалыптастырады.

Үшіншіден, оқушылар өз еңбектерінің нәтижесін көріп, өзін-өзі бағалайды. Өз бетімен жұмыс істеу оқушылардың біліміне ғана әсер етпей, сонымен қатар тәртібі мен мінез-құлқына да тигізер ықпалы зор.

Ынтымақтастық оқу дегеніміз - өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Ынтымақтастық оқудың негізгі сипаттамалары:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмалары орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталауды емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпаратты өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.
4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.
5. Оқытудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. \МАН\

**Әдебиеттер**


1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
2. Оқу бағдарламалары 7-9 сыныптар, 2018.
3. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар, 2006.
4. Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.
5. Р.Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей, 2 басылым. – 2014 жыл.

ҒТАХР: 15.31.31

# ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ВИРТУАЛДЫ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ФОРМАЛАРЫ

**Слямбекова А.А.**
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Біз үнемі өзгеріп тұратын әлемде өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі уақыт бізге бұрын белгісіз болған түрлі мүмкіндіктер, пайдалы білім, маңызды ақпараттарды береді. Адамзаттың иелігінде көптеген жаңа нұсқалар бар. Бірақ әлем өте тұрақсыз әрі құбылмалы болды, жаңа талаптармен, қауіп-қатерлермен және қиындықтармен байланысты өзгеріп отырады. Экономикалық, әскери- саяси, энергетикалық, әлеуметтік, отбасылық, демографиялық, кедейлік, көші- қон, білім беру, моральдық-адамгершілік, экологиялық, көпмәдениетті сын- қатерлерге XXI ғасырдың цифрлық қауіп-қатерлерін жатқызу қажет.

Өткен ғасырдың екінші жартысының ерекшелігі – интернет желісін құру және пайдалану. Дүние жүзіндегі адамдар шындықтың жалғандығын сезіп келеді. Цифрлық технологиялардың эволюциясы «виртуалды шындық» анықтамасын алған көптеген практикалық және теориялық инновациялық құбылыстардың қалыптасуына алып келді. Кез келген прогресс, биотехнологиялардың, нейро және нанотехнологиялардың дамуы, толықтырылған және аралас шындықтың ашылуы, ғарыштық технологиялар сияқты нормативтік бақылауға жарамсыз заттар – нақты әлемді өзгертеді. Бір күні адамзат өзінің иллюзиялық, қажет болған әлемінен кетпеуге шешім қабылдайтынына сенімділік жоқ. Цифрлық қоғам – қазіргі күннің шындығы. Бірақ, жасанды интеллекті адам қиялды, интуицияны, шығармашылықты, талантты, эмоцияны қолданатын жерде күшсіз және бәсекеге қабілетсіз. Болашақ әлемі туралы, ертең сұранысқа ие болу үшін бүгін не білу керек екендігі туралы сөйлескенде, олар коммуникацияны, шоғырлануды, бақылауды үйрену керек екенін түсінеді. Бұл дағдыларсыз жаңа идеялар, талдау, болжау және адамзатқа бүгін және ертең не қажет болатынын түсіну мүмкін емес.

Қазір иерархия жоқ, шекара жоқ, мүмкін емес ештеңе жоқ, бірақ болашақтың мұндай байлығының әлсіз жағы – бұл мүлдем шатасу: жас ұрпақ, И.А.Сикорский айтқандай, «өмірден шаршаған», қызығушылықты, мотивацияны және қанағаттануды сезінбейді, іс-әрекеттен, жақын адамдармен қарым-қатынастан, қаржылық әл-ауқаттың өсуінен, мансаптық өсуден, тұрмыстық жайлылықтан, басқалардың жеке басын бағалауға немқұрайлы қарайды.

Кәмелетке толмағандардың жалғыздық мәселесі отбасылық айырылысу, басқалардың даралануы, тұлғааралық байланыстарды болжау салдарынан болады. Жасөспірімдер бұл мәселені виртуалды кеңістікке сүңгу арқылы жоюға тырысады. Көптеген зерттеушілер әлеуметтік анедония мен интернеттің виртуалды кеңістігіне қатысу, ену дәрежесі арасындағы оң корреляцияны атап өтті. Эхо-камера феномені пайда болатын заманауи желілік қоғамның қаупі айқын алаңдатады. Адамдар интернет желісінде байланыс шеңберін таңдайды,

тек оған назар аударады. Нәтижесінде олар қоғамдағы көптеген оқиғалар мен процестерге талдау мен қорытынды жасайтын анықтамалық топпен сүзілген ақпарат алады. Сонымен қатар, цифрлық таңдау инфрақұрылымы әрқашан заттардың шынайы жағдайына сәйкес келе бермейді және күнделікті өмірде мінез-құлық үлгісінің өзгеруіне әкеледі. Сондай-ақ цифрландырудың қолда бар ықтимал теріс салдарына экономикалық дамудың жаңа трендтеріне көшу салдарынан жұмыс орындарының қысқаруы; цифрлық алаяқтық пен қарақшылық, авторлық құқықтардың бұзылуы, киберқылмыс, мобильді құрылғыларға шабуылдар; цифрландыру процесінің барысын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігі мен дайындалмауы жатады.

Білім беруді цифрландыру еңбек нарығындағы, білім беру стандарттарындағы өзгерістерге, мұғалімнің рөлін қайта қарастыруға әкеледі. Бір жағынан, цифрландыру мектептің бұрынғы әдістемелік негізіне нұқсан келтіреді, ал екінші жағынан, ақпараттың тек мәтіндік қана емес, сонымен қатар дыбыстық және визуалды түрде де қол жетімділігін тудырады. Білім беруді цифрландыру оның түбегейлі, сапалы қайта құрылуына алып келеді.

Кез-келген уақытта ақпарат алу, барлық ақпараттық-технологиялық және интеллектуалды ресурстарды, қызметтерді, контенттерді пайдалану, кез-келген тәуелділікті жүзеге асыру, онлайн-сауда, банктік дайджест – бұл компьютерлік технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын кейбір сегменттер.

Виртуалды шындық, киберкеңістік, дүниежүзілік желі, онлайн кеңістік – біз зерттеп жатқан құбылыстың анықтамалары. Виртуалды әлемдегі адамның іс-әрекеті, санасы қалай өзгереді, компьютерлік технологиялардың туындысы оның негізгі бөлігін құрайтын адамның «мультипликаторында» қалай көрінеді? М.Ю.Говорухинаның пікірінше, коммуникациялық – цифрлық процесстер сыртқы – коммуникативті және ішкі-ойлау процестеріне бөлінеді. Виртуалдылық – бұл сыртқы процесс, өйткені кез-келген ақпарат кибертехнологияны қолдану арқылы түрлендіріледі. Сонымен қатар ішкі, адамның жоғары психикалық функцияларымен түсіндіріледі [1].

В.Гибсон әйгілі «Нейромант» романында «киберкеңістік» терминін адамдардың санасында бар параллель әлемді, оның метрикалық параметрлерін сипаттай отырып түсірді. Бұл сиқырлы виртуалды әлемнің тұтастығында кеңістіктік шектеулер жоқ. Ол адам ойында ғана бар – сурет [2].

Виртуалды шындықтың мәнін «ризома» ұғымымен салыстыру белгілі. Бұл тамыр жүйесінің құрылымын анықтайтын биологиялық термин, онда негізгі тамыры жоқ, бірақ ерекше бұйра ұрпақтары бар. Виртуалды кеңістіктің өмір сүру шындығы, біздің ойымызша, тек адамның тікелей қатысуымен мүмкін, оны контактілерімен, фотосуреттерімен, бейне және аудио мазмұнымен,мәтіндік және графикалық ресурстарымен жандандырады.

Ж.Бодриллард интернет адамның қатысуынсыз болмайды, ал адамдар киберкеңістіктен тыс өмір сүре алады деп мәлімдейді [3]. Сонымен қатар, егер интернет қолданушылары өздері жасаған виртуалды әлемнің жалғандығын түсінсе, неге виртуалды тәуелділіктер осындай күрделі әлеуметтік мәселеге айналды, онда виртуалды жеке байланыстар бүкіләлемдік желіде сатып алынған виртуалды байланыстарға толығымен ауыстырылады? Неліктен нақты адам өмірінің басымдығы мен маңыздылығы соншалықты құнсызданған?

Ғаламтор арқылы саяхаттаудың фантасмагоризмі пайдаланушылардың бұл технологияны осы ерекше қызықты әлемде өздерінің жеке басының кеңеюі ретінде қабылдауына әкеледі. Басқа тұлғамен, басқа кейіпкермен сәйкестендіруге болатын өтпелі кеңістік. Т.А.Кириктің пікірінше, виртуалдылықпен байланыста болу «күнделікті аймақты бұлыңғыр ету, зейін мен дүниетанымның бейнесін қайта құру» дегенді білдіреді. БізС.А.Борчиковпен келісеміз, жеке тәжірибеге және болып жатқан процестер туралы хабардарлық дәрежесіне сәйкес келетін виртуалды шындық қанша адам болса, сонша болады [4].

Ғылым мен технологияның дамуымен виртуалды тәуелділіктің формалары көбейіп келеді. Зерттеушілер К. Янг, С. Чен. М. Гриффитс, М. Орзак, А.Ю. Егоров, В.Л. Малыгин, А.Е. Войскунский, В.А. Лоскутова,М.Е. Сандомирский, Г.У. Солдатова виртуалды тәуелділіктің келесі негізгі түрлерін ажыратады:

– Ойынға тәуелділік – компьютерлік ойындарға тәуелділік;
– Интернетке тәуелділік – интернет кеңістігінде болуына тәуелділік;
– Қылмыстық IT – технологияларға тәуелділік, хакерлік;
– Смартфония – электрондық гаджеттерге, құрылғыларға, планшеттерге тәуелділік;
– Селфимания;
– Ұнату.

Зерттеу нәтижелері виртуалды тәуелділіктің этиологиясы, дамуы және салдары туралы хабарлайды. Диагностика әдістері, тәуелділіктің педагогикалық алдын-алу мүмкіндіктері өте аз зерттелген.

Д. Ланиердің пікірінше – интернет кеңістігі – «шынайы және елестетілген әлемдердің иммерсивті және интерактивті имитациясы». Бұл ретте Н.Луман мен В.Л.Иноземцев цифрлық әлем оның пайда болуының бастапқы кезеңдерінде құрылған бастапқы футурологиялық болжамдардан өзгеше екенін атап өтті [5].

Виртуалдылық, виртуалды тәуелділік мәселелерін зерттеу жан-жақты қарастырылған. Мұғалімдер ақпараттық қоғам мәселесі бойынша әртүрлі ғылымдардың өкілдері қандай қорытындыға келгенін білуі керек. Виртуалды әлемнің қалыптасуы мен әсерінің физиологиялық, психологиялық заңдылықтары, құрылғылар XXI ғасыр ұрпақтарының жеке құрылымына, олардың мінез-құлқына, тәуекелдермен күресуге, қарым-қатынасқа әсер етеді.

Бүгінгі таңда әрбір адам ақпараттық қоғамның мүшесі ретінде бұрын- соңды болмаған үлкен көлемдегі ақпаратты тұтынады. Т.А. Васильевтің пікірінше, бұл фактіні «ақпараттың шамадан тыс жүктелуі» деп сипаттауға болады. Бірақ, сонымен бірге ақпараттық аштық бәріміз үшін үлкен стресс болып табылады. Қоғам құрылады, онда материалдық игіліктерден гөрі ақпараттық өнімдер – контенттер жасау әлеуметтік дамудың қозғаушы және ең бәсекеге қабілетті күшіне айналады [6].

Офлайн байланыстан айырмашылығы, интернет кеңістігіндегі адамдар арасындағы қарым-қатынас олардың формаларымен ерекшеленеді.

Қазіргі ақпараттық кеңістік – бұл үлкен көлемдегі ақпараттың қоймасы. Адам ақпаратты теледидар, интернет, әлеуметтік медиа арқылы алады. Оған тән ерекшелік – ақпарат алу арнасы – визуалды әсер. Жасөспірімдер аға буынға қарағанда шамадан тыс визуалды жүктемеге тез бейімделді. Мұндай агрессивті және жаппай әсер жасөспірімдердің жаңа буынының есте сақтау компоненттері мен ойлау стиліне әсер етеді. Қазіргі жасөспірімдер ересектерге қарағанда әлдеқайда көп ақпаратты өңдеу қабілетімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, әлемнің күрделі моделін талдауға, әртүрлі құбылыстар мен объектілер арасындағы байланыстар мен ассоциацияларды, сондай-ақ «Имидж – мен» бейнеленген көп мағыналы контекстті түсінуге қабілетсіздік байқалады. Бұл нәтижелерді ресейлік психиатр В.С. Ротенберг жасөспірімдердің ойлауын зерттеуден алды. Күрделі математикалық, физикалық, техникалық есептерді, формальды сипаттамаға сәйкес келмейтін тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін өнімді ойлауы бар субъектілердің тапшылығы айқын. Т.Клинберг

«Шамадан тыс жүктелген ми» кітабында әртүрлі топтарды, соның ішінде жасөспірімдерді зерттеу кезінде алынған ақпаратты, жұмыс жадының жай-күйі туралы ақпаратты – кез келген мидың интеллектуалды күшінің негізін келтіреді [7].

Жұмыс немесе жедел жад – ақыл-ой белсенділігі тізбегіндегі маңызды элемент. Бірақ компьютерлік ойындарда ұзақ уақыт ойнайтын жасөспірімдер уақытының көп бөлігін әлеуметтік желілерде өткізеді, жұмыс жадында ақпаратты өңдеудің ақаулы механизмдері бар, демек, олардың іс-әрекеттері меншешім қабылдауында олар әлемнің жеңілдетілген, толық емес моделінесүйенеді және жалпы алғанда оқуда, ғылымда қол жеткізген биіктерге жете алмайды, бизнес, саясат өнімді ойлауы бар адамдар. Қазіргі әлемнің шындығы мынада: біз жасөспірімдердегі виртуалды тәуелділік мәселесін зерттей отырып, жаңа әлеуметтік даму парадигмасының бар екендігін айқын атап өтеміз, оның орталық компоненті тек ақпараттық технологиялар емес, интернет кеңістігі,жасөспірімдердің жаңа өмір салтының бөлігі ретінде.

Қазіргі әлем көптеген азғырулармен сипатталады. Тәуелділік қалыпты болуы мүмкін. Мысалы, таза ауаға, таза ауыз суға тәуелділік. Сондай-ақ, адам оны қоршаған ортаға байланысты, бұл тек туыстары мен достары ғана емес, сонымен бірге елдегі саяси және экономикалық жағдай, қаржылық дағдарыстар, материалдық жағдай. Мұның бәрі адамның өмірін қалыптастырады.

Эволюциялық психологияны жақтаушылардың эволюциялық көзқарасына сүйене отырып, адамзат ұрпағының әр өкілінде адамның Homo Sapiens елшісі ретінде қалыптасуының салдары болып табылатын тәуелділік реакциясының компоненттері бар. Зерттеуші Р.Розенталь жасөспірімдердегі тәуелділік бұл балалық шақтағы тұлғаішілік жанжалды ақаулы шешудің көрінісі деп тұжырымдайды.

**Әдебиеттер**

1. Говорухина М.Ю. Виртуализация современного мира раздвоение реальности. – Екатеринбург, 2004. – С. 15.
2. Гибсон У. Нейромант: трилогия «Киберпространство» / У. Гибсон; пер. с англ. Валерии Ахметьевой и др. – Санкт-Петербург: Азбука, 2017. – С. 958.
3. Бодрийяр Ж. Симулякры и симуляции = Simulacres et simulation. – Москва: Постум, 2015. – С. 239.
4. Борчиков С.А. Метафизика виртуальности (Опыт единой теории виртуальной реальности) // Труды лаборатории виртуалистики. – Вып. 8. – М.: Ин-т человека РАН, 2000. – С. 49.
5. Солдатова Г.У. Цифровое поколение России. Компетентность и безопасность: монография / Г.У. Солдатова, Е.И. Рассказова, Т.А. Нестик, Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, Факультет психологии. – М.: Смысл, 2017. – С. 186-187.
6. Петренко В.Ф. Основы психосемантики. – М.: Эксмо, 2010. – С. 480.
7. Лоскутова В.А. Интернет-зависимость как форма нехимических аддиктивных расстройств: диссертация ... кандидата медицинских наук: 14.00.18 / Виталина Александровна Лоскутова. – Новосибирск, 2004. – С.157.

МРНТИ: 17.09.91

# ФОРМИРОВАНИЕ КРЕАТИВНОСТИ У УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Баймуханова Д.К.,** учитель русского языка и литературы
КГУ «СОШ № 3 имени Катшы Оспановой»
(Республика Казахстан, г. Павлодар)

Креативность – (англ. create – создавать, creative – созидательный, творческий) – творческие способности, характеризующиеся готовностью к созданию принципиально новых идей, отклоняющихся от традиционных или принятых схем мышления, и входящие в структуру одаренности в качестве независимого фактора, а также способность решать проблемы, возникающие внутри статичных систем.

Креативная личность интуитивно чувствует, что нужно для создания новой идеи, решения трудной задачи: добавить одну деталь или перевернуть все вверх ногами, придумать принципиально новое или разобрать и сложить по-другому нечто уже привычное, действовать вопреки сложившимся стереотипам или просто найти способ взглянуть на статические системы динамически…

Практика работы показала, что эвристические методы развивают, прежде всего, воображение, являющееся основой дивергентного мышления. Они позволяют ребенку проявить индивидуальность, самобытность, он учится что-то «придумывать», фантазировать, а это важно, как замечают ученые для развития творческих способностей. Методы, используемые мною как интеграция, проблемное и эвристическое обучение, учебный диалог, позволяют реализовать одну из задач данной педагогической системы: «Ориентация на развитие «эвристического и креативного» типа мышления». Благодаря названным выше методам, формам и видам деятельности, приемам обучения на уроке у ученика возникает такое состояние, которое Д.Б.Богоявленская называет «поглощенность деятельностью», повышается познавательная потребность, формируется ярко выраженный интерес к тем или иным видам занятий, погруженность в то или иное дело. А все названные признаки характеризуют «эвристический» и «креативный» тип мышления.

Метод придумывания…
Метод образной картины
Метод «Если бы ..».
Мозговой штурм.
Метод Фактов.
Метод проектов.
Метод исследования.
Система творческих заданий.
Метод работы со словом.
Система творческийх заданий.
Издательская деятельность
Работа со словарями.

В целях развития креатического мышления у детей в своей практике я использую следубщие методы:

***Морфологический ящик».*** Прием используется для создания информационной копилки и последующего построения определений при изучении физических понятий. Модель служит для сбора и анализа информации по заданным признакам, выявление существенных и несущественных признаков изучаемого явления. Копилка универсальна, может быть использована на различных предметах.

***«Опрос по цепочке».*** Начинается с любой точки класса. Рассказ одного ученика прерывается в любом месте и передается другому, третьему и т. д. жестом учителя и так до завершения ответа. Это целесообразно в случае, когда предлагается развернутый, логически связный ответ. После чего все ученики пишут его на оценку, на память. Для начинающих можно на первых порах во время устного ответа держать в это время тетрадь открытой. Эта форма опроса хорошо развивает речь ученика.

***«Вопрос к тексту».*** Универсальный приём, работающий на повышение интереса к учебному материалу. Формирует:

– умение содержательно формулировать вопросы;

– умение оценивать границы своих знаний.

Учителю надо не просто задавать вопросы ученикам, контролируя их ответы, но надо позволять детям высказываться самостоятельно, что позволит улучшить степень усвоения материала на разных стадиях его изучения.

Ученики, самостоятельно, способны находить нужную им информацию на различных сайтах интернета, в дальнейшем превращая добытый материал в самостоятельный проект или творческую работу.

Немаловажную роль играет рефлексия. Рефлексия, как активный метод, не только в конце урока, но и на каждом завершенном этапе урока. Рефлексировать дети должны уметь не только индивидуально, но и в составе группы. То есть должны справедливо оценить работу каждого участника групповой работы, суметь аргументировать поставленную товарищу оценку, с целью выявления потенциала каждого ученика.

**«Похвали себя»**

Участникам предлагается подумать и рассказать о тех свойствах, качествах, которые Им нравятся в себе или отличают от других. Это могут быть любые особенности характера и личности. Напомним, что овладение этими качествами делает нас уникальными.

**«Три предложения»**

Учитель зачитывает короткий рассказ или текст. Ученикам необходимо внимательно выслушать и передать содержание рассказа или текста тремя простыми предложениями. Побеждает тот, у кого рассказ короче и при этом точно передает содержание. Другой вариант игры – работа с печатным текстом. Это может быть отрывок из учебника. Три простых предложения ребята могут записать в тетради. В этом случае удобней выявить победителя. Эта игра помогает развивать очень важное умение – выделять главное, а также умение составить план и пересказывать.

**«Сорбонка»**

Данный прием педагогической техники даёт хорошие результаты педагогам. На одной стороне карточки записывается понятие, слово, дата, а на другой – ответ.

Ученик перебирает карточки, пытается дать ответ и тут же проверяет себя. Анимированный вариант «сорбонки» поможет сделать процесс запоминания более привлекательным и разнообразным. Объектами запоминания могут быть не только слова, но и даты, термины, наглядные объекты и т.д.

**«Метод опережающего обучения»**

Метод опережающего обучения дает положительные результаты в начальной школе. Одним из важнейших его компонентов является комментируемое управление. Деятельностью класса на уроке руководит не только учитель, но и ученик, размышляя вслух и ведя за собой весь класс. Комментируемое управление начинается с первого дня обучения в школе, с первых шагов (письмо элементов букв, цифр, проговаривание слов). Четкий ритм, краткая характеристика, аргументация элементов при комментировании обеспечивают доступность выполнения задания каждым учеником класса. Термин «веди» вошел в урок вместо традиционного и очень страшного для маленьких «отвечай».

**«Карта мыслей»**

1. В середине доски, бумаги учащиеся или учитель пишут ключевое слово.

2. Ученикам будет предложено написать все слова, относящиеся к понятию, которые они придумают. Записанные фразы выделим в рамочки и соединим линиями с ключевым словом в зависимости от связи.

**«Снежный ком»**

Один из учащихся произносит нераспространённое предложение, каждый следующий должен прибавить предложению один любой член предложения, повторив его цели.

**Взаимосвязь случайных слов.**

В заключении хотелось бы поделиться памяткой и методами которые могут натолкнуть учителей и учеников на нужную мысл **Как развить креативность**

***Метод мозгового штурма.***

Один из самых распространенных и используемых методов. Несколько человек предлагают свои идеи и соображения по определенной проблеме. Основное, что нужно помнить, – идеи должны высказываться любые, без стеснения «ляпнуть что-нибудь не то». Этому должен содействовать модератор.

***Метод синектики.***

Базируется на свойстве нашего мозга устанавливать ассоциативные связи. Используются 4 вида аналогий: прямая, символическая, фантастическая, личная.

***Метод фокальных объектов***.

Заключается в выборе любых предметов и присоединении их признаков к объекту, который мы хотели бы совершенствовать. Суть данного метода – в сочетании самых невероятных характеристик с объектом и дальнейшем их додумывании до состояния реальности.

**Литература**

1. Руководство для учителей. Третий (базовый) уровень. 3-е издание. – АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.
2. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически. – СПб., 2003.
3. Халпер Д. Психология критического мышления.
4. Ильюшин Л.С. Приемы развития познавательной самостоятельности учащихся.

ҒТАХР: 14.09.03

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

**Байсеитова Д.К.,** информатика пәні мұғалімі
«№ 17 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Информатика пәнінің басқа мектеп пәндерімен тығыз байланысы оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда информатика пәнін философия ғылымымен салыстыруға болады. Себебі, оқушылар информатика сабағында алған білімдерін басқа пәндерді оқып-үйрену барысында жан-жақты қолдана алады. Оның тағы бір ерекшелігі пән мазмұнындағы тақырыптардың арасындағы пәнішілік байланыстың күштілігінен көрінеді. Себебі, информатиканың бастапқы ұғымдары алгоритм, функция, тағы басқада математикадан алынған. Математикада дәлелдеулер алгоритмдік құрылымға негізделген, ал информатикада осы алгоритмдерді құрайтын бөліктерді ерекшелей білу мақсаты қойылады.

Информатиканың физика, химия пәндеріне ұқсастығы оның тәжірибеге, экспериментке (латын тілінен exspermentum-тексеріп көру, тәжірибе) негізделгенінен көрінеді. Компьютерде программаны жүктеу мен жүргізу эксперимент ретінде әсіресе, программадағы қатені іздеуде айқын байқалады. Физикалық көзқарас тұрғысынан компьютер приборлар секілді қарастырылады. Оның жан-жақты сипаттамасын зерттеуге және тәжірибелер жүргізуге байланысты әдістерді физика пәнінде алып қолдануға болады.

Информатикаға қос сипаттылық тән. Бұл біріншіден, оқушыларға алгоритмді құру менталдау әдістерін үйрету барысында байқалады, екіншіден, программаларды іске қосу кезіндегі экспериментке сәйкес «тәжірибе» жасау әдістері кезінде айқын көрінеді. Физикалық құбылыстарды математикалық моделдеу кезіндегі сандық эксперимент бұл жағдайларды өзара бірлікте қарастырады.

Информатика пәнінің психологиямен байланысы оқушылардың компьютермен қарым-қатынас мәселесінде көрінеді. Сұхбаттық программалармен, компьютерлік ойындармен жұмыс істеу үшін "компьютерге жан біткендей" әсер етеді.

Информатикада таңбалар мен белгілеулер кең қолданылатындықтан оларды түрлендіруде компьютердің ролі ерекше. Оқушылардың ақыл-ойының дамуына компьютердің әсері әлі зерттелуде. Оқытуда компьютерлік ойын элементтерін шектеулі түрде пайдалануды информатиканы оқытуда жоққа шығармайды, кейде тіпті ұсынады. Мысалы, программаларды үйлестіруді "кім ақылды" компьютерлік ойыны арқылы жүргізуді ұсынып, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуді көздейді.

Компьютерді оқыту процесіне енгізу, жағдайында танымдық ақыл-ой әрекеттері – анализ, синтез, индукция, дедукция, жалпылау, салыстыру, аналогия тағы да басқа әдістері ескертіледі. Мұнда оқытудың білімділік, тәрбиелік мақсаттары жалпы дидактикадан алынып, информатика материалдарының мазмұны арқылы жүзеге асырылады.

Дидактикалық принциптер информатиканы оқыту әдістемесінде пән ерекшеліктеріне сәйкес айқындалып, оқу процесінде қолданыс табады.

Информатика пәнінің шет тілдерімен байланысы аударма жасау, текстерді өңдеу кезінде көрінеді. Сондай-ақ формальды тілден мазмұндылыққа көшу информатика ғылымының жетістіктері негізінде табысты шешілуде.

**Информатиканың кибернетика ғылымымен байланысы**

Информатиканың дамуына байланысты оның кибернетикамен байланысы мен айырмашылықтары туралы сұрақ туады. Осыған орай кибернетиканың тақырыбын дәлірек анықтап, оның мазмұнын айқындау қажет.

Кибернетиканың 1948 жылы американ математигі Норберт Винердің «Кибернетика: жануарлар әлемінде және машинадағы басқару мен байланыс» деген атақты кітабының шығуымен байланыстырады. Бұл жұмыста басқарудың жалпы теориясының жасалу жолдары мен әртүрлі жүйелерге арналған басқару және байланыс проблемаларын зерттейтін әдістердің негізі қаланды.

Кибернетика ЭЕМ-мен қатар дами отырып, уақыт өте жалпы ғылымға-информацияны өңдеу туралы ғылымға айнала бастады. Кибернетикада информацияның төмендегідей анықтамасы қабылданған: информация дегеніміз қайсыбір жүйенің қоршаған ортадан қабылдайтын, керісінше қоршаған ортаға беретін және өзінде сақтайтын сигналдардың, әсерлердің немесе мәліметтің кез келген жиынтығы.

Кибернетика өзінің дамуында бірталай тартысты кезеңдерді басынан өткізді. Академик А.И. Берг жазғанындай, «…1955-57 жылдары, кейін де біздің әдебиеттерде кибернетиканың маңызы мен мүмкіндіктерін бағалауда өрескел қателер жіберілген. Бұл біздің еліміздем ғылымның дамуына үлкен зиянын тигізді, көптеген теориялық жағдайларды жете зерттеудің және электрондық машинаның өзін жасаудың тоқтап қалуына әкелді», – дейді өзінің «Возможное и невозможное в кибернетике» атты еңбегінде.

Сондай-ақ, философиялық сөздіктің 1959 жылғы басылымында кибернетиканы «буржуазиялық жалған ғылым» деп көрсетті. Мұның басты себебі, біріншіден, қарқынмен дамып келе жатқан ғылымды «классикалық бағыттағы» кейбір ғалымдар жете бағаламаудың салдарынан, екіншіден, кейбіреулер іс жүзінде қолданылатын әртүрлі облыстарда кибернетиканың нақты проблемаларын жете зерттеудің орнына шамадан тыс бос сөздер айтылды, кибернетиканың шексіз мүмкіндіктері жайлы жартылай фантастикалық болжау жасалды, осылайша ғылымның беделі түсті. Кибернетиканы қолданудың қызықты перспективалары халық шаруашылығында математикалық әдістер мен ЭЕМ-дерді жоспарлау мен басқару мақсатында кеңінен қолданудың ұсынысын тудырды.

Сонымен, кибернетика термині пайда болганннан кейін дүние жүзілік ғылымда ағылшын сөзі «computer science» қолданыла бастады,ал одан кейінірек, 60-70 жылдар деңгейінде француздар «informatigue» терминін енгізді. Орыс тілінде информатика терминінің ең алғашқы қолданылуы ғылыми техникалық информация мен документалистиканың пайдаланылу саласына байланысты болды. Сондай-ақ, 1976 жылы А.П. Ершовтың басқаруымен неміс тілінен аударылған жоғарғы оқу орындарына арналған информатика курсының оқулығы мен есептер жинағының шығуынан бастап «информатика» термині басқа мағынада пайдаланыла бастады.

**Педагогикалық информатика технологиясы**

Ғылым мен техника дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып жатады. Бүгінгі күні информатика пәні жаппай оқытыла бастады. Бұл ғылым тиісті ғылыми ұғымдарсыз, сол ғылыми ұғымдарды білдіретін арнайы терминдерсіз меңгерілмейтіні анық. Бұл міндетті орыс немесе басқа шетел тілдерінен аударылған оқулықтар атқарады. Оның пайдалы да, зиянды да жағы бар. Жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Педагогикалық информатика – жаңадан құрылған және өте қарқынды дамып келе жатқан білім саласы. Осы облыста зерттеушілер мен педагог тәжірибешілердің саны өте қарқынды дамып келе жатқан білім саласы. Осы облыста зерттеушілер мен педагог тәжірибешілердің саны өте жоғары. Бірақ, педагогикалық информатика терминологиясы толық орнатылған жоқ. Осыған байланысты кейбір термин сөздердің толық болмауы немесе тіпті жоқтылығы үлкен қиыншылық туғызады. Сондықтан, бұл мәселе шеттен тыс болмауы керек. Бұл мәселе авторлар тобымен, ұжымдық жұмысты біріктіре отырып талқылауды талап етеді. Терминология мәселесі адамзат білімінің барлық саласында кездеседі. Бұл мәселені зерттеушілер арасынан Ә.Б. Алаев монографиясын алуға болады. Оның монографиясы географиялық терминологияны сипаттауға арналған. Бірақ, ол өзінің еңбегінің бастапқы бөлімінде адамзат білімінің кез келген саласында терминология үлкен мәселе болып табылатынын жазып өткен.

Білімнің барлық саласында терминология негізі ретінде “терминологиялық жүйе түсінігі” концепциясы жатыр. Терминологиялық жүйе түсінігі деген кезде термин немесе түсінік бірінші орында тұрады. Бұл жерде бізге термин керек, бірақ дегенмен ол екінші фактор болып табылады. Әрбір жаңа түсінік жалпылама түсініктен алынуы керек. Педагогикалық информатикада терминологиялық жүйе түсінігі иерархиялық болып келеді. Кез келген білім саласындағы терминологиялық жүйе түсінігі адамдар қолданатын терминмен, соның түсінігімен, біліммен байланысты болуы керек.

Терминологиялық жүйе түсінігінің әр аймақта өзінің әр түрлі ұғымы болады. Кейбір терминдерді мамандар өздері ойлап шығарады. Бұдан, әрине, кейде кемшіліктер тұрады.

Олар:

– Терминдердің көпмағыналылығы, яғни, бір термин әр түрлі түйсік береді;

– Синонимия. Мұнда, керісінше бір түсінікке бірнеше терминдер сәйкес келеді;

– Термин сөздерінің нақты анықтаманың жоқтығы;

– Басқа тілдерде кейбір терминдердің эквиваленттінің болмауы.

Жоғарыда аталып өткен кемшіліктер педагогикалық информатика білім саласында жиі кездеседі. Информатика саласында көптеген сөздер ағылшын тілінен алынған, мысалы әдебиеттерде ағылшынның PLAIN термин сөзі жиі кездеседі. Ол сөз көбіне PLAIN TEXT сөзімен біріктіріліп қолданылады. Ол ASCII кодта терілген «қарапайым мәтін» дегенді білдіреді. Бірақ, көбіне көпшілік қауым оны PLAIN – тегіс сөзімен шатастырады. Осыдан «тегіс», «мәтін», деген мағынасы «іздеу» дегенді білдіреді, бірақ, оны көбіне «бума» деген мағынада түсінеміз, «принтер» сөзінің аудармасы, «сандық баспа» болса да, әдебиеттерде әлі күнге дейін «принтер» деп жазылады, «файл» сөзі екі түрлі мағынада қолданылады: «құжаттар сақтайтын бума» және «жеке іс-қағаздар». Осындай жағдайлар ағылшын тілін дұрыс білмейтін жандарға осындай сөздер үлкен қиындықтар туғызады. Термин жасау үшін ешкімге арнайы құқық берілмейді, сондықтан, термин жасаушылар оған үлкен жауапкершілікпен қарауы керек.

Педагогикалық информатика саласындағы термин сөздер тек шетел тілдерінен емес, қарапайым педагогика ғылымында алынды. Шетел тілінен алынған сөз тек аударылып қана қойылса, ал педагогика саласынан алынған сөз қиындық туғызады, себебі, ол гуманитарлық саланың барлығында қамтиды. Сонымен қоса, көптеген жағдайларда осы салаға жаңадан келген автор өзінің бұрын қолданыста болған термин сөздерін жаңартады.

Информатика пәнінің басқа мектеп пәндерімен тығыз байланысы оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Оқушылар информатика сабағында алған білімдерін басқа пәндерді оқып-үйрену барысында жан-жақты қолдана алады.

Информатиканың маңызды ерекшелігі-оның қоғамдық қызметтің барлық негізгі түрлеріне қолданылуы: өндірісте, басқаруда, ғылымда, білім беруде, жоспарлауда және сауда операцияларында, қоршаған ортаны қорғауда, крименалистік медицинада және тағы басқа орындарда қолданылуы. Информатика көптеген нақты информациялық процестердің, технологиялардың барлығына ортақ мәселелерді зерттейді. Осы технологиялар информатиканың обьектісі болып табылады.

Информатиканың тақырыптары оның әртүрлі салада қолданылатындығымен анықталады. Қоғамдық өмірдің көптеген салаларында қолданылатын әртүрлі информациялық технологиялардың жалпы сипаттамаларымен қатар әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

**Әдебиеттер**

1. Ahtmeg-әдістеме, «Bilingual training». URL: https://sites.google.com/site/ahtmegmetod/pedagogiceskie-tehnologii/bilingvalnoeobucenie (анықтама күні: 4/15/2015);

2. Ажел Ю.П. Шет тілдерін оқытуда WEB 2.0 технологиясын пайдалану // Жас ғалым. – 2012. – № 6. – Р. 369-371.URL: http://www.moluch.ru/archive/41/4967/ (анықтама күні: 2015 жылғы 29 сәуір);

3. Андреев А.А. Білім беруде web2.0 Интернетінің жаңа мүмкіндіктері.
/V.N. Fokine URL: www.muh.ru/content/pps/100823_stat_46.doc (анықтама күні: 2015 жылдың 1 мамыры);

4.«Ақпараттық қауіпсіздік» веб-квесты. URL: http://createwebquest.com/webquest/information-security

ҒТАХР: 14.01.08

# ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

**Бодауов Е.Р.,** дене шынықтыру пәні мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі жаңа бағдарламаның ең өзекті жері оқушының өзіне орындату, мұғалім тек бағыт-бағдар беруші болуы керек. Оқушы өзі еңбектеніп үйренсе, білгенін басқаларға үйретсе есінде жақсы қалады, қызығушылығы сөзсіз артады.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің білімі саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар – мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында *сыни ойлауға* да бағыттауға болады. Мысалы: мен сабақта оқушыларға қозғалыс ойындарын құрастырып келуге үйге тапсырма беремін. Олар неше түрлі жақсы ойындар құрастырады, сол ойынды басқаларға түсіндіреді, өзі басқарып ойынды жүргізеді.

**Блум таксономиясы** бойынша:

Оқушылар ойын құрастыруды *біледі.*

Ол ойынды қалай ойнау керегін *түсінеді.*

Ойынды ойнау арқылы *қолданады.*

Ойынды ойнап болған соң, ойынға пікірлерін айтып *талдайды, ұсыныстар жасайды.*

Ойынды жинақтап *қорытындылайды,* ең соңында *бағалайды.*

Сабақта *АКТ-ны қолдану*, тіпті тиімді оқушыларға жүз рет айтқанша бір рет көрсеткен дұрыс. Төменгі сөреге тұру және сөреден шығу техникасын интерактивті тақтадан бір рет көрсетсе, бірден ұғып түсінері сөзсіз.

Сабақта *кері байланыс* жасап, оқушылардың ішкі дүниесімен санасу өте маңызды. Оқушыларға сабақ ұнады ма, ұнамады ма, қызықты ма, шаршаған жоқ па т.б. білу қажет. Кері байланыс мұғалімнің алдағы сабақтарына дайындалуға бағыт-бағдар береді.

Бағалауға келетін болсақ,оқушыны жекелей критерий бойынша, былай бағалауға болады. Мысалы: жүгіріп келіп, ұзындыққа секіруде: критерий А – жүгіру, В – серпілу, С – ұшу, Д – құмға дұрыс түсу. Тарау бойынша немесе тоқсан бойынша жиынтық бағалауды барлық оқушыға балдық жүйемен жасауға болады. Мысалы: жеңіл атлетика бөлімінде қысқа қашықтыққа жүгіру, доп лақтыру, секіру, кроссқа жүгіруге әрбір оқушыға балл қою арқылы кесте жасап, бағалайды. Бағалау парағындағы кестеге рефлексиялық есеп жазылады. Сабақ кезінде оқушыларға өзін-өзі бағалау, жұптық-топтық бағалау жұмыстарын жүргізуге болады.

Осылайша басқа модульдерді де сабақта тиімді қолдану арқылы жоғары нәтижелерге жетуге болады. Міне, жаңартылған оқу бағдарламасы өте маңызды. Дұрыс пайдалана білсек оқушыға да, мұғалімге де тиімді болары сөзсіз.

**Әдебиеттер**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. – Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
2. Республикалық ғылыми-әдістемелік, спорттық-патриоттық журналы, 2016.

ҒТАХР: 14.09.27

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ОЙЫН-ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ

**Болатов А.М.,** дене шынықтыру пәні мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Дене тәрбиесі бойынша оқу жұмысын жоспарлау құжаттарын талдау олардағы ұйымның жаңа формаларын бейнелеудің келесі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Оқу жылында оқу материалдарын таратудың анықталған тәсілдері аймақтардың климаттық ерекшеліктері ескерілетінін, спорттық ойындар мен шаңғы жаттығуларына ауыспалы бөлікте сағаттардың бөлінуін көрсетеді.

Дене тәрбиесі құралдарының ішінен би жаттығулары, қозғалмалы (халықтық) ойындар (киви-баскетбол, нетбол және т.б.) театрландырылған сабақтар(қазіргі заманғы сюжеттерге арналған ашық ойындарды қолдана отырып);кешенді сабақтар (спартандық көпсайыс); «тәрбиелік-сауықтыру блоктары» (салауатты өмір салты туралы дәрістерді тыңдауға бағытталған және т. б.); «Фэйр плэй» қағидаттарын сақтау. Фэйр-плей дегеніміз – «fair» – адал, «play» – ойын, яғни «адал ойын» дегенді білдіреді. Бәсекеге қабілетті, ойын әдісін қолданған кезде спортпен, туризммен, көркемдік, ғылыми шығармашылықпен байланысты әртүрлі іс-шаралар ұсынылмайды. Сонымен қатар, Спарта ойындарының элементтері қолданылмайды. Жоғарыда айтылған қарама-қайшылықтар Шымкент қаласының дене шынықтыру мұғалімдеріне жүргізілген сауалнаманың нәтижелерімен расталды.

Дене шынықтыру жаттығуларымен дұрыс шұғылдану органдар мен жүйелердің тіршілік әрекетін бір – біріне үйлестіріп отырады және организмдегі өмірлік мәні бар процестердің физиологиялық реттілігін жоғары дәрежеде ұстайды.

Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылданудың денсаулықты нығайтуға және сақтауға тигізетін әсерін өте жақсы түсініп алу үшін, сол шұғылдану кезінде адамның организмінде болатын жалпы өзгерістермен болса да танысып өткен жөн болар еді.

Дене шынықтыру жаттығуларымен үнемі шұғылданудан адам организмінің, ткандарына, мүшелері мен жүйелеріне тиетін әсерді бағалай отырып, бұл әсер жеке мүшелердің оқшау реакцияларында пайда болмай, ткандардағы, мүшелер мен жүйелердегі барлық процестер бір–бірімен өзара тығыз байлнысып келетін бүтіндей организм реакциясында пайда болып отыратынын есте ұстаған жөн.

Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдануды дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде шұғылданушыларда бір қатар нәтижелі эмоциялар пайда болады, бұлар қуаныш, көңілділік, көтеріңкі көңіл–күйімен, рахаттана күлген күлкісінен және басқалардан көрініп отырады.Ал шат көңілді, өте жақсы сергектілік сезімде болу,организмдегі тіршілік процестерінің жақсаруына әсер етеді де, адамның жұмысқа қабілеттілігі артады.

Сонымен дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылданған кезде жүйке жүйесінің барлық бөлімдерінің қызметі жақсарады, ал бұл бүкіл организмнің тіршілік әрекетінің ретке келушілігінің өсіп жетіле беруіне өте жақсы әсер етеді.

Мектеп дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының орталығы бола алады. Мектеп тек оқу қабілетін ғана емес, сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстануға деген ұмтылысты да қалыптастырады.

Оқу процесінде ойын технологиясын қолдану оқушының оқудағы танымдық іс-әрекетін және қалыпсыз жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді. Ойын технологиясы арқылы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мәлімдеген құзіреттіліктерді оқушы бойында қалыптастыру міндеттерін шешеді. Қазіргі білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы оқытудың негізгі мақсаты ретінде пәндік білім-білік дағдыларды қалыптастырудың жалпы оқу біліктерін қалыптастыруға ден қою. Өзіндік оқу әрекеттерін дамыту бағалау жүйесінде өзгерістердің енгізілуін көздейді.

Ойын барысында бала мақсатқа жету үшін бар зейінін соған аударады. Ол ойын ережелеріне бағына отырып, қимыл – қозғалыс әрекеттерін арттыра түседі. Қимыл – қозғалыс өзіндік спецификасы бар: ол балалардан белгілі бір белгілерге жылдам реакцияларын және ойын барысында өзгеріп отыратын жайттарға тез бейімделуді қажет етеді.

Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда. Олардың көру, есту, сезу

қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтары дамытады. Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» – деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану. Бала тәрбиесіне қазақ халқы ерте кезден көңіл бөліп, баланың ақыл – ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Бұған дәлел спорттық ойындары. Жас кезінен бастап балаларға дұрыс тәрбие беріп, дене дайындығын жетілдіре түсіп өскен жастар шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз

Әдеттер өмірдің басында қалыптасады және физикалық белсенді балалар көбінесе физикалық белсенді ересектерге айналады. Баланың денсаулығын туғаннан қалыптастыру керек. Дене шынықтыру сабақтары және жалпы мектеп адамның өз денсаулығына дұрыс көзқарасын тәрбиелеуі керек. Барлығына физикалық белсенділікті қолдау үшін кез-келген жағдайда дағдыларды дамыту қажет.

**Әдебиеттер**


1. Оқушы тәрбиесі журналы, 2015.
2. Кораблев Н.В. Дене шынықтыру және денсаулық, 1954.
3. Болатбек Б. Денетәрбиесі. – Алматы: Атамұра, 2004. – 112 б.
4. Тұрыскелдина М. Денетәрбиесі. – Алматы: Атамұра, 2003. – 112 б.
5. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: Рауан, 2005. – 680 б.
6. Байзакова Н.О. Дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындарды қолданудың әдістемесі. – № 4432.
7. Дене тәрбиесі әдістемесі. – «Мектеп» баспасы. – № 8080.
8. Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра. – №1104.



ҒТАХР: 14.09.31


## ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ E-LEARNING ЖҮЙЕСІ-ЗАМАН ТАЛАБЫ


**Жумабекова Ж.С.,** директордың электронды оқу жөніндегі орынбасары
«Қатша Оспановна атындағы № 3 ЖОББМ»
(Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)


Электронды оқыту E-Learning жүйесі жаңа ақпараттық қатынастық технологиялардың кең мүмкіндігі арқылы жалпы орта білім берудің көптеген маңызды мәселелерін шешуге ықпал етеді. Атап айтсақ:

– Оқыту үшін аумақтық шектеудің болмауы;
– Оқытудың өзіндік ырғағын таңдау мүмкіндігі;
– Оқытудың алуан түрлі құралдары мен әдістері;
– Жоғары сапалы материалдарға қол жеткізу.

E-Learning бүгінгі күні оқытудың басым түрлерінің бірі болып танылады, ол әлемнің көптеген елдерінде білім беру жүйесіне енгізілген.

Ата-аналар өз балаларының оқу үлгерімін ғаламтор арқылы тексеріп отыру мүмкіндігіне, ал оқушылар – үйде отырып оқу мүмкіндігіне ие болды. Мұғалімдер үшін көптен күткен жақсылық. Бұрыннан мультимедиалық сыныптың мүмкіндіктерін барынша толық пайдаланып, локальді желіде, электрондық оқулықтармен, Интернет ресурстарды пайдаланып сабақ өткізіп жүрген мектеп ұжымының E-Learning электронды оқыту жүйесіне көшу еш қиындық тудырмады.

2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес республикада E-Learning электронды оқыту жүйесін енгізу көзделген. 2015 жылға электронды оқытумен білім беру ұйымдарының 50 пайызын қамту, 2020 жылға көрсеткішті 90 пайызға дейін жеткізу мақсаты қойылған.

E-Learning – мемлекетіміздің білім сапасындағы жаңа бір үлкен асуы.

Электронды оқыту келесі компоненттерді енгізеді:

✔ мұғалімнің жұмыс орнын автоматтандыру (электронды журналдар, күнделіктер, жоспарлаулар, электронды мұғалімдер бөлмесі, автоматизированное рабочее место учителя (SMS-ата-аналарды хабарландыру );

- online-әр оқушының және мұғалімнің әлемнің ең бастысы білім беру ресурстарына қол жетімджілігі;
- сандық білім беру ресурстары-кітапхана, порталдар және басқалар (электронды оқулықтар, ойындар,виртуальды тренажерлер, лабораториялар);
- басқару жүйесін автоматтандыру;
- алғашқы статистикалық автоматтандыру жиыны.

E-learning технологиясы білім беру процесін жасауға мүмкіншілік береді:

- материалды меңгеру үшін жағдай жасауға комфортты және ыңғайлы көзқарас жасау;
- арнайы жоспарда қиындықтың деңгейін таңдау, оқу материалын меңгеруджің көлемі және уақыты;
- интерактивті көзқарастары өзара оқушылардың мұғаліммен мен сыныптастарымен өзара қарым қатынасы.

Барлық білім беру ұйымның қызметкерлері үшін білімдердің біртұтас стандартын қамтамасыз етеді және мынадай мүмкіндік береді:

– педагог ұжымына – тақырыптық жоспарлауды, электрондық сынып журналдарын және күнделіктер жүргізу, білім беру үрдісінде сандық білім беру контентін қолдануға мүмкіндік береді;

– оқушыларға әр түрлі пәндер бойынша өз үлгерім рейтингісінің өзгерістерін қадағалайды, сабақ кестесіндегі өзгерістерді, үйге берген тапсырманы; уақытында біледі;

– ата-аналарға – өз баласының бағаларын, сабақ кестесін, үйге берген тапсырмаларын, сабаққа қатысу және дайындық сапасын бақылайды, баласының мектептегі оқу үлгерімін және оның қоғамдық қызметіндегі табыстары жайлы біліп отырады; сонымен бірге баласының бағалары туралы мәліметті ата-аналардың тілегімен sms-тің түрінде де жолдана алады – немесе e-mail бойынша хабарлама алады.

Мектепке – біртұтас деректер қорын жасау, электрондық журнал жүргізу. Мәліметтердің ашықтығы, ата-аналармен кері байланысты қалыптастыру, оқушылардың бос уақыттын ұйымдастыру мүмкіндігі болады.

Болашақта білім беру компьютер технологияларының дамуымен тығыз байланыста болатыны анық. Сондықтан да электрондық оқыту технологиясын мектептерде оқу үрдісіне қолдану қазіргі білім берудің көкейкесті мәселесі болып саналады. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

**Әдебиеттер**

1. Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.Ә. Электрондық оқыту бойынша мониторингінің жүргізу әдістемелік құралы. – Алматы, 2011.
2. Семченко А.А., Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.А., Коровина С.В. Объектіге бағдарланған «MOODLE» ортасы арқылы білім контенттерін жасау. – Алматы, 2011.

МРНТИ: 17.09.91

## ОСНОВНЫЕ ПРИЕМЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ

**Исаханова Р.К.,** учитель русского языка и литературы
КГУ «СОШ № 35»
(Республика Казахстан, г. Семей)

Основные приёмы развития творческих способностей учащихся являются:

- написание сочинений, изложений.
- рецензирование сочинений;
- игры «Экзамен», «Лингвистические угадайки» и др.;
- творческие словари, ребусы, шарады, кроссворды.
- творческие задания на дом;

Активность и самостоятельность учащихся – один из основных принципов его дидактической системе. Задача учителя состоит не в том, чтобы давать детям готовые знания, а в том, чтобы направлять их умственную деятельность. Учащиеся должны по возможности трудиться самостоятельно, а учитель – руководить этим самостоятельным трудом и давать для него материал.

При этом важно, чтобы практические задания выполнялись школьниками не механически, а сознательно, нужно добиваться, чтобы в практическую работу дети вносили элементы творчества.

Основная цель самостоятельной работы учащихся состоит в том, чтобы научить детей мыслить, анализировать и обобщать языковые факты, что в свою очередь положительно сказывается на усвоении учебного материала. В этих целях практикую задания типа «Объясни», «Докажи».

Большое место в преподавании русского языка у меня занимают творческие самостоятельные работы. Работа творческого характера повышают интерес детей к учению, развивают их наблюдательность, учат их самостоятельно решать поставленные цели. Важно и то, что в творческих письменных работах проявляются индивидуальные качества учащихся и особенности их языка.

Одной из форм развития творческой активности учащихся является работа на развитием речи. Широко использую работу с опорными словами, сочинения-миниатюры по картине, сочинения на заданную тему, сочинения по пословице, по аналогии с прочитанным, по наблюдениям учащихся, составление письма подруге или другу, сочинение по началу.

Описанные выше упражнения выполняются под моим руководством, при этом степень самостоятельности учащихся постоянно возрастает. Когда же дети усваивают материал достаточно прочно и овладевают «техникой» выполнения соответствующего вида работы, аналогичные задания предлагаются учащимся на дом. Умение анализировать, обобщать, логически правильно, чётко, а так же эмоционально строить свою речь необходимы при написании хорошего сочинения. Поэтому мы должны помочь развить им речевую деятельность. «Речевая деятельность» - это активный, целенаправленный процесс создания и восприятия высказываний, осуществляемый с помощью языковых средств в ходе взаимодействия людей в различных ситуациях общения.

Я применяю следующие этапы подготовки к сочинению:

1) создание речевой ситуации. Цель – создание мотива, обеспечение необходимого эмоционального настроя, пробуждение интереса к работе, организация наблюдений, обсуждение задач и условий ситуации;

2) предварительная подготовка. Цель – создать базу для последующей работы, организовать накопление необходимых знаний, впечатлений;

3) написание сочинения.

Особенностью ребенка школьного возраста является чистота и непосредственность восприятия. Необычна и богата детская фантазия, воображение, потребность выдумывать и сочинять.

Учащимся 5 класса я предложила написать свои книги, идея моя была встречена с оптимизмом. На первых страницах поместились сказки. Знакомясь с педагогическим наследием В.А. Сухомлинского, я обратила внимание на одну цитату: «Через сказку, фантазию, игру из неповторимого детского творчества верная дорога к сердцу ребенка».

Я убедилась, что составление сказок благотворно влияет на развитие творческих возможностей детей, сближает их с природой, развивает наблюдательность и любознательность, воспитывает добрые чувства, оживляет и делает интересным учебный процесс. При написании сказок расширяется словарный запас детей. Ребята учатся излагать свои мысли письменно. Особенно велик интерес детей к волшебным сказкам, что объясняется ничем не ограниченной свободой передвижений и действий в сказочном мире. Стараюсь разнообразить уроки развития речи, используя различные виды работ.

Виды работ, которые делают уроки развития речи живыми.

1. Свободное сочинительство – пиши, что хочешь! Рискуя получить упрек в повторении уже сказанного, хочу еще раз обратить внимание на то, что этот вид работы очень важен для развития речи.

2. «Мой дневник» – пиши о том, что сейчас вспомнил. Выполнение этого вида работы можно стимулировать знакомством с опубликованными дневниками разных людей или с дневниками литературных героев.

3. «Фантазия-картинка» – опиши словами картинку, которой нет, которую видишь только ты в своем воображении. Если написанное будет свежо и выразительно, слова могут быть воплощены в рисунок.

4. Экскурсия в картинную галерею по репродукциям картин профессиональных художников. Ситуация экскурсии сближает с жизнью такой жанр, как сочинение по картине.

5. Сценарий мультфильма по выполненным на доске рисункам удовлетворяет потребность подростка в оживлении рисунка и написании сочинения-повествования вместо сочинения-описания.

6. Музыкальное сочинение.

1-й вариант – опиши образы, которые возникают в твоем сознании под впечатлением прослушанного музыкального произведения.

2-й вариант – воспроизвести фрагмент из фильма, спектакля (существующего или выдуманного тобой), сопровождением которого могла бы быть прозвучавшая музыка.

7. Сочинение – продолжение написанного накануне изложения или диктанта.

8. Сочинение – ассоциации по мотивам когда-то написанного диктанта или изложения.

Из всех вышеперечисленных видов хотелось бы выделить сочинения – описания природы в разное время года. Этот вид работы очень нравится моим детям. Природа на их страницах оживает, принимает облик человеческий. Прежде чем приступить к такому творческому процессу, мы собираем материал, наблюдаем, делаем пометки. Обсуждая написанные сочинения на тему «Золотая пора», учащиеся обращали внимание на построение предложений, на красочное описание осенней природы. Каждому ребенку осень раскрывается по-своему. А при помощи сочинений это время года для всех нас становится богаче и выразительнее. К недостаткам в работах детей можно отнести то, что в некоторых из них отсутствует вывод.

**Литература**

1. Руководство для учителей. Третий (базовый) уровень. 3-е издание. – АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.
2. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически. – СПб., 2003.
3. Халпер Д. Психология критического мышления.
4. Ильюшин Л.С. Приемы развития познавательной самостоятельности учащихся.

FTAXP: 14.09.29

## ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Калиаскарова А.А.,** ағылшын тілі пәні мұғалімі
«Б. Момышұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығын ояту үшін, мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн, бірақ бұл әдіс-тәсілдер төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

1. Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет.
2. Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктеріменбайланысты болуы керек.
3. Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.
4. Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек;
5. Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек;
6. Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет.

**Ағылшын тілін оқыту әдістері мыналар:** Логикалық ойлау; Грамматикалық-аударма әдісі; Сатылау; Тізбектеу әдісі; Үнсіздік әдісі; Физикалық сезіну әдісі; Рольдік ойындар; Мәдени қарым-қатынас; Жобалау ідісі; Проблемалық оқытуәдісі; Анализдеу; Миға шабуыл; Пікір алмастыру; Интерактивті әдістер; Коммуникативтік, көру, есту, кинестикалық, Витагендік әдіс, Ойға шолу, Аудиолингвистикалық әдіс; Келесі әдіс; Түсіндіру; Көрнекілік әдісі; Практикалық әдіс және ақпараттық-коммукативтік технология әдісі. Бұл оқыту әдістерінің ішінде бұрыннан қолданып келген әдістер және осы замандық жаңа әдістер қамтылған.

Ағылшын тілін оқыту әдістерін салыстыра сипаттау аса маңызды. Себебі пайда болған әрбір жаңа әдістің артықшылығы мен кемшілігі болады. Оқытушының сабақ барысында қай әдісті таңдауы салыстырмалы сипаттауда аса маңызды. Себебі әдістердің түрлері сан алуан және де бұл әдістердің өзгешеліктерін білмей отырып оны таңдау мен қолдану қиынға соғады.

Ағылшын тілін оқыту әдістерінің ең алғашқы қолданылған әдісі-«Grammar-translational method» (грамматикалық-аударма әдісі) болды. Бұл әдістің негізі XVIII ғасырдың аяғында қаланып, XX ғасырдың ортасында іс жүзінде қолданыста болды. Ағылшын тілін меңгеру грамматика мен сөздікті меңгеру қажет болды. Сол үшін осы әдіс түрі қолданылды. Бұл әдісте қандай да ыр грамматикалық құрылым меңгеріліп, кейін сол тақырыптарға орай сөйлем мәтіндері жинақталады. Одан кейін сол сөйлемнің аудармасы қамтылады. Қандай да бір әдіс түрі сияқты бұл әдістің де өзіне тән ерекшеліктері болды.

Біріншіден, бұл әдіс грамматиканы жетік меңгеруге жол береді. Екіншіден, логикалық ойлау деңгейі жоғары азаматтарға ыңғайлы болды. Бұл тәсіл 50 жылдардың аяғына дейін үстемдік етіп келді. Себебі уақыт өзгере келе, қоғамда өзгереді. Сөйтіп заман ағымына сай сан алуан әдістер дүниеге келтірілді.

60 жылдары пайда болған «Silenb way» (үнсіздік әдісі) әдісін атауымызға болады. Ағылшын тілін оқытуда бұл әдістің басты мақсаты – тіл үйренушіге кедергі келтірмеу, әрі оған оқытушының көзқарасын араластырмау. Бұл әдіс бойынша оқытушы ешнәрсе айтпайды, бірақ ол оқыту барысында күрделі түрлі түсті кестелерді қолданады. Кестедегі белгілер мен түстер белгілі бір дыбысты таңбалап одан жаңа сөздер құралады. Мысалы ретінде «dog» сөзін айту үшін ең «d», кейін «o», сосын «g» дыбысының белгісі саналатын квадрат немесе түрлі таяқшалар көрсетіледі. Содан сөз құралады.

Үнсіздік әдістің артықшылығы оқытушының тілді меңгеру сапасы, оқушының тілді меңгеру сапасына ықпал етпейді.

Келесі әдісі «Total-physical respone» (физикалық сезіну әдісі) деп аталады. Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі. Оқушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді. Оқушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады.

«Коммуникативтік әдіс» (қарым-қатынас әдісі). Оның ең басты мақсаты – әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс түрі ағылшын тілін үйретуде ең жеңіл және қолайлы әдістің түрі болып табылады. Себебі коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданылады. Осы әдіс ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

«Audio-Lingual method» (аудиолингвистикалық әдіс) әдісі. Аудиолингвистикалық әдіс 70 жылдардың аяғына қарай қолданысқа енді. Бұл әдісте оқушы магнитофоннан немесе оқытушының айтқан сөздерін тыңдап, кейін бірнеше рет қайталайды. Оқушы осы іс-әрекетте сөздердің, сөйлемдердің немесе тіркестің дұрыс айтылу жолдарымен және оны аз уақыт көлемінде жаттап алу, оны қарым-қатынас әдісінде қолдану шарттары бейімделе бастайды.

«Sugesto pedia» (ойға шому) деп аталады. Бұл әдіс түрі 70 жылдары қолданысқа енді. Бұл әдіс түрі басқа әдіс – тәсілдерге қарағанда күрделірек болып келді. Себебі осы әдісті қолдана отырып оқушы қиялға беріледі. Бұл әдістің мән – мағынасы мынадай: оқушы ағылшын тілін үйрену кезеңінде өзін мүлдем басқа адам болып сезінеді. Ол озіне жаңа есім таңдап, жаңа өмірбаян ойлап табады. Сөйтіп, оқушы өзін мүлдем бөгде әлемде – ағылшын әлемінде отырғандай күй кешеді. Бұл әрине оқушылар үшін қызықты және жұмбақ болып келеді. Осы әдісте қолданылған барлық тәсілдер оқушылардың оқып-үйрену процесінде оң әсерін тигізеді.

Ағылшын тілін меңгеруде сөздік қордың бай болуы да аса маңызды болып келеді. Ағылшын тілі сабағында сөздік қорды дамыту жолдары мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады. Олар: сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, аударма, түсінік, кітап-мәтінімен жұмыс әдіс-тәсілдері. Оқушылардың сөздік қоры баю үшін оқытушы сабақ барысында кестелер, видеокассеталар, түрлі суреттер, көрнекі құралдарды қолдануы керек. Енді ағылшын тілін сөздік қорын дамытатын әдіс-тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық.

**Көрнекілік әдісі** – ағылшын тілін үйретуде ең жиі және ең нәтижелі әдіс-тәсілі болып саналады. Себебі бұл әдіс барлық сабақ түрінде қолданылады. Көрнекілік әдісте әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл оқушылардың сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы болып табылады.

**Түсіндіру әдісі** – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

Сұрақ – жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірілеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады.

**Практикалық әдіс** – оқушылар сабақ үйрену барысында түрлі ойын элементтері бойынша тіл үйрену іс–әрекеті болып табылады. Оқушының сөздік қорын молайтуда ойындардың ролі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

**Интерактивтік әдіс** – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүдделерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр оқушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте оқушы сабақ барысында оқушыларға кеңесші, серіктес рөлін атқарады.

Ағылшын тілі сабақ барысында компьютер оқытушыға оқушының өз бетінше жұмысын ұйымдастыруға жәрдем береді. Ол үшін ғалымдардың ұсынысы бойынша мынадай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер қолдану дұрыс:

1. Сұрақ-жауап диалогы.
2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма.
3. Еркін құралған сөйлемдерді стильдік түзету.
4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар.
5. Сөздікті меңгеруден өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Компьютерлік бағдарламалар уақыт өте келе жетіліп, қарқынды даму үстінде. Сөйтіп біз бүгінде әлемдік интернет жүйесі арқылы ақпарат алып қана қоймай, білім алудың жаңа түрі аралықтан оқыту әдісі пайда болды. Бұл оқыту әдісінде мультимедиялық технологияның көмегімен бейне, мәтін, графика арқылы оқу курсының материалдары жасалады. Оқу материалы ретінде оқушыға дәстүрлі оқулықтар мен оқу құралдары және интерактивті қасиеті шектеулі бейне және мультимедиялық материалдар ұсынылады.

**Әдебиеттер**

1. «Assessing writing» by Sara Cushing Weigle. – The Cambridge Language Assessment Series, 2002.
2. «Let's write» by John Foster, published in 2014. – New York.
3. «Preparing to teach writing» research, theory, and practice by James D. Williams, 4th edition. – 2014, published in New York.
4. «The student's guide to writing» spelling, punctuation and grammar, John Peck & Martin Coyle, 3rd edition, 2012, published by Palgrave Macmillan.

ҒТАХР: 14.09.43

## ЖАҢАША ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Калиева А.Р.,** шағын орталық тәрбиешісі
«№ 13 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір педагогтың басты міндеті. Білім негізі мектепке дейінгі ұйымда қаланатын болғандықтан, баланың жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі педагог қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде педагог терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында тәжірибе барысында «Кластер» әдісін тиімді пайдаланамын.

**Мақсаты**: идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланысты жинақтау, тұжырымдау. Балалар тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын картаға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер арқылы).

**«Миға шабуыл»** әдісі

**Мақсаты:** Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін ауызша ой салу.

Балаға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

**«Галереяны шарлау»** әдісі *Саймон Браунхилл бойынша*

**Мақсаты**: талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.

Сараптау, жинақтау, бағалау; Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. Балалар ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын достарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

**«Өрмекші»** әдісі *(постерде)*

*Мақсаты:* Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Өрмекші сұлбасына меңгерілген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді.

**«Үштік» әдіс** (Ойлан, жұптас, бөліс.

Мақсаты: Балалар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.

Балалардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады.

**«Дауыстап ойлау»** әдісі

Мақсаты: ой түю, ой бөлісу.

Балаларды дұрыс тындауға ынталандырады. Сөйлесім, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

**«Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі»** әдісі

Мақсаты: баланы алған білімін саралай білуге дағдыландыру.

Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

**«Қара жәшік»** ішіндегі жұмыс

Мақсаты: баланың өзін-өзі бағалауын дамыту.

Баланың оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді

**«Ашық микрофон»** әдісі

*Саймон Браунхилл бойынша*

Мақсаты: баланы жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру шығармашылығын шыңдау.

**«Шаттық шеңбері»** *(сергіту сәті)*

**Мақсаты:** Бұл әдіс балалар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық балаларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.

**Тиімділігі:** балаға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

**Қолданылуы:** жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар:** СТО, Диалогтік оқыту

**Мысалы: Ребус шешу** («Әдептілік – әдемілік»)

Сандарды ретімен қойғанда қандай сөздер шығады екен.

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

**«Ақылдың алты ойлау қалпағы»** *Эдвард де Боно бойынша*

**Мақсаты:** баланың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану.

**Тиімділігі:** Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

**Қолданылуы:** Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Балаларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады.

Мысалы: әдептілік туралы сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын ортаға салады.

Сұрақтар:

- Қандай жақсы сөздерді көп қолданасыңдар?
- Жақсы сөз естігенде қандай сезімде боласыңдар?
- Ал жаман, дөрекі сөз естігенде қандай сезімде боласыңдар?
- Жақын адамдарыңа қандай жылы, жақсы сөз айтқыларың келеді?
- Әр адамның жүрегі мейірімді де, қайырымды болу үшін не істеу керек?

Жақсы қасиетті кімнен үйренеміз?

**Кіріктірілген модульдер, идеялар:ЖАДА**

**«Гүлмен тілек»** (сергіту және топқа біріктіру)

**Мақсаты:** Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ балаларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру.

**Тиімділігі:** баланы бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.

**Қолданылуы:** балалар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа біріктіріледі.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар:** СТО, Диалогтік оқыту

**«Джигсо» әдісі** *Элиот Аронсон бойынша*

**Мақсаты:** Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту.

**Тиімділігі:** Ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

**Қолданылуы:** Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді балаларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін оларға тәрбиеші әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында балалар өз нөмірлері бойынша жинақталады: тәрбиеші оқып берген мәтін бөліктерінің мазмұны бойынша жұмыс жүргізіледі.

**Әдебиеттер**

1. Құрманалина Ш.Х. «Нәтижеге бағытталған білім беруді ұйымдастыратын жаңа мектеп моделі» және «Бастауыш мектеп түлегінің моделдері». – Астана, 2016.
2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Оқытудың инновациялық технологиясы. – Өскемен, 2002.
3. Нысанбаев Ә., Есім Ғ., Изотов М., Жүкешев К. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбина арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006.

ҒТАХР: 14.01.10

## ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Каримова Б.Е., Құнапия А.Б.,** ағылшын тілі пәні мұғалімдері
«№ 49 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқушы креативті ойлауын дамытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ойәрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру қажет.

Мұғалім-дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыра тын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Шығармашылық тұлғаны дамытуды ең алдымен шығармашылық ойлаудан бастау керек. Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Оқушының білім сапасын көтеру негізгі мақсат. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Оқушылардың креативті ойлауын дамытуда алдыма креативтілікті қалай дамыту керек деген сауал қойдым. Миға шабуыл жасау арқылы креативтілікті дамыта аламыз. Ең көп таралған және қолданылатын тәсілдердің бірі. Кейбір адамдар нақты мәселелер бойынша өз идеяларын және жобаларын ұсынады. Ең бастысы есте сақтау керек қағида – ешқандай кедергісіз өз ойын тура айта білу керек. Ағылшын тілі сабақтарында студенттің креативтілігін дамыту әрбір оқытушының міндеті. Ағылшын тілі сабақтарында креативті білім беру ортасын құруда тәжірибемде төмендегідей әдіс – тәсілдерді қолданамын:

***Мультимедиа көмегімен оқыту процессі***

Мультимедиа – мәтін, сурет, аудио және видео сияқты әр түрлі сандық медиа түрлерін кешенді сенсорлық интерактивті тақтаны қолдану арқылы аудиторияға ақпаратты жеткізу. Дәстүрлі білім беру оқушыларға қандай өнер кәсіп қажеттіліктерін үйретеді. Осы тәсілмен көптеген оқу орындардың басты мәселесі шығармашылығы мол, сыни тұрғыдан ойлауы терең түлектер шығаруда. Біз инновациялық оқыту ретінде мультимедиялық технологияларды пайдаланамыз және оқыту стратегиясының басты мәселесі оқушыларға мультимедиалық технологиялардың түрлерін үйрету. Қазіргі уақытта көптеген оқыту мекемелері сыни оқыту тұрғысына көшуде және түлектерін аналитикалық жолмен мәселелерді шешуге дайындауда. Білім осыдан аяқталмайды, мәселелерді жақсы шешу олардың өмір жолында керек болады.

Мұғалім материалдың мазмұнын өзгертуге мультимедиалық құралды пайдаланады. Мұғалімге әр түрлі мультимедиалық элементтерді пайдалана отырып, өз ойын маңызды жолмен білдіруге көмектеседі. Бұл медиа элементтері цифрлық нысанда соңғы презентация үшін өзгертуге болады. Сандық мультимедиа элементтерін енгізу арқылы, оқушылар ұсынылған ақпаратқа көбірек назар аударады, оларды неғұрлым дәлелді жасап және жақсы ақпаратты сақтап, бірнеше сенсорлық шарттарын қолдану арқылы жақсы білу мүмкіндігі бар. Мультимедиялық жобаларды жасау күрделі және қызықты болып табылады. Инновациялық және интерактивті мультимедиялық қосымшаларды құру үшін әзірлеушілерде қол жетімді көптеген мультимедиялық технологиялар бар. Бұл технологиялар графика мен бейне файлдарын жасау үшін Adobe Photoshop және Премьер өңдеу технологияларын қамтиды, дыбыс және анимациялық файлдарды өңдеуге Sound Forge және 3D Studio Max қамтиды. Олар сондай-ақ біріктіруге және осы мультимедиа элементтерін синхрондау, интерактивті мүмкіндіктерін қосу және соңғы пайдалану үшін Macromedia Director немесе Authorware авторлық құралын пайдалануға болады.

***Әңгімені аяқтау***

Әңгімелеу тілдерді оқытудың өте ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл әңгімелер оқушыларға сөйлемдерді дұрыс құруға, өз ойларын білдіруге және басқада көптеген нәрселерді білуге көмектеседі. Оқушылардың білімпаздық қасиетін шақырады. Кез келген аяқталмаған әңгіме оқырмандардың әрқашан ойында қалады. Сондықтан оқушылар әдетте қызықты оқылуына қарамастан әңгімелердің бастысын оқиды. Ол мидың шығармашылық бөлігіне қарайды. Әңгіменің ішіне кіріп оқып, ойымыздың шығармашылық бағытын арттырады. Ол әңгімені оқып ғана қоймай, оның дамуына септігін тигізуі тиіс. Бағалау үшін сұрақ қою оқушылардың әңгімедегі қиял – ғажайыбын жоғалтады. Ағылшын тілінде әңгімелерді пайдалану үшін ең жақсы тәсіл бар ма? Оқушылар әңгімелерді де пьессаларды да қабылдай алады. Осындай тәсілмен оқушылар әңгімелермен жеке айналысады. Олар өзінің өмірге деген көзқарасын өзгертуі мүмкін. Бұл оқушыларға символдарды түсіну үшін қызықты болады. Ол өзінің щығармашылығын қатыстыра отырып, символдарды белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл олардың әңгімені түсінуіне, ол туралы әңгіме қылуға көмектеседі, өйткені осы жолмен олар өз тілдерін жетілдіре алады. Ол өзінің негативті ойларын жойып, тілді үйренуіне кедергі болмайтынына сенеді. Ол тамаша болмауы мүмкін, бірақ ол өте керемет әсер қалдырады. Әңгіме олардың диалог арқылы тілді үйренуіне көмектеседі.

***Ұялы телефон көмегімен тіл үйрену***

Ұялы телефондар кішкентай компьютер болып есептеледі, өйткені онда хабарламалар, ойындар, электрондық пошта және жазбалар сияқты қосымша объектілер бар. Ұялы телефон көмегімен тіл үйрену әуен ойнатқыштар және сымсыз есептеуді қамтиды. Телефонды қолдану шағын сабақ грамматикалық сабақтар, жабық викторина немесе ойынның дискретті ұпай тексеру тілі арқылы қол жетімді, мысалы, SMS хабарламалар, веб немесе жүктеу, лексикалық сабақтар, қысқаша

анықтамаларды жақсы түсіну, лексика және коммуникативтік тіл үшін пайдалану, жазба жасау әрекетін қолданып, ойындар оқыту. Ұялы телефонның көмегімен тіл үйренудің ерекше жолы әлеуметтік интерактивтілік, мобильдік контекст, сезімталдық, байланыстар, индивидуалдылық және жеделділік. Компьютердің көмегімен тіл үйрену одан әрі дамуда.

***Ойындар көмегімен тіл үйрету (Сөз ойыны)***

Белгілі бір мақсат пен тапсырмаға негізделген ойындар, тілді үйренуде керемет коммуникативті қызмет атқарады. Тілдік ойындардың мақсаты оқушылардың тілінің дұрыс болуы. Бірақ ойын барысында қатысушылар білімін ойнау үшін және өзі қалаған нәтижеге жету үшін келіссөздер жүргізуге қолданады. Бұл процесс бір мезгілде өндіру және қабылдау дағдыларын қамтиды. Ойындар оқушыларға қызықты және керемет оқыту атмосферасын ұсынады. Жаңа лексиканы меңгеру барысында оқушылар стресстік емес жолмен тілін пайдалана алады. Ойын барысында қатысушының назары тілде емес хабарламада болу керек. Қатысушылар назарын тілдің қалай айтылуына қарап, ойында ұту үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Бұл қорқыныш серпінділігін жеңілдетеді, басқа адамдарға мақсатты тілді пайдалану үшін ең негізгі фактор болып табылады. Ойын бизнесі-бағдарланған тұрғысынан алаңдаушылық азаяды және еркін меңгеру, жинақталатын коммуникативтік құзыреттілікке қол жеткізеді. Төменде көрсетілген кейбір ойындар:

**Сөз ойыны:** Оқушылар шеңбер құрып тұрады. Топ 5-6 оқушыдан тұрады. оқушылардың бірі дәптерге миниум 5 сөз жазады. Келесі оқушы алдыңғы сөздің соңғы әріпін алып 5-6 секунд ішінде жаңа сөз жазу керек. Бұл ойын оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге көмектеседі.

***Жарыс түріндегі сабақ***

Пікірталастар мен шешендік сияқты конкурстар оқушыларға көп көмектеседі. Бұл олардың өз ойын алға шығарып, сөздік қорын қолдануға көп мүмкіндіктер береді. Сайыстар оқушылардың тіл үйренудегі ең негізгі құралы. Сондай – ақ бұл сайыстар олардың жеке тұлға болып қалыптасуына көп көмектеседі.

Оқушылардың креативті ойлауын дамытуда дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудің тиімділігі зор. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін ағылшын тілі сабақтарын мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда жазба жұмыстардың алатын орны зор. Жазба жұмыстар олардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасын, эстетикалық және адамгершілік танымы, эмоциясы, пікірі, талдау, қорытындылау, салыстыра білу тәрізді жекелік қасиеттері байқалып тұруы қажет.

**Шығармашылық диктант**

Диктанттың бұл түріне сөйлем мүшелерінің орын тәртібі бұзылып, шашыранды сөз түрінде берілген сөйлемдер алынады. Бұл сөздердің әр тобынан оқушылар өздігінен сөйлем құрастырады.

Usually, watch, I, T V, on Sunday.

Always, she, piano, plays, at home, the.

1. He, sweets, cakes, jam, likes.
2. The shop, closes, at 5o’clock.

1. A lot, in, winter, here, it, rains.
2. Very, she, visits, her, it rains.

**Әдебиеттер**

1. Кевин Д. Бесной, ауд. Кларк У. Оқыту – табыс! Сіздің инновациялық технологиялар пайдалану үшін жасалған қадам. – 1 қазан, 2009.
2. Линн Т. Диас-Рико, оқушыларға ағылшын тілін оқыту: Стратегиялар мен әдістер Марлен Д. Лефевр, оқытудың шығармашылық әдістері. – 1 наурыз, 1997.

ҒТАХР: 14.01.01

# МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Медеуова У.К.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

PIRLS зерттеуінің басты мақсаты-оқушылардың әлемдік деңгейдегі мәтін мазмұнын жетік түсінуін және әлем мәтіндері мен оқу сауаттылығын қалыптастыруда ұлттық білім жүйесі жұмысының айырмашылықтарын анықтау болып табылады.

Қазақстанның халықаралық зерттеуге қатысуы білім сапасының қазіргі заман талабына сай болуда ұлттық білім жүйесін модернизациялауды білдіреді. Қазақстан Республикасының 2011-2020 ж. арналған Мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық оқушылардың мәтінді оқу және түсіну деңгейін анықтауда халықаралық зерттеуге қатысуы туралы белгіленген. Негізгі халықаралық зерттеу Қазақстанда 2016 жылдың 1-30 сәуір аралығында өткен болатын. Зерттеу нысанасы болып бастауыш түлектері саналды, өйткені төртінші сыныпқа келгенде оқушылар түрлі мәтіндермен жұмыс жүргізе білуі тиіс. Қазақстаннан 4 000-нан астам төртінші сынып оқушылары қатысты. Оның ішінен: Оңтүстік Қазақстаннан-38, Алматы облысынан-18, Ақтөбе мен Қарағанды облыстарынан 13-тен, Шығыс Қазақстаннан-12 (Семей қаласынан №8, №39 метептерінің 4-сынып оқушылары).

Білім негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Қазіргі оқыту жүйесі бастауыш сынып мұғалімінен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың оқу сауаттылыған арттыруда оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдері мен түрлерін ұтымды пайдаланғаны дұрыс.

Тәжірибемде мәтінмен жұмыс істеудің **интегралды және и дифференциалды** алгоритмдерін қолданамын. Оқудың интегралды алгоритмі мәтіндегі негізгі ойды анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс ең қажетті ақпаратты ғана бөліп алуға септігін тигізеді. Дифференциалды алгоритм көмекші сөздер арқылы ең маңызды ақпаратты іріктеп алуға арналады. Мәтінді оқып, не туралы екендігін анықтап алған соң, оқушыларға парақтар таратылады.

1. Мәтіннің тақырыбы, авторы:_______________________
2. Негізгі мазмұны (идеясы): _________________________
3. Фактілер (аттары, цифрлар, мәліметтер):____________
4. Бағалау:
Жаңа ақпарат ______________________________________
Қызықты ақпарат _______________________
5. Пайдасы: ________________________

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары оқу үрдісінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс кезде, тәрбиелік іс-шаралар мен қосымша сабақтарда, отбасылық оқу мәдениетін қалыптастыруда ата-аналармен бірлесе жұмыс атқарған кезде ғана іске аспақ.

Аталған зерттеу сарапшыларының халықаралық глоссарийы бойынша «оқу сауаттылығы» – оқушының өмірге бейімделе алуы мен алға қойған мақсаттарына жетуде жазбаша тілдің түрлі формаларын түсінуі мен логикалық сараптан өткізуі дегенді білдіреді.

Оқу біліктілігін бағалауда ескеру керек:

**– ақпаратты табу,**
**– қорытынды шығару,**
**– ақпаратты қорытындылау мен интерпретация,**
**– мәтін құрылысы мен тілдік ерекшеліктерін, мазмұнын бағалау.**

Зерттеу мәтінмен жұмыс жүргізу барысында оқырмандық білікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәтінді түсінуде оқушылардың оқырмандық мүмкіндіктерін сипаттау:

– мәтінді жоғары деңгейде түсіну,
– мәтінді орташа деңгейде түсіну,
– мәтінді төменгі деңгейде түсіну,

Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет.

Оқуға деген қызығушылықты «Отбасымен бірге оқу», «Кітапхана сабақтары», АКТ пайдалану арқылы «Оқуға әуестік» сайттары арқылы арттыруға болады. Оқу сауаттылығының негізі мәтінмен толыққанды жұмыс істеу үшін қалыптасқан оқу дағдысы болып табылады. Зерттеу оқушылардың оқу мүмкіндіктерін бағалауға көмектеседі.

Функциональдық сауаттылық – адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Бұл жаңа ғана өмірге бейімделіп келе жатқан жас бүлдіршіндердің қалыптасуы, өмірге, мектеп өміріне бейімделіп кетуі. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы, қабілеттілігі т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетінің қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйрегне сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде.

**Оқу сапалары.**

**Дұрыс оқу**

1. Дұрыс оқуға үйрету негізі алғашқы оқу-жазуға үйрету кезден басталады. Дұрыс оқу үшін оқушылар мына талаптарды орындауы қажет:

1. Сөзді оқығанда әріптеп оқымай, буындап, буындарды жалғастырып оқу. Мысалы: *ша-на-лар, то-қу.* Мұнда балалар сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын түсінбей оқитын болса, дер кезінде түсіндіріп, түзетіп, сөзді буынға бөлгенде дұрыс бөліп оқуға жаттықтырып, дағдыландыру қажет.

2. Оқып тұрған сөздің не алдынан, не артынан, не ортасынан артық дыбыс қоспай, не түсірмей оқу, ұқсас дыбыспен ауыстырмай оқу.

3. Бір дыбысты не буынды ұзақ созып, не екі рет айтпау: *аа-на, баа-ла, а-на-на, ба-ба-ла.*

4. Бір сөз орнына екінші бір сөзді айтпау (мағынасына сәйкес келетін), сөйлем соңындағы сөзді, буынды жұтып қоймау.

5. Ұқсас дыбыстарды, тілі келмейтін дыбыстарды ауыстырмау.

Сонымен оқушы дұрыс оқымаса, мұғалім дұрыс оқып беріп, оқушыға қайталаттырады немесе жақсы оқитын оқушыға оқыттырады.

Баланың табиғат сыйға тартқан барлық интеллектуалдық қабілеттері ана тілін меңгерудің, онда да мектепке дейінгі кезде меңгерудің арқасында пайда болады және дамиды. Балаларды ана тіліне оқытуда кәсіби шеберлікті меңгеру үшін болашақ тәрбиешіге әдістеме теориясын, ұғыну және ғылымға белгілі әдістерді меңгеру, яғни осы әдістерді жүзеге асыратын оқытудың аса маңызды тәсілдерін орындауға жаттығу қажет.

Тілді дер кезінде және сапалы меңгеру балада дұрыс психиканың қалыптасуының және оның кейін жақсы дамуының алғашқы аса маңызды шарты болып табылады. Дер кезі дегеніміз – бала дүниеге келген алғашқы күннен бастау, сапалы дегеніміз – тілдік материал көлемінің жеткілікті болуы және баланың әрбір жас кезеңіне қарай тілді меңгеруге деген мүмкіндіктерін толық пайдалану.

**Түсініп оқу**

Түсініп оқу – оқыған сөз немесе сөйлемнің мағынасын, ондағы айтылған ойды дұрыс түсініп, оны екінші бөлімде айтылған оймен байланыстыруы, оқылған мәтін мазмұнын анық, терең ұғынуы.

Түсініп оқу дұрыс оқу сапасы арқылы іске асады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуға дағдыландырудың маңызды бір жолы – кіріспе әңгіме. Сонымен қатар оқудың алдында саяхатқа шығу, тәжірибе, бақылау жасау да түсініп оқуға дағдыландырады. Қорытынды әңгіме де оқушының түсініп оқуына септігін тигізеді.

Жаңа материалды түсініп қабылдау үшін сабақ үстінде жүргізілетін жұмыстар:

1. Кіріспе әдгіме.

2. Мұғалімнің мәтінді тұтас баяндауы не оқып беруі.

3. Сөздік жұмысы.

4. Бөлім-бөлім бойынша оқушыларға дауыстатып оқыту.

5. Сұрақ-жауап арқылы не түсінгендерін, қалай түсінгендерін байқау.

6. Іштен оқу.

7. Қажетті жағдайда оқудың басқа түрлерін іске асыру. Мысалы: рөлге бөліп оқу, теріп оқу, бөлімге бөліп оқу.

8. Түсінгендері бойынша бөлімге ат қою, мазмұндық сурет салу, мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту.

9. Осы әңгімеге ұқсас, идеялық ойын аша түсетін қосымша әңгімеге өлең, т.б. айту.

10. Мәтінді қалай қабылдағанын байқау, алған білімін білікке айналдыруға бағытталған қорытынды әңгімеге өткізу.

**Мәнерлеп оқу**

Мәнерлеп оқу – бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі оқығанын түсінеді. Оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады. Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқып отырғанын түсіну керек. Мәнерлі оқылмаса, дұрыс оқыды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінің дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі – мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы. Мәнерлеп оқу дегеніміз – дұрыс оқу, сонымен бірге дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, мазмұндық ой екпінін қоя білу, кейіпкер көңіл-күйін сезіне оқу. Екінші сөзбен айтқанда, қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу, дауысты құбылтып, тыңдаушысына әсерлі етіп жеткізу.

Мәтінмен жұмыс бір жағынан, сөздің грамматикалық және лексикалық жақтарын талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан баланың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізі болып саналады. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында мұғалімнен оқушылардың мәтін мазмұнын түсінетіндей жағдай туғызу талап етіледі. Ол үшін сөздік жұмысы, талдау, салыстыру, түрлі бағытта берілген шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты әдістер мен жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет.

**Әдебиеттер**


1. Адамбаева Р.А. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудың отандық тәжірибесі.
2. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «оқу сауаттылығы» ұғымының мәні.
3. Цукерман Г.А. Оценка читательской грамотности. РАО институт содержания и методов обучения отдел оценки качества общего образования. – М., 2010. – 90 с.
4. Кузнецова М. Читательская грамотность школьников: взгляд сквозь призму PIRLS и PISA // Науч.-метод.журн. – 2011. – № 3. – С. 52-57.
5. Оразбаева Ф. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «Оқу сауаттылығы» ұғымының мәні.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы. – А.:Ана тілі, 1992. – 448 бет.
7. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – А., 1987.
8. Бектұрғанов Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. – А., 1994.


ҒТАХР: 14.07.01

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДА «ЗЕРТТЕУ, ЗЕРДЕЛЕУ» ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Медеуова Ш.К.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Мен үнемі Хэттидің: «*Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері маңызды*» деген сөздерін жадымда ұстаймын.

Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

– гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимент арқылы алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;

– мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

– БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі ғылыми ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

– жанды және жансыз табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған тигізетін әсерін анықтауға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

– өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

– жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

Білім сапасы, жас жеткіншектердің ғылымға ден қойғаны ең бірінші ұстаздардың біліктілігіне тікелей байланысты. Қазіргі заманғы ғылымның көптеген бағыттары бар. Өмірін ғылымға арнаған ғалымдар теориялық та, практикалық та тұрғыда зерттеулер жасай алады. Олар барлық қолда бар құжаттарды зерттейді немесе әртүрлі тәжірибелік бақылаулар жүргізеді. Жаңартылған бағдарламаның ерекшелігі 1 сыныптан бастап жаратылыстану пәнінің енгізілуі. Жаратылыстану бағытында білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білімқұмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрістің кеңеюіне, ғылыми ұғынудың және қоршаған әлемді тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған әлемді қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі. Бастауыш мектепте оқушыларға «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру келесілерді түсінуге мүмкіндік береді:

– қоршаған әлемнің күрделілігі мен көп қырлылығын;

– табиғи құбылыстар мен үрдістердің өзара байланысын;

– өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін;

– жаратылыстану бағытындағы білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын түсінеді.

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату. Оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді.Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «синтездейді».

«Жаратылыстану» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Алты-жеті жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс. Осы пәнді оқу арқылы оқушылар зерттеушілер дегеніміздің белгілі бір ғылым саласын зерттейтін мамандар екенін түсінеді. Зерттеушілер қоршаған әлемнің үдерістері мен құбылыстарын, олардың табиғатын жақсы түсіну үшін зерттеу жүргізеді.

Жаратылыстану пәні арқылы оқушылар мынандай нәрселерді үйренеді;

– қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізуге;

– өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін анықтауға;

– заманауи технологияларды сауатты пайдалануға;

– өзіндік қарапайым зерттеулерден қорытындыларын жасауға үйренеді.

Қазіргі жаратылыстануда қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру жас ұрпақтың дүниетанымын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар тақырыптарды зерттеу үшін ресурстарды пайдаланып, өз қорытындыларын жасайды. Бұл анағұрлым терең білім алып, пәнді түсіну үшін қажетті айтарлықтай жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Әдетте зерттеуге негізделген оқу бастауыш сыныптарда оқытылатын «жаратылыстану» пәнімен байланыстырылғанымен, ол кез-келген пән үшін негіз бола алады.

Жаратылыстану пәнінің ерекшелігі – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізу үшін бағытталған.

Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде дәйектілікпен ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылар жетістігін бағалауға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәні оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқулық «Өсімдіктер», «Жануарлар», «Адам», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Күш және қозғалыс», «Табиғат физикасы» сияқты оқу бөлімдерін қамтиды. Әр жаңа тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтың бас кейіпкерлері Негеш пен Эврика көмектеседі. Негеш пен Эврика оқушыларды ғылым әлеміне бағыттап, болжам жасауға, тәжірибе немесе зерттеу жүргізуге, табиғи құбылыстарды ашуға ынталандырады. Сондай-ақ әр тарау бойынша тапсырмалар жабық тест арқылы тақтыланып, тексеріледі.

«Мен-зерттеушімін» тақырыбын өткен кезде оқушылар мектеп үлескісіне барып, төрт топқа бөлініп, әртүрлі бөлме өсімдіктерін зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ал өсімдік бөліктерімен танысқанда тұқым қалай өнетініне шағын тәжірибе жасау арқылы көз жеткізді. Ол үшін пластикалық стакан, мақта, бірнеше тұқым керек. Стаканның түбіне мақта салып, ол ылғалданатындай аздап су құйылды. Сосын мақтаның үстіне тұқымдарды қойып, бетін ауа өтетіндей тесіктері бар қақпақпен жауып, жылы жерге қойдық. Бірнеше күн бойы ол тұқымның өнуін бақылап, қорытынды жасайды.

«Ғарыш» тақырыбында ғарыш кемесінің орнына шарларды ұшыру арқылы тәжірибе жасауға болады.

«Күш пен қозғалыс» бөлімінде қозғалыс траекториясы деген не? деген сұрақққа жауап беру үшін тәжірибе жасау арқылы қол жеткізуге болады.

Тәжірибе жасау үшін құм салынған табақша, ойыншық машиналар және металл шарлар қажет. Табақты сәл қисайта орналастырып, «төбешіктен» машинаны итеріп жібереді. Машинаның ізінен қалған сызықты салады. Одан кейін металл шарды «төбешіктен» төмен қарай жіберіледі. Оның да ізінен қалған сызықты саламыз.

Тәжірибені бірнеше рет қайталап жасағаннан кейін сызықтарды салыстырды. Траектория дененің қозғалыста болған кезінде жүріп өткен жолы. Машинаның түзу траекториямен, ал шар әртүрлі траекториямен қозғалатынын айтып қорытынды жасады. Сабақтарда әртүрлі рольдік-сюжетті ойындарды ойнау арқылы да тәжірибе жасауға болады.

Бұл пәннің артықшылығы: бала тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді.

**Әдебиеттер**

1. Жаратылыстану оқу бағдарламасы, 2017.
2. Жаратылыстану оқулығы, 2017.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2017.

ҒТАХР: 14.03.01

# ИНФОРМАТИКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Мейрамбаева Г.А.,** информатика пәні мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Мұғалім мен оқушының іс–әрекетінің байланысын әр түрлі кезеңдерде функционалды сауаттылығының қалыптасуын мақсаттылық, жоспарлау, шешім қабылдау, орындау, нәтежиге баға беру арқылы жүзеге асыруға болады.

1. Мақсат қою. Оқушы мәтінмен жұмыс істеу, тірек – конспектісін құру, бағдарланған сұрақтар құрау, сызбанұсқаны, суреттерді оқу, жаңа терминдермен жұмыс істеу, түсініктердің жүйелігін құру және алгоритімін анықтай білу.

2. Жоспарлау кезінде міндеттер қойып, проблемаларға талдау жасау. Ол үшін ақпарат көздерін таңдау қажет.

3. Шешім қабылдау үшін ақпараттарды пайдаланып, зерттеу жүргізу.

4. Орындалуы. Ол үшін білім беру обьектісімен жұмыс істей отыра орындау және оны өңдеу.

5. Нәтижелерді бағалау үшін жасалған жұмыстарға талдау жасау және егер қателіктер болса себептерін анықтау, өзіндік талдау, өзіндік бағалау жасау.

6. Білім обьектісімен жасалған жұмыс нәтижелерін қорғау және нәтижелерді бағалауға қатысу.

Осы кезеңдер арқылы оқушының іс–әрекеті анықталады. Оқушы білім алып қана қоймай, сонымен қатар білімді алу құралдарымен қарулану қажет. Бұндай сабақтар арқылы оқушының өзін – өзі бақылау картасының көмегімен қаншалықты интелектуалдық, ұйымдастырушылық және коммуникативтілік меңгерген деңгейін анықтауға болады. Сөйтіп, оқу үрдісі кезіндегі кемшіліктерді, алға басушылықтарды анықтай отыра қай жерде қателіктер жіберілді, нені қайталау керектігін түсінеді.

Жалпы оқудың біліктілік және дағдыларының өзіндік бақылау деңгейлерінің анықтайтын картасы.

Осындай өзіндік диагностика әр кезеңде жеткіліксіз оқу біліктілігімен және дағдылардың «қалыс қалған» және әр кезеңде функционалды сауаттылықты қалыптастыру кезінде байқалады.

Білім беру саласының мониторингі функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары арқылы іске асады:

Оқу және жазу сауаттылық
Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық
Компьютерлік сауаттылық
Математикалық сауаттылық
Денсаулық сауаттылық
Құқықтық сауаттылық
Компьютерлік сауаттылық

Оқушынның ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын дамыту.

Компьютерлік сауаттылық негізін қалайтын информатика пәнін оқытуды төменгі сыныптан бастап көшіру тиімділігі практика жүзінде дәлелденген. Себебі психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады екен. Сондықтан балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін мектептен логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың негізін, ақпараттық сауаттылық пен мәдениетке тәрбиелеу қажет.

Компьютерлік сауаттылық-бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Осыдан кейін туындайтын мәселелердің бірі-жастарға сапалы білім, саналы тәрбие орта мектепте білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету.

Функционалдық сауаттылықтің негізгі стратегиялары:

1. Білім беру мен білім алудағы тәсілдер
2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.

Информатиканы оқытудың негізгі маңызы – оқушылардың шығармашық, зертеушілік қасиеттерін қалыптастыру және белсенді, әрі толыққанды өмірге, информациялық қоғам ортасындағы жұмысқа дайындау болғандықтан, тәжірибемізде практикалық жұмыстарға көп көңіл бөлеміз.

Қазіргі заман талабына байланысты оқушының информатика пәнінен алған білімін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы зор. Сондықтан оқушыларға білім негізін меңгертуде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда және шығармашылыққа іздену қалыптастыруда практикалық жұмыстың алатын орны ерекше.

Функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен карауға үлестерін қосу болып табылады:

Оқушыға тиянақты білім беріп, білім сапасын көтеру жолында информатика пәніне қызығушылығын ояту үшін, АКТ-ны қолдану тиімді:

– Уақыт ұтамыз /көрнекілік дайындау т.б./

– Ұстаздардың өз білімін жетілдіруі, өзара тәжірибе алмасу./ Internet жүйесі /

– Тәжірибе жинақтау. /компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады/.

– Бақылау мен бағалаудың объективлігін қамтамасыз етеміз.

– Оқушылардың қосымша білім алуына мүмкінді.

Мұғалімнің жұмысының нәтижесі құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімде оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылатынын ескере отырып, сабақтарды жоспарлағанда, сабақты бақылағанда байқалды.Егер мектептегі әрбір мұғалімнің «басы» – кәсіби пәндік білім, «қолы» – педагогикалық білім әдіс-тәсілдермен қарулануы, «жүрегі» – рухани адамгершілігі біріккенде, оқушы «мұғалімнің айнасы іспеттес» білім мен тәрбиеде жауапкершілікті, сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Мұғалім мен оқушы арасындағы оқу мен оқыту үдерісінде құзіреттілік қалыптасуы ықтимал екені сөзсіз.

Информатика пәні сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда топтық-жұптық-жеке жұмысты ұйымдастыру,оқушыларды сыни ойлауына бағыттау, бағалау, алған білімдерін өмірмен байланыстырып қолдана алу бойынша берген деңгейлік тапсырмалары арқылы оқушыларды ойлауға, ізденуге, бірлесе жұмыс істеу, талқылау арқылы тақырыптың мәнін ашуға толық мүмкіндік берді. Бұл мұғалімнің басты жетістігі мен шеберлігі екендігін атап айқым келеді. Информатика сабақтарында топтық жұмыста оқушылардың постерлері оқушылармен бірге сабаққа қатысқан мұғалімдерге де ой салды. Дұрыс ой тастай білсең, оқушылардың ізденісте шыңдалатындығы сияқты, мұғалімдердің өзара бірлесе ізденіп, ортада ынтымақтаса талқылау арқылы ортақ шешімге келуге дағдылана бастады.Сабақтарды жоспарлау барысында әдіс-тәсілдердің тиімділігіне кері байланыс, өзін-өзі бағалау арқылы көз жеткізуге болады.Әдіс-тәсілдерді қолдану барысында енгізілуге тиісті өзгерістерді анықтап, сараптама жүргізе отырып, мен мектептегі жинақталған жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып мынадай тұжырымдама жасадым:

1. Өзгеріс енгізу бағытында сындарлы оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін, соның ішінде топтық-жұптық оқытуда жүйелі жүргізу арқылы оқушылардың оқу белсенділігінің артуына әкелетіні анықталды.

2. Іс-әрекеттегі зерттеу сабақтары арқылы мұғалім өз тәжірибесін өзгертуге, дамуын бақылауға , кері байланыс жүргізуде маңыздылығы анықталды.

3. Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығы арқылы, іс-әрекеттегі зерттеу бойынша мұғалімдердің ынтымақтаса, сенімділік арқылы, нақты іс- әрекеттерді орындауда белсенділікпен бірлескен жұмыс дағдыларының қалыптасатыны анықталды.

4. Зерттеу барысында шығармашыл топ мүшелері өзара ынтымақтастығын дамытып қана қоймай, туындаған кедергілерді шешу жолында жан-жақты ақпарат алмасу мен жаңа тың ойлардың туындатудың, осы мәселе бойынша өзге тәжірибелермен бөлісу анықталды.Осы орайда мен мектептегі сабақ сапасының артуы арқасынды мектеп оқушыларының білім көрсеткіштеріндегі оң өзгерістердің нәтижесі іспеттес.

**Әдебиеттер**


1. http://rector.kz/sabak-zhospary/id/9246
2. http://tezister.net/index.php?newsid=169867
3. Ушакова О., Тозик В. Самоучитель SketchUp.

ҒТАХР: 14.01.11

# МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Мокенова К.Р.,** математика пәні мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі кездегі білім беру ғылымының, мәдениеттің, ғылыми техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы қажет. Білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы ықпал жасайды. Осыған байланысты қазіргі күрделі қайта жаңғыру кезінде мектептегі оқыту үрдісінде пәнаралық байланыс ерекше педагогикалық маңызды мәнге ие болуда

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.

Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Міне осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да, саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде математиканың алатын орны ерекше.

Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі.Ал талапқа сай математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады. Сабақ құрылымын дұрыс жоспарлау, пайдаланатын тәсілдерді саралау үлкен күшті қажет етеді. Ол үшін мұғалімнің алдында мынадай алғышарттар туындайды: ғылыми-әдсітемелік, оқыту-әдістемелік материалдарды оқу, зерттеу, саралау, әр сабаққа пайдаланатын материалдарды іріктеу, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оңтайландыру жатады. Пайдаланатын тәсілдер бірнеше рет тәжірибеде қолданылып, соның ең тиімдісі екшеленеді. Менің пайдаланып жүрген осындай әдіс-тәсілдеріммен бөліссем деймін.

Менің жиі пайдаланатын тәсілдерім: ДЖИГСО-мозаика. Шарты: тақырып бірнеше бөліктерге бөлінеді, оқып шығуға белгіленген уақыттан кейін, бөлщектерден тұтас тақырыпты құрап шығу тапсырылады. Бұл әдіс көлемді шығармаларды оқу кезінде өте тиімді. Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді.

• Нақты бір сұрақты немесе тапсырманы таңдаған оқушылардың барлығы Сарапшы топ деп аталатын жаңа топ құрылып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін олар бірлесіп жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым-қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады.

• Оқушылар бастапқы топтарына қайтып оралады. Материалдар таратылады да, бастапқы топтарға ақтық тапсырма беріледі. Ол ұжымдық қорытынды шығару немесе жеке тапсырма болуы мүмкін. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топта болған кезде алған мәліметтерін ескере отырып, бастапқы топтың бірлескен «ақылына» сүйенуін қамтамасыз ету.

Ал, «Қатені тап» тәсілі оқушылардың өздерін басты рөльге шығаруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілде жаңа тақырыпты түсіндіргенде негізгі идеялардан әдейі қателер жіберіп түсіндіріледі немесе қате жазылған парақтар үлестіреді. Мысалы: «Пифагор теоремасы» деген сұрақтарға жауап беріп,сурак кояды». Оқушылар қатені өздері табу арқылы қажет түсінікті анықтайды, талқылайды. Балалар бір-бірінің тілін жақсы түсінеді, яғни дұрыс бағыт бере алған жағдайда, бір-бірін оқытады. Сондықтан жұптық әңгіме – сынып оқушыларының арасында әріптестік пен тіл табыса білуге итермелейтін тәсіл. Оқушылармен жаңа тақырыпты талқылау үшін ынталандыру мақсатында арнайы сұрақтар мен тақырыптарды қолданамын. Белсенді тыңдап, жауап беруге жетелеп отыру қажет. Тақырыпты белгілеу үшін А мен Б атайсыз, оқушылардан олар жеке жауап алғысы келетін сұрақ қоюды сұрап, кейін бұл сұрақ жұпта талқыланады. Оқушыларға ұнайтын тағы бір тәсіл ретінде «Өкіл» тәсілін айтуға болады. Бұл тәсіл оқушы көшбасшылығын жүзеге асыруға көмектеседі.

Тәсілдің мақсаты: бір-бірін белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланысты болу.

Топтар сынып бойынша үш-төрттен орналастырылады.

Жаттығудың сипаттамасы:

Топтар тапсырмаларды орындап болғаннан кейін топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, зерделенген материалды түсіндіру және жинақтау, бұл туралы жаңа топтың ойын, бір шешімге келгенін немесе жетістікке жеткенін білу үшін басқа топқа барады. Бұдан кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бір сарынды «баяндама жасалатын», мезі қылатын сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай-ақ бұл әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады.

«Ыстық орындық» тәсілі. Мақсаты: Біреуге алаңдаушылық танытуды ынталандыруға, мазмұнды «түсінетіндігін» түсінуге арналған драмалық тапсырма. Сұрақтарды зерделеп, ұстанымдарды негіздеуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастыру кезінде бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар доға болып қойылады.

Жаттығудың сипаттамасы:

Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. «Өкіл» тәсілі оқушылардың белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланысты жүзеге асыруда тиімді тәсіл.

Өз сабағымда сонымен қатар үрленген шар арқылы ойналатын «Серпілген сауал», қағаз ұшақты ұшыру арқылы «Әуежай», «Жіпке тізіл», «Стикердегі сауал», «Құпия конверт», «Балық аулайық», «Допты ұстап ал», т.б. тәсілдер оқушылардың қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, оларды ынталандырып, келесі сабаққа дайындықпен келулеріне серпін болады. Себебі, өткен тақырыпты білмейтін оқушы бұл ойындарға қатыса алмай қалатындығы белгілі. Сондықтан әр оқушы үй тапсырмасын орындап қана қоймай, ережелерді де қайталап келетіндігіне қол жеткіздім. Жаңашыл педтехнологиялардың тағы бір тиімділігі – оқушылардың сөз саптауына, өз ойларын еркін білдіруіне жол ашуы. Бұл әсіресе, «Екі жұлдыз, бір пікір», дебат құру, елші болып барған кездерінде, бір-бірінің жұмыстарына сын айтуда айқын көрінеді.

Тақырыптан ең бастыны ажырату, негізгі идеяларды түсінуде, оқығандарын сараптауда «Түртіп ал», «Т кестесі», «ББҮ» кестесі, «+», «Синквэйн», «Акросөз», «Тұжырымдамалық карта» т.б. пайдаланамын.

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Матеметиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

**Әдебиеттер**

1. Қызықты математика. – Алматы, 2015.
2. Математикалық есептеулер. – Алматы: Ғылым, 1991.
3. Еркебаев М. Сиқырлы сандар. – Көкшетау, 2009.
4. Аксенова М.Д. Энциклопедия для детей. Т. 11. Математика / Главный ред. М.Д. Аксенова. – М. Аванта, 1998.
4. Глейзер Г.И. История математики в школе.
5. Сергеев И.С. Примени математику.
6. Спивак А.В. Математический праздник. 4.1 – М.: Бюро Квантум, 2000 (Приложение к журналу «Квант». – № 2/2000).
7. Интернет ресурс материалдары www.webmath.ru, ru.wikipedia.org

ҒТАХР: 14.01.21

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

**Муратова П.М.,** физика пәні мұғалімі
«Бөкенші жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында физика сабағында интерактивті оқыту технологияларын пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

**Күтілетін нәтиже:**

- Қызығушылықты оятады;
- Сабақ беру әдісі өзгереді;
- Оқушылар ізденуге үйренеді;
- Уақыт тиімді пайдаланылады;
- Оқушылардың даму деңгейін үнемі бақылап отырады.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді [7].

Интербелсенді оқытуда мынадай жұмыс түрлері арқылы жүзеге асады:

- Жұптық, топтық жұмыс;
- Жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- Рольдік ойындар;
- Пікірталастар;
- Ақпарат көздерімен жұмыс;
- Тренингтер;
- Кез келген оқу әрекеттерін кері байланыспен аяқтау; т.б.

**Топпен жұмыс Ақпарат көздерімен жұмыс**

**«Миға шабуыл»**

10 сыныбында «Молекулалық физика» бөлімін қайталау сабағында топпен жұмыс өте жақсы ұйымдастырылды, оқушылар кері байланыс кезінде топпен жұмыс оқушылардың ынтымақтастығын, достығын нығайтатыны туралы айтып кетті. Берілген тапсырма орындауға қорықпағандары және олар бәрі бір ұжым екендігін көрсетті.

**Топқа бөлу Интерактивті тақтамен жұмыс**

9 сыныпта өткен «Шеңбер бойымен қозғалыс және оны сипаттайтын шамалар» тақырыбында жұптық жұмыс және оқушылардың өз жұмысын постер арқылы қорғау оқушылардың берілген тақырыптан ең негізгі керектігісін табуда және сөз қорларының дамуына септігін тигеді.

**Жұппен жұмыс Постер қорғау**

Күнделікті сабақтарымда интербелсенді әдіс-тәсілдерді үнемі және тиімді пайдалануға тырысамын, оқушылардың жаңа материалды өздері игеруіне көп көңіл беремін. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылын және қажеттілігнен туындайды. Топпен жұмыс кезінде сыныпта ең алғар дарынды оқушыны анықтауға мүмкіндік береді.

Интербелсенді оқытуда мына шарттарды қадағалау міндетті:

- Жағымды психологиялық орта орнату;
- Үйренушілерге білім игеруге деген қызығушылық тудыру;
- Білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыттау;
- Білім игеру процесінде бірлескен әрекеттерді қолдану.

Мұндай оқытуда оқушылар қомақты нәтижелерге өзара қарым-қатынас пен әрекеттесу, бірлескен әрекеттер арқылы жететіндігін біледі, сол себепті де олар үйренудің нәтижесіне деген өз жауапкершіліктерін түсінеді. Сондықтан да мұндай сабақтарда жағымды психологиялық ахуал тудырудың орны маңызды. Мектептердің негізгі миссиясы «өмір сүруге үйренетін және тұлға қалыптастыратын орта құру» болып табылады. Үйрететін ұстаз емес, үйрететін орта. Сондықтан бұндай ортада бірінші кезекте жағымды психологиялық орта орнату керек, бала жағымды ортада ғана өзін еркін сезінеді.

Жағымды психологиялық орта құру-әр сабақтың басты мақсаты. Бұндай орта құруда ұстаз төмендегідей ережелерді есте сақтау керек:

- Оқушымен қарым қатынаста қысымнан бас тартып, «жұмсақ» әдістерді қолдану керек;
- Сыйластық пен сенімге негізделген жеке қарым қатынас орнатуға мүдделі болу, мысалы оқушыға «Сеннің » орнына «Сіз» деп сійлеу арқылы, «Сіз білесіз! Сіздің қолыңыздан келеді!», «Мен сізге кәміл сенемін!» деп сөйлессек оқушыныңбілімге деген ынтасыпайда болады;
- Топта ортақ іспен айналысу:
- Әрбір пікірді тыңдай білу;
- Өзгенің пікірін сөкпеу;
- Жұмыс түрлерін өзгертіп отыру;
- Шығармашыл жағынан оқушылардың ашылуы.

**Әр сабағымда қолданылатын тиімді интербелсенді тәсілдер:**

- *«Проблеманы айқындау» тәсілі.* Бұл тәсілді пайдалану кезеңінде мұғалім оқушыны жаңа білімді игертуге белсендіреді. Оқушыларға сұрақтар қою арқылы өз мақсаттарын айқындайды.
- *«Ой қозғау» тәсілі.* Бұл жерде проблеманы негізгі терминдер арқылы құрастырып, басты мәселені айқындау. Әрбір оқушының идеясы есептеліп, соның ішінен нақты жағдайда қолдануға тұрарлығы алынады.
- ***Кластер тәсілі*** идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарда айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі сөз қағаздың ортасындағы шеңбер ішіне жазылып, одан туындаған сөздер оның жан жағына жазылып шеңберленеді, оқушылар оларды сызықтармен қосып, өзара байланыстары туралы әңгімелейді.

***«Ойлан, Жұптас, Пікірлес» тәсілі*** оқушыларға қандай болмасын тапсырма немесе сұрақ берілгеннен кейіноларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді әдістер. Тапсырманы әрбір оқушы жекеше орынорындапөз пікірін жазады, сосын қасында отырған жұбымен талқылап пікірдлеседі. Мұғалім екі-үш жұпқа өз пікірлерін сыныпқа жариялауын сұрауына болады.

**Әдебиеттер**


1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық I деңгей НЗМ ДББҰ. – 2012.
2. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. – № 6.
3. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері // Қазақстан мектебі. – 2006. – № 4.
4. PISA материалдары / PISA технологиясы мен құралдары 15 жастағы білім алушылардың оқу жетістігін бағалау.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
6. Физика пәні оқулықтары – 7-11 сынып. – Алматы: Мектеп, 2012.
7. Интернет желісінен алынған материалдарға сілтемелер

http://lektsii.com/1-2351.html http://fizika.ru/

http://www.physic.kz/ http://class-fizika.narod.ru/

ҒТАХР: 14.01.29

# ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Мухамадиева Р.А.,** физика пәні мұғалімі
«№ 17 ЖОББМ»
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Оқушыларға терең білім беру үшін мұғалім мына төмендегі қағидаларды есте сақтағаны жөн деп есептеймін.

1. Мұғалім пәнді жетік меңгеріп, оны оқушыларға ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.
2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі абзал.
3. Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.
4. Мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап жеке блоктар түрінде топтастырып өткізе білуі керек.
5. Оқушыларға ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, әсіресе заңдылықтар мен құбылыстарды тірек белгілері мен тірек конспектілері бойынша берген жөн.
6. Оқушылардың сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн.

*«Проблеманы айқындау» тәсілі.* Бұл тәсілді пайдалану кезеңінде мұғалім оқушыны жаңа білімді игертуге белсендіреді. Оқушыларға сұрақтар қою арқылы өз мақсаттарын айқындайды.

*«Ой қозғау» тәсілі.* Бұл жерде проблеманы негізгі терминдер арқылы құрастырып, басты мәселені айқындау. Әрбір оқушының идеясы есептеліп, соның ішінен нақты жағдайда қолдануға тұрарлығы алынады.

***Кластер тәсілі*** идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарда айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі сөз қағаздың ортасындағы шеңбер ішіне жазылып, одан туындаған сөздер оның жан жағына жазылып шеңберленеді, оқушылар оларды сызықтармен қосып, өзара байланыстары туралы әңгімелейді.

***«Ойлан, Жұптас, Пікірлес» тәсілі*** оқушыларға қандай болмасын тапсырма немесе сұрақ берілгеннен кейіноларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді әдістер. Тапсырманы әрбір оқушы жекеше орынорындапөз пікірін жазады, сосын қасында отырған жұбымен талқылап пікірдлеседі. Мұғалім екі-үш жұпқа өз пікірлерін сыныпқа жариялауын сұрауына болады.

Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдылар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.т. таныстырулар жатады. Сонымен қатар, оқу процесіне топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, жастарды «тең – теңімен» қағидаты бойынша құрдастарымен жұмыс істеуге оқыту, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды өткізу.

**Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:**

- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Интербелсенді әдіс тәсілдерді тек оқу процесінде емес, тәрбие сағаттарында да қолданамын. Нәтижесінде өз ойын еркін жеткізе алатын, терең ойлайтын, ақпаратты жан жақты талдап, басқалармен тиімді қарым қатынасқа түсе алатын, өз өміріне, біліміне жауапкершілікпен қарайтын тұлға тәрбиеленеді. Білім сапасы артып, оқушылар өздігінен білім алуға ынталанады. Осындай

жүйелі әдіс-тәсілдерді қолданып, жүйелі жұмыс жасау нәтижесінде оқушыларым әр түрлі сайыстарға қатысты.

**1. Сыныптағы диалогтің маңыздылығы.**

Ғылыми зерттеулер нәтижелер сабағында диалогтің маңыздылығы өте зор. Диалог оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, білім деңгейлерінің жоғарлауына үлес қосады.

Диалогтік оқытуды әдіс-тәсіл арқылы оқушы топпен, жұппен жұмыс жасау арқылы бір-бірінің ойын тыңдап, талқылайды, өз ойын ортаға салады, саралайды, тұжырымдайды, физика сабағы болғандықтан, диалог көбінесе дәстүрлі сабақтарда көп көңіл бөлінеді, ал қазір міндетті түрде әр сабақтарда орын алуы тиіс, өйткені оқушыларды физика тілінде сөйлеуге дағдыландыруымыз керек. Көбінесе мен әңгіме-дебат, топтық әнгіме және зерттеушілік әңгіме түрлерін қолданамын.

**2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.**

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім.

Мақсатымыз – барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұны сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрет

Тақырыпты ашуда коллаж жасау, тірек сызбаларды құру, екі ұғымның айырмашылығы мен ұқсастықтарын салыстыру, ой қозғау, ұғымдарды ой елегінен өткізу, сонымен қатар, «Тұжырымдамалық карта», «Т-кестесі», «Өзіндік ойын» деген әдістерді қолданған өте тиімді.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулінің көптеген стратегияларын қолданамыз.

**3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.**

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес, бұл мұғалімдердің жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағаланады (Александер, 2001).

Әр оқушы сабақ бойы қалай жұмыс жасағанын білу үшін, ол нені түсінді, ол өзі үшін нені қажетті деп алды. Ол өзін ғана емес, өзгені де бағалай алуы керектігін түсінуі тиіс.

Мұғалімдер оқушылардың түрлі пән салаларын зерделеу кезінде олардың барлық мүмкіндіктерін дамытуға барынша көмек көрсету үшін оқуға қажетті барлық мүмкіндіктерді қабылдауға көмектесе алатындай етіп «кері байланысты» пайдалану арқылы оқыту үшін бағалауды енгізуге болады.

**4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.**

- Оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыпастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Физика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:
- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше.

Электрондық оқулықтың тиімділігі де өте зор. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы.

**5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.**

Талантты және дарынды балаларды анықтауға сауалнама жасауға, бағдарлама құруға және баланың білімін жетілдіруде қандай жұмыстар жасау керектігі жайында пікір алмасу. Дарынды және талантты балаларды анықтауда критерий құрдым.

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екіншісі оқушының өздігінен оқып, ой-өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу.

Сондықтан мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Мектеп қабырғасында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мән берілуі тиіс.

Талантты дер кезінде танып, дарынды таңдап және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу қажет.

Дарынды балаларды іздеу – арнайы бағдарламалар бойынша кезеңді түрде жүргізілуі қажет екені жайлы «Талантты және дарынды балаларға білім беру» модулінде айтылған.

**6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу**.

Осы модуль дарынды және талантты балаларды оқыту модулімен тығыз байланысты. Бұл модуль балалардың дамуының оқуда қолжетімдік дәрежесін анықтайды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай берілген диалог стратегиясы да әр жастағы балалар мүмкіндігіне сай берілу керек. Сонымен қатар, ауыл мектептерінде кездесетін жас шамалары әр түрлі сыныптарда тиімді оқыту қарастырылып отыр. Оқушылардың оқуға деген қабілеттілігі, зейіні, сөйлеу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға қатысты білім берілу керек. Осында біз негізінен оқушылардың өзін – өзі бағалауына ерекше назар аударуымыз қажет.

**7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.**

Біздің ойымызша, педагогикалық дамуды қамтамасыз ету үшін терең кәсіби біліктілік керек. Осының негізінде қоғамдастықтың бір бөлігі көшбасшы мұғалім болып табылады. Білім беру сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуына әкелетін негізгі қабілеті болып табылады.

Мұғалімнің көшбасшылығын дамытуға әсер ететін ерекше факторларға мыналар жатады: іс-тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алу,өзгерістер енгізу, бірігіп жұмыс істеу фактілерін жинау, кәсіби білімді құру.

**Әдебиеттер**

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
2. Физика пәні оқулықтары – 7-11 сынып. – Алматы: Мектеп, 2012.
3. Интернет желісінен алынған материалдарға сілтемелер
http://lektsii.com/1-2351.html
http://fizika.ru/

ҒТАХР: 14.01.45

## ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Мухышева Г.Г., Каирлина Г.М.,** ағылшын тілі пәні мұғалімдері
Б. Момышұлы атындағы «№ 36 ЖОББМ»
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек. Сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету керек.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері осыған жағдай жасайды.

Ағылшын тілі сабақтарында қолданылған жаңа әдістер оқушылардың пәндік ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, сөйлеу дағдыларын шыңдай түседі. Балалар тез сергіп,

тапсырманы жылдам, дұрыс орындайтын болады. Тәжірибе көрсеткендей, әдеттегі бірсарынды сынып сабағындағы оқушылар ойын кезінде өте белсенді болады.

Тәжірибемде оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін енгізіп сабақ өткізу-әдетке айналған. Оқушы оқу үдерісіне белсенді араласқан кезде ғана берілген материалды жеңіл меңгеріп, жақсы есінде сақтайды, мәніне тереңірек үңіледі. Сондықтан да бүгінгі күн талабы – оқушыны белсенді әрекетке тарту. Оқыту үдерісінде тұлға зерттеу тақырыбына, талқыланатын мәселеге, жағдаятқа белсене араласып, сәттілікке қуанып, сәтсіздікке реніш білдіріп отырса ғана оның ішкі уәжі оянады. Сонда ғана білімді саналы меңгеруге ынтасы пайда болады. Ал оны қалыптастыру үшін белсенді оқу мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану қажет. Сол себепті де қазіргі қолданыстағы белсенді оқу, интербелсенді оқу, енжар оқу сияқты түсініктердің аражігін аша білуіміз қажет.

**«Креативтілік»** – тез ойлап табу, жаңалық ашу, аяқ астынан ақыл табу, терең сезім, толғаныс, интеллектуалдық биіктік, ұшқыр ойлылық деп анықтама беріледі. Креативтілік – өркендеуге, дамуға, нәтижеге жетуге бағытталған.

Оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуда жаңашыл педагогтардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

– оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.

– күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);

– өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

– ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);

– оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;

– тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;

– ата-аналармен ынтымақтастық құру;

Латын тілінен аударғанда креативтілік «ойлап табу, жасап шығару» дегенді білдіреді. Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде креативті әрекет ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Дарынды, білімді ұрпақ қана егеменді еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса алады.

Креативтік технология бойынша ізденушілік, зерттеушілік, эвристикалық әдістермен жұмыс жасалады, қиялдауға итермелейді, қысылмай өз ойын айтуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың креативтілігін дамытуда мен «***Болжау әдісі», «Аяқталмаған сөйлем», «Доп лақтыру» жаттығуы, «Қабырғадағы роль»*** әдістері тәрізді креативтік әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде қолданғаным оңтайлы нәтиже беруде.

Оқушылардың пәндік білімдеріне,ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Шығармашылық процестің үш сатысын тәжірибемізде мынадай жұмыстар жүргізу арқылы жасадық. Бірінші сатысында жаңаны, өзгеше тың дүниені сезе білу, шығармашылық ой талдауға бейімділік, танымдық қызығушылыққа арттыруға жұмыстар атқардық. Мысалы: эссе жазу, күздің көңіл-күйін, көктемнің дәмін, өзінің көрген түсін, бір кейіпкер сезімін салу, ертегі, жұмбақ құрастыру.

Екінші сатысы интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, батылдыққа баулыдым. Осыған байланысты сабақта мынадай тапсырмалар орындатқан тиімді. Бір кейіпкерден сұхбат алу, қойылымға қатысу, сөздік материалды өзінше түсіндіру, қазіргі оқиғадан кейін болатын оқиғаларды болжап жазу. Әңгіменің басын ойлап табу немесе соңын жалғастыру, жағдаяттар бойынша мақалдар, тұрақты сөз тіркестері негізінде әңгіме құрастыру, қиял-ғажайып әңгімелер, жағдаяттар ойлап табу.

Үшінші сатысы өзіндік сын, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу үшін дәлелдеме дәйектемелер ұсына білу, оның формаларын табуға байланысты тапсырмалар орындаттық. Осы орайда шығармашылыққа баулудың, проблемаларды шешудің, инновацияның қолдануын, ойлау процесінің жылдамдығын, бір бірімен байланыс орнатуын, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруды өз тәжірибемде қолданудамыз.

Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді

баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр.

Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты.

Оқытудың белсенді әдістерін пайдалану арқылы ең бірінші оқытудың белсенді әдістерін пайдалану арқылы оқушының Райан мен Деки (2009 ж.) анықтаған «ішкі уәж» (мотивация) деп аталатын қасиетін оятуға мүмкіндік аламыз. Белсенді әдістер 8 бөлімнен тұрады.

Сабақтың әр кезеңінде қолданылатын өзінің белсенді әдістері болады.

«Белсенді әдіс» тәсілдері оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Белсенді оқыту **барлық** оқушыларға оқуға негізделген. Мен таңдаған **«Түсіндіру және сипаттау», «Сұрақ қою және талқылау», «Зерделеу және зерттеу»** әдістері барлық оқушыларды ынталандыруға бағытталған.

Джером Брунердің спиралдық оқу бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді жоспарымда оқушыларға қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмалар ұсынамын.

Сабаққа барлық оқушылардың қатысып отырғандығына көз жеткізу үшін «Белсенді оқытудың» «**Сұрақ қою және талқылау**» тәсілін басшылыққа алдым. Себебі, берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жауаптары әр түрлі болады. Білімді өмірмен ұштастырып, дәлелдемелер келтіріп сұрақтарға жауап береді, талқыға салады.

Белсенді оқытудың **«Көрсету және модельдеу»** әдісі-белгі-символдық құралдармен әрекет ету процесінде жаңа ақпарат алудан тұратын белгі-символдық әрекет.

**«Белсенді оқытудың» Зерделеу және зерттеу әдісінің негізгі мақсаты-**оқушылардың проблемалық мәселе көтеруін немесе зерттеу бағытын жорамалдауды сұрау; белгілі бір жағдайларды жалпылауға болатынын зерттеуді сұрау; қарсы мысалдар іздеп, ерекше жағдайларды айқындау.

**«Белсенді оқытудың»**

**«Рефлексия және бағамдау:** Оқушылардың қателерін анықтап, олардың өзін және оған алып келген түсінбеушілікті талқылай отырып, бұны оқытудың жағымды қыры ретінде қолдану; оқушылар өздері таңдаған әдістері мен ресурстарын неліктен таңдағанын түсіндіру үшін пікірталас жүргізу; оқушылардың топқа немесе бүкіл сыныпқа жасаған таныстырылымын бағамдау; олардың жазбаша жұмысына ауызша кері байланыс ұсыну.

«Белсенді оқытудың» әдістерін сабақта пайдалану:

*Мұғалімдерге:*

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

*Оқушыларға:*

1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

## Әдебиеттер

1. «Қазақстан мектебі» журналы. – № 9. – 2009.
2. Бітібаева Қ.Ө. Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары.
3. «Қазақстан мектебі» журналы. – № 11-12. – 2007.
4. ҚР Білім туралы заңы.
5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
6. Сарсенова Н.С. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары. – Алматы, 2006.

МРНТИ: 14.07.09

# ОСОБЕННОСТИ МЕТОДИКИ ЛЕЧЕБНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ПРИ НАРУШЕНИИ ОСАНКИ И СКОЛИОЗА

**Балагазинова А.С., Сабирова Л.Р., Кенжегулова П.Е.**
КГУ «СОШ № 29 «ПАЛЬМИРА»
(Республика Казахстан, г. Семей)

Одна из актуальных проблем этой темы – это нарушение развития правильной осанки и искривление позвоночника (сколиоз). Сколиоз – тяжелое прогрессирующее заболевание позвоночника, сопровождающееся поражением внутренних органов, нервной системы. При сколиозе развивается физическая неполноценность, возникают глубокие психические страдания вследствие больших косметических дефектов. Болезнь вызывает грубое многоплоскостное искривление позвоночного столба, что в свою очередь, обезображивает туловище больного, нарушает работу сердца и легких, приводит к инвалидности. Установлено, что при сколиозе страдают сердечно-сосудистая, дыхательная, мочевыделительная системы и желудочно-кишечный тракт, нервная система.

Упражнения лечебной гимнастики должны служить укреплению основных мышечных групп, поддерживающих позвоночник – мышц, выпрямляющих позвоночник, косых мышц живота, квадратные мышцы поясницы, подвздошно-поясничных мышц и др. Из числа упражнений, способствующих выработке правильной осанки, используются упражнения на равновесие, балансирование, с усилением зрительного контроля и др.

Профилактика сколиоза предусматривает соблюдение правильной осанки. При длительном сидении необходимо соблюдать следующие правила:

• сиди неподвижно не дольше 20 минут;

• старайся вставать как можно чаще. Минимальная продолжительность такого “перерыва” – 10 секунд

• сидя, как можно чаще меняй положение ног: ступни вперед, назад, поставь их рядом, потом, наоборот, разведи и.т.д.

• старайся сидеть “правильно”: сядь на край стула, чтобы колени были согнуты точно под прямым углом, идеально выпрями спину и, если можно, сними часть нагрузки с позвоночника, положив прямые локти на подлокотники;

• периодически делай специальные компенсаторные упражнения:

1) повисни и подтяни колени к груди. Сделай упражнение максимальное число раз
2) прими на полу стойку на коленях и вытянутых руках.

Старайся максимально выгнуть спину вверх, и потом как можно сильнее прогнуть ее вниз.

Утренняя гимнастика, оздоровительная тренировка, активный отдых – необходимый каждому человеку двигательный минимум и складывается он из ходьбы, бега, гимнастики и плавания.

Помимо упражнений общеукрепляющего, оздоровительного характера, есть и немало специальных, например, для укрепления мышц брюшного пресса, груди, улучшения осанки. Эти упражнения позволяют в какой-то степени исправлять недостатки фигуры, позволяют лучше владеть своим телом. Выполнять их можно в любое удобное время:

• вместе с комплексом утренней зарядки и в ходе оздоровительной тренировки;

• во время обеденного перерыва;

• во время воскресной прогулки за город.

Успех будет зависеть от продолжительности и регулярности занятий.

Правильная осанка делает нас не только более привлекательными, но и во многом способствует нормальному функционированию всех органов и систем организма, является профилактикой сколиоза.

**Рекомендации по профилактике развития нарушения осанки и сколиоза**

Профилактика развития нарушений осанки и сколиозов должна быть комплексной и включать:

1. сон на жесткой постели в положении лежа на животе или спине;
2. правильная и точная коррекция обуви: устранение функционального
3. укорочения конечности, возникшее за счет нарушений осанки;
4. компенсация дефектов стоп (плоскостопие, косолапость).

5. организация и строгое соблюдение правильного режима дня (время сна, бодрствования, питания и т.д.);

6. постоянная двигательная активность, включающая прогулки, занятия физическими упражнениями, спортом, туризмом, плавание;

7. отказ от таких вредных привычек, как стояние на одной ноге, неправильное положение тела во время сидения (за партой, рабочим столом, дома в кресле и т.д.);

8. контроль за правильной, равномерной нагрузкой на позвоночник при ношении рюкзаков, сумок, портфелей и др.;

9. плавание.

**Тренировка мышц спины и живота**

Для выработки правильной осанки и профилактики ее нарушений необходимо систематически, не менее 3-х раз в неделю тренировать мышцы спины и живота. Упражнения можно включать в комплекс утренней гигиенической гимнастики, оздоровительной гимнастики, в урок физкультуры в школе, в спортивную тренировку.

Задача этих упражнений состоит в том, чтобы увеличить силу и статическую выносливость мышц спины и живота, – тогда они смогут в течение долгого времени удерживать позвоночник в прямом положении с приподнятой головой.

Силовая выносливость мышц-разгибателей спины оценивается временем удержания на весу половины туловища и головы в позе "ласточка" или "рыбка" на животе. Для детей 7-11 лет нормальное время удержания туловища составляет 1,5-2 мин, подростками 2-2,5 мин, взрослыми – 3 мин.

Силовая выносливость мышц брюшного пресса оценивается количеством переходов из положения лежа на спине в положение сидя (темп выполнения 15-16 раз в мин). При нормальном развитии брюшного пресса дети 7-11 лет выполняют это упражнение 15-20 раз, а в возрасте 12-16 лет – 25-30 раз.

Упражнения для развития статической выносливости мышц выполняются в статическом режиме, т.е. мышцы необходимо напрячь и удерживать в этом состоянии 5-7 сек, затем сделать паузу для отдыха в течение 8-10 секунд и повторить упражнение 3-5 раз. Затем выполняется другое упражнение для этой же или другой группы мышц. Начинать занятия необходимо с более простых упражнений, по мере их освоения упражнения необходимо усложнить за счет изменения и.п., используя различные положения рук, ног, применяя отягощения (палки, гантели, мячи, медицинболы), увеличения числа повторений до 10-12. Статические упражнения необходимо чередовать с динамическими. Исходные положения для тренировки мышц спины и живота – лежа на спине, животе.

***Упражнения для профилактики и коррекции нарушения осанки***

**1. Отведение рук назад и прогиб**

И.п. – стоя, руки за головой. С силой отведите руки в стороны и, подняв руки вверх, прогнитесь. Замрите на 2-4 секунды и вернитесь в и.п. Повторите 6-10 раз. Дыхание произвольное.

**2. Наклоны с гимнастической палкой**

И.п. – стоя и держа за спиной гимнастическую палку (верхний конец прижат к голове, нижний – к тазу). Присядьте, вернитесь в и.п. Наклонитесь вперед, вернитесь в и.п. и, наконец, наклонитесь вправо, затем влево. Каждое движение выполнить 8-12 раз.

**4. «Качалочка»**

И.п.: лечь на спину, ноги вместе. Сгибая ноги, прижать колени к груди и обхватить колени руками. Покачаться на спине вправо, влево. Пауза. Повторить 3 раза.

**5. «Морская звезда»**

И.п.: лежа на животе, поднять руки и ноги в стороны.

Вы – морская звезда! Покачайтесь на волнах.

**6. «Стойкий оловянный солдатик»**

И.п.: встать на колени, руки плотно прижать к туловищу. Наклониться назад, как можно ниже, держать спину прямо, а затем выпрямиться. Повторить 3 раза. Сесть на пятки, отдохнуть.

**7. Поза ребенка**

И.п.: Сядьте на голени, большие пальцы ног соприкасаются, а пятки разведены в стороны. Наклонитесь вниз и вытяните руки перед собой. Аккуратно двигайтесь вперед, пока лоб не коснется пола. Расслабьтесь в этой позе до 3 минут и глубоко дышите. Займите исходное положение и повторите упражнение еще несколько раз.

**8. Собака мордой вниз**

И.п.: Встаньте на коврик для фитнеса на четвереньки. Начните медленно поднимать колени, плотно прижмите пальцы ног к поверхности, чтобы почувствовать опору. Вытягивайте и удлиняйте позвоночник, поднимая таз как можно выше, голову держите опущенной, чтобы она образовала прямую линию со спиной. Держите тело в таком положении и следите за дыханием. Медленно опустите колени на пол, чтобы войти в исходное положение. Сделайте не менее трех повторений с интервалом в 30 секунд.

**9. Кошка-корова / кошка-верблюд**

И.п.: Встать на четвереньки, равномерно распределить вес между всеми четырьмя конечностями. Вдохнуть, поднимая голову вверх и опуская живот к полу, тем самым вытягивая позвоночник. Выдохнуть, вытянув спину вверх и прижимая подбородок к груди. Поочередно меняйте положение в общей сложности не менее минуты.

**10. Поза голубя**

И.п.: Согните правое колено и отведите ногу вперед, как если бы собирались сделать выпад. Опустите правое колено на пол рядом с запястьем правой руки. При этом голень может быть направлена назад (к левому бедру) или быть параллельной коврику, в зависимости от диапазона ваших движений. Опустите левое колено, сдвиньте ногу назад так, чтобы она полностью легла на коврик и пятка была направлена вверх. Положение должно быть устойчивым. На вдохе вытяните позвоночник вверх, втяните пупок и постарайтесь широко открыть грудь. Удерживайте это положение до 1 минуты. Повторите позу, поменяв ногу. Усложнять нагрузку можно делая наклоны вперед. Важно при этом, чтобы не возникало болевых ощущений и дискомфорта.

**11. Боковая и обычная планка**

И.п.: Встаньте на четвереньки и выпрямите ноги, поднимите пятки и бедра. Руки на ширине плеч, они могут быть как полностью выпрямлены, так и согнуты в локтях. Выпрямите спину и задействуйте мышцы живота, рук и ног, чтобы сохранять ровное положение. Голова смотрит в пол. Удерживайте это положение до 1 минуты. Для выполнения боковой планки необходимо перенести вес тела на предплечье. Таким образом, чтобы локоть оставался строго под плечом. Бедра необходимо поднять вверх, чтобы они образовали с телом ровную линию. Правая нога упирается в пол, а левая находится на ней. Положение удерживается до 1 минуты, затем меняется сторона.

**12. Наклон вперед с руками за спиной**

И.п.: Встаньте прямо и отведите руки назад за спину. Глубоко вдохните, сомкните ладони вместе, скрещивая пальцы между собой, максимально раскрывая грудную клетку. На выдохе наклоните корпус и поднимите руки вверх, отводя их как можно дальше вперед, расслабив шею и голову. Поднимитесь в исходное положение и сделайте не менее 7-10 повторений.

**13. Разгибание спины лежа на животе**

И.п.: Лягте на живот, ноги прямые, руки согнуты в локтях и лежат перед собой, взгляд устремлен вперед. Удерживая предплечья на полу, медленно приподнимайте верхнюю часть тела, выгибая спину. Задержитесь в этой позиции на несколько секунд, затем плавно опустите корпус в исходное положение. Повторяйте это упражнение от 8 до 10 раз за один подход.

**14. Обратный мостик**

И.п.: Лягте на спину, согнув колени и расставив ступни на ширине бедер. Положите руки вдоль тела ладонями вниз. Надежно обопритесь и поднимите бедра и туловище вверх. Убедитесь, что корпус при этом не прогибается и образует ровную линию. Удерживайте это положение до 30 секунд и вернитесь в исходное положение. Повторите упражнение от 5 до 10 раз.

Не следует легкомысленно относиться к заболеванию сколиоз. Если его запустить и довести до последней стадии, единственным выходом станет хирургическое вмешательство. Все прекрасно понимаю, что это значит – хирургом делается разрез по всей длине позвоночника, что естественно оставляет шрам на всю жизнь, к тому же операция требует не малых материальных затрат, да и для удержания результата потребуется затратить большое количество сил и времени. Так что не следует тянуть до критического момента, да и вообще лучше предотвратить это заболевание. Это не так сложно.

Вспомним причины развития заболевания и повернем их вспять – вот вам и профилактика сколиоза. Спорт и ещё раз спорт. Осмотры профессионалами помогут заметить заболевание на ранних стадиях, когда его ещё не сложно вылечить. Статистические упражнения отличное средство для профилактики, так же, как и оздоровительный массаж.

Ну и в заключение хочу сказать, что в наших силах улучшить своё физическое состояние, это требует лишь небольших усилий над собой и постоянного самоконтроля. Давайте выпускаться из школы не только умными, но и здоровыми.

**Литература**

1. http: // www.dissercat.com / content / rannyaya-diagnostika-i-lechenie-nachalnykh-stepenei-displasticheskogo-skolioza-u-detei
2. http://studentbank.ru/view.php?id=59277
3. Большая медицинская энциклопедия. – Т.23. – С. 386-389.
4. Журнал «Здоровье». – № 6. – 1986.
5. Журнал «Здоровье». – № 8. – 1986.

ҒТАХР: 14.01.13

# ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА ПӘНДЕРІН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Рахметоллина Л.С.,** информатика және математика пәні мұғалімі
«С. Бегалин атындағы орта мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

**Социалов С.К.,** информатика пәні мұғалімі
«№ 30 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқу пәндері арасында байланыс болудың қажеттілігі сондай – ақ оқытудың дидактикалық принциптерінен, оқушылардың диалектикалық – материалистік көзқарасын қалыптастыру мен жан-жақты тәрбие беру міндеттерінен туындайды. Пәнаралық байланыстар оқушылардың табиғат құбылыстары туралы тұтастық түсінігін қалыптастыруға себін тигізеді. Оқушылардың өздерінің білімдерін әртүрлі оқу пәндерін оқып үйрену кезінде және қоғамдық пайдалы еңбекте пайдалануларына көмектеседі.

Информациялық байланыстардан ұғымдық және теориялық байланыстардың маңызы анағұрлым зор. Математикалық методтарды тәжірибелік материалды өңдеу үшін де, сонымен бірге теорияларды талдап жасау үшін де информатика кеңінен қолданады, олар есептеуге тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Өз тарапынан информатика – математиканың дамуына елеулі әсер етіп отыр.

7 сыныпта оқушылары үшін алғашқы кезде сандарды 10 саны дәпежесінің көмегімен жазу үйреншікті емес, сондықтан математика сабақтарында мына типтегі есептерді шығаруды міндетті түрде ұсынып отыру керек: «Жарықтың жылдамдығы 300 000 км/с – қа тең. Жерден Күнге дейінгі қашықтық 150 000 000 км. 10 саны дәрежесін пайдаланып, осы шамалардың сандық мәнін жазыңдар».

Оқушылардың өлшеу шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыру кезінде 5 сыныпта – ақ математика сабақтарында мектеп оқушыларының ұзындықты, уақытты, температураны, массаны өлшеу туралы бастапқы мәліметтер, өлшеу приборы шкаласы бөлігінің құны туралы, қозғалыс жылдамдығы туралы түсінік алғанын және өлшемдердің метрикалық системасын оқып үйренгенін физика мұғалімінің ескеруі қажет. Математика программасында кейбір шамалардың қасиеттері мен оларды өлшеу теориясын оқып үйрену мәселелеріне физика программасына қарағанда едәуір көп көңіл бөлінеді. Қащықтықты, ауданды, көлемді, бұрыштың шамасын дәстүрде математикалық шамалар деп есептейді, математикада олардың негізгі қасиеттерін оқып үйренетін болғандықтан, оларды өлшеу теориясы да соның өзінде жасалған.

Компьютерлік сауаттылық – адам қызметінің барлық салаларында, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған ақпараттық технологияларды табысты қолданатын тұлғалық сапа.

Оқушылардың компьютерлік сауаттылықтарын дамыту – оқыту мен оқу үдерісінде, ғылымның әртүрлі салаларын игеруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі оқу әдістемелік кешеннің заманауи компоненттерінің бірі білім беру үдерісінің барлық қатысушылары: мұғалім, оқушы, ата-аналар қолданатын ғаламтордағы интернет ресурстар

(bilimland.kz, ustaz.kz, smk.nis.edu.kz, sabak.kz) жүйелі ақпарат, тәжірибе алмасу алаңы болып саналады.

«Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.

Информатика сабақтары оқушылардың мәдениетін, ойлау интелектуалды дағдыларын сонымен қатар функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс. Мектептің алдында тұрған үлкен мәселе – шынайы өмірге белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой – өрісі кең, сауатты, танымдық әрекетке қызығушылығы мол оқушы білімнің қолданбалылығын дамытуды қамтамасыз ету. Функционалды сауатты болу үшін оқу және жазу, жаратылыстану ғылымдарындағы, математикалық, компьютерлік отбасылық өмір, денсаулық және тағы басқа сауаттылықтар қалыптастыру қажет. Соның негізінде өмірлік дағдылар қалыптасады. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – жаңаша педагогикалық теория мен практиканың өзекті мәселесі болып тұр. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - оқу тәрбие процесіне ықпал етудегі өмір талабы.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары, олардың танымдық қабілеттері мен өзіндік іс – әрекеттерді дамыту педагог, психолог, әдіскерлер және мұғалімдердің міндеті.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселені шешуде, оқу сапасының артуына, технологияларды ұтымды қолдануға көмек беретін негіз болып табылады.

**Әдебиеттер**


1. Информатика.Физика. Математика. – № 1-6. – 2001.
2. Информатика негіздері. – № 2. – 2004. – 11-12, 31-33 б.
3. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б.Б., Дәулетқұлов А.Б. Жаңа информациялық технологиялар. Информатикадан 30 сабақ. – 2003. – 242-380 б.
4. Информатика образование // Журнал. – № 4. – 2006.
5. Мектеп информатикасы: іс – тәжірибе, проблемалар және келешегі // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, 19-21 қазан 2005.


ҒТАХР: 14.01.07

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Сагингалиева Б.К.,** математика пәні мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыруда жаңа әдістерді жүйелі түрде пайдаланудың маңызы зор. Тәжірибемде оқытудың белсенді әдістерін ұтымды пайдаланудамын.

Белсенді оқуда/оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек: жағымды психологиялық орта орнату; үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру; білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыштау; білім игеру үрдісін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әркеттерді қолдану.

Белсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері:

1. Сыныпты жұмысқа дайындау.
2. Топқа бөлу.

3. Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.
4. Жұмыс ережелерін қабылдау.
5. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.
6. Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.
7. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.
8. Жазбаша жұмыстар.
9. Кері байланыс.

Әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум.

Белсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада накты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды. Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын белсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жұппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер акуционы, Аяқталмаған сөйлем.

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа оқушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы алдандағы мақсаттың ауыр, жеңіліне, оқушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан оқушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

Белгі қойып оқу (INSERT-*Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің белсенді тәсілі. Оқушылар дәрісті тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін оқушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.

Мысалы, алгебра пәнінде «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу» тақырыбы бойыншаоқушылар келесі түрдегі кестені жазуы мүмкін:

Ойлан, жұптас, пікірлес» – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған белсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма/есеп жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен орындағанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауға болады. Бұл тәсілді математикадан коллоквиум жүргізгенде қолданған тиімді.

| v | + | - | мен |
|---|---|---|---|
| «Бұрынан білемін» | «Жаңа ақпарат» | «Менің ойлағаныма қайшы, кереғар» | «Қайда қолдана аламын» |
| Теңдеулер жүйесін шешудің қосу және алмастыру тәсілдері | Теңдеулер жүйесін шешудің графиктік тәсілі | Теңдеулер жүйесінің басқа тәсілдері болмайды деп ойлаушы едім. Мен білгеннен де басқа әдістер бар екен. | Есептерді тиімді тәсілмен шешуде |

Шағын лекциялар. Шағын лекциялар теориялық материалды ұсынудың тиімді материалдарының бірі болып табылады. Оны бастар алдында алдыда тұрған тақырыппен байланысты, ми штурмын немесе рөлдік ойынды өткізу қажет, ол қатысушылар үшін оның маңызын арттырады, оларды ақпараттандыру дәрежесі мен тақырыпқа қатынасын анықтайды.

Материал қатысушылар үшін ұғынықты тілде мазмұндалады. Әрбір терминге анықтама беру қажет. Теорияны «жалпыдан жекеге» қағидаты бойынша түсіндірген дұрыс. Келесі сұраққа көшер алдында айтылғандардың бәрін жинақтау және сіздің дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу керек.

Кері байланыс. Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

«Кластерлер» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды оқушылар оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады. *Мысалы*, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Анықталмаған интеграл» тақырыбында тақта ортасына «Анықталмаған интеграл» деп жазып қою керек, ал оқушылар айналасына білгендерін сөз, сөздер тіркесі түрінде жазады. Олар: алғашқы функция, интегралдаудың үш ережесі, айнымалы ауыстыру әдісі, бөліктеп интегралдау әдісі, алынбайтын интегралдар, рационал функцияны интегралдау, иррационал функцияны интегралдау, тригонометриялық функцияны интегралдау болуы мүмкін. Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда оқушылардың тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

Синквейн (ағл. cinquain) – бес жолдан тұратын тақпақ. Мұнда оқушыға оқу материалын қысқаша түйіндемелеу талап етіледі. Бірінші жолда – синквейннің негізгі мазмұнын құраушы бір негізгі сөз (ұғым); екінші жолда – берілген ұғымды сипаттайтын екі сын есім; үшінші жолда – ұғымның әркетін көрсететін үш етістік; төртінші жолда – автор өз қатысын көрсететін қысқа сөйлем; бесінші жолда – ұғымға қатысты өз сезімін, ассоциясын сипаттайтын бір сөз (көбінесе зат есім). *Мысалы*, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Функцияны зерттеу» тақырыбын өткеннен кейін синквейн құрауға болады. Ол келесі түрде болуы мүмкін

*Функция. Бірсарынды, жұп (тақ). Өседі (кемиді), анықталу облысын қамтиды, дифференциалданады. Функция анықталу обысының кез келген нүктесінде үзіліссіз. График.*

Пазл (ағл. puzzle) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны. Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Математика сабағанда есептер шешуде формулалармен жұмыс жасағанда, теоремаларды, анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады. Бұл әдісті оқытудың кез келген бөлігінде қолдануға болады, ол жеке не топтық жұмыс болуы да мүмкін.

### Әдебиеттер


1. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! / Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар, 2011.
2. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 45 б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б.

ҒТАХР: 14.01.93

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІЛІККЕ БАУЛУ

**Сагымбаева Г.Т.,** бастауыш сынып мұғалімі
«Бөкенші жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

*«Балалар бір нәрсемен айналысқанды талап етеді. Ол пайдалы, олай болатын болса, оған кедергі жасамай, үнемі шұғылданатындай жағдай туғызу қажет»*
*Ян Амос Коменский.*

«Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасының бөлімдері Жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру кіші мектеп жасындағы оқушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына көмектеседі. Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

– гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимент арқылы алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;

– мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

– БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі ғылыми ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

– жанды және жансыз табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған тигізетін әсерін анықтауға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

– өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну; – жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру. Бастауыш сыныптағы «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны «Мен зерттеушімін», «Тірі табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінен тұрады және негізгі мектепте «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін оқытудың негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Бөлімдер.
Мен зерттеушімін
Тірі табиғат
Заттар және олардың қасиеттері
Жер және ғарыш
Табиғат физикасы

Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (зерттеуге оқыту) – оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Сондықтан мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми проблема болып табылады. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор. Тақырыпты таңдағанда «мені не қызықтырады?» – деген сұраққа жауап беру керек. Тек мұғалім оқушыға жоба жаза алатынын және жақсы идеялардың барлығы да жазу кезінде болатынын түсіндіріп, оқушының жазуға деген қызығушылығын арттырса сонда бала зерттеу жұмысын жазуға талпынады.

Жаңа сабақты бекіту, білімді жинақтау мен бағалауда «Түйінді сөз», «Құндылықтар спектрі», «Ыстық орындық», «Бес сұрақ», «Түртіп ал», «Постер қорғау» әдісін қолданған кезде оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, әрқайсысы өздігінше жұмыс жасауға ұмтылады.

Жинақтау кезеңінде алынған ақпараттарын өңдеп, дәлелдер келтіру үшін **«Құндылықтар спектрі»** әдісін қолдандыз. Бұл әдіс қызықты әрі тиімді болды. Оқушылар мәтін ішіндегі құнды, әрі маңызды санаған мәліметтерін өздері айта отырып, жіпке стикерлерді тізіп шығады.

Үй тапсырмасын сұрау, білімді қолдану, жинақтау кезеңдерінде «Балық қаңқасы» әдісін қолданып, қаңқасына негізгі идеяларды жинақтауға болады.

**Диаграмма және графика** – оқу үрдісінде сандық көрсеткіштердің көрнекті бейнеленуі. Оларда табиғи немесе экономикалық құбылыстар көрнекі бейнеленеді. Мерзіміне, саласына, өнім түріне, өндірілу мөлшеріне, т.б.қарай салыстыра отырып, оқушы бағана түріндегі, дөңгелек немесе бағана түріндегі диаграммалар мен графиктер, түрлі-түсті мониторингтер тұрғыза алады.

Оқушыларды олимпиадаға дайындауда **«Үш өлшемді әдістемелік жүйе»** білім беру әдістің ерекшелігі:

– оқушы білімі анық бағаланады,
– белсенділігі артады,
– ой еңбегі жетіледі,
– белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді,
– өзіне-өзі деген сенімділігі артады,
– өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға тәрбиелейді,
– шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмтылады, қызығушылығы артады.

**Әдебиеттер**


1. ҚР Президентінің 2014 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.
2. Жонтаева Ж. Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту // Білімді ел. – 16 тамыз, 2016. – № 15.52.
3. Жаратылыстану. 1-сынып. Оқулық / С.Н. Кузнецова, Ә.Қ. Жамиева, Д.Н. Сапақов, И.Н. Васева, М.Қ. Құсайынова, М.Қ. Тасболатова – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016.
4. Елбасы жолдауы, 2016.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015.
6. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердегі «Жаратылыстану» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы // екінші басылым, 2016.
7. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015.



ҒТАХР: 14.01.85


# МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


**Сайлаубаева А.Е.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ»
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Мектеп курсында есептеу дағдысының қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Оқытуда байқағанымыз оқушылардың көпшілігінде есеп шығару дағдысы төмен. Оның себептері:

– оқушылардың ойлау қабілеттерінің төмендігі;
– үй тапсырмасын орындауда ата-ана тарапынан қадағалаудың бомауы;
– оқушының есте сақтау және зейінінің төмендігі;
– математика пәніне дайындықтың аздығы (жеткіліксіздігі);
– оқытуда есептеу дағдысын жүйелі түрде қалыптастырудың және оны бақылаудың болмауы.

І. Есептеу дағдысын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптарда ең алдымен көбейту, бөлу, қосу, азайту кестесін сұрау керек. Ол үшін кестелер, үлестірмелі қағаздар қолданылады. Екі және одан көп нұсқада болып, оқушылар жеке жауап бергені жөн. Қате жіберген оқушыларға бастауыш

сыныптан кестелер беріп қайталату керек. Одан кейін өзіндік жұмыс, ауызша сұрау арқылы тексерген жөн.

II. Есеп шығару дағдысын қалыптастыруда әр сыныпқа берілген тақырыптарға кестелер дайындау қажет. Кестелер көбейтіліп әр оқушыға беріледі. Бұл кезеңде жұмыстың мына түрі қолдану керек:

1. Мұғалім не оқушы үлестірмелі қағаз бойынша (екі нұсқада) фронтальды сұрайды;
2. Дайындалған кесте бойынша жазбаша сұрау;
3. Жазбаша жұмыстарды жазып, талдау және қатемен жұмыс жасау;
4. Тақтада немесе алдыңғы партада отырып шығару;
5. Ұқсас есептерді шығару және шығару алгоритмін құру;
6. Есептеудің тиімді тәсілін қарастыру.

Ол үшін төмендегілерді есте сақтауымыз керек:

– Әр сабақта сыныппен емес әр оқушымен жұмыс істеу маңызды. Ол үшін мұғалім әр оқушы өз ісімен айналысатындай және олардың жұмыстарын бақылап отыруға жұмыстың түрі мен материалды таңдау қажет. Мысалы, бірінші партада отырған әр оқушыға өздерінің кемістіктерін жоюға болатындай тапсырма жазылған карточкалар таратылады. Ал сабаққа дайындалғанда жоспарда кімді және қандай сұрақпен сұрау керектігі көрсетіледі; бұл жағдайда жеке дәптерде әр оқушының есептеу машықтығын меңгеру есебі жүргізіледі;

– Жаңа тақырыпты өту кезінде оқушылар қай тақырыптан көп қате жіберетін материалға көңіл бөлу қажет;

– Жаңа тақырыпты алда өткен таныс материалмен салыстырып оқытқан дұрыс;

– Жаңа материалды түсіндіру кезінде оқушылардың өздері сол немесе басқа әрекетті орындау алгоритмін құру керек, осыдан кейін оқулықпен салыстырып, өздеріне оңтайлы нұсқасын тандаса дұрыс болады.

Мұндай жұмыс оларды айқындыққа және нақтылыққа үйретеді.

Оқушыларымның есеп шығаруға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мен тәжірибемде «Талдау ағашын» пайдаланамын. Мақсаты: есеп мазмұнын «Талдау ағашына» сүйене отырып талқылау.




Әр қарай олар өздері әбігерленбей және асықпай кез-келген есепті шығара алады;

– Оқушыны кез-келген есепті шығаруға жете ұғындырып, көңіл бөлуге тәрбиелеу қажет, яғни оқушы шамаларды байланыстыратын заңдылықтарды анықтап, есептің мағынасын жете ойланып, қиын жағдайларды шешудің жолдарын тауып, содан кейін ғана есепті шығаруға кіріскені дұрыс.

Оқушыларды «қадалған көзқарас» тәсілін қолданып жұмыс істеуге үйрету керек (алғашқыда барлық тапсырманы, есеп шығарудың тәсілдерін, амалдарын, шығару жолдарын жалпы бағалайды, және әрі қарай оны шешуге кіріседі);

– Оқушыларды өзін-өзі бақылауға үйрету өте қажет, яғни есеп шығаруын, іс-әрекетін бақылау ептілігіне, ал нәтижесінде өздерінің әрекеттерін келесі өз-өзін бағалау критерийлерін қолданып бақылауға үйрету:

а) нәтижені шындықпен байланыстыру;

ә) нәтижені есептің шартының көрсеткіштерімен байланыстыру;

б) кері есептеу;

в) әр түрлі тәсілмен шығару;

г) ақырғы жағдайларда нәтижені зерттеу;

– тек қана өз бетімен жұмыс орындағанда ғана оқылатын материал мықты меңгеріледі. Сондықтан оқушылар дайын есептер шығарумен қатар есеп құруға тартылады (әсіресе тиімді тәсілмен есептеуге арналған есептер).

Тұрақты білімді қалыптастыру үшін лайықты жаттығуларды (психологиялых тренинг) немесе төмендегідей есептерді тандаған дұрыс:

а) есептің шешімінен қатені табыңдар;

ә) дұрыс жауабын тандаңдар;

б) берілген тұжырымның дұрыстығын бағаландар және т.с.с.

Мұғалімен осы кезеңде өткізілген ағымды бақылау төмендегі белгілеулерден тұрады:

а) әр оқушының 1-минутта, 2-минутта, т.с.с дұрыс орындалған мысалдарының санынан (нәтижелер бағалардың жиынтық тізімдемесінде жазылады);

ә) мысалдардың белгілі санын қатесіз шығару үшін уақыт аралығынан;

б) әр оқушының жіберетін қателер санынан. Бақылауды өткізудің әр түрі тәсілдері қолданылады.

Соның ішінде ең ерекшесі – мұғалімнің өзінің жоспарымен өткізілетін өзіндік және бақылау жұмыстары.

Өзіндік жұмысты жиі өткізіп отырса, білімнің ерте кезеңінде кемістіктерді, меңгерудің мықтылығын анықтауға болады және әрі қарай әрекетті түзетуге және шапшаң есептеу дағдыларын қалыптастыруға болады. Бұл кезеңдегі білімнің маңызды бөлігі болып қатемен түзету жұмысы болып табылады.

– Бақылау шарасын өткізген соң мұғалім оқушылардың жұмысындағы техникалық қателерін көрсетеді, ал әр оқушы ол қателерді өз дәптерлерінен іздейді. Осыдан кейін мұғалім оқушылармен қосылып есеп шығарудың тәсілдерін қорытады, есеп шығарудың үлгілерін келтіреді, шарттың өзгеруіне байланысты есеп шығарудың нұсқаларын қарастырады, оқушылардың сұрақтарына жауап береді. Шамалы уақыттан соң оқушылар қате жіберген мысалдарын қайтадан орындайды.

– Тексерілген дәптерлерін қайтарып берген соң оқушыларға бір-бірімен немесе өзінің тобында қателерін анықтауға уақыт беріледі (уақыт материалдың қиындығына және жіберілген қателердің санына байланысты беріледі) немесе мұғалімнен кеңес сұрауға уақыт беріледі. Бұл жұмыс қажет болған жағдайда сабақта немесе үйде өздігінен орындалады. Осыдан кейін тағы да өздік жұмыс өткізіледі. Мұғалім есептеу мәдениеті машығы дәптеріне оқушылардың тиісті бағаларын қояды (басқа түспен);

– Сыныпта бақылау жұмысын өткізгеннен кейін (тақтада екі нұсқада 16-20 есептерден тұратын тапсырмалар жазылады) тексеру кезінде мұғалім егер есеп дұрыс шешілсе, сол жолға «+» белгісін қояды, егер есепте кемшіліктер болса, онда «±» белгісін қояды, ал егер есеп дұрыс шешілмеген болса, онда «-» белгісін қояды. Келесі сабақта осы есептер тақтаға жазылады.

Оқушылар қате жіберген тапсырмаларын орындайды. Мұғалім тексеру кезінде әр оқушының нәтижелерін және қате жіберілген есептеріне назар аударады. Әрі қарай мұғалім ұқсас есептер бар карточкалар жиынтығын қолданып, әр оқушымен жеке дара жұмыс істейді. Жұмыстың мұндай түрінде бірде бір оқушы мұғалімнің назарынан тыс қалмайды.

Қорытынды бақылау бақылау жұмысы түрінде немесе ауызша-жазбаша сынақ түрінде өткізіледі. Сабақ-сынаққа мұғалім тақырып бойынша есеп-карточкалар жүйесін дайындайды. Сынақта оқушылар карточкада көрсетілген теорияға жауап береді, есептер шығарады, кейде есептеуге берілген орындалған және құрастырылған есептері бар дәптерлерін көрсетеді.

**Әдебиеттер**


1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. – 218-219 б.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 56-57 б.
3. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2005. – 89-90 б.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004. – 147-148 б.
5. Болтянский В.Г. Комплексы учебного оборудования по математике. – М., 1971. – С. 105-106.
6. Шабажанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика. – Алматы, 2005. – 80-81 б.
7. Аяған Б. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003. – 60-61 б.
8. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. – 71-72 б.

ҒТАХР: 14.07.01

# ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Сейтказина Н.С.,** информатика пәні мұғалімі
«№1 5 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Пәнге қызығушылықты сақтаудың, шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудың, материалды жалпылай білудің, информатиканың өмірдегі рөлін жақсы түсінудің бір әдісі – дидактикалық ойын.

Дидактикалық ойын жалпы білімдік білімге және ойын арқылы модельденетін мәселелерге қызығушылығын арттырады. Ойынның бұл ерекшелігі мектеп оқушыларының көпшілігінде пәнді оқу процесінде пайда болатын «оқу шаршауын» жоюға мүмкіндік береді, атап айтқанда информатика, себебі оқу тақырыптарының негізгі бөлігінің өзектілігіне қарамастан, мұғалімге ерекше күш қажет. сыныптың назарын аудару, қарастырылатын мәселелердің мәніне қызығушылықты ояту.

Дидактикалық ойындар, бір жағынан, зейіннің, байқаудың қалыптасуына, есте сақтаудың, ойлаудың, бастаманың дамуына ықпал етеді. Екінші жағынан, олар белгілі бір дидактикалық міндетті шешеді: жаңа материалды меңгеру немесе өткенді қайталау және бекіту, білім беру дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру.

Ойын оқушыны өмірлік жағдайларға бағдарлаудың жаңа тәсілдерінің ойын әрекеті процесінде кезең-кезеңмен дамытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл ерекше қасиет, оның арқасында ойынға қатысушылар – әр түрлі ақпаратты талдай отырып, ең күрделі қарым – қатынасқа қатысады, мүмкін болатын ең жақсы шешімдерді іздейді.

Ойын серіктестікпен қатар ішкі бостандық сезімін, достық қолдау сезімін және қажет болған жағдайда серіктесіңізге көмек көрсету мүмкіндігін қалыптастырады, бұл қатысушылардың жақындасуына ықпал етеді, олардың қарым – қатынасын тереңдетеді. Ойын мұғалімнің авторитарлық позициясын жоюға мүмкіндік береді, барлық қатысушылардың құқықтарын теңестіреді. Бұл әлеуметтік тәжірибе алу үшін, оның ішінде ересектермен қарым -қатынас жасау үшін өте маңызды. Ойынның белгілі бір шектеулерінің болуы ойыншының мінез -құлықтың рөлді орындауды реттейтін ережелер жүйесіне бағынуына негізделген әрекеттерді ерікті түрде реттеу қабілетін дамытады. Ойын кезінде бала түсінуі, саналы түрде қабылдауы және болашақта ойын барысында модельденген қиындықтарға қарамастан, қатаң ұстануы қажет түрлі ережелердің тұтас жиынтығымен кездеседі.

Ойынның арнайы әдістемелік әдістерінің кең спектрі мен ойынның атмосферасы бар зейінді сақтауға көмектеседі, бұл сайып келгенде үйренген ұғымдарды тереңірек және күшті түсінуге әкеледі. Демек, ойын баланың пассивті позициясын саналы түрде белсенді күйге өзгертуге мүмкіндік береді, мектеп оқушыларының танымдық белсенділігінің өсуін ынталандырады, бұл оларға қосымша ақпарат алуға және игеруге мүмкіндік береді.

Ойын өзара әрекеттесу барысында ойын қатысушылары мен мұғалімдер арасындағы қарым - қатынас жақсарады, өйткені ойын әрекеті бейресми қарым -қатынасты қамтамасыз етеді және екеуіне де жеке қасиеттерін, мінезінің жақсы жақтарын ашуға мүмкіндік береді. Ойын қарым-қатынасты ізгілендіреді, оқу қызметінің жаңа ұжымдық, жеке-топтық және жеке формаларын құруға әкеледі. Сәтті ойнаған ойын, тіпті одан да көп ойындар жүйесі қатысушылардың өзін-өзі бағалауын арттырады, өйткені олардың сөзден белгілі бір іс-әрекетке көшуіне және қабілеттерін тексеруге мүмкіндігі бар.

Ойын барысында әркім бір мезгілде жаңа құндылықтарды өзара, бірлесіп дамыту процесінде мұғалім де, оқушы да болады. Бұл жағдайда синергетикалық әсер пайда болады, оның мәні-бірлескен күш-жігермен қол жеткізілген кумулятивті нәтиже процестің әрбір қатысушысы жалғыз әрекет етуге қол жеткізе алатын нәтижелер жүйесінен асып түсуінде.

Мектептің міндеті – өсіп келе жатқан адамға өмірдің мәні мен өзінің лайықты орнын табуға көмектесу, бұл үшін тиісті жағдайлар мен алғышарттарды құру. Білім беру жүйесінде мектеп оқушыларына жүктелген міндеттерді қызығушылықпен орындауға мүмкіндік беретін осындай енгізу қажет. Әр мұғалім барлық мүмкіндіктерді пайдалануы керек, осылайша балалар қызығушылықпен үйренеді, информатиканың тартымды жақтарын, оның ақыл-ой қабілетін жақсартудағы мүмкіндіктерін, қиындықтарды жеңуде сезінеді және сезінеді.

Оқытудың дәстүрлі емес, стандартты емес формаларын, атап айтқанда дидактикалық ойындарды қолдану оқу үрдісіне жақсы әсер етеді.

Информатика сабағында ойындарды қолдану  барлығы ойнағанды жақсы көреді. Кез келген ойын сырттай жеңіл және жеңіл болып көрінеді. Бірақ шын мәнінде, бұл ойыншыдан өзінің күш - жігерін, ақылдылығы мен төзімділігін, ал мұғалімнен үлкен дайындықты беруді талап етеді. Бірақ ойынның өзі мақсат емес. Ойынды сабақтың жеке және тәуелсіз элементі ретінде қолдануға болмайды. Оның сабаққа қосылуы негізді, кедергісіз және тегіс болуы керек. Дидактикалық ойын сабақтың барлық түріне қолданылады, сонымен қатар мұғалім ойын өткізілетін сабақтың тақырыбын анықтауда шексіз таңдау құқығына ие.

***«Сынақ» ойыны***

Бұл ойынды ақпараттық модельдерді сипаттай білу қабілетін тексеру ретінде қолданған жөн.

**Ойынның мақсаттары:**

модельдеу мақсаты тұрғысынан маңызды объектінің қасиеттерін ерекшелеп, ақпараттық модельдерді сипаттау дағдыларын дамыту;

оқушылардың информатика курсы мен басқа пәндерден (әдебиет, тарих) оқу материалын сәтті игеруіне көмектесу.

басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге деген ұмтылысты ояту өз көзқарасын қорғау дағдыларын дамыту;

шығармашылыққа бейім оқушыларды анықтау;

таныс адамға күтпеген жерден қарау қабілетін дамыту;

**Ойын ережелері.**

Ойын төрт команданың командалық жарысы түрінде өтеді. Әр топта прокурорлар мен қорғаушылардың кіші тобы таңдалуы керек, олар өз білімдерін және мұғалім ұсынған «тергеу материалдарын» қолдана отырып, айыптау мен қорғау тұрғысынан объектінің сипаттамасын ұсынуы керек. Мұғалім процесті басқаратын және әрбір іс бойынша соңғы қорытынды шығаратын судья рөлін атқарады.

«Телеграф» – ақпаратты беру

Барлық балалар шеңберге тұрады. Оларға беру керек **телеграф** белгілі ән немесе өлең буындарда, ал әннің әуенін немесе өлеңнің қарқынына назар аудару керек, мысалы, «In le-su ro-di-las e-loch-ka ...». Кім кірді **телеграф** кідірді (тартынды), ол шеңберден шығып кетеді. Ойын қалған ойыншылар мәтінді үзіліссіз жеткізгенше жалғасады.

«Бұзылған телефон» - ақпаратты тасымалдау

Барлық оқушылар бір қатарға отырады. бірінші ойыншы **телефон**... Мұғалім құлағына бір сөз айтады, ол жанында отырған келесі ойыншымен сөйлеседі. Ол өз кезегінде естілген сөзді көршісіне шақырады және т.б. соңғы ойыншыға дейін. Осыдан кейін әркім естігенін айтады. Айтылғанды шатастыратын бірінші адам жолдың соңында отырады және рөл **телефон** келесі ойыншы орындайды. Ойыншылардың әрқайсысы **телефон** бір рет қана болуы мүмкін.

«Мені түсін» – ақпарат беру

Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда бір сөзбен шығады. Бұл команданың ойыншыларының бірі ыммен немесе мимикамен басқа командаға ойластырылған сөзді түсіндіруі керек.

Егер бірінші әрекеттен кейін қарсылас команда бұл сөзді таппаса, онда бірінші команданың екінші ойыншысы оны түсіндіруге тырысады және т.б. Әрекеттердің ең аз мөлшерінде ойластырылған сөзді тапқан команда жеңеді.

«Ассоциация» – ақпаратты беру

Мұғалім ойыншылардың біріне сөз айтады. Бұл ойыншы бұл сөзді ойынның соңына дейін естігенде пайда болатын төрт бірлестікті атайды. Кім бірінші сөзді болжаса, ол көшбасшы болады, ал мұғалім оған басқа сөз айтады т.б.

**Әдебиеттер**

1. Информатика негіздері журналы. – № 1, 2, 3. – 2014.
3. Информатика негіздері журналы. – № 2. – 2012.
6. Информатика негіздері журналы. – № 5, 6 – 2010.

ҒТАХР: 14.07.07

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Серикова А.С.,** шағын орталық тәрбиешісі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бағыттары: түсіндіру, суреттеу, «ойын» технологиясы арқылы оқыту. Оқыту принципі, әдіс- тәсілдеріне сүйене отырып білім беру. Сабақтан тыс өткізілетін шаралар, жекелей жұмыстар, қосымша үйірмелер арқылы әрі қарай дамыту.

Танымдық ізденімпаздықты дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін Я.А. Коменский қалады. Ол: «Таным бастамасы – сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой – өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», - деген.

Психология ғылымында «құзыреттілік» ұғымына қатысты нақты түсініктер қалыптасқан. Сонымен қатар бұл ұғым іс-әрекетті жүзеге асыруда білім, білік, дағдыны қамтиды (А.Н. Журавльев, Н.Ф. Талызина, Р.К. Шакурова және т.б.). Олай болса психология ғылымында «құзыреттілік» танымдық (когнитивтік), пәндікпрактикалық және жеке өзіндік тәжірибелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Жас ерекшелігіне қарай балалардың құзыреттілігі өткен кезеңдегі психикалық деңгейіне, мәдени-рухани, этникалық және әлеуметтік – экономикалық формалардың әсер ету дәрежесіне тікелей байлаысты болады. Осылайша ересек топтағы балалардың қалыптастыру мүмкіндігі анықталады. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыретттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасыз құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты Б.Д.Эльконин өз еңбегінде былай көрсетеді:

– «құзыреттілік» ұғымым тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықлың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды:

– құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

– құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы; құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында қалыптасады.

Мектепке дейінгі мекемедегі баланың танымдық құзыреттілігін дамытуда біртұтас кеңістікті қолдану керек. Яғни, балаларды жан-жақты, барлық танымдық қасиеттерді дамытуымыз керек. Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет, білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы. Осыған орай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған болса, тәрбиеші баланы жігерлендіруші, жол көрсетуші, қуат беруші болып табылады.

Баланың танымдық іс-әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз – баланы ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп жасына дейінгі баладан шығармашылық-танымдық қабілетті талап етпестен бұрын, оны соған үйреткен жөн.

Бала бейімділігі мен икемділігі сәби күннен қалыптаса бастайды. Оқу және еңбек үстінде ол әрі қарай дамып, нығаяды. Өмірді танып білу, әдетте, оқып – үйренуден бастау алады. Содан соң адам сол білімін шығармашылықпен пайдалануға, қоғамға пайда келтіруге ұмтылады.

«Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту» бағытында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

– Ойын – тапсырмаларын орындау барысында балалардың қиялдары дамып, шығармашылық қабілеттері белсенді түрде артады.

– Шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы баланың өз мүмкіндіктері дамып жетіледі.

– Оқу әрекетінде бала өзін-өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс – тәсілдерді іздеп, проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

– Тілдік тапсырмаларды орындау барысында сөздерді өзгерте, жаңа сөздер ойлап табуға белсенді тәжірибелер жасайды, сөйлеу іс – әрекетіне шығармашылықпен кіріседі.

– Бейнелеу іс – әрекетінде зат пен қоршаған ортаға баланың қызығушылығының артуы шығармашылық қиялының дамуына септігін тигізеді.

– Музыкалық іс – әрекетте баланың жеке басын жан – жақты дамыту эстетикалық тәрбие, дене тәрбиелерімен өзара тығыз байланысы арқасында қамтамасыз етіледі.

– Баланың бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық дамиды.

Балалардың осындай шығармашылығын ұйымдастыра отырып өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігі пайдаланатын шығармашыл, құзіретті тұлғаны тәрбиелеуге жұмыстанудың маңызы зор болмақ.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау шығармашылық – «белсенділік», «әрекет», «қабілет» ұғымдарының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді.

Белсенділік дегеніміз – адамның қажеттілігінен, көзқарасынан, мақсаттарынан туындайтын қоршаған ортаны өзгерте білу қабілеті. Белсенділік объективті қажеттілік бар жерде жақсы қалыптасады. Сондықтан педагогтар балалардың шығармашылық әрекеттерін басып тастамай оған дер кезінде көмек көрсетулері керек. Бұл баланың түсінуі, есте сақтауы, білімін қайта жаңғыртуы, үлгі бойынша қолдана алуы. Әсер ету әрекетін ұйымдастыруда оқытудың түсіндірмелі – иллюстративті әдісі қолданылады. Бұл баланың әсер ету белсенділігін қамтамасыз етеді.

Интерпретациялық белсенділік.

Бұл баланың істі аяғына дейін жеткізу, қиындыққа қарамай, істің шешілу жолдарын іздеуі, неге сұрағына өздігінен жауап беруге тырысуымен байланыстырылады. Екінші деңгейде педагог дамыту үшін оқытудың ақпаратты – ізденіс әдістерін қолдануы қажет, бұл бала әрекетіне жекелік сипат береді.

Шығармашылық деңгей.

Бұл құбылыстың мазмұнына және өзара байланыстылығына терең үңіліп қана қоймай, аталған мақсатқа жету үшін, жаңа амал таба білумен сипатталады. Белсенділіктің бұл деңгейінде балалар білімдерін жаңа жағдаяттарда көрсетуге тырысады, яки білім мен амалды бейтаныс жағдаятқа ауыстырады.

Белсенділіктің үшінші деңгейінде шығармашылықтың мәнін аша отырып оның «әрекет» ұғымымен тығыз байланысты екенін анықтауға болады.

Мектеп жасына дейінгі бала психикасының қалыптасуы мен дамуы оның есейген шағымен салыстырғанда шапшаң жүреді. Балалық шақтың осы таңғажайып мүмкіншіліктері мидың, белгілі бір жүйке құрылымдарының толысып, пісіп – жетілуіне және олардың функционалдық қасиеттеріне байланысты. Бұдан шығатын қорытынды; мектепке дейінгі кезеңдегі баланың жас ерекшеліктеріне байланысты қасиеттер оның шығармашылық қабілеті дамуының негізін қалайтын жағдайларды тудырады.

Балалық шақтың белгілі бір кезеңдеріндегі жас ерекшелігі оның бойындағы қабілетті қалыптастырудың негізгі алғышарты болып табылады.

Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс – тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Баланы балабақшадан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Мектепке дейінгі топта танымдық тапсырмаларды бір жүйеге құрып, балалардың бір бағыттағы интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып қалыптастыратындай жұмыс бағытын ұсынып отыру керек. Балалардың шығармашылықпен ойлауын дамытуда алға мынадай шарттар қойылады.

Шығармашылық ойлауды дамыту шарттары:

– шығармашылықтың тууына ішкі кедергілерді жою;

– жұмыс істеу барысында бала зейінін акыл-ойға шоғырландыру;

– қиял шырақтығын қолдау;

– жалпы шығармашылық іс-әрекетке бағыт-бағдар беру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың кез-келгені шығармашылық-танымдық тапсырмаларды шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Осыған орай, ғалымдар жүргізген тәжірибе барысында, білім мазмұнында баланың

шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, бағдарламалық мазмұннан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, экспримент жүргізу, мәтінмен, сызбамен, суретпен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей шығару т.б. сияқты баланы іскерлікке дербестікке баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым – қатынасқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс – тәсілдер мен мазмұндық ойындар, ызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отыруы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

Адам бойындағы қабілеттерді дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, жаратушы да. Ол өз – өзін жетілдіруге де, сонымен қатар өзінен-өзі жойылуға да қабілеті.

Адамның өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талар – тілегін қабілеттерін дамыту сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру – білімнің басты мақсаты.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде – білімді сіңіру, жинақтау, меңгеруге қабілеттілік басым болады. Бала өз қабілетін бір іске кіріскенде ғана біледі. Талантсыз бала болмайды, табиғи дарындылығын аша алмайтын бала болады. Жалпы қабілет бала бойына біткен асыл қасиет. Осы орайда баланың бойына біткен қабілетін дамытуға тәрбиеші тікелей ықпал етуі керек.

**Әдебиеттер**

1. Құрманалина Ш.Х. «Нәтижеге бағытталған білім беруді ұйымдастыратын жаңа мектеп моделі» және «Бастауыш мектеп түлегінің моделдері». – Астана, 2016.
2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Оқытудың инновациялық технологиясы. – Өскемен, 2002.
3. Нысанбаев Ә., Есім Ғ., Изотов М., Жүкешев К. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006.

ҒТАХР: 14.07.09

## ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

**Серікғалиева Т.С.,** тарих, география пәні мұғалімі
Қатша Оспановна атындағы «№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы)

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда нтербелсенді мынадай әдіс тәсілдерді қолдануға болады.

Ой қозғау, Болжау, Венн диаграммасы, Оңай және қиын сұрақтар, Атаулар, Білемін, білгім келеді, білдім.

**география сабағына мынадай мақсаттар қойылуда:**

1. Географиялық білімін үнемі жетілдіріп отыру (дәріс беру, сарамандық, семинар).
2. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарына араластыру, дарынды оқушылармен жұмыс.
3. Жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен интернет арқылы қашықтықтан өздігінен білім алуға үйрету.
4. Оқу үрдісін ізгілендіре отырып оқытудың дамыту фунуциясына басты назар аудару, жаңа технологияны пайдалану.
5. Оқушыларды өлкетану жұмысына тарту, оқу-тәжірибелік, сарамандық жұмысты жетілдіру.
6. Экологиялық-экономикалық білім беру, танымды кеңейту.

Қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенді болып өздігінен шығармашылықпен білім алуы керек. Ол үшін бүгінгі таңда қолданылып жүрген мультимедиялық электронды оқулықтың алатын орны ерекше деп айтуға болады.

Бұл оқулық география Білім стандарты мен оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді. Электронды оқулық өз қолымыздағы оқу құралдарын, толықтырады, дидактикалық материалдары жеткілікті. Бұл оқу үрдісінің сапасын жіне тиімділігін арттыратын жаңа оқу жылы.

География сабағында  топтық жұмысты ұйымдастырудың маңызы зор. Бүгінгі таңда ұстаздар алдында тұрған жауапты міндет жан-жақты дамыған жас ұрпақты тәрбиелеу және сапалы білім беру. Осыған орай мектепте оқушыларға жеке пәндерден терең жүйелі білім беру қажеттілігіне айрықша назар аударылуда.Сондықтан, оқушының білімге ықыласы мен қызығушылығын арттыру үшін тақырыпқа сай сабақтың түрін,құрылымын, әдіс-тәсілдерін түрлендіре білуіміз қажет.

Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Барнс оқытудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербалды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге асатынын көрсетті. (мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 98бет)

География сабағында география тілімен сөйлеуді көздейміз. Яғни ендігі ретте оқушылар – диалог жүргізу арқылы бірін-бірі үйретуші, ал ұстаз – сол білімді реттеуші, бағыт бағдар беруші. Топ құру барысында да өзара диалог жүргізу арқылы дұрыс шешім қабылдауға тырысады.

Оқушыларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болады. Нәтижесінде, диалог барысында оқушылар белгілі бір нәтижеге жету үшін пікір алмасу арқылы қызығушылығын арттыра отырып, негізгі білімді пысықтай алады. Өмір ағымына өзіндік пікірмен ілісе алатын, өзіне сенімді болып, жаңа нәрсеге тәуекелшіл, өмірді жаңаша көзқараспен қарайтын, тіл байлығы терең оқушылар болады деген сенімдемін. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол мұғалім мен оқушынының, оқушы мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүниетанымдылығы қабілеттілігінің артуы.

***Дамыта оқыту*** – ұжымдық – ой қызметі, шынайы сұқбат, іскерлік қарым – қатынас. Демек дамыта оқыту – біріккен іс – әрекет қана емес, шынайы сұхбат, іскерлік қарым қатынас болуы тиіс. Дамыта оқыту сипатындағы ойлау – ұжымдық ойлау іс – әрекеті барысында өзгелердің ой пікірімен толысып, ұшталып, сыналып, шыңдалған ойлау. Бұның бәрі сабақ процесінде сыни тұрғыдан ойлауды дилогтік іс-әрекет ретінде артады деп ойлаймын. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, тақырыптар бойынша электронды оқулықтармен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады.

Заманына қарай бөркінді ки дегендей,қазіргі заман талабына қарай сабақты жаңа әдіс-тісілдермен түрлендіріп өткізгенде ғана нәтиже болады. Оқушылар көптеген мәліметтердің астында қалып қоймай, өздігінен білім алып, өзін-өзі реттеп отыру керек. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін сын тұрғысынан ойлау технологиясы құрастырылған.

Топтық жұмыстағы диалогтік сұрақтар мен тапсырмаларды сабақ барысында іске асыру үлкен шеберлік пен тапқырлықты талап етеді. Сол себепті мен сабақты түрлендіріп өткізуге мән беру керек.

Әр сабақ сайын оқушылардың асыға күтетін сәттері – топқа бөліну. «Ырыс алды – ынтымақ» деген мақсатты басшылыққа ала отырып, сынып оқушыларын топтастырк қажет. Топқа бөлудің өзі оқушы назарын аудару, қызықтыру үшін тақырыпқа сай бөлуге тырысамыз. Топқа бөлінгенде оқушылар арасында тепе-теңдік орнап, тапсырманы бірлесе отырып, орындап білімдерімен бөліседі. Мұның өзі үлгерімі төмен оқушы үшін де маңызы зор.

Мектепте алған білімдерін өмірді қолдана алатындай етіп сабақты құру мұғалімдерден көп шығармашылық ізденістерді талап етеді. Оқыту сапасын арттыру мақсатында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, оқуға деген қабілетін, зейін, сөйлеу дағдылары, шығармашылық ойлау сияқты қабілеттерін дамыту өте маңызды. Сыныптағы әр бір оқушы ақпаратты әр түрлі қабылдайды. Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, әр сабақты тиімді стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Жаңа сабақты түсіндіруде, аудио, бейнемәтіндер болса, қолдану сатысында топтық әдісті қолдану ұтымды болады. Себебі топтар бір –бірлеріне сұрақ қоя алады, бір-бірлерінің жұмыстарын бағалай алады, өз идеяларын ұсынады,соның нәтижесінде біз «оқушының үнін» естиміз.

Топтық жұмыс, бұл:

- Генерация
- Шаттық
- Тапсырмалар
- Ізденіс
- Қарама-қайшылықтар
- Тәжірибе
- Шабыт
- Анықтылық
- Белсенділік

- Нәтиже
- Аралық даму
- Қарым-қатынас
- Шығармашылық
- Анализ
- Топтық жұмыс не береді?
- Бірлескен әрекет
- Сұрақ қоя білу
- Мәселелерді шешу
- Келісім жасай білу
- Рольдер мен жауапкершіліктерді жүктеу
- Өзгелерді тыңдау
- Өзгелерді өзіңе сендіру
- Өзін үшін жауап беру
- Топтық жұмыстың келесідей түрлері бар:
- Жұптардағы жұмыс
- «Миға шабуыл»
- «Жалғастыр» ойыны
- «Қазына іздеу»
- «Дельфи» әдісі
- Мозаикалық топтар
- «Зигзаг» әдісі (Ара әдісі).

**«Миға шабуыл»** әдісі– идеяларды басқару үшін қолданылады, қатал регламент, жүргізуші, хатшы, хронометрист рольдері белгіленеді. Яғни топ ішінде шешім қабылданған соң, баяндама немеесе хабарлама жасалады.

«**Жалғастыр»** ойыны – топ ішінде «тізбек» әдісін қолдану арқылы жасалады. Яғни бірінші оқушыдан бастап соңғы оқушыға дейін барлығы бір тақырып шеңберінде ойларын айтады. Мысалы, шығарма немесе қандай да бір оқиғаны баяндау кезінде қолдану тиімді.

**«Бір әріп шығармасы» ойыны** – әңгімені бір әріптен басталатындай етіп құрастырып шығу.

**«Қазына іздеу**» – мұғалім сұрақтар құрастырады. Сұрақтар білім мен танымды қажет етеді. Топтар интернет көздері мен кітап мәлімметтерін қолданады.

Мозаикалық топтар-мұғалім материалды бірнеше бөліктерге бөледі. Әр топ өз тақырыбында жұмыс жүргізеді. Топтарға қажетті мәліметтер беріледі. Әр топ өзге топтарға өзінің тақырыптары мен игерілген білімдерімен бөліседі. Жұмыс соңында резюме жасалынады.

«Белсенді әдіс» тәсілдері оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Белсенді оқыту **барлық** оқушыларға оқуға негізделген. География сабақтарында біз таңдаған **«Түсіндіру және сипаттау»,** «**Сұрақ қою және талқылау»,** «**Зерделеу және зерттеу»** әдістері барлық оқушыларды ынталандыруға бағытталған.

Саралау тәсілдері әрбір оқушыға оқу мақсаттарға жетуге ықпал етеді. Біз таңдаған «Тапсырма», «Диалог және қолдау көрсету» әдістері кейбір оқушыларға көмек беруді қажет етеді.

21 ғасыр дағдылары дамыту мақсатында интербелсенді әдістерді қолданудамыз. Біз таңдаған «Ойлан, тап», «Фишбоун», «Джигсо» әдістері  оқушыларды ынтымакта, бірлесе жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

Джером Брунердің спиралдық оқу бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді жоспарымызда оқушыларға қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмалар ұсынамыз. Тәжірибемізде қолданып жүрген ұжымдық жұмыста «Ойлан, тап» әдісі оқушының ынтасын оятуға және ойлануға мүмкіндік береді.

Сабаққа барлық оқушылардың қатысып отырғандығына көз жеткізу үшін «Белсенді оқытудың» «**Сұрақ қою және талқылау**» тәсілін басшылыққа алудамыз. Себебі, берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жауаптары әр түрлі болады. Білімді өмірмен ұштастырып, дәлелдемелер келтіріп сұрақтарға жауап береді, талқыға салады.

Саралаудың «**Диалог және қолдау көрсету**» тәсілдерін қолданамыз. Себебі, бұл әдісті қолдану барысында кейбір оқушыларға көмек қажет болады.

Оқушыларды қолдау және ішкі уәжін ояту мақсатында қалыптастырушы бағалаудың «Сиқырлы материктер», «Ойлан, жұптас, бөліс» әдістерін тиімді пайдаланудамыз.

**«Зигзаг» әдісі (Ара әдісі)** – топ 6 адамнан құралады, сұрақтар белгілі бір фрагменттерге бөлінеді, әр оқушы немесе топ сол сұрақты қарастырады, жалпылама түрде белгіленген келесі топтың сұрағымен танысады. «Эксперттер кездесуі» әдісі де осы негізде құралады, яғни бір оқушыдан шығып өз сұрақтарын талқылайды, алған жауаптарды топ ішінде қарастырады.

Оқуды жақсарту үшін оқушылардың білімдеңгейі қай дәрежеде, оның дамуына ықпал ету жолында бағалаудың да бірнеше түрлері бар.

Өзара бағалау көбіне үй тапсырмасын тексеру кезінде қолданылады, оқуышылар бағалап қана қоймай ,сонымен қатар қай тақырыпты қайталау қажеттілігін де жазады. Топтық жұмыста өзін-өзі бағалау, кей тапсырманы критерий бойынша бағалау кең қолданылады.

Топтық және жұпытқ жұмыстың нәтижелері:

- Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі
- Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады
- Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласын
- Оқуышлардың көбін бағалауға мүмкіндік
- Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді
- Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады
- Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

**Әдебиеттер**


1. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар, 2006.
2. Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.
3. Қарсыбаева Р.Қ. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей, 2 басылым. – 2014.



ҒТАХР: 14.07.05


## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ


**Токпанова М.А.,** математика пәні мұғалімі

«№ 21 ЖОББМ» КММ

(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)


Деңгейлік тапсырмаларды енгізгендегі басты мақсат – сынып оқушыларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әр түрлі топтарға бөлуді болдырмау. Осы арқылы деңгейлік және дербес оқыту принциптерімен қатар, барлық оқушыға қатысты ізгілендіру принципі де сақталады.

Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың әр түрлі білім дәрежесіне сай ұсынылады. Деңгейлік тапсырмаларды орындағанда мұғалім – бақылаушы, кеңесші. Деңгейлік тапсырмаларды қолдануда оқушылардың ақыл-ой еңбегін жетілдіру талабы қойылады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар оны орындау әдістемелік кешенімен ұсынылады Бұл технологияда жұмыс міндеті үш деңгейлік және қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады.

1-деңгей: міндетті, оқушылық;

2-деңгей: алгоритмдік;

3-деңгей: эвристикалық материалды саналы түрде меңгеру;

4-денгей: шығармашылық – өз бетімен ауқымды оқу материалын меңгеру.

1-деңгейдегі тапсырмаларға:

1) Жаттап алуға лайықталған болуы керек;

2) Алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беру тиіс;

3) Тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек. Мұндай тапсырмаларды құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызығушылық жақтарына көңіл аударған жөн.

2-деңгейлі тапсырмаларға:

1) Өтіп кеткен материалды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар;

2) Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Бұлар: логикалық есептер, ребустер мен сөз жұмбақтар.

3-деңгейлік тапсырмаларға:

1) Танымдық – ізденім түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа

тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімділігін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Эврика! Мұндай жұмыс – анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізгісін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді.

2) Әртүрлі әдіс-тәсілдермен шешілетін есептер.

3) Өздігімен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

4-деңгей шығармашылық деңгей тапсырмалары:

1) Оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктердің қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген (теорема дәлелдеу, заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару).

2) Олимпиада есептерін шығару

3) Берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, ғылыми жобалар қорғау.

Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады.

Барлық оқушылар жұмысын бір мезгілде бастап әрқайсысы білім игерудегі өз қабілетіне қарай өз биігіне жетеді. Әр оқушының әр пәннен 100% үлгеріміне қол жеткізудің кепілі болады және әр оқу пәнінің барлық тақырыбы бойынша ең болмағанда міндетті 1-деңгейді игеруін толық жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде, мемлекеттік стандарттың талаптарының орындалуына кепілдік беріп, Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының талаптарына сай келеді және дәстүрлік оқытудағы оқушылардың артық жүктеме тарту проблемасын шешеді. Әр деңгейдің барлық тапсырмаларын дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергеніне сәйкес 12-балдық жүйемен ерекше бағаланады. Бұл жағдайда оқушы мұғалімнің көмегінсіз өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өз бетімен дами алатын тұлғаға айнала бастайды деп табылады. Сабақ барысында мұғалім әр деңгей тапсырмасының дұрыстығын тексергеннен кейін, тақтада ілініп тұрған "Ашық журналға" + белгісін оқушылардың өздеріне қойғызып отырады. Оқушылардың әрқайсысы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы.

Оқулықта берілген тапсырма жұмыстары түгел қамтылып,деңгейлік тапсырмалар арқылы орындалады. 40 минутқа негізделген 3 деңгейлік тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмаларды оқушылар сыныпта және үлгермегенін үйде орындайды. Әрбір оқушы деңгейлік тапсырманы орындап болған соң,мұғалім дайындаған дұрыс жауаптармен өзі орындап үлгерген тапсырмаларын тексереді.Осылайша бір деңгейден бір деңгейге,өз білімін біртіндеп толықтыра отырып,өз қабілетінде жетілдіреді.Оқушылардың бір-бірінің үлгерім деңгейлерін бақылап отыра алатындықтарынан,өзара жарыс туады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты болып білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру табылады. Әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етуі керек. Деңгейлеп оқыту технологиясы деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Себебі сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі-оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар орындау. Оларды өздік жұмыстар, таратпа материалдар, тестік және үй тапсырмалары түрінде беруге болады. Әр тарау бойынша дұрыс құрастырылған деңгейлік тапсырмалар сапалы білім негізі бола алады, өйткені ол оқушының білім сапасының дамуын, логикалық ойлауын, дағдысын қамтамасыз етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы оқушының белсенділігіне аса назар аударылды. Сондықтан өз іс-тәжірибемде оқушылардың ойлау қабілетін дамыту өздігінен жұмыс жасауға дағдыландыру барысында іске асырылатын деңгейлеп оқыту технологиясының да элементтерін қолданамын. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, косымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр

оқушының мақсатына айналады. Ұтымды пайдаланылған педагогикалық технология сапалы білім негізі бола алады.

Сабақтың мазмұнына, сабақты өткізудің әдіс-тәсілдеріне және нәтижесіне басты көңіл бөлемін. Белгілі бір тақырыпты немесе тарауды жалпылауда, қайталауда немесе тоқсан, оқу жылының соңында оқушылардың қорытынды білімін тексергенде деңгейлік тапсырмаларды қолдану өте ұтымды. Себебі мен өз іс – тәжірибемде оқушылардың әр тарауды, тақырыпты қаншалықты меңгергенін білім деңгейіне байланысты өздік білімділігін қалыптастыру үшін құрастырылған тапсырмалар арқылы тексеремін. Сабақтың басында оқушыларды тестік тапсырма орындаулары бойынша білім деңгейлерге бөліп аламын. Тестік тапсырмалардың нәтижесін компьютер тексеріп, бағалайды. Бұл мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

***Математикалық сауаттылық*** функционалдық сауаттылықтың бір тармағы болып табылады. Сауаттылық қызметі – алған білім,білік,дағдысын күнделікті іс – әрекетте пайдалану біліктілігі.

Математика-барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика – оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Математика сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады.Әр сабақта оқушылардың тақырып бойынша ойын,пікірін, түсінігін, дәлелдерін білуге ұмтылу керек. Ұстаздар шәкірттен білмейтінін сұрап сол бойынша оның ойын, түсінігін, дәлелдеулерін келтіруіне жетелеу керек.

Оқушылардың теориялық және практикалық білімдерін ұштастыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін ой-өрісін дамыту қажет. Сондықтан сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін, оларға мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырыпты тиянақты меңгертуде жан-жақты ойлауды дамытатын олимпиадалық және шығармашылық тапсырмалар орындау керек. Математикалық ойындар, логикалық есептер, сыныптан тыс жұмыстар арқылы өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыруға болады. Осылай құрастырылған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер**

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені сабақта қолдану мәселелері. – Алматы, 2013 ж.
2. «PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының типтік оқу бағдарламасы, Тараз – 2014.
3. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013.

ҒТАХР: 14.07.03

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

**Төлеубай Г.Б.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 21 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың. қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға, сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге, жжеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.

Өз іс-тәжірибемде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан оқушы екінші адаммен, досымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетініне көз жеткізіп жүрмін.

Диалогтік әдісті қолдана отырып білім алушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамын. Әр түрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамын. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуды білім алушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргіземін. Диалогтік оқыту тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Осы кезде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды. Топта талқылауға қатысу оқушының бәсекеге қабілетін арттырады, өз дәлелін қорғап, мәселеге сыни тұрғыдан қарауға дағдыланады.

Мерсер сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін көрсетеді:

1. Пікірталастық әңгіме; 2. Топтық әңгіме; 3. Зерттеушілік әңгіме.

Іс – тәжірибемде жоғарыдағы үш түрлі диалогтың екіншісі қолайлы деп шештім. Әңгімелесу – мұғалімге білім алушылардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады деп,олардың түрлерін атап көрсеткен. Олар жұптық, топтық, ұжымдық. Жұптық жұмысқа түсу осы диалогтерден тұрады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ – жауап,рөлдік,тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

1. Сұрақ – жауап әдісі – қазақ тілі сабағында білі алушылардың ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады. Әрбір жаңа сабақты бастамас бұрын жаңа тақырыпқа байланысты кіріспе сұрақ жауап дайындалады.

Тіл оқытуда және үйретуде диалогтың маңызы ерекше. Білім алушылар берілген сұрақтарды бірлесе оқып оған жауап беріп топ басшысының шешімімен топтан екі адам ортаға шығып жұптық жұмысқа өз шығармашылықтарын көрсете біледі.

Сөйлесімге деген қажеттілік оқытушы тарапынан да, білі алушы тарапынан да бірдей болу қажет. Сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың әсерін ескеру оқу процесін тікелей өмірмен жалғастырады. Сол себепті ситуациялық көрініс өмірде болып жатқан құбылыстарды бірден түсініп, ауызша тіл арқылы жеткізіп беруге жол ашады. Сабақта сөйлеудің барлық формалары (монолог, диалог т.б) сөйлеушілердің ыңғайына қарай атқарыла береді. Сабақта диалог жүргізуге арналған тірек схеманы пайдалану барысында білімдерін тереңдетіп, жалпы ой-өрістерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар коммуникативтік іскерліктері мен дағдылары жетіледі. Әр сабақта тақырыпқа байланысты диалог түрлерін өзгертіп отыруға болады. Мұндай сабақ түрі білім алушыларды ауызша сөйлеуге үйретудің қызықты, әрі тиімді түрі. Білі алушылар бұған ықыласпен қатысады, ал бұл олардың қазақ тіліне деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді.

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар. Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады. Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Білі алушылардың диалогтік ортасын құруда кесте мазмұнының да алатын орны ерекше. Кестедегі түйін сөздердің көмегімен сұрақ қою арқылы диалогтік ортаға енеді. Осы жұмыстар нәтижесінде олардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

«Диалог-ертегі» ойыны. Шарты: мұғалім не білім алушы шығарып, кез келген бір әңгіме – мәтінді бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бірден сөйлеммен ары қарай жалғастырады.

«Сұрақ-жауапқа құрылған хат». Бұл ойынды италиян жазушысы Д.Ж. Родари ойлап тапқан. Ойынның шарты: 6 студентке 6 түрлі сұрақ беріледі. Сол сұрақтарға білім алушылар жазбаша түрде жауап береді. Бірақ бұлар кез-келген сұрақтар емес. Белгілі бір қалыпқа түскен тұрақты сұрақтар. Бір қызығы әрқайсысы жолдастарына қандай сұрақ берілгенін білсе де, олардың қандай жауап жазғанын білмеуі тиіс. Әйтпесе ойын шарты бұзылады. Жаттығу аяқталғаннан кейін мұғалім әр білім алушының жауабы біріктіріп, тұтас мәтін құрайды да балаларға оқып береді. Сол кезде әрі

қызғылықты, әрі күлкілі оқиға шығуы мүмкін. «Сұрақ-жауапқа құрылған хат» ойыны – өте тартымды ойын. Әсіресе сабақ үстінде жүргізсе сергіп қалады, сабаққа деген зейіні арта түседі.

«Сөйлеу минуты» ойынымен бастауға болады. Ойын мақсаты – балаларға үйде не істегенін ауызша диалог түрінде айтқызып, әңгімелеп беруге үйрету. Ойын сұрақ-жауап түрінде өтеді.

Білі алушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін құзыреттілік тапсырмаларды қолдану өте тиімді».

«Білім алушылардың өздік жұмысы – арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындалатын жұмыс. Тапсырмада қойылған мәселеге, ақыл-ой мен күш-жігерін саналы түрде жұмсай отырып шешеді, әр өз жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Оқыту процесінде жүргізілетін өздік жұмыстың мазмұны мына талаптарға сай болуы шарт:

– тапсырма мазмұны сынып оқушыларының жас және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалуы керек;

– білім алушының бұған дейін алған біліміне сәйкес құрылуы тиіс; тапсырма түсінікті, мазмұны қызықты болуы қажет; орындау тәртібі мен тапсырма мазмұны бірте-бірте күрделене түседі.

Сабақта өздік жұмыстарды төмендегідей мақсаттарға байланысты жүргізуге болады.

Бастауыш сынып оқушылардың өздігінен білімінен толтыра, жетілдіре отырып, жаңа білім алу;

Оқушылардың бір-бірімен білім алмасуына дағдылану;

берілген білімді пысықтау;

Оқушының білімін тексеру, бақылау;

шығармашылық қабілетін арттыру;

сөздік қорын байыту, тіл дамыту.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар оқушылардың коммуникативті құзыреттіліктерін арттыруға зор септігін тигізеді, түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс – әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс – әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі.

**Әдебиеттер**

1. Педагогика мәселелері // Ғылыми-теориялық журнал. – № 1-4. – 2007.
2. Жаңа жоба – жаңашылдық бастауы. – Алматы, 2012.
3. Ел-назар // Республикалық журнал. – № 05(08). – 2012. – 21 б.
4. Ашық сабақ. Факультативті сабақтар. – № 5. – 2009. – 3 б.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана, 2012.
6. Қазақ тілі оқыту әдістемесі 3-сынып – А. Қайырбекова., А. Кенжесарина. – Алматы: «Атамұра», 2010.
7. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде // Республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. – № 2. – 2008.
8. Іс – тәжірибеде оқытуды басқару мен көшбасшылық – тренердің жазбалары 1-басылым, 13.12.2011.
9. Тілдік қатынас. – Алматы. – 39 б.

МРНТИ:17.09.09

## РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ

**Хасанова А.С.,** учитель русского языка и литературы
Букенчинская СОШ
(Республика Казахстан, г. Семей)

Работа с текстом предоставляет нам большие возможности анализа языкового материала на уроках различных организационных форм обучения русскому языку. Особенно такая работа важна на уроках развития речи, но комплексный анализ текста может присутствовать на учебных занятиях разных типов: усвоения новых знаний, комплексного применения знаний и умений, актуализации знаний и умений, систематизации и обобщения знаний и умений, контроля знаний и умений и др. При работе с текстом используются частично-поисковый и исследовательский методы обучения.

**Выделяют 3 типа текстов:** описание; повествование; рассуждение. **Описание** – это констатирующая речь, как правило, дающая статическую картину, понятие о составе и свойствах объекта путём перечисления его признаков. В описании объект, явление не развиваются. Примером может служить описание места преступления в судебной речи. **Повествование** – это рассказ о событиях, развивающихся действиях или состояниях. Повествование изображает динамические ситуации. **Рассуждение** – это тип текста, в котором исследуются предметы или явления, раскрываются их внутренние признаки, доказываются некоторые положения.

Жанрами текстов являются:

- текст-побуждение;
- текст-ретроспекция;
- оценочный текст;
- контактоустанавливающий текст.

Указанные жанры текстов встречаются в разных функциональных стилях речи. В разговорной речи текстами-побуждениями являются просьба, совет, рекомендация, пожелание; в деловой речи – приказ, постановление, решение, распоряжение, предписание; в публицистической речи – призыв, совет, рекомендация. Текстом – ретроспекцией может быть рассказ о каком-либо случае, происшествии в рамках бытового диалога, научная или публицистическая статья, газетный или официальный отчет. Оценочными текстами являются аналитические статьи, обзоры, аннотации, рецензии. Контактоустанавливающие тексты – это приглашения, поздравления, рекламные объявления.

В своей практике при работе с текстом использую следующие приемы работы:

- Работа с заголовком. По заголовку можно попросить учащихся определить: – тематику текста; – перечень поднимаемых в нём проблем; – ключевые слова и выражения и так далее.
- Использование ассоциаций, связанных с именем автора. – к какому жанру можно предположительно отнести этот текст? – Кто, по – вашему, будет главным героем (его профессия, национальность и так далее). – Где и в какое время может происходить действие?
- Сформулировать предположения о тематики текста на основе имеющихся иллюстраций.
- Ознакомиться с новой лексикой и определить тематику, проблематику текста на основе языковой догадки. Задача учащихся – определить основную идею текста.
- Просмотреть текст, первый абзац и определить основную идею текста.
- Прочесть вопросы, утверждения по тексту и определить его тематику и проблематику.
- Попытаться ответить на предложенные вопросы до чтения текста.
- **Текстовый этап.**

**Цели:** проконтролировать сформированности различных языковых навыков и речевых умений и продолжить формирование соответствующих навыков и умений.

**Упражнения и задания**

- Найти, выбрать, прочесть, соединить, вставить:
- ответы на предложенные вопросы;
- подверженные правильность, ложности утверждений;
- подходящий заголовок к каждому из абзацев;
- подходящее по смыслу предложений, пропущенное в тексте;
- предложения со следующими словами, грамматическими явлениями, идиоматическими выражениями и так далее;
- глаголы, прилагательные, эпитеты, другие тропы, используемые авторам при описании кого-либо или чего-либо;
- описание внешности, места события, отношения кого-либо к чему-либо и так далее.
- Догадаться: о значении слова или слов по контексту;
- какой из предложенных переводов, какая дефиниция слова наиболее точно отражает его значение в данном контексте;
- как будут развиваться события во второй главе, следующей части текста.

**Послетекстовый этап.**

**Цель** – Использовать ситуацию текста в качестве языковой, речевой, содержательной опоры для развития умений в устной и письменной речи.

**Упражнения и задания**

- Опровергнуть утверждения или согласиться с ними.
- Доказать, что.

- Охарактеризовать.
- Сказать, какое из следующих высказываний наиболее точно передаёт основную мысль текста. Обосновать свой ответ.
- Сказать, с каким из данных выражений был бы не согласен автор.
- Составить план текста, выделив его основные мысли.
- Рассказать текст от лица главного героя.
- Кратко изложить содержание текста, составить аннотацию к тексту, дать рецензию на текст и так далее.
- Придумать, что могло бы случиться, если бы. Придумать новый конец текста.
- Придумать новое название.
- Подобрать, отобрать пословицы, которые подходят по смыслу к данной ситуации и наиболее точно передают идею текста.
- Взяв за основу ситуацию текста, написать собственный текст, в другом жанре и так далее.

**Литература**

1. Александрова З.С. Словарь синонимов русского языка. – М., 1998.
2. Ашукин Н.С., Ашукина М.Г. Крылатые слова: Литературные цитаты. Образные выражения. – М., 1988.
3. Зимин В.И. и др. Русские пословицы и поговорки: Учебный словарь. – М., 1994.
4. Орфоэпический словарь русского языка: Произношение, ударение, грамматические формы / Под ред. Р.И. Аванесова. – М., 1989.
5. Панов Б.Г., Текучев А.В. Школьный грамматико-орфографический словарь русского языка. – М., 1991.
6. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь трудностей русского языка. – М., 1998.

ҒТАХР: 14.23.07

## БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

**Шеригбай А.,** биология пәні мұғалімі
«Бөкенші жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты. Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды.

Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет.

Оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді. Сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғышарттары бар. Олар:

– сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау;

– тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс – тәсілдерін түрлендіріп отыру;

– қосымша материалды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп алу;

– дидактикалы, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану;

– сабақта алдыңғы қатарлы озық іс–тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану.

Тиімді әдіс- тәсілдер- сапалы сабақ кепілі. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.

«Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты. Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды.Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет.

Оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Мысалы, мен өз сабағымда «Құрылысшы ойыны», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал», «Температура өлшеу», «SVOT», «Сұраққа жылдам жауап», «Мұғалімге хат жазу», «Эссе жазу», «Сұхбат алу», «Қалың және жұқа сұрақтар», «Логикалық тізбекті ажырату», «Шырша немесе фишбоун», «Стикердегі диалог» әдіс-тәсілдерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының арттатындығын аңғардым. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Яғни, қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. Ал осы әдіс-тәсілдерді сабақ үдерісінде тиімді пайдалану үшін сабақ мақсаты нақты әрі қолжетімді болуы керек.Өйткені сабақтағы ең маңыздысы қойылған дұрыс мақсат пен күтілетін нәтижелер. Дұрыс қойылған мақсат күтілетін нәтижелерге жету жолында нақты іс- әрекетке жетелейді. Сондықтан сабақтарымды жоспарлауда мен үшін маңызды сабақ мақсатын нақты әрі қолжетімді етіп құру болды.

**«Құрылысшы ойыны»** өте тиімді тәсіл. Мәтін бөліктерін тез жинау. Оқу шапшандығын және өз ойын еркін жеткізу қабілетін дамытудағы үлесі зор екендігіне көз жеткіздім.

**«SVOT» әдісі** оқушының өзін және өзге топты бағалауына өте тиімді..

**«Көршіңмен сырлас**» – бұл әдіс оқушылардың өз ойын ауызша білдіруіне үйретеді. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріңіз. Өз ойын көршісімен бөлісіп, ақылдасуын сұраңыз.

**«Температура өлшеу әдісі»** бұл әдіс топтық жұмыс барысында мұғалім топ жұмысын бақылау үшін «біз не істеп жатырмыз?» деген сұрақ қою арқылы оқушылардың жұмысы нәтижелі болу үшін бағыт береді.

**«Сұраққа жылдам жауап»** тақырыпты терең түсіну және оқушылардың назарын сабаққа аударып,ой-өрісін дамыту мақсатында төмен дәрежелі сұрақтарға толық жауап алу мақсатында қолданамын.

**«Сюжеттік кесте»**

Оқушылардың мәтінді қаншалықты меңгергенін бақылау үшін сұрақтарға сәйкес төрт сөзден тұратын сөйлем құруды тапсырыңыз. «Сұрақты тауып ал» бірнеше сөйлем бір сұрақтың жауабы болады.

**«Мұғалімге хат жазу»** сабақ аяғында оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақ қояды немесе түсінбеген, түсініксіз сұрақтар бойынша ұсыныстарын жазады.

**«Эссе жазу»** 3 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс-тәсілдің бірі.

**«Сұхбат алу»** ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді.

**«Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі** топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады.

**«Логикалық тізбекті ажырату»** бұл әдісті сабақ қорытындысын шығару кезінде қолданған тиімді. Оқушыларға тақырыпқа сәйкес негізгі сөздер тізбегін жүйелілікке келтіру тапсырылады.

**«Шырша немесе фишбоун»** бұл стратегия оқушыларды көлемі үлкен тақырыпты бірнеше себебі мен дәлелдемесі келтірілген шағын тақырыпшаларға бөлуді үйретеді.

**«Стикердегі диалог»** әдісі. Бұл – үй тапсырмасын тексеруге, қорытынды сынақ немесе қарапайым ереже сұрауға таптырмас әдіс. Өйткені бұл әдісті қолданған кезде оқушы оқылған сұрақтың жауабын білуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдіс оқушыны тез ойлануға, есте сақтау қабілетін дамытып,шапшаңдыққа үйретеді. Себебі, қағазда жазылған сұрақ басқа, жауап та басқа. Осы жерде

оқушының шапшаңдығын, аңғарымпаздығын тануға болады. Сонымен қатар, бұл әдіс сыныптағы ынтымақтастық атмосферасын орнатуға да мүмкіндік береді. Оқушылар өз сұрағының жауабын естуге тырысады және өзіндегі жауаптың сұрағын тыңдауы тиіс. Осы жерде сынып оқушыларының арасында сыйластық қалыптасып,бір- бірінің сөзін тыңдауға бейімделе бастайды.

Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс – тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. 7 модульді сабақтарға кірікті ре отырып, жаңаша әдіс – тәсілдерді пайдалану өте тиімді.

**Әдебиеттер**

1. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2006. – 227-279 б.
2. Бұзаубақова К.Ж. Білім берідегі инновациялық технологиялар. – Тараз, 2014. – 243-261 б.
3. Клустер Д. Что такое критическое мышление? – Перемена, 2001. – № 4, 5 – 21-27, 38 б.

FTAXP: 29.01.45

## БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҒЫН БЕЛСЕНДІРУ

**Балгабаева Н.С.,** биология пәні мұғалімі
«Тұрағұл Қоңыр атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Дидактиканың ең маңызды проблемасы сабақта оқушылардың танымдық әрекетті белсендіру. Ол дегеніміз оқушыларды жүйелі түрде оқу процесіне ынталандыру. Сабақта белсенді ойлау жұмысы, өздік танымдылық көрсету – нәтижелі оқытудың жемісі. Оқытылатын материалға қызығушылықты тудыру үшін белсенді және енжарлы әдістер түрлерін қосу, жас ерекшеліктерін, қабілеттерін ескеру керек.

Оқушылардың танымдық әрекеттерін дамытуға арналған нұсқалар: **дидактикалық ойындар.**

Оқыту ойын бірнеше қызмет атқарады:

– ойлау қабілетін дамытады, оқытылатын тұлғаға әсер етеді, ой-өрісін кеңейтеді;

– нақты жағдайда бағдарлауға үйретеді;

– танымдық әрекетін ынталандырып, мотивациясын күшейтеді, қызуғышылықты дамытады.

Мысалы: а) «Үшіншісі артық» ойыны – тақтада бағанмен ағзалар, құбылыстар, нақты бір белгі бойынша сөздер жазылады. 1. жидек 2. бұршаққап 3. дәнек (артығы 1 сөз-шырынды жеміс)

б) «Тізбек»

в) «фоторобот» бір объектіні тауып алу

г) «танымдық ойындар-саяхаттар» – Ішекқуыстылар еліне саяхат, т.б

**Проблемалық жағдайлар**

Проблемалық сұрақтарды тақырыпты оқыған кезде әр кезеңінде қоюға болады:

– жаңа тақырыпты түсіндіргенде «сабақтың басында), бұл қызуғышылықты тудырады;

– алған білімдерін бекіткенде, материалды жалпылауға көмектеседі және оқушылар өздігінен қорытынды жасай алады;

– білімдерін тексергенде.

Танымдық әрекеттерін белсендіруге *проблемалық жағдай* туғызу қажет:

1) «Ішін ауырса, ауызыңды тый» мәтел арқылы асқорыту тақырыбын өткенде айтуға болады.

2) «Айтбас жерде ауызынды тый, қышынбас жерде қолыңды тый»

3) «Ғалым мен жақын болсан, қолын жетер. Залыммен жақын болсаң, басын кетер»

4) «Сақтықты соқырдан үйрен, кішілікті түйеден үйрен» т.б.

Биология сабағында танымдық қызуғышылықтарын дамыту үшін биологиялық есептер қолданамын. Есептерді шешкенде оқушылар әр түрлі пікірлерін айтады, дәлелдеуге тырысады, ойлайды, логикалық ойлау әрекеттері дамиды.

Биология сабақтарында мынадай мақсаттарды қолданамыз:

а) оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға қалыптастыратын есептерді қолданамын

б) табиғи нақ пішіндерін анықтау тапсырмалар

в) іскерліктерін қалыптастыру және болжам арқылы дәлелдеу

г) зерттеу іскерлігін дамытуға арналған тапсырмалар

д) практикамен байланысқан теориялық білімдерін анықтауға арналған тапсырмалар.

е) бақылауға арналған тапсырмалар

ж) жаңа ақпарат беретін тапсырмалар

1. Мысалы, ***жалпылауға*** арналған тапсырмалардың бірін ойын ретінде өткізуге болады.

«Түсіндір» деген тапсырмада оқушылар мына өсімдік қай тұқымдасқа жатады? Жауабын шешу үшін мына сұрақтарға ең бірінші жауап беру керек.

а) Шие туралы айтылатын болса:

1. Бұл өсімдік ағаш немесе бұта
2. Жапырақтары жай, тор жүйкелі
3. жемісі қызыл, сүйекті
4. Гүлдері иіссіз, дұрыс, 5 күлтесі және тостағаны бар, аталығы көп, аналығы 1
5. гүлшоғыры-қалқан

б) «қайсысы артық» деген тапсырма:

сұлы, бидай, қарабидай, тары, алмұрт

шие, алма, алмұрт, долана, сұлы

в) «Орама» деген танымдық ойын түріндегі тапсырма. Оқушылар бірін-бірінің артына отырып бір оралған қағаз береді. Әр топ бір тұқымдастың белгілерін қағазға жазады және олар оқып, қағазда дұрыс сызылмаған көп белгілер қалса сол топ жеңді.

**ВОКАНСОНА және ГЁТЕ-нің үйрегі**

«Егер де үйрекке бір нәрсе ұқсаған болса және сол сияқты жүзіп жүрсе, онда ол үйрек» – ағылшын мақалы бар




Суретте 1739 жылы француз Жак Вакансонның жасаған механикалық роботы – үйрегі көрсетілген. Үйрек жүретін, дыбыс шығарып, құстың қимылын жасайтын Ең қызықтысы, ол қоректеніп, жегенің бөліп шығаратын. Көргендер роботтың тамағы қортылмайтынын анықтаған.Оның ауызына тамағы барып, ішінде қалса да, мүмкін механикалық үйректі артқы жағынан экскременттермен толтырған. 1805 жылы осы үйректі Иоганн Вольфганг Гёте көрген. Поэттің айтуы бойынша « үйрек қаңқаға ұқсайды және ас қорыту жүйесінде проблемасы бар»

-Қалай деп ойлайсыңдар Вакансонның роботын үйрек деп санауға бола ма? Жауаптарыңды логика және биология көзқарасы арқылы беріңдер.

7-сыныптарда жануартану тақырыбын өткенде мына сұрақтарды қолдануға болады:

1. Краб таяқшалары, шпрот консервлері-гастрономиялық деликатестер. Оларды неден дайындайды?
2. Балға балық деп неге аталған? (тұмсығының пішіні балғаға ұқсайды)
3. Оптикалық құрал және аквариум балығының аты (телескоп-балығы)
4. «Фугу жегін келсе, ең алдымен мұраңды біреуге жазып кет» жапондықтардың мақалы бар. Осылай неге айтылады?
5. ***«Мен, әлі қолы шықпаған, балалары бар, сегіз ананың басын кесіп тастадым.Содан кейін біреуін төрт рет кесіп тастадым ....». А. Трамбле бұл қандай жануар туралы айтылған?***





Фантастикалық жануардың бейнесі қандай құстардың денесінен құралған?

**7. «Өркен» тақырыбының танымдық сұрақтары**

1. Қандай орман шуылдайды және қандай орманда ағаштардың жапырақтары жай желге ақырын селбесіп тұрады. Неліктен?

2. Емен, аққайың және терек, самырсын, пихта шаған. Осы ағаштардың арасында қайсысы артық? Неліктен.

3. Біздің маңайымызда өсетін ағаштардың қандай қорғаныс ерекшеліктері бар?

**Әдебиеттер**


1. Выдрина М.К. Активизация познавательной деятельности учащихся на уроке
2. Лозовая Н.А. Лабораторные работы и познавательные задачи по биологии. – Алмата: Мектеп, 1986.
3. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике, 1971.
4. Молис С.С., Молис С.А. Активные формы и методы обучения биологии. – Москва: Просвещение, 1988.
5. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2006. – 227-279 б.
6. Бұзаубақова К.Ж. Білім берідегі инновациялық технологиялар. – Тараз, 2014. – 243-261 б.
7. Клустер Д. Что такое критическое мышление? – Перемена, 2001. – № 4, 5 – 21-27, 38 б.


МРНТИ:17.09.91

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

**Дель Н.А.,** учитель биологии
КГУ «Средняя школа имени Динмухамеда Кунаева»
(Республика Казахстан, ВКО)

Школа сегодняшнего дня делает попытку «повернуться лицом к ученику», к его индивидуальности, создать наилучшие условия для развития и максимальной реализации его склонностей и способностей в настоящем и будущем. У учителей есть возможность выбрать методы и технологии обучения, которые, по их мнению, наиболее оптимальны для построения и конструирования учебного процесса. Среди разнообразных направлений инновационных педагогических технологий, на мой взгляд, в полной мере соответствующие поставленным целям и наиболее универсальными являются технологии критического мышления, технологии проектного обучения, информационные компьютерные технологии, игровые технологии, модульное обучение.

**1. Технология развития критического мышления**

Технология развития критического мышления – одна из тех обучающих технологий, которые стимулируют мыслительную активность обучающихся, побуждают желания найти во всем смысл, влияют на любознательность. Технология критического мышления основывается на получении, восприятии и передачи информации, поэтому она универсальна. Восприятие информации происходит в три этапа, что соответствует следующим стадиям урока:

**Первая стадия – вызов.** Вызов уже имеющихся знаний по изучаемому вопросу. Активизация учащихся, мотивация для дальнейшей работы. Информация, полученная на стадии вызова, выслушивается, записывается, обсуждается. Работа ведется в парах, группах, индивидуально.

**Вторая стадия – осмысление.** Эта стадия позволяет ученику получить новую информацию, осмыслить её, соотнести с уже имеющими знаниями. Подача новой информации осуществляться непосредственно через просмотр фильма, прослушивания лекции или чтения текста параграфа «со стопом». После каждой смысловой части обязательно делается остановка. Во время «стопа» идет обсуждение проблемного вопроса или коллективный поиск ответа на основной вопрос темы, либо дается какое-то задание, которое выполняется в группах или индивидуально.

**Третья стадия – рефлексия**. Учителю следует вернуть учащихся к первоначальным записям. Внести изменения, дополнения, дать творческие задания на основе изученной информации. Важным моментом является формирования у каждого из учащихся собственного отношения к изучаемому материалу.

В технологии критического мышления существует множество методических приемов, которые можно использовать на уроках биологии. Прием «Составления маркировочной таблицы».

Называется тема урока и учащимся предлагается заполнить колонку «Знаю», куда они вносят сведения, уже известные им по данной теме. В колонку «Хочу узнать» учащиеся записывают вопросы, возникшие в ходе обсуждения темы урока. После чтения текста предлагается заполнить колонку «Узнал».

Затем учащиеся соотносят «новую» информацию со «старой», сопоставляют, сравнивают. Маркировочные таблицы удобно использовать при изучении систематических групп растений и животных.

**Прием «Ключевые слова».** Этот метод позволяет составлять рассказы, схемы, логические цепочки. Например, при изучении темы «Простейшие» (7 класс), можно дать ребятам следующее задание: составить рассказ из таких ключевых слов, как сократительная вакуоль, пищеварительная вакуоль, ядро, органы движения, циста, водоем, бактерии.

Технология развития критического мышления, ее методы, используемые при изучении биологии, повышают интерес учащихся к предмету, способствуют формированию коммуникативных способностей. Человек нуждается в критическом мышлении, которое помогает ему жить среди людей, социализироваться.

**2. Технология проектного обучения**

Проектная и исследовательская деятельность занимает важное место в учебном процессе, так как она способствует формированию свободной творческой личности, умеющей учиться, способной самостоятельно мыслить, применять знания, искать пути нестандартного решения проблем. В преподавании биологии проектную деятельность использую в зависимости от целей и задач обучения. Проекты могут быть разных видов: информационные, исследовательские, творческие, конструктивные. При внедрении проектной деятельности в учебный процесс важна определенная последовательность, поэтому знакомлю учащихся, как поэтапно выполняется работа по проекту. Первый этап – выбор тематики проекта. В одних случаях тема может формироваться в рамках программы, в других, выдвигаться учителем с учетом учебной ситуации. Самое главное, чтобы работа соответствовала интересам ученика, его возрастным, индивидуальным и интеллектуальным возможностям.

Второй этап – выполнения данного проекта в соответствии с поставленными задачами. Здесь у учащихся развиваются умения выдвигать гипотезы, ставить эксперименты с природными объектами, систематизировать и обобщать полученные данные, анализировать информацию, собранную из разных источников, исследовать биологические процессы.

Подведение итогов работы. Презентация проекта. Данный этап имеет цель: представить результат своей деятельности, обозначить проблему, способы ее решения, доказать правильность решений, что позволяет развивать умения у школьников владеть культурой коммуникаций. Наиболее часто используемые презентации проектов в биологии это: мультимедийная презентация, научная конференция, информационный плакат, виртуальная экскурсия и другие.

При изучении вопросов гигиены, учащимся 8-х классов предлагаю выполнить информационные проекты. При этом ребята могут подробнее остановиться на профилактике нарушения нормальной работы какого-либо органа и сделать для себя выводы. Решая поставленную задачу, ученик осваивает навыки работы с различными источниками информации, стремится отстоять правоту своей точки зрения. При проведении практических работ использую элементы проектно-исследовательской деятельности. Например, при изучении темы: «Борьба за существование» (9 класс) за две недели до практической работы учащиеся закладывают опыт выращивания различных видов двудольных растений, затем на уроке докладывают о результатах эксперимента и наглядно демонстрируют пример межвидовой борьбы за существование.

**3. ИКТ**

Современное общество ставит перед учителями задачу развития личностно значимых качеств школьников, а не только передачу знаний. Знания должны выступать не как цель, а как средство развития личности. Богатейшие возможности для этого представляют современные информационные компьютерные технологии (ИКТ). К эффективным формам представления материала по биологии следует отнести мультимедийные презентации. Использование мультимедийных презентаций целесообразно на любом этапе урока. Программный материал представленный в виде учебных фильмов, слайдов с анимацией и звуковым сопровождением облегчает процесс усвоения и запоминания новой темы.

Электронные справочники, энциклопедии являются неоценимым помощником для поиска и отбора материалов при подготовке рефератов, проектов. Использование тренажеров, многовариантных тестовых заданий, интерактивных схем помогает реализовать

дифференцированный подход в обучении. Информационные технологии позволяют учителю познакомить учащихся со сложными биологическими процессами, которые протекают в живой природе. Например, в природе мы не можем наблюдать явления фотосинтеза, что становится доступно с применением элементов ИКТ. Благодаря использованию информационных технологий удается значительно повысить качество знаний учащихся, сделать процесс обучения более интересным, рационально использовать учебное время.

**4. Технология игрового обучения**

Игровая деятельность учащихся – одно из самых эффективных средств интеллектуального развития личности ребенка. С первых лет работы в школе мне были интересны игровые технологии. Педагогические игры имеют учебно-познавательную направленность. Элементы игровых технологий использую на различных уроках: изучение нового материала, закрепление, обобщение. Особое место занимают обобщающие игровые программы. Основными задачами этих уроков являются систематизация и углубление знаний учащихся по теме, обобщение пройденного материала, развитие умения логически мыслить и четко формулировать ответ. Задания готовлю различной сложности: задания репродуктивного характера и творческие.

**Литература**

1. Найма И. Развитие современных педагогических технологий (организационно-деятельностный подход): Дис .канд. пед. наук. – Пятигорск, 1993. – С. 97.

2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. – С. 3-5.

3. Суртаева Н.Н. Проектирование педагогических технологий в профессиональной подготовке учителя (на примере естественно-научных дисциплин): Дис... докт. пед. наук. – М., 1995. – С. 219-225.

ҒТАХР: 14.25.05

## ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІНІҢМАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Елубаева Б.С.,** бастауыш сынып мұғалімі
«Б. Майлин атындағы орта мектеп – бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Оқулықта берілгенді бұлжытпай баяндау тәсілімен баға алатын сабақтарда балалардың ұжымда еңбек ету, өзгелермен тіл табысу, жолдастарының алдында жауапкершілікті сезіну, топта өзін-өзі көрсете білу сияқты қоғамда өмір сүруге қажет қабілеттерінің дамуы кешеуілдеп қалатыны анық. Жас күнінде дамуға тиісті мұндай дағдылар мен қабілеттер уақыттарының көп бөлігін өткізетін, ұжыммен жұмыс істеуге мүмкіндік алатын білім беру орындарында, нақтырақ айтқанда, сабақтарда жетілмесе, кейін тұлға ретінде қалыптасып қалған шақта кеш болады деп ойлаймыз. Бұл мәселе ұстаздардың алдына үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Оқушы сабақта белсенді өмір сүруге тиісті. Ал сабақты жоспарлайтын ұстаз болғандықтан, оқушының іс-әрекетін алдын ала болжап, оны сыныптастарымен іскерлік қарым- қатынасқа итермелеу үлкен білім мен біліктілікті талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда соңғы жылдары қолданысқа енгізіліп жүрген инновациялық технологиялар көп көмегін тигізеді. Біліктілікті жетілдіру курстарына қатыса жүріп, тренерлермен, басқа да әріптестермен бірге көптеген әдіс-тәсілдер жинауға болады. Осындай әдіс-тәсілдердің қатарына «Жигсо», рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікірталас т.б. айтуға болады. Сабақта топтық жұмысқа арналған тапсырмалар тиімді таңдалған жағдайда өздеріне берілген мәтін бөліктерін әр оқушы меңгеруге ұмтылуға мәжбүр болады. Себебі олар өзге оқушылардың түсіне алуы үшін де жауапты болады.

«Жигсо» әдісінде оқушы алғашқы отырған тобында материалды меңгеруге міндетті. Себебі ол келесі топқа барғанда сол мәтін бөлігі бойынша түсінігін айту қажет екенін біледі. Сол себепті ол өзінің алғашқы тобындағы оқушылардан білмегенін сұрап, өзі білгенін, түсінгенін оларға айтуға тырысады. Бұл оларды топ мүшелерімен еріксіз қарым-қатынасқа түсіріп, бірігіп жұмыс істеуіне себеп болады.

Ал рөлдік ойындарды әр түрлі формада қолдануға болады. Мұғалім жағдаятқа қатысты мәселе туындатып, оқушыларды пікірталасқа түсіреді. Көп жағдайда топ өзі қалаған позицияны

таңдамай, мұғалімнің белгілеген рөлін алған дұрыс. Бір нәрсеге әр түрлі көзқарастарын дәлелдерімен білдіру балаларды кез-келген нәрсеге сыни қарай алуға дағдыландырады. Мысалы, шығармадағы жағымсыз кейіпкерді жақтау үшін оқушылар алдымен ондағы оқиғаларды, олардың себептерін, болуы мүмкін жағдайларды зерттеу үшін толығымен оқып танысады. Сонымен қатар өзін кейіпкердің орнына қойып елестетіп көреді. Бұл баланың шынайы өмірде де біреуді кінәламас бұрын, алдымен оның жағдайын түсінуге тырысуына әкеледі. Бір топ мүшелерінің ортақ мүдделерінің болуы оларды өзара келісімге келуге, бірігіп жоспар құруға итермелейді.

Тапсырмаларды білім, білік деңгейі шамалас немесе әр түрлі оқушылардан құрылған топтарға бірігіп орындауға беру олардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына, білімдерін салыстыруына мүмкіндік береді. Олардың арасында диалог туындау үшін тапсырма сәл күрделі болғаны дұрыс. Мұндай тапсырмаларға тек мәтіндерді оқып түсіну ғана емес, математикадан есептер, қазақ тілі сабағынан кешенді талдаулар т.б. да алуға болады.

Заманауи педагогикалық технологиялардың басты ерекшеліктерінің бірі – білім беру барысында әр оқушының психологиялық ахуалына, даму деңгейіне, сыныптың ынтымақтастық жағдайына, сонымен қатар олардың әлеуметтік қарым-қатынасына аса мән беруі. Осы технологиялардың қажеттілігін зерттеу барысында біз міндетті түрде Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы жайлы ілімімен бетпе-бет келеміз. Оның пікірінше, оқушылар нақты мақсатты көздеген, көбірек білетін қайраткер жандармен әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады.

Оқушының аса епті және хабары мол адаммен интерактивті вербалды алмасуы нәтижесінде біртіндеп сыртқы, әлеуметтік-жанама диалог орнатуы, күнделікті міндеттерді шешуге қатысуы әлеуметтік тәжірибе ретінде бала бойына сіңіп, оның өз бетімен ойлануына қатысты ішкі жеке қоры ретінде қалыптасады. Бала болашағын ойлайтын әрбір ұстаздың мақсаты – осы: баланың күнделікті өзіне және айналасына қатысты міндеттерді, мәселелерді шешуге ат салыса алуын қалыптастыру. Бұл – баланың қоғамда өз орнын табуы үшін аса қажетті дағды. Осы қағиданы ескере отырып еңбектенген ұстаз, білім беру мен тәрбиелеудің нәтижесі бала үшін оң нәтиже беретініне сенімді болар деп ойлаймын. Выготский айтқан жақын арадағы даму аймағының маңыздылығына, зер салып қарар болсақ, біз өз тәжірибемізде көз жеткізе аламыз.

Топтық, ұжымдық жұмысқа негізделген әдістемелерді қолдана отырып, әр оқушының сабақтағы іс-әрекетінің белсенділенуінен біз өз еңбегіміздің нәтижесінде бала бойында нақты бір дағдылардың қалыптаса бастағанын байқаймыз. Нақты бір ақпаратқа, өзінің іс-әрекетіне сыни көзқараспен қарауға түрткі болатын әдіс-тәсілдер баланың өз бетінше ойлануына, өзіндік пікірінің қалыптасуына, өз бетінше шешім жасай алуына ықпал жасайды. Бұл өз кезегінде баланың тұлға ретінде өзі үшін шешім қабылдауы, өзін-өзі бағалауы, өз-өзіне сенімсіз болуының салдарынан өзгелердің жетегінде кетпеуге үйренуі сияқты дағдыларын бойға сіңіреді. Кез-келген пікірге қарсы ойын айту, дәлелдер келтіру, жақсы мен жаманды айыра білу, өз позициясын ұстана білу - біздің заманымыздағы жат ағымдардың ықпалына қарсы төтеп беруге тиісті біздің жастарымыздың бойына ең керек қасиет. Осы тұста айта кету керек, жаңаша оқыту тәсілдерін тәжірибеге енгізу барысында біз сабақ құрылымын өзгертуге баса мән береміз деп оқушыларды шаршатып алмауды, олардың болып жатқан жағдайды түсінбеулерінің салдарынан келеңсіз оқиғалардың орын алмауын қадағалауға тиістіміз.

Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда:
Оқы да біл,
Ойын – еңбек.
Ойна да күл,
Ойын – оқу,- деп сөзімді аяқтағым келеді.

Жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) «*білім алуды үйрету*» ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол және зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру көзделеді.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

- зерттеушілік тәсілдеме (оқушылар «не білемін, нені білгім келеді, нені білдім» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);
- әрекеттік тәсілдеме (оқушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);
- дамыта оқыту (оқушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді).

**Әдебиеттер**

1. ҚР Президентінің 2014 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – Жолдауы.
2. Жонтаева Ж. Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту // Білімді ел. – 2016. – № 15.52.
3. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы // екінші басылым, 2016.
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

ҒТАХР: 17.81.99

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Ласпаева Г.Х.,** география пәнінің мұғалімі
«Тұрағұл Қоңыр атындағы орта мектеп – бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

География пәнінде функционалдық дағдыларды қалыптастыру-графиктер мен диаграммаларын талдау, статистикалық мәліметтер мен жұмыс жасауға арналған тест тапсырмаларды орындау барысында оқушы ойша анализге, синтезге негізделген біршама ой операцияларын жүзеге асыра алады. Оқушылардың географиядан функционалдық дағдыларын қалыптастыруда, яғни бірқатар географиялық ұғымдардың анықтамасын оңай түсіну үшін, өздігінше интерпретация ( жұмыс жүргізу және ой қорыту) жасай алу үшін, қажетті сандық мәліметті өздігінше тауып, есте сақтау үшін графиктер мен диаграммалар құру, оларды оқи білу үлкен көмек береді. Графиктер кез – келген құбылыстардың динамикасын ашатын болса, диаграммалар табиғи обьектілердің (табиғат зоналары, материк тер мұхиттардың т.б), өнеркәсіп өндірісіндегі салалардың, өндірілетін өнімнің, халықтың ұлттық немесе жыныстық құрамын, т.б үлес салмағын айқын көрсетеді,яғни салыстыру және оқушылардың қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Графиктер мен диаграммаларды құрудың негізі математика, сызу, сурет сабақтарында қаланатындықтан, бұл жерде мета пәндік байланыстың жүзеге асырылатыны туралы да айта кету керек. Ал, бұл – өз кезегінде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тағы да бір түрі. Оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалауға арналған тест тапсырмаларының міндеттері де осыны қарастырады.

Мысал ретінде бірнеше тест тапсырмаларын келтіре кетуге болады:

1. Тәуліктік температура қозғалысының графигі бойынша ең төмен ауа температурасы мен температура амплетудасы




Жауаптардың варианттары төмендегідей:
А) +2°С, 6°С
В) -2°С, 6°С
С) +2°С,4°С
Д) -2°С,4°С
Е) +2°С, 5°С.

А) ең төмен ауа температурасын анықтау үшін графиктегі ордината осі бойынша ең төмен, яғни ең аз сандық көрсеткіш алынады,ол 2-ге тең.Демек, ең төмен ауа температурасы +2°С.

Б) Тәуліктік ауа температурасының амплетудасын анықтау үшін тағы да графиктегі ордината осінің сандық мәліметтері (ең жоғарғы +8°С және ең төмен +2°С) алынып, математикалық тәсілді қолдану арқылы есептеледі.Бұл жерде берілген екі көрсеткіштің координата осінің қандай ширегінде орналасқандығы ескерілуі қажет.Біздің жағдайымызда екі нүкте де 1ширекте орналасқан, яғни абцисса және ордината осьтері бірдей «оң» таңбалы, сондықтан температура амплетудасы екі санның айырмасы болып табылады.Қорытындылай келе,тапсырманың дұрыс жауабы: А) +2°С, 6°С. Келесі екі мысал оқушылардың картографиялық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

**2.Суреттегі оңтүстік жарты шарда орналасқан географиялық обьектілер**




Жауаптарының варианттары төмендегідей:
А) 1,6,4,2
В) 1,3,5,2
С) 6,3,4,2
Д) 4,5,3,2
Е) 5,2,1,4

Бұл тапсырманың дұрыс жауабын анықтау үшін әрбір географиялық обьектінің сызбасы бойынша атауы, содан кейін олардың географиялық орны анықталады.

3.

| № | Бейненің атауы | Орналасқан орны |
|---|---|---|
| 1 | Аустралия материгі | Оңтүстік жарты шар |
| 2 | Африка материгі | Оңтүстік жарты шар |
| 3 | Солтүстік Америка | Солтүстік жарты шар |
| 4 | Антарктида материгі | Оңтүстік жарты шар |
| 5 | Үндістан түбегі | Еуразия материгі,солтүстік ж/шар |
| 6 | Мадагаскар аралы | Африка материгі,оңтүстік ж/шар |

**Ескерту:** Африка материгінің басым бөлігі солтүстік жарты шарда орналасқанымен, ол оңтүстік жарты шар материктері қатарына жатқызылған.Келтірілген кесте мәліметтерін зерделей келе дұрыс жауабы анықталады, **ол – А) 1,6,4,2**

**4. Төменде келтірілген мемлекеттерді олардың географиялық орнына қатысты тұрғыда қарастырсақ, ішіндегі артығы.......**

Жауаптарының варианттары:

А) Алжир  В) Жапония  С) Қытай

Д) Франция  Е) Бразилия

Тапсырманың дұрыс жауабын анықтау үшін әр вариантқа географиялық тұрғыдан талдау жасалады.

| Географиялық обьект | Орналасқан материгі, дүние бөлігі | Экваторға қатысты орны | Басты меридианға қатысты орны |
|---|---|---|---|
| Алжир | Африка | Солтүстік жарты шар | Батыс және шығыс жарты шарда |
| Жапония | Еуразия, Азия | Солтүстік жарты шар | Шығыс жарты шар |
| Қытай | Еуразия,Азия | Солтүстік жарты шар | Шығыс жарты шар |
| Франция | Еуразия,Еуропа | Солтүстік жарты шар | Басым бөлігі Шығыс жарты шар |
| Бразилия | Оңтүстік Америка, Америка | Оңтүстік жарты шарда | Батыс жарты шарда |

**Кестедегі мәліметтерді талдай келе анықталғаны:**

**А)** Келтірілген бес мемлекеттің үшеуі (Жапония, Қытай, Франция) Еуразияда, Алжир-Африкада,

Бразилия – Оңтүстік Америкада. Бұл мәлімет дұрыс жауапты анықтауға көмегін тигізбейді, **себебі** ерекшеленіп жеке тұрған мемлекет екеу – Алжир және Бразилия. Ал,бұл тапсырмада бір ғана дұрыс жауап болуы керек.

**Б)** Әр мемлекеттің басты меридианға қатысты орындарын қарастыра келе Қытай, Жапония, Франция шығыс жарты шарда, Бразилия –батыс жарты шарда, Алжир – батыс және шығыс жарты шарда жатқаны анықталды. Бұнда да жеке ерекшеленіп тұрған екі

(Алжир мен Бразилия) мемлекеті анықталды, бұл мәлімет те дұрыс жауапты көрсетпейді.

**В)** Енді мемлекеттердің экваторға қатысты орнын анықтау барысында белгілі болғаны Алжир, Жапония, Қытай, Франция солтүстік жарты шарда, Бразилия оңтүстік жарты шарда орналасқан. Осы мәліметтен тек Бразилияның ғана ерекшеленіп тұрғаны анық көрінеді.

Демек, т апсырманың дұрыс жауабы – Е) Бразилия.

Оқушы өз ойын қорытып дұрыстығын салыстырып анықтай алады.

Әрбір сабақ — мұғалімнің өз мақсатына жету уақыты. Сол себепті мен өз сабақтарымда күнделікті сабақ жоспарын жасауда оқушының өзіндік іс -әрекетіне қолдау болатын жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көңіл бөлемін.

Өз бетінше жұмыс істеу – бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Онсыз оқушылардың шығармашыл қабілетін дамыту мүмкін емес. Егер оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен бейімділіктерін жүйелі түрде дамытып, олардың білім алуға шеберлігін және дағдысын дамытуға жағдай жасалса, әр оқушының өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне сай жұмыс жүргізілсе, онда жалпы қабілеттілік те, арнаулы қабілеттілікті де жоғары деңгейде дамытуға болады.

Қабілеттілік – адамның іс-әрекеті нәтижесінде дамып, ол жеке адамның ынтасына, бейімділік пен психологиялық үрдістер жиынтығына, шеберлік пен дағдысына байланысты болады. Білімнің жинақталуы адамның ынталануына септігін тигізіп, ал оның өзі жаңа білімді меңгеруге, сол білімді тереңдетуге, жан-жақты тұлға болып қалыптасуға жәрдем етеді.

Оқушылардың география сабағында зерттеу жұмысына деген қабілеттілігін қалыптастыру, 8-ші сыныптан бастап көптеген оқушылардың географияға әуес болатыны мәлім. Мұндай оқушылар үшін географиядан зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра отырып біз оларды өздігінен тиянақты білім алуға және жан-жақты дамуына қажетті алғышарттарды жасаймыз.

Зерттеулі оқыту – оқушылардың жалпы білім деңгейін көтеруге политехникалық ой -өрісін кеңейтуге жәрдем етіп және олардың география саласындағы еңбекке тәрбиелеу үшін оқыту үрдісінде теорияны практикамен, еңбекті ғылыми шығармашылық жұмыстармен тығыз байланыстырады.

Оқушының белсенділігін, қызығуын арттыруда жүргізілетін өзіндік жұмыс түрлері:

1. Логикалық дамытушы ойындары берілген тапсырмалар.
2. Өзіндік зерттеу жұмыстарын беру

**Әдебиеттер**


1. Алдамуратов Б.С. География мектепте. – Алматы, 2011.
2. Әлімбекова С.А. Географиялық есептер. – Өрлеу, 2015.
3. Әлімбеков Е.А. География есептері. – Өрлеу, 2015.
4. Егоров Н.И. План и карта. – М.: Просвещение, 1988.
5. Сиротин В.И. Самостоятельные и практические работы по географии. – М.: Просвещение, 1991.


МРНТИ: 17.07.65

## РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У ДЕТЕЙ

**Мелихова А.С.,** воспитатель класса предшкольной подготовке
КГУ «Средняя школа имени Динмухамеда Кунаева»
(Республика Казахстан, ВКО)

Дошкольное воспитание и обучение создаёт условия для формирования и развития личности ребёнка, способного успешно адаптироваться в современном постоянно меняющемся мире. Психолого-педагогические исследования, проведённые ведущими учёными и практиками, доказали, что именно дошкольный возраст является определяющим условием интеллектуального, личностного, социального и эмоционального развития человека. Поэтому использование стратегий критического мышления в дошкольном образовании может создать основу для последующего развития мышления детей, соответствующего современным требованиям.

Критическое мышление – мышление оценочное, рефлексивное. Открытое мышление, не принимающее догм, развивающееся путем наложения новой информации на жизненный личный опыт. В этом и есть отличие критического мышления от мышления творческого, которое не предусматривает оценивания, а предполагает продуцирование новых идей, очень часто выходящих за рамки жизненного опыта, внешних норм и правил. Критическое мышление – это отправная точка для развития творческого мышления. Критическое мышление – направленное мышление, оно отличается взвешенностью, логичностью и целенаправленностью.

*Актуальность выбранной темы* заключается в том, что формирование познавательных, творческих способностей следует начинать именно с дошкольного возраста, поскольку они активно взаимодействуют с системой ценностных ориентаций, с целью и результатами деятельности, отражают интеллект, волю, чувства личности, а также являются необходимым условием готовности детей к обучению в школе.

Очень широк и разнообразен список приемов и методов этой технологии. Необходимо лишь умение правильно выбрать прием, учитывать способности детей, удачно их комбинировать, вмещать в рамки уже знакомых традиционных форм занятия. В основном технология развития критического мышления рассчитана на детей школьного возраста, так как многие приемы можно использовать только при умении читать. Но некоторые приемы, если изменить немного систему действий, вполне можно, и с неплохим результатом применять у дошкольников.

**Приём «Кластер» Применять можно на всех стадиях**

**Цели:**

1. На этапе вызова дети высказывают и фиксируют все имеющиеся знания по теме, свои предположения и ассоциации. Он служит для стимулирования познавательной деятельности дошкольников, мотивации к размышлению до начала изучения темы.

2. На стадии осмысления использование кластера позволяет структурировать учебный материал.

3. На стадии рефлексии метод кластера выполняет функцию систематизирования полученных знаний.

**Алгоритм** составления кластера

1. Кластер оформляется в виде модели планеты со спутниками.

2. В центре располагается основное понятие, мысль, по сторонам обозначаются крупные смысловые единицы, соединенные с центральным понятием прямыми линиями (слова,

словосочетания, предложения, выражающие идеи, мысли, факты, образы, ассоциации, касающиеся данной темы).

3. Вокруг «спутников» центральной планеты могут находиться менее значительные смысловые единицы, более полно раскрывающие тему и расширяющие логические связи. Важно уметь конкретизировать категории, обосновывая их при помощи мнений и фактов, содержащихся в изучаемом материале.

Примечание. Так как дети дошкольного возраста еще не умеют писать, можно использовать предметные картинки по теме или делать схематические зарисовки. В основном он используется мной на стадии рефлексии, для подведения итогов по теме.

Сначала я использовала самый простой вид кластера «Солнышко лучистое»

**Прием «Кубик»**

**Цель:** активация мыслительной деятельности детей, учить анализировать, выделять факты и следствия, оценивать значимость полученных сведений, акцентировать внимание на их оценке.

**Применение –** на любой стадии

Каждая сторона кубика несёт вопрос:

- Картинка изображаемого предмета. Что это?
- На что похоже?
- Форма, величина, цвет
- Как это делают?
- Для чего используют?
- За и против (положительное и отрицательное

**Приём «Синквейн»**

**Цель**: добиться более глубокого осмысления вопроса, развивать умение детей кратко и точно излагать свои мысли на заданную тему.

**Применение** – на стадии вызова и рефлексии.

Синквейн – стихотворение, состоящее из пяти строк:

1 строка – тема произведения, выраженная одним словом (существительным)

2 строка – описание темы в двух словах (прилагательных)

3 строка – описание действия тремя словами (обычно глаголами)

4 строка – фраза их 4-х слов, выражающая отношение к этой теме

5 срока – одно слово, синоним к первому на эмоционально – образном или философско-обобщённом уровне, повторяющее суть темы

На этапе подготовки к введению синквейна,провожу с детьми **игру «Оживление» (на основе «синквейна»)**

**Литература**

1. Акименко В.М. Новые педагогические технологии: Учеб.-метод. пособие. – Ростов н/Д., 2008.
2. Буренко Н. Дома и сказки для букв и звуков // Обруч, 2000. – № 1.
3. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В., Учим детей мыслить критически. – С-Пб: Альянс «Дельта» совм. С издательством «Речь», 2003.
4. Федеральный государственный образовательный стандарт дошкольного образования /http://www.rg.ru/2013/11/25/doshk-standart-dok.html

ҒТАХР: 14.25.07

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫСЫНТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Омракунова Т.А.,** математика пән мұғалімі
«Алтыншоқы орта мектеп-бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Мектеп курсында есептеу дағдысының қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Оқытуда байқағанымыз оқушылардың көпшілігінде есеп шығару дағдысы төмен. Оның себептері:

– оқушылардың ойлау қабілеттерінің төмендігі;

– үй тапсырмасын орындауда ата-ана тарапынан қадағалаудың бомауы;

– оқушының есте сақтау және зейінінің төмендігі;

– математика пәніне дайындықтың аздығы (жеткіліксіздігі);

– оқытуда есептеу дағдысын жүйелі түрде қалыптастырудың және оны бақылаудың болмауы.

I. Есептеу дағдысын қалыптастыру үшін ең алдымен көбейту, бөлу, қосу, азайту кестесін сұрау керек. Ол үшін кестелер, үлестірмелі қағаздар қолданылады. Екі және одан көп нұсқада болып, оқушылар жеке жауап бергені жөн. Қате жіберген оқушыларға бастауыш сыныптан кестелер беріп қайталату керек. Одан кейін өзіндік жұмыс, ауызша сұрау арқылы тексерген жөн.

II. Есеп шығару дағдысын қалыптастыруда әр сыныпқа берілген тақырыптарға кестелер дайындау қажет. Кестелер көбейтіліп әр оқушыға беріледі. Бұл кезеңде жұмыстың мына түрі қолдану керек:

1. Мұғалім не оқушы үлестірмелі қағаз бойынша (екі нұсқада) фронтальды сұрайды;
2. Дайындалған кесте бойынша жазбаша сұрау;
3. Жазбаша жұмыстарды жазып, талдау және қатемен жұмыс жасау;
4. Тақтада немесе алдыңғы партада отырып шығару;
5. Ұқсас есептерді шығару және шығару алгоритмін құру;
6. Есептеудің тиімді тәсілін қарастыру.

Ол үшін төмендегілерді есте сақтауымыз керек:

– Әр сабақта сыныппен емес әр оқушымен жұмыс істеу маңызды. Ол үшін мұғалім әр оқушы өз ісімен айналысатындай және олардың жұмыстарын бақылап отыруға жұмыстың түрі мен материалды таңдау қажет. Мысалы, бірінші партада отырған әр оқушыға өздерінің кемістіктерін жоюға болатындай тапсырма жазылған карточкалар таратылады. Ал сабаққа дайындалғанда жоспарда кімді және қандай сұрақпен сұрау керектігі көрсетіледі; бұл жағдайда жеке дәптерде әр оқушының есептеу машықтығын меңгеру есебі жүргізіледі;

– Жаңа тақырыпты өту кезінде оқушылар қай тақырыптан көп қате жіберетін материалға көңіл бөлу қажет;

– Жаңа тақырыпты алда өткен таныс материалмен салыстырып оқытқан дұрыс;

– Жаңа материалды түсіндіру кезінде оқушылардың өздері сол немесе басқа әрекетті орындау алгоритмін құру керек, осыдан кейін оқулықпен салыстырып, өздеріне оңтайлы нұсқасын тандаса дұрыс болады.

Мұндай жұмыс оларды айқындыққа және нақтылыққа үйретеді.

Оқушыларымның есеп шығаруға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мен тәжірибемде «Талдау ағашын» пайдаланамын. Мақсаты: есеп мазмұнын «Талдау ағашына» сүйене отырып талқылау.




Әр қарай олар өздері әбігерленбей және асықпай кез-келген есепті шығара алады;

– Оқушыны кез-келген есепті шығаруға жете ұғындырып, көңіл бөлуге тәрбиелеу қажет, яғни оқушы шамаларды байланыстыратын заңдылықтарды анықтап, есептің мағынасын жете ойланып, қиын жағдайларды шешудің жолдарын тауып, содан кейін ғана есепті шығаруға кіріскені дұрыс.

– Оқушыларды «қадалған көзқарас» тәсілін қолданып жұмыс істеуге үйрету керек (алғашқыда барлық тапсырманы, есеп шығарудың тәсілдерін, амалдарын, шығару жолдарын жалпы бағалайды, және әрі қарай оны шешуге кіріседі);

- Оқушыларды өзін-өзі бақылауға үйрету өте қажет, яғни есеп шығаруын, іс-әрекетін бақылау ептілігіне, ал нәтижесінде өздерінің әрекеттерін келесі өз-өзін бағалау критерийлерін қолданып бақылауға үйрету:

а) нәтижені шындықпен байланыстыру;
ә) нәтижені есептің шартының көрсеткіштерімен байланыстыру;
б) кері есептеу;

в) әр түрлі тәсілмен шығару;

г) ақырғы жағдайларда нәтижені зерттеу;

– тек қана өз бетімен жұмыс орындағанда ғана оқылатын материал мықты меңгеріледі. Сондықтан оқушылар дайын есептер шығарумен қатар есеп құруға тартылады (әсіресе тиімді тәсілмен есептеуге арналған есептер).

Тұрақты білімді қалыптастыру үшін лайықты жаттығуларды (психологиялых тренинг) немесе төмендегідей есептерді тандаған дұрыс:

а) есептің шешімінен қатені табыңдар;

ә) дұрыс жауабын тандаңдар;

б) берілген тұжырымның дұрыстығын бағалаңдар және т.с.с.

Мұғалімен осы кезеңде өткізілген ағымды бақылау төмендегі белгілеулерден тұрады:

а) әр оқушының 1-минутта, 2-минутта, т.с.с дұрыс орындалған мысалдарының санынан (нәтижелер бағалардың жиынтық тізімдемесінде жазылады);

ә) мысалдардың белгілі санын қатесіз шығару үшін уақыт аралығынан;

б) әр оқушының жіберетін қателер санынан. Бақылауды өткізудің әр түрі тәсілдері қолданылады.

Соның ішінде ең ерекшесі – мұғалімнің өзінің жоспарымен өткізілетін өзіндік және бақылау жұмыстары.

Орта буында өзіндік жұмысты жиі өткізіп отырса, білімнің ерте кезеңінде кемістіктерді, меңгерудің мықтылығын анықтауға болады және әрі қарай әрекетті түзетуге және шапшаң есептеу дағдыларын қалыптастыруға болады. Бұл кезеңдегі білімнің маңызды бөлігі болып қатемен түзету жұмысы болып табылады.

– Бақылау шарасын өткізген соң мұғалім оқушылардың жұмысындағы техникалық қателерін көрсетеді, ал әр оқушы ол қателерді өз дәптерлерінен іздейді. Осыдан кейін мұғалім оқушылармен қосылып есеп шығарудың тәсілдерін қорытады, есеп шығарудың үлгілерін келтіреді, шарттың өзгеруіне байланысты есеп шығарудың нұсқаларын қарастырады, оқушылардың сұрақтарына жауап береді. Шамалы уақыттан соң оқушылар қате жіберген мысалдарын қайтадан орындайды.

– Тексерілген дәптерлерін қайтарып берген соң оқушыларға бір-бірімен немесе өзінің тобында қателерін анықтауға уақыт беріледі (уақыт материалдың қиындығына және жіберілген қателердің санына байланысты беріледі) немесе мұғалімнен кеңес сұрауға уақыт беріледі. Бұл жұмыс қажет болған жағдайда сабақта немесе үйде өздігінен орындалады. Осыдан кейін тағы да өздік жұмыс өткізіледі. Мұғалім есептеу мәдениеті машығы дәптеріне оқушылардың тиісті бағаларын қояды (басқа түспен);

– Сыныпта бақылау жұмысын өткізгеннен кейін (тақтада екі нұсқада 16-20 есептерден тұратын тапсырмалар жазылады) тексеру кезінде мұғалім егер есеп дұрыс шешілсе, сол жолға «+» белгісін қояды, егер есепте кемшіліктер болса, онда «±» белгісін қояды, ал егер есеп дұрыс шешілмеген болса, онда «-» белгісін қояды. Келесі сабақта осы есептер тақтаға жазылады.

Оқушылар қате жіберген тапсырмаларын орындайды. Мұғалім тексеру кезінде әр оқушының нәтижелерін және қате жіберілген есептеріне назар аударады. Әрі қарай мұғалім ұқсас есептер бар карточкалар жиынтығын қолданып, әр оқушымен жеке дара жұмыс істейді. Жұмыстың мұндай түрінде бірде бір оқушы мұғалімнің назарынан тыс қалмайды.

Қорытынды бақылау кезеңі

Қорытынды бақылау бақылау жұмысы түрінде немесе ауызша-жазбаша сынақ түрінде өткізіледі. Сабақ-сынаққа мұғалім тақырып бойынша есеп-карточкалар жүйесін дайындайды. Сынақта оқушылар карточкада көрсетілген теорияға жауап береді, есептер шығарады, кейде есептеуге берілген орындалған және құрастырылған есептері бар дәптерлерін көрсетеді.

**Әдебиеттер**


1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. – 218, 219 б.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 56, 57 б.
3. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2005. – 89, 90 б.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004. – 147, 148 б.
5. Болтянский В.Г. Комплексы учебного оборудования по математике. – М., 1971. – С. 105, 106.
6. Шабажанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика. – Алматы, 2005. – 80, 81 б.
7. Аяған Б. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003. – 60, 61 б.
8. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. – 71, 72 б.

ҒТАХР: 14.25.05

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Оразбаева К.У.**, қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі
«Қарабұта орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Қазіргі таңда еліміз мектепте білім сапасын арттыру үшін заманауи талаптарға сәйкес, әлемдік тәжірибенің озық үлгісі – жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшуде.

Оқушылардың тілдік дағдыларын дың мақсаты – оқушыларға алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез-келген орта жағдайында, ресми-іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім беру. Аталған мақсатты жүзеге асыратын қазақ тілін оқытудың жаңартылған бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытады.
- Оқу бағдарламасында коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.
- Бағдарлама «спиральді оқыту» тәсіліне негізделе құрылған. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады.

Қазақ тілі сабағында оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады.

Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады.Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы.

Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады.

1. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу– мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

2. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу- мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

3. Детальді түрде оқу-әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

4. Сөз мағынасын контексттен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

5. Мәтін құрылымын түсіну-мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

6. Болжай білу-оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл.

Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

7. Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б. Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс. Мысалы, оқылымға арналған тапсырмалар құрылымы төмендегідей: Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою. Оқылым барысындағы тапсырма: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар).

Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беру. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек. Мысал ретінде сабаққа құрылған оқылым тапсырмаларына назар аударайық. Сабақтың мақсаты көркем шығармаларды оқу, кейіпкерлердің бейнесін ашу. Оқылым алды тапсырмасында болжай білу тәсілі қолданылды. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, берілген сөз тіркестеріне назар аударады, яғни өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі. Ал сөз мағынасын контекстен ажырату тәсілі арқылы – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аударады.

Тәжірибемде кеңінен қолданып жүрген әдістерге тоқталсам:

«**Тізбектелген ереже» әдісі**

Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. Кезегінде айта алмаған оқушы шығып кетеді. Шығып кеткен оқушы тақырып туралы түсінбеген дегенді білдіреді.

**«Жасырын сөз»** әдісі

Оқушылар тақырып бойынша сөз жасырады. Оны сипаттайды, сол сипаттама арқылы басқа оқушылар жасырынған сөзді табады. Сипаттауда айтатын сөздерге шектеу қою арқылы немесе қимыл арқылы көрсетуді ұсынуға болады. Мысалы жасырылған сөзді 3 сөз арқылы сипатта деген сияқты.

**«Дөңгелек үстелл»**

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Топ оқушысының бірі жаңа тақырыпты қатыстыра отырып 1 сөйлем айтады. Екіншісі оның айтқан ойын әрі қарай жалғастырып, екінші сөйлемді айтады. Соңында мәтін шығады. Екінші топ мәтін не туралы екенін айтып береді және мәтінге тақырып қояды, сөйлем ішінен жаңа тақырыпқа байланысты сөздерді табады. Барлық айталған тапсырмаға бір ғана оқушы жауап бермейді. Топ мүшелерінің барлығы қатысады.

**«Кір жаятын жіп»**

Өтілген тақырып бойынша мәтін оқимын. Мәтін ішінен керекті сөзді тауып кір жаятын жіпке ілу керек. Соңында кім қанша сөз ілгенін тексеремін. Бұл әдістің мақсаты оқушының тыңдау дағдысын қалыптастыру және есте сақтау қабілетін қалыптастыру.

Мен не естідім?

Бір оқушыға мәтін оқытамын. Оқушылар тыңдаған мәтін ішінен сөз табының қай түрі көп кездескенін табу керек. Және екі тақырыптың ұқсастығы мен айырмашылығын табу керек.

Тыңдайтын үшбұрыштар

Оқушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді:

СПИКЕР мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі).

ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.

ХАТШЫ үдерісті бақылайды және «спикерге» де, «интервьюерге» де кері байланыс береді.

Ақпараттағы ақаулық

Өткен тақырыпқа байланысты ақпарат оқылады. Оқушылар қате ақпаратты тауып стикерге жазады және А4 орматына жапыстырады. Әр оқушыға жеке – жеке формат таратылады.

«**Есте сақтайық**» әдісі

Оқушылар екі топқа бөлінеді. «Бастаймыз» деген кезде, топтың бір қатысушысы сурет тұрған үстелдің үстіне жақын келеді де өзіне берілген суреттен көп ақпаратты есте сақтауға тырысады. Сол сурет бойынша тақырыпқа байланысты топпен бірігіп отырып әңгіме құрастырады. Бұл ойынға 7 минут уақыт беріледі.

Ереже:

1. Командадан бір адам ғана өз орнын бір рет тастап шыға алады.
2. Сіз үстел басында болғанда ештеңе жаза алмайсыз.
3. Үстел басында тұрып, өз командаңызға ақпаратты дауыстап айта алмайсыз.

1 «Төрт сөйлем» әдісін. Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алуға дағдыландыру мақсатында қолданады.

1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады.
2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.
3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады.

Тыңдау дағдысын қалыптастыру барысында көз жеткізгенім оқушыларға сөйлеткен сайын, ойланған сайын ашыла түседі екен сонымен қатар сабаққа деген қызығушылығы арта түседі. Оқушының сабаққа деген қызығушылығының артқанын сабақ барысында көрсеткен белсенділіктерінен байқадық. Сабақ барысында тыңдалым дағдысы бойынша жұмыс жүргізгенімізде сыныптағы оқушылардың барлығында тыңдау дағдысы және есте сақтау қабілеті төмен екенін байқадық. Алғашында аудио жазбадағы мәтінді тыңдатып артынан тапсырма бергенімізде сыныптың ішінен 1-2 оқушы ғана сұраққа жауап береді. Қалған оқушылар естігеннің ұмытып отыратын.

Тыңдау дағдысын қалыптастырудың бірден – бір жолы жадыны дамыту керектігіне көз жеткіздік. Сондықтан сабақтарымызда жадыны дамытуға арналған түрлі әдіс – тәсілдерді іздене отырып қолдандық. Алдымызда отырған оқушылар бұрынғы сабақтарымызда «Мен қанша алдым?» деп сұрайтын еді, қазіргі сабақтарда «Мен былай жауап бергім келген, мен былай ойладым» деген сияқты пікірлер білдіре бастады.

**Әдебиеттер**

1. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев. Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы». http://group-global.org/kk/publication/15595-shetel-tilin-okytuda-okylym-reketin-uyretu-zholdary
2. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р.Л. Даулеткалиева. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2017. – № 18.1 (152.1). – С. 16-18. – URL: https://moluch.ru/archive/152/43264/ (дата обращения: 28.10.2020).
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей, 4-бет
4. Жүнісханов Қ.М., Дзюбина А.В. Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі ақпараттық білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

ҒТАХР: 29.01.45

# САБАҚТА ЖАҢА ӘІДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Оразбекова З.Б.,** физика пәнінің мұғалімі
«Тұрағұл Қоңыр атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Физика сабағында оқушылардың білімін, сабақтағы белсенділігін арттыруда сөйлесім әрекетін дамытудың маңызы зор. Сөйлесім әрекетін дамыту арқылы мұғалім оқушыны мұқият **тыңдай** білуге, сыни ойлай алуға, **оқығанынан** түйін шығарып сауатты **жаза** алуына, талдап, сараптап **айта** алуына мүмкіндік туғызады.

Физика пәнінен оқушылардың сөйлесім әрекетін дамыту, негізінен бұл тақырып тілдерге (қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәні) сай келеді. Дегенмен осы сөйлесім әрекетін физика пәніне де пайдалануға болады деген ойдамын.

Себебі физика ғылымында теориясы бар мәтінмен жұмыстанып оқылым әрекетін дамыту үшін, оқығанын ортада еркін жеткізе алу бар айтылым әрекетін арттыру үшін, оқығанын сауатты жаза алу бар жазылым әрекетін қалыптастыру үшін, мұғалімнің айтқанын, сыныптастарының айтқанын тыңдау немесе аудиотыңдалым бар тыңдалым әрекетін жетілдіру үшін.

Сондықтанда физика пәнінен де оқушылардың сөйлесім әрекетін дамытуға болады. Оның қандай жолдары бар? Сөйлесім әрекеті деген не? Ең алдымен осы сауалдарға тоқталып өтелік.

**Сөйлесім әрекеті** дегеніміз белгілі бір хабарды, ойды, ақпаратты баяндау немесе біреуге жеткізу болып табылады. Оның төрт түрі бар: **оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым** [7].

**Оқылым** – материалда берілген мәтіннің мазмұнын толық оқып шығу (кейде ҰБТ-де, ОЖСБ-да, PISA тапсырмаларында оқулықтағы мәтінге сай сұрақтар туындауы мүмкін).

Физикалық тұрғыда оқылым-графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен физикалық шамалардың, формулалардың мағынасын түсініп оқу арқылы санасына қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптай алу. Оқылым

1. ой мен мидың бірлесе жұмыстануы
2. мәтіннен туатын ойды дұрыс және толық түсіне алуы
3. жазылған таңбалар тізбегін дұрыс ажырата алуы (мысалы, t – уақыт және температура, U – ішкі энергия және кернеу, T – температура және период, E – энергия және кернеулік.

Мысалы, PISA тапсырмаларында Айжан жаңа велосипед сатып алды. Велосипедтің рулінде жылдамдық өлшегіш қондырылған. Жылдамдық өлшегіш Айжан велосипедпен жүріп өткен қашықтық пен жолдағы орташа жылдамдықты көрсетеді» деп берілген [4]. Тапсырмада нені сұрап тұрғандығын түсіну үшін ең алдымен мәтінді толық жете түсініп оқып, талдау жасаған кезде берілген сауалға жауап беруге болады. Оқылым әрекетін арттыру нәтижесінде оқушының қарым-қатынасы жетіледі, білімі артады, ой-санасы баиды, ал ойлау қабілеті дамыған адамның сөйлеу әрекеті де ерекше болады.

**Айтылым** – адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Физикадан оқылған материалды ойына түйіп, ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып өз сөзімен дәлелді айта алуы. Бұл әрекет сабақта түсінігін айтуда, жазған ғылыми жобаларын қорғауда қажет болады.

Мысалы, PISA тапсырмаларында «Шолпан жұлдыздарға қарағанды ұнатады. Бірақ қалада тұрғандықтан, ол түнде көп жұлдыздарды көре алмайды. Алдыңғы жылы Шолпан ауылға барғанда, қалада көрінбеген көптеген жұлдыздарды көрді [4].

Сұрақ: Неліктен ауылды жерде қалаға қарағанда көбірек жұлдыздарды көруге болады? Бұл сұраққа жауап беру үшін оқушының ойлау қабілетінің, яғни логикасының болуы, оқушы білімінің жан-жақтылығы, қойылған сұраққа сай тұшымды жауап бере алуы мен сөз саптауына көңіл бөлінуі шарт.

**Жазылым** – ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетіне жазып, сауатты жеткізе білу. Физикалық тұрғыда – мәтіннің мазмұнын толық түсіне отырып жазу арқылы пән бойынша теориялық білімнің нық қалыптасуына себі тиеді, жаза отырып ойдан ой туады.

Физика пәнінен әрбір өткен зертханалық жұмыстардың қорытындысын жазып үйренсе, пәндік олимпиадалардың II турында жасалған эксперименттік тапсырманың қорытындысын ғылыми деректерге сүйене отырып дәлелдеп жаза алады. Физикалық тақырыпта эссе жаза білуге дағдыланатын болады, бұл өз кезегінде ғылыми жобаларды жазуда септігін тигізеді.

Мысалы, PISA тапсырмаларында «Төменде 7 аймақтағы тұрғындар саны мен жұмыспен қамтамасыз етілу туралы мәлімет көрсетілген. Жұмыс күші ретінде саналмаған адамдардың ішіне балалар, үйдегі ата-аналар және зейнеткерлер кіреді» [4].




**1 – Сұрақ**

2010-жылдың желтоқсан айында қай аймақта **жұмыссыз адамдардың** ең көп саны болған?

Аймақтың нөмірі:

**2 – Сұрақ**

2009 жылғы желтоқсан айында 2 аймақтағы **жұмыс күшіндегі** адамдардың жалпы саны қанша болды?

Адамдардың жалпы сан

| | | | Жұмыс күші (балалар, үйдегі ата-аналар және зейнеткерлерді қоспағанда) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жалпы халық саны | | Жұмыспен қамтылған адамдар саны | | Жұмыспен қамтылмаған адамдар саны | |
| Аймақ | Желтоқсан 2009 | Желтоқсан 2010 | Желтоқсан 2009 | Желтоқсан 2010 | Желтоқсан 2009 | Желтоқсан 2010 |
| 1 | 24 811 | 24 916 | 14 227 | 14 328 | 440 | 591 |
| 2 | 45 901 | 47 795 | 21 119 | 22 157 | 1 081 | 1 528 |
| 3 | 5 508 | 5 563 | 2 889 | 2 928 | 133 | 180 |
| 4 | 33 082 | 35 858 | 15 599 | 15 508 | 821 | 1 164 |
| 5 | 72 811 | 76 241 | 34 858 | 34 929 | 2 225 | 2 593 |
| 6 | 52 400 | 52 584 | 27 031 | 26 872 | 2 756 | 2 365 |
| 7 | 15 429 | 16 592 | 7 876 | 8 075 | 354 | 445 |

Бұл тәрізді тапсырмаларды орындауда оқушыларға түрлі кестелер, суреттер, жай ған физикалық шамалар, формулалар мен өлшем бірліктер, физикалық ұғымдар беріп сол бойынша жазуға, есептеуге немесе бір-біріне сәйкестендіріп бірін шешуде екіншісін қолдана алатындай тапсырмалар беруге болады.

**Тыңдалым** – есту арқылы түсіну. «Тыңдалмаған сөз жетім» дейді халықта физика пәніне оқушының тыңдалым әрекетін дамыту арқылы ұқыптылыққа, тез шешім қабылдай алуға тыңдалым арқылы алған білімі арқасында өзі ой қорытып жаза алуға, ойын дәлелдеп айта алуға дағдыландыруға болады.

Бұл әдістің ҰБТ-де, ОЖСБ-да, білім кесімдерін өткізуде, белгілі-бір оқу орындарына түсердегі емтихандарда т.б. сынақтарда өзіндік бір көмегі болады.

Бүгінгі таңда көбіне оқушыларымыз кітап оқып жатпайды, уақытым кетеді дейді, ал осы олқылықты аудиотыңдалым арқылы жүзеге асыруға болады. Болашақта физика пәнінен ережелерді, физикалық заңдарды айтатын, формулаларды оңай есте сақтауға көмектесе алатын аудиотыңдалымдық әдістемелік материалдар көптеп шығарылса нұр үстіне нұр болар еді.

Оқушының сөйлесім әрекетін арттыруда сонымен қатар Шульманның «үш көмекші» деп аталатын қасиеттері болған жағдайда ғана оқыту табысты болмақ [1].

Шульман ілімі бойынша бұл көмекшілер «Бас, қол, жүрек» болып табылады. Физика пәні бойынша алған білімін **баспен** ойлап, **қолмен** жасап және оқып түйгенін **жүрекке** жеткізсе, бұдан оқушының тақырыпты меңгергендігін, түсінгендігін көруге болады. Себебі түсіну – сөйлесім әрекетінің барлық түріне тән ең басты көрсеткіш болып табылады. Бір адам екінші бір адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда өзара сөйлесу жүзеге аспайды, яғни оқу да, жазу да, тыңдау да, айта білу де мүмкін емес.

«Жүгірген сауалдар» тәсілі. Ол үшін сынып бөлмесіндегі төрт жерге физикалық есеп немесе сұрақтар жазылған парақтарды алдын-ала іліп қоямынх. Сыныптаға оқушыларды топқа бөліп отырғызып, әр топтан бір оқушыны шабарман етіп сайлап аламыз.

Шабарман оқушының оқу озаты, оқу екпіндісі немесе орташа оқуы шартты емес. Бұл оқушылардың міндеті тек парақтағы берілген тапсырманы оқып алып өз тобына жеткізуі керек. Ал топтағы қалған оқушылар шабарман алып келген материалды бір рет тыңдап алып, әрі қарай жазу арқылы дұрыс орындауы шарт. Бұл әдіс-тәсілдің тиімділігі неде? Бұдан көріп отырғанымыздай шабарман оқушының оқылым және айтылым әрекеттері, топтағы басқа оқушылардың тыңдалым және жазылым әрекеттері ұшталады. Осы тәсілді қолданған сайын оқушыларды өзгертіп отырса өте тиімді болады.

«Менің айтарым ...», «Менің ойымша ...», «Қызықты фактілер» деген атаумен және мәтіндегі 1-2 сөзден тұратын сөз тіркесі жазылған тапсырмаларды тарау немесе бөлімдерді аяқтауда беремін.

Оқушылар оқулықпен жұмыстанады, АКТ-ны қолданып интернет желісі арқылы, энциклопедияны қолданып ғылыми кітаптардан материал қарастыратын болады және бірінің айтқанын бірі қайталамауға тырысады, әрқайсысы өз ойын ортада жеткізуге машықтанады. Бұл жерде оқушының айтатын ойының дәлелді болуына, сөйлей алуына, өзін еркін ұстай алуына көңіл бөлінеді.

**Әдебиеттер**
1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық I деңгей НЗМ ДББҰ. – 2012.
2. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. – № 6.
3. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері // Қазақстан мектебі. – 2006. – №4.
4. PISA материалдары / PISA – технологиясы мен құралдары 15 жастағы білім алушылардың оқу жетістігін бағалау.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
6. Физика пәні оқулықтары – 7-11 сынып. – Алматы: Мектеп, 2012.

ҒТАХР: 14.25.05

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДА «ЗЕРТТЕУ, ЗЕРДЕЛЕУ» ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Оспанова Ш.О., Жахмет Д.Ж.,** бастауыш сынып мұғалімдері
«№ 10 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

– гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимент арқылы алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;

– мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

– БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі ғылыми ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

–жанды және жансыз табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған тигізетін әсерін анықтауға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

– өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

– жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

Білім сапасы, жас жеткіншектердің ғылымға ден қойғаны ең бірінші ұстаздардың біліктілігіне тікелей байланысты. Қазіргі заманғы ғылымның көптеген бағыттары бар. Өмірін ғылымға арнаған ғалымдар теориялық та, практикалық та тұрғыда зерттеулер жасай алады. Олар барлық қолда бар құжаттарды зерттейді немесе әртүрлі тәжірибелік бақылаулар жүргізеді. Жаңартылған бағдарламаның ерекшелігі 1 сыныптан бастап жаратылыстану пәнінің енгізілуі. Жаратылыстану бағытында білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білімқұмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрістің кеңеюіне, ғылыми ұғынудың және қоршаған әлемді тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған әлемді қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі. Бастауыш мектепте оқушыларға «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру келесілерді түсінуге мүмкіндік береді:

– қоршаған әлемнің күрделілігі мен көп қырлылығын;

– табиғи құбылыстар мен үрдістердің өзара байланысын;

– өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін;

– жаратылыстану бағытындағы білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын түсінеді.

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату. Оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді

қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді.Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «синтездейді».

«Жаратылыстану» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Алты-жеті жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс. Осы пәнді оқу арқылы оқушылар зерттеушілер дегеніміздің белгілі бір ғылым саласын зерттейтін мамандар екенін түсінеді. Зерттеушілер қоршаған әлемнің үдерістері мен құбылыстарын, олардың табиғатын жақсы түсіну үшін зерттеу жүргізеді.

Жаратылыстану пәні арқылы оқушылар мынандай нәрселерді үйренеді;

– қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізуге;

– өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін анықтауға;

– заманауи технологияларды сауатты пайдалануға;

– өзіндік қарапайым зерттеулерден қорытындыларын жасауға үйренеді.

Қазіргі жаратылыстануда қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру жас ұрпақтың дүниетанымын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар тақырыптарды зерттеу үшін ресурстарды пайдаланып, өз қорытындыларын жасайды. Бұл анағұрлым терең білім алып, пәнді түсіну үшін қажетті айтарлықтай жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Әдетте зерттеуге негізделген оқу бастауыш сыныптарда оқытылатын «жаратылыстану» пәнімен байланыстырылғанымен, ол кез-келген пән үшін негіз бола алады.

Жаратылыстану пәнінің ерекшелігі – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізу үшін бағытталған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде дәйектілікпен ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылар жетістігін бағалауға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәні оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқулық «Өсімдіктер», «Жануарлар», «Адам», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Күш және қозғалыс», «Табиғат физикасы» сияқты оқу бөлімдерін қамтиды. Әр жаңа тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтың бас кейіпкерлері Негеш пен Эврика көмектеседі. Негеш пен Эврика оқушыларды ғылым әлеміне бағыттап, болжам жасауға, тәжірибе немесе зерттеу жүргізуге, табиғи құбылыстарды ашуға ынталандырады. Сондай-ақ әр тарау бойынша тапсырмалар жабық тест арқылы тақтыланып, тексеріледі.

«Мен-зерттеушімін» тақырыбын өткен кезде оқушылар мектеп үлескісіне барып, төрт топқа бөлініп, әртүрлі бөлме өсімдіктерін зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ал өсімдік бөліктерімен танысқанда тұқым қалай өнетініне шағын тәжірибе жасау арқылы көз жеткізді. Ол үшін пластикалық стакан, мақта, бірнеше тұқым керек. Стаканның түбіне мақта салып, ол ылғалданатындай аздап су құйылды. Сосын мақтаның үстіне тұқымдарды қойып, бетін ауа өтетіндей тесіктері бар қақпақпен жауып, жылы жерге қойдық. Бірнеше күн бойы ол тұқымның өнуін бақылап, қорытынды жасайды.

«Ғарыш» тақырыбында ғарыш кемесінің орнына шарларды ұшыру арқылы тәжірибе жасауға болады.

«Күш пен қозғалыс» бөлімінде қозғалыс траекториясы деген не? деген сұрақққа жауап беру үшін тәжірибе жасау арқылы қол жеткізуге болады. Тәжірибе жасау үшін құм салынған табақша, ойыншық машиналар және металл шарлар қажет. Табақты сәл қисайта орналастырып, «төбешіктен» машинаны итеріп жібереді. Машинаның ізінен қалған сызықты салады. Одан кейін металл шарды «төбешіктен» төмен қарай жіберіледі. Оның да ізінен қалған сызықты саламыз. Тәжірибені бірнеше рет қайталап жасағаннан кейін сызықтарды салыстырды. Траектория дененің қозғалыста болған кезінде жүріп өткен жолы. Машинаның түзу траекториямен, ал шар әртүрлі траекториямен қозғалатынын айтып қорытынды жасады. Сабақтарда әртүрлі рольдік-сюжетті ойындарды ойнау арқылы да тәжірибе жасауға болады.

Бұл пәннің артықшылығы: бала тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында

әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді.

**Әдебиеттер**


1. Жаратылыстану оқу бағдарламасы 2017.
2. Жаратылыстану оқулығы 2017.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық 2017.


МРНТИ: 14.23.01

## ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ ПИСЬМА У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ


**Рахимбаева А.А., Иманалинова М.М.,** учителя начальных классов
КГУ «СОШ № 10» отдела образования
(Республика Казахстан, г. Семей)


Бала еңбегі мынадай бағыттарда жан-жақты бағаланғаны жөн:

- сабаққа қатысуы;
- оған даярлығы;
- тапсырманы орындауы;
- өзіндік жұмысы;
- ынтасы;
- сабақтағы жауабы.

Мұндай жағдайда «екі» деген баға болмайды, себебі өзін ықтырып, үркітетін бағаны емес, жинақталған балды көріп, кемшілігін түзетуге мүмкіндігі бар екеніне сенімді болар еді.

**«DEAL»**

**D – Describe –** баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).

**E –Explain –** түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).

**A – Anallyse –** талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

**L – Links –** байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

**«ДЖИГСО»**

Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды.

ДЖИГСО әдісімен жұмыс ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Мәселен, әдісті қолдануды төмендегіше қарастырып көрейік.

Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұлар – бастапқы жеке жұмыс топтары. Берілгелі тұрған жұмыс мәтіні төртке бөлінеді. Енді топ мүшелері төртке дейінгі реттік жүйеде тағы

бөлінеді. Тіпті тақырыпқа қатысты сұрақ қойып, айтылған сөздерді шартты атау ретінде бөліп беруге де болады (мәселен, берілген сөйлемдердің мағыналық түрлерін анықтаңдар: сұраулы, лепті, хабарлы, бұйрықты). Бұл жолы әр сан иелері немесе атау иелері өз алдына «жұмыс тобын» құрайды.

Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді топта талқылап, түсіну қажет екендігі ескертіледі. Логикалық түрде төрт бөлікке бөлінген мәтін бөліктері әр топқа таратылады. Топтар тұтас мәтінмен емес, тек белгілі бөлікпен ғана жұмыс істеп, бүге-шігесіне дейін талдайды, пікір алмасады, ойын нақтылайды. Жұмысты бастамас бұрын екінші құрылған шағын топқа бара жатқан оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті болты жақсы меңгеру қажеттігі айтылады, өйткені сол бөлімді «бастапқы топ» мүшелеріне түсіндіруге жауапты болатыны, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының жұмыс істеуі мен зейін қоя түсінуіне байланысты екені түсіндіріліп, жауапкершілік жүктеледі.

Бұл стратегия мазмұнды жан-жақты меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін ұмтылу, жауапкершілік дағдысына баулу мақсаттарында аса тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

**«Диаманта»**

Диаманта – жеті жолдан тұратын өлең түрі, бірінші және соңғы жолдары қарама-қарсы мәнде болуы қажет. Мағыналары қарама-қарсы түсініктермен жұмыс істегенде пайдалы.

1,7 – жолдары – антоним-зат есімдер;
2 – бірінші зат есімге екі сын есім;
3 – бірінші зат есімге үш етістік;
4 – зат есімді екі сөз тіркесі;
5 – екінші зат есімге үш етістік;
6 – екінші зат есімге екі сын есім;

Мысалы:
қала
үлкен, көне
салынады, өседі, гүлденеді
танымал қала, кішкентай ауыл
асырайды, дамиды, қалыптасады
әдемі, туған
ауыл

**«Дизайн»**

Әр оқушы өзінің қандай жансыз зат екенін айтады. Дизайнер келіп оларды өз талғамымен орналастырады. Ең бастысы, бәрін өз орнына тиімді орналастыра білу. Сабақта да солай әр жұмыстың өз қызметі, өз орны бар. Орнымен жұмсасақ қана нәтиже болатынын білдіру.

**Әдебиеттер**

1. Оспанова А. Жаратылыстану негіздері. – Алматы, 2015.
2. Дайрабаев К., Дайрабаева А. Педагогика негіздері.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
4. Мирсеитова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. – 1998.

ҒТАХР: 18.41.01

## АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС

**Айдаболова Н. М.,** әлеуметтік педагог,
**Мұқатаева А. С.,** педагог-психолог
«Семей қаласының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Психолог – педагогтың ата-аналармен жұмысы бірнеше бағытты құрайды:

– балаға отбасының демеу көрсетуіне жағдай жасау (отбасы жағдайына кіріспеу принципін ұстана отырып, әріптестік жағдайы);

– балалардың маңызды мәселелері жайында ағарту және кеңес беру (ата-аналар жиналысы, кездесулер); -ата-ана сұранысы бойынша «бала-ата-ана» қарым-қатынасы сұрақтары бойынша кеңес беру; -ата-анаға психологиялық қолдау көрсету.

Осы бағыттардың кез келгені мектеп психологының және ата-ананың өзара бірлескен әрекетін қажет етеді.

Психологтың отбасымен жұмысы отбасының жүйелі дамуын түсінуді талап етеді (отбасы балада симптом пайда болуына қалай әсер етеді) және жеке реакцияларды бағалауды да талап етеді (отбасының әр бір мүшесінің алдында және баланың алдында қандай мәселелер туындайды). Әңгіменің басында отбасыда және өзара қарым-қатынаста не жақсы жүріп жатқанын анықтап алған маңызды. Бұл жағымды бағытталуға және босаңсуға, отбасында жақсы және мықты не бар екенін, неге сүйенуге болатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Отбасы қоғамның алғашқы ұясы болғандықтан, оны нығайту, оның тәрбиелік мәнін арттыру, сол қоғамның басты назарында болуы керек. Бала тәрбиесі мәселесінде ата – ананың жауапкершілігі күшті. Олар үйде көрген өнегесін мектептен алған білім, тәрбиесімен толықтырады,жанұяда болып жатқан сан алуан ірілі ұсақты оқиғалар, ата-ананың баламен сөйлесуі, үй шаруасының істелуі, әке мен шешенің еңбекке көзқарасы, демалысты қалай ұйымдастыруы, өздерінің туыстары мен жолдастарына ықыласы, қонақ қабылдауы, бәріде балаларға әсер етеді. Олардың мінез-құлқын, тәрбиесін қалыптастырады.

Ата – аналар әртүрлі, олардың ұрпақ тәрбиесіне, мектепке көзқарасы да сан алуан. Қандай мектеп болсын, әлеуметтік тұрғыдан бұл мәселені «Отбасы-оқушы-мектеп» үшбұрыштық жүйесімен жүргізген абзал.

Психолог – маман ұрпақ тәрбиесі тағылымды болсын десе, жұммысты ең алдымен , ата-анамен, яғни, отбасынан бастағаны, жүргізгені, талап еткені жөн. Бұл қазіргі замандағы ең басты қажеттілік десек болады. Ол үшін, ең, алдымен, ата-ананың өзін-өзі тануына тренингтер, өзіне баласының көзқарасын білдіретін тестілер жүргізіледі. Әрине, кез-келген ата-ананың өзі туралы, өз баласы туралы жоғары пікірде болуы заңдылық.

Көптеген психолог мамандар үшін ұстану және іске асыру міндетті болып табылатын өзіндік қағидалары мен талаптары анықталған. Психологиялық қызмет көрсететіндердің міндеттерін анықтайтын этикалық кодекстері бар.

Психологтың этикалық кодексі:

1. Қауіп келтірме! Өз білімдеріңді дұрыс қолдана біл.
2. Бағалама! Жағымсыз бағалауларыңды дауыстап айтпа.
3. Адамды сол қалпында қабылдай біл. Психолог алдына келген клиентті түсіне білуге міндетті.
4. Кәсіби құпияны сақтау. Оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар жайлы ақпараттарды жариялауға қатаң түрде тыйым салынады.
5. Оқушылар мен қызметкерлер бар жерде, жұмыстағы әріптестеріңмен араларындағы түсініксіз мәселелерді шешпе.
6. Компетентті бол! Техникалар мен әдістерді жетік білмесең, қолданба.
7. Адамдар мен қарым-қатынаста дистанцияны ұстана біл.
8. Адамның өз іс-әрекеті мен өміріне деген жауапкершілік құқығынан айырма.
9. Адамдық ате ақпараттандырма! Себебі көмек сұраған адам дұрыс емес шешім қабылдауы мүмкін.
10. Адамның әртүрлі психологиялық шараларға қатысуындағы еріктілік принципі нұстан!
11. Өзіңді тұлға және маман ретінде сыйлай біл!

Психологиялық ықпал саласында адамдармен тікелей жұмыс жасайтындар үшін бұл нормалар елеулі шектеулер қояды. Сондықтан психологиялық кеңес беру, коррекциялық тренингтер ұйымдастыру шаралары маңызды орыналуда.

Психологиялық қызметті жүргізуші психолог-мамандардың құқықтары:

1. Мектептің ерекшелігіне байланысты жұмыстың тиімді бағыттарына нықтауға құқылы.
2. Оқушылар мен жүргізілетін жұмыстардың нақтылы міндеттерін белгілеп, жұмыстың әдістері мен түрлерін таңдауға құқылы.
3. Психологиялық қызметтің ережелеріне қайшы келген жағдайда әкімшіліктің бұйрығынан бас тартуға құқылы.
4. Оқушылардың тағдырын шешуге байланысты құрылған комиссиялар мен түрлі ұйымдардың жұмыстарына кеңесші дауыспен қатысуға құқылы.
5. Мектептегі қажетті құжаттармен танысуға, дәрігерлік мекемелерге тапсырыстар беруге құқылы.
6. Зерттеулер мен тәжірибелер жүргізуге, психологиялық диагностика мен түзету жұмыстарының жаңа әдістерін өз тәжірибесінде қолдануға, олардың тиімділіктерін анықтауға құқылы.

7. Мектеп әкімшілігі мен келісу арқылы жоғары органдардың алдына оқушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған сұраныстар мен шығуға құқылы.

8. Мектеп оқушыларының кәсіби мүмкіндігін анықтау мақсатында кәсіптік бағдар беру орталықтарымен байланыс жасауға құқылы.

**Әдебиеттер**

1. Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 528 Бұйрығы.
2. Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. – III-бөлім.
3.Сұлтанова Ғ.Т. Мектеп психологының жұмыс кітабы» әдістемелік көмекші құрал.
4. Нұржанова С. Жалпы және балалар психологиясы.

ҒТАХР: 17.01.07

# САБАҚТА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Айтимова Б.С., Байболова А.Е.,** қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
«№ 27 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектеп білімінің негізгі мақсаты оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіру болып табылады. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс істеуі қажет.

Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кезкелген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Белсенді әдіс. Бұл – оқытушы мен оқушының сабақтың өн бойында өзара белсенді әрекеті жүзеге асатын оқу мен оқыту әдісі. Оқушылар – енжар тыңдаушы емес, сабаққа белсенді қатысушы. Оқушы енжар субъект түрінде көрінетін дәстүрлі оқытуда мұғалім ғана негізгі әрекет иесі және сабақ менеджері болатын болса, бұл жерде ол оқушымен тең дәрежелі. Белсенді әдіс оқытудың демократиялық стилін ұстанады. Білім алушы сабақ бойы үдеріске 4 оқушы оқытушы оқушы мен оқушы араласа отырып, барлығын өзі жасауға қатысады: тапсырманы өзі орындайды, талдауға белсене араласады, жаңа тақырыпты меңгеруге атсалысады.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жаңарулар, ақпараттар ағыны, бәсекелестіктің артуы сияқты жағдайлар білім беру мәселесінің алдына жаңа міндеттер қоюда. Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен ізденуі оқу үдерісіне қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады. Осы талаптарды орындауда қазақ тілін оқытып-үйрету көптеген ізденістерді, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. Осыған орай қазақ тілін оқыту белсенді әдістерді қолданумен байланысты болып отыр. Белсенді оқыту дегеніміз – баланы ойландыра отырып ойлауға бағыттау. Белсенді әдістерді қолдану өзара түсіністікті, өзара әрекеттестікті, өзара байыптауды қамтамасыз етіп, сабақ барысында материалды жақсы меңгеруге көмегін тигізеді, ең маңыздысы пікірді, қарым-қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.

Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауын, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше

білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Оқушылардың сөздік қорын қалыптастыру, байыту мақсатында мына белсенді әдістерді қолдануға болады.

Оқу мақсатына жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер

1. Өтілетін тақырыпты болжауда: «Сурет галереясына саяхат», «Стоп КАДР» әдістері тиімдірек болып келеді.

2. «Суреттер: не болды?» әдісі арқылы оқушының зейінін шоғырландыру.

3. Тыңдалым алды: «Ашық микрофон» әдісі. Бұл әдіс білім алушылардың алдыңғы білімімен жаңа білімді ұштастыруда тиімді болады.

4. Жазылым алды: Т.Ж. «Кластер» белсенді әдісі.

5. Тақырып бойынша алдыңғы білімді қайталау үшін: « Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі өте тиімді болып келеді.

6. «Пікірлер базары» белсенді әдісі арқылы «Кейіпкердің» іс-әрекетіне баға беріп, болжап, әңгіме құрастырады.

7. «БББ» – таныс әдіс. Жаңа тақырып бастар алдында үш бағаннан тұратын кесте таратылады. Олар нені біледі? Олар нені білгісі келеді? Олар нені білді?

8. Жаңа тақырыпты меңгертуде келесі әдістерді жүйелі қолдануға болады: «Бабл – габл», «Зуылдақ», «Ақпаратты сүзу» – оқушылар өз ойларын бір мезетте мұғалім тоқтатқанша айта береді.

«Ойлан, жұптас, бөліс», «ДЖИГСО» әдістері оқушыларға ойларын жинақтауға, жұпта бөлісуге, топқа шығып сөйлеуге көмектеседі.

9. Сабақты қорытындылау мақсатында «Автор орындығы», «Қалпақ кигізу», «РАПТ» белсенді әдістерін қолданған тиімді.

9. « Конверттегі сұрақ» әдісі арқылы оқушылардың оқуы бойынша білімдері тексеріледі.

10. Рефлексияда жиі қолданылатын әдістер : «Екі жұлдыз, бір тілек», «Стикерлі алма», «Алақан», « Плюс – минус – қызығамын» кестесі бойынша кері байланыс жасайды.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімді игеруде жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл – ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, оқытудың белсенді әдістері – оқушының іс-әрекеті өнімді, шығармашылық ойлаудың, ізденіс сипат таситын оқыту әдістері, оқушының танымдық іс-әрекетін ынталандырушы және қандай да болсын мәселенің шешу жолдары жөнінде еркін пікір алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер.

**Әдебиеттер**

1. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.
2. Қазбаева С., Рахметова С. Қазақ тілі оқыту методикасы. – Алматы, 1991.
3. Қалиева Ж. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелері.

ҒТАХР: 14.25.05

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Бабиева Ж.С.,** математика пәні мұғалімі
«Қарабұта орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін математика сабағында сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын пайдалану өте тиімді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын пайдаланудың маңызы зор.

Төртбұрыштың анықтамасын, элементтерін, қасиеттерін оқып, галереяда ой шарлау стратегиясымен төртбұрыштың түрлерін өздері тауып сызбаларын сыза алады. Оқушылар өз қиялдары арқылы ойларын жеткізе отырып, төртбұрыштың топтастырады. Төртбұрыштың бір-бірнен айырмашылығын анықтау үшін семантикалық картаны толтыру және талдау арқылы оқушылардың білімін жетілдіріп ойында сақтайды.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Оқу материалы балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды сабақта талабын шаттандыратындай, ойын оятатындай, белсенділігін, саналы ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын, олардың іскерлігін дамытатындай болу керек. Оларды қиындықты жеңе білуге, төзімділікке баулу мұғалімнің басты міндеті.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз:

• барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;

• ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Ал оқушылардың ойлауын дамытып, дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрету – математика сабағының міндеті.

Математикалық ойлауды өрістету үшін оқушыларды қызықтыратын, ынтасын арттыратын есептерді қарастыру дұрыс.

Логикалық есеп дегеніміз – арнайы формула қолдануға келмейтін, әрқайсысына өзінше талдау жасаулы кажетсінетін есептерді айтады. Логикалық есептер сан алуан болғанымен, төмендегідей ортак қасиеттері бар:

1. Логикалық есептердің шешу жолы белгісіз. Олардың шешіміне жету «ойдың броундық қозғалысы» тәрізді, яғни байқап көру, қателесу әдісімен іске асады. Байқап көру арқылы іздену жеке жағдайларда негізгі шешімге бастайтын тізгінді қолға ұстатады.

2. Логикалық есептер оқушының пәнге қызығуына, белсенділігіне негіз болады. Есептің сюжетінің шешілу жолының әдеттен тыс болуы бала көңіліне әсер етіп, қайткенде де оны шығаруға итермелейді.

3. Логикалық есептер ойлау заңдылықтарын білуге негізделіп жасалады.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

– теорияны білу, оны логикамен ұштастыру-есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу-математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру.

Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады. Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру – өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу – ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі сол, оқушы:

• мақсат қоюға үйренеді;
• есте сақтау қабілеттері дамиды;
• басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
• кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
• қатарынан қалмауға тырысады;
• дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
• әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады;
• күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады;
• білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді;
• өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады.

Мұғалім:
– жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
– оқушыны жан-жақты танып біледі;
– қарым - қатынас орнатады;
– оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
– оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

– Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша “білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

– Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

– Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;

– Халықаралық зерттеулер мен Ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушылармен мақсатты түрде жұмыс істеу;

– Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрену.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың **мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына** үйрету.

Тұлғаның ең басты функциялық сапалары:

– белсенділік,

– шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға бейімделуі,

– кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмірлік білім алуға дайын тұруы болып табылады. Ал бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

**Әдебиеттер**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // Ресми мәтін. – Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.

ҒТАХР: 14.25.09

# ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША НӘТИЖЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ БЕРУ

**Байжуманова Б.М.,** химия пән мұғалімі
«Алтыншоқы орта мектеп-бақшасы» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз – жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Құзырлық – ол тереңнен берілетін білім. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі бір-құзырлыққа жетуі керек. Бүгінгі таңда мұғалімге қойылатын талап та күшті.

Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Нәтижеге негізделген білім беру нәтижелерге негізделген білім беру моделін құруға негізделген. Нәтижеге бағдарланған білім беру,барлық білім беру жүйесі оқыту мақсаттарының айналасында құрылған. Оқыту нәтижелері-бұл оқу процессі аяқталғаннан кейін білім алушылар білім,дағды және қарым-қатынас тұрғысыннан нені көрсете алатыны туралы мәлімдеме.

Нәтижеге бағытталған білім берудің мақсаттары:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдерді қолдана отырып оқушыларды нәтижелі білімге бағыттау.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.
3. Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау
4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Нәтижеге бағытталған білім беру нәтижесінде «Нені оқыту ?» деген сұрақ аясында жеке пәндер бойынша берілетін білімінің құрамы мен құрылымы анықталып, көлемі белгіленеді.

Химия, биология пәндерінің бағдарламаларын құрастыру ең алдымен әрбір сыныпта қамтылатын білім мазмұны материалдарына сәйкес мақсаттарды нақтылаудан басталады. Оқу мақсаттары стратегиялық мақсаттар мен құндылықтарға негізделеді. Бағдарламаға білім ғана емес оқушылардың құзыреттіліктерін (дағдыларын) қалыптастыру мақсаттары енгізілген. Осы пәндерді оқу барысында оқушыларда тарихи деректерді интерпретациялау, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, түсіндіру және талдау сияқты дағдылар қалыптасады. Мұғалімдер сабақ тапсырмалары мен оқушылардың зерттеу іс-әрекетін жоспарлаған кезде ойлау дағдыларының бірте-бірте дамуына жәрдемдесулері керек.

Сондай-ақ оқыту әдістемесі де жаңаша зерделенеді. Сабақ мақсаттары айқындалған соң соған сай технологиялар, әдіс-тәсілдер таңдалады. Білім мен дағдыны қатар игерту, қалыптастырушы бағалаудың түрлері және бағалау мен оқу мақсаттарының түйіскен жерлері, ерекшеліктерін көрсетуге көңіл бөлінеді.

Мұғалімнің сабаққа арнайы дайындайтын тапсырмалары келесі критерийлерге сай болуы тиіс:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- дифференциацияны (әркімнің сұранысы, қабілетіне қарай) көздеу;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік туғызу;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы [4].

Оқушыға дайын білім берілмейді. Әртүрлі әдіс-тәсіл, технологиялар арқылы ол өзі тақырыпты зерттеу, мәтіндерді талдау арқылы бір қорытынды байламға келеді. Мұғалім оқушыны өздігімен оқу, ізденуге бағыттап, қажет болған жағдайларда ғана көмектеседі. Білім алудың тиімді жолдарын, әдістерін үйретеді. Оқушылар әрбір сабақтың күтілетін нәтижесімен таныстырылып, сабақ соңында

формативті (оқу үшін) бағалау өзін өзі бағалау, өзара бағалау, мұғалімнің бағалауы түрлерінде мақсатқа жеткен жетпегені нақтыланады. Оқушы өзінің білім деңгейін күнделікті біліп отырады.

Тәжірибемде жаңаша әдістерді ұтымды пайдалану негізінде оқушыларымның пәнге деген қызығушылығының артқанын байқадым. Сабақ барысында бағалаудың оқыту үшін бағалау түрін сабақтың әр кезеңінде қолдану оқудың нәтижелілігіне оң әсерін тигізеді. Сабақ барысында мен формативті бағалаудың «Шапалақтау», «Бағдаршам», «Екі жұлдыз, бір тілек» түрлерін қолданудамын. «ДЖИГСО» стратегиясын жүйелі түрде пайдаланғаннан кейін оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергендіктерін анықтаймын.

Сабақтарымда кері байланыстың «шығу парағын» толтыру арқылы білемін. Оқушылардың сабақта не туралы білім алағандықтарын, нені түсінгендіктері айқын көрінді.

Оқушылардың коммуникациялық қабілеттерін дамытуда «диалогтік оқыту» тәсілі көмекке келеді. Себебі, менің ойымша бала сынып ішіндегі немесе топ ішіндегі диалогқа немесе әңгімелесуге түскен кезде оның ой өрісі кеңейеді және ойлау қабілеті дами түседі, демек оқушының саналы түрде білімденуіне жағдай туындайды. Оқушылардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін өз сабағымда пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерден мысалдар келтіріп кетуді жөн көрдім. 5-6 сыныптарда ойын сабақтары, 8-10 сыныптарда сын тұрғысынан дамыту, бірлескен оқу, пікірталас, семинар, сынақ, жарыс, өзіндік жұмыс, мәнерлеп оқыту т.б. тәсілдерді қолданамын. Сурет-иллюстрациялар бойынша әңгіме құрастыру, тірек сигналдар, тірек-сызбалар, кластерлер, хронологиялық таблицалар құрастыру, тірек-конспектілер, Венн диаграммасы арқылы жұмыс істеу әдістері де қолданылады. Тағы бір ерекшелік, күнделікті сабақпен салыстырғанда қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады.

Әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданамын. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып отырамын. Оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баули отырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдаймын. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескеріп, нақты тапсырмалар берген жөн. Сондай-ақ, күнделікті сабақта оқушылардың білімін бағалауға да тигізер көмегі көп.

**Әдебиеттер**

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы. – 2013
2. Смагулова Қ.Е. Химия сабағында инновациялық технологияларды қолдану негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту.
3. Методические рекомендации по выполнению практических заданий на уроках химии «Центра образовательных программ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». – Астана, 2013. (орыс тілінен аударған Қарағанды қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалімі Юсупова Т.Қ). https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8901/

FТАХР: 14.25.05

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Байсуанова М.К.,** математика пәні мұғалімі
«Қарабұта орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт – бағдарымен деңгейлес болуы қажет.

Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс – шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері

негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару – менің бүгінгі таңдағы басты міндетім. XXI ғасырдың жан – жақты зерделі, дарынды, талантты адам қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі – бүгінгі күн талабы. Бұл талапқа жету жолы - білім берудің тиімді жолдарын таңдай білу. Сондай жолдардың бірі – деңгейлік оқыту. Оны меңгеру мұғалімнің өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқытудың жаңа технологияларын алдымен жете меңгеріп, одан соң оқу мазмұнына, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Осы технологияны қолдану негізінде әрбір бала бойындағы дара қабілет анықталады, әр оқушы әр сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, ізденіп, пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму үстінде болады.Бұл жерде математикалық дайын ақпараттарды қолдану ғана емес, ғылым мен техниканың дамуына ықпал ететін жаңа туындыларға жол ашу, мүмкіндік жасау. Бұл үшін қажет болған жағдайда жаңа идеялар айтатын, математикалық сауаты жоғары мамандар дайындау қажет. Қазіргі қоғамымызда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білуі қажет. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру - мұғалімнің басты талабы. Жаңа талаптарға сай көптеген оқыту технологиялары бар.

Бүгінгі таңдағы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлдем жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – өз жұмысын орынды және бүкіл технологияның үздіксіз өзгерістеріне, жаңалықтарына бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын қолдану. Сабақ үрдісінде небір күрделі қиындықтар кездеседі. Қашанда шебер ұстаз барлық қиындыққа төтеп беріп, сабақ үрдісін тиімді ұйымдастырып, тақырыпты жүйелі түсіндіріп отырады. Бүгінгі таңда озат педагог – ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер ойлап тапқан сабақты түрлендіре өткізудің жаңа тәсілдері жеткілікті.

Осындай технологиялардың бірі – профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы.Деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы дегеніміз – оқушының туа біткен ақыл – ой қабілетінің жеке даму жан – жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы жоғарылайды, өз білімін бағалай алады және баға әділдігіне көз жеткізеді [1].

**1-деңгей. Оқытушылық** деңгей – міндетті, оқушылық деңгей – репродуктивтік деңгей:- жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, аксиома, теорема, т. б; – алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар; тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиісті және өмірмен байланысты болу керек.

**2- деңгей. Алгоритмдік** деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына бағытталады:өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды талап етеді;логикалық есептер, тапсырмалар.

**3- деңгей. Эвристикалық** іздену түрде орындалатын тапсырмалар:-анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әр түрлі әдіс – тәсілдермен есептер шығару, өздігінен есептер шығару, ребрустар, сөзжұмбақтар құрастыру, диаграмма салу, өлшем жасау, проблемалық жағдайларды шешу, белгілі бір дағдыларды қалыптастыруға арналған сұрақтар.

**4- деңгей. Шығармашылық** оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктердің қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген (теорема дәлелдеу, заңдылықтарды окулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару); – олимпиада есептерін шығару; берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, ғылыми жобалар қорғау.

Деңгейлеп – саралап оқытудың басты мақсаты – сынып оқушыларын қабілетті, қабілетсіз жіктерге бөлуді болдырмау. Деңгейлік тапсырмаларды орындауды оқушылар барлығы бір уақытта бастайды және әрқайсысы өз білім шыңына өзінің жеке қабілеттеріне қарай жетеді. Әрбір оқушы

жоғарғы деңгейге жетуге мақсат етеді, өйткені әрбір деңгейлік тапсырманы орындағаны үшін оқушыұпай жинап отырады:

1-ші деңгей – 5 ұпай (5 тапсырма)2-ші деңгей – 4 ұпай (4/2 тапсырма) 3-ші деңгей,

– 3 ұпай (2/1 тапсырма)Деңгейлік тапсырмалардың барлығын сыныпта орындап бітіру мүмкін емес, сондықтан үй жұмысына сол деңгейлік тапсырмаларды беруге болады.

Сабақтың соңғы 3 минутында сыныптағы ұпайлар саналып, “ашық журналға” белгіленеді.Өтілген тарау немесе модуль бойынша да өзіндік жұмыс, коорекциялық жұмыс және бақылау жұмысы арқылы бағалауға болады.

**Өзіндік жұмыстың** алдында оқушыларды сабаққа дайындау қажет. Ол үшін мұғалім өткен тақырыпты ауызша қайталап, өзіндік жұмыстың көлемі және мазмұны, мақсаты және орындау техникасы туралы нұсқаулар береді. Мұғалім барлық оқушы жұмысты қалай орындау керек екендігіне көз жеткізу керек. Ерекше көңіл баяу және үлгерімі төмен оқушыларға бөлінеді. Қажетті жағдайда мұғалім қосымша түсініктемелер береді.

Кейінгі сабақта модуль бойынша кемшіліктерді жоюға арналған коррекциялық жұмыс өткізіледі. Мұғалім барлық тапсырма бойынша кемшіліктерді жоюға арналған **коррекциялық жұмыс** өткізіледі. Мұғалім барлық тапсырманы дұрыс орындаған оқушылармен бірге үлгермеген оқушыларға көмектеседі, өтілген тақырыптың түсініксіз жерлерін түсіндіреді.

Соңғы сабақ – ***бақылау жұмысы***. Тапсырмалардың орындау барысын және оның нәтижесін мұғалім қатаң бақылайды және бағалайды. Бұл сәтте оқушының жиған ұпайы бақылау жұмысының нәтижесі бойынша төмендеуі мүмкін, өйткені бақылау жұмысын оқушы жеке, ешкімнің көмегінсіз, мұғалімнің қатаң қадағалауында орындайды.

**Әдебиеттер**

1. Груденов Я.И. Совершенствование методики работы учителя математики. – М.: Просвещение, 2005.
2.Брудный Д. Математика сабағынан деңгейлік тапсырмалар. – Алматы, 2020.
3. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
4. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. – Астана: ҰББСБО, 2013.

ҒТАХР: 14.25.05

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Құдайберген Г.Т.,** бастауыш сынып мұғалімі
«№ 3 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Оқушының белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты арнайы педогогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектік, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру. Әр адамның бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін, математикалық білімін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін салу болып табылады.

Логикалық есептерді шығару оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, есеп шығару қабілетінің артуына қолайлы жағдай жасайды.

Логикалық тапсырмалар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін жақсартады. Логикалық есептерді шығаруда шығармашылықпен жұмыс істеу әрбір оқушыға тиімді. Ең бастысы шығармашылықпен жұмыс істеген адамның өзіне және өз ісіне деген сенімі, жауапкершілігі артады, іскерлік дағдысы қалыптасады.

Логикалық есептерді шығару және қолдану жолдарын зерттей отырып, оқушы білімін, нәтижесін өмірде қолдана білуге дағдыландыру жолдарын қарастыру-басты мәселе.

Адамның ерекше қасиеттерінің бірі – есепті дұрыс шеше білу. Менің мақсатым – әр түрлі қиындықтағы есептердлі дұрыс шығара білуге үйрету. Біздің заманымыз ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Сондықтан әрбір мектеп оқушысының алдында тұрған міндеті – қазіргі заманғы математикалық логиканың негізін түсіне білу, логикалық есептерді шеше білу. Математикалық логиканы білмейінше, оны ойдағыдай меңгеру қиын. Өйткені бүгінгі күні ғылым мен техниканың қарыштап дамуы ол адамның ойлау қабілетінің ең ірі жетістіктері болып табылуда.

Арнайы формуланы қолдануға келмейтін әрқайсысына өзінше талдау жасауды қажет ететін есептерді логикалық есептер дейміз. Әрбір шығармашылық есеп логикаға негізделген. Логикалық ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады.

Логикалық есептредің оқу процесіндегі маңызы зор. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін, математикаға деген қызығушылыған арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады.

Шығармашылық деңгейдегі есептер жоғары сыныптарда да беріледі. Сонымен бірге математика апталығы да, сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылықпен айналысатын оқушыға логикалық есептерді шешу тиімді.

дербес белгілерді түсіндіре отырып, оларға лайықты талдаулар жасату.

**Граф әдісі**

Бұл әдіс кейбіреулері қырлары деп аталатын сызықтар мен қосылатын нүктелердің шектеулі жиыны.

Есеп 1:

Төрт спортшы: Әлия, Ғалия, Мадина, Динара гимнастикадан өткен жарыста алдыңғы 4 орынды алды, бірақ олардың кез келген екеуі бұл орынды бөліскен жоқ.

Кім нешінші орын алды?- деген сұраққа үш жанкүйер былай деп жауап берді.

а) Әлия – II, Динара – III

ә) Әлия – I, Ғалия – II

б) Мадина – II, Динара – IY.

Жанкүйерлердің әрқайсысы бір рет қателескенін ескеріп, әр спортшының қандай орын алғанын табы керек.

Жауабы: Әлия –I

Мадина – II

Динара – III

Ғалия – IY

Ә I

ҒII

М III

Д IY

| Аты | I | II | III | IY |
|---|---|---|---|---|
| Әлия | + | + | - | - |
| Мәдина | - | + | - | - |
| Динара | - | - | + | + |
| Ғалия | - | - | - | - |

Есеп 2.

Үш адам сөйесіп тұр: Ақбаев, Қарабаев, Сарыбаев. Олардың қара шаштысы Ақбаевқа айтады. «Біреуіміздің шашымыз ақ, екіншінің шашы қара, үшіншісінің шашы сары, бірақ ешкімнің шашының түсі фамилясына сәйкес келмейді». Олардың әрқайсысының шаштарының түстері қандай?

Шешуі

Тегі Сары Қара Ақ

Ақбаев + - -

Сарыбаев - + -

Қарабаев - - +

Жауабы: Ақбаев – сары шашты

Қарабаев – ақ шашты

Сарыбаев – қара шашты

Логикалық есептердің келесі түрі- өлшеумен байланысты.

Есеп:

Бөтелкеде, стаканда, құмырада, банкада сүт, лимонад, квас, су бар. Су мен сүт бөтелкеде емес.

Лимонад құйылған ыдыс құмыра мен квас құйылған ыдыстың арасында. Банкаға құйылған лимонад та су да емес. Стакан банка мен сүт құйылған ыдыстың қасында. Қандай сұйық қай ыдысқа құйылған.

Жауабы: Сүт құмыраға, лимонад бөтелкеге, квас банкага, су стаканга құйылған.

Есеп: Екі тостағанның біріне толы кофе,біріне толы сүт бар. Бір қасық кофені екінші тостағандағы сүтке құйып араластырды. Содан кейін бір қасық шыққан қоспаны қайтадан кофеге құйды. Қайсысы көп: сүті бар тостағандағы кофе әлде кофе құйылған тостағандағы сүт пе?

Жауабы: тең

Есеп:

Ыдыстағы 10 л сүттен 3 литрлік бос ыдыстың көмегімен 7 литрлік ыдысқа 5 л құйып алу керек. Қалай орындаса болады?

Жауабы: 3 литрлік ыдыспен 6 литрді 7л ыдысқа сүтті құямыз. Тағы 3 л сүтті алып 1 литрін 7 л ыдысқа толтырамыз, сонда 2 л сут ыдыста қалады. 7 л сүтті 10 л ыдысқа құямыз, 2 л сүтті 3 литрліктен 7 л ыдысқа құйып, тағы 3 л сүт, барлығы 5 л сүт болады.

Логикалық есептерді теңдеу құру арқылы шығару

1. Ақдананың ойлаған санынан ең үлкен бір таңбалы санды азайтып, нәтижеге ең кіші екі таңбалы санды қосқанда 100 шықты. Ақдана қандай сан ойлады?

Шешуі: $(x-9) + 11 = 100$

$x – 9 = 99$

$x = 108$ Жауабы: 108

2. Қанаттан «сыныпта неше қыз бала бар?» – деп сұрағанда, ол «қыз балалардың санынан ең кіші екі таңбалы санды азайтып, нәтижеге 80 – ді қосса, 88 шығады» деп жауап берді. Сыныпта неше қыз бар?

Шешуі: қыздар саны – x

Т/қ: $(x - 11) + 80= 88$

$x – 11 = 8$

$x = 19$

Жауабы: 19 қыз

3.Ағайынды екі адамның жастарының қосындысы 30 – ға тең. Олардың әрқайсысының жастарын табу керек, егер біреуінің жастарының екіншісінің жасының – не тең болса.

Белгілеу енгіземіз:

I сан - x

II сан - x

Т/қ: $x + x = 30$

$2x + 3x = 180$ I сан - * 36 = 18

$5x = 180$ II сан - * 36 = 12

$x = 36$

Жауабы: 12 жас, 18 жас

4. Қазір ағасы қарындасынан 5 жас үлкен. 4 жылдан соң, олардың жастарының қосындысы 19 жас болады. Қазір қарындасы неше жаста, ағасы неше жаста?

Шешуі:

Белгілеу енгіземіз:

қарындасы – x

ағасы – x + 5

4 жылдан соң

қарындасы – x + 4

ағасы – x + 5 + 4

Т/қ: $(x + 4) + (x + 5 + 4) = 19$

$x + 4 + x + 9 = 19$

$2x = 19 – 13$

$2x = 6$

$x = 3$

Жауабы: Қарындасы – 3 жаста

Ағасы – 8 жаста

5. Қазір әкесінің жасы баласынан 10 есе үлкен, ал 10 жылдан кейін тек 4 есе ғана үлкен болады. Баласы неше жаста?

Шешуі: 4(x+10)=10x+10

4x+40=10x+10

10x-4x=40-10

6x=30

x=5

Жауабы: баласы – 15 жаста, әкесі – 60 жаста

**Әдебиеттер**


1. Тұрғынбаев Ә. Логика. – Алматы: Білім, 2004.
2. Шаханов Е. Логикалық жаттығулар жинағы. – Астана, 1999.
3. Елшібаев Ж. Зерек. – Алматы: Өнер, 1999.
4. Жұмақаева Б. Дене мүшелерінің атауларынан туындаған бірліктер. – Алматы, 2009.
5. Кейкін Ж. Атадан өсиет, анадан қасиет. – Алматы: Өлке, 2010.
6. Шаймерденұлы Е. Ақыл ой антологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1997.



ҒТАХР: 14.25.07


# БАСТАУЫШТА КОММУНИКАТИВТІ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


**Урсаринова Ж.А.,** бастауыш сынып мұғалімі

«Берель орта мектебі»

(Қазақстан Республикасы, ШҚО)


«Диалогтік оқыту» оқушылардың ойын толық,ашық, әрі нақты жеткізуге көмегін тигізеді. Осындай кемшіліктерді жою үшін диалогтік әдістерді сабақта кеңінен қолдану қажет. Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – қазіргі заманның талабы. Көп жаңалықтарды іздеп, көңілге түйіп, мәселелер төңірегінде іздену әр ұстаздың негізгі міндетіне айналды.

«Диалогтік оқыту» әдісі дегеніміз:

– Оқушының сұраққа дұрыс жауап беруге үйренуі;

– Оқушының сұраққа жауап беруге үйренуі;

– Оқушының сұхбат жүргізуге үйренуі;

– Оқушының өз ойын жеткізуге үйренуі;

– Оқушының сөздік қорының баюуы, дүниетанымының кеңеюі.

Оқыту диалогі-мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің ең маңызды бөлігі. Сондықтан, сұхбаттың бұл түріне күнделікті өмірдегі сұхбаттан гөрі өзгеше көзқарас қажет. Оқушылар арасында сұхбаттың пайда болуына сабақ кезінде орындауға қызықты тапсырмаларды де өз септігін тигізеді. Мысалы, қазақ тілі сабағында «сан есім» тақырыбын қарастыратын болсақ, оқушылар қолына берілген таратпа материалдарда: «Сан есімдерді қолданып, көршіңмен жұп болып «Кездесу» ойынын ойна»; «Сан есімдерді пайдаланып,анаңның немесе әкеңнің мерейтойына арнап құттықтау жаз да, оны ашық хат бетіне түсір» және т.б.қызықты тапсырмалар кездесуі балалардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

Берілген тарсырмаларды қызу талқылып, шығармашылықпен орындауларына түрткі болады.Немесе, берілген тапсырма бойынша ситуациялық сұрақтардың қойылуы ол тапсырманы орындау барысында топ ішінде қызу пікірталастың тууына, оқушыладың ортаға түрлі пікірлер тастауына себепші болып, олардың сөйлеу мәдениетін дамытады.

Сабақ кезінде «Қарлы кесек» немесе «Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолданту оқушылардың тапсырманы орындау барысында топ ішінде талқылап қана қоймай, орындарынан тұрып, басқа топта отырған балалармен диалогқа түсіп ақпаратпен алмасуына мүмкіндік береді. Бұл ресурстардың әдетте пайдаланатындардан біршама ерекшелігі бар. Әдетте, көп жағдайда өткізілетін дәстүрлі сабақтарда оқушы өзіне берілген тапсырмамен бетпе-бет, жалғыз қалып қояды. Ол тапсырманы орындап шығу үшін көп күш пен көп уақыт қажет болады. Ал, «Қарлы кесек» және

«Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолдануда оқушылар аз уақытта көп мәліметтерді игереді және өз сыныптастарының көмегімен қиын материалды түсіну мүмкіндігіне ие болады.

Диалог-оқушының өзін еркін және жайлы сезінетін ортасы. Жанға жайлы, жағымда көңіл-күй сыйлайтын әңгіме алаңында әрбір оқушы өзін жақсы сезініп, шешіліп сөйлеп, құнды пікірлермен алмасып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады. Диалогтік, комуникативтік атмосфера оқушының жаңа тақырыпты игеруіне себепкер болып қана қоймай, бала бойында жеке тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына да жағдай жасайды.

Диалог – бұл ақиқатты бірлесіп іздейтін жол. Диалог кезінде адам бойында кездесетін сыйластық, жанашырлық, түсінісушілік секілді тамаша қасиеттер қалыптасады. Диалог барысында әрбір оқушы тақырыпты қалай қабылдап отырғандығы көрсете алады, сондай-ақ, басқа балалардың осы тақырыпқа деген мүлдем басқа ой-пікірлері мен тың көзқарастарының бар екендігін көре алады.диалогтік оқыту ұстаздарға шәкірттерінің білім деңгейінің қандай дәрежеде тұрғандығын бірден байқауға мүмкіндік береді.

Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып,нақты жағдаяты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға,дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. «Диалогтік әдістер» қолданылған сабақтарда оқушылар көбірек ойланып, жиірек сұхбаттасады, ойлау және сөйлеу мәдениеттерін белсенді түрде қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжіридбеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады.

**Кластер құру** тапсырмасы берілген кезде оқушылар арасында диалог қызу түрде жүреді.зерттеушілік жұмыс барысында топтағы оқушылардың әрбіреуі өз пікірін айтып, класстерді қорғау жоспарын жасайды. Бірігіп жасалған жұмыс нәтижесін көрсететін «оқушы-оқушы» диалогі пайда болады. Оқыту диалогінде бір ғана көшбасшы болады. Ол-мұғалім. Ал оқушылар диалогінде көшбасшылық оқушыдан оқушыға ауысып отырады.кейде ол мұғалімнен оқушыға да ауысып отыруы мүмкін.

«Диалогтік оқыту» әдіс-тәсілі қолданылған сабақтарда оқушылардың өздерін мүлдем өзгеше ұстағаны байқалды. Олар бір-бірлеріне қысылып-қымтырылмай көп сұрақтар қойып, өздері сирек араласатын сыныптастарынан көмек сұрай алды. Бір-бірімен мүлдем араласпайтын екі оқушының әдебиет сабағында бірігіп постер жасап, оны қалай қорғау керектігін жұп болып талдап отырғанын байқадым.

Әдіс деген сөз гректің «metodos» деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым *белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары* деген мағынаны білдіреді.

Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік «әдіс» – мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет- деген анықтама береді.

**Оқыту әдістері** – оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

*Сөздік әдістер:* түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу,кітаппен жұмыс.

*Көрнекі әдістер:* иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

**Көрнекілік әдістер** оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны – **жаттығу** әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес,тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар,үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл болінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Сұрақ – жауап әдісін қолдануда, оқушылардың көз алдындағы заттардың атын, оқу – құралдарының атын жатқа айтқызу көзделінеді. Сұрақ – жауап әдісі тек қана жаңа материалды игеру мақсатында емес, өтілген грамматикалық формаларды бекіту, түйіндеу, еске сақтау, оқушының тілін, ойын дамыту мақсатында жүргізіледі. Жалғау түрлерінің ішінде тұлғалы зат есім тәуелді форманың септелуін қайталап жаттықтыру үшін әдіскер ғалым Ы. Мамановтың қолданған қарапайым тәсілін пайдалана отырып, оқушылардың қазақ тіліндегі 4 түрлі жалғаудың септік жалғауларын игеріп және тәжірибеде қолдану мүмкіндігін кеңейтуге болады.

Әңгімелеу әдісі балаларға қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілеттерін арттырып, сөйлемдер құрастыруды үйренуге мүмкіндік береді.

Әңгімелеу әдісі бойынша бастауыш сыныпта мәтінмен мынадай жұмыс жүргіземін:

Тақтаға бір сөйлем жазып:

1) осы сөйлемді мәтіннің басы етіп, әрі қарай өзің жалғастыр

2) осы сөйлемді мәтіннің ортасы деп санап, басы мен аяғын құр

3) осы сөйлемді аяғы деп санап, мәтіннің басын құр.

Тіл үйрену, тіл ұстарту адамның ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдістерінің бірі жаттығу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Оқушының ойлау қабілетін, тілін дамытуға игі ықпал ететін, мен жұмысымда қолданатын оқытудың бір түрі сабақта деңгейлік тапсырмаларды қолдану. Деңгейлік тапсырмалар оқушының қазақ тілінен алатын білімін толықтыра отырып, қажетті дағдылар мен біліктердің қалыптасуын қамтамасыз етуіне ықпал етеді.

Деңгейлік тапсырмаларды белгілі бір тақырып біткен кезде, қайталау сабақтарын өткізгенде пайдалану өте ұтымды. Бұл тәсілдің ең маңыздылығы – әр оқушы өз шамасына қарай тапсырманы орындай отырып өзінің нені білетін және білмейтінін толық сезінеді, жолдастарынан қалмау үшін келесі жолы білмегенін біліп алуға тырысады.

Әңгімелесу әдісі білімді жинақтауға оқушылардың теориялық білімдерін қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға немесе барлық сынып оқушыларына қояды.

Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланады.

Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған.

Тілді оқытуда бірден-бір тиімді әдіс – **коммуникативтік әдіс** деп ойлаймын.

Коммуникативтік әдіс оқушылардың ауызекі сөйлеуін, қарым-қатынас жасауын, сұрақ-жауап жүргізуін, әңгімелесуін, сөйлеу қабілетін қалыптастырып, сөздік қорын молайтады, тілді дамытады. Бұл әдістің ішінде ерекше орын алатыны – диалог.

Диалог оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әр түрлі тақырыпта диалог құрғызуда қол жеткізген жетістіктер.

Оқуға қызығушылық артты;

Сабақта белсенділік жоғарылады;

Сөздерді есте сақтау қабілеті дамыды.

**Әдебиеттер**


1. «Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы» екінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2016
2. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы, ҚР Білім және Ғылым Министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері»
3. Сухин И.Г. Занимательные материалы. – М.: Вако, 2004.

ҒТАХР: 17.01.07

# ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Алибекова Г.М.,** қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Новопокровка орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Шәкәрім шығармаларын оқыту үрдісі бала құлағына бесікте жатқан кезінен бастап сіңісті десек қателеспеген болар едік. Бала бесік жырынан бастап өлеңге деген өзінің сезімталдығын байқатады. Бірақ бесік жырының әуені бар, баланы елітеді. Одан кейінгі кезеңде балабақшада болсын, үйінде болсын бірер шумақ өлеңдерді жаттаумен ол дағдыларын одан әрі қарай дамытады.

Өлеңнің тыңдаушыларын өзіне баурайтын сазды, әуезді өрнек-нақышы, эмоциялық бояуы, үні, дыбыс әуені, мәні, табиғаты ауызекі естілгенде ғана ашылмақ. Осындай сиқырлы күшінен де болар, ұлы Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», – деген. Өлең сөздің құдіретті қасиетін бала бойына ерте бастан сіңіру, зердесіне жеткізу – оқу-тәрбие ісінде үлкен мәнге ие.

5-сыныптан бастап лирикалық шығармаларды оқулықта берумен қатар оларға байланысты әдеби-теориялық ұғымдар қоса беріліп отырған. Мысалы, 5-сыныпта *кейіптеу* (жансыз табиғат құбылысын тірі адам кейпінде суреттеу), 6-сыныпта *өлең туралы, лирика туралы,* 7-сыныпта *метафора, ирония, сатира, ақындық тұлға немесе лирикалық қаһарман, лириканың түрлері*(саяси-әлеуметтік лирика, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы, көңіл-күй лирикасы т.б.), *қайталау* (жай қайталау, анафора, эпифора), *поэма, параллелизм, баллада, символ* [1],сияқтыәдеби теориялық ұғымдар осының дәлелі бола алады. Орта сыныпта танытылатын бұндай материалдар – оқушының лириканы, өлеңді сауатты меңгеруіне бағыт беретін, жол ашатын сілтемелер.

Жоғарыда аталған әдеби теориялық ұғымдар туралы оқушыларға мағұлмат беруде Ш.Құдайбердіұлының өлеңдерінен үзінділер келтіріп, түсіндіруге болады. Портрет ұғымына «Жастық туралы» өлеңінен төмендегідей мысал келтіруге болады:

«Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майдай,
Өзгеден артық сол жері.
Ұжмақтың хоры,
Іздедім соны,
Тал бойының кірі жоқ.
Бойы бар сымдай,
Белі бар қындай,
Мүшесінің міні жоқ» [2].

Халық поэзисында көп кездесетін: «жібектей кап – қара шаш», «қолаң шаш», «ақша маңдай», «көзің – гауһар», «жарқырап гауһардай екі көзің», «ақ тамақ», «алма мойын», «ақ білек», т.б. теңеулерді нақтылап, жалпы сұлу қыздың портретін жасайды. Сол сұлуға ғана бар белгілерді суреттейді.

Ақынның шеберлігін танытатын шығарма – «Жиырма үш жасымда» атты өлеңі:

«Жібектей қап-қара,
Таралған шашың бар.
Бұдырсыз тап-таза
Жаралған басың бар.
Қардай аппақ, әжімсіз маңдайың кең,
Қынаптан суырған қанжардай қасың бар.
Кірпігін тізіліп,
Миыма қадалар,
Нұр көзін сүзіліп,
Ойыма от салар.
Сиқыр жүзің ақылды байлап алып,
Тор шашың шырмалап,
басымды ноқталар» [2].

Ақынның ғашық болып отырған сұлуы – осындай жан, жерде, көкте теңдесі жоқ ару. Талас жоқ. Шәкәрім Құдайбердіұлының бейнелеу тәсіліне назар аударсақ, ақын аңсаған арудың шашы жібектей, маңдайы қардай аппақ, қасын қынаптап суырған қанжардай етіп суреттейді. Яғни қыздың бейнесін әртүрлі *теңеулер* арқылы ашып көрсетеді. Сұлу қыздың көркіне адам түгілі аспандағы күн мен ай, жұлдыздар да таңырқай қарайды.

«Күн батып жоғалды.
Нұрыңнан ұялып.
Жұлдыз бен ай қалды
Сәулеңнен нәр алып
Жеті қарақшы айналып сені іздеп жүр,
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып
Үркер мен Таразы
Шашуды шашуға.
Шолпан да қарады
Мауқын бір басуға.
Темірқазық арқандап арқандап қос бозатын,
Жаратып, ойы бар тайына қосуға» [2].

дегендей, жоғарыда келтірілгендей көркемдеу құралдарының, қыз көркін әрлеуге жұмсалған *теңеулерге* түп төркіні фольклорлық, мұраларымен сабақтасып жатыр. «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық» деген мысал өлеңдерінде неше алуан адамдар портреттері бар. Ақын шеберлігінің бір қыры, адамның ішкі дүние сырының неше алуан көріністеріне, табиғатқа жан бітіріп, адамша сөйлету, дрcomplete рамматизмге толы диалогтар, монологтарды көп кездестіреміз.

Лирикалық шығармаларға оқушыларды қызықтыру үшін, меңгерту үшін мұғалім шығарманың мазмұнын, идеясын аша білуі керек.

Көркем сөзді, өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа айтудың, оқушылардың шығармашылық түйсігін қалыптастыруда маңызы зор**.** Жақсы өлең жақсы оқылмаса, оның өңі қашады, мазмұны сүреңсіз әсерсіз шығады. өлең сөздің ырғақ, ұйқас, бунақ, тармақ, шумақ кідірістері – қара сөзбен жазылған шығармалардан даралап тұратын белгі.

Лирикалық шығармаларды оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- Лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру, оны біріншіден, тереңдете беру. Яғни, сабақтың кіріспесінде лирикалық шығармалар және оған тән қасиеттер туралы сөз ету:
- өлеңді үйден алдын-ала оқып, танысуға беру. Ол үшін *үлестірме – нұсқау* ұсынуға болады.
- Мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына назар аударуы және оқушылармен жұмыс жүргізуі керек.
- Тиімді оқу жағдайын туғызу, жағымды ахуал жасау;
- Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында әдістер пайдалану;
- әр түрлі сабақ үлгілерін пайдалану.

Дауыстап оқуға үйрету үшін қойылатын талаптардың бірі – *мәнерлеп оқыту.* Ол дауыс интонациясы арқылы дұрыс оқу, мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, автордың көзқарасын беру, кейіпкерлердің көңіл-күйін сезіну. Сондықтан әр сөз, сөйлем дұрыс оқылуы керек. Мәнерлеп оқуға дауыстың да қатысы бар. Оған дауыстың күші мен дауыс қарқыны жатады. Өлең шумақтары бір-біріне байланыссыз тұрады. Мұндай өлеңдердің бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауысып, тез өзгеру себептері баланың жастық ерекшеліктері мен білім деңгейіне байланысты. Екіншіден, баланы қоршаған ортаның әр алуан жаңалықтарына байланысты өзгереді. Үшіншіден, табиғат байлықтары мен ондағы түрлі құбылыстардан, тез әсер алуына байланысты бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауыса береді. Төртіншіден, өзін қоршаған ортаның және табиғат сырларын білуге ынталанған бала тілі жаңа шыға бастағанда – ақ шамадан тыс көп сұрақтар қояды. Балаларға арналған өлең-тақпақтар әр алуан болып келеді. Мұндай өлеңдер түсінікті болуы үшін қайталаулар жиі кездесіп отырады. Орта сыныптарға арналған өлеңдер көбінесе 5-6 шумақтан ғана тұрады және әрбір ақыннан бір-екі өлеңдер мөлшерінде ғана оқулыққа енгізілген. Бағдарламада жаттауға арналған өлеңдер көрсетілген. Пән мұғалімі бағдарламаны бағытқа алып, жаттауға берілетін өлеңдер көлемін жас ерекшеліктеріне байланысты тапсыруы керек.

Өлеңнің оқылу тәртібі былай болуы керек:

- Өлең оқылмас бұрын оның мазмұнына қарай оқушымен әңгіме өткізіледі. Бұл әңгіме өлең ішіндегі оқушылардың ұғымына ауыр-ау деген бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы түсіндіріледі.

• Өлеңді ырғағына келтіріп, мәнерлеп, алдымен мұғалімнің өзі оқып шығады. Оқу барысында балалар кітаптарын жауып, тыңдап отырады.

Оқушылар өлеңге әуелі іштерінен көз жүгіртіп өтеді де, сонан кейін оны дұрыстап оқиды.

Өлеңді екінші рет оқу (жекелеме, хормен, рольге бөліп оқу, теріп оқу, т.б.)

• Өлең мазмұны талданады. Кейбір көлемдірек өлеңдер бөлім-бөлімге бөлініп, ал қысқа өлеңдер тұтас талданады.

• Өлеңді екінші рет қорытындылау мақсатында оқуға дайындық жұмысы жүргізіледі. оқу техникасы (шапшаң,. жай) дауыс сазы, хормен оқу, жеке оқушыға оқыту, т.б. жұмыстар.

• Өлеңнің мазмұны бойынша жалпы сұрақ қою.

Ақынның «Өлген көңіл – ындынсыз өмір» атты өлеңіне тоқталсақ, бұл өлең бір жағынан психологиялық параллелизм, екінші жағынан символға құрылған:

«Қабағынан қар жауған,
Қараңғы бұлт жоғалды.
Қас қараймай беті ауған,
Қаһарлы жел де оңалды.
Көшейін деп қыбырлап,
Ел қыстаудан қозғалды.
Жаралы жүрек жыбырлап,
Жазылмай жалғыз сол қалды» [2].

Шәкәрім өлеңдерінде сонымен қатар, кішірейту мен ұлғайту сияқты әсерлі әдістер де жиі кездеседі.

Мысалы, «азайған күш», «саудыраған тіс», «бүгілмейтін тізе», «еті кеткен сүйек», «қуарған мұрт», «суалған ұрт» т.б. ақынның өлеңдеріндегі көркемдік сипаттар мазмұн мен түрдің бірлігі, философиялық ой мен поэзияның табысуы, соның бәрі – тақырып ерекшелігіне орай табиғи туындап, өмірдің әр қырын, заманның қажеті үшін ел-жұртына ұтымды жеткізудің басты құралы. Заманына орай, адам тіршілігінің барлық сала-саласының қыр-сырын тек уақыт талабының тұрғысында ғана емес, ұзақ болашаққа бағдар боларлық үлгіде жырлап, ұрпаққа мирас еткен өнегелі жырлар.

Әдебиет пәнінің мұғалімі шығармашылықтың адамы болуы керек. Ол әрі өлеңді

мәнеріне, нақышына келтіріп оқитын көркем сөз оқуының шебері, дауыс ырғағын ретке келтіре алатын, қатты оқитын жерде дауысын қатайтатын, керек жерінде дауысын құбылтатын, оған ерекше рең беретін актермін деп өзін сезінуге тиісті.

Шәкәрім өлеңдерінің сурет, бейнелері бай, құлпырмалы, ұйқас, буын өлшемдері де сан алуан өзгеріп, құбыла түседі. Өлеңдерде бұрын қалыптасқан көркемдік, бейнелі тіркестер де кездеседі, сонымен қатар қазақ сөз өнерінің тың қырларын құлпырта ашатын теңеулер, эпитеттер, метафоралар, шендестірулер, нақыл сөздер мол. «Көңілдің көзі ашылса», «кеудесінде болса көз», «ойдан маржан, меруерт төгілгенде, отыра алар кім шыдап оны термей», «піскен адам», «аузымен құс тістеген жақсыңыздың», «өліп қалған сұм жүрек оятсам да тұрмас-ты», «өлі жүрек», «тозған ой», «жалқау тартқан ой», «қайғылы біздің көңілден, қайғырған сайын қан шықты», «жалынды оттай жайнаған қайран өмір, Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір», «арал безден арылып, әділ жүрсең», «сәнденгіш әтеш», «қабағынан қар жауған қараңғы бұлт», «Ай сықылды болма жарық, қарыз алып күн нұрын», «Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозақ, таза ақылдың алдында жоқ қай құны», «қаламым, қарындашым, жан жолдасым», «Жаралыс басы – қозғалыс», т.б. көптеген осы сияқты бейнелі тіркестер қазақ көркем сөзінің кейбір тың қырларын ашады, адамның рухани әлемін, көңіл – күйін, мұң – арманын, жүрек тынысын, ой иірімдерін білдіруде, табиғат көріністерін бейнелеуді Шәкәрім үлкен суреткерлік, таланттылық танытады да қазақ образды ой жетілуіне дәнекерлеседі.

Оқушыларға меңгертуде Шәкәрімнің лирикасын ғылыми-теориялық жақтармен ұштастыра отырып, ақын лирикасының жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін аша түсуге болады. Оқу-білім, еңбек, адамгершілік, ұлттық салт-дәстүр т.б. тақырыптарда жазылған ақын өлеңдерінің тәрбиелік маңызы зор.

Ақын өз өлеңдерінде адам бойындағы негізгі қасиеттердің бірі – еңбек деп түсінген. Ерiңбей еңбек ету,еңбекке жақын болу – адамға қалған үлкен «бақ» деп бағалаған. Ақынның еңбек тақырыбына жазған өлеңдері аз емес. Ақынның «Жолама, қулар, манайға» деп аталатын өлеңінде:

«Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қаны үшін,
Серт берген еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін.
Сертіме жету – арманым,
Көтерем тағдыр салғаным.
Өлгенімше іздеңем
Толтырар кемін қалғаным» –

деп ақын өмірінің бүкіл мәні еңбекте жатқанын, қандай ауыртпалық кездессе де сүрінбей өтетіні туралы, барлық өмірін тек адал еңбекке арнайтынын сөз етеді.

Күнделікті еңбек етудің мән-иаңызы жайлы жазылған өлеңдерінің бірі – «Піскен мен шикі».

«Не қылды, байқадың ба, піскен адам?
Қор болар үйде отырып өскен адам.
Қиялап қиын жерде сол озады.
Көп жол жүріп басына іс түскен адам» –

деп, өзінің мысал өлеңдерінде көпті көрген адаммен қарапайым адамдардың іс-әрекеттеріндегі, қабілеттеріндегі айырмашылықтары шыншылдықтарымен ашық көрсетіледі. Б. Әбдіғазиев өзінің еңбегінде былай дейді: «Мұнда ақын алда жүріп елден көз жазып қалған бай баласы мен кедей балсының іс-әрекеттеріндегі айырмашылықтарды көрсетеді. Үгде мен бүлдеге оранып, қиындық көрмей өскен бай баласы тіршіліктің тауқыметінде шындалып піскен серігінің ақылдылығы мен тапқырлығының арқасында ғана аман сау елді табады. Шәкәрімнің ұғымында бай баласы шикі де, шаруа баласы піскен. Ақын талаптанып еңбек еткен, күнкөріс жолында адал тер төккен жан ғана ақылды әрі тапқыр болады деген ой ұсынады» [3].

Мектеп оқулықтарындағы Шәкәрімнің лирикасы туралы мағұлмат берудегі басты бағыт оның табиғат, махаббат-жастық, азаматтық лирикалары турасында болмақ. Өлең өрнектерінің өзіндік ерекшеліктеріне қарай ақынның лирикасын саяси-әлеуметтік лирика (оның ішіне философиялық лирика, ағартушылық, азаматтық, ғибрат, ақыл-ой өрнектері бар өлеңдері кіреді), көңіл күй лирикасы, табиғат лирикасы деп бөле отырып, ақын шығармашылығының идеясын, тақырыбын ашу қажет.

Шәкәрім Құдайбердіұлының композиторлық, әрі орындаушылық қызметі жан-жақты тексеруді тілейді. Сонымен қатар, Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашалығын жан-жақты зерттеу үнемі есете боларлық жайларға тағы да назар аударсақ, олар қаламгердің нақты деректер мен құжаттарға негізделген ғылыми өмірбаянын жазу, текстологиялық ізденістер жүргізіліп, бастапқы мәтін қалыпқа келтірілгеннен соң, академиялық көптомдық шығармалар жинағын бастыру, ұстанған көркемдік әдіс пен  қолданылған көріктеу құралдарының қызметін анықтау, аударма мәселелері тілдік, стильдік мүмкіндіктерді бағалау басты назарда болуы шарт.

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларын меңгерту барысында оның сазгерлік қырын танытатын еңбектерімен да таныстыру ісі қоса жүріп отыруы тиіс. Әні бар шығармаларын оқыту барысында  сол әндердің жақсы орындаушысының көмегімен, дауысы бар болса, мұғалімнің өзінің орындауымен, техникалық құралдардың көмегімен (магнитофон, бейнежазу, телебағдарлама, документальды фильмдер) әнді тыңдатса, өздеріне орындатса, берер тәрбиелік маңызы бар болмақ.

Мысалы, Тамара Асардың орындауындағы «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» әні сабақ үстінде тыңдатылса, шығарманың эстетикалық табиғатын танытудағы әсері мол болары сөзсіз. Біздің Семей аймағы небір дүлдүл әншілермен, өнер адамдарымен бай екені мақтан туғызыарлық. Шәкәрімнің әндерін оқушыларға меңгерту барысында жергілікті әнші К.Өлмесековке жетерлік дарын жоқ. Шәкәрім әндерін орындау барысында әншінің республика көлемінде теңдесі жоқ. Бар дүниенің мәнін сезіне білу, қадірлеу бағытында осы әншіні сабаққа шақырып, тыңдатса, нұр үстіне нұр болар еді. Әнші тек әннің орындаушысы ғана емес, әннің тарихынан да мол мағұлмат берер еді.

**Әдебиеттер**

1. Жұмажанова Қ.Т. Әдебиеттен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 1996. – 230 б.
2. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 260 б. Құрастырған: Б. Байғалиев.
3. Әбдіғазиев Б. Ақынның асқақ үні // Жалын. – 1990. – № 5.
4. Ісләмжанұлы К., Тілешова С., Әрінова Б., Баттал Р. Әдебиет (6-сынып оқулығы). – Алматы: «Атамұра», 2006. – 120 б.
5. Қамаева С. Шәкәрім өлеңдері адамгершілікке шақырады // Қазақстан мектебі. – 1996. – № 7.

ҒТАХР: 17.01.07

# ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Алибекова Г.М.,** қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
**Сапарова С.Ж.,** қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Новопокровка орта мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Шәкәрім шығармаларын оқыту үрдісі бала құлағына бесікте жатқан кезінен бастап сіңісті десек қателеспеген болар едік. Бала бесік жырынан бастап өлеңге деген өзінің сезімталдығын байқатады. Бірақ бесік жырының әуені бар, баланы елітеді. Одан кейінгі кезеңде балабақшада болсын, үйінде болсын бірер шумақ өлеңдерді жаттаумен ол дағдыларын одан әрі қарай дамытады.

Өлеңнің тыңдаушыларын өзіне баурайтын сазды, әуезді өрнек-нақышы, эмоциялық бояуы, үні, дыбыс әуені, мәні, табиғаты ауызекі естілгенде ғана ашылмақ. Осындай сиқырлы күшінен де болар, ұлы Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», – деген. Өлең сөздің құдіретті қасиетін бала бойына ерте бастан сіңіру, зердесіне жеткізу – оқу-тәрбие ісінде үлкен мәнге ие.

5-сыныптан бастап лирикалық шығармаларды оқулықта берумен қатар оларға байланысты әдеби-теориялық ұғымдар қоса беріліп отырған. Мысалы, 5-сыныпта *кейіптеу*(жансыз табиғат құбылысын тірі адам кейпінде суреттеу), 6-сыныпта *өлең туралы, лирика туралы,* 7-сыныпта *метафора, ирония, сатира, ақындық тұлға немесе лирикалық қаһарман, лириканың түрлері*(саяси-әлеуметтік лирика, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы, көңіл-күй лирикасы т.б.), *қайталау* (жай қайталау, анафора, эпифора), *поэма, параллелизм, баллада, символ* [1], сияқтыәдеби теориялық ұғымдар осының дәлелі бола алады. Орта сыныпта танытылатын бұндай материалдар – оқушының лириканы, өлеңді сауатты меңгеруіне бағыт беретін, жол ашатын сілтемелер.

Жоғарыда аталған әдеби теориялық ұғымдар туралы оқушыларға мағұлмат беруде Ш. Құдайбердіұлының өлеңдерінен үзінділер келтіріп, түсіндіруге болады. Портрет ұғымына «Жастық туралы» өлеңінен төмендегідей мысал келтіруге болады:

«Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майдай,
Өзгеден артық сол жері.
Ұжмақтың хоры,
Іздедім соны,
Тал бойының кірі жоқ.
Бойы бар сымдай,
Белі бар қындай,
Мүшесінің міні жоқ» [2].

Халық поэзисында көп кездесетін: «жібектей кап – қара шаш», «қолаң шаш», «ақша маңдай», «көзің – гауһар», «жарқырап гауһардай екі көзің», «ақ тамақ», «алма мойын», «ақ білек», т.б. теңеулерді нақтылап, жалпы сұлу қыздың портретін жасайды. Сол сұлуға ғана бар белгілерді суреттейді.

Ақынның шеберлігін танытатын шығарма – «Жиырма үш жасымда» атты өлеңі:

«Жібектей қап-қара,
Таралған шашың бар.
Бұдырсыз тап-таза
Жаралған басың бар.
Қардай аппақ, әжімсіз маңдайың кең,
Қынаптан суырған қанжардай қасың бар.
Кірпігін тізіліп,
Миыма қадалар,
Нұр көзін сүзіліп,
Ойыма от салар.
Сиқыр жүзің ақылды байлап алып,

Тор шашың шырмалап,
басымды нокталар» [2].

Ақынның ғашық болып отырған сұлуы – осындай жан, жерде, көкте теңдесі жоқ ару. Талас жоқ. Шәкәрім Құдайбердіұлының бейнелеу тәсіліне назар аударсақ, ақын аңсаған арудың шашы жібектей, маңдайы қардай аппақ, қасын қынаптап суырған қанжардай етіп суреттейді. Яғни қыздың бейнесін әртүрлі *теңеулер* арқылы ашып көрсетеді. Сұлу қыздың көркіне адам түгілі аспандағы күн мен ай, жұлдыздар да таңырқай қарайды.

«Күн батып жоғалды.
Нұрыңнан ұялып.
Жұлдыз бен ай қалды
Сәулеңнен нәр алып
Жеті қарақшы айналып сені іздеп жүр,
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып
Үркер мен Таразы
Шашуды шашуға.
Шолпан да қарады
Мауқын бір басуға.
Темірқазық арқандап арқандап қос бозатын,
Жаратып, ойы бар тайына қосуға» [2]. –

дегендей, жоғарыда келтірілгендей көркемдеу құралдарының, қыз көркін әрлеуге жұмсалған *теңеулерге* түп төркіні фольклорлық, мұраларымен сабақтасып жатыр. «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық» деген мысал өлеңдерінде неше алуан адамдар портреттері бар. Ақын шеберлігінің бір қыры, адамның ішкі дүние сырының неше алуан көріністеріне, табиғатқа жан бітіріп, адамша сөйлету, драмматизмге толы диалогтар, монологтарды көп кездестіреміз.

Лирикалық шығармаларға оқушыларды қызықтыру үшін, меңгерту үшін мұғалім шығарманың мазмұнын, идеясын аша білуі керек.

Көркем сөзді, өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа айтудың, оқушылардың шығармашылық түйсігін қалыптастыруда маңызы зор**.** Жақсы өлең жақсы оқылмаса, оның өңі қашады, мазмұны сүреңсіз әсерсіз шығады. өлең сөздің ырғақ, ұйқас, бунақ, тармақ, шумақ кідірістері – қара сөзбен жазылған шығармалардан даралап тұратын белгі.

Лирикалық шығармаларды оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- Лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру, оны біріншіден, тереңдете беру. Яғни, сабақтың кіріспесінде лирикалық шығармалар және оған тән қасиеттер туралы сөз ету:
- өлеңді үйден алдын-ала оқып, танысуға беру. Ол үшін *үлестірме – нұсқау* ұсынуға болады.
- Мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына назар аударуы және оқушылармен жұмыс жүргізуі керек.
- Тиімді оқу жағдайын туғызу, жағымды ахуал жасау;
- Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында әдістер пайдалану;
- әр түрлі сабақ үлгілерін пайдалану.

Дауыстап оқуға үйрету үшін қойылатын талаптардың бірі – *мәнерлеп оқыту.* Ол дауыс интонациясы арқылы дұрыс оқу, мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, автордың көзқарасын беру, кейіпкерлердің көңіл-күйін сезіну. Сондықтан әр сөз, сөйлем дұрыс оқылуы керек. Мәнерлеп оқуға дауыстың да қатысы бар. Оған дауыстың күші мен дауыс қарқыны жатады. Өлең шумақтары бір-біріне байланыссыз тұрады. Мұндай өлеңдердің бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауысып, тез өзгеру себептері баланың жастық ерекшеліктері мен білім деңгейіне байланысты. Екіншіден, баланы қоршаған ортаның әр алуан жаңалықтарына байланысты өзгереді. Үшіншіден, табиғат байлықтары мен ондағы түрлі құбылыстардан, тез әсер алуына байланысты бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауыса береді. Төртіншіден, өзін қоршаған ортаның және табиғат сырларын білуге ынталанған бала тілі жаңа шыға бастағанда – ақ шамадан тыс көп сұрақтар қояды. Балаларға арналған өлең-тақпақтар әр алуан болып келеді. Мұндай өлеңдер түсінікті болуы үшін қайталаулар жиі кездесіп отырады. Орта сыныптарға арналған өлеңдер көбінесе 5-6 шумақтан ғана тұрады және әрбір ақыннан бір-екі өлеңдер мөлшерінде ғана оқулыққа енгізілген. Бағдарламада жаттауға арналған өлеңдер көрсетілген. Пән мұғалімі бағдарламаны бағытқа алып, жаттауға берілетін өлеңдер көлемін жас ерекшеліктеріне байланысты тапсыруы керек.

Өлеңнің оқылу тәртібі былай болуы керек:

Өлең оқылмас бұрын оның мазмұнына қарай оқушымен әңгіме өткізіледі. Бұл әңгіме өлең ішіндегі оқушылардың ұғымына ауыр-ау деген бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы түсіндіріледі.

Өлеңді ырғағына келтіріп, мәнерлеп, алдымен мұғалімнің өзі оқып шығады. Оқу барысында балалар кітаптарын жауып, тыңдап отырады.

Оқушылар өлеңге әуелі іштерінен көз жүгіртіп өтеді де, сонан кейін оны дұрыстап оқиды.

Өлеңді екінші рет оқу (жекелеме, хормен, рольге бөліп оқу, теріп оқу, т.б.)

Өлең мазмұны талданады. Кейбір көлемдірек өлеңдер бөлім-бөлімге бөлініп, ал қысқа өлеңдер тұтас талданады.

Өлеңді екінші рет қорытындылау мақсатында оқуға дайындық жұмысы жүргізіледі. оқу техникасы (шапшаң,. жай) дауыс сазы, хормен оқу, жеке оқушыға оқыту, т.б. жұмыстар.

Өлеңнің мазмұны бойынша жалпы сұрақ қою.

Ақынның «Өлген көңіл – ындынсыз өмір» атты өлеңіне тоқталсақ, бұл өлең бір жағынан психологиялық параллелизм, екінші жағынан символға құрылған:

«Қабағынан қар жауған,
Қараңғы бұлт жоғалды.
Қас қараймай беті ауған,
Қаһарлы жел де оңалды.
Көшейін деп қыбырлап,
Ел қыстаудан қозғалды.
Жаралы жүрек жыбырлап,
Жазылмай жалғыз сол қалды» [2].

Шәкәрім өлеңдерінде сонымен қатар, кішірейту мен ұлғайту сияқты әсерлі әдістер де жиі кездеседі.

Мысалы, «азайған күш», «саудыраған тіс», «бүгілмейтін тізе», «еті кеткен сүйек», «қуарған мұрт», «суалған ұрт» т.б. ақынның өлеңдеріндегі көркемдік сипаттар мазмұн мен түрдің бірлігі, философиялық ой мен поэзияның табысуы, соның бәрі – тақырып ерекшелігіне орай табиғи туындап, өмірдің әр қырын, заманның қажеті үшін ел-жұртына ұтымды жеткізудің басты құралы. Заманына орай, адам тіршілігінің барлық сала-саласының қыр-сырын тек уақыт талабының тұрғысында ғана емес, ұзақ болашаққа бағдар боларлық үлгіде жырлап, ұрпаққа мирас еткен өнегелі жырлар.

Әдебиет пәнінің мұғалімі шығармашылықтың адамы болуы керек. Ол әрі өлеңді мәнеріне, нақышына келтіріп оқитын көркем сөз оқуының шебері, дауыс ырғағын ретке келтіре алатын, қатты оқитын жерде дауысын қатайтатын, керек жерінде дауысын құбылтатын, оған ерекше рең беретін актермін деп өзін сезінуге тиісті.

Шәкәрім өлеңдерінің сурет, бейнелері бай, құлпырмалы, ұйқас, буын өлшемдері де сан алуан өзгеріп, құбыла түседі. Өлеңдерде бұрын қалыптасқан көркемдік, бейнелі тіркестер де кездеседі, сонымен қатар қазақ сөз өнерінің тың қырларын құлпырта ашатын теңеулер, эпитеттер, метафоралар, шендестірулер, нақыл сөздер мол. «Көңілдің көзі ашылса», «кеудесінде болса көз», «ойдан маржан, меруерт төгілгенде, отыра алар кім шыдап оны термей», «піскен адам», «аузымен құс тістеген жақсыңыздың», «өліп қалған сұм жүрек оятсам да тұрмас-ты», «өлі жүрек», «тозған ой», «жалқау тартқан ой», «қайғылы біздің көңілден, қайғырған сайын қан шықты», «жалынды оттай жайнаған қайран өмір, Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір», «арал безден арылып, әділ жүрсең», «сәнденгіш әтеш», «қабағынан қар жауған қараңғы бұлт», «Ай сықылды болма жарық, қарыз алып күн нұрын», «Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозақ, таза ақылдың алдында жоқ қай құны», «қаламым, қарындашым, жан жолдасым», «Жаралыс басы – қозғалыс», т.б. көптеген осы сияқты бейнелі тіркестер қазақ көркем сөзінің кейбір тың қырларын ашады, адамның рухани әлемін, көңіл – күйін, мұң – арманын, жүрек тынысын, ой иірімдерін білдіруде, табиғат көріністерін бейнелеуді Шәкәрім үлкен суреткерлік, таланттылық танытады да қазақ образды ой жетілуіне дәнекерлеседі.

Оқушыларға меңгертуде Шәкәрімнің лирикасын ғылыми-теориялық жақтармен ұштастыра отырып, ақын лирикасының жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін аша түсуге болады. Оқу-білім, еңбек, адамгершілік, ұлттық салт-дәстүр т.б. тақырыптарда жазылған ақын өлеңдерінің тәрбиелік маңызы зор.

Ақын өз өлеңдерінде адам бойындағы негізгі қасиеттердің бірі – еңбек деп түсінген. Еріңбей еңбек ету,еңбекке жақын болу – адамға қалған үлкен «бақ» деп бағалаған. Ақынның еңбек тақырыбына жазған өлеңдері аз емес. Ақынның «Жолама, құлар, манайға» деп аталатын өлеңінде:

«Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қаны үшін,
Серт берген еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін.
Сертіме жету – арманым,
Көтерем тағдыр салғаным.
Өлгенімше ізденем
Толтырар кемін қалғаным» –

деп ақын өмірінің бүкіл мәні еңбекте жатқанын, қандай ауыртпалық кездессе де сүрінбей өтетіні туралы, барлық өмірін тек адал еңбекке арнайтынын сөз етеді.

Күнделікті еңбек етудің мән-иаңызы жайлы жазылған өлеңдерінің бірі – «Піскен мен шикі».

«Не қылды, байқадың ба, піскен адам?
Қор болар үйде отырып өскен адам.
Қиялап қиын жерде сол озады.
Көп жол жүріп басына іс түскен адам» –

деп, өзінің мысал өлеңдерінде көпті көрген адаммен қарапайым адамдардың іс-әрекеттеріндегі, қабілеттеріндегі айырмашылықтары шыншылдықтарымен ашық көрсетіледі. Б.Әбдіғазиев өзінің еңбегінде былай дейді: «Мұнда ақын алда жүріп елден көз жазып қалған бай баласы мен кедей балсының іс-әрекеттеріндегі айырмашылықтарды көрсетеді. Үгде мен бүлдеге оранып, қиындық көрмей өскен бай баласы тіршіліктің тауқыметінде шындалып піскен серігінің ақылдылығы мен тапқырлығының арқасында ғана аман сау елді табады. Шәкәрімнің ұғымында бай баласы шикі де, шаруа баласы піскен. Ақын талаптанып еңбек еткен, күнкөріс жолында адал тер төккен жан ғана ақылды әрі тапқыр болады деген ой ұсынады» [3].

Мектеп оқулықтарындағы Шәкәрімнің лирикасы туралы мағұлмат берудегі басты бағыт оның табиғат, махаббат-жастық, азаматтық лирикалары турасында болмақ. Өлең өрнектерінің өзіндік ерекшеліктеріне қарай ақынның лирикасын саяси-әлеуметтік лирика (оның ішіне философиялық лирика, ағартушылық, азаматтық, ғибрат, ақыл-ой өрнектері бар өлеңдері кіреді), көңіл күй лирикасы, табиғат лирикасы деп бөле отырып, ақын шығармашылығының идеясын, тақырыбын ашу қажет.

Шәкәрім Құдайбердіұлының композиторлық, әрі орындаушылық қызметі жан-жақты тексеруді тілейді. Сонымен қатар, Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашалығын жан-жақты зерттеу үнемі есете боларлық жайларға тағы да назар аударсақ, олар қаламгердің нақты деректер мен құжаттарға негізделген ғылыми өмірбаянын жазу, текстологиялық ізденістер жүргізіліп, бастапқы мәтін қалыпқа келтірілгеннен соң, академиялық көптомдық шығармалар жинағын бастыру, ұстанған көркемдік әдіс пен қолданылған көріктеу құралдарының қызметін анықтау, аударма мәселелері тілдік, стильдік мүмкіндіктерді бағалау басты назарда болуы шарт.

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларын меңгерту барысында оның сазгерлік қырын танытатын еңбектерімен да таныстыру ісі қоса жүріп отыруы тиіс. Әні бар шығармаларын оқыту барысында сол әндердің жақсы орындаушысының көмегімен, дауысы бар болса, мұғалімнің өзінің орындауымен, техникалық құралдардың көмегімен (магнитофон, бейнежазу, телебағдарлама, документальды фильмдер) әнді тыңдатса, өздеріне орындатса, берер тәрбиелік маңызы бар болмақ.

Мысалы, Тамара Асардың орындауындағы «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» әні сабақ үстінде тыңдатылса, шығарманың эстетикалық табиғатын танытудағы әсері мол болары сөзсіз. Біздің Семей аймағы небір дүлдүл әншілермен, өнер адамдарымен бай екені мақтан туғызыарлық. Шәкәрімнің әндерін оқушыларға меңгерту барысында жергілікті әнші К. Өлмесековке жетерлік дарын жоқ. Шәкәрім әндерін орындау барысында әншінің республика көлемінде теңдесі жоқ. Бар дүниенің мәнін сезіне білу, қадірлеу бағытында осы әншіні сабаққа шақырып, тыңдатса, нұр үстіне нұр болар еді. Әнші тек әннің орындаушысы ғана емес, әннің тарихынан да мол мағұлмат берер еді.

**Әдебиеттер**

1. Жұмажанова Қ.Т. Әдебиеттен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 1996. – 230 б.
2. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 260 б.
3. Әбдіғазиев Б. Ақынның асқақ үні // Жалын. – 1990. – № 5.
4. Ісләмжанұлы К., Тілешова С., Әрінова Б., Баттал Р. Әдебиет (6-сынып оқулығы). – Алматы: «Атамұра», 2006. – 120 б.
5. Қамаева С. Шәкәрім өлеңдері адамгершілікке шақырады // Қазақстан мектебі. – 1996. – № 7.

ҒТАХР: 14.25.05

# ШӘКӘРІМТАНУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДІННІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Сыдыкова А.С.,** тарих пәнінің мұғалімі
«С. Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, ұлы Абайдың дарынды шәкірті, әрі дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлы-ғұлама философ,тамаша тарихшы,ірі қоғам қайраткері ретіндегі артына аса бай мұра қалдырған қазақтың бетке ұстар асылдарының бірі және бірегейі болды. Сан қырлы тума талант иесі өзінің бүкіл саналы ғұмырында ағартушылық, демократтық идеяларды тынбай уағыздай жүріп,туған халқының болашағы үшін бар күш-жігерін аямай жұмсады. Ол өзінің шығармашылығында дін және шариғат мәселелеріне ерекше көңіл бөле білді. Білімі теңізден де терең Шәкәрім өзі еңбекқорлығымен алған білімін қорыту барысында көп ізденіс жасап, ғаламдық діндерге де соғып өтіп,діннің мемлекетті нығайтудағы маңызын, құқықтылықты күшейтудегі атқаратын ролін пайымдай білді. Сол себепті діннің мемлекетке тигізер ролін адамзаттың Жаратушы алдындағы парызын орындау, дінге бағынудың негізгі ережелеріне сай қоғамда тіршілік ету-қатігездік перн жауыздықты тиятын орасан зор күш екендігін сезінді. Жаратушы талаптарына ниетпен берілу-қоғамның сауығуына әкелер зор мүмкіндік екенін сезінген Шәкәрім, ізгіліктен жаратылған қоғам орнайтындығына шүбә келтірмеді. Қоғамдағы діни экстремизмнің тамырына балта шабу,діндер арасындағы татулық пен береке-бірлік, түсінушіліктің болуы мемлекеттің тұрақтылықта және қақтығыссыз өмір сүруі мен өркендеп дамуына ықпалы зор. Шәкәрім еңбектеріндегі терең философиялық ойлар ұлы Абай еңбектерімен де астасып жатқандығын көруге болады

Алланың өзі де рас,сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөзі айрылмас.
...Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланың жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Өзі өмір сүрген қоғамның ішкі қайшылықтары мен қақтығыстары көпдінділіктен туындайтынына баса назар аударып,қазақ еліне қауіпті екенін ескерткен қоғам қайраткерінің ой-пікірлері қазіргі уақытта елімізде өз шешімін табуда. Дін білгірі зайырлы қоғамдағы әлеуметтік – саяси қатынастарды реттеуші, ішкі саяси үдерістерді тұрақтандырушы құндылықтарды дін қағидаларымен байланыстырады. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасында ислам дінінің тарихи ролін тани отырып, басқа діндерге тепе-тең түрде толерантты қатынас жасайтындығын көруге болады. Сондықтан да діннің мәнін бұрмалайтын топтардың әрекеттерін сынға алды.

Дін тазасын діннен ізде,
Дін шатағын сынға сал.
Анық айна,өзің ізде,
Айда ақылды қаттырақ! –

деп елді дін атын жамылған ұйымдар мен конфессиялардан сақтануға, оларға заң жүзінде тыйым салу қажеттігін ескертеді. Заманының озық ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының айтқан келелі кеңестері бүгінгі күні өз мәнін жоймағандығын көрсетіп отыр.

Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай бар,ұждан дұрыс,қиямет шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.
Дін адамды бірбауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.

Тәуелсіз Қазақстанның аумақтық тұтастығын сақтап қалу,ұлттар араздығын болдырмау төңірегіндегі ойлары мен идеялары өз өміршеңдігін жойған жоқ.Әлеуметтік – қоғамдық мәселелерді

тануда асқан білімділікпен қоса көрегендік таныта білген ойшыл өзінің «Мұсылмандық шарты» деп аталатын еңбегіндегі ойлары ағылшынның ірі философы Т. Гоббстың құқықтық идеяларымен үндесіп,сабақтасып жатқанын аңғаруға болады. «Өзіңе не нәрсені жақсы көрсең,өзгелерге де соны қыл» деген шариғатқа сай«барлық адамдардың алтын ережесі» деп атаған ойлары Шәкәрім Құдайбердиевті Т. Гоббс сияқты ойшылдар қатарына қосуға тұрады [1].

Ұлы тұлғаның ұлағатын ұлықтау қазақтың ұлттық сапасының жоғары, рухани байлығының біртұтас болуына ұйытқы болады. Ұлт болашағы жайлы тарихи маңызы жоғары «Қалқаман-Мамыр» тарихи дастанының негізгі ойы-әз-Жәнібек ханның «Жеті атаға толмай қыз алысқандарға тыйым салынсын» деген Жарлығының бұзылуын философ Шәкәрім Құранның 4-пара,4-сүресінің 23-аятын негізге алады.Қазақ халқының ерекше ұлт болып қалыптасу,ақыл-ой ,сана,дене тәрбие жақтарынан жетілген қасиетті халық болып танылуына негіз қалау-әз Жәнібек ханның ғылыми негізі берік Жарлығы.Ғұлама ойшыл,ұлтымыздың көрнекті тұлғасы Шәкәрім Құдайбердіұлы аласапыран заманды басынан өткізсе де, соңына аса бай мұра қалдырды /2/. Оқушылар арасында ұлы тұлғаның тарих пен әдебиеттегі, қоғамдағы орны,асыл қазынасын саралауда 9 сынып оқушылары арасында өткен «Осы біз Шәкәрімді білеміз бе ?» атты іс-шараның барысында ақынның өлең-жырлары,халқының рухани қазынасына айналған, ақыннан мирас болып қалған «Үш анық», «Мұсылмандық шарты» атты өміршең шығармаларына талдау жасалды. Жас ұрпақты ізгілік пен әділдікке,адамгершілік пен азаматтыққа үндеген туындылары зайырлы мемлекеттің келешегіне жол нұсқап,кең тынысты кемел ел болатынына жетелейді. Адамды өзге пендемен, әлеммен, айналасын дағылармен байланыстырып, тәртіпке салатын-дін-тәрбие, сенім, адамзатты дамытып, үйлестіруші, қайырлы істерге жетелейтін құдіретті күш. Ұлы Абайдың дінге қатысты көтерген мәселелерімен астасып жатқан Шәкәрім Құдайбердіұлының терең танымды, жоғары өрелі шығармаларын толық үйрену үшін әр қырынан қарастырған жөн.

**Әдебиеттер**

1. Өзбекұлы С. Шәкәрім діннің құқықтық мәселелері туралы // Егемен Қазақстан, 28 мамыр, 2008.
2. Құдайбердіұлы Ш. «Қалқаман-Мамыр» дастаны.
3. Құдайбердиев Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы, 1993.

ҒТАХР: 17.01.07

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖОБА АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Жумаканова Е.Б.,** 2-курс магистранты
**Муканова К.К.**, доцент
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бүгінгі қоғамның ұстаздар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі – сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, өмірде ойын жүзеге асыра алатын тұлға қалыптастыру.

Ұрпаққа білім берудің басты мақсаты – жас толқынның қабілеті мен қызығушылығына қарай кәсіби әрекетті игеруіне, белгілі бір мамандықтың иесі болуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Ал өз кезегінде сол білім әр адамның өзін-өзі тануының, маман ретінде қалыптасуының, өзін-өзі көрсете білуінің, яғни ішкі мүмкіншілігі мен тұлғалық қабілеттерінің ашылуының құралы болып табылады. Отандық тәжірибеге зер сала қарағанда, оқушыларға шынайы білім беру бағытындағы ең мәнді қадам деп олардың өздігінен ізденуіне, алған білімін нақты тәжірибеде қолдануына жол ашатын жаңа жүйенің мүмкіндіктеріне лайық жаңа технологиялардың да белсенді түрде енгізіле бастағанын айтуға болады.

1965 жылдан бері қарай жобалау әдісі халықаралық деңгейде қолданыла бастады. Бұл әдіске қайта оралудың басты себебін ғалымдар «мәселені оның дамуында қарастыруға мүмкіндік беретіндігімен» байланыстырады, яғни білім алушылар нақты мәселені шешу үшін әрекет үстінде бірнеше рет теорияға үңіледі, соның нәтижесінде өз ісінің қалай орындалғанын бағалай алады, өз қолдарымен жасалған іс оларға қанағаттанарлық, өзіне сенімділік әкеледі. Ғалымдар бұл технологияның осы артықшылықтарына үлкен мән берген. Д.Дьюи оқушының әрекеті мұғаліммен бірлескен әрекет болуын талап етті.

Өйткені оқушының әрекетті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін мұғалім әрекетті орындаудың алдында оқушының барлық ойлау әрекеті сатысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деген пікір айтады. Жобалау әдісін қолдану арқылы тұлғаның өз бетімен даму әрекетін ұйымдастыру үшін зерттеушілік, жобаның жіктелуі, шығармашылық, ізденушілік, болжалдық әдістерді қолдану [1].

*Қазақ тілінен жобалап оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру мақсатының жүйелілікке, белгілі бір қағидаларға бағынуының маңызы өте үлкен. Бұл мақсаттың анық қойылуы да қазақ тілін оқыту жүйесін ұйымдастыруда шешуші қызмет атқарады. Ал ондай қуатқа ие мақсат өзіне әдістемелік жүйесіне енетін барлық компоненттерді үйіріп, түпкі нәтижеге қызмет етуге бағындырады.*

Жобалап оқыту технологиясының өзектілігін мынадай факторлар анықтайды: біріншіден, білім алушылардың қазақша мәтінді өз бетімен оқып, соның негізінде қатысымға түсетіндей қабілетке ие болу, өз ойын тыңдаушысына түсінікті етіп жеткізе білу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік жасайтындығымен; екіншіден, берілген тапсырмаларды орындау мақсатында шығармашылық белсенділік танытуына, өздігінен ізденуіне, соның негізінде сөздік қорын дамытуға, молайтуға мүмкіндік жасайтындығымен; үшіншіден, жобалай оқыту әдісін технологиялық жүйе ретінде кең тұрғыдан қолдану мәселесін ғылыми және практикалық тұрғыдан зерттеу жалпы қазақ тілін жекелеген әдістердің жиынтығы түрінде емес, белгілі бір тұтас жүйе түрінде оқыту арқылы сапалы білім беру мүмкіншілігінің молдығымен ерекшеленеді [2].

Жобалай оқыту технологиясының сапалы білім берудегі тиімділігі оқушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады. Жобаны орындау барысында оқушылардың қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы саналы түрде жүріп отырады. Осы үдерісте оқушының ерік-жігері, тілдік қабілет ресурстары, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Жобалап оқыту технологиясын қазақ тілін сапалы әрі тиімді оқыту жүйесі ретінде таңдап алудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл технология – оқу жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндігі мол технология. Оқу жүйесінде оқушының өз бетімен орындайтын жұмысына басымдылық беріледі. Ол оқытушының басшылығымен және өз бетімен орындайтын жұмыс деп бөлінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жобалап оқыту технологиясы мен оқу жүйесінің өзара бірлігі айқын байқалады. Екіншіден, жобалап оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен қазақ тілі бойынша берілетін түрлі жобаларды қазақ тілінде орындау барысында оқушы «білім іздеудің өзіндік сүрлеуін» қалыптастырады және ол сүрлеу оқушының өмір бойғы білім алуы дағдыларын дамытады. Үшіншіден, бұл технологияның артықшылығы – жоба жұмысын орындау арқылы оқушы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды.

Оқушы тілді меңгеру үдерісінде қазақ тілін оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады. Төртіншіден, бұл технология оқушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Бесіншіден, бұл технология бойынша оқушы тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады. Алтыншыдан, жоба аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы бар. Жетіншіден, жобалап оқыту технологиясы шығармашылық белсенділікті тудырады. Сегізіншіден, жоба технологиясы сабақта қолданылғанда оқытушыға да, оқушыға да жауапкершілік жүктейді әрі өзіне деген сенімділігін арттырады. Тоғызыншыдан, жоба жұмыстары өзара жарысты, талас-пікірді, ең бастысы, белсенділікті талап етеді. Оныншыдан, жоба технологиясы оқытушыға да, оқушыға да жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін, яғни «эгофакторлық» сенім ұялатады.

В. Килпатрик жобалау әдісін «от души выполняемый замысел» деп түсінді. Оның ойынша, жобамен жұмыс істеу 4 кезеңге бөлінеді: ойлану, жоспарлау, орындау және бағалау. Бұл әрекеттердің бәрі де оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Сонда ғана оқушы өз әрекетінің нәтижесін көре алады, өзінің неге қабілетті екендігін бағалай алады деп тұжырымдайды [3].

Жобалап оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалап оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы мүмкін.

Осындай жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның шығармашылық белсенділігін тудыруға және топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жобалап оқыту технологиясы аясында оқушылардың сөйлесім әрекеттерін жетілдіруде профессор Ф. Оразбаеваның «тілдік қатынастың бір бүтін тұлғасы болып табылатын мәтін адамдардың қарым-қатынасын іс жүзіне асыратын материал ретінде және өзара түсінісу, пікірлесу, ойды жеткізу тұлғалары түрінде зерттеледі» деген пікірі басшылыққа алынды [4].

Өйткені мәтін сөйлесім әрекетімен, қатысым әдісімен, олардың қолданылу қағидаларымен тығыз байланыста болады. Мәтін – ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға. Мәтінмен жұмыс жоғарыда айтылған қатысымдық бірліктерді өзара тығыз байланыста қолдануға мүмкіндік береді. Мәтіннің өзіндік ерекшеліктері, оның мазмұндық-құрылымдық жүйесі алуан түрлі мақсаттағы, көлемдегі, сипаттағы мәтіндерді талдау арқылы меңгертілді де, олар оқытудың өн бойында орындалатын жоба жұмыстарында тексеріліп, білім қорытындысы ретінде бағаланды. Жоба технологиясын қазақ тілін оқыту жүйесінде қолданудың маңызы зор. Атап айтқанда:

- білім алушыларды кез келген ақпараттармен жұмыс істеуге, өз бетімен сыни ойлай білуге үйренеді;
- игерген білімдеріне, ғылымның заңдылықтарына сүйене отырып, өз пікірлерін білдіруге, ғылыми тұжырымдар жасай білуге үйренеді;
- өз бетімен дәлелді шешімдер қабылдауға үйренеді.

Бұл технологияда білім алушының шығармашылық-зерттеушілік, әрекеттік, танымдық, креативтік, мәдени қатынас қабілеттерін қатар дамытуға мүмкіндік туады [5].

Жоба әдісі бойынша өткізілген сабақтар оқушы бойындағы қабілеттілік пен қызығушылығына сәйкес жетіліп, дамуына жағдай туғызылып, әр оқушының жекелеген мүмкіндіктерінің ашылуына ықпал жасайды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, басқаларына сын көзбен қарауға үйренеді. Бұл әдіс – келешекте оқушылардың зерттеу жұмыстарымен айналысып, ақпарат жинау, шыққан нәтижені бейнелеп түсіндіру, өз зерттеу жұмысын қорғау дағдысын қалыптастырады.

Теориялық тұрғыдан жобалау – белгілі бір мәселенің өзгеруі, дамуы деп танимыз. Жобаның құрылымы мәселенің талдауынан басталып, оны шешіп нәтижесіне жету үшін жасалатын қадамдардың жобалауынан тұрады. Жобалау жұмысында ой өрісінің дамуы, критикалық ойлау, креативтілік, сонымен қатар мәселелерді шешу қабілеті пайда болады. Мұғалім оқушыны өз бетімен білім алып, алған білімін арнайы рәсімдеумен жобалау әдісі арқылы дәлелдей білуге үйретеді [6].

Қорыта айтқанда, жобалау әдісі – бұл оқу жүйесі, оқу үрдісінің ұйымдастырылған моделі, ол тындаушының интеллектуалды және физикалық мүмкіндіктерін жаңа жобаларды құру үрдісінде шығармашылық қабілеттерін дамыту жолымен өзіндік жүзеге асыруға бағытталған. Осы жұмыстың арқасында ұстаз мен тындаушының арасында шығармашылық байланыс, жаңа көзқарас пайда болады.

Тындаушының зерттеу, іздеу, анықтау, дәлелдеу, синтез, анализ жасау дағдылары қалыптасады және жобалау әдісі белгілі мерзімге берілуіне байланысты, тындаушы уақытты ықшамдап үйренеді. Бұл келешекте тындаушының өз өмірінде пайдалануға қажет қасиет пен дағды болып табылады.

**Әдебиеттер**

1. Дьюи Дж. Демократия и образование / Пер. с англ. – М.: Педагогика – Пресс, 2000. – 384 с.
2. Сатбекова А.А. Рухани жаңғыру: қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясы (гуманитарлық бөлім). Монография. – Алматы: ТОО «Лантар Трейд», 2019. – 220 бет.
3. Килпатрик У.Х. Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе. – Л.: Брокгауз – Евфрон, 1925. – 34 с
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 207 б.
5. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013.
6. Буланова С.Т., Габитова В.А., Сагынайкызы С., Исмагулова Ж. Жобалар әдісі білім беру ресурсында. Методика. Опыт. Творчество, 2023. – 31-32 б.

ҒТАХР: 14.07.23

# АБАЙДАН СОҢҒЫ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒА-ШӘКӘРІМ

**Оспанова Ғ.О.,** кітапхана меңгерушісі
**Слямбекова А.А.,** педагог-психолог
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Құдайберді, Шәкәрім қажының әкесі 39 жасында дүниеден өткен соң Абай әкеден жастай қалған немере інісі Шәкәрімді бауырына тартып, көз қырын салып, қамқорлық жасап жүреді. Абайдың үнемі жанында болып, тәрбиесін көргені туғаннан ерекше дарынды Шәкәрімнің ерте есейуіне,рухани толысуына әсер еткені анық. Туыстық жөнінен ғана емес,ұстанған жолы тұрғысынан алып қарағанда да Абайға ең жақын адам еді. Жарты ғасырдан астам еріксіз үзілістен соң халық алдына қайта шыққан ұлы тұлғаларымыздың бірі Шәкәрім қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында алатын орны өзгеше.

Шәкәрім әрі ақын, әрі тарихшы, философ, прозаик, ұлы гуманист, өз заманының кемеңгер ойшылы еді. Бұдан алпыс,жетпіс жыл бұрын Абайдан соңғы ең танымал есім, Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға саналды.

XX-ғасырдың бас кезіндегі әдебиетпен мәдениеті қайраткерлері ішінде Шәкәрім ойшыл ақын-жазушы ретінде әбден қалыптасқан,жұртшылыққа кеңінен танылған Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға болды. Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат-қасиеттер лирикасына тән нақыл насихатшылдық, фәлсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік үлгі өрнектерін қызықтауы, орыс әдебиетінің сюжеттеріне бой ұруда шежірешілдігі – бәрі де өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан.

Шәкәрімнің ақындық әлемі бай, көп қырлы, тақырыбы, жанрлық түрлері жағынан да сан алуан. Шәкәрімнің ақындық жаңашылдығы тыңнан қосқан өлең өлшем-өрнектерінен ,өлеңдеріне шығарған әндерінен үздік композиторлық дарынынанда анық танылады. Бұл жағынан алғанда Шәкәрімнің қазақ әдебиетінде ғана емес біз білетін көптеген халықтардың әдебиетінде, тіпті дүние жүзі әдебиетінде өте сирек құбылыс дей аламыз.

Ол-тарих,философия, дінтану, психология, шығыстану, түріктану салаларындағы түрік тіліндегі, орыс тіліндегі, араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып,қыруар мағлұмат жиған,жан-жақты,энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты, дана адам болған.

Шәкәрімнің қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып,бұл салада үлкен жаңалық тапты. Ойшыл ақын адамның ақыл парасатына айрықша зор мән береді. Ол адамның сезу,сезіну, дүние болмысты, өмір құбылыстарын сезім арқылы қабылдау, әсерленгіштік қабілеті мен нәрсенің болсын ішкі сырын көзге көрінбейтін,қолмен ұстауға келмейтін нәрселердің қасиет-сипаттарын оймен, ақылмен,логиканың күшімен танып-білу қабілетінің арасын ажыратып, болмыстың, дүниетану мен моральдың негізі ақыл деп санайды. Таза ,парасатты ақыл қандай да нәрсені,құбылысты дұрыс түсініп,бағалауға, ақ-қараны айыра білуге мүмкіндік береді, сондықтан «ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау» деп түйіндейді. Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім бар жерде ғана таза ақыл болады, яғни адал ниетпен ақылға билетіп, ешкімге қиянат қылмай істелген іс адамды мұратқа жеткізеді деген ой түйеді.

Дүниетанымның,ғылымның да негізгі тірегі-ақыл, ой-ойлау қабілетінің қуаттылығы, ой-тұжырымдарының логикалық қисындылығы деп санайды.

Шәкәрім, ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір-болмыстың дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып-түсіну мағынасында алып қарайды.

Шәкәрімнің дүниенің, жаратылыстың қозғаушы күші; адам өмірінің, тіршіліктің мәні мен сыры, жан мен тән секілді мәселелерді ғылыми ұғым түсініктермен ұштастыра толғайтын философиялық өлеңдері өз алдына бір тақырыптық арна болып қалыптасты. Ақынның діншілдігі, жаратушы Аллаға сенімі оның ойшылдығымен жалғасып, дүниеге көзқарасындағы бірлік біртұтастықты танытады. Шәкәрім дүниедегі «сансыз кереметті кім жаратса-тәңірі сол» дейді. Тәңіріні іздеу, жаратқан Аллаға сену-ақиқатты іздеу, адалдыққа ақылмен жету деп түсінеді.

Ақынның ойшылдығы оның дүние болмыстың терең сырларын тауып, білуге құмарлығын мысалы, дүние қалай жаралған деген мәселеге айрықша көңіл қойып,тиянақты жауап іздеп,сол

арқылы «ең түпкі жаратушы-мінсіз ие» деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз. Мысалы, «Тау бойындағы ой» деген өлеңінде дөңгеленген жердің күнді айналып жүретінін көзбен көру арқылы емес; ойлау, топшылау арқылы анықталған дегенд айтады. Бұл жерде және басқа да өлеңдерінде Шәкәрім дүниеде таңғаларлық нәрсе өте көп, алайда бәріндеде заңдылық, қисын бар деген пікір айта келіп, себебі толымдының ісі толық»дейді. Яғни, бұдан дүеиенің кереметтігі шексіз болса, жаратушының құдіреті де шексіз деген мағына туады.

Шәкәрімнің пікір сонылығымен, танымдық және моральдық адамгершілік мәселелерін ұштастыра білуімен оқымысты ақынның өнерпаздық тұлғасына сай интелектуалдық сипат алған.

Адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалағанда да Шәкәрім ақыл-ой, талабын, ақыл-парасаттылықты қандай да іс-әркетті ақылмен сынауды басты моральдық принцип етіп қояды. Ол әр адамның ісіне өзі сын көзімен қарап,биік талап қоя білуі,қиыншылыққа төзіп,табандылық,қажырлылық танытуы қажет екенін баса айтады.

Сонымен қатар, ақынның өмірдің өкініші аз болмайтынын айта отырып, ақыл-парасаттылық,ой тазалығы, адамның уайым-қайғыға бой алдырмай саналы қылық қылуына басшы болады деп пайымдайды.

«Боларға ұмтыл,болмасқа қанағат қыл» – дей отырып, әр адам өз қабілетін дұрыс бағалай біліп,өзінің қолынан келетін істі атқаруға ұмтылуы қажет екенін,өмірдегі нақтылы жағдайды, мүмкіндікті айқын түсіне біліп,соған орай әрекет қылғанда ғана адам сәтсіздікке ұшырамайтынын мейлінше дәлелді етіп көрсетеді. Адам өзіне өзі сыншы болып, өмірге саналы көзбен қарауға үйренсе әр нәрсенің себеп-салдарын анықтатып біле алады,сонда ол өз ісінің сәтсіздігін өзгеден көрмей нақтылы жағдайды дұрыс бағалап, содан өзі сабақ алады деген үлкен ғибраттылық мәні бар түйінді ой қорытады.

Шәкәрім арнайы оқу орындарын бітірмеседе,Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік,араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілдерінде жетік біледі. Ол классикалық шығыс поэзиясын, орыс және еуропа әдебиетінің озық үлгілерін терең түсіне оқумен шектелмей,философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді де қадағалап отырды.

Шәкәрім тіршілік, тағдыр туралы сауалдарына жауап іздейді, оқу іздену аймағын кеңейте түседі. Дінтану емес,ел тану,жер көру мақсатында қажыға барып қайтады. Бұл сапар оның ой-өрісін кеңейтеді, ақын қазақ халқы дін қуған мұсылманшылық жолын емес,ғылым-білім қуған Еуропа халқының жолын таңдауы керек деген ойға беки түседі. Осы кезде өзі көптен әуестеніп жүрген толстойшылық идеясына біржола берілген ақын өмірден баз кешіп, жұрттан аулақтайды да Шыңғыс тауының күнгей сыртындағы Шақпақ дейтін жерде таза әдеби қызметпен ғана айналысады, қысы-жазы жападан-жалғыз жатады.Шақпақ-жер аты, Шыңғыстау сырт жайлауындағы атақты қоныс.Шақпақ үлкен жоталы тау. Жота-Балашақпақ орта үлкен шақпақ деп бөлініп аталады. Балашақпақ баурымен Байқошқар өзені ағады. Шәкәрім бұл өлкеге өз шығармасында үлкен орын берген.Өйткені, оның өмірінің соңғы отыз жылдық ғұмыры осы өңірде,оңашалықта шығармашылықпен өткізеді. Содан да болар, Шәкәрім жайлауының ертедегі тарихын баян етуге «Нартайлақ-Айсұлу»поэмасын арнаған. Шәкәрім шығармалары бұнымен шектеліп қалмаған, жеті жасынан бастап өлең жазып, өмірінің ақырына дейін ағартушылық бағыт ұстаған.Ұлы Абайдың жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі реалист ақын болған.Шәкәрім шығармалары сан-салалығымен өлеңдерімен, дастан, поэма, романдарымен ерекшеленеді.

Шәкәрімнің шығармалары сансыз қолжазба, сауатты, сауатсыз көшірмелер арқылы бүкіл қазақ даласына тараған. Шәкәрімнің өз басының тағдыры мен даналық сөздерінің тағдыры – күрделі, әрі ғибратты. Оның өмір салты мен мол мұрасы-адамзат үшін субстанциялық мәндегі құндылық. Өзі-данышпан, сөзі – даналық. Шәкәрім – даналыққа құштарлықтан шыққан. Өнермен ғылымды, философия мен дін, тарихпен өмірді ала отырып, «Ар ілімі» жүйесін жасаған. Қазіргі таңда ол ілім адамзатқа ортақ.

«Жаралыс басы-қозғалыс» деген Шәкәрім, жаратушы, жаралыс, жаратылыс, Һәм мәңгілік мәселелер туралы да өрісті – өзекті сөз айтқан.

Шәкәрімнің шығармалары мен еңбектерінің мазмұндық құрылымында онтологиялық және антропологиялық, көркемдік пен эстетикалық, сопылық пен теологиялық,адамдықпен ұждан сияқты ұғым мәдениетінің мұхиттай шалқуы,оның шығармашылық қуат көкжиегінің шексіздігін байқатады.

Шәкәрімнің мұрасы-адамдықтың өлшемі.

Қорыта келгенде,ұлы кемеңгер, халық ұстазы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларымен өскелең ұрпақты жете таныстырып,ұлттық педагогиканың алдында тұрған міндеттердің бірі. қазақ

халқының ойшыл кемеңгер біртуар ғұламаларының қайталанбас еңбектеріне терең көз жүгіртіп,тәрбиелік құрал ретінде таныстырып, үнемі қолданыста пайдалана білуімізде!..

**Әдебиеттер**


1. Ахметов З. Таңдамалы шығармалары 1 том. – «Ана тілі» баспасы, 2008. – 208 б.
2. Еспенбетов А. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. – Алматы «Раритет», 2008.
3. Сыдықов Е. Шәкәрімтану мәселелері 1 кітап. – Семей-Новосібір. – 5б., 14 б.
4. Сыдықов Е. Шәкәрімтану мәселелері 2 кітап – Семей-Новосібір. – 5б; 30 б; 127; 287 б.
5. Сыдықов Е. Шәкәрімтану мәселелері 3 кітап. – Семей-Новосібір. – 19; 39; 127; 143; 216 б.
6. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар жинағы. – Жалын, 1988. – 6-8 б.
7. Алаш және әдебиет. Ғылыми жинақ. 1 кітап 219 б; 4 кітап 78 б; 79 б.
8. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. – 9 том, 472 б.
9. Сыдықов Е. Шәкәрімтану мәселелері 4 том. – Раритет, 2007. – 181 б., 241 б.
10. Қазақ әдебиеті анықтамасы. – Аруна, 2005. – 550 б.
11. Мұхамедханов Қ. 3 том. – Алаш, 2005. – 5 б.


ҒТАХР: 14.07.05

## ШӘКӘРІМНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫНЫҢ АДАМ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

**Серікова Н.У.,** кандидат педагогических наук
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ең ірі ақынымыз-Шәкәрім. Ұлы ақын дүниеден қайтқан соң, халық Шәкәрімді екінші Абайымыз деп танып, ерекше құрметтеген.

Абай мен Шәкәрімнің поэзиясы тағдырлас. Абай көтерген мәселелерді Шәкәрім жаңаша талдап, жаңаша жырлаған. Шәкәрімнің дүниетанымына жалпы мұрасына ықпал етіп рухани тәрбие беруші Абай болған [2].

*Шәкәрімнің қалдырған мұрасысан салалы, сан алуан, ешқашан маңызын жоймайтын мол қазына.*

Абай ойларынан, оның терең философиясымен ой теңестірген Шәкәрімнің адамның өзін-өзі тануы жөніндегі пікірлері үнемі сабақтасып, жалғасын тауып, бірін-бірі толықтырып отырады.

Адамның өзін-өзі тану танымына айтқан Абай мен Шәкәрім атамыздың пікірлері, ойлары мен ой танымы тоғысып үндесіп жатыр.

Абай атамыздың «Толық адам» концепцисының жүйесін Шәкәрім атамыз өз шығармаларында «Түзу адам» концепциясымен жалғастырған.

***Абайдың «Толық адам» концепциясы***

| ***Толық адам*** | ***Толық адам сапалары*** | ***Сапаларды құрайтын элементтер*** |
|---|---|---|
| | Нұрлы ақыл | МАХАББАТ<br>РАХЫМ<br>ӘДІЛЕТ<br>ҰЯТ<br>ҚАНАҒАТ<br>ЗЕРЕКТІК<br>БІЛІМ<br>ТЕРЕҢ ОЙ<br>ТАЛАП<br>ЕҢБЕК<br>ШЫДАМДЫЛЫҚ |
| | Жылы жүрек | |
| | Ыстық қайрат | |
| | | |

*Шәкәрімнің «Түзу адам» концепциясы*

<table>
<tr><th>Түзу адам</th><th>Түзу адам сапалары</th><th>Сапаларды құрайтын элементтер</th></tr>
<tr><td rowspan="4"></td><td>Ақ жүрек</td><td rowspan="4">МАХАББАТ<br>МЕЙІРІМДІЛІК<br>ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ<br>АДАЛДЫҚ<br>ХАРАКЕТ<br>ШЫДАМ<br>БІЛІМ<br>ТЕРЕҢ ОЙ<br>ШЫНШЫЛ</td></tr>
<tr><td>Адал еңбек</td></tr>
<tr><td>Арлы ақыл</td></tr>
<tr><td></td></tr>
</table>

Абай атамыздың *«Толық адам» концепциясы* мен Шәкәрім атамыздың *«Түзу адам» концепциясы* өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек.

*Шәкәрім* адам өмірін түзетерлік *әділет, ынсап, мейірім* сияқты қасиеттердің маңыздылығы *қиянатқа жол бермейтін* бірден – бір құрал деп есептейді. [1].

*Шәкәрімнің «арлы ақыл», «ақ жүрек», «адал еңбек» ұстанымы, «шын таза жан», «түзу адам» болмысын айшықтайды.*

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,

Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес, – деп ақынның айтуынша басты кесепат – «зұлымдық».

Адам баласын түзеу үшін, оның имандылығын, ұятын қалыптастыру пасты парыз деп есептеген Абайдың үлгісін шәкірт Шәкәрім шығармашылығында сабақтасады. *Шәкәрім ақылды, арлы адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді деген.*

Шәкәрімнің «адам түзету» идеясы Қазақстан халқының бүгінгі өмірі үшін маңызды. Тәуелсіз еліміздің әр азаматы Шәкәрім атамыз көксеген адамдық сапаларға қол жеткізіп отырса, елдің рухани өмірі, шаруашылығы мен ой-білімі үлкен биіктерге көтеріле берері даусыз.

*Шәкәрім атамыздың көтерген «Түзу адам» концепциясыбүгінгі күнгі ұлт тәрбиесі үшін өте маңызды.* «Ар ілімі» негізін қалайтын «арлы ақыл», «адал еңбек», «ақ жүрек» парадигмалары ұлттық тәрбиенің тетіктеріне айналғаны абзал.

Ұлт ойшылдарының адам тәрбиесі жайында айтылған ой-пікірлерін жастар тәрбиесін ұйымдастыру барысында нақты жүзеге асыруымыз қажет. Ұлттық тәрбиенің адамгершілік, сыйластық, бауырмалдық, қайырымдылық сияқты қарапайым, сонымен бірге, өмірде аса маңызды құндылықтарын жас ұрпақ ұлт ойшылдары шығармалары арқылы жылдам қабылдайды. Қазіргі таңда адамның адамгершілік сапалары төмендеп, оның санасын материалдық құндылықтар билеген заманда адамшылықты насихаттаудың маңызы арта түеді.

Шәкәрім шығармаларының негізі адамға қатысты болғандықтан ақын адамның ізденімпаздығын, білімділігін, өнегелі тәрбиелігіне айырықша назар аударады. Келер ұрпақтың озық өнегелі, халықтың рухани деңгейін өрге сүйрейтін азаматтары болуын қалайды. Өзінің шығармашылығын кейінгі жастардың оқып, үйренерін, сынға да аларына көзі жеткен еді.

Кетермін, артымда сөз, әнім қалар,

Кейінгі жастар оқып ортаға алар.
Бірі жөн, бірі теріс айтыпты деп,
Таласып өздерінше сынға салар.
Табиғи заң өткенді жаңа сынау,
Жаманнан жиреніп жақсыны ұнау.
Дәлелдеуге өлген соң келмес тілім,
Тірлігімде айтатын сөзім мынау:
Сынау қиын біреудің жолын білмей,
Кетпес өмірін, ортасын көзіне ілмей.
Ауыр жүк арқалаған жолаушыға,
Жағада жүксіз тұрған жанша күлмей –

деп, ақын болашақ қазақ жастарының рухани дәрежесіне үмітпен қараған [3].

Үміттің ауыр жүгін арқалаған Тәуелсіз еліміздің жастары Абай атамыз бен Шәкәрім атамыздың көксеген «Толық адам», «Түзу адам» тұжырымдамсындағы адами сапаларды бойларына

сіңіріп, өзін-өзі жетілдіріп отыруы керек. Ақын адамныңөзін- өзі жетілдіруі оның әділет пен ақиқат жолына түсуі деп білген.

Шәкәрім атамыздың көңіліне түйген, дамудың көзі бола білген идеяларын тарату мен түсіндіру жолында аянбай шығармашылықпен еңбек ету барша педагогтардың өмірлік ұстанымына айналу керек. Қазіргі – кезеңде жас ұрпақты рухани тәрбиелеуде Абайдың толық адам, Шәкәрімнің түзу адам концепциясын ұлттық тәрбие негізінде бірден – бір ұстаным етіп алуға болады. Бүгінгі тәрбие беру ісінде Абайдың, Шәкәрімнің еңбектеріндегі өзекті қағидалық идеяларды басшылыққа алуымыз қажет. Себебі, «толық адамды», «кемел адамды», «түзу адамды» қалай қалыптастыруға болатындығын айтып кеткен.

Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларындағы ілімдерін жастарға жеткізіп, түсіндіре білсек, қоғамымыздың рухани тұрғыда дамуы дұрыс арнада болары сөзсіз.

**Әдебиеттер**

1. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Үш анық. – Семей: Шәкәрім университеті, 2019. – 200 б.
2. Шаңбай Т. Шәкәрімтану мәселелері. – Семей, 2006. – 440 б.
3. Ізтлеуова С. Абай, Шәкәрім шығармаларындағы адам тәрбиесі. – Алматы, 2011. – 146 б.

ҒТАХР: 17.01.07

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Дунпынқызы С.,** 2-курс магистранты
**Муканова К.К.,** доцент
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ой сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған, бір басының өзінде ғұламалық, ағартушылық, ұстаздық, жазушылық, сияқты асыл қасиеттерді дарытқан дарын иесі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұылның өшпес бай мұрасы жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ол оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Сонымен қатар тілді меңгертудің әдістемесін қалаған ғалым-әдіскердің әдістемелік еңбектері көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарына негіз болды. Ағартушы-педагог А. Байтұрсынұлының еңбектерін зерттеп-зерделеу, саралау тәуелсіздік алғаннан кейін мүмкін болды. Тоқсаныншы жылдардан бастап ғалым еңбектері жаңаша қырынан жан-жақты талдана бастады. Ғалымның педагогикалық, шығармашылық мұраларын зерттеп, келешек ұрпаққа танытып, дарыту мақсатында қыруар еңбектер жасалды және жасалуда. А. Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттеушілер қатарын Р. Сыздықова, Н. Оралбаева, С. Кәкішев, Р. Нұрғали, Т. Кәкішев, К. Сағадиев, А. Ісмақова, Қ. Сәрсекеев, Ө. Әбдиманұлы, Р. Имағанбетова т.б. сияқты ғалымдар легін айтуға болады.

Оқу мәселесін А. Байтұрсынұлы жан-жакты сөз етеді. Бірде: «Қазақта балаларды оқытатын әзірге жосықтар (программалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазса, енді бірде, «білімнің бас құралы – кітап» деп, «білім конкурсы» дегенді жариялау арқылы да оқу-ағартуды жандандыруға тырысады.

Ал оқу құралдары қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулықтар ретінде бағаланады. Алғашқы оқулық, тіл құралдарды дүниеге әкелумен қатар сол оқу құралдарын практикада қалай іске асыруға болатынын қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселені көп ойлаған. Ол заманының әдістемелік теорияларын өте жақсы меңгерген ғалым. Озық елдердің тіл оқыту әдістемелік ілімін жетік білгені қазақ тілін оқытуға арналған төл әдістемелік еңбектерін жазуға әсер еткен .

А. Байтұрсынұлының «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» сияқты баға жетпес оқу құралдары күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Ал «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру үшін керек», – дейді.

Ғалым өз еңбектерінде өнерді бірнеше тарауға бөлген. Соның бірінде тілді игеру ол да бір өнер екенін айта келе: «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақтың мақалына алдыңғы өнердің барлығының қызметін сөз өнері атқара алады» деп сипаттама берген. Осы ойына тоқтала келе мектепте оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті сабағының мақсаты да сөз өнерін үйрету. Көргендерін тіл арқылы сипаттау, жеткізу. Тағы бір пікірі: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөзі қазіргі таңда әр ұстазға керек қағида. Қазіргі таңда зерттеуші-әдіскерлер қазақ тілін үйретуде қолданылып жүрген оқытудың тиімді жаңашыл технологиялары жайлы идеялардың Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінен бастау алатындығын дәлелдеп жүр. Сондықтан данагөй тұлғаның әдіс-тәсілдері жайлы тұжырымдарының өміршеңдігін зерделей отыра, қазақ тілін оқыту әдістемесіне толыққанды пайдалану арқылы оның мұраларын жаңғырту жас оқытушылардың құзырында деп айтсақ қателеспейміз.

Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерін негізгі үш сөзбен байланыстырған. Ол: ақыл, қиял, көңіл. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, белгілі затардың тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, түю талғау» – деп көрсеткен. Ал біз осының барлығын оқушыларға сабақ барысында қолданамыз. Мысалы, «ақыл, қиял», сабақтың тақырыбын ашуда немесе мәтін не туралы екенін болжау мақсатында оқушыларға суреттер немесе сөз тіркестерін бере отырып ойландырып, «болжау стратегиясын» қолданамыз. «Тану» бұл жерде жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі. «Ақылға салып ойлау» – ол біздің мәтіндегі автордың ойына оқушы өз пікірін білдіру, ой толғау жазу жұмыстарын айтамыз «Ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау» – мәтіндерді салыстыру, кейіпкерлерге сипаттама беру арқылы оқушының ойлау қабілетін дамыту мақсатында болады.

Болашақ ұрпақтың жаңаша ойлап, әлемдік сапа деңгейіндегі білім мен білік, тәрбие негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңа білім беру мазмұнын құру – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бай әдістемелік, педагогикалық мұрасын пайдалану деген сөз. Ол үшін ғалымның тұжырымдарын оқу үдерісінде үнемі басшылыққа алған абзал.

**Әдебиеттер**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 443 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
3. «Ұлттың ұлы ұстазы». «Ұлы тұлғалар» ғылыми-биографиялық серия. – Алматы, 2001.

ҒТАХР: 17.01.09

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

**Жумадилова Г.Т.,**
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жарбұлақ орта мектебінің
(Қазақстан Республикасы, Абай облысы)

Ғасырлардың талай сырын санасында сақтап, сан алуан сын белестерден өткен қазақ халқының басына тәуелсіздік бақытын сыйлаған отыз жылдың көлемінде ұлттық рухани дамуымызда бірқатар оң өзгерістер дүниеге келді. Бұрын жоғалтып алған, яки жоғалта жаздаған асыл қазыналарымызды қайта таптық, өшкеніміз жанды. Қоғамның құрылымдық сипаты ғана емес, тұтастай ойлау жүйесі жаңғырды. Ұлт тарихындағы қайталанбас тұлғаларымыз: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды арыстарымыздың есімдері қайта жаңғырып, олардың өлмес-өшпес мұралары туған халқының назарына ұсынылды. Шығармалары жеке-жеке кітап болып басылып шықты. Олардың шығармашылығы жөнінде жан-жақты зерттеу, зерделеу жұмыстары қолға алынды. Төл әдебиетіміздің тарихындағы ақтаңдақ парақтарды ақтаруға бағыт алған осынау ізгі үрдіс үздіксіз жалғасын тауып, көптеген монографиялық зерттеу еңбектерін дүниеге әкелді. Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжандар жөнінде ой толғаған С. Қирабаев, Ш. Сәтбаева, Қ. Мұхаметханов, Ә. Тәжібаев, Ж. Ысмағұлов, Ш. Елеукенов, М. Базарбаев, Р. Нұрғали, М. Мағауин, Ә. Дербісәлиндердің еңбектері осынау алып қаламгерлердің шын мәніндегі шығармашылық қуатын айқындап, лайықты бағасын берген зерттеулер болды [1].

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы 1988 жылғы ресми шешім жарық көргенге дейін қазақ баспасөзінің беттерінде басылып тұрды. 1911 жылы тұңғыш кітабы – «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» Орынборда шықса, бірқатар туындылары 1912 жылы Семейде басылған. Орыс ақыны А.Пушкиннен аударған «Дубровский әңгімесі» 1924 жылы жеке кітап болып шықса, «Боран» шығармасы 1936 жылы «Әдебиет майданы» журналында жарияланды. «Ләйлә-Мәжнүн» дастаны алдымен «Шолпан» журналында басылып, кейінірек С.Сейфуллиннің басшылығымен жеке кітап болып шықты. Ақынның бір топ өлеңдері 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. 1978 жылы Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» атты антологиялық жинақта бірнеше өлеңі тұңғыш рет орыс тіліне аударылып басылды. Шәкәрімнің әдеби мұрасы осылайша өзінің көзі тірісінде де, одан кейінгі идеологиялық құрсау заманында да белгілі-бір дәрежеде тасқа басылып, көпшілікке жетіп жатты.

Абайдан кейінгі ұлттық әдебиеттің көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұраларын жас ұрпаққа таныстырып, санасына құйып өсіру балабақша, мектеп табалдырығынан бастау алады. Әдебиет – сөз сабағы, мектеп оқушысы үшін өміртанудың алғашқы әліппесі. Шәкәрім фәлсапасы мен ғақлияларын оқушы санасына құюдың алғашқы баспалдағы.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білім беру жүйесінің негізгі және бағдарлы мектеп сатыларындағы қазақ әдебиетін оқытудың мақсаты – оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім және білікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызша сөйлеу және жазба тіл мәдениетін қалыптастыру», – делінген [2]. Демек, бүгінгі қоғам өміріндегі даму, жаңару бағыты терең білімді, ұлттық рухта және ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар негізінде жан-жақты жетілген жеке тұлғаны оқытып тәрбиелеуге, сонымен қатар ұлттық тарихи-мәдени, көркемдік-эстетикалық құндылықтарымыздың аса маңызды мәселе ретінде жан-жақты зерттелуіне толық жол ашты. Кеңес дәуірінде Шәкәрім шығармаларының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға көңіл бөлініп, арнайы сөз болған жоқ. Себебі, кеңестік саясатты жүзеге асыруда Шәкәрімнің дүниетанымдық көзқарасы, даралығы, даналығы кедергі болады деп, ақынды қудалап, шығармаларын өртеп, артында қалған мол мұрасын құртып жіберуге барынша әрекет еткені белгілі. Соған орай пән бағдарламаласы мен әдебиет оқулықтарына Шәкәрім еңбектері мүлде енгізілмеді. Академик С. Қирабаев өз еңбегінде: «...Ұлт әдебиетіндегі осы идеяның жаңғырып, жаңаша естілуі бүгінгі әдебиеттік көзқарас пен дәстүрдің жаңа байланысын зерттеуге жол ашады. Осы ұлттық дәстүрді қолдап, елдің тәуелсіздігін ту еткен азаматтардың, ақын-жазушыларымыздың көпшілігі кеңес заманында ұлтшыл ретінде қуғындалып, жойылып кеткені белгілі. Солардың шығармашылық жолын терең зерттеп, ой-пікірлерін, көркем образдарын бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерімен үндестіру қажет», – деп жазғаны Шәкәрім мұраларын зерделеп, оны жас ұрпақ өкілдерінің бойына сіңіру жолында еңбек етуге түрткі болды [3]. Жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға жетелейтін, адалдылық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтылыққа үндейтін Шәкәрім шығармаларын оқытуда мектептегі әдебиет пәнінің атқарар рөлі де айырықша.

Жалпы орта білім беретін мектептерінде қазақ әдебиетін оқыту мәселелері Ы. Алтынсарин, Б. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, т.б. еңбектерінен бастау алады. С. Қирабаев, А. Көшімбаев, Ә. Қоңыратбаев, Т. Ақшолақов, Ә. Дайырова, С. Тілешова, Т. Жұмажанова, С. Макпырұлы, Б. Сманов, Г. Құрманбаева, А. Тамаев, Б. Әрінова, т.б. ғалым-зерттеушілердің зерттеу еңбектерінде, сонымен бірге М. Мұстафина, Р. Бораш, С. Жибраев, Ә. Мұхтарова, Д. Аңсабаев, Н. Дөкенова, Б. Жұмақаева, А. Демеуова, т.б. әдіскерлердің зерттеулерінде қарастырылғанымен, «қайта оралған» ақын-жазушылардың шығармаларын оқыту мәселелері ғылыми-әдістемелік жағынан толық зерттелген жоқ. Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығын журнал-газет беттеріндегі мақалалар болмаса, оларды оқыту мәселелелері арнайы зерттеу нысаны болмады. Уақыт сұранысына сай ұлттық құндылықтарымызға терең үңіліп, қазақ әдебиетін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру – бүгінде көкейкесті, аса өзекті мәселелеріміздің бірі. [4].

Шәкәрімнің ақындық жолының бір арнасы – өлеңдері мен поэмалары.

Жалпы білім беретін мектептің әдебиет пәнін оқыту бағдарламасына Шәкрімнің осы өлеңдері мен поэмалары енген. Мектептің 6-сыныбында «Адамдық борышың», «Жолама қулар маңайға», 8-сыныпта «Қалқаман – Мамыр» поэмасы (қосымша оқуға «Сөз жазып, сөз өлшемек», «Өмір» өлеңдері) 10-сыныпта «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Бір Аллаға сыйынған адам өлмес», «Кәрілік туралы», «Еңлік – Кебек» поэмасы. Сабақта Шәкәрім шығармаларын талдамас бұрын ақынның өмір

жолынан деректер айтылады. Өмірбаяндық деректермен оқушылардың өзіндік зерттеу жұмыстары арқылы таныс боламыз. Деректермен танысқан тұста оқушылардың назарын көбінесе оның тікелей Абай ағасының тәрбиесінде болғанына, ұлы ақынды жастайынан өзіне ұстаз тұтқанына аударып отырған жөн. Өйткені бұдан кейін ақын өлеңдері мен поэмаларын талдау үстінде де Абай поэзиясының ықпалы аса күшті сезіледі. Бұл үндестікті бұзбай әрқашан берік ұстауымыз керек.

Әдебиетте Қ.Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі», Қ. Мәшһүр – Жүсіптің «Көркем сөздің құдіреті», Н. Оразақынованың «Әдебиеттен сатылай кешенді талдау», М. Шәбжантайқызының «Әдебиет теориясы – көркемсөз ғылымының айнасы» атты әдістемелік оқу кітаптарын пайдаланудың тиімділігі зор. Ақын поэмалары тақырып жағынан бір-біріне сабақтас. Бәрі де лирикалық тақырыпқа арналып, қыз бен жігіт арасындағы сүйіспеншілік, соның төңірегінде өрбитін трагедиялық баяндаулардан тұрады. Дегенмен оларды тек махаббат трагедияларын жырлаған шығармалар ретінде қабылдауға болмайды. Олардағы әлеуметтік астар әлдеқайда терең. Жастардың басынан өткен қайғылы оқиғаларды баяндау барысында ақын бүкіл қоғамның әлеуметтік жағдайын, психологиялық жай-күйінен, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларынан, т.б. мәселелерден мол мағлұматтар береді. Сол төңіректе өз пайымдарын ұсынып, оқырманды да ойға түсіреді. Сонымен қатар Шәкәрімнің қай поэмасын алсақ та, оның тарих сахнасына шыққан деректер көрінеді. Атап айтқанда, «Қалқаман – Мамыр» поэмасында баяндалатын оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталатын қасіретті кезеңнің қарсаңында, яғни он сегізінші ғасырдың басында, 1722 жылы Сыр бойындағы Тобықты елінде өтеді. Ал «Еңлік-Кебек» поэмасында қазақтың Сыр бойынан ауып, Шығыс тауына қоныс тепкен кезеңіндегі Тобықты мен Найман арасындағы жағдай баяндалады. Поэмаларында тарихта болған оқиғалар арқау етілген. Кейіпкерлері де өмірде болған адамдар. Поэмаларын талдаған кезде Қ. Бітібаеваның дастанның мазмұнын меңгерту барсында жоспар, аннотация, жырдан үзінді келтіре отырып айтқызу, салыстырулар, бір кейіпкер туралы екінші кейіпкердің пікірін тыңдау қолайлы.

8-сыныпта «Қалқаман - Мамыр» поэмасын өткенде кейіпкерлер бейнесін беруде Қ. Мәшһүр – Жүсіптің «Көркем әдебиет тілінен мысал теруге басшылық» әдісін пайдаланған нәтижелі болып келеді. Әр оқушыға 2-3 мысалдан бөліп беруге болады. Мәселен, кездесу-келісім түрлері: а/ кездесу: ұшырасу, кез болу,тап болу, орайласу, жолығу, тоғысу, тоқайласу, түйісу, жүздесу, беттесу, табысу, қауышу т.б. ә/ келісім: икемге келу, ризаласу, бітімге келу, бітуана жасау, байлау/сөз байласу/, мәмлеге келу, жығылу,ұйғару, бәтуаласу, ауқымдасу,түйілу, ымыраласы, сөзді пісіру т.б. Осы әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану, жүзеге асыру – өмір талабынан туып отырған мәселелер. Мақалада көрсетілген әдіс-тәсілдер тек мысалдар ғана. Әр мұғалім өз сабағында білім берудің заманауи инновациялық тәсілдерін пайдалана отырып, Шәкәрім шығармаларын оқушы санасына сіңірсе, өскелең ұрпақ ұлтымыздың адамгершілік қасиеттерінен терең нәр алып, қоғамға кері әсерін тигізбесі анық деп білген жөн.

**Әдебиеттер**

1. Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім мәлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б. «Шәкәрім әлемі» сериясы.
2. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы орта білім. – Алматы: РОНД, 2002. – 360 б.
3. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
4. Акманова Г.Р. Орта мектепте Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын оқыту әдістемесі. – Алматы, 2010.

ҒТАХР: 17.07.21

## ШӘКӘРІМНІҢ МӘҢГІЛІК МҰРАСЫ

**Абишева Р.А., Дюсенова О.Б.,** қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері
«№ 11 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Жастық шағын ойын-сауық, аңшылық, серілікпен өткізген Шәкәрім білімге кештеу ден қояды. Әкесінен жеті жасынан қалған Шәкәрімнің немере ағасы Абайдың тәрбиесінде болғандығы оның әдебиетке деген жақындығын арттыра түскені белгілі. Ауыз әдебиетінің мол нәрімен сусындаған ол Шығыс пен Батыс әдебиетін өз бетінше меңгеруге бет бұрды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін меңгерген ол аталған елдердің озық үлгідегі туындыларын қазақ тілінде сөйлетуге көңіл бөлді. «Оятқан мені ерте – Шығыс жыры» деп өзінің алғаш шығыс әдебиетін меңгергенін тілге тиек еткен ақын шығыс пен батыс классиктерінің бірсыпыра туындыларын қазақ тілінде сөйлетті. Ақын:

«...Европа білімді жұрт осы күнде, Шыққан жоқ айуандықтан о да мүлде. ...Ақылды киім бермес, ғылым берер, Ғылымын ал, өнерін ал, мұны таста!..» деп Европадан да талғап-таңдап үйрену керектігін ескертеді.

Шәкәрім – қазақ поэзиясын жаңа мазмұн, жаңа түрмен байытқан ақын. Ол Абайдың қалыптастырған дәстүрін жаңа өрнекпен байытып түрлендіре білді. Ақын өзі өмір сүрген тұстағы өмір шындығының көркем шежіресін жасады. Ақынның бірсыпыра өлеңдері адам өмірінің әр түрлі белестеріне арналған «Жастық туралы» өлеңінде жалындаған жастық шақтың бітпес ойын-сауығын арқау етсе, «Кәрілік туралы» өлеңінде сұрқы кеткен сұрықсыз өмірдің мәні жоғын айта келіп: «Алпыстан әрі бармаңдар, Байқамай шал боп қалмаңдар» деп түйіндейді. Ақынның «Кәрілік – шал деген бір ат қылғандай», «Кәрілік – құтылмайтын бір қазған ор», «Мұңды шал» деген өлеңдері осы ойын жалғай түседі.

Жастарды өнер-білім алуға, зорлықсыз мал табуға шақырған ақын «Жастарға» деген өлеңінде:

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық! -

деп Абайды өзіне де өзгеге де өнегелі ұстаз ете білген.

«Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Мақтау мен сөгіс», «Міндеу мен күндеу», «Бай мен кедей», «Піскен мен шикі» өлеңдерінде бір-біріне кереғар ұғымдарды қатар алып параллель суреттейді. «Білгенімді жазушы ем Бекем буып белімді. Мінін айтып қазушы ем, Түзетпек боп елімді» деп ақын өзі айтқандай бір-біріне кереғар дүниелері салыстыра отырып түйін жасайды. Мәселен бай мен кедейдің жалған дүниедегі екі ұдай тіршілігін айта келіп, олардың екеуінің де барар жер бір екендігін естеріне салады. Ақын қандай мәселені сөз етсе де ар, ұят, рақым сынды мәңгілік категорияларды әрқашан жадында ұстай отырып, «Арсыз, арам, асығыс, айлакестік – Мұның бәрі шайтанның досы болмақ» деп жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге үгіттейді [1].

Сөз өнерін ерекше қастерлеген ақын «Ескі ақындықта» Үмбетай, Сыпыра жырау, Шортанбай, Марабайлардың төгіп-төгіп кететін жырларын «Кейде бұршақ, кейде қар, Кейде жауын, көп нөсер» деп бағалап сөз қадірін түсінетіндерге олардан үйрену керектігін ескерсе, «Ақындарға» деген өлеңінде:

Арыңның болсын өлең айнасындай,
Көрікті, көптің ортақ пайдасындай.
Жосылып жатсын артта жортқан жолы,
Арынды асқақ өзеннің арнасындай -

деп ақындарға жоғары талап қоя білген.

Шәкәрім поэзиясынан үлкен орын алатын – ар ілімі. «Ескіден қалған сөз теріп» өлеңінде ол ескіден қалған сөзге өз ойынан өң беріп адамды түзетпек ниетін білдірсе, оның өлеңдерінің дені адамзат баласын дұрыс жолға салуға бағытталған. «Адамнан артық жәндік жаралмаған» деген өлеңінде адам мен итті салыстыра отырып иттің өз иесін қаппайтынын айтып, адамның иттен де жаман екендігінен шошынады. Адам бойындағы сан айланың жақсылыққа емес, жамандыққа жұмсалуына ренжіген ақын:

Адамның айуаннан айласы мол,
Қит етсе қиянатқа қояды қол.
Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, –
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол-

деген түйін жасайды. Абай поэзиясындағы адам болу жолындағы бес асыл істі Шәкәрім ақын жалғасыра түсті. Шәкәрім поэзиясының дені адам бойындағы әр алуан қасиеттердің сырын ашуға бағытталған. Ол жаман қасиеттерді бірде ашық, енді бірде мысал арқылы сынға алса, «толық адам», «таза адам» болудың жолын санамалап көрсетіп отырады. Сюжетке құрылған «Бір ханның кеудесіне жара шыққан» өлеңінде ақын жас баланың хан мейірімін оятқанына әдемі мысал келтіреді. Ата-анасы малға сатқанын, қазының шариғатты бұзғанын, ханның өз жаны үшін жас баланы өлтіруге бел буғанын айта келіп, өзіне де жанның тәтті екенін білдірген бала: «Адамда әділет пен мейірім бар» деп, Естілер мұны білмей неге шатты?» деген кезде хан райынан қайтып: «Жазасыз қыршын жасты қинағаннан, Жөн еді біздей залым өліп кеткен» деп баланы құшақтап бетінен сүйеді. Мейірім, әділет бар жерде ешқандай қан төгілмейтінін ақын шағын оқиға желісімен көркем бейнелеген. «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы» деген өлеңінде де тумақ бар жерде өлмек бар екендігін айта келіп,

осы жалған дүниеде қулық-сұмдық неге керек деген сауал қоя отырып, алдамшы өмірде: «Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, Таза жүрек, тату дос – сол шарасы» ізгілікті болуға шақырады. Мейірім, ынсап, ұждан, әділет, адал еңбек сынды ізгіліктерге баулу – ақын поэзиясының негізгі лейтмотиві. Мәңгілік категорияларды бүкіл поэзиясына арқау еткен ақын:

«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,
«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»
Түп қазығы: «Ақ ниет» –
Бұл жетеуін ел қылу –

деген философиялық түйін жасайды. Адамзат бойындағы барлық жаман іс-әркеттерді ащы тілмен сынаған ақын «Мал жимақ» өлеңінде ол малды қалай және не үшін жию керектігін еске салады:

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,
Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде,
Ғибадат пен адалдық, ар үшін жи.

Шәкәрімнің бірсыпыра өлеңдерінен сол тұстағы ел ішіндегі жайды көруге болады. «Ей, көп халық, көп халық» деген өлеңінде партияшылдыққа көптің сес көрсетерін айта келіп, халықты не нәрсенің де ақ қарасын айыра білуге, тек әділін ғана айтуға шақырады. «Қазақ», «Тағы сорлы қазақ» өлеңдерінде сол тұстағы елдің жай-күйінен хабар береді. Білім-ғылым іздеудің орнына бірімен-бірі аңдысқан қазақ халқының берекесіз тірлігін тілге тиек еткен ақын Абай тәрізді: «Қайран елім, қазағым, қалың, жұртым, Көп айтып, а, дариға не қылайын!..» деп олардың тыныс-тіршілігіне күйінеді. Екінші өлеңге де қазақтың берекесіз тіршілігі арқау болған. Не салған қаласы жоқ, не оқытқан баласы жоқ қазақтың аңдығаны барымта-қарымта. Дүние жүзі халықтарының ішінде қазақ секілді бейқам жатқан елдің жоқ екендігіне көңіл аударып, қазақтың аты бар да, заты жоқ күй кешіп отырғанын баса айтады. Ел ішіндегі кері кеткен кеселдерді сынай білген ақын одан шығар жолды сілтеп, қазақты ел болуға, өнер-білім алуға шақырады. «Жолама қулар маңайға», «Партия қуған өңкей қырт», т.б. өлеңдерінде сол тұстағы берекіз тірлікті шенейді.

Ақынның бірсыпыра өлеңдері аллегориялық сипатқа құрылған. Оны «Қаншыр мен бөдене», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Епті тышқан бидайды таси берген» мысал өлеңдерінен көруге болады. «Ақылшы торғайда» ақын адамға торғайдың ақыл айтқанын мысалға келтірсе, «Екі тышқан бидайды таси бергенде» тышқан секілді сырты сопы, іші арам қуларды шенейді. Қаншыр мен бөдененің тірлігінен «Алды-артын ойламайтын аңқау менен Алдампаз арам достан ғибрат ал» деп түйіндесе, қасқыр мен түлкінің қылығынан:

Мықты қасқыр, айлакес түлкі қайда,
Алдампаз, рахымсыздық кімге пайда?
Аяғында түлкі де, қасқыр да өліп,
Бөдене аман қалыпты сол бір сайда-

деген қорытынды жасайды. Аң-құстар арасынан мысал келтірген ақын қулық пен зымияндықты сынап әшкерелейді.

Шәкәрімнің бірсыпыра өлеңдері сюжетке құрылған. Олардың қатарында «Наушеруан аңда жүріп киік атқан», «Бір ханда екі ұл бопты бір туысқан», «Аңда жүріп шаршаған Ашам патса», т.б. туындыларын атауға болады. Бұлардың бәріне ортақ ой – адам баласын ізгілікке үйрету. Ақынның қазақ поэзиясын жаңа мазмұн, жаңа түр мен байытқан өмір жайындағы толғамдары.

Шәкәрім поэзиясынан үлкен орын алатын тақырыптың бірі – махаббат. Оның «Махаббат пен құмарлық», «Шын сырым» өлеңдерінде адам бойындағы сезім шынайылығы бар болмысымен ашылған. Ауыз әдебиетінің мол қазынасымен тыныстап, Шығыс поэзиясын еркін игерген, Абай үлгісінен нәр алып оны жаңа түрмен байытуға тырысқан ақынның сөз саптауы ерекше. Жиырма үш жасар жігіттің ғашық қызы хор қызынан да артық тәрізді әсер береді. Себебі, оның сұлулығы алдында буыны босап, бойынан әл-дәрмені кеткен жігіттің күйі мынадай еді:

Бақытсыз жүрегім
Жалындап жанып тұр.
Үмітті тілегім
Орынсыз қалып тұр.
Ақыл, қайрат,
Сабырдың бәрі кетіп,

Адасқан асығың
Мұңлы әнге салып тұр...
Өртеніп, жанды ішім,
Ақыл жоқ бойымда.

Оның қарақаттай көзі, жібектей қап-қара шашы, қанжардай қасы, тізілген кірпігі, нұр көзі мен сиқыр жүзі жігіттің ғана жанын өртеп бара жатқан жоқ, бүкіл аспан мүшелерінің өзін ғашық та асық етіп тұр. Ай, күн, Жетіқарашы, Таразы, Шолпан сынды жарық жұлдыздар мен бірге жел мен бұлттың өзі де оның сұлулығына іңкәр. Бәрі де ақыл-естен айрылған диуана күй кешуде. Бүкіл әлемді өзіне осыншама асық еткен сұлудың ғашық жарының күйі айтпаса да түсінікті. Қазақ поэзиясында бұған дейін сұлу қыздың сырт тұлғасы мен ақыл-ойын көркем бейнелеу болғанмен, тура осылайша ақыл-естен айрылған жанның ішкі сезім күйін өлеңге қосу, оған аспан денелерін ынтық ету жоқ еді. Осы тұрғыда алғанда Шәкәрім махаббат тақырыбын жырлауда қазақ поэзиясына жаңа өрнек алып келді.

Ақын поэзиясының дені – дастандар. Ол ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясын «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Мұтылғанның өмірі», «Ләйлі – Мәжнүн», «Қожа хафиз сөзінен», «Дубровский әңгімесі», «Боран», «Алты әңгіме» дастандарымен байытты. Батыс пен шығыс поэзиясымен сусындаған Шәкәрім ендігі кезекте қазақ ішінде өзінен-өзі сұранып тұрған тарихи оқиғаларды кең құлашты эпикаға арқау етті. «Қалқаман – Мамыр» дастаны мың тоғыз жүз жиырма екінші жылғы қазақ арасындағы қайғылы оқиға негізінде өрбиді. Дастанның эпилогы мен прологында ақын сол тұстағы қазақ халқының жағдайынан хабар берген. Эпилогта 1922 жылы қазақтың Сыр бойында жүргенінен хабар берген ақын, прологта 1923 жылғы қазақ пен қалмақ арасындағы кескілескен ұрыстың салдарынан болған «Ақтабан шұбырындыны» тілге тиек етеді.

Бір-бірін сүйген жастар арасындағы қайғылы халды ақын сол тұстағы қазақ халқының трагедиясы ретінде көрсете білген. Қазақ қыздарының сүйген жарына қосыла алмай, құда түсіп атастырған жеріне баратындығы сол тұстағы қалыптасқан қағида болса, Қалқаман мен Мамырдың осы дәстүрге қарсы шығуы – махаббат еркіндігін іздеу. «Кеше білдім төбемнен ұрғандығын, Құдалықтың дап-дайын тұрғандығын» деп Мамыр айтқандай құдалық қыздардың еркінен тыс әке-шеше келісімімен іске аса беретін болған. Осындай қалыптасқан дәстүрге қарсы шығып, өз сүйген жігітімен қашып кету – ол кез үшін жат мінез. Қалқаман мен Мамырдың махаббат бостандығы үшін күресі Мәмбетай мен Кішік руының арасын ушықтырып жібереді. Әнет бабаның қалың мал ал дегеніне Мәмбетей елі: «Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе, Кетеміз деп бабаңды тіпті көрмей» деп көнбей қояды. Екі елдің арасындағы кикілжің толастамай тұрғанда елге қыдырып келген Мамырды Көкенай садақпен атып өлтіреді де: «Өлтірдім тентегімді өзім» дейді, Бабаңа кісі салды дамыл бермей; «Ол неге Қалқаманды өлтірмейді?!...» деп Бабаны тағы да қыстайды. Осылайша не сөзге, не асыра берген малға көнбеген олар Қалқаманды өлтіруді талап еткен соң Әнет Баба амалсыздан мынадай шешімге келеді: «Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін, Көкенай сонда атсын», – деп бұйырыпты». Көкенайдың тартқан садағы ердің басын қақ айырып барып қара санға тиеді. Аман қалған Қалқаман:

Ел қылып Тобықтыны тұра алмаймын,
Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын.
Өлерде аямады, қайда аяйды,
Сендерге енді мойын бұра алмаймын -

деп, ұлы жүздегі Еділбай нағашысына кетіп қалады. Келер жылы Әнет баба бастаған тобықтылар Қалқаманды іздеп шыққалы отырғанда қалмақ шауып қазақтың басына «Ақтабан шұбырынды» күн туады. Ол кезде біреуді-біреу іздемек түгілі, бір елді аузына қаратқан Бабаңның өзі көшке ілесе алмай бір төбенің басында қалып қояды. Ақын жер үшін сыртқы жаумен айқасып отырған қазақ ішіндегі ымырасыздықты екі жастың махаббат қайғысы арқылы аша түскен. Бұл – Қалқаман мен Мамыр қайғысы емес, қазақ халқының қасіретті трагедиясы еді [2].

«Ертегі емес, ертеде болған бір іс, Ойдан жалған шығарған сөзім емес», деп ақынның өзі айтқандай, сол тұстағы қазақ арасындағы өмір шындығын арқау еткен дастанның бірі – «Еңлік – Кебек». Мұнда да жастар арасындағы сүйіспеншілік Матай мен Тобықты арасының кикілжіңін тудырады. Матай мен Тобықты арасынан қайыр күтпеген олар тау-тасты паналап елден қашып кетеді. Екі елдің арасы енді бітісе бастағанда, Еңлікті айттырып қойған қайын елі Наймандардың дауы ұласады. Ел тыныштығын ойлаған бір Тобықты Еңлік пен Кебектің жатқан жерін айтып қояды да олар қолға түседі. Ашынған наймандар екеуін де ат құйрығына байлап өлтіреді де сүйектерін бір төбеге апарып қояды. Бесіктегі баланы Кеңгірбайға апарып беріңдер деген Кебектің аманаты жайына қалып, бала сол төбенің басында жападан-жалғыз қалады. Таза сүйіспеншілік үшін бастарын өлімге

тіккен Еңлік пен Кебек махаббаттың музасына айналды. Таза да пәк, кіршіксіз, ақ, адал махаббат иелері сол тұстағы көрсоқыр, надан, жауыздардың қолынан құрбан болады. Бірақ оларды өлтірген жауыздық, жастардың кіршіксіз таза сезімін өшіре алмады. Еңлік пен Кебек арасындағы махаббат жырға, аңызға айналып мәңгілік халық жадында сақталып қалды.

«Естілер көп жазады әңгімені, Жазбайды ермек үшін әлденені. Жиреніп жаманынан, жақсыны ұғып, Алсын деп жазады ғой өнегені» деп басталатын «Нартайлақ пен Айсұлу» дастанына да қазақ өмірінің шынайы шындығы арқау болған. Ақын өзі айтып отырғандай дастанды жастарға үлгі-өнеге берер деген мақсатта жазған. Күнсұлу, Айсұлу, Нартайлақ, Барғана, Былқылдақ, Барлы, Самсы, Томан кемпір бейнелерін олардың сөйлеген сөзі, істеген ісі, мінез-құлықтары, мақсат-мүдделері арқылы аша түскен. Айсұлудың өгей ағасы Барғана – мал үшін неге де дайын тұрған жан. Сондықтан да ол қарындастарын таяққа жығып күшпен ұстамақ. Самсы мен Барғананың қорлығы мен Ханымның тепкісінен өмірден озған Айсұлудың Былқылдаққа айтқан: «Беріңдер Күнсұлуды сүйгеніне, Самсыға қор болмасын жеткіншегім!» деген зары – сол тұстағы қазақ қыздарының бәрінің де арман-тілегі еді. Құдандалы жеріне бармай, айттырған күйеуін сүймей өз сүйгенімен қосылмаққа ниет ектені үшін таяққа жығылған Айсұлу басындағы хал – сол тұстағы қазақ қыздарының ортақ қасіреті. Автор Айсұлуды типтік бейнеге көтеріп, оның бойына сол тұстағы қазақ қыздарына ортақ іс-әрекеттерді жинақтады. Оның басындағы трагедия – қазақ халқының трагедиясы еді [3].

Шығыс классиктері Физули, Низами, Науаилардың поэзиясымен сусындаған ақын «Ләйлі – Мәжнүнде» олардың өзімен сайысқа түскендей әсер береді. Бұл – Физулидің «Ләйлі – Мәжнүн» дастанын еркін аударып, төл шығармадай етіп жырланған туынды. Ләйлі мен Мәжнүн арасындағы ыстық сезім мен кіршіксіз махаббатты жете жырлаған ақын олардың ішкі жан дүниесіне үңілуде жетістікке жетті. Негізгі кейіпкерлердің бейнесін сомдауда олардың сезім күйлері де ашыла түсті.

Лермонтов, Некрасов, Толстой шығармаларымен жете таныс ақын А.С. Пушкиннің «Дубровский» романы мен «Боран» атты повесін өлеңмен тәржімалап, Л.Н. Толстойдың «Ассирийский царь Асархадон», «Три вопроса» атты әңгімелерін «Асархадон патша», «Үш сауал» деп аударып қазақ оқырманымен таныстырды.

«Бәйшешек бақшасы», «Кейде күлкілі сөзден де тәлім алуға болады», «Өзімшілдік», «Әділ – Мария», «Шын бақыттың айнасы», «Мәнді сөздер» деген қара сөздер мен прозалық туындылар жазды. Қара сөзбен жазылған бұл туындылар – сол тұстағы қазақ прозасына қосылған бірден-бір үлес. Аталған шығармалардың негізгі кейіпкерлерінің монологы мен диологынан авторлық ұстанымды байқауға болады. Оларға негізінен автордың өмір жайындағы толғаныстары мен философиялық толғамдары негіз болған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ поэзиясындағы өзіне дейінгі қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, оны мазмұн мен түр жағынан байытты. Оның шағын лирикалары мен дастандары, прозасы мен аудармасы – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің бірден-бір табысы. Сондықтан да бұл мұралардың қазақ халқымен бірге мәңгі жасайтыны анық.

**Әдебиеттер**

1. Шәкәрім Қ. Жол табалық ақылмен. – Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006.
2. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – Б .139.
3. Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті. – Алматы: Раритет, 2009.

ҒТАХР: 17.07.29

## ШӘКӘРІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

**Есбатырова Г.Т.,** бастауыш сынып мұғалімі
«Матай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы)

Еліміз егемендігін алып, ащы шындықтар қайта оралған заманда, ұлттық өркендеу ашылып қоғам жақсаруы, қайта құру, дүние танымның жаңа методология тұрғысынан объективті ғылыми зерттелуге мүмкіндік ашылған жағдайда ақын Шәкәрім Құдайберді мұрасы халық қазынасына айналып отыр. Халық қазынасы оның рухына, рухани сенім негізінде қоршаған ортаны танып білуінде. Осы тұрғыдан алғанда Шәкәрім еңбегі идея тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі-көркемдік қуатының молдылығы ерекшеленеді.

Шәкәрімнің тәлім-тәрбиеге толы, бай әдеби мұрасында, өзі өмір сүрген кезінде қоғамдық қайшылықтар, ақыл-ой ізденістер, толғамды тұжырымдар, зерделі идеалы із қалдырды.

Шәкәрім өмірінің алғашқы он бес жиырма жылы саналы өсуі кезеңі болса, рұхани өмірге араласуы қоғам дамуының ішкі құбылыстарына қарай туындаған шиеленісте, күрес-тартыста, әлеуметтік қайшылықтарда шыңдалып жетіледі. Осы кезеңде қарама-қайшылықтар зерделі ақынның әдеби өмірге құлшына араласып Шоқан, Ыбырай салған дана жолдарын ары қарай жалғастыруының қозғаушы күші болады.

Аласапыран заманда «адам» деген атты жоғары ұстап, өмір ағынына қарсы идеясы, қазіргі біздің қоғамымызға нағыз керек тэрбие құралы болып табылады.

Ақылды сол-ынсаппен ар сақтайды
Арсыз сол-арамдықпен жан сақтайды
Адал сол-таза еңбекпен күнін көріп,
Жан үшін адамшылық ар сатпайды.

Жеке адамның дамуы да кездесетін уақытша қиындықты жоғары саналы әрекет жеңу, адамзаттық сапаларының бағасын арттырады. Болмысындағы мүмкіндікті пайдаланып, қанағатқа ұмтылу рухтың тереңдігі «талпынған мақсат іздеп мақұрым қалмас» деп ой-пікір айтады.

Педагогикалық процестің дұрыс жүруінің бір факторы адамдар арасындағы қарым-қатынас болса, оны тудырудың жағдайы, психологиялық ықпалы-мінез. Мінездің фенотиптік қасиеттері таным әрекетімен қатыстыру фориясын Шәкәрімнің «Дүние мен өмір», «Құмарлық», «Талап пен ақыл», «Хайуан мен ақымақтар», «Ызақорлар», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние» т.б өлеңдерінен табамыз. Этнопедагогика кезіндегі тәрбие технологиясында осы өлеңдер шумағын синтездеп студенттердің санасына еңгіземіз.

Сөздің тәрбие құралы екенін бәріміз де білеміз. Ал сөйлей алу ой шеберлігінің зейінділігінің айнасы. Адамның ісі мен сөзінің қиылысуы білімділік айғағы. Сөз бен істің бірлігі балалардың жасына қарамайды [1].

Ол ынтаның тереңдігі еңбектің нәтижесі:

«Үлкендер ұмтылмайды ұғамын деп
Адамдық ғылым жолын қуайын деп».

Ел ішінен дау іздеп, тілім бар деп мағынасыз сөйлеп, ащы тілмен елді түйреп, мақтасаң «ез, еріншек , қорғалаң, шабан болсақ, не мақтаныш, дарақы, надан болсақ барып оңасың, сенің хайуаннан қай жерің артық», деп сөгеді, өзін-өзі тануға итермелейді:

Тегістексер сөз көрсең сыр менен сынын
Түзетуге именбе тапсаң мінін
Әдеп сақта жалғыз-ақ қате айтты деп
Былшылдапты дей көрме білсең шынын,-

тежелу, қанағаттану, ұстамды болу, әдептен озбай сабырлы-салмақты қасиеттерді қалыптастыр, әр сөзге мән беріп құлақ ас дегенді айтады.

Адамгершілік тәрбие теориясының негізгі қағидаларын Шәкәрімнің «Міндеу мен күндеу» өлеңінен толық табамыз.

Абайдың адалдан мал жи «қолөнерін кәсіп қыл, мал жұтайды,өнер жұтамайды, ол үрім бұтағына азық болады» идеясын ақын былай деп жалғастырады:

Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ
Білім білмек-әр іске шебер болмақ
Қолөнерден пайда қыл үйреніп-ақ
Кетпес даулет осы ғой әмбеге хақ
Қол өнер-өзің өлсең бірге өледі
Сондағы алғандар үйренеді
Сен кетсең де өнерің елде қалып
Талай жанға азықпен мал береді

Адамның әлсіздігі өмірмен күресе алмау, яғни саналы ойдың төмендігі. Ақылы ойы дамыған әрбір жеке адам өмірдегі қиындықтарды, басына туған қайғы қасіретті сабырлы көңілмен тізгіндеп «тәуекел жолы кең» екендігіне бас иеді, оны жеңеді. Барлығы «құдай ісі» қол қусырып қарап отыратындарға, немесе «дүние алдамшы қу» деп өз басын арашалауға, сәтсіздігін елден көріп өзін-өзі тануға ғылыми білімі жетпейтін дерге «Дүние мен мал» өлеңі ой жүгіртіп оқыса жол сілтеуші құрал болар еді. Талаптан «талаптыға нұр жауады», білмегенді білуге тырысалық», «шын ақылға мойынды

бұрысалық» деп «білгенді білмегенді анықтап бір-бірімізден сұрасып, басымызды біріктіріп тырысалық, өзімізді өзіміз бағыттамасақ, ешкім бізді үйретпейді, ынта, ұмтылушылық қана жаңа жолға түсіреді» – деген ой толтырым жасайды.

Осы жереде Абай атамыздың «сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңіл бөл» деген шумақтары ерікеіз ойға оралады [2].

Жалқаулық, көрсеқызар, ашу, мақтан
Арамдық, өтіріктен ерте сақтан
Күні бұрын жолатпа маңайыңа
Егер, есірік, ынжық солар жақтан.

Жастарға айтқан осындай өсиеті-адамгершілік тәрбиесінің барлық бағыттарын ұялатып, көкірекке қондыратын идеяларға толы. Адалдық пен армдықтың, жігер ынжықтықтың, жақсылық пен жамандықтың ара жігін ашып беріп, Шәкәрім атамыз егіле, қазақ баласына, оның болашағына жаны ашып, жігерленсін, оң-солын білсін, өз орнын тауып биктеп өсе берсін деп осындай терең ойлы тәрбие идеяларын қалдыра, соны ұғар сана болып, түсінер ойлы бала болса дегіміз келеді.

Адам баласы өмір сүру барысында биікке ұшады, кейде өмір оны жарға лақтырады. Тек қана осындай кезеңдерде дұрыс жол тауып, адаспай өз қателігін анықтап түсіну ерлік. Тіршілік үшін күрестің шытырман жолында қиындықты жеңу, ғылымды саналы негізінде қалыптасады. Ғылыми білімді меңгеру негізінде, адамның ми қызметі жат ойлаудың әдіс-тәсілдері арқылы меңгеру процесі жүріп, таным дағдылары бекиді [3].

Шәкәрім өлеңдері ойлау операцияларына тікелей ықпал етеді, оның идеялы мәні азаматтық сапаларды дамытады, интелектуалды даму бағытына ықпал етеді. Педагогикалық барлық принциптерін ақынның еңбектерінен таба отырып, оның халық ұстазы екендігін білетін боламыз. Халық педагогикасының «жақсыны жақсы десең сақтанады, жаманды жақсы десең мақтанады» қағидасы, Шәкәрімнің «кім айтса да сынамай қойма жаным, ақылына сай ойла жаным, пәленшеге айтқан сөз дұрыс қой деп, жүректің таразысын жайма» шумақтары идеялық сарыны мен, рухани бағытымен синтезделіп үндесіп тұр. Олай түйсініп тану теориясының, адам бойына түйітіктену арқылы сіңіру ұстанымының этнопедагогиканың ғибраттану теориялық тұжырымын көрсетеміз.

Ойдың, яғни алған білімнің негізгілері ғана дене қимылға келіп адам іс жасайды, педагогика тіліне жүгінсек «теория мен практика арасындағы байланыс негізінде адам балсында іскерлік, дағды икемділігі қалыптасып шеберлікке бейімділігі ғылыми ілімсіз жасалған еңбек манасыз толық тұжырымды нәтиже бермейді дегеніміз келеді. Ойдың тереңдеуі мидың қызметінен тауады. Анализдеу, синтездеу, тұжырымды қорыту пайымдау негізінде дене қызметі жүрсе, адам баласы адал еңбек, жағымды іс-әрекет жасайды. Ақын «Насихат» атты өлеңінде өмірдің тұтқасы ғылыми ілімде «баланы ғылым жас күнінде» өнерлі білімді ғана өзінің өмірден орнын табады, ел билеп, халықты біріктіреді, ғылым таусылмас кен, оны игеру үшін ерінбеу керектігін білдіреді.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың тууы сенім нышандарының болуынан көзің бір көзіне сенбеген соң, аңдиды ана көздің не қылғанын» [4].

Ел бүлінсе – оның бір себебі наным-сенімнің жоқтығы, сенім кеткен жерден бірлік кетеді «бірлік түгіл иман жоқ, наным кетсе» – дейді. Осы тұста ақынның жан кемеңгер ұстазы Абайдың «иманның асылы үш деп сен тоқи біл оймен – дағы, үшеуін тартып бақ басты байла жолына малын түгіл». «Сенім-иман-сүю» байламдарын анықтап, ішкі нанымдарын ашады. Махаббат бар жерде тұрақтылығы ашылып сенім ұялайды, яғни адам адамға дос, бауыр болып қалыптасады, үлкен. Тәрбиелік теорияны уағыздайды.

Шәкәрімнің психологиялық көзқарасын зерттеуші психолог-ғылым Құбығұл Жарықбаев былай дейді: «Егер бұрын-соңды қазақи қоғамдық әлеуметтік ой – пікірлердің даму жолында жан мәселесі төңрегінде жалпылама пәл сапалық тұжырымда айтылып жүрген дейді. Шәкәрімнің психологиялық терминін қазақ топрағында тұңғыш қолданғаны белгілі. Ол бір шығармасында «жан сыры деп жазылған психология», – деген тіркесті қолданып, осы ғылымның зерттеу объектісіне үңіледі». Қорыта келгенде ұлы кемеңгер, халық ұстазы Ш. Құдайбердіұлы нағыз педагог-психолог. Ұлттық педагогиканың алдында тұрған міндеттердің бірі қазақ халқының ойшыл заңгер бір туар ғұламаларының, қайталанбас еңбектеріне терең көз жүгіртіп, психо-педагогика тұрғысынан зерттеп, тәрбие құралы ретінде қолдану. Олай болса, Шәкәрім еңбектері идеялы мазмұны мен ерекше зерттеуді күтіп тұр. Сондықтан, оның психо-педагогикалық идеясымен жастарды таныстырып, терең ойлы мазмұнымен тыңдатса ұлтымыздың, мемлекетіміздің болашағына нұр құйылар еді.

**Әдебиеттер**
1. Шәкәрім шығармалары // Семей таңы. – 1989, 21 ақпан.
2. Мағауин М. Шәкәрімнің ақындық желі // Лениншіл жас. – 1988, 15 сәуір.
3. Сыдықов Е. Мәдени-тарихи мұра – ұлттық игілігіміз // Абай. – 2003. – № 4. – Б. 11-20.
4. Шәкәрім әлемі // Шәкәрім оқулары. – 2006. – № 4. – Б. 72-78

ҒТАХР: 17.07.21

# ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Жумагелдыева А.Ж.,** қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
«№ 11 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Қазіргі XX1 ғасыр кезеңіндегі қазақ халқы әртүрлі өзгерістер мен ауқымды саяси оқиғалар тасқынының куәсы болып отырғаны белгілі. Осындай құбылыстар кезінде белең алған рухани жұтаңдыққа біз қарсы қоя алатын бірден-бір қоғамдық шара – төл мәдениетімізге бетбұрыс жасау. Бұл бізге бүгінгі өмір үрдісі даму мен жаңғыру, жан мен сана, білім мен дін, рухани сезімталдық пен салт-дәстүр сабақтастығы және адамдар арасындағы түсіністік мәселелеріне дұрыс шешім қабылдауға негіз болады. Халқымыздың болмыс бітімі биік, жан дүниесі кең болуымен бірге дүниетанымдық тереңдік те қазақтың төл табиғатына тағдыры тартқан сыйы. Осындай ерекше қасиеттерінің негізінде өзіндік сипаты, келбеті бар рухани құндылықтарды дүниеге әкелді.

Ерен азаматтары кеңес идеологиясының құрбаны болған Абай елі қазақ поэзиясының, мәдениетінің, қазақ дүниетанымы мен рухының қасиетті мекеніне айналды. Бостандық пен еркіндік рухын паш еткен қазақ поэзиясының Меккесі, ұлы ақындардың аялы бесігі – Шыңғыстау Абай мен Шәкәрімдей даналары арқылы қазақ ұлтының ар-намысының асқар биігі болып қалды. Заманының озық ойлы тұлғасы Шәкәрім Абай идеяларының әсерімен рухтанып, әсіресе оның мәңгілікке, өмірдің мәнін іздеуге құрылған, адам қасиетінің биіктеуіне бағытталған ой-толғамдарына ерекше үңіледі. Ақынның лирикалық өлеңдерінен өзі өмір сүрген заманның ой-пиғылына сай қоғам тынысын, білім мен ғылым, жаратушыны тану, халқын сүю, адамды түзетпек ойларын, жеке адам мінез-құлқын, адам баласының асқақ сезімдерін, жастық шақ, ғашықтық сырларын т.б сезінуге болады. Ол ғұмыр бойына адамдық идеяларын ұсынды. Адамды рухани дүниесінің кемеріне қарап бағалады. Нұрлы ақыл мен ойлы жүрек адамды бастап жүруге тиіс, сонда ғана оның еңбегі мағыналы болатындығын жырлады. Шәкәрім «Шын бақыттың айнасы» қарасөзінде: «Адамның шын бақыты не?» деп сұрақ қойып, оған жауап береді:

«Шын бақ ата-анадағы шын махаббат пен балалардағы шын таза жүрек еді. Барша адам баласын өз балаң, өз бауырыңдай көріп, махаббат, ғадалат қылсаң шын бақыт сол еді». Шын бақ мынау деп ұсынатыны: «Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек. Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адам тату тұруға негізгісі **– адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл** болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстемдік құрмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» [1] деген Шәкәрім адамзат бойындағы мәңгілік ізгі мұраттарды санамап, әрқайсының философиялық мәнін ашуға бар күш-жігерін сарп етті. «Ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Еңбек өнерін үйрету керек, оқу , өнер-білімге жетілдіру қажет. Жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан «Ар білімі» деген ілім оқытылуы керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазуы тиіс. Нәпсіні жойып, адам бойында жеке ар қожа болып орныќса, өзгерісі оңай» [1].

Шәкәрім адамның ішкі әлемі үнемі дамуда болатынын зерттей отырып, өзінің негізгі философиялық принципі «Ар ілімінің» негізін қалады. Шәкәрім бүкіл шығармашылық күш-қуатын адамдық игіліктерге, ақиқат адамдық болмысты іздеуге, адамға лайық өмір сүруге сарп етті. Адам проблемасы өзекті проблемаға айналды. Қоғам дамуындағы жақсылықтар мен кемшіліктерді айқын аңғарды, аңғарып қана қойған жоқ, оларды жоюдың жолдарын іздеді. Осы негізде оның азаматтық позициясы қалыптасты. Шәкәрімтанушы ғалым Б. Әбдіғазиев: «Заманының сан тарау сауалдарына жауап іздеу, халық мұңы мен арманын жырлау, айналасындағы әлеуметтің мәңгілік мұраттарын көксеу, замандастарының жақсы-жаманды қасиеттерін обьективті түрде бағалау Шәкәрім лирикасынның тақырып аясын айқындады» [2].

Шәкәрім Адам сапасын арттырудың, оған мінез-құлықтың әсері және қандай адами құндылықтарды дамыту керек деген мәселені күн тәртібіне қойды. Адам дамуына сыртқы ортаның,

әлеуметтік жағдайдың адамға ықпалын байқай отырып, ол ортаны, қоғамды, өмірді өзгерту жағдайына адамның рухани толыққанды қалыптасуының әсерінің күштілігін айқындап берді. Абай дәстүріндегі ақындар адамды әдебиеттің негізгі қаһарманы дәрежесіне көтерумен бірге, оны көркем бейнелеудің жаңа тәсілдерін де меңгерді. Шындығында да қай уақытта да замана шындығын айшықтауда ақындарымыз адам мәселесіне соқпай кетпеген. Ақын-жазушыларымыз адамның ішкі жан-дүниесін, түсінік ұғымдарын, психологиясын терең ашу арқылы қоғамдағы әлеуметтік шындықты ашуға ұмтылды. Адамына қарап қоғамын тану мүмкіндігіне ие болды.

Жеке адамды жетілдіруде **ар, ақыл, ұят, намыс, ұждан, ынсап, сабыр, сақтық, талап, рақым,ой ұғымдары** осы тақырыптағы өлеңдерінің мазмұнын құрады. Шәкәрім пайымы бойынша адам өзін таныса, жаратқан Алланы да біледі. Ақын жырлары адамзатты ізгілікке насихаттады. Ал ізгілік Құдайдың ілімі емес пе, ол сізге де бізге де керек білім. Онсыз біздің жанымыз мешеуленіп, солғын тартады. Әу баста Алла бізді осы руханиятқа жан-дүниемізді мұқтаж қылып жаратқан. Адамдардың рухани дүниесі жоғары болды. Шәкәрім туындыларында Құдайдың ілімі кеңінен насихатталады. Ол жаратушының өміріне, құран аяттарына мойын бұрады. Мысалы «Адам өзін таныса, құдайды да танымақ» атты әңгімесінде:«Ғайса Ғалиассалам айтқан дегенді келтіреді: «...біреудің көзіндегі шөпті алмақ болсаң, әуелі өз көзіңдегі ағашты алып таста»-деп. Мұның мағынасы: өз мініңді тазартсаң, кісінің мінін айтып ұқтыруға, кісіні түзетуге сонда жарарсың. Адам өзін-өзі білмекке: қайдан жаралдым, не үшін жаралдым, түбінде не болмақпын деген үш сұраққа ойланса керек! Өзін-өзі тексермей жүре берген адам жайдан мал, аңнан да төмен болады. Аятта: «Ол ақымақтар төрт аяқты хайуан сықылды бәлкім онан да жаман меңіреулер» [1]. Шәкәрім өзін-өзі танымақ деген адам баласы Жаратқан иесінің құлы екенін һәм ғибадат үшін жаралғанын біліп, өзін-өзі тексеріп, зиянды істен қашып адал, пайдалы істі қылуға тырыспақ деп түсіндіреді. Шәкәрім де Жаратқанға шексіз құлшылық жасау арқылы ішкі рухани тереңдікке жеткен. Қожа Ахмет Иассауи бабамыз бен олардың ілімін 12 ғасырдан бері жалғастырған Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғанидан бастап, 19 ғасырға дейінгі қазақ жыраулар поэзиясында осындай көрегендік көзге айқын көрініп тұр. Бұл көрегендіктің сыры шындығында Жаратылыстың заңдылығын ұғу, түсіну, білуде жатыр. Ал жаратылыстың заңдылығын білу үшін ақылыңды өсіріп, көкірек көзіңді ашпақ керек. Абай мен Шәкәрімді ұғып меңгерсек те біз мыңдаған қауіп-қатердің алдын алып, ұлт ретінде дами түсер едік.

Шәкәрім адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер **Ардан** бастау алатынын, ар дегеніміз – Жаратушының адам бойына еккен нұры, метафоралық философия тілімен айтқанда «адамшылықтың бастау алар бұлағы» деп көрсетті. Ар адамдық сананың негізі екенін ақын анық айтқан.

«Ар адам бойында алғашында бар нәрсе,оны суарып өсіру,не жоғалтып алу адам тағдырына қатысты нәрсе. Мәселен, мұсылман философиясындағы имандылық, қазақ ұғымындағы кісілік, Шәкәрім негізін салған ар ілімі де Ардан нәр алады»,-дейді шәкәрімтанушы ғалым Тұрдықұл Шаңбай [3,75]. Қазақ жұртында «Малым-жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ұлағатты сөз бар. Дүниенің еш байлығына арын сатпаған қайран бабаларым-ай дейсің осындайда. Шәкәрім сонымен бірге лирикасында ұждан, ынсап, ұят, мейірім,сабыр, сақтық, ой, талап сияқты ұғымдарды адамды рухани бай етіп тәрбиелеудегі құндылықтар деп қолданды.

Ұждан-адамның асыл қасиеті. Ақын: «Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз-ыпсап, мейірім, әділет» дейді. Егер адам ынсапты, әділетті, мейірімді болса барлық жақсылықтың нұрлы сәулесі тарайды. Ұждан адамда туа біткен қасиет. Адам уақыт оза не оны өсіреді, не жоғалтады.Сондықтан адам баласы бойдағы жақсы қасиетін өшіріп алмауға тиіс. «Екі дүниенің абыройын берсін» деген сөздің де бастауы осында жатқан шығар. Шәкәрім «Ұждандыны мақтайды тамам адам» дегенде адамның адамдық қасиеті ұжданға негізделетінін көрсетеді.

Ұждандыны мақтайды тамам адам
Мейлі ғалым болса да, мейлі надан
Ар,ынсаппен іс қылып, азап тартып,
Ақ жолында өлгеннің арманы жоқ [1].

Ақын ұждан қанмен, яғни жанмен келетін адамның адамдық қасиеті болғанмен, оны адам тірлігінде жоғалтып алмауға тиіс екендігін ескертті.

Ынсап-адамдықтың өлшем биігі. Ақын ынсапты әділет, мейірім сияқты ұғымдармен қатар қояды, ұжданның үш тірегінің бірі ретінде қарайды. «Уа, достар адам жақсы мінезді болуға тырысу керек. Әуелі ынсапты болу керек. Ынсап деген әр іске аспай, кем қалмай, орташа болмақ. Ғаделет дегенде осыдан шығады. Аятта: «Алла тағала әділет қылғандарды сүйеді деген». Аяттардан мол мысалдар келтіре отырып, өлең сөзбен көріктейді. Сонымен бірге ынсапты адам бойындағы асыл

қасиеттердің ең әділі деп бағалайды. Талапқа алты түрлі ноқта тақтырады. Өзгесінің тізгінін ынсапқа ұстатады.

Ынсап не аспайды, кем қалмайды,
Орын таппай ол, сірә, қозғалмайды [1].

Ынсаптың болмысы – өлшемдік мәнінде. Артық кетпейді, кем қалмайды, орнын таппай қозғалмайды. Аспайды да, таспайды да, саспайды.

«Ашу мен ынсап» өлеңінде ынсаптың философиялық қыры жан-жақты ашылады.

Мейірім, рақымсиякты қасиеттердің де табиғатын аша білген. Бұл ұғымдарды қатар қолданады, мағынасы бір. Мейірім-тұлғаның ұждандық қасиеті. Шәкәрім шығармаларында мейірім негізгі тірек ұғымдарының бірі. Оны ақ жүректен шығатын нұрлы жағымды қасиет ретінде ерекше бейнелеген. Мысалы: «Рақым жақсы көреді аяғанды, адамға қаттылықты ойламайды», «Алланың пендесіне рақымы мол, Сен де өзіңдей адамға мейірімді бол», «Мал, мансап адамзатты мас қылады, Мейірімді жүрегін тас қылады», «Адал еңбек,ақ пейіл, мейірім жоқ, Осы болар таза ақыл өлді демек», «Ынсап пен мейірім, әділетті, Жаныңдай көріп жан сақта» деп мейірім, рақым сөздерін қатар қолданып, ерекшеліктерін байқатады.

Т. Шаңбай: «Рақым негізінен Жаратушыға қаратып айтылады. Мейірімділік – мұсылманның басты қасиеті. Алла тағаланың қасиетті сипаты көп, соның бірінде: «мейірімді және рақымды алла тағаланың атымен бастаймын. Рахман – мейірімді, Рахим – рақымды деген мағына береді», [3] – деп түсінік жасайды.

Сабырды да адам бойындағы асыл қасиеттердің қатарында бейнелейді. Осы сөзді қолданудың да философиялық мәнін түсіндіреді. Адам баласы қандай бір қайғыға сабыр ете білуі, ашуға берілмей ақылға сабыр беру сияқты қасиеттерді үлгі етеді. Тіршіліктегі кездесетін ауыртпалықты сабырмен көтере білу керек деген Құран кәрімдегі аяттармен байланыстырады. Қазақ халқының өмір-салтында қашанда сабырға ерекше орын беріледі. «Сабыр түбі – сары алтын, Өзімшіл болма, көпті ардақта, Адамның бәрі – өз халқың» деп саналы ойын халық даналығымен ұштастырады.

Сабыр деген – әр іске шыдамдылық,
Қатты керек адамға бұл бір қылық.
Қолы жетпей талай адам ызданады,
Осыдан көп шығады адамшылық [1].

Шәкәрім қажы: «Сабыр, сақтық,ой,талап болмаған жан, Анық төмен болмай ма хайуаннан?» деп сақтық секілді тірек ұғымдарына назар аударады. «Сақтық деген не?-деген сұраққа ақын былайша жауап береді:

Сақтық деген әрқашан байқап жүрмек,
Пайда ма,не залал ма ескерілмек.
Көргенін, естігенін есепке алса,
Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек [1].

Не істі бастарда, не жайында сөйлесең де сауысқанша сақ болсаң еш қорлық көрмейтінің өмірден алынған шындық. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» дейді халқымыз. «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген Абайдың ұлағатты сөзінің түп-төркінінде де адамның асыл қасиеті сақтық жатыр емес пе? Әр істе табысқа жету, жеңіске жету үшін сақтық керек. Шәкәрім туындыларында «әр істі ойлап білмекке, нәтижеге қол жеткізуде» ізгі қасиет сақтыққа шақыру ниеті жатыр. Қазақ халқы жаһандануға қарата бет алып келеді. Жанұшыра жетіп жатқан жаһандану тажалына қалқан болар жол – ұлттық тәрбие, ұлттық ар-намыс, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып... Әуелі осындай құндылықтарымызға сақ болу керек. Екіншіден, көрші алпауыт мемлекетке қайтадан отар ел болмаудың жолын қарастыру керек.

Ұлттық құндылықтарымызға қатысты кішкентай нәрсенің қисайғанын көргенде жанымыз қиналады. Халықтың бүгінгі қызушылығы,құндылығы жайлы сөз қозғау өте қиын. Өйткені, құндылықтардың құны қашып барады. Шама шарқымызша білгенімізді, жүрекке түйгендерімізді жастарға ұқтыруымыз керек. Ес білгеннен қыздарымызды, ат жалын тартып мінгеннен ұлдарымызды ұлттық тәрбие қалыбына салып, олардың бойында ізгі жақсы қасиетке тәрбиелеу кезек күттірмес міндетіміз. Шәкәрім ең керектісі адам болмысында «таза ақыл» деп ұсынады.

Мейірім, ынсап, ақ пейіл,адал еңбек,
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.
Ынсап, ұят, ар, рақым табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан,-

деген қорытындыға келеді.

Таза ақыл ақты барлайды,
Дәлелсіз сөзді алмайды.

Шәкәрім ақыл ұғымын барлық қырынан тексеріп, оның сипатына терең барған. Шәкәрім неге құранды оқы дейді. Бәрі жанды ақылдың табысы дейді. Ғ. Есім «Жаралыс басы – қозғалыс» өлеңін талдау барысында: «Шәкәрім жанды ақыл дегенде ақылдың генезисі туралы айтып отыр. Ақыл қайдан шықты немесе қайдан пайда болды дегенде, оны жаннан шығарған. Содан барып жанды ақыл деген түсінік қалыптастырған» [4]. Осыдан-ақ белгілі болды, бар ғылымның түп атасы – таза ақыл ойлану, соған сынату екен. Әлемдегі барша барлықта, еш нәрсе бос қалмақ та, бәрі мейлі шөп пен топырақ жанды ақылдың табысы екен.

Адамзат баласы ойын таза ақылға, ақ мейірімге, адал еңбекке билетсе ғана, өмірі мәнді болады деген тұжырымға келеді. Әлеуметтанушылардың зерттеулерінде «Сіздің өміріңізде не маңызды?» деп сұрақ қойылғанда, олардың барлығы дерлік: қауіпсіздік, әділдік, тәртіп деген жауаптарды таңдаған. Ал адамгершілік, рухани байлық, ар-ождан сияқты құндылықтар тізімнің ең соңында қалып орналасқан. Бұл қазіргі қалыптағы халіміз. Бір ғасырдан астам бұрын өмір сүрген Шәкәрімнің үлкен азаматтығы әлеуметтік жағдай мен кейіпкердің жан әлемін байланыста суреттеп, рухани әлемді үнемі алғы кезеңге қоюында.

Қош жұртым!
Қазақтың жайнар даласы,
Жетілер оқып баласы.
Шошытатын мені сол
Олардың күндес таласы, -

деп өзі жырлағандай Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы асқан дарынымен, ой-өрісінің тереңдігімен, халқына деген қамқорлығымен ұрпағына қалдырған мұрасымен әлемге танымал болды. Ойымның қорытындысын Р.Сейсенбаевтың: «Ақиқат жеңбейтін ел де, жер де болмақ емес» деп саңқылдаған Сіздің сөзіңіз нендей көрегендікпен айтылған! Сабырлы ойға толы мұңлы жырларыңыз қазақ даласына мағлұм болды. Сіздің жырларыңыз арқылы біз оқып-жазуды, ой ойлауды, ән салуды, сүюді, жек көруді үйрендік. Намысы қалқыған, рухы тапталған ұзақ жылдардың тар шеңберінде Сіздің елес-көлеңкеңіз ел есінен шыққан емес. Ауыр сын сағаттарда өтірікке, өсекке, ғайбат сөзге бейімделіп бара жатқан ұрпақтарыңыздан жеріп кеткендей көрінуші едіңіз... Рухыңыз тірі, дана баба!» [1] деген жүрек жарды баба рухына тағзым еткен ғибратты сөзімен аяқтағанды жөн көріп отырмын.

**Әдебиеттер**

1. Шәкәрім Қ. Жол табалық ақылмен. – Халықаралық Абай клубы: Жидебай, 2006.
2. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – Б .139.
3. Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті. – Алматы: Раритет, 2009.

ҒТАХР: 17.07.25

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ АРНАСЫ

**Калияскарова Г. Ш., Сейсен Г.,** қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәнінің мұғалімдері
«Матай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы)

Қай ақын болмасын өз дәуірінің перзенті, өз заманының желісі. Шәкәрім де күрделі тарихи кезеңде ғұмыр кешті. Туған халқының басындағы экономикалық және рухани, мәдени ауыртпалықтарды, заман проблемаларын көзімен көрді, көңілімен саралады. Академик Ғарифолла Есім «Атамұра» баспасынан шыққан «Данышпан Шәкәрім» атты кітабында «Шәкәрімнің өмір сүрген уақыты қиын заман еді. ХХ- ғасыр Ресей аумағындағы алсапыран басталған кез. 1905-0907 жылдары Ресейде әр текті саяси, әлеуметтік, руани дүмпулер, қозғалыстар қарқынды болғандықтан, олардың әсері Қазақстанға да жетіп жатты.Ғасырлар бойы қалыптасқан, сұрыпталған әдет, дәстүр, ұғым, түсініктер қиратылды, олардың орнына жаңа тәртіп орныға бастады. Данышпан Шәкәрім бұларды жүрегімен қабылдай алмады,руани күйзеліске түсті» – деп тұжырым жасайды.

Әдебиет тарихында ұзақ жылдар орны ойсырап келген, елге ежелден белгілі болған ақын-жазушыларды еске алғанда алдымен Шәкәрімді атауымыз орынды.Өйткені, Шәкәрім – Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі. Абай шәкірттерінің ішінде көп жасағаны да, көп жазғаны да – Шәкәрім. Шәкәрім шығармаларының басты ерекшелігі – адам болмысы мен қасиеттері туралы дүниетанымды, философиялық ой пікірлерін көркем сөзбен жеткізу. Шәкәрім дүниетанымының тереңін бойлап, ол ой қозғаған мәселелерді саралап, тізбектеу оңайға түспейді. Ол адам болмысы мәселесін, адам тәрбиесін, құдай – табиғат – адам проблемасын кең аспектіде қарастырады. Шынында да Шәкәрім қоғамды, адамды барлық қайшылығымен, алуан қырымен, артықшылығымен, әлсіздігімен біртұтас қабылдап, ақиқат картинасын беріп отырады. Ақын реализмінің және психологизмнің мәнді ерекшелігін де оның осы ақиқаттық пафосының гуманистік мазмұнмен бірігуінде болса керек. Шәкәрім шығармашылығында әрдайым кейіпкердің бет-пердесін сыпырып, адамдық болмысын ашып отырады. Бұдан ақын өлеңдерінің көркемдігі кемімейді, керісінше, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі фольклорлық эстетикамен үндестіріп, ақынның өзіндік поэтикасын қалыптастырған элементтерінің бірі болып саналады. Шәкәрім өз шығармашылығында психологизмнің тура, әрі жанама түрлерінің мүмкіндіктерін еркін пайдаланады.

Шәкәрімнің мына өлең жолдарына үңілсек:

Құмарлық деген бір ит бар,
Жаныңа жау шын ит бар.
Алды-артыңа қаратпас,
Рахымы жоқ тым ит бар, – дейді [1].

Шәкәрім әрбір ұғымды, сөзді өз орнында қолдана біледі. Сонымен қоса ол әрбір сөзін ақылмен таразылап, жүйелі пайымдап отырады. Шәкәрім адам болмысы туралы айтқанда, адамның қоршаған ортамен, табиғатпен үйлесімділігін, жаратушысын сезінуін, сонымен қоса адамның өзін-өзі тануы, яғни оның өзінің жетілуінде деп есептейді. Шәкәрімнің адам түзетпекке ұмтылысы Қазақстан халқының бүгінгі өмірі үшін маңызды. Тәуелсіз еліміздің азаматтары Шәкәрім көксеген адамдық сапаларға қол жеткізіп отырса, елдің рухани өмірі, шаруашылығы мен ғылымы үлкен биіктерге көтеріле берері даусыз.

Шәкәрім шығыстық үлгі мен батыс, орыс әдебиеттерінің таңдаулы үлгілерімен жете таныса отыра, қазақ поэзиясына Абайша жаңа өрнек пен түр, мазмұн әкелді. Қоғам өзгерістері поэзияға да өз әсерін тигізді. Міне, қоғамдағы саяси жүйе, бір ізділік, жекенің қалыптасуына нұқсан келтіретін тұстарында, ақын қазақ поэзиясына жаңаша мазмұн әкелуге тырысты. Өйткені адамның жеке индивидум ретінде қалыптасуы, сананың жаңғыруы, өмірлік көзқарастардың барлығы адамның тек қана өзінің ішкі дүниесін жаңғырту мәселесінде тұр еді. Ақынның өлеңге деген көркемдік талғамының жоғарылығы философиялық, поэзиялық бірліктен көрініс тапты. Осы бірлік жаңаша үрдіс алды. Қазақ поэзиясында ақынның әкелген жаңаша мазмұны неде деген сұрақтар төңірегінде сөз қылсақ. Біріншіден: ақын Абайдан кейінгі «Алла сүю», «Құдай сүю», «Жаратушы сүю» үлгісін, өзінше жаңаша деңгейге көтерді. Екіншіден: Адамның жекелік қалыптасуы, өзін-өзі тануы проблемасын көтерді. Үшіншіден: Сопылық мақамды дүниетаным мен өлең өрнегін қазақша ұғымға сай да жатық үлгісін көрсетті. Төртіншіден: Төл әдебиетіміздің бай да мазмұнды қазынасын, Шығыс әдебиеті және Батыс әдебиетінің озық үлгілерімен астастырып ой мен мазмұн түр бірлігіне сақтай отырып қалыптастырады.

Сонымен бірге космостық, ғарыш әлеміндегі тылсым сырлардың құпия, сырына үңіліп, оны өлең үлгісіне түсіріп, ақиқат құбылыстарын тануға ұмтылу – Шәкәрім сынды ақынның арқалаған ауыр жүгінің бірі. Жалпы біз аңғара бермейтін бір заңдылық бар Абайдан жалғасын тапқан XX ғасыр басындағы басты тақырып болып көтерілген адам сүю, құдай сүю проблемалары санамыздан қаншама сырғып қала берсе де, соншама қайта жаңғырып отырады. Осы мәселе енді ақиқат айғағы ретінде XXI ғасырдың көтерілер үлкен бір проблемасына айналары сөзсіз. Өйткені бұл – адам баласының өмір сүрер, баянды да, мәнді тіршілігі үшін қажетті ең басты түп қазығы.. Шәкәрімнің адам жайындағы түсінігі және оны көркемдеп суреттеу тәсілдері қазақ поэзиясына және философиясына маңызды өзгерістер әкелді. Жалпы адамтануда, «Құдай тануда», «ішкі әлем» жөнінде айтқан ойлары тек қана әдебиет пен философияның ғана сыбағасына тиетін үлес қана емес, сонымен қоса ұлттық санаға, ұлттың дамуына әсер ететін дәрежедегі идеялар еді. Жоғарыда айтылған методологиялық әдістер дәстүрлі Шығысқоғамындағы адамды зерттеу концепцияларының түрлі жолдары мен әдіс – тәсілдерін толық көрсетпейді. Адам зерттеудегі шығыстық жалпы нұсқалар батыстық нұсқаларғақарсы емес, немесе өркениеттің иерархиялық шкаласында бірін-бірі жоққа

шығара алмайды. Батыстық, шығыстық адам зерттеу концепциялары жеке мен жалпының әлемдік рухани мәдениеттегі ортақ диалектикалық даму болып табылады.

Шәкәрім оптимизмі де ұлт болашағына қатысты. Оның болашаққа деген үміті зор, ұлттың дамуын, өз ұлтының озық дәстүрлерімен ерекшеліктерін сақтай отырып, оның дамуының қайталанбас көздерін, бағыттарын табуды мақсат тұтады. Ұлттың өткен тарихы мен фольклорына сүйене отыра, жаңашылдығы басым жан-жақты ізденістер мен дүниетаным қазақ поэзиясын дамытуда көркемдік тәсілдерді кеңінен пайдаланды. Өлең сөздерінің байлығын, сұлулығын қазақ тілінің бай сөздік қорынан ала отыра, шығыс поэзиясының нэзирэ үлгісін де қазақи нақышпен, қазақи ұғымға сай етіп қолданды. Осы нэзирэ үлгісі әсіресе, «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасында өз көрінісін тапқан. Бұл поэмада ақын «махаббат» ұғымына терең философиялық талдау жасайды. Адалдық пен кіршіксіз тазалық, адам жанының алладан келер сый махаббатына бөленген екі жастың тағдыры жайында небір тамаша ойлар айтады.

Қазақ ұғымына жатық бай тілмен берілген әдемі сөз қолданыстарымен сезіміне әсер ететін небір, тамаша ой образдар мен қилы оқиғаға толы өлең шумақтарына тәнті боласың. Шәкәрімнің тағы да бір ерекшелігі поэманың соңында тақырыпты қорытындылап, өз ойын айтып отырады.

Жігіттер, ендігі сөз – менің сөзім,
Мәжнүннен аз-ақ кейін көрген күнім.
Мен ондай қызға ғашық болмасам да,
Ғарыппың дерті қалың, шын осыным [1]

Шәкәрім күн тәртібіне адам сапасын арттырудың, оған қандай мінез-құлықтың әсері және қандай адами құндылықтарды дамыту керек деген өзекті мәселелерді шығармаларына арқау етті. Жалпы, Шәкәрім сыртқы ортаның, әлеуметтік жағдайдың адамға ықпалын, әсерін анық байқай отырып, сол ортаны, қоғамды, әлеуметтік өмірді өзгерту жағдайына, адамның рухани толыққанды қалыптасқанының әсерінің күштілігін мойындайды. Адамның іштей дамуын, ішкі жан дүниесінің өзгеруі, психологиясын, дүниетанымын өзгерту, дұрыстыққа бұруы адамның өз қолында. Осы тұжырымдарды өлең өрнегіне нақыштайды.

Сондықтан ол:
Естігенді ұға бер,
Ыдысың болса – тыға бер.
Пайдасыз болса құмарың,
Сілкініп тастап шыға бер [1].
Сонымен қоса былай дейді:
Талапппен адал істі істемексіз
Тапсырдық бір алаға біз демексіз,
Ындының таза болса, именбеңіз,
Дәулетті осылайша іздемексіз [1].

Десек те, Шәкәрім шығармашылығының бір иірімі, Жаратушы мен адам, махаббат адамшылық, адами қасиеттер мен құндылықтар, адамның жекелік дамуының деген ойларда жатыр. Шәкәрім поэзиясының мазмұндық құрылымы күрделі. Оның бетпердесінің бояуы көп, қырлары жан жақты. Шәкәрім кейіпкерлері арқылы өмір, дүние, болмыс, жан, махаббат, жаратушы жөніндегі дүниетанымын өзінің өмірлік мақсат мүдделерін айқындап көрсетеді. Шәкәрімнің алдына қойған үлкен мақсатының бірі – «түзу адам». Бұл мәселені ашудың оңай емес екенін ақын жақсы түсінген. Және де оның көркемдік әсерін баса көрсету көптеген талаптарды қажет етеді. Сондықтан ақын ең бірінші өзіне үлкен талап қояды, онысы білімін арттыру, көп іздену, еңбектену. Поэзиясындағы «түзу адам», «шын таза жан», «жақсы адам» ұғымдарының мәнін ашып, оларға үнемі баға беріп отырады. Осы ұғымдарды ашу ақынға оңай түспеді. Өлең сөзіне айрықша мән берген ақын, шығыс шайырларының өлең үлгісіне, қазақтың төл поэзиясына, орыс поэзиясының ұтымды жақтарын орнымен пайдалана білді. Әсіресе, жоғарыдағы мәселелердің мазмұнын ашуда көп ізденістер мен сауалдар қояды. «Айқаптың» 1912 жылғы № 5 саны, 96-бетінде білімділерге бес сауал қояды. Соның ішінде төртінші сауал мынандай: Ең жақсы адам не қылған кісі? Алайда, Шәкәрім поэзиясының денін оқып отырсаңыз, осы «жақсы адам» образын бітім-болмысы қандай болу керек деген ойды өзі түзіп өлең өрнегімен, мазмұнға терең мән бере отыра талдап береді [2]. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасы көркемдік талаптан шыға білген, мазмұны терең туынды. Поэма тарихи, танымдық сонымен қоса әлеуметтік жағдай ең бастысы екі жастың махаббаты күрделі де, қайшылықты адам табиғатының терең қалтарыстарын зерделеумен құнды. Белгілі ғалым Ш. Сәтбаева: Шәкәрімнің

«Еңлік – Кебек» поэмасы – халық аңызы негізінде жазылған идеялық-көркемдік сапасы жоғары туынды. Бұл әңгіменің ең алдымен көзге түсер ерекшелігі – көркем образдар, кейіп ерлер сомдалуы, бейнелеулер, суреттеулер жетіктілігі», – деген пікір білдіреді [3, 4].

Шәкәрім поэтикаларының жан-жақты өзгешелігі оның көтерген мәселелер ерекшелігі жайында А. Тілеуханова былай дейді: «Қазақ поэзиясының өлең түріне түрлік, мазмұндық, идеялық жағынан көп жаңалық енгізіп, өлең өлкесінің дамуына игілікті ықпал еткен Шәкәрім поэма жанрында да жиырмасыншы ғасырдың алғашқы кезеңіндегі қазақ ақындарының көш бастаушысы болды. Шәкәрімнің поэмалары -шәкірттерінің ішінде тау басында өскен жалғыз бәйтеректей орны бөлек, ерекше туындылар. Оның қаламынан туған «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ Айсұлу» поэмаларының өзіне дейінгі дастандардан өзгешелігі – мәселені фольклорлық не таза романтикалық түрде шешпей, жазба әдебиетке тән күрделі проблемаларды қоюымен қатар, оларды тарихи-әлеуметтік, әдеби-эстетикалық талаптарға сәйкес шешуінде. «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» - қазақ әдебиеті тарихында би болып көрмеген құбылыс, жаңа әдеби дәуірді туғызған шығармалар. Бұл поэмалар дәстүрлі махаббат тақырыбына арналғанымен, тақырып пен сюжетті меңгеруі жөнінде өзіндік дүниетанымын, қазақ қоғамына тән реалистік бағытын байқатты» [4].

Шәкәрім ғашықтық сезім, махаббат дерті секілді ұғымдарды көркем бейнеле жаңа үлгісін қазақ поэзиясына алып келді. Жан-дүниенің кіршіксіз тазалығы мен бұл ұғымның қастерлілігі, оның құпиясының тереңдігі ақын пайымдауында ерекше нәзік нақышпен өрнектеледі. Сонымен бірге қазақи дәстүрлі таным мен түсінікке ыңғалап әдемі бір поэтикалық ырғаққа бағындырылған.

**Әдебиеттер**

1. Шәкәрім Қ. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000.
2. Шәкәрім Қ. Үш анық. – Алматы, 1991.
3. Шаңбай Т. Шәкәрімтану мәселелері. – 2006.

ҒТАХР: 17.07.21

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АР МЕН АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

**Муканова К.С.,** қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
«№ 11 ЖОББМ» КММ
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Адалдық, тазалық мәселесі «Ләйлі-Мәжнүн» хикаясында да жырланады. Қыз бен жігіттің арасындағы сезім қандай кіршіксіз мөлдір, кәусардай тұнық, маржандай таза, қардай аппақ десеңізші! Және олардың жүрегінде осынау махаббат атты ұлы сезімге деген адалдық шексіз. Ләйлә да, Қайыс та туғаннан өлегенге дейін осы ғажайып адалдыққа қылау түсірмейді. Адалдық сезім екі жастың қарым-қатынасындағы кіршіксіз таза, сезім ретінде махаббат атты ұлы сезімді аша түседі. Адалдық бар жерде ғана махаббат өшпес тірлік жасай алады.

Ғұмырын халқының тағдырын ойлаумен өткізген, ұлтының бойына ізгіліктің, адамгершіліктің нәрін сіңіруге ұмтылған гуманист ақын осы мақсатқа жетудің жолы жастардың жүрегіне адалдық сезімін ұялату деп білген. Ләйлә мен Мәжнүннің басындағы хикая Шәкәрімге осындай адалдықтың өшпес үлгісіндей көрінгені анық. Бір сәт ғашықтар оқиғасын баяндау арқылы одан өзінің өмір бойы іздеген бес асыл қасиетінің нышандарын табуға тырысты. Адалдыққа қарсы ұғым ретінде арам, арамдық атауы да Шәкәрім өлеңдерінде берік орын алған.

**Арамдық –** моральдық қасиеттің адалдыққа қарама-қарсы кесапатты түрі. Оған алдау-арбау, суайттық, жымысқылық, ұрлық, опасыздық, екіжүзділік сияқты жаман қылықтар жатады делінген.

Тілеймін, өлерімде сүйме мені,
Мәжнүнмен басқа жанға тәнім арам, -

(«Ләйлә-Мұжнүн» ) деп ***басқажан*** – адам деген мағынада. ***Жан, тән*** синонимді сөздер.

Арсыздардың арамойы түкке тұрмай жойылып,
Аяғында хақиқатты бұл үшеуі жеңбек.

Шәкәрім бұл арада ***арам*** атауын моральдық қасиеттің ***адалға*** қарама-қарсы (антоним) кесапатты түрі, яки жамандық ой, залымдық деген мағынада пайдаланады.

Арсыздар – ар мен ұяттан безген адамдар.
Қарсы келсең, басыңды кесіп алды,
Ұнаса арамнан да ішіп алды. («Жуандар»)
Осы күнде арамның жолдасы мол,
Қу мен сұмды кім жиса – шын мықты сол.
Мақтан, атақ іздесең құдайдан без,
Ардан күсіп, арамның біреуі бол.(«Елге көнсем, ақ жолдан адасамын»)

Мұны қылсаң боласың сен де мықты,
Қайдағы қу, алдампаз төрге шықты («Көкірікте толған шер,көңіл қаяу»)

Шәкәрім арамның жолдасы деп ***қу*** мен ***сұмды*** және мақтан, атақ үшін құдайдан безіп, қудан гөрі алдампаз атанасың, осы шумақта ***алдампаз*** ұғымы біреуді әдейі немесе ойнап айтқан өтірікке, жалған сөзге сендіру қабілеті бар адам мағынасында қолданылған. Жақсылық іздеудің жолына түсу қажетттігін, адалдық пен арамдықтың, қулық пен сұмдықтың, есерлік пен әпербақандықтың зиянды екенін айтқысы келген.

***Надандық*** – психологиялық атау. Шәкәрім надандықты адамның мінез-құлқындағы теріс қасиеттердің бірі ретінде қарастырады..

Еріншектік, салақтық,
Салақтықтан надандық,
Бірінен бірі туады,
Жоғалар сөйтіп адамдық. («Еріншек»)

***Адамдық*** – ар – ұжданның тазалығы, адамгершілік адам атына сай қасиет.

Шәкәрім **надандықтың** басын осы тәрізді кемшіліктерден іздейді.

Өлеңдегі ***надандық*** деген терминді алу мақсаты надандықтың өзі түптің түбінде осындай жолдармен туатынын топшылайды ақын, яғни еріншектіктен, салақтықтан надандықтың туындап, адамдық кадір-қасиеттен арылтатын құбылыс ретінде көрініс береді. Салақтықты ***ұқыпсыздық, немқұрайлық*** деген мақсатта қолдануда.

Жолыққан кісіге соқтық,
Қалжыңға қосып айт боқтық.
Осы ғой сәулесі жоқтық,
Сен күлдің, мен білдім, әйдә! –
(«Қалжыңшыл қылжақбас»)

Біздің ойымызша, өлеңнің үшінші жолында ***сәулесі жоқтық – оқымаған, надан, білімсіз*** сөздеріне синоним ретінде қарастыруға болады.

Ғасырлар бойы үстемдік етіп келген надандық пен қараңғылық қазақ қоғамында бұл күнде өзінің кертартпалық сипатын өте-мөте айқын аңғартқан еді. Қоғамдық өмірдің осы сипаты, ерекшеліктері Шәкәрім ақынның назарынан тыс қала алмады.

Япырау, бұл не деген наданшылық,
Осынша жайылар ма жаманшылық.
Есі шығып елірген бәрі де мас,
Ар қайда, ақыл қайда, адамшылық, («Партия адамдары»)

деп күйінеді ақын [1].

Өлең шумақтарындағы арың сатып, ақылың жоғалтып, есі шыққан адам наданмен тепе-тең деген ойды Шәкәрім алға тартады. Наданшылық, жаманшылық бұл күндегі білімсіздікке, қараңғылыққа апаратын жолы деп түсінеміз.

***Ар*** – адамгершілік, намыс, ұят деген мақсатта.

***Адамшылық*** – лексикалық мағынасына сай адамның мінең-құлқына байланысты атауды білдіреді.

Ақыл – сана, ес деген ұғымды білдіреді.

«Менің де көп жаралы жүрегім бар,
Надандықтан қираған сүйегім бар» –
(«Міндеу мен Күндеу»)

Осы бір пікірімізді түйіндейтін болсақ, оның шығармаларындағы жан күйзелісіне байланысты туған осындай ой-түйіндер ақынның надандық түнегіне қарсы күресте шаршау, қажу сезімдерінен туғанын анық байқаймыз.

**Өзімшіл, өзімшілдік** – ол да психологиялық атау. ***Өзімшілдік*** – жалған адамгершілік принцип ретінде аморальдық қасиет

***Өзімшіл*** – адамды оның қоғамға және басқа адамдарға қатынасы тұрғысынан сипаттайтын өмірлік принцип пен моральдық қасиет

***Өзімшіл*** – адамның туа біткен қасиеті, өзін – өзі жақсы көрушілік.

Өгейлік, өзімшілдік, бай-күндестік,
Мейірімсіз, залалкесті білгізеді, («Нартайлақ пен Айсұлу»)

Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі - өз халқың, («Анадан алғаш туғанымда» )

Өзімшілдің іші тар, ойы артық,
Ала алмас ол біреудің бағын тартып.(«Шын бақ қайсы? Күншіл кім»)

Біздің ойымша, Шәкәрім өзімшіл – басқалардың мүддесімен санаспайтын, тек өз мүддесін ғана көздеуін көрсететін жеке бастық теріс қасиет деген мақсатта қолданған. Шәкәрім Құдайбердіұлы халықтар арасындағы достықтыңмәнін, адамдардың қашанда өзара ізгі ниетте болуын жырлай келе, әділет идеясын көтерді.

**Әділеттілік** – бұрыннан келе жатқан әлеуметтік, моральдық принцип және норма деген анықтама берілген.

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.
Дәл солай қалайын деп, ұнағанда
Ғаділетті жүрегің бір қозғалмақ

***Әділет*** немесе ***ғаділет*** деп берілетін араб тілдерінде бұл екі сөз бір ұғымды білдіреді.

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,
Берейін атын атап ұқсаңыздар:
*Махаббат, ғаділет* пен *таза жүрек,*
Бостандық, *терең ғылым –*

ӘдептіліккеШәкәрім ерекше мән берген, оны адам бойындағы басты қасиеттер қатарына жатқызған. Әдептілік – белгілі бір моральдық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындау. Әдептілік өте қажет қасиет, сезім мөлшерінің негіз. белгісі [2].

Әдепті – сыпайы – инабатты – иманды қазіргі уақытта синонимдер сөздігінде ұшырасады.

Терминді Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасы арқылы ашуды мақсат тұттық.

Ақын бейнелеуіндегі жас батыр Кебек көп жағдайда бұрынғы нұсқаларда ұшыраспайтын қадір-қасиеттермен дараланған, поэмада, портрет бітімі, «жас бала болса да, жаны отты деп» басталады да:

Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
(«Еңлік-Кебек»)

Жайға батым, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкені ағатайлап, -
(«Еңлік-Кебек»)

Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай
(«Еңлік-Кебек» )

Әдепті – инабатты, сыпайы деп те айтуымызға болады.

Бұл поэма халық аңызы ретінде жазылған идеялық-көркемдік қасиеттері биік туындысы. «Еңлік-Кебек» дастанындағы Кебек бейнесін сомдағанда да Шәкәрім оны елден асқан батыр етіп көрсетуді мақсат тұтпайды. Оның ішкі жан дүниесі мен адамгершілік қасиеттерін оқиғаның өрбуі барысында біртіндеп ашады. Кебек еркін, ел қамын ойлайтын батыл өрен. Екіншіден, оған кең таным мен бай сезім берілген, жан-дүниесі таза көркем жігіт. Ақын басты кейіпкерлерін суреттегенде сыртқы келбеті мен ішкі жан-дүниесіне қатар мінездеме беріп отырады. Бұл қасиет – Шәкәрім

дастандарының басты көркемдік ерекшеліктерінің бірі. Оның ақындық тұлғасы кейіпкерлерінің сезім байлығы, арман мұраттары арқылы ғана емес, тарихи оқиғаларға терең пайымдауынан да көрініс береді. Сондықтан да ақын дастандарын қазақ өмірінің айнасы десек болады [3].

Абай өлеңдеріндегі сияқты Шәкәрімнің лирикасында да **«жүрек», «ой», «көңіл»** аттыпсихологиялық ұғымдары көп ұшырасады. Лирикалық қаһарманның жағдайын, көңіл күйін бейнелеу барысында адамға ой салу, ақыл-санасына әсер ету мақсатымен ақын «жаралы жүрек», «дертті жүрек», «улы жүрек», «ақ жүрек», «жылы жүрек», «таза жүрек», «от жүрек», «сұм жүрек», «шолақ ой», «қайран ой», «қорқақ ой», «қайғылы көңіл», «жаралы көңіл» ұғымдарын образдылықпен пайдаланады. Бұлардың қай-қайсысы да кейіпкердің азаматтық парасатын, имандығын немесе белгілі бір сәттегі көңіл күйін дәл жеткізуге септігін тигізіп тұрады. Ақын «менінің» басындағы сәттерді бейнелеудегі негізігі көркемдік құралдарының бір бөлігі де осылар. Шәкәрім өзі өмір сүрген күрделі дәуірдің сипатын осынау лирикалық образдар арқылы баяндайды, қаһарманның кейде тәтті, кейде ашы, кейде долы тілінен аңғартады. Көп ретте ақынның «мені» «таза жүрек» іздеу жолында «от жүрегінен» қолына алып, «Сұм жүректермен» айқасқа шығады. Сөйтіп заманның дегінінен аса алмай қалған шақтарында пұшайман күйге түсіп, «дертті жүрекке» айналады. Ондай сәттерде Шәкәрімнің кейіпкері:

Мен досыңмын, жау емес,
Еліре берме, қайта ту.
Жүрегім дертті, сау емес,
Сол себепті сөзім у, –
(«Біреудің мінін кешірсең» )

деп өлеңінде ақын ашына айтады. Өзінің улы тілімен халқының санасын оятпақ болады. Дегенмен, «Жартасқа барып, күнде айқай салып» өткен ұлы Абайдың басындағы жағдай Шәкәрімді де айналып өтпейді. Айналасында оң сөзге түсінер қауым жоқ, алға басқан қадамы кері тартады. Жетелеген адамы жігерін құм етеді. Сол шақта ақынның лирикалық қаһарманы бір сәт мұңға да беріледі [4, 18].

Психологияда сана, ес атауымен бірге ой ұғымы да кездеседі. Жаңалық, сонылық түрін мына жолдардан да байқаймыз:

Қайран терең ойым, қартайып болдың ба?
Ерiншек боп бұйда создың ба?
Есті жи, тозды ми...
Жыр жазбасаң, тартар ой
Күннен күнге жалқауланып баяу...
Мида жоқ бұзық қан, ақылың таза.
Не себептен боласың, ойды бұзып.
Күдер үзіп, наза.

Бұл үзінділерден де ойдың «қартаятынын», «тозатынын», «жал-қауланатынын», мидың «тозатынын» байқап отырмыз. Ойдың «еріншек» болуы, ал жыр жазбаса (яғни күнде ойланып, толғанбаса) «жалқау тартуы» сияқты ұғымдар бұрынғы поэзияда атымен болған жоқ. «Сергек ой», «терең ой», «алжасқан ми», «ауысқан ми» деген сөз тіркестері әбден таныс та, ал ***«тозған ой», «жалқау тартқан ой»*** дегендер болмаған. Әрбір физикалық дене, зат сияқты ойдың да, ақылдың да тозатынын білдіру мақсатында бұл атауларды қолданған. Денені, қолды ғана емес, ойды да, миды да жаттықтыру, шынықтыру керек дегенді уағыздайды. Ой, ми мақсаты үздіксіз жұмыс істеу, тынымсыз іздену, қарману. Адамның ұлы қасиеттерінің бірі – ойлану қасиеті. Ақын сол қасиеттен айрылмауды, қайта оны жетілдіре беруді көздейді.

Қапы қалсаң, қайта оқы, тағы да ойла,
Деп жүрме: сөзің қалды ішіме енбей.
(«Махабббат пен құмарлық»)
Соны ойла, өзге қызық істі ойлама

Біреуге айла, біреуге күшті ***ойлама*** («Қазақ айнасы» 68 бет)

***Ой*** деген зат есімді сөзге етістіктің – ***ла*** жұрнағы жалғануы іс-әрекеттің жүріп жатқанын білдірсе, болымсыз етістіктің – ***ма*** жұрнағы жалғау арқылы қимыл, іс-әрекет жасалмай, бұйрық райдың екінші формасында қолданған.

Ақын психикалық лирикалық кейіпкердің күйін етістіктін көсемше формалары арқылы да беріп отыр.

Ақын жаңа сөз тіркестерін жасау арқылы айтылмақ ойдың мән-мағынасын толық жеткізе алған. Олай дейтініміз ақын жаңа эпитеттерді кездейсоқ қолданып отырған жоқ. Оның айтайын дегені анығында да ***шолақой***, қартаятын ***қайран ой***, ***жүйрік ой***, үміт үзген ***қорқақ ой.*** Ақынның айтқалы отырғаны «алжасқан», «адасқан» ой», немесе «ауысқан» ми емес. Әрбір физикалық дене, зат сияқты ойдың да, ақылдың да тозатынын білдірген. Ақынның зары да, мұңы да осы сөздерде тұр; трагедиясы да осында. Өйткені бұл сөз тіркестері тектен-тек қолданылмаған, әбден титықтаған адамның қалпын аңғартады. Шәкәрім ***аталған шолақ, қайран, жүйрік, қорқақ*** эпитеттері арқылы ой ұғымына бейнелілік, нақтылылық сипат беруде.

Шәкәрім өлеңдеріндегі басты сарын – адалдық – арамдық, ар-ұят, әділет, білім мен ғылым, өнер арқылы адам өмірін мән мен жарастыққа толтыру. Шығармаларының шынайы адамгершілік мұраттардың қай заманның да қадірін, әсерін жоймайтындығынсезінеміз.

**Әдебиеттер**

1. Мағауин М. Шәкәрімнің шеберлігі // «Жұлдыз». – 1988. – №1.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, 2002.
3. Ақатаева Ш. Қазіргі ақындық поэзияның жанрлық көркемдік стильдік ерекшеліктері. – Алматы, 2005.
4. Оразбекова М. ХХ-ғасыр басындағы ақындық тұлға мәселесі // «Қазақ әдебиеті». – 1996.
5. Оразбек М. Ақынның тұлға табиғаты. – Алматы, 2002.
6. Әбдіғазыұлы Б. Шәкәрім шындығы // «Зерде». – 1989. – № 11.

ҒТАХР: 17.07.21

## ШӘКӘРІМ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Тлеубекова З.З.**, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
«Матай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы)

Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық мұрасын зерттеу енді ғана өрістеп келеді.Оның өмірі мен шығырмашылығын тереңінен, кеңінен қамтып әңгіме ету абыройлы іс. Әсіресе ақын жазып қалдырған мұраны мұқият жинап бастыру үлкен міндет.

Бұл әңгімізде Шәкәрімнің өнері жайында біраз ұққандарымызды ортаға салу ниетіндеміз. Бірақ онан бұрын Шәкәрімнің ақталу тарихына байланысты бірер сөз айта кеткіміз келеді.

Өйткені 20-30 жыл ішінде Шәкәрім мұрасын жарыққа шығаруға байланысты әрқилы пікір алысу, талқылау, кеңесу, ой қорыту кездерінде, ұсыныс жасау тұстарында, бұл іске біраз ат салысқан жайымыз болған – еді.

Ақынның туған жерінен, партия,совет органдарынан түскен көп хаттар, срға байланысты 60-жылдардың басында ҚКП Орталық комитеті арнаулы комиссия құрып, оның ұйғарымын тыңдаған. Кейін, яғни 1965 жылы ақынның өз басына байланысты жайлар біраз анықтама бастаған соң, көркем шығармаларының идеялық дәрежесін қарау, әрі ақын мұрасын түгел жинау жайында академияның әдебиет және өнер институтына тапсырма жасалған еді.

1966-1969 жылдары институт үш жыл бойы Шәкәрім шығармаларын жинап, зерттеп ақырында 164 өлеңін, 3 поэмасын, бірнеше аудармаларын мамандар толқысына салды. 1969 жылы 3 желтоқсанда Алматы жоғарғы оқу орындарының академияның қоғамдық ғылымдар институттарының, жазушылар одағының, басқа да мәдениет, баспасөз орындары мамандарының қатысуымен. Институт жанындағы үйлестіру кеңесінің мәжілісі шақырылды. Қорытындысында бір-ақ қана шешім қабылдады: Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларында идеялық, иә басқа саяси қате жоқ, көркемдігі жоғары, осы себепті ақынның қазір Институт жинаған 706 беттік мұрасы бір кітап болып басылсын. Өйткені КСРО Прокуратурасы 1958 жылы ақтағаннан кейін мәселенің шешілгені анық қой [1].

Сонда да қара дүлей күштер сондай заңды қағазды өзін жоққа шығарып, ақын атын 30 жыл бойы аттатпай келді. Ол әлі саяси ақтау емес деп, аңқау елге арамза молдалар өктемдік етті.

Мәдениет, әдебиет майданында айтса адам сенбейтін жайлар бастан кешілді. Ендігі міндет соны қайтадан болдырмау, қайта келтірмеу, ақыл, ой, сана мәселесін нұсқаумен шешуден әбден арылу. Енді міне, ақын шығармалары халық игілігіне айналған кезде, бар күш-жігерін осыған жұмсаған Шәкәрімнің баласы Ахатта арамызда жоқ. Ол 1984 жылы 80-нен асқан жасында дүние салды.Оның бармаған, жазбаған, кезбеген жері кем-ақ. 1958 жылғы ақтау да соның көп ізденіп, сұрануына байланысты еді. Абайдың Жидебайдағы қыстағы қайта қалпына келтіріп, Семейдегі мұражайдың филиалы болғанда Ахаттың соның меңгерушісі, қараушысы етіп бекітіп едік. Кейін Ахат Абайдың Семейдегі мұражайында біраз уақыт қызмет істеді.

Абай дәуірінің оған тетелес кейінгі заманның ірі ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері – бай мұра, көркем қазына. Бір кезде бастауыш мектепте «Ләйлі-Мәжнүн» жырының иесі атақты Шәкәрім екенін біліп пе! 30-жылдары жарық көрген, сыртқы беттері жыртылған,С.Сейфуллиннің аз ғана алғы сөзі де өшкен кітапша «Арабта бір бай бопты дәулеті асқан» деп басталатын. Жыр жазған кім,бастырған кім екенін енді біліп отырмыз. Сол 30-жылдары көзден ғайып болған ақын шығармалары 50-60 жыл өйткен соң,енді ғана қайта оаралады.Әдебиет тарихында бұл оқиғаның алатын орны үлкен-ақ.

Қазақ поэзиясының Абай қалдырған дәстүрін ілгері созып,көп жаңалықтармен байытқан Шәкәрім Құдайбердіұлының көркем мұрасы туған әдебиетіміздің елеулі белесінен саналмақ. Ақын жөніндегі осы ой-түйініміз мұнан ширек ғасыр бұрын қағаз бетіне түскен еді. Осы зерттеуде соның сұлбасы толық сақталды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары асқан көркемдігімен, соны қалпымен баурайды. 1922-1923 жылдары «Шолпан» журналында басылған «Ләйлі-Мәжнүн» (1935 жылы С.Сейфуллин ол поэманы жеке кітапша етіп шығарды), 1924 жылы Семейде басылған «Дубровский» әңгімесі (А.С Пушкиннен аударма), 1936 жылы «Әдебиет майданында» жарияланған «Боран» (А.С Пушкин) хикаясы болмаса, кеңес дәуірінде Шәкәрім шығармалары арнайы жиналмаған,жарық көрмеген [2].

Белгілі поэмалары «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» және «Қазақ айнасы» деген біраз өлеңдерінің жинағы 1912 жылы Семейде «Жәрдем» баспанасында жарияланған.

Шәкәрімнің өз басы да,шығармашылығы да қазақ әдебиеті тарихындағы терең, жіті зерттеуді керек ететін көрініс. Ақын өзінің өлеңдерінде ойланып, толғануы көп, уайым-қайғы басқан, жалғыздық жапасын мол тартқан жан ретінде көрінеді. Лирикалық өлеңдерінен ол, әсіресе, айқын сезіледі. XX асырдың бас кезіндегі шым-шытырық, әлеуметтік оқиғалар Шәкәрімді толғантқан, негізінде ақын дүниені рационалистік жөнімен тануға ұмтылған. Әлемдік мәдениеттен, әлеуметтік жайлардан көп хабардар болған. 1917 жылғы революцияларға құлағы елең етіп, бостандық туралы біраз өлеңдер жазса да, бірақ кейін ол тақырыпқа терең бармайды. Бірді-екілі өлеңін алашқа, оның көсемдеріне арнайды, олар жөнінде жылы сөз айтады.

Мұның бәрі, сөз жоқ, заман кейпінің белгісі. Ағартушылықты, оқу-білімді, өнерді насихаттай отырып, байларды, атқа мінерлерді батыл сынап, еңбекші халықтың ақысын жемеуге, оларды демеуге шақырып отырғанмен, революция мен азамат сғысы жылдырындағы әрқилы оқиғаларға белсене араласпайды.1916 жылғы қозғалыс, 1917 жылғы төңкеріс, азамат соғысы, қазақ ауылын көркемдеу сияқты жер жүзін сілкінткен өзгерістер дүбірі Шәкәрім өлеңдерінде солғын естіледі. Жалпы кедейге ұнамды басталған,бірақ даурықпасы көп саясат ақын көңіліне ұялай қоймаса керек. Рас, ақынның бұл кезде қартайып ,құғын, күрес, уайым, жапа,жалғыздық жайлардан титықтап қалған шағы еді [3].

Қоғам жақсаруы, қайта құру, өйткенді марксистік-лениндік методология тұрғысынан объективті ғылыми, терең зерттеуге мүмкіндік ашылған жағдайда ақын Шәкәрім Құдайбердиев мұрасы халық қазынасына айналып отыр. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бюросында «Ақын Шәкәрімнің мұрасы жөнінде» мәселе қаралуын қарсы алды. Мән-маңызы ерекше осы документте былай делінген: «Шәкәрім әдеби идеялық-тақырыптық мазмұнының ақуқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатынын молдығымен және ол XXI және XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады». Бұл мұра ұзақ жылдарғы «үнсіздік» пен қазақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс.

Далее следует начальная стадия общения. Это, по существу, переходный этап от пред коммуникативной ситуации, то есть прогнозирования общения, к ситуации непосредственного взаимодействия. Современные социально-психологические исследования показывают, что человек по-разному может выступать в процедуре общения:

- во-первых, может быть инициатором;
- во-вторых,- субъектом;
- в-третьих, в разных ситуациях выступать или активным, или пассивным участником взаимодействия;
- в-четвертых, в соответствии, например, с концепцией трансактного анализа, он может выполнять одну из трех основных ролей: «Родителя», «Взрослого» или «Ребенка».

Своеобразие оптимального педагогического общения заключается в том, что инициативность здесь выступает как способ управления общением и, соответственно, целостным учебно-воспитательным процессом.

Значительно большая возможность искажения связана с эмоциям – эмоциональные барьеры. Это происходит, когда люди, получив какую-либо информацию, более заняты своими чувствами, предположениями, чем реальными фактами. Слова обладают сильным эмоциональным зарядом, причём не столько сами слова (символы), сколько ассоциации, которые они порождают в человеке. Слова имеют первичное (буквальное) значение и вторичное (эмоциональное).

Педагогическое общение на профессиональном уровне осуществляется непросто. Наблюдения, опросы преподавателей, позволяют сделать вывод, что у начинающих педагогов наибольшие затруднения вызывают такие элементы педагогической деятельности, как управление своими психическими состояниями и руководство общением, хорошее самочувствие во время общения с воспитуемыми и организации общения, выражение собственного отношения к учебному материалу и создание атмосферы коллективного познавательного поиска и совместных раздумий.

Личностный компонент выражается непосредственно в поведенческих актах субъектов образовательного процесса. Функционально-ролевой компонент обусловлен объективной природой образовательного процесса. Примером может служить контрольно-оценочная деятельность педагога, в рамках которой его личность как бы выносится за рамки взаимодействия.

В рамках процесса педагогического общения реализуется гуманистическая направленность образовательного процесса, так как в процессе взаимодействия педагога и учащихся происходит развитие их индивидуальности. В таком случае наиболее приоритетной ценностью выступает именно индивидуальность преподавателя и учеников, в чём и состоит сущность педагогического общения. Необходимо заметить, что гуманистическая направленность образовательного процесса предполагает партнёрство и равенство его субъектов.

Таким образом, педагогическое общение является крайне значимым компонентом профессиональной деятельности современного преподавателя. От того, как педагог организует общение с детьми, зависит, насколько полно они смогут раскрыться, проявить свои индивидуальные качества, усвоить учебный материал, проявлять потребность в познавательной деятельности. Педагогическое общение является формой межличностного общения, которая подчиняется общим

закономерностям, но в то же время имеет свои черты, которые ей характерны. Оно включает в себя интерактивный, перцептивный и коммуникативный элементы.

Обобщая вышесказанное, необходимо заметить, что педагогическое общение представляет собой комплексный процесс организации коммуникации, взаимодействия и взаимопонимания преподавателя и учеников, который выражается в целях, содержании и характере учебно-воспитательной работы.

**Литература**

1. Аухадеева Л.А. Коммуникативная культура будущего учителя как объект системного исследования. – Казань: Изд-во Казанского ун-та, 2017.
2. Батраков С.Н. Основы профессионально-педагогического общения: учеб. пособие. – Ярославль: Яросл. гос. ун-т, 2009. – 80 с.
3. Грехнев В.С. Культура педагогического общения: кн. для учителя – М.: Просвещение, 2016.
4. Жампеисова К.К., Хмель Н.Д., Калиева С. Д., Хан Н.Н. Тенденции развития профессиональной подготовки будущих специалистов в современном мире // Высшая школа Казахстана. – 2008. – № 2. – С. 13.
5Сластенин В.А. Педагогика: учеб. для студ. высш. учеб. заведений /В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов. – М.: Академия, 2008.
6. Станкина М.И. Профессиональные способности педагога: Акмеология воспитания и обучения. – М., 1974.
7. Жампеисова К.К., Хмель Н.Д., Калиева С. Д., Хан Н.Н. Тенденции развития профессиональной подготовки будущих специалистов в современном мире // Высшая школа Казахстана. – 2008. – № 2. – С. 13.

МРНТИ: 14.25.09

## «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ

**Оразбаева Ш.Б.**
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
bagdatova.25@mail.ru

Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің/сабақтың мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады. Оқу бағдарламасы оқыту үдерісін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігінін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды. Мектеп тәжірибесінде екі ось қолданылады: перспективалық және ағымдағы. Ұзақ мерзімді жоспарлаудың мақсаты - мұғалім мен оқушының жұмыс жүйесін анықтау, оның мақсаттылығын және оқытуды педагогикалық тұрғыдан мақсатты және үнемді пайдалануды қамтамасыз ету. ең маңызды шоттарды шешуге уақыт. және бағдарламалық материалды оқу үдерісіндегі білім беру міндеттері. Ағымдағы жоспарлауда оқыту мен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нақты мазмұны, әдістері мен әдістері анықталады. Перспективалық жоспарлау тақырыптық негізде жүзеге асырылады. жоспарлар сыныптар. Олар әр тақырып бойынша әзірленген. бағдарламалар немесе бірнеше шағын және ұқсас тақырыптар бойынша материалдар әр түрлі шоттар бойынша дәйекті түрде таратылады. сыныптар. Сабақтың, зертханалық жұмыстың (сабақ), практикумның, практикалық жұмыстың тақырыптары анықталды. және семинарлар, танымдық экскурсиялар, бақылау жазбаша жұмыстар, жалпылама, қайталанатын және несиелік сабақтар жоспарланған. Шоттардың саны анықталады. тақырыпты зерттеуге арналған сағаттар. Тақырыптық. жоспар егжей-тегжейлі болуға міндетті емес. Тақырыптық. жоспарлар мұғалімдерге бағдарламаның барысын уақытында қадағалап отыруға көмектеседі. Ағымдағы жоспарлау мұғалімнің жеке арналған жоспарларын құрудан тұрады. Сабақ жоспарын құру арқылы мұғалім сабаққа дайындықты аяқтайды. Сабақ жоспары - мұғалімнің жұмыс құжаты. Ол сабақ тақырыбының нақты тұжырымдамасын береді, оның дидактикалық бағытын анықтайды. және білім беру мақсаттары. Сабақтың мазмұнын дамыта отырып, мұғалім әңгіме, әңгіме, дәрістің қысқаша сұлбасын ұсынады; студенттерге сұрақтар, өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар құрастырады;

жаттығулардың нөмірлерін тізімдейді, қара бидай сабақта орындалады, қажет болған жағдайда мұғалімнің өзі дайындаған жеке жаттығулардың немесе тапсырмалардың мазмұнын жазады; оқушының білімін тексеру әдістерін анықтайды және т.б. Бұл материалдың барлығы жоспарда сабақта қолданылатын ретпен жазылады. Сабақ жоспарлары мүмкіндігінше дәл және нақты, және қысқа болуы керек. Толық жоспарлар, шоттың жазбалары. сабақтарды жаңадан бастаған мұғалімдерге ғана ұсынуға болады. Жоспарлар практикалық. сабақтар, сабақтың тақырыбы көрсетілген, қажетті есеп жабдықтар, тапсырмалардың мазмұны баяндалады, сұрақтар практикалық нәтижелер негізінде жалпылама әңгімеге құрылады. жұмыстар немесе жалпылау жұмысының тақырыбы (графика, суреттемелер, тапсырмалар және т.б.). Егер зертханалық сабақ оқулықтарға орналастырылған нұсқаулық немесе тапсырмалар бойынша өткізілсе. нұсқаулықта, жоспарда тек сәйкес нұсқаулық карталарының нөмірлері немесе сабақта қолданылатын кезектілік бойынша тапсырмалар көрсетіледі. Практикалық жүргізу кезінде. жоспарлардағы жердегі сабақтар сабақтардың орны мен оқушылардың әрбір жеке тобының жұмысының мазмұнын көрсетеді.

Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдемелер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады. Құндылықтық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік тәсілдемелер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру үдерісі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылды, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

«Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарындағы оқыту мақсаттары бірнеше сыныптарға арналып, тізбектеле жүйеленген. «Көркем еңбек» оқу пәнінің мұғалімі нақты сыныпқа арналған тақырып бойынша оқыту мақсатына сәйкес сабақта оқушыларға үйрететін білім беру мазмұнын немесе оқу материалын еркін түрде, өзбетімен құрап жүйелеуге мүмкіндік алады. Бірақ, сол білім беру мазмұны сабақтың оқыту мақсатына жетуге кепіл беруі тиіс. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған оқыту құралдары, соның ішінде, оқыту әдістері мен үйрену әдіс-тәсілдері, енді, оқыту мақсатына жетуге және оқушылардың, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып таңдау негіз болады. Бұл оқытудың педагогикалық әдіс-тәсілдері сындарлы оқытудың, скаффолдинг, моделдеу, дамыта оқыту, әрдеңгейлі оқыту, саралап оқытудың теорияларына негізделе анықталған.Оқыту үдерісінде оқытудың мазмұны басым тәжірибеге бағытталады. Сол белсенді оқытудың стратегияларының бірі: топтық, эксперимент(зерттеу), тәжірибелік жұмыс, пікір талас, жоспарлау мен бағамдау жаттығуларын жүргізу, ықшамсабақ. Сол сияқты оқыту мен үйретудің тиімді әдіс-тәсілдеріне: моделдеу, пәнаралық байланыс, мультисенсорлық оқыту, бірлескен оқыту, саралау, пәнаралық байланыс, оқу әңгімелері, электронды оқыту және жаңа технологияларды қолдану, оқушылардың қажетіліктеріне сәйкес түрлері кіреді. Осы оқыту мен үйренудің әдіс-тәсілдері «Көркем еңбек» оқу сабақтарында оқушылардың біршама танымдық және тұлғалық құнды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. Мысалы, белсенді оқуда оқушылардың өз тәжірибесі негізінде эксперимент жасап, оқу материалының мәнін ұғынып түсінуіне, меңгерген білімді жаңа біліммен байланыстыруға, қателіктерді түсініп білімін жетілдіруге, терең білім алу мен көзқарастарды өзгертеді. Топтық жұмыста тұлғаралық қарым-қатынастарды нығайтады, ақпарт алу мен жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастырады, оқушылардың арасындағы тосқауылдарды бұзады. Саралап оқыту барысында оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес олардың түсінігі мен дағдылары дамиды, оқуға деген уәжі мен сенімі артады, күтілетін нәтижені арттыра алады. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, яғни, мұғалімнің оқушыларды қолдау жасай отырып, олардың уәжі мен өзін-өзі бағалау деңгейін арттырады, қай бағытта оқыту керектігін анықтауға көмектеседі, өзінің жұмысын жақсартуға ықпал етеді, оқушылардың оқу жолдарын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты пән мұғалімі оқыту барысында кері байланыс пен рефлексияның әр түрлі әдіс-тәсілдерін жиі қолдануды тәжірибелейтін болады. Осы сияқты басқа оқыту мен үйренудің әдіс-тәсілдері де оқушылардың құнды тұлғалық және танымдық қасиеттерін қалыптастыруға

мүмкіндік береді.Сонымен бірге, мұғалім сабақты жоспарлау, яғни, қысқа мерзімді жоспарлау барысында дәстүрлі дидактикалық қағидаларға және оқытудың жаңа стратегияларына сүйенеді. Сол стратегиялардың бірі: оқушылардың бір-біріне көмектесу үшін жұптарға бөлу; оқушылардың нәтижеге жету үшін көбірек уақыт бөлу; оқытуды шағын қадамдарға бөлу, талқылау, моделдеу және қосымша ресурстарды қолдана оқушыларға қолдау жасау, әр түрлі материалдар мен құралдардың көмегімен тапсырмаларды бейімдеу; жақсы әрекет ететін оқушыларды анықтау; оқытудың белгілі бір салалары бойынша өзін сенімді сезінетін оқушылар мен оқуда қиындықтары бар оқушыларды анықтау; оқушылардың жауаптарының алуан түрлілігі мен жекелеген оқушылардың күшті жақтарын ескере отырып, сыныптағы пән сабақтарында оң өзгерістер тұрғысынан ілгерлеуді және «мен істей аламын» ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік жасау (2сыныптарға); оқушылардың түрлі элементтер мен олардың құрамдастырылуын қолдану себептерін түсіндіруге бағыттау; кез-келген оқушының сабақ бойынша әрекеттерін дәлдік пен нақтылықта қарастыруға бағыттау; оқу мақсатына қол жеткізу үшін оқушы бейне кескіндерді дәл және мәнмәтінді қолдануға үйрету; көркемдік сапаның қалай қолжеткізуін және үйлесімді болуына бағыттау; мақсатқа бағытталған және ақпараттандырылған тәсілдермен жобалау және шешімдер қабылдау үшін қолдану; жасалған таңдаудың себебін анықтау; өз бетінше жұмыс жасау тәуелсіздігін арттыру.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру аясында жасалған «Көркем еңбек» оқу пәнінің білім беру бағдарламасының мәні оқушылардың «Көркем еңбек» пәні елестету мен бақылау қабілетің, кеңістікте тану және көзбен көріп қабылдау қабілетін қамтамасыз ететін, әр түрлі шығармашылық әрекет барысында, көркемдік-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдылар-ды қалыптастырады.«Көркем еңбек» кіріктірілген (бейнелеу өнері мен технология) білім беру бағдарламасы тәжірибеге мен нәтижеге бағытталған білім беру моделдеріне негізделгені анықталды. Ал, оның білім беру мазмұны мен педагогикалық әдіс-тәсілдері сындарлы, спиральды, скоффолдинг пен моделдеу, деңгейлеп оқыту, дамыта оқыту, сыни тұрғыда ойлау, саралап оқытудың теорияларына негізделіп құрылғаны байқалады.

**Әдебиеттер**

1. Әлімова А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.
2. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. Әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, екінші басылым, 2016. – 38 б.
3. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. –Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептер» ДББҰ, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2016. – 58 б.

ҒТАХР: 14.25.09

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

**Адамбаева А.**
7М01301–«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ магистранты
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Семей қаласы, ҚР

Қазіргі білім беру кеңстігінде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шартының бірі – оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру.

А.А. Вербицкийдің пікірінше, кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – студенттердің жоғары оқу орнында оқуы кезеңінде болашақ кәсіби қызметінің толықтай құрылымын қалыптастыру [1]. Бұл дегеніңіз, маманның тұлғасын қалыптастыруда мақсатқа жету үшін әрекеттің бір түрінен талаптары мен мотивтері де, мақсаты, құралы, пәні және нәтижесі де өзгерген екінші түріне көшуді қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру керек. Бүгінгі күні маманды кәсіби дайындау үдерісінде оқу әрекеті мен кәсіби қызметінің арасында қайшылықтар бар екені белгілі. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың белсенді әдістері мен технологияларын қолданудың маңызы ерекше.

XX ғасырдың екінші жартысында педагогикалық әдебиеттерде «білім беру технологиясы» термині пайда болды. Білім беру технологияларының пайда болуы мен қалыптасуы туралы шетел авторларының (Б. Блум, Д. Брунер, Г. Гейс, Дж. Кэрролл, Д. Хамблин және т.б.) және отандық ғалымдардың (С.И. Архангельский, Ю.К.Бабанский, В.В. Беспалько, П.Я. Гальперин, Х.К. Жампейісова, М.В. Кларин, Қ.Қ. Қабдықайыров, Ж.А. Қараев, В.А. Сластенин, Н.Ф. Талызина, П.М. Эрдниев және т.б.) еңбектерінде талданған.

Қазіргі білім беру кеңістігінде білім беру технологияларын қолдану ең өзекті мәселеге айналды. Кәсіби білім беру технологияларының өзектілігін анықтайтын факторларға төмендегілерді жатқызуға болады.

***Біріншіден,*** білімді меңгеруде қажеттілерін таңдауда ақпарат көлемінің өте ауқымдылығы.

***Екіншіден,*** қазіргі кездегі өркениеттің дамуының техногендік бағытының сапасыз кәсіби маман дайындаудың шығыны туралы ойлауға мәжбүр етуі. Осындай себептер маман дайындаудың сапасын арттыру үшін тиімді білім беру технологияларын іздеуге мәжбүрлеп отыр. Өкінішке орай, дәстүрлі лекциялық-аудиториялық жүйеде оқыту барысында білім беру сапасын арттыру мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген [2].

Ғалымдардың пікірінше, оқу үдерісін технологияландырудың негізгі критерийлері төмендегідей:

-*заңдылығы* (осы технологияның негізі болып табылатын белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға сүйенуі);

-*тұтастығы* (технологияның сапасын анықтайтын педагогикалық құрылымдық бөліктерінің өзара байланыстылығы);

-*басқарылымдығы* (диагностикалық мақсат қою, оқу үдерісіне мониторинг жүргізу, қажетті түзету енгізу);

-*тиімділігі* (білім беру стандарттарымен сәйкестігі, мақсатқа жетудің мүмкіндігі, уақыттың және экономикалық шығындардың үнемделуі);

-*өзгелердің де қолдануға мүмкіндігінің болуы* [9].

***Проблемалық – әрекеттік оқыту*** технологиясының мәні алдына тек кәсіби білімді меңгеру компонентін ғана емес, оны жүзеге асыру икемділіктерін де меңгеруге бағытталған мақсат қою.

Проблемалық – әрекеттік оқыту технологиясы оқытуда проблемалық және әрекеттік жағдайды кезең-кезеңмен жүзеге асырады. Бірінші кезең – оқытушының қойған проблемалық жағдаятын қабылдап, ой елегінен өткізу. Екінші кезең – қойылған проблемалық жағдаятты шешу әрекеттерінің мүмкіндіктерінің моделін ойластыру және негіздеу (әуелі өздерінің білетін білімдері арқылы, содан кейін жаңа ізденістер арқылы). Үшінші кезең – түзілген модельге сәйкес әрекеті (қабылданған шешімді тағы да бір сараптау). Төртінші кезең-әрекеттің және проблеманы шешудің дұрыстығын талдау. Бесінші кезең-көрсетілген әрекет барысында оқушылардың интеллектуалдық қабілетінің дамуын қамтамасыз ететін ойды талдау, дәстүрлі шешім қабылдаудан, шаблондар мен стереотиптен ойлау әрекетіне шығу.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл технология тек жаңа білімге, жаңа білік, дағдыға ие болуға көмектесіп қоймайды, сонымен қатар әртүрлі кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шешу барысында көптеген тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

***Оқытудың контекстілік технологиясы*** проблемалық оқытудың негізгі заңдылықтарын есепке ала отырып жасалған. Мұндағы «контекст» ұғымы ойды ауызша немесе жазбаша толық жеткізу мағынасында қолданылады.

Контекстілік оқытуда бұл ұғым психологиялық категория ретінде қарастырылады, оның көмегімен әртүрлі деңгейде болып жатқан психологиялық үдерістер түсіндіріледі. Адамның кезкелген әрекетін тек қана диалогтық контекст арқылы түсінуге болады. Контекстілік технологияда негізгі тірек тұлға дамуындағы кәсіби ынтаның қалыптасуы болып табылады. Сондықтан, студенттің оқу әрекетінің мазмұны оқу пәні арқылы ғана емес, маманның моделі, яғни болашақ кәсіби қызметі туралы логикасына да байланысты қалыптасады. Бұл оқу үдерісіне тұтастық, жүйелілік бере отырып, оқып отырған пәннің мағынасын терең түсінуін қамтамасыз етеді.

Контекстілік технологияның маңызды элементі студенттің оқу әрекетінің түрі кәсіби іс-әрекет түріне сәйкес келі болып табылады. Бұл жерде үш базалық әрекет түрлерін бөліп айтуға болады: оқу әрекеті (лекция, семинар), квазикәсібилік (кәсіби іс-әрекет түрлерінің моделін бейнелейтін іскерлік

ойындар, басқа да ойын түрлері), оқу-кәсіби (студенттердің ғылыми–зерттеу жұмыстары, өндірістік практика, диплом жұмысын жазу). Бұлардан да басқа кәсіби білім беру мақсаттарына сәйкес келетін кезкелген дәстүрлі және жаңа әрекет түрлерін пайдалануға болады. Контекстілік технологияда адамның табиғи болмысына еліктеуші әдістер қолданылады.

***Дискуссия*** қатысушылардан талқыланып отырған мәселеге өзінің көзқарасын білдіруді, таласта басқалардан өзгеше өзіндік ойының болуын талап ететіндігімен сипатталады. Дискуссия студенттердің қарым – қатынаста сөйлеу мәдениетінің қалыптасып, тіл байлығының дамуына тиімді әсер етеді.

***Проблемалық семинар*** дискуссияға қарағанда білімді молайтуға көбірек ықпалын тигізеді, семинарға қатысушылар өз білімдерін толығырақ көрсетуге мүмкіндік алады. Проблемалық семинар жұмысы дәстүрлі семинардағыдай алдын-ала белгілі дайын білім төңірегінде емес, керісінше әлі белгісіз мәліметтерге құрылуы керек. Семинарда студент өзі ізденіп, өзінің еңбегімен материалдар жинағандықтан, білімді тереңірек меңгереді, себебі өзінің жинаған материалдарын өзі жақсы түсініп, есте сақтайды.

***Тренинг*** көбіне біліктілікті қалыптастыру бағытында жүргізіледі. Трнеингті ұйымдастыру үшін біліктіліктің қандай деңгейіне қол жеткізуді нақты жобалап, дәл керек мәселені түсініп алу қажет. Бұл жерде диагностикалық мақсат қою тиімділік кепілі.

***Модульдік оқыту технологиясының*** педагогикалық негізі американдық философ Дж. Дьюидің педагогикалық жүйенің ядросы оқушы болып табылатын, өз бетінше білім алу және өзін - өзі бақылау басым маңызға ие тұлғалық – орталандырылған оқыту идеясына бағытталған. Модульдік оқыту технологиясының психологиялық негізі – «білімді толық меңгеру жүйесі» (Дж. Кэрролл, Б. Блум т.б.), бір оқу материалын оқушылардың интеллектуалдық қабілетінің әртүрлілігіне байланысты меңгеруге түрліше уақыт талап етіледі, бірақ дәстүрлі оқытудың сыныптық жүйесі жеке жұмыстануға жол бермейді, белгілі бір материалды бір мезгілде игеруді талап етеді. Сондықтан, әр оқушы материалды меңгеруге жеткілікті уақытқа ие болса өте тиімді болған болар еді [11. 12].

***Интерактивтік технологиялар*** оқытудың әдістері мен түрлерінің, бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты іске асыра отырып, студенттің белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік береді. Демек, бір –бірімен бетпе – бет кездесусіз–ақ студент пен оқытушы арасында интерактивті қарым–қатынас орнату және пән бойынша білім мен дағдының белгілі бір мөлшерін өз бетінше игеру.

«Интерактивтік» термині ағылшынның өзара белсенділік мағынасындағы «interaction» сөзінен шыққан. Бұл термин көбіне – көп информатика, коммуникация және өндірістік дизайн саласында кеңінен қолданылады.

***Жобалау технологиясы*** тек қандай да білім беріп қоймайды, ақпарат алу, оларды теориялық, практикалық кәсіби қызметінде қолдана білу тәсілдеріне, студенттерді топпен де, жеке де жұмыс істеуге үйретеді; әртүрлі ұйымдастырушылық шешімдерді өз бетінше қабылдай білу біліктілігін қалыптастырады; коммуникативтік біліктілігін дамытады; фактілер мен құбылыстарды талдау, салыстыру, сәйкестендіруді үйретеді; студенттердің идея тастау, болжау және оларды шешу біліктілігін дамытады; білім беру үдерісінде танымдық шығармашылық құзыреттілігінің негізі ретіндегі субъектінің шығармашылықпен ойлау қалыптасады; студенттердің түйіндік құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асады.

***Зерттеушілік оқыту технологиясы*** жеке тұлғаның шығармашылықпен жұмыс істеп, зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды меңгеруін қалыптастыруда маңызды болып табылады. Зерттеушілік білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет. Шығармашылық зерттеушілік – ізденіс кез келген кәсіптің ажырамас бөлігі, сондықтан мектеп оқушысын төменгі сыныптан бастап зерттеу әрекетіне дйындау, оның зерттеушілік ізденіс білігі мен дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім беру ісінің маңызды міндеті болып саналады. Қоршаған ортаны зерттеуге ұмтылу тірі жан психикасының тамаша ерекшеліктерінің бірінен саналады. Табиғат мұндай ерекшелікті тек адамдарға ғана емес, жануарларға да берген.

Зерттеушілік әрекеттің жемісті жүзеге асуы үшін субъектіден арнайы тұлғалық білім – зерттеушілік қабілет талап етіледі. Зерттеушілік қабілет отандық психология дәстүрлерімен сәйкес, тұлғаның зерттеушілік әрекеттің жемісті жүзеге асуының субъективтік шарттары ретіндегі жеке психологиялық ерекшелігі болып табылады [19].

***Ойындық оқыту технологиясы*** белсенді оқыту технологияларының бірі. Ойындық оқыту әдісі имитациялық және имитациялық емес болып бөлінеді. Имитациялық емес әдіске проблемалық

лекция, дөңгелек үстел, лекция – конференция, алдын-ала жасалған конспект бойынша лекция, шолу лекциясы, коллоквиум, бағдарламалап оқыту, семинар, тақырыптық дискуссияға арналған көшпелі сабақ, топтық консультация, олимпиада жатады. Имитациялық әдіс ойындық және ойындық емес болып екіге бөлінеді. Ойындық имитациялық әдіске тиімді шешім таңдаудың көп нұсқалылығы, «миға шабуыл», іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, жеке технологиялық үдерісті ойын арқылы жобалау, ал ойындық емес имитациялық әдіске ситуациялық шешімдер, жекелеген міндеттерді шешу, сабақтың қорытындысын шығару және оқытушының бағалауы, ұсынылған нұсқаларды талқылау, семинар өткізу, жеке тренажер жатады. Оқытудың белсенді имитациялық әдістерінің ішінде ойын әдісі кең тараған. Іскерік ойындар әдісі 1930-шы жылдардың басында Мәскеу, Ленинград, Харьков т.б. қалалардағы жоғары оқу орындарында пайдаланылды.

Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы студенттерімен өткізілетін іскерлік ойындар көбіне бастауыш сыныптағы пәндерден сабақ беру әдістемесіне арналады. Студенттер өздері дайындаған тақырып бойынша кезектесіп сабақ өткізіп, қалғандары оқушының рөлінде отырады. Сабақтарда (іскерлік ойын кезінде) бастауыш оқытуда қолданылатын оқыту әдістері, технологиялар, сабақтың түрлері, білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттардың орындалысы т.б. мәселелердің көрініс беруі қадағаланады, студенттерде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына ықпалы тиетіндей етіп ұйымдастыруға назар аударылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының бір көрінісі-оның сабақтарда оқытудың технологияларын қолдана білуі.

**Әдебиеттер**

1. Әбдікәрімұлы Б., Мәлібекова М.С. Білім берудегі педагогикалық технологиялар // Ізденіс. – 2003. - №4. – Б.200-203.
2. Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепция и технологии: монограф. – Волгоград, 1994. – 150 с.
3. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека / А.Г. Асмолов –М.: Академия -2007г. -526с.
4. Никитина Н.Н. ВВедение в педагогическую деятельность: теория и практика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. завед. / Н.Н. Никитина, Н.В. Кислинская –М.: Академия -2004г. -224с.
5. Лебедев О. Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. 2004. № 5. С. 3–12.
6. Смолянинова О. Г. Компетентностный подход в педагогическом образовании в контексте использования мультимедиа. Красноярск, 2006. Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности учите¬лей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: Автореферат дис. ... к.п.н, Алматы, 2004 г. - 30 с.

ҒТАХР: 14.25.09

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАБИҒАТҚА ЖАҒЫМДЫ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Баядилова Н.**
7М01301–«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ магистранты
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Семей қаласы, ҚР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» 2022 жылғы 16 – наурыз, еліміздің көп ұлтты мәдениетін жаңғырту, сақтау және өркендету мақсатында келер ғасыр – ең алдымен Мәдениет ғасыры деп көрсетуі болашақ ұрпақты экологиялық мәдениетке тәрбиелеудің міндеттерін шешудің маңызын арттыра түседі.

Оқушылардың табиғатқа жағымды қатынасын қалыптастыру мәселесінің теориялық негізін айқындау «мәдениет», «мәдениеттілік», «экология», «экологиялық тәрбие», «экологиялық мәдениет» ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты.

Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде кездесетін қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтауға назар аудардық. Осыған байланысты психологиялық, педагогикалық тұрғыдан экологиялық мәдениеттің мәні және құрылымы ашып көрсетіледі. Экологиялық мәдениет дүниежүзілік мәдениеттің маңызды кезеңі және құрамды бөлігі

деп қарастырылады және экологиялық қауіпсіздікті болжау, айнала қоршаған табиғи ортаны қорғау мен жақсартуды қамтамасыз ету қажеттілігін түсінумен тығыз байланысты. Экологиялық мәдениет адамның тіршілік әрекетінің рухани-адамгершілік саласы ретінде оның табиғатпен өзара әрекетінің ерекшелігін сипаттайды және экологиялық сана, экологиялық қарым-қатынастар, экологиялық іс-әрекеттер элементтерінің өзара байланыс жүйесін қамтиды. Экологиялық мәдениет ұғымы педагогика саласында экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне айналады. Бұл педагогикалық мәселеге тұлғалық тұғырына сәйкес адамды табиғаттың ажырамас бөлігі, жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің, тарихи процестің дамуының субъектісі ретінде қарастыруды талап етеді [1].

Экологиялық мәдениет адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасады, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, жетіледі. Сондықтан да экологиялық мәдениеттің мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшеліктерімен ғана байланыстыруға болмайды.

Қазіргі таңдағы қоғамның алдында экологиялық апатқа әкеп соқтыруы мүмкін табиғатпен өзара әрекеттің қазіргі тәсілін сақтап қалу, не болмаса адам өміріне пайдасы бар биосфераны сақтап қалу мәселелері тұр. Көлемді экологиялық дағдарыстың қатерлілігі адамзат атаулының өмір сүру шарты болып табылатын субъектінің жаңа этикасын, құндылықтарының жаңа жүйесін қалыптастыруды талап етіп отыр. Осыған орай қалыптасқан кәсіби іс- әрекеттерді экологиялық этика нормаларына сәйкес өзгерту туындайды (А. Швейцер, Н. Моисеев және т.б.).

В.М. Межуев айтқандай: «Мәдениет табиғаттың адам үшін маңызды екендіген жоққа шығармайды, керісінше адамның табиғатпен байланысының ерекше формасы. Мәдениет – ең алдымен адамдардың тарихи даму барысында және оның белгілі бір белгісінде көрініс тауып отыратын табиғатқа деген қарым–қатынасы», - десек, оның сан түрлі қызмет атқаратындығын байқаймыз. Мәдениет теориясын зерттеушілір мәдениеттің қоршаған ортаны, дүниені меңгеру және жаңарту коммуникативтік, ақпараттарды жинақтау және сақтау, нормативтік, тыйым салу (Э.В. Соколов), адаптивтік (Э.С. Маркарян), әлеуметтік тәжірибені жеткізші (Г.В. Грач) сияқты функцияларын ажыратып көрсетеді. Сайып келгенде, мәдениет ұғымын адамнаң ұстамды бола білуі және табиғатқа деген өз қарым–қатынасын шектей алатын шама–шарқы ретінде тануымызға болады [2].

Қазіргі экология кешенді ғылымдар ретінде дамып отыр. Сонымен бірге экология табиғатта болып жатқан барлық өзгерістердің себебін анықтау, баға беру және оның зиянды жақтарының алдың алу мәселелерін қарастырады. Ең алғаш 1866 жылы «экология» терминін неміс биологі Э. Геккель ұсынып, оның анықтамысын берген [3].

Экология – тірі организмдердің бір–бірімен қарым–қатынасын қоршаған ортамен байланыстырып зерттейтін ғылым. Бұл анықтама қазіргі ғылыми – техникалақ үдеріспен және адамның іс-әрекетімен байланыстырыла айтылып, оның аясы кеңейе түсуде. Егер біз байыптап қарасақ, адам баласы ерте кезден бастап–ақ, өзінің тұрған мекенін таза ұстаған. Үйінің айналасына тал егіп, ауласының көшесінің тазалығына көңіл бөлген. Осының бәрі барлық халықтың салт–дәстүрінде қалыптасқан жағдайлар. Бертін келе жер шарында адам саны өсіп, ғылымы мен білімі дами бастады. Адам баласы өзінің материалдық игілігі үшін табиғат байлықтарын барынша игеруге тырысты. Осыдан кейін, экология ғылымының мақсаты мен міндеттері және нені зерттейтіні айқындала бастады. Экология ғылымының мақсаты – барлық тіршілік атауларының табиғи ортасын тұрақтандыру, бүлінуге, ластануға жол бермеу, табиғат қорларын тиімді пайдалану, болашық ұрпақтың салауатты өмір сүретін ортасын қалыптастыру [4].

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру экологиялық білім мен тәрбие берудің міндеттеріне сәйкес келеді.

Экологиялық тәрбиенің негізі Шығыс философтарының еңбектерінде маңызды орын алды. Бұл ғұлама ғалымдардың есімдерімен байланысты, атап айтқанда, әл–Хорезми, әл–Фараби, әл–Бируни, Ибн–Сина, Ж.Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи, М.Қашқари және т.б.

Табиғат құралдары арқылы балалардың адамгершілік сезімдерін қалыптастыру, педагогикалақ тәрбиенің құндылықтарын арттыру жайлы кезенде еуропалық ұлы педагогтар Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, Т. Песталоцци да атап көрсеткен болатын.

Табиғаттың сұлу көріністері негізінде табиғатпен қарым–қатынасты орнықтыру, білім беру, тәрбиелеу, дүниетанымын дамытуды қазақ халқының ағартушы – ғалымдары мен ақын–жазушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов өз еңбектерінде тілге тиек етеді.

ТМД елдерінің педагог – ғалымдары И. Зверев, А. Захлебный, Н. Рыков, И. Суравегина, А. Сидельковский, И. Пономарева, Ә. Тұрдықұлов және т.б. экологиялық тәрбие берудің мақсат–міндеттері мен мазмұн жүйесін жасап, мектеп алдында тұрған күрделі міндеттерді шешуіне атсалысуда.

Қазақстандық ғалымдардың ішінде Ә.Бейсенова, Ж.Жатқанбаев, Н.Сарыбеков, Ә.Бірмағамбетов, К.Жүнісова, К.Сарманова, М.Сарыбеков, Ж.Шілдебаевтар өз еңбектерінде оқушылардың экологиялық білім–біліктері мен дағдыларын қалыптастыру жайларына баса назар аударды.

«Экологиялық мәдениет» ұғымына мәндік сипаттама беруде Б.Т. Лихачев, Н.С.Дежникова және т.б. ғалымдардың экологиялық мәселелерді мәдениеттану тұрғысынан және экологиялық мәдениетті аксиологиялық және психолого-педагогикалық феномен ретінде қарастыратын тұжырымдамасынының маңызды зор.

Қазақсандық философия ғалымдарың зерттеушілері Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, Ғ.Ақмамбетов, Ә.Жақсыбеков және т.б. еңбектерінде табиғатқа санала қарым–қатынас адам дүниетанымының құрамды бір бөлігі екендігін тұжырымдаған. Ресей философтары М.Фамин, А.Гусейнов, В.И.Фурсовтың пікірінше жеке тұлғанаң табиғатқа жағымды қатынасын қалаптастырудың қажетті шарты, адамның табиғатпен карам–қатынасының нәтижесінде әлеуеттік сана – сезімнің пайда болуы. Олай болса, экологиялық мәдениет жеке адамдар саналылығының маңызды көрсеткіші болып табылады деп қорытынды жасайды. Экологиялық мәдениет бастауыш сынып оқушыларының бастапқы ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, экологиялық сананаң өзегі болып, баланың алғашқы рухани бейнесіне тұтастық әкеледі, оны қоршаған табиғи ортаға әлеуеттік мәнді және экологиялық қолайлы қағидалар тұрғысында қаруландырады. Жеке адамның экологиялық мәдениеті дегеніміз – табиғатты аялау талабына сай келетін білім, іскерлігі және дағдысы, іс-әрекетке әзірлігі мен оны жүзеге асыру.

Келтірілген анықтамаларға қарағанда экологиялық мәдениетті қалаптастыру мақсаты – «Адам - қоғам – табиғат» түрінде үйлесімділік орнату, табиғи байлықты сақтау, молайту және тиімді пайдалануды жауапкершілік сезімін тудыру [5].

Сонымен, экологиялық қарым-қатынастар экологиялық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде адам өмірінің табиғи жағдайларын танып білуге, өзгертуге және сақтауға бағытталған танымдық, реттегіш және табиғат қорғау қызметтерін атқарады. «Адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі қатынастарды ізгілендіру адамның іс-әрекетінің түрі сферасын экологияландырмайынша мүмкін емес.

Экологиялық сана – экологиялық мәдениеттің рухани формасы, сонымен бірге ол адамның табиғатқа және адамдар арасындағы өзара қарым–қатынасты көрсетеді.

Экологиялық сананың құрылымын зерттей келіп, ғалымдар одан экологиялық білімді, оның деңгейлерін – тұрмыстық және ғылыми – теориялық - бөліп көрестеді. Экологиялық білімнің тұрмыстық деңгейіне діни түсініктер, дәстүрлерді, ал ғылыми – теориялық деңгейге ғылыми концепциялар, ұғымдар және т.б. жатқызады [6].

Экологиялық білім адамның экологиялық санасын дамытуды, оның табиғатпен қарым–қатынастарын оңтайластыру мен үйлестіруді қарастырады. Тұлға өркениетке тікелей емес, мәдениет салалары мен адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыздандыратын экологиялық этика қажет. Тұрақты дамуды мақсат тұтқан білімдер – адамның қоршаған орта жауапкершілігін дамытуға, қазіргі және болашақ ұрпақ қызығушылықтарын ескере отырып табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға бағытталады.

Осы тұрғыда Я.А. Коменский «Тәрбиенің негізі – табиғат, ал адам – табиғаттың бір бөлігі және оның заңдылықтарына бағынушы» деп сипаттаған.

Қорыта келгенде, экологиялық тәрбиенің мазмұны экологиялық мәдениеттің ерекшелігімен айқындалады. Экологиялық мәдениеттің құрылымдық қалыптасу үдерісі барысында жеке тұлғаның меңгерген экологиялық білімі, сенімі мінез–құлқы ережелеріне айналып, табиғи ортадағы оның іс-әрекетінің сипатын анықтайды.

**Әдебиеттер**

1. Исламова К. Экологиялық мәдениет: педагогикалық мәні, құрылымы және қызметі [Мәтін] / Исламова К. // Қазақстан Жоғары мектебі. - 2011. - №1.- 108-111 б.

2. Серікбаева Ж. Экологиялық мәдениет [Мәтін] / Серікбаева Ж. // География және табиғат. - 2016. - №1.- 74-77 б.

3. Жетелова Ж. Ғылыми әдебиеттерде "Экология" терминінің шығу тарихына шолу [Мәтін] / Жетелова Ж. // Ізденіс-Поиск. Жаратылыстану және техника ғылымдарының сериясы. - 2012. - №2.- 114-117 б.
4. Ережепова Д. Экология туралы түсінік [Мәтін] / Ережепова Д. // Қазақстан географиясы және экология. - 2015. - №3.- 6 б.
5. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру [Мәтін] / Мазбаев О., Әтейбеков Б., Сәмбетбаев Ұ. // География және табиғат. - 2016. - №3.- 16-17б
6. Көгісов С. Экологиялық білім мен тәрбиенің философиялық мәселелері [Мәтін] / Көгісов С. // Биология, География және Химия. - 2011. - №1. - 25-26 б.

ҒТАХР: 14.35.09

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ОЙЛАУ ӨНЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Заманғалиева М.Ж.**
7М01101–«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы магистранты
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Семей қаласы, ҚР

Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ойлау өнерінің деңгейіне жеткізу десек, бұл орайда, біздер бірқатар ғалымдардың еңбектерін талдап өткеніміз жөн деп есептедік. Біріншіден, талдаудың алғы шегінде жүрген ғалымдар, олар: С.Л. Рубинштейн [1,2], А.Н. Леонтьев [7], Н.А. Менчинская [3, 4], Ю.К. Корнилов [5].

Жалпы ойлау және кәсіби ойлау қабілеттері бұл екеуі екі түрлі. Жалпы ойлау бұл тұрмыстық жағдайда кездесетін іс-әрекет, ал кәсіби ойлау болса, ол белгілі бір индивидтің меңгерген мамандығына қатысты ғылыми, біліми жинақталған қорлары. Сол қорды өзінің іс-әрекетінде сәтті қолданып нәтижеге жетер желіні толықтай, күні бұрын шамалап, болжап алу деп түсінеміз.

И.П. Павловтың еңбектерінде, мақалалар жинағында ойлау туралы көптеген зерттеулердің әртүрлі ауқымды қамтығаны байқалды. Қай уақытта да ойлау мәселесі көкейкесті мәселелерінің бірі болғандықтан, адамдардың ойлауы әртүрлі көріністе берілетініне назар аударған және ойлау ерекшелігіне маманның, шығу тегінің аса ықпал ететінін дәлелдеген. Сонымен қатар, ойлаудың бірнеше ерекшеліктерін бөліп жіктеген: белгілі бір мәселеге ойлардың тұрақты шоғырлануы, шындықты тікелей көру, ойдың абсолюттік еркіндігі, ойлаудың абсолютті бейтарап болуы, ойлаудың мән- жайлы болуы, қарапайымдылық, толық айқындық, толық түсіну, шындықты сүйсініп көру, мойынсұнып ойлау.

И.П. Павловтың зерттеу еңбектерін қорытындылай келгенде, кәсіби ойлау қабілетін психологиялық негізде дамыта алудың бірден-бір кепілі – ол алдымен адам деген мәртебеге лайық болу. Адам болу формуласын жасаған Абай Құнанбайұлы, өзінің қара сөздерінде алдымен адам хайуандық деңгейде туады, өмірге келгенде ол киініп жатыр ма, әлде киінбей жатыр ма, аш па, тоқ па дегенмәселелерді шеше алмайды, өйткені жас нәресте ол есін білмейді, сондықтан кәдімгі хайуандық деңгейде. Өкінішке орай, осы хайуандық деңгей әрмен қарай жалғасып кетуі де мүмкін, ал оның болмасы үшін хайуандық деңгейден тез шығу, бір жасқа келгенге дейін баламен өте қатты жұмыс істеу керектігін айтып өткен. Бірталай ғалымдардың тұжырымдарын зерттей отырып, И.П. Павлов төмендегідей шындықты тікелей көру туралы феноменді тұжырымдар қорытқан. Ол ақыл-ойдың басты қойған міндет – шындықты тану, бұл шындық одан айтарлықтай жасырын болып табылады [6]. Ол жеті құлыппен жасырылған. Шындық пен ақылдың арасында бұл шындықты толығымен жабатын бірқатар сигналдар тұрады және тұруы керек. Біздің сезімдеріміздің түйсіктері де тек шындықтың сигналдары болып табылады. Бірақ бұдан басқа да белгісіз сигналдар бар. Шын мәнінде, шындық байқаушыдан алыста болуы мүмкін және оны жақындату керек, мысалы, телескоптың көмегімен; ол өте аз болуы мүмкін және оны үлкейтіп, микроскоппен қарау көзделеді; ол ұшпалы, жылдам болуы мүмкін және оны тоқтату т.б. мүмкіндігін беретін құралдарды қолдану қажет деп есептеген. Сол уақытта ойлаудың бір типі басым екен дерегі өзгермейді. Ойлаудың бұл түрлері қабылдау ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Н.Е. Высотская хореографиялық училищенің оқушыларына өткізілген зерттеуінде әртістік қабілеттерінің (эмоционалдық мәнерлілік, әртістік және икемділік, билеу) жүйке жүйесінің қасиеттерімен байланысын анықтаған. Айқын әртістік қабілеті бар оқушыларда әлсіз жүйке жүйесі, қозу және тежелу қозғалғыштығы, «сыртқы» және «ішкі»

баланс бойынша қозудың басымдылығы жиі кездеседі. Бұл зерттеуде анықталғандай күшті жүйке жүйесі эмоциялық мәнерлілікке кедергі келтіреді.

С.Л. Рубинштейн танымдық теориялық іс-әрекет ретінде ойлау іс- әрекетпен тығыз байланысты деп атап өткен. Адам ақиқатқа ықпал етіп оны таниды, әлемді өзгертіп оны түсінеді деп дәлел келтірген. Ойлау тек іс- әрекетпен немесе іс-әрекет ойлаумен ілесіп жүрмейді, әрекет – ойлаудың бастапқы формасы. Ойлаудың алғашқы түрі – бұл іс-әрекетте және іс-әрекетпен ойлау, ол іс-әрекет арқылы жүзеге асады және бейнеленеді деп пайымдаған ғалым.

С.Л. Рубинштейн кәсіби ойлауға тән кейбір сипаттамаларды анықтады: жетік байқағыштық, берілген проблемалық жағдайды шешуде ерекше және бірегейлікті қолдану, ойлау әрекетінен іс-әрекетке және керісінше тез ауысу қабілеті, субъектінің тез арада қиындықтан тез арылуға қажеттілігі, проблеманы көре алу қабілеті, эмпирикалық тәжірибеге сүйену және т.б.Теориялық пен практикалық ойлауды жіті түсінуге көмектесіп, практикалықойлаудың кәсіби тұстары бар екеніне көз жеткіздік.

С.Л. Рубинштейн тұжырымдарында ойлау мен іс-әрекет арасындағы қатынас сол кездегі қажеттілікке, кеңістік пен уақытына қатысты қарастырылған. Сол себепті, зерттеуші бастапқы кезде ойлаудан іс-әрекет бұрын тұратындығы жайлы айтып өтеді. Зерттеудің аяқ шегінде мақсатсыз проблеманы шығармай, оның шешімін табудың жолдарын анықтамай және қажеттілігін дәлелдемей, атқарылған іс-әрекет, амалдар нәтиже бермейтініне тоқталған.

А.Н. Леонтьев психология ғылымының ағымдары сияқты ішкі әрекет пен сыртқы әрекетті бөліп қарастырмай, тән мен жанды бөліп қарастыру үлкен қателік, ішкі әрекет (ойлау) тек сыртқы көріністе жүзеге асады, дамиды, түрленеді деп пайымдаған.

А.Н. Леонтьев адам іс-әрекетінің екі көрінісін (сыртқы, ішкі) жіктеу мәселесіне назар аударды. Бүгінгі таңда бұл жіктеме өзінің мәнін жойды деп, өнеркәсіптегі жұмыскер сыртқы әрекет алдында іштей ойланып, күрделі ой операцияларын орындайды, яғни оның еңбегі парасаттандырады, ал ғалым, теоретик өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында көп сыртқы әрекет жасайтынын дәлел келтірді. Яғни бұл үдерістер заманауи кәсіби қызметтерде бір-біріне ауысып отыратынына тоқталды. Бұл ауысулар адам өмірінің өте маңызды заттық-әрекетінің филогенездік және онтогенездік дамуын құрайды және оның бірдей жалпы құрылымы жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Ғалым іс-әрекетті уәжбен тікелей байланыстылығына тоқталып, уәжсіз іс-әрекет болмайды, жоқ болып көрінгенімен, анық емес, жасырын күйде болатынын атап өткен. Әрекет – мақсатқа тәуелді үдеріс деп тұжырымдаған ғалым, әрекет мақсатқа тәуелді, сәйкесінше іс-әрекет уәжге тәуелділігіне тоқталған.

А.Н. Леонтьев өз еңбектерінде іс-әрекеттің пайда болуын адамның алғашқы қауымдастық құруда пайда болғанына дәлел келтірген [7].

Күннен күнге, ішкі мен сыртқы әрекеттерінің өзара тығыз байланыстырылып, араласып, өрістелуі байқалады: заттарды практикалық түрлендіретін физикалық еңбек күннен күнге «интеллектуалданады», және күрделі операцияларды орындауды іске қосады, сол уақытта заманауи зерттеушінің іс-әрекеті – танымдық, ойлау әрекеті формасы бойынша сыртқы үдерістермен толы. Бұл үдерістердің жүзеге асырылуы сыртқы әрекеттің интериоризациясы түсінігінің шегінен асып шығады, бұл үнемі бір-біріне ауысукөзделеді.

Бүгінгі заманауи талабына А.Н. Леонтьевтің тұжырымдамасы сәйкес келебермейді. Себебі әр адам капитал деген ой басымдықта болғандықтан, ішкі мен сырттай тепе-тең бола алмайды.

Н.А. Менчинская психикалық даму проблемасын зерттей келе, бұл мәселенің екі құбылыс категориясымен іске асырылатынын атап өткен. Біріншіден, ақыл-ой дамуы ойлаудың қажетті білім қорын жинақтауды көздейтінін, екіншіден, ойлаудың іліктесе отырып, оның даму үдерісінде қандай ойлау операциялардың көмегімен білімдердің игерілгенінің маңызды тұстары, нақтылап айтсақ, ақыл-ой дамуының негізгі тірегі болып ұдайы ілгерілейтін және нық бекітілген ойлау амалдарының ерекше қоры табылатынына айрықша мән берген.

Н.А. Менчинскаяның зерттеу жұмысы білім алушылар арасында ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, ойлау қабілетін дамытуға арналған. Дүниетаным жеке тұлғаның әр түрлі аспектілерімен – оларды әртүрлі мәселелерді шешуде қолданылатын білімдері мен дағдыларымен, тұлғалық бағдармен – оның қатынастарымен, мотивтерімен, бағалауларымен, идеалдарымен бір уақытта байланыстырады. Тұлғаның осы аспектілерін негіздеу үшін оның моральдық даму деңгейі бірінші кезекте маңызды. Жеке тұлғаның ерік сапаларын қалыптастыру да аталған еңбекте қарастырылған. Н.А. Менчинскаяның құнды ойларының бірі – дүниетанымды бөліп алғаны, ал екіншісі тұлғаның жеке жақтарын емес, тұтас көру. Оған да дәлел баршылық, тұлға қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді: ата-ана, мектеп, дүниежүзілік құбылыстар, теледидар және т.б. Бұл әсер жағымды бола бермейді, кейде адамның нәпсі, жаман жақтарын дарытады. Адам бойындағы

жақсы жақтарын үнемі дамытудың үстінде болуы шарт, сонда ғана адам дұрыс жолға түсіп, қоғамға, қоршаған адамдарға, мемлекетке өзінің жақсы септігін тигізері анық.

Н.А. Менчинская дүниетаным мен оның қалыптасу жолдарын зерделеу барысында екі бағытта жүрді:

- психикалық іс-әрекеттің белгілі бір аспектілерін зерттеуге бағытталған аналитикалық зерттеулер (философиялық, дүниетанымдық білімнің қалыптасу заңдылықтарын анықтау, дағдыларды қалыптастыру заңдылықтарын зерттеу);
- тұлғаның жеке жақтарын емес, тұтас тұлғаны зерттеу.

Автор дүниетанымның қалыптасуын анықтайтын маңызды заңдылық ашқан. Атап айтсақ, интеллектуалды және эмоционалды үдерістердің үйлесуі, білім, құзіреттілік пен тұлғаға бағдарланудың тығыз үйлесімді байланысы. Зерттеулер дүниетаным қалыптастыру үдерісінің қарама-қайшы табиғатын анықтайтынына тоқталған. Бір жағынан, тұлғалық белсенділік пен тәуелсіздіктің өсуі дүниетанымды қалыптастырудың қажетті шарты болса, екінші жағынан, оқытушылардың айқындаушы әсерін әлсіретуі мүмкін деген құнды ой қалдырған. Бір жағынан, дүниетанымның қалыптасуы үшін жоғары деңгейдегі білім қажет, екінші жағынан, дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруда ең маңызды рөлді нақты түсініксіз сөзбен тұжырымдалмайтын әсер, яғни қоршаған ортаға, айналадағы адамдардың қарым-қатынасына байланысты деген пікірі ерекше. Білімалушылар бір-бірінен көзқарастардың қалыптасу қарқыны мен әртүрлі компоненттердің өзгеруінің біркелкі (немесе біркелкі емес) дәрежесінде ерекшеленетінін қадап айтқан. Н.А. Менчинская дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру үшін моральдық және интеллектуалды сезімталдық маңызды рөл атқаратынына ерекше мән бергені аңғарылды [3].

Студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің дамуы қоршаған ортаны үздіксіз танып білуімен, жаңа заңдылықтарды ашумен, заттармен құбылыстар арасындағы байланыстарды табумен, әртүрлі қажеттіліктерді жүзеге асырумен себептес болған мақсаттарға жету барысында күрделі мәселелерді шешумен құнды болмақ. Ол үшін қоршаған ортаны сезімдік таным деңгейде образ формасында бейнелеу жеткіліксіз болады, оны ойлау үдерісімен қамтамсыз етілетін логикалық деңгейде тану қажеттілігі туады.

Ойлау – ол ең маңызды байланыстар мен қатынастарда студентпен жасалатын ақиқаттың жанама, жалпыланған бейнесі. Ол әлеуметпен шарттас, тілмен тығыз байланыста, тағылымдық және сезімдік танудан практикалық іс- әрекет негізінде пайда болады және тиісті операциялар жүйесі көмегімен жүзеге асырылады.

Ойлау үдерісінде студент түйсік, қабылдаудан түскен ақпаратын, түсініктерді қолдану арқылы сезімдік тану шегінен асып өтеді және тікелей қабылдауға келмейтін қоршаған ортаның құбылыстарын, олардың қасиеттері мен қатынастарын тани алатынына зерттеушілердің еңбектерінде арнайы түйін-тұжырым сирек кездессе де, бастапқы мағлұматтар ұсынылған. Басқа сөзбен айтқанда, ойлау ол нақты емес жанама ұғым. Объектінің әртүрлі қасиеттерінің жекешеленуі олардың сөздерде, түсініктерде фиксациялау арқылы жүзеге асырылатыны дәлелденген. Сол себептен сөз ойлаудың көрінісі болып табылады. Ойлау үдерісінің жемісі, нәтижесі түсінік, пікір, ой қорытындысы түрінде ойлар сыртқы ортаға белгі береді.

Ю.К. Корнилов өзінің еңбектерінде ойлау қабілетін дамыту, атап айтқанда, кәсіби ойлау қабілетінің даму мәселесін қарастырған. Теориялық талдау негізінде ғалым кәсіби ойлауды дамытатын бірден бір күш, ол проблемалық жағдаяттар деп есептеген. Ю.К. Корнилов проблемалық жағдай деп ойлау үдерісінің бастауы болып табылатын іс-әрекет барысында пайда болған субъектінің күйі – белгі береді деп есептеген. Проблемалық жағдай әрекет ете алмауымен немесе жаңа білімнің қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін.

Ю.К. Корнилов еңбек объектісін меңгеру деңгейлерін жіктеген:

- ең жоғарғы деңгей жоспарлаушы стратегиямен байланысты, кәсіпқой өз еңбек ұжымын мейілінше аз шығынмен, бұзылыстармен жұмыс үдерісін құруды көздейді. Оның ойлау үдерісі бұзылыстар мен мәселелік жағдаяттардың алдын-ала болжауына бағытталғанын ғылыми негізде дәлелденген;
- орташа деңгейде маман әдетті бұзылыстар, олардың көріну симптомдары жайлы білімі таяз. Дегенмен, бұзылыстардың алдында, мәселелердің тууын көруге қабілетті деп ой түйіндеген;
- автордың тұжырымдауы бойынша төмен деңгейдегі маман адекватты білімінің жоқтығы мен пайда болған бұзылыстарға жауап беру стратегиясымен ерекшеленеді.

Н.А. Менчинская білім алушылардың ойлау өнерін дамытуға бағытталғанбай мұра қалдырған. Жалпы дидактикалық әдістердің негізгі мағынасын ашып: білімалушыларға осы немесе басқа білімді

беру ғана емес, сонымен бірге, білімалушылардың бастамашылдыққа деген ақыл-ой қабілеттерін ояту және оларға бұл әдетті бойға дарыту мәселелерін де шешіп отыруды ұсынған. Ғалым «Сократтық әдіс» жадта жинақталған материалдар жаңа рационалды, байыпты жүйеге біріктіруді, нақты түсінік пен нық меңгерілуіне қол жеткізуді қамтамасыз ететіне жоғары баға берді.

**Әдебиеттер**


1. РубинштейнС.Л.Очередные задачи психологического исследования мышления // Исследования мышления в советской психологии. –М., 1966. – С. 225-233.
2. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования. – М.,1958. – 145 с.
3. Богоявленский Д.Н., Менчинская Н.А Психология усвоения знани школе. – М.: АПН РСФСР, 1960. – 188 с.
4. Менчинская Н.А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребенка. – М.: Институт Практической Психологии, 1998. – 448 с
5. КорниловЮ.К.Психология практического мышления: монография. – Ярославль, 2000.– 205 с.
6. Павлов И.П. Избранные произведения. – М.: Эксмо, 2015. – 736с
7. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность: учебное пособие. – М.: Смысл, 2005. – 352 с.


ҒТАХР: 14.25.07

## ТАБИҒАТҚА ЖАҒЫМДЫ ҚАТЫНАС ҰҒЫМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ЗЕРТТЕЛУІ


**Баядилова Н.**

7М01301–«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ магистранты

«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Семей қаласы, ҚР


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» 2022 жылғы 16 – наурыз, еліміздің көп ұлтты мәдениетін жаңғырту, сақтау және өркендету мақсатында келер ғасыр – ең алдымен Мәдениет ғасыры деп көрсетуі болашақ ұрпақты экологиялық мәдениетке тәрбиелеудің міндеттерін шешудің маңызын арттыра түседі.

Оқушылардың табиғатқа жағымды қатынасын қалыптастыру мәселесінің теориялық негізін айқындау «мәдениет», «мәдениеттілік», «экология», «экологиялық тәрбие», «экологиялық мәдениет» ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты.

Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде кездесетін қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтауға назар аудардық. Осыған байланысты психологиялық, педагогикалық тұрғыдан экологиялық мәдениеттің мәні және құрылымы ашып көрсетіледі. Экологиялық мәдениет дүниежүзілік мәдениеттің маңызды кезеңі және құрамды бөлігі деп қарастырылады және экологиялық қауіпсіздікті болжау, айнала қоршаған табиғи ортаны қорғау мен жақсартуды қамтамасыз ету қажеттілігін түсінумен тығыз байланысты. Экологиялық мәдениет адамның тіршілік әрекетінің рухани-адамгершілік саласы ретінде оның табиғатпен өзара әрекетінің ерекшелігін сипаттайды және экологиялық сана, экологиялық қарым-қатынастар, экологиялық іс-әрекеттер элементтерінің өзара байланыс жүйесін қамтиды. Экологиялық мәдениет ұғымы педагогика саласында экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне айналады. Бұл педагогикалық мәселеге тұлғалық тұғырына сәйкес адамды табиғаттың ажырамас бөлігі, жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің, тарихи процестің дамуының субъектісі ретінде қарастыруды талап етеді [1].

Экологиялық мәдениет адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасады, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, жетіледі. Сондықтан да экологиялық мәдениеттің мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшеліктерімен ғана байланыстыруға болмайды.

Қазіргі таңдағы қоғамның алдында экологиялық апатқа әкеп соқтыруы мүмкін табиғатпен өзара әрекеттің қазіргі тәсілін сақтап қалу, не болмаса адам өміріне пайдасы бар биосфераны сақтап қалу мәселелері тұр. Көлемді экологиялық дағдарыстың қатерлілігі адамзат атаулының өмір сүру шарты болып табылатын субъектінің жаңа этикасын, құндылықтарының жаңа жүйесін

қалыптастыруды талап етіп отыр. Осыған орай қалыптасқан кәсіби іс- әрекеттерді экологиялық этика нормаларына сәйкес өзгерту туындайды (А. Швейцер, Н. Моисеев және т.б.).

В.М. Межуев айтқандай: «Мәдениет табиғаттың адам үшін маңызды екендіген жоққа шығармайды, керісінше адамның табиғатпен байланысының ерекше формасы. Мәдениет – ең алдымен адамдардың тарихи даму барысында және оның белгілі бір белгісінде көрініс тауып отыратын табиғатқа деген қарым–қатынасы», - десек, оның сан түрлі қызмет атқаратындығын байқаймыз. Мәдениет теориясын зерттеушілір мәдениеттің қоршаған ортаны, дүниені меңгеру және жаңарту коммуникативтік, ақпараттарды жинақтау және сақтау, нормативтік, тыйым салу (Э.В. Соколов), адаптивтік (Э.С. Маркарян), әлеуметтік тәжірибені жеткізші (Г.В. Грач) сияқты функцияларын ажыратып көрсетеді. Сайып келгенде, мәдениет ұғымын адамнаң ұстамды бола білуі және табиғатқа деген өз қарым–қатынасын шектей алатын шама–шарқы ретінде тануымызға болады [2].

Қазіргі экология кешенді ғылымдар ретінде дамып отыр. Сонымен бірге экология табиғатта болып жатқан барлық өзгерістердің себебін анықтау, баға беру және оның зиянды жақтарының алдың алу мәселелерін қарастырады. Ең алғаш 1866 жылы «экология» терминін неміс биологі Э. Геккель ұсынып, оның анықтамысын берген [3].

Экология – тірі организмдердің бір–бірімен қарым–қатынасын қоршаған ортамен байланыстырып зерттейтін ғылым. Бұл анықтама қазіргі ғылыми – техникалақ үдеріспен және адамның іс-әрекетімен байланыстырыла айтылып, оның аясы кеңейе түсуде. Егер біз байыптап қарасақ, адам баласы ерте кезден бастап–ақ, өзінің тұрған мекенін таза ұстаған. Үйінің айналасына тал егіп, ауласының көшесінің тазалығына көңіл бөлген. Осының бәрі барлық халықтың салт–дәстүрінде қалыптасқан жағдайлар. Бертін келе жер шарында адам саны өсіп, ғылымы мен білімі дами бастады. Адам баласы өзінің материалдық игілігі үшін табиғат байлықтарын барынша игеруге тырысты. Осыдан кейін, экология ғылымының мақсаты мен міндеттері және нені зерттейтіні айқындала бастады. Экология ғылымының мақсаты – барлық тіршілік атауларының табиғи ортасын тұрақтандыру, бүлінуге, ластануға жол бермеу, табиғат қорларын тиімді пайдалану, болашық ұрпақтың салауатты өмір сүретін ортасын қалыптастыру [4].

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру экологиялық білім мен тәрбие берудің міндеттеріне сәйкес келеді.

Экологиялық тәрбиенің негізі Шығыс философтарының еңбектерінде маңызды орын алды. Бұл ғұлама ғалымдардың есімдерімен байланысты, атап айтқанда, әл–Хорезми, әл–Фараби, әл–Бируни, Ибн–Сина, Ж.Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи, М.Қашқари және т.б.

Табиғат құралдары арқылы балалардың адамгершілік сезімдерін қалыптастыру, педагогикалақ тәрбиенің құндылықтарын арттыру жайлы кезенде еуропалық ұлы педагогтар Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, Т. Песталоцци да атап көрсеткен болатын.

Табиғаттың сұлу көріністері негізінде табиғатпен қарым–қатынасты орнықтыру, білім беру, тәрбиелеу, дүниетанымын дамытуды қазақ халқының ағартушы – ғалымдары мен ақын–жазушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов өз еңбектерінде тілге тиек етеді.

ТМД елдерінің педагог – ғалымдары И. Зверев, А. Захлебный, Н. Рыков, И. Суравегина, А. Сидельковский, И. Пономарева, Ә. Тұрдықұлов және т.б. экологиялық тәрбие берудің мақсат–міндеттері мен мазмұн жүйесін жасап, мектеп алдында тұрған күрделі міндеттерді шешуіне атсалысуда.

Қазақстандық ғалымдардың ішінде Ә.Бейсенова, Ж.Жатқанбаев, Н.Сарыбеков, Ә.Бірмағамбетов, К.Жүнісова, К.Сарманова, М.Сарыбеков, Ж.Шілдебаевтар өз еңбектерінде оқушылардың экологиялық білім–біліктері мен дағдыларын қалыптастыру жайларына баса назар аударды.

«Экологиялық мәдениет» ұғымына мәндік сипаттама беруде Б.Т. Лихачев, Н.С.Дежникова және т.б. ғалымдардың экологиялық мәселелерді мәдениеттану тұрғысынан және экологиялық мәдениетті аксиологиялық және психолого-педагогикалық феномен ретінде қарастыратын тұжырымдамасынының маңызды зор.

Қазақсандық философия ғалымдарың зерттеушілері Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, Ғ.Ақмамбетов, Ә.Жақсыбеков және т.б. еңбектерінде табиғатқа санала қарым–қатынас адам дүниетанымының құрамды бір бөлігі екендігін тұжырымдаған. Ресей философтары М.Фамин, А.Гусейнов, В.И.Фурсовтың пікірінше жеке тұлғанаң табиғатқа жағымды қатынасын қалаптастырудың қажетті шарты, адамның табиғатпен қарам–қатынасының нәтижесінде әлеуеттік сана – сезімнің пайда болуы. Олай болса, экологиялық мәдениет жеке адамдар саналылығының

маңызды көрсеткіші болып табылады деп қорытынды жасайды. Экологиялық мәдениет бастауыш сынып оқушыларының бастапқы ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, экологиялық сананаң өзегі болып, баланың алғашқы рухани бейнесіне тұтастық әкеледі, оны қоршаған табиғи ортаға әлеуеттік мәнді және экологиялық қолайлы қағидалар тұрғысында қаруландырады. Жеке адамның экологиялық мәдениеті дегеніміз – табиғатты аялау талабына сай келетін білім, іскерлігі және дағдысы, іс-әрекетке әзірлігі мен оны жүзеге асыру.

Келтірілген анықтамаларға қарағанда экологиялық мәдениетті қалаптастыру мақсаты – «Адам - қоғам – табиғат» түрінде үйлесімділік орнату, табиғи байлықты сақтау, молайту және тиімді пайдалануды жауапкершілік сезімін тудыру [5].

Сонымен, экологиялық қарым-қатынастар экологиялық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде адам өмірінің табиғи жағдайларын танып білуге, өзгертуге және сақтауға бағытталған танымдық, реттегіш және табиғат қорғау қызметтерін атқарады. «Адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі қатынастарды ізгілендіру адамның іс-әрекетінің түрі сферасын экологияландырмайынша мүмкін емес.

Экологиялық сана – экологиялық мәдениеттің рухани формасы, сонымен бірге ол адамның табиғатқа және адамдар арасындағы өзара қарым–қатынасты көрсетеді.

Экологиялық сананың құрылымын зерттей келіп, ғалымдар одан экологиялық білімді, оның деңгейлерін – тұрмыстық және ғылыми – теориялық - бөліп көрестеді. Экологиялық білімнің тұрмыстық деңгейіне діни түсініктер, дәстүрлерді, ал ғылыми – теориялық деңгейге ғылыми концепциялар, ұғымдар және т.б. жатқызады [6].

Экологиялық білім адамның экологиялық санасын дамытуды, оның табиғатпен қарым–қатынастарын оңтайластыру мен үйлестіруді қарастырады. Тұлға өркениетке тікелей емес, мәдениет салалары мен адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыздандыратын экологиялық этика қажет. Тұрақты дамуды мақсат тұтқан білімдер – адамның қоршаған орта жауапкершілігін дамытуға, қазіргі және болашақ ұрпақ қызығушылықтарын ескере отырып табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға бағытталады.

Осы тұрғыда Я.А. Коменский «Тәрбиенің негізі – табиғат, ал адам – табиғаттың бір бөлігі және оның заңдылықтарына бағынушы» деп сипаттаған.

Қорыта келгенде, экологиялық тәрбиенің мазмұны экологиялық мәдениеттің ерекшелігімен айқындалады. Экологиялық мәдениеттің құрылымдық қалыптасу үдерісі барысында жеке тұлғаның меңгерген экологиялық білімі, сенімі мінез–құлқы ережелеріне айналып, табиғи ортадағы оның іс-әрекетінің сипатын анықтайды.

**Әдебиеттер**

1. Исламова К. Экологиялық мәдениет: педагогикалық мәні, құрылымы және қызметі [Мәтін] / Исламова К. // Қазақстан Жоғары мектебі. - 2011. - №1.- 108-111 б.

2. Серікбаева Ж. Экологиялық мәдениет [Мәтін] / Серікбаева Ж. // География және табиғат. - 2016. - №1.- 74-77 б.

3. Жетелова Ж. Ғылыми әдебиеттерде "Экология" терминінің шығу тарихына шолу [Мәтін] / Жетелова Ж. // Ізденіс-Поиск. Жаратылыстану және техника ғылымдарының сериясы. - 2012. - №2.- 114-117 б.

4. Ережепова Д. Экология туралы түсінік [Мәтін] / Ережепова Д. // Қазақстан географиясы және экология. - 2015. - №3.- 6 б.

5. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру [Мәтін] / Мазбаев О., Әтейбеков Б., Сәмбетбаев Ұ. // География және табиғат. - 2016. - №3.- 16-17б

6. Көгісов С. Экологиялық білім мен тәрбиенің философиялық мәселелері [Мәтін] / Көгісов С. // Биология, География және Химия. - 2011. - №1. - 25-26 б.

ҒТАХР: 18.11

# ОЮ-ӨРНЕКТІҢ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

**Мырзаканов М.С., Умирбаева А.С., Қабидолла Б., Жакеева Г.**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

Сәндік әлем біздің түйсігімізге мәнерлі ритмнің, түстің, пішіннің бейсаналық сезіміне бағытталған. Ол-көшпелі қазақтың жоғары идеал мен рухани кемелдікке деген мәңгілік ұмтылысының жалғасы. Халық шеберлерінің құндылық критерийлерінің тұрақтылығында қазақтардың дәстүрлі мәдениеті мен өмірінің принципті көзқарастары - әлемдік үйлесімділікті түсіну, күнделікті өмірдің бірлігі мен адам өмірінің ішкі қасиетті мағынасын түсінумен бағаланады. Өмірдің бөлшегінде әмбебап тыныс алуды сезіну қабілеті, оның биіктіктерінің, кеңістіктері мен шекараларының шексіздігін жеткізуге деген ұмтылыс - халық өнерінің баға жетпес қасиеттері - бұл халықтың ғасырлық рухани тәжірибесінің сәндік өзгеруі. Қазақ ою - өрнектерінде ғасырлар тереңінен келе жатқан мағыналар мен белгілер бар. Олардың кейбіреулері жоғалып кетті, ал басқалары ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халық шеберлері мен қолөнершілері бізге өзінің бастапқы түрінде келді. Ою-өрнектерыдыс-аяқты, киімді және басқа да халықтық-сәндік қолданбалы заттарын безендіруде қолданылды. [7,-146 б.] Халық шығармашылығы жоғары рухани құндылықтарды сақтауға, адамның тәжірибесін, оның күнделікті өмірін рухани ойлау саласына аударуға, адамның алдында рухани шындықты ашуға үлкен қабілетке ие. Халық шеберінің басқа әлемге көтерілуі, ерекше түстер мен сәндік элементтерден жаратылыс туралы ойлану оны рухани болмыстың ерекше шындығына айналдырады, ол автономды және материалдық болмыстан тәуелсіз, өзінің өмір сүру заңдылықтарына ие. Халық өнеріндегі шығармашылық субъектісі өзін рухани өмірде – саналы, эмоционалды және интеллектуалды, рационалды және иррационалды түрде көрсететін тұлға ретінде көрінеді. Халық өнері адамгершілікпен, философиямен, дінмен, ғылыммен терең байланысты бола отырып, қоғамның рухани мәдениетін біріктіреді. Мұнда адамдардың рухани-шығармашылық мәнін білдіретін құндылықтар жасалады және жинақталады.

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері -бұл көпфункционалды құбылыс. Оның практикалық, салттық, эстетикалық, идеялық-семантикалық, тәрбиелік функциялары өзара бірлікте. Халықтық сәндік өнер туындыларының күнделікті мәні өмірлік маңызды заттарды шығаратын адамдардың саналы іс-әрекетінің салдары болып табылады. Бұл өнерде пайдасыз, мақсатсыз, өмір сүретін нәрсе жоқ. Халық шығармашылығы көркемдік жалпылаудың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл оның шығармаларының формасы мен мазмұнына қатысты. Соңғысы көбінесе толыққанды нұсқалардың көптігінде жүзеге асырылатын осы маңызды мазмұнды білдіретін шығармалардың бейнелі ерекшелігін анықтайтын, жалпы халық шығармашылығына тән шындықтың жақсылық пен белсенді өмірді растайтын өзгеруінің жалпы идеяларымен анықталады. Халық өнері әр жаңа шығармада жаңалық ашпайды, бірақ оның қарапайым сауаттылығында адам қиялының күші мен сұлулық туралы идеяларды материалдық бейнелеудің байлығы, өмірді идеализациялау және безендіру қабілеті ашылады. Көркемдік жағынан құнды нәрседе бәрі біртұтас дизайнға бағынуы керек: мақсаты, құрылысы, пішіні, материалы, түсі, үлгісі. Сұлулықты ыңғайлылықпен, пайдалылықпен үйлестіру адам қолданатын барлық заттар үшін міндетті шарт болып табылады. Көркемдік сапаға ие болу үшін тақырып құрылымы бойынша пропорционалды болуы керек. Нысанның объектінің мақсатымен байланысы олардың органикалық, тірі бірлігінде болуы керек. Көркемдік өнімде жұмсақтық, қаттылық, кедір-бұдыр, тегістік, өрнек сияқты материалдың қасиеттері олардың ең үлкен көрінісін, үйлесімділігін табуы керек. Нысанның объектісінің мақсатына сәйкестігі оның көркемдік қадір-қасиетінің маңызды белгісі болып табылады. Көркемдік маңыздылыққа ие болу үшін тақырыпта бірқатар белгілер болуы керек: барлық бөліктердің пропорционалдылығы, мақсатына, материалына және сәндік дизайнына сәйкес форманың экспрессивтілігі. Осылайша, өзінің жалпы мәнін жаңғырту, сондықтан халықтық сәндік өнер әр жаңа дәуір үшін заманауи болып қала береді. Оның құндылық критерийі-тұтастық критерийі. Мұндай байланыс тарихи дамудың барлық деңгейлерінде қайталанады және халықтық сәндік қолданбалы өнерге өзінің моральдық өлшемдерін жасауға мүмкіндік береді. Дәл осы жерде оның адамгершілігі, бүкіл әлемдегі халық өнерін біріктіретін ортақ нәрсе жатыр. Ежелгі дәуірдегідей, табиғат халықтық сәндік өнердің басты тақырыбы болып қала береді. Адамның табиғатпен қарым-қатынасы табиғи түрде өзгеріп, әлеуметтік қатынастарды көрсетсе де, табиғатты танудың ұжымдық тәжірибесі дамуда. Онда халық өнерінің жалпы моральдық негізін құрайтын барлық рухани құндылықтар бейнеленген. Халықтық ою-өрнек өнері өзінің

табиғатын мәдениеттің барлық деңгейлерінде сақталатын аңғал балалық шақта жаңғыртады, соның арқасында поэтикалық принцип халық шығармашылығында сақталады және бірінші кезекте ою-өрнек өнері ерекшеленеді. Халық шеберлері сәндік импровизацияға бақыт, сәттілік, табиғат сұлулығы туралы идеяларын салды. Ою-өрнек өмірден туды. Онда қазақты қоршап тұрған нәрсені көруге болады. Бұл туралы табиғат формаларына ұқсас ою-өрнек үлгілерінің атаулары да айтады: қошқар мүйіз, табан ізі, түйеөркеші, гүл, шимай-спираль, шұғыла-күн сәулесі және т. б. дала табиғатымен байланысты түстер де айтады - қызғылт сары, қызыл, сары, ашық көк. Композиция ою-өрнектің мәнерлілігінің құрылымдық құралы болып табылады және оның сюжетіне байланысты. Бұл пішін мен өлшемдегі элементтердің қатынасы, олардың контурлары, қозғалыс бағыты, өзара тепе-теңдік. [4,-55б.] Мифологиялық іздерді сақтайтын табиғи поэзия айқын, табиғат сол поэтикалық, көркемдік қуанышты, еркін өзгергіштікті тудырады, адам қиялының күші мен әдемі идеялардың материалдық көрінісінің байлығы, өмірді идеализациялау және безендіру қабілеті ашылады. Бүгінгі таңда ұлттық ою-өрнек тақырыбына үндеу өзекті. Халық қолөнерін қолдау және сақтау үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар құрылуда. Сәндік дизайнды барлық жерде кездестіруге болады: мемлекеттік рәміздерде, құрылыс-сәулет кешендерінде, өнеркәсіптік графика мен дизайнда, ғимараттардағы муралдар түрінде, әрлеу тақтайшаларында, урналар мен орындықтарда мөртабандар түрінде және т. б. Стильге баса назар аудару үшін Сіз мифологиядан көріністер бейнеленген киізден жасалған суреттерді, сондай-ақ жануарлардың тістерінен жасалған тұмарларды, толтырылған құстарды сатып ала аласыз. Ұлттық музыкалық аспаптардың ішінен интерьерде домбыра немесе қобыз қолдануға болады. Тас, металл және ағаш кеңінен қолданылады. Әшекейлер ашық түстермен жасалуы мүмкін-бордо, қызғылт сары, көгілдір, сары. Тоқыма бұйымдарында қазақтардың дәстүрлі өрнектері бар. Айта кету керек, бұл этностильде безендірудің қатаң ережелері жоқ, өйткені еуропалық дизайнерлер оны жақында интерьерлерде қайта жасай бастады. Сіз бір бөлмеде бірнеше мәдениетті араластырып, интерьер дизайнында эклектика ала аласыз. Кәсіпкерлер ғимараттарды заманауи қазақ дизайны стилінде безендіру үшін қазақ ою-өрнегі бар плиталарды шығарады және сатады. Ою-өрнекпен безендірілген ғимараттар (оны құрайтын элементтердің қайталануы мен кезектесуіне негізделген өрнек) ғимараттың архитектоникасына назар аудара отырып, бұл нысанды көрнекі түрде ерекшелендіреді. Қазіргі заманғы ғимараттардың көптеген архитектуралық формаларының ішінде сәндік безендіру құрылымның өзіндік ерекшелігін және дизайндағы қызықты қазақ стилін баса көрсетеді. Халықтық ою-өрнек өнерінде халықтың көркемдік данышпандығы, оның поэтикасы, қиялы, ойлау бейнесі, сұлулықты ынта-жігермен түсінуі жүзеге асырылады.

Киім, тұрғын үй, ыдыс-аяқ, құрал-сайман, музыкалық аспаптар мыңдаған жылдар бойы адам қолымен жасалған. Адамның шығармашылық эстетикалық қажеттілігінің арқасында көптеген заттар халық шеберлерінің қолынан өнер туындыларымен шықты. Халық өнері әрдайым шеберлердің жеке шығармашылығымен дамыды. Жеке шебердің кез-келген шығармашылық олжасы, кез-келген жаңашылдық басқа шеберлердің тәжірибесімен көрінді. Ою-өрнек қазақтардың тұрмысында дәстүрлі. Оның семантикалық толықтығы ауқымды, қоршаған шындыққа, әлемге деген көзқарасты қамтиды. Қазақтың ұлттық өрнектері мен ою-өрнектерінің алуан түрлілігі бар. Қазақ ою-өрнегінің барлық элементтері тұрмыстық заттар мен тұрмыстық заттарды безендіруге арналған. [2,-80б.] Бүгінгі таңда дәстүрлі қазақ ою-өрнегі әлемін сақтауға және оны қазіргі заманғы өнер тіліне аударуға бағытталған қадамдар қазіргі қазақ этномәдени және рухани әлемінің өзекті және сұранысқа ие .Сонымен қатар, қазақ халқының бай көркемдік мұрасы, ғасырлар бойы дамып келе жатқан қазақтардың ою - өрнек өнері, жоғары техникалық шеберлігі мен қайталанбас дәмі-осының бәрі қазіргі әлемнің көпмәдениетті мозаикасында лайықты көрініс табады. Қазақтың ұлттық өрнектері мен ою-өрнектерінің алуан түрлілігі бар. Оларды халық қолөнершілері өте ерекше жасайды.Қазақстандық қолөнершілер қазақ стилімен тәжірибе жасап, тапсырыс бойынша қазақтың ою-өрнектері мен декоры бар түрлі жиһаздар жасауға дайын. Көбінесе үстел қазақ интерьерінің өзгермейтін және міндетті атрибутына айналды. Қазақтың дөңгелек үстелінде ұзақ әңгіме өткізуге болады. Төмен дөңгелек үстел кофе үстеліне жақсы балама бола алады. Егер бұл автордың оюланған үстелі болса, ол интерьерді өзгертудің бастапқы нүктесі бола алады. Көбінесе оюланған өрнектер, орындықтар мен үстелдердің аяқтары, қазақтың ою-өрнектері мен өрнектері бар витраждар тиімді көрінеді. Әрине, интерьердің ерекше элементтері қолдан жасалған «бесік» немесе безендірілген кеуде болуы мүмкін. Қазақ стилі үш типте тұр: қарапайымдылық, ұлттың этникалық құндылықтарын қолдау, табиғилық. Қазақтардың интерьер дизайны-бұл табиғи материалдардың байлығы және қазіргі заманғы дизайн үрдістерімен үйлесетін өткеннің ұлттық дәстүрлерін сақтау. Қазақ интерьерін жасау үшін ауқымды жөндеу жұмыстарын жүргізудің қажеті жоқ. Стильге тән бөлшектердің және олардың заманауи пәтерлердің тұрмыстық заттарымен үйлесімді үйлесімінің көмегімен сіз барлық отбасы мүшелері

үшін ыңғайлы жағдай жасай аласыз.[3,-55б.] Ою-өрнекпен жұмыс жасау процесінде шешуші бастама тек безендірілген заттың пішіні ғана емес, сонымен қатар ол жасалған материал, оның түсі, құрылымы болуы мүмкін. Сонымен қатар, декорды таңдауды суретшінің өзі жасайды және белгілі бір сәндік жүйеге бағынады, онда пайдалы және әдемі үйлесімі оның ажырамас ерекшелігі болып табылады. Ою-өрнек өз мотивтерін геометриядан, фаунадан, флорадан алады; оларды адам денесінің немесе оның айналасындағы заттардың контуры ұсынуы мүмкін. Ою-өрнек шығармашылығындағы мотив ою-өрнектің бір бөлігі, оның негізгі элементі деп аталатынын түсіндіру керек. Мотив бір элементтен (қарапайым мотив) немесе біртұтас сәндік тұтастыққа пластикалық түрде жасалған көптеген элементтерден тұруы мүмкін.Көбінесе шеберлер өз шығармалары үшін сәндік мотивтер жасады. Мотивтерді шебер қолданудың, форманы, силуэтті, композициялық комбинацияларды өзгерту әдістерінің алуан түрлілігінің арқасында суретшілер әрқашан сәндік шығармашылықтың жаңа түпнұсқа үлгілерін жасай алды. Сондықтан бірнеше қарапайым сәндік мотивтер бір-біріне тәуелсіз әр түрлі елдерде бір уақытта пайда болуы мүмкін деп болжауға болады.Ою-өрнек графикалық, мүсіндік, пішіні геометриялық немесе өсімдік, кейде фантастикалық пішіндерді алады; оған бейнелеу мотивтері кіруі мүмкін. Ою-өрнектердің жиынтығы, олардың заттың материалы мен формасына байланысты болуы, сондай-ақ белгілі бір стильдің ажырамас белгісі болып табылатын декорды құрайды.[5,-12-13б.] Кез-келген дәуірдегі өнердегі Стиль - бұл бейнелеу жүйесінің, көркемдік экспрессивтіліктің құралдары мен тәсілдерінің тарихи қалыптасқан бірлігі. Кез-келген стильдің негізі белгілі бір әлеуметтік және экономикалық жағдайларда пайда болған идеялық және әдіснамалық қауымдастық тудырған көркемдік формалардың бірыңғай жүйесі болып табылады. Жаңа стильдің бейнелі жүйесін қалыптастыру кезінде ою-өрнек оның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және кез-келген сәулет ескерткішінің немесе сәндік - қолданбалы өнер туындысының осы стильге жататындығын дәл анықтауға мүмкіндік беретін көркемдік экспрессивтілік құралдарының бірі болып табылады.

Марат Сәбитұлы Мұқанов өзінің өте танымал және беделді "Қазақ киіз үйі" кітабында қазақ ою-өрнектерінің геометриялық түрлері, әсіресе көп қырлы фигураларда, мысалы: ромбтар, зигзагтар, тұмарша үшбұрыштары тоқылған және тоқылған бұйымдарда жетекші болып табылатынын жазады. Ою-өрнектің бұл түрі осы бұйымдарды жасау технологиясымен байланысты. Геометриялық өрнектер жеке элементтер арасындағы тепе-теңдікпен, композицияға жазылған фигуралардың пропорционалды бөлінуімен сипатталады. Әр түрлі сызықтар әр түрлі: түзу, толқынды, спираль тәрізді, тізбек, сым түрінде, олардың көмегімен олардың туындылары сәндік композициялар жасалады. Олар сәулет декорында, кілем бұйымдарында, ағаш және тас ојуларында, былғарыдан бедерлеуде кеңінен қолданылады. Осылайша, өнімнің материалы мен технологиясы ою-өрнектің стилі мен үлгісіне әсер етеді.[6,-71б.] Қазақтың тоқылған бұйымдарында басым болатын Колористика керемет көңілді және қызыл-түрлі-түсті гаммадан тұрады, ол қарама-қарсы комбинацияларға негізделген. Мысалы, барқыт қара немесе Бургундия немесе көк фон және олардың фонында түрлі – түсті және сәндік стильдендірілген композициялар жарқырайды. Бұл көңілді спектр бізді гүлденген даланың көктемгі шөптеріне сілтеме жасайды, оның түс символизмінде: қызыл отты, күннің энергиясын, махаббатты білдіреді; көк – аспан, ақ – ақиқат, сары – даналық, адамгершілік, қайғы, жасыл – жастық пен көктемді білдіреді.[1,-104б.]

Қорыта айтатын болсақ, Қазақ ою - өрнегі реалистік образ негізінде дамыды және осының арқасында ол халық өнертапқыштық өнері ретінде қазіргі заманғы құрылыстың сәулеттік-көркемдік мәселелерін шешуде өзекті мәнін сақтайды. Бастапқыда халықтық ою-өрнек архитектуралық формаларға айтарлықтай өзгеріссіз ауысты. Уақыт өте келе архитектуралық формалар мен ою-өрнектердің синтезі артады. Архитектуралық формалар мен ою-өрнектердің синтезі мәнерлі сәндік стильдендірілген визуалды формаларды жасады. Архитектуралық және сәндік формалар негізінде жасалған визуалды қабылдаудың жаңалығы бар. Олар философиялық өмір тұжырымдамасын жасайды, жылулық елесін береді. Керемет сәндік декорлар пайда болады. Олар архитектуралық құрылымдар мен бөлшектерде қолданылып келеді.

## Әдебиеттер

1.Құралұлы А. Үй-жайға, қолөнерге, тұрмыстық заттарға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі//Алматы, Өнер,2006.-104 б.

2.К.Жұмахан Қазақ сәндік қолданбалы өнертүрлерінің иллюстративтік анықтамасы// Алматы,2006.-80 б.

3.Тәкібаева С.С. [ауд.Т.Рыскелдиев] Көгілдір күмбездің құпиясы// Астана,2005.-55 б.

4.Шоқпарұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері// Алматыкітап,2007-55б.

5.Салтақова Г. Ою-өрнек сыры // Алдаспан.-2014, -12-13 б.
6.Сәбитұлы М. Киіз үй //Алматы: Атамұра-Қазақстан,1995,-71 б.
7.Мырзақанов М.С. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі//Алматы,Cybersmith, 2018,-146 б.

ҒТАХР: 14.25.09

**БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Тәңірбергенова Г.**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

XXI ғасыр жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, сауатты, интеллектуалды деңгейі жоғары болуын талап ететіндігі баршаға аян.

Қоғамға да ең басты керегі – елдің ертеңіне деген сенім мен үміт. Сол тірек нық та берік, сенімді болуы үшін бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үрдісі арнаулы және орта мектептерден бастау алмақ. Сондықтан да, оның іргетасын, ондағы мұғалімдердің білім деңгейінің жоғары болуын қадағалау және арттыруымыз аса қажет.

Атақты педагог-ғалым В.А. Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі де қызықты, шым-шытырығы мол жан-дүниесіне үңіле білу». Баланың бойына білім нәрін себетін басты тұлға – ұстаз. Яғни, жас ұрпақты оқытуда тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Өйткені ұстаз алдында егемен еліміздің болашағы отыр. Сондықтан XXI ғасыр мұғалімнің кәсіби құзырлылығына қойылатын талаптар – ертеңгі ұстаздарды оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы мектеп талабына сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Осының бәрі, сайып келгенде, болашақ мұғалімді кәсіби әрекетке даярлау аса көкейкесті мәселе екендігін айғақтайды. Мұғалімнің кәсіби шыңдалуы бүгінгі мектеп оқушысы, ертеңгі қоғам азаматтарының тұлғалық дүниежүзілік білім кеңестігіне шығудың негізі болмақ. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі – жан-жақты, жоғары білімді, шығармашыл қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім туралы Заңда (8-бап) білім беру жүйесінің ең басты міндеті «ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірбие жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау».

Мұғалім мамандығы жасандылыққа, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Жаңа адамды тек жаңа адам тәрбиелеуі тиіс. Біздің қоғамдағы мұғалім балаларды болашақ туралы арманмен жігерлендіру үшін оларды алдағы мұраттарға қазірден үйрететін болашақтың адамы. Мұғалімнің өзі тұлға болуы тиіс немесе өнегелі адамды тек өнегелі адам ғана тәрбиелейді, оның өзі биік парасатты тек ізгі жан дүниесімен ғана балаға дарытуға болады. Мұғалім отансүйгіш болуы керек немесе Отанға деген сүйіспеншілікті өз Отанын сүйетін адам ғана оята алады. Мұғалім жан-жақты сауатты және шығармашылықтың адамы болуы тиіс.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі – білім сапасын көтерудің алғы шарты екенін мақсат еткен ұжымдағы әрбір педагогтің өзіндік жұмыс жүйесі айқындалған. Мұғалім мәртебесін көтеру, олардың жұмыс істеуіне, шығармашылығына, демалуына жағдай жасау, үздік мұғалімдердің тәжірибелерін жинақтап тарату, оларды ынталандырып, қолдау көрсету – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Білім сапасы – мұғалімдер қызметінің сапасы. Ұстаз беделі, ең алдымен, оның жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық келбетіне байланысты екені анық. Егер «нені оқыту керек?» деген сауалға мемлекеттік білім беру стандарттары жауап беретін болса, «қалай оқыту керек?» дегенге жауапты тек мұғалімнің кәсіптік даярлығынан, жаңа технологияларды пайдалана білуінен, өзінің нақты мақсатын айқын көре алуынан және сол арқылы баланы әлемдік ақпараттық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыра білу шеберлігінен іздеу қажет.

Барлық мамандықтың өзіндік ауыртпашылығы бар екені рас, бірақ мұғалім болу бәрінен де қиын. Өйткені ол адам тағдырына жауапты. Кез келген адам балаң ойдың желкенін көтерген сәтінен бастап өзінің бүкіл саналы ғұмырының негізін мектепте қалайды. Балалық шақтан болашаққа, балалықтан даналыққа дейінгі аралықта өтетін құбылыстың барлығы өз бастауын мұғалімнен алады. Бір-бір үйдің еркесін қолынан ұстап, маңдайынан сипап, бауырына қысып, оларға шеті мен шегі көрінбейтін білім атты дарияның алғашқы тамшысынан дәм татқызып, уақыт өткен сайын оның

тереңіндегі небір асыл маржандарын тергізіп, рухани ләззатқа бөлейтін мұғалімді тіршіліктің күретамыры десе де болады. Мұғалімдік – мамандық атаулының бастауы. Мейлі ой, мейлі дене еңбегімен айналысатындардың қайсысы болса да өзінің бағындырған биігінің алғашқы баспалдағын мұғалімнің көмегімен аттап, биік шыңына да мұғалімнің демеуімен көтерілетіні ақиқат. Заңгер, бағбан, тілші, режиссер, әртіс, саясаткер т.б. мамандықтардың ең күрделі элементтерін бойына жинаған мұғалім мамандығы қоғамда жоғарғы орындардың біріне ие. Сондықтан да жыл сайын мұғалімдер қауымына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, құрмет жасалуда және әркімнің жарық дүниеге келіп, саналы өмір сүруінде алдымен Алланың, содан кейін Ананың, үшінші болып Мұғалім есімінің аталатындығы тектен текке емес. Сондай-ақ адамзат баласының тіршілік сапарындағы бұралаң соқпағы мен сайрап жатқан тақтағы аралас жолдарының барлығында сүрінгенге сүйеу, құлағанға демеу болатын мұғалім адам жанының бағбаны іспетті. Әр баланың жүрек қалтарысындағы иірімдерді дәл тауып, көңіл пернесінің әуенін дөп басып, көкейіндегіні көзінен танитын мұғалім – кімнің болса да жанашыр досы. Мұғалім – уақыт пен кеңістік арасындағы құбылысты бағындырып, заман көшінен кейін қалмай ілгері жылжып келе жатқан ұлы керуеннің көшбасшысы. Ол – қоғамдағы қандай да бір саяси, мәдени, ғылыми жаңалықтардың жаршысы, соны тиісті деңгейде насихаттаушы зиялы қауым. Бүгінгі жаһандану заманында ақпараттық технологияның тетігін тауып, тілін де меңгеріп үлгерген мұғалімдер қауымының қашан да жаны жаңалыққа құмар. Өмір бойы оқып, ізденумен уақытын өткізіп, білім саласына әр жылдары енген сан алуан реформаларды жүрексінбей қабылдап, аз уақыттың ішінде тәжірибеге енгізіп, оны өзге әріптестерімен бөлісуден еш жалықпайтын мұғалімдер кейде мәңгілік шәкірт тәрізді боп көрінсе, кейде мәңгілік тәлімгер сияқты. Мұның барлығы төзім мен табандылықты, интеллект пен қабілеттілікті қажет етеді десек, нағыз мұғалімдік екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Біреу шебер сөйлегенмен, айтқан сөзін жүректен шығарып, жүрекке жеткізе алмауы мүмкін, біреу көппен араласқанмен, адам жанын түсініп, оның жүрек қалауын таба алмауы мүмкін, ал мұғалім бойында болмауы мүмкін қасиеттің болуы мүмкін емес. Бұл тұрғыдан келгенде мұғалім – адами, кәсіби болмысы қалыптасқан, жан-жақты дамыған биік тұлға. Ол – қиын да күрделі ұғымды қарапайым да түсінікті тілмен жеткізе алатын шебер, баланың рухани әлемінде жасырулы жатқан қабілеттің көзін аша білетін зерек, дүниенің кереметін жан бітіре суреттейтін шешен, әр сөздің қисынын келтіріп, орайын тауып сөйлей білетін ділмар, бала әлеміне бала болып еніп, сол тілде сөйлесе алатын әртіс, білім сахнасындағы рөлдерді аса ыждаһаттылықпен бөліп, шебер ұйымдастыратын режиссер, нәзік те сезімтал бала жанының бір жібін де сетінетіп алмай, діттеген мақсатына жетуге тырысатын психолог.

Іскер адамдардың өмірлерінде болып жататын өзгерістердің жеке табысы мен мансабы үшін өзгерістерге тек сырттай сәйкес келіп қана қоймай, заманына сай болуды, кейіндеп қалмауды немесе жоғары беделге ие құрметті кәсіпқой болуды, басқалардың да лайықты өмір сүруіне көмектесуді, сонымен қатар жаңа мүмкіншіліктерді, кездейсоқ ыңғайлы жағдайларды пайдалана білудің маңызды екендігін, ол үшін өз бедел-бейнесіне (имиджіне) үнемі түзету енгізіп отыру қажеттігін білдіреді.

Имидж кәсіби табыстың бөлігі ретінде танылады. Имидж неғұрлым нақты қалыптасса, ол шоғырланған қалыптағы адам мағыздылығын көрсететіндіктен, соғырлым тиімді қарым-қатынас (коммуникация) оның негізгі ерекшеліктерін көрсететін белгілік алмастырғыш болып табылады. Ол өзі жайлы, өзінің нағыз, терең (жеке тұлғалық және кәсіби) мақсаттары, қағидалары, мұраттары, жоспарлары туралы ақпаратты беруге мүмкіншілік береді. Имидж қалыптастыру жөніндегі мақсатты бағытталған жұмыс жаңалықты аша білу, өзін көрсете білу сияқты маңызды сапалық қасиеттерді жасауға, жеке маңыздылық пен құндылықты ұғынуға алып келеді.

Ғылыми зерттеулер имидждің басты қызметі біреуге немесе бір нәрсеге жақсы қарым-қатынастың қалыптасуы болып табылатындығын дәлелдеді. Егер қолайлы қарым-қатынас қалыптасқан болса, онда әлеуметтік байланыстардың қосылу нәтижесі ретінде одан кейін сенім, жоғары баға беру, сенімі пайда болады. Позитивті имидж абыройдың, сонымен қатар бедел мен ықпалдың көтерілуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жоғары рейтингтің маңызды факторы болып табылады.

Имидждің қалыптасуы – осы нысанға имидж аудиториясының психологиялық тартылуға қол жеткізуі үшін осы бейне жайлы түсінетін немесе түсінбейтін пікірлер түрінде ІТого кейпіндегі белгілі бағалаумен нысанның белгілі бейнесінің имиджін аудиторияда жасауға бағытталған рәсім.

Имиджді қалыптастыру барысында мақсаттың бірнеше деңгейі болады:

- имидж аудиториясының мүшелерінің психикасында осы нысанның қажет бейнесін жасау;
- имидж аудиториясында осы бейне (нысан) туралы белгілі пікір жасау;
- аттракция қалыптастыру – осы нысанға имидж аудиториясының мүшелерінің аттракциялық-психологиялық тартылуы (не одан бас тарту).

В.А. Шепельдің белгілеуі бойынша, кез келген технологиядағы сияқты өзін таныстыруда бір-бірімен табиғи қарым-қатынаста болып жатқан бейнені жасаудың кезекті кезеңдері бар.

Бірінші кезең – иммитациялық (ұқсатушылық) бейне. Жеке бас байқаулар, әдеби негіздер, мамандардың кеңестері арқасында жеке тұлғаның өз ойында бейнені салу.

Екінші кезең – рөлдік бейне. Жеке тұлғаның кәсіби жағдайларға байланысты сәйкес бейнеде болуға қызығушылығы.

Үшінші кезең – өмірлік бейне. Жасалған бейнеде мінез-құлық стереотиптерін жасау, оған толық кіру. Айналасындағылар бейнені нақты жеке тұлға ретінде қабылдайды.

Өзін таныстыруды қалыптастыру кезінде, зерттеулер көрсеткендей, келесі қисынды ұстаным қажет:

бірінші ұстаным – айналадағы көру мен есту сезімдері сияқты талдаушыларды алдын ала іске қосу арқылы назар аударту;

екінші ұстаным – адамдарда жақсы эмоцияларды немесе қандай да бір бағытталған сезімді (қызықпаушылық жағдайынан шығару) тудыру;

үшінші ұстаным – тілектестік, айқын әсерлерді қалыптастыру;

төртінші ұстаным – қызығушылықты маңызды ету (мысалы, танымдық, кәсіби және т.б.);

бесінші ұстаным – психологиялық таралым мен сендіру сияқты әсерлердің әдістерін тиімді қолдану.

Мұғалімнің өз визуалдық бейнесін жасауының белгілеген сызбасын ұғынуы «бейнеге кірудің» жеке тәжірибесін қалыптастыратындықтан оны үлкен педагогикалық әсермен кәсіби әрекетке пайдалануға көмек ететіні анықталады.

Өзін таныстыру тәсілдері мен машықтарды игеру барысында оқытушылар мәдени-ағартушылық деңгей және моралдық жағдай бойынша өзімен тұрақты жұмыс жасау мен өз тәртібін бақылауды жүзеге асыруға дайын болғаны маңызды болып табылады.

Осыған байланысты мұғалімнің өзін таныстыруының оның кәсіби біліктігіне тек тәжірибелік қана емес, сонымен қатар теориялық мағынасы да, ең бастысы, оның мақсаттарын дұрыс түсінуі де бар деген ұғымға ерекше назар аударған жөн.

Біріншіден, педагогқа көркімен әсер етудің технологиялық тізбегі қалыптасқандай анық ұғынуға, мүмкіндігінше арнайы мамандардың көмегінсіз өзінің жеке имиджін шебер қалыптастыруға көмектесу.

Екіншіден, осы мәселені шешудің стандарттық нұсқаларын жиі қолданатын әр түрлі мамандардың – психологтардың, социологтардың, визажисттердің, стилисттердің – имиджі бойынша кәсіби емес жұмыстан қорғану.

Үшіншіден, өз имиджіне оқушылар, ата-аналар мен әріптестер қабылдауын зерттеудің арқасында оқытушы оны жетілдіру жағынан өз бақылауын жемісті жүзеге асыруы мүмкін.

Педагог имиджін қалыптастыру – өмір талабы. Рухани мәдениеті биік, кәсіби іскерлігі, қабілеті мен ақыл-парасаты жоғары, істің негізгі көзін білетін, жан-жақты жетілген мұғалімдерді жетілдіру бүгінгі күнде өте маңызды екендігі баршамызға мәлім.

**Әдебиеттер**


1. Нұрахметова Ж.Б. «Баланы оқыту мен тәрбиелеудегі басты тұлға – мұғалім» // Бастауыш мектеп 7-8, 2010 жыл
2. Айтбаева А. «Көрнекті ғалымдар бастауыш саты мұғалімдерін даярлау туралы» // Бастауыш мектеп № 4 – 2010. – 42 б.
3. Торопыгин Б. «Имидж деген не?» // Көк Аспан -Қара жер – 2018. – № 3 – 12 б.
4. Шынтемірқызы Г. «Имидж түсінігі мен негізгі белгілері» //Абай атындағы Қаз ҰПУ-ң Хабаршысы 2017 - №1-55-59 б.
5. Жүніс Н. «Мұғалімнің кәсіби мәдениеті» //Сынып жетекшісі. – № 1. – 2015. – 36-39 б.
6. Панасюк А.Ю. Вам нужен имиджмейкер? Или о том, как создавать свой имидж. М., 2011 б..

ҒТАХР: 14.25.09

# СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Азилханова Р.**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы универистеті КеАҚ

Еліміздің қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жүйесі мен адами капиталының басты факторы білім болып табылады. Білімді дамытудың басым бағыттары жоғары білім беру саласында білім берудің ұлттықмоделін қалыптастыру сынды заманауи мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Еліміздің дамыған мемлекет ретінде қалыптасуында жоғары білім беру жүйесінжетілдірудің маңызы аса зор.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», - деп көрсетілген. Аталған мақсаттарды жүзеге асырудың көзі жоғары оқу орнында сыни ойлау негізінде болашақ мамандардың зияткерлігін дамыту болыптабылады.

Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады деген анықтамалар да қарастырылады.

Г.К. Нұрғалиева қазіргі мамандарды дайындаудың сапасын арттыруды маңызды мәселелердің бірі ретінде көтере отырып, «дайындау сапасы» ұғымының мағынасы «білім беру сапасы» ұғымымен салыстырғанда тар болып келетіндігіне тоқталып, мамандарды сапалы дайындау төмендегілерді көздейді, - деген тұжырым жасаған:

- білім алушыларды берілетін білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;
- олардың беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру;
- таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына деген білімалушылардың мотивациясын зерттеу;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастырушы біліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау;
- мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөліпкөрсету.

Маман даярлауда басшылыққа алынатын мәселелердің алдына алдымен берілетін білім мазмұнының ғылыми тұрғыдағы меңгеруде оқу-танымдық қызығушылықты қанағаттандыру мақсатында оқып үйрену. Мамандықты таңдаудағы мотивациясын анықтап, оның қыры мен сырын шығармашылықпен меңгеруді қамтамасыз ету. Студенттердің мамандық бойынша алған білімдерін тәжірибеде пайдаланудағы біліктіліктері мен дағдыларын, практикалық сабақтар мен практика барысында қалыптастыру. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың факторларын анықтау, - қажет деп есептейміз.

Б.А. Тұрғынбаеваның пікірінше, мұғалімдердің білімін көтеру ісі ең алдымен оның өзіне қарай бағытталғанда ғана ұстаздардың өз санасын дамытып,атқарып отырған қызметінің мәнін терең ұғынуы соған сәйкес өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін қалыптастыруды, кәсіби шығармашылықтың биіктеріне жетуді қамтамасыз ететін болады. Бұл мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмысын олардың «дамуының жақын аймағында» қалыптастыру жағдайына көшіруді және сол арқылы әр педагогты жаңа белеске көтеріп, педагогикалық еңбекті шығармашылық деңгейге шығаруды нәтижелі етеді, - деп көрсетеді Бұдан біліктілікті арттыруда әрбір мұғалім өзін өзін жетілдіруде мәселелерді өзгеше тапқырлықпен шеше алатын, шығармашылық әлеуетін дамытатын, жаңа заманның талаптарына сай кәсіби тұрғыда өзін дамытуы қажет, - деген қорытынды жасағанын көруге болады.

Елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне кірігудің стратегиялық мәселелерінің бірі сын тұрғысынан ойлай алатын зияткер маман дайындап шығару міндеті қойылып отыр. Сыни ойлауға қойылатын талаптардың негізінде білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын зияткерлігі дамыған нағыз көшбасшы тәрбиелейтіндігіміз сөзсіз.

Сыни ойлауды шетелдік білім беру үдерісінде көп жылдардан бері қолданып келеді. Оның ішінде Блум таксономиясы тиімді нәтиже көрсетуде. Осы теория негізінде таным үдерісі ең

қарапайымнан бастап 6 деңгейге бөлініп қарастырылады.

Кесте 1 – Блум таксономиясының деңгейлері (Д. Клустер бойынша)

| Танымдеңгейі | Іс-әрекет мазмұны | Деңгейлер |
|---|---|---|
| Білу | Есте сақтау, жаттап алу, ажырату, қайта жаңғыртып айтып беру | Төменгі |
| Түсіну | Өз сөзімен айтып беру, түйіндеу, ережелер мен анықтамалардымысалдармен дәлелдей алу | Орташа |
| Қолдану | Алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу, мәселелерді шешуде екі оптималды тиімді жолдарын таңдай алу, таныс емес жағдайда білімдерді пайдалана алу | Орташа |
| Талдау | Зерттеу нысанасын түрлі бөліктерге бөлу, әр бөліктің мән- мағынасын саналы түрде түсінуі, терминдерді, сөздердітоптастыру | Жоғары |
| Біріктіру | Нәтижелерді шығармашылық тұрғыдан біріктіру. Тақырып құрылымы бойынша модель құрастыра білу, барлық білімдерді біріктіріп барлығын қамтитын бір тұжырым жасау. | Жоғары |
| Бағалау | Шешім қабылдай алу, түрлі пікірлердегі қарама-қайшылықтарды жою, өз пікірін қорғай алу, жүйелі тұжырым жасай алу. | Жоғары |

Бұл кестеден байқағанымыздай, таным деңгейлерін салыстыра отырып, жалпы білім беруде дәстүрлі қалыптасып қалған оқыту жүйесінің қаншалықты жетілдіруді қажет ететінін айқын байқауға болады. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны осы теориялардың тұжырымдамаларына негізделіп жасалып, оқу тапсырмалары Блум таксономиясының оқу мақсаттарына қарай ойластырылған.

Сыни ойлау – ақпаратты қисынды талдау қабілеті; нақ қалыпсыз жағдайларда, мәселелерде алынған нәтижелерді орынды қолдана білу. Сыни ойлауды қалыптастыру қазіргі оқытудағы көкейтесті мәселенің бірі.

Оқыту үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне жаңа білімді меңгертуде ақпаратты дұрыс саралап, сыни ойлауға жетелейтін тапсырмалар арқылы мақсатқа жеткізу көзделеді. Күтілетін оң нәтижеге жетуде өзіндік сыни көзқарасының болуы, нақты шешім қабылдауы, дәлелді ой айтуынан көрінеді.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль студенттердің де, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни ойлау дегеніміз – өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау, ой қозғай отырып, білім алушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау болып табылады.

Эмоционалдық интеллектің зерттеу жұмысымызда алатын орын ерекше. Эмоционалдық интеллектің танымдық деңгейінде эмоцияны сезіну, оны көре білу және оған өзінің түсінгенін жеткізе білуімен сипатталады. Эмоцияның

себептерін анықтай білуі, оның оң және теріс ықпалын түсінетінін дәлелдей білуі. Мінез-құлықтық деңгейде өзінің мінез-құлқындағы теріс эмоцияны реттейбілуі, қажетті жағдайда эмоцияны пайдалана білуі тиіс. Тәжірибелік интеллектің сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижесіндегі білімдерді меңгерудегі іс-әрекеттерді орындаумен маңызды. Себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби қызметтерінде алған теориялық білімін тәжірибемен іске асыра білуі яғни кәсіби құзыреттілігін дамытуға тәжірибе жинақтауына ықпал етеді. Мінез-құлықтық деңгейде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілікті меңгерудегі оқу-танымдық әрекеттері, жалпы және кәсіби пәндердің мазмұнын өздігінен игеруде табысқа жетуі, алған теориялық біімін педагогикалық практика барысында тәжірибеде қолдана алу дағдысы, шығармашылық тұрғыда ойлаудың жоғары шыңына жетуге, алға қойған мақсатқа жетудегі біліктілігімен сипатталады. Студенттердің коммуникативті мәдени қарым-қатынастың тәсілдемелерін меңгеруі, сыни тұрдан ойлауды кәсіби қызметте іске асырумен, зияткерліктің жоғары үлгісін көрсетуге ықпал етеді, - деген

пікірді ұстанамыз.

Тұлғаның зияткерлік дамуының ерекшеліктері: *Бірінші ерекшелік* – меңгертілетін білім мазмұнына байланысты ақпараттарды барлық көлемде қабылдауымен сипатталады. Бұл үшінболашақ маман барлық оқу материалдарын толық меңгеріп, оны өңдеп, зерделеу үшін болашақ мұғалімнің зияткерлік әрекетке қабілеттілігін қамтамасыз ету. *Екінші ерекшелік* – меңгертілетін білім мазмұнына байланысты ақпараттың болашақ бастауыш сынып мұғалімнің қажеттілігін қамтамасыз етуі. Бұл ақпарат болашақ бастауыш сынып мұғалімнің білімге «қызығуы», "көтеріңкі көңіл-күйге ортақтасуынан" көрінеді. *Үшінші ерекшелік* – оқу бағдарламалары мен құрылымдарының тиімділігін «Мен тұжырымымен» қамтамасыз ету. Бұл ретте болашақ бастауыш сынып мұғалімнің жеке ерекшелігіне, мүмкіндігіне байланысты қатынас жасауы есепке алынады. *Төртінші ерекшелік* – оқу нәтижелі кері байланыс арқылы көрінетін өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі жүзеге асыруды (жеке жетістік) қамтамасыз ететін өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыру. Бұл жерде ерекше айта кететін жай: кері байланыс шығармашылық, зияткерлік сипатта болуы керек Бесінші ерекшелік – оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына жетуді үздіксіздікпен іске асыруда субъектінің зиятты тұлға болып дамуын қамтамасыз етеді. Мұндағы оқу үдерісінің субъектілік қатынасқа құрылуы мен студенттердің зияткерлігін дамытуға басымдық беруінен көрінеді

Зияткерлікті дамытуға арналған модельде ішкі әрекет тетіктерінің қызмет етуі көрсетілген мәселелерді шешудің тиімділігін айқындауға негіз болады.

Зияткерлікті дамыту моделінің шешетін негізгі мәселелерінің бірі – күтілетін нәтижені анықтау болып табылады. Модель мазмұнын іске асыру оның компоненттеріне сәйкес қызмет ету сипатын анықтауға, тұлғаның **зияткерлік дамуының бірнеше ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді.**

Зияткерлік түрлі өмірлік міндеттерді шешуде әрекет етуге бағытталған кезде практикалық іс-әрекетте кәсіби білім мен тәжірибеге ие болуы мен оны пайдалана алу қабілетін атап өтуге болады. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зияткерлігінің дамуын одан әрі кәсіби іс-әрекеті кезеңінде өмірлік міндеттерді шешуге әрекет етуге бағытталған практикалық іс-әрекетте меңгергені кәсіби білімін тәжірибе мен ұштастырудағы қабілеттілігінде, - деп білеміз.

Қорыта келе, сыни ойлау негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың келесі ***ерекшеліктері***:

